
Р2007
200 к

Өмірзақ АЙТБАЕВ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ВОПРОСЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ





Тіл білімінің озық үлгілері

АРЫС
Алматы
2007

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ИМ. А.БАЙТУРСЫНОВА

МЕЖДУНАРОДНОЕ ОБЩЕСТВО "ҚАЗАҚ ТІЛІ"

УМИРЗАК АЙТБАЕВ

ВОПРОСЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Издательство "Арыс"
Алматы
2007

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ "ҚАЗАҚ ТІЛІ" ҚОҒАМЫ

ӨМІРЗАҚ АЙТБАЕВ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

"Арыс" баспасы
Алматы
2007

ББК 81. 2 каз
А 32

А 32 АЙТБАЕВ Ө.
Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: "Арыс" баспасы, 2007. – 624 бет. + 32 бет түрлі түсті суретті жапсырма.

ISBN 9965-17-409-1

Көрнекті тілші-ғалым, қоғам қайраткері, академик Өмірзақ Айтбаев жарты ғасырға жуық уақыт қазақ тіл білімінде, әсіресе оның терминологиялық жүйесі, тіл мәдениеті, фразеологиясы мен аударма саласында тер төгіп келеді. Жинақта қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, даму жолдары, бүгінгі мен болашағы жан-жақты сараланады.

Кітап түркологтарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, аспиранттар мен студенттерге және жалпы көпшілік қауымға арналған.

Видный лингвист, общественный деятель, академик Умирзак Айтбаев полвека посвятил исследованию казахского языка, особенно его терминологической системе, культуре речи, фразеологии и проблемам перевода. В сборнике особенно подробно рассматриваются вопросы казахской терминологии, его история, формирования и пути развития, в настоящем и будущем.

Книга предназначена тюркологам, преподавателям, аспирантам и студентам высших учебных заведений, а также всем, кто интересуется проблемами казахского языкознания.

4602020400
001051-07

ББК 81.2 каз

ISBN 9965-17-409-1

© Айтбаев Ө., 2007
© "Арыс", 2007

Қазақ сөзін кие тұтқан
халық ақыны
әрі ғұлама әкем
АЙТБАЙДЫҢ (Айтмұхамед)
және аяулы анам
ЖҰМАГҰЛ НАРЫМБЕТҚЫЗЫНЫҢ
аруағына бағышталады.
Автор

ТІЛҒҰМЫР

Академик Ө.А.Айтбаевтың ғылыми, педагогтік және шығармашылық қызметі туралы

Өмірзақ Айтбайұлы Айтбаев 1936 жылы сәуір айының 5-і күні Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Балтакөл (бұрын Түркістан ауданына қарағаң) селосында дүниеге келген. Мектеп табалдырығын 1943 жылы осы ауданның Қарғалы колхозында аттайды. 1953 жылы аудан орталығы Шәуілдірдегі Жамбыл орта мектебін бітіреді.

Ол өмір жолын 1953 жылы Кентау қаласындағы Мырғалымсай "Сантехмонтаж" мекемесінде темір шебері болып бастайды. 1954-59 жылдары әл-Фараби атындағы (бұрынғы С.М.Киров атындағы) КазМҰУ-дің филология факультетінің студенті болады. Студенттік жылдардың өзінде ғылыми, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ұйымдастырушы ретінде көзге түседі. Көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысып, қазақтың ән-би сауық кештерін ұйымдастырып, оған бүкіл қала жастарын тартады. Сол жылдары ол ән шығарумен де әуестенеді. Оның кейбір әндері республикалық газеттерде ("Лениншіл жас", 1959) жарияланған.

Ө.Айтбайұлы университетті бітіретін жылы, яғни 1959 жылдың шілдесінен республикалық "Социалистік Қазақстан" газетінің әдеби қызметкері болып қызметке тұрады да, онда 1962 жылдың сәуіріне дейін істейді, осы жылдары ол қаламын шыңдай түседі. 1962 жылдың көктемінде Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтына кіші ғылыми қызметкер болып ауысады. Міне, осыдан бастап ол ғылыми жұмыстармен түбегейлі айналысады.

Көрнекті тіл мамандары М.Балақаев, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Ш.Сарыбаев, әйгілі аудармашы ғалымдар С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиевтің ақыл-кеңесінің негізінде Ө.Айтбайұлы тіл білімі мен аударма ғылымының мәселелерімен шұғылданады, ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасап, ғылыми ортада таныла бастайды.

1971 жылы "М.Горький фразеологизмдерінің қазақ тіліне берілу жолдары" деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Бұл саланың нақты проблемалары жүйелі түрде ғылыми зерттеу объектісіне, әсіресе лингвистикалық талдама тұрғысынан бұған дейін сөз болмай келген еді. Диссертациялық жұмыс өзінің осы тұрғыдағы байыпты барлаулары, батыл тұжырымдарымен ғылыми жұртшылыққа ой салды.

Бұл жылдары ол ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қоса СССР Журналистер одағының мүшесі ретінде журналистік қызметін де қатар алып жүреді. Қазақ қауымының өмірі, әлеуметтік болмыс-бітімі, қазақ өнері мен әдебиетінің келелі мәселелері, өнер адамдарының тағдыры, ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің тұрмыс жайы т.б. туралы очерк, новеллалар жазуын жалғастырады.

1975 жылы Ө.Айтбайұлының "Ғылым" баспасынан "Аудармадағы фразеологиялық құбылыс" деп аталатын монографиялық зерттеу еңбегі жарық көрді. Аударма проблемасының күрделі мәселелерін қарастыратын бұл еңбек кезінде баспасөзде автордың келелі табысы ретінде бағаланды. Шынында аталмыш еңбек қазақ аударма ғылымының қалыптасуына қосылған елеулі үлестің бірі болды.

Ө.Айтбайұлы күнделікті нақты ізденістерінің нәтижесінде кіші ғылыми қызметкерден ғылымның жетекші маманы, ұйымдастырушысы ретінде өсіп жетілді. 1974 жылдан 1981 жылға дейін аға ғылыми қызметкер, ал 1981 жылдан 1989 жылға

дейін Терминология мен аударма теориясы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Оның ғылыми-зерттеушілік, ғылымды ұйымдастырушылық қабілеті осы жылдары айқынырақ көрінді. Өзекті мәселе – қазақ терминологиясы туралы зерттеу жұмыстары мен проблемалық тақырыптарға жетекші болып, жас мамандардың жетіле түсуіне қолғабыс жасады. Бұл жылдары Өмірзақ Айтбайұлының басшылығымен және қатысуымен бірнеше ұжымдық кітап (Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы: Ғылым, 1968. 10 б.т.; Өрелі өнер. Алматы, 1976. 8 б.т.; Сөз өнері. Алматы: Ғылым, 1978. 7 б.т.; "... ұлт саясатын бұрмалаушылар". Алматы: Ғылым, 1981; Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1986. 10 б.т.; Аударманың лексика-стилистикалық мәселелері. Алматы: Ғылым, 1987. 10 б.т.; Термин және олардың аудармалары. Алматы: Ғылым, 1990. 12 б.т.) баспадан жарық көрді.

Ө.Айтбайұлы бұл жылдары қазақ терминологиясы мен аударма саласында жанжақты ізденістер жасаумен болады. Ол осы қиын да күрделі ғылыми мәселелерге қатысты әлемдік ғылыми ой-пікірлерді сүзіп шығып, қазақ тілінің өз табиғатына тән заңдылықтарға тереңдейді. Бұл жөніндегі өзінің байқау, болжамдарын мақала түрінде республикалық, одақтық басылымдарда жариялап, ғылыми-теориялық конференцияларда баяндамалар жасайды.

Қазақ тіл білімінің түйінді мәселелеріне, әсіресе терминология, тіл мәдениеті, аудармаға байланысты жасаған баяндамалары өзінің дәйектілігімен, ойлылығымен ғылыми жұртшылыққа аян. Баяндамалардың жалпы саны 30-40-тан асады. Оның біразы халықаралық, одақтық, республикалық конференцияларда жасалған баяндамалар. Ғылыми баяндамалар ішінен мыналарды атап өтуге болады: "Термин жасаудың кейбір модельдері" (Этимологтардың республикалық кеңесі. Алматы, 1984), "Аударма және ғылым тілі" (Аудармашылардың республикалық кеңесі. Алматы, 1989), "Қазақ тілі" қоғамының мемлекеттік тілді дамытудағы рөлі" (Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы. Алматы, 1990), "Тіл мәдениетінің кейбір өзекті мәселелері" (Түркологтардың бүкілодақтық съезі. Ташкент, 1980), "Диалектные явления и вопросы перевода" (1973), "Становление и развитие переводческого дела в Казахстане" (Караганда, 1981), "Түркі тілдері терминдерін бірегейлестіру мәселесі" (Стамбул, 1995), "Тіл мәдениеті және терминология" (Пекин, 1993), "Ахметтану тағлымы" (Мемлекеттік тіл: бүгін мен болашағы атты республикалық ғылыми-теориялық конференция. Астана, 1998); "Проф. Қ.Қ.Жұбанов және қазақ терминологиясының кейбір мәселелері" (Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Астана, 1999); "Көркем тілдің бір кілті – мақал-мәтелде" ("Көркем әдебиет тілінің өзекті мәселелері" атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. Алматы, 2003), "Аударма ісіндегі сөзжасам тәжірибесі... ("Түркітану мәселелері: бүгіні мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы, 2001). "Қазақ терминологиясын зерттеудегі бағыттар мен кезеңдер" ("Мемлекеттік тілдің ахуалы, проблемалары және оны шешу жолдары" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалы. Өскемен, 2006 т.б.).

Бөлім меңгерушісі ретінде "Қазақ терминологиясының жасалу көздері" (1981-84) және "Қазақ әдеби терминологиялық лексикасының дамуы" (1985-91), "Мемлекеттік тілде ғылыми терминологияны қалыптастырудың теориялық, ғылыми-әдістемелік және практикалық мәселелері" (1997-99) деген күрделі тақырыптарға жетекшілік жасады. Аталған тақырыптар негізінен қазақ терминологиясының мәселелеріне арналғандықтан, Ө.Айтбайұлы жетекшілік еткен ғылыми қызметкерлер, ең алдымен, бөлімнің картотекалық қорын жасауға кірісті. Бұл айтуға жеңіл болғанымен орын-

далуы қиын жұмыс. Өйткені сол 1980-жылдарға дейін жарық көріп үлгерген екі тілді терминологиялық сөздіктердің бәрін жинақтап, әліпби тәртібіне келтіру қажет болатын. Бөлім қызметкерлері меңгерушіден бастап түгел картотека қорын толық қамтып, молайтумен айналысты. Бірнеше жылға созылған бұл күрделі жұмыс бөлімнің 500 мыңға таяу картотекалық қорының негізін салды.

Өз жалғасын тапқан бұл жұмыс осы заман сұранысына орай, М.Әуезов атындағы Шымкент пединститутының профессоры Қ.Бектаев тобымен өзара шартқа отырып, әлгі сөздіктер лек-легімен электронды есептеу машинасының сарабынан өткізілді. Ғылымның ірі-ірі бес саласы бойынша жасалған бұл материалдар болашақта түзілетін түрлі сөздіктерге негіз болды, өзінің зерттеушілері мен сөздік түзушілерін тапты. Олар: қоғамдық ғылымдар саласы, биология ғылымдары, физика-математика ғылымдары, жер туралы ғылым мен техника ғылымдарының саласы. Бұл түркі дүниесінде тұңғыш жасалған картотекалық қор.

Мұның ішінен бөлім қызметкерлері қазіргі сұранысқа ең қажеттірегі деп "Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігінің" екі томдығын түзіп шықты. Бұл бөлім атқарған ең күрделі жұмыстардың бірі. Ө.Айтбайұлы осы сөздікті жасаушылардың бірі, жетекшісі, әрі бұл жобаның жауапты редакторы. Бұл сөздік бірнеше рет толықтырып, өңделіп, сұрыпталып, баспа жүзін көру алдында тұр.

Ө.Айтбайұлы өзінің түбегейлі ізденістері мен зерттеу ісін тұжырымдап, қазақ лингвистикасының тарихында тұңғыш рет қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы жайында көлемді де іргелі еңбек жазды. Ол 1988 жылы "Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы" деген атпен "Ғылым" баспасынан жарық көрді. Бұл еңбек туралы кезінде баспасөзде бірнеше рецензия жазылып, ғалымдар жоғары баға берді.

Ө.Айтбайұлының ғылыми ой-тұжырымдары аталған салалармен ғана шектелген емес. Тіл мәдениеті, стилистика, лексикология, ономастика, диалектология, әдеби тіл, әдебиет, мәдениет, мемлекеттік тіл, аударма, қазақ терминологиясы мен аудармасының мәселелері туралы көп жылғы барлау, байқау, ізденістер негізінде 1992 жылдың басында "Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы" деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Ө.Айтбайұлының бұл диссертациялық жұмысы тың мәселені қозғап, жаңалықтар алып келді. Ең алдымен, бұған дейін ғылым объектісіне айнала алмай, тарихымызда жұмбақ боп келген арыстарымыз – Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының мұралары мен еңбектері тұңғыш рет тілдік тұрғыдан талданып, лайықты бағасын алды. Әсіресе, А. Байтұрсынұлының қазақ лингвистикасын дамытудағы, оның ішінде қазақ терминологиясын жасаудағы өлшеусіз зор рөлі жаңжақты зерделенді.

Өмірзақ Айтбайұлы бірнеше жыл бойы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті (бұрынғы Министрлер Советі) жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі, ғалым хатшысы ретінде де зор жұмыстар атқарды. Ғылымның түрлі саласында пайда болып, ала-құла қолданылып жүрген терминдердің бір ізге түсуіне, ғылыми тұрғыдан реттелуіне атсалысты. Биология, физиология, химия, физика, математика, теміржол, музыка, спорт, компьютер саласына қатысты терминдерді, сөздіктерді рет-ретімен Меттерминком талқысына салып, жүртшылыққа ұсынуда оның үлесі мол. Әсіресе Меттерминкомның осы заман сұранысына лайықты ережесін қайта жазып, құрылымын нақтылай түсуі де Ө.Айтбайұлы іс-әрекеттерімен тікелей байланысты.

Сонымен бірге ол Тіл білімі институты жанындағы ғылыми дәреже беретін ғылыми Кеңестің көп жылдан бергі мүшесі ретінде ғылымның жас мамандарының өсіп, жетілуіне қолғабыс етіп келеді. Бұрынғы Одақтағы түркі тілдес халықтар ғалымдарын дайындауда бұл Кеңестің рөлі айрықша. Уақтысында көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар осы Кеңес сарабынан өтіп, өмірге жолдама алды.

Ғылымды ұйымдастыру қарымының үстіне Ө.Айтбайұлының қайраткерлік қабілетінің айқын көрінген тұсы "Қазақ тілі" қоғамындағы жұмыстарға тікелей байланысты. Бұл жұмыс, әрине, әріден басталған. Ана тіліне саналы өмірін сарп етіп келе жатқан Ө.Айтбайұлы 80-жылдың басынан-ақ тіліміздің әлеуметтік болмысын, қоғамдық қызметін айқындап, оның беделін көтеру үшін, соған иелік жасайтын бір ұйым керек деген Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаровтың бастамасын бірден қолдайды. Тіл жөніндегі толғаныстар оған қолына қаламды ғана емес, домбыраны да ұстатып, көмекейін әуен кеулей бастайды. Сөйтіп Қоғам құрылмастан аттай 1 жыл бұрын "Ана тілі" дейтін ән дүниеге келеді. Осы әнді өзі орындай отырып, ол қазақ радиосы арқылы жарты жылға таяу уақыт қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе қажеттігі жайында хабар жүргізді. Сөйтіп бұл ән болашақ "Қазақ тілі" қоғамының өз әнұранындай болып, көп көңілінде жатталды. Әсіресе, 1988 жылы басталып, 1989 жылы қаулай бастаған тіл күресінің ол басы-қасында болды. Бүкіл жұртшылық қолдаған бұл шерудің түйіні 1989 жылдың 20-21 қазанында шешілді. Сөйтіп тұңғыш Құрылтайда Республикалық "Қазақ тілі" қоғамы құрылды. Онда делегаттар бір ауыздан Қоғамның президенті етіп Ә.Т.Қайдаровты, вице-президенті етіп Ө.Айтбайұлын сайлады.

2004 жылдың 11 қарашасында ол Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының президенті болып сайланды.

1998 ж., 2005 ж. ҚР Орталық сайлау комиссиясы құрған лингвистикалық комиссияның мүшесі ретінде ҚР Президенттігіне үміткерлерден (8 адам) емтихан қабылдады.

Ө. Айтбайұлы ғылыми ізденістер нәтижесін практикалық тәжірибемен ұластырып, ұстаздық өнеге танытып жүрген ғалым. 1980-жылдардың басынан Қарағанды, Қызылорда, Шымкент, Алматы қалаларындағы жоғары оқу орындарында мемлекеттік емтихан төрағасы ретінде және дәріс оқу арқылы тіл мамандарын, жалпы филологтарды дайындауға үлкен үлес қосып келеді. Ол 1994-95 жылдары Алматы Қыздар пединститутының, ал 1996-97 жылдары Қ.Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің профессоры ретінде дәріс берді. 1998 оқу жылынан "Қайнар" университеті филология факультетінің деканы.

Академик 1996 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы медалінің, 1998 жылы Президент Жарлығымен "Құрмет" орденінің иегері болды. 2001 жылы Президент Жарлығымен "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл" мерекелік медалімен, 2004 жылы ғылым беру саласындағы ерекше еңбегі үшін "Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін" белгісімен марапатталды. Сондай-ақ ол 1997 жылы Экология халық академигі болып, ал 1998 жылы ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі болып сайланды.

Міне, осы кездің бәрінде Ө.Айтбайұлы қоғам қайраткері ретінде әрдайым тіл мен діл жолындағы зиялы қауым ұмтылыстарының көшбасшыларының бірі болып келеді. Ол академик Ә.Қайдармен бірге Қазақ тілінің мемлекеттік тілге айналуына қажетті шаралардың бәріне қатысады. Мемлекеттік Бағдарламаның түзілуіне, Қоғам Жаргысы мен Бағдарламасын дайындауға белсене атсалысты. Ең бастысы Қоғамның жергілікті ұйымдарын құрып, оған іскер мамандар таңдауда және олардың күнделікті

жұмыс бағдарын айқындауда Ө.Айтбайұлының еңбегі ерекше. Ол облыстық, қалалық, аудандық ұйымдардың тұңғыш жиындарының көбіне тікелей өзі қатысып, Қоғам атқаратын жұмыстар мен міндеттерін түсіндіріп, оның халықтық мәнін насихаттаумен болды. Осындай нақты іс-әрекеттер нәтижесінде Қоғам ел алдында бедел алып, халықтық қозғалысқа айналды. Әсіресе Тіл Заңы мен Мемлекеттік Бағдарламаның іске қосылуына Қоғам қосқан үлес өлшеусіз.

"Қазақ тілі" қоғамы бұл мәселелерді бірінші күннен бастап назарда ұстады. Ол облыстық Кеңестердің сессиясында Мемлекеттік Бағдарламаның арнайы қаралып, осыған орай нақты шаралар белгіленуін қадағалады. Осындай мақсатты көздеген Ө.Айтбайұлының тікелей басшылығымен өткен алқа жиындардың (Ақмола, 1990; Ақтөбе, Алматы, Семей 1991, 1994; Жамбыл, 1992; Талдықорған, 1993; Семей, 1999; Павлодар, 2002; Өскемен, 1994, 1998, 2003) маңызын кезінде радио, телевизия, баспасөз беттерінде жан-жақты сөз еткен болатын. Бұл алқа жиындар алдында жер-жерде, әрбір облыс, аудандарда мемлекеттік тілдің барысы жайында әлеуметтік зерттеу жүргізіліп, нақты деректер жинақталды. Сөйтіп облыстардың басшылары қатыстырылған бұл жиындарда әрі халықтық, әрі мемлекеттік мәні айрықша тіл мәселесі салиқалы әңгіме болды, нақты шаралар белгіленді. Бұған қосымша әрбір облыс, қала, аудан, бастауыш ұйымдар жергілікті жердің сұраныс ерекшеліктеріне орай нақты шаралар қабылдап отырды. Оның бәрі қоғамның жұмысына жүйелілік пен мақсаттылық бағыт берді.

Қоғам тілге қатысты салалардың бәріне араласып, өзінің тіл жоқшысы, бірденбір қамқоршысы екенін үнемі дәлелдеп отырды. Міне, осы жұмыстардың бірде-бірі Ө.Айтбайұлының қатысуынсыз өткен емес.

Ө.Айтбайұлы әлденеше ғылыми-практикалық конференцияларда, Қоғамның алқа жиындарында өзі баяндама жасап, басқарып отырды. Қоғам мүшелері оның іскерлігі мен біліктілігіне, әсіресе осындай алқалы жиындарда көздері жете түсті.

Ө.Айтбайұлы академик Ә.Қайдармен бірге Қоғам бөлімшелерін республикадан тыс жерлерде де ашуды ойластырды. Бұған негізгі себеп болған сыртта жүрген отандастар тағдыры еді. Осы мақсатпен ол Мәскеу, Астрахан қалаларында болып, ондағы қалалық ұйымдар конференцияларына қатысады. Ол 1989 жылдың желтоқсан айында Киев, Вильнюс, Рига, Таллин қалаларында болып, сол қалалардағы тіл қауымдастықтарының жұмысымен танысады, тәжірибе жинақтайды. Омбы, Қорған, Орынбор, Сарытау, Санкт-Петербург т.б. қалаларындағы бөлімшелерге нақты әдістемелік кеңес береді. Сондай-ақ АҚШ, Англия, Сауд Аравиясы, Қытай, Түркия елдерінде болып, онда да ұйым құру жөнінде нақты сөз қозғады. Соның нәтижесінде аталған қалалардың көбінде қазір Қоғам бөлімшелері жұмыс істеуде. Туысқан қырғыз халқының тіл қоғамын құруда да Ө.Айтбайұлының еңбегі едәуір. Қазір оларда да "Қырғыз тілі" қоғамы жұмыс істеп отыр.

Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайын өткізу идеясын да көтергендердің бірі – "Қазақ тілі" қоғамы болатын. Өзге қоғамдық ұйымдармен (Жазушылар одағы, "Қазақстан" қоғамы) қатар мұның ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында Ә.Қайдаровпен бірге Ө.Айтбайұлы да болды.

Сондай-ақ Өмірзақ Айтбайұлының белгілі ғылым, мәдениет, өнер қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылық еңбегіне бағышталған баяндама, мақалалары қазақ қауымына ой салар, әсіресе жас ұрпаққа үлгі, өнеге болар өрелі ойларға толы. Бұл ретте Махамбет Өтемісұлы, Сәкен Сейфоллаұлы, Шал ақын, Иса Байзақов, Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Нұртас Оңдасынов, Сейділ Талжанов, Мәулен Балақаев, Ісмет Кеңесбаев, Әбдуәли Қайдаров, Зәки Ахметов, Рәбига Сыздықова,

Шора Сарыбаев, Телгожа Жанұзақов, Сапарғали Омарбеков, Сейілбек Исаев, Рақыш Әміров, Тұрағұл Қоңыров, Сейіт Қасқабасов, т.б. ғалымдар жұмысына жасаған талдамалары мен өмірнамаларын еске алсақ та жеткілікті.

Өмірзақ Айтбайұлының толассыз еңбегі үкімет тарапынан да, ғылым қауымдастығынан да жоғары бағасын алып келеді. Ол 1994 жылы Академияның жалпы Сессиясында ҰҒА-ның корреспондент мүшесі болып бір ауыздан сайланды. 2003 жылдан Ұлттық Ғылым академиясының академигі.

Ө.Айтбайұлы қайраткерлік қабілетін шыңдаумен бірге ғалым ретіндегі іздену, зерттеу, ұйымдастыру жұмыстарын жан-жақты тереңдете түсіп отыр. Ол қазір "Тіл біліміне кіріспе" пәні мен қазақ тілі лексикологиясы тармақтарынан дәріс жүргізеді, курстар оқиды, арнаулы семинар өткізеді. Осы салалар бойынша жоғары оқу орындарына, оның ішінде "Қайнар" университеті филология факультетінің түлектеріне арнап оқулық дайындады. Ол 450-ден астам ғылыми еңбектің авторы.

Өмекең екі ұл, бір қыздан 5-6 немере көріп отырған айтулы ата. Үлкен ұлы Біржан 1994 ж. қайтыс болып кетті. Одан Индира атты немересі бар, ол қазір жоғары оқу орнын бітіріп, банк жүйесінде жұмыс істеп жүр. Ерланнан туған Шыңғысы Санкт-Петербург университетінің 3-курс студенті. Айзере атты немере қыз биыл келді дүниеге. Қызы Ләзизаның үлкені Әйгерім Заң университетінің студенті, Жәңгірхан биыл мектепке баруға дайындалып жүр.

Ө. Айтбайұлының тағы бір ерекшелігін атаған жөн. Ол ғылым мен өнерді тел еміп, қатар ұстап келе жатқан ғалым. Әсіресе ақындық пен сазгерлік өнерінің жөні бөлек. "Көкше келбеті" тәрізді өлеңі табиғат суреттерін сипаттайды. Ал "Жар сәлемі", "Жас ойшыл ", "Ана тіл", "Тіл өнері дертпен тең", "Аққоян", "Өренім" тәрізді т.б. әндері жұртшылыққа мәлім.

Ө. Айтбайұлының тыңдаушысын тамсандырған әншілік өнері мен күйшілік өнері өз алдына бір сала әңгіме. Оның орындауындағы біраз әндер қазақ радиосының "Алтын қорында", сондай-ақ "Ыстықкөлдің алқызыл гүлдері" аты көркем фильмдегі Өмірзақ орындаған Біржанның "Теміртасы" бүкіл әлемге тарады.

2003 жылдың 28 ақпанында Ғалымдар үйінде Ө. Айтбайұлы өткізген "Көңілімде көп сыр бар айтылмаған" екі жарым сағатқа созылған шығармашылық кеш әлі күнге жұрт аузында. Онда профессор көп орындала бермейтін халық әндері мен күйлерді ұлы ғұлама ұстаздарМұхтары Әуезов пен Қаныш Сәтпаевтың рухтарына бағыштап орындаған еді.

Оның ғылыми зерттеулері, шығарған кітаптары, қоғамдық қызметі, шығармашылық өнері жайында әріптестері баспасөз беттерінде талай рет жазды. Әншілік, домбырашылық өнері туралы өнертанушы зерттеушілер де жоғары бағалады.

Ө. Айтбайұлының ғылыми зерттеу, тәлімгерлік-ұстаздық, қоғамдық қызметінде әлі де мол еңбектер береріне сенеміз.

Әбдуәли ҚАЙДАР,
ҚР ҰҒА-ның академигі,
Ғарифолла ӘНЕС,
филология ғылымдарының кандидаты

ЖИЗНЬ, ОЗАРЕННАЯ ЯЗЫКОМ

О научной, педагогической и творческой деятельности академика У.А.Айтбаева

Умирзак Айтбайулы родился 5 апреля 1936 года в селе Балтаколь (тогда в составе Туркестанского района) Отрарского района Южно-Казахстанской области. Школьные годы начались в ауле "Каргалы" в местной неполной средней школе. Закончил среднюю школу им. Жамбыла в районном центре Шаульдер.

Свой трудовой жизненный путь начал в 1953 году кузнечным мастером на Миргалимсайском предприятии "Сантехмонтаж" города Кентау. В 1954–59 гг. учился на филологическом факультете Казахского национального университета им. аль-Фараби (бывший КазГУ им. С.М.Кирова). Его талант организатора проявился уже в студенческие годы, он был активным участником научных и общественных мероприятий, организатором художественной самодеятельности, вечеров казахской народной песни и танца, был лидером и примером для городской молодежи, вовлекая ее в национальные культурные мероприятия. Это были годы, когда он выступал со своими авторскими песнями, его музыкальные произведения начались публиковаться на страницах республиканских газет ("Лениншіл жас", 1959 г.).

После окончания университета до 1962 года работал литературным работником в газете "Социалистік Қазақстан". В этот период начинается его становление, как мастера пера. Весной того же года его приняли младшим научным сотрудником в Институт языкознания Академии наук КазССР. С этого момента вся его жизнь неразрывно связана с наукой.

Под непосредственным влиянием и советами-консультациями известных специалистов в области языкознания М.Балакаева, С.Кенесбаева, А.Кайдара, Ш.Сарыбаева, известных специалистов в области перевода С.Талжанова, А.Сатыбалдиева У. Айтбайулы начал заниматься проблемами перевода. Результаты не заставили долго ждать, после публичных выступлений и докладов на конференциях он быстро становится известным в научной среде.

В 1971 году У.Айтбайулы защищает кандидатскую диссертацию на тему "Способы передачи фразеологизмов в переводах произведений М.Горького на казахский язык". Тема исследования была оценена как новое направление в казахском языкознании. И результаты внесли определенное оживление в казахскую научную среду.

Как член Союза журналистов СССР он параллельно продолжает работать в журналистике. Им было написано несколько очерков и новелл, в которых затрагивается широкий круг проблем, жизнь казахского общества, важнейшие проблемы искусства и литературы, быт и судьба сельских тружеников.

В 1975 году в издательстве "Ғылым" вышла его монография "Аудармадағы фразеологиялық құбылыс" ("Особенности употребления фразеологизмов при переводе"), где были изложены результаты его многолетней исследовательской работы. Данный труд был высоко оценен специалистами, как важный вклад в теорию перевода.

У.Айтбайулы непрерывно совершенствуется как ученый и организатор. С 1974 по 1981 годы он работает в качестве старшего научного сотрудника, 1981–89 годы – заведующим отделом Терминологии и теории перевода. Его организаторский талант проявился именно в эти годы. Он руководил важными и крупными исследовательскими темами, готовил молодых кадров, под его руководством был подготовлен и выпущен ряд коллективных трудов (Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы, Ғылым, 1968. 10 п.л.; Өрелі өнер. Алматы, 1976. 8 п.л.; Сөз өнері. Алматы, Ғылым, 1978. 7 п.л.; Ұлт саясатын бұрмалаушыларға қарсы. Алматы, Ғылым, 1981; Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы, Ғылым, 1986. 10 п.л.; Аударманың лексика-стилистикалық мәселелері. Алматы, Ғылым, 1987. 10 п.л.; Термин және оның аудармалары. Алматы, Ғылым, 1990. 12 п.л.).

Будучи крупным специалистом в области казахской терминологии и перевода, он старается вникнуть вглубь проблемы на уровне достижения мировой лингвистики. Им были раскрыты и использованы в терминотворчестве важные специфические особенности казахского языка. Результаты его исследований по актуальным проблемам национального терминотворчества отличаются глубиной и научной аргументированностью. У.Айтбайулы многократно выступал с научными докладами во многих международных, республиканских, региональных конференциях, симпозиумах и совещаниях различных уровней. Общее количество выступлений ученого составляет более 40 докладов и сообщений. Из докладов можно отметить ряд важных по своему научному и новаторскому содержанию доклады: "Некоторые модели терминотворчества" (Республиканское совещание этимологов. Алматы, 1984), "Перевод и научный язык" (Республиканское совещание переводчиков. Алматы, 1989), "Роль международного общества "Қазақ тілі" в развитии государственного языка" (Республиканская научно-практическая конференция. Алматы, 1990), "Некоторые проблемные вопросы культуры речи казахского языка" (Всесоюзный тюркологический съезд. Ташкент, 1980), "Диалектные явления и вопросы перевода" (1973), "Становление и развитие переводческого дела в Казахстане" (Караганда, 1981), "О сопоставлении изучения терминов тюркских языков" (Стамбул, 1995), "Культура речи и терминология" (Пекин, 1993), "Истоки ахметоведения" (Республиканская научно-теоретическая конференция "Государственный язык: настоящее и будущее". Астана, 1998); "проф. К.К.Жубанов и некоторые проблемы казахской терминологии" (Республиканская научно-практическая конференция, посвященная 100-летию К.Жубанова. Астана, 1999); "Пословицы и поговорки – важный источник художественной речи" (Международная научно-практическая конференция на тему "Актуальные проблемы языка художественной литературы". Алматы, 2003); "Опыт словообразования в переводческой деятельности" (Международная научно-практическая конференция на тему: "Тюркология: настоящее и будущее". Алматы, 2001); "Основные направления и этапы исследования казахской терминологии (Материалы международной научно-практической конференции на тему: "Состояние развития государственного языка, проблемы и пути их решения". Усть-Каменогорск, 2006) и др.

Как руководитель отдела он осуществлял научное руководство при разработке крупных и актуальных исследовательских тем: "Истоки формирования казахской терминологии" (1981–84), "Развитие литературной, терминологической лексики казахского языка" (1985–91), "Теоретические, научно-методические и практические аспекты научной терминологии" (1997–99). Многолетняя исследовательская дея-

тельность на данном поприще ученого началась с создания картотечного фонда терминов. Эта была сложная и кропотливая работа, ибо отсутствовала база данных. Приходилось всем миром заниматься рутинным заполнением и систематизацией карточек. В результате был создан фонд в 500 тыс. карточек. Одновременно в сотрудничестве с профессором Шымкентского пединститута им. М.Ауэзова К.Бектаевым весь фонд карточек прошел машинную обработку по пяти основным научным направлениям: общественные науки, биологические науки, физико-математические науки, наука о Земле и технические науки. Фонд стал надежной и достаточной базой для составления различных отраслевых словарей и исследовательских работ. Он был первым и остается единственным картотечным фондом такого объема в тюркологии.

Начальным этапом большой терминологической работы явился двухтомный словарь терминов в области общественных наук ("Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігі"). У.Айтбайулы является научным руководителем проекта, одним из составителей словаря и ответственным редактором. Словарь полностью обработан и готов к изданию.

У.Айтбайулы закончил исследование по проблемам развития и становления казахской терминологии и результаты были опубликованы в издательстве "Ғылым" в виде научной монографии под названием "Становление и развитие терминологической лексики в области общественных наук". Труд был высоко оценен специалистами на страницах СМИ и тепло принят научной общественностью.

Широк круг интересов ученого: он занимается проблемами стилистики, культуры речи, лексикологии, ономастики, диалектологии, литературного языка, литературы, культуры, государственного языка, перевода и др.

Результатом основной научной деятельности в области терминологии стала диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук, блестяще защищенная в 1992 году на тему "Становление и развитие терминологической лексики в области общественных наук". Новизной работы является оценка и научное описание наследий А.Байтурсынова и М.Дулатова, которые оставались долгие годы белым пятном в истории казахского языкознания. Благодаря У.Айтбайулы неизвестные научные наследия ученых в языкознании, особенно в области терминотворчества, стали достоянием широкой научной общественности.

Будучи ученым секретарем Государственной терминологической комиссии при Совете Министров КазССР, он внес неоценимый вклад в систематизацию и внедрение терминов в казахском языке. Термины в области биологии, физиологии, химии, физики, математики, железной дороги, музыки, спорта, компьютерной технологии проходили через его скрупулезный и требовательный анализ и только затем представлялись на обсуждение Гостерминкома. Положения Гостерминкома, составленные им, отвечали актуальным требованиям каждого этапа быстро меняющегося времени.

Научный совет по защите докторских и кандидатских диссертаций при Институте языкознания им. А.Байтурсынова, членом которого является У.Айтбайулы, является кузницей по подготовке научных кадров в области тюркологии и казахского языка и известен далеко за пределами республики. Неоценим вклад ученого в работу совета как специалиста и большого ученого, а также как научного руководителя соискателей и оппонента.

Как незаурядный и смелый общественный деятель он показал себя при организации общества "Қазақ тілі" в трудные в социальном и политическом плане 80–90 годы прошлого века. Как преданный соратник и помощник академика А.Кайдара, он всегда и всюду поддерживал идею создания общества как защитника родного языка. И он действовал не только пером, но и домброй, т.е. подключил свой дар как музыканта-поэта. Таким образом, родилась песня, ставшая гимном общества под названием "Ана тілі" ("Родной язык"). Под эту музыку он около полугода вел передачу на радио, где ставился вопрос о придании казахскому языку статуса государственного. Его труд не пропал даром, 20–21 октября 1989 года Всеобщий курултай принял постановление о создании общества "Қазақ тілі". Курултай избрал президентом общества академика А.Кайдара, первым вице-президентом У.Айтбайулы. 11 ноября 2004 года был избран президентом Международного общества "Қазақ тілі".

В 1998 г. и 2005 г. в качестве члена лингвистической комиссии, созданной Центральной избирательной комиссией, принимал экзамен у кандидатов в Президенты РК (8 человек).

У.Айтбайулы умело сочетает в себе качества и достоинства ученого-теоретика и практика-педагога. С начала 1980-х годов ученый продолжает вносить достойный вклад в подготовку языковедов, кадров общефилологического профиля в качестве председателя государственной экзаменационной комиссии и преподавателя высших учебных заведений Караганды, Кызылорды, Шымкента, Алматы. В 1994-95 годы преподавал в качестве профессора в Женском педагогическом институте, а в 1996-97 годах в Казахско-турецком университете им. А.Ясауи. С 1998 г. является деканом филологического факультета университета "Кайнар".

Академик У.Айтбайулы в 1996 году был награжден медалью им. Ибрая Алтынсарина, а в 1998 году по Указу Президента РК награжден орденом "Құрмет". В 2001 году награжден юбилейной медалью "10 лет независимости Республики Казахстан", в 2004 году за заслуги в развитии науки был награжден знаком "За заслуги в области науки Республики Казахстан". Кроме того, в 1997 году становится академиком Академии экологии, а 1998 году избран академиком Академии социальных наук РК.

Труд ученого достойно оценен научной общественностью и правительством. В 1994 году на Общем собрании Академии наук он был единогласно избран членом-корреспондентом. С 2003 года является действительным членом (академиком) Национальной академии наук РК.

У.Айтбайулы читает лекции по "Введению в языкознание", а также по лексикологии казахского языка, ведет спецкурсы и семинары по актуальным предметам языкознания. По данным разделам им разработан учебник для студентов высших учебных заведений, в том числе и для филологического факультета университета "Кайнар". Он является автором более 450 научных трудов.

При его непосредственном участии готовились важные государственные документы в области языковой политики: Государственная программа, Устав, Программа общества и др. В создании местных ячеек общества, в организации которых он принимал непосредственное участие, и в их становлении как самостоятельной структуры в республике, есть непосредственная заслуга У.Айтбайулы. Одновременно он вел широкую разъяснительную работу. Неоценим вклад У.Айтбайулы в разработке и принятии "Закона о языках", "Государственной программы функционирования и развития языков".

Работа с местными управленческими структурами занимает особое место в общественной деятельности У.Айтбайулы. Были проведены важные, определившие дальнейшую судьбу казахского языка, совещания на местах (Акмола, 1990; Актобе, Семипалатинск, Алматы, 1991, 1994; Жамбыл, 1992; Усть-Каменогорск, 1994). Совещания вызывали большой общественный резонанс на радио, телевидении, в печати. Ни одно из мероприятий, которые проходили под эгидой Общества, не прошло без участия У.Айтбайулы. Многие мероприятия проходили под его непосредственным руководством. Его знания, стиль и манера ведения собрания невольно подкупали публику.

Вместе с А.Кайдаром он занимался созданием ячеек Общества за пределами республики. Они появились в Москве, Астрахани, Омске, Кургане, Оренбурге, Саратове, Санкт-Петербурге и других городах и регионах. Была предпринята большая ознакомительная поездка по Прибалтике: Вильнюс, Рига, Таллин, а также Киев. Были организованы зарубежные поездки с целью создания отделений Общества: США, Китай, Англия, Саудовская Аравия, Турция и др. В результате во многих зарубежных регионах и городах были созданы ячейки общества. Он принял непосредственное участие в организации Общества "Қыргыз тілі" братском Кыргызстане.

Проведение Всемирного курултая казахов также было инициировано обществом "Қазақ тілі". В его организации вместе с А.Кайдаром непосредственное участие принимал и У.Айтбайулы.

У.Айтбайулы внес свою лепту в развитие как фундаментальной науки, так и национальной культуры. Его доклады о жизни и творчестве известных деятелей науки, культуры, литературы, искусства, таких как А.Байтурсынулы, К.Жубанов, С.Талжанов, М.Балакаев, С.Кенесбаев, А.Кайдаров, З.Ахметов, Р.Сыздыкова, Ш.Сарыбаев, Т.Жанузаков, С.Омарбеков, Р.Амиров, Т.Коныров, С.Каскабасов и др. являются поучительными, особенно для подрастающего поколения. В них излагаются не просто биографические данные, в них определяются проблемы современности и указываются пути их решения.

Умеке является отцом двух сыновей, одной дочери и заботливым дедом 5-6 внуков. Старший сын Биржан погиб в 1994 г. От него есть внучка Индира. Она закончила высшее учебное заведение, в настоящее время работает в банковской системе. Внук Шынгыс, который родился от Ерлана, является студентом 3 курса Санкт-Петербургского университета. В этом году родилась внучка по имени Айзере. Старшая Айгерим от дочери Умеке Лазизы, студентка юридического университета, внук Жангирхан готовится в этом году пойти в школу.

Следует отметить еще одну особенность У.Айтбайулы. Он гармонично сочетает в себе дар ученого и человека искусства. Особенно он талантлив как поэт и композитор. Его стихотворение "Көкше келбеті" ("Пейзажи Кокше") воспевает природу. А песни "Жар сәлемі" ("Сердечное послание супруге"), "Ана тілі" ("Родной язык"), "Тіл өнері дертпен тең" ("Искусство речи подобно мукам душевным"), "Ақ қоян" ("Белый заяц"), "Жас ойшыл" ("Юный мудрец"), "Өренім" ("Мои потомки") и др. известны широкой публике.

Певческое искусство У.Айтбайулы, его мастерство исполнителя кюев, невольно завораживающие своих слушателей, повод для отдельного разговора. Немало песен

в его исполнении находятся в "Золотом фонде" Казахского радио, а песня народного композитора Биржана "Темиртас" из художественного фильма "Алые маки Иссыккуля" в исполнении Умирзака стало очень популярным в стране и за ее пределами. Проведенный в Доме ученых 28 февраля 2003 году творческий вечер У.Айтбайулы "Много в сердце несказанного", продолжавшийся два с половиной часа, до сих пор на устах у публики. В этом вечере редкие песни и кюи он посвятил памяти своих выдающихся учителей Мухтара Ауэзова и Каныша Сатпаева.

О его научной деятельности, изданных книгах, общественной деятельности, творческом таланте было много раз написано на страницах печати. Его певческий, исполнительский талант на домбре получил высшую оценку ученых искусствоведов. У.Айтбайулы находится в постоянном поиске как в научной жизни, так и в общественной деятельности.


Мы уверены, что У.Айтбайулы полон сил и творческих идей, он еще долго и плодотворно будет трудиться как в области научных исследований, так и научно-педагогической и общественной деятельности.

Абдуали КАЙДАР,
академик НАН РК,

Гарифулла АНЕС,
кандидат филологических наук

I

ҚАЗАҚ СӨЗІ



Кітапта қазақ тілі лексикасының ең күрделі де бай саласы — терминологияның жүз жылға таяу тарихы зерттеліп, оның жасалу, қалыптасу, даму жолдары сараланған. Әдеби тілдің, оның ішінде ғылым тілінің өркендеуіне септігін тигізген терминдік жүйе туралы бұрын-соңды айтылған әр алуан пікірлерді сарапқа сала отырып, автор өзіндік топшылауларын алға тартады, термин жасау принциптеріне өзінің тың көзқарасын ұсынады.

КІРІСПЕ

Жалпы, тіл – өмірдің сәулесі, қоғамдық құбылыстардың айнасы іспетті нәрсе. Қоғамда болып жатқан неше алуан өзгеріс, жаңалық атаулының бәрі әуелі тілден орын тебеді де, содан соң халық мұрасына айналады. Ендеше, тілді зерттеу арқылы, оның түп негізін терең тексеру арқылы тұтас бір халық, ұлт өмірінің өткелдерін, тарихи кезеңдерін анықтауға болады. Сонымен бірге қоғам өмірінің даму кезеңдерін зерделеу нәтижесінде тілдің де эволюциялық өсу өрісін саралай, жіктей аламыз.

Ал қалыптасу, даму дегеніңіз барлық уақытта бір қалыпты жүріп отырмайтыны белгілі. Қазақ тілі тарихынан да біз осыны аңғарамыз. Бұл тіл өзінің бастауын сонау көне замандардан алады, біздің жыл санауымыздан бұрын тайпалық, рулық қарым-қатынас құралы ретінде пайда болып, кезеңінде түрлі қауымдастықтар мен патшалық, хандықтарға, құрылымдар мен ірі мемлекеттерге қызмет еткен (Найман, Керей, Үйсін, Қаңлы мемлекеттері, Түрік қағанаты, Алтын Орда, Көк Орда т.т.). Халық басынан өткен осынау тарихи дәуірлер ізі әрдайым тілімізде сақталып, бізге жетіп отырған, әсіресе "түрік халықтарының көбіне ортақ түбірлердің" (Ә.Қайдаров) қазақ тілінде көптеп табылуы зерттеушілерді осындай ойға жетелейді.

Терминологиялық лексика, міне, осы халықтық тіл негізінде пайда болады. Мұның да өзіндік жасалу жолдары, қалыптасу тарихы бар. Бұл, негізінен, ғылыми ой-пікірдің өрбуіне, техника мен мәдениеттің дамуына орай туындайтын арнайы лексика.

Қазақ тілінің терминдік жүйесін осы тұрғыдан зерделеп байқасақ, қилы-қилы қызықты да күрделі кезеңдерге кезігеміз. Ең алдымен, терминологиялық лексиканың пайда болу, жасалу, қалыптасу тарихын Қазан төңкерісіне дейін, төңкерістен кейін деп екіге бөліп қарау керек сияқты. Төңкеріске дейінгі кезең қазақ терминологиясы үшін жартымды материал бере қоймағанмен, терминжасамның алғашқы нышандарын нұсқайды. Болашақта терминденуге қажетті тірек сөздердің бәрін сол кезеңнен табамыз.

Төңкерістен бергі жерде пайда болған терминологиялық лексиканы әлденеше кезеңге бөліп қарау лазым. Неге десеңіз, 75 жыл шамасында бұрынғы Одақ құрамындағы ұлттар мен ұлыстар тілінде аса күрделі жаңалықтар пайда болды. Оның бәрі қоғам өміріндегі сан қилы құбылыстар мен қозғалыстарға байланысты туған еді. Тіл дамуына ықпал еткен ұлы дүбір-төңкеріс, ұжымдастыру, тәркілеу, ашаршылық, репрессия, бесжылдықтар, соғыс, тың игеру, коммунизм шеруі, қайта құру, тәуелсіздік т.т. тарихи оқиғалар еді. Осылардың қай-қайсысы да қазақ тілінің сөздік құрамына көптеген жаңалықтар әкелді. Әрқайсысының мәңгі таңбаланып, ізі қалды. Сол бір кезеңдерде пайда болған терминдік атаулар *(социализм, революция, кеңес, колхоз, совхоз, бесжылдық, тың игеру, халық жауы, аға лейтенант, фронт, тиімділік, сапа, салауаттық, нарықтық экономика, егемендік, тәуелсіздік* т.б.) арқылы біз ел тарихын, халық тарихын оқитындай дәрежедеміз. Өмірде болып жататын неше алуан құбылыс, қозғалыстардың бәрін өрнектеп, баяндауға алдымен ұмтылатын сөздер легі – терминдер. Сондықтан бұлар бір есептен алдыңғы шептегі сарбаздар іспетті.

Термин сөздерді қозғалысқа салып, көктемгі қызғалдақтай қаулататын тағы бір сала ғылыми-техникалық прогресс болып табылады. Тілдегі көптеген терминдердің пайда болуы, негізінен, ғылым мен техниканың өмірге дендеп енуіне тікелей байланысты. Сондай-ақ, өнер, білім, оқу, ағарту, баспасөз бен баспа жұмыстарының қауырт қолға алынуы да терминологиялық лексиканың қанат жаюына сеп. Осы тектес сан салада туындап, қолданысқа еніп жататын терминдік лексика көбіне-көп игерусіз, өз бетінше өмір кешіп жатады.

Ендеше, еліміз тәуелсіздіктің туын жоғары көтеріп, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып отырған қазіргі кезеңде тіл тағдырына, оның ішінде әлемдік деңгейде өріс тапқалы тұрған мемлекеттік тіліміздің дипломатиялық тірегі болуға тиісті терминологиялық жүйеге аса зор мән беру қажет. Осыдан келіп ұлттық терминологиямызды түбегейлі зерттеп, оның табиғатын ашу қажеттігі туындайды. Байқасақ, тіліміздің ғылыми стилін қалыптастыруда аса зор рөл атқаратын бұл арнайы лексика күні бүгінге дейін түбегейлі қарастырылмаған. Әсіресе, қоғамдық ғылымдар терминологиясының қалыптасу, даму барысын бағдарлаудың мәні тіпті зор деп білеміз.

Қазақ тілінің терминологиялық лексикасы бұл еңбекте кең ауқымда қарастырылып отыр. Әрине, бұдан бұрын бірен-саран ғылыми еңбектерде, қайсыбір кандидаттық диссертацияларда бұл күрделі проблеманың жекелеген мәселелері қозғалды. Қоғам өмірінің айнасындай қоғамдық ғылымдар терминологиясының даму жайын зерттеу арқылы біз бұл кітапта қазақ терминологиясының жасалу, қалыптасу жолдарын, тарихи кезеңдерін айқындадық. Терминжасам тәсілдері мен заңдылықтарын, принциптерін сөз еттік.

Еңбектің негізгі қорытындылары мен түйіндеулерін түрлі терминологиялық сөздіктер түзу барысында пайдалануға болады. Сондай-ақ оның қазақ тілінің оқулықтары мен оқу құралдарын жазуда, жоғары оқу орындарында мамандар мен мектеп мұғалімдерін даярлау барысында септігі болады деп білеміз. Жұмыстың практикалық мәні осынысында.

Қазіргі терминтану процесінің негізгі ережелеріне сүйене келе және көптеген қажетті материалдарды жүйелі зерттеу нәтижесінде қазақ тілінде тұңғыш рет терминологиялық зерттеу тарихы жан-жақты сөз болды, осы кезге дейін белгісіз болып келген қазақ терминологиясының негізін салушылар еңбектері мен ой-пікірлері түбегейлі қарастырылды, терминжасамның негізгі көздері анықталды, қоғамдық терминдердің бұрын зерттелмеген құрылымдық жүйесі сараланды, аударма процесі барысындағы терминжасам тәжірибесі талданды.

Жұмыс Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Терминология бөлімінде жинақталған картотекалық қор негізінде жазылды. Мұның үстіне, М.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтының профессоры Қ.Бектаев тобы мен бөлім арасындағы келісімге сәйкес терминологиялық сөздіктер сала-саласымен электронды есептеу машинасының сарабынан өткізілді. Ұзын-ырғасы 60-70 мыңдай сөз техника талқысына түсіп, сұрыпталып, жүйеленді. Сонымен бірге жұмыстың жазылу барысында күнделікті баспасөз, бұқаралық ақпарат материалдары да қамтылып отырды. Біз кітапта қоғамдық және гуманитарлық деп аталатын өзара тығыз байланысты салаларды жігін ажыратпай белгілі бір тұтастықта қарастыру қажет деп шештік.

Сонымен, қадірлі оқырман, қазіргі қазақ терминологиясы хақындағы зерттеу еңбегі сіздердің қолдарыңызда. Хал-қадерімізше, мәселенің кең ауқымын қамтып, тың пікір айтуға тырыстық. Кітап жөніндегі жанашырлық пікірлеріңізді авторға немесе баспаға жолдасаңыздар – алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

I ТАРАУ

ЖАЛПЫ ТІЛ БІЛІМІ МЕН ТҮРКОЛОГИЯДАҒЫ ТЕРМИН ЗЕРТТЕУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙЫ

а) Терминология – қазіргі тіл білімінің көкейкесті мәселесі.
ә) Терминология және әдеби тіл.
б) А.Байтұрсынұлы – қазақ терминологиясын жасаушы.

Қоғам өміріндегі өзара қарым-қатынастың ең басты құралы болып саналатын тілді әлеумет әрдайым өте жоғары бағалап, оның өзгеріс, өрістерін жіті қадағалап отырады. Тіл қоғамдық құбылыстың бірі ретінде сол қоғам тіршілігін айнаға түсіргендей өрнектейді.

Қоғам қашан да қозғалысқа, өзгеріске, дамуға бейім тұрады. Осыған орай тіл де дамиды. Бірақ тілдің даму деңгейі оның барлық қабатына бірдей тән емес. Оның белгілі бір қатпары өзгеріс, өріске онша көне бермейді (мәселен, тілдің грамматикалық категориялары, дыбысталу жүйесі т.т.). Ал оның қайсыбір қатпарлары жаңалыққа, соны мағыналық ұғым, түсініктер әкелуге бейім тұрады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, дамыған, жетілген тілдің басты көрсеткішінің бірі оның терминдік жүйесінің сарала нуы болып табылады. Тілдің қоғамдық қызметі арта түсті, дамыды деп ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеге жетсек, осыны айтқызатын, алдымен, терминологиялық лексика.

Кешегі Қазан төңкерісінен кейін өзгеше қаулап, қанат жайған мәдени өміріміздің әрбір күні, әрбір сәті жаңа іс, жаңа қимыл, жаңа әрекетке толы болатын. Сауатсыздыққа қарсы шабуыл, неше алуан үйірме, бастауыш мектептердің ашылып, газет-журналдардың шығуы, қызыл бұрыш, қызыл отаулар т.б. саналы жорығы — қазақ сөзі мен қазақ жазуына жаңаша өріс берді. Осы ірі оқиғалар тұсынан бергі жердегі қазақ тілінің болмысына көз салсақ, оның ұлттық сипаты ғана өзгеріп қоймай, сонымен бірге халықаралық қуаты арта түскенін де байқауға болады.

Осының нәтижесінде сөздік қорымызға *революция, коммунизм, социализм, интернационал, совет, министр, комитет, парламент, партбилет, радио, комсомол, коммунист* т.б. тәрізді толып жатқан кірме сөздер енді. Ал *еңбек, екпінді, күрес, жарыс, іс, тап, жиналыс, жоспар, күн, белсенді* сияқты сан алуан сөздер жаңаша қолданысқа түсіп, терминдеу өрісі кеңиді. Бұл есепсіз мол қазына қатары күні бүгінге дейін толысып, молайып келеді. Яғни тіліміздің терминдеу сапасы әлі жүріп жатыр. Тілдің осылайша толығуы, оның қоғамдық қызметін күшейтіп, бұрынғыдан әлдеқайда қуатты құралға айналдырды. *Тілдің байлығын молайтып, қызметін күшейткен, оның икемділігі мен дәлдігін дамытқан бұл лексикалық қабатты ғылым тілінде термин сөздер* деп атау лингвистер түсінігінде дағдыға айнала бастады.

Атау сөздердің күнделікті өмірде араласпайтын жері жоқ. Тіпті қазіргі кезеңде термин сөздердің ауызекі сөйлеу тілімізге де еніп, күнделікті өзара қарым-қатынас құралына да айнала бастағанын байқау қиын емес. Мұның өзі – тілдің, атап айтқанда, әдеби тілдің қарқынды дамуын байқататын бір белгі. Керек десеңіз, сан салалы ғылыми қажетімізді өтеуге қызмет етіп отырған әдеби тіл, ең алдымен, осы терминологиялық лексиканың өрістеуіне тәуелді. Терминологиялық жүйесі жасалмаған, терминдік ұғымдары қалыптаспаған тіл – ол әлі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмаған тіл.

Термин ретінде мұны біліп қолданатындар да бар, термин екенін сезбей қолданатындар да бар. Тілдің мәдениетіне ойысатын мәселенің бұл жағы әлі зерттей түсуді тілейді. Сөйтіп, кім қалай қолданса да, термин сөздердің әлеумет өмірінің қатынас құралындық қажетін қамтамасыз етіп отырғаны даусыз. Яғни терминсіз қолданыс болмайды, терминсіз ғылыми ой-пікірді өрбітуге болмайды. Оның қанат жайғаны соншалық, қоғам өмірінің қандай саласында да қазір терминсіз күн кешу мүмкін емес. Ал арнайы лексиканың аумағын саралап, оның ғылыми анықтамасын беру оңай іс емес екені мәлім.

Ғылыми-техникалық революция кезеңінде мәселенің бұлайша қарастырылмауы мүмкін де емес. Өйткені терминологиялық лексика, әсіресе қоғамдық, табиғат және техника ғылымдары тілі бұл кезеңде өзгеше даму жолына түсіп, соған байланысты неше алуан күрделі проблемаларды алға тартады. Міне, сондықтан ұғымдар жүйесін тіл материалы арқылы жабдықтайтын терминология кез келген ғылым саласының қисындық мазмұнын жасайтын негіз деп аталуға хақысы бар. Ендеше, терминология дегеніміз ғылым тілі болып шығады.

Қоғам дамуын ілгерілете түсудің бірден-бір тиімді жолы ғылыми-техникалық прогресс болып отырған жағдайда, қоғамдық ғылымның үлесіне тиер шаруа аз емес. Іскерлік, жауапкершілік, білгірлік, білімдарлық, шапшаңдық, қабілеттілік талабы күшейген қазіргі кезең, әсіресе, тілдің ең күрделі де бай қатпары – терминологиялық лексиканы реттеуді қажет етеді. Өйткені ғылыми-техникалық прогресс жетістіктеріне сүйену арқылы экономика мен әлеуметтік шаруаны жеделдете түсуі, бір есептен, сол жетістіктерді дұрыс өрнектеуге тиіс тілдің терминдер жүйесіне де тікелей байланысты деп түсіну керек.

Мәселенің бұл жағына келгенде, әрбір тілдің өзіне тән міндеттері айқын. Кеңес заманында өзгеше өріс алып, дамыған тілдер қатарына қосылған қазақ тілінің терминологиясы түбегейлі зерттеліп, оның барлық мәселесі жан-жақты қарастырылды, дәйекті шешім тапты деп әзір айта қою қиын. Рас, әдеби тілдің халықаралық сипатын танытатын терминдер жүйесін жасап, қалыптастыруда кезеңдік қажетті өтеген, практикалық рөл атқарған әрекеттер болды. Алайда оның ғылыми-теориялық мәселелері әлі түбірлі де терең зерттеуді керек етеді. Бүкіл қоғамдық өмірдің барлық саласында түбірлі өзгерістер болып жатқан қазіргі кезеңде сол өзгерістерге лайықты қызмет етуге, соны айна-қатесіз, нақпа-нақ білдіруге тиісті құрал – тіл десек, оның ішінде терминологиялық лексиканың жөні мүлде бөлек.

Термин қатарына қандай сөздер жатқызылатынынан жұртшылықтың жалпы мағлұматы болғанмен, бұл салада да түсінісер жайт көп. Оның анықтамасына келгенде, мәнін, құрамын анықтау, жасалу принципі туралы әр алуан түсінік бар. Енді әңгіменің осы жағына ойысалық. Ең алдымен, кеңес тіл білімпаздарының біразы бұл мәселе жөнінде сонау 20–30-жылдардың өзінде-ақ ой толғап[1], оның мәні, мазмұны, ғылым, білім игеруде жасайтын септігі жайында еңбектер жазған. Алдымен соларды еске алалық.

Сонымен, термин және терминология дегеніміз не? Оны сөздік құрамның өзге қабатынан қалай ажыратуға болады? Негізгі белгілері қандай? Біз бұл жұмысымызда осы ұғымға байланысты туатын сұрақтардың бәріне бірдей жауап

[1] *Чаплыгин С.А.* Задачи и методы работы по упорядочению технической терминологии (Изв. АН СССР, ОТП, М.,1973); *Винокур Г.О.* О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии (Труды Московского института истории, философии и литературы. 1939. Т.5).

береміз деп айта алмаймыз. Тек күні бүгінге дейін ғылыми әдебиетте орныға бастаған кейбір пікірлерді ғана саралап, салғастырып өтпекпіз. Терминологиялық лексиканы зерттеуде және оның қоғам үшін мәнін, маңызын анықтауда А.А.Реформатскийдің, В.В.Виноградовтың, А.Н.Баскаковтың, Г.В.Степановтың, С.Г.Бархударовтың, О.С.Ахмановаңың, И.Ф.Протченконың, В.И.Сифоровтың, Ю.А.Дешериевтің, К.М.Мусаевтың, Р.А.Будаговтың, Л.И.Скворцовтың, В.П.Даниленконың, Т.С.Коготковаңың, Т.С.Канделакидің, А.В.Суперанскаяның, Б.З.Букчинаның, В.Ф.Журавлевтің, И.Н.Волковтың, Б.О.Орузбаеваның, М.Ш.Гасымовтың, Т.Бертагаевтың т.б. зерттеуші ғалымдардың рөлі ерекше болды.

Бұл жайында түркология ілімінде де біраз әңгіме қозғалды. Оның ішінде өзіндік пікір өрбіткендері де бар. Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы, қазақ түрколог тілшілері: Қ.Жұбанов, Н.Т.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ә.Т.Қайдаров, М.Балақаев, Ш.Ш.Сарыбаев, А.Әбдірахманов, Р.Өркенова, С.Исаев т.т.

Термин жайында бүкіл түркология, оның ішінде қазақ тіл білімінде, сондай-ақ орыс лингвистикасының өзінде де осыған тоқтайық дейтін бәтуәлі пікір, тұжырым тізгінін ұстау қиын. Оның не екенін, лексиканың қай тобына жататынын елдің бәрі білгенмен, негізгі, басты белгілерін ажыратып, тануда әркилы түсінік бар. Оған берілетін анықтаманың өзі де ала-құла.

Ал "термин" деген ұғымының өз басына келер болсақ, әлі күнге бұл жайында бірыңғай пікір қалыптаса алмай келеді. Мына еңбекте қабылданған көзқарас бойынша, "*Термин – бұл арнаулы қолданыс саласындағы ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дифинициясы (тиісті ұғымның анықтамасы) бар сөз немесе сөздер тіркесі*"[2]. Ұсынылып жүрген анықтамалар бірыңғай емес. Принципінде кез келген сөз термин бола алады, бірақ ол оның ерекше қызметіне (функциясына) байланысты. Өндіріс жағдайында терминдер белгілі бір адамдар (мамандар) тобының өзара қарым-қатынас құралы есебінде пайдаланылады. Яғни олар маман ортада, арнаулы әдебиетте қолданылады.

Кәсіби терминология әдетте белгілі практикалық мұқтаждыққа, күнделікті қажеттілікке орай пайда болады. Әдеби тіл мен оның функционалдық стильдері пайда болмастан бұрын кәсіби лексика өзінше табиғи түрде жасалып отырады, кейде тіпті оның әркилы жергілікті (терминологиялық) нұсқалары да қабаттаса жүреді. Арнаулы әдебиеттердің пайда болуы сөздік құрамның бұл саласының дамуына жаңа бір леп қосады, яғни дамудың басқаша арнасына түседі.

Термин жөнінде ғылыми және анықтағыш еңбектерде түрлі мәліметтер беріледі. Тиянақты түйін мен дәл анықтамалар беруге тырысатын энциклопедиялық сөздіктерге үңілгенде, мынаны байқадық.

"Термин – рим мифологиясында шекара құдайы, Т. – терминалдар құрметіне арналған мейрам" дегенді меңзейді екен. Сонымен бірге термин – *шекара, шек* деген ұғымды білдіретін латын сөзі. Бұл – 1980 жылы Мәскеуде жарық көрген бір томдық "Советский энциклопедический словарь" деген еңбекте берілген анықтама.

Терминология мәселесімен айналысқан ғалымдардың қай-қайсысы да, ең алдымен, оның мазмұны мен мәнін ашып, анықтамасын айқындап беруге тырысып отырған. Әсіресе бұл проблеманы лингвистер тереңірек қарастырып келді. Мысалы, бұл жайында О.С. Ахманова еңбегінен[3] мынадай жолдарды оқуға болады: *"Термин*

[2] *Прохорова В.Н.* Актуальные проблемы современной русской лексикологии. М.: Изд-во МГУ, 1973. С. 40.

[3] *Ахманова О.С.* Словарь лингвистических терминов. М., 1966.

(ағыл.) *дегеніміз – арнайы ұғымдар мен арнайы заттарды дәл белгілеу үшін жасалған (қабылданған, енген және т.б.), тілдегі арнайы (ғылыми, техникалық т.т.) сөздер мен сөз тіркестері".*

Сонда бұл келтіріліп отырған екі анықтаманың өзара аздаған ғана айырмасы болғанмен, негізінен, бір тектес екенін көреміз. Термин болатын сөздің шегі, шеті, шекарасын анықтау керек дегенді меңзейді. Яғни оның өзге сөздерден айырмасы оның мағынасының шектеулі болатындығында дегенді білдіретін тәрізді.

Бұл екі сөздікте "терминология" ұғымына да анықтама[4] берілген. Энциклопедияда берілген анықтамада терминологияның белгілі бір ғылым, техника салалары мен өнер түрлері терминдерінің жиынтығы екеніне мән беріледі. Ал О.С.Ахмановаңың сөздігінде осы айтылғандарға қоса мұның реттеуге, жөндеуге мейлінше көнбіс лексиканың ерекше қабаты екені баса айтылады. Шынында, лексиканың өзге үйірлеріне қарағанда, мұның саналы әрекет арқылы реттеуге мүмкіндігі мол екенін дәлелдейтін деректерді ғылымның кез келген саласынан ойып алуға болады.

Ал Д.Э.Розенталь мен М.А.Теленкова терминнің жоғарыда айтылған белгілеріне қоса, бір мағыналылығына мән береді. Яғни тілдегі сөздердің біразы көп машиналы болып келсе, термин болатын сөздердің олардан негізгі айырмашылығы – жалқы мағыналылығында деп түйеді. Әрине, бұл да термин сөздің табиғатын нақтылай, анықтай түсетін басты белгілердің бірі екені даусыз.

Тіл білімінің белгілі мамандарының бірі А.Реформатский де термин мен терминология ұғымының теориялық мәнін ашып беруге тырысады. Ол *термин, ұғым, сөз* түсініктерінің өзара байланысы жөніндегі түрлі пікірлерді сүзіп шығып, екі түрлі бағытқа ден қояды: бірі – терминді белгілі бір затпен байланысты қарайтындар да, екіншісі – ұғыммен байланысты қарайтындар. А.А. Реформатский терминді ұғыммен байланыстыра қарайтын бағыттың белең алып келе жатқанына назар аударады. Ол мұның, яғни термин мен ұғымның өзара қатыстылығы, әсіресе ғылымда айқынырақ көрінетінін байқайды. Сөйтіп, осы уақытқа дейін термин мен терминологияға беріліп келген анықтамалардың көп кемшілігі барын сынайды. Ол терминнің басты белгілерін анықтап беруге тырысады. Оның дәлелдеуінше, терминнің жоғарыда сөз болған ерекшеліктеріне қоса мынадай белгілері бар: термин емес сөздердің мағынасы көбінесе контекс арқылы ашылып отырса, термин сөздер контекске тәуелді емес. Сондай-ақ термин сөздерге көп мағыналық, экспрессия жат екенін баса айтады.

Термин мәселесімен тікелей айналысқан қазақ ғалымы, белгілі лингвист Қ.Жұбанов мемтерминком бюллетенінің 2-санында бұған былай орысша-қазақша анықтама береді:

"Термином называется специфический вид определенных словесных обозначений, передающих определенные понятия, установленные на данном этапе развития науки и революционной практики, причем передаваемое термином терминологическое понятие может не совпадать со словарным значением, которое присуще данной словесной величине в обыденной жизни"[5].

Бюллетеннің келесі санында (№3) дәл осы ойын ол былай деп қазақша түсіндіреді:

[4] Советский энциклопедический словарь. 1980; *Ахманова О.С.* Словарь лингвистических терминов. М., 1966; *Розенталь Д.Э., Теленкова М.А.* Словарь справочник лингвистических терминов. М., 1985; *Реформатский А.А.* Что такое термин и терминология? (Вопросы терминологии. М., 1961. С. 46).

[5] *Жубанов К.* О специфике слов-терминов (Бюллетень государственной терминологической комиссии. №2, Алма-Ата, 1935). *Его же.* Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966. С.273.

"Белгілі бір ұғымдарды білдіретін қарақшылы (qaraqcili) сөздер болады, сөздерді әлгіндей ұғымдарға – ғылым мен революция жағы қандай сатыда тұрса, міне, осы екеуі теліп отырады; сонымен қатар термин сөзінің терминдік ұғымы мен күнделік тіршілікте қолданылатын жай сөздік мағынасы басқа болуы да мүмкін".

Проф. Қ.Жұбанов терминнің өзіндік өзгешелік сипатын дұрыс түсінбеушіліктен кеткен қателерге назар аударады. Мысалы, ол аударуға болмайтын терминдердің *(психология, коммунист, геометрия)* аударылуын *(жан жүйесі, ортақшыл, пішіндеме)* қате санайды. Мұның негізгі себебі терминдердің терминдік мағынасы емес, лексикалық мағынасына мән беруден дейді. Яғни әңгіме бұл жерде бір тілден екінші тілге аударуда немесе қабылдауда, ең алдымен, көңіл қойылуға тиісті шарт — оның терминдік мәні болу керек екендігінде.

Академик І.Кеңесбаев пен профессор Т.Жанұзақов та терминнің о баста латын тілінің "шек", "шекара" деген сөздерінен пайда болғанын айта келіп: *"Ғылым мен техниканың, көркемөнер мен қоғам өмірінің алуан түрлі саласына байланысты қолданылатын, тұжырымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері, атау* сөз"[6], – деп түйін жасайды. Қазақ Кеңес энциклопедиясында да негізінен осы типтес анықтама берілген: *"Термин, атау – ғылым, техника, сол сияқты тұрмыстың белгілі саласындағы ұғымдарды дәл атау үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестері "*[7].

Ғылыми әдебиеттерде кездесетін пікірлердің бәрі де, сайып келгенде, негізінен осы тұжырымдарға тоқтайды. Сонда *термин* дегеніміз, ең алдымен, негізінен, *белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика* болып шығады. Оның басты белгілері: *дәлдік, қысқалық, жүйелілік.*

Дәлдік туралы. Термин арқылы ғылыми ұғым білдіріледі. Ондай жағдайда термин ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ізденістердің негізгі құралына айналады. Ғылыми ой-пікір қашанда өзінің анықтығымен, дәлдігімен, нақтылығымен ерекшеленуге тиіс. Термин дәл болсын дейтін талап осы негізде пайда болған. Сонда осы дәлдікті кейбір зерттеушілердің айтуына қарағанда (Гасымов М.Ш.) қамтамасыз ететін үш түрлі фактор бар сияқты:

1) термин білдіруге тиісті ұғым белгілерін дәл іріктеп алу;

2) термин жасау кезінде пайдаланылатын оның компоненттері мен элементтерін дұрыс саралау;

3) термин жасау барысында осы аталған элементтердің органикалық бірлігі қамтамасыз етілуге тиіс.

Қысқалық туралы. Термин қысқа болсын дейтін талап әншейін айтыла салған сөз емес. Оның негізінде назар аударылмауға болмайтын себеп бар. Әсіресе, ғылым мен техниканың ерекше қарқынды даму жолына түскен қазіргі кезде ақпарат жиілігі барған сайын үстемелене түсуде. Оның игерілуі едәуір қиындыққа айналып отырған осындай жағдайда айтылатын ұғымның, мәліметке тірек болатын термин сөздердің барынша қысқа, тұжырымды келуінің практикалық мәні айрықша болып отыр. Ал автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйесі (автоматическая информационно-поисковая система) қолданысқа ендірілген кезеңде осыған лайықталған мәтіндердің қысқалығы қажет-ақ. Мұның үстіне көңілге жатталып, есте сақталуы үшін де, сондай-ақ есептеу машинасына берілетін мәтінді бастыруға кететін уақытты үнемдеу үшін де оның маңызы зор.

Қысқа әрі ыңғайлы термин жасау үшін түркологияда мынадай әдістер

[6] *Кеңесбаев І., Жанұзақов Т.* Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1966.

[7] Қазақ Кеңес Энциклопедиясы. Алматы, 1977. 2-т.

қолданылып жүргенін байқаймыз: термин құрауға қатыстырылатын кейбір элементтерді қысқартуға болады; термин құрамының қайсыбірін басқа элементтермен алмастыруға болады; термин құрамындағы жеке сөздерді қосымшалармен алмастыруға болады; бір синтаксистік құрылымды екіншісімен ауыстыруға болады; кейбір бөліктері мен элементтерін қысқартуға болады; аббревиатура көмегін пайдалануға болады[8].

Жүйелілік туралы. Кейінгі кезде, әсіресе лингвистикалық әдебиеттерде, терминдердің жүйелі болу жағы жиірек әңгіме болып жүр. Ал енді бұл жүйелілік дегенді елдің бәрі бірдей дұрыс түсіне бермейтін сияқты. Әрқилы пікір бар. Мұның әркім әртүрлі жағын алып, өзінше түсіндіргісі келеді. Мәселен, белгілі терминолог-тілшілердің бірі В.А. Даниленко[9] мұның классификациялық мәніне баса назар аударып, сол тұрғыдан түсіндірмек болады. Әйгілі тілші А.А.Реформатский[10] терминнің сөзжасамдық жүйесіне көбірек көңіл бөледі. Ал үшінші бір пікір осы айтылғандарды дамыта келіп, терминдер жүйесін екі түрлі ыңғайда қарастырады. Яғни оны, бір жағынан, терминологиялық жүйенің элементі ретінде, екінші жағынан, жалпы тіл жүйесінің элементі есебінде бағалайды[11].

Түркология ілімінде де бұл жайында белгілі бір түсінік орныға бастаған тәрізді. Олардың қайсыбірі мына тектес. Жүйелілік талабы термин құрайтын элементтер мен белгілерді іріктей білу жүйесіне тікелей байланысты. Іріктеу сәтінде ол белгілердің біртектестігіне қатты көңіл бөлумен қатар, терминдер жүйесінің дұрыстығы белгілі жүйе бойынша белгілерді іріктеуге ғана емес, сонымен бірге сол белгілердің қай түрде болатынына да байланысты екенін ескеру қажет[12]. Оның айтуынша, терминология жүйелілігі термин элементтерінің тіркесімділігіне, басқаша айтқанда, олардың орналасу тәртібіне де қатысты болады.

Жүйелілік тәртібі сақталатын жерде синонимдік қатарға, көп мағыналылыққа орын жоқ. Әсіресе, әрқилы қызмет атқаратын жалғау, жұрнақтарды белгілі бір мағынада қайталап қолдануға әуес болмаған жөн. Жалпы, қалайда терминдер жүйелілігі лексика тұрғысынан да, морфология тұрғысынан да талап етілген дұрыс. Жай сөздер табиғатына тән кейбір грамматикалық ауытқулар терминдерде болмауға тиіс.

"Терминология" терминінің өзін жете түсінбей, оның нендей мағынаны білдіретінін дәл танымай тұрып, бұл туралы ғылымда жүйелі ой-пікір өрбіту қиын. Бұл ұғым, жалпы, ғылымда екі түрлі ыңғайда түсіндіріледі. Қалыптасқан пікір бойынша, жоғарыда әңгіме болғандай, *"терминология"*, ең алдымен, *тілдің арнайы лексикасының даму заңдылықтарын тексеретін ғылым саласы, сонымен бірге ол ғылым мен техниканың жеке салалары терминдерінің жиынтығы.*

Көптеген пікірлер ағынына қарағанда, терминология ғылымы шеңберінде мынадай мәселелер қарастырылып, шешім табуға тиісті:

---

[8] *Гасымов М.Ш.* Основы терминологии азербайджанского языка: Автореф. дисс. д-ра филол. наук. Баку, 1972; *Орузбаева Б.О.* Современная киргизская терминология (Советская тюркология. Баку, 1972. №4); *Чернов Ы.Ф.* К вопросу о структурно-семантической классификации и образовании составных терминов современного чувашского языка. Чебоксары, 1979.

[9] *Даниленко В.П.* Как создаются термины ("Русская речь". 1967. №2. С.58)

[10] *Реформатский А.А.* Что такое термин и терминология? Вопросы терминологии. М., 1961. С.54.

[11] *Будагов Р.А.* Введение в науку о языке. М., 1965. С.33, 36.

[12] *Гасымов М.Ш.* Основы терминологии азербайджанского языка: Автореф. дисс. д-ра филол. наук. Баку, 1972. С.19.

1) ғылыми-техникалық ұғымдардың классификациясы, ұғымдар мен ұғымдар жүйесінің арасындағы байланысты анықтау;

2) ұғымдар анықтамасын құру;

3) терминдерді талдап, іріктеп түзу;

4) терминдер жүйесін жасау.

Термин, ең алдымен, белгілі ғылым саласының ұғымдар жүйесінен туындайды. Ол – осы құбылысты таңбалау үшін құрастырылған немесе сол жағдай үшін арнайы ойлап табылған шартты белгілер емес. Олар тілде бұрыннан бар белгілі бір мағынаға ие сөздер мен түбірлер негізінде пайда болады. Ал "номенклатураға" келетін болсақ, ол үшін дыбыстар немесе мағыналылық шектеуден тыс сөздер алынады, яғни номенклатуралық белгі ретінде алынатын сөздердің мағыналық өрісін қумалап, оны сақтап жатудың қажеті шамалы. Номенклатуралық белгілер ғылыми ұғымдармен сәйкес келе бермейді, одан туындап жатпайды.

Терминология қисындық ұғынудың жоғары сатысы – адамдардың танымдық қызметін, соның нәтижесін тұрақтандыру, таңбалау құралы есебінде қолданылады. Ал номенклатурада абстракция шамалы. Номенклатура арнаулы объектілердің тізбесін ғана береді. Олардың өзара мағыналық байланыстарын іздеп жатпайды. Ал терминология, керісінше, мұндай байланыстарға мән беріп отырады. Сөйтіп, бір сөзбен айтқанда, *терминология мағыналы сөздер негізінде жасалатын арнайы лексика жиынтығы және соны зерттейтін ғылым саласы болса, номенклатура дыбыстар мен мағынасыз сөздер арқылы таңбаланған белгілер дегенге саяды.* Алайда бұдан бұлардың арасында болып жатқан реальды байланысты жоққа шығаруға болмас еді. Өйткені, түптеп келгенде, номенклатура дегеніңіз – ұғым атаулыдан мүлде алшақ жатқан нәрсе емес.

Егер *сөз, термин* және *номенклатураны* қатар қойып, салыстыра қарайтын болсақ, бұлардың өзді-өзіне тән ерекшелігі, тілдегі қызметі және жасалу жолдары мен мағыналық өрісі айқын аңғарылады. Әсіресе, бұларды қашықтық туралы хабар беретін есту және көру сигналдарымен салыстырсаңыз, бір жағында сигналдар тұрса, екінші жағында сөздер тұрады. Жол жүру тәртібін сақтау үшін жасалған сигналдар – қатынас құралының қарапайым ғана түрі. Мұндай сигналдар белгілі бір ойды, оның мағыналық өрісін, неше алуан құбылысын бере алмайды, олар өзімен-өзі шектеулі шартты белгілер болып табылады. Ал сөздер грамматикалық құрылысы жағынан ғана емес, мағыналық өрісі жағынан да өзара тіркесіп, байланысып, біріне-бірі әсер ете, дамып жатады. Міне, сол себепті де ол ойдың бүкіл динамикалық қуатын бере алады. Егер осылардың бәрін бір қатарға жайғастырсақ, мұның екі шетінде сигналдар мен сөздер тұрады. Мысалы, сигналдар, номенклатуралық белгілер, терминдер, сөздер. Осы қарапайым салғастырудан басталады, бұлардың ішінде іргелес тұрған номенклатуралық белгі мен термин сигналдар мен сөздерден әлдеқайда жақын. Ал, екінші жағынан, сигналдарға ең таяу тұрған номенклатуралық белгілер де сөздерге таяу терминдер. Осының өзінен-ақ біраз жайды аңғаруға болады.

Сөз қолданыс тәжірибесінде номенклатуралық белгілердің терминге ауысып жататын кезі де болған. Мысалы, ғылыми әдебиеттерден мынадай деректерді көреміз. Бір кезде "каучук" саласы бойынша терминдерді реттеуде 1909 жылы пайда болған "Бутодиеновые каучуки" деген сөз тіркесі номенклатуралық атау қатарына жатқызылған. Мұның 1932 жылы "бутодиеновые каучуки стеорорегулярные" дейтін нұсқасы пайда болғаны (Канделаки) туралы[13] фактілер бар. Нәтижеде каучуктың

[13] *Канделаки Т.Л.* Работа по упорядочению научно-технической терминологии и некоторые лингвистические проблемы, возникающие при этом (лингвистические проблемы научно-технической терминологии). М., 1970.

белгілі сортын білдіретін бұл номенклатуралық атау сол каучуктың бір топ түрін танытатын терминге айналды.

Номенклатуралық белгілер жүре келе қалыптаса бастайды, өйткені ғылым мен техниканың дамуына орай олар білдіретін заттар тіл қолданушылар дағдысына еніп, күнделікті тұрмыс қажетін өтеуге араласады. Мәселен, витамин "А", витамин "В", витамин "С" тәрізді неше алуан медициналық препарат пен дәрі-дәрмектер атаулары күнделікті тұрмысқа еніп отыр. Сол сияқты мысалдарды басқа да ғылым салаларының кез келгенінен келтіруге болады.

Осыған қарағанда, номенклатуралық атаулар, терминдер және сөздер қоғам дамуы, соған орай тіл дамуына байланысты бірінен-біріне көшіп, ауысып отырмақ. Олардың арасын әлдебір тас қорғанмен шектеуге болмайды. Ғылым салаларын саралап қарасақ, бұлардың қайсыбірінде терминдер басым да, екіншісінде номенклатуралық атаулар көп. Мәселен, гуманитарлық ғылым салаларында номенклатуралық атаулар азырақ та, негізгі теориялық терминдер басымырақ, ал ботаника, зоология, география, медицина т.б. салалардың терминологиялық жүйесінің көбі дерлік номенклатуралық терминдерден тұрады. Мұның мәнісі мынада. Гуманитарлық ғылымдар көбінесе абстракт ұғымдарды, жиынтық қорытынды жасайтын категорияларды пайдаланады да, екінші топтағылар неше алуан заттық нысандарға сүйенеді.

Ғылыми терминдерді тексергенде олардың қай сөз таптарынан жасалатынын қатты қадағалау қажет. Термин жасауға тек зат есімді қатыстыру қажет пе, жоқ, әлде өзге де сөз таптарынан термин жасауға бола ма деген мәселеге назар аударған жөн. Бұл жайында неше алуан пікірлер бар. Мысалы, Г.О.Винокур[14] терминдер тек зат есім болуға тиіс деп түйеді. Яғни термин болу үшін сол сөз заттануы тиіс. Ол әсіресе қимыл атауларына назар аударады. Сөйтіп, техникалық терминдердің көбі осы қимыл мен процесс атаулары болып келеді деген қорытынды жасайды.

Осы тектес пікірді, біз Н.А. Щегловаңың[15] еңбектерінен де кездестіреміз. Ол терминологиялық жүйедегі қимыл процесі етістік түрінде емес, дерексіз зат есім арқылы білдіріледі дегенді айтады.

Ал А.А.Оруджев (әзірбайжан тілшісі) дербес мағынасы бар кез келген сөз, мейлі ол зат есім болсын, мейлі ол сын есім болсын, тіпті етістік пен үстеу де термин бола алады[16], – дейді.

Жалпы, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша шыққан сөздіктерді сүзіп шыққанда, зат есім терминдермен қатар сын есім, етістік, үстеу терминдерді де кездестірдік. Бұл жөнінде Тіл білімі институты терминология мен аударма теориясы бөлімінің электронды-есептеу машинасының сарабынан (Қ.Бектаев) өткен қоғамдық ғылымдар терминдерінің төрт томдық сөздігін[17] қарап шығуға болады.

Терминдердің қай сөз табынан жасалатынын анықтауда жекелеген фактілерге ғана сүйеніп, қорытынды жасау дұрыс емес. Мұны теориялық тұрғыдан қарастырған лазым.

---

[14] *Винокур Г.О.* О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии (труды ИФЛИ. Т. 5, С. 13).

[15] *Щеглова Н.А.* К вопросу о грамматических средствах терминологизации русских глаголов и профессиональной речи 17-18 вв. Уч.зап. МОПИ. 1963. Т.38, Вып.8, С. 89.

[16] *Оруджев А.Г.* О создании научной терминологии и об упорядочении существующих терминов на азербайджанском языке//Изв. АН АзССР. 1951. №12. С.12.

[17] Қоғамдық және Гуманитарлық ғылымдар саласының қазақша-орысша терминологиялық сөздігін (4 томдық) қараңыз. 1985.

Терминді екі түрлі құрылымдық типтерге, яғни олардың құрылымдық болмысын екі ыңғайда бөліп қарауға болады: тілдік және тілдік емес деп. Бұлар белгілі бір терминологиялық жүйенің құрамына ене отырып, бір-бірінен ерекшеленетін де жері бар (әсіресе сапалық ерекшелігі жағынан).

Тілдік терминдер былайша жіктеледі.

I. Термин сөздер (терминдік мәндегі сөздер).

Бұлардың өзін бірнеше топқа бөліп қарау керек:

а) түбір тұлғалы терминдер: *бал, бас, газ, йод, бор, лак, өт, алтын* т.б.;

ә) туынды түбір терминдер: *жазушы, бастауыш, баяндауыш, тракторшы, көрермен, қондырғы, есірткі, көрме* т.б.;

б) күрделі термин (сложные термины): *үшбұрыш, екітілділік, темір-бетон, радиоактивтілік* т.б.;

в) қысқарған күрделі терминдер. Мұның өзін бірнеше топқа бөлуге болады:

1) буын қысқарту арқылы біріктіріп жасалған терминдер. Мұнда көбінесе екі сөздің басқы буындары біріктіріледі: *колхоз, совхоз, обком* т.б.;

2) аралас типті күрделі терминдер. Бұлар, әдетте, бір сөздің басқы буынын не сол сөзді тұтас басқа бір сөздердің басқы дыбыстарымен біріктіру арқылы жасалады: *райпо* — районное потребительское общество, *сельпо* — сельское потребительское общество, *райфо* — районный финансовый отдел т.б.;

3) қысқартылған сөздерден жасалған аббревиатуралар: ГЭС, ВЦСПС, СОКП, БЛКЖО, МТС т.б.

II. Сөз тіркесі түріндегі терминдер.

а) еркін тіркесті терминдер. Мұның құрамындағы әрбір компонент жеке тұрып термин бола алады. Ол басқа терминологиялық сөз тіркесінің қатарына енуі де ықтимал. Мысалы, *күкіртті азот, азотты алюминий. Кеңес Одағы, Коммунистік партия, еңбекші бұқара, Жазушылар одағы* т.б.;

ә) еркін емес тіркесті терминдер, яғни бұлайша тіркескен терминдер құрамындағы сөздердің бәрі бірдей жеке тұрып термин бола бермейді. Олар дәл осы тіркесім түрінде ғана терминдік қызмет атқарады. Мысалы, *қызыл бұрыш, ақ отау, қара топырақ, қызыл әскер, азат ел, сұрапыл соғыс* т.б.;

б) фразеологиялық терминдер: *ежелгі заман, көне тіл, абсолют шама, абсолюттік ақиқат, үлкен жол, сырт пішін, азамат соғысы, қызу жұмыс, азаматтық құқық, балалар бақшасы, рухани тәрбие, замана тынысы, ерте дүние тарихы, рухани мәдениет, хайуанаттар дүниесі, табиғат заңы, даңғыл жол, алтын ғасыр, алтын қор, тарихи кезең, тарихи уақиға, құрмет тақтасы, ақыр заман, ірі басылым, қайта құру, қоғамдық құрылыс, қоғамдық даму, ортақ іс, ашық хат, бірінші орын, саяси күрес, саяси қайраткер, соңғы хабар, жұмыс күші, жұмыс столы, бақыт құсы, сот ісі, салтанатты мәжіліс, оқу жылы, ғалым хатшы, арнайы тапсырма, жомарт табиғат, айқын мысал.*

III. Тілдік емес терминдерге неше түрлі таңба белгілер, графикалық символдар, математикалық, физикалық, химиялық формулалар мен цифрлар жатады.

Әдетте, адамзат ойы табиғи тілдерсіз көрініс беруі мүмкін емес. Барлық саяси, идеологиялық, экономикалық, эстетикалық, мәдени және ғылыми мұқтаждықтың бәрін өтейтін — осы табиғи тіл. Бұл — дамудың өзгеше сипатымен өлшенетін құбылыс. Тіл де дамуға тәуелді. Тіл дамуы лексика саласында айқынырақ аңғарылады. Ол тілдерде мәдени және ғылыми байлықтар жасалып, қорлана түскен сайын, тілдердің лексика-фразеологиялық құрамының ішінде терминология қоры молая, байи түспек.

Соңғы жылдардағы ғылыми-техникалық революцияның жедел қарқынмен дамуы, ғылым мен техниканың, шаруашылық, өндірістің барлық саласындағы қыруар информациялық мағлұматтың келіп құйылуы терминология құрамының қорлана түсуіне сеп болып отыр. Сондай-ақ белгілі бір тіл шеңберінде шектеліп қалмайтын номенклатураның әр алуан түрі көбейді. Бұлар ұлттық шектелу шекарасын бұзып, ұлтаралық, тіпті халықаралық сипат ала бастады. Дамыған тілдің қай-қайсысында да бұлар лексиканың басқа салаларынан әлдеқайда көп, сондықтан олардың бәрін ешқандай сөздік қамти алмақ емес. Химия терминдерінің өзі шамамен қазір 2 миллионнан асады екен. Басқа қай ғылым саласын алып қарасақ та, осыған ұқсас жайды көреміз. Өмір ілгері жылжыған сайын терминологиялық лексиканың ауқымы кеңейе бермек.

Сондықтан жалпы әдеби тіл жүйесіндегі терминологияның орны қандай болмақ деген сұрақ тууы заңды. Мұны тек белгілі бір салада қызмет ететін мамандар ғана қолданатын болса, онда арнаулы терминология әдеби тіл лексикасының құрамына ене ала ма? Бұл сұрақтарға қазіргі лингвистика біржақты жауап бере алмайды.

60-жылдарға дейін терминологияның әдеби тілге жататындығы жөнінде дау болмайтын. 1959 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық терминологиялық мәжілісте және 1967 жылы Ленинградта өткізілген ғылыми-техникалық терминологияның лингвистикалық проблемалары жөніндегі кеңесте терминологияны әдеби тіл лексикасының дербес саласы деген пікір басым болды. Осы тезисті тәптіштей келе, 1967 жылғы кеңесте С.Г.Бархударов: "Жалпы арнаулы лексиканың қайсы бір бөлігі әрдайым тек мамандар тілінде өмір кешетіні анық. Сонымен бірге оның сан жағынан аздау болса да, мәні, сыбағалы салмағы жағынан маңызы зор бұл бөлігінің бүкіл қоғам мүлкіне айналатыны, сөйтіп жалпы ұлттық тілдің бөлінбес бір бөлшегіне айналатыны да даусыз. Осыдан келіп жалпыхалықтық тіл мен арнаулы лексиканың өзара байланысы деген күрделі проблема туындайды"[18]. (Аударма біздікі – Ө.А.). Ал Ф.П. Филин бұл мәселені мүлде басқаша қарайды. Ол тіпті мұны жалпы әдеби тіл құрамынан шығарып тастағысы да келген. Ол былай дейді: "Мамандар арасында ғана қолданылатын бұл қисапсыз мол арнаулы лексика өз алдына бөлек тұрады. Бұл нормалы қалыпқа түскен лексиканың барлығы туралы мәселе қозғауға мүмкіндік береді"[19].

Біздің ойымызша, бұл "нормаланған тілді" әдеби тілден тыс қараудың жөні жоқ. Мамандар өз саласы бойынша өзара қарым-қатынас жасағанда да пайдаланатыны жалпыға ортақ әдеби тіл, әрине, бұл тұста өздеріне ғана тән, тіпті жалпы әдеби тіл түгіл, жалпы ұлттық тіл шеңберінен шығып кететін термин сөздер, формулалар, символдар белең алып жатады. В.П. Даниленко: "Жалпы халықтық тілдің бір тармағына жататын ғылым тілі, біздіңше, сөйлеу тілі, көркем әдебиет тілі дейтін ұғымдармен қатар тұруға тиіс. Жалпы әдеби тілдің әрбір тармағының өзіне тән құрылымдық өзгешелігі мен әдейі жүктелген қызмет аясы болады. Ал бұлардың әрқайсысы кейде жалпы әдеби тіл шеңберінен шығып кетіп, семантикалық және құрылымдық шеп құрайды"[20].

Ғылым тілі болмысты танудың (гносеологиялық қызмет), оны зерттеу мен практикалық жұмыстардың нәтижесі туралы мағлұмат беріп, сақтаудың, жинақтаудың, хабар берудің (информациялық-коммуникативті) құралы. Бұдан

[18] Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. М., 1970. С.8-9.
[19] Русский язык в современном мире. М., 1971. С.108.
[20] *Даниленко В.П.* Русская терминология. Опыт лингвистического описания. М., 1977. С.10.

біз оның әдеби тілдің функционалдық жүйесін құрайтынын көреміз. Бұл жайында В.П.Даниленко: "Ғылым тілі, бір жағынан, жалпыхалықтық тілге қарағанда, шеңбері шектеулі ұғым, өйткені оған жалпыхалықтық тілге қатысты нәрсенің бәрі бірдей ене бермейді. Ғылым тіліне жалпыхалықтық тіл қасиетінің бәрі бірдей тән бола алмайтындықтан, ол бір жағынан, сол жалпыхалықтық тілге қарағанда, анағұрлым тар ұғымда беріледі. Екінші жағынан, әдеттегі кәсіби қатынастан тыс ғылыми ұғымдарды білдіретін арнайы терминологиясы бар ғылым тілі жалпы әдеби тілге қарағанда анағұрлым кең ұғымды білдіреді"[21].

Терминология әдеби тілдің бір тармағы ретінде сол әдеби тіл нормасы мен ережесіне бағына отырып, сөзжасам (термин жасау) және сол норманы кодтау жағынан өзіне ғана тән өзіндік ерекшеліктерін де байқатады. Кейде өзінен-өзі жасалып жататын кәдімгі тілдік құбылыстардан ерекше саналы әрекет негізінде, яғни ұжым еркімен болатын да құбылыс. Ол сөзжасам процесінің қай-қайсынан болса да осынысымен ерекшеленеді.

Орыстың терминологиялық сөзжасам тарихы тіл жүйесінде бұрын мүлде болмаған, мүлде жат сөзжасам үлгілері мен түрлері пайда болғаны туралы мол мағлұмат береді. Мысалы, орыс тілі дәстүрінде бұрын *-ость* жұрнағы арқылы жасалған зат есімнен үстеме сын есім жасалмайтын. Қазір мұндай үлгі орыс тілінде өнімді сөзжасам түрінің біріне айналды: *яркий – яркость – яркостный, жидкий – жидкость – жидкостный, разный – разность – разностный, стойкий – стойкость, плоский – плоскость, емкий – емкость* т.б. Сондай-ақ *-ота* суффиксі арқылы сын есімнен зат есім, содан қайтадан сын есім жасау да орыс тілінде өнімді тәсілдердің біріне айнала бастағаны туралы да мәлімет бар. Мысалы: *мерзлый – мерзлота – мерзлотный, высокий – высота – высотный, долгий – долгота – долготный, широкий – широта – широтный, частый – частота – частотный*[22].

Терминологиялық сөзжасамның осы тектес амалдары жалпы сөз жасау үлгілерін жіктей түсуге, оны белгілі ғылым салалары бойынша тұрақтандыруға көп көмек етеді. Мәселен, орыс тілінде *снеговой* және *снежный* деген сын есім сөздер баяғыдан бар. Даль сөздігінде бұлардың аражігі ажыратылмаған. 30-жылдары ауа райын болжайтын Институттың терминологиялық комиссиясы *снежный* терминін қардың өзінен туындайтын ұғымды білдіргенде ғана *(снежный покров, снежная лавина* т.б.) қолдануды, ал *снеговой* терминін әңгіме болып отырған нысанның (қардан емес) қарға қатысы болған жағдайда ғана *(снеговая линия, снеговое питание* т.б.) қолдануды ұсынған екен.

Қазақ және басқа түркі тілдерде туынды сөздер грамматикалық тұлғасы тұрақты толық мағыналы сөздерге қосымшалар жалғау арқылы жасалады. Кеңестік дәуірде орыс тілінен енген кірме сөздердің жұрнақтары (суффикс) қазақ тілі қосымшаларымен (аффикс) берілетін болады. Басқаша айтқанда, сөзжасау қосымшалары морфологиялық кейпі жасақталып бітпеген сөздерге жалғанады. Осы тәсілмен жасалған неше алуан жаңа сөздер (неологизмдер) көбейді. *Абстракты – абстрактный, абстрактылық, дерексіздік – абстрактность, агрессивті – агрессивный, агрессивтік – агрессивность, объективті – объективный, дұрыстық, әділдік – объективность* т.б.

Соңғы жылдардағы өрістеген халықаралық байланыс, екітілділік, көптілділік

[21] Сонда. 10–11-бб.

[22] Қараңыз: Русский язык и советское общество: Лексика современного русского литературного языка. М., 1968. С.157.

ұлт тілдерінде ғылыми-техникалық терминологияны молайтып келеді. Қазақ тілі терминологиясы 20-30-жылдары негізінен ана тілдің лексика-грамматикалық құралдары арқылы жасалса, 50-80-жылдары бұл арнаулы лексика қоры, негізінен, орыс және халықаралық терминологиялық үлгілермен толыға түсті. Ал қазақ тілі терминологиялық жүйесін бірізге салып, қалыптастыруда, оны заман талабына сай етіп қайта жасауда 80-жылдардың екінші жартысынан былайғы кезеңнің алатын орны айырықша. Айырықша болатыны, өмірдің басқа салалары сияқты, қазақ тілінің де ғылыми ой-пікір өрбітер өрісінде өзгеше сапалық құбылыстар бой көрсете бастады. Бақсақ, қатып-семген қағидалық категорияға айналған терминдердің көбін қайта қарап, олардың нақты қазақы атауларын жасауға әбден болады екен. Тіпті соңғы екі-үш жыл ішіндегі қазақ баспасөзінің беттерін қарасаңыз осыны айқын аңғарасыз.

Кезінде әдеби тілімізге қаптап енген кірме сөздерге де көзқарас басқаша болу керек сияқты. Сөйтіп, көптеген пікірлер желісі мынадай түйін жасауға итермелейді.

Термин сөздер тілдің ғылыми-техникалық прогреске иек артып, қол созған тұсына тән лексиканың арнайы саласы, яғни бұл, бір жағынан, тілдің әдебилігін тәптіштей түсетін бір белгі. Басқаша айтқанда, терминологиялық лексика әдеби тілмен тікелей байланысты дамып, оның әдебилігінің негізгі көрсеткіштерінің біріне айналады. Ол ең алдымен ғылыми ой-пікірді, техникалық ұғымды білдіру үшін пайда болады да, олардың дамуымен бірге қанаттанады. Термин сөз нақты, қысқа, тұжырымды, дәлме-дәл және бір мағыналы болуы керек. Алайда бұл шарттардың бәрін бірдей үнемі түгел сақтап отыру қиынға соғады. Кейде кейбір техникалық ұғымдарды білдіру үшін бірнеше сөздер тізбегін пайдалануға немесе тіркес жасауға тура келеді. Сөйтсе де термин жасау процесінде оның негізгі талаптарын сақтау қажет.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУШЫ

Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсынұлының орны да сондай. А. Байтұрсынұлының бай мұрасын жай санамалап өткеннің өзінде, осынау адамның өмірдегі ғажайып ерлігі мен табандылығына, туған халқына деген шексіз перзенттік сүйіспеншілігіне, асқан білімдарлығына тәнті болмай тұра алмаймыз.

А. Байтұрсынұлының артына қалдырған маңызды да бай мұрасына қарағанда, оны әлденеше университет бітірген, әмбебап білімдар адам деп ойлауға болады. Ал шынында, ол өмірінде екі-ақ оқу орнын көрген: бірі – Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесі де, екіншісі – Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын қазақ (қырғыз) мектебі. М.Әуезовтің сөзімен айтқанда, "Ахаңның тәртіпті мектептен алған барлық оқуы осы" болса керек. Ал оның өз бетінше оқып, өмірден әлденеше университетке татитын білім алғанын артында қалған мол мұрасы айқын танытады.

Ол 1896–1907 жылдар аралығында Қарқаралыда оқытушылық қызмет атқара жүріп, қалада оқып, көздері ашыла бастаған жастарды және жергілікті жердегі бірен-саран саналы, ойлы азаматтарды төңірегіне жинайды. Олардың арасына ағартушылық рухын тарата бастайды. Осының көрінісі ретінде ол сол кездегі Ресей Империялық министрлер Кеңесі Төрағасының атына петиция (арыз-тілек) жазып, жолдайды. Бұл өз кезеңінде айрықша батыл қадам болатын. Онда, негізінен, қазақ халқының жағдайлы өмір сүруіне қажетті деген басты-басты мәселелерді тізіп жазған: жер мәселесі, қазаққа земство беру, қазақты мүфтиге қарату туралы

және ең бастысы – "Қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын, оқу ана тілінде жүргізілсін" деген жолдар еді.

Мектептерде оқу ана тілінде жүргізілу үшін бұрын болмаған тың жол салынуы керек екенін Ахаң өте жақсы түсінеді. Сондай үлкен жауапкершілікті өзіне сенгендіктен де, мойнына алып, әлгіндей хат жазған болатын. Ол хат жазумен ғана тынбай, енді сол қазақ балаларының өз тілінде сауат ашуына арнап тұңғыш әліппені жазады. Оны "Оқу құралы" деген атпен 1912 ж. Орынбор қаласында бастырып шығарады.

Бұған дейінгі қолданылып келген "Букварь", "Самоучитель" (кейде оны "Жазуға үйрететін кнеге" деп те атап келген) дегендер қазақ балаларының сауатын орыс графикасы негізінде орысша ашатын құрал болатын. 1892 жылы Қазанда басылған "Букварь для киргизов" деген осындай құралға А.Е.Алекторов "Әрпі орысша, сөздері, мәтіндері таза қазақша ("Буквы русские, фразы, тексты на чисто казахском языке") деп анықтама беріпті.

Сонымен, А. Байтұрсынұлының 1925 жылға дейін 7 рет басылған бұл "Оқу құралы" қазақ халқының тұңғыш әліппесі болып табылады.

Осыдан көп ұзамай, ол енді қазақ тілін мектепте пән ретінде оқытуды жоспарлап, оқулық жазуға кіріседі. "Тіл – құрал" деп аталатын бұл оқулықтың фонетикаға (дыбыс жүйесі) арналған I бөлімі 1915 жылы тұңғыш рет жарық көреді. Мұның 1927 жылы Қызылордадан шыққан нұсқасында "7-ші" деп көрсетілуіне қарағанда, бұл оқулық та осы екі аралықта осыншама рет жарық көргенге ұқсайды. "Тіл – құралдың" морфологияға (сөз жүйесі) арналған II бөлімі бұдан бір жыл бұрын – 1914 жылы баспадан шыққан. Ол да 1927 жылға дейін 6 рет басылып үлгерген.

"Тіл – құралдың" синтаксиске (сөйлем жүйесі) арналған III бөлімі де көп ұзамай жұртшылық қолына тиеді. Бұл еңбек те бірнеше рет басылым көрген. Мысалы, Қызылорда – Ташкенттегі "Казгосиздаттан" 1928 жылы басылып шыққан данасында "6-шы басылым" деп көрсетілген.

Ғалым тіл үйретуде бұл еңбектермен ғана шектеліп қалмай, енді қолданбалы грамматиканы жазады. Оны ол "Тіл жұмсар" деген атпен 1928 жылы Қызылордадан шығарады. Сондай-ақ тіл үйретудің таза әдістемесі – "Баяншы" деген кітабын жұртшылыққа ұсынады.

Байқап отырсақ, бұл тұңғыш қазақ лингвисі өзінің алдына жүйелі мақсат, айқын бағдарлама түзіп, сол бойынша оз бетімен жұмыс істеген тәрізді. Мәселен, оның бірінші мақсаты – қазақ баласының сауатын ашу болса, осыдан барып "Оқу құралы" пайда болады, содан кейін қазақ тілінің грамматикалық құрамын ана тілінде талдап беруді мақсат етеді де, "Тіл–құралды" жазады. Тілді дұрыс жұмсай білу тәртібіне байланысты ойға қалады да, "Тіл жұмсарды" ұсынады, сауат аштыру, тіл оқыту әдістемесін жасау мақсатында "Баяншыны" береді. Кезінде әлденеше қайталанып басылуының өзі бұл еңбектердің зәрулігі мен бағасының қаншалықты дәрежеде болғанын аңғартса керек.

Осы еңбектерді жазып, жарыққа шығармас бұрын ғалымның қазақ жазуымен түбегейлі айналасуына тура келеді. Неге десеңіз, ол сол кезде пайдаланып жүрген араб жазуының көптеген дыбыстық жүйесіне сәйкестендірілмеген болатын. Соның салдарынан арабша хат таныған адамның көбі сауаты шамалы боп шығатын. Міне, сондықтан А. Байтұрсынұлы "Айқап" журналы мен "Қазақ" газеттерінің беттерінде араб жазуының қазақ тіліне лайықтап икемделген жаңа нұсқасы туралы жұртшылыққа түсіндіріп, мақалалар жазады. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден ұялайды да, қабылданады.

Міне, осы тұста ғалым әрбір пәннің, әрбір ғылым саласының өз жүйесі, сол жүйесіне лайықты ұғым, түсініктері болуы тиіс екеніне көзі жетеді де, қазақ тілінің терминдік атауларын тыңнан жасауға кіріседі. Онсыз елдің сауатын ашарлық, білімін көтерерлік оқу құралдарының қандайын болса да жасаудың қиынға түсерін ұққан жанның тек осы саладағы еңбегінің өзі-ақ ол туралы мақтанышпен әңгіме қозғауға негіз болар еді.

Жоғарыда айтылған "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетіндегі қазақ жазуы жайындағы мақалаларында А.Байтұрсынұлы қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар – *дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), үтір, буын, әліппе, сөз аяғы, белгі, сөз басы, дауысты дыбыстар, сүйеніш, дәйекші* деген т.б. сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен, белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет.

Қазақ тілі терминдерін жасауды осындай алғашқы мақала пікірлерінде бастаған А. Байтұрсынұлы өзінің үш бөліктен тұратын айтулы еңбегі "Тіл–құралда" мейлінше дамытып, ұластырып алып кетеді.

Оның бұл еңбектерде пайдаланған терминдері жайында әңгіме қозғамас бұрын, мына бір тұсқа назар аударғымыз келеді. "Тіл–құралдың" дыбыс жүйесін талдайтын бірінші бөліміне ол алдымен алғы сөз (сөз басы) жазып, кітаптың мәнін, мақсатын түсіндіреді. Тұңғыш рет ауызша сөйлеу мен жазып сөйлеудің маңызын ғылыми тілмен баяндай келе: "Әр жұрт баласын әуелі өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз", – деген болжауы қазіргі кезеңде де мәнін жоғалтпай тұрған жоқ емес пе?

Небары 38 беттен тұратын шағын еңбектің мағыналық салмағында шек жоқ. Айқын ой, нақты сөз арқылы соншама қарапайым жазылған бұл еңбек оқушының ұғымына соншалықты жеңіл. Оның себебі қазақ тілін көзбен көріп, қолмен ұстап анық байқайтындай етіп, белгілі бір жүйеге салып саралап, әрқайсысына нақты ат беріп, түсіндіруінде. Мәселен, түсіндірілетін құбылысқа дөп түсіп жататын, оның ішінде пән ретінде оқылатын тілдің түрлі категорияларына лайықты жаңа сөз тауып, жасап, оларды қалыптастырудың тіпті де оңай болмағанын тек ойша шамалауға болар.

Ол қазақ тілінің бұдан былайғы жерде негізгі жұмыс құралына айналуға тиісті *сөз, сөйлеу, сөйлем, буын, дыбыс, таңба, әріп, тұлға, түбір, жалғау, жұрнақ, қосымша* тәрізді толып жатқан сөздерді тауып, орын-орнына қойып қалыптастырады, әрқайсысына нақты қызмет береді.

Дыбыстардың не екенін, оның құрамын, түрлерін анықтай отырып, олардың, ең алдымен *дауысты, дауыссыз* делініп, одан әрі қарай *жарты дауысты дыбыстар, қатаң дыбыстар, ұяң дыбыстар, ымыралы дыбыстар, ымырасыз дыбыстар* деп түр-түрге бөлінетінін айтып, әрі қысқа, әрі нұсқа түсіндіреді. Әрбір дыбыстың айтылу ерекшелігіне, сөз материалы есебіндегі ішкі, тысқы ажарына соншама зергерлікпен үңіліп, әрқайсысының өзіне лайықты ат тауып, шатастырмай саралап шығуы нағыз білімдарлыққа, тілдің небір нәзік тініне дейін үңгіп ене алуы, қабілет-дарыны зерек лингвистің болмысына тән еді. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін саралауға байланысты туған бұл терминдік ұғымның бәрі дерлік тұрақты қалыптасты, тек *ымыралы, ымырасыз* деген тәрізді сөздердің қолданысы ғана онша өрістей алмады. Оның есесіне жеті септік – *атау, ілік, барыс, табыс, жатыс,*

шығыс, көмектес деген терминдер өзінің дәлдігімен, өміршеңдігімен мәңгі тұрақтанып қалды.

Жалпы, термин жасау дағдысында А.Байтұрсынұлы ұстанған ең басты екі принципті анық аңғарамыз. Оның бірі және ең негізгісі – термин жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану. Термин жасау принципінде ана тілдің ішкі сырын жете пайдаланды дегенде де, біз А.Байтұрсынұлының өзге озық ел тілдерінің грамматикалық категориялар түзудегі тәжірибесін терең меңгергенін байқамай тура алмаймыз. Әсіресе, тілді фонетика, морфология, синтаксис деген дәстүрлі жүйеге бөліп қарауынан бастап, соның әрқайсысының өзіндік құрылымын саралауда да, әрине, ең алдымен, орыс тілі грамматикасының әсері жоқ емес.

Мәселен, сөздерді *түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар* деп тұлғасына қарай беске бөліп қарауы, *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау, одағай* деп мағынасына қарай тоғызға бөліп саралауы бәрі сол қалпында тілімізге сіңіп, қалыптасып кетті.

Бұл келтіріліп отырған мысалдар "Тіл – құралдың" фонетика және морфология бөлімдерінен алынып отыр. Ал 1924 жылы Орынборда басылған "Тіл – құралының" сөйлем жүйесін (синтаксиске) талдауға арналған бөлімінде орын тепкен терминдердің өзін өз алдына жеке-дара зерттеуге тұрарлық. Мұнда ол сөйлем мүшелерін соншама бір көрегендікпен саралайды. Алдымен оны *тұрлаулы* және *тұрлаусыз* деп екіге бөліп алады да, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталады.

Жоғарыда әңгіме болғандай, оның термин жасау ісінде, ең алдымен, қазақ тілінің өз мүмкіндігіне көбірек сүйенгенін байқаймыз. Ол жасаған терминдердің бәрі дерлік ана тілдің өз байлығы, өз сөздері. Ал оны іске жарату барысында әр түрлі амалдар қолданған. Ол әуелі заттық, атаулық ұғымын берерлік сөздерді іріктейді *(әріп, сөз, сөйлем)* немесе оларға терминдік қызмет жүктейді, екіншіден, сөздерді тіркестіре қолдану арқылы терминдер жасайды *(түбір сөз, туынды сөз, сұраулы сөйлем, тұрлаулы мүше)*, сондай-ақ түрлі қосымшалар көмегін пайдалана отырып, сан алуан терминдер жасайды *(бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, болымды, болымсыз, жалаң, жайылма, үстеу, одағай, есімдік, етістік* т.т.).

Сонымен бірге өзінің ертелі-кеш жазған мақалалары мен "Тіл – құрал", "Тіл – жұмсар" тәрізді еңбектерінде кездесетін программа, фонетика, морфология, синтаксис, синод, дума, школа, председатель, министерство, петиция сияқты сөздерге қарағанда, ол реті келген жерде өзге тілдің (әсіресе орыс тілінің) сөздік қорындағы керекті сөздерді пайдаланудан да қашпаған тәрізді. Сондай-ақ ана тіліміздің сөздік құрамына баяғыда еніп, байырғылардың қатарына қосылған *оқу, білім, мектеп, кітап, өнер* т.б. тәрізді толып жатқан араб сөздерін де терминдік материал есебінде жиі пайдаланып отырады.

Сайып келгенде, оның термин жасаудағы өнегелік үлгісі күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Әсіресе, тілдің бар қатпар-қыртысын, бар амал-тәсілін сарқа пайдалана білуде А.Байтұрсынұлы үлгісі – таптырмайтын үлгі. Осы қысқаша үзіктің өзінен де қазақ тіл білімінің, соның ішінде қазақ терминологиясының негізін салған А.Байтұрсынұлы деп түйін жасауға әбден болады.

А.Байтұрсынұлының терминжасаушы ретіндегі өнегесін енді нақты сала, яғни лингвистика ілімі бойынша тереңірек талдауды мақсат етіп отырмыз. Сонда ғұламаның сөзжасам әлеміндегі ішкі лабораториясын анық танып білуге болады.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНЖАСАМ ТӘЖІРИБЕСІ

А.Байтұрсынұлының еңбектері, әсіресе, оның "Тіл – құралы" мамандардың назарын әлі күнге аударып келеді. Неге десеңіз, мұнда ол қазақ сөзін алғаш рет жүйелі түрде терминдік мәнде қолданады. Міне, сондықтан мұны қарастырудың жалпы лингвистикалық тұрғыдан да, қазіргі қазақ тіл білімі тұрғысынан да қажеттігі анық. Бұл арқылы біз қазақ тіл білімі ғана емес, бүкіл түркология ілімінде орын алып келген олқылықтың орнын толтырамыз. Сонымен бірге терминжасам ісінде ондаған жылдар бойы ескерілмей келген алғашқы қалыптасу дәуірін саралай түсуге мүмкіндік аламыз.

Лингвистика терминдерін жасау үшін ол жалпыхалықтың тіл лексикасын еркін де шебер пайдаланады, оларға нақты қызмет телиді. Бұлардың бәрі де лингвистика шеңберінде шектеулі қолданыста күй кешкендей көрінгенмен, шебер қолданыс арқасында орын-орнына тұра қалған терминдерге тәнті боласыз. Бұлар мамандарға ғана емес, тіл қолданушылардың бәріне бірдей түсінікті. А. Байтұрсынұлы жасаған 10-20 жылдар ауқымында пайда болған терминдік атаулар сол кездегі әдеби тіліміздің бір бөлігі боп енді де, сол күйінде күні бүгінгі дейін тұрақты түрде қолданылып келеді.

А. Байтұрсынұлы заманынан бері әлеуметтік және қоғамдық өмірде сан алуан өзгерістер болып жатса да, ол жасаған терминдердің бұлайша тұрақтылық танытуы таң қалдырмай қоймайды. Мұның басты себебі жасалған аталымдардың жалпы терминология теориясы талаптарына сай дәлдігі мен табиғилығында. Сонымен бірге бұлардың қазақ тілінің сөзжасам зандылықтарына тән тәсілдерімен жасалуында.

Қазіргі зерттеушілерді сүйсіндіретіні – әрбір терминнің негізінде байырғы сөздердің тұратыны, соған қарамастан, сол байырғы сөздердің екінші терминологиялық мәнінің екіұдайлық танытып, мағынаны алып қашпай, құрылымдық жағынан табиғиланып, орфографиялық жазылымы тұрғысынан да бірыңғайлық пішінде тұрақтануы.

Өзінің қолданыс қызметі жағынан дамудың өзгеше сапалы да жаңа жолына түскен қазіргі қазақ тілінің А. Байтұрсынұлының терминжасам тәсілдері және сол терминдердің өзі тәуелсіз мемлекеттер қауымдастығы және бүкіл түрік жұртшылығы үшін таптырмайтын үлгі болары сөзсіз. Біздің байқауымызша, А. Байтұрсынұлы еңбектерінде терминжасамның лексика-морфологиялық және морфологиялық-синтаксистік тәсілдері басымдау тәрізді. Жаңа терминдердің бүкіл болмыс-бітімі түгел көрінетіндей мысал іріктеледі де, ол контекстуалдық жағдайда, яғни мәтін (текс) ішінде беріледі. Сөйтіп, оның бар мәністік табиғаты өте айқын, анық көрінеді.

Терминжасамның лексика-морфологиялық тәсілі жеке сөздерді мәністік-морфемдік жағынан түрлендіруді қамтыса, ал морфологиялық-синтаксистік тәсіл сөздерді біріктіру жағына бейім. А. Байтұрсынұлы бұл екі тәсілді де қазақ тілінің ерекшелігіне лайықты шебер қолданады. Әсіресе, оның сөзжасам элементтері – қосымшаларды іске қосуы айрықша. Шынында, терминжасамда А.Байтұрсынұлы пайдаланған тәсілдердің ішінен қазақ тілінің жалғамалы құрылымы – негізгілердің бірінен саналса керек. Мұны ол арнайы кесте түрінде анық көрсетіп отырады.

Термин жасаудағы өнімді тәсілдің бірі сөз тіркестіру болып саналады. Ол мұны да өте тиімді пайдаланады. Құрамы бір компонентті терминдер ойдан шықпай жатқан тұста, екі не үш компоненттен тұратын сөз тіркесіне көз тігеді. Осы

тәсілмен жасалған терминдер саны едәуір. Міне, сондықтан А.Байтұрсынұлы еңбектерінде кездесетін осындай көп компонентті терминдер табиғатын тексере отырып, біраз жайтты анықтауға болады. Әсіресе, бұлардың лексика-семантикалық (мәністік) құрылымын жан-жақты қарастыру қажет-ақ. Ғалымның ғылыми мұраларын алдын ала қарастыру барысында дәл осы тектес терминдердің лингвистика саласында молырақ кездесетінін байқадық.

Егер қазіргі тіл білімі саласындағы терминжасам тәсілдерінде көбінесе калькалау мен интернационалдық терминдер қабатын құрайтын кірмелер көбейіңкіреп тұрғандығын ескерсек, жалпы халықтық тіл лексикасын терминдендіру үлгісін емін-еркін қолданған А. Байтұрсынұлы тәжірибесін зерттеудің маңызы зор. Мәселен, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосымша, зат есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау, одағай дегендердің терминдендірілуі бұл саладағы тамаша үлгі болып саналады.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер жүйесі, бір қарағанда, оп-оңай болып көрінгенмен, ол – өте күрделі де терең ізденістер нәтижесінде пайда болған ғылыми туынды. Өйткені бұл іс оның күнделікті нақты педагогикалық-ұйымдастырушылық, оқытушылық жұмыс және ғылыми қызметімен тығыз байланысты жүргізіліп отыруынан туындайды. А.Байтұрсынұлы үшін ең маңыздысы – жасалған терминдердің құрылымы мен семантикасы жағынан қазақ тілінің қарапайым лексикасына жақын болуы. Міне, сондықтан да бұларды игеру тіл қолданушылар үшін онша қиындық тудырмайды.

Қазақ тілінің дыбыстық құрылымын сипаттауда А.Байтұрсынұлының фонологияға дейінгі түсінікті ұстануы бүкіл терминология жүйесін жасауға сеп болған сияқты. Ол тірек етерлік не дайын теория, не нақты лингвистикалық тәжірибе болған емес. Оның исламдық шығыстың кітаби дәстүріне сүйене отырып жасаған кейбір терминологиялық әрекеттері болғаны рас. Ондай үлгіде жасалған әрбір лингвистикалық терминдер тірек сөздердің өу бастағы лексикалық мағынасынан алшақтамайды. Нәтижеде лингвистиканың жаңа терминдері және оның мағынасы көңілге тез жаттальп, көкейге қонып жатады. Әлгі тірек сөздің тұрмыстық мағынасы мен терминологиялық мәні тіл иелеріне өте жақын әрі түсінікті болып отырады. Мұндай лингво-психологиялық параллельдер оған қазақ оқырманы жаңа терминдерді өзінің сөйлеу дағдысына ешқандай қиналыссыз енгізуі үшін қажет болады. Мұның үстіне, бұған қазақ оқырманының оқу дәстүрінің әлі жоқтығы және соған лайықты арнайы лексика жүйесінің қалыптаспай жатқаны да себеп болған сияқты. Жасалған әрбір термин өзінің бастапқы лексикалық мағынасына жақын болған сайын, ол солғұрлым жеңіл игеріліп, тез қабылданып жатты. Сөйтіп, осындай сауатты әрекет нәтижесінде оқушылар сөздің әдепкі мәні мен оның ғылыми мағынасы арасында болатын психологиялық кедергіні жеңе бастады. Сол себепті де А.Байтұрсынұлы терминдерін жеке-жеке тиянақты түрде талдау қажет болады. Бұл қазақ тіліндегі әрбір лингвистикалық терминдердің құрылымдық, мағыналық ерекшеліктерінің дәйектілігін, олардың жасалу көздерін анықтау үшін керек. Енді нақты мысалдарды тілге тиек етіп көрелік.

І. Жалпы, лингвистика терминологиясында А.Байтұрсынұлы "Тіл мүшелері" дегенді сөз, сөйлеу құрамы есебінде пайдаланады, яғни олардың бір-біріне өзара байланысты жиынтығы. Бұлар қазақ тұрмысындағы "мал (дене) мүшелері" деген ұғымға сәйкес келеді. "Мал мүшелері" деген алғашқы үлгі компоненттерінің құрылымдық бірлігі толығымен екінші туынды жүйеге ауысады, осының нәтижесінде жаңа пайда болған лингвистикалық терминнің ешқандай өзгелігі сезілмей қалады.

"Текст" мәтін ұғымының "лингвистикалық единица" (жазылған бөлік емес) екені А. Байтұрсынұлына сол жиырмасыншы жылдардың басында-ақ белгілі болған. Ал қазіргі тіл білімінде "лингвистикалық единица" ретінде бертінде ғана қолданыла бастағанын ескерсек, А.Байтұрсынұлының зерттеушілік зердесі мен түйсігіне сүйсінбеу мүмкін емес. Ол қазіргі "лингвистикалық единица" ретінде алынып жүрген "текске" тепе-тең "сөйлеу" ұғымын енгізеді. Ахаң қазақ тілі жөніндегі талдамаларын, әуелі "сөйлеуден" тартып, содан кейін біртіндеп, оның, яғни сөйлеудің кіші бөлшектеріне кіріседі. Сонда сөйлеу – сөз – буын – дыбыс деген жүйе сақталып отырады. Сөйтіп, лингвистикалық талдаулар ірі тұлғадан кішкене бөлшектерге бөліп қарайтын нақты бағыт-бағдарлама бойынша жүріп отырады. Сондай-ақ, тіл үйрету, оқыту процесі де осы принцип бойынша жүргізіледі. Бұл принцип оған тіл элементтерінің (бөлшектерінің) сөйлеу "тексте" дыбыс, "әріптерге" дейінгі бөлшектерін тауып, сипаттап беруге көмектескен.

Ал қазақ тілінің құрылымдық жүйесі әлі күнге кіші бөлшектен, яғни дыбыстан басталып, одан ары ірілеу лингвистикалық единицаларға ұластырылып сипатталады. Әйтсе де көптеген зерттеушілер назарының қазіргі кезде текске көбірек аударылуы тегін болмаса керек. Өйткені мәтін ең ірі лингвистикалық единица болып саналады да, өзгелері осының компоненттері есебінде қаралады. Бұлардың фонетика-грамматикалық белгілерінің бәрі осы мәтін арқылы соның ішінде анықталады. А.Байтұрсынұлы өзінің барлық оқу құралдарында өзі тауып, өзі енгізген тек осы принципті ұстанып отырған. Сонда, қарап отырсаңыз, А. Байтұрсынұлының өз кезеңіндегі лингвистикалық ой-пікірді ғана емес, көп мәселеде қазіргі қазақ тіл білімі өкілдерінің көбінен ілгері оза ойлап отырғанын байқаймыз.

А.Байтұрсынұлының қай еңбегін қарасаңыз да, сол кезде бел алып, үстемдік көрсетіп тұрған фонологиялық теорияға бірде-бір сілтеме жасамағаны байқалады. Соған қарамастан, оның фонетикалық ұғымдар жүйесін соншама бір зеректікпен түсініп жасауы қайран қалдырады. Қазіргі теория тұрғысынан қарасаңыз, мүлтіксіз жасалған бұл жүйені көре отырып, бұл кісі кезінде фонетика саласындағы лингвистикалық теория жетістіктерімен таныс болмады ма екен деген ойға қаласыз. Ғасыр басында фонология саласында әйгілі екі бағыт (Москвалық және Санкт-Петербург мектебі) өмір кешкенін білеміз.

Біз А. Байтұрсынұлының фонетикалық мұрасына ғылыми талдау жасағанда, әрине, қазіргі лингвистика талаптары тұрғысынан қараймыз. Осы тұрғыдан қарағанда, ол жасаған теорияның тұғыры мықты екенін көреміз. Бұған мына төмендегі мысалдар куә бола алады:

Буын (бір сөздің ішінде бірнеше буын болады).

Дыбыс (бір буынның ішінде бірнеше дыбыс болады).

(Мәселен, *не, же, ма, ат, аш* деген сөздердің ішінде бір буыннан бар, мұндағы әр буында екі-үш дыбыс бар).

Таңба, қарып (дыбыс таңбасын қарып деп атаймыз, сондықтан жазған сөз ішінде пәлен қарып бар дейміз, айтқан сөз ішінде пәлен дыбыс бар дейміз).

Әрине, буын анықтамасын қазіргі түсінігімізге дөп бере қоймағанмен, оның дыбыстық құрамы мен буынға бөлу жөнінде көптеген мысалдар келтіре отырып түсіндіруі керемет. Дыбысқа берілетін анықтамасы да дәл.

Дыбыс пен қарып терминдерінің аражігін әдемі ажыратады. Қараңыз: "Дыбыс пен қарып екеуі екі басқа нәрсе, біріне-бірін қатыстырып, шатыстырмасқа тиіс. Дыбыс естілетін, көзге көрінбейтін нәрсе, қарып көрінетін, естілмейтін нәрсе" деуінен біз бұл екеуінің табиғатын айны қатесіз танимыз. Басқа да түсініктемеге назар аударалық.

"Дәйекші" дегенге берілетін анықтама (бұлардан басқа бір көмекші белгі "дәйекші" бар) да бұл атаудың жөнін білдіріп тұр.

Дауысты, дауыссыздар (дыбыстар дауысты, дауыссыз болады). Дауысты таңбалар, дауыссыз таңбалар (төмендегі сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауысты таңбалардың астын сызып көрсетіңдер).

Алғашқысында анықтама "диакритикалық көмекші белгілер" деп үстемелетіп берілген. Жалпы, бұл екеуі, яғни диакритика және көмекші белгілер дегендер бір-біріне синоним болып келеді. Осыны біле тұра А.Байтұрсынұлы бұған нағыз қазақша анықтама бере отырып, арабша белгіні *дәйекше* деп береді. Сол арқылы терминнің кітаби қолданысы сақталған. Бәлкім, мұның қолданыста ыңғайлылығы да әсер еткен болар оған. Шұбатылған емес, бір-ақ сөзбен өрнектелген ұғым, әрине, әлдеқайда қолайлырақ.

Осы ретте А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер жүйесінің кестесіне назар аударалық.

№1-кесте

сөйлем жүйесі
↓
сөз жүйесі
↓
буын жүйесі
↓
дыбыс жүйесі
↓
үндестік жүйесі
↙ ↘
жуан жіңішке
↘ ↙
езулік еріндік

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ПАЙДАЛАНҒАН БІРЕГЕЙ ТЕРМИНДЕР

№2-кесте

Дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі. Бастауыш мектепте балаларға тіл таныту үш тарау болып бөлінеді: 1) дыбыс жүйесі мен түрлері. 2) сөз жүйесі мен түрлері. 3) сөйлем жүйесі мен түрлері.

Түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл. ...дүниедегі жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршік тіл. 2) жалғамалы тіл. 3) қопармалы тіл.

Сөйлем. Жоғарыдағы жазылған екі сөйлеуден көрінеді — бір сөйлеудің ішінде бірнеше сөйлем болатындығы.

Буын. Бір сөздің ішінде бірнеше буын болады.

Жарты дауысты дыбыс. Дағдыландыру: төмендегі сөздердің ішіндегі жарты дауысты дыбыстардың таңбаларын айыру.

Сөйлеу. Дағдыландыру: төменде жазылған сөйлеулердің әрқайсының ішінде неше сөйлемнен барын айыртып, балаларды дағдыландыру.

Ымыралы дыбыс. Дағдыландыру: төмендегі сөздердің ішіндегі ымыралы дыбыстардың таңбаларын айыру.

Косалқы сөз. Қосалқы сөз дегеніміз өз алдына мағынасы кем, басқа сөздің маңайында тұрғанда ғана мағына шығатын сөз.

Демеу. Сөз артынан жалғанатын демеулер алдындағы сөзден сызықшасыз бөлек жазылады.

Түбіршік тіл. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері.

Жалғамалы тіл. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, түрік-финн (пиын) тілдері.

Қопармалы тіл. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгерілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі.

Сызықша. Төмендегі сөздерді буынға бөліңдер, буындар арасына сызықша қойыңдар.

Қарып. Төмендегі сөздердің буындарында неше қарыптан бар екенін айыру.

Дауысты. Төмендегі сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауысты таңбалардың астын сызып көрсетіңдер.

Дауыссыз. Төмендегі сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауыссыз таңбалардың астын сызып көрсетіңдер.

Жарты дауысты дыбыс. Төмендегі сөздердің ішіндегі жарты дауысты дыбыстардың таңбаларын айырту.

Қатаң дыбыс. Төмендегі сөздердің ішіндегі қатаң дыбыстардың таңбаларын айырту.

Ұяң. Төмендегі сөздердің ішіндегі ұяң дыбыстардың таңбаларының астын сызып көрсетіңдер.

Ымыралы дыбыс. Төмендегі сөздердің ішіндегі ымыралы дыбыстардың таңбаларын айырту.

Ымырасыз дыбыс. Төмендегі сөздердің ішіндегі ымырасыз дыбыстардың таңбаларын айырту.

Қосымша. Қосымшалар дегеніміз — сөз емес, сөзге жалғанатын буындар.

Демеу. Сөз артынан жалғанатын демеулер алдындағы сөзден сызықшасыз бөлек жазылады, ондай демеулер түбір сөз бен жалғаудың арасында айтылатын болғанда, түбір сөзге сызықшамен жалғанып, жалғаумен бірге жазылады.

Үндестік заңы. Үндестік заңына келмейтін "гер", "дікі", "паз" сықылды жұрнақтар түбір сөзге қосылып жазылады.

Түбір сөз. Төмендегі түбір сөздерге "м" жұрнағын жалғатып, туынды сөз еткізу.

Туынды сөз. Төмендегі сөздерге "ынды" жұрнағын жалғатып, туынды сөз істету.

Зат есім. Осындай нәрсенің өзін атайтын сөздерді зат есім дейміз.

Сын есім. Осындай нәрселердің сынын көрсететін сөздер сын есім деп аталады.

Сан есім. Міне, осы сияқты неше? қанша? деген сұрауға жауап болатын және нәрсенің санын көрсететін сөздерді сан есім дейміз.

Есімдік. Төмендегі сөздердің ішіндегі есімдік сөздерді ажырату.

Етістік. Төмендегі сөздерді көшіріп, етістік сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Үстеу. Осындай сөз үстіне қосылып, сөздің мағынасын толықтыратын сөздерді үстеу дейміз.

Демеу сөз. Төмендегі сөйлемдерді көшіріп, ішіндегі демеу сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Біз бұл жерде ұлы ұстаздың терминжасам тәжірибесін анықтай түсетін кейбір өзіндік үлгілерін ғана көрсеттік. Осының өзінен-ақ тіл табиғатын терең түсініп, оны қажетіне қарап саралап қолдана білетін жанның шеберлігін тануға болады. Әсіресе, байырғы сөздеріміздің бойындағы терминденуге бейім қасиеттерін дәл танып, сарамандықпен жұмсай білуде, теңдесі жоқ өнеге жасайды. Көп жылдар бойы тасада қалып, тұмшаланып келген бұл үлгіні енді терминжасам принципінде еркін қолдануға болады. Қазіргі қазақ тілінің терминдену, әдебилену сапасын қалыптастыруда бұл – таптырмайтын үлгі деп білеміз.

Сонымен, біз бұл тарауда термин мәселесінің жалпы тіл білімі мен түркология әлеміндегі зерттелу жайын барлай отырып, термин сөздердің не екені, бұл жөнінде Еуропа тіл білімпаздары мен түркологтар едәуір еңбек еткені, оған қойылар шарттар туралы сөз қозғадық. Ол – қоғам дамуына орай жасалып, қалыптасатын және әдеби тіліміздің күретамыры – ғылым тілінің дамуына септік жасайтын арнайы лексика. Атап айтсақ, термин баспасөздің, білімнің, ғылымның, яғни жазудың пайда болуына байланысты қанаттанады екен. Алайда ол өз-өзінен келіп сол баспасөздің, ғылымның, білімнің құралына айнала қоймайды. Оның осы салаларда еркін өмір сүруі үшін белгілі дәрежеде жасалу, қалыптасу, даму сатыларынан өтуі керек.

Осы ретте қазақ тіл білімінің тарихында теңдесі жоқ үлгі қалдырған ғажап лингвист, тамаша ақын, көсемсөздің көрнекті өкілі, керемет мысалшы Ахмет Байтұрсынұлының есімін ерекше ілтифатпен атаймыз. Қазақ сөзінің ғылыми мәністік қауқарының күшеюі, байырғы лексикамыздың терминдік сипатының кеңеюі алдымен А.Байтұрсынұлының қызметіне байланысты. Ол жасаған тіл білімі терминологиялық лексикасы мен әдебиеттану ғылымының терминдері күні бүгінге дейін рухани мұқтаждығымызды өтеп отыр. Бүгінгі үздіксіз өрістеп отырған терминологиялық процесте бұл әлі күнге теңдесі жоқ үлгі болып есептеледі. Әңгіме осы үрдістің әлі жеткілікті дәрежеде тұтынылмай отыруында. Бұдан былайғы жердегі мақсат осы А. Байтұрсынұлының үлгісін жаңа заман талабын ескере отырып, саналы түрде тиімді пайдалану болса керек.

Сонда термин дегеніміз ғылым мен техниканың сан саласында пайда болып, қолданылатын арнайы лексика. Оған қойылатын басты талап: дәлдік, қысқалық, жүйелілік, бір мағыналылық. Олар құрылымы жағынан, негізінен, тілдік және тілдік емес болып екіге бөлінеді. Тілдік терминдерге түбір, туынды түбір, күрделі, қысқарған тіркесті терминдер жатады. Ал тілдік емес деп отырғанымыз — неше алуан таңба, белгі, графикалық символдар, математикалық, физикалық, химиялық формулалар және цифрлар.

II ТАРАУ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ТЕРМИН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

а) Қазақ тілінде термин қалыптастыру – бүгінгі күн талабы.
ә) Қазақ тілінде термин қалыптастырудағы Мемтерминкомның рөлі.
б) Терминологиялық сөздіктер және олардың термин қалыптастырудағы орны.
в) Терминология жұмысының жандануы.

Ғылым мен техниканың сала-саласына орай өрбіген, әрқилы мәні бар ұғымдарды пішіндеу әдеби тілдің арнайы саласы – терминологиялық лексикамыздың жасалып, қалыптасуына жол ашты.

Жалпы, әдеби тіл дегеніміздің ауқымы кең, шеңбері үлкен дүние ғой. Оны ғылыми әдебиетте тілдің дамыған кезеңінің белгісі деп таниды. Ал дамыған кезеңге тән әдеби тілдің қасиетін танытатын басты арналарының бірі – терминологиялық лексика екенінде дау жоқ. Яғни терминдік жүйесі айқындалған және ғылыми ой-пікірлер мен техникалық тағылымды танытарлық сөз байлығы мол тіл, ол болашағы мол, нағыз дамыған әдеби тілдер қатарына жатса керек.

Осыған қарағанда, әдеби тіл қоғам өміріндегі өзгерістерге орай өріс алып, дамып, соның мәдени санадағы айнасына айналып отыратынға ұқсайды. Ал қоғам өміріндегі мұндай өзгерістер әрдайым бір қалыпты бола алмайды. Белгілі бір дәуірде эволюциялық дамудан революциялық сапаға ауысып, ал кейбір кезеңде, керісінше, қалыпты күйге көшіп отырады. Тілде пәлендей революциялық түбірлі өзгерістер бола қоймағанмен, ол қоғамдық құбылыстардың бәрін қамтып, соған лайық ұғым, түсініктерді сөз түрінде таңбалап береді. Барлық өзгеріс, өрістер тілде көрініс бермей тұрмайды. Ал тілде болып жататын әлгіндей құбылыстар, бір қарағанда, еріктен тыс өз бетінше өрбіп жататын сияқты. Шындығында, тілде ішкі табиғи жүйеден тыс ешнәрсе жасалмайды. Бәрі тіл дамуының ғасырлар бойы қалыптасқан заңдылығына орай болады. Осы процеске біраз зер сала қарасақ, тілдің лексикалық қабаты алуан-алуан кезеңді бастан өткізген екен. Әр кез өзінің талап-тілегіне орай байырғы сөздерін қайта екшеп, қайсыбіріне қосымша мағыналық жүк артып, сөз жасаудың түрлі амалдарын қарастырып, көрші елден де сөз алып т.т. әрекет еткен. Сонда тілдің лексикалық қабатының бір алуаны жанданып, екіншілері көмескіленіп, неше алуан құбылып, сұрыпталып, уақыт тезінен өтіп отырғанын байқаймыз.

Солардың ішінен терминологиялық лексиканы ерекше атауға болады. Терминдік даралық сипат алған сөздер мен сөз тіркестері, бейнелеп айтқанда, тарихи кезеңдер мөріндей боп таңбаланған тілдік фактілер. Бұл да қоғам дамуының заңдылығына сәйкес туған лексика. Тілдің бұл қабатының дамуында өзіндік ерекшелік бар. Осыған жататын сөздік құрамға енген қолданыста активтілік танытып жүрген термин сөздердің бәрі дерлік саналы әрекет нәтижесі деп айтуға болады. Белгілі дауылды кезеңнің алғашқы сәтінен бастап-ақ, барлық аймақта (әсіресе Қазақстан сияқты елде) сауаттылық ұраны көтеріліп, оқу-өнер, ғылым-білімге талап күшейді. Нәтижесінде қазақтың көптеген байырғы сөздерінің мағынасы кеңейіп, жаңаша өріс алды. Тіпті, керек десеңіз, өнімділік нышанын таныта бермейтін кейбір жалғау, жұрнақтардың өзі жанданып, жаңаша қызметке көшіп, сөз жасаудың актив түріне айналып кеткені бар (Бұл жөнінде еңбектің кейінгі бөлімінде толығырақ әңгіме болады).

Байырғы лексикамыздың жаңа өмірге лайықты жаңаша сипат алуына қоса, тіліміздің кірме сөздер қорының жасалғанын да байқаймыз. Яғни бұрын тіршілік ету дағдымызда болмаған, ғылым мен техникаға байланысты ұғымдарды білдіруде жалпыға ортақ халықаралық терминдер мен атаулық мәндегі орыс сөздерін пайдалану қазақ әдеби тілінің арналы бұлақтарының бірі болып табылған. Ал тіл қоғамға, қоғам мүшелерінің бәріне бірдей қызмет ететін болғандықтан, сол қоғам мүшелерінің өзі бұл процесті үнемі қадағалап, тілді бөгде сөздерден қызғана қорғаштап, жаңаларын сұрыптап, қолданыс мұқтаждығына орай икемдеп отыратыны да бар. Сөз болып отырған лексикалық қабаттың уақытында әдеби нормаға сай қалыптаса қоюы оңай болған жоқ. Неше алуан талас-тартыс нысанына айналып, сан алуан сарапқа түскені мәлім. Мұның бәрі – тіл дамуының белгілі кезеңдеріне тән заңды құбылыстар.

Сол бір тарихи кезеңдер шеңберінде тіл дамуына әсер еткен мәселелерді саралап, ғылыми тұрғыдан талдап алмай тұрып, терминология жайлы жүйелі сөз қозғау қиын. Сондықтан термин жасау мен оны қалыптастыру ісінде айтарлықтай із қалдырған сәттерді, кейбір деректерді сөз ете кетуге тура келеді.

Бұл ретте, қазақ терминологиясы түгілі, бүкіл ұлттық мәдениетіміздің қаулап қанат жаюына ықпал жасаған шаралардың 20–30-жылдарда тіпті белең алғанын айту лазым. Неге десеңіз, сауат ашудың жарқын бір беттері осы кезеңге орайлас келеді. Жер-жерде сауат ашу мектептері, театр, газет, журналдар ашылып, баспаханалар жұмыс істей бастады. Соның нәтижесінде бұрын қағазға түскен өз сөзін сирек көретін қазақ қауымы енді жазу-сызуға өзі тікелей араласып, белсенді іске көше бастады. Байырғы қазақ сөзінің қоғамдағы қызметі кеңейіп, ол баспасөздің, радионың, көркем әдебиет пен түрлі шаруашылық, саяси кітаптар тіліне айналды. Оның осылайша қызмет аясы кеңеюмен бірге, лексикалық байлығымыздың қолданыстағы пішіні өзгере бастады. Қайсыбір сөздер арнайы қолданыстағы болмысына орай нақтыланып, терминдік сапаға көшті. Сөйтіп, тіліміздің әдебилену дәрежесі айқындала түсті. Бірақ мұның бәрі, жоғарыда сөз болғанындай, адамдардың саналы әрекетінің нәтижесі. Сонымен отандық ғылымның содан бергі өткен жолын бір сәтке көзге елестетсек, терминологияға байланысты қыруар жұмыс істелген екен. Екі тілді қаншама сөздіктер жарық көріп, қалың жұртшылықтың игілігіне айналды. Қаншама сөздер терминдік мәнде қайта жаңғырып, әдеби тіл қорына келіп қосылды.

Бұл тұста, ең алдымен, есте тұтатын жайт мынау: әдеби тіл дегенімізді тек көркем әдебиетке теліп, соған ғана қатысты деп қарау аз. Қоғам өмірінде атқарып отырған қызметіне қарап, біз оны кең мағынада түсінуіміз керек. Оның жалпы сипатын айқындайтын бірнеше белгілері бар. Біздің түсінігімізше, әдеби тіл, ең алдымен, қоғамға, қоғам мүшелеріне қызмет ететін қарым-қатынас құралы, жалпы жұртшылыққа өмірдің алуан-алуан сырларынан, оқиғаларынан, құбылыстарынан кең мағлұмат беретін хабар тілі, халқымыздың ғасырдан-ғасырға ұласып, сақталып келе жатқан сөз байлығының қоймасы, мәдени мұрамызды жинақтаушы қазына, тындаушы мен оқушысын өлшеусіз әсерлендіріп, нәр беретін сан-салалы қызметі бар, стильдік тармақтары қанат жайған теңдесі жоқ әлеуметтік құрал.

Стиль дегенде, солардың ішінде бүгінгі дәуірде ерекше бой түзеп, қатпарлана дамып келе жатқан саласының бірі – ғылыми стиль, яғни ғылым тілін айрықша қарау керек. Ғылыми-техникалық прогреске орай туып, өміріміздің алға бастар өзекті проблемасына айналған ғылымның бұл саласында анықталғанынан гөрі анықталуға, зерттелгенінен гөрі зерттелуге тиісті жайлары көбірек. Өйткені қазіргі

қазақ тілінің бай лексикалық қорының, шамалап айтқанда, үштен екісін термин сөздер жүйесі құрайды екен. Бұл – ана тіліміздің даму тарихында бүгінгі заман болмысына лайықты, соның небір ірілі-уақты белгі-нышандарын білдіре аларлық сөзжасампаздық құбылыс жүріп жатыр деген сөз. Ендеше, үздіксіз жүріп жатқан бұл процестің ғылым үшін маңызын ашып, зерттеудің қажет екені даусыз. Ал әрбір ұлт тіліне еніп, ғылыми стиль тармақтарының өрістеуіне, қоғамдық-саяси лексикасының қалыптасуына тікелей жол ашқан халықаралық лексиканың, интернационалдық сөздердің есебіне жету, қазір тіпті де оңай шаруа емес.

Ұлт тілдерінде терминдер жүйесінің қалыптасуына үкімет тарапынан едәуір қамқорлық жасалғаны мәлім. Әрбір сөз, әрбір терминнің қызметі айқындалып, олардың өмірдегі өрісі анықталды. Ғылым мен техниканың, оқу-ағарту ісі мен шаруашылықтың, көркем әдебиет пен жалпы мәдениет салаларының өрістеуіне лайықты қарапайым халық тілі мен халықаралық лексиканың тығыны ағытылып, түйдек-түйдек, лек-легімен қолданысқа түскен сөздер шеруі басталды. Бір қарағанда, айтуға ғана жеңіл осы процеске көз жүгіртсек, ұлттық мәдениетті өркендету тіпті де жеңіл болмағанын байқаймыз. Шынында, көп іс жаңадан, әліппеден басталады. Сол қолға алынған сансыз шаруаның бәрінде терминді аттап өтіп, терминсіз іс тындыру мүмкін емес еді. Сонау 20–30-жылдардың өзінде-ақ алфавит, орфография, терминология мәселелерінің бірінші кезекте әңгіме етілуі тегіннен-тегін емес.

20-жылдардан басталған ғылыми-техникалық термин жасау ісі күні бүгінге дейін толастаған жоқ. Жылдар өткен сайын жазуымыз сараланып, әдеби тіліміз әрленіп, терминологиялық лексикамыз толыса, тұрақтана түсуде. Әр кезеңнің өз мәрі, өз міндеті бар. Сол жылдарда Қазақстан ғалымдарының, оның ішінде, терминологтердің айналысқан мәселелері қандай еді? Бірінші, жаппай ана тіліміздің бай сөздік қорын пайдаланып, термин жасау болса, екіншіден, қоғамдық-саяси терминдер жүйесін қазақ тіліне аударумен айналысты. Бір ұғымды танытатын бірнеше термин сөздер қатарласа қолданылып, тіліміздің дәлдігі мен икемділігіне сәл де болса кедергі келтірген кезі де болды. Тіпті орыс тілі арқылы тілге еніп, сіңісіп жатқан халықаралық терминдердің өзін қалайда қазақша аударуға әрекеттенген солақай сақшылықтың да (пуризм) болғаны белгілі. Мұның үстіне байырғы қазақ сөздерін терминдік мәнде қолдануда да неше алуан қызық жайлар орын алып жатты. Мысалы, *кіндік, орталық* немесе *топ* тәрізді толып жатқан сөздер осыған дәлел.

Жалпы, ғылыми тұрғыдан түбегейлі зерттеліп, дәйекті бағасы берілмеген бұл кезеңнің мәселесі өте күрделі. Талай талас-тартыстың куәсі болған тіліміздің терминдену сапасында қилы-қилы әрекеттер болды. Бағзы біреулер ана тілін барынша таза ұстау бағытында (А.Байтұрсынұлы т.б.) болса, енді біреулер, "тіліміз кедей, сондықтан оны шет тілі сөздерімен байыта түсуіміз керек" деген пиғыл жетегінде болды. Бұл екі бағыттың алғашқысы 30-жылдардың 2-жартысына дейін бел алып келді де, содан былай қарай тілімізді интернационалдандыру бағыты күшейе бастады.

20–30-жылдары мұндай жағдай тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге басқа ұлт республикаларында да, оның ішінде түркі тілдес елдер тарихында да орын алған жай еді. Сондықтан тіл мәселесіндегі бұл процеске саналы түрде араласып, нақты және түбегейлі түрде күн тәртібіне қою керек болды. Тіпті кейбір ғалымдар келтірген деректерге қарағанда, қазақ тілі, оның ішінде ғылым тілі қазақ АССР-ы құрылған сол 1920 жылдан бастап-ақ қолға алынған. Бұл іске алғашында Қазақ АССР Оқу халық комиссариаты жанындағы Академиялық

Орталық (АК центр) басшылық жасайды. Академиялық Орталық өз ішінен ғылыми-әдеби кеңес құрып, терминология жұмысын соған жүктейді. Қазақ АССР Оқу халық комиссариатының 1921–23 жылдардағы қызметі туралы есебінде мынадай жолдар бар:

"Қазақ ғылыми-әдеби кеңесі өткен жылдарда қазақ тілінің дәл *ғылыми терминологиясын* (курсив автордікі – Ө.А.) жасаумен айналысты, оны жергілікті қазақ баспасөз орындарында жариялап отыру арқылы жалпы жұрттың міндетті түрде қолдануын қадағалап тұрды"[1].

Осы шағын құжаттың мәнін С.Бәйішев: "...біздің кеңес жұртшылығымыздың қазақ даласында Кеңес өкіметі орнасымен-ақ қазақ әдеби-ғылым тілін жасау ісімен айналысқанын айқын көрсетеді"[2], – деп атап айтады.

Қазақ терминологиясының мәселесі ең алғаш рет 1924 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынборда өткен ғылыми қызметкерлердің I съезінде кеңінен сөз болған екен. Мұнда болған салихалы әңгімелер термин жасау ісіндегі кейбір принципті мәселелерді күн тәртібіне қойып, пікір түйіндеуге мүмкіндік берген сияқты. Сөйтіп, қазақ қауымы алдағы конференцияларға біршама дайындалғанға ұқсайды. 1926 жылы Баку қаласында болған түркологтердің Бүкілодақтық I съезі тікелей осы мәселелерді қарады. Мұнда арнайы жасалған бес баяндаманың бесеуінде де алфавит, орфография және терминология мәселелері арнайы сөз болды. 1930 жылы Мәскеу қаласында халық ағарту ісін арнайы қараған партияның бүкілодақтық мәжілісінде де КСРО халықтары тілінде термин жасаудың ғылыми принциптері қарастырылды.

Қазақ терминологиясына қатысты деректерді қарап отырсақ, Қазақстанда терминология мәселесіне 1925–1935 жылдар аралығында Қазақ ССР Оқу халық комиссариаты жанындағы Әдістемелік бюро және осы кезде құрылған Терминология комиссиясы жетекшілік жасап келіпті. 1931 жылы басылып шыққан "Атаулар сөздігі" – сол жылдар жемісі.

Осы тұста ғылыми-техникалық прогрестің түбегейлі дамуына тікелей қатысы бар және қазақ терминологиясының да дамуына әсері мол болған академик Е.А.Чаплыган (1879–1942) мен Д.С.Лоттенің – еңбегін ерекше атауға міндеттіміз. 1933 жылы осы ғалымдар ұсынысы бойынша КСРО Ғылым академиясында Ғылыми-техникалық терминология комитеті (КНТТ) ұйымдасқан болатын. Бұл комитет терминология мәселесімен шұғылданушы барлық мекемеге жәрдем етуге тиіс еді. Сол міндетін күні кешеге дейін атқарып келді. Бір қызығы – бұл шаралардың бір де бірінен Қазақстан ғалымдарының да қалыс қалмағандығы. Олардың да қарап жатпағандығын дәлелдейтін жоғарыдағы деректерге қоса мынаны айта кетуге болады. Дәл осы 1933 жылы Қазақ Автономиялы Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің 508 санды қаулысымен Мемлекеттік терминология комиссиясы (Мемтерминком) құрылған. Оның тұңғыш төрағасы Қ.Жұбанов, мүшелері Б.К.Асфандияров, Г.К.Бірімжанов т.б. болған.

Алғашқы ұйымдасқан күннен бастап бұл комиссия қазақ тілінің терминологиялық жүйесін жасау, қалыптастыру жұмыстарымен айналысты. Сол мақсатпен 1935 жылы мәдени сала қайраткерлерінің бүкілқазақстандық I съезі аңылар қарсаңында Мемлекеттік терминология комиссиясы Бюллетенінің төрт саны жарық көрді. Бюллетеньнің бұл сандарында алдағы зерттеу жұмыстарына

[1] Қазақ ССР-інің. Орт. мемл. мұрағаты. 81-қ., 1-т., 56-іс.

[2] *Бәйішев С.* Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері (Терминология сөздігі. Алматы, 1949, 1-кітап).

бағыт-бағдар сілтейтін материалдар жарық көрді. Әсіресе қазақ тілі терминдері мен орфографиясы жөніндегі жоба, сондай-ақ Қ.Жұбановтың термин сөздің ерекшелігі және жасалу принциптері жайында мақалалар жарияланды. Сол кезде қазақ тіліне келіп еніп жатқан терминдердің дұрыс дыбысталуы мен қалыптасуына Қ.Жұбанов ұсынған "ф", "х" әріптерінің, әрине, пайдасы болды. Өйткені ол кездегі бағыт орыс тілінен алынған сөздерді бұзбай айтып, жазу болатын. Шынында, *физика, философия, флора, химия* тәрізді терминдерінің бұдан бұрынғы жазылу, айтылу кейпі *пизика, пилософия, плора, кимия* түрінде еді. Әлгі әріптердің біздің алфавитіміздің құрамына енгізілуінің нәтижесінде біз кірме терминдерді шапшаң игере бастадық. Сөйтіп, бұл терминдер қазақ тілінің сөз қабылдау заңдылығына мойынсұнбай, тілдегі десант сияқты қолданысқа ене бастады. Бұл біздің тіл процесіндегі сорымыз не бағымыз болғанын кейінгі кезең болмысы анық көрсетіп отыр. Әр нәрсенің өз кезеңіне лайықты бағасы берілгені жөн десек, біз бұл әрекеттердің дұрыстық жағын да айта кетуіміз керек.

Бюллетеньнің 1-санында терминология мен орфографияға қатысты бірнеше материал басылған. Олардың қайсыбірінің қазақша-орысша нұсқасы қатар беріледі де, қайсыбіреуі ана тілінде ғана жарияланған. Біздіңше, мұның мынадай себептері болған тәрізді. Біріншіден, саяси мәні ерекше сауаттылық әлемінде жасалып жатқан мұндай шаралардың деңгейін бүкілодақтық дәрежеге көтеру болса, екіншіден, айтулы ғұламалардың, партия-кеңес қызметкерлерінің және оқу-ағарту ісіндегі мамандардың мағлұматының кеңеюіне жол ашу. Қалайда, сол кезеңнің өресінен қарағанда, материалдардың осындай тәртіппен берілуі өзін-өзі ақтады деп білеміз. Мәселен, осы алғашқы санының өзінде "Қазақ әдебиет тілінің терминдері туралы", "Термины казахского литературного языка" деген атпен мақала екі тілде берілсе, "К пересмотру казахской орфографии" мақаласы орысша жарияланған. Бұл аталған дүниелердің авторы – Қ.Жұбанов. Ал "Теріс жазуға емле себепші болмасын" (К.Бегалинұлы), "Қосар ма, дара ма?" (Жұбанұлы Құдайберген) және "Қазақ тілінің емлесі мен әліппесіне киргізілетін өзгерістердің жобасы" дейтін материалдар қазақша басылыпты.

2-санында "Терминдердің спецификасы жөнінде" ("О специфике слов-терминов"), "Қазақ тілі орфографиясы мен алфавитіндегі өзгерістер жөнінде жоба" ("Проект изменений орфографии и алфавита казахского языка") сияқты орыс тіліндегі мақалалар, сондай-ақ қазақ тілінде жазылған "Математика терминдері жөнінде", "Физика терминдері жайынан" тәрізді мақалалар басылған.

3-санында өткен 2-санда жарияланған "О специфике слов-терминов" деген мақаланың қазақшасын беріпті. Соған қоса Дүнген орфографиясы жөнінде Цунвазаның жобасы басылған.

Бюллетеньнің соңғы 4-санындағы материалдар тек қана қазақша. Олар мыналар: «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайы" (Қ.Жұбанов), "Емле, әліппені өзгерту, дұрыстау жөніндегі Жоба" (Аманжолұлы Сәрсен), "Әріп, емле, термин мәселелеріндегі негізгі таяныш-тірегіміз не болуы жөн?" (Басымұлы Қажым), "Терминдер туралы".

Сонда бюллетеннің төрт санында небары 17 ғылыми мақала жарияланған екен. Термин мәселесін тікелей сөз ететін мақала соның жеті-сегізі. Басқалары терминді орфография мен алфавитке байланысты әңгіме етеді. Алайда сөзіміздің басында ескерткеніміздей, осы мақалалардың өзінде-ақ көптеген мәселелердің басы ашылып, жазуымызда жүйе бола бастады. Көптеген термин сөздерді ретке келтіріп, оны қолдану, қабылдау, тіпті жасау принциптері айқындала түскені мәлім.

Мемлекеттік терминология комиссиясының бұл басылымында тағы бір көңіл қоюға тұрарлық мәселе бар. Ол мынау:

Оның әрбір санында комиссияда қаралған, талқыланған термин сөздер тізімі жарияланып отырған. Бұл мәселенің дер кезінде шешім тауып, қабылдануына септігін тигізген шара деп білеміз.

Бюллетеньнің алғашқы санының өзінде алдымен қазақ әдеби тілінің терминологиясын жан-жақты әңгімелеп, оның жасалу, қалыптасу, даму және қолданылу өрісі жайында нақты мағлұмат нұсқау беріп алған соң, "Социал-экономик пәндердің терминдері" мен "Математика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі" берілгені осыны ұйымдастыруды адамдардың білігін танытқандай.

Ал екінші санда "Физика терминдері" мен "Ботаника терминдері", үшіншісінде "Математика терминдерінің жалғасын", төртіншісінде "Физика терминдерінің жалғасын" жариялап үлгеріпті. Сонда, байқап қарасақ, сол кездің өзінде-ақ біздің ғылыми мекемелер мен маман адамдар кезеңнің тілек-талабына сай ел мұқтажын өтейтін мәселелерді әлеумет талқысына дер кезінде салып, көпшілік назарын уақытылы аудара білген екен. Ендігі мақсат осы Бюллетеньде жарияланған мақалалардың ғылыми мәнін саралап, ондағы көтерілген мәселелердің салмағын таразыға салу болса керек. Мұнсыз біздің жалпы әдеби тіліміздің, оның ішінде өте бай терминологиялық лексикамыздың жасалу, қалыптасу, даму жолын анықтай алмаймыз.

Қ.Жұбанов "Қазақ әдебиет тілінің терминдері жайында" деп атаған мақаласында сол кезеңнің саяси-әлеуметтік болмысына бойлап, тіл мәселесіндегі неше алуан құбылыстарға тоқтайды. Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы жылдарда ұлттық мәдениетіміздің айқын бір көрінісі — сауат ашу саласында әр қилы талас-тартыс, айтыстардың болғаны мәлім. Айтыстың дені интертерминдерге қатысты туындап жатты.

Шынында, бұл тіпті де оңай мәселе емес еді. Неге десеңіз, ол кезде айқайлатып айтылмағанмен әрбір іс-әрекеттен орыстандыру саясатының салдарын көруге болатын. Осының түп негізін ерте байқаған көреген Ахаң (А.Байтұрсынұлы) қазақ тілінің заңды даму жолын алдымен өзі танып-біліп, сосын ел-жұртына білдіргісі келгентін.

Сөйтіп, ол тілде болатын өзгеріс, өріс, не түрлі құбылыстың бәрі тек ішкі заңдылыққа орай өрбуі тиіс деген түйінге келеді. Әсіресе, ол қазақ тілінің ғылым мен білім әжетіне жарарлық қазынасын сарапқа салып, теңдесі жоқ терминдік жүйені жасап, қалыптастырады. Сөйтіп, ол өзінің тілге деген оң көзқарасынан таймай, ұлт мәдениетінің хан төңіріндей болып, өз ұлтына, өз тіліне деген ұлы махаббатын сөндірмеген күйі дүниеден өтті. Тілдегі, әсіресе терминжасамдағы ол ұстанған бағыттың басты шарты әуелі ана тілінің бар байлығын іске жарату болатын, шеттен келген қандай сөз, қандай аталым болса да, оның тіл заңдылығын қабылдап, кіріге келуі қадағаланатын.

30-жылдардың екінші жартысында осы басты байламға күрделі өзгерістер енгізілді. Ол, әсіресе, орыс тілінен және сол тіл арқылы келген интернационалдық терминдерге қатысты болды. Онда өз тіліміздің емес, әлгі кірме терминдердің өзгертілмей айтылуы мен жазылуы қатты қадағаланды. Сөйтіп ана тіліміздің табиғи болмысынан тыс, жат заңдылық күштеп енгізілді. Термин жасау принциптерінің алғашқы жобасын жасаған проф. Қ.Жұбанов екені рас. Алайда осы принципті түзу барысында профессор өз еркінен тыс қатаң тапсырма торына түсіп қалған сияқты. Өйткені қазақ тілі заңдылықтарын бір білсе, осы адам дейтін ғұламаның өзге тілдік кірмелерді бұлжытпай алайық деуі ақылға қонбайды. Осының салдарынан қазір тіліміздің өзгелік сөздер тым көбейіп кетті.

Бұл тілдің даму жүйесіне, сауат ашу ісіне жасалған қиянат еді. Әйтсе де Мемлекеттік терминология комиссиясы өзі құрылған алғашқы күннен бастап осы тектес ең күрделі мәселелермен айналысып, әдеби тілдің нәрлене, қалыптаса түсуіне көп септігін тигізіп келеді.

Қазақ тілі терминологиясының ғылыми принциптері айқындалып алған соң, бұл жөніндегі барлық практикалық жұмыс, яғни қазақ тіліндегі әрқилы ғылым салалары бойынша термин жасап, қалыптастыру ісі белгілі бір жүйеге түсіріліп, бір орталыққа бағындырыла жүргізілетін болды. Ақыры орыс тілінен алынатын терминдерді өзгертпейтін болсақ, онда әрине ф, х, я, э, ц, ч әріптерін алфавитімізге енгізу қажет. Сөйтіп, осы әріптерді орыс графи-касына негізделген қазақ әліппесінің құрамына енгізу арқылы қаншама терминдердің айтылуы мен жазылуы бірізге түсті. Бір кезде неше алуан қиындықтар туғызған мұндай терминдердің қалыптасқаны, тіпті сіңісіп кеткені соншалық, кейде оларды бөтен тілдік элемент деп те қарамайтын жағдайға жеттік.

Әлгі принцип бойынша, *революция, пролетариат, теория, совет, социализм* тәрізді көптеген халықаралық терминдер орыс тіліндегі түрін жоғалтпай, сол қалпында алынатын болды деп масаттандық. Ал *-ский, -ный*-ға біткен сөздер ешқандай қосымшасыз *(абсолют шама, буржуаз идеология* деген сияқты – Ө.А.) қысқарған түрде енді, мұнымен бірге сөзжасам дағдымызда оң үлгілер де болғанын көреміз. Бесжылдық жоспар қабылдау мен ұжымдастыруға орай және орыс тілінің игі әсерінің арқасында *конфискелеу, колхоздастыру, комбайншы, трактористі, екпінді, ауатком, жоспар, жоспарлау, социалды жарыс, жеке меншік, есепші, бесжылдық* тәрізді сан алуан терминдер жасалып, қолданысқа енді.

Автодорога, авиасани тәрізді күрделі терминдердің алғашқы бөлігі сол күйінде қалып, екінші сыңары аударылып берілді (автожол, авиашана). Мұның дұрыс үлгі болғанын әдеби тіліміздің кейінгі кезеңдегі даму тарихы дәлелдеп шықты. Ендеше, Мемтерминкомның ең алғашқы құрамының да ұлттық мәдениетіміздің, оның ішінде жазу мәдениетіміздің даму, қалыптасу барысына өз үлестерін қосқанын атап айту лазым.

Мемтерминкомның жаңа құрамы да (1939 жылы маусымның 23-і Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесінің кезекті Қаулысы) бекітілген болатын. Өз жұмысын негізінен тоқтатпағанымен, соғыс жылдарында бұрынғыдай қарқын ала алмағаны белгілі. Әйтседе әскери әрекет пен соғыс қимылдарын дәлме-дәл сипаттап бере алатын термин сөздер жүйесі назарда болған. Өйткені майдандағы жауынгерлер әрекетін, олар қолданатын қару-жарақ, соғыс техникасын күнделікті баспасөзде, көркем әдебиетте нақты баяндау үшін сөздердің терминдік дәлдігі талап етіледі. Міне, сондықтан 1942 жылы С.Аманжолов редакциясымен шыққан "Орысша-қазақша әскери сөздікті" (құрастырғандар: Ғ.Мұсабаев, Ю.Цунвазо, К.Адайханов) ғана өз кезеңінің мұқтажын өтеген мүлік болды деп айта аламыз.

1945 жылдың 8 ақпанында Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесінің 54-қаулысына сәйкес Мемтерминком құрамы қайта қаралып, бекітілді. Бұл шешім бойынша комиссия үкімет үйінің жанына көшті де, әуелі төрағасы І.О.Омаров, кейіннен Т.Т.Тәжібаев болды. Ғалым хатшысы М.Б.Балақаев еді. Құрамы 23 адамды қамтитын.

Бұл жаңа құрамы өз жұмысын "Соғыс зардабынан әлсіреген еліміздің экономикасы мен шаруашылығын қалыптастыру" кезіндегі бүкілхалықтық іспен қабат жүргізуіне тура келді.

Ол кезде өміріміздегі аса маңызды шаруаның бірі – В.И.Ленин шығармаларын

ұлт тілдеріне аудару мәселесі болып саналды. 1946 жылы Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті көсем еңбектерін ана тілімізге аудару туралы арнайы қаулы алды. Мемтерминком бұл істен тыс қалған жоқ. Ленин шығармаларын қазақ тіліне аударуға байланысты қоғамдық-саяси терминологияны көпшіліктің талқысына салып, Мемтерминком мәжілісінде заңдастыру барысында қыруар жұмыс істелді.

Мемтерминком бұл кездегі жұмысы мен алғашқы құрам жұмысы арасында елеулі ерекшеліктер бар екені байқалады. Мәселен, 40-жылдардың екінші жартысында бекітілген терминдер мен 1935 жылы қабылданған терминдерді салыстырып көрелік. Бұл жылдары қабылданған терминдердің көбі фонетикалық өзгерістерге ұшырамай, сол қалпында алынғаны байқалады. Ал 20-жылдарда басқа тілден ауысқан терминдер мен сөздер *социалис қоғам, буржуаз идеология, абсолют шама* тәрізді жасалып, қысқартылып, қосымшасыз ұсынылып жататын. 30-жылдардағы терминдер жүйесінде *-ды, -ді, -лы, -лі, -ты, -ті* қосымшаларының активтенуі байқалады. Мысалы, *Социалды Қазақстан, индустриялды ел* 40-жылдар тәжірибесінде изофеттік конструкциялар белең ала бастайды *(автосуат блогы, товар айналымы* т.т.).

Ал 50-жылдардан былай қарай ***-лық*** қосымшасы активтене бастайды. Неге десеңіз, көптеген термин сөздер осы ***-лық*** жалғауы жалғану арқылы жасалып қалыптасты. Тіпті ана тіліміздегі төл сөздерді былай қойғанда, бұл жалғау кірме сөздердің өзіне де жалғанып, тілдің жанды элементіне айналып кетті десе де болғандай.

Мемлекеттік терминология комиссиясы Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда күнделікті өміріміздегі қолданыс қажетін өтейтін терминдермен тікелей айналысты. Оның ішінде әлеуметтік экономика, лингвистика, тарих, заң ғылымы, медицина, зоология, тау-кен істері, металлургия ғылымдарының әрқилы қолданылып, практикада қиындық туғызып жүрген бірқыдыру терминдерін қарап, жүйеге түсіріп, бекітіп берді. Осы үлкен тірліктің бас-аяғы жинақталып, 1948, 1950 жылдары екі томдық орысша-қазақша терминология сөздігі жарық көрді. Бұл біздің жазуымыздың жөнделе түсуіне себі тиген, сауатымызды бір саты ілгерілеткен үлкен жұмыстың бірі болды. Сөздіктің ғылыми тұрғыдан алғанда да сауатты шығуы, бір жағынан, сөздік шығару ісінен хабары мол Н.Т.Сауранбаев, С.Б.Бәйішев тәрізді мамандардың араласуына тікелей байланысты деп білеміз.

40-жылдары саябыр тартқан терминология жұмысы 50-жылдар ішінде едәуір жанданды. Әрбір ғылым саласы бойынша термин қалыптастыру туралы мамандар пікір таратып, баспасөз тікелей араласты. Екітілді терминологиялық сөздіктердің түр-түрі шыға бастады. Осы шаруаның бәріне мұрындық болған, ең алдымен, Мемтерминком болса, сонымен бірге, 1956 жылы Тіл білімі және әдебиет институтының құрамында терминология бөлімінің ашылуы да мәселенің жүйелі түрде жүргізілуіне септігін тигізді. Білікті мамандар газет, журнал беттерінде мәселе көтеріп, терминологияның өзекті проблемаларын қозғады. Осының бәрі, айналып келгенде, тіл саясатындағы терминдік лексиканың мәнін айқындап, оған жұртшылық назарын аударды.

Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысын қызу қарқынға көшірген шаралардың бірі Қазақ Кеңес Энциклопедиясының жарыққа шығуы болды. Міне, осы бүкілхалықтық іске дайындық үстінде ғылым мен техниканың барлық саласында күнделікті өтеуге жұмсалатын термин сөздерді саралап, сұрыптап шығуға тура келді. Мерзімді баспасөз, радио, телевидение, түрлі оқу құралдары мен оқулықтар, тіпті шаруашылық, өндіріс, ғылыми тақырыптарға арналған көркем туындылар тіліндегі

терминдер жайы түгел сарапқа түсіп, талғам таразысына тартылды. Бұл істің бәрінің басы-қасында терминком мүшелері, тілшілер, мамандар болды.

60-жылдарда басталып, 70–80-жылдарда қауырт дамыған бұл жұмыс Қазақ тілі терминологиялық лексикасының дамып, қалыптасуына, сан алуан ұғымдардың заңды түрде терминдік сипатқа көшуіне, сөйтіп, тіліміздің ғылыми-техникалық қолданыс өресін биіктете түсуіне көмектесті. Ғылым салаларына сәйкес сөз тізбелері жасалып, көпшілік талқысына ұсынылды. Әрбір термин талқы тезінен өтті.

Жалпы, сөз біткеннің, оның ішінде термин атаулының өріс алар, қанат жаяр жері, ең алдымен, мерзімді баспасөз, яғни өмірдің сан түрлі саласынан сан алуан мәлімет жинап, материал беретін журналистердей термин құмар маман жоқ. Олардың қаламына іліккен екі сөздің бірі термин болуға ыңғайланып тұрады. Осының өзінде қоғам дамуының ыңғайына қарай пайда болған заңдылықтар бар сияқты. Нақты іс пен тура сөз талап етіліп отырған бүгінгі заманда, сол деңгейден табылар кез келген ұтымды, терең түсінікті, табиғат, қоғам құбылыстарын дәл білдіре алатын тек терминдік мәнге көшкен сөздер деп білеміз. Міне, сондықтан көп мағыналы байырғы сөздердің қайсыбір мағынасы дараланып, ғылыми терминдік сипатқа көшуі заңды. Осыған қарағанда, кезкелген тілдің сөздік құрамындағы байырғы сөздер үйірі термин жасаудың негізгі көздерінің бірі болып саналады. Сөйтіп, *-лық* жалғауын керек етіп тұрған жердің қайсыбірінде изафеттік тұлғаны ұсыну орынды болды деп ойлаймыз, бұрынғы *азаматтық соғыс, отандық соғыс* деген тіркестерден гөрі, *азамат соғысы, Отан соғысы* дегеннің терминдік пішіні әлдеқайда жүйелі. Немесе жазуымызда жиі кездесетін *эпоха, период, век, момент* тәрізді сөздер мен *периодический закон, периодическая печать* сияқты терминдік тіркестерге назар аударалық. Бұлар күні кешеге дейін әркімнің өз қалауынша әрқилы қолданылып, жазылып келді. Осындай сөздердің терминдік тақылетін айқындауда кейде терминком мүшелерінің ұсыныстарының да пайдасы мол екенін байқаймыз. Мысалы, *заман* (эпоха), *ғасыр* (век), *дәуір* (период), *мезет* (момент), *мезгілдік заң* (периодический закон), *мезгілдік баспасөз* (периодическая печать) сөздері мен тіркестерінің дәл осылайша терминдік мәнге көшіп тұрақтануына себепкер адамның бірі қарт журналист Құрманбек Сағындықов болған еді.

Термин жасаудың осындай қалыптасқан, өнімді де ұғымды тәсілдерімен қабат, сөзжасамның жағымсыз амалына айналып бара жатқан жайлары да кездеседі. Терминком мәжілістерінде мәселенің осындай жақтарына да қатты назар аударылып келеді. Мысалы, қазақ тілінің сөзжасам тарихында **-лық** журнағының алатын орны ерекше. Бұл журнақ арқылы жасалып, заттың атаулық мәнге ие болған сөздердің саны мол. Тілде қалыптасқан осы амал, сөз жоқ, терминжасам ісінде пайдасын тигізді. Алайда, өкінішке қарай, **-лық** журнағы арқылы жасалған сөздерге баспасөз беті лық толды. Жұрт бұдан мезі бола бастады. Тіпті реті келсін, келмесін тықпалана берген соң, журнақ жұғымы кете бастады. Сол себепті Мемтерминком мүшелері мен мамандардың осы журнақ арқылы сөз жасау мәселесін тағы қарап, ретке келтіргені өте дұрыс болды.

Алпыс жылдан астам уақыт ішінде Мемлекеттік терминология комиссиясының құрамы әлденеше рет жаңартылып, қайта құрылып отырды. Терминком мәжілістерінің хаттамаларын қарап отырсақ, барлық уақытта да қазақ тілі терминдерін жасау, қалыптастыру ісіне Қ.Сағындықов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Бәйішев, Б.Бірімжанов, Қ.Шәріпов, Ә.Қарақұлов, Р.Бөкейханов, Ә.Сатыбалдиев, І.Жарылғапов, Ә.Қайдаров, Ж.Смағұлов, А.Әбдірахманов т.б. жолдастардың белсене араласқаны байқалады.

Мемтерминком бекітілген терминдерді үш кітапша етіп жұртшылыққа ұсынды. Ол тез тарап, өте сирек дүниеге айналып кетті. Осы дәстүр жалғастырыла бермекші.

Мемтерминкомның 1976 жылы бекітілген жаңа құрамы 70-жылдардың екінші жартысында ерекше ынта-ықыласпен жұмыс істей бастағанын айту керек. Бұл құрамдағы Мемтерминкомның алғашқы мәжілістерінен бастап, тіліміздің жалпы мәдени өрісінің ілгері дамуына орай, кейбір кемшілігі көріне бастаған қазақ орфографиясының мәселесі көлденең тартыла берді. Орфография мәселесінің неліктен күн тәртібінен түспей, өңгімеге арқау бола бергенін түсінуге болады. Біріншіден, алғашқы "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі" 1963 жылы жарық көрген еді. Содан бері 34 жыл өтті. Ал заманымыздың қарқынды даму қалпында бұл аз уақыт емес. Бұл уақыт ішінде жазу мәдениетіміз жетіле түсіп, барлық баспасөз бен баспа орындарында, әрқилы ғылыми мекемелерде тіл байлығын қажетке жаратудың күнделікті практикалық мүмкіндіктерінің көзі ашылды. Осыған байланысты жазуымыздағы кейбір кемшіліктер көріне бастады. Әсіресе, ежелден қалыптасып келе жатқан сөз жасау принциптерінде, біріккен сөздердің жазылуы жайында, төл сөз бен өзге тілден енген сөздерге жалғануға тиісті жалғаулар табиғатында дау туғызатын әңгіме көбейіп кетті. Сондықтан әркім өз қалауынша жазып, өз білгенін тоса берген соң, жазудағы жүйе, принцип мәселелері Мемтерминком мәжілісінде қайта-қайта сөз болды, талқыға түсті. Нәтижеде орфографияның көптеген тұстары түгел сараланып, кемшіліктер жөнделді. Оның жаңа, жақсартылған нұсқасын Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы бекітіп берді.

Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының Ережесі 1972 жылы 25 сәуірде бекітілген болатын. Бұл Ереже Мемтерминкомның міндеттері мен құқықтарын белгілеп берді. Осы Ережеге сәйкес Мемтерминком терминологияның ғылыми-практикалық ісіне жетекшілік жасап, бекітілген терминдердің орфографиялық нормасының сақталуын қадағалауға септігін тигізді. Термин жасаудың негізгі принциптері айқындалып, бұл істе жүйелілік тұрақтана бастады. Ұстанған принцип бойынша, ең алдымен, ана тіліміздің ішкі қоры, өз сөз байлығы қолданылуы тиіс те, екіншіден, орыс тілі мен кеңес халықтары тілі арқылы еніп жатқан халықаралық терминдерді игеру қажеттігі басшылыққа алынды.

Сөйтіп, Мемлекеттік терминология комиссиясы құрылғалы бері қыруар шаруа істелді. Қазақ тілінің қаншама жаңа терминдері жасалып, қалыпқа түсті. Жұртшылықтың қажетін өтеп келе жатқан бұл терминологиялық лексика о баста қолданысқа осы терминком арқылы енгізілгенін есепке алсақ, істелген шаруаның ауқымын айқынырақ сеземіз. Мысал үшін 1972–1981 жылдар арасында істелген жұмыстарды алайық. Бұл аралықта комиссия мен секретариаттың 84 мәжілісі өткізілді, 2 мыңнан аса терминдер мен терминдік мәндегі тіркестер бекітілген екен. Бұдан бергі аралықта да, неше алуан өзгерістерге ұшырауына қарамастан, термин мәселесі көзден таса болған емес. 1981–1995 жылдар аралығында да Мемтерминком түрлі салалар бойынша сөздіктерді талқылап, жұртшылыққа ұсынды. Бұл іс қазір де толастаған жоқ.

Қазақ тілінде термин жасап, оларды күнделікті қолданысқа енгізу ісімен қазір көбіне-көп баспасөз қызметкерлері шұғылданып жүр. Сондай-ақ термин сөздердің мейлінше молынан қамтылатын жері – мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, түрлі терминологиялық сөздіктер және де ғылымның әрқилы саласына байланысты шығып жатқан арнаулы әдебиеттер, радио, телевидение хабарлары.

Термин жасау ісінде аударманың айрықша рөлі болғанын айтуға міндеттіміз. Әсіресе, марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аудару арқылы біз тіліміздің терминологиялық лексикасын байыта түстік. Соның нәтижесінде ана тіліміздің қоғам өміріндегі рөлі көтеріліп, мүмкіндігі молая түсті. Осы сала бойынша жасалған кейбір зерттеулер деректеріне қарағанда, В.И.Ленин шығармалары қазақ тіліне 20-жылдардың басында-ақ аударыла бастапты. Мәселен, көсемнің сөйлеген сөзі мен қайсыбір саяси материалдар 1919 жылдың қаңтарында, сол кезде шығып тұрған "Қазақ дұрыстығы" ("Казахская правда") газеті мен "Мұғалім" ("Учитель") журналы беттерінде жарияланған. Жоғарыда аталған кітапты қарап отырсақ, 1921–1924 жылдар ішінде оның бес еңбегі аударылыпты.

1924 жылдан былай қарай Ленин еңбектері мен саяси әдебиетті қазақ тіліне аудару ісіне жиірек көңіл бөліне бастайды. Бұл еңбектердің қай-қайсысында да қоғамдық-саяси лексика мейлінше бай екені белгілі. Міне, солардың ана тіліміздегі баламасын барынша дәл, түсінікті, анық етіп жасау оңай шаруа емес еді. Өйткені қазақ тілінің бұрынғы-соңғы тарихында қоғамдық ой-пікірді өрнектейтін термин сөздер мүншалықты дамып, қанат жайған емес. Мәселенің қиындығы да, қызықтығы да осында. Сол тұстағы саяси әдебиеттер аудармасын қарап отырсаңыз, термин жасаудың әр алуан амалдары мен сан түрлі ізденістерді байқаймыз. Әдеби тіліміздің қалыптасу, даму тарихында мұндай ізденістердің орны бөлек. Ол – орыс тілінің ана тіліміздегі терминологиялық лексиканың жасалып, қалыптасуына тигізген әсері. Түрлі-түрлі көптеген тілдерде терминдік мәнде қалыптасқан сансыз сөздерді сол қалпында қабылдау бар да, оларды не жартылай, не тұтас аударып алу тағы бар. Сондай-ақ түбір сөз сол күйінде сақталып, оған жалғанатын қосымшаларды ғана қазақшалайтынымыз және бар. Міне, осындай қилы-қилы құбылыс қазақ аударма тарихының тәжірибесінде де болды. Көптеген интернационалдық және орыс сөздерін өзгеріссіз сол қалпында қабылдауда орыс тілінің ерекше рөл атқарғаны мәлім. Ал калька жолымен жасалған терминдер мен терминдік мәндегі сөздеріміз өз алдына бір сала әңгіме.

Орыс тілінің ықпалын біз өзге тілден енген сөздерден ғана емес, терминдік ұғымға айнала бастаған байырғы қазақ сөздерінің табиғатынан да танимыз. Өйткені бұлардың көбі – орыс тіліндегі үлгісін ескере отырып жасалғандар. Ендеше, орыс тілінің басқа ұлт тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне жасап жатқан ықпалы (оның дұрыс-бұрыстығы өз алдына әңгіме) шексіз. Бұл зерттелу ауқымы кең, талай ізденістерді керек ететін ғылыми проблема.

Термин жасаудың, қабылданған терминдерді қолданысқа ендірудің талқыға түсер жайлары әлі көп. Ғылыми-техникалық прогрестің қарышты даму қарқынына сай туып жатқан тіл саласындағы әралуан құбылыстар сыры қаламгерден, әсіресе тіл мамандары тарапынан жаңаша іс-әрекетті, жаңа көзқарасты талап етеді. Тіпті терминология мәселесін ғылыми дәрежеде ұйымдастыруда да жаңа серпін қажеттігі көрінеді. Бұл саладағы кейбір сылбырлықтан арылып, өмір талабына бұрынғыдан да гөрі шапшаңырақ әрі дер кезінде жауап беріп отыру үшін Терминком құрамы мен ол туралы Ереженің өзін тағы да қарап, жұмыс бағытын өзгерту керек болды. Ереженің кейбір тармақтарын қазіргі талапқа сай жуықтатып, жұмыс бағдарламасын түзу күн тәртібінде тұрды.

Сөйтіп, мамандардың өтініші бойынша, Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының құрамы тағы да бірнеше рет іріктеліп, қайта құрылды. Кейінгі құрамы соңғы кезде жиірек айтылып жүрген тілек-талаптарға орай іріктелді. Ең алдымен, бұл құрамға тәжірибесі мол, іскер,

білікті мамандар және қабылданған терминдерді қолданысқа ендіре алатын лауазымды адамдар, жазушылар, журналистер, ғалымдар, баспа, радио, телевизия қызметкерлері, тіл білімпаздары енді. Бұрынғы құрамы мен Ережеге қарағанда мұның едәуір өзгешелігі тағы мынадай белгілерімен сипатталады. Мемтерминком "...экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы жөніндегі ғылыми қызметке жалпы басшылықты және бекітілген терминдер мен номенклатуралардың практикада қолданылуын бақылауды жүзеге асырушы орган болып табылады". Ол өз қызметінде, ең алдымен, қазақ тілінің лексикалық ресурстарын терминдік мағынада пайдалануды, сонымен бірге орыс және халықаралық терминдерді кіріктіру принципін басшылыққа алады.

Терминкомның ондаған жылдар бойғы жұмыс тәжірибесі ғылым мен техниканың сала-саласы бойынша терминологиялық секциялар құрып, бұл істі әуелі таза мамандық иелерінің талқысына салу қажет екенін көрсеткен болатын. Бұрын бұл міндетті Мемтерминкомның жанындағы секретариат атқарып келген еді. Бірақ секретариат та барлық мамандардың орнын толтыра алған жоқ. Сондықтан Мемтерминком жанынан құрылып отырған терминологиялық секциялар, біздің ойымызша, бүгінгі ғылым мен техниканың барлық саласын түгел қамтып отыр. Өйткені терминді жасайтын – оны қажет етіп, күнделікті тірлігінде үздіксіз қолданатын мамандар. Олардың жарамды-жарамсызын, ретті-ретсізін, ғылыми дәйектілігін түрлі сөздіктер, оқулықтар мен оқу құралдарын, монографиялық зерттеулер, ғылыми көпшілік қолды кітап, кітапшалар жазып оқытып, үйретіп, қолданып жүрген ғалымдар, мектеп пен жоғары оқу орындарының оқытушылары, газет, журнал, радио, телевидение қызметкерлері тез аңғарады. Міне, сол себептен де терминологиялық секцияларға үлкен жүк артылып, сенім көрсетілді. Терминология процесіндегі барлық негізгі жұмыс осы секцияларда пісірілуі тиіс. Тиісті мамандар талқысынан өткен терминдер, терминологиялық сөздіктер, оқулықтар т.т. содан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңесінің талқысына салынады. Ондағы мақсат: әлгі сөздіктер мен оқулықтардағы терминдер қазақ тілінің өзіне тән заңдылығына орай жасалды ма, қазақша жатық па, терминологиялық мәні дәл? ме деген сауалдардың басын ашып алу. Міне, осындай бірнеше рет қажетті ғылыми сүзгіден, електен өткізілген терминдер тағдырын шешу Мемтерминкомға әлдекайда жеңілірек, әлдекайда жүйелірек бола ма деп ойлаймыз. Алғашқы талқылаулар бұл принциптің дұрыстығын дәлелдей түскен тәрізді.

Мемтерминком Ережесіндегі үлкен жаңалықтың бір түрі осы болса, екінші түрі – жеке секция ретінде қызмет ете бастаған Бақылау тобы болып саналады. Бұл да өмір тәжірибесінің өзі тудырған жұмыстың бір түрі. Бұрын Мемтерминком мәжілістерінде бекітілген терминдер жұртқа газет арқылы жеткізілетін де, іс сонымен тынатын. Оның аржағындағы жағдай, яғни терминдер тіршілігі не болып жатыр, жұрт оларды дұрыс қабылдады ма, жоқ әлде өз үлгілерінен арыла алмай, өзіндік сөздерін қолданып жүр ме, ол жағында ешкімнің жұмысы бола бермейтін. Мына құрылған топ өзіне осындай міндет жүктеп отыр. Ол бекітілген терминдер мен номенклатураның күнделікті практикадағы қолданысын бақыламақ. Сөйтіп, жиналған материалды Мемтерминком мәжілісіне салып отырмақ.

Ал міндеттер жайына келсек, істелетін шаруаның ауқымы сол әңгіме болып отырған жайлардың өзінен-ақ аңғарылады. Алдағы уақытта терминком талқысына

ең алдымен салынатын терминдер мен терминологиялық сөздіктерді бір жүйелеп алу қажет болып отыр. Термин жасау мен оны қалыптастырудың ғылыми принциптерін тіл заңдылығына сәйкес нақтылы қарастырып қадағалап, теориялық қорытынды берудің үстіне, қыруар практикалық шаруа тындыру қажеттігі туындайды. Әрқилы баспадан, әркімнің өз түсінік пайымына шақ деңгейде алақұла жарық көрген алуан түрлі сөздікті қайта қарап, мамандар мен терминком талқысынан соң, белгілі бір жүйемен, біркелкі пішінмен және сөздіктерге лайықты талап тұрғысынан лек-легімен баспадан қайта шығару жайы қарастырылса тіпті орынды болар еді. Әрине, бұл оңай шаруа емес. Дегенмен осыған негіз болар кейбір шаралар Тіл білімі институтының терминология және аударма теориясы бөлімінде жасалған. Біз бөлімнің картотекалық қорын еске алып отырмыз. Ертелікеш баспа жүзін көрген сөздіктердегі және терминком мәжілісінде қаралған, қаралмаған терминдер біртіндеп картотекаға түсірілді. Түбінде термин атаулының бәрі осылайша түгел түсіріліп отыруы тиіс. Мұның үстіне электронды есептеу машинасының сарабынан өткізілді. Әрқилы сөздіктер әр кезде, түрлі пішінде берілген. Терминдер осы электронды есептеу техникасының көмегімен жүйеленді. Бұлар алдағы уақытта да осылайша толықтырылып отырады деген үміт бар.

Қысқасы, жаңа құрылған барлық секциялардың жұмысын атқарылар міндеттеріне сәйкес дәрежеге жеткізіп, жолға қою; ғылым мен техника салалары бойынша таяу жылдарда терминологиялық сөздіктер жасап, оларды Мемтерминком мәжілістерінде жүйелі түрде талқылап, бекітіп, мақұлдату; екінші кезекте терминологиялық сөздіктердің қазақша-орысша және түсіндірме түрлерін баспаға әзірлеп, шығару; терминология мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеу және Мемтерминкомның алпыс жылдан астам жұмыс тәжірибесін барлап, қорытынды жасау; номенклатуралық атауларға (техника, мекеме аттары, мандайшадағы жазулар, жарнамалар т.б.) ерекше мән беріп, оларды реттеу т.б. тәрізді сан салалы міндеттер бар. Осыларды дәйекті түрде жүргізіп отыру, ең алдымен, Мемтерминкомға, содан кейін Мемтерминкомның соңғы ережесі атап көрсеткендей, оның негізгі базасы болып саналатын Тіл білімі институтына байланысты.

Термин жасап, оны қолданысқа ендірудің бірден-бір дұрыс жолы – сөздіктер түзу болмақ. Түзілген сөздік, бір жағынан, сол өзі қамтып отырған нысанның дамуын, яғни ғылым саласының қаншалықты дамығанын көрсетсе, екінші жағынан, терминологиялық лексиканың нормалана түсуіне, әдеби тіл деңгейінің де қалыптаса бастауына септігін тигізеді. Ендеше, әдеби тіл дамуында мұның маңызы ерекше.

Тіл материалы сөздік ретінде жинақталарлық дәрежеге жеткенге дейін біраз іріктелу, сұрыпталу, даму елегінен өтеді. Яғни қоғамдағы ірі-ірі өзгерістерге лайықты тілдің де әлгіндей сапада өріс алуына мүмкіндік туады. Білім, ғылым дамиды, баспасөз жандanады, әдебиет пен өнерге деген құштарлық артады, мәдениет пен экономика өрге басады. Міне, осындай объективті факторлар жинақтала келе тіл құрылысында бұрын-соңды болмаған даму пайда болады.

Сөздердің терминге айналуы, тілдің терминологиялық жүйесінің пайда болуы белгілі бір объективті себептермен түсіндіріледі. Лексиканың осы қатпарына көңіл бөліп, оны жинақтау, насихаттау әрекеті XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың басынан бастау алған екен. Сол кездегі там-тұмдап қазақ тілінде шыға бастаған газет, журналдар материалын қарасақ, термин деп айдар тағып, ауыз толтырып айта алмағанмен, терминдік қызметі айқындала бастаған сөздер тізімдерін беру тәжірибесін кездестіреміз. Бұл дәстүр 20-жылдарға дейін жалғасқан. Оған "Түркістан уалаятының газеті", "Дала уалаятының газеті", "Айқап" журналында

беріліп отырған материалдар дәлел бола алады. Бұлардың арасынан терминжасам ісінде ерекше орын алатыны – "Қазақ" газеті. Ол жөнінде алдыңғы тарауда біраз баяндалды. Бұл кезең зерттеушілер назарынан таса қалмауға тиіс.

Сөздік түзу әрекеті, атау сөздердің қолданыстағы табиғаты туралы және оларды жинақтап, саралау тәжірибесі 20-жылдар мен 30-жылдар басында едәуір дами түскен. Соның бір белгісі ретінде 1931 жылы Қызылордадан шыққан алғашқы "Атаулар сөздігін" атауға болады. Халық ағарту жұмысына, сауат ашу ісіне едәуір септігі тиген бұл сөздіктің негізгі мазмұнына сол кездегі идеологиялық күрестің, кейбір кереғар пікірлердің салқыны тимей өтпеген тәрізді. Неге десеңіз, ұлттық оқшаулану бағытын ұстанған кейбір оқығандардың әсерінен болу керек, мұнда көптеген халықаралық терминдерді қалайда қазақшалау әрекеті байқалады. Сондай-ақ "интерминдердің сауырын сипатпаймыз" дейтін тым әсіре орысшылдық та орын алғандығын көреміз. Бұл, бір жағынан, тілдің идеологиялық күрес құралына ә дегеннен-ақ айнала бастағанын танытатын болса, екінші жағынан, қоғам өмірінің белгілі бір даму сатысына тән заңды құбылыс деп түсінеміз.

20-жылдардағы әлеумет өміріне, соған орай ғылым мен мәдениет тарихына зер салсақ, неше алуан ұғымдар мен көзқарастардың қым-қиғаш талас-тартысын байқар едік.

Әйтсе де білімге сусаған ел жаңа өмірдің жарқын істеріне араласып, өз алфавитін түзіп, өз жазуын жолға қоюға кірісті. Сөйтіп, қазақ халқының тарихында бұрын-соңды болып көрмеген жаңалықтар мен оны білдіретін жаңа ұғым, түсінік, құбылыстардың бәрін тіл фактілерімен деректеп отырарлық термин сөздер қалыптаса бастады. Оқу, білім, өнер, ғылым, мәдениет, экономиканың қай-қайсысында да халық ұғымына тосын сөздер пайда болды. Оның әрқайсысының терминологиялық жүйесін жасау үшін сауатты, білікті мамандар даярлау проблемасы күн тәртібінде тұрды. Мамандар жетіспейтін.

Алға жетектеген шаралар ретінде мыналарды айтуға болады: кеңселерде іс қағаздары қазақ тілінде жүргізіле бастады, қазақ тілінде шығатын газет-журналдар көбейді, қазақ мектептері ашылып, онда оқылатын пәндердің бәрі ана тілінде жүргізілді. Сонымен бірге қазақ тілі мейлінше кең қанат жайған көркем әдебиет тіліне, әлеуметтік өмірге тікелей араласу барысында қоғамдық-саяси әдебиет тіліне, түрлі шаруашылық пен экономика, өнер, жалпы мәдениет тіліне айналды. Сөйтіп, қазақ тілі күнделікті өмірдің қай саласына да белсене араласып, қоғамдық қызмет аясы кеңейе түсті. Күн өткен сайын, өмір алға озған сайын мына сөзді қалай жазамыз, ана сөзді қалай қабылдаймыз деген тәрізді сұрақтар көбейіп, терминге деген ділгерлік артып, мұқтаждық молаюда.

Жоғарыда сөз болған "Атаулар сөздігі"[3] осындай мұқтаждықты сәл де болса өтеу жолындағы алғашқы әрекет еді. Бұл – Қазақстан Оқу комиссариаты Білім кеңесінің жетекшілігімен жасалған сөздік. Білім кеңесі сол кездегі бірінші кезекте тұрған мәселе ретінде осы пән атауларын жинап, тез арада жұртшылыққа ұсынды. Алғашқының аты алғашқы. Мұның, негізінен, кейінгі жұмыстарға аздап септігі тигенмен, жоғарыда ескерткеніміздей, кемшіліктері де аз емес. Өйткені бұл әлі ғылым салаларынан маман адамдар даярланбай тұрған шағында, сол игі іске себі тие ме деген мақсатпен жасалған сөздік еді.

1935 жылы өткен мәдениет қайраткерлерінің Бүкілқазақстандық съезінің күн тәртібінде қаралған негізгі мәселелердің бірі – орфография мен терминология

[3] Қызылорда, 1931 жыл.

мәселесі болды. Осы съезд қарсаңында Мемлекеттік терминология комиссиясы өзінің кеңейтілген мәжілісін өткізіп, онда ғылымның әртүрлі саласына байланысты жасалып жатқан терминдер жүйесі туралы сөз қозғады.

Қазақ тілінің ғылыми терминологиясын жасап, оларды ретке келтіруде, сондай-ақ алдағы жұмыстар бағытын айқындай түсуде бұл съездің атқарған рөлі зор болды. Съезде терминология мәселесі ғылыми проблема есебінде қарастырылып, оның негізгі белгілері, ерекшеліктері анықталды. Лексиканың өзге қабаттарына қарағанда терминнің өзіне тән өзгеше қызметі, жасалу жолдары, қалыптасу сырлары бар екені дәлелденіп, ғылыми принциптері түзілді. Осының негізінде бұдан былай қарай термин жасау ісі белгілі бір ғылыми жүйеге, тіл заңдылығына сәйкес, қабылданған принциптер негізінде жүргізілетін болды. Яғни термин жасаудың ортақ принципі түзіліп, оның басқа да маңызды мәселелері шешімін тапты.

Съезд қарсаңында жасалып, жұртшылық талқысынан өткен, сөйтіп съезд мақұлдамасын алған қазақ терминдері Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің 1935 жылғы 23 маусымдағы 812-қаулысымен бекітілді.

Съездің алды-артында қауырт жүргізілген осы тектес жұмыстар нәтижесі ілешала 1936 жылы терминологиялық сөздік "Қазақ тілі терминдері" деген атпен жұрт қолына тиді. Қ. Жұбановтың жалпы редакциясымен "Қазақстан" баспасынан жарық көрген бұл сөздіктегі терминдер негізінен үш саланы (әлеуметтік экономика, физика мен математика) қамтыған. Жинақталған терминдер саны онша көп бола қоймағанмен, бұл қазақ терминологиясын сол кезеңнің талап-тілегіне орай ғылыми арнаға түсіріп, оның әлеуметтік мәні бар мәселе екенін танытқан игі іс ретінде тарихта қалды.

Сөздікте үкімет қаулысымен бірге Мемлекеттік терминология комиссиясы басшылыққа алатын қазақ әдеби тілі терминологиясының он тармақтан тұратын принциптері берілді. Бұл құжат терминологтар алдына мынадай талаптар қойды:

Бірінші шарт бойынша, әдеби тілдердің көбіне ортақ *революция, совет, теория, практика, тенденция, медицина, хирургия, климат, абсолютный, конкретный* т.с.с. халықаралық сипаты бар терминдерді сол түпнұсқадағы қалпынша қазақ тіліне аудармай алу; екінші шарт бойынша, әдеби тілдер тәжірибесінде аударылып алынып жүрген *производство, труд, деньги, корень, стебель, мышцы, деление, умножение* тәрізді халықаралық терминдерді аудару керек. Ал *сословие, состав, клетка, слет* сияқты қазақ тілінде баламасы жоқ немесе терминнің қазақша нұсқасы бастапқы мағынадан ауытқитын болса, онда оны аудармай алған жөн. Үшіншіден, әр түрлі ғылым салаларына ортақ терминдер болуы мүмкін. Мысалы, *материя* термині философия мен физикада, *түбір* термині математика, ботаника және лингвистикада, *реакция* термині химия, биология және саяси ұғым есебінде, *экскурсия* сөзі оқу-ағарту ісі мен физиология ғылымында кездеседі. Бұларды сол бірыңғай түрде қалыптастыру керек.

Төртіншіден, әрқилы жағдайда әр алуан мағынаны білдіретін *мануфактура* (тарихи-экономикалық және товартану мағынасында), *продукт* (өндіріс өнімі және азық-түлік мағынасында) сияқтылар бір пәнде термин ретінде алынсын да, екіншіде жай сөз ретінде аударылсын.

Бесіншіден, халықаралық терминдер орысшада қалай алынса, қазақшада да солай алынады. Егер ол сөздерді таңбалайтын кейбір әріптер жетіспесе, қазақ алфавитінің бар мүмкіндігі пайдаланылатын болсын. Мысалы: *porma* (форма), *qimia* (химия), *rebolutsija* (революция) т.б.

Алтыншы тармақ бойынша, аударуға келетін терминдерді аударғанда оның ғылыми мәні дәл берілуін қадағалау қажет. Аудару кезінде қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері қатаң сақталуы тиіс. *Berilis* – передача, *kopkil* – многоугольник, *toqьta* – текстиль, *təqirijbe* – практика тәрізді терминдерді түсініксіз ететін жасанды сөзжасамға үйір болмаған жөн.

Жетінші тармақта былай деп көрсетіледі. Есім және есімденген етістік түріндегі халықаралық (интернационал) терминдер сол түрінде алынсын. Ал ***-изация, -ификация, -ация*** жұрнақтарымен келетін *машинизация, электрификация, объективация* сөздеріне қазақ жұрнақтары жалғанып алынсын (машиналандыру, электрлендіру, объективтену).

Ал ***-ский, -ный*** жалғаулары арқылы жасалған анықтауыш сын есімдер қазақшасында қысқартылып *популар кітап* (популярная книга), *абсолют шама* (абсолютная величина), *буржуаз идеология* (буржуазная идеология), *экстенсив шаруашылық* (экстенсивное хозяйство), *дифференциал теңгерме* (дифференциальное уравнение) түрінде алынуға тиіс. Сондай-ақ, түбір сөздің *к* дыбысы *ч*-ға айналып *-ский* жұрнағымен келетін сын есімдер жалғауы қазақшасында қысқартылып *электр шам* (электрическая лампа), *физика география* (физическая география) т.б. түрінде берілсін.

"Изолировать", "машинизировать" тәрізді есімнен болған етістік формалар қазақ тілінің жұрнақтары арқылы *изоляциялау, машиналандыру* деп аталсын.

Сегізінші тармақта халықаралық терминология тәжірибесінде қолданылып жүрген кейбір *-ист, -изм* тәрізді суффикстер мен *ре-, син-, де- ант-, контр-* тәрізді сөз алды префикстерінің қазақ тілінде баламасы жоқ болғандықтан, термин сөздермен бірге бұлар да қабылдансын, басқа қосымшалардың бәрін де қазақша түрінде алу керек.

Тоғызыншы тармақта қысқарған сөздер жайы әңгіме болады, *авто, аэро, авиа* т.б. қазақ сөздерімен біріктіріп, *автожол, автоқатынас, авиашана* т.б. деп алынсын делінген.

Осы күнге дейін қазақша аудармасы беріліп келген *диктатура, революция, совет, теория, практика, контрреволюция, милитаризм* тәрізді т.б. терминдер бұдан былай қарай аударылмай, сол халықаралық қолданыстағы қалпынша алынуы тиіс.

Оныншы тармақта өте маңызды мәселеге мән беріледі. Атап айтқанда, Қазан төңкерісінен бері, әсіресе, орыс тілінің сөз жасау тәжірибесінде қолданылып келе жатқан біріккен күрделі сөздер мәселесі әңгіме болады. *Саяси экономия* (политэкономия), *ауатком* (райисполком) т.б. тәрізді жаңа тіркесім терминдер қазақ тілі заңдылығына орай жасалып, Мемтерминком бекіткен соң қолданысқа ендірілсін. Міне, ең алғаш түзіліп, басшылыққа ұсынылған терминжасам принциптерінің өзіндік осындай жетістіктерімен қатар, біраз кемшіліктерінің болғанын да жасырудың қажеті жоқ.

Мәселен, кейбір халықаралық терминдер мен советизмдерді сөз еткенде қайсыбір жүйесіздіктер көзге түседі. Оның бер жағында, терминжасам процесіндегі қазақ тілінің өз мүмкіндігі жан-жақты ашылып айтылмайды. Сондай-ақ аударылсын деген сөздердің біразын аударудың керегі жоқтығы, ал түпнұсқадағы күйінде берілсін дейтін сөздердің қайсыбірінің тамаша баламасы бар екені көрінеді. Қысқасы, күні кешеге дейін бұл істе орыста қалай болса, солай алу керек деген пиғыл үстем болып келді. Соған қарамастан осындағы көрсетілген принцип алдағы терминжасам процесіне қызмет еткен құжат еді.

Бұл принциптер күні кешеге дейін қаймағы бұзылмай, емле ережелеріне де енгізілді, барлық сөзжасам мен терминжасам процесінде қолданылып келді. Терминжасам принциптері туралы сөз қозғағанда, біз А.Н.Самойловичтің,

Н.Сауранбаевтың, Қ.Шәріповтің, М.Балақаевтың, С.Бәйішевтің[4] есімдерін еске аламыз. Бұлардың да терминжасам процесіндегі ұстанған негізгі бағыты интернационалдық терминдерді және орыс тілінің атау сөздерін өзгертпей, сол қалпында қабылдау дегенге саяды.

50-жылдардағы баспасөз материалдарын қарап отырсақ, термин жасау ісінде кезеңіне лайықты аздаған өзгешіліктер кездеседі. Көптеген интертерминдердің қазақша баламасын (І.Жарылғапов, Ә.Сатыбалдиев, Р.Бердібаев) тауып, қолданысқа енгізе бастаған жандар болған. Бірақ мұндай бірен-саран әрекеттер кең өріс ала алған жоқ. Қазақ сөзін осылайша терминдендіру әрекеті 70-жылдарға дейін созылып келді.

Терминдердің жалпы халықтық сипат ала бастаған тұсы кейінгі он жыл шамасы. Әсіресе, қайта құру кезеңі көптеген сөздеріміздің терминдік қызметін жандандырып, қаласы бұзылмай сіресіп тұрған кірме сөздерді тіл заңдылығына сәйкестендіріп қабылдау бағыты қайта жанданды. Терминжасам процесінде әр алуан үлгілер өріс ала бастады. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебені иеленіп, ол Тіл туралы Заң мен Конституцияда заңдастырылуына орай термин шаруашылығындағы көптеген кемшіліктерді түзеу мүмкіндігі туды. Әсіресе терминжасам принципінен осы уақытқа дейінгі орын алып келген қайсыбір қисынсыз шарттарды қайта қарау қажеттігі көрінді.

Кезеңнің сұранысын дәл аңғарған ғалымның бірі – академик Ә.Т.Қайдаров. Ол "Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас" деген мақаласында қазіргі жағдайды баяндай келе, өзіндік 11 принципті ұсынады. Сонау 35-жылдан бергі аралықта терминжасам принциптеріне азды-көпті көңіл бөлген бірен-саран авторлар болмаса, ауыз толтырып айтарлық еңбек кездесе бермейтін. Сондықтан Ә.Қайдаров ұсынып отырған бұл принциптерге көңіл бөліңкіреген жөн сияқты. Олардың қысқаша мазмұны мынадай:

1. Мемлекеттік тіл тірегі – терминологияға мемлекеттік қамқорлық;
2. Терминжасам ісінде көрініс беріп жатқан бұқаралық үрдістің жақсы үлгілерін орнықтыру;
3. Байырғы лексикалық байлығымызды сарқа пайдалану;
4. Туысқан түркі тілдері тәжірибесін іске қосу;
5. Интернационалдық терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу;
6. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау;
7. Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып пайдалануды заңдастыру;
8. Көп жылғы тәжірибе арқылы қалыптасқан дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау;
9. Лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану;
10. Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин атаулардың сандық, сапалық салмағын табиғи қалпында сақтаудың жолдарын іздестіру;
11. Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу.

Әрине, бұл көрсетіліп отырған принциптер ешбір пікірталасын тудырмайтын қағидалық дүние емес деп ойлаймыз. Сондықтан біз де бұл принциптер туралы

[4] *Самойлович А.Н.* Разработка научной терминологии на языках тюркской системы//В кн.: "Революция и письменность", 1936. №.2; *Шәріпов* Қ. Терминология принциптері туралы //"Соц. Қазақстан", 1939, 27 желтоқсан, №297; *Балақаев М.* Термин жасау принциптері жөнінде//Ғылым академиясының Хабарлары, 1947; *Бәйішев С.* Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері. Терминология сөздігі, 1-кітап, Алматы, 1948; Халық мұғалімі, 1948. №5.

ойымызды түйіндемекпіз. Біздің ойымызша, ең негізгілері деп үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, он бірінші принциптерді айтуға болатын сияқты. Басқалары күнделікті қажеттілікке орай қатар жүргізіліп отыруға тиісті шаралар. Солардың ішінде үнемі күнделікті назарда тұратыны – өз байлығымызды сарқа пайдалану, түркі тілдері тәжірибесін ескеру, интертерминдерді тіл заңдылығына сәйкестендіріп қабылдау, дәстүр мен шарттылықты мойындау, атауларды қысқартып алу жайы, жазу дәстүрімізді сақтау тәрізділері. Терминжасам процесінде болып жататын ала-құлалықтардың көбі осы шарттардың ескерілмеуінен, тіл заңдылығының аяқасты етілуінен деп білеміз. Заман талабы ескерілген бұл принциптер, сөз жоқ, қазақ тілінде термин реттеуге себі тиер игі үлгі. Мұндай жаңа үрдіс қазақ тілінің қайта жасалуға тиісті емле ережелеріне енгізгені жөн.

Қысқасы, осы тараудан байқалатынындай, қазақ тілінде термин жасау ісін шартты түрде бірнеше кезеңге бөліп қарауға болатын сияқты. Бірінші кезең XX ғасырдың 10-жылдары мен 30-жылдардың екінші жартысындағы аралықты қамтиды. Бұл – терминжасам процесінің бастапқы кезеңі. Әуелгі қалыптасу тұсында түрлі талас-тартыстардың, неше алуан бағыт-бағдарлардың болғаны мәлім. Соған қарамастан, терминжасауда, негізінен, тіліміздің бар байлығын сарқа пайдалану бағыты, басқаша айтқанда, терминдерді қазақыландыру бағыты басым болды. Бұл жерде, сөз жоқ, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов тәрізді тұлғалардың ықпалы зор болғаны көрінеді.

Екінші кезең 30–40-жылдарды қамтыды. Бұл кезде арабшылдар мен латыншылдар айтыса келе, кейінгілер жеңген, сөйтіп барып латынды тастап, кириллицаға ұласқан жылдар еді. Бұл кезеңнің басты белгісі – интернационалдық терминдер мен орыс атауларын тілімізге түпнұсқадағы пішінін бұзбай, сол қалпында қабылдау болатын. Осының нәтижесінде тіпті қайсыбір қазақ сөздерінің өзін орысша мақаммен айтатын дәрежеге жеттік. Алфавитімізге тіл табиғатына тән емес дыбыстар енгізілді, бөтен префикс пен жалғаулар енді. Емле ережелері осы бағытта түзілді.

Үшінші кезең ретінде 40-50-жылдар аралығын әңгімелеуге болады. Мұның термин қолданыста алдыңғы кезеңнен айырмасы шамалы. Негізінен, сол терминологиялық лексикамызды интернационалдандыру, орыстандыру бағыты жүріп жатты. Бұл жылдардың ұлттық лексиканы дамытуға қосқан үлесі шамалы.

Төртінші кезең 50–70-жылдар аралығының үлесіне тиесілі. Бұл – қазақ зиялыларының соғыстан кейінгі жылдары еңсе көтеріп, рухани дүниемізді зерделей бастаған дәуірі. Газет, журналдарда қазақ мәдениетінің мәселелері көтеріліп, жазусызуымызға көңіл бөліне бастайды. Сол кездегі баспасөз материалдарынан көптеген интертерминдердің қазақша баламалары жасалып, орыс сөздерінің қазақша сөйлей бастағанын байқаймыз. Тіпті әсіреорабшылдыққа барғыштап, асыра сілтеп те жіберген кездеріміз болды. Соған қарамастан, бұл өз тіл байлығымыздың қадіріне жете бастаған сәт есебінде бағаланды.

Бесінші кезеңге 70 және 90-жылдардың екінші жартысына дейінгі аралықты жатқызуға болады. Бұл жылдардың ішінде болған сан алуан қоғамдық өзгерістер ыңғайына қарап, мұның өзін үш бөлікке жіктеп қараймыз. Алғашқысы – тоқырау жылдары атанып, тарихқа енген Брежнев заманы, екіншісі – қайта құру, үшіншісі – Кеңес Одағының құлап, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының пайда болған заманға сәйкес туындаған тіл қозғалысы. Бұл құбылыстың әрқайсының тілде қалдырған өзіндік ізі бар. Әсіресе қайта құру мен тәуелсіздік туы желбіреген соңғы бес-он жылдың мемлекеттік тілімізге, оның ішінде қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуына жасаған ықпалы ұшан-теңіз. Болашақ зерттеулер біздіңше осы кезеңдік сипат негізінде жүргізілгені мақұл деп ойлаймыз. Сонда ғана ғылым тілінің қалыптасу жолдарын нақты саралауға болады.

III ТАРАУ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ

а) Араб-парсыдан енген терминдік атаулар.
ә) Орыс және орыс тілі арқылы енген интернационалдық терминдер.
б) Алғашқы газет, журналдардағы термин сөздер.
в) Термин қызметіндегі кірме сөздер.

Қазақ тілінің негізгі лексикалық қорын өзге түркі тілдерімен салыстыра қарағанда (солай ету керек те) түбір ортақтығы байқалады. Мұндай ортақтық тіпті алтай тілдерімен салыстырып қарағанда да көрінеді. Кейінгі кезде көптеген түркологтар осындай пікір өрбіте бастады. Бұл жайында белгілі түрколог Ә.Т.Қайдаровтың еңбегінен ("Структура односложных корней и основ в казахском языке", 1986) толық мағлұмат алуға болады. Осы еңбек мазмұнымен және басқа да зерттеушілердің еңбектерін қарастыра келе, түркі тілдерінің негізі бір екеніне, оны дәлелдейтін фактілер қай тілде де жетерлік екеніне көзіңіз жетеді. Сөйтіп, түркі тілдерінің бәрінің түбірі ортақ тіл[1], дегенге құлақ асуға әбден болады. Айырмасы дыбысталуы жағында, яғни олар әрбір тіл ерекшелігіне байланысты фонетикалық пішінге ие болған. Бұл ортақ сөздер (түбірлер) кейін терминологиялық лексиканың дамуына да негіз болды деп айта аламыз. Мұндай қорытындыға қазірдің өзінде ортақ түбір негізінде жасалған термин сөздер итермелеп отыр. Осындай түбір ортақтығы болмаса, бірегей терминологиялық лексика жөнінде әңгіме қозғамас та едік. Осының негізінде түбі терминологиялық ортақ қор жөнінде мәселе көтеруге болатын сияқты. Ал қайсыбір сөздер бұл тілдерде сол ортақ қалпында терминдік қызмет атқарып келеді. Мысалы: ***қада (qada) – вбивать, моңғолша осылай (xada); аң (ән) – зверь; бұқа (buqa), моңғ. виха – бык; жүрек (jirek, zurek)*** тәрізді сөздер түркі-моңғол тілдерінің көбіне ортақ. Түркі тілдерінің кез келгенін осылайша салғастырып қарар болсақ, ортақ түбірлерді молынан кездестіреміз. Ендеше, мұндай ортақ түбірлер ортақ терминологиялық қор жасауға итермелейтінін көреміз. Көптеген тілдердің терминологиялық лексикасын қарастырғанда, осындай мүмкіндіктің бар екенін және олардың күнделікті өмірде осылайша пайдаланылып келе жатқанын да байқауға болады.

Түркі тілдерінің сөздік құрамында көне дәуірде енген кірме сөздер бар екенін ғалымдар (Н.Баскаков) әңгімелеп келеді. Мұны қазақ тілінің фактілері де растайды (Н.Сауранбаев, С.Аманжолов). Санскрит, көне иран және қытай тілдерінің байырғы замандарда тілімізге еніп, сіңіп кеткен сөздерін қазір айырып алу, әрине, оңай емес. Өйткені олар барлық жағынан өзгеріп, өзгеше өріс тапқан сөздер.

Әсіресе санскрит элементтерін қазақ тілінен табу өте қиын. Бұлар түркі тілдеріне, негізінен, көне ұйғыр тілі арқылы ерте заманда енген тәрізді. Тек *сегі – ceru, seri (воин, войско)* тәрізді сөздерді ғана атауға болады.

Ал көне иран кірме сөздерінің қатарына *арна (arna)* – жер суландыру үшін жасалған үлкен канал, *кент (kent)* – қала, *бөз (bos)* – мақтадан жасалған материал тәрізді т.б. бірнеше сөз жатқызылып жүр.

Сондай-ақ, қазіргі қазақ тілінің құрамындағы *заң, шай, шанақ* сөздерінің бір кезде қытай тілінен ауысқанын бұл күнде ескере де бермейміз.

Бұлар, яғни санскрит, ескі иран және қытай тілінің элементтері, өте көне дәуірлер жемісі болып есептеледі, бір сөзбен айтқанда, бұлар – көне дәуірде пайда болған кірме сөздер.

[1]Языки народов СССР. Т.2; Тюркские языки. М.: Наука, 1966. С.34.

Сөз алмасу процесі мұнымен шектелмеген. XI–XV ғасырлар арасында түркі тілдері төртінші бір арна – араб, парсы сөздері ислам дінінің таралуымен бірге алдымен өзбек, татар тілдеріне тарайды да, содан кейін сол тілдер арқылы сатылап қазақ тіліне жетеді. Олардың басым көпшілігі діни, ғылыми, қоғамдық-саяси және түрлі шаруашылыққа, ұсақ өндіріске, қол өнеріне қатысты термин сөздер болып келеді. Сонымен қатар дерексіз ұғымдарды білдіретін сөздер де баршылық.

Араб-парсы термин сөздері

Қазақ тіліндегі араб-парсы элементтері дегенде, алдымен, мынадай жағдайды ескеру керек. Кейбір зерттеушілер[2] пікіріне қарасақ, қазақ тілінің сөздік құрамындағы қайсыбір сөздер төркіні араб-парсы элементтері деген ұғымды айырып түсінуді қалайды. Осының жөні бар деп ойлаймыз. Өйткені араб тілінен гөрі парсы тілі элементтерінің тілімізге бұрынырақ енгенін дәлелдейтін тарихи, экономикалық, мәдени деректер мұны айқын аңғартады. Осындай деректерді, ғылыми топшылауларды сарапқа сала отырып, араб тілі зерттеушісі Л.Рүстемов мынадай қорытынды жасаған: "Түптөркіні иран тілдес болып келетін сөздердің түркі халықтарының тіліне ауысуы, парсы және түркі тілдерінің өзара инфильтрация жасау процесі ертеректе, арабтар мұнда келмей тұрған кезде – араб мәдениетінің гүлденуінен әлдеқайда бұрын басталған"[3].

Дәл осы пікірді, біз С.Исаев еңбегінен[4] де кездестіреміз. Ол осы туралы өз ойын түйіндей келіп: «...араб, иран тілдерінің әсері дегенде, иран тілдерінің әсері араб тілдерінен гөрі ертерек басталатынын да жоққа шығармаймыз", – деп жазады. Араб, иран тілінен енген кірме сөздердің қазақ тіліне ену мерзімін Л.Рүстемов аталған еңбегінде екі кезеңге бөліп қарайды: бірінші кезең – XV ғасырға дейінгі шақ, екінші кезең – XV ғасырдан Қазан төңкерісіне дейінгі уақытты қамтиды. Жалпы, бұрынғы-соңғы ғылыми әдебиеттер мен қазақ тілі сөздік құрамындағы араб, парсы сөздері 17 процент (Л. Рүстемов) шамасы болады екен. Өзге түркі тілдеріне, оның ішінде, өзбек, татар тілдеріне қарағанда, қазақ тілі құрамында араб, парсы сөздері аз дегеннің өзінде осы шама. Мұның өзін де жүйелеп қараған дұрыс. Қайсыбір зерттеушілер айтқандай, бұлардың біразы ертеректе қазақ халқын құраған тайпалар тіліне еніп, түбірлі өзгеріске душар болған *адам, ажал, әдет, дәулет, құдірет, мезгіл, сабын, уақыт, халық* тәрізді сөздер. Аталған сөздердің дыбыстық тұлғасы қазақ тілінің заңдылығына бағынып, тілімізге төл сөздер қатарында баяғыда қосылып, әбден кірігіп кеткен. Ал енді *ғибрат, ғайбат, мехнат, махрұм, еждиһат* тәрізді сөздер бір кезде діни ұғымдар арқылы немесе кітаби лексикада қолданылған. Бір қарағанда, бұлар да фонетикалық өзгеріске ұшыраған сияқты. Содан да болар, кейде осы тектес сөздердің негізінен алыс кете алмай, қазақ тілі лексикасының заңды түрде қатарына жете алмай, екі арада жүрген әрісәрі сөздерді қайсыбіреулер қолдануға әуес. Бірақ ескілікті көксегіш адамдардың аузында әлі күнге жүргенмен, бұлар тілімізге сіңе алмай, сөздік құрамға ене алмай келеді.

---

[2] *Рүстемов Л.З.* Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы, 1982. 44-45-бб.

[3] Сонда. 45-б.

[4] *Исаев С.* Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. Алматы, 1983. 112-б.

Зерттеушілердің қай-қайсысы да араб, парсы элементтерінің қазақ тіліне тікелей қоян-қолтық араласу нәтижесінде емес, көршілес туыс халықтар арқылы сатылап жеткенін баса айтады. Сонда байқалатын бір жәйт, араб халифатының діни шабуылы қазақ еліне екі жақтан, яғни бірі оңтүстіктен, екіншісі батыс жақтан болғанға ұқсайды. Оңтүстікте өзбектер арқылы, батыста татарлар арқылы сөздер ауысып отырған.

Кірме сөздер құрамы жағынан әр алуан. Біразы үй тұрмысына, басқа да шаруашылыққа байланысты болса *(айна, атырап, бадам, базар, байрақ, батпан, орамал, перне, таба, таға, торап),* енді бір алуаны мәдени және ғылыми ұғымдарды білдіреді *(дәуіт, дәптер, дәреже, дүние, қалам, қағаз, мектеп, медресе, мағлұмат, мереке, емтихан, ғалым, ғылым, пән, кітап, тарих* т.т.). Діни ұғымды білдіретін *аруақ, аят, бейіт, дәрет, намаз, ораза, құдай, құдірет, күнә, мәйіт* тәрізді сөздер де бар.

Моңғол тілімен ортақ атау сөздер

Қазақ тілі лексикасының құрамын зерделегенде моңғол тілімен ортақ сөздерді де табамыз. Бұлардың араб, парсы тілдерінен енген сөздерден едәуір өзгешелігі бар. Ол ерекшелік сөздердің келу, ену жолына байланысты. Қазақ рулары ежелден моңғол тайпаларымен қоян-қолтық аралас-құралас өмір кешкен, іргелес отырған. Осыған қарағанда, моңғол сөздері қазақ тіліне тек Шыңғыс хан шапқыншылығымен ғана байланысты емес, одан әлдеқайда бұрынырақ енгенге ұқсайды. Мына сөздерді салыстырып қарасақ, біраз мәселенің беті ашылатын сияқты. Әшекейі бар сандықты қазақтар да, моңғолдар да *абдыра* дейді. Сол сияқты мына төмендегі бірнеше сөзді салыстырып отырсақ, кейбір дыбыстық өзгешелігі болмаса, білдіретін мағынасы бірдей болып шығып отыр: *алтын – алтан, байсал – байқал, баян –баян, аймақ – аймағ, адақ – адаг, аңсағай – аңқиғай, дулыға – дуулға* (шлап) *баран – бараан* (Ақан серінің "Құлагеріндегі" "қылаң болмай баран болды" дейтін жолдарды еске алыңыз), *жол – зол, дөнежін – дөнжин, жасақ – жасаг* тәрізді мысалдар баршылық. Бұлардың көбі – қазіргі архаизм қатарына көшкен сөздер. Келтірілген мысалдардан байқалатынындай, ежелгі заманда қолданысқа актив қатысқан бұл сөздер күнделікті тұрмысқа, үй тіршілігіне қатысты болып келеді. Мәселен, көшпелі ел тіршілігінде өте маңызды рөл атқарып келген күш көлігінің бір де болса бірегейі түйе малы болса, соның ішінде атан түйеге айрықша қызмет жүктеледі. Ал осы түйеге қомсыз жүк артылмайды. Ендеше, ғалымдардың бүгінгі таңда архаизмдер қатарына ығысып бара жатқан *атан, қом, дулыға, жасақ* сөздерінің пайда болуын көне замандарға апаруы тегін емес. Сонда Ғ.Мұсабаевтың айтуына қарағанда, моңғол тілінен сөз енуді XI–XIV ғасырлар[5] деп шамалау ретті сияқты.

Осы келтірілген мысалдарды, азын-аулық пікірлерді саралай келгенде біз мынадай ой түйдік. Аталған бірен-саран сөздерді моңғол тілінен ауысқан деген пікір көңілге қона бермейді. Ұлт болып, бөлінбей тұрған кезде ортақ қолданыста болған сөздерді бір тілден екінші тілге ауысты деп айту қисынсыз. Сондықтан мұны әлі тереңірек зерттеуге тура келеді. Асылы, тіл-тілдегі мұндай элементтерді ортақ мұра есебінде қарастырған жөн деп ойлаймыз.

Жалпы, терминологиялық лексиканың реттелуін көздеп отырған қазіргі ғылыми-техникалық прогресс заманында сөздердің шығу төркінін біліп отырудың айырықша маңызы бар. Сөздердің шығу тегін, жасалу жолын білу арқылы оның мағыналық

---

[5] *Мусабаев Г.* Современный казахский язык: Лексика. Алма-Ата, 1959.

өрісін, потенциялдық мүмкіндігін шамалауға болады. Осыған қарағанда, тілдер сол рулық тайпалық қауымдастықтың өзінде-ақ бір-біріне әсер етіп, бірінен-бірі нәр алып, ортақ сөздер жасап отырғанға ұқсайды.

Орыс және интернационал термин сөздері

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында ең бір бай әрі күрделі қабатты орыс тілінен енген кірме сөздер және сол арқылы келген халықаралық терминдер алып жатады. Бұлардың тілімізге ену, келу жолдары да басқаша. Бұл арада біз тіл дамуында бола беретін заңды құбылысты да, заңдылықтан тыс күштеу тәсілінің де орын алғанын байқаймыз. Ғасырлар бойы іргелес отырып, ауыс-түйіс жасап келген орыс халқы мен қазақ халқы мәдени қарым-қатынастың осы түрін, яғни тіларалық қатынасты тіпті ертеден-ақ бастаған тәрізді. С.Исаевтың дәлелдеуінше, тіпті XIV ғасыр ескерткіші болып саналатын "Кодекс куманикусте" де "изба", "печь" тәрізді орыс сөздері[6] қолданылған екен. Осыған қарағанда, қазақтар орыс сөздерін ежелден-ақ пайдаланып, әжетіне жарата бастаған деп түйін жасауға әбден болатын тәрізді. Ендеше, мұның өзі арнайы ізденісті керек ететін құбылыс деп шамалаймыз. Ал төңкерістен бұрынғы бұл процесс XIX ғасырдың екінші жартысында тіпті үдей түскен.

Қазіргі лексикадағы ең өнімді де өрісті сала орыс тілінен енген кірме сөздерді негізінен екі кезеңге, яғни Қазан төңкерісінен бұрынғы және содан кейінгі кезеңге бөліп қарауға зерттеушілер келісетін сияқты. Ал бұл кезең өз алдына тармақталып қарастырылуға тиіс. Әрине, орыс тілінен енген сөздерді нақты мына уақытта мұншасы, ана уақытта аншасы келді деп ашып айту қиын. Сондықтан зерттеушілердің көбі жоба, жорамалмен шамалайды.

Ғ.Мұсабаев өзінің 1959 жылы шыққан "Современный казахский язык"[7] деп аталатын еңбегінде төңкеріске дейінгі орыс тілінен енген сөздерді үш кезеңге бөліп қараған.

Бірінші кезең XVII ғасырға дейінгі дәуірді қамтиды. Бұл орыстар мен қазақтардың әлі қоян-қолтық араласа қоймаған, шаруашылық-экономикалық байланыстың барлау, бақылау түрінде жүре бастаған кезі. Міне, сондықтан бұл кезде әлі орыс сөздері тілімізге ене қойған жоқ болатын. Тек орыстармен іргелес отырған мандарда ғана аздаған ауыс-түйіс болып жататын. Бұлар елеулі сипат ала алған жоқ.

Екінші кезең XVII ғасыр мен XIX ғасырдың екінші жартысындағы аралықты қамтиды. Бұл тұста тіларалық қатынас қоныс аударушылармен арадағы қатынасқа орай дамыған тәрізді. Оның үстіне, Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ өміріне түбірлі өзгерістер әкелгені мәлім. Орыстар мен қазақтар енді бұрынғыдай емес, шаруашылық-экономикалық жағынан да, тіпті саяси байланыстылық жағынан да араласа бастайды.

Бұл аралықта қазақ тіліне, әсіресе, ауылшаруашылық құрал-саймандарына, үй іші жабдықтарына, әскери-әкімшілікке байланысты көптеген сөздер еніп үлгерді: *соқа, хутор, поднос, генерал, пристав, майор, адвокат, шәйнек* т.б. сөздер сол

---

[6] *Исаев С.* О роли русского языка и формировании казахской терминологии. Прогрессивное влияние русского языка на казахский. Алма-Ата, 1965. С.96.

[7] *Мусабаев Г.* Современный казахский язык: Лексика. Алма-Ата, 1959. Ч.I.

кездерде-ақ тілімізге енген. Әйтсе де сөз қабылдаудың бұл түрі қазақ тілінің заңдылығына ыңғайланып еніп жатты.

Үшінші кезең XIX ғасырдың екінші жартысынан басталып, Қазан төңкерісіне дейін созылады. Бұл тұста қазақ елі түгелімен Ресейге қосылып біткен болатын. Капитализмнің дамуы, орыстар мен қазақтардың арасындағы ақша айналымы, мәдени байланыс, сауда-саттық жұмысы екі ел арасындағы қарым-қатынасты күшейтті. Соның нәтижесінде бұл кезеңде қазақ ұғымына тосын жаңа сөздердің біразы ене бастады. Осы тұста игерілген орыс сөздерінің біразын ұлы Абай туындыларынан да кездестіруге болады. Мысалы, *аршин, интернат, единица, ноль, такт, картечь, визит, счет, штык, пара, элемент, шар, болыс, ояз, старшина, кандидат, съезд, бүбірнай* (выборный), *пөштебай, майор* т.б. сөздер ақынның сөз қолданысында өз жарасымын тапқан. Осы және осы тектес термин сөздер төңкеріске дейінгі қазақ әдебиеті мен қазақ баспасөзінің[8] бетінде де жиі кездесіп отырады. Тіпті Жамбылдың төңкеріс алдындағы шығармаларында да *жандарал* (генерал), *болыс* (волостной управитель), *остепке* (выставка), *губернатор, солдат, атаман* деген, сондай-ақ тұңғыш қазақ романы Спандияр Көбеевтің "Қалың малында" да орыс сөздері қолданылатынын Ш.Сарыбаев[9] көрсетеді.

Әдеттегі түсінік бойынша, термин сөздерінің пайда болуын ғылым мен техникаға байланыстырамыз. Қазақ топырағында ғылыми ой-пікірдің өрбуін зерттеушілер XIX ғасырдың екінші жартысынан бастайды. Біздіңше, мұның жөні бар сияқты. Ғылым туралы тұңғыш деректер мен ғылыми мақалалар алғашқы қазақ газеттері – "Түркістан уалаятының газеті" (1870–1882) мен "Дала уалаятының газеті" (1888–1902) беттерінде[10] жарияланған. Осындай пікірді басқа да ғалымдар қолдайды. Ғ. Мұсабаевтың мына бір пікіріне назар аудару қажет: "Ғылыми терминологияның элементтері Қазан төңкерісіне дейін болғаны да сөзсіз... Орыс мәдениетінің белгілі ұғымдарын қазақ тіліне қазақтың XIX ғасырдағы белгілі ағартушылары біраз енгізген болатын"[11].

Шынында, зерттеуші Б.Әбілқасымов атап көрсеткендей, бұл газеттердегі ғылыми мақалалардың көбі сол кездегі ғылыми экспедиция материалдары, солардың жұмысы туралы есеп, не солар жайында хабар болып келеді. Сонымен бірге тіл, әдебиет, тарих, этнографияға қатысты мақалалар да жарияланып отырған. Бұларда кездесетін ғылыми ұғымдарды газет "... қазақ ұғымында бұрыннан бар сөздер арқылы түсіндірмек жолымен аударып беруге тырысқан, кей кездерде сол терминдік мағынадағы орыс сөздерінің өзін қалдырып та отырған"[12]. Сонда кездесетін ғылымға, оқу-ағарту ісіне байланысты терминдердің қайсыбірі мына тектес: *ғылым* (наука), *ағач су ғылымы* (ботаника), *тау-тас ғылымы* (горное дело), *жан-жануарлар*

[8] *Жаппейісов Е.* Қазақ прозасының тілі. Алматы, 1968; *Әбілқасымов Б.* Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971; Осы автор. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы, 1982; *Исаев С.* Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. Алматы, 1983; *Сұбханбердина Ү.* Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Алматы, 1963; Әдеби мұра. Революциядан бұрынғы мерзімді баспасөз бетінде жарияланған көркем шығармалар. Алматы, 1970; *Сарыбаев Ш.* Развитие лексики казахского языка в советскую эпоху. – М.О.Ауэзову (к его 60-летию). Алма-Ата, 1960.

[9] *Сарыбаев Ш.* Развитие лексики казахского языка II советскую эпоху. – М.О.Ауэзову (к его 60-летию). Алма-Ата, 1960.

[10] *Әбілқасымов Б.* Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971.

[11] *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.* Қазіргі қазақ тілі: Лексика, фонетика. Алматы, 1962. 37-б.

[12] *Әбілқасымов Б.* Аталған еңбек, 93-б.

ғылымы (зоология), *көктен түскен тас* (метеорит), *ұлама* (профессор), *мадрис* (преподаватель), *ұстаз* (учитель), *шәкірт* (ученик), медресе. Осы соңғы медресе сөзін жоғары оқу орындарының бәріне қатысты ұғымды білдіруге пайдаланған тәрізді. Мысалы, "университет деген медресе", "Ұстаз даярлайтын медресе", "институт деген медресе" сияқты тіркестер осы айтқанымызға дәлел бола алады.

Тіл біліміне қатысты терминдердің берілуі де назар аудартады: *лұғат* (тіл), *әуез* (дыбыс), *хәріф* (әріп), *әліфби* (алфавит), *қатты әуез* (дауыссыз дыбыс), *қағида* (ереже, заңдылық), *мұрыннан оқылатын* (сонор). Тіліміздің терминологиялық жүйесін жасауда өзіндік рөл атқарған бұл лексикалық қабаттар әдеби тілдің даму барысын байқатады. Бұлардың көбі қоғам дамуының ерекшеліктеріне орай өзгеше өріс алып, кейін басқаша аталатын болды. Біразы мүлде өзгеріске душар болса, енді біразы дыбысталуы тұрғысынан қазіргі әдеби тіл нормасына сәйкестендіріледі.

Заң істеріне байланысты сол кезде пайда болған термин сөздердің көбі қалыптасып, қолданысқа сіңісіп кетті. Күнделікті тірлікте жиірек араласуға тура келгендіктен бе, әлде ел ішінде арыздану, шағым айту, істі болу салдарынан ба — бұл саладағы термин сөздердің орысшасы болсын, қазақшасы болсын қолданысқа еніп, тұрақтанып кеткен. *Суд, жаза* (наказание), *абақты* (тюрьма), *залок, кефіл* (поручительство), *жазакер, жауапкер* (обвиняемый), *жұмыс, іс* (дела), *адуакат, куә* (свидетель), *жан алу* (присяга), *ықтияр* (право) деген сөздер қатарынан *жаза, кепіл, жауапкер, іс, куә* тәрізділердің терминдік мазмұны нақтыланып, заң терминдері есебінде тұрақтанды.

Белгілі түрколог Н.А. Баскаков өзінің "Түркі тілдері"[13] деп аталатын көлемді ғылыми-зерттеу мақаласында жалпы түркі тілдері жайында өте маңызды мәлімет пен типологиялық сипаттама бере келе, барлық түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліне де тікелей қатысы бар классификациялық талдама жасайды (Бұл жайында жоғарыда айтылды – Ө.А.).

Орыс тілінен енген сөздерді сарапқа сала отырып, бұлар тілімізге әрқилы жолдармен келгенін байқадық. Алғашқыда бұлар өзара қарым-қатынас нәтижесінде стихиялық түрде еніп, кіріге бастайды. Ал кейін, әсіресе, Қазан төңкерісінен соң орыс және интертерминдер жоспарлы және жүйелі түрде ресми әрекеттер нәтижесінде енгізіліп, қатар түзейді. Тіпті бұларды тым еркінсіткеніміз соншама, ана тіліміздің ежелден қалыптасқан сөзжасам заңдылықтарын аяқасты етіп, ол сөздер жат тілдік пішінін бұзбай қабылданатын болды. Емле ережеміз бен терминжасам принциптерінде мұны әбден заңдастырып алғаннан кейін бұлардың қатары мүлде көбейіп кетті. Сөйтіп, тіл гармониясы бұзылды.

Міне, сондықтан орыс тілі арқылы келген термин сөздердің бәрін қазақ тілінің заңдылығына орай қайта қарап, қалыптастырудың сәті енді түсті деп білеміз. Терминолог тілшілердің ендігі бір міндеті осы болуға тиіс.

Алғашқы газет-журналдардың тармин жасаудағы рөлі

XX ғасырдың бас кезі қазақ елі үшін рухани оянуға жетелеген сәт еді. Осы кезеңде болған алуан түрлі әлеуметтік, саяси өзгерістер қоғамдық өмірге де көптеген жаңалық әкелді. Халықтың сана-сезімі оянып, арта түсумен байланысты баспа ісі де ілгері дамыды. Ол процесс қазақтың баспасөз тарихынан анық аңғарылады. Төңкеріске дейінгі аз уақыттың ішінде көптеген газет-журналдар жарық көрді.

[13]Языки народов СССР. Т.2. Тюркские языки. М., 1966. С.34.

XIX ғасырда 30 жылдай мерзім ішінде шығып келген газеттермен салыстырғанда, бұл мерзім ішінде жарық көрген газет-журналдар саны жағынан болсын, сапасы жағынан болсын, өз беттерінде көтерген мәселелердің шеңбері мен тереңдігі жағынан болсын көш ілгері еді.

Соның ішінде, әсіресе "Айқап" журналы қазақтың жазба әдеби тілін, оның жақсы дәстүрлерін әрі қарай дамытуда, жалпыхалықтық тілдің кейбір стильдік тармақтарын қалыптастыруда, оның терминологиялық лексикасын жасауда орасан зор қызмет атқарды. Бұл газет-журналдар беттерінде журналистік жаңа жазу үлгісі, әдебиеттің әртүрлі жанрлары қалыптаса бастады. Публицистика тіліне тән көптеген термин сөздер мен терминдердің, грамматикалық единицалардың тұрақталуына осы кезеңдегі баспасөз тілінің әсері зор болды. Кейінгі кездегі баспасөз тілінен мықтап орын алған жаңа термин сөздер мен сөз орамдарының көбі-ақ алғаш осы газет-журнал беттерінде қолданылып отырған. Елімізде болып жатқан саяси-әлеуметтік, қоғамдық, экономикалық, мәдени өзгерістерге байланысты кірген жаңа ұғымдарды дәл атап, баламалауда болсын, қазақ тілінің сөздік құрамын атау сөздермен, терминдермен одан әрі байыта түсуде болсын, сөз тудыру, терминжасам амалдарын жетілдіруде болсын, бұл мерзімді баспасөздің рөлі ерекше. Бұл ерекшеліктер баспасөз тілінің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылысынан айқын аңғарылады.

Әдетте, сөздік құрам деген атауға тілдегі сөздің жалпы көлемі сияқты ұғым жатқызылады. Ал бұл жерде біз мұны сәл басқашарақ мәнде, яғни газет-журнал тілінде сөз саптаудың, сөз тудырудың, қолданылған лексемалардың жанрлық-стильдік ерекшеліктері сияқты ұғымдарды сыйғызып отырмыз.

Жанрлық, стильдік жағынан қарағанда, бұл кезеңдегі баспасөздің, әсіресе "Айқап" журналының тілі бірыңғай қалыптасты деп айта алмаймыз. Онда күнделікті өмірде қолданыла бермейтін, кітаби тілге тән шет ел тілдері мен түркі тілінің сөздері де, ауызекі сөйлеу тіліне тән сөздер мен диалектизмдер де, терминдік лексиканың түрі – бұрын кездесе бермейтін, жалпы, жаңа сөздер де көптеп ұшырасады. Әрине, бұл кезеңдегі газет-журнал тілі лексикасының көпшілігі қазақ тілінің қай жанры, қай стилінде болсын қолданылатын ортақ сөздер болып келеді. Дегенмен, "Айқап" журналының сөз саптауында, жаңа сөз тудыруында өзіндік ерекшеліктер де байқалады.

XX ғасырдың бас кезіндегі баспасөз тілінде бір ұғымды білдіретін сөзді түрлендіріп, әртүрлі формада қолдану жиі ұшырасады. Мысалы, қазіргі әдеби тілімізде тұрақтанған *білім, білік* деген сөздермен қоса, онда *білікті, білгі, білмір* сияқты сөздер де жарыса қолданылып отырады. Әр нәрсеге *білік* керек, *білік* болмай бірлік болмайды, бірлік болмай тірлік болмайды ("Қазақ", 1912, 21 ақпан, 3-бет). *Бұл турада* ***білгілерінің*** *қараб тұрмай, журнал сахифаларында қаламлары жылдамырақ үлгеруі керек еді.* ("Айқап", 1911, №7, 5-б.). *"Айқап" журналы арқылы бағзы бір адамлар хозларынын, көңілдегі толқуб журган хиялдарына жалаб іздеб* ***білмірлардан*** *сауал сұраб еді.* (Сонда. 1912, №3, 49-б.). *Мұндай мәселелерді ашу ушун елдің,* ***білмір*** *бас адамларының бір жерге жиылуб кеңесетуі тиіс* (Сонда. 1913, №4, 75-б.). *Семинаріне һэм учительски школ секілді орындарға кіруге қанша* ***білік*** *керек?* (Сонда. 1912, №7, 167-б.). *Білім* мен *білік* сөздерін саралап қолдану қазіргі баспасөз тілінде де кездесіп отырады. Біз сонда ғана балаларымызға заман талабына сай *білім* мен *білік* таныта аламыз ("Қазақстан мұғалімі", 1963, 29 июнь, 3-б.). Осы сияқты "Айқап" журналы *тұзу* сөзінің *түзік* деген көне тұлғасын көбірек қолданады. *Бұл емленің* ***түзік*** *болуы үшін ең керегді қағидалар* ("Айқап", 1913, №10, 217-б.).

Сол сияқты журнал беттерінде *отырықшы, отырақшы, отырақ, отырықты, отырық* және *жабайы, жай* сөздерінің бірінің орнына екіншісінің қолданылуында ешбір мағыналық айырмашылық жоқ. Бұл сияқты сөздер тіпті бір мақаланың ішінде де жарысып қолданылып отырады.

Бір ұғымды білдіруге бірнеше сөздің жарысып қолданылуындағы параллельдің бірі – қазақтың төл сөзі я жаңа сөз болса, екіншісі – басқа тілден енген сөз болады. *Сол ілтифатқа алмаған уақытында бізге* ***жиылыс*** *керек* ("Айқап", 1913, №10, 221-б.). *Кышлақ жағында өзара* ***жамиғат*** *жасалып мені де шақырды* (Сонда: №3, 53-б.). Сол сияқты *проект – жоба, жер өлшеушілер – землемерлер, дохтор - табиб* т.б. сөздерді кездестіреміз.

"Айқап" журналының беттерінде жаңа сөз жасаудың көптеген тәсілі пайдаланылып отырады. Соның бірі – ежелден қолданылып келе жатқан сөздерді жаңа мағынада, иә үстеме мағына, мағыналық реңк қосып жұмсау. *Бұлардың қолдарын қойдырған соң, өзлары* ***жазу білген*** (грамотный) *үш адам қол қойуы тиіс. Бұл үш адамды* ***гуалар*** (свидетели) *деп атайды.* (Сонда. №6. 120-б.). *Бұлар* (молдалар – Ө.А.) *бала оқутыб ағартады деуге де болмайды,* не *ушун десеңіз балаға тағлим берерлік моллаекеңнің ғылыми нысабқа толмаған* (Сонда. 1914, №5, 85-б.).

Әдебиет кеші, серік (товарищество), *кеңес* (совещания), *астаһа* (публика) т.б. сияқты жаңа сөздер немесе жаңа мағынада қолданылған сөздер көптеп кездеседі. Сырт қарағанда, *куә* сөзінің "Айқап" қосқан жаңа мағынасы жоқ сияқты. Өйткені қазақ тілінде бұдан бұрынғы дәуірлерде де *куә* сөзі бір нәрсеге *айғақ болушы, растаушы* деген мағынада қолданылып келген. Бірақ бұл жерде *куә* жалпы айғақ болушы ғана емес, ресми айғақ болушы мағынасында, яғни терминдік мәнде қолданылып отыр. Ол адамдар куә болғандығы үшін қол қоюы керек. *Ағарту* етістігі бұрын өзінің тура, ақ түске айналдыру мағынасында қолданылып келсе, бұл жерде үйрету, сауаттандыру, оқыту мағынасында жұмсалған. *Ағарту* етістігінің дәл осы мағынада әдеби тілімізде тұрақтануында "Айқап" журналының қызметі ерекше. Жалғыз бұл емес, оқу-ағарту саласында журнал сан алуан жаңа сөз енгізді. Оның көбі-ақ ана тіліміздің ішкі мүмкіндіктерінің негізінде жасалып отырды. Ол, бір жағынан, "Айқап" журналының халқымызды оқу-ағарту ісіне шақырып, сол жолда елге қызмет етудегі мақсат-бағытынан да айқын көрінеді. Халық арасында оқу, білім алу ісін өркендету, әсіресе ескі мұсылманша оқудан гөрі, жаңаша, еуропа халықтарынан үлгі-өнеге алу, сол жолда оқу сияқты мәселелер "Айқап" журналының көтерген өзекті проблемаларының бірі больш саналады. Тіпті "Айқап" журналының оқу-ағарту ісін, халықтың білім алу қажеттігін сөз етпеген бірде-бір нөмірі жоқ деуге болады.

Журнал қазіргі заманда ел болудың кілті – білімде, өнерде, оқуда деп уағыздады. Сондықтан да оқу-ағарту саласына байланысты сөздерді мейлі ол кірме сөз болсын, мейлі жасанды лексема болсын, "Айқап" журналының көптеп қолдануы заңды да. Өзге мысалдарды да осылайша талдауға болады.

Нисап сөзінің қазіргі *қанағат, тойымдық* мағынасынан гөрі *шегіне жету, білімі толысу, білім дәрежесі* мағынасында қолданылған тәрізді. Берілген мысалда *ғылыми нысапқа толмаған тәрізді* деген тіркес қажетті білімі жоқ, білім дәрежесі төмен мағынасын білдірген.

Осындай жаңа мағынаға ие болған сөздер *серік* және *кеңес,* т.б. осы тәріздес әр мағынада қолданылған сөзге *майданды* да жатқызуға болады. Мысалы: *"Айқапқа" айтар өкпеңіз болса, халық майданына қоймай-ақ өз аралықтарымызда бітірсеңіздер де болатұғын еді ғой* ("Айқап", 1914, 7, 118-б). *Енді бұрынғы замандағы*

һәм осы күнгі ақылды, ойлы кісілер дүние жайынан өздері сынау-тәжірибе ету мекен табқан халыққа файдалы болған ойларын, фікірлерін уәм кім білуб файдалансун, күн елту жолын тузесек деб кітап қилуб жазуб ***майданға*** *шығарған* (Сонда. 1913, №8, 171-б.). *"Айқап" журналында халыққа ықыласы бар қалам ұстаған жаңа фікірлеріміз халқымыздың фәйдасына осыны істелік деб көб сөзлер жазып* ***майданға*** *салды* (Сонда. 1912, №2, 1-б.). *Майдан* сөзі парсы тілінен қазақ тіліне бірнеше мағынасымен енген. Қазіргі әдеби тілде солардың ішінен *соғыс даласы, ұрыс болған жер* деген мағынасы көбірек қолданылады. "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі", негізінен, бұл сөздің осы мағынасын ғана береді. Сонымен бірге әдеби шығармаларда *майдан* сөзі *тойтарыс беру, бетін қайтару, жеңу* мағынасында да кездеседі. Оған М.Әуезовтің "Еңлік- Кебегіндегі" мына жолдар дәлел. *Матай қолын бастап келе жатқан өңшең ығай мен сығай көкжал бөрі дәл жортуыл басы он бес батырға жалғыз өзі* ***майдан*** *берген.* Сол сияқты бұл сөздің *алаң, жалтыр* мағынасы да жоқ емес. Ауыз әдебиетіне жататын "Жар-жар" өлеңінде кездесетін: *Есік алды қарасу* ***Майдан*** *болсын жар-жар,* дегендегі *майдан* осыны көрсетеді. *Майдан* сөзінің бұл мағынасы Абай шығармасында да кездеседі. *Астында дария – көк* ***майдан****? Үстінде сәуле – алтын күн.*

Демек, "Айқап" тілінде *майдан* сөзінің *талқы, талас, көптің пікірі, жариялау, пікірталасы* сияқты мағыналарда қолданылуына таңдануға болмайды. Бірақ бұлай қолданудың өзі тұрақты бола бермейді. Жоғарыдағы үш сөйлемдегі *майданның* бір-бірінен ептеген болса да мағыналық өзгешеліктері бар. "Айқапта" кейде бұның орнына басқа сөз де қолданылып отырады. *Мысалы, бұл істердің барлығының да хата екендігі айтылыб, ...ел болыб мынадай пригавор бойынша іс жургізілуге қаулы қылысды* ("Айқап", 1915, №5, 76-б.). Бұл жерде *әшкерелеу, жұртқа жариялау, жұрт талқысына салу* мағынасында халық (жұрт) майданына қою тіркесімен синонимдес қолданылған.

"Айқап" журналының сөз қолданысындағы тағы бір ерекшелік, әдетте, көп қолданыла бермейтін, бірақ әдеби тілде бар сөздердің, сондай-ақ көне түркі тілінде, жазба мұраларда молынан қолданылған, көне формалы сөздерді жандандыра түсу тенденциясының байқалуы. Мысалы, *кісі құны жүз түйе деб, жүз түйеге баһалаб екі жүз байтал кескі қылды* ("Айқап", 1913, №2, 41-б.). *Казақдан миллионер бай жоқ: шебер муһандес* (ар. құрылысшы, архитектор, геометр — Ө.А) *жоқ, маһир доктор жоқ, адал адвокат жоқ, бұл неден* (Сонда. 1912, №8, 203-б)? *Мубада* (п.әлдеқалай, кейде бір – Ө.А.) *оқуб,* ***жеңсігі*** *басылған біреуде бар болса, хабарын білсем, пұлын телеб алар едім* (Сонда. 1913, №8, 185-б.).

Кескі, майыр, жеңсік сөздері қазіргі жазба әдебиетте қолданылмай, ұмыт қалып келе жатқан сөздер деуге болады. *Кескі* сөзі қазіргі қолданылып жүрген *үкім* дегенмен синонимдес, бірақ екеуінің айырмашылығы да жоқ емес. Бұл екі сөз екі дәуір тіршілігіне байланысты. Кескі – көне заман төрелігіне байланысты болса, үкім жаңа заманның заң, құқық органдарының ісімен байланысты. Мағыналық жағынан *үкім* сөзі айыптап та, арашалап та қабылданған шешім болса, *кескі* – айыптап қабылданған шешім. Бұл – қазақтың төл сөзінен жасалған шешім, қазақтың төл сөзінен жасалған етене лексема. *Кес* деген етістік түбірге зат есім тудыратын *-ік* жұрнағы жалғанып, оның үстіне қатыстық сын тудыратын -і жұрнағы үстеліп барып жасалған. Кейде ол соңғы *-і* жұрнағынсыз да қолданыла береді. Мұндай сұмдыққа қазақ айтқан жол жоқ. *Кесігін* де айтпапты, – деді... Жаңағыдан әрі жазылған жоқ. "Пәлен етем" деп *кесікті* байлауын да айтпады. (М.Әуезов. Абай жолы, 1-т., 25-26-бб.).

Көркем сөз шебері, тіл білімпазы, нәзік талғамды М.Әуезов *кескі (кесік)* сөзін кәдеге жаратып, құбылтып қолданған. Бұл сөзді тек атау күйінде терминдік мәнде ғана емес, одан сын есім де туғызып, жаңа тіркес құрамында да жұмсаған.

Майыр сөзі о баста араб тілінен енгенімен де кейін әдеби тілден орын алған, *ұста, шебер, өнерлі* мағыналарында қолданылып жүреді. Бір өкініштісі, осылардың бірде-бірі "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне" енбей қалған.

Жеңсік сөзі де сирек қолданылатын сөздің бірі. *Құмарлық, сүйген іс* мағынасында қазіргі жазба әдебиетте де кездесіп қалып отырады. Бір қызығы, бұл сөз жазба әдебиет, баспасөз тілінде қолданылуының арқасында жаңа тіркестер құрамында қолданылып, тіркесімділігі арта түсті.

Сол сияқты көне тіл элементтерін қайта жаңғырту тенденциясы да байқалады. Қазіргі жазба әдеби тілде кездеспейтін немесе басқа формада жұмсалатын сөздердің "Айқап" тілінде қолданылуы да жиі ұшырасып отырады. Оның белгілі бір негізі де жоқ емес. Жалпы "Айқап" журналы тіл туралы жарияланған кейбір мақалаларында болсын, практикалық ісінде болсын түркі тілдерінің бір-біріне сөздік құрамы, грамматикалық құрылысы жағынан да алшақтап кетпей, қайта жақындата түсу бағытында болады. Бұл бағыт журналдың орфограммасынан да анық байқалады. Көптеген қосымшаның қажет деген жерде қатаң, кейде ұяң нұсқалары жазылмай, тек сонор (ұяң) дыбыстан басталатын түрлерінің қолданылуы осыны көрсетеді: *қарттар* емес – *қартлар* я *қартдар, халыққа* емес – *халыққе; бастырушы* емес – *басдырушы, облыста* емес – *облусда, білікті* емес – *біліклі* т.б. Басқаша сөзбен айтқанда, "Айқап" журналы сөздің жазылуында ортағасырлық түркі әдеби тілі дәстүрлерін сақтауға тырысқан. Бұл жеке лексемалардың қолдануынан да байқалады. Бірнеше мысалдар: *Мен бұл сөздерді дуспандық менен жазыб отырғаным жоқ, замандастарымның анасыздығына көңілім ренжігеннен жазыб отырмын* ("Айқап", 1914, №22, 205-б.). *һәр кешінде татар қарындастарымыздың көздері ашылуб, файда-зарардың арасын айырарлық адамдардың жетісуб дін, дүния оқуының керегін түсінген кісілері көбейі бастады* (Сонда. 1913, №9, 194-б.). *Сондай закон біздің Руссияда да тузулуб жатыр* (Сонда. 1912, №2, 198-б.). *Біздің қазақ Руссияға* ***табиғ*** *болғаннан бері, бұрыннан да Оралдың тауынан күншығысқа қарай Қытай границиясына шейін жайылған, мал асырауымен күн көріб, көшіб жүрген халық еді.* (Сонда. 1912, №2, 42-б.).

Аң сөзі осы түбір жалғасында көне жазба нұсқаларының көбінда-ақ *ой-өріс, білім, ақыл* мағыналарында жұмсалған. Мысалы: Махмұд Қашқари сөздігінде ол сөз түсіну, білу, Ортаазиялық тефсір, Сейф Саран шығармасында, "Қосырау мен Шырын" тілінде, Абу-Хаяның грамматикасында, "Құтадғу білік" дастанында Әбілғазы мен Қыдырғали Жалайыри еңбектерінде т.с. бірде ақыл ой, бірде білім, ес, бірде еске түсіру, ойлану, ақыл қорыту, пайымдау мағынасында қолданылған. Атау тұлғасында және -сыз (аңсыз) қосымшасы жалғанған *аң* сөзі қазақ баспасөзінде 1920 жылдарға дейін қолданылып келді. *"һәм миллиондаған халықты әсіресе шет ұлттарды қалайша қараңғылықпен* аңсыз *надандық да өз файдаларын білмесдей меңіреу, керектерін сұрай алмастай мылқау етіб ұстау қамында болыб сонымен ғана шұғылданады"* ("Мұғалім", 1919, №2, 25-б.) Кейінгі кезеңдерде сөздің мұндай түбір тұлғалары (ақыл, ой-өріс, білім мағыналарында) қолданылудан біртіндеп шығып қалды. Қазіргі әдеби тілімізде бұл сөздің аңдау, аңғару сияқты тұлғалары *байқау, пайымдау, абайлау, сезу, түсіну* мағынасында қолданылады. Қазіргі қырғыз тілінде ғана *аң* сөзі *ақыл-ой, сана* мағынасында түбір күйінде сақталған.

Қарындас сөзінің "Айқап" қолданған мағынасы да өзгеше. Көне жазба ескерткіштерде бұл сөз қазіргі қазақ тіліндегідей өзінен жас жағынан кіші әйел

туыс қана емес, жалпы туыс – оған аға да, іні де, ана да, қарындас та, сіңілі де кіреді. "Айқап" бұл сөзді кеңірек мағынада қолданған. Бұлай қолдану жалғыз "Айқап" тілінде ғана емес, бұл кезеңдерде шыққан басқа да жазба әдебиет тілінде ұшырасады.

Табиғ, тапуғ сөзінің мағынасы А.А.Семеновтың көрсетуінше, тек қызмет ету (служить, услуга) ғана емес, оның терминдік те мәні болған. Юсуб Баласағунның "Құтадғу білігінен" бастап, кейінгі дәуірлерге жататын жазбалардың көбінен бұл сөз кездесіп отырады. Соның қай-қайсысында да бұл сөз *қызмет ету, қызмет көрсету* дегеннен гөрі *жалбарыншы болу, табыну, бас иіп, тағзым ету* сияқты мағыналарында қолданылады. *Табиғ (тапуғ)* сөзінің тұрақтанған белгілі терминдік мәні жайында А.А.Семенов мынадай мәлімет келтіреді.

"Парсы тарихшылары Мирхонд мен оның немересі Хондемирдің еңбектерінде Тимурид Султан Хусейн мырза Дешті қыпшақтың ханы Абулхайыр ханға барғанда табиғ (тапух) жасағаны көрсетіледі. Улуғ хан алдында бас киімін алып, қолымен құлағын ұстап, еңкейіп келіп тағзым етеді. Бұл сөз осы дәуірде белгілі бір тұрмыстық ұғымды білдіретін дараланған термин болған. Сондықтан оның беретін мағынасы қызмет ету, қызмет көрсету емес, толық бағынышты, қарауында болу, бағынышты қызмет, қол астында болу сияқты"[14].

Бұл сөздің осы мағынасына қазақ тіліндегі онымен түбірлес *табыну* сөзі жақын. Бұнда да қызмет ету емес, соған берілу, сол жолда құлдық ету, құлшылық ету, жанын пида қылу дегенді меңзейді.

Б.Майлиннің "Шұғаның белгісіндегі" Шұғаның мына бір сөзі де осымен мағыналық жағынан төркіндес екенін көрсетеді. *"Басқан ізіңді* ***тауаб*** *етеді дегейсің, Әбіштің етегінен ұстағанмын".* Ал "Айқап" тілінде *табиғ* сөзі бұл мағыналарында емес, жаңа мағынасында жеке адамның емес, бүкіл бір елдің екінші мемлекет қол астында бағынышты ел мағынасында қолданылғанын көреміз.

"Айқап" журналы жаңа сөз жасаудың морфологиялық жолына үлкен мән бергендігі байқалады. Бұрыннан сөз жасау практикасында қолданылып келген төл және кірме жұрнақтардың жаңа сөз тудырып, сөзге жалғану өрісі кеңейе түскенін көреміз. Яғни "Айқап" журналы беттерінде жұрнақ арқылы жасалып, алғаш қолданылған жаңа сөздердің көбі-ақ әдеби тіліміздең берік орын алды. Ал кейбіреулері сол кезең шеңберінен шықпай қалды. "Айқап" тілінде жаңа сөз тудыруда *-шы, -ші* жұрнағының қызметі арта түсті. Бұрын жазба тілде қолданылмаған *-шы, -ші* арқылы жасалған туынды сөздерді "Айқап" бетінен көптеп кездестіруге болады. Мысалы: бұл үш *тобшыны* тобшылап қарағанда бастабғы екі *тобшы* (фікірі) бірыңғай болса да, Әлжанов *тобшысы* оған қарағанда басқарақ көрінеді ("Айқап", 1911, №7, 4-б.). Оқушылар мұның турасында һеш бір дыбыс шығармай, жәй *тыңшы* болыб не дұрыс, не бұрыс демей жүріб жатыр (Сонда. 5-б.). Бұл мысалдағы *топшы, тыңшы* сөздері жазба әдеби тілге орныгып қала алмады. *Топшы* сөзі *пікір, жоба* мағынасында қолданылған, қазақ тілінде осы сөзден туған *топшылау* етістігі жұмсалады, бірақ қалыптасып қалған әрі терминдік мәні бар араб тілінен келген *пікір (фікір)* сөзінің орнын толық баса алмады. *Тыңшы* сөзінің осы мысалда берілгендей, *тыңдаушы* мағынасында тұрақтай алмауының басты себебі — оның екінші жағымсыз мағынада (жасырын бақылаушы, аңдушы) әдеби тілде қолданылуы деп білеміз. Ерте кезден бастап күні бүгінге дейін қолданылып жүрген *тыңдаушы* мағынасында, *тыңшы* сөзі арқылы беру тенденциясы, XX ғасырдың басындағы жазба әдебиет тілінен байқалады. Мысалы

[14] *Семенов А.А.* Уйгурское "табуқ" (тапук) и его историко-бытовая параллель в языке узбеков XV в.; *Белек С.Е.* Малову// Сб. статей. Фрунзе, 1946. С. 55-56.

С.Торайғыровтың "Кім жазықты?" романы мына жолдармен ашылады: "Бір сөзім бар шалдуар. Болмаса да *тыңшысы*. Бұл күнде жоқ соң туар, Роман мен сыншысы". Бұл жердегі *тыңшы* сөзі кейбір зерттеушілердің көрсетулеріндей *сыншы* сөзіне тек ұйқастыру үшін алынып отыр деп қарауға болмайды. Ұйқас қажеттігі де бар шығар, дегенмен бұл сөздің қолданылуы мен "Айқап" бетіндегі қарасөзде кездесетін *тыңшыны* салыстыра қарау қажет.

"Айқап" бетінде *-шы, -ші* жұрнағы арқылы байырғы сөздерден жаңа сөз иә жаңа мағына жасалып отырады. Мыс.: Бұл – төренің *арызшы* халықдан жылдамырақ құтылуға істеген ісі екенін қайдан білсун. ("Айқап", 1913, №8, 175-б.). Ел арасындағы *егушілерге* ектірмеу жарамайды (Сонда. №3, 60-б.) Ерлерден музыка *ойнаушы* көб еді (Сонда. 1915, №3, 40-б.).

Арызшы сөзі бұл жерде бұрыннан қолданылып келген *арыз, арызқой* сөзінің мағынасынан мүлде бөлек. Ол тек *арыз беруші, арыз иесі* дегенді білдіреді. Яғни тіркес арқылы жүрген ұғымның орнына *-шы* жұрнағы жалғанған бір-ақ сөз қолданылған. *Егуші* сөзі де бұл кезең үшін жаңа сөз, ол медициналық термин мәнінде жұмсалған. *Музыка ойнаушылар* тіркесі орыс тіліндегі музыкант сөзінің орнына қолданылған. Бірақ бұл тұлғада жұмсалуының өзі де тұрақты емес. Бірақ музыкаға құмар ойнаушы болып жалпы мағынасы сақталып, бірде *музыкашы* болып, орыс тілі арқылы енген сөзге *-шы* жұрнағы жалғанып қолданылады. *Музыкашылар* һәр уақыт жиналыб, өздері мәжіліс жамиғад жасаб сөйлесіб, кемкетігі болса толтырыб, үйренісіб тұрушы еді... Музыкаға құмар ойнаушылар да көбейіп өрши береді ("Айқап", №3, 40-б.).

"Айқап" журналының тілінде *-шы, -ші* жұрнағы байырғы сөздерге жалғанып қана қолданбайды. Сонымен бірге басқа тілден ауысқан кірме сөздерге, әсіресе сол кезеңде орыс тілі арқылы келген сөздерге де жалғанып жұмсалады. Мысалы: *Эсперант-тошылардың* қазір Русияда да жиылыстары, курслары бар. ("Айқап", 1913, №9, 200-б.). Русларда *газеташылардың* мынадайлары бар (Сонда. 1912, №9, 200-б.). *Қант, нефт, керосин, темір, қаңылтыр* саудагерлері хатты олар ғана екес, *монуфактурашылар* (аршын бұйымшылары) дын өзара бірігулері һәр кімге белгілі (Сонда. 1912, №13, 289-б.). Бұл жол себеблі *фабрикшілеріміз* шетден арзан нәрсе келер деб қорқынышы болмаған соң нашар нәрселерін қымбат баһаға сатады (Сонда. 1912, №13. 289-б.).

Бұл мысалдардан *-шы, -ші* жұрнағы "Айқап" беттерінде орыс тіліндегі кейбір қосымшалардың *(-нт, -ист, -чик, -щик* т.б.) баламасы ретінде жұмсала бастағанын көреміз. Кейде осының өзі әрдайым тұрақты бола бермейді. Бірде ол тұрпайы қазақшаланып (қараңыз: аршын бұйымшалар), бірде орыс тіліндегі күйінде беріледі. Бірақ түбінде Мәскеу фабрикантлары алар шығар, неге десеңіз олардың сөзі тыңдамдырақ болса керек ("Айқап", 1912, №10, 229-б.). Бұның өзі "Айқап" журналының сөз жұмсаудағы алуан түрлі ізденісін, соның ішінде тиімді жолын қарастырғанын көрсетеді. Әдеби тілдің дамуындағы бұл принцип кейінгі жылдардағы баспасөз тілінде де дами түсті. *-Шы, -ші* қосымшасының мұндай қызметі қазақтың алғашқы баспасөз тілінде де кездеседі. Мысалы, "Дала уалаятының газеті" беттеріндегі редакциядан деген мағынада газет шығаратындардан дегенмен бірге газетшілерден соң қолданылып отырады. "Айқап" журналында бұл мағына басқармадан деген сөзімен беріледі.

"Айқап" бетінде *-шы, -ші* жұрнағынан басқа да қосымшалардың жаңа сөз жасауда жиі пайдаланылып отырғанын көреміз. Олар, негізінен мыналар: *-шы (ше),* бірнеше мысалды келтірсек те жеткілікті. Жер жанарту үшун жазылған кітаб

уа ғайри онға жақын өкей дикаршылық хақында шығарылған майда-майда *кітабшаларды* барлығын біріктіріп үлкен һәм тәртібді қылыуб жазыб, кем жерлер болса, басқа жақдан толықтыруб басылса, қазақ үшун көб қолай болар еді ("Айқап", 1912, №10, 236-б.). Сол сияқты *еркіншілік, көшпелілік, мәденилік, бәдуилік, солдатлық, мұғалімдік* дегендерде анық көрінетіндей, бұл қосымшалар алуан түрлі мағыналық реңкте жұмсалған. *-Ша* жұрнағы кішірейткіш мағына беріп тұр, оны аңғарта түсу мақсатымен "Айқап" ол жұрнақ жалғанған сөздің алдына майда-майда деген анықтауышты қолданған. *-Шылық, -шілік* қосымшасы әдеттегі кәсіпті мамандықты білдірумен қатар *(дикаршылық, көпшілік)* дерексіз абстракты, жинақтық ұғымды да көрсетуге бейімдегені байқалады. Сол сияқты *-лық, -лік* қосымшасы қатыстық мағынамен қатар жинақтық, дерексіз ұғымды қоса көрсетуге бейімделген.

"Айқап" тілінде кездесетін өнімді жұрнақтардың бірі – есім сөздерден етістік тудыратын *-ла, -ле, -да, -де, -та, -те* қосымшасы. Ол жұрт оқиды, *өнерленеді,* тірі болады ("Айқап", 1912, 113-б.). Бұл сауалға кесуб болады (Сонда. 1911, №10, 7-б.). Сатуға жұмсарлық жерлер Торғай, Ақмола облусларында һәм Тобыл губернасында бес жүз мың десетинелеб есебтеледі (Сонда. 1913, №4-5, 73-б.).

Жалпы, осы жұрнақтар арқылы жаңа сөз жасау процесі – өте көне құбылыс. Көне жазба мұраларымызда қазіргі әдеби тілде қолданылмайтын туынды сөздер көптеп ұшырасады: *атлат – атқа отырғыз* (Тоньюкук), *елге – (елде) – ел құру, одақ құру* (Күлтегін), *сүле – әскермен жорыққа аттанып соғысу, қаганла – хан болу* (Күлтегін), (Тоньюкук) т.б.

Өнер сөзінен туған етістік кейінгі кездегі баспасөз тіліне қабылданбай қалды. Сол тәрізді *десятина* сөзінің тілге енбей қалуымен байланысты *десятинелеп* етістігі де тұрақты орын ала алмады. *Жоспарлап* етістігі "Айқап" тілінде *болжау, топшылау* мағынасында қолданылса, кейінгі кезде ол сөз істелетін істі алдын ала жүйелі түрде *жобалау* мағынасында қалыптасты.

"Айқап" тілінде сөз жасау процесінде осындай байырғы қосымшалармен бірге араб, иран тілдерінен ауысқан формаларды қолдану да жиі кездесіп отырады. Мысалы, Өлең айтушы *әнпаз* адамдарды жұртқа есерсоқ деб көрсетпей, есті деб қадірлі етуб көрсетуге тырысындар ("Айқап", №13, 294-б.). Қуанушы едік: бізден де Писарев, Белинский, Добролюбовтар шығуб, жолдан тайған *жазымпаздардың* қаламын түзеб тұрады ғой деб (Сонда. 1914, №2, 24-б.). Осы аталған бес түрлі кеңес хақында жазылған қарарнаме уездный начальникнің қолына табсырылды (Сонда. 1912, №2, 41-б.). Жақын жерде натариус тұрса оған баруб наториальный *өсиетнама* жаздырған артық (Сонда. 1913, №6, 212-б.). Осы күнге сахара *низам-нәмесі* өзгерілуге лайық ба? (Сонда. 1913, №10, 222-223-бб.). Қазақ мектеблерінде шәкірт балаларға маркұмның *ғұмырнәмәсі* оқылыб халыққа қадірі қымбаты қандай екендігі түсіндірілді (Сонда. 1915, №2, 17-б.). *Кираатхананың* жоқдығын жазыбды (Сонда. 1914, №24, 140-б.).

Осы мысалдардың өзінен-ақ "Айқап" тілінде *-паз, -нәме, -хана* тұлғаларының сөз тудырғыштық қызметі біршама кең болғандығын байқаймыз. *Әнпаз, жағымпаз* сөздері қазіргі *әнші, ақын, жазушы, көркемсөз шебері* дегендердің орнына қолданылған. Әрине, кейінгі жылдары бұл сөздер осы мағынасында жазба әдеби тілде қалыптасып, тұрақты орын ала алмады. *Жазымпаз* деген сөз қазіргі жазба тілде жазушы емес, көп жазушы, жылдам деген ұғымды білдіреді. Бірақ *-паз* қосымшасы қазіргі баспасөз тілінде жаңа сөз жасауға мүлдем қатыспайды деуге болмайды. Газет-журнал беттерінде осы арқылы туған жаңа терминдер де қолданылып отырады. Футболдан "А" класының екінші тобындағы *жеңімпаздардың* ақтық ойындары әр тур сайын шиеленісе түсуде (СҚ. 1967, 29

қазан). Бұл жерде *жеңімпаз* сөзі тек победитель мағынасында емес, сонымен бірге оның терминдік мәнін де сақтап тұр. *Қарарнәме, өсиетнәме, ғұмырнәме* сөздеріндегі *-нәме* тұлғасы -түп – төркініндегідей жазылған, жазба түрдегі деген мағынаны "Айқап" тіліндегі қолданыста да сақтап тұр. Яғни бұл сөздер *жазылған қарар, жазылған өсиет, жазылған заңдар* (уложение), *жазылған өмірбаян* деген мағынада қолданылған. Осы мәнде бұл қосымшаларды қолдану тәжірибесі қазақтың алғашқы мерзімді баспасөз тілінде де болған. Жетісу облысының почта бастығы мәлім қылады. *Мәлімнәме* (ТУГ. 1876, 27 наурыз). Жария *бұйрықнәме* яғни циркуляр дала уалаятын билеп тұрушы (ТУГ. 1888, 1 қаңтар). Түркістан генерал-губернаторының *бұйрықнәмесі* (ТУГ. 1870, 30 қараша). Бірақ бұлай қолдану әрқашан жүйелі түрде сақтала бермейді. Циркуляр яғни жария бұйрыққа (ТУГ. 1888, 19 ақпан).

"Айқап" тіліндегі – *ханә* арқылы сөз тудыру процесі одан әріректегі жазба тілде, баспасөз беттерінде кездесіп отырады. Мысалы, "Дала уалаятының газетінде" *баспахана* деген сөз *редакция* мағынасында қолданылған. *Баспаханадағы* хат (Дала уалаятының газеті, 1889, 21 шілде), Ақмоло облысы газетінің баспаханасына (Сонда. 1890, 5 қаңтар). "Дала уалаятының газетінде" кейде редакция сөзі де кездеседі. Құрметлу Дала уалаятының *редакция* газетінің мекемесіне мағлұм етіб, көп пайдасына жазамын (Сонда. 1900, 20 ақпан).

"Айқапта" қолданылған *қираатхана – оқу үйі, оқу залы* мағынасын білдіреді. Өйткені *қираат* – араб тілінде оқу, XX ғасырдың бас кезіндегі жазба әдебиеттер тілінде бұл сөз осы мағынасында қолданылады: мектептерге арналған оқу кітаптары мен хрестоматиялар *қираат кітабы* деп аталды. Ол *оқухане,* "Айқаптың" өзі түсіндіруі бойынша түркі әдебиеттерін оқудың үйірмесі (кружок по изучению тюркско-татарской литературы). Жазба әдеби тілге "Айқап" қолданған *науқасхана* (больница) енбей, осы үлгімен жасалған *аурухана* сөзі қалыптасты.

"Айқап" тілінде жаңа сөз жасаудың басқа түрлерін де байқай аламыз. Ол сөзді қосарлап, біріктіріп қолдану немесе бір мағынаны білдіру үшін атаулық тіркестер құрау. Қай милләтді қарасақ да һәр бір іске ынтымақ қылуб *газет-журналларын* көбдігін көреміз ("Айқап", 1913, №6, 127-б.). Енді бұрынғы замандағы һәм осы күнгі ақылды, ойлы кісілер дүния жайынан өздері сынау-тәжірибе ету менен табқан халыққа файдалы болиан ойларын, фікірлерін һәм кім білб файдалансун күн елту жолын түзесін деб кітаб жазуб *майданға* шығарған (Сонда. 1913, №8, 171-б.). Үшінші тілегім журналға қоя туруб, русша білімі бар жігіттеріміз хүкіметдің жер алу, *мектеб, медресе, оқу, оқыту* секілді уа ғайры тіршілігімізге керегді *низам-бұйрықдарын* қазақша аударыб, "Айқапқа" жазуб тұрсалар екен ("Айқап", 1913, №6, 125-б.). *Заң — закон* күннен-күнге жанарыб басқаланыб барады (Сонда. 1913, №10, 225-б.). Болмаса тағы қандай *жол-жоспар* бар, тасламай ортаға салу керек (Сонда. 1911, №7, 5-б.). Дүнияда тұруға бірінші тірек болған *промышленность* қысқасы қай жұртдың *баспасөзі* болса да, оның шығарушысы сол жұртдың ортасында бірдей барлығында бір көз менен қараб, жақсылықты бәріне бірдей іздемекші һәрелдің *заң шаруасына* қарай (Сонда. 1914, №1, 8-б.). Мал өсіретін адамдарды қызықтыру үшін жер министірі ол жерлерді арендаға бергенди тұрақға салмай береді, әрине, байлар кедейлерге қарағанда алдарақ жүрсе керек (Сонда. 1913, №4, 73-74-бб.). Бұл неше түрлі *от кеме, от арба* жақсыдан іздегеннен табылған (Сонда. 1912, №11, 254-б.). Европаның зор қалаларының көшелерінде осы *электрик арбалар* адамдарды алып жүреді. Мұны *трамвай* деп атайды (Сонда. 1912, №6, 135-б.).

Мысалы, *газет-журнал, сынау-тәжірибе, мектеп-медресе, низам-бұйрық, заң-закон, жол-жоспар* сияқты қос сөздер бұдан бұрынғы жазбаларда кездеспейді. Мүмкін, бұлардың кейбіреуі сөйлеу тілде жүйесіз қолданылған да шығар. Бірақ "Айқап" оларды саналы түрде өз беттерінде қолданды. Бұлардың біразы газет-журнал, кейінгі баспасөз тілінде орнығып қалса, кейбіреуі жазба әдеби тілден шығып қалды. *Медресе, низам, закон* сөздерінің әдеби тілден орын ала алмай, бір кездегі архаизмдер болып қалуына байланысты *бұйрық, жоспар* сөздерінің кейінгі кездерде мағынасы өзгеріп, сараланып тұрақталуы нәтижесінде мектеп-медресе, низам-бұйрық, заң-закон, жол-жоспар қос сөздері осы күйінде жазба тілге сіңісіп кетті дей қоюға болмайды. Дегенмен "Айқаптың" бұл тенденциясы, яғни көптеген ұғымдарын атаулық тіркестер арқылы беру, терминдік мағынадағы тіркестер жасау, кейінгі кездердегі мерзімді баспасөз тілінде ілгері қарай дами түсті. Тіркес құрамындағы кейбір сөздердің арасы жақындасып, бірігіп кетті. Сөйтіп, олардың біразы жаңа сөз жасаудың тағы бір түріне, сөздерді біріктіріп қолдануға мүмкіндік туғызды. Мысалы, *баспа сөзі, өнер кәсібі* дегендер, міне, сондай эволюцияны басынан кешірді. "Айқап" тілінде бұлар біріккен сөз емес, изафест үлгісімен құралған атаулық (яғни бір ғана заттық мағынаны білдіретін) тұрақты тіркестер. Кейінгі кездердегі мерзімді баспасөз тілінде бұл тіркестер *баспасөз, өнеркәсіп* тұлғасына өзгеріп, біріккен сөз болып кетті.

Протест сөзінің мағыналық ерекшеліктерін толық қамту мақсатында *қатты қағаз* деген тіркес алынған. Бірақ бұл тіркестің терминдік мәні сол болғандықтан, тіркеске түскен екі сөздің мағыналық үйлесімділігі мен олардың беретін мағыналары толық ескерілмегендіктен, тіркес бұл тұлғасымен жазба әдеби тілге сіңбей қалды. *Қатты қағаз* деген тіркес өзінің тура мағынасында (қағаздың өз сапасы) қолданылатындықтан, *протесті* толық бейнелеп бере алмады.

Ал *жер министрі* үлгідегі тіркес кейінгі кезеңдерде кең өріс алды. Жаңа атаулардың келуімен байланысты осы үлгіде терминдік мағынада көптеген жаңа тіркес туды: *қара металлургия министрлігі, оқу-ағарту министрлігі* т.с.

От арба, от кеме, электр арба тіркестері орыс тіліндегі *поезд, пароход, трамвай* терминдерін беру үшін қолданылған. Бұлардың кейбіреуі бұдан бұрынғы жазбаларда да ұшырасады. Бірақ оларда да бірыңғай емес, әр тұлғада кездеседі. Орыс газеттерінде Ташкентке *темір арба* жүруге қайсыбір жол жақсы болар (ТУГ. 1876, 17 маусым) деп жазылыпты. Орынбордан Түркістан жағынан жүретұғын *от арбасын* шақырыпты (ТУГ. 1818, 17 сәуір).

Ең алдымен қазақ тілінде *поезд* деген ұғымды беру үшін *от арба* сөзі қолданылады. Кейін осының үлгісімен *от кеме,* ал "Айқап" бетінде *электрик, арба* сөздері туды. Бұлардың кейбіреулері 1920 жылдардағы мерзімді баспасөз тілінде де жиі қолданылып отырды, бірақ бұлар соңғы кездегі мерзімді баспасөз тілінде, сондай-ақ жалпы жазба әдеби тіліне енбей қалды.

Кейін орыс тіліне енген сөздердің өзін алу үлгісі де болды *(поезд, пароход, трамвай).* "Айқап" тілінде атаулық тіркестер орыс тілінде бір ұғымды заттың атын білдіретін жеке сөздің я біріккен сөздің орнына алынды. Бұндай принцип кейінгі кезеңдердегі мерзімді баспасөзде кеңінен пайдаланыла бастады. Соның нәтижесінде қазіргі жазба әдеби тіліміздің қажетін өтеп, көптеген жаңа атаулық терминологиялық тіркес пен біріккен сөздер пайда болды.

XX ғасырдың бас кезіндегі мерзімді баспасөз беттерінде ауызекі сөйлеу тілінің (диалектизмдер) элементтері де кездесіп отырды. Сөйлеу тілі элементтерінің сипаты күрделі болып келеді. Бірде жазба тілде қолданыста болатын сөз қайталаулар

немесе тек ауызекі сөйлескенде кездесетін қыстырма сөздер болса, бірде сөйлем құрамы өзгеріп келеді. Бұл кездегі мерзімді баспасөз тек қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдаланумен ғана шектеліп қойған жоқ, сонымен бірге жаңа ұғымды бейнелеуде бөтен тілден сөз алу процесін де мықтап дамытты. Бұдан әрине, сол кездегі газет-журналдар қабылдаған шетел сөздерінің бәрі сол күйінде толық қабылданып, жазба әдеби тілге бүтіндей сіңісіп кетті деген қорытынды тумайды. Әңгіме жалпы бағыт, баспасөздің ұстаған тенденциясы жайында болып отыр. Және бұл процесс ертеден бері болып келе жатқан тілдік құбылыс екенін де ұмытуға болмайды.

Әдетте, қазақ тіліне ауысқан сөздерді үш топқа бөледі. Олар моңғол тілдерінен ауысқан сөздер, араб-иран тілдерінен ауысқан сөздер және орыс тілінен не орыс тілі арқылы келген сөздер. Қазақ тіліндегі бұл үш топқа жататын кірме сөздердің әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктері, сипаты бар. Моңғол тілдерінен енген деп жүрген тілдік элементтер, негізінен, тікелей қарым-қатынастың нәтижесінде сөйлеу тілі арқылы ауысқан немесе түркі, моңғол тілдеріне ортақ, немесе моңғол тілінен моңғол тіліне ауысқан сөздер. Олар XX ғасырға дейін тілімізге біржола сіңісіп, төл сөзіміз болып кетті, болмаса жазба тілімізге енбей, сөйлеу тілден ұшты-күйлі шығып қалды. Ал XIX, XX ғасырларда моңғол тілі қазақ тіліне әсер ете қоймады. Сондықтан бұл кезеңде қазақ тіліне моңғол тілінен енген сөз жоқ деуге болады. Оның әртүрлі өзіндік себептері бар.

Моңғол, қалмақ халықтарымен қазақ халқының әртүрлі қарым-қатынасы бұрынғыдай болмады. Қазақстанның Ресейге қосылуымен байланысты екі арадағы жаугершілік, шапқыншылық тоқтады. Моңғол, қалмақ тілдері қазақ тіліне қарағанда, саяси-әлеуметтік, ғылым мен мәдениет, экономикалық ұғымдарды білдіру жағынан ілгері дамып, ықпал етерліктей дәрежеде емес еді. Сондықтан бұрынғы дәуірлерде еніп, қазақ тілінің байырғы сөзі болып кеткендерін есептемегенде, XIX және XX ғасырлардағы қазақтың мерзімді баспасөз тілінде моңғол тілінен енген сөздер жоқ деуге болады. Жалпы, моңғол тілінен енген сөздерді біздің тілшілеріміз жиірек сөз етіп, осы пікірді тұрақтандыра бастаған түрі бар. Ал біздіңше, бұл түбегейлі зерттеліп, әбден көз жеткізілген пиғыл емес. Әңгіме болып отырған сөздер моңғолдың да, қазақтың да әлі халық болып қалыптаспаған кезеңіне тән. Олай болса, бұларды бір тілден екінші тілге ауысқан элементтер деп дәлелдеудің өзі әбес. Сондықтан бұларды екі тілге де ортақ сөздер деп қараған жөн. Зерттеу жұмыстарын осы бағытта жүргізген дұрыс.

Ал араб, иран тілдерінің ықпалы бұдан мүлде өзгеше. Бұл халықтар мен қазақ халқының арасында тікелей қарым-қатынас болған жоқ. Әрине, қазақ халқының құрамындағы кейбір рулардың ерте замандарда бұл халықтармен байланысы болғанмен, кейінгі кезеңде, тіпті ортағасырлық дәуірде, қазақтың халық болып қалыптасқан кезеңінен бері қарай, тікелей қарым-қатынастың болмағаны айқын. Араб, иран тілдерінің қазақ тіліне тигізген әсері тікелей сөз алу емес, ол екі түрлі жағдайда көрініс беріп жатты: бірі – қазақ халқы жеке жұрт болып бөлінбей тұрған кездегі тигізген әсер-ықпалдың қалдығы немесе орта ғасырдағы түркі әдеби тілінің әсерлері, екіншісі – кейінгі кезеңдерде көбіне дін, діни оқумен байланысты көрші отырған түркі халықтарының (мысалы өзбек, татар т.б.) тілдері арқылы енген сөздер. Араб, иран тілінің көптеген сөзі қазақ тіліне сіңісіп, байырғы сөздер қатарына қосылды. Енді бір сыдырғысы тек ескіше оқығандардың сөйлеуінде, жазба тілде ғана қолданылып отырды. Бұл екі жағдайда да кірме сөздер бірде өздерінің о бастағы мағынасында ғана жұмсалса, енді бірде жаңа мағына я

мағыналық леп үстеліп отырды. Мысалы, *кітап* о баста тек діни кітаптар болса, кейін мазмұнына байланысты болмай, жалпы кітап атаулының жинақтық атауына айналды. Ол бірден қалыптасып кеткен жоқ, бірте-бірте жиі қолданыс нәтижесінде сіңді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы жазба материалдарға назар аударсақ, діни емес немесе орыс тілінде жазылған кітаптар, кейде оқулықтар, біраз уақыт *кнеге* деп аталып келгенін байқаймыз. Сол сияқты *дәулет* сөзі мен қазақ тілінде *мемлекет, мемлекеттік* деген түркі мағынасының бірі қалыптаспай қалып қояды. Міне, XX ғасырдың бас кезіндегі мерзімді баспасөз тіліндегі араб, иран тілдерінен енген сөздер дегенде, дәл осы кезде бұл халықтардың тілінен тікелей ауысқан лексемалар айтылмайды. Сол сияқты тілімізге енген жалпы араб, парсы сөздері де әңгіме етілмейді. Өйткені олардың көбі-ақ бұл кезеңде сіңісіп, белгілі функционалды қызмет атқарып, жаттығын жойып кеткен.

Демек, XX ғасырдың бас кезіндегі мерзімдік баспасөз тіліндегі араб, иран тілдерінен енген сөздер дегенде, бұдан бұрын кейбір жазба деректерде қолданылмаған, әдеби тілге сіңбей қалып қойған, бірақ осы кезеңдегі газет-журналдар ол сияқты тілдік элементтерді керегіне жаратып, әдеби тілге енгізуге тырысқанын айтамыз. Сондай кірме сөздер мен тұлғалардың көбі осы кезеңдегі мерзімді баспасөз тілі шеңберінде қалып қойса, кейбірі әдеби тілге еніп, кейінгі жылдардағы баспасөз тілінде де қолданыс тапты.

Араб-парсыдан енген кірме сөздер "Қазақ" (2.02.1913–IX.1918) газетінде де әр қырынан қолданысқа түскен. Айналасы бес жылдың ішінде бұл газеттің 265 саны жарық көрген екен. Қазақ халқының рухани өмірінде өзгеше ірі құбылыс есебінде тарихта қалған бұл газеттің тілі, қолданыстағы қызметі тіпті зор болды. Әсіресе, қазақ тілінің өз мүмкіншілігін іске қосуда мұның рөлі айрықша болды. Сонымен бірге мұнда кірме сөздердің де қолданысқа енгізіліп отыратынын байқауға болады. Бұлардың өзін екі топқа бөліп қарастыру керек: а) қазақ тіліне араб-парсы тілінен келген кірме сөздер; ә) орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген шет тілі сөздері. "Қазақ" газетінен орын алған араб-парсы сөздерінің өзін екі топқа жіктеп қарау керек сияқты: 1. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесін бойына сіңіріп, өзімізденіп кіріккен араб-парсы сөздері. Олар: *ереже, әскер, қызмет, әкім, уәкіл, патша, құдай* т.т. 2. Фонетикалық өзгеріске онша берілмей, дербестігін сақтап қалуға тырысқан *мақтаб* (мектеб), *китаб* (кітап), *сыныф* (сынып, класс) тәрізді қолданыстар.

Келе-келе бұлар да қазақ тілінің заңдылықтарына бағынып, өздік қазынамызға айналды. Біз бұдан термин сөздердің қолданыстағы қалыптасу өрісін анықтаймыз.

"Айқап" бетінде араб, иран тілдерінен ауысқан ондай кірме сөздер тақырыбы жағынан әр алуан болып келеді. Саяси-әлеуметтік өмірге байланысты *мизам, жамиғат, куә, мүдде, мұрат, мақсұт, арыз, қарар* сияқты сөздер, оқу-ағарту, медицина саласында күнделікті өмірге байланысты *мәслихат, табиб, кираат, нисап, майдан, маһир, тәржіме* тәрізді сөздер қолданылған. Жоғарыдағы мысалдардан анық көрінетініндей, бұл сияқты сөздер "Айқап" бетінде алғаш жұмсалып отырған жоқ, тек "Айқап" журналы оларды жаңа мағынада, мағыналық реңкте қолданған.

Әрине, "Айқап" бетінде ұшырасатын араб, иран тілдерінен ауысқан сөздердің саны, қолданылу шеңбері берілген мысалдармен ғана шектелмейді. Біз соның ішінде басты-бастылары-ау дегендерін ғана алдық. Осы мысалдың өзінен кірме сөздердің қолданылу қажеттілігі мен аясы бірдей емес екендігін көре аламыз.

"Айқап" тілінде *милләт* пен *ұлт* сөздері жанаса қолданылған. ...Осындай *ұлт*

ғамы үшін ашылған оқу ханаға ақша күші менен һәм тіл күшінен жәрдем беруін халықпен жүз салыб өтінді ("Айқап", 1914, №5, 1-б.). Бұл екі сөздің жарыса қолданылуы 1920 жылдардағы мерзімді баспасөз тілінде де кездесіп отырады. Бірақ кейінгі жылдарда жазба әдеби тілінде осының *ұлт* сыңары толық орнықты. Ондай параллель сөздердің саны "Айқапта" да "Қазақ" газетінде де жетерлік. *Сауал – сұрау, тамам болмаса – бетпесе, кнеге – кітап, жұрт – ұлт* т.т.

Рәсім атауы тілімізге екі түрлі мағынасында енген бе деп шамалаймыз: сурет – сызылған жоспар, жоба және ереже, дәстүр, салт. "Айқап" журналы бұл сөзді алғашқы мағынасында қолданған. Бірақ қазақ тілінде соңғы мағынасы біршама тұрақтаған, сондықтан мысалдағыдай *рәсім* сөзінің "Айқап" қолданған сурет мағынасы кейін қолданыс таба алмады. *Жанаблары, мұхтарам, мархаба* сөздерінің қолдануында кейбір ерекшелік те жоқ емес. *Жанаба – ұлы, құдіретті, ұлы мәртебелі тақсыр; мұхтарам – қадірлі, құрметті; мархаба – хош келдіңіз, жақсы ниет білдіру* сияқты мағыналарда қолданылатын араб сөзі. "Айқап" та *жанабалары* сөзі бұл кездегі және бұдан бұрынғы уақыттағы ресми қағаздар, хаттар, құжаттар тілінде кездесіп, *хазіретлері* сөзінің баламасы ретінде қолданылған. Бұлай қолдануда бір жағынан араб, иран тілдерінің ықпалы болса, екінші жағынан орыс тілінің де әсері жоқ емес. Өйткені бұл сөздер *ұлы мәртебелі* деген мағынада орыс тілінде жиі қолданылып келген *его превосходительство* сияқтылардың баламасы ретінде жұмсалып тұр. *Тазбер* сөзінің негізгі мағыналары *басқарма, кеңес, бұйрық, құрылыс, жоспар, шара*. Бұл сөз 1920 жылдардағы мерзімді баспасөз тілінде де жұмсалған. *Мағлым* сөзі *өкіл, махым* сөздері сияқты осы тұлғасында да, *мәлім* тұлғасында да әрдайым тілден мықтап орын алды.

Дәулет сөзінің қазақ тілінде *дүние, мүлік, байлық* мағынасы бар да, "Айқап" қолданған *мемлекет, мемлекеттік, дәулет думасы* мағынасы енбей қалды. Қазіргі көптеген түркі тілінде соңғы мағынасы да бар ("Айқаптың" *дәулет* сөзін мемлекет мағынасында қолдануы басқа түркі тілдерінің әсері болуы керек). Бірақ бұл қолдану "Айқап" тілінде жүйелі емес, өйткені кейде оның орнына орысша нұсқасы да жұмсалды.

Министерство юстиции (қазылық уәзірі) – *Министрлер кеңесіне* Государственный думаның қарауына кіргізу үшін Ташкендски *судебный округде* һәм Ақмола, Сәмипалат облусларында *мировой судьелар* һәм сол жерлердегі окружной содларда товарищ прокурорларын көбейту хахында проект кіргізібді ("Айқап", 1913, 2, 40-б.). Бұл сөйлемдерде тек орыс тілінен енген сөздер ғана емес (мысалы, Государственный), сонымен бірге сол сөздердің қазақ тілінде жанаса бермейтін орыс тіліндегі түр-тұлғалары, тіпті тіркестік үлгілері қолданылған: *-ной, -ный, -ств* тұлғалы есімдер (Министерство юстиции). Тіркес орыс тіліндегі күйінде алына салынған, болмаса қазақта анықтауыш (юстиции) анықталатын сөзінен (министерство) кейін еш уақытта тұрмайды. Әрине, бұлардың ішінде сөйлесу тілінде *мировой судья* сияқты қалыптасып кеткендері де бар.

Жоғарыдағы мысалда *хұқы* – право, *ерік, матбуғат* – жария органдары, баспасөз (негізгі мағынасы басылып шыққан) *ғали-тахсил – ұлы жиын, көп білім, рухани азық, сахифе – кітаптың беті, парағы* мағыналарында жұмсалған. Бұлардың кейбіреулері (мысалы, *хұқық)* кейінгі жылдардағы баспасөз тілдерінде де қолданылып отырады.

"Айқап" журналында бұл сөздің қолданылуындағы тағы бір ерекшелік – олардың стильдік қызмет атқаруымен байланысты деп қараған жөн. Жоғарыда ол сөздердің біз көрсеткен баламалар мен мағыналары "Айқап" қолданған сөйлемдерде толық

эквивалент бола бермейді, кейбір эквивалент болған күннің өзінде де "Айқап" қолданған кірме сөздердің біразы, белгілі мағыналық реңк, стильдік бояу беріп тұрады. "Айқап" беттерінде (жоғарыдағы мысалда мағлұм, мәлім емес, халал, адал емес) түпкі түр-тұлғасын сақтай қолданылған. Шөңке біреуден біреу тағлым алуб балаларын оқыта басдар ("Айқап". 1912, №14, 306-307-бб.) Ғарзамызға муфик май айында жер өлшеушілер шығуб, жерімізді өлшеб планның алды (Сонда. 1912, №12, 274—б.). Қай халық түсініб ғамал етеді, қай халық тусінбей зарар етеді (Сонда. 1913, №11, 245-б.). Мысалдағы *тағлым, ғарза, ғамал* сөздері сөйлеу тілінде осы мағыналарында *тәлім, арыз, амал* тұлғаларында қолданылады.

"Айқап" тілінде жұмсалған осындай кірме сөздер қолданылу шеңбері жағынан да біркелкі емес. Кейбірі бұрынғы жазба мұраларда, тіпті әдеби тілде қолданылып келген болса, енді бірсыдырғысы алғаш "Айқап" бетінде қолданылған деуге болады. *Мағлым, махрым* т.с. және *хаслап, жанабылары, мұхтарам* т.с. Сол сияқты бұл кірме сөздердің тек "Айқап" шеңберінен аса алмай, осы аяда ғана қалып қойғандары бар *(жанаблары, мұхтарам, хаслаб, дәулет, тахсил* т.б.), кейінгі жылдардағы мерзімді баспасөз тілінде де қолданыс тапқандары бар *(милләт, тазбер, хұқы* т.б.), бірақ бұлар да жазба әдеби тілге сіңбей қалды. Енді бірсыдырғы сөздер жазба әдеби тілден түпкілікті орын теуіп, жаттығын жойып, байырғы сөздеріміздің қатарын толтырды. *Рәсім – ресми, сауал, мағұлым, өкіл, халал, адал, мақұрым* сияқтылар дәл сондай сөздер. Бұлардың арасында қолданыла келе кейін өзінің терминдік өрісін тауып, тұрақтанған *рәсім* сияқты сөздер де бар.

XX ғасырдың бас кезіндегі мерзімді баспасөз тілінде күнделікті қолданылып отырған кірме сөздердің ең үлкен бір тобы – орыс тілінен тікелей енген я орыс тілі арқылы кірген шет тілдер сөздері. Орыс пен қазақ (түркі) халықтарының арасындағы байланыс, қарым-қатынас, сондай-ақ сөз ауысу процесі сонау ерте замандардан басталатыны анық. Ол мәселе көптеген жазба деректер негізінде дәлелденіп те отыр. Ал XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың публицистика тілінде күнделікті қолданылып отырған орыс тілінен кірген сөздердің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшелік, ең алдымен, сөз ауысу процесінің өзгешелігінде, орыс тілінен қазақ тіліне сөз ауысу процесі, моңғол тілдерінің, сондай-ақ араб, иран тілдерінің әсер-ықпалынан мүлде басқаша. Орыс тілінің көптеген сөзі, бір жағынан, тікелей қарым-қатынастардың нәтижесінде ауызекі сөйлеу тілі арқылы үнемі еніп жатса, екінші жағынан, жазба тілі де көптеп қолданылып отырды. Өйткені қазақ жұртшылығына сол кезде еніп отырған саяси-әлеуметтік, мәдени, ғылым мен техника салаларындағы жаңалықтардың көбі-ақ орыс қауымының тікелей тигізіп отырған әсерінің нәтижесі еді. Тіпті кітап бастырып шығару ісі, мерзімді баспасөздің жарыққа шығып, одан әрі дами түсуі, халық ағарту ісінің жаңа формалары, орыс қауымының ықпалынан және тәуелділіктен келіп туған жаңалықтар еді. Сонымен бірге бұл тілдік процеске мықтап әсер еткен жағдайдың бірі – қазақ елінің Ресей қол астында, басқаша айтсақ, боданында болуында. Көрші отырған екі елдің қайсысының мәдениеті, ғылымы, қоғамдық прогресі алда, көш илгері және жоғары дәрежеде болса, сол халықтың тілі екіншісіне әсер етпей тұрмайтыны тарихтан мәлім.

Осындай көптеген сыртқы жағдайлардың нәтижесінде моңғол және араб, иран тілдерінің ықпалы уақыт өткен сайын әлсіреп, білінбей бара жатса, яғни ол кезеңдік тілдік құбылыс болып қалса, орыс тілінің әсері күннен-күнге өрістеп, дамып отырған тілдік құбылыс екенін жасыра алмаймыз. Тілдегі о бастағы стихиялы түрдегі бұл процесті қазақ халқынан шыққан оқыған азаматтардың көбі-ақ айқын сезінгені байқалады. Соның нәтижесінде "Айқапта" жарияланған мақала авторлары

орыс сөздерін именбей, батыл қолданып отырған. Ал "Қазақ" газетінде мұны барынша саралап, қажетіне қарай пайдаланған.

"Айқапта" қолданылған орыс тілінен енген я орыс тілі арқылы келген интернационалдық лексиканың мағыналық шеңбері, тақырыбы араб, иран тілдерінен енген сөздерден әлдеқайда көп. Ол сөздердің көбі саяси-әлеуметтік өмірге, мәдениетке, оқу-ағарту ісіне, экономика салаларына, ғылым мен техникаға т.б. байланысты атаулар болып келеді. Оны мына төмендегі азғана мысалдар да көрсете алады: 1914 жылы қазақ халқы қала салыб *крестьян* қалыбына кірген соң, бұрын *солдат* қызметін атқарудан бостан жүрген бұл халық салдат хызметіне шақырылса керек еді, лəкин бас хакімлер арасында бір *проект* түзелб тұр ("Айқап", 1912, №7, 164-б.). Баршаңызға мағлым 3 *июнь каноны* бойынша жеті облыс қазақ жұрты *дəулет думасына* өкіл сайлау хұхындан мақұрымы қалғаны (Сонда. 1912, 260-б.). Халқын байыту, қазыналық *даходы* артдыру, құрал ақша көбейту, халқын оқулы қылу жолыда... həш нəрседен қорықбады шаршамады (Сонда. 1913, №9, 190-б.). Ол *приговорды* хакімдер нығайтуб ақша да жинала бастаған еді (Сонда, 1912, №10, 193-б.). Студенттеріміздің қалыбы мұнан да нашар (Сонда. 1912, №11, 241-б.). Не үшін десеңіз науқасының көбін "микроб" дейтұғын жанлар həр түрлі құртлар файда қылатұғын осы күнде тəжірибе менен анық білінген нəрсе (Сонда. №8, 177-б.). Ішкі іс *министрі* Н.А.Маклаков хузырына *титулярный советник* Тураев кіріб Ақмола обулысының Петропавл *уезной начальнигі* Оссовский үстінен парахор алым алады деб ғарза берді (Сонда. 1913, №6, 135-б.).

Осы азғана мысалдардың өзінен экономикалық, шаруашылық жағдайларына байланысты *крестьян, базар, тауар, доход, мануфактура, план, землемер* сияқты сөздер; саяси-әлеуметтік өмірге байланысты *салдат, съезд, проект, приговор* т.б.; әкімшілік, ел басқару ісіне байланысты *облыс, член, уездный, комиссие, министр, советник, начальник* т.б., оқу-ағарту құралдары, ғылым мен техника, мәдениет істеріне байланысты *студент, школ, микраскоб, доктор, музыка, газет, журнал, электр* сияқты алуан түрлі сөздердің "Айқап" беттерінде қолданыс тапқанын көре аламыз. Бұдан, әрине, осы сияқты сөздердің барлығы да алғаш рет "Айқап" тілінде қолданылған екен деген ұғым тумасқа керек. *Съезд, ояз, оязный, облыс, базар, начальник, статья* сияқты сөздер бұрынғы дәуірлерде де я жазба тілде, көркем әдебиет тілінде я сөйлеу тілінде қолданылып келді. "Айқап" журналы осындай сөздерді өз беттерінше қолдана отырып, сонымен қатар олардың қатарын жаңа сөздермен толтықтыра түсті, кейде қолданылып жүрген орыс тілінің сөздеріне жаңа мағына я мағыналық реңк үстеп отырды. Мысалы, *съезд, резолюция* сөздері "Айқап" тілінде *үлкен жиналыс, қаулы* мағынасында ғана қолданылмаған, сонымен бірге оның ресми іс екенін де аңғартады. Осы берілген сөйлемдегі бұл сөздер білдіретін атаулардың орындалу формасы да, яғни алдын ала келісім бойынша мерзімді уақытында белгілі күн тәртібі бар жиналыс және соның жүйелі түрдегі жазылып алынған қаулысы. *Приговор* сөзі өзінің негізгі мағынасы *үкім* дегеннен гөрі *келісім шарт, жасалған қаулы* мағынасын білдіріп тұр. Сол сияқты *статья, председатель, комиссия, доход* сөздерінің де сөйлеу тіліндегі қолданылысынан гөрі тұрақтылық, ресми мәні сезіледі. *Председатель* жиынды басқарушы, ол сөз кейде *төр ағасы* сөзімен де беріліп жүрді. *Доход* жалпы түсім, пайда емес, мемлекеттің *тұрақты қоры* мағынасында жұмсалып тұр.

Сонымен бірге орыс тілінің әсері сөз алмасу процесімен ғана шектелмейді. Бұрын және "Айқап" тілінде, одан кейінгі жазба әдеби тілімізде жиі қолданылынып келген *өкіл, сайлау, жоба, қаулы, қарар, оқулық, оқушы, үйірме, қоғам* сияқты

сөздер орыс тілінің тікелей әсерінен туған жаңа терминдер, я жаңа мағыналар.

Сонымен қатар жеке сөздер тіркесімділігінің арта түсуі де бұл процеспен байланысты. Мысалы, *сайлау* сөзі XX ғасырдан бұрын да бар: *Болыс сайлау,* оның үстіне *председатель сайлау, член болып сайлану, проверенный сайлау, депутаттыққа сайлау* сияқты толып жатқан жаңа сөз тіркестерінің арасында бір жағынан бұрынғы бар синтаксистік үлгі (модель нығайып қалыптаса түссе), екінші жағынан жаңа үлгілер де туа бастады. Сөйтіп, бұл сөздің мағынасы, мағыналық реңкі солардың нәтижесінде кеңейе түсті. Бұл – грамматикаға байланысты жеке қаралатын мәселелер.

Орыс тілінен енген сөздердің фонетика-грамматикалық тұлғасы біркелкі болып келе бермейді. Кейбір орыс сөздері қазақтың сөйлеу тіліндегі түр тұлғасында, яғни түпнұсқа қалпынан біршама фонетикалық өзгешелікте қолданылған. *Салдат, тауар, камесие, ыстатие, доктор* сияқты сөздердің түр-тұлғасынан айырмашылығы қазақыланғандығы айқын көрініп түр. Орыс тілінде екпін түспейтін *о* дыбысы айтылуында *а* болып, не түсіп қалып (доктор), *у, и, я* дыбыстары *в* болып, жуан дыбыстылардың жанындағы *к* жуан нұсқасы *қ* дыбысына өзгеріп кеткен. Сол сияқты сөз басындағы *-ст* дыбыс тіркесінің алдына естілуіндей *ы* қысаңы қосылған. Енді бірде *эсперантошылар, монуфактуршылар, фабрикшілер, завод, крестьян, проект, студент, председатель, землемер* т.б. тәрізді түбір тұлғалары сақталып, қазақ тілінің қосымшалары жалғанып та отырады. (Мұндай жағдайды "Қазақ" газеті материалдарынан да байқаймыз).

Қосымша арқылы сөз тудыру процесінде осындай мысалдар көрсетілді. Кейде орыс тіліндегі түбір тұлғасы ғана емес, туынды түрі қосымшалы формасы да сол күйінде алынғанын көреміз. Оған жоғарыдағы *туземный школ, лесничий доверенной, уездный, шаһар, временный, комесие, титулярный советник, уездный начальник* сияқты сөздер мен сөз тіркестері дәлел бола алады.

"Айқап" тілінде *-ский* сияқты кірме қосымша тіпті қазақ сөздеріне, әсіресе, фамилияны (аты-жөнін) білдіру үшін қолданылған сөздерге де жалғанады: *Байбактинский, Найманский* т.б. Бұл тәрізді сөздер "Дала уалаяты" мен "Түркістан уалаяты газеттерінің" тілінде де жиі кездеседі. "Айқап" тілінде бір қосымша сөздер қазақ сөздерімен де тіркесе береді. Сонда, бірде орыс тіліндегі синтаксистік үлгі сол күйінде бұлжытпай алынса, бірде сыңары аударылып беріледі. Бұл жолы айтайын дегенім "заманың түлкі болса, сен тазы бол" дегендей заманымызда болған *судебный* істерден көргендерім еді ("Айқап". 1913, №6, 118-б.). *Главный управляющий земледелия* һәм *землеустройства Министрлер Советінде* Омскіде, *сельскохозяйственный институт* хақында кеңес киргізібді (Сонда. 1913, №8, 186-б.).

Кейде қазақ тіліне сіңісіп кіріп кеткен сөздер (мысалы, ояз, болыс) түпнұсқасына жақындатылып, сөйлем тілдегі түр-тұлғасы өзгертіліп те қолданылған: *Ояз -уезд, болыс – волыс, волост, волосной* т.б. Бұл бұл ма, тіпті қазақ тілі синтаксистік құрылысына жат тіркестер де бар. Мысалы, былтырғы жыл бұлардың ауылының үстіне *производитель работ* көб уақыт жатуб жер алуға *проект* жасаб, артынан жиырма алты үйлердің жерлерін тегіс алмақшы болуб, ауыл иесі ақсақалдарға қағазға қол қойғызыңдар деб еді ("Айқап". 1913, №8, 167-б.). Мысалдағы *производитель работ* және жоғарыда кездескендей *министерства юстиции* тәрізді конструкциялардың құрылымы, ондағы сөздердің орын тәртібі (анықтауыш-анықталушы) қазақ тілі үшін жат үлгі. Бірақ мұндайлар "Айқап" тілінде көп те

емес.

Осыларды жинақтай келгенде, мынадай қорытынды шығаруға болады. Жаңа ұғым, жаңа атауды бейнелеуде орыс сөздерін "Айқап" батыл қолданып отырды. Сондай-ақ оларды түбір қалпында ғана қолданбай, төл қосымшалар, үстеу арқылы жаңа мағына, жаңа сөз жасаудың бір көзі ретінде пайдалана білді. Бұрыннан енген сөйлеу тілде бар кірме сөздерді сол ауызекі тілдегі тұлғасында жазуға бейімделсе, жаңа кіріп жатқан орыс сөздерін жазуда белгілі бір принцип ұстады деп айта қою қиын. Оны жоғарыда көрсеткен сөздердің түр-тұлғалары байқата алады. Дегенмен, көптеген жағдайда орыс тіліндегі түбір тұлғасы алынып отырды.

Кірме сөздерді бірыңғай жазу принципі кейінгі жылдарда да бірден бірізге, жүйеге түсе қойған жоқ. Сөйтсе де оларды жүйелеуде, қалыптастырып, тұрақтандыруда "Айқаптың" қызметі зор болды.

Орыс тілінен және осы тіл арқылы өзге тілдерден енген интертерминдер туралы, жоғарыда әңгіме еткеніміздей, "Қазақ" газеті де өте қызық мәліметтер береді. Өзінің әу бастағы қазақ тілін барынша таза ұстау деген бағыт-бағдарына қарамастан "Қазақ" газетін шығарушылар (А.Байтұрсынұлы, т.б.) да русизмдер мен интернационалдық терминдерден іргесін аулақ сала алмаған. Мәселен, осы газеттің 1914 ж. 78-інші санындағы "Темір жол һәм Европа соғысы" деп аталған мақалада қолданылған 881 сөздің 50-і русизмдер екен. Сонда "Қазақ" газетінің қолданысында қазақ тілінің дыбысталу жүйесіне қабылдап енгендері, қабылдамай сол өзіндік қалпын сақтап келгендері де бар. Яғни өзге тілдік элементтерді қолдануда әу бастан-ақ екі түрлі ұстаным болғандығы байқалады. Бұл әрине тіл қолданыстың әуелгі кезеңінде кездесе беретін құбылыс. Тілдің осы бір аралық кезеңдегі болмысын дәл аңғарған Ахаңдар (Байтұрсынұлы) кейде интертерминдердің қазақша-орысшасын қатар қолданып та отырған. Мысалы, оқыған *дәрігерлер* арасында не ауру екенін айыра алмайтын *докторлар* толып жатыр ("Қазақ", 1913, №27) Сөйтіп оқырман таңдауына мүмкіндік жасалып отырады. Жалпы, "Қазақ" газетінің тіліміздің терминдену сапасы мен сөзжасам процесіндегі жаңалықтары ұшан-теңіз. Бұл газет сол кездегі басқа басылымдардың қай-қайсысынан болса да сауаттылық жағынан әлдеқайда жоғары деңгейде. Әсіресе қазақ тілінің негізгі байлығын, ішкі өз мүмкіншілігін іске жаратуда теңдесі жоқ үлгілер туғызған. Сонымен бірге өзіндік қорымыздың көзін ашуы әлденеше ғылыми түйін жасауға мүмкіндік береді. Бұл арнайы зерттеуді керек ететін тақырып болғандықтан, біз бұл жолғы әңгімемізді осымен шектей тұрамыз.

Қорыта айтқанда, бұл үшінші тараудың арқалаған жүгі едәуір. Олай болатыны, мұндағы біздің көздеген мақсатымызға байланысты. Барлай келгенде, термин сөздердің өзінен-өзі оп-оңай жасала салмайтыны мәлім болып отыр. Оның өмірде орын алған, соған негіз болған әлденеше көздері анықталды.

Терминдік лексиканың құрамын толықтырған ең бай арнаның бірі ретінде араб-парсы сөздеріне иек артамыз. Қазақ тілінің сөздік құрамын байыта түскен бұларды біз ең көне қабат есебінде қарастырамыз. Қарап отырсақ, рухани өміріміздің қай саласында қажетімізді өтеп, қатар тұра қалатын арабизмдердің мүлде кіріккені соншама, қазір оларды өзге тілдік элемент деп те ойланып жатпаймыз. Мәселен, *адам, қоғам, ғылым, білім, ілім, мектеп, тәрбие, тәлім, оқу, өнер, мәдениет* т.т. санай берсең ұшы-қиырына жету қиын сөздерді әу баста өзге тілден енген деп кім ойлайды. Бұлар – қазақ тілінің заңдылығын түгелімен бойына сіңіріп, өзіміздің төл сөздер қатарына атам заманнан айналған байлығымыз.

Қазақ терминологиясын қалыптастыруда айрықша орны бар екінші бір көз –

ол орыс және сол тіл арқылы келіп жеткен интернационалдық терминдер. Соңғы 50-60 жылда бұлардың қатарының көбейгені соншама, қазіргі қолданыстағы сөз байлығымыздың кем дегенде 70-80 процентін қамтиды екен. Бұл, бір қарағанда, тіл байытудың өнімді жолы боп көрінгенмен, екінші жағынан, ұлттың тіл тынысын тарылта бастаған, сондықтан да саналы түрде саралап қолдануды қажет ететін лексикалық қорға айналып барады. Бұларды зерттеу нәтижесінде келген бір түйін мынау. Қазақ тілінде терминжасам мәселесіне мүлде жаңаша қарау қажеттігі даусыз. Әсіресе, терминжасам принциптерін мүлде қайта қарап, оны ана тіліміздің өз табиғатынан туындайтын қағида, шарттармен бекіте түсуіміз керек. Соған сәйкес қазақ тілінің емле ережесін қайта сүзіп, орфографиялық сөздікті жаңадан түзу қажет деп білеміз.

Термин сөздердің бір көзі ретінде алғашқы газет, журналдардың да берер материалдары жетерлік. Бұл ретте, біз алдымен "Дала уалаяты газеті" мен "Түркістан уалаяты газетін" ауызға алдық. Ал қазақ сөзінің нағыз терминдік қызметте жұмсалуы "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінен бастау алатын тәрізді. Сонымен бірге бұл тарауда моңғол тілдері мен түркі тілдеріне ортақ байлық туралы да сөз болады. Мұның әрқайсысы өз алдына бөлек түбегейлі зерттеуді қажет ететін қазына деп ойлаймыз.

IV ТАРАУ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНЖАСАМ МӘСЕЛЕСІ

а) Жалпы мәселелер (жазу және терминдік жүйе).

ә) Терминжасам тәсілдері: семантикалық тәсіл, морфологиялық тәсіл, синтаксистік тәсіл, қысқарту, калькалау тәсілі.

Терминдік жүйе синтаксистік жазуы жолға қойылған, орфографиялық нормалары қалыптасқан тілдердің өскелең дәуіріне тән құбылыс. Шынында, жазуы жасалмаған тілдің терминологиялық жүйесі жетілмейді. Қай тілдің тарихын алсаңыз да осыны дәлелдейді. Өзіндік қалыптасу, даму кезеңдерімен ерекшеленетін қазақ тілінің тарихынан да біз осындай процесті аңғарамыз. Ендеше, терминология мәселесін түбегейлі қарастырмас бұрын, әуелі қазақ жазуының қалыптасу тарихын барлап алған жөн.

Сөйтіп, қоғам өмірінде жазудың алатын орны ерекше екен. Әлеумет тіршілігіндегі барлық өрлеу, өсу, ілгерілеу, сайып келгенде, жазу өнерімен ұштасып жатады. Ал жазуы жоқ ел – жарығы жоқ үй тәрізді. Қараңғылықтың қасіретін сан ғасыр тартқан талай ұлт, талай ел жайы тарихтан мәлім. Қазақ халқында бұрын қара таныған адамды хан көтеріп, кие тұтып, қастерлеген. Осының өзінен халықтың сауаттылықты ауадай аңсап күткенін көреміз. Ал сауаттылық өлшемі – жазу. Жазу – тіл дамуының және тілді пайдаланушы адамдар қауымының саналы әрекетінің нәтижесі. Тілдің заңдылықтары мен ерекшеліктері жазу арқылы таңбаланады. Ендеше, тіл болмаған жерде, жазу болмайды. Тілдің жүйелі көрінісі болып есептелетін – жазу кенет көктен түсетін олжа емес, ол қоғам өмірінің даму ерекшелігі алып келетін еңбек нәтижесі. Өздерінің іс-әрекеттерін сан ғасыр бойы жадында сақтап келген адамдар қауымы еңбек нәтижесінде өзара қарым-қатынастың, өзара пікірлесу, аралас-құраластың жаңа бір жетілген түрін ойлап таба бастайды. Алғашында олар көрген, білгенін әрқилы таңба, белгі, сурет түрінде тасқа, ағашқа, теріге түсіреді. Сөйтіп, табиғат құбылыстарының әр алуан кескіні түрінде таңбаланған белгілер, біртіндеп мазмұн білдірерлік мәнге ие болады. Олай болса, тіл, жазу, еңбек бірінен-бірі туындап, бірімен-бірі байланысты дамып отырады.

Ф.Энгельс тілдің пайда болуы жөнінде тұңғыш рет дәйекті пікір қозғаған. Ол тілді адамның өзі тәрізді ұжымдық еңбек нәтижесі деп қарайды. Мұның өзі өзара қарым-қатынастың дамуын және өте ұзақ мерзімді қажет ететін құбылыс екенін баса айтады.

Ағаш, тас – таңба түсірудің негізгі нысаны болған тәрізді. Осылайша біртіндеп адамзат қағазды ойлап табуға дейін жеткен. Қағазға жеткен кезең адамзат тарихындағы үлкен жеңістің бірі ретінде бағаланады. Өйткені қағаз жазу өнерінің дамуындағы қажетті әрі жоғары сатының бірі болып табылады.

Қағаздың арқасында жазу-сызу процесі дами бастағаны мәлім. Сол бір кезеңнен бергі жердегі жалпы жазу тарихын сүзіп шығатын болсақ, жазудың ғылым тілімен айтқанда, үш түрі бар екенін білеміз.

1. Пиктографиялық жазу, латынша пиктус – салынған сурет деген мағынаны білдіреді. Яғни "Заттар іс-әрекетті я пікірді шартты таңбалар арқылы білдіруге бейімделген ертедегі сурет жазу"[1]. Бұл жазу ойды сөзбен емес, тек бейнелеу арқылы білдіреді.

[1] *Кенесбаев* С7, *Жанузаков Т.* Русско-казахский словарь лингвистических терминов. Алма-Ата, 1966. С.123.

2. Идиографиялық жазу – ерекше идея-ой деген ұғымды білдіреді.

3. Әріптік жазу – яғни алфавиттік жазу. Бұл тілдегі дыбыстарды әріппен таңбалауға бейімделген жазу немесе "жүйелі орын тәртібімен тізілген, белгілі бір жазба тілдегі әріптердің жиынтығы"[2].

Әріптік жазу қоғам өмірінде күрт мәдени өзгерістер әкелді. Тіпті мәдени өрлеулерге себепші десек, артық бола қоймас. Алфавит көпшіліктің тезірек хат танып, жылдамырақ сауаттануына жол ашты. Сауаттану жұртшылықтың алға қойған мақсаттарына жеделірек жетуіне, қоғамның ілгері дамуына сеп болды.

Жазудың шығу, пайда болу тарихынан берілген бұл азғана дерекпен әзірге шектеле тұрып, енді қазақ халқының мәдени өрлеуіне сеп болған жазу үлгілеріне ден қоймақпыз.

Жасыратыны жоқ, күні кешеге дейін осыншама кең өлкені ен жайлаған елімізде төңкеріске дейін жазу үлгісі болған жоқ, сондықтан да дүниежүзілік мәдениеттен кенже қалған елміз деп келдік. Бұл өзі қазақ деген ұғымның шығу тарихымен салғастырғанда ақиқатқа жақын пікір. Жалпы, бар, жоқ деп бір-ақ кесіп тастау оңай да, ал егер бар болса, ол қалай, қайдан басталады дегенді, жоқ болса оның себеп-салдарын қайтіп түсіндіреміз дегенді шындыққа сай дәлелдеп беру аса қиын шаруа. Осы төңіректегі азды-көпті айтылған пікірлердің, біздіңше, ескерілуге тиісті объективті және субъективті сыры бар сияқты. Объективті жағы бұрын жазу үлгісінің болмағаны. Яғни қолмен ұстап, көзбен көріп, міне, осы жазу біздің қазақ жазуы дейтіндей дау туғызбайтын ескерткіштерге бай еместігіміз. Субъективті сыр дейтініміз де осыдан туындайды. Құжат, дерек, фактілердің тапшылығынан және соларды жүйелеп жазып, кейінгі ұрпаққа тарту еткен оқымысты, ғұламалардың аздығынан, мына кейінгі біздер бәрін сауатсыздыққа сайып, мәселенің жеңіл шешім табуына барғыштай бергенбіз.

Шынтуайтқа келсек, о шеті мен бұл шеті бұрын айлап жүріп әрең жететін қазақ жерінде қалалар, мәдени орындар, тарихи ескерткіштер болмаған деп айта аламыз ба? Жоқ, айта алмаймыз. Әр алуан хандықтар өзара қарым-қатынастарында нендей нәрсені дәнекер етті, неге сүйенді? Солардан қалған жарлықтар, шежірелер, өзара алысқан хат-хабарлар бізге нені айтады? Осыларды ойлағанда Қазақстан жерінен табылған орхон-енисей, ұйғыр жазуының үлгілерін ескермей кете алмайсыз. Әрине, бұл жазу үлгілерінің қай-қайсы да жалпы халық пайдаланған жазу емес екені, тек хандар арасында ғана пайдаланылған үлгілер екені мәлім. Бұларда бұқара қауымға қатысты дерек жоқ. Оның үстіне, осы әліппе үлгісінде жазылған бір де бір фольклорлық нұсқа, бір де бір көркем дүние кездеспейді.

Егер тарихқа жүгінер болсақ, VI–VII ғасырлар арасында билік құрған Түрік қағанатының құрамындағы түркі тілдес тайпалардың өз жазуы болған. Олар алғашқыда соғды алфавитін пайдаланған. Бұл алфавит түркі тайпаларының өз жазу нұсқасы пайда болған бертініректегі кезеңдерде де (VII ғасырдың шамасы) қолданылған.

Бұған Тараз қаласындағы мұражайда сақтаулы тұрған жәдігер дәлел бола алады. Ондағы керамикаға жазылған жазу IX–X ғасырдағы соғды жазуының үлгісі болып табылады.

Ал VII ғасырдың шамамен, алғашқы жартысында, осы соғды жазуы негізінде түркі тайпаларының арасында жаңа жазу пайда болады. Бар болғаны 38 белгіден тұратын бұл жазу түркі тілдерінің фонетикалық ерекшелігін дәл мүсіндеді. Және оның барынша қарапайым, пайдалануға ыңғайлы екенін көптеген зерттеушілер

[2]Сонда. 1966. С.14.

(В.Томсен, В.В.Радлов, С.Е.Малов т.б.) атап өткен болатын. Ең алғаш XVIII ғасырдың жиырмасыншы жылдарында Енисей бойынан осы жазу таңбаланған жазу үлгісін Д.Мессершмидт пен И.Страленберг тапқан. Ал 1889 жылы Н.М.Ядринцев Орхон өзенінің жағасынан тағы бір жазу үлгісін тапты. Бұл алфавиттің кілтін ашқан дат ғалымы В.Томсен мен орыс түркологі В.В.Радлов. Кейін бұл жазу табылған жердің есіміне орай "орхон-енисей жазуы" деп аталып, тарихқа енді. Бұдан кейін де табылған бірнеше ескерткіш үлгілердің тілі осы кездегі барлық түркі тайпаларына ортақ әдеби тіл дегенді орыс, қазақ ғалымдарының біразы айтып жүр. Алайда мұндай түбегейлі тұжырым жасау, дәйекті пікір айту үшін бұл ескерткіштер тілін әлі де зерттей түсу қажет. Жүргізілген зерттеу жұмыстары әлі бұл мәселені шешіп берді деп айта алмаймыз.

IX ғасырдан бастап Шығыс Түркістан қалаларында көне ұйғыр жазуы қолданыла бастайды. Бұл руникалық ескерткіштердің тікелей жалғасы болып табылады. Тек кейбір грамматикалық ерекшеліктері болмаса, екеуінен айырмасы шамалы.

Сөйтіп, XI–XII ғасырларда орхон-енисей жазуын пайдаланған дерек жоқ. Оны алғаш көне ұйғыр жазуы ығыстырса, кейін мұсылман дінін қабылдаған түркі тайпаларының арасында араб жазуы үстем бола бастайды[3].

Әрине, бұл жазу үлгілерінің қай-қайсысы да қалың көпшіліктің қажетін өтей алмаған, ат төбеліндей азғана билеуші топтың игілігіне ғана жарағаны мәлім.

Қазақ жерінде ұйғыр-найман әліппесі болған дегенді айтушылар[4] да бар (VI–VII ғ.). Бұл жайында әрқилы пікір болған. Біреулер – мұны орхонның өзгертілген түрі деп, енді бірі – араб әліппесінен жасалған дейді. Үшінші бір пікір желісі – орхон дегеніміз де, ұйғыр дегеніміз де түбінде арамей жазуына барып тіреледі дегенге саяды.

С.Аманжолов ұйғыр әліппесін қазақтарға бір табан жақындатқысы келеді. Ондағы айтатын негізгі дәлелі бұл жазуды пайдаланғандардың бірі – наймандар, кейінгі дәуірде қазақтардың құрамына енді дейді. Оның үстіне ұйғыр әліппесін қазақ болғаннан бері Абылайға дейінгі хандардың бәрі қолданып келген деген дәлел келтіреді. Ғалымның пікіріне жүгіне түссек, ұйғыр әліппесі моңғолдар заманындағы түркі тайпаларына да қызмет еткен (XII-XV ғ.).

Бұл пікірдің ұшқарырақ екенін айта отырып, оның салмақты ойға жетектейтін тұстарын да мойындамасқа лажымыз жоқ. Ескерте кететін тағы бір жайт, осы тақылеттес пікірдің кейін де көптеген ғалымдар аузында жүруі. Соның бәрін жинақтай келе Қазақстан жерінде жазудың бірнеше үлгілері болғандығын дәлелдейтін бірлі-жарым болса да деректердің барлығы. Олардың ең бастылары – орхон-енисей мен ұйғыр-найман жазуы. Көзіміз жеткен бір ақиқат – бұл аталған жазу үлгілерінің түрік тайпаларына тікелей қатысының барлығы. Ал соны пайдаланған тайпалардың көбін қазақ халқының құрамынан көреміз. Ендеше, бұл жазба үлгілер өзге туыс түрік халықтары сияқты қазақ халқының да мәдени ескерткіштерінің бірі болып саналуы заңды.

Алайда жадымыздан шықпайтын бір нәрсе мынау. Бұл ескерткіштерді зерттегенде біз нендей мақсатты көздейміз. Оны біз зерттей келе белгілі бір халыққа меншіктеп, соған телуіміз керек пе?! Ғылыми зерттеудің мәні осында ғана ма? Мұндай тарихи ескерткіштерді қарастырғанда зерттеуші оған, ең алдымен, еткен дәуірлердің кейінгі ұрпаққа қалдырған аманаты деп түсінуі керек.

[3] *Қазақ ССР тарихы.* Алматы, 1980, 1-т, 454-б.

[4] *Аманжолов С.* Орыс алфавитіне негізделген қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясы (жоба). Алматы, 1940. 3-б.

Зерттей келе белгілі бір дәуірдің белгілі бір тайпалар мен қауымның тарихын, мәдениетін, наным-сенімін, пайым-түсінігін аңғаруға тиіспіз. Яғни осы жазу үлгілері арқылы көне тарихпен тілдесуге мүмкіндік аламыз. Адамзат қауымының не қилы ғаламат құбылыстардың куәгері бола жүріп, соларды тексеріп, танып, біліп, өз заманының өзгешеліктерін мүмкіндігінше қағазға түсіріп, тасқа салуы, сол үшін жазуды ойлап табуы нағыз керемет емес пе? Заманнан заманға жалғасып, біртіндеп жетіліп, жүйеленген жазу үлгілерінің сырын ашып, жұртқа түсіндіріп беру – қиын жұмыстардың бірінен саналады. Ендеше, көне жазу сырлары әлі талай зерттеушісін күтетіні ақиқат.

Араб жазуының негізінде қалыптасқан терминдер

Қазақстан жерін ертеден жайлаған, неше алуан ру-тайпалардың пайдаланған жазуын қадағалап қарасақ, тарихи деректер негізінде, сонау VII–VIII ғасырларға иек артамыз. Ол кезде қазақ халқына тікелей қатысы бар түркі тайпаларының көбі ептеп соғды, сирия жазуларын да пайдаланған. Ал VIII ғасырдан бері қарай Орта Азия мен Қазақстан халықтары араб жазуын пайдалана бастайды. Соның ішінде қазақ халқының құрамына еніп отырған тайпалардың көбі бұдан тыс қала алмайды. Аталған аймақтың өзге өкілдері сияқты қазақтар да күні кешеге дейін, яғни Қазан төңкерісіне дейін осы араб алфавитіне негізделген кітаби жазуды мұра тұтып келген. Шағатай әдебиеті, шағатай тілі, шағатай жазуы деп шеттетіп жүрген үлгінің жаманды-жақсылы кем-кетіктерімен қоса, біздің жазу тарихымызға сәл де болса қатысы бар екенін көруге болады.

Ал оның қазақ халқының сауаттануына, білімін көтеруіне қаншалықты көмегі болды дегенге келсек, ауыз тұшытып айтарлықтай елеулі деректерді келтіру қиын. Сөйтсе де зерттеу мағынасы тұрғысынан объекті боларлық әлі көп нәрсенің басы ашылмай жатқанын ескерте кеткеніміз жөн.

Төңкеріс алдындағы бес-он жылдың деңгейінде қазақ зиялыларының ағартушылық көзқарастағы бірен-саран өкілдері осы араб алфавитінің әртүрлі үлгісін жасауға тырысып бақты. Мұның аздап пайдасы да болғанын білеміз. Өйткені осы уақытта бірді-екілі қазақша газет, журналдар[5] шығып үлгерді. Бұлар (небары 14-15 қана) қазақтың тарихы, мәдени өмірі жайлы біраз мағлұмат береді.

Осы газет, журналдар пайдаланған араб графикасына негізделген алфавиттің араб әліппесіндегі әріп таңбалары түгел енгізілді. Оның үстінде парсы тілі арқылы енген әріптер[6] тағы бар. Мұрыннан айтылатын *ң* дыбысының таңбасы ретінде *н* мен *к* дыбыстарының қосындысы алынған.

Алайда бұл алфавит қазақ тіліне қаншама икемделгенмен кемшіліктен арыла алмады. Ана тіліміздегі дауысты дыбысты таңбалауда араб алфавитінің олақтығынан қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық беру мүмкін емес еді.

Дауысты дыбыстардың сөз мағынасын құбылтуда маңызы айрықша екенін айтпаса да болар. Ал енді араб әліппесіндегі небары үш-ақ дауысты дыбыс қазақ тілінің дауыстылары беретін мағынаны толық бере алмай көптеген қиыншылықтар туғызды.

Араб жазуы бойынша бір ғана, ^ деген сөзді "ұл" деп те, "ол" деп те, "ел" деп те оқуға болады. Оны үнемі контекске қарап, бақылап, байқап отырмасаң жаңылысуың ғажап емес.

---

[5] Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар.

[6] Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971. 43-б.

Осындай кемшіліктер сол тұстағы газет беттерінде де сөз болған. Мәселен, "Дала уалаяты газетінің" бетінде араб әліппесінен басқа бір алфавит ойлап табу мәселесін көтерген мақалалар кездесед[7].

Араб әліппесін бір ғана қазақ елі емес, бүкіл түркі халықтары пайдаланды. Сондықтан бұл кемшіліктер осы халықтардың көбіне ортақ болды. Өйткені бұл жазу бір ғана орфографиялық зандылыққа негізделді де, тілдердің ешқайсысының фонетикалық ерекшеліктері ескерілмеді. Мұнда олардың сүйенген басты принципі – морфологиялық принцип еді. Яғни ешқандай қосымшаның түрленуіне қарамай, біркелкі жазып, әр ұлт өкілдері өзінше оқу принципін үлгі еткен болатын. Мысалы, *кітап-лар, сіз-лер, қыз-лар, жігіт-лер* т.б. сөздердің жазылуына зер салыңыз. Мұнда осы сөздерге жалғануға лайықты фонетикалық варианттар *-дар, -дер, -тар, -тер* т.б. бола тұра, бәрін бірдей *-лар, -лер* қосымшасымен жазып отыр. Бұдан байқайтынымыз, сөйлемде тіліміздің басқа тілдерден ерекшеліктері еленбейтіні.

Әсіресе, санды жазу мен оқуда қызық жайттарды байқаймыз. Араб алфавиті әдетте оңнан солға қарай жазылып, сол ретпен оқылады ғой, ал сан керісінше солдан оңға қарай жазылады. Ұзақ санды жазып, оны оқу мүлде қиын. Алдымен санап алмасақ, қанша орын алатынын мөлшерлеу де мүмкін емес.

Алгебра, геометрия, химия, физика пәндеріндегі белгілері латын алфавиті де, оның мәтінін жазғанда араб әріптері араласып әбден бытысып кетті. Ал интернационалдық терминдерді жазуда, тасымал жасауда да талай машақатқа баттық.

Алайда араб алфавиті төңкеріске дейін өзіне жүктелген біраз міндетті өтеді. Бірден бірге көшіріліп, Шығыстың поэзия үлгілері, қиссалар, шежірелер жазылды. Юсуф Баласағұнның "Құтадғу білігі", "М.Қашқаридің сөздігі" және орта ғасыр ескерткіштерінің бәрі де осы араб алфавитінің үлгісінде жазылған.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде араб жазуымен қатар, епте орыс графикасы да пайдаланыла бастайды. Орыс мектептерінде бірен-саран қазақ балалары оқыды. Жер-жерде орысша-қазақша сыныптар ашылып, олардың оқу жүйесінде де аздаған жаңалықтар бой көрсетті. Оқыту әдістемесі, үлгісі орыс жазуы бойынша жүргізілді. Дін исламды уағыздаушы моллалармен қатар қазақ даласында жаңа бір ілімнің жолын нұсқаушы жандар пайда болды. Тұңғыш мектеп ашып, дала қоңырауын соққан Ы.Алтынсарин ғасырлар бойы білімге сусап, ындыны кепкен қазақ жұртшылығын сауаттануға бастады. П.М. Мелиоранский, В.В. Радлов сынды орыс оқымыстылары қазақ тілі мен мәдениетіне көңіл бөліп, оны ғылыми-зерттеу объектісіне айналдырды.

Қазақ тілі көптеген басқа түркі тілдері сияқты XVIII ғасырдың екінші жартысында ғана зерттеу объектісіне айнала бастаған. Н.АКононовтың[8] көрсетуі бойынша, бұл тіл жайындағы алғашқы деректер "Сравнительные словари всех языков и наречий" мен Федор Павлович (Фридрих) Аделунгтың мұрағатынан кездеседі.

Қазақ тілі жайындағы мәліметтер Г.Ю.Клапрот, М.Бекчурин (Бещерин) еңбектерінде де бар. Г.Клапрот тіпті қазақтар жайында аздаған түсінік бере келе

---

[7] *Дүйсенбаев Р.* Қазақ алфавиті туралы мәселе ("Дала уалаятының газеті", 1987); *Әлжанов О.* "Букварь для киргизов" деген кітапқа рецензия "Дала уалаятының газеті", 1984. №39.

[8] *Кононов А.Н.* История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. Л., 1972. С.215–217.

французша-қазақша сөздікше де береді. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы азды-көпті еңбектің бар болғаны осы.

XIX ғасырдың орта шенінде қазақ тілін зерттеу жайы біршама ілгерілеген тәрізді. Мұнда негізінен практикалық мақсат көзделген. Қазақ тіліне байланысты әрқилы практикалық құралдар шыға бастады. Аз да болса ғылыми мазмұндылығымен көзге түсетін сол кездегі айтулы еңбектің бірі ретінде Н.И.Ильминскийдің "Материалы к изучению киргизского (казахского) наречия"[9] деп аталатын еңбегін атауға болады. М.А.Терентьев өзінің грамматикасын осы еңбектің материалы негізінде жазған. Мұнда қазақ тіліне қатысты бөлім бар.

Ана тіліміздің төңкерістен бұрынғы зерттелу тарихында үлкен бір белес болып табылатын – П.М.Мелиоранскийдің "Краткая грамматика казах-киргизского языка" атты еңбегі. Бұл еңбектің құндылығы – өзінен кейінгі жұмыстарға үлгі болғандығында. Сондай-ақ В.В.Катаринскийдің "Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис" (Оренбург, 1897), И.Лаптевтің "Киргизско-русский словарының" 107-148 беттерін еске саламыз.

А.Н.Кононов, В.В.Катаринскийдің жасаған "Практические уроки русского языка для киргизов" (Оренбург, 1895, 2-е изд. Казань, 1909) және "Первоначальный учебник русского языка для киргизов" (Казань, 1909) еңбектерінің қазақтардың орыс тілін оқып үйренуіне әжептәуір септігі тигенін кейбір деректер ақиқаттайды. Қазақтарға арналған алғашқы "Әліппе" 1892 жылы Қазан қаласында басылып шықты.

Бұл қатарда біз Ы.Алтынсариннің "Киргизская хрестоматиясын" (Оренбург, 1879, 2-е изд. 1906), А.А.Алекторовтың "Киргизская хрестоматиясын" (Оренбург, 1898), Н.Н.Пантусовтың "Материалы к изучению казак-киргизского наречиясын" (Казань, вып.7; 1809–1904), М.Н.Бектемировтың "Руководство к изучению киргизского языкасын" (Ташкент, 1909) ерекше атамауға болмайды.

Қазақ тілі мен фольклорына қатысты мол деректі В.В.Радлов еңбектерінен де табамыз (Образцы народной литературы тюркских племен. Т.2. СПб., 1870).

XVIII–XIX ғ. аралығындағы орыс оқымыстыларының еңбектерін және діни наным-сенімнен арыла алмаған араб алфавиті негізінде халыққа жеткен қисса, шежірелерді ой елегінен өткізсек, бір қызық жайтты аңғарамыз. Бұл тұста ашық түрде болмағанмен, араб алфавиті мен орыс жазу үлгісінің арасында астыртын айқас күшейе түскен тәрізді. Моллалар кей тұста құранның түсініксіз сүрелерін жаттатып, халықтың шығармашылық ойын бұлыңғырлатып, әлдебір ертегідегідей бұлдыр дүниені уағыздаса, орыс оқуын көксейтіндер жаңа бір әлемге, жаңа бір өнерге жол бастап, елді білім-сана жағынан есейе түсуге жетектейді. Осы бір жай көзге елеусіз, бірақ халықтың ішкі дүниесіндегі бұлқыныстың кезінде Шоқан Уәлиханов дәл байқаған екен: "Қазіргі кезеңде ескі мен жаңаның: мұсылмандық шығыс пен орыс арасында жай көзге байқалмас күшті күрес жүріп жатыр"[10], – дейді.

Халқымыздың мәдениетін өркендетіп, сауатын арттыра түсуде араб жазуының пайдасынан зияны молдау болғанын қазақтың сауатты ер-азаматтары көптен-ақ байқаған. Әсіресе, шала сауатты молда дамыллалардың балаларды оқыту ісіндегі

[9] *Ильминский Н.И.* Материалы к изучению киргизского наречия. УЗКУ. 1860, Кн.3,4; 1861, Кн.1 и 3; *Мелиоранский П.М.* Краткая грамматика казах-киргизского языка. 4.1. Фонетика и этимология. СПб., 1894, Ч.2; СПб., 1897.

[10] *Валиханов Ч.* Соч. "Записки русского геогр. об-ва по отделу географии". 1909, 1, 29, 192.

өнімсіз тірлігі көптеген көзі ашық адамдардың жігерін құм ететін. Сондықтан да олар елдің басындағы бұл надандық күйді күңірене жазып, содан құтылудың амалын қарастыратын. Олар, әсіресе, қазақ тілін білмейтін дүмшелердің сабақ үйретуде тіл бұзарлық қылмысына қынжылмай тұра алмады. Осы өрескелдікпен бітіспейтін күреске түскен адамның бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол бірде өзінің досы, орыс ориенталисі Н.И.Ильминскийге[11] жазған хатында "Молдалар адам миын су қылудың үстіне, табиғи тілді де бұзып бітті" деп, ащы шындықты айтып күйзеледі. Қазақ оқымыстыларының сол кездің өзінде-ақ тіл тазалығын әңгіме етуі таңғаларлық жайт емес пе? Ол, мұнымен қоса, қазақ тілінде кітаптың болмағанына қынжылады. Қарап отырсақ, араб әліппесімен немесе сол араб тілінің өзінде қазақ халқының қамын ойлап жазылған еңбекті табу қиын екен. Міне, сондықтан да ұлы педагогтің тағы бір тұста моллалар оқытып жүрген татар, араб, парсы тіліндегі кітаптар адамды айқын ойлылықтан алшақтатады, сондықтан басқа халықтар сияқты, қазақтарға да өз тілінде жазылған, ақылға, ілімге жетектейтін кітаптар керек деуі әбден дұрыс.

Төңкеріс алдындағы аумалы-төкпелі кезеңдерде пайда болған жазу мәдениетімізге аз да болса қатысы бар еңбектерді саралай келе мынадай түйін жасауға болатын тәрізді.

Қазақстан территориясында бірнеше жазу үлгілері болған. Олар – орхон-енисей жазба ескерткіштері, көне ұйғыр немесе кейбір оқымыстылардың айтқанындай, ұйғыр-найман жазуы және соғды жазуы. Бұларды өз кезеңінде біздің республиканы мекендеген түркі тайпаларының өкілдері пайдаланған. Ендеше, бұл жазу үлгілерінің негізінен сол тайпалардан құралып отырған қазақ, қырғыз, өзбек, әзірбайжан, татар, башқұрт, чуваш, якут т.б. халықтардың қай-қайсысына да тікелей қатысы бар.

Екіншіден, VIII–IX ғасырдан бері қарай халқымыздың тарихында бірнеше ғасыр бойы ілесіп келген араб жазуы мен XIX ғасырдың екінші жартысында бой көрсете бастаған орыс жазу үлгілерінің де сараласуға тиісті келеңді-келеңсіз жағы бар. Оның қайсыбір тұстарын біз жоғарыда талдап беруге тырыстық. Соны нақтылап түсіндіру үшін алдымен мынадай сұраққа жауап беру керек сияқты. Төңкерістен бұрынғы араб жазуы, арабша оқу мен орыс графикасы, орыс оқуы бізге, біздің халқымызға не береді? Біз бұл сұрақты қазақ халқының мәдени тарихына орай қойып отырмыз...

Алдымен есте тұтатын бір жай мынадай. Бұл жазулардың қай-қайсысы да халықтың өз қалауымен қабылданған жазу емес. Мәселен, араб жазуы басқыншылардың о баста елді билеудің бір тәсілі есебінде тұтынған құралы болатын. Олар халықтың көзін ашып, әлем сырын, табиғат құпиясын білдіретін ғылым тілін үйретуді мақсат етпеген. Онсыз да қараңғы қазақтың қамсыз, қаракетсіз тірлігі мен ауыр тұрмысының себебін іздеп, түсіндіруге мұршасын келтірмеген, көбінесе "бұл дүниеде азапты көп шеккен адам, о дүниеде рахатқа кезігеді" деген құлшылық, көнімпаздық ұғымды миға құюмен болған. Мұның өзі ел билеушілер мүддесін көздейтін пәлсафа еді. Байқап қарасаңыз, халқымыздың басынан өткен сан жылдар, әлденеше ғасырлар – үрейлі бір наным, сенімге жалбарынуымен өткен, өкініші мен өксігі көп кезеңдер екен. Міне, соның кесірінен де тарих керуенінің көп жолдары бізге, мына кейінгі дәуір ұрпақтарына көмескі боп көріне береді. Сол бір дәуірлер сырын айқын, анық етіп жазған, не айтып кеткен білікті азамат, не білім-мағлұмат берер беделді кітапқа бай емеспіз. Өзге жұртқа қарағанда,

[11] *Ильминский Н.* Воспоминания об И.Алтынсарине. Казань, 1895, с.215.

өткен тарихымызды жұпынылау сөз етіп, жадағайланып шыға беретіндігіміздің мәнісі осында.

Ғасырлар бойы ортамызда болған оқу үлгісінің "орындаған бір ісі" – діни мектеп-медреселерге сол дінді, шариғатты уағыздап, құран сүрелерін жаттатқызатын молда-мүриттердің көбі елдің санасын оятумен емес, шатастырумен болды. Міне, араб оқуы мен жазуының бізге бергені осы. Әрине, мәселенің екінші жағын да ескеруіміз керек. Аузымызды қаншама құ шөппен сүрткенмен, көптің қолындағы жалғыз қару осы болған соң, там-тұмдап дәуір, кезең келбетін елестетер ескерткіштердің де қалғанын жасыруға болмайды. Шығыс әдебиеті мен мәдениетінің небір асқан үлгілерін қазақ жұртшылығы, ең алдымен, осы жазу арқылы таныды. Өзінің ауыз әдебиетінің тамаша туындыларын бірден бірге жыршы, жыраулар арқылы жеткізумен бірге, араб әліппесін пайдаланып та елге таратып отырғанын білеміз. Келе-келе халқымыз өз мүддесін, өз мәдениеті мен өзіндік тірлік-тынысын ортаға салып, жұртшылықпен ойласар тұста өз газеттерін, өз журналын шығарып жатты. Бұл газет-журналдарды шығаруда да қазақ зиялылары осы араб жазу үлгісін, соның алфавитін пайдаланды. Ал енді осы газет, журналдар қандай орфографиялық ережелерге сүйенді, қандай норманы ұстанды десек, бұл жазу үлгілері ешқандай сын көтермейді. Көптеген материалдармен танысып шыққанда, жалпы түркі тілдес халықтардың ортақтығын дәлелдейтін "морфологиялық принципті" біздің қазақ газеттері көбінесе ұстана бермеген. П.М.Мелиоранскийдің байқауынша, араб, парсы сөздерін ескіше сауатты адамдар сол тілдегі нұсқасын сақтап жазған да, шала сауаттылар қалай естілсе, солай жазуды дағдыға айналдырған. Мысалы, *уәде* деген сөздің жазылуын Р.Ғ.Сыздықова[12] осы пікірге дәлел ретінде алады. Мұны олар *уағда* деп жазудың орнына – *уәде* деп жаза берген. Ғалым бұл жағдайды сәл басқашалау түсіндіреді. Ол: мәселе жазушының "сауаттылығында" ғана емес, нені жазуына қарау керектігінде. Абайдың қара сөздерін тексеру үстінде ғалым бір қызық фактіні байқайды. Егер әлгіндей сөздер діни адамдарға арналса, араб, парсы тіліндегі түрі қатты сақталады екен де, жай азаматтық әуенде қарапайым нәрселер жазылатын болса, қазақ тіліндегі естілу нұсқасын сақтайды. Осындай жайтты өзге де зерттеушілер байқайды. Ертеректе – С.Аманжолов, Қ.Жұбанов, Х.Басымов т.т., кейінірек Б.Әбілқасымов, С.Исаев еңбектерінен[13] араб, парсы сөздерінің жазылуы жайында мағлұматтар кездестіруге болады.

Жоғарыда аталған мақаласында Р.Ғ.Сыздықова төңкеріске дейінгі жазу жүйеміздің біраз кемшіліктерін атап көрсеткен. Араб алфавиті дауысты дыбыстарға бай емес. Қазақ аффикстерінің жуан, жіңішкелік белгілерін бере алмады; дауыстыдан басталатын сөз алдында сүйеніш таяқ – алиф босқа тұратын еді. Дауыссыз дыбыстардың жазылуында да жүйе болған жоқ. *Ы – і* дыбыстарын таңбалайтын бола тұра, ол жазуда көрсетілмейтін – бір; септік жалғауы өзіне тиісті сөзден бөлек жазылатын. Ал шылаулар сөздермен бірге жазылады.

Қысқасын айтқанда, қазақ орфографиясы XX ғасырдың басына дейін жүйесіз, қалай болса, солай жазылып келді деген пікірге әбден қосылуға болады. Өйткені оңай нәрселердің өзін жүйелеп беруге араб жазуының мұршасы болмағанын

---

[12] *Сыздықова Р.Ғ.* Вопросы развития казахского правописания//Қазақ филологиясының мәселелері. Алматы, 1964. 89-б.

[3] *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966; *Аманжолов С.* Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Алматы,1957; *Х. Басымовтың* "Еңбекші қазақ" газетіне жарияланған мақалаларын қараңыз.

байқаймыз. Сондықтан да араб жазуына байланысты қазақ орфографиясының сол кездегі сыңайын П.М.Мелиоранский өте дәл байқаған. Ол былай дейді: "Қырғыздар (қазақтар – Ө.А.) орфографиялық ережені жеке адамдардың көрсетуі бойынша ұстанып отырған, ал олардың негізгі көпшілігінің сауаты шамалы болғандықтан, жазуларында түсінікті қиындататын әр алуан қателер көп болатын"[14].

Араб жазуының осындай кемшіліктеріне байланысты 1914 жылы арабшылдар Орынборда қазақ-қырғыз оқығандарының съезін шақырып, алфавитке біраз жаңалықтар енгізеді. Бұл жерде кейін негізгі үлгіге айналған А.Байтұрсынұлы өзгерістерін ерекше атау керек. Мұнда біраз әріпті қысқартып жазу ережелері жүйеленді. Шынында, бұл үлгі латын жазуына дейінгі мұқтажымызды өтеген, едәуір прогрестік мәні бар жазу болатын. Бұл үлгіні күні бүгінге дейін Қытай, Моңғол қазақтары тұтынып отыр. Осының өзінен-ақ А.Байтұрсынұлы жасаған жазудың әлдеқайда өміршеңдігін көреміз.

XIX ғасырда қазақ арасына орыс оқымыстылары мен ойшылдарының келе бастауының нәтижесінде, халқымыздың мәдени өмірінде елеулі өзгерістер бола бастайды. Негізінен, патша үкіметінің тапсырмасын орындай келген бұлар қазақтың тілін, тарихын, ауыз әдебиетін зерттейді. Жер-жерде орысша мектептер ашылып, онда қазақ балалары да оқиды. Енді қазақтар арабша оқумен қатар орысша да оқи бастайды. Қазақтардың өз ішінен Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов тәрізді орысша білім алған, озық ойлы азаматтары жетіле бастайды. Жоғарыда есімдері аталған орыстың ориенталист-оқымыстылары қазақ тілінің фактілерін орыс графикасына түсіріп, орыс тілін үйренетін қазақтар үшін және керісінше қазақ тілін оқитын орыс жәие басқа ұлт өкілдері үшін оқу құралдарын жазумен айналысады. Сөйтіп, бұл кезең орыс оқуы мен араб жазуының астыртын айқасқа түскен тұсы болатын.

Алайда орыс оқымыстыларының қазақтарға орысша үйретіп, олармен араласа бастағанына қарап, патша үкіметі саясатының астарын көрмей кетуге болмайды. Патша мен орыс буржуазиясының мұндағы көксегені – бұратана елді билеуге тікелей жәрдемдесетін қолшоқпар дайындау болатын. Расында да Ыбырай мен Шоқан сияқты жарқырап шыққан жұлдыздар болмаса, ол кездегі орыс мектебі ең алдымен, өз елін тізе бүктіретін толып жатқан қазақ чиновниксымақтарын берді. Олардың өз жұртына деген бар жақсылығы бірінің үстінен бірі ұйымдастырған арыз-шағымдарды орысшалап, ұлық пен екі арадағы итіс-тартыста өз басына пайдалы, шашылған мүлікті қағып түсіп, қылғыта беруден әрі асқан жоқ.

Төңкеріске дейінгі халқымыздың тарихында болған екі түрлі үлгінің пайдасы мен зияны қысқаша айтқанда осындай.

Жазу – адамзат қауымы тапқан мәдени мүліктің ең асылдарының бірі. Жазу әліппеге (алфавитке) тәуелді. Мәдени өрлеуге себепші болған жазудың негізі алфавит деп танитын болсақ, әліппені асқан даналықтың туындысы деп қарауымыз керек.

Мәдени прогрестің айқын бір белгісі ең алдымен ғылым-білімнің өркендеуінен көрінеді. Білімнің, ғылымның дамуы қай елді болса да мәдени өрлеуге жетелейді. Егер Кеңес өкіметі мәдени төңкерістің маңызды бір тармағы тіл қозғалысын, сауаттылық мәселесін қолға алмаған болса, дәл бүгінгідей дәрежеге ешқашан да жете алмаған болар еді. Біздің еліміз ешқандай саяси-әлеуметтік өзгерістер мен экономикалық жетістіктерді көре алмаған болар еді.

Бұл тұста патшалы Ресей кезіндегі империализм идеологтарының мына бір сорақы пікірін еске түсіру қажет: "Олар тілдердің грамматикалық ережесін жазып,

[14] *Мелиоранский П.М.* Краткая грамматика казак-киргизского языка. Спб., 1894, Ч.I. С.13.

оған аздаған әдеби өң беріп, жазумен жабдықтап мектепке енгізуді, сөйтіп соған лайықты халықтар тобын жасауды"[15] мақсат еткенін жасырмай айтады.

Ол кездегі "қамқорлықтың" сиқы осындай екенін кезінде ұққан В.И.Ленин бастаған большевиктер партиясы ә дегенде жаңа және көне әдеби тілдердің қайсысын да қалыпқа түсіріп, дамытуды тарихи қысқа мерзімде іске асыруға кірісті.

Сауатсыздықты жою үшін сауаттылардың сапасын анықтап, саналы әрекетке көшу керек болды. Осы мәнді мәселеде арқа сүйеріміз ғалымдар мен алдыңғы қатарлы зиялылар болғаны мәлім. Солардың ішінде озық ойлылары мен жоғары білімділерін жетекке алып, жаңа дүние жаңалықтарының жаршысына айналдыра білді.

Ұлт және тіл мәселесі жөнінде 1921 жылы өткен партияның X съезі нақты тұжырымға келді.

... Оның жалпы мазмұны өз сөзімізбен айтқанда, былай болып шығады. Алға кеткен орталық Ресейді қуып жету үшін орыстан өзге халықтардың еңбекші бұқарасына жәрдем ету. Мәселен, сол халықтардың ұлттық болмысына сәйкес келетін кеңестік мемлекеттіліктің түрі, ана тілінде жұмыс істейтін жергілікті тұрғындар тұрмысы мен мінез-құлқын жақсы білетін адамдардан тұратын сот, әкімшілік, шаруашылық, өкімет органдарын дамытып тұрақтандыру қажеттігі айтылды. Сондай-ақ, ана тілінде баспасөзді, мектепті, театрды, клуб пен мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жандандыру, басқару жүйесі мен әсіресе, оқу-білім саласы бойынша жергілікті жерде партия, кеңес қызметкерлерін, білікті маман жұмысшыларды жеделірек даярлау үшін жалпы және кәсіптік-техникалық білім беретін мектептер мен курстар тармақтарын (әсіресе, қырғыз (қазақ), башқұрт, түрікпен, өзбек, тәжік, әзірбайжан, татар, дағыстандықтар үшін) ашып, дамыту[16] жөнінде нақты шаралар жүргізілді.

Сол мамандарды әзірлеп, өркениеттен кенжелеп қалған шет аймақтар жұртшылығын социалистік экономика мен мәдениетке қосу үшін әрбір ұлттың өз ана тілінде көпке ортақ жазу жүйесі жасалуы тиіс болды.

Бұл игі іспен айналыспаған адам кем де кем: басшы қызметте отырған жолдастар, алдыңғы қатардағы интеллигенция өкілдері т.т. Әсіресе, тіл білімпаздары төңкеріс алдындағы жылдардағыдай тиіп-қашып факті жинаумен ғана шектелмей, еліміздегі барлық тілдердің бүгінгі жайы мен даму, жетілу мүмкіндігін жоспарлы түрде жүйелей зерттеумен шұғылданды.

Мемлекетіміз жергілікті ана тілінде оқу құралдарын және аударма кітаптарды көптеп шығара бастады. Ал газеттер мен журналдардың халық игілігіне қызмет етуі мәдени жетістігіміздің бір парасы болып табылады.

Алғашқы бесжылдықтар тұсында оқу-ағарту ісінде қыруар жұмыстар істелді. Кеңес Одағы жаппай сауатты мемлекетке айналды. Халқымыздың жасампаз еңбегінің нәтижесінде бұл жылдары шынында да капиталистік мемлекеттердің ешқайсысының өңі түгілі түсіне де кірмейтін ғажайып мәдени өрлеу жасалды. Осы мақсатты орындауға бірден-бір себепкер болған іс – тіл проблемаларының дұрыс жолға қойылуы деп білеміз.

Қазан төңкерісінен бергі жердегі жазу мәдениетіміздің тарихын үш кезеңге бөліп қарастырған жөн. Негізінен араб жазу үлгісін пайдаланған 20-жылдарды –

[15] Журнал министерства народного просвещения. 1887, февраль. С.37.

[16] КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов. М., 1953. ЧЛ. Изд.7. С.559.

алғашқы кезең деп қарасақ, латыншаны әжетке жаратқан 30-жылдарды екінші кезең деп білеміз. Ал 40-жылдардың басынан біз жаппай орыс үлгісін пайдалана бастадық. Содан бері қарайғы уақытты – үшінші кезең есебінде қарастыру дұрыс.

Аталған үш кезеңде халқымыз үш түрлі жазу үлгісін пайдаланған екен. Үш топқа бөліп қарауымыздың мәнісі де осыған байланысты.

Бұл үш жазудың сауат ашу ісінде қилы мінез танытқанын жасыруға болмайды. Ол жөніндегі қайсыбір ойларымызды айтпас бұрын, мына жайға мән бере кетейік.

В.И.Ленин 1919 жылы 26 желтоқсанда РСФСР тұрғындары ортасында сауатсыздықты жою жөніндегі декретке қол қойды.

Қазақстан үкіметі елді жайлаған аштық пен жалаңаш-жалпылыққа қарамастан бұл жылдары көптің сауатын ашуда орасын зор жұмыстар жүргізді. Ол 1921 жылғы 26 шілдеде сауатсыздықты жою туралы арнайы қаулы қабылдап, нақты шаралар белгіледі. Мемлекеттік мәні ерекше мәселені жүзеге асыра аларлық қабілеті бар 16 мен 50-дің арасындағы сауатсыз азаматтардың бәрі еңбекке тартылды. Еңбекші бұқараның ынтасы мен партия басшылығы жүргізген жұмыстарының нәтижесінде 1920–21 жылдары Қазақстанда 2412 сауатсыздықты жою пункттері ашылған екен. Онда 72232 адам оқыпты. Жаппай сауаттану кезінде кездескен киындықтардың ең бастысы ана тілінде оқытатын оқу құралдарының жетіспеуі және сапасының төмендігі еді.

Алайда жыл өткен сайын жұмыс жандана түсті. Егер 1923 жылы 3000 адам сауаттанып, 90270 адам оқытатын 1003 пункт ашу көзделсе, 1924–25 оқу жылында мұндай пункттердің саны 6677 болған екен.

1921–22 жылы тұңғыш рет қазақша оқу құралы басылып шықты. Оның біразы Қазан қаласында басылған.

Ал 1925–26 оқу жылында республика бойынша 3344 мектеп жұмыс істей бастаған. Оның 111-і ғана жеті жылдық және екінші басқыш (вторая ступень) мектеп болған. Бұларда сабақ оқыған 17720 баланың 3048-і қазақ екен. 215142 бала оқитын 3233 бастауыш мектепте 67769 қазақ баласы[17] білім алған.

Сөйтіп, 1920 жылы республика бойынша сауаттылар санын процентке шаққанда 14,4 болса, оның ішінде қазақтар қалада – 13,9 процент те, ауылды жерлерде – 2,9 процент болған. Ал 1926 жылғы санаққа жүгінсек, сауаттылығымыздың едәуір арта түскенін байқаймыз. Мәселен, 17 мен 35 жастағылардың сауаттылығын әртүрлі ұлт өкілдері бойынша салыстырып қарасақ, республика бойынша сауатты қазақтар саны 10 процентке, орыстар 57 процентке, украиндар 50,9, татарлар 67,5 процентке[18] жеткен. Сонда 1920–1926 жылдар арасында республикамызда сауаттылардың саны 244 мың адамнан асқан.

Баспа орындары ашылып, онда қазақша кітаптар шығару ісі жолға қойылды. Жаңадан пайда болған газет, журналдар мәдени шаруашылығымыздың жандана түсуіне сеп болды. Бұлардың біразы қазақ тілінде шықты. Мысалы, 1925 жылы республика бойынша 31 газет, соның 13-і қазақша екен. Ел сауаттана бастаған соң жергілікті тілшілер саны да көбейе бастады.

Міне, осы аталып өткен шаралардың бәрі – баспа жұмысы, іс қағаздары, газет, журналдар, қаулы-қарарлар т.т. қай-қайсысы да хатқа араб алфавитінің негізінде түсіпті. Түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтын араб жазу үлгілерінің кемшіліктерін көре отырып,

[17] Директивы ВКП(б) и постановления Сов.правительства о народном образовании за 1918–1947 гг. М., 1947.

[18] ҚазССР Орт. мемл. мұрағаты. 81-қ., I т., 1513-іс.

неге тағы да он шақты жыл бас қатырдық, бірден неге латын немесе орыс графикасына көшіп алмадық деген сұрақ тууы мүмкін. Мұның бірнеше тарихи себептері бар. Қазақ халқының негізгі көпшілігі сауатсыз болды деп келдік. Алайда кемшілігі бола тұра олар пайдаланып келген арабша жазу үлгісін есепке алсақ, жұртшылықтың біразының осы жазу арқылы едәуір сауат ашқанын мойындау керек. Бұл – факт. Тарихи, діни қиссаларды заулатып оқып, сәл де болса көптің көкейіне шырағдан жаққан молла-дамыллаларды былай қойғанда, өзара хат жазысып, хабар алысарлық халде болған жұртты тарихтан білеміз. Ескерілген бір жайт осы. Екіншіден, елдің көпшілігі там-тұмдап қара танығанмен әлі санасы жетіле қоймаған кезі. Сондықтан да жаңа өмірдің жаңалықтары мен ескі өмірдің етек басар ескі әдет-ғұрып, наным-сенімдері арасындағы күрестің жеңісе алмай, арбасып тұрған шағында халықтың көзі үйренген жазуды тастап, бірден басқа алфавитті қабылдай қою қиындықтар әкелер еді. Үшіншіден, осындай шақта еңбекші бұқараға жаңа дәуірдің жарқын істерін байқататын, партияның қаулы-қарарлары мен шешімдерін, әзірше өзіне түсінікті жазу үлгісін пайдалана отырып жеткізу жағы көзделді. Міне, осындай бірнеше объективті себептерді ескерген сол кездегі үкімет бірден-бір дұрыс шешім тапты деуге болады.

Уақытша болса да көптің қажетін өтеп отырған бұл жазуды енді қазақ тілінің заңдылықтарына орай жақсарта, жандандыра түсудің амалы қарастырылды. Бұл істе, әсіресе, қазақтың оқыған зиялы азаматтары атсалысты. Олар орыс оқымыстыларының, мамандарының теориялық еңбектерін зерттей отырып, қазақ жазуын ғылыми жүйеге түсіруге әрекеттенеді. Сол кездегі газет, журналдарды қадағалап қарағанда, осы мәселеге арналған материалдарды кездестіруге болады. Алайда араб жазуын жақсартуға арналған ауыз толтырып айтарлық мақаланы айта қою қиын. Араб алфавитіне дәйекші енгізіліп, қайсыбір әріптердің қызметі сараланды: 1924 жылы оған реформа жасалып, оны қазақ тілінің ережелеріне үйлестіру бағытында біраз нәтижелі жұмыстар жасалғаны мәлім. Қайсыбір басы артық әріптерді алып тастап, ана тілімізге бейімдеу жағы қарастырылды. Осы әрекеттің басы-қасында А.Байтұрсынұлы тұруы жазуымыздың саралана түсуіне зор әсерін тигізді. Сөйтіп, бұл алғашқы Реформаның нәтижесінде ұлттық жазуымыз бен алфавитімізді біршама жөнге келтірдік. Осындай алғашқы әрекеттер ұлттық мәдениетімізді өркендету саласына септігі тиген алғашқы кезең ретінде бағаланады.

Латын әрпіне негізделген жазу және термин жасау мәселесі

Біздің елімізде бұрын араб жазуын пайдаланып келген халықтар 20-жылдары біртіндеп латын әрпіне көшуді қолға алды. Бұл қозғалысты ең әуелі әзірбайжан ғалымдары бастаған болатын. Мұнда арнаулы комитет ұйымдастырылды да, оны Н.Нариманов басқарды. В.И.Ленин 1922 жылы әзірбайжан өкілінің жаңа алфавит жайлы хабарын тыңдай отырып, мұны "бұл Шығыстағы революция"[19], деп бағалағаны жайлы И.Хансуваров жазады.

1926 жылы ақпанда Бакуде түркі тілдес халықтар жазуын латындастыруға бағытталған Бүкілодақтық түркологиялық I съезд болып өтті. Съезд жаңа алфавитті енгізу жұмыстары жөніндегі Орталық Комитет құрды...

Сөйтіп, біртіндеп барлық түркі тілдес республикалар латын әрпіне негізделген жаңа жазуға көшті. Бірақ бүкілхалықтық істің жүзеге асуы жолында талай

[19] *Хинсуваров И.* Латинизация – орудие ленинской национальной политики. М., 1932. С.21.

қиыншылықтардың болғаны мәлім. Тап қайшылығы шиеленісіп, идеологиялық күрес жүріп жатқан тұста социалистік мәдениетіміздің даму барысын көре алмайтын керітартпа қауым өкілдері, әрине, әр алуан қарсылық әрекетін істеп бақты.

Қысқасы, бұрынғы Кеңес Одағы халықтарының жазу жүйесін қалыптастыруда ерекше кезең болып есептелетін латын әрпіне көшу мәдени әрі әлеуметтік өмірімізде әжептәуір рөл атқарды. Бұл, ең алдымен, елді прогреске жетелеудің бір мықты құралына айналды. Жаңа алфавит жасауда латын графикасының басқаларға қарағанда ыңғайлы екені белгілі болды. Мұның тағы бір үлкен пайдасы, өзара туыс тілдерде жарияланған көптеген материалдар мен көркем әдебиетті оқуға мүмкіндік туды. Сонымен бірге мұның тағы бір астарлы жағы – орыс алфавитіне көшу алдындағы саты екендігі. Сөйтіп, 1930 жылы барлық түркі халықтары латын әрпін қабылдап бітті. Бұл процестің Кеңестік Шығыстағы мәні зор мәдени төңкеріс есебінде бағалануы тегін емес. Латын әрпіне көшу нәтижесінде бұл жылдары 40 тілде жүзден аса газет, журналдар мен түрлі әдебиеттер шыға бастады.

Алайда алфавиттерді латындандыру кезеңінде кемшіліктердің, асыра сілтеулердің де болғаны белгілі. Қайсыбір қызу қанды жолдастар латын алфавитін "дүниежүзілік коммунистік қоғам алфавиті" деп қорытынды жасауға дейін барды. Бұл алфавиттің белгілі дәрежеде кейбір ұлттар үшін едәуір пайдасы болғанмен, бұрыннан орыс графикасын қабылдап, қолданып үйреніп қалған кейбір халықтар үшін зияны да тиген еді. Мәселен, удмурт, мордва, чуваш, коми, осетин, ойраттардың мәдени тарихынан біз осыны аңғарамыз. Латын алфавиті бұл халықтардың табиғи мұқтаждығына қайшы жасалғанын көп зерттеушілер айтып жүр[20]. Ал өзін тіпті интернационалиспін деп санаған И.Хансуваров түбінде дүниежүзілік революция жеңген кезде барлық халықтар үшін негізгі рөл атқаруға тиісті алфавит осы латын алфавиті[21], – деп асыра мақтады.

Жалпы, латын алфавитінің тарихын парақтасақ, о баста бұл алфавит роман, герман тілдеріне әрі шіркеу тілі, әрі ғылым мен әдебиет тілі есебінде енген болатын. Латын алфавиті латын тіліне жақсы қызмет еткенмен, өзге тілдердің бар ерекшелігін өрнектей алмады. Шынтуайтқа келгенде, әлемде барлық тілге бірдей әмбебап алфавиттің болуы мүмкін де емес қой. Қолданыста өзгелерден анағұрлым ыңғайлы пішін танытатын алфавиттің болуы әбден мүмкін. Бір кезде еліміздегі біраз ұлт тілдерінің жазуына едәуір қызмет еткен латын алфавиті де келе-келе орыс халқының мәдениетімен екі араға салынған кедергіге айнала бастады. Орыс тілін, әдебиетін оқып-үйренуде көптеген қолайсыздықтар туып жатты. Әрбір ұлт, бір жағынан, латын әрпіне құрылған өз жазуымен әуреленсе, екінші жағынан, графикасы басқаша орыс алфавитін тағы оқып, екі жақты сарсаңға түсті. Осының бәрі жинақталып келді де, бірыңғай орыс алфавитіне көшудің кезеңі туды.

Орыс графикасына негізделген қазіргі жазу және термин реттеу мәселесі

Сөйтіп, латын жазуы Кеңестер Одағындағы ұлттар мен ұлыстар тұтастығы мен бірегейлігіне кедергі жасайтынын аңғара бастаған тоталитарлық режим сақшылары социализм жолына түскен ел үшін ортақ жазу керек, ол кириллицаға негізделген орыс алфавиті деген шешімге келді. Бұл идея 30-жылдардың екінші

[20] *Базиев А.Т. , Исаев М.И.* Язык и нация. М.: Наука, 1973. С.119.

[21] *Хансуваров И.* Латинизация – орудие ленинской национальной политики. М., 1932. С.22.

жартысынан іске асырыла бастайды. Ал жеке ұлт мүддесі, шынтуайтына келгенде, екінші қатарға ығыстырылды. 1936 жылдан бастап Кеңес Одағында орыс алфавитінің дәуірі жүре бастайды. Осы заманғы бүкіл саяси және ғылыми ақыл-ойдың жаршысына айналып, классикалық әдебиеттің тамаша туындыларын жариялаған орыс тілі осылайша тарих сахнасына шығып, өзінің ұлтаралық тіл ретіндегі тарихи қызметіне көшті.

Орыс алфавиті еңбекші бұқараның өз талап-тілегіне орай қабылданды деп келдік. Солайы солай болғанмен, жоғарыда ескерткеніміздей, көптеген солақайлықтардың да орын алғанын жасыру қиын. Әрине, жаңа алфавитке көшу кезеңінде Кеңес үкіметі барын салды. Әртүрлі ұлт республикаларында тіл және мәдениет институттарының ашылуынан осыны байқаймыз. Осыдан былай қарай тіл құралы бүкілхалықтық іске айналып, бұған еңбекшілер қызу араласа бастады.

Қандай бір салада болсын орыс алфавитін қабылдаудың мәні, сөз жоқ, ерекше болғанын да айту керек. Жазу жүйесін жетілдіруде, ұлттық әдеби тілдерді дамытуда және Кеңестер Одағындағы ұлттардың мәдени дәрежесін көтеруде орыс алфавитіне негізделген жазудың қызметі айқындала түсті. Жетістігіміз де жоқ емес. Біз орыстың озық мәдениетін игеріп, дүниежүзілік мәдениеттің алтын қорынан нәр ала бастадық. Сондай-ақ мектептерде сабақ беру жүйесі қалыптасты. Қазақ халқының орыс тілін жеделірек үйренуіне мүмкіндік туды. Әу бастағы мақсаттың бірі осы болатын, әрине, орфографиялық норманы қалыпқа келтіруде, қоғамдық-саяси лексика мен ғылыми-техникалық терминдерді жасауда орыс жазуының көмегі орасан зор екенін біз күні бүгінге дейін көріп-біліп келеміз.

Жалпы, орыс алфавитінің артықшылығын, тек біз ғана емес, кеңестік және шетелдік ғалымдардың да біразы таңдай қаға жазған болатын. Мәселен, француз тілшісі Ж.Вандриес кириллицаға негізделген орыс алфавиті жөнінде былай деген: "Славяндардың кирилл және мефодий алфавиті – нағыз кереметтің өзі. Ағылшын, сақтар мен ирландықтар алфавиті бұдан әлдеқайда алыс жатыр. Бұлар латын алфавитін өз тілдеріне жақындатпақ болып әлденеше ғасыр әуреленді, бірақ онысынан онша нәтиже шықпады"[22].

Алфавит атаулыға баға беру үшін оның адамзат қоғамында атқаратын қызметіне қарай және бүкілодақтық прогреске қаншалықты пайдасы бар деген тұрғыдан қарау керек. Осыған қоса мәдениеті ертеден дамыған елдің жағдайымен де санасу қажет. Орыс алфавиті мұндай шарттардың біразына жауап берерлік жағдайда.

Мәселен, жақсы болсын, жаман болсын осыдан елу бес жыл бұрын қабылданған бұл алфавит қазір жарты ғасырдан астам уақыт бойы ұлттық мәдениетімізді дамытуға қызмет етіп келеді. Қазақ тілінің табиғатына тән емес артық-ауыс әріптерінің барлығына қарамастан, ұлттық мәдениет тарихында үлкен орын алатын бұл жазуды ешкім жоққа шығара алмайды. Ол мәңгілік қазынамыздың біріне айналды.

Сөйтіп, жазуымыздың бірнеше сатылы кезеңдерін саралай келе айтпағымыз, қай тұрғыдан алып қарасақ та, орыс графикасына негізделген алфавиттің артықшылығы айқын. Шынында, тіліміздің даму деңгейі дәп таңбалап отырған қазіргі жазуымыз осылайша өрістемесе, біз сөздік құрамымыздағы мыңдаған сөздерді әлі күнге дейін былықтырып жазып келген болар едік. Әсіресе түбегейлі байлығымызға айналған қатары сан мыңдап саналатын халықаралық терминдер мен орыс тілі арқылы келген кірме сөздерді таңбалауда есепсіз былыққа батқан болар едік. Әрбір сөздің, әрбір терминнің, графикалық пішінін дәл түсіруде орыс

[22] *Вандриес Ж.* Язык. М., 1937. С.296.

алфавитінің септігі болғаны даусыз. Алайда бұл алфавиттің де осалдығы байқала бастады. Сондықтан да, әсіресе, түбі бір түркі халықтарының тұтастығына қызмет ете бастаған латын жазуының күн тәртібіне қайта шығуы тегін емес. Бұл өз алдына тоқталуды қажет ететін күрделі сала.

Терминжасам сипаттамасы

Жалпы, әдеби тіліміздің әдебилігінің бір шарты оның ғылым тілі ретіндегі қызметіне де тікелей байланысты. Ал ғылым тілінің терминологиялық жүйесіз қалыптасуы неғайбіл.

Ендеше бұл бірінен-бірі туындап, бірін-бірі дамытып жатқан тілдік құбылыстың біздің зерттеуіміз үшін бірінші кезектегі қажеттісі – термин сөздер жайы болып отыр.

Тіл-тілде жаңа термин жасау, оның терминологиялық қорын байытып, терминологиялық жүйесін реттеудің негізгі көзі, ең алдымен сол тілдің өз сөздік құрамы, жалпы әдеби тілі, ұлттық лексикасы болып саналады. Яғни терминдер де байырғы сөздер секілді тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлер негізінде жасалады. Олай болса, бұлардың қатарында ұлт тіліне тән неше алуан құрылымдық типтері (түбір, туынды түбір, күрделі сөз, сөз тіркесі) молынан кездеседі.

Терминжасам процесінде ұлт тілі өз сөзжасам амалдарының дайын үлгілерін (модельдерін) алға тартса, басқа тілдерден кірме сөздерді қабылдау сәтінде де осы тәсілдерге сүйене отырып, ол өзіндік модельдерін құрайды. Мұның әрқайсысының өзіндік сипаты бар. Тілдегі болып жататын мұндай өзгерістерді дер кезінде есепке алып, ескеріп отыру қажет.

Тіліміздің терминологиялық сапасын саралап отырғанда, біз оның сол қоғам дамуына сәйкес әр кезеңде әр алуан күйде болғанын байқадық. Жылдар бойы қалыптасып келе жатқан сөзжасам амалдары терминжасамға тікелей қатысып, олардың қайсыбірі белгілі бір кезеңде белсенді қызмет көрсетіп активтеніп, қайсыбірі солғын тартып, үнемі үздіксіз өзгеріске түсіп отырғаны көрінеді. Төңкерістен бұрынғы дәуірлерге тән терминжасам үлгілері мен модельдерін таба қою әрине қиын. Тек XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген баспасөз материалдары ғана бұл жайында аздаған мәлімет беретінін бұдан бұрын айтқан болатынбыз.

Ал Қазан төңкерісінен бергі жердегі ұлттық тіліміздің терминологиялық жүйесінің жасалуы мен қалыптасуында мән бермеуге болмайтын кезеңдік белгілер бар. Мәселен, *конфискелеу, колхоздастыру, индустрияландыру, механикаландыру, интенсивтендіру, ғарышқа қанат қағу, тың игеру, қайта құру, жеделдету* т.б. қоғамдық іс-әрекет кезеңдерін еске түсіріп көрелікші. Бұлардың әрқайсысының тұсында терминологиялық лексикамыз өзгеше екпінмен дамып, терминдік жүйе қатары мейлінше толығып отырған. Яғни әрбір кезең өзіне тән терминдік жүйе арқылы тілде өз мөрін қалдырып отырған. Пуризм деп айдар тағылған ағым тұсындағы *ортақшыл, қара айғыр, отарба, шайтан арба, бейбауырмалдық* сияқты аудармалар, сондай-ақ *-лы* мен *-лық* қосымшасына ретсіз, жүйесіз құмарлық (50-жылдар), араб, парсы сөздеріне емексу (20 не 60-70-жылдар) т.т. осы ойымызға дәлел. Мұның әр алуан мысалы алдыңғы тарауларда әңгіме болды. Біздің ендігі сөз етпегіміз, қазақ тілі терминологиясының құрылымдық сипаты мен олардың жасалу жолдары, амалдары жайлы болмақ.

Қазақ тілінде термин жасау күрделі де қызық проблеманың қатарына жатады. Ол негізінен тіліміздегі сөзжасам процесінің аумағына енетін мәселе. Осы сөзжасам процесінде, оның ішінде терминжасам ісінде мамандардың тірек ететін негізгі материалы, ең алдымен, ана тілдің өз сөз байлығы, оның негізгі сөздік құрамы дедік. Қазақ тілінің сөздік құрамы термин жасауға көптеген дайын материал беріп келеді. Бұл – сарқылмайтын байлық көзі. Оның термин жасау мүмкіншілігін біз әлі түгел пайдаланып біте алғанымыз жоқ. Ол мүмкін де бола бермейді. Термин сөзге деген сұраныс молайған сайын, жаңа қолданыстар легі пайда болады. Бұл үздіксіз жүріп жататын құбылыс. Қазақ тілінің осындай өз ішкі мүмкіндігі терминжасам процесіне пайдасы тиер бір арнаның көзін ашып, көмектесер болса, кірме сөздерді игеру мен қабылдауда назар аудармауға болмайтын біраз қиындықтар кезігеді. Ол қиындықтар, әсіресе, кірме сөздерді термин есебінде қабылдау кезеңінде, олардың мағыналық өрісін ашу барысында жиірек байқалады.

Баз біреулер терминжасамды бір тілдің термин сөздерін екінші тілге аудару немесе тілдегі кез келген сөзді пайдалану деп, оп-оңай түсіндіргісі келуі де мүмкін. Бұл – жаңсақ пікір. Шындығында, бұл шығармашылық ізденісті талап ететін мейлінше күрделі мәселе. Терминжасам сәтінде түпнұсқа терминдердің мағыналық мазмұнын терең түсініп, оған қазақ тілінен әр алуан балама нұсқалар іздеп, соның ең дөп түсетін терминдік өзегін аршып танып, таңдап, талғап пайдалануға тура келеді. Жаңа ұғым, жаңа түсінік арқалаған терминнің дәлдік, нақтылық, біртектілік, қысқалық сипатын түгелдеп беру, соны басқа сөзбен ауыстыруға келмейтіндей күйде қолданысқа ендіру – нағыз маман ретіндегі біліктілікті қажет ететін қасиет.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында терминдік мәнге көшкен байырғы сөздердің алуан-алуан түрі молынан кездеседі. Мысалы, *тап, күрес, еңбек, жарыс, жалау, бопса, екпін* (ударение), *сұраным* (спрос), *ұсыным* (предложение), *сөре* (старт), *мәре* (финиш), *ізашар* (предшественник), *ізбасар* (наследователь), *аударма* (перевод), *демалыс* (отпуска), *Отан* (отечество), *шеберлік* (мастерство), *сайлау* (выбор), *шарт* (договор), *тәртіп* (дисциплина), *бөген* (водохранилище), *болмыс* (бытие), *әкім* (администратор), *әкімшілік* (администрация) т.б. Бұлар – кеңестік дәуірде ғылыми ойды білдірер терминдік мәнде жұмсалып қалыптасқан байырғы сөздер. Бұлардың жаңа мағыналары, қолданыстағы жаңа қызметі қоғам дамуының нәтижесінде, адамдардың саналы әрекетінің барысында туындаған, келе-келе дағдылы қалыпқа түскен лексикалық қабаттар.

Осыдан байқалатындай, тіл дегеніңіз өзгеріс-өріссіз қатып-семіп қалған нәрсе емес. Ол үнемі жаңарып, толығып отырмақ. Оның құрамында жаңа сөздер, терминдер пайда болады. Бұрынғы сөздер жаңаша қызметке көшеді. Соның нәтижесінде тілдің икемділігі, байлығы, нақтылығы артады. Жаңадан жасалатын сөздер ойдан табылған жаңалық арқылы емес, тілде бұрыннан бар сөз тудыру амалдары арқылы, бастапқы үлгілер негізінде соған ұқсатып жасау арқылы пайда болады.

Жалпы, сөз жасаудың ғасырлар бойы талқыға түсіп, дәуірлер сынынан өткен әлденеше жолы бар. Осы процеске тұрақты түрде қатысып отыратын негізгі элементтер – сөз, түбір (негіз) және қосымшалар. Бұлардың қатысуынсыз тілде бірде-бір сөзжасам реакциясы жүрмейді, бірде-бір жаңа сөз жасалмайды. Сонда алдымен байқалатын нәрсе тілдің осы негізгі элементтері барлық уақытта сөзжасам процесіне актив қатыса бермейтіні, яғни бұлар дәуіріне, кезеңіне орай құбылып отыратын қоғам өміріндегі өзгерістерге сәйкестене дамиды. Тілдегі осындай құбылыстарды зерттеу арқылы біз әрбір кезеңнің өзіне тән ерекшелігін танимыз,

тіл, сөз арқылы таңбаланған өзгеріс, өрістерін білеміз. Және сөзжасамның алуан-алуан түрін көреміз.

Жаңа термин жасаудың тілдерде, оның ішінде, әсіресе, түркі тілдерінде қалыптасқан мынадай бірнеше жолын атап көрсетуге болады: *семантикалық тәсіл, морфологиялық тәсіл, синтаксистік тәсіл* және *калькалау тәсілі.* Аталып отырған тәсілдің бәрі де негізінен, екі түрлі арнадан туындайды. Ол қандай арна? Біз жинап, сұрыптаған терминологиялық материал табиғаты қазақ тілі терминологиясының ең негізгі екі жолға сүйене отырып жасалғанын көрсетеді. Оның бірі – тілімізде бұрыннан бар сөздерді терминдік мәнде қолдану болса, екіншісі – жаңа терминдерді қазақ тілінің сөзжасам мүмкіндіктерін пайдалана отырып жасау. Тіл табиғатында қалыптаса бастаған терминжасамның аталмыш тәсілдерінің бәрі де осы негізгі екі бағыт шеңберінде туындаған.

Терминжасам тәсілдеріне жеке-жеке тоқталмас бұрын, ғылым тілі мен жалпы халықтық тілдің сөзжасам процесіндегі өзара ортақ қасиеттері мен ерекшеленетін белгілерін анықтап алу қажет.

Кейбір ғалымдардың[23] атап көрсеткеніндей, жалпы халықтық тіл қорын байытып отырған тәсілдің қай-қайсысы да терминжасам процесінде өнімді қызмет атқара алады. Әңгіме – тілдердің даму тарихында қанат жайған семантикалық, синтаксистік, морфологиялық амалдар туралы болып отыр. Бұл – қазақ әдеби тілінде қалыптасқан сөзжасам принциптері терминдердің жасалуында да сақталады деген сөз. Ғылым тілі негізінен осы принциптерге сүйене отырып, сонымен бірге дәлдік пен дәйектілікке негізделген жаңа сөз жасаудың өзіндік жүйесін түзеді. Мұның бәрі терминологиялық лексика талабына сай заңдылыққа лайықты жасалады.

Соңғы он бес-жиырма жыл барысында пайда болған жаңа терминдер және арнайы лексиканың осы саласы жайындағы пікірлер ыңғайына қарағанда, бұлар біріншіден, жалпы әдеби тілдің ерекше қызметі бар бір тармағы (яғни ғылым тілі) болып табылатын тіл единицасы, екіншіден, ол белгілі бір нысан мен ұғымдар атауы, үшіншіден, терминде анықтағыштық (дефиниция) белгі басым болуы керек, өйткені белгілі бір ұғымның мазмұны осы анықтағыштық қасиеті арқылы айқындалады. Ал бұл бір ұғымды келесі бір ұғымнан айырып тану үшін және сол ұғымды арнайы бір классификациялық қатарда қарастыруға мүмкіндік жасау үшін қажет.

Сонда терминжасамның өзіне тән мынадай өзгеше белгілерін атап көрсетуге болатын тәрізді.

Жалпыға бірдей қарапайым сөздер қоғамдағы өзара қарым-қатынас қажетіне байланысты туындап және оны сол тілде сөйлейтін кез келген адам жасай алатын болса, терминдер белгілі бір кәсіп пен мамандыққа тән ұғымды білдіру үшін жасалады да, сол саланың мамандары арасында ғана қолданылады. Тіпті мұны Г.О.Винокур[24] айтқандай, күнделікті практикалық мұқтаждық тудырады, оны белгілі саладағы мамандар жасайды. Осыдан байқалатындай, термин дегеніңізді саналы түрде қадағалап, қолдан жасап, сұрыптап отырмаса, ғалымдар бірін-бірі түсінуден[25] қалуы да ықтимал. Өйткені ғылымның мазмұны оның формасымен, яғни керісінше айтсақ, ғылым түрі оның мазмұнымен тікелей байланысты болмақ. Бұл – ғылым мазмұны оның формасын тудырады да, соған тәуелді болады деген сөз. Алайда терминдер сол өзі пайда болған салада тұрақтанып, өзгерместей қатып

[23] *Даниленко В.П.* Русская терминология. Опыт лингвистического анализа. М., 1977. С.90.

[24] *Винокур Г.О. О* некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии//Труды МИФЛИ, 1939. Т.5. С.24.

[25] *Будагов Р.А.* Терминология и семиотика//Вестник МГУ. 1972. №5.

қалатын категория емес. Тіл дамуына байланысты қасиет оған да тән. Бір ғылым саласының әжетіне жараған термин екінші бір ғылым саласының да мұқтажын өтеуі мүмкін. Тіпті керек десеңіз, бір кезде шектеулі шеңберде ғана болған терминдердің жалпы әдеби тіл сөздігінің құрамынан орын алып жататын да кезі жоқ емес. Бірақ ол қай ғылымның саласында да тек терминдік сапада жұмсалуға тиіс. Ең негізгі шарт осы.

Сөйтіп, терминжасам дегеніңіз қоғам мүшелерінің саналы әрекеті нәтижесінде жасалатын құбылыс. Жалпы халықтық тілдегі көптеген сөздердің қашан, қалай пайда болғанын біле бермейміз. Ал терминдердің, тіпті бүкіл бір терминдік жүйенің неге байланысты, қалай, қай мезгілде жасалғанын дәл айтып беруге болады. Бұл жағынан терминдердің ономастикалық лексикамен (кісі аттарымен) ұқсасатын жері бары да рас. *Революция, социализм, колхоз, совхоз, қызыл отау, бесжылдық, өнеркәсіп, тың жер, тыңгер, тиімділік, сапалық белгі, ғарышкер, жеделдету, бетбұрыс, қайта құру* тәрізді т.б. толып жатқан сөздер мен тіркесімдердің қашан, қандай жағдайда жасалып, терминдік мәнде жұмсала бастағанын дәл айтып бере аламыз. Термин сөздердің бұл екінші бір ерекшелігі.

Қазіргі кезеңнің терминологиялық келбетін бір сәт ойша саралап өткеннің өзінде, тілді дамытудың бұл саласының айырықша мол арналы көзіне айналғанын байқаймыз. Ғылым мен техниканың ел өміріне етене енуіне орай туындаған сансыз арнайы сөз легі – бұларды реттеп, сұрыптап, қалыптастырып отыру проблемасын күн тәртібіне қойды. Екітілділік проблемасының мәні артып отырған бүгінгі Қазақстан жағдайында термин сөздерге деген ынта, ықылас пен мұқтаждық шеңбері бұрынғыдан әлдеқайда кеңімесе, тарылған жоқ.

Термин қалыптастырудың бұрынғы кезеңдерінде бұл процесс көбіне-көп стихиялы түрде жүргізілгенін білеміз. Ол кезде атаулардың әртүрлі нұсқалары, жарыспалы сөздер, көп мағыналы сөздер саны молырақ болатын. Бұлар түрлі терминологиялық сөздіктер шығару барысында сараланып келеді. Бірақ бұл салада істелетін шаруа әлі жетерлік.

Жалпыға ортақ сөздер мен терминжасам процесін салыстырып қарасақ, өзара едәуір айырмашылық бар екенін байқамау мүмкін емес. Алдыңғылар үшін сөз өндірудің бір ғана тәсілі жеткілікті болып жатса, кейінгілер үшін бұл аз, яғни терминдердің негізгі жасалу жолынан басқа, атаулық мазмұны анықталуы тиіс. Мұнысыз термин толық термин бола алмайды.

Термин сөздің ішкі құрылысы ешқандай қосымша, қоспасыз, таза атаулық жүк арқалауға тиіс. Термин болуға икемделіп тұрған сөздің ішкі формасы мөлдір де таза күйге көшпесе, оның терминдік мәнінің өлі қалыптасып бітпегендігі. Ал ішкі икемділік дегеніңіз кәсіби алқаға тікелей байланысты, яғни бұл мамандық иелерінің кәсіптік мұқтаждығынан (ынтызарлығынан) туындайтын терминнің ішкі мүмкіндігі. Терминнің ішкі түрін айқындауда әрине стандартты сөз біріктіру, қосымшалар тәрізді сөзжасам құралдары едәуір рөл атқаратыны даусыз. Тіпті, кейбір ғалымдар пікіріне қарағанда, сөзжасам морфемаларының қызметі жалпы әдеби тілге қарағанда терминология саласында басымырақ көрінеді.

Сөзжасамның терминологиялық акті ұғымдар классификациясына (жіктелуіне) тікелей қатысты. Өйткені термин сөз белгілі бір ұғымның атауын ғана айқындап қоймай, сонымен бірге сол ұғымның мазмұнын да білдіреді. Мысалы, ***-лық, -ғы, -ым*** жұрнақтарының терминжасам процесіндегі қызметін алалық. Осы қосымшалар арқылы жасалған *социалистік, кәмелеттік, қондырғы, жанарғы, басылым, қойылым* тәрізді терминдер қоғамдық ғылымдар жүйесінде біртектес классификациялық

топқа жата тұрып, әрі атаулық қызмет атқарып, әрі сол терминдердің ішкі мазмұнын да білдіріп отыр. Осы модель негізінде біз терминдердің әлденеше жүйесін жасап үлгердік. Міне, осы ұғымдар мазмұнын білдірерлік қасиет көбіне-көп күрделі терминдерге, құрамдас терминдерге тән. Неге десеңіз, тіркесім терминдер ұғымдық белгіні анағұрлым анығырақ, толығырақ әйгілейді. Ал жалқы сөзден тұратын терминдерде бұл қызметті сөзтудырғыш морфемалар атқарады. Міне, сондықтан термин жасайтын морфемаларды барынша ыждағаттылықпен, дәл пайдаланып отыру керек. Бұларды топ-топқа бөліп, оларды өзара іштей бірнеше үйірге жатқызып, жіктеп қарастыру қажет.

Әдетте, күрделі терминдер сын есім, зат есім, есімшелердің қатысуы арқылы жасалады. Бұларды таңдау оңай шаруа емес. Мұның қайсысы күрделі терминнің қандай түрін жасауға ыңғайлы дегенді барынша сұрыптап, сауаттылықпен пайдаланып отыруға тура келеді. Мұндай саралап, сұрыптау, әсіресе терминге лайықты жарыспа сөздер көп болған тұста тіпті қажет. Әсіресе, бірыңғай есім сөздер үйіріндегі нұсқаларды талғап, таңдай білу қажет-ақ. Бұл дамушы тілдің бәрінің басында ылғи болатын құбылыс. Ғылым мен техника тілін жасау, қалыптастыру кезеңінде мұндай жарыспалы сөздер қатары тіпті молынан кездеседі.

Сонда бұл жарыспалы сөздердің қайсысын терминденуге лайықты деп тауып, тани білуге әмбебап ереже ұсыну мүмкін емес. Әрбір ғылым саласының терминжасау практикасы нақты жағдайға орай өзіндік жолды нұсқап отыруға тиіс. Таңдауға түскелі тұрған нұсқаның бәрі бірдей мәністік (семантикалық) келбеті жағынан тепе-тең түсе бермейтіні ақиқат. Және олардың дәл осы жағдайға бірі ғана дөп келуі ықтимал. Міне, осы тұста әлгі нұсқалардың қайсысының мәністік (семантикалық) өрісі қазіргі терминдену процесіне дәл келе алады дегенді айыруға әбден болады. Ол үшін өте бір ерекше пайым, айрықша тілтанымдық, лингвистикалық түйсік керек. Мәселен, бір кезде *қырқушы, қырқымшы, қырықтықшы; ақша қалта, күмәжнек, әмиен; жәрдем, көмек, үме, болысу, асар; әкпіш, күйенте, йінағаш; көйлек, жейде; шалбар, сым; букет, гүлгүл, гүлдесте; дача, жайлаужай, саяжай; столовой, асхана; парикмахер, шаштараз; дәріс, сабақ; әмір, бұйрық; ауа райы, климат; себет, көрзіңке, көрзіңке; каша, ботқа, быламық, бөкпен; вокализм, дауысты дыбыстар; консонантизм, дауыссыз дыбыстар; лингвистика, тіл білімі; аффикс, жалғау, жұрнақ; парадигма, жіктеу; интонация, дауыс ырғағы; пунктуация, тыныс белгісі; орфография, емле ережесі; үтір, кіші тыныстық, кіші тыныс; нүкте, ұлы тыныс, ноқат; қос нүкте, екі нүкте, қос ноқат, екі ноқат; тұйық рай, тұйық етістік, инфинитив, тұйықша; кент, қала, шәрі, шаһар, ел, халық, жұрт, жәмиғат, әлеумет, қалайық, әумет, бұхара* т.т. ғылым мен техника саласында әрқилы алынып, қабаттаса қолданылып, ақырында мұның бірінің ғана терминдік сипатқа көшкен мысалдарын көптеп келтіруге болады.

Жарыспалы терминдер бұл процестің даму заңдылықтарын, қалыптасу қисынын танытады. Осының өзінен-ақ, ұғымдардың атаулық сипатын дәлірек беретін, қолданысқа ыңғайлырақ нұсқалар таңдалғанын байқаймыз. Орайымен алынып, орнын тапқандары термин ретінде тілімізге сіңіп, арнайы лексика қатарынан орын тепті. Ал бұл сүзгіден өтпей қалғандары басқа бір өң, реңк арқалап, келесі бір сөз саптауға дайын материал есепті өз кезегін күтіп, сөздік қорымыздың қазынасын молайтып тұр.

Терминжасам тәсілдерін талдамас бұрын, осы процеске материал беретін мынадай негізгі үш тірекке назар аудару қажет. Мұны қарапайым тілмен айтқанда, термин сөздердің жасалу көздері болып табылады.

1. Өз сөздік құрамының ішкі мүмкіндігін сарқа пайдаланатын ұлттық тіл; 2. Дайын терминдер беретін немесе калькалау тәсілін ұсынатын орыс тілі; 3. Дайын күйінде термин беретін немесе калькалау тәсіліне ерік беретін интернационалдық терминдер. Интернационалдық деп аталып жүрген терминдердің көпшілігі әдетте орыс тілі арқылы енген кірме сөздер. Шет тілдерінен тікелей енген термин мүлде аз. Тек бірен-саран ғана мысал келтіруге болады. Онда да араб, иран сөздерін ғана тілге тиек ете аламыз.

Бір кезде қазақ тілінің даму тарихында араб, парсы элементтері белең алған болса, қазіргі кезеңде тіліміздің құрамында орыс тілі арқылы үндіевропа элементтері басым болып барады.

Әйтсе де, термин жасаудың ең негізгі басты көзі – ұлттық тіліміз болып отыр деп толық айта аламыз. Бұл тұста әдеби тіліміздің барлық қабаты (көркем әдебиет тілі, ауыз әдебиет тілі, фольклор тілі, тіпті диалектілер мен тілде орын тепкен түрлі ерекшеліктер) түгел іске жаратылады. Қазақ зиялылары ә дегеннен-ақ термин жасау процесіне тікелей атсалысып, ол үшін қазақ тілінің лексикалық байлығы мен грамматикалық амалдарын түгел іске жаратуға бетбұрыс жасаған болатын. Соның нәтижесінде халық тілінің сарқылмас қазынасы сарапқа түсіп, қарапайым сөздер терминдік мәнге көшті. Ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан сөзжасам тәсілдері терминжасамның негізгі тірегіне айналды. Және атап айтуға тұратын бір нәрсе, терминжасам тек ұлттық тіліміздің өз материалымен ғана шектелмей, кірме сөздер қатарын да сарқа пайдаланды.

Сонда қазақ, орыс, шет тілдерінің сөз материалы арқылы жасалған терминдер біздің халқымыздың ұлттық байлығына қосылған мол үлес болып табылады. Әрине, бұл аталған үш арна тарихи кезеңдер болмысына орай кезектесе активтеніп отырды. Республика өмірінде өркендеп, өріс тапқан ғылым салалары мен техника тарамдарына орай бұл үш арна терминжасам процесіне әрқилы ыңғайда қалыптастырылды. Бұл салада ұлттық тіл материалы негізге алынса, келесі бір ғылым тармағында кірме сөздер мен калька тәсіліне көбірек иек артылады.

Түркі халықтары тіліндегі терминжасам процесіне зер салғанда, терминология жұмысында мынадай үш принцип басшылыққа алынатын тәрізді. Біріншіден, бұрынғы одақ халықтары тілдерінің бәріне ортақ принцип, екіншіден, қоғам мен тілдің даму ерекшеліктеріне сәйкес туындайтын әрбір тілдің өзіндік термин жасау ұлттық принципі және терминологияның жеке салаларына байланысты басшылыққа алынатын салалық принцип.

Алайда ұлттық терминологияны едәуір байыта түскен термин жасаудың бірнеше тәсілдері белгілі бола бастағанмен, бұл жөнінде мамандарымыз әлі күнге бір пікірге келе алмай жүрген сияқты. Әсіресе, терминжасам амалдарын айқындауда қатып ұстайтындай қағидаға айналған келісім жоқ. Бұл термин жасау принциптерін дұрыс түсінбеуден туатын жағдай. Көбіне-көп термин қалыптастыру көздері мен термин жасау амалдарының шегін айыра алмай қателесетін тұстары да бар. Тіпті термин жасау "жолдары" мен "амалдарын" қатар қойып қарастыратын кезіміз де жоқ емес. Сондай-ақ терминжасам амалдарының мөлшері, аумағы және олардың өнімді, өнімсіз түрлерін саралауда да бірізділік, бірегейлік шамалы.

Қайсыбіреулер мұның: 1) әдеби тіл сөздері мен диалектілерін терминдендіру, 2) ұлттық тіл амалдары негізінде термин жасау, 3) өзге тіл сөздерін термин ретінде қабылдау деген сияқты үш түрін бөліп қараса, екінші біреулер терминжасам амалдарының төрт түрін көрсетеді. Атап айтқанда: 1) терминдендіру, 2) қайта терминдеу (ретерминологизация) , яғни басқа бір саланың терминдерін пайдалану,

3) термин жасау, 4) кірме сөздерге халықаралық (интернационализация) сипат беру.

Үшінші пікір бойынша, мұның қосымшалау мен біріктіру тәрізді екі-ақ амалы бар сияқты. Төртінші біреулер ұлттық тіл негізіндегі сөзжасам амалдарын ұстанады. Олар мыналар: 1) семантикалық тәсіл, 2) морфологиялық тәсіл, 3) синтаксистік тәсіл, 4) калькалау тәсілі, 5) сөз қысқарту (аббревиациялау) тәсілі.

Осы тектес жіктеулерді қарастыра келгенде, шынында да бұлардың аражігі әлі де айқындала қоймағанын байқаймыз. Басқасын былай қойғанда, кірме сөздер мен ұлттық тіл элементтері негізінде жасалған терминдерді құрылысы, мазмұны, жасалу жолы жағынан тепе-тең түсетін тәсілдер ретінде қарастыру көкейге қона қоймайды. Өйткені ұлттық тіл элементтері арқылы жаңа термин жасалса, кірме сөздер негізінде дайын терминдер қабылданады емес пе? Сол себепті де әр нәрсе өзінің атымен аталып, соған орай бағалануға тиіс.

Қазақ тілінің, тіпті басқа да түркі тілдерінің сөзжасам амалдары ұлттық тілде терминдендірілуге лайықты сөз болмай қалған күнде ғана немесе бар сөздердің бұл жүйеге жөні келмей тұрған жағдайда, сондай-ақ әртүрлі себептерге байланысты кірме сөздер терминдік талаптан шыға алмаған сәтте ғана жаңа термин жасауға тартылады.

Ойымызды жинақтап келгенде айтарымыз, жалпы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде жаңа термин жасаудың белгілі бір модельдері тұрақтанған тәрізді. Сөйтіп жаңа термин нендей материалдан, қалай, қашан жасалса да, ең алдымен мынадай негізге сүйенеді: қосымшалау, сөз біріктіру және сөз қысқарту (аббревиациялау). Қайсыбір тілдерде сөз жасаудың тағы бір жолы көрсетіледі. Ол сөз алдынан қосылатын жұрнақтар *(-ре, -анти, -контр* т.т.) арқылы жасалатын терминдер. Алайда сөз жасаудың бұл амалы бірен-саран кездеспесе, жалғамалы тілдерге, әсіресе түркі тілдеріне тән емес. Ал көрсетілген модельдердің бұдан басқа түрлерінің бәрі бірдей бір мезгілде пайда болмағаны түсінікті. Мәселен, аббревиациялау (әріп қысқарту, буын қысқарту) қазақ тілінде тек төңкерістен кейін өріс алған. Алғашында номенклатуралық атауларды белгілеуге қатыстырылған бұл модель, кейін терминжасамның негізгі бір бөлшегіне айналды.

Сонымен, жоғарыда аталып өткеніндей, қазақ тілінің даму жолы терминжасамның мынадай төрт тәсілі қалыптаса бастағанын байқатады.

Біріншіден, ұлттық тіліміздегі қайсыбір сөздердің терминдік мәнге көшуі (бұдан былай – терминденуі), яғни мұны мәністік (семантикалық) тәсіл дейміз. Мұны үш түрлі ыңғайда түсіну қажет: 1) әдеби, не жалпы әдеби тіл байырғы сөздерінің терминденуі, 2) диалектілердің терминденуі, 3) бір сала терминдерінің екінші салаға көшуі.

Екіншіден, сөзжасам амалдары. Мұның өзі іштей бірнеше жікке бөліп қарауды тілейді. Атап айтқанда: а) морфологиялық немесе синтетикалық (қосымшалар арқылы) тәсілі; б) синтаксистік немесе аналитикалық (сөздерді біріктіру, қосу) тәсілі; в) аббревиациялау (қысқарту) тәсілі[26].

Үшіншіден, калькалау тәсілі. Бұл тәсіл бір қарағанда алдыңғы екі тәсілдің екі арасында аралық қызмет атқаратын тәрізді. Яғни кірме сөздер мен алдыңғы екі тәсіл мүмкіндіктері пайдаланылады. Басқаша айтар болсақ, ұғым идея негізге алынады да, олардың жарақталуы ұлттық тіл құралдары арқылы іске асып жатады. Қысқасы, алдыңғы екі тәсіл мүмкіндігі сарқа пайдаланыла отырып, кірме терминдер

[26] Ескерту: аналитикалық тәсіл мен аббревиациялау тәсілі арқылы ұлттық тіл элементтеріне қоса, кейде кірме сөздердің қатыстырылуымен де термин жасалады.

дайын күйінде қабылданады. Сонда бұл жерде өзге тілден келген нәрсе терминнің мазмұндық сапасы ғана болып шығады.

Төртіншіден, өзге тілдерден дайын термин алу тәсілі. Кірме терминдер делінип жүрген бұл сөздер жүйесі көбіне-көп орыс тілі арқылы келген орыс және халықаралық интернационалдық лексика қатарына жатады.

Дайын термин ретінде, ең алдымен, диалектілік ерекшеліктер мен қолданыстағы сөздердің басқа бір түрінен ұлттық тіл қатарына көшкен лексика іске жаратылуы мүмкін. Сондай-ақ, екіншіден, өзге тілдерден енген кірме сөздер болуы ықтимал. Басқаның бәрі тілде ежелден қалыптасқан дериваттар болып табылады.

Қазақ терминологиясын жасап, қалыптастыруда тікелей рөлі болған осы жолдар мен амалдарды саралап келгенде көзіміз жеткен бір ақиқат мынау: термин жасау амалдары мейлі үшеу, мейлі бесеу болсын бәрібір, мұның бәрі де, ең алдымен аударма арқылы, аударма жұмысының өркендеуіне орай пайда болған. Тіпті керек десеңіз, аудармаға ешбір қатысы жоқ боп көрінетін мәністік (семантикалық) тәсілдің алғашқы тармағы арқылы жасалатын, яғни байырғы сөздер мен диалектілердің терминденуінің өзі де аударманың әсері арқылы, орыс тіліндегі үлгінің нәтижесінде туған деп түйін жасауымызға әбден болады. Олай болса, бұл қазақ тілінде термин жасаудың ең басты жолы болуға тиіс. Өйткені тіпті аударылмай, сол күйінде алынған терминдердің өзі де, керек десеңіз, тәржімә талқысынан өтіп барып, аудармашылар сарабына түсіп келіп қана кірме сөзге айналады. Сөйтіп қазақ тілінде термин жасаудың барлық тәсілдері негізінен аударма, әсіресе орыс тілінен аударуға байланысты туған.

Осыған орай есте тұтар бір жайт мынау: арнайы лексиканы зерттеушілердің көпшілігі термин мәселесін қарастырғанда оның түрлі жасалу жолдары мен тәсілдерін дұрыс көрсете отырып, соны қалыптастырудағы, аударманың рөліне тереңдей бермейтіні өкінішті. Біздіңше, мұның өзіне тән сыры, қыры әлі арнайы зерттелген жоқ. Сондықтан термин туралы сөз қозғағанда, оны ең алдымен аудармамен байланыстыра әңгімелеу керек. Біздің зерттеуіміздің бір мақсаты осы. Біз әлгі тәсілдердің бәрін аудармамен байланыстыра қарастырамыз.

Енді бұларды жинақтап, сұрыптаған тілдік материалдарды сөйлету арқылы баяндап, өз алдына жеке-жеке қарастырып көрелік.

Семантикалық тәсіл немесе *мәністік тәсіл*. Бұл қазақ тілінің байырғы сөздері мен ертеден енген араб, парсы сөздерінің арнайы жаңа терминологиялық мәнде жұмсалуы болып табылады. Әлгі жаңа қызмет сол байырғы сөздер мағыналарының бірінің негізінде өріс алады.

Семантикалық тәсіл дегенде, біз жоғарыда көрсетілгендей, ең алдымен ұлттық тіліміздің өз мүмкіндігін толығырақ пайдалануды түсінеміз. Сонда термин жасауға қатыстырылатын ішкі мүмкіндіктер дегеніміз не? Ол — жалпыхалықтық немесе жалпы әдеби тіл құрамында ежелден қолданылып, тіл мұқтажын өтеп келе жатқан байырғы сөздердің арнайы қызметке көшуі. Немесе олардың бір мағынасының терминдік қызметке бейімденуі. Сөйтіп, мұндай сөздердің әлгіндей нақты атаулық сипаты күшейе келе белгілі бір ғылым саласының өркендеп, дамуына қызмет етеді де, сол саланың арнайы лексикалық қабатын құрайды. Бұл кейде сөз мағынасының тарылу немесе кеңеюі арқылы да бола беруі ықтимал. Және бұл процесс қоғам дамуының кез келген кезеңінде емес, қарқынды даму кезеңінде ғана болатынын ескеру керек.

Қазан төңкерісінен бергі жердегі қазақ әдеби тілінің даму жолын сүзіп өткенде осындай бір тілдік өсу, өрлеудің өзгеше сапасын байқаймыз. Жалпы, тіл, тілдің

қай-қайсысында да мүлде жаңадан жасалған сөздер көп бола бермейді. Жаңа сөз дегенде әдетте белгілі бір сөздердің белгілі бір мағынасының актуалдығы күшеюін немесе қайсыбір мағынасының жаңаруын, сөйтіп қолданыста арнайы жаңа қызметке көшуін түсініп жүрміз. Осыған қарағанда, жаңа сөз деген түсінікті абайлап қолдану керек сияқты. Жаңа сөз дегеннен гөрі, сөздердің қызмет аясының кеңеюі, мағына жылжымалылығы, жаңаша мән жүктелуі деу дұрысырақ па деп ойлаймыз. Міне, осы мағыналық өзгеріс, жаңа қолданыс дегеніміздің бәрі де өздігінен болып жататын құбылыс емес.

Бұл тәсілдің өзінің әр алуан атауы, неше қилы түрі бар. Мәселен, оны халықтық лексиканы терминдендіру деп те, лексика-семантикалық тәсіл деп те, жалпыға ортақ сөздердің терминдік мәнге көшуі деп те, ұлттық тілдің сөздерін жаңа сапада қолдану деп те, сөз мағынасын өзгерту деп те атауға болады. Мәністік тәсіл шеңберіне кіретін ерекшелік, әрине, бұл айтылғандармен ғана шектелмейді. Оның бұдан да басқа зерттеушілер байқай алмай жүрген тағы басқа түрлерінің болуына шәк-күмән келтірмейміз. Біз айтып отырған бұл түрлері қазақ тілі фактілері бойынша ғана анықталғандары.

Қазақ тілінің сөздік құрамында *қоғам, отан, ошақ, орта, күрес, кеш, еңбек, жарыс, мүше, ер, батыр, шешен, жоспар, тәртіп, жоба, кеңес, мазмұн, түр, атақ, дәреже, даңқ, бұйрық, сын, тап, мәжіліс, мәслихат, оқу, өнер, білім, ғылым, мектеп* тәрізді толып жатқан сөздердің терминдік сапаға көшуін біз осы мәністік (семантикалық) тәсілге жатқызамыз. Келтірілген мысалдың көбі тіліміздің байырғы лексикасына жатады да, біразы әбден сіңіп, төл сөздер қатарынан орын тепкен араб, парсы кірмелері. Бұлардың терминденуі, арнайы мағыналық жүк арқалап, ғылыми ұғым құралына айналуы әр алуан ойларға жетектейді.

Қоғам сөзі о баста белгілі бір адамдар тіршілігінің уақытша бірлестігі, қауымдасуы мағынасында туған болса, бұл сөздің осы замандағы мағыналық шеңберінде күрделі өзгерістер болғаны мәлім. Ең алдымен, *қоғам* сөзі терминдік нақты мәнге ие болды, атаулық мағынасы бұрынғыдан әлдеқайда кеңейді.

Өзгеше терминдік сапаға көшіп, әдеби тіліміздің нормаланған, тұрақтанған элементтерінің біріне айналған бұл сөзге "Қазақ тілі түсіндірме сөздігі" мен "Қазақ Кеңес энциклопедиясында" мынадай анықтама беріледі: "1. Тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі адамдардың материалдық игіліктерді өндіру тәсілі мен өндірістік қатынастарына негізделген қарым-қатынасының жалпы жиыны. 2. Өндірістік қатынастар негізінде қауымдасқан адамдардың бірлігі, жиынтығы. 3. Ынтымақтас, ниеттес адамдардың ортақтасқан қауымы. 4. Әлеуметтік топ, орта, бір ағымдағы жұртшылық. 5. Шығармашылық одақ, ерікті бірлестік, ұйым". (ҚТТС. Алматы, 1982, 6-т.). "Адамдардың материалдық және рухани өмірін диалектикалық бірлікте, өзара байланыста көрсететін философиялық ғылыми категория" (ҚСЭ. Алматы, 1975).

Семантикалық тәсіл арқылы терминдік сапаға көшкен бұл саяси терминнің қолданыстағы өзгеше өрісін жете түсіну үшін осы сөз арқылы туындаған көптеген ғылыми терминдерді саралап шығу керек.

Осы сөздің қатысуымен жасалған терминологиялық ұғымдардың әлі де толық емес түрлері мыналар: *Қоғамдық ғылымдар академиясы, қоғамдық айыптаушы, қоғамдық еңбек, қоғамдық еңбекті ұйымдастырушы, қоғамдық жиынтық өнім, қоғамдық заңдылық, қоғамдық инспектор, қоғамдық интернат, қоғамдық капитал, қоғамдық қатынастар, Қоғамдық қауіпсіздік комитеті, қоғамдық қорғаушы, қоғамдық құрылыстар, Қоғамдық құтқару комитеті, қоғамдық меншік, қоғамдық өндіріс, қоғамдық өнім, қоғамдық пікір, қоғамдық сана, қоғамдық тамақтандыру,*

қоғамдық тұтыну қорлары, қоғамдық тұтыну құны, қоғамдық ұйымдар, қоғамдық шарт, қоғамдық экономикалық талдау бюросы, қоғамдық экономикалық формация, қоғамдық материалдық-техникалық база, қоғамдық саяси ұйым, қоғамның таза табысы, антогонистік қоғам, буржуазиялық қоғам, коммунистік қоғам, социалистік қоғам, феодалдық қоғам т.б.

Сонда "қоғам" атты бір ғана сөздің терминденуі арқылы әлденеше терминдік тіркес қатары пайда болғанын көреміз. Бұдан шығатын түйін: қайсыбір сөздерді семантикалық тәсіл арқылы терминге айналдыру өзге де терминдік ұғымдар қатарының жасалып, молая түсуіне мүмкіндік ашады деген сөз.

Немесе "Отан", "орта", "отар", "ошақ" сөздерінің семантикалық қозғалысын алалық.

Отанның о бастағы мағынасы біреудің туған үйі, шаңырақ немесе ары барғанда туған ауылы дегенді ғана білдіретін. Мысалы: *Күнзия бір үйдің кенжесі еді, бір отанның еркесі еді" (З.Шүкіров). Бұл жолдасы адам болып, бір отанға иелік етіп отыр (О.Сәрсенбаев)* дегендердегі отанның сол әу бастағы отбасы, ошақ қасындық ұғымын білдіреді.

Ал егер "*Отанымыздың* астанасы Мәскеуде болған қазақ көркемөнері мен әдебиетінің екінші онкүндігі жоғары дәрежеде өтті" (Ғ. Мүсірепов) десек, біз туған ел, өскен жер, атамекен тәрізді ұлы ұғымдарды қамтимыз. Осы соңғы мағыналық қызмет осылайша терминдендіре қолданудың нәтижесінде пайда болды. Бұл сөздің мағынасының ұлғайып, қоғамдық-саяси термин сөз ретінде қолданылуына әсер еткен нәрсе "Родина" деген орыс сөзіне балама іздеуден, соны аударудың әрекетіне байланысты деп білеміз. Сөздердің мәністік (семантикалық) өрісін дұрыс бағдарлап, олардың потенциалдық мүмкіндігін дәл сезініп отырған маман тіл байытудың осы тектес жолдарын ашып отырады. Қазір бұл тәсіл арқылы пайда болған сөз халқымыздың ең қасиетті ұғымын арқалап тұрған терминге айналды.

Отан сөзінің қатысуымен бұдан басқа да бір топ термин сөздер жүйесі жасалды (отандас, отандық ғылым, отаншылдық сезім т.т.) "Орта", "ошақ" сөздерінің де терминге айналуынан сөзге саналы түрде ықпал жасап, оны белгілі бір мақсатқа орай бағыттаудың әсерін көреміз. Мәселен, *орта* дегенде қазақ бір нәрсенің ортасы, екі-үш адам ортасы немесе белгілі бір мөлшерге жетпеген, толмаған деген ұғымдарды түсініп келген болатын. Қоғам дамуының ерекшелігіне орай "среда" деген орыс сөзіне толық балама бола алатын атау іздеу керек болды. Осының нәтижесінде "орта" сөзі адамның туып, өскен, жұмыс істеген жері, қоршаған қауымы деген нақты да үлкен ұғымды білдіретін терминдік мәнге көшті.

Ал үстіне қазан асылу үшін шеңберленген үш аяқты темір немесе жерден қазылған шұңқыр деген нақты мағынасы бар, үй іші, отбасы дейтін ауыспалы мағынасы бар *"ошақ"* сөзі әу баста кейбір түркологтардың[27] жорамалы бойынша от жақ деген сөзден туындап, тіпті орыс тіліне де осы *"очаг"* – түрінде еніп кеткен екен. Бұл сөздің терминденуіне де орыс тіліне енген "очаг" сөзінің кері әсері тиген бе деп ойлаймыз. Өйткені *очаг культуры, очаг болезни, очаговое явление* т.т. терминдік ұғымдар – бұл сөздің қоғамдық қызметін кеңейте түсті. Сөйтіп, біз бұны да арнайы мағына арқалаған терминдік атауға айналдырып алдық.

Сондай-ақ *"еңбек"* сөзінің бір кездегі мағынасы бүгінгіден мүлде бөлек болатын. Қазақ көбіне-көп зейнетінен бейнеті, рақатынан азабы көп жан қинаумен күн кешуді еңбек деп түсінетін. Бұл сөздің әлгіндей ауыр мәнінен арылуы оған

[27] Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1986. 155-б.

терминдік мағына телінуден. Ол социалистік еңбек мағынасында рақат табатын атақ, даңққа жеткізетін ең абыройлы кәсіп деген жаңаша мәнге ие болды.

"Жарыс" сөзінің жағдайы да осыған ұқсас. Мұның халық түсінігіндегі байырғы мағынасы ат жарыс, жаяу жүгіріс дегенді меңзейтін болса, кейін осыған қоса барлық еңбек адамдарының атқа мінбей-ақ, жаяу жүгірмей-ақ, тірлік, жұмысты жандандыру арқылы өзара жолдастық бәсекеге түсу тәрізді мағыналық сапаға көшті. Міне, содан барып күнделікті тіршілікте *социалистік еңбек, социалистік жарыс* деген сөздер терминдік тіркес ретінде әдеби қалыптасып, сіңіп кетті.

"Күрес" сөзінің терминге айналу тарихынан да біз осы жоғарыдағы сөздер басындағыдай мағыналық өрісті байқаймыз. Екі адамның, екі балуанның белдесуін, күш сынасуын ғана білдіретін бұл ұғымның саяси терминге айналуы жұмысшы табының іс-әрекетімен тікелей байланысты. Сөйтіп, ауызекі сөйлеуде екі адамның белдесуін ғана сипаттайтын бұл сөз революциялық қозғалыс құралына айналды, саяси күрес дейтін термин дәрежесіне көтерілді деп айта аламыз.

"Кеш" сөзі тәуліктің бір мезгілі екені түсінікті. Мағына жаңарту, арнайы қызмет жүктеу, яғни мәністік (семантикалық) тәсіл арқылы терминдендіру арқылы осы сөздің басында да сапалық өзгеріс пайда болды. Бұл енді әшейін күннің батуы немесе кешкілікті уақыт қана емес, сонымен бірге қоғамдық іс-әрекеттің бір түрін әйгілейтін *(әдеби кеш, өнер кеші* т.т.) қуатты терминге айналды. Біз енді қауымдық, тәрбиелік мәні бар тақырыптық жиындардың біразын жоғарыдағыдай "кеш" деп атайтын болдық.

Сондай-ақ, *жоба, жоспар* сөздерінің табиғатынан да біз осындай жаңа мағыналық өзгерістің болғанын байқаймыз. Бұлардың о бастағы мәні, әрине, бұрынғысынан әлдекайда кеңейіп, күнделікті сөз жасау ісімізде жиі қолданылатын қоғамдық ғылымдар терминіне айналды. Бұрын, мәселен, *жоба* сөзі бір нәрсенің түрі, түсі, пішіні, кескіні дегенді меңзейтін болса, қазір *проект* деген орыс терминінің мағынасын толық беретін күйге көшті. Мысалы, мына сөйлемге назар аударалық. Еревандағы Таманияның *жобасы* бойынша жасалған Ленин алаңында, Үкімет үйі, опера және балет театры т.с.с. бірнеше сәнді үйлер орналасқан (І.Омаров, "Серпін").

Ал әуелде жеке адамның іс-әрекетінде өте сирек кездесетін *жоспар* сөзі *план* терминінің баламасы ретінде пайда болып, тілімізде әбден орнығып алды. Қазір қоғам өмірінің қай саласында да бұл сөздің қатынаспайтын жері жоқ. *Жоспар* өміріміздің жарқын бір белгісін білдіретін қуатты сөздің біріне айналды. Социалистік өмірдің бүкіл мәні жоспарлы жұмысқа байланысты өрбіп отырған заманда бұл терминнің семантикасындағы мағыналық өзгерісі мен өрісі дөп аршылып, пайдаланылған деп білеміз.

Терминологиялық сапаға көшкен көптеген сөздерді саралай отырып, олардың қатарында ауыз әдебиеті үлгілерінен де алынған материал аз емес екенін байқаймыз. Әсіресе, халық тұрмысына, айналысқан кәсібіне, қоршаған ортасына байланысты сөздер, неше алуан өсімдік атаулары термин жасаудың бай көзі болып саналады. Термин жасау тіпті де оңай шаруа емес. Неше алуан жарыспалы сөздер арасынан оның біріне ғана тоқтау немесе терминденуге лайықты сөздің бастапқы мағынасын өзгертіп, кеңейтіп не тарылтып алу үшін талғам керек.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ тіліндегі *"көсем"* (вождь) сөзінің терминдену тарихы тіпті қызық. Бір қарағанда, бұл сөздің қазіргідей ұлы сапаға көшуге ыңғайы болмаған да сияқты. Қазақ "сөйлей-сөйлей шешен боласың, көре-көре көсем боласың" дей отырып, *көсем ешкі, көсем ат,* тіпті *көсем ағаш* деген

ұғымдарды да кеңінен қолданған ғой. Ал *"вождь"* терминінің мәнін берерлік талай сөз сарапқа түскені мәлім. *Басшы, жетекші* т.т. дегендерден гөрі *"көсем"* сөзінің дөп түскені соншама, қазір мұның тағы басқа нұсқасы бар ма екен деп бас қатырып жатпаймыз. Осыған қарағанда, халықтың ауыз әдебиеті мен фольклорында терминдік өріс тілеп тұрған қаншама сөздер барын әсте естен шығармауға тиіспіз.

Мұның бәрі тіліміздің сөзжасам заңдылықтарын дұрыс қолданудың нәтижесінде пайда болып отыр. Әсіресе, байырғы сөздерімізді, диалектілерді терминдендіру нәтижесінде тіліміздің қоғамдық қызметі күшейе түскен тәрізді. Ендеше, терминжасам ісінде мәністік (семантикалық) тәсілдің мүмкіндігі мол екенін, оның термин қалыптастырудағы активтілігін баса айтқанымыз жөн.

Бұл тәсіл, әсіресе, ғылым тілі үшін өте пайдалы, мұны іске қосу арқылы осы тәсілмен термин жасаудың бар мүмкіндігі, ең басты талабы қанағаттандырылады. Бір қызығы, осы тәсіл арқылы терминденген сөздер өзінің бастапқы мағынасынан ада-күде күдер үзіп кетпейді. Олардың терминдік сапада жұмсалмайтын мағынасы да тілдің басқа бір қабатында, арналарында қолданыла береді. Яғни бұлар көп мағыналы болса, сол көп мағыналылығынан, тар не кең мағыналы қалыпта болса, сол кең не тар мағынасынан мүлде аулақтанбайды. Тілдің қолданыс ыңғайы қай сөздің болсын бар ішкі мән-мазмұнын сарқа пайдалануға мүмкіндік жасап отырады. Мысалы, *өркен* сөзін алайық. Бұл қауын пәлегінің өркен жаюы деген ұғымды білдіретін сөз. Сонымен бірге бұл *кейінгі өркен, жас қауым, болашақ ұрпақ* деген мағына арқалаған термин. Сондай-ақ *күрес, жарыс, отан* т.б. сөздер жайында да осыны айтуға болады.

Негізінен, семантикалық тәсіл терминологиялық жүйені жасаудың алғашқы кезеңіне тән. Неге десеңіз, ғылым мен техниканың қанат жайған қазіргі жағдайда терминжасамның басқа сөз тіркесін, сөз біріктіру, қосымшалы түрлері белең ала бастағанын дәлелдейтін дерек көп. Соған қарамастан, семантикалық тәсіл өзінің термин жасаудағы өнімділік қасиетінен сәл де болса тежеле түскен тәрізді.

Есте тұтарлық тағы бір мынадай жайт бар. Терминжасамның алғашқы кезеңінде жалпы әдеби тіл құрамындағы сөздер мен терминдердің аражігі айқын аңғарыла бермейтін. Бұл терминдердің кәдімгі сөздерден онша алшақ кете алмай жатқандығын танытатын құбылыс еді. Ал қазіргі кезеңге жақындаған сайын терминдердің терминдік қасиеті барынша айқындалып, олардың қатары молайып, құрамы мен құрылысы жетілдіріле түскенін байқаймыз. Мұны біз, әсіресе, қоғамдық ғылымдар, жалпы ғылым мен техника терминологиясының қалыптасу барысынан аңғарамыз.

Терминжасамның семантикалық тәсілі жалпы әдеби тілдің семантикалық сөзжасам тәсілінен едәуір ерекшеленетінін есте тұтқан жөн. Ол қандай ерекшелік? Жалпы әдеби тілдегі бұл процесс ұзақ мерзімнің, яғни эволюциялық дамудың салдарын танытады, ал терминжасамдағы семантикалық тәсіл керісінше тіл дамуындағы өзгеше бір даму екпінінің нәтижесі ретінде туған. Терминологиялық сөзжасам тілдің даму заңдылығына тән ұзақ мерзімді күтіп жатпай-ақ, байырғы сөздерді жедел қарқынмен арнайы мақсатқа бейімдеп, терминдендіруге шұғыл түрде мүмкіндік жасады. Соның нәтижесінде терминге айналған әлгі сөздердің семантикалық жағынан ғана өзгеріске түсіп қоймай, грамматикалық және лексикалық пішінін де құбылтып алады.

Сонымен, семантикалық тәсіл терминжасамның негізгі тәсілдерінің бірі ретінде терминологиялық лексика қабатының толыға, байи түсуіне үлкен септік жасайтын негізгі амалдың бірі болып табылады. Мұның тағы бір атап айтылуға тиісті ерекшелігі – сол арқылы жасалған терминдер терминжасамның өзге амалдарына

қарағанда әрі қысқа, әрі нұсқа болып шығатыны. Сондықтан да терминжасам процесінде бұл тәсілді сарқа пайдаланып отыру қажет.

2. Терминжасамның ең басты екінші тәсілі, жоғарыда ескерткеніміздей, бірнеше топқа бөлінеді. Мұның өзін іштей ең басты үш бөлікке бөліп, әрқайсысын жекежеке тәсіл есебінде әңгімелеуге де болады. Солай етіп жүргендер де бар. Ол, біріншіден, морфологиялық немесе синтетикалық (қосымша жалғау) тәсіл; екіншіден, синтаксистік немесе аналитикалық (сөз біріктіру, қосу) тәсіл; үшіншіден, аббревиациялау (сөз, буын, дыбыс қысқарту) тәсілі. Мұны қарапайым тілмен айтсақ, қосымшалау тәсілі, біріктіру тәсілі, қысқарту тәсілі деп алар едік. Ендігі әңгіме осы жүйемен жалғастырылады.

а) *Морфологиялық* немесе *синтетикалық тәсіл* дегенде әңгіме қазақ тілінің сөз жасауға, сөз түрлендіруге қатыстырылатын қосымшаларының термин жасаудағы рөлі жайында болмақ.

Сөзжасамның бұл тәсілі барлық тілдерде бірдей болып көрінгенмен, қазақ тілінің сөз тудыру моделінде өзіне тән сыр, сипат бар. Мұны біз терминжасамға қатысы жағынан саралап қараймыз.

Жалпы, қазақ тілінің сөзжасамға қатыстырылатын қосымшалары туралы әңгіме қозғалғанда, мамандар[28] ***-шы, -ші, -лық, -лік, -шылық, -шілік, -ма, -ме, -ыс, -іс, -с, ым, -ім, -ш, -іл, -л, -қы, -кі, -у*** қосымшаларын өнімділер қатарына қосып жүргенін ескеру керек.

Алайда бұл қосымшалардың терминжасамдағы өнімділігі үнемі бір деңгейде емес екені де түсінікті болар. Терминдік материалды сұрыптағанда, әсіресе қоғамдық ғылымдар терминологиясын сарапқа салғанда, бұлардың терминжасам процесіндегі қызметі әрбір кезеңге орай және ғылым мен техниканың даму деңгейіне байланысты құбылып отыратынын көреміз. Өнімсіздеу немесе өнімділігі орташалау деп танылып келген кейбір жалғаулардың ***-ым, -ім, -м, -ыс, -іс, -с, -қы, -кі, -к, -қыш, -кіш, -уыш, -уіш, -кері, -гері*** қоғам дамуының сипатына сәйкес ерекше активтілік танытатынын көптеген мысалдар дәлелдейді.

Тілде бұрыннан қалыптасқан сөз жасау модельдерінің ізімен жасалатын бұл тәсіл де терминжасамның ең өнімді амалдарының қатарына жатады. Бұл да тіл байытудың бір көзіне айналды. Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған лексиканы былай қойып, терминдердің өзін есептер болсақ, оның санын анықтау қазір қиынға түсер еді. Термин жасауға қатыстырылатын қосымшалар тек ұлттық тіл лексикасына ғана жалғанумен шектелмейді, олар интертермин сөздерге де, советизмдерге де, орыс тілінен енген кірме сөздерге де жалғана береді *(автоматтандыру, индустрияландыру, электрлендіру, коллективтендіру, министрлік, колхозшы, стахановшы* т.б.). Зат не мамандық атаулары, бір нәрсенің ерекше белгілерін атау мақсатында қазақ тілінің кейбір жалғаулары термин жасаудың тұрақты элементіне айналды десек те болады.

Терминнің дәл болуы негіз бен қосымшаның үйлесуіне тікелей байланысты. Осы екеуі жымдаса келе терминдік мәнге көшеді. Сондай атауларды жасауда қазақ тілінің ***-шы, -ші*** қосымшалары арқылы мынадай терминжасам моделі қалыптаса бастағанын көреміз. Мұның өзін бірнеше үйірге бөліп қарауға болар еді.

Біріншіден, ***-шы, -ші*** жұрнағының негізгі түбірге қосылуы арқылы жасалған терминдер *тіл-ші, үгіт-ші, шолу-шы, хабар-шы, тәрбие-ші, күзет-ші, жазу-шы, ән-ші, берсиев-ші, жасақ-шы, мысал-шы, дүкен-ші, әмір-ші, кеңес-ші, есеп-ші,*

[28] *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология.

сақ-шы, еңбек-ші тәрізді қазақтың төл сөздеріне жалғанып жасалғандар бір төбе де, *трактор-шы, бетон-шы, спорт-шы, коньки-ші, футбол-шы, архив-ші* сияқты кірме сөздерге жалғану арқылы жасалған сөздер бір төбе.

-Шы, -ші қосымшасы туынды түбірлерге де, біріккен сөздерге де, тіпті тіркесім сөздерге де жалғана береді. Осы жолмен жасалған терминдер тіпті көп. *Өнеркәсіп-ші, құс өсіру-ші, үздік оқу-шы, заң шығару-шы, жер өлшеу-ші, жылнама-шы, атқос-шы, негізін салу-шы, қолбас-шы, қолқабыс-шы, өндіру-ші, қолөнер-ші, фототіл-ші* тәрізді терминдер қазір әдеби тіліміздің сөздік қорынан тұрақты орын тепкен.

Сонда байқап отырсақ, бұл қосымша жалғанған сөзіне екі түрлі мағына телиді екен. Бірі – белгілі бір мамандық немесе кәсіп иесі (тілші, жазушы, тәрбиеші) дегенді, сондай-ақ оны жақтаушы (стахановшы, динамошы, мичуринші) дегенді меңзейді.

О бастан өнімді жұрнақтың бірінен саналатын бұл қосымша тек байырғы қазақ сөздерінің түбірлеріне ғана жалғанып қоймай, көптеген кірме сөздерге де (скрипкашы, арматуршы, тракторшы) жалғанып, термин тудырудың аса бір өнімді көзіне айналды.

Төңкерістен бұрын *жолаушы, қайыршы, теміршi, өтірікші, үйші, емші, сатушы* сияқты бірен-саран сөздер құрамында ғана кездесетін бұл қосымшаның сөзжасамдық қызметі, әсіресе Қазан төңкерісінен былайғы жерде тіпті күшейе бастайды. Мысалы, 20-жылдардағы баспасөз материалдары[29] мұны айқын аңғарта алады. *Кітапханашы, тілші, нұсқаушы, бақылаушы, еңбекші, кәсіпші* деген сөздер осыған дәлел.

30-жылдары ***-шы -ші*** қосымшасы кірме сөздерге жалғанып, терминологиялық лексиканың қарасын көбейте түсті, дегенмен *капиталшы* (капиталист), *оппортуншы* (оппортунист), *пайдашы* (отходник) сияқты мысалдар терминжасам принциптерінің әлі де принципті негізде жолға қойыла алмағанын байқатады.

Ал 40–50-жылдары осы жұрнақ арқылы жасалған *монтажшы, сәулетші, сайлаушы, заводшы, басқыншы, егінші, нұсқаушы, зерттеуші, басшы, балташы* (плотник), *қырғыншы* (погромник), *тұтынушы* тәрізді сөздер терминдік жүйе қатарын молайтты. 70–80-жылдары бұл қосымшаның өнімділігі тіпті күшейе түсті *(жүргізуші* – ведущий; *хабаршы* – вестник; *вкладшы, өктемші* – властелин; *газетші, іс жүргізуші* – делопроизводитель; *жаншы, шапқыншы* – завоеватель, *басқыншы* – захватчик; *сайлаушы* – избиратель; *хабаршы* – информатор; *орманшы* – лесник т.т.).

-Шы -ші жұрнағы көбіне-көп орыстың ***-ист, -ец, -ун, -тель, -щик, -ник, -ик, -чик, -атор*** – қосымшаларының жалғауымен жасалған сөздерді аударуға келгенде тіпті өнімділік байқатады. Сонда бұл жалғаудың әлгіндей қосымшаларымен келетін сөздерден термин жасауға мамандана бастағанын байқаймыз. Аудармашылар мұның осындай жүйелі қызметін аңғарып отырса құба-құп.

Кейбір ғалымдар[30] ***-шы -ші*** қосымшасының мағынасы көмескілене бастаған сөздерге де қосылып, жаңа сөз жасайтынын көрсетеді. Мысалы, *ұрғашы* – "самка" дегендегі "ұрғаның" түпкі мағынасын проф. Қ.Жұбанов "ұрық" сөзінен шығарған. Сонда жоғарыдағы модельдерден байқайтынымыздай, бұл жұрнақ арқылы етістерден жасалатын терминнің бәрі бірдей мамандық пен кәсіпті көрсетіп қоймайды екен, сонымен бірге түбір сөздің бастапқы мағынасын да меңзейді. Мысалы, *оқушы* (ученик) сөзі мектеп оқушысы ғана емес, ол нақты кітап не газет

[29] *Исаев С.* Язык периодической печати 1920-х годов. Автореф. дисс. канд.филол.наук. Алма-Ата, 1966.

[30] *Жубанов К.* Исследование по казахскому языку. Алма-Ата, 1966. С.64.

оқып отырған адам деген ұғымды да меңзейді. Ал бізге керегі мұның алдыңғы терминдік мағынасы *тоқушы* (ткач), *алушы* (покупатель), *жазушы* да дәл осындай.

Бұл қосымшаның сөзжасамдық аясы тек ұлттық тіліміздің байырғы сөздерімен ғана шектеліп қоймайды. Ол кірме сөздердің де көбіне жалғанып, терминдік модель жасайды. Терминнен термин тудырады. Мәселен, *комбайн, трактор, колхоз, шахмат, скрипка, пианино* сияқты зат, ұйым атын білдіретін көптеген кірме сөздерге жалғана отырып, сол мамандық иелері деген мағыналық мәні басқаша терминдер жасайды.

Термин жасауда *-лық, -лік* жалғауының қызметі де ерекше. Ол да терминдік мәнге икемделіп тұрған таза қазақы сөздерге қоса, кірме сөздерге де еркін жалғанып, термин жасаудың өнімді бір түріне айналды. Алайда бұл жұрнақтың терминжасауға қатысы үнемі біркелкі болған емес.

30-жылдары бұл жұрнақтың жалғануы арқылы жасалған сөздердің біразы қазір уақыт сынына жауап бере алмай, термин ретіндегі мәнінен айырылып, қолданыстан шығып қалды. *Затшылдық* (материализм), *төтелік* (последовательность), *тегістік, жеңістік* (победа), *құралық* (календарь), *кеңсешілдік* (бюрократазм), *екпінділік* (ударничество) т.т. сөздер сол алғашқы әрекеттер белгісі болып қалды.

Терминжасам процесінің үнемі сұрыпталып, жетілдіріліп отыруының нәтижесінде, бұл сияқты термин сөздер не сол халықаралық мәнін сақтап, сол қалпы, не дәл терминдік мәнін айқындайтын қазақ сөздерімен алмастырылып (материализм, коллективизм, бюрократизм, календарь, жеңіс, бірізділік, кеңістік т.т.) беріліп отырды.

Ол жылдары осы жұрнақ арқылы қатыстық сын есімнен де термин көп жасалған, *әскерлік қызмет* (воинская служба), *техникалық оқымысты* (технический кадр), *саясаттық сектор* (политический сектор), *социалдық қоғам* (социалистическое общество). Осыдан кейін бұл қосымшаға құмарлық сәл саябырлай бастайды да 50–70-жылдары бұған шамадан тыс әуестік қайта қозғаны көрінеді. *Дәндік жүгері* – кукурузное зерно, *ақындық есім* – имя поэта, *шопандық тіршілік* – жизнь чабана, *паспорттық бланкі* – паспортный бланк т.т. мысалдар осындай құмарлық сарынның салқыны. Алайда бұл жалғаудың сөзжасамдық сипатын, оның ішінде, әсіресе терминжасам процесінде (әрине ретімен пайдалана білсе) сөз түрлендіргіш өнімді көмекші бола алатынын көптеген мысалдар нақты дәлелдейді. Мысалы, *заңдылық* (законность), *заңсыздық* (беззаконие), *оқулық* (учебник), *мамандық* (специальность), *бесжылдық* (пятилетка), *сенбілік* (субботник), *орталық* (центр), *республикалық* (республиканский), *философиялық* (философический), *адамгершілік* (гуманизм) т.т. қазіргі қазақ әдеби тілінің сөздік құрамынан мықтап орын тепкен, бұларсыз ғылыми ой-пікірді өрбітуге болмайтын терминдер жүйесін атап айтуға болады. Сөйтіп, бұл жұрнақтың да сөзжасамдық, оның ішінде, әсіресе терминжасамдық мүмкіншілігі сарқылып біткен жоқ, қайта, қаншама ұғым, түсініктің айқындала, нақтылана түсуіне сеп болды, оның нәтижесінде тамаша терминдер келді өмірге. Тек әңгіме мұның көзін тауып, сауаттылықпен қолдана білуде.

Қазақ тілінің сөз тудырғыш қосымшаларын зерттеушілердің біразы[31] өнімді қосымша деп осы сөз болған ***-шы -ші, -лық -лік*** жалғауларын ауызға алады.

Біз өнімділігі жоғары қосымшалар қатарына кейінгі кезеңдерде терминжасам

---

[31] *Ысқақов А.* Қазақ тілінде кейбір жұрнақтардың қолданылу аясы мен қызметінің кеңеюі жайында//Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы, 1972; *Бейсембаева З.* Нормализация словообразующих аффиксов имен существительных в современном казахском литературном языке. Автореф. дисс. канд.филол.наук. Алма-Ата, 1982.

процесінде актив мінез таныта бастаған ***-ма -ме, -ым -ім -м, -ыс -іс -с, -қы -кі -к*** жалғауларын да қосар едік. Соңғы екі онжылдық деңгейінде Мемтерминком тарапынан жолдама алып, қолданысқа енген термин сөздерді еске алсақ және мерзімді баспасөз материалдарын қарап отырсақ, осы аталып отырған қосымшалардың, әсіресе, терминжасамдық қабілеті ашыла, айқындала түскен тәрізді. Мысалы, *бастырма, қондырма, үйірме, құрама, мінбе, мінездеме, балама, жазба, баспа, қолтаңба, қырқым, ашылым* (открытие), *басылым* (издание), *жазылым* (подписка), *қойылым* (постановка), *сұраныс, көрініс, ұғыныс, тексеріс, отырыс, ұсыныс, табыс; басытқы* (закуска), *құрылғы* (устройство), *жылытқы* (грелка), *қондырғы* (установка) т.т. тіліміздің терминдену мүмкіншілігінің шексіз екенін байқатады.

Мұның түбір не туынды немесе біріккен сөз түріндегі модельдерін көрсетуге болады, яғни бұл қосымша төл сөзіміздің түр-түріне жалғана беретіні сияқты кірме сөздерді де таңдап, талғап жатпайды. Таңдау тек терминденуге бейім сөздер жайында, яки заттануға ыңғай білдіретін сөздер жайында болуы мүмкін.

-Шыл, -шіл. Бұл жұрнақ арқылы әу баста адамдардың ерекше әрекеті мен ерсі қылықтарын, бір нәрсеге тым әуестігін, бейімдігін білдіретін *өзім-шіл, ұйқы-шыл, сөлем-шіл, уайым-шыл* тәрізді сөздер жасалатын. Ал *ленин-шіл, қоғам-шыл, көп-шіл, өлең-шіл* дегендер аталмыш жұрнақтың сөз тудырғыш қызметіндегі аздаған мағыналық өзгерісті байқатады. Бұл терминдер мұратшылдық мән арқалап, қоғамдық сипат алды.

Бір кезде сөзжасамдық қабілеті шектеулі қосымшалар қатарына ығыстырылған ***-дама -деме, -нама -неме, -лас -лес, -дас -дес, -ман -мен*** тәрізді морфемалардың қосылуы арқылы жасалған *аялдама* (остановка), *бейімдеме* (приспособление), *ғарышнама* (космология), *дәйектеме* (обоснование), *дәуірнама* (эпопея), *есімнама* (персоналий), *жариялама* (объявление), *жолдама* (путевка), *жоспарлама* (планерка), *жүктеме* (нагрузка), *жылнама* (летопись), *кепілдеме* (рекомендация), *кескіндеме* (живопись), *лездеме* (летучка), *мағлұматнама, анықтама* (справочник), *мадақнама* (грамота), *өмірнама* (биография), *сапарнама* (путевые записки), *топтама* (серия, цикл), *түсініктеме* (комментарий), *оқырман* (читатель), *көрермен* (зритель) сияқты сөздер бұлардың да көзін тауып, қаузап қолдана білсе, терминжасам мүмкіншілігі мол екені байқалады.

Бірақ өнімділігі орташа делінетін алдыңғылардың да, өнімділігі тіпті төмен аталатын бұлардың да мүмкіндігін пайдаланып жүрген терминологтар, кейде қалыптасқан термин жасау принципін ескере бермейтін сияқты. Ол принцип бойынша барлық халықтарда ортақ интернационалдық терминдерді, негізінен, сол күйінде қабылдау дәстүрі біршама қалыптасып қалғаны мәлім. Осының нәтижесінде ана тіліміздің халықаралық сипаты мен қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық көркемдік сапасы күрделі де жоғары түсінік, пайымның қандайын болса да білдіре алардық дәрежеге көтеріліп, қолданыс аясы мүлде кеңейе түсті емес пе! Бұл әрине, терминжасам процесіндегі творчестволық ізденіске жол жоқ деген ұғым туғызбаса керек. Дегенмен, қолданысқа сол күйінде сіңіп кеткен *эпопея, летучка, серия, космос, космонавт, ванна, космология, аудитория, фляга, фонотека, флагман, реставрация, чемпион, тротуар, рюкзак, планерка, грелка, рекомендация, овощ, пластинка, кузов, юбилей, партнер, сквер, аллея, зарисовка, фасон, реликт, контакт, репетитор, модель, концепция, юмор* тәрізді сансыз көп термин сөздерді қазақшаға аудару әрекетінің кейінгі кезде белең ала бастағаны ойландырады. Ол аудармалар арасында өзінің терминдік мағынасының орындылығымен көкейге

қонатындары *(жолдорба, жылытқы, көкөніс, кепілдеме, саябақ, саяжол, суреттеме* т.б.) да, көңілге жатпайтындары *(дәуірнама, былау, жалаугер, жуктеме, мадақнама* т.б.) да бар. Бұлардың қай-қайсысына да ә дегеннен тыйым салу, әрине, әбестік болар еді. Өйткені сол ерсі көрінген жаңалықтың өзі публицистикалық немесе көркем әдебиет туындыларында стильдік не басқадай мақсатта тілдің даму процесін ілгерілетіп, сөзжасамдық мүмкіншілігін аша түсуі әбден мүмкін.

Ал сөзжасамның *синтаксистік,* яғни *аналитикалық* тәсіліне келсек, бұлардың да терминжасамға тигізер септігі мол. Бұл – екі немесе одан да көп сөздердің біріктірілуі арқылы жасалатын тәсіл. Термин жасаудың бұл тәсілі термин біріктірумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге ол сөздердің немесе терминдердің тіркесімі арқылы да жасала береді. Қазіргі қазақ тілінің термижасам процесі көрсеткеніндей, мұның екі түрі де морфологиялық тәсілден кейінгі орында тұратын тәрізді. Бұл арқылы кілең күрделі тіркестер жасалды. Мынадай басты-басты модельдерді іштей жіктеп көрсетуге болады. Біріншіден, термин құрайтын екі компоненттің екеуі де бір-біріне тәуелсіз тең мағыналы төл түбірлер болып келуі мүмкін: *көз-қарас* (мировоззрение), *үш-бұрыш* (треугольник),*өнер-кәсіп* (промышленность), *еңбек-ақы* (трудодень), *қол-таңба* (автограф), *өмір-баян* (автобиография), *қол-өнер* (ремесло) немесе біріктірілетін сөздің бірі туынды түбір болып, яғни әлгі лексикалық единицалардың жасалуына морфологиялық амалдар қатысуы арқылы да жасалуы ықтимал. Мысалы, *сенім хат, көзқарас, өнертапқыш, қос өкіметтілік, онкүндік, бесжылдық, атқосшы, тарихтану* т.б. бұны бір жағынан, морфологиялық-синтаксистік біртұтас тәсіл ретінде қарауға итермелейді. Төл түбір мен кірме сөздердің бірігуінен жасалған модель де осы қатарда қарастырылуға тиіс *(киножарнама, кинотаным).* Бұл ретте кейін күрделі термин жасауға септігі тиген байырғы қос сөздер қатары есте болуға тиіс. Мәселен, *орақ-балға, тәлім-тәрбие, үгіт-насихат, қоғамдық-саяси, оқу-ағарту* тәрізділер осы ретпен келіп қосылған терминдер. Яғни тілдің термин жасаудағы бұл мүмкіншілігін де сарқа пайдалануға болады деген сөз. Тіпті, керек десеңіз, қосарлы қалпында тұтас қабылданған *марксизм-ленинизм, философиялық-методологиялық, саяси-экономия* тәрізді күрделі сөздер де терминжасамның бір түрі есебінде әңгімеленуге хақы бар. Осы тектес күрделі сөздер қатары қазіргі тіл қолданысымызда жиірек кездеседі.

Сонымен, қазақ терминологиясының жасалу, қалыптасу мәселелерін жазу, сызумен байланыстыра қарастыру қажеттігі туындайды. Шынында, өзінің негізгі қызметі ғылым тілін өркендетуге орай көрінетін термин сөздерді жазусыз көзге елестету мүмкін бе? Әрине, жоқ. Осы тұрғыдан ой өрбітсек, қазақ халқының өмірінде әлденеше жазу нұсқалары болғаны мәлім. Соның ішінен біздің тілімізге ең етене жақыны орхон-енисей жазуы десек, мұның да термин қалыптастыру түгілі, жалпыға ортақ әмбебап сипаты бола қоймағаны анық. Ендеше, қазақ тілінде термин қалыптастыруға қызмет еткен үш жазу төңірегінде ғана сөз болғаны жөн. Ол – араб, латын, кириллицаға негізделген қазақ жазуы.

Ең алдымен айтарымыз, мұның үшеуінің де өзді-өзіне тән оңды белгілеріне қоса, тіл дамуына, әсіресе, ғылым тілін жандандыруға келгенде байқалған кемшіліктері де болды. Айналасы он-он бес жылдың ауқымында үш бірдей жазу үлгісін қолданып үлгерген елден не талап етуге болады. Соған қарамастан, әдеби тіліміздің бүгінгі деңгейіне жетуіне бұл үш жазу да қал-қадарынша қызмет етіп бақты. Дегенмен, түйіп айтқанда, мұның үшеуі де қазақ тілінің өзіне тән ерекше белгілерін, заңдылықтарын түгел қамти алмады. Міне, сондықтан ұлттық жазу мәселесі бүгін тағы да күн тәртібінен түспей тұруы бекер емес. Бүкіл түркі

жұртшылығы әлемдік прогрестен қалмау мақсатын көздеп және түркілік рухани тұтастық қамын жасап, латын әліпбиін жетілдіріп жатқанда біздің де қатардан қалмағанымыз абзал.

Бұл тарауда қарастырылған екінші бір үлкен мәселе термин жасау амалдары хақында. Зерттеу нәтижесінде, біз қазақ тілінде термин жасаудың мынадай жолдарының қалыптаса бастағанын байқадық. Ол – семантикалық, морфологиялық, синтаксистік, қысқарту, аудару, калькалау тәсілдері. Бұлардың қай-қайсысы да қазақ терминологиялық лексикасының қатарын толықтырып отырған амалдар.

Бұлар ойдан шығарылған немесе көктен түскен тәсілдер емес, тіліміздің сөзжасам процесінде жылдар бойы қалыптасқан, соның негізінде терминжасамға ойысқан заңды жолдар. Осы тәсілдер арқылы қаншама атау сөздер тіл байлығымыздың қазынасын толтырды. Әңгіме осыларды өз ретінде сауатты, саналы қолдана білуде.

V ТАРАУ

ТЕРМИНЖАСАМДАҒЫ АУДАРМАНЫҢ ОРНЫ

а) Жалпы мәселелер. Аударма ғылымы және оның қалыптасуы.
ә) Аударма түрлері мен тәсілдері.
б) Аударма – терминжасамның бір тәсілі.

Әлемде әр алуан тіл, әр алуан ұлт өмір сүріп отырған бүгінгі жағдайда аударма мәселесінің қажетті іске айналуы заңды. Қай халықтың тарихын тексеріп қарасақ та, ол өзінің мәдени, рухани байлығын, ғылыми-экономикалық өресін ең басты екі негізден алып, дамытып отырған. Бірі – өзінің ішкі мүмкіндіктері болса, екіншісі – өзге жұрттың мәдени-рухани байлығына иек арту. Осындай игі істің жандануына аударманың айырықша қызмет атқарып келгені жұртшылыққа аян. Аударма ісіне тер төккен айтулы ғұламалардың мұны – "халықтар достығының дәнекері" деп аялауында көп сыр бар. Шындығында, ел мен елді табыстырып, халық пен халықты жақындастыруда аударма өнерінің рөлі айырықша екені даусыз.

Егер біз бүгін дүние халықтарының бәріне ортақ неше алуан мәдени, әдеби, тарихи мұраларды көзінен тізіп санап, оқып шыға алатын дәрежеде болсақ, ол осы аударманың арқасы. О баста белгілі бір халықтың ғана мұрасы болған айтулы "Мың бір түн", "Шаһнама", "Игорь полкі туралы жыр", "Калила мен Димна" т.т. толып жатқан дана туындылар бүгінде қазақтың төл қазынасына айналды, бұл да аударманың арқасы. Қазір қазақ тілі аударма жұмысының жандануына сай көркем дүниелерді ғана емес, сонымен бірге әлемдік ақыл-ойдың асқан білімдарлары – философтардың да, әр алуан ғылыми толғаулардың да небір күрделі туындыларын жеткізе алатын әлуетті құралға айналды.

Ендеше, аударма қай заман, қай кезең болмасын қоғам өмірінің ілгері жылжи, дами түсуіне қалтқысыз қызмет етіп келді. Адамзат қауымы аман тұрғанда солай бола да бермек.

Аударма болғанда, адамзат қауымының алдымен назарға ілгені – халықтың рухани жан дүниесінің нәрленуіне айрықша әсері бар көркем дүниелер. Оны аударудың жолдары, принциптері, амал, тәсілдері әрдайым әңгімеге объект болып отырған. Кезеңіне, дәуіріне лайықты өрбіген пікір таласы аударма ғылымы дейтін саланы қалыптастыра бастады. Дүниежүзі классикалық туындыларының орыс тіліне аударылуы, олардың сол арқылы өзге ұлт тілдеріне аударылуы бұл проблеманың ауқымын кеңейтті.

Аударма процесінің жандануы тіларалық қатынас проблемасын да шешті деп ойлаймыз. Олай дейтініміз көптеген ұлттар тілінен, ең алдымен, орыс тілінен өз тіліне орыстың ұлы жазушылары туындыларын, сонымен бірге орыс тіліне аударылған әлемдік әдебиет қазынасын аудару арқылы өз халқының мәдени өресін көтеріп, рухани қазынасын молайтты. Сонымен бірге бұл халықтар бірінің шығармасын екіншісіне аудару арқылы да мәдени, рухани мұра алмасу процесін бастан кешірді. Сөйтіп олардың жалпыхалықтық, бүкілодақтық, бүкіл әлемдік мәдениет деңгейіне көтерілуіне жол ашылды. Әдетте, тіл айырмашылығына байланысты туындайтын кедергілер осындай әрекеттер нәтижесінде, яғни аудару ісінің жандануына орай жойылып отырды. Өзара рухани дүние алмасу, бірінен-бірі аудару, сөз жоқ, терезесі тең ұлттар мәдениетінің өрлей түсуіне себеп. Сөйтіп

көркем аударма мәдени және тарихи жағынан да, саяси-идеялық жағынан да жалпы мемлекеттік маңызы бар іске айналды.

Осы сөз болып отырған мәселелерді Қазақстан жағдайындағы фактілер де тәптіштей түседі. Рухани, мәдени өрлеудің асқан бір дәуірін бастан кешіріп отырған қазақ халқының өмірінде соңғы жетпіс жылдан аса уақытта аңызға ұласқан өзгеріс-өрістердің болғаны мәлім. Мәдениет, экономика, ғылым, техника т.б. тәрізді халқымыздың қарқынды қадамын танытарлық қандай бір саланы қарастырсақ та таңдай қағарлық тамаша табыстарды айта аламыз. Сол өзгеріс, өрлеулердің бір парасында аударма ісінің де ізі айқын сайрап жатады.

Орыс тілінен саяси-көркем әдебиеттің сан түрін аудару арқылы қазақ халқының мәдени өресі биіктеп, саяси пайым-түсінігі, талғам-танымы күшейе түсті. Әсіресе жаңа өмірдің жан-жақты жаңалығынан туындап, көлденең тартылған неше алуан ұғым, түсінік, пайымдарды таңбалап дағдыланбаған қазақ тілі сияқты тілде термин жасау, жазу, сызуды жолға қою, әдеби тілді қалыптастыру деген мәселелер аударма жұмысы арқылы шешім тауып жатты. Біз орыс тіліндегі көптеген ұғымдарды өз тіліміздің мүмкіндігіне орай жаңадан жасап алдық. Тілімізде жаңа сөз, жаңа термин, жаңа тіркес, тіпті жаңаша сөйлем құру дағдысы пайда болды. Бұл процесті ғылыми әдебиеттен де, көркем әдебиеттен де байқау қиын емес.

Қазіргі кезеңде аударманың көбейгені соншалықты, тек орыс тілінен қазақ тіліне аударылған шығармалар тізімін атап шығудың өзі оңайға түспес еді. Бұл мәселе жеке бір библиографиялық көрсеткішке татитын салаға айналды.

Аударма пайда болғалы ол жайында ғылыми ой-пікірдің де қанаттаса өрби түскені мәлім. Қай халықтың тарихын қарасаңыз да аударма жайында жинақталған тәжірибе, тұрақтанған пайым-түсінік бар. Аударма практикасымен шұғылданған жұрт, оның ішкі сырына үңіліп, өзіне лайықты заңдылықтарын да ашып беруге тырысқан. Сондай жоба-жүйе бірден-бірге ұласып, аударма проблемасының ережелері қағидасы жасалды. Ол осылай ғылыми пәнге айналды.

Жалпы, мәдениет, әдебиет, тіл дегендеріңіз баспа жүйесінің дамуына тікелей қатысты. Бұл жағынан қазақ халқы төңкерістен бұрынғы жағдайына масаттана алмайды. Дегенмен "Түркістан уалаятының газеті" мен "Дала уалаятының газеті", "Қазақ" газеті, "Айқап" журналы тілге тиек.

Аударма мәселесі жайындағы ой-пікірлер осы аталған газет-журналдарда тамтұмдап алғаш бой көрсеткен. Содан бері бұл мәселе күн тәртібінен түскен жоқ. Бұған әрдайым әр кезде әдебиет, мәдениет қайраткерлері араласып, пікір айтып келді. Алайда бұл өнер жайындағы пайымдаулар жан-жақты өрби алған жоқ.

Сөз жоқ, Қазан төңкерісінен кейін бұрынғы Одақта өмір сүрген халықтардың өзара қарым-қатынасы, байланысы күшейгені мәлім. Мәдениеттің барлық саласында ілгері өрлеу кезеңі басталады. Міне, осындай қат-қабат тірлік қатарында аударма жұмысы қатар жүргізіліп, ол жайындағы ой-пікірлер, ізденістер өріс алды.

Ғылыми әдебиетте аударма жайында алғашқылар қатарында пікір айтқан кісінің бірі – С.Сейфуллин деген пікір бар. Шындығында, бұл пікірдің қисыны бар. Өйткені бұдан бұрын аударма жайын нақты сөз ететін бір де пікірді кездестіре қоймадық. 1914 жылы "Айқап" журналында Верный шаһарында уездный начальник болып істеген И.Лиханов дегеннің қазақ өмірінен алып жазған "Манап" драмасы жарияланған еді. Міне, сол драма жайында С.Сейфуллинің пікірі де іле-шала берілген екен. Сонда Сәкен: "Оны қазақшаға сөзбе-сөз аударған. Соның үшін сөздері нағыз қазақша болып шықпаған" – деп қорытынды жасайды. Аударма жайындағы пікірдің бастамасы деп отырғанымыз да осы себептен.

Осыдан бергі жерде Е.Алдоңғаровтың (1926, 3 желтоқсан), Б.Кенжебаевтың (1925, 18-29 тамыз) мақалаларын атауға болады. Б.Кенжебаев Абайдың аудармашылығы жайында әңгімелесе, Е.Алдоңғаров Пушкиннің "Сараң сері" ("Скупой рыцарь"), "Тас мейман" ("Каменный гость") поэмаларының қазақшасы жайында сөз қозғайды.

Алайда отызыншы жылдардың орта шеніне дейін көркем аударма туралы айтылған пікірлер белгілі бір шеңбер шегінен шыға алмады, көбі жай тілек тұрғысынан аспады.

Қазан төңкерісінен бергі жерде де аударма мәселесі белгілі арнаға түсіріліп, бірқалыпты жүргізілмеді. Оның қаз тұру, қарастырылу, даму, зерттелу кезеңдері болды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, 20—30-жылдары аударманың практикалық жұмыстары мейлінше жанданғанын байқаймыз. Елді жаппай сауаттандыру ұраны күн тәртібіне қойылып жатқан ол кезеңде заман талабына орай әуелі жазу-сызуды тәртіптеу қажеттігіне мән берілген-тін. Жер-жерде сауат ашу мектептері, қызыл отау, оқу ошақтары жұмыс істей бастады. Үлгі-нұсқасы жоқ қазақ қауымы тек көркем әдебиетті ғана емес, сонымен қатар ауылшаруашылығына, медицинаға, оқу-ағарту ісіне, қоғамдық-саяси өмірге т.т. байланысты әдебиеттерді де жаппай ана тіліне аударумен айналысты. Сөйтіп, қазақ тілінің әдеби тіл болып қалыптасып, дамуында бұл кезеңнің қалдырған мәрі айырықша екені байқалады. Әсіресе, терминологиялық лексика жүйесінің жасалуына бұл кездегі аударма ісінің тигізген ықпалы аз емес. Міне, сондай практикалық тұрғыдағы жұмыстарды ауыз толтырып айтсақ та, ғылыми зерттеулер жағының мардымсыз болғаны байқалады. Біз мұны аударма проблемасына байланысты айтып отырмыз. Яғни аударманы ғылым ретінде қарастырып, оны ғылым объектісіне айналдырған зерттеушіні немесе зерттеу жұмысын айта қою қиын.

Алайда 30-жылдардың екінші жартысында аударманың технологиясына көңіл аударған бір оқиғаны арнайы атауға болады. Ол ұлы ақын АС.Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толуына байланысты шаралар еді. Ұлы ақынды Абай заманынан бері аялап келген қазақ қауымы, Қазақстан жұртшылығы да бұл күнді өзгеше дайындықпен қарсы алды. Ақындарымыз А.С.Пушкиннің шығармаларын жаппай қазақ тіліне аударумен шұғылданды. Бұл шаруаның басы-қасында әйгілі ақын І.Жансүгіров тұрды. Пушкинді қазақша сөйлетуде Абайдай әдемі үлгі тұрғанмен бұл шешімі оңай шаруа емес еді. Тіпті сол Абай үлгісінің өзін жете түсініп, бойға сіңіре қоймаған, ғылыми бағасы әлі берілмеген кезең еді бұл. Сондықтан қазақ қауымы осы тәжірибе төңірегінде толғамды тұжырым мен тиянақты пікірге сусап отырды. Аудармашылық өнердің сыр-сипатына бойлап, оның негізгі принциптері мен амал-әдістерін талдап берерлік байыпты байлам күтті.

1936 жылы "Социалистік Қазақстан" газетінің 18-санында жарияланған М.Әуезовтің "Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы" атты мақаласын кезең талабына лайықты жазылған еңбек деп тануға болады. Онда Абай тәжірибесі, Абай үлгісі, Абайдың шеберлігі аудармашылар ұстанар қағида, бағыт берер темірқазық есебінде әңгімеленді. Абай үлгісін ауызға ала отырып, автор кезінде Пушкинді аударуда бұдан басқа да көптеген тәжірибелердің болғанын баяндай келе, олардың түпнұсқасының басты қасиеттерін жеткізуден гөрі, ауытқыңқырап кеткенін талдап, оларды құнсыз аударма есебінде сынайды. Бұл Пушкин шығармаларының аудармасы туралы ғана емес, жалпы аударма мәселесін, сәл де болса, ғылыми тұрғыдан сөз еткен алғашқы еңбектердің бірі болатын. Мақаланың

назар аударарлық тағы бір қасиеті – Пушкин шығармаларының жаңа аудармалары мен аудармашылары туралы пікір өрбітілуі деп білеміз. Қаламының табы әр алуан, ақындық арыны әрқилы және стильдік өрнек-өрісі басқа-басқа І.Жансүгіров, Т.Жароков, Ғ.Орманов аудармаларындағы жаңа леп, жақсы беталысты автор дөп таниды. Соның тағылым аларлық табыстары мен әлі де шындала түсуге тиісті тұстарын тарата талдайды.

М.Әуезов аударма туралы ойларын бұдан әрі жалғай түсіп, іле-шала тағы бірнеше мақала жариялады. Мысалы, "Ревизордың аудармасы туралы" ("Қазақ әдебиеті", 1936, №37), "Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді?" ("Қазақ әдебиеті", 1936, №9), "Евгений Онегиннің" қазақшасы туралы" ("Соц.Қазақстан", 1937, №6), "Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар" ("Соц.Қазақстан", 1937, №49) т.т.

Қазақтың көркем аударма мәдениеті үшін үлкен бір белес болғалы тұрған бұл кезеңді дәл танып, осы істе сәл де болса жәрдемі тисін деген мақсатпен арнайы жазылған мақалаларында жазушы, ең алдымен аудармада түпнұсқаның сөз байлығын, ой тереңдігін, стиль ерекшеліктерін дәл беруді міндет санайды. М.Әуезов аударма теоретигі есебінде осы принципті өмір бойы қолдап өткен.

1937 жылғы 5 қаңтарда "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Евгений Онегин" – на казахском языке" деп аталатын мақаласында да аударма теориясының біраз өзекті мәселелерін саралаған. Шындығында, М.Әуезовтің осы алғашқы мақалаларынан былай қарай аударма ісінде бетбұрыс бола бастаған тәрізді. Мұны өзіндік проблемалары бар өзгеше өнер ретінде қабылдап, соның ішкі заңдылықтарына бойлағысы келген мақалалар осыдан былай қарай шым-шымдап шыға бастайды.

М.Әуезовтен кейін аударманы іле-шала салиқалы әңгіме еткен адам – белгілі сыншы, әдебиетші М.Қаратаев. Оның 1937 жылы жарияланған "Жүз жылдан кейінгі Пушкин", "Пушкин мен Абай" деген екі мақаласында орыс халқының ұлы ақынының бүкіл адамзатқа, Абайға, қазақ ақындарына тигізген игі әсерін әңгімелей келіп, соны аударудағы қиыншылықтар мен принциптерді тарамдап кетеді. Пушкинді аударудағы Абай үлгісі мен І.Жансүгіров, Т.Жароков, Ә.Тәжібаев, М.Дәулетбаев, С.Талжанов, Қ.Аманжолов аудармаларын салғастыра отырып, болашақта септігі тиер біраз ақиқатты алға тартады, кемшіліктерді атайды. Сонымен, ол аударма еңбек туған әдебиетіміздің үлкен саласы екенін дәлелдеуге тырысады. Отызыншы жылдарда аударма мәселесіне мән беріп, кесек пікірлер айтқан еңбектердің елеулілері осылар.

Қырқыншы жылдарда елдің рухын көтерер, патриоттық сезімін шындар туындылар аударылғанымен, аударма проблемасына бағышталған жұмыстар онша көп бола қойған жоқ. Соғыстың әлегі бұл салада да ізін қалдырды. Яғни көңілдің аудармадан гөрі басқа мәселеге алаң болғаны мәлім. Бұл тұста біз бір ғана еңбекті еске аламыз. Ол – М.И.Ритман-Фетисов пен Б.Кенжебаевтың бірлесіп жазған "Советтік Қазақстандағы аударма жұмысы"[1] деген мақаласы. Мұнда да авторлар аударманың мәні, тарихы, аударылған дүниелер жайын әңгімелейді.

Аударма мәселесінің шындап қолға алына бастағаны – елуінші жылдар. Көп ұлтты Кеңес елінің жағдайында аударма мәселесінің қаншалықты рөл атқарып отырғанын анық аңғарған партиямыз бен үкіметіміз бұл жылдары мұны бүкілхалықтық проблема есебінде бағалап, бұрынғыдан да зор мән бере қарады. Өйткені аударманың теориялық мәселелерін жан-жақты зерттеп, оның даму кездері

[1] Конспект истории казахской советской литературы. Алма-Ата, 1947 (На правах рукописи).

мен тарихын тереңірек тексерудің мезгілі жеткен болатын. Әр кезде әр алуан қаламгерлердің қаламынан шыққан әрқилы пікір-пайымдаудың заңдылыққа саятын ортақ қасиеттерін анықтап, аудару тәжірибесіне пайдасы тиер заң-жобаларды түзу қажеттігі туралы келелі бір кеңестің керек екенін де күн тәртібіне пісіріп әкелген еді. Кеңес мемлекеті Жазушылар одағы Басқармасының 1951 жылы өткізген бұл Бүкілодақтық бірінші кеңесі көркем аударма туралы мәселе қарады. Бұған дейін барлық орталық, республикалық баспасөзде көркем аударманың көптеген мәселелері жайында кең пікір алысылды. Осы пікір алысулар мен Бүкілодақтық кеңес аударма ісіне жалпы жұртшылықтың назарын ерекше аударғанын атап өткеніміз абзал.

Кеңес қарсаңында өзге республикалардағыдай Қазақстанда да біраз шаралар істелгені мәлім. 1951 жылы С.Нұрышевтің "Творческое наследие И.А.Крылова в казахской литературе XIX века", ал 1954 жылы "Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен" деп аталатын еңбектері жарық көрді. Бұл екі еңбек те аударма мәселесіне арналған. Алайда мұнда айтылатын пікірлердің бірсыпырасы даулы да дәйексіздеу болатын.

Дәл осы кезеңде марксизм-ленинизм классиктерін аудару ісі де едәуір жолға қойылып, біраз тәжірибе жинақталып қалған еді. Біртіндеп бұл мәселе төңірегінде де еңбектер шыға бастады. Мәселен, Қ.Шәріповтың "Некоторые вопросы перевода произведений классиков марксизма-ленинизма" деген еңбегі 1954 жылы, ал "О некоторых вопросах перевода с русского на казахский язык" деп аталатын М.Жанғалиннің еңбегі 1958 жылы жарық көрді. Мұның екеуі де орыс тілінде жазылған.

Сондай-ақ осы жылдары жұртшылық қолына тиген З.Ахметовтың "Лермонтов және Абай", С.Қирабаевтың Спандияр Көбеев жөніндегі, Ә.Дербісалиннің Ы.Алтынсарин жөніндегі еңбектерінде де аударма жайы сөз болады. Ал 1957 жылғы Қ.Қанафиеваның "Развитие переводческого искусства в Казахстане" деген тезисі республикамызда аударма өнерінің қалай дамып, қалыптаса бастағанын әңгіме етті.

Жалпы, осындай еңбектерге шолу жасай отырып, 50-жылдары негізінен көркем аударманың ғылыми-теориялық мәселелеріне едәуір көңіл аударыла бастады деп айта аламыз. Бұл жылдары аударма мәселесіне әр алуан мамандық иелері араласып, барлық газет-журналдар арқылы келелі ой-пікірлер өрбіді[2].

Қазақстан топырағында тұңғыш диссертация қорғалды[3]. Аударма мәселелерін ғылыми тұрғыда қарастырып, қалыпқа түсіруде З.Ахметов, Қ.Шәріпов, Қ.Қанафиева тәрізді зерттеушілердің осы елуінші жылдары жазылған еңбектерінің де рөлі болғанын атап айтамыз[4].

1958 жылы аудармашылардың Алматыда болып өткен кеңесі тек республика жұртшылығы үшін ғана емес, бүкіл түркі тілдес туыс халықтардың мәдени өмірінде

---

[2] Көркем аударманың кейбір мәселелері. Жинақ. Алматы, 1957; *Қаратаев М.* "Тынық Донның" қазақшаға аударылуы және көркем аударманың кейбір мәселелері. "Туған әдебиет туралы ойлар" атты мақалалар жинағын қараңыз. Алматы, 1958; *Жанғалин М.О.* О некоторых вопросах перевода с русского на казахский язык (из опыта перевода произведений классиков марксизма-ленинизма). Алма-Ата: Казгосиздат, 1958.

[3] *Ландау Е.* Русские переводы песен Джамбула: Автореф. дисс.канд.филол.наук. Алма-Ата, 1953.

[4] *Ахметов З.* Лермонтов и Абай. Алма-Ата, 1954; *Шарипов К.* Некоторые вопросы перевода произведений классиков марксизма-ленинизма. Алма-Ата, 1954; *Канафиева К.* Развитие переводческого искусства в Казахстане: Тезисы докл. на научной конференции филол. факультета КазГУ, посвящ. 40-летию Октября. Алма-Ата, 1957.

елеулі оқиға саналады. Мұнда Орта Азия, Қазақстан және Әзірбайжан ғалымдары бас қосып, орыс тілінен осы аталған елдер тіліне аударудың сан түрлі проблемаларын сарапқа салды. Мәжілісте жасалған баяндамалардың мазмұнына қарасаңыз, аударма әдебиет, баспа орындарының ең мәнді күрделі саласының біріне айналған екен. Осы мәнді де, маңызды шаруашылығымызда көбімізге ортақ елеулі кемшіліктердің басы ашылып, оларды түзеп, жолға қоюдың амалдары қарастырылды. Міне, сондықтан да туысқан халықтар тіліне аударудың ортақ мүдделерін таразыға салған бұл тұңғыш мәжілістің мәні айырықша болды деп бағалаймыз.

Жасалған 20 баяндама аударма саласындағы бүгінгі көкейкесті проблемалардың біразын терең талдап, жоғары ғылыми-теориялық деңгейде әңгімелейді. Бұл республикааралық кеңестің материалдары кейін жеке жинақ есебінде жарық көрді[5].

Мұның ішінде, орыс тілінен қазақ тіліне аударудың әртүрлі проблемаларын сөз ететін төрт баяндаманың жеке басылуы[6], әсіресе, біздің республика аударма ғылымының тарихындағы елеулі құбылыс. Атап айтқанда, М.Жанғалиннің "Орыс тілінен қазақ тіліне аударудың негізгі принциптері туралы", М.Қаратаевтың "Тынық Донның" қазақшаға аударылуы және көркем аударманың кейбір мәселелері", Қ.Сағындықовтың "Ленин шығармаларында кездесетін мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, идиомдарды қазақ тіліне аудару жайында" және А.Сыздықовтың "Оқу құралдарын түсінікті аударудың кейбір жолдары" деген баяндамалары бар.

50-жылдардың екпіні 60-жылдары үдей түспесе бәсеңдеген жоқ. Бұл жылдары аударманың практикалық мәселелерінде аздап саябырсу байқалғанмен, аударылған дүниелердің сапасына терендеп, жаңа қалыптасып келе жатқан аударманың ғылыми болмысына байыппен, зерттеуші көзімен қарау жағы таразының екінші жағын баса бастаған тәрізді. Аударылған дүние көп, аударуға шеберленіп алған мамандар да жетерлік, сол көл-көсір дүниенің халқымыздың рухани байлығын толықтыра түсетін қасиеті неден көрінеді. Тіліміздің бар мүмкіндігін пайдаланудағы табысымыз қандай, орыс тілінің, орыс жазушыларының, олардың керемет туындыларының сан-салалы қасиет, қатпар-қыртыстарын жеткізуде нендей амал, тәсілдерге барып жүрміз және соларды меңгеруге көзбен көріп, қолмен ұстайтындай заңдылықтар қайсы? деген түрлі мәселелерге бет бұрылды.

Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл білімі институтында тіл мәдениеті мен аударма мәселелерін ғылыми тұрғыда тексеріп, талдаудың жоспары түзіліп, арнаулы бөлім мен топ құрылды. Зерттелетін объекті, проблемалардың басы ашылып, бағдар-бағыты белгіленді. Аударманы ғылыми-зерттеу жұмыстарының объектісіне түбегейлі айналдыруда С.Талжанов пен Ә.Сатыбалдиевты алдымен ауызға алуға міндеттіміз. Бұл екі азаматтың бірі – Н.В.Гоголь шығармашылығының, екіншісі Л.Н.Толстой шығармашылығының қазақша аудармасын тексере[7] келе, қазақ аударма теориясының негізін жасауда өз үлестерін қосты. Мұндай зерттеу жұмыстарының арқасында, біз аударма мәселесінің көптеген ғылыми проблемалары бар екенін, бұл ғылымның қиын да қызықты саласы екенін танып, оның жеке-жеке салалары

[5] Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана (15-18 январь, 1958). Алма-Ата, 1960.

[6] Доклады от Казахстана. Алма-Ата, 1958.

[7] *Талжанов С.* О некоторых основных проблемах художественного перевода (на материале перевода "Ревизора", "Мертвых душ" Н.В.Гоголя на казахский язык). Автореф. дисс. канд. филол.наук. Алма-Ата, 1961; *Сатыбалдиев А.С.* Развитие культуры художественного перевода в казахской литературе (на материале перевода произведений Л.Н.Толстого на казахский язык). Автореф. дисс. канд. филол.наук. Алма-Ата, 1964.

диссертациялық тақырыптарға нысан бола бастады. Әрине, бұл зерттеулер де нақты ғылыми талдау жағынан әбден жетілген, піскен жұмыстар еді деп кесіп айту қиын. Әрқайсысының өзіндік жетістігіне қоса, кемшіліктерден де құралақан емес-тін.

Әбен Сатыбалдиевтің аталған диссертациялық жұмысында және кейінірек жеке кітап болып шыққан монографиялық зерттеуінде[8] біраз ғылыми проблемалар өз шешімін тапты. Онда ол аудармашыға үш түрлі шарт қояды және реалистік аударма дегенге анықтама бере отырып, бұл проблеманы біршама тілдік тұрғыдан зерттегісі келеді. Оның, әсіресе, түпнұсқадағы күрделі, құрмалас сөйлемдердің табиғатына барып, Толстойдың стильдік өрнектерінің берілуін әңгімелеуі құнды. Сондай-ақ, Қазақстанда аударма жайындағы ғылыми ой-пікірлердің өрбуін бір жүйеге келтіріп, оның эволюциялық даму барысын бағдарлауы бір адым ілгері басқандық болып табылады.

Бұл әңгіме болып отырған соңғы мәселе жоғарыда аталған филология ғылымының докторы Қ.Қанафиеваның еңбегінде де біршама зерттелген.

60-жылдары бұлардан басқа да әлденеше еңбектер[9] жарық көрді. Аударма проблемасын арнайы сөз ететін С.Талжанов, Қ.Нұрмаханов, З.Тұрарбеков, Т.Әбдірахманов тәрізді зерттеуші-жазушылардың, аудармашы қаламгерлердің бұл мәселе турасындағы пайымдауларының да өзіндік орны бар. Бұлар өздері тікелей араласып, өз тәжірибесіне орай түйген барлауларынан түйін жасайды. Сондықтан да мұндай пікірлердің әрі практикалық, әрі теориялық мәні болатыны сөзсіз.

Аударма ғылымының зерттелу тарихында алпысыншы жылдарға дейін біз көбіне-көп мәселенің бір жағын ғана (тек орыс тілінен қазақ тіліне, онда да тек көркем туындылардың ғана аудармасын) сөз етіп келсек, енді мұның екінші бір мәнді саласын, яғни керісінше, қазақ тілінен орыс тіліне аударудың жайы қалай дегенге де баса назар аударыла бастады. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің қазір дүниежүзінің көп елдеріне мәшһүр екеніне масаттанатын болсақ, ол тек осы екінші саланың дер кезінде қолға алынып, қалыпқа түсірілуінің нәтижесі деп білеміз. Яғни біз өз жазушыларымыздың айтулы дүниелерін әуелі орысшаға аудару арқылы әлемдік мәдениеттің қорына өз үлесімізді қоса бастадық. Бұл істе, әсіресе орыс жазушыларының, мәдениет қайраткерлерінің рөлі айрықша болғанын ризалық сезіммен атап айтамыз. Әрине, өз аудармашы мамандарымыздың да бұл кезде жетіле бастағаны мәлім.

Міне, осы процестің де сыр-сипатын анықтап, оның проблемаларын, заңдылықтарын ашудың ғылым үшін пайдасы зор. Ғылыми ақыл-кеңестердің бұрынғы кезеңдерге қарағанда, едәуір сауатты жүргізілуінің арқасында орыс қауымына ұсынылған көркем шығармалардың болмысындағы кейбір нақты проблемалар дәйекті зерттеле бастады. Бірнеше зерттеу жұмыстары[10] пайда болды.

[8] *Сатыбалдиев Ә.* Рухани қазына. Алматы, 1965

[9] *Талжанов С.* Көркем аударма туралы. Алматы, 1962; *Нұрмаханов Қ.* Дәстүрлі достық (Мақалалар жинағы). Алматы,1962; *Тұрарбеков З.* Аударма туралы. Алматы, 1967; *Талжанов С.* Об источниках духовного богатства. Алма-Ата, 1967; *Әбдірахманов Т.* Жаңа ғасыр кезінде. Зерттеулер. Мақалалар. Алматы, 1969.

[10] *Куспанов С.* Переводы поэзии Абая на русский язык: Автореф. дисс. канд.филол.наук. 1966; *Садыков Х.* Об основных принципах перевода казахской прозы на русский язык: Автореф. дисс. канд.филол.наук. Алма-Ата, 1968; *Репин Б.* Вопросы перевода казахской национально-специфической лексики (по материалам перевода романа-эпопеи "Путь Абая" М.Ауэзова на немецкий язык); Автореф. дисс. канд.филол.наук. Алма-Ата, 1970; *Сушков Ю.* Перевод прозы М.О.Ауэзова на французский язык: Автореф. дисс. ...канд.филол.наук. Алма-Ата, 1970; *Жантекеева З.* Проблемы перевода казахской поэзии на русский язык (на материале поэзии С.Сейфуллина и И.Джансугурова).

Бұлардың бәрі болмағанмен, біразы Тіл білімі институтында істеліп жатқан шаралардың, аударма ғылымының С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, М.Балақаев тәрізді маман зерттеушілердің ықпалымен біткені мәлім. Қазақ зерттеушілері енді аудармалардың жанрлық сипатына мән беріп, соған лайықты ерекшеліктерін таба бастайды.

Прозалық туындыларға қоса ұлттық колориті өзгеше қазақ өлеңдерінің орыс тіліндегі кейпі көп талас-тартыс тудырып жүрген проблема. Елуінші жылдар тұсында бұл мәселеге бір ғана диссертациялық жұмыс[11] арналған еді. Алғашқы тәжірибенің бірі болғандықтан ба, бұл жұмыстың елеулі кемшіліктері кезінде атап көрсетілді. Ал С.Құспанов пен З.Жантекееваның зерттеулері ғылыми талдау әдістерінің дәйектілігімен, дәлелдерінің нақтылығымен, ұғымдылығымен ерекшеленеді. Және бұлар екі тілдің ерекшеліктерін салыстыра отырып, өлең өрнектеріндегі тіл ойнату құбылыстарының өзгеше болмысын ұқпау салдарынан кеткен кемшіліктерді атап-атап көрсетеді. Бүгінгі практикалық істе мұндай нақты пікірлердің септігі тиері даусыз.

60-жылдардың табысы ретінде тағы бір-екі еңбекті[12] айырықша атауға тиіспіз. Ол еңбектер журналист Қ.Сағындықов пен ақын М.Әлімбаевтың қаламынан туған. М.Әлімбаев – көп жылдан бері шығармашылық қызметін ғылыми-зерттеу ісімен әдемі ұштастырып келе жатқан зерделі қаламгер. Ол халқымыздың ең асыл мүлкінің бірі – мақал-мәтелдерді ерінбей жинап, бірнеше топтама берді. Ол әрі жазушы, әрі әйгілі фольклоршы-сөздікші В.М.Даль, М.Булатов, А.Соболев, Пермяков тәрізді зерттеушілердің бүгінгі шәкірттерінің бірі іспеттес.

М.Әлімбаев мақал-мәтелдерді туған топырақтан ғана іздеп-термей, өзге жұрттың асыл мұрасын да халқымызға ертерек жеткізуді мұрат тұтқан адам. Көптеген елдің жүздеген мақалдарын аудара жүре, өзі байқаған қызық жайттарды бүгінгі лингвистика ғылыми жетістіктері тұрғысынан, соған сүйене отырып баяндауға тырысады. Біз бұл еңбек жайында пікірімізді диссертациялық жұмысымызда[13] және "Жұлдыз" журналында басылған мақаламызда[14] толық баяндаған болатынбыз. Еске салатын тағы бір жайт, ақынның зерттеу, жинау, аудару жұмысын үздіксіз жүргізіп келе жатқанының дәлелі ретінде осыған іле-шала жарық көрген тағы бір мақал-мәтелдер жинағы[15].

Аударма ғылымының, әсіресе марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударудың мәселелерін қарастыруда еңбектеніп, ғылыми пайымдаулар жасап жүрген зерттеушілер бізде көп болмады. С.Бәйішев, М.Жанғалин, Қ.Шәріпов, Х.Хасенов т.б. тәрізді бірен-саран адамдардың ғана есімін атай аламыз. Солардың бел ортасында жүрген зерттеушінің бірі – Қ.Сағындықов болатын. Ол осы мәселемен шұғылдана келе үлкен-үлкен жиындарда бірнеше баяндамалар жасап, әлденеше мақалалар жазды.

Қ.Сағындықов негізінен мақал-мәтелдер мен идиомдарды барлайды. Саяси-әлеуметтік проблемаларды қозғайтын еңбектер мен көркем шығармалардағы бейнелі сөздердің жалпы мағыналық салмағы бірдей болғанмен, олардың стильдік өңі,

---

[11] *Ландау Е.И.* Русские переводы песен Джамбула: Автореф. дисс. канд.филол.наук.

[12] *Сағындықов Қ.* Көсемнің асыл мұрасы. Алматы: Қазақстан, 1970; *Әлімбаев М.* Өрнекті сөз – ортақ қазына. Алматы, 1967.

[13] *Айтбаев У.* Способы передачи фразеологизмов в переводах произведений А.М.Горького на казахский язык. Автореф.дисс. канд. филол.наук. Алма-Ата, 1971.

[14] *Айтбаев Ө.* Кестелі сөз келісімі // "Жұлдыз", 1968. №3.

[15] Маржан сөз: СССР халықтарының, социалистік елдердің және басқа да жұрттардың мақал-мәтелдері (Ауд. М.Әлімбаев. Алматы, 1978).

қолданылу аясы т.б. қасиеттеріне лайықты аударылу сыпатында да көптеген ерекшеліктер болатынын біз Қ.Сағындықов жүргізген көп жылғы зерттеу нәтижесінен де байқаймыз. Ол мұның бәрін кандидаттық диссертациясында және жоғарыда атап көрсетілген монографиялық зерттеуінде жан-жақты талдап берді. Саяси әдебиеттің аудармасын қарастырғанда және фразеологиялық құбылыстардың, бейнелі сөздерді аударудың проблемаларын тексергенде біз бұл жұмыстарға соқпай өте алмаймыз.

Тіл білімі институты тіл мәдениеті бөлімінде аударма мәселесіне байланысты жүргізілген жұмыстардың нәтижесін ойлағанда, біз жоғарыда сілтеме жасалған Б. Репин мен Ю.Сушковтың мақалалары мен диссертациялық жұмыстарын да назарда ұстауға тиістіміз. Бұл Қазақстан топырағында сатылы аударма табиғатын тексеруді мақсат еткен тың жұмыстар қатарына жатады. Мұның мәнісі мынада. Біз туған әдебиетіміздің өзге тіл аясындағы пішінін бұған дейін бір ғана сала (яғни орыс тіліндегі аудармасы) арқылы тексеріп білсек, енді "Абай жолы" сияқты туындылардың, ағылшын, француз және неміс тілдеріне қалай аударылғанын да зерттей алатын дәрежедеміз. Б.Репин қазақ ұғымынан туған небір тілдік элементтерді, тілдік образдарды, ұлттық колоритті неміс тіліне аударудың тәсілдерін ашып берсе, Ю.Сушков француз қауымын жаңа бір бейнелі сөздермен, өзгеше ой өрнектерімен байыта түскен Әуезов қаламының сырына үңілді.

Бұл жұмыстардың аударма ғылымының тарихында өзіне лайықты орын алатынын айрықша атап отырып, екеуіне де тән басты бір кемшілігін еске салмаса болмайды. "Аудару үшін ең алдымен екі тілді бірдей меңгеру керек" дейтін аударма теориясының алғы шартын алға ұстасақ, зерттеушілерге қойылар мұндай талаптың артық бола қоймайтыны белгілі. Яғни бұларға да осындай талап қою шарт. Өйткені аударма ісіне баға беру үшін, байқалған нәрсеңнен ғылыми түйін жасау үшін түпнұсқа тілін білу қажет-ақ. Ғылыми дайындығының молдығына, аппаратының жеткіліктілігіне қарамастан, көптеген тұжырым-түйіндерінен екеуінің түпнұсқа тіліне шорқақтығы байқалып тұрады. Ендеше, бұдан шығатын қорытынды – өзін аударма проблемасын талдауға бағыштаған зерттеуші ең алдымен объектісінің тілін мүлтіксіз меңгеруге міндетті. Сонда ғана аударма теориясының көптеген проблемаларын дұрыс шешуге мүмкіндік аламыз.

Келесі онжылдықтың, яғни 70-жылдардың да аударма ғылымын өркендете түсуге қосқан үлесі аз емес. Бұл жылдардың жемісі, оның негізі өткен онжылдықтың өн бойында қаланғаны. Үш-төрт кандидаттық, бір докторлық диссертация[16] қорғалды. Бірнеше монографиялық зерттеулер мен кітапшалар[17] және толып жатқан ғылыми мақалалардың аударма мәселесінің ғылым объектісіне түбегейлі айналғанын бұлжытпай дәлелдейтін фактілер ретінде бағаласақ қателеспейміз.

[16] *Айтбаев У.* Способы передачи фразеологизмов в переводах произведений А.М.Горького на казахский язык: Автореф.дисс.канд.филол.наук. Алма-Ата, 1971; *Ермагамбетова А.С.* Сущность и значение национальных слов-реалий в языке художественного произведения и способы их перевода (на материале перевода "Путь Абая" на англ.язык): Автореф.дисс.канд.филол.наук. Алма-Ата, 1972; *Курманов М.Ш.* Некоторые вопросы перевода немецкой поэзии на казахский язык (на материале перевода произведений Гете, Шиллера и Гейне): Автореф.дисс. канд.филол.наук. Алма-Ата, 1972; *Дуйсетаева К.И.* О способах передачи казахских фразеологизмов на английский язык через посредство русского языка; *Талжанов С.* Исторические периоды развития казахской литературы и роль перевода в этом процессе: Автореф.дисс.докт.филол.наук. Алма-Ата, 1972.

[17] *Хайруллин Р.* Аударма сыпаты. Алматы, 1976; *Айтбаев Ө.* Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. Алматы, 1975; *Талжанов С.* Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. Алматы, 1975; *Тұрарбеков З.* Әдебиеттер достығының дәнекері. Алматы, 1977; *Айтбаев Ө.* Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы, 1988.

Кейінгі он-он бес жылдың жемісін тұтас алып қарасақ, аударма мәдениетінің көтеріле түскенін және сан-салалы зерттеудің сыр-сипатында айтарлықтай ғылыми өре барын көрмеу мүмкін емес. Зерттеу ісімен қазақ тілі мен орыс тілін ғана білетін жандар емес, соған қоса шет тілдерін де жете меңгерген маман жастардың айналыса бастауы аударма ғылымының жандана түсуіне жаңа леп әкелгендей. Осы заманғы ғылым жетістіктерімен қаруланған жас буынның алдында әлі талай міндеттер тұр. Зерттелмеген сан түрлі проблема бар, жазылуға тиісті теориялық еңбектер бар.

Қазақстан Жазушылар одағының көркем аударма кеңесі біраз жылдан бері аударма өнері жайлы жыл сайын мәжіліс өткізуді дәстүрге айналдырып келген еді. Мұндай мәжіліс, кеңестердің өте пайдалы болатыны даусыз. Өйткені онда қазақ тіліне соңғы жылдары нендей көркем дүниелер аударылды, рухани қазынамызға нелер келіп қосылды, оларды кімдер, қалай аударды деген мәселелердің беті ашылды. Қалың оқырманның бұл жайында хабардар болып отыруының өзі едәуір олжа. Бірақ осы мәжілістерге аударманың ғылыми проблемаларын қарастырып жүрген зерттеуші мамандардың өте самарқау қатысатынына өкініш айтпауға болмайды. Біз бұл жерде кім кінәлі деген сұраққа жауап іздеуден гөрі, мәселенің маңызына мән бергіміз келеді. Осындай мәжілістерге лажы болса Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мамандары қатыстырылғаны жөн. Өйткені қазіргі кезенде әңгіме қай ел жазушы шығармаларын қашан, қаншасын (әрине бұл да керек) аудардық дегенді ғана қанағат тұтатын кезең емес. Соларды аударғанда оны кім қалай аударып отыр, түпнұсқаның бүкіл мазмұн-мағынасын әйгілеп тұрған ерекше белгілері қазақ тілінің қандай тілдік құралдарын іске жарату арқылы беріліп отыр? Сол арқылы тіліміздің болмысында бой көрсеткен қандай жаңа нышандарды байқауға болар еді? Тіл мүмкіндігі, аудармашы мүмкіндігі, жаңашылдық және тәжірибе жалғастығы т.т. деген сауалдар көбіне-көп жауапсыз қала беретін тәрізді.

Қазіргі кезеңдегі аударма ауқымын жай шолып өтудің өзі онша оңайға түспейді. Бұған осы заманғы техниканың көмегін пайдалануға тура келеді. Бұл салада жасалған практикалық жұмыстар мен соның ғылыми мәселелерін қарастырып жүрген мамандар тәжірибесін бір арнаға түсіріп, соны зерттеуде пайдасы тиер бағыт-бағдарымызды айқындап алар кезең туды. Ұлттық Ғылым академиясы мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесе отырып қолға алатын жұмыстары бұл салада да жетерлік.

Аударманың қазір сала-саласы бұтақтап, тамыр таратып, дамып отыр. Көркем әдебиет пен саяси-қоғамдық әдебиет аудармаларының сыртында, киностудия, көгілдір экран мен эфирден берілетін неше алуан хат-хабарлар т.б. берілімдердің басым көпшілігі аударма материалдарынан тұрады. Бұл саланы да қарастырып жүрген ізденушілер тобы пайда болды. Мәселен, соңғы кезде жарық көрген Ә.Бөриевтің "Киноаударма мәселелері" ("Қазақ әдебиеті", 1979, 8 маусым), К.Ахметованың "Мыңыншы аударма" ("Қазақ әдебиеті", 1975, 21 ақпан), сондай-ақ, М.Әбдіқалықов т.б. жолдастардың мақалалары осыны байқатады.

Тарихы сонау 20-жылдардан басталып, жалғасып дамып келе жатқан оқулықтар мен оқу құралдарының аудармасы жайында да әлі мардымды зерттеу жұмыстары жазыла қойған жоқ. Мұның да өзіндік ерекшелігі мол дүние. Оқу құралдарын аудару мен көркем шығарманы аудару тіпті де бірдей емес. Негізінен мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналатын бұл саладағы

жұмыста мән берілетін ең басты мәселе тілдің терминологиялық жүйесі. Осыны жеткізудегі аудармашы тәжірибесі де кеңірек сөз болуға тиісті деп білеміз. Аударманың бұл тармағы бойынша Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары институты мен Ұлттық Ғылым академиясы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қызметкерлері бірлесе көтеретін қаншама мәселе бар.

Біз бір кезде аударма дегенде бұл мәселенің тек бір жағын ғана басымырақ әңгімелейтінбіз. Сондағы алдымен тілге тиек етілетіні орыс тілінен қазақ тіліне аудару жайы болатын. Бұл жағынан қол жеткен табыстарымыздың жағдайы жоғарыда сөз еткеніміздей. Бірақ мұны да түбегейлі зерттеліп бітті деп тоқмейілсудің жөні жоқ. Әлі қыртысына тіс тимеген тың салалар бар екенін күннен-күнге байқай түсудеміз.

Сонымен бірге кейінгі кезде аударманың екінші жағы, яғни қазақ тілінен орыс тіліне (проза, поэзия, пьеса) аудару мәселесімен айналысатын білікті мамандар молая бастады. Бұл салада да аударылып жатқан дүние көп. Сол арқылы біздің әдебиетіміз әлемдік мәдениет қорына өз үлесін қосып отыр. Бірақ соның ішкі сырына үңіліп, ұлттық мәдениетіміздің өзіне тән өзгешеліктері қаншалықты дәрежеде орыс тіліне, одан әрі басқа ұлт не шет тілдеріне жеткізіліп жатыр дегенді көп уақыт бойы келелі әңгіме ете алмай келеміз. Тілдік, стильдік ерекшеліктерді жеткізу жағынан ойдан шыға алмай, олқы түсіп жатқан аударма үлгілері көкейде тұрғанмен, арнайы зерттеу жұмысы жүргізілмегендіктен пікір айтуда шалағайлық байқалады. Міне, осы ретте зерттеулер арқылы жұртшылық назарын аударарлық мәселе көтере білген, сөйтіп өзіндік бетбұрыс танытқан З.Жантекееваның, АЖовтистің, Э.Лизунованың, А.Нысаналиннің, М.Әуезовтің, Х.Садықовтың, Л.Сағындықованың, С.Қоспановтың т.б. зерттеулерін, сондай-ақ, шет тілдеріне аударылу сапасын зерттеу объектісіне айналдырған К.Дүйсетаева, А.Ермағамбетова, Р.Жайсақова, Б.Репин, Ю.Сушков тәрізді мамандар ізденістерін де атауға болады. Мұның үстіне аударма зерттеушілердің әлі қолы бара қоймаған туыс тілдердің бірінен екіншісіне аудару мәселесі де аударма ғылымы үшін құнды материал беретіні сөзсіз.

Міне, осыдан байқалатындай, бүршік атып, жапырақ жайған, бұтақ таратып, тамырын тереңге жібере бастаған аударма мәселесінің қарастырылуға тиісті сала-саласы жетерлік. Жеткілікті мән беріліп, түбегейлі зерттелмей жатқан мәселелері тіпті көп.

Бұдан шығатын қорытынды мынау. Ғылымның маңызды саласы екеніне көз жеткенмен, аударма мамандарын даярлау жұмысы көңілдегідей болмай отыр. Бұл салада істелген жұмыстың бәрі бірдей белгілі бір ғылыми мекеменің жүйелі жоспарланудың нәтижесінде тындырып жатқан ісі емес. Әрқилы мамандық иелерінің өзіндік әрекетінің нәтижесі. Олар көбіне-көп жазушылар, журналистер, әдебиетшілер, оқу-ағарту ісінің мамандары. Аспирантура арқылы арнайы дайындалған бірде-бір маман жоқ. Мұны да ойланатын шақ жетті деп білеміз.

Соңғы уақытта, атап айтқанда, 80-90-жылдар аралығында аударма мәселесіне, аударма тілінің мәдениетіне бұрынғыдан да жиірек көңіл бөліне бастаған тәрізді. Мұны біз мерзімді баспасөз бетінде, әсіресе, "Қазақ әдебиеті" газетінде жарияланып жататын материалдардан айқын аңғарамыз. Сондай-ақ, "Жұлдыз" журналы, "Жалын" альманағы, тіпті "Зерде" және Ұлттық Ғылым академиясының Хабарлары да аударманың өзекті мәселелерін сөз ететін материалдарды, зерттеулерді жариялап отыруды дағдыға айналдырып келеді. Мұндай беталыс, сөз жоқ, жұмыстың жандана

түсуіне сеп болар нышандар. Осының бәрін жинақтап келгенде айтарымыз, аударманы ғылым ретінде қалыптасты десек те оның күн тәртібінде тұрған көптеген мәселелері әлі түбегейлі тексеріліп, ғылыми талдамасы жасалған жоқ. Ол үшін не істеу керек? Бұл жерде мәселенің түп тетігі мамандарға келіп тірелетінін тағы да қадап айтқымыз келеді. Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің филология және журналистика факультеттерінде, Әлем тілдері университеті мен т.б. оқу орындарында аудармашылар тобын құрып, кадр даярлау ісімен шұғылдана бастаған әрекеттер бар. Бірақ нәтиже әлі көріне қойған жоқ. Осы аудармаға қатысты мекемелердің бәрі өзара байланыс жайын түбегейлі қарастырып, жұмысты жоспарлы түрде жүргізгені жөн болар еді деген ой айтқымыз келеді.

Қазақ тіліне аударылған қыруар дүние ғылым сарабына түсуге тиіс. Халқымыздың тілдік, стильдік жүйесіне, рухани мәдениетіне өлшеусіз мол әсері бар бұл іс өз зерттеушілерін күтеді.

Сонымен біз осы сөз болған жайдың өзінен де аударманың жеке ғылыми пән есебінде қалыптаса бастағанын көреміз. Оның өз алдына зерттеу нысаны, проблемалары мен содан туындайтын қағида, принциптері бар. Қалыптасу, даму тарихы бар. Алайда бұл мәселелердің бәрі бірдей зерттеліп, жан-жақты қарастырылған жоқ. Ендігі жерде, міндет – аударманы аумағымен қамтып, оның түбегейлі де жүйелі тарихын жасау болмақ.

XX ғасыр басындағы аударма үлгілері

XX ғасырдың бас кезінде қазақтың мәдени өмірінде алуан түрлі өзгерістер бола бастады. Ол өзгерістер әуелде Қазақстанның Ресейге қосылуы нәтижесінде орыс халқы мен қазақ халқының алдыңғы қатарлы көзі ашық оқыған азаматтары арасындағы жан-жақты қарым-қатынастар мен байланыстардан басталған болатын. Ал соңғы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында орыс қоғамында болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық жаңалықтар мұны дамыта түсті. Әсіресе, елдің ауыр жағдайы, қазақ оқығандарының орыс қауымымен қоян-қолтық араласа түсуі, батыс мәдениеті мен ғылымның таралуы қалың ұйқыда жатқан қазақ қауымының оянуына қамшы болғандай еді.

Қазақ халқының алдыңғы қатарлы азаматтары жастарды өнер-білімге, оқуға шақырып жар салды, өз ойларын қалың жұртшылыққа жеткізу мақсатында баспа ісімен айналысты. Көптеген зерттеушілердің айтуына қарағанда, XX ғасырдың басында (1917 жылға дейінгі мерзім ішінде) қазақ тілінде 200-ден аса әртүрлі кітап шығарылды делінетін.

Соңғы жылдары, атап айтқанда, 1985 жылы жұртшылыққа жария болған қайсыбір деректерге[18] қарағанда, төңкеріске дейін қазақ тілінде 509 кітап басылғаны мәлім болып отыр. Қазақ халқына, оның тіліне тікелей қатысы бар бұл қазынаны алғаш тиянақтап зерттеушінің бірі татардың ғалым-жазушысы Абрар Каримуллин. Оның дәлелдеуінше, 509 кітаптың 432-сі Қазанда басылған екен. Сөйтіп, төңкеріске дейінгі мерзімде кітап бастыру жөнінен қазақтар түркі халықтары арасынан татарлардан кейін, әзірбайжандармен қатар екінші орында тұратыны анықталды. Осы басылған кітаптардың жалпы тиражы – 2 миллион 201 мың 105 дана. Ол кітаптар тақырыбы жағынан да, ішкі мазмұны жағынан да, алға қойған мәселелері жағынан да сан алуан. Бұл кезеңде жарық көрген қазақ тіліндегі кітаптардың

[18] *Мұртазаев Ш.* Кітап теңізіндегі жиһанкез//Қазақ әдебиеті. 1985, 7 маусым

басым көпшілігі қисса-дастандар, поэмалар, әртүрлі мазмұндағы өлең жинақтары болып келді.

Бұларда кейде араб, парсы тілдерінің элементтері араласып келгенмен, уақиға, сюжеттері қиял, ертегі іспеттес болғанымен, көркемдік сапасы төмен болуына қарамастан, осы сияқты баспа бетін көрген қисса, дастандар қазақтың жазба әдеби тілі тарихынан белгілі орын алады. Сондықтан да қазақтың жалпы тіл тарихы болсын, жазба әдеби тілі тарихы болсын, оның терминдік жүйесі болсын сөз етілгенде, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде жарық көрген осы қисса, дастандарды атамай өтуге тіпті де болмайды. Бұл шығармалардың көбі кейбір зерттеушілер тарапынан ауыз әдебиеті, фольклор үлгілері қатарына жатқызылып жүргенімен, оларды жазба әдебиет тарихынан мүлде шығарып тастауға болмайды. Әрине, бұл шығармалардың ауыз әдебиеті үлгілерімен белгілі дәрежеде үндес, ұқсас келетінін мойындай отырып, жазба әдебиетіміздің де санатынан қалмайтынын ескерген жөн. Қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастырып, әрі қарай дамыта түсуде бұл тәрізді шығармалардың белгілі дәрежеде мәні, маңызы болғандығын атап өту керек. Сонымен бірге бұларда белгілі дәрежеде терминдік сөз қолданыстың да қалыптаса бастағанын, терминдік мән жүктелген сөздердің алғашқы түрлерін кездестіруге болатынын да ескеруге тиіспіз.

Жалпы белгілі бір тілдің терминологиялық жүйесін жасауда, оны қалыптастыруда аударманың алатын орны өте зор. Адамзат мәдениеті – рухани байлықтар алмасуының нәтижесі екені тарихтан мәлім.

Қазақ халқының да мәдени өресінің бүгінгідей дәрежеге көтерілуіне аударманың қызметі мол. Ана тіліміздің әдебиленуі, оның нормалы күйге түсуі, терминологиялық лексиканың жасалып, қалыптасуы аударма жұмысының жандануына тікелей байланысты. Сондықтан термин мәселесін қарастырғанда, біз оны аударма процесімен тығыз байланысты қарамай өте алмаймыз. Ал аударма жұмысының тарихы тереңге кетеді. Неге десеңіз, халық кейін аңыз етіп кеткен неше алуан батырлық жырлар, лиро-эпостық дастандар, ертегілер, көбі әу баста шығыс әдебиеті үлгілерін аудара жырлау арқылы жасалған.

Аударма тарихы әріден басталатыны рас болса, кейін терминдік сипат алып кеткен сөздер тарихын да сол кезеңдерден бері қарай сүзген жөн. Бұл жайындағы зерттеу жұмыстары өте мардымсыз. Әдеби тіл мен ұлттық тіліміздің қалыптасуына тікелей әсері болған бұл кезеңнің жай-жапсары өз зерттеушісін күтуде. Яғни филология саласында, оның ішінде тіл саласында еңбектеніп жүрген зерттеушілер үшін тың саланың бірі осы.

Міне, осындай жайларды ескере отырып, қазақ тілінде термин жасаудың алғашқы үлгілерін танытатын аударма тарихын таратыңқырап талдауды қажет санап отырмыз. Орта ғасырдағы шығыс классиктерінің шығармалары қазақ халқына көбіне-көп аударма арқылы жетіп отырды. Сол дәстүр жалғаса келе Абай, Ыбырай заманына ұласты. Өйткені Ыбырай заманында да шығыс және орыс әдебиеті қазақ тіліне аударылды. Сол сияқты "Түркістан уалаяты газеті" мен "Дала уалаятының газеті" және "Айқап" журналы беттерінен де аударма мәселесі аздап болса да орын алғанын көреміз. Керек десеңіз Ыбырай Алтынсариннің "Шариғат ул-ислам" ("Ислам шариғаттары") деген кітабы да аударма еңбек есепті.

XIX ғасырдың соңғы жылдарында "Библияның" әр жері қазақ тілінде жеке кітап болып Православияның миссионерлік қоғамы тарапынан бастырылып шығарылды. Бұдан кейін "Інжіл" ("Евангелие") де қазақ тіліне аударылып,

кітап болып шықты. Бұл аударма туралы С.Талжанов: "1900 жылы "Інжіл" аударылыпты [19] десе, Ә.Сатыбалдиев: "Православие шіркеуінің қазақ жерін жайлаған миссионерлік қоғамы 1900 жылы емес 1899 жылы "Евангелиені" қазақ тіліне аудартып шығарған"[20], – дейді. Әбен Сатыбалдиев аударма орыс әрпімен басылғандығын, оның өзінде дыбыс ерекшеліктерін таңбалауға мұқият көңіл аударылғандығын айта келіп, "бұл аударманы көлемі жағынан сол тұстағы қазақ тілінде басылған кітаптардың ең ірісі деп айтуға болады"[21], – деп көрсетеді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында аударма ісі, әсіресе орыс жазушыларының шығармаларын қазақ оқырмандарына қазақ тілінде жеткізу ісі кең өріс ала бастайды. 1903 жылы Қазанда Молданияз Бекимов аударған А.С.Пушкиннің "Капитан қызы" қазақ тілінде басылып шықты. "Капитан қызының" тұңғыш аудармасы барынша еркін жасалған. Мұны аударма деуден гөрі шығарманың желісін қуалай отырып, жалпы мазмұнын баяндап шығу десе де болар еді. Аудармашы түпнұсқаның мазмұны мен суреттемелерін толық келтірмей, тек жалпы оқиғасының желісін ғана қуып, жалпы мазмұнын беріп отырған. Мұнда, әсіресе, кейіпкерлердің мінез-құлқын, психологиялық сипаттарын, өздеріне тән даралықтарын бейнелейтін сөз бояулары қалып кетіп жатқан"[22]. Бұл аударманың тілінде орыс тілінің әсері айқын сезіліп тұрады. Орынсыз көп қолданылған *учитель, крепость, простой, господин* сияқты орыс сөздерін былай қойғанда, аудармадағы сөйлем құрылысында да орыс тілінің ықпалы көптеп кездеседі. Ол ықпал, әсіресе, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінен байқалады, яғни түпнұсқада сөйлемдегі сөздер қалай орналасса, аударғанда да ол сөздердің орналасу тәртібін сақтап отырған. Соның салдарынан қажетсіз инверсиялар қазақ тілі синтаксисіне тән емес сөйлемдер пайда болған.

Әсіресе, бұл кезде шығып тұрған газет-журналда көркем аударманға үлкен мән беріп отырғанын байқаймыз. "Айқап" журналы мен "Қазақ" газеті беттерінде И.А.Крыловтың, Л.Н.Толстойдың, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, А.П.Чеховтың, А.Сорокиннің, И.С.Никитиннің, А.Кольцовтың т.б. белгілі ақын-жазушылардың жеке шығармалары қазақ тіліне аударылып, басылып отырған. Олардың кейбірінің тілі туралы сол кезде мақала, рецензиялар да басылып жүрді. Бұл аудармаларда қажетсіз инверсиялардың, қазақ тілі синтаксисіне тән емес сөйлем құрылыстарының өте аз екенін, тіпті кейбір аудармаларда мүлдем кездеспейтінін байқаймыз.

Орыс ақын-жазушыларының көлемі шағын жеке шығармалары бұл кезде шыққан хрестоматия, қираат кітаптарына да еніп отырған. Спандияр Көбеевтің "Үлгілі тәржіма", Бекет Өтетілеуовтың "Дүние ісі ақыретке кетпес" сияқты кітаптары – осындай жинақтар.

XIX ғасырдың соңғы жылдарында, әсіресе, XX ғасырдың бас кезінде ғылымның медицина, биология салаларынан қазақ тілінде жеке кітапшалар жарық көре бастайды. Ол, бір жағынан, заңды да. Өйткені бұл ғылымдар осы кезеңдерде дами түсті, сөйтіп адам, мал ауруларының түр-түрлері белгілі бола бастады. Көптеген ауруларды емдеу қазақ тіліндегі бақсы-балгерлердің, емші-тәуіптердің қолдарынан келе бермеді. Міне, осыны жіті байқаған көзі ашық оқыған азаматтар ауруларды медицина жолымен емдеу қажет деп түсінді.

---

[19] *Талжанов С.* Көркем аударма туралы. Алматы, 1962.
[20] *Сатыбалдиев Ә.* Рухани қазына. Алматы, 1965, 36-37-б.
[21] *Сонда.*
[22] *Сатыбалдиев Ә.* Рухани қазына. Алматы, 1965, 41-42-бет.

Қазақ ішінде медицина, биологиядан арнаулы мамандар жоқтың қасы болғандықтан, халық қамын ойлаған оқығандар орыс тіліндегі арнаулы әдебиеттерді қазақ тіліне аударып, бастырып, таратып отырды. Сондай әдебиеттердің бірқатары мыналар: "Афат яки холера әңгімесі, перевод қазақшадан орысшаға етуші студент Казахский ветеринарный институтының Файзолла Иманбаев", Қазан, 1905; "Қышыманың турасында (о чесотке)" русшадан тәржіме. Жаманмұрынов", Орынбор, 1906; "Шешектің һәм шешек егудің жайларынан орысшадан тәржіме. Уалишев", Орынбор, 1906; "Адамның чумасы турасында". Қазақ тілінде. Орысшадан перевод етуші Садық Бисалиев, Орынбор, 1911; "Обадан қалай сақтану?". Орысшадан перевод етуші Садық Бисалиев. Орынбор, 1911; "Малда болатын жұқпалы аурулардың һәм оларға қарсы қалай ғамал қолдану хақында". Орысшадан тәржіме қылған Сейдғали Меңдеш оғлы, Уральск, 1911; "Арақ у яки арақның зарары", Қазан, 1907; Самрұғ "Оба жайында қазақча әңгіме", Қазан, 1905; Шаһмардан ұлы Кашафуддин "Мақұлат" (оба ауруы), Қазан, 1897; "Біздің үйлеріміздің хақында" орысшадан қазақ тіліне аударған Балтабаев һәм Муминов, Орынбор, 1906; "Чума сырқауынан өзін әм ғайриларны аман сақламақ хақында насихат наме", Орынбор, 1908; "Чечек еккендегі бірнече ақыл", Орынбор, 1914; "Холер сырқауынан өзін әм ғайриларын аман сақламақ хақында насихат наме", Орынбор, 1908; "Құрт мерез ауруы турасында". Орысшадан қазақ тіліне аударған Қосуақов пен Бөкенов, Орынбор, 1906; "Іштен қан өткізетін ауру". Орысшадан қазақ тіліне аударған Қосуақов пен Бөкенов; "Мерез ауруы жайынан" (сифлис), Орынбор, 1903; "Жамандату қайдұрғу турасында" ("Сибирская язва"), Орынбор, 1902. Бұл еңбектердің көбі Орынбор қырғыз (қазақ) мектебінің оқытушылары П.А.Катанов пен П.Н.Крыловтың редакциялық басқаруымен орыс тілінен қазақ тіліне аударылып отырды.

Әрине, бұл – XX ғасырдың бас кезінде ветеринария мен медицина салаларынан қазақ тілінде шыққан кітаптардың толық тізімі емес. Дегенмен, бұл сол кезеңде шаруашылықтың әр саласында түрлі кітаптардың жарық көре бастағанын, сонымен бірге қазақ жерінде де кітап бастыру ісі жөнге қойыла бастағанын, сол салалар бойынша терминологиялық лексиканың іріктеле бастағанын айқын көрсете алады.

Осылардың ішінде назар аударарлық бір кітапша – 1898 жылы Қазанда басылған "Глазная болезнь трахома, ее заразительность, причины распространения среди сельского населения и способы предохранения. На киргизском языке". Кітапша дәл осылай орысша аталғанымен, мәтін қазақ тілінде, оның тақырыбы "Трахома деген жаман көз ауру" деп берілген. Орысшадан аударған адамның аты-жөні белгісіз, кітапшада жазылмаған. Мәтін орыс графикасының негізінде берілген. Осыған қарағанда, бұл кітапшаны орыс тілінен қазақшаға аударған Қазан императорлық университеті мұғалімдерінің бірі, я Ыбырай Алтынсарин болу керек деген болжам туады, сонымен қатар ол Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский, А.Е.Алекторов сияқты ғалымдармен пікірлес адам болу керек. Кітапшаның графикасында орыс тілінде жоқ қазақтың **ә, ң, ү, ө** әріптерін жеке таңбалармен белгілеген: ***а, н, у, о,*** ал ***г – г, қ – к, ұ – у*** дыбыстары тек **г, к, у** таңбаларымен берілген, **і** дыбысы бірде **и**, бірде **і** әрпімен жазылған, кейбір жерлерде мүлдем жазылмай түсіріліп қалған. Түсініктірек болу үшін үзінді келтірейік[23]: "Қалада, ауылдарда тұрған ксилердин арасында, әсіресе чуваштардың, черемистардың,

[23] Мәтіндегі *а, н, у, о* әріптері баспа ісін қиындататындықтан, қазақ тіліндегі *ә, ң, ү, ө* әріптерімен алмастырылды, қалған жерде мәтіннің транслитерациясы толық сақталады.

вотякдардың, истектердің арасында көз аурулар сондай көп. Олардың ишинде көзге өз алдына зіан келтретугуны "трахома" ауру. "Енди трахомның жұқпалы екенін, бір ксиден бир ксиге оңай жугатугынын билетурғанда, ол аурудан ксилердің көб ауратугуна бизге тамаша емес. Калада осундай көз аурудан бир кси ғана аурса болады, өңге ксилердің барлығынада одан жугады. Олай болғанда трахома жукпасын десен бөтен ксилердин бек сақтан. Булай кылган барлыгынан артык" (9-11-бб.).

Көлемі 12 беттен тұратын бұл шағын кітапшаның тілдік ерекшеліктері мен мазмұн-мәнін әр жерінен алынған осы үзінділер біршама анғарта алады. Сөйлемдері жеңіл, қарапайым, тіпті құрмалас сөйлемдер де (құрмаластың сабақтас та, салалас та түрлері қолданылған) түсінуге онша қиындық келтірмейді, тілді қиындататын әртүрлі обороттар жоқ деуге болады. Медицина ғылымына байланысты терминдер мен терминдік тіркестер кездеседі. Бұл жағынан аталмыш еңбектің тілі сол кездегі қазақтың сөйлеу тіліне жақын деген пікір айтуға болады. Оны осы уақытқа дейін сөйлеу тілінде бар соңғы буындардағы ерін үндестігінің сақталуы да байқатады. Мысалы, мынандай ерін үндестіктері біршама тұрақты қолданылған: "көзүм аурады, ауруларды қарайтун үйге барып емдету керек, көзүнүң қарамығы, онан сіз көрдүңүзгей, көзүм түйлөдү, үзүлмей бир неше жылга барады, өмүр бойынша сөйтүп сорлу болады, көзүн сүрткен, көзүне колун тигізсе" т.б. Тек бірен-саран жерлерде ғана сөйлеу тілінде көп қолданылатын ерін үндестігі бұзылған: "сокур ксилер онан жаман көбейер, кәрі-жасы аралас көрерсиз, көзүн сүрткөн шөберек".

Өз кезінде жарық көрген еңбектермен салыстырғанда бұл кітапша тілінің бір үлкен ерекшелігі байқалады. Ол – сол кездегі жазба әдебиетте үстем болып келген "ортаазиялық кітаби тіл" дәстүрі бұл кітапшаның тілінде өріс ала алмаған. Кітапты аударушы өзі аударып отырған еңбегін жазба кітаби тілінен гөрі халықтың сөйлеу тіліне көбірек жақындатқан. Бұл кездейсоқ құбылыс емес тәрізді, саналы түрдегі әрекет болуы керек. Кітапша орыс алфавитімен бастырылып, көптеген орыс сөздері дұрыс аударылып, таңбаланған.

Жазба әдебиетте көп қолданылып келген көпшілік халық түсіне бермейтін, араб, парсы сөздері мұнда жоқ. Сол сияқты өзі орыс тілінен аударма бола тұра, орыс сөздері де қолданылмаған. Ал "трахома" термині аурудың аты ретінде қолданылған.

Ал орыс тілінің әсер-ықпалы кітапша тілінің синтаксистік құрылысында, сөз тіркестері мен сөйлем жүйесінде көрінеді. Әсіресе, құрмалас сөйлем компоненттері кейде орыс тіліндегі үлгісі негізінде құралады немесе сөйлемдегі сөздердің орны ауысып келіп отырады. Мысалы, "Жаңа тағы сиздерден отунүп сураймын әр қайсыңызға да сақтану керек көзү аурган ксилерден, әсіресе трахома жайылган қаланың адамдарынан..." (12-б.). "Ақылсыздық истейди, кимде-ким ауру ксилерди карайтун үйге бармай, бақсыга немесе бақсы катынга барса" (10-11-бб.). "Онан сиз көрдүңүзгөй сап-сау ксиниң әуели кабактары кызарып иседи, сонсоң көзү жасаурап аурады, әсіресе күндіз, күн жаркрап шыккан уақытта" (5-б.) т.б. Мұндай мысалдар бұл еңбекте көптеп кездеседі. Келтірілген мысалдар қазақтың әдеби тіл нормасынан біршама өзгергенін байқау қиын емес. "Және тағы сіздерден өтініп сұраймын әрқайсыңызға да көзі ауырған кісілерден, әсіресе трахома жайылған қаланың адамдарынан сақтану керек. Кімде-кім ауру кісілерді қарайтын үйге бармай, бақсыға немесе бақсы қатынға барса, ақылсыздық істеген. Сіз осыдан сап-сау кісінің әуелі қабақтары қызарып ісетінін, сонан соң көзі жасаурап, әсіресе күндіз, күн жарқырап шыққан уақытта ауыратынын көрдіңіз (көріп отырсыз)".

Біз бұл жерде сөйлемдегі сөздердің қажет мағынаны қаншалықты дәл беріп тұрғанын қозғағанымыз жоқ. Сөйлемдерді сол көлемде, сол құрылымда қалдырып, сыртқы формасының кемшіліктерін орын тәртібі тұрғысынан, сөздердің байланысу формасы негізінен көрсеттік.

Сөйлемдердің осылайша орыс тіл құрылымы негізінде құралуы тек осы кітапша тіліне ғана тән емес, араб алфавитімен жазылған кітаптарда да көптеп кездеседі. Мысалы, "Оба деген (холера) аурудың белгісі мынау: әуелі ауырған адамның іші өтеді, мұнан соң құсады. Бұл оба дегеніміз біздің ауру емес. Европа жерінде сирек болады: басталады һәм өседі ыстық жерлерде әсіресе Индияда" (Сонда, 2-б.). "Осындай шешектің адамдарды аздырып-тоздырып кетатүтүн білген соң, зор ақыл иесі кісілер ойлай бастаған: қайтуб адамдарға шешекті шықтырмасқа һәм жұқтырмасқа ("Шешектің һәм шешек егудің жайларынан", Орынбор, 1906, 7-б.). "Көбіне көб Русияға чума келеді; Азияда Индия дейтін жерден, Персия (Қызылбас) падшасы арқылы сауда қатынасы жиі болған себеблі... Әсіресе жылдам ауырады, лас һәм тар үйлерде тұратын, дұрыс уақытбен тамақ ішбейтүн, өзін-өзі жақсы ұстамайтын, арақ ішетін адамдар ("Адамның чумасы турасында", Орынбор, 1911, 4-б.). "Сол себебті үйді салуға керек ол үйдің адамының санына қарай" ("Біздің үйлеріміздің хақында", 6-б.). Осы берілген мысалдардағы сөздер мен сөз орамдары қазақ тілі синтаксисінің нормасы тұрғысынан өз орындарында тұрған жоқ. Бұл сөйлемдердегі инверсия белгілі қажеттіліктен, стильдік мақсаттан туып тұрған жоқ, орыс тіліндегі үлгінің негізінде құралған. Сондықтан да олар тілге сіңісіп кете алмады, өйткені бұндай сөйлем құрылысы қазақтың әдеби тілінің ғасырлар бойы қалыптасқан синтаксистік нормасына қайшы келіп отырды.

Бұл мысалдағы назарда болатын нәрсе *оба, чума* деген термин сөздердің қолданылуы. Сөйлем құру, сөз қолданыста бөлек орны бар бұл ерекшеліктер қазақ тілінің ғылыми стилін қалыптастыруда үлкен рөл атқарғандығын айтпай кетуге болмайды. Әрине, бұл кезеңдерде қазақ тілінің ғылыми стилі, әсіресе ғылымның осы сөз болып отырған салаларына байланысты стилі қалыптаса қалды дей алмаймыз. Дегенмен бұл саладағы көптеген терминдер, кейінгі шақтардағы әдебиеттер тілінен мықтап орын алған терминдік тіркестер, сөз орамдары осы шығармаларда алғаш рет қолданыла бастайды. Сонымен бірге ғылым мен техникалық әдебиеттер тілінің стилі, тек аударма әдебиеттер негізінде әдеби тілінің жеке стилі болып толық қалыптасып кете алмайтынын, оны жеке стильдік тармақ деп тану үшін төлтума әдебиеттердің маңызы бар екенін ескерген жөн. Сондықтан да біз бұл еңбектерге қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттер стилінің толық қалыптасуындағы алғашқы нышандары деген баға берер едік. Әйтсе де бұл үлгілерді тереңірек зерттеу қажет.

Расында да, ғылымның жеке салаларындағы көптеген ұғымдар қазақ халқының әдеби тіліне осы әдебиеттер арқылы келіп сіңді. Ұғым атауларының кейде дәл болмай, кейінгі кездерде өзгергендері де бар. Мысалы, "Ел ішінде бала күнінде бір егілсе де, сонан соң ектірмейді бір еккен болады ("Шешектің һәм шешек екен деб айтса, кешікпестен науқасты балнитсаға (ауру бағатын үй) апаруға тиіс" ("Адамның чумасы турасында", 8-9-б.). "Чума – ғайри жұқбалы ауруларша "бактерия"дейтін бек ұсақ; әншейін көзге көрінбейтін үлкейтіб көрсететін шөлмек болмаса, құртдар пайда болады" (Сонда. 7-б.). Ол құртдар соншама көб: мысалы бір тамшы суда бірнеше миллион болады, һәм соншама ұсақ: әншейін көзбен көре алмаймыз, үлкейтіб көрсететін шөлмек (шыны) болмаса" ("Обадан қалай сақтану", 4-б.).

Бұл келтірілген мысалдардағы *егу, доктор, чума* тәрізді сөздер термин есебінде әдеби тіліміздің берік орын алды. Сол сияқты көптеген ауру аттары да дұрыс қабылданған болатын. Әрине, көпшілік атаулары халық тілінде бұрын қалыптасып қолданылып келді. Солармен бірге кейбір ауру атаулары, әсіресе бұрын қазақ ұғымында болмаған ауру мен атауы болмаса медицинаға байланысты терминдер орыс тілінен бұл кезеңдерде сол күйінде де қабылданып отырды, кейде сипаттама түрде аударылып та берілген. Оған үлкейтіп көрсететін *шыны* (шөлмек), *құрт* деген тәрізді сөздер жатады, ол *микроскоп* және *микроб* немесе *бактерия* деген атаулардың мағынасында қолданылған. Микроб не бактерия кей-кейде сипаттама тұлғада да кездесіп отырады. Мысалы, "Былғанған киімдерін қазанға су құйұб бір сағат шамасындай қайнаған суға салу, сонда *зиянды нәрселері* өледі ыстықдан" ("Афат яки холера әңгімесі", 7-8-бб.) дегендегі *зиянды нәрселер* де сол терминнің баламасы ретінде жұмсалған (курсивпен берген – Ө.А.). Бірақ мұндай сипаттама атау да, орыс тіліндегі тұлғасын сақтап алу да бұл кітапшаларда сирек ұшырасады. Көбіне-көп *құрт* сөзі осы мағынада терминдік мәнде біршама тұрақты қолданылып отырған. Соның негізінде құрт сөзі бұрын қазақ тілінде болмаған я жиі кездеспейтін жаңа тіркестер құрауға да ұйтқы болады.

Медицина, биология саласындағы бұл тәрізді алғашқы кітаптардың тілінде *құрт* сөзі көбіне ауру атауларымен немесе сол жанрға тән кейбір сөздермен тіркес құрайды. Оған мына мысалдарды бере кетсек те жеткілікті. *"Оба құрдтары* сумен, тамақбен адамның ішегіне түссе, әсіресе іші бұзылып жүрген, бек көбейіб адамды ауыртады" ("Обадан қалай сақтану", 7-б.). "Бір кісінің терісінің астына көзге көрінбейтін *қышыманың құрты* деген бір құрт кірсе, ол кісіге қышыма шығады ("Қышыманың турасында", 4-б.). "Бұл ауру бек жуқпалы дұр, аурудың *жұқбалы құрты* ауырған малдың тұла бойында болады" ("Малда болатын жұқбалы аурулардың, һәм оларға қарсы ғамал қолдану хақында", 3-б.). Әрине, *оба құрттары, қышыманың құрты, чуманың құрты, жұқпалы құрт* сияқты терминдік мәні бар тіркестердің жасалуында орыс тілінің әсері бар екені айқын.

Медицина, биология әдебиеттерінде орыс тілінің әсерінен туған басқа да көптеген терминдік сөз тіркестері қолданылған. Мысалы, *жұқпалы ауру, терінің жұқпалы ауруы, табиб ғылыми* т.б. сөз орамдары орыс тіліндегі *заразная болезнь, кожная заразная болезнь, медицинская наука* дегендердің тікелей ықпалымен туған. "Табиб ғылымында айтылған сөз бар: *оба* менен ауырған адамларның өзлері хауіпсіз деб" ("Афат яки холера әңгімесі", 4-б.). *«Қышыма* терінің жұқпалы ауруы" ("Қышыманың турасында", 3-б.). "Сол жылдан бері тек *обадан* ең кемі 2-3 миллион адамдар өлді" ("Обадан қалай сақтану", 3-б.). *"Оба құртдары* қатты ыссыдан һәм құрғақтықтан өледі, бірақ қандай мықты суықтан да өлмейді" (Сонда, 4-б.). Соңғы екі мысалдағы сын есімнен кейін тұрған анықталушы сөздің көптік жалғауын жамылып тұруы мен *мықты суық* тіркесі қазақ тілі мәдениеті тұрғысынан онша ұтымды жасалған тілдік единица емес. Алдыңғысы қазақ тілі нормасына мүлдем қайшы, соңғы тіркес мағынасы әдетте ("от сильных морозов") *қатты суық, я аяз* сөздерінің тіркесуі арқылы беріледі. Әсіресе, бір мағынада, бірақ әр тұлғадағы параллель сөз тіркестерінің қолданылуы да бұл кітапшалар тілінен белгілі дәрежеде ұшырасып отырады. Сондайдың бірі – ауыру етістігінің әр септік жалғауларын, бірде көмектес, бірде шығыс тұлғаларын меңгеруі болып келеді. Ондайлар тіпті бір шығарманың өз ішінде де кездесіп отырады. Мысалы, "өзін-өзі жақсы ұстамайтын, өлшеусіз ішін бұзғандай қылыб тамақ һәм арақ ішетін адамдар обадан жылдам ауырады... Сол себебі ол адам обамен ауырғанын білмей, сау кісілермен

бірге асаб, ішіб һәм жатыб тұруымен оларға жаяды" ("Обадан қалай сақтану", 5-6-бб.). "Ол аурудан ксилердің ауратугуны бизге тамаша емес" ("Глазная болезнь трахома", 9-б.). "Мұндай ауру менен ауырғанның жартысы өлуде" ("Афат яки холера әңгімесі", 2-3-бб.). "Егерде адам осындай ғаламатбен аура қалса, жылдам докторға хабар беру керек... Чумадан ауырады – бала да, үлкен де, еркек те, һәм әйел де" ("Адамның чумасы турасында", 4-8-бб.). "Қышымадан ауырғандар қышыған жерлерін қаси-қаси қанатады" ("Қышыманың турасында", 8-б.). "Маңқадан ауырған жылқыларның екі танауынан ірің ағады" ("Малда болатын жұқпалы аурудың һәм оларға қарсы қалай ғамал қолдану хақында", 6-7-бб.).

Бұндағы *аурумен* (обамен, қышымаман т.б.) *ауыру* деген тіркес үлгісі, сөз жоқ, орыс тілінің тікелей әсер-ықпалынан туған, орыс тіліндегі "болеть (заболеть) чем" конструкциясынан калька арқылы аударылып алынған. Бұл тіркес үлгісі қазіргі жазба тілімізде де, 20–30-жылдардағы баспасөз, әдебиеттер тілінде де көп қолданылып жүр: *гриппен ауыру, зобпен ауыру, ревматизммен ауыру* т.б. Бірақ осы үлгідегі меңгеріле байланысқан тіркестер жарты ғасырдан артық уақыт жазба тілімізде қолданылып келсе де, оны қазіргі әдеби тілімізде толық орнықты деуге болмайды. Өйткені оның жасандылығы бірден байқалады және бұлар бұрын тілімізде қолданылмаған үлгінің негізінде жасалған. Қазақ тілінде *ауыру* етістігі тірек болатын конструкция көбіне-көп меңгеру болып келмей, кейбір көмекші етістіктер арқылы қабыса байланысып тұратын. Қазіргі сөйлеу тілінде де *шаншу тиіп ауыру, тымау тиіп ауыру, суық тиіп ауыру, қылтамақ болып ауыру, жөтел тиіп ауыру* т.б. тәрізді үлгіде жиі айтылады. Бірақ қазіргі белгілі болған көптеген ауру атаулары мен *ауыру* сөзі сөйлеу тіліндегі бұл үлгі негізінде сол көлемде, сол шеңберде ғана тіркесе бермейді, яғни мұндай конструктивті үлгі мүмкін болатын тіркестерді толық қамти алмайды. Сондықтан да медициналық әдебиет тілінде жоғарыдағы көрсетілгендей калька тіркестер пайда болып отырады.

Ал *аурудан* (обадан, чумадан, қышымадан, маңқадан т.б.) *ауыру* тіркесінің тұлғасы да қазақтың әдеби тілінде әдетте үлгі деп айтуға келмейді. Бұл жерде ол тіркес үлгісінің табиғатын дәл басу қиын. Мысалы, орыс тілінен дәлме-дәл калька арқылы аударылып алынған емес. Дегенмен, бұл тіркестің тууына орыс тіліндегі "болеть (заболеть) чем" конструкциясының кейбір әсер ықпалы бар болу керек. Ол ықпал, ең алдымен, айтылмыш кітапшалардың орыс тілінен аударма екендігінде болса, екіншіден, *ауыру* сөзінің орыс тіліндегі "болеть, заболеть" сияқты әрқашан белгілі бір сөзді, көбіне ауру аттарын меңгеріп тұруға ыңғайлануы болса керек. Осының үстіне бұл тіркес үлгісінің осындай тұлғада пайда болуының тағы бір көзі, яғни *ауыру* етістігінің шығыс септікті меңгеруі қазақ тіліндегі қолданылып жүрген аурудан, кеселден өлу тәрізді байырғы тіркес үлгісінің де әсер еткенінен болу керек. *Ауыру* және *өлу* етістіктерінің синтаксистік қызметі жағынан бір ұқсас жері өлу де ауыру етістігіндей кейде көсемшелі сөзбен қабыса байланысады: *ауырып өлу, ауырмай өлу.* Демек, аурудан ауыру тіркес үлгісі тұмау... болып (тиіп) ауыру, немесе орыс тілі әсерінен туған аурумен ауыру және аурудан (кеселден) өлу тәрізді екі конструкциядан контаминация арқылы жасалған деп жобалауға болады.

Бұл кезеңдерде техниканың кейбір саласына байланысты да бірсыдырғы еңбектер жарық көрді. Олардың кейбіреулерін көрсете кетейік: "Торгайский сельскохозяйственный общественоның уставы", Орынбор, 1903; "Инородистер школдары үшін шыққан жаңа правилелер", Орынбор, 1906; "Қолменен май алатын машинаны пайдаға енгізу жөні", Троицк, 1914; "Қазақ-қырғыз съезі (кн. "Мусульманского бюро"). Орынбор, 1917; "Нұсқа кітаб. Зеңгір компаниясының іс тігетұғын машинелеріне", Орынбор, 1914 ж. т.б.

Бұл шығармалардың тілінде де медицина, биологияға байланысты орыс тілінің әсер-ықпалы бірқыдыру бар екенін байқаймыз. Осы әдебиеттер, негізінен, орыс тілінен аударма болғандықтан, сөйлем құрылысында стильдік кемшіліктер, әсіресе, сөздердің орнын орыс тілі ыңғайында ауыстырып қолдану жиі кездесіп отырады. Бір-ақ мысал келтірейік: "Анықтай есебтейік шотқа салыб, сүт машинасы бар үйдің файдасы: бір үйдің 10 сиыры бар, һәр сиыры береді күніне 15 қадақ сүт" ("Қолменен май алатын машинаны файдаға енгізудің жөні", 1-б.).

Сонымен бірге машиналардың кейбір тетіктеріне байланысты, оқу-өнер істеріне, жалпы халық шаруашылығы, экономика салаларына қатысты жаңа сөздер, терминдер қолданылып отырған. Олардың көбі-ақ орыс тілінен сол күйінде қабылданған лексемалар. Мысалы, "Публичнай, яғни һәр кімдерге болуға жарайтұғын жилысдар советдің постановлениесі бойынша құрылады, сол жилысдарға іске кірісмесден тек кіруб отыруға рұқсат беру председательдің қарамағында болады" ("Торгайский сельскохозяйственный обществоның уставы", 23-б.). "Члендікке язылған *кандидатдар* хақында сайлаудан бұрун болған жилысқа айту тиіс яғни бір жилысда айтыб, екінші жилысқа сайлау тиіс" (Сонда. 11-б.). *"Школдарда* дін сабақтарын оқытуға һәм халықдың өздерінің молдаларын жәдін сабағын білетін *учительдерін* қосуға тиіс" ("Инородистер школдары үшін шыққан жаңа правилелер", 10-б.). "Ең әуелі айналушы дөңгелекті бөлу керек машина үстінен өзіне қараб тарту бірлан болатұғын финті аяқ қойуб *машинениң* табанының ортасына" ("Нұсқа кітаб. Зеңгір компаниесінің іс тігетұғын машинелеріне", 7-б.). Мысалдарда көрсетілген орыс тілінен енген сөздердің кейбіреулері *(школ, учитель* т.б.) бұрын да жазылған мәтіндерде кездесуі мүмкін. Бірақ ол сөздердің жүйелі қолданылуы немесе ептеген мағыналық өзгерістерге ұшырауы осы XX ғасырдың бас кезінде жарық көрген әдебиеттер тілінен анық байқалады. Мысалы, *кандидат* сол ертеректе көбіне-көп болыс, ауылнай, старшын т.б. сайлауына ғана байланысты қолданылса, бұл жерде шаруашылық қоғамның кеңесін сайлау, жалпы ауылшаруашылық қоғамға мүше сайлау ісінен, яғни жалпы сайлау жұмыстарымен байланысты жағдайда қолданыс тапқан. Демек, *кандидат* сөзі бұл әдебиеттер тілінде мағына кеңейтуіне ұшыраған, кең көлемде қолданылған, сонымен бірге оның басқа сөздермен тіркестілігі артып отырады. Сол сияқты іс тігетін, май алатын машина туралы нұсқа кітаптарда сол машиналардың тетіктері толық берілген. Әсіресе, машиналардың суреті салынып, олардың жеке-жеке тетіктері көбіне қазақша аталған.

Осымен қабат көзге түсетін ерекшелік биология, медицинаға байланысты шығармалар тілімен салыстырғанда соңғы айтылған еңбектерде орыс тілінен енген сөздер де, тіпті орыс тіліндегі конструкциялар да аударылмай, сол күйінде қолданылған. Оған *публичный, совет, постановление, председатель, сельскохозяйственное общество, устав члендік, кандидат, школ, учитель, инородистер, правило, машина, винт* сияқты орыс тілі арқылы енген термин сөздер дәлел бола алады.

Кейбір сөз тіркестері де орыс тілінен сол күйінде аударылмай алынған: *"Русски кластарда первоначальни школдағы* секілді сабақтар оқылады (Инородистер школдары үшін шыққан жаңа правилелер, 10-б.). *"Совет обществаның* істерін басқарғанда һәм сомаларын жұмсағанда жилыс түзген тәртіб бойынша іс қылады" ("Торгайский сельскохозяйственный обществоның уставы", 16-б.). Берілген мысалдағы *русски клас, первоначальни школ* тәрізді сөз орамдарын қазақша әбден беруге болатын еді. Тіпті орыс тіліндегі ***-ский, -ный, -ний*** қосымшалары да сол күйінде сақталған.

Ал "Айқап" журналы, "Қазақ" газеті және одан кейінгі жылдардағы мерзімді

баспасөз беттерінде *"начальный", "первоначальный"* дегендер *бас, бастауыш, бірінші басқыш* немесе *ыбтидаһи* сияқты сөздермен берілген. Екінші сөйлемдегі "совет общество" конструкциясы тіркес құрамындағы сөздердің орын тәртібі жағынан да қазақ тілі табиғатына мүлдем қайшы, ол "Общество советі" (дұрысы қоғам советі, не кеңесі) болу керек еді.

Ғылым (мысалы, биология, медицина), техника, өнер-білім, экономиканың әр салаларына байланысты әдебиеттер тілінде жоғарыда көрсетіліп өткендей, жаңа, әсіресе орыс тілі әсерінен пайда болған тілдік құбылыстармен бірге көне дәстүр сүрендері, ортағасырлық жазба әдеби тіл дәстүрінің элементтері де көптеп кездесіп отырады. Бұлардың ішінен жоғарыда көрсетіп өткеніміздей, "түрки" дәстүрі "Глазная болезнь трахома... Трахома деген жаман көз ауру" атты кітапшаның тілі бөлек тұрады. Онда тек бірлі-жарым қажет жерде қосымшалардың қатаң дыбыстан басталатын нұсқаларының қолданылғанын есептемегенде, қазіргі қазақ тіліндегідей дыбыс үндесуі толық сақталған, көне тілдік тұлғалар кездеспейді. Ал біз талдап өткен басқа шығармалар тілінде ондай тілдік құбылыс жиі ұшырайды. Бір қызығы, олардың бәрі де араб алфавитімен жазылғандар. Демек, алфавит таңдау мен еңбектің тілдік ерекшеліктері арасында да сырттан көзге түсе бермейтін бір байланыс жатқан сияқты. Бірнеше мысал келтіре кетейік.

"Шамасы келгенше тырысуға керек үйде, сыртқы, ішкі киімдер де, төсекді һәм өте-мөте тәндерін таза ұстарға" ("Обадан қалай сақтану", 8-бет). "Оба һауа арқылы кісіге жұқбайды, соның үшүн обасы бар үйде болу онша хауіф емес" (Сонда. 9-б.), "Мансоқ (мұнан соң — А.Ө.) аурудың һәм қандай жерлерде болатұғынын уа һәм қадай бөтен тарафқа тарайтұғынын баяндайын" ("Афат яки холера әңгімесі", 3-б.). "Шешек шыға қалса, оны жазатын ем жоқ, өзі айығуб кетбесе оның келтіретүн зияны бұ дур" ("Шешектің һәм шешек егудің жайларынан", 3-б.). "Бұ һәр кімге де белгілі хұзыр, адамнан адамға жұғуб елге жайлуб кетеді. Мұның үшүн мұны жұқбалы ауру деб айтады" (Сонда. 2-б.).

Бұл тәріздес мысалдар көптеп кездеседі. Осы берілген бірнеше сөйлемдердің өзінен қосымшалардың жалғану ретінде қазіргі әдеби тіліміздегідей дыбыс үндестігі ассимиляция заңдылығына қайшы келетін, сол сияқты *-уа, -һәм, -хұзыр* тәрізді араб, иран тілінен енген лексемалардың, *-арға керек, -уға керек* немесе *соның үшін, мұның үшін* үлгілерінің, *тұзу* (жасау, құрау мағынасында), *дур, -мыш* сияқты көне тіл қалдықтарының қолданылуы біршама тұрақты екенін көрсетеді.

Демек, бұл мысалдардан сол кезеңдерде қазақ тілінде жарық көрген осы іспеттес әдебиеттердің тілі бірізді, қалыптасқан жүйелі нормада болмағандығын көреміз. Соған қарамастан қазақтың әдеби тілі стильдерінің жеке-жеке өріс алып, жанрлық-тілдік жағынан қалыптаса бастауында бұл еңбектердің орны ерекше. Осы әдебиеттер негізінде бұрын болмаған жаңа стильдердің нышаны пайда бола бастады. Қазіргі әдеби тілдегі дербес стильдік тармақтарды белгілей алатын жекелеген сөздер, терминдер, соған тән көптеген сөз тіркестері мен конструкциялардың көбі алғаш осы әдебиеттер тілінде пайда болып, жасалып, жазба әдеби тілге сол іспеттес еңбектер арқылы еніп отырды. Бұл ретте көбіне-көп қазақ тілінде бар ежелгі ұғымның тілдік материалдары іске асып отырғандығы байқалады. Сондай-ақ қажет деген жерлерде орыс тілінен де сөз алушылық, тіпті кейде термин сөз орамдарын, жеке конструкцияларды да сол күйінде тілге енгізушілік әрекеті жиі көрініп қалады. Ол — жаңа стильдік тармақтың туа бастағанын, соған орай терминдік қордың жасала бастағанын байқатса керек.

Саяси және көркем әдебиет аудармаларының сөздерді терминдеуге қатысы

Қазақ әдеби тілінің қоғамдық-саяси терминологиясын қалыптастыруда аударманың, оның ішінде, әсіресе саяси әдебиет немесе саяси-әлеуметтік өмірді жан-жақты суреттеуге арналған көркем әдебиет аудармаларының да алатын орны айрықша. Мұны біз сонау жиырмасыншы, отызыншы жылдардан басталған аударма өнері, қоғамдық ғылым терминдері тарихын тексеру арқылы және ол жайында ертелі-кеш өрбітілген ғылыми ой-пікірлер[24] арқылы айқын аңғарамыз. Қоғамдық ой-сананың өрбуіне шексіз мол ықпал жасайтын мұндай әдебиеттерді қазақ тіліне аудару, шынында сол 20-жылдарда басталған. Содан бергі жерде біздің әдеби тіл қолданыстағы қызметі ерекше неше алуан термин сөздер мен терминдік мәндегі тіркестерге молыққан екен. Сөйтіп, біздің тіл ауызекі сөйлеудің, ауыз әдебиетінің, шешендік сөз сайыстардың ғана тілі болмай, ол енді небір ғылыми тұжырымдар мен ақиқатты техникалық дәлдік пен саламандықты, мәдени мәртебе мен экономикалық сарабдалдықты тамаша насихаттай алатын барынша бай да қуатты тілге айнала бастайды. Ол бүгінде сахнада сайраған театр тілі, радио мен телевизия қажетін өтеп отырған эфир тілі, мың-сан тиражбен жұртшылыққа тарап жатқан баспасөз тілі, миллиондаған оқушының жан-дүниесін сұлуландыра түскен рухани қорек болып отырған көркем әдебиет тілі. Санай берсек, ана тіліміздің қазіргі атқарып отырған қызметінде, қуатында шек жоқ. Тіліміздің осындай дәрежеге жетіп, аукымының кеңеюіне аударма әдебиеттің алатын орны тіпті бөлек деуіміз осыдан. Алайда тіл қазіргі сапаға көшкенге дейін неше қилы ізденіс жолдарынан өтіп, көп талқыға, таразыға түскені мәлім.

Сол талқы мен таразы табын марксизм-ленинизм классиктерінің туындылары аудармаларынан айқынырақ көреміз. Алдымен есте тұтарлық бір жайт мынау. Шығармашылық өнердің басқа түрінен гөрі философиялық туындылар тілінің терминологиялық салмағы анағұрлым басым жатады. Өйткені мұнда ақыл-ойдың асқан үлгісі мейлінше дәл де нақты сөздермен, өзгеше мағыналық реңк жүктелген термин сөздермен сипатталып отырады. Міне, оларды сол негізде екінші тілге жеткізіп беру оңай емес. Сөздердің терминдік сипат алуы, яғни терминденуі осы классикалық туындыларды аудару барысында молырақ байқалады.

В.И.Ленин шығармалары толық жинағының 55 томын жариялап, жұртшылыққа ұсынуға мүмкіндік жасап отырған ана тіліміздің қазіргі терминологиялық қуаты бұрын-соңды болмаған деңгейге көтеріліп отыр. Осы аудармалар арқылы қазақтың қаншама сөзі ғылыми ой-пікірді, философиялық түйін-толғамдарды, логикалық, публицистикалық өткір айтыстарды берерлік қуатқа ие болғанын көреміз. Мұның бәрі, әрине, әлденеше арнайы зерттеуді керек ететін өте күрделі құбылыс.

Аудармалардың алғашқы үлгілерінен бастап, бүгінгі дәрежесіне дейінгі аралықта тілді терминдік мәнде пайдалана білудің сан алуан жолдары мен тәсілдері болған дедік. Оның бәрі Маркс, Энгельс, Ленин туындыларының әрбір аудармасы тұсында байқалып отырады. Бұлардың ішінен, қазақ тіліне алдымен В.И.Ленин шығармалары аударыла бастаған екен. Сол кезде шығып тұрған газет, журналдар

[24] Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана (15-18 января 1958 г.). Алма-Ата, 1960; *Сатыбалдиев Ә.* Рухани қазына. Алматы, 1965; *Сағындықов Қ.* Көсемнің асыл мұрасы. В.И.Ленин еңбектерін қазақ тіліне аудару мәселелері жайында (1946–1969 жылдар). Алматы, 1970.

беттерінде оның туындылары жайында, қайсыбірінің мазмұн-мағынасы жайында бұдан бұрын да сөз боп келген. Атап айтқанда, В.И.Ленин шығармалары қазақ тіліне 1921 жылдан бері қарай аударылған. Сол жылы, әуелі "Жастар одақтарының міндеттері" атты кітапшасы, кейін "Азық-түлік салығы туралы" (жаңа саясаттың маңызы және шарттары) деп аталатын еңбектері қазақ тілінде басылып шығады. Егер кезеңіндегі баспа мүмкіндігінің қаншалықты күйде болғанын көзге елестетіп көрсек, мұны ерлікке саятын іс деп бағалауға болар еді. Міне, содан бері қарай Ленин ілімін насихаттайтын көптеген еңбектері жарық көрді. Аудару ауқымы барған сайын кеңейе түсті.

В.И.Ленинның "Не істеу керек?", "Халық достары деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?", "Бір адым ілгері, екі адым кейін", "Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы", "Материализм және эмпириокритицизм", "Ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы", "Кеңес өкіметінің кезектегі міндеттері" тәрізді еңбектері соғысқа дейінгі бесжылдықтар кезінде аударылып басылған. Ал Ұлы Отан соғысынан бергі жерде, яғни 1946 жылдан бергі аралықта В.И.Ленин шығармаларының орыс тіліндегі төртінші басылымы аударылған болатын. Бүгінге дейін қазақ тіліне аударылған лениндік жинақ, кітап және кітапшалардың жалпы саны 408 де, жалпы тиражы 5 миллион, 679 мың дана[25] болып шыққан екен.

Саяси маңызы мен рухани мәні зор елу бес томдық аударма еңбек қазақ халқының ұлттық мәдениет қорына қосылған үлкен байлық болып отыр. Оған тоғыз мыңға жуық іргелі теориялық еңбектер, мақалалар, баяндамалар, сөздер, хаттар, телеграммалар т.б. түрлі құжаттар енгізілген. Бұлардың ішінде бұрынғы басылымдарға енбеген 1000-ға тарта еңбек қазақ тіліне тұңғыш рет аударылып берілген. Сондай-ақ, В.И.Ленинның 200-ден астам құжаты, анықтама материалдары бірінші рет енгізіліпті. Осынша зор байлықтың көзін ашып отырған қазіргі әдеби тіліміздің аударма арқылы бұрынғыдан әлдеқайда кең халықаралық сипат ала бастағанын мақтанышпен айтуға болады.

Ал Карл Маркс пен Фридрих Энгельс шығармаларынан қазақ тіліне тұңғыш аударылғаны – "Коммунистік партия манифесі". Ол алғаш 1926 жылы аударылып басылыпты. Содан бері бұл екі дананың да көптеген туындыларын республика жұртшылығы қазақша оқуға мүмкіндік ала бастады. Атап айтқанда, 1955–1956 жылдары К.Маркс пен Ф.Энгельстің 2 томдық таңдамалы шығармалары, ал 1963 пен 1973 жылдар аралығында "Капиталдың" 3 томы қазақшаға аударылып басылды.

Міне, осындай іргелі туындылармен қатар республика жұртшылығы "Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің" 10 томдығына, "Қазақ Кеңес Энциклопедиясының" 12 томдығына, "Қазақ КССР тарихының" бес томдығына, сондай-ақ, көптеген фольклорлық туындылар мен сан алуан салалы лексикографиялық жұмыстарға т.т. ие болып отыр. Мәдени, рухани өремізді өсіре, байыта түсіп отырған жұмыстардың бәрінде де біз аударманың әсерін аңғарамыз, әсіресе, орыс тілінен аударудың ықпалын, пайдасын қатты сезінеміз. Мәдениет пен білімнің, ғылым мен техниканың өсімтал ұрығын сеуіп келе жатқан орыс тілінің ана тілдерге жасап отырған ықпалында шек жоқ. Бұл әсер, әсіресе марксизм-ленинизм классиктері туындыларын және басқа да қоғамдық саяси мәні бар еңбектерді аударған сәтте айқынырақ сезіледі.

[25]Лениннің идеялық мұрасы – дүниені революциялық жолмен жаңартудың сарқылмас қайнары//Социалистік Қазақстан, 1983, 20 қараша.

Төңкерістен бергі жерде қазақ тіліне аударылған қазынаның аумағын анықтап алудың өзіне қазір біраз еңбек сіңіруге тура келер еді. Бұл орасан зор саланы түбегейлі зерттеп, ғылыми бағасын беру болашақтың еншісіндегі дүние. Аударманың мұндай үлгілерін теориялық тұрғыдан талдап беретін әлі талай еңбек туады деп ойлаймыз. Бірақ тілдік табиғаты жан-жақты қарастырылмай, ғылыми бағасы берілмей жатқан бұл тың саланың әзірге шет жағасы ғана әңгімеленіп жүргені өкініш. Бұдан он бес-жиырма жыл бұрын бой көрсеткен, жоғарыда сілтеме жасалған бірен-саран еңбектер[26] болмаса, қазір назар аударып, көңіл тоқтатар тұшымды дүниені таба қою қиын. Сондықтан осы объектіге қатысты кейбір мысалдарды талдамастан бұрын саяси және көркем әдебиет аудармаларын зерттейтін маман кадрлар даярлау мұқтаждығын алдымен еске сала кеткен жөн.

Жалпы, қоғамдық-саяси ұғымдарды білдіретін терминдер жүйесін жасау процесінің тіпті де оңай болмағанын мынадай мысалдар дәлелдей түссе керек. Маркс пен Энгельстің жоғарыда сөз болған туындысы – "Коммунистік партия манифесінің" соңғы жолдары "Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!" деген ұран сөздермен тұжырымдалатыны мәлім. Ал енді осы жолдардың дәл осылайша қалыптасып, халық түсінігіне осылайша орнығуы үшін қаншама әрекет, қаншама сұрыптау жұмысы жүргізілген десеңізші. Соның неше алуан үлгісін аударма ғылымының зерттеушілері[27] көрсеткен. Мысалы, 1919 жылы, Орынбор қаласында шыққан "Ұшқын", Орда қаласында шыққан "Дұрыстық жолы" газеттерінде "Бүтін дүние бейнетқорлары, бірігіңдер", – деп алынса, сол жылдары Ташкент қаласында басылған "Низам нама" кітабында "Бірігіңіз, бүтін дүние бейнетқорлары" делінген. Ал 1921 жылы Орынборда жарық көрген "Жастарға жаңа жол" деп аталатын кітапта: "Жер жүзінің еңбекшілері әм қорлықта болған халықтары, қосылыңдар", – деген шұбалаңқы сөйлем бар. Бұл жолдардың жазылуындағы алакұлалықтың бұдан да басқа неше түрін жинап көрсетуге болады.

Осы сөйлемде төрт сөздің төртеуі де неше түрлі алуан сүзгіден өткендігі байқалады. *"Пролетарлар"* терминіне жеткенге дейін бұл сөз *бейнеткештер, бейнетқорлар, еңбекшілер, еңбекшілдер, жалшылар, пролетариаттар* болып неше құбылған. Сондай-ақ *бүтін дүние, бүкіл дүние, бүкіл дүние жүзі, жер жүзі, бүкіл жер жүзі, дүние жүзі* тіркестері сұрыптала келе "барлық елдердің" түрінде тұрақталғаны белгілі. *Қосылыңдар, бірігіңдер, тұтасыңдар* нұсқаларын айтпағанның өзінде, осы үлгілердің өзі-ақ термин сөздерді аударудың қаншалықты күрделі іс екенін танытса керек.

Марксизм-ленинизм классиктерінің, орыстың әйгілі жазушыларының шығармаларын және түрлі ғылыми әдебиеттерді, оқу құралдары мен оқулықтарды т.б. мұраларды аудару барысында қазақ тілінің сөз байлығы мен грамматикалық жүйесін сарқа пайдалану мұрат. Мұның небір үлгісін мысалға келтіруге болады. Аудару кезінде қолданылған тәсілдердің біразы мына тектес.

Бүгінгі тіл қолданыста кеңінен өріс алған *бәсеке, шарт, шебер, қаулы, қарар, шешім, жарыс, еңбек, Отан, табыс, мүше, бесжылдық, жалақы, көзқарас, үгіт, нұсқаушы, қызметкер, бастама, қондырма, қор, құрал, еңбеккүн, бастауыш мектеп, бастауыш партия ұйымы, Денсаулық сақтау министрлігі* тәрізді жүздеген сөздер мен сөз тіркестері дәл осындай мағыналық реңкке, терминдік мәнге аударма арқылы ие болды. Бұлар тілімізде бұрыннан бар болғанмен, терминденуі тым

---

[26] *Сатыбалдиев Ә.* Рухани қазына. Алматы, 1965. 67-б.

[27] Сонда.

баяу жүріп жататын. Бұл сөздердің терминдік сипатқа көшуі *конкуренция, договор, мастер, постановление, резолюция, решение, соревнование, труд, Родина, Отчизна, член, достижение, пятилетка, зарплата, мировоззрение, взгляд, агитация, инструктор, работник, служащий, инициатива, надстройка, фонд, состав, трудодень, начальная школа, первичная партийная организация* тәрізді сөздер мен сөз тіркестерінің аударылуына тікелей байланысты.

Осы аздаған мысалдың өзінен-ақ бұл сөздердің терминдік мәнін беру үшін қазақ тілінің мүмкіндігі, оның заңдылығы, сөзжасам тәсілдері қаншалықты дәрежеде қолданылғаны байқалады. Мәселен, мұнда байырғы қарапайым сөздер *(бәсеке, шарт, шебер, жарыс, еңбек, мүше)* орыс тілінде терминдік ұғымда қолданылған сөздердің баламасы ретінде алынған. Ал *бесжылдық, жалақы, еңбекақы, көзқарас* сөздеріне қарап, сөз біріктіру тәсілінің де аударма ісіне мол септік жасай алатынын көреміз. Сондай-ақ қосымшалар арқылы да, сөз тіркестіру арқылы да сөздер мен сөз тіркестерін терминдендіруге болатыны байқалады. *Нұсқаушы, бастама, қондырма, бастауыш мектеп* деген сөздер мен сөз тіркестері осыған дәлел. Бұлардың бәрі де – аударма ісінің жандануы арқылы пайда болған лексикалық байлығымыз.

Байырғы лексиканы терминдік ыңғайда қолдануға аударманың мол септігі болатынын мына сөздердің қолданыс өрісінен де байқай аламыз: *Ғылым, білім, ілім, оқулық, оқу құралы, өкімет, үкімет, мемлекет, Отан, атамекен* т.т. дегендеріңіз *наука, знание, учение, учебник, учебное пособие, власть, правительство, государство, родина, отчизна* тәрізді орыс сөздеріне балама іздеу, солардың мағынасын дәл беру әрекетінен пайда болған, терминдік қызметі айқындалып, қалыптасқан лексика. Әуелде толыққанды балама ретінде қызметі сараланған бұл сөздер қазір дәл осы қалыптасқан мағынасында қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылып, сіңісіп кетті. Яғни бұларды қазір көркем әдебиет тілінде де, саяси көпшілік әдебиетте де, баспасөз, радио, телевизия және өнер, білімнің неше алуан салаларында да кездестіре береміз. Әрине, бұл сөздердің қайсыбірінің арғы түбінде кірмелік болғанмен, бергі өрісінде бірізділік пішін қалыптасқан. Бірақ бұл жолы ерекше мән беріп отырған себебіміз, олардың қолданыстағы жаңа бір сатысы – терминдік өресінің ашылуына байланысты болып отыр. Міне, осы тектес мысалдарды аталған салалардың кез келгенінен ойып алып, ойға тірек етуге болады.

Сонда орыс тілінен саяси және көркем әдебиеттерді аудару арқылы қаншама сөздер терминденуге мүмкіндік алған және қазақ тілінің барлық сөзжасам амалдары активтендірілген деп түйін жасауға мүмкіндік аламыз.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің құрамында сөз тіркесімі арқылы жасалған терминдер (бұдан былай қарай – тіркесім терминдер) де баршылық. Терминдер қатарының молыға түсуіне сеп болып отырған құрылымдық ерекшелігінде назар аударуға керек жайлар бар. Бұлар ең алдымен ұлттық тіл элементтерінің байырғы сөздер тіркесімінен тұрады. Мұндай тіркестер лексикаланып барып терминденеді. Құрылымдық тұрғыда бұлардың да мынадай үш түрлі моделін (үлгі) көрсетуге болады. Біріншіден, *ұлт мәселесі, лауазымды адам, "өзіндік қажеттілік", жұмысшы табы, күн тәртібі, еңбек тәртібі, өкілетті өкіл, заттық ақиқат, үздіктілік пен үздіксіздік, дамушы елдер, еркіндік және қажеттілік, үстеме жұмыс, сұраным және ұсыным, ұлтаралық қатынас, қоғами адамгершілік, өтпелі дәуір, сананың соңғылығы, алғы шарт* сияқты ұлттық тіліміздің өз сөз материалынан және соның сөзжасам құралдарының қатысуы арқылы жасалатын терминдер, екіншіден, қазақ және кірме сөздер тіркесімі арқылы жасалатын *Совет Одағы, социалистік жарыс,*

коммунистік еңбек, партия мектебі, орталық комитет, әскери коммунизм, сенім грамоталары, құрмет грамотасы, басқару аппараты, мемлекеттік герб, мемелекеттік гимн, объективті ақиқат, материяның алғашқылығы, перспективалық жоспар, қолданбалы психология, сөйлеу интонациясы, атом держава, үлгі норма, интернационалдық тәрбие тәрізді тіркесім терминдер, үшіншіден, орыс тілі арқылы келген интернационалдық сөздер мен советизмдер тіркесімінен тұратын мына тектес кірме терминдер де тіліміздің даму көзі мен қоғамдық беделін күшейте түскен лексикалық байлығымызға жатады: *коммунистік партия, абсолюттік монархия, Министрлер кабинеті, мемлекеттік социализм, дипломатиялық курьер, дубляж фильм, материалдық субстанция, объективтік идеализм, абстракция принципі, субъективтік интуиция, эмпириокритицизмдік философия* т.б.

Таза қазақ тілінің немесе таза орыс және сол арқылы шетел тілдерінің элементтері тіркестірілсін, болмаса таза кірме сөздерден құралсын, терминжасамның бұл құрылымдық модельдерінде сөзжасам құралдары еркін пайдаланылатыны байқалады. Мұнда, әсіресе, грамматикалық амалдар молынан кірістіріледі.

Аббревиация немесе *қысқарту* (сөз, буын не әріп қысқарту) *амалдары* да терминжасам дағдымызда кеңінен қолданылады. Бұл қазақ тілінде ғана емес, өзге туыс тілдерінде де тіл дамуының негізінде орыс тілі арқылы пайда болған терминжасамдағы жаңалықтың бірінен саналады. Әсіресе, ғылыми-техникалық ұғымдарды таңбалауға, білдіруге келгенде мұның мүмкіншілігі шексіз деген кейбір пікірлерге[28] қосылуға әбден болады. Мұның бұлай болатын себебі, белгілі бір нәрсе туралы ұғымды барынша қысқа әрі үнемді білдіруге бейім тұратындығынан. Қазіргі орыстың ғылыми әдебиетін қарап отырсаңыз, сөзді үнемдеп пайдаланудың осы тектес әр алуан тәсілдеріне орынды әуестікті байқаймыз. Қазақ тілінің терминжасам амалдарының қатарына қосылуына себеп болған да мұның осындай сөз үнемдеуші қасиеті деп білеміз. Бұлардың да әртүрлі модельдері бар.

1. Толық мағыналы екі не үш сөздің басқы буындарын қысқарта біріктіру арқылы жасалған, сондай-ақ бірінші компоненттерінің бірінші буыны мен соңғы компоненттің толық түрінен құралған терминдер: *колхоз, совхоз* т.б. Қысқартудың бұл тәсілі онша өнімді сапаға көше алған жоқ.

2. Бірінші сөздің алғашқы буыны мен келесі сөздердің басқы әріптерінен қысқарған терминдер: *ҚазТАГ, ҚазПИ, ҚазМУ* т.б.

3. Әр алуан техника атаулары фото-, теле-, радио- аспаптары, медицина және басқа ғылым салаларында қолданылатын құрал-саймандар маркалары мен модельдері: *АН-24, ГАЗ-24, А-АТ, ТУ-104, ИЛ-62* т.б.

Қазақ тілі лексикасының құрамындағы сөздердің тиісті буындары мен қайсыбір компоненттерінің басқы әріптерін қысқарту арқылы термин жасау тәсілі ғылым мен техниканың өрлеу заманында, әсіресе, активтене түсіп, терминжасамның негізгі көзінің біріне айналып барады. Алайда бұл арқылы жасалған термин сөздердің бәрі бірдей қазақ тілінің нормасына лайықты туып, қолданысқа бірден сіңіп кетті десек шындыққа жанаспас еді.

Өйткені қазақ тілінің нормалану процесінде өзінің заңды орнын таппай, алақұла жазылып, түрлі нұсқалары қосарлана жүрген сөздер әлі көп. Міне, осыларды тіл заңдылығы тұрғысынан бір жүйеге келтіріп реттеп, нормалы қалыпқа түсіріп отыру терминологтардың міндетіне жатады.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамын сүзіп шыққанда көзіміз жеткен тағы бір

[28] *Даниленко В.П.* Русская терминология. Опыт лингвистического описания. М., 1977. С.128-131.

ақиқат – қазақ тілінің бүгінгі болмысына зер салсақ, әдеби тіліміздің байытып, сөздік құрамға қосылған саяси-әлеуметтік өмірге қатысты қаншама терминдерді сарапқа салуға болады екен. Сонау 30-жылдардан бері қарай жасалып, баспа жүзін көріп келе жатқан орысша-қазақша терминологиялық сөздіктердің жалпы саны бүгінгі таңда 100-ге тарта болып отырса (әрине, бұлардың бәрі бірдей қоғамдық терминдер сөздігі емес екені түсінікті болар), соның ішінде, мыңдаған қоғамдық-саяси терминдерді мысалға алуға болады. Оның бәрі дерлік соңғы 70 жыл шамасында пайда болған, тіліміздің даму заңдылығына сәйкес жасалған қазынамыз. Бұл терминдердің көбі әдеби тіл қауызына өзінің халықаралық нұсқасын сақтап кірсе, кейбіреулері қазақ тіліне әртүрлі жолдармен аударылып еніп барып қалыптасты. Мысалы, өзінің бастапқы қалпы сақталып, сол күйінде қабылданған мына төмендегідей терминдер, қазір қазақтың төл сөзіндей етіп сіңдіруге тырысқан кірмелер: *коммунизм, социализм, революция, комитет, конференция, философия, идеология, абонемент, авангард, аванс, автор, автономия, аксиома, архитектор, ассистент, баланс, банк, бомба, браконьер, бюджет, бюллетень, бюро, валюта, вахта, ведомство, гвардия, генетика, гимн, дедукция, декларация, декрет, делегат, демонстрация, депутат, диссертант, дубликат, жюри, интервью, инфляция, канал, капитал, карантин, картотека, касса, кафедра, кворум, киностудия, конкурс, конституция, консультация, контингент, контракт, концепция, космос, космонавт, курс, лагерь, лекторий, лоторея, магазин, максимум, мандат, манифест, марксист, масштаб, материал, медаль, метеорология, метро, механика, миллионер, минимум, номенклатура, номинализм, норма, облигация, объект, оппонент, пакет, палата, парламент, пароль, партия, патент, пенсионер, платформа, практика, практицизм, принцип, проблема, прогресс, пункт, разряд, резолюция, резерв, рейд, рекорд, репортаж, ресурс, реформа, реферат, рецензент, ринг, романтизм, секретарь, синтез, смена, социология, спутник (серік), старт, статистика, стипендия, суверенитет, табель, таможня, тариф, телевизия, территория, тираж, транспорт, указ, универсиада, устав, факт, фантазия, финал, финанс, финиш, фирма, формация, формула, хронология, хронометраж, цензор, цикл, шовинизм, штурм, эвакуация, эволюция, эгоизм, экономика, экскурсия, экспорт, электр, элемент, эмиграция, эмоция, энергия, этногенез* т.б. с.с. Мұндай терминдердің санын жалғастыра беруге болады. Тіліміздің терминжасам мүмкіндіктерін ішкі даму заңдылықтарына орай қайта қарастырсақ, бұл сөздердің көбін қазақшалап алуға әбден болатынын соңғы бесон жылдық тәжірибе толық дәлелдеп отыр.

Ал халықаралық терминдер мен советизмдердің енді бір алуаны әртүрлі жолдармен қазақшаға аударылып жасалды. Біразының баламасы табылса, екіншілері сөзбе-сөз аударылып, үшіншілері калькаланып жатты. Мысал үшін мынадай термин сөздерді алуға болады: *қолтаңба* (автограф), *бедел* (авторитет),*үгітші* (агитатор), *тамұқ* (ад), *әкімшілік* (администрация), *әкімгерлік* (администрирование), *талдау* (анализ), *бекіту, мақұлдау* (апробация), *дәлел* (аргумент), *дәлелдеме* (аргументация), *қамау* (арест), *тұтқын* (арестант), *дауысқа салу, түсу* (баллотировка), *қойын дәптер* (блокнот), *тәж* (венец), *көзқарас* (взгляд), *жарна* (взнос), *сапар* (визит), *уақыт пен кеңістік* (время и пространство), *төлем* (выплата), *езгі* (гнет), *ұран* (девиз), *онкүндік* (декада), *атқосшы* (денщик), *қайраткер* (деятель), *жылнама* (ежегодник), *тұрғын үй* (жилище), *шапқыншы* (завоеватель), *қарыз* (заем), *қор* (запас), *жалақы* (заработок), *мәжіліс* (заседание), *тоқырау* (застой),*бастама* (зачин), *мұрат* (идеал), *баспа* (издательство), *өнертапқыш* (изобретатель), *мүгедек* (инвалид), *нұсқау* (инструкция), *мүдде, қызығу* (интерес), *жанжал, қақтығыс* (инцидент), *мысқыл*

(ирония), *өнер* (искусство), *ақиқат* (истина), *тарихтану* (историковедение), *тарихнама* (историография), *дерек тану* (источниковедение), *кеңсе* (канцелярия), *жаза* (кара), *апат* (катастрофа), *мамандық* (квалификация), *таптастыру* (классификация), *әріптес* (коллега), *алқа* (коллегия), *еңбек ақы* (оплата труда), *түсінік* (комментарий), *мазмұндама* (коммюнике), *бақылау* (контроль), *үйлестіру* (координация), *кемеңгер* (корифей), *тілші* (корреспондент), *дағдарыс* (кризис), *ой өрісі* (кругозор), *жылнама* (летопись), *басшы* (лидер), *ұран* (лозунг), *сауықшы* (массовик), *шеберхана* (мастерская), *әдіс* (метод), *ойшыл* (мыслитель), *дабыл* (набат), *жаз, жазу, жазба* (надпись), *есірткі* (наркотик), *халық ағарту* (народное образование), *мұрагер* (наследник), *мұра* (наследство), *жаңашыл* (новатор), *жаңа заман* (новейшее время), *жер үйек* (обетованная земля), *шолу* (обзор), *келбет, бейне* (облик), *қорғаныс* (оборона), *айналым* (оборот), *айлық* (оклад), *шешен* (оратор), *түпнұсқа* (оригинал), *ресми* (официальный), *түйсік* (ощушение), *озат* (передовик), *санақ* (перепись), *жоспар* (план), *жоспарлау* (планирование), *бөгет* (плотина), *шекарашы* (пограничник), *саясат* (политика), *елші* (посланник), *ізбасар* (последователь), *елші* (посол), *тұғыр* (постамент), *қаулы* (постановление), *ұсыныс* (предложение), *ізашар* (предшественник), *сабақтастық, мирасқорлық* (преемственность), *сыйлық* (премия), *жарыссөз* (прения), *үкім* (приговор), *ескертпе* (примечание), *ант* (присяга), *жоба* (проект), *жобалау* (проектирование), *ағарту* (просвещение), *кәсіподақ* (профсоюз), *жариялау* (публикация), *қызметкер* (работник), *дамушы елдер* (развивающиеся страны), *кемелденген, дамыған* (развитой), *жарнама* (реклама), *жазалау* (репрессия), *жаңғырту, қайта орнату* (реставрация), *шежіре* (родословная), *қолжазба* (рукопись), *өзара сын* (самокритика), *куәлік* (свидетельство), *мәлімет* (сводка), *жүйе* (система), *ар, ұждан* (совесть), *кеңес* (совещание), *келісім* (соглашение), *мазмұн мен түр* (содержание и форма), *құрылыс* (сооружение), *әдіс* (способ), *қарыз* (ссуда), *ақы* (ставка), *дәреже* (степень), *серік* (спутник), *сенбілік* (субботник), *мердігерлік* (субподрядный), *негіз* (субстрат), *құрылтай съезі* (съезд учредительный), *төтеншe съезд* (съезд чрезвычайный), *дәстүр* (традиция), *мінбе* (трибуна), *тақ* (трон), *куәлік* (удостоверение), *көрсеткіш* (указатель), *ретке салу* (упорядочение), *оқулық* (учебник), *оқу құралы* (учебное пособие), *білім* (знание), *ілім* (учение), *есепші* (учетчик) *мекеме* (учреждение), *саты, кезең* (фаза), *оқырман* (читатель), *айып* (штраф), *сарап* (экспертиза), *сарапшы* (эксперт).

Сөзбе-сөз аударма не табылған балама болсын, калька болсын, бұлардың көпшілігі әдеби тіліміздің ажарын кіргізіп, қазынасын молайтып, ішкі мүмкіндікті ашып отырған амалдар. Бұлар қазақ тілінің негізгі сөздік құрамында бұрыннан болмағанымен, олардың көбіне дәл осындай жаңа қызмет жүктелмеген болатын. Орыс тілімен қоян-қолтық араласып, қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде әлгі амалдар арқылы бұл сөздердің потенциалдық мүмкіндігі ашылып, қызмет аясы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда кеңейе түсті.

Аударма терминдердің сырына бойлай отырып, біз мынадай ойға келдік. Термин сөздер жоғарыда аталып өткеніндей, түрлі-түрлі тәсілдер арқылы қалыптасқан екен. Ал шынына келсек, осы терминжасам процесіндегі барлық әрекеттің бәрі орыс тілінің әсерінде, сол тілде қалыптасқан неше алуан ұғым, түсінікті қазақша дәл де нақты жеткізуге байланысты туған. Осыған орай көкейге түйілетін бір жайт мынау. Әңгіме терминжасам мәселесіндегі аударманың рөлі туралы. Біздің ойымызша, терминжасамның ең басты амалы мен көзі ретінде аударманы алу керек сияқты. Өйткені жоғарыда атап-атап көрсетілген терминжасам тәсілдерінің

ұғым мен сөздер мазмұнын қазақ тіліне барынша жатық мағыналы, дәл беру әрекетіне орай өрбіген. Ендеше, аударуды терминжасамның ең басты тәсілдерінің бірі ретінде қарастырып, оның өзін іштей әлденеше тарам-тарауға бөліп зерттеген жөн сияқты. Мұның өзін екінші бір күрделі зерттеуге объект боларлық мәселе деп танығандықтан, бұл ретте аударма жайлы ойымызды келесі кезекке қалдырған жөн деп білеміз.

Калькалау тәсілі. Бұл да аударма процесінің жандануына байланысты кеңес дәуірінде пайда болған өнімді амалдардың біріне айналды. Мұның, әсіресе терминжасам мәселесіндегі рөлі айрықша. Сонда, калька дегеніміз не, бұл сөздің түп төркіні қайдан шыққан!

Бұл сөздің түпкі мағынасын тіл білімпаздары ағылшынның *calgue* деген сөзінен тартады. Мәселен, О.С.Ахмановаңың "Лингвистикалық сөздігінде"[29] бұл лексикалық кірме есебінде қаралады. Яғни сөзбе-сөз аудару есебінде пайда болған сөз не сөз орамы деп түсінік береді де оның лексикалық калька, фразеологиялық калька, синтаксистік калька дейтін бірнеше түрі болатыны айтылады.

Осыған ұқсас пікірді І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақов сөздігінен[30] де оқимыз: "Бір тілдегі сөз бен сөз тіркестерін я сөз мағынасын ауыстыру, көшіру, мыс: есімдік – орыс тілінің местоимение сөзінің калькасы".

Қазақ Кеңес Энциклопедиясы[31] калькаға толығырақ анықтама береді: "Калька (тіл білімінде; франц. Calgne – жұқа мата не түссіз қағаз арқылы алынатын көшірме) – бір тілден, екінші тілге дәлме-дәл аудару арқылы жасалатын тілдік единица (жеке сөз, сөз тіркесі, фразеология)".

Үлкен Кеңес Энциклопедиясында берілген анықтамада да негізінен осыған ұқсас мәлімет беріледі. Сонда кальканың, яғни калька атануға қақысы бар сөздердің басты белгісі басқа тілдегі үлгілерді айнытпай ана тіліне көшіру не сөзбе-сөз аудару болып табылады. Аударылған кальканың бастапқы тілдегі мағыналық бөлшектері, оның компоненттерінің орын тәртібі екінші тілде түгел сақталуға тиісті. Мұның тағы бір басты ерекшелігі жазба ісінің жанданған тұсында туатындығы. Кальканың тағы бір үлкен қызметі – ұлттық тіл терминологиясын жасауда айқынырақ байқалады.

Алайда тілдегі сөздер мен сөз тіркестерінің бәрі бірдей калька жасауға көне бермейтінін де ескеруге тиіспіз. Өйткені калькаланатын сөздің мағыналық құрылымы жоғарыдағы еңбектерде аталып өткеніндей айқын да анық болуы керек. Яғни оның "ішкі формасы", мотивировкасы, дәйектемесі болуы қажет. Сонымен бірге мұның екі түрлі жағдайда пайда болатыны байқалады. Мәселен, бірде басқа тіл сөзінің "сыртқы тұлғасы, морфемалық құрамы тұтас сақталып көшірілсе", енді бірде байырғы сөздерге үстеме мағына жүктеу арқылы жасалады екен. Осыған орай, "алғашқысын лексикалық не тұлғалық *(алғы шарт* – предпосылка, *аялдама* – остановка, *басылым* – издание, *қондырғы* – установка, *жарты арал* – полуостров, дұрысы – түбек (калька, соңғысын семантикалық не мағыналық), *жарыс* – соревнование, саяси ұғымдарды білдіретін *(ақ* – белый, *қызыл* – красный, *үндеу* – призыв) калька дейді.

---

[29] *Ахманова О.С.* Словарь лингвистических терминов. М., 1966.

[30] *Кеңесбаев І., Жанұзақов Т.* Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1966.

[31] Қазақ Кеңес энциклопедиясы. 5-т. Алматы, 1974.

Сондай-ақ аударылған сөздің бәрі бірдей калька бола бермейді. Мысалы, *бастауыш* – подлежащее, *өнеркәсіп* – промышленность, *балмұздақ* – мороженое дегендер шартты түрде алынып, қалыптасқан аудармалар деп білеміз. Ал *рухани байлық* – духовное богатство, *қанатты сөздер* – крылатые слова, *әдеби бейне* – литературный образ, *орталық шабуылшы* – центральный нападающий т.б. калька тіркестер мен фразалық тіркестер қатарына жатады.

Тілдің басқа да лексикалық қабаттары тәрізді термин жасау процесінде кальканың едәуір рөлі бар екенін байқаймыз. Біз мұның әр алуан мысалын, әсіресе көркем әдебиет, қоғамдық-саяси әдебиет және оқу құралдары мен оқулықтар материалдарынан көреміз. Осы әдебиеттерді қазақ тіліне аудару арқылы енген терминдер, сөздер қазір көптеп саналады. Сонда қазақ тіліндегі кірме терминдердің көбі калькалау тәсілімен жасалғанына көзіңіз жетеді. Калькаланатын сөздер негізінен заттық мағынадағы есімдер.

Калькалау тәсілі арқылы жасалып, тілімізге енген терминдерді екі ыңғайда қарастырып, танып білуге керек сияқты. Бірі – мағыналық калька, яғни сөзбе-сөз аударма емес, түбір сөздің негізгі мағынасын беру, екіншісі мағыналық құрылымын (структурно-смысловые слова) беру. Бұл тәсіл бойынша термин сөзбе-сөз аударылады. Онда сөздің негізгі мағынасын берумен қатар, оның бөлінбес бөлшектері мен синтаксистік құрылымын да сақтау көзделеді.

Мағыналық (фонетикалық) *калька* қатарына *бесжылдық* (пятилетка), *шаңсорғыш* (пылесос), *қызыл жалау* (красное знамя) т.б. жатқызуға болады.

Ал екінші топқа *еңбек күн* (трудодень), *тарихи материализм* (исторический материализм), *тап күресі* (классовая борьба), *қызыл бұрыш* (красный уголок), *сын және өзара сын* (критика и самокритика) т.т. терминдік тіркесімдер мысал бола алады.

Калька терминдерді құрылым жағынан да жіктеп қараған жөн. Оның ғылыми әдебиеттерде мынадай бірнеше түрі аталып жүр: *толық калька, жартылай калька, мағыналық калька, құрылымдық калька, морфемдік калька.* Тіл практикасында морфемдік кальканың сирек кездесетінін байқаймыз. Бұлар құрамы жағынан бір немесе бірнеше сөзден тұруы да ықтимал. Жай калька терминдер көбінесе бір сөзден тұрады. Мысалы, *екпінді* (ударник), *оқушы* (ученик), *оқытушы* (учитель), *тоңазытқыш* (холодильник), *бөген* (водохранилище), *өктемші* (властелин), *шарт* (договор), *ежелгі* (древний), *басқыншы* (захватчик), *бұратана* (инородцы), *таптастыру* (классификация), *бәсеке* (конкуренция), *жарыс* (соревнование), *аяқтама* (концовка), *кемеңгер* (корифей), *ұран* (лозунг), *ерлік* (мужество), *батырлық* (героизм), *жүректілік* (храбрость), *батылдық* (смелость), *дағды* (навык), *есірткі* (наркотик), *шабуыл* (наступление), *зорлық* (насилие), *салт* (обряд), *Отан* (Отечество), *атамекен* (отчизна), *қайта құру* (переустройство, *кейін* – перестройка), *өкілеттік* (полномочие), *ізашар* (предшественник), *ізбасар* (последователь), *қызметкер* (сотрудник), *қызметші* (служащий), *келісім* (соглашение), *жалдап* (спекулянт), *сұраным* және *ұсыным* (спрос и предложение), *сөре* (старт), *мәре* (финиш), *мән* (сущность), *мазмұн* (содержание), *еңбекқор* (труженик), *құрылғы* (устройство), *бопса* (шантаж).

Ал *күрделі калька* терминдерге *қолтаңба* (автограф), *тастама баға* (бросовая цена), *гүлшанақ* (бутон), *төбе топ* (верхушка), *өзіндік зат* (вещь в себе), *біздік зат* (вещь для нас), *бейнежазба* (видеозапись), *қайта өркендеу* (возрождение), *үстеме жоспар* (встречный план), *азамат соғысы* (гражданская война), *Екі мәрте Совет Одағының Батыры* (Дважды Герой Советского Союза), *Екі мәрте*

Социалистік Еңбек Ері (Дважды Герой Социалистического труда), *лауазымды адам* (должностное лицо), *ежелгі заман* (древность), *біржолғы жәрдем* (единовременное пособие), *біркелкі нарық* (единая расценка), *бір мәнділік заңы* (закон однозначности), *терістеуді терістеу заңы* (закон отрицания отрицания), *сапа белгісі* (знак качества), *білікті маман* (квалифицированный специалист), *жансыз еңбек* (мертвый труд), *аңғал материализм* (наивный материализм), *адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы* (новая историческая общность людей), *қоғами адамгершілік* (общественная нравственность), *төлтума әдебиет* (оригинальная литература), *еңбек құралы* (орудие труда), *аударма әдебиет* (переводная литература), *өкілетті өкіл* (полномочный представитель), *соқыр нанымдар* (предрассудки), *кемелденген социалистік қоғам* (развитое социалистическое общество), *астам держава* (сверхдержава), *жиынтық жоспар* (сводный план), *үлгі норма* (типовая норма), *үшінші дүние* (третий мир), *ой тұжырымы* (умозаключение), *ой болжамы* (умозрение) т.т. жатады.

Келтірілген мысалдарға зер сала отырып күрделі терминдер құрамындағы сөздердің кейде түгел калькаланатыны, кейде оның кейбір компоненттері ғана сол қалпында, яғни түпнұсқадағы кейпі сақталып алынатыны (аңғал материализм, социалистік жарыс, коммунистік еңбек, партия ұйымы, әлеуметтік статус, астам держава, радиоқабылдағыш, автотіркеме, қоғамдық формация) көруге болады.

Қазақ тілінде кейінгі кезде сөз тіркесі түріндегі терминдер де молынан қолданылатын болды. Олар орыс және интернационалдық терминдер негізінде жасалып жүр: *халықаралық жағдай* (международное положение), *ғылыми-зерттеу жұмысы* (научно-исследовательская работа), *халықтық бақылау тобы* (группа народного контроля), *бастауыш ұйым* (первичная организация) т.б.

Сонымен, біз бұл тәсіл арқылы терминжасамның жаңа бір моделінің пайда болғанын көреміз. Калькалау тәсілі ғылым мен техниканың барлық саласында бірдей өнімді бола алмайды. Қазақ тілінің жағдайында да мұны жоғарыда байқалғанындай, саралап тану керек. Бұл ретте, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар терминологиясын қалыптастыруда бұл тәсіл едәуір қолқабыс ете алатынын байқаймыз. Мұның ең басты көзі – орыс тілі. Олай болса, орыс тілі қазақ әдеби тілінің кемелдене түсуіне бұл жағынан да игі әсерін тигізіп келгенін көреміз.

Бұл процесті қарастыра келгенде жасалатын қорытынды: қазіргі қазақ тілінің сөзжасам процесі толассыз жүріп жатыр. Мұны сөзжасам құбылысынан айқынырақ аңғарамыз. Соның ішінде калькалау тәсілінің орны ерекше. Өйткені қазақ тілінің қаншама терминдері осы тәсілдің қызметін пайдаланады. Бірақ терминжасам процесіндегі кальканың рөлін түбегейлі зерттеп, түйінді пікір айтқан бірде-бір зерттеу жұмысының әлі күнге жазылмауы өкінішті. Мына үзік пікір осы реттегі алғашқы жоралғы іспетті. Тыңғылықты зерттеу болашақтың еншісінде.

Қазақ терминологиясын қалыптастыру барысында термин аудару арқылы әдеби тілдің тек лексикалық құрамы ғана толығып қойған жоқ, сонымен бірге ана тіліміз кейбір орыс тілі қосымшаларын да өгейсінбей қабылдады. Мысалы, *коммунист, марксист, юрист, криминалист* дегендердегі *-ист* жұрнағы, *коммунизм, социализм, ленинизм* деген термин сөздердегі ***-изм*** қосымшалары қазір қазақ тілінің актив жалғауларының қатарына жатады. Шынында, бір кезде бұл жұрнақтар марксизм-ленинизм ілімінің көптеген қағидаларын түсіндіруге және идеология мәселелерін оқып үйренуде қажет болды. Ол кездегі ұстанған бағыт осылай болатын. Сол себепті де осы тұста Энгельстің аударуға көнбейтін терминдерді сол күйінде алу қағидасын[32] тағы да еске сала кеткіміз келеді.

Дәл осы сөз болып отырған жағдай қазақ тілінің даму, қалыптасу тарихында да болды. Қисыны келсін, келмесін халықаралық терминдерді қалайда қазақшалауға (*"ортақшыл", "жан жүйесі", "пішендеме", "ортақшылдық", "низам", "алпауыт", "дүл-дүл қара", "қара айғыр"* т.т.) тырысқан кездер болды. Сонымен бірге дүниежүзінің көптеген тілдеріне тараған халықаралық терминдерді сол қалпын сақтап қабылдаудың қажеттігін үлгі тұтқан көзқарастар да болды. Мысалы, С.Сейфуллиннің мына бір сөзіне көңіл қоялық:

"Қазақ тілі, қазақтың әдебиет тілі әлі қанша дегенмен кедей. Біз білетін, қолданып жүрген сөздің аздығынан кейде біз ойымыздағыны толық айта алмаймыз, кейбір нәрсені ойдағыдай, қиялдағыдай толық суреттей алмаймыз... Міне, сондықтан біз тіліміздің байытуымыз керек. Байыту үшін сөзді көрші елдерден де алудан қорықпауымыз керек. Онан соң өз еліміздің ішінде әрбір аймақта айтылып жүрген сөздерді қопарып алып, әдебиет жүзіне шығаруымыз керек. Сонан соң солай барысымызды әдебиетімізге, елге сіңген үйреншікті болып алынып кетеді, керексіз сөз жалпы тіл шеңберінен шығып қалып отырады"[33].

Тіліміздің даму барысын тексеріп қарасақ, шынында да мұндай тәжірибелер болып жатқан. Өмір заңдылығы термин жасаудың екі ыңғайдағы принципін алға тартады. Және бұл бірден-бір дұрыс бағыт болып шықты. Бұл принципті ұстанғандар қоғамның даму заңдылығын дұрыс түсінген, сондықтан да ілгері қарайтын зиялылар еді. Өмірде, тұрмыста күнделікті туындап, қажеттілікті өтеуге қызмет ете бастаған нәрсені тоқтату, тежеу тіпті де мүмкін емес қой.

Бірақ тіл дамуында орын алған бұл ыңғайдағы ізденістердің біріне-бірін қарсы қойып, бітіспес жау көзқарастар есебінде түсіндіру дұрыс емес. Осындай әрекеттер орын алғаны мәлім. Бұл жерде идеологияның басын ауыртудың қажеті жоқ. Сөзжасам процесінде кезеңіне орай орын тепкен әр алуан әрекеттер, ізденістер бола береді. Бұлардың қай-қайсысы да тіл дамуында септігі тиген құбылыстар. Міндет – сол заңды жүйені дұрыс танып, бағалай білуде, әрі мұның терминжасам процесіне тигізер пайдасын аңғарып, соны саралай түсуде. Өйткені мұның бәрі – ұлт мәдениетінің негізгі тірегі болып есептелетін ана тіліміздің жазу, сызуын, терминологиялық жүйесін қалыптастырар қам-қаракеттер.

Көрші туыс республикалар мәдениет тарихынан да біз осы тектес жайларды байқаймыз.

Жасыратыны жоқ, қазақ тілінің негізгі сөздік қоры түгілі, сөздік құрам қатарынан біз бүгінгі таңда сан сала боп қанаттана дамып, тамыр жайып кеткен ғылым тармақтарына байланысты жасалған, енген, қалыптасқан термин сөздерді бұрын кездестіре бермейтінбіз. Тек бірен-саран сөздерді ғана төңкеріске дейінгі мерзімді баспасөз беттерінен, азын-аулақ басылымдардан кездестіріп қалатынбыз"[34].

Зерде салсақ, ғылыми атаулардың бәрі қазақ тілінің кейінгі 70 жылдық кезеңнің табысы екен. Мұның сала-саласына қатысты қазір тілімізге әбден сіңісіп, қалыптасып кеткен терминдерді де, өзге халық ұғымының ауанымен қазақ тіліне аударылып, калькаланып, баламаланып жасалған сөздерді де молынан кездестіреміз. Бұл – тіл процесінде орын алған ақиқат. Мұны есепке алмай болмайды. Мысалы, бір ғана филология ғылымының өзіндегі термин сөздерге зер салалықшы. Біз бұл күндері осы ғылым саласына байланысты ойларымызды, зерттеулерімізді,

---

[32] Энгельс Ф. Развитие социализма от утопии к науке. М., 1974. С.4.

[33] *Сейфуллин С.* Шығ. 5-т. 447-448-бб.

[34] *Әбілқасымов Б., Қарашева Н., Субханбердина У., Бекхожин Қ.* т.б. еңбектерін қараңыз.

дәрістерімізді *академик, доцент, профессор, университет, лаборатория, ассистент, институт, экспедиция, лаборант, эксперимент* тәрізді толып жатқан термин сөздерінсіз толық түсінікті етіп жазып, айта алар ма едік? Бұлардың көбі дерлік халықаралық қалпын, яғни орыс тіліндегі кейпін сақтап тілімізге енді. Көпке түсінікті, көңілге қонымды, барлық халыққа ортақ осы тектес нақты ұғымдар тұрғанда, кейде оны аударып әлекке түсіп жатамыз. Аударма нақты да дөп түсіп жатса, қабылдамасқа не шара. Алайда бұрын тілімізде болмаған мұндай ғылыми ұғымдарды осылайша қабылдағанның өзі әлдеқайда ұғымды да орынды болды ма деген ойға қаласың. Қазір бұлар әдеби тіліміздің, әсіресе, ғылыми шығармаларда түрлі оқымыстылардың жазуында, тіпті ғылыми қызметкерлердің сөйлеу тілінде кеңінен қолданылып, ұлттық тілімізге мол қазына ретінде еніп, өріс тауып отыр. Яғни, қысқаша айтқанда, қазақ әдеби тілі сөздік құрамындағы ғылымға байланысты ұғымдарды білдіретін бұл сөздер мен атауларды, сөз тіркестерін қазақ әдеби тілінің қарымын күшейтіп отырған ғылыми терминдер деп тануға әбден болады.

Ана тіліміздің осыншама дәрежеге көтерілуі қазақ әдебиетінің классигі М.Әуезовтің мынадай ой өрбітуінен байқалады: "Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамы мейлінше толықты, біздің ұрпақ бұл жағынан әлдеқайда бай"[35].

Бұл ойды Мұхтар Омарханұлы сонау 50-жылдардың басында айтқан болатын. Содан бергі өткен 40 жыл уақыт ішінде тіліміздің болмысында бұл тектес неше алуан құбылыстар болып өтті. Қаншама сөздер жасалды, қаншама термин қабылданды?! Бұларды жай тізіп шығудың өзі мүмкін емес. Мұның бәрі ғылымның, техниканың, өнердің, халық шаруашылығының бұрын болмаған дәрежеде дамып, мүлде басқаша сапаға көтерілуіне байланысты болып отыр. Қарап отырсақ, техника саласында көптеген терминдерді орысша жазылуы бойынша қабылдаумен бірге, байырғы қазақ сөздерінің де толып жатқан мүмкіндік көзі ашылған. Яғни ол сөздердің көбі техниканың дамуына сәйкес жаңа мағыналық жүк арқалап, жаңаша қызмет атқара бастаған.

Сөйтіп, *қазақ тілі сөздік құрамындағы өнеркәсіп, техникаға байланысты ұғымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін техникалық термин* деп атаймыз. Бұлардың ғылыми терминдерге қарағанда өрісі кеңдеу болып келеді. Осы салада қызмет ететін мамандар, инженерлер және қалың жұмысшы қауымның күнделікті сөйлеу тілінде бұлар ылғи қолданылып отырады.

Қазақ халқының өмір сүру ерекшелігіне тән ерекше құбылыстың бірі – олардың ежелден жермен байланысты кәсіп еткені. Яғни олар түрлі шаруашылықпен (мал өсіру, егін салу, аң аулау, балық аулау т.б.) айналысып келген. Соның ішінде мал шаруашылығы ерекше орында тұрады. Міне, сондықтан қазақ тілінің сөздік құрамында ауылшаруашылығына байланысты сөздер бұрыннан да көптеп кездеседі. Ал кейіннен қосылған сөздер осы шаруашылықты үнемі жетілдіріп отырумен байланысты, механизация, мелиорация т.б. шараларға орай жасалып, пайда болған. Бұлардың арасында да жалпы әлемге ортақ халықаралық терминдер, солардың үлгісімен жасалған атау сөздер һәм сөз тіркесімдері бар. *Шөп машинасы, трактор, агрегат, молотилка, ауыспалы егіс* тәрізді толып жатқан сөздерді қараңыз.

Шаруашылық саласына байланысты терминдердің құрамы әр алуан. Республикамыздың жер-жердегі жергілікті кәсіптің түріне байланысты кәсіби терминдер түгелге дерлік әдеби тіліміз енді. Жер суару, бақша ісіне және түрлі

---

[35] *Ауэзов М.* Некоторые вопросы развития казахского литературного языка// Литер. газета, 1951. 4 октябрь.

техникалық дақылдарға байланысты, балық өндіру кәсібі, аңшылыққа қатысты көптеген сөздер қалыпты қолданысқа енді.

Ғылымның, техниканың, экономиканың, жалпы мәдениеттің және әлеуметтік өмірдің әр алуан салаларының мейлінше дамып, жандана түсуі адамның рухани жан дүниесіне де үлкен қозғау салып отырды. Мұны біз өткен 70 жылдың өмір болмысынан айқынырақ аңғарамыз. Мысалы, өнердің *театр, опера, балет, живопись, скульптура, хореография, кино, телевидение, драма, проза, поэзия* тәрізді сан түрлі саласы бұл күндері кең қанат жайып, өзімен бірге осы тектес неше алуан ұғымдар және соларды күнделікті тірлігінде үздіксіз қолданып отыратын мамандар, мамандық атауларын ала келді. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән лексикасы және бәріне ортақ терминологиялық жүйесі бар. Яғни өнердің барлық салаларына бірдей ортақ сөздермен қатар, бұлардың әрқайсысы өзіндік терминдік жүйесін жасап дамытып отыр.

Қай тілде де терминология мәселесі аударма жұмысынсыз өрістеген емес. Қазақ тілінде де солай. Қазақ терминологиясының тарихын тексеріп қарағанымызда, мұның аудармасыз күн кеше алмайтынын анық байқадық. Алдыңғы тарауларда әңгіме болған алғашқы қазақ газеттері мен журналдар бұл жөнінде неше алуан мысалды алға тосады. Сонда қазақ сөзі терминдік мәнде таза қазақша мақалалардан гөрі, аударма материалдарда жиірек кездеседі екен. Ауылшаруашылығы, мал дәрігерлік, медицина, оқу-ағарту, мәдени мәселелерге байланысты қажет деген дүниелерді қазақ оқығандары ең алдымен орыс ортасынан алып, аударып беріп отыруға тырысқан. Осының нәтижесінде көптеген қазақ сөздері нақты мамандық түрлеріне сәйкес терминдік қызметте жұмсала бастайды.

"Мың бір түн", "Шахнама", "Калила мен Димна" тәрізді шығыстың дана туындыларын алып келген арғы жердегі арабы үлгілерді қоспағанның өзінде, бертіндегі, яғни XX ғасырдың екінші жартысынан бастау алатын аудармалар терминжасам процесіне едәуір ықпал етті деп ойламыз. Бұл құбылыс XX ғасырдың басында күрт даму жолына түсті.

Аударманың термин қалыптастырудағы рөлін, негізгі белгі, шарттарынсыз, түрлерін анықтау мүмкін бола бермейді. Осы тұрғыдан аударма тәсілдеріне де баруға тура келеді. Сонда байқалғаны, айналасы жүз жыл шамасын қамтып жатқан бұл өнердің басты-басты тәсілдері сараланып шыққан екен. Олар – *еркін аударма, баламалы аударма, дәлме-дәл аударма, сөзбе-сөз аударма, калька* т.т. Тарауда бұлардың әрқайсысына кезендік тақылетіне орай баға беріледі, сараланады. Сөйтіп, жалпы аударманың терминология процесінде едәуір рөл атқаратыны баяндалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жұмыс, негізінен, қоғамдық ғылымдар саласын қамтығанмен, оның басқа да тармақтарына тән мәліметтер алынды. Мұнда терминология әдеби тіліміздің бір бөлшегі ретінде ғана емес, сонымен бірге оның өз алдына дербес, лексиканың өзекті де ауқымды жеке-дара саласы екені баса айтылады, яғни мемлекеттік тіліміздің негізі – жазба әдеби тіл дейтін болсақ, оның күретамыры – терминология мен ғылым тілі екені дәлелденеді. Соңғы екеуі кейбір ғылыми әдебиетте қатар қарастырылғанымен, терминология ғылым тілінің ауқымына кіреді де, оның қалыптасуы мен дамуына тікелей ықпал жасайды. Өйткені ғылым тілінің қалыптасуын әйгілейтін бірінші шарт, оның терминологиялық жүйесінің жасалуы. Яғни терминологиялық жүйесі жасалмаған саланың ғылым тілі аталуға қақы жоқ. Сондықтан біз мұны үнемі тұтастықта, бірлікте қарауға тырыстық. Бұлардың бірінсіз-бірінің күні жоқ, бірінің жолын бірі ашып отырады.

Ал тіл-тілдің нақты қызметке көшіп, терминденуі қилы-қилы жолдармен жасалады. Қазақ тілінің табиғатынан да, біз осындай өзіндік ерекшелікті байқаймыз.

Жалпы, термин сөздердің пайда болуы, әдетте баспасөз бен баспа жұмыстарының жолға қойылып, ғылыми әдебиеттер мен арнайы мақалалардың, оқулықтар мен оқу құралдарының шығуымен байланысты қарастырылады.

Терминологияның өмір сүретін табиғи ортасы ғылым тілі екені рас. Алайда ол өз ішінде тұйықталып, тұмшаланып тұра бермейді. Ол үнемі жалпы әдеби тіл лексикасынан нәр алады, үнемі сонымен байланыста өмір кешеді. Біз қарастырған сонау 20–30-жылдарда да, одан бергі кезеңдерде де мұндай өзара байланыстар күшеймесе, азаймаған.

Анық байқалатыны, терминология тек өзіндік ортада, яғни ғылыми тіл лексикасының ішінде ғана терминдік мәнде айқын, дәл көрінеді. Кейде қайсыбір терминдер өз үйірінен шығыңқырап кетіп, өзге бір ортадан, мәселен, түсіндірме сөздіктерден, көркем шығармалардан орын теуіп жататыны бар. Бұл оның қолданыла келе ортақ сипат ала бастауынан болса керек.

Біздің бұл жұмыстағы көздеген басты мақсатымыз қазақ терминологиясын тарихи тұрғыда қарастырып, оның жасалу жолдарын, қалыптасу кезеңдерін, даму барысын анықтау, сөйтіп оның ғылым тілін өркендетудегі рөлін көрсету, қазіргі бағыт, бағдарды айқындау т.т.

Сондағы келер кейбір түйіннің бір парасы мына тектес.

1. Термин дегеніміз, негізінен, арнайы ұғымдар, түсініктер атауы. Ол қандай ұғым, қандай мағына арқаласа да бір мәнді болуға тиіс. Олардың қатарында кездесетін көп мағыналылық, синонимдік нышандар мәтінде (тексте), сөйлеуде кездесіп қалғанмен, бұл қасиет оның негізгі табиғатына тән емес. Қолданыс барысы кейде термин табиғатына әсер етіп те жатуы мүмкін. Бірақ бұл жалпылық сипат алмауы тиіс.

2. Термин сөз нақты қолданыстағы тақілетіне қарамастан өзінің бірмәнділік тұтастығын сақтайды, ал бұл сақталмаса, онда оның терминдік сипатқа әлі ие болмағаны. Бұл оның мәністік, яғни семантикалық сипаты, ерекшелігі.

Ал оның, яғни ұғымның мәністік (семантикалық) құрылымы жағынан жеке, туынды, күрделі, қысқарған, тіркесті болып келе береді. Мұндай құрылымдық ерекшелігіне қарамастан ол тұтас бір ұғымды дәл білдіруге міндетті және құрылымдық шегі айқындалмаған әрбір термин, терминденген ұғымның шеңберімен тығыз байланыста болады, әрі соны білдіреді.

3. Терминді құрайтын не десек, ең алдымен, мыналарды атар едік: негіз, яғни түбір, қосымшалар, тұтас сөз, ерекше белгі – символ. Міне, сондықтан оған морфема ұғымынан гөрі терминоэлемент деген ұғым сәйкес келіңкірейді. Өйткені бұл атау соны құрап тұрған барлық белгіні қамтиды.

Жай сөздер мен терминдер арасындағы семантикалық айырым белгілерін мағынаға ықпал ететін сыртқы жағдайлармен салыстыра қарау арқылы анықтауға болады. Сонда бір байқалатыны жалпы әдеби тіл құрамындағы сөздер бойынан өзіне тән табиғи лексикалық мағынасы сезіліп тұрса, терминдер үшін әуел баста саналы түрде телінген нақты ұғым тән. Осының салдарынан терминология лексика-семантикалық процестерден тыс қалып отырады. Мәселен, ол белгілі бір лексикалық жүйенің, атап айтқанда, ғылым тілінің шеңберінде шектеліп, тура және ауыспалы мағынасының дамуы тәрізді мәністік түрленуден шет қалады.

Жалпы, әдеби тіл лексикасы семантикалық жағынан толқымалы болса, терминдерде бұл басты, яғни мұнда семантикалық дәлдік, тұрақтылық басым.

Терминология саласындағы лексика-семантикалық процестер жалпы әдеби тіліміздегіге қарағанда басқашалау жүріп жатады. Ол тілдің ішкі табиғатынан, ішкі даму заңдылығынан туындамайды, көбіне-көп сыртқы жағдайларға байланысты көрінеді. Атап айтқанда, терминология ғылым мен нақты өмір шындығының дамуына орай туындайтын ұғымдар арқылы өрістейді. Ғылым мен терминнің байланысы ұғым мазмұнының жүрдектігінен айқынырақ көрінеді. Бұл жерде тілдік белгі (таңба) тиянақтылау болып, қарастырылып отырған объект мәні әрқилы қақпақылға түсуі мүмкін. Сондай-ақ мағына бір сәт тұрақты пішін танытып, әлгі белгі қозғалысқа түскіш болады. Бұл негізінен кез келген терминологиялық жүйенің бастапқы қалыптасу тұсына тән құбылыс.

4. Сонымен, қоғам дамуының заңдылықтарына сәйкес өмірдің өзі күн тәртібіне шығарып отырған өзекті мәселенің бірі – терминология деп білеміз. Біздің зерттеуіміз бойынша мұның 70–80 жылдық тарихы бар екені анықталды. Бастауында А.Байтұрсынұлы сынды ерен тұлға тұрған бұл сала күрделі жасалу, қалыптасу жолдарынан өтіпті. Сонда байқалатыны – қазақ зиялылары бұған үнемі мән беріп, соған өздері де қал-қадарынша қолқабыс жасап отырғаны.

5. Қазіргі кезеңде бірде-бір тілдің, оның ішінде қазақ тілінің де сөз байлығын терминологиялық жүйесіз танып, білу еш мүмкін емес. Стильдік тармақтары сараланып, нормалы қалыпқа түскен қазақ тілінің бүгінгі тандағы терминдік жүйесі оның 70-80%-ке жуығын құрайды екен.

6. Лексиканың бұл қабатын бір есептен өмірдегі болып өткен, болып жатқан және болатын, тіл құралы арқылы бейнеленетін жаңалықтардың, жаңа ұғым, жаңа түсінік, жаңа пайымдаулардың өлшемі, айнасы десе де болғандай.

7. Терминологиялық жүйе – тілдің әдебилігінің бір белгісі ретінде пайда болатын арнайы лексика. Ол қоғам дамуындағы өзгеріс, өріс, қозғалыс-құбылыстарға орай түрленіп, бірде жанданып, бірде солғындап, бірде қорланып отырады.

8. Қазақ халқының мәдени өмірінде де тіл дамытуға, оның ішіндегі терминологиялық лексиканың қалыптасуына әкеп соқтырған айтулы оқиғалар болды. Қазан төңкерісі мен тәуелсіздік аралығында болып өткен неше оқиғалар мен елімізге қасірет, қайғы арқалатқан нәубетке толы кезеңдерді де, сәл де болса еңсе биіктеткен шуақты шақтарды да есепке алып отырмыз.

9. Соларға байланысты туындаған терминдік ұғымдар мен жаңа қолданыстарды саралай келгенде, бұл саланы кезеңдік жағынан, ең алдымен, іргелі екі бөлікке бөліп қарау керек сияқты. Оның бірі – XIX ғасырдың екінші жартысы мен Қазан

төңкерісі аралығын алып жатқан алғашқы кезең де, екіншісі – тіліміздің әдебилену мен терминдену сапасын мейлінше үдете түскен содан бергі дәуір.

Терминдік сөз қолданыс жағынан бұл екі кезеңнің арасына теңдік белгісін қойып қарауға болмайды. Әйтсе де бұлардың әрқайсысының термин қалыптастыруға қосқан өзіндік үлесі бар. Соған лайықты бағаланады да.

10. Қазақ халқының мәдени өмірінде XIX ғасырдың екінші жартысы прогрестік мәні ерекше оқиғалармен айқындалады. Бұл кезде қазақ тілінің тұңғыш баспасөзі пайда болды. Баспасөздің пайда болуы тілдің қоғамдық қызметін күшейте түсті. Ал тілдің қоғамдық қызметінің артуы оның терминологиялық лексикасының жасалуына, жануына тікелей қатысты. Міне, осы процесті біз, әсіресе "Дала уалаятының газеті", "Түркістан уалаятының газеті", "Қазақ" газетінің және "Айқап" журналының беттерінде жарияланған түрлі материалдардың сөз саптаулары арқылы толық аңғарамыз.

11. Оларда жарияланған материалдардың көбі аударма материалдар болған, соған қарағанда алғашқы термин қолданыс, яғни сөздерді арнайы терминдік мәнде пайдалану үлгісі, біріншіден, тұңғыш баспасөздің тууымен байланысты болса, екіншіден, аудармаға қатысты деп білеміз. Өйткені қазақша терминдердің бәрі де орыс тіліндегі түпнұсқа сөздерге балама іздеуден, соны қазақшаға дәл, нақты беру әрекетінен туған. Ендеше, термин жасауда баспасөз бен аударманың атқаратын рөлі айрықша. Мұның осылай екенін өткен өмір шындығы толық дәлелдеп шықты. Сөйтіп, осы пікірді негізге ала отырып (солай ету керек те), біз қазақ терминологиясының жасалу тарихы бір ғасырға таяу мерзімді қамтиды деп түйеміз.

12. Бірақ бұл тұста термин жасау ісі стихиялы түрде жүріп жатты. Әрбір автор мен газетшілердің өз кезеңіне лайықты сөз қолдану машығын танытатын бұл деректер термин жасаудың алғашқы үлгілері ретінде ғылыми ізденіске объект бола алады. Сондықтан алғашқы баспасөз материалдарын талдай келе, оны терминжасамның балаң кезі деп есептейміз.

13. Қазақ терминологиясының жасалу, қалыптасу тарихын зерттегенде өркениетке өзгеше мол қазына қалдырған Ахмет Байтұрсынұлының орны мүлде бөлек. Қазақ мәдениеті, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ өнері саласындағы ғылыми ой-толғауларға өзек болып отырған қазіргі терминологиялық жүйе негізінен осы А.Байтұрсынұлынікі. Көрегендікпен жасалған термин сөздер арқылы Ахаң қаншама ұрпақтың сауатын көтеріп, ғылыми ізденіске жол ашқанын таңдана еске аламыз. Оның мұрасын игеру бүгінгі ұрпақтың игі міндеті. А.Байтұрсынұлының еңбектерін саралай келе, оның қазақ терминологиясының атасы екенін де біршама дәлелдедік деп ойлаймыз.

14. Қазақ терминологиясы дейтін ұғымның мағынасы мейлінше кең. Ол барлық ғылым салалары мен техника тарамдарын мерзімді баспасөз бен радио, теледидар тілін, оқу-ағарту ісін, түрлі саяси, көркем, арнайы әдебиеттер тілін қамтитын түсініктер, атаулар жиынтығы. Міне, осының бәрінің даму қарқыны үдей түскен бүгінгі заманда тілдегі жаңалықтар заңдылығын теориялық тұрғыдан талдап, ғылыми бағасын бермек түгілі, солардың санын, жасалу жолын, жүйесін, шеңберін анықтап алудың өзі оңайға түспейді. Сондықтан біз бұл зерттеуімізде, негізінен қоғамдық-саяси және гуманитарлық ғылымдар терминологиясын ғана тірек еттік. Мұның бірінші себебі, әлгіндей болса, екінші себебі, бұл салалар қазақ тіліндегі терминдік жүйенің жасалу, қалыптасу жағынан ғылыми ой толғауға өте мол да қызықты материал бере алатыны. Бұған қоса қазақ тілінде қалыптасқан терминдер жүйесінен бірінші кезекте тұратын осылар.

15. Осы сала бойынша сонау 20-жылдардан бастап күні бүгінге дейін 40 шамалы екі тілді терминологиялық сөздік жарық көрген екен. Олардың отыздан астамын электронды есептеу машинасының сарабына салып, реестр сөздерді есептегенімізде (көптеген қайталаулар да осының ішінде) қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар терминдерінің саны алпыс мыңнан (67000) асып кетті. Сонда мұның өзін әлденеше салаға бөліп, жеке-жеке зерттеу қажеттігі көрінеді. Біз, бұл жолы, ойымызға тірек боларлық мысалдарды ғана көсіп алып отырғанымыз болмаса, тереңдеп және жан-жақты талдап үлгергеніміз жоқ. Және бұл – бір ғана зерттеумен шектелмейтін, әлі талай ізденістерге мол материал беретін керемет бай халықтық қазына.

Мұның үстіне 1982 жылдан бері қарай жинақталып келе жатқан терминология мен аударма теориясы бөлімінің картотекалық қоры қазір 500 мыңға таяу материалдарын да пайдаландық. Бұл да болашақта талай ғылыми сарамандықты күтіп, талдауға дайын тұрған байлығымыз.

16. Терминнің жасалуын өткен ғасырдан тартып, қаулап дамуын төңкеріс дәуірімен байланыстыра келе, мұның ғылыми негізінің қарастырылуын 30-жылдардан бастаған жөн. Қазақ терминологиясының барлық мәселелеріне ол кезде Қазақ АССР Оқу халық комиссариаты жанындағы Академиялық Орталық (Акцентр), сосын осы комиссариат жанындағы әдістемелік бюро басшылық еткен. Осы шаралардың бәрінің басы-қасында белгілі тілші проф. Қ.Жұбанов болған. Ал содан бергі жерде, яғни 1935 жылдан бастап, қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасау ісіне Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (қазір Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы комиссия) басшылық жасап келеді. Сондай-ақ терминжасам ісінің практикасымен мерзімді баспасөз айналысса, оның ғылыми дәйектілігімен қал-қадарынша Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты, БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин институтының қазақ филиалы шұғылданды.

17. Қазақ терминологиясының түзілуі мен қалыптасуына себеп болған басты факторлардың бірі – жазу мәселесі. Егер жазу болмаса, термин туралы әңгіме қозғаудың мәні бола қоймас еді. Міне, сондықтан сауаттылық кепілі – жазу мәселесі қазақ зиялыларын ә дегеннен-ақ толғандырған. Қазақ мәдениеті тарихи қысқа мерзім ішінде үш жазуды бастан кешіргені мәлім: араб, латын, орыс графикасына негізделген бұлардың ұлттық тілімізді қалыптастырудағы қызметі бірдей бола алмағанмен, әрқайсысының халық мәдениеті тарихынан алатын өз орны бар. Ал терминологиялық лексиканы қалыптастыру ыңғайы жағынан бұл үш жазудың үшеуі үш түрлі үлгіні салыстыра зерттеуге қызғылықты материал береді деп қараймыз.

18. Термин сөздердің жасалуы мен қалыптасуында аударманың рөлі орасан зор екеніне, әсіресе лингвистикалық ілім тұрғысынан жеткілікті мән берілмей келгеніне ерекше назар аударамыз. Зерттеу нәтижесі мұның өз алдына бір үлкен проблема екенін көрсетті. Алдағы уақытта мұны түпкілікті зерттеу нысанына айналдыру мүмкіндігін қарастыру қажет деп санаймыз. Әсіресе мұның саяси әдебиет, көркем әдебиет, ғылыми әдебиет және түрлі оқулықтар мен оқу құралдарын аударуға байланысты туындайтын таза терминологиялық проблемаларының өзі тиянақты ізденістердің жүргізілуін талап етеді.

Күні бүгінге дейін бізде аударманың, негізінен, көркем әдебиетке байланысты мәселелері ғана сөз болып келді. Яғни бұл проблема көбінесе әдебиеттану тұрғысынан қарастырылып келгені мәлім. Ал оның лингвистикалық тұрғыдан

қарастырылатын жай-жапсары ескерусіз қала беретін. Осы орайда, біз Қ.Жұбанов, С.Аманжолов тәрізді белгілі тілші ғалымдар пікіріне жүгіне отырып, аудармашылардың ескере бермейтін ішкі мәселелеріне де назар аударды қ. Мұның аудару процесінде сәл де болса септігі тиюі ықтимал. Мәселен, жеке сөздер мен сөз тіркестерінің контекстегі қызметі мен жеке тұрғанда білдірер мағынасын жете түсінбей тұрып, бірден аудару салдарынан кетер кемшілікті талдайтын Қ.Жұбанов пікірін үлгі ретінде ұсындық.

19. Қоғамдық және гуманитар ғылымдары бұл күнде тармақтана сараланып, сала-салаға бөлініп, әрқайсысы өз алдына бір-бір отау тігіп, даму жолына түсті. Соған орай олардың әрқайсысының өзіндік терминологиялық жүйесі жасалып, қалыптасты.

Терминологиялық жүйенің қалыптасу деңгейі сол ғылым саласының қаншалықты дәрежеде дамып отырғанының көрсеткіші болуға жарайды. Ал, керісінше, дамыған ғылымның терминологиялық жүйесі жетілген болып шығады. Мәселен, қазіргі қазақ тіл білімінің, әдебиеттану ғылымының, философия, заң ғылымдарының ой-пікір өрбітуге пайдаланып отырған тілдік құралының дені терминдер мен терминдік мәндегі сөздер, не сөз тіркестері болып келеді. Онсыз бұл ғылым салалары бойынша зерделі еңбектер тумаған болар еді. Осыған қарап, бұл ғылым салаларының терминологиялық жүйесі қайта соқпайтындай, талас пікір тудырмайтындай дәрежеде толық жасалып, қалыптасып бітті деуге болмас еді. Неге десеңіз, бұл ғылыми проблема есебінде қазақ тіл білімінде тек кейінгі кезеңдерде ғана қолға алына бастады. Оған дәлел болатын жұмыста атап көрсетілген диссертациялық зерттеулер. Сондықтан әрбір терминологиялық жүйе ғылыми тұрғыдан жеткілікті зерттеліп, өзінің бағасын алған жоқ деп есептейміз. Осыған орай сала-сала бойынша ғылыми зерттеу жұмыстар жасалуы тиіс екенін еске саламыз.

20. Қазақ терминологиясының қалыптасуында әрбір кезеңнің өз мөрін көреміз. Мысалы, бұқара халықты жаппай сауаттандыру, тәркілеу, ұжымдастыру, жаңа экономикалық саясат, индустрияландыру, Отан қорғау, бесжылдық жоспар, стахановшылық, тың игеру, ғарышқа ұшу, космосқа құлаш ұру, интенсивтендіру, бетбұрыс, жеделдету, қайта құру, егемендік, тәуелсіздік алу, БҰҰ-на мүше болу кезеңдерін терминологиялық тұрғыдан қарасақ, ұлттық лексикамыздың құрамына орай неше алуан жаңа қолданыстардың қосылғанын байқаймыз. Сонда бұл тіліміздің жаңа сипатта дамуының бір маңызды көрінісі болып табылады. Осыған қарап, қазақтың ұлттық әдеби тілі бұрын-соңды болмаған дәрежеде дамып, толысып, қоғамдық халықаралық сипаты арта түскен әлуетті де беделді қатынас құралының біріне айналды деп түйе аламыз. Оның осындай сипатқа көшуі терминологиялық жүйенің дамуына тікелей байланысты.

21. Қазақ терминологиясының жасалуына ең басты екі арна, екі көз себеп болды: оның бірі – ұлттық тіліміздің өз сөз байлығы, ішкі мүмкіншілігі де, екіншісі – әрқилы тілдік амалдар қолдану нәтижесінде қабылданған кірме сөздер, интертерминдер. Бұларды іштей жіліктеп, бірнеше топқа бөліп қарау қажет. Сондай жағдайда ізденістерде жүйе болады.

22. Құрылымдық жағынан терминдердің мынадай түрлері бар: *түбір термин, туынды термин, күрделі термин, тіркесім арқылы жасалған термин, фразалық термин* және *номенклатуралық атаулар.*

23. Қазақ тілінің сөзжасам амалдары терминжасам процесінде де актив қызмет атқарады. Терминжасамның уақыт сынынан өткен бірнеше тәсілдері бар. Олар мыналар:

а) *Семантикалық* немесе *лексика-семантикалық тәсіл.* Яғни жалпы әдеби тіл құрамындағы байырғы сөздерді, диалектизмдерді терминдік мәнде қолдану немесе бір саладан екінші салаға термин көшіру, нақты айтсақ, терминдендіру. Бұлар кейде сөздердің мағынасын кеңейту арқылы да, тарылту арқылы да жасала береді.

ә) *Морфология* немесе *синтаксистік тәсіл.* Мұның екеуін екі бөлек тәсіл есебінде қарастырса да болады. Өйткені бұл екеуінің де терминжасам құралдары осылайша бөліп қарауға татиды. Мысалы, морфологиялық тәсілдің терминжасамға қатыстырылатын басты құралы – қосымшалар. Яғни қазақ тілінің түрлі сөз түстегіш, сөз түрлендіргіш, мағына үстегіш жалғау, жұрнақтарының жалғануы нәтижесінде пайда болған сөздерді морфологиялық тәсіл арқылы жасалған термин дейміз. Сонда бір байқалған нәрсе, бұрын сөзжасамдық қабілеті төмен делініп жүрген қосышшалардың терминжасам процесінде активтене бастауы. Мысалы, сөз жасауда өте жиі қолданылатын актив жалғау ретінде *-шы, -ші, -лық, -лік* ғана аталып жүрсе, біз қоғамдық ғылымдар терминологиясын, оның әсіресе соңғы он бес - жиырма жыл ішіндегі терминжасам процесін тексере *-ма, -ме, -кер, -гер, -ым, -ім, -ыс, -іс, -қы, -гі* жұрнақтарының да өнімді қызметін анықтадық. Және бұл морфологиялық тәсіл аумағына тән сөздер мен төл қосымшалар ғана емес, кірме сөздер мен кірме терминдер *(-ист, -изм)* де енеді.

Синтаксистік тәсіл де терминжасамның өнімді амалдарының біріне айналды. Сөздерді біріктіру, тіркестіру амалдары арқылы жасалатын бұл тәсіл қазақтың байырғы сөздеріне ғана емес, кірме сөздерге де тән заңдылық екенін танытады. Бұл да тіл байытудың, оның ішінде, ғылыми ұғымдарды терминдендірудің өте өнімді жолы болып есептеледі.

б) Қазіргі қазақ тілінің *халықаралық сипаты* бұрынғыдан әлдеқайда арта түскенін біз үнемі аңғара бермейміз. Шындығында, тіл қуаты осы бір лексикалық қатардың төл туындыдай қабылдауына тікелей байланысты. Яғни қазіргі қазақ әдеби тілінің сөздік құрамын қайсы салалары бойынша саралап қарағанда, оның 70, 80 процентке жуығын осы *кірме сөздер* құрайтыны анықталып отыр. Оның ішінде ертеректе еніп, өзінің түпкі нұсқасын жоғалтқан араб, парсы сөздері де, бірен-саран орыс сөздері де бар. Ал орыс тілінен, сол арқылы еуропа тілдерінен енген интернационалдық терминдер терминжасамның аса бір өнімді тәсілі мен кезі болып отыр. Осы тәсіл арқылы терминдердің неше алуан құрылымдық модельдері жасалды. Терминжасамның бұл тәсілі де зерттеу үшін қыруар қызықты материал бере алады.

в) Зерттеушілердің назарына түссе де, қолы бармай жүрген бір сала – терминдерді *калькалау* жолымен жасау, яғни *калькалау тәсілі* деп ойлаймыз. Терминжасам процесінде айрықша рөлі бар бұл тәсіл арқылы тілімізде неше алуан жаңа қолданыс, мағыналық топтар, сөз жарату дағдысы пайда болды. Қазақ тілінде мұның да әлі аумағы мен шеңбері түгел анықталып, ғылым талқысына түскен емес. Бұл тәсіл бойынша өзге тілдегі ұғым мен түсініктің идеясы, мазмұны алынады да, ұлттық тіл құралдары арқылы жабдықталады. Соған байланысты алғашында калькалау арқылы пайда болған терминдік қолданыстар қазақ ұғымына тосындау көрінуі де ықтимал. Ал бірақ қолданыла келе сіңіп кеткен калька терминдердің есебі тіпті мол екені – бұл тәсілдің де қазақша терминжасамның сыннан өткен амалына айналғанына дәлел.

24. Сонымен, қазіргі қазақ терминологиясы қазақ әдеби тілінің ең күрделі де қызықты, дербес тармағын құрайды. Оның өзіндік даму, қалыптасу жолдары, құрылымдық модельдері, тәсілдері, заңдылықтары бар. Тіл мәдениеті тұрғысынан бұлардың барлығы ескеріліп, сақталып отыруға тиіс. Бұл лексиканың тағы бір өзіндік ерекшелігі мынау: оны қоғам мүшелері саналы түрде саралап, реттеп,

жүйелеп, қолданысқа келісе отырып енгізуіне болады. Мемтерминком тарапынан алпыс жыл барысында жүргізілген шаралар осының дұрыстығын дәлелдейді.

25. Арнайы лексиканың бұл саласы әлі түгел жинақталып, сараланып біткен жоқ. Бұған деген құштарлық күн санап артып отырған бүгінгі таңда оның сала-саласы бойынша терминологиялық сөздіктерді қайта түзіп, сериялы түрде баспадан шығаруды қолға алатын мезгіл жетті деп ойлаймыз. Сонымен бірге түркі халықтары тілдері терминдерінің салыстырмалы сөздігінің қажеттілігін де байқадық. Осыған орай, туыс тілдердің терминологиялық жүйелерін өзара байланыстыра зерттеу мол нәтиже берер еді деген ойымызды да ортаға салғымыз келеді.

26. Түп төркіні бір түркі халықтарының тіл туыстығын пайдалана отырып, ортақ терминологиялық қор жасау мәселесін де ойластыру артық болмас еді. Ол үшін, ең әуелі, жазу жүйемізді бірыңғайлағанымыз абзал. Біздің ойымызша және зерттеу нәтижесі байқатқанындай, түркі халықтарының терминологиялық лексикасын жүйелеуге болатын сияқты. Бұл мәселеде латын әліпбиіне негізделген жазудың қолқабысы мол болар еді. Ғылымның барлық салаларына техникаландыру процесінің өзгеше қарқынмен ене бастаған мына заманда латын жазуының көмегі зор болмақ деп білеміз.

27. Қазір тілімізде бұрын-соңды болмаған құбылыстар, сілкіністер болып жатыр. Баспасөз бетінде көктемгі қызғалдақтай қаулап шыға бастаған терминдік қолданыстарды игеру тіпті де оңай болмай отыр. Солар жайында мағлұмат беру мақсатымен жұмыстың соңына қосымша материал бердік. Онда негізінен соңғы он-он бес жылда, әсіресе 1989-дан бергі жерде пайда болған жаңалықтарға назар аударылды. Сонда байқалатын ең басты жаңалық – тіліміздің ішкі мүмкіндігіне түбегейлі бетбұрыстың жасалып отырғаны. Негізінен, бұл әрекетті қолдай отырып, біз ондаған жылдар бойғы терминжасам тәжірибемізде сыннан өткен негізгі принциптерімізді де елеусіз қалдыруға болмайтынын ескертеміз. Ол қандай принциптер?


Біріншіден, қазақ тілінің сөз байлығын барынша сарқа пайдалану принципі. Мұның әр алуан түрлері мен жолдары көрсетілді. Сөзжасам процесінде қолданылатын әдіс, амалдардың тиімді, тиімсіздері сараланды. Екіншіден, тіліміздің мүмкіншілігі таусылған тұста әмбеге ортақ интернационалдық терминдерді қабылдау принципі, интертерминдерді қабылдаудың да тілімізде орныға бастаған бірнеше тәсілдері бар. Оларды да көрсетуге тырыстық. Мәселен, интертерминдерді түп тілде, немесе орыс тілінде қалыптасқан түпнұсқа түрінде ендіру, немесе қазақ тілінің өз заңдылығына бағындырып, икемдеп алу. Араб, парсы сөздері мен төңкерістің алғы, артқы кезеңдеріндегі орыс тілінен дыбысталу жүйесі өзгеріп енген сөздерді білеміз.

Тіл дамуында, терминжасам процесінде көрініс беріп отырған бұл әрекеттерді, негізінен, қуаттай отырып, интернационалдық терминдердің кез келгенін реттіретсіз аударуға әуестенушіліктің барлық уақытта бірдей тиімді бола бермейтінін де ескертеміз. Әрине, ана тілімізден мағынасы дөп түсіп жатқан баламасы табылған жердің бәрінде бұл принципті ұстанып отыру лазым. Ал халқымыздың тұрмыс, тіршілігінде, іс-әрекетінде, жазу-сызу дағдысында болмаған терминдік ұғымдарды сол бастапқы қалпында қабылдаған жөн. Мұндай мысалдардың біразы келтірілді. Сондай-ақ қайсыбір интертерминдерді тіліміздің фонетикалық заңдылығын сақтап алу қажет деген ойдың да негізі жоқ емес.

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін республикада ғана емес, халықаралық деңгейге көтереміз десек, терминжасамның осындай заңдылықтары қатаң сақталып, қадағаланып отыруы тиіс.

II

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ



Кітапта қазақ әдеби тіл лексикасының үлкен бір тармағы – қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар терминологиясы ғылыми талданады. Терминологияның тіл құрылымындағы орны, оның жасалу көздері мен жолдары, сондай-ақ жазу мен аударманың термин қалыптастырудағы, тіл байытудағы рөлі деген мәселелерді ғылыми тұрғыдан талдауға талпыныс жасалады. Жұмысты жазу барысында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология мен аударма теориясы бөлімінің картотекалық қорының материалдары кеңінен пайдаланылған.

ТЕРМИН ЖАЙЫНДА ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Қоғам өміріндегі өзара қарым-қатынастың ең басты құралы болып саналатын тілді әлеумет әрдайым өте жоғары бағалап, оның өзгеріс, өрістерін жіті қадағалап отырады. Тіл қоғамдық құбылыстың бірі ретінде сол қоғам құрылысын айнаға түсіргендей өрнектейді. Яғни қоғам өмірінде болған, болып жататын құбылыстардың бәрі тілден орын тебеді де, тіл көмегі арқылы халық қазынасына айналады. Сонда, тіпті кейде тілдегі кейбір сөздер арқылы ел басынан өткен кезеңдерді көзге елестете аламыз да, қоғам дамуының белестері арқылы тіл дамуын сүзіп шығуға мүмкіндік алып отырамыз деген сөз бұл. Сөйтіп қоғам мен тіл бірінсіз бірі күн кеше алмаса керек. Ендеше халық тарихы оның тілінде, яғни тіл фактілері арқылы біз халық тарихын тануға мүмкіндік аламыз.

Қоғам дамуы арқылы тіл де дамиды дейміз. Бірақ тілдің даму деңгейі оның барлық ярусына бірдей тән емес. Оның белгілі бір қабаты өзгеріс, өріске онша көне бермейді (мәселен тілдің грамматикалық категориялары, дыбысталу жүйесі, т. т.). Ал оның қайсыбір қатпарлары жаңалыққа иін беріп, жаңа мағыналық ұғым, түсініктер әкелуге бейім тұрады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, дамыған, жетілген тілдің басты көрсеткішінің бірі – оның терминдік жүйесінің сараланууы болып табылады. Тілдің қоғамдық қызметі арта түсті, дамыды деп ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеге жетсек, осыны айтқызатын терминологиялық лексика. Неге десеңіз қоғам дамуы әлеумет өміріне алуан-алуан жаңалық әкеледі. Ондай өзгерістер, әсіресе революциялық дүмпулер ең алдымен елдің сауатын ашып, білімін жетілдіреді, қоғам мүшелерінің өресін биіктетіп, қоғамдық ой-сана мен дүниетанымды кеңейте түседі. Сауаты ашылып, көзқарасы көрегендене бастаған жұртшылық біртіндеп ғылымды игеруге бет түзеп, техниканың құлағын ұстай бастайды. Мәдениет пен өнерге құштарлық күшейіп, жаппай біліммен жарақтану кезеңі басталады.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін өзгеше қаулап, қанат жайған мәдени өміріміздің әрбір күні, әрбір сәті жаңа іс, жаңа қимыл, жаңа әрекетке толы болатын. Сауатсыздыққа қарсы шабуыл, неше алуан үйірме, бастауыш мектептердің ашылып, газет-журналдардың шығуы, қызыл бұрыш, қызыл отаулар, т.б. саналы жорығы қазақ сөзі мен қазақ жазуына жаңаша өріс берді. Осы ұлы оқиғалар тұсынан бергі жердегі қазақ тілінің болмысына көз салсақ, оның ұлттық сипаты ғана күшейіп қоймай, сонымен бірге халықаралық ауқымы кеңейіп, қуаттана түскенін байқауға болады.

Қазақтың ұлттық тілі сөздік құрамының қатарына *революция, коммунизм, социализм, интернационал, совет, министр, комитет, парламент, партбилет, радио, комсомол, коммунист,* т. б. тәрізді толып жатқан кірме сөздермен бірге, терминдену нәтижесінде сапалық өзгеріске душар болған, қызмет аясы кеңейген, тұрақтанған, нақтылана түскен *еңбек, екпінді, күрес, жарыс, іс, тап, жиналыс, жоспар, күн, белсенді* сияқты сан алуан сөздер жаңаша қолданысқа еніп, өрісі кеңейді. Бұл есепсіз мол қазына қатары күні бүгінге дейін толысып, молайып келеді. Яғни тіліміздің терминдену сапасы әлі жүріп жатыр. Тілдің осылайша толығуы, оның қоғамдық қызметін күшейтіп, бұрынғыдан әлдеқайда әлуетті құралға айналдырды. Тілдің байлығын күшейтіп, қызметін арттырған, оның икемділігі мен дәлдігін дамытқан бұл лексикалық қабатты ғылым тілінде термин сөздер деп атау лингвистер түсінігінде дағдыға айнала бастады.

Терминнің күнделікті өмірде араласпайтын жері жоқ. Тіпті қазіргі кезеңде термин сөздердің ауызекі сөйлеу тілімізге де еніп, күнделікті өзара қарым-қатынас

құралына да айнала бастағанын байқау қиын емес. Мұның өзі тілдің, атап айтқанда, әдеби тілдің қарқынды дамуын байқататын бір белгі. Керек десеңіз сан салалы ғылыми қажетімізді өтеуге қызмет етіп отырған әдеби тіл, ең алдымен осы терминологиялық лексиканың өрістеуіне тәуелді. Терминологиялық жүйесі жасалмаған, терминдік ұғымдары қалыптаспаған тіл – ол әлі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмаған тіл.

Термин ретінде мұны біліп қолданатындар да бар, термин екенін сезбей де қолданатындар бар. Тілдің мәдениетіне ойысатын мәселенің бұл жағы да зерттей түсуді тілейді. Сөйтіп, кім қалай қолданса да, термин сөздердің әлеумет өмірінің қатынас құралындық қажетін қамтамасыз етіп отырғаны даусыз. Яғни терминсіз сөз қолданыс болмайды, терминсіз ғылыми ой-пікірді өрбітуге болмайды. Оның қанат жайғаны соншалық, қоғам өмірінің қандай саласында да қазір терминсіз күн кешу мүмкін емес. Ол партиямыз бен үкіметіміздің қаулы, қарар, директиваларын, саясат пен идеологиямызды жұртшылыққа жеткізіп, насихаттап отырған баспасөз құралы, радио мен телевизия арқылы эфирден берілетін көпшілік-бұқара тілі, мыңдаған аудиториялар мен кластарда студенттер мен оқушылар санасына сіңіп жатқан неше алуан оқулықтар мен оқу құралдарының тілі, ең бастысы, маркстік-лениндік идеология мен партиялық саясатты іске асырушы айбынды құрал болып отыр.

Ал енді бұл арнайы лексиканың аумағын саралап, оның ғылыми анықтамасын беру оңай іс емес екені мәлім. Сонда да қазіргі таңда бұл саладан едәуір жетістігіміз бар деп айта аламыз.

Біздің елімізде терминология мәселесі о бастан-ақ социалистік интернационализм принципі негізінде қарастырылып, шешім тауып келеді. Мұны басқаша айтар болсақ, терминология проблемасы халықаралық терминдер мен ұлттық терминдерді дәйекті үйлестіру арқылы дамытылып отыр[1].

Ғылыми-техникалық революция белең алып отырған қазіргі жағдайда мәселенің бұлайша қарастырылмауы мүмкін де емес. Өйткені терминологиялық лексика, әсіресе қоғамдық, табиғат және техника ғылымдары тілі бұл кезеңде өзгеше даму жолына түсіп, соған байланысты неше алуан күрделі проблемаларды алға тартады. Міне сондықтан ұғымдар жүйесін тіл материалы арқылы жабдықтайтын терминология кез келген ғылым саласының логикалық мазмұнын жасайтын негіз деп аталуға хақысы бар. Ендеше терминология дегеніміз ғылым тілі болып шығады.

КПСС XXVII съезінің ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөніндегі тарихи программасын іс жүзіне асыру көзделіп отырған бүгінгі таңда тіл ғылымына қойылар талап та күшейе түсті.

КПСС XXVII съезі ғылым алдына қойған жаңа міндеті бойынша жеделдету кезеңінде "...ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктері, ғылыми-техникалық прогрестің жетекші бағыттарында ілгері озып шығу, шаруашылық механизмін, басқару жүйесін өзгерту негізінде халық шаруашылығын түбірімен қайта құру" ...[2] мәселесі көзделіп отыр. Бұл ғылым мен техника дамуына бұрынғыдан да бетер даңғыл жол ашылады деген сөз. Қоғам дамуын ілгерілете түсудің бірден-бір тиімді жолы ғылыми-техникалық прогресс болып отырған жағдайда қоғамдық

1. *Дешериев Ю.Д.* Языковые проблемы многонационального советского общества// Вопросы языкознания. М., 1982. №6. С. 19.

2. Совет Одағы Коммунистік партиясының XXVII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасы //Совет Одағы Коммунистік партиясы XXVII съезінің материалдары. Алматы, Қазақстан, 1986. 31-б.

ғылымның оның ішінде лингвистиканың үлесіне тиер шаруа да аз емес. Іскерлік, жауапкершілік, білгірлік, білімдарлық, шапшаңдық, қабілеттілік талабы күшейген қайта құру кезеңі, әсіресе тілдің ең күрделі де бай қатпары – терминологиялық лексиканың реттелуін қажет етеді. Өйткені ғылыми-техникалық прогресс жетістіктеріне сүйену арқылы экономика мен әлеуметтік шаруаны жеделдете түсу мәселесі бір есептен сол жетістіктерді дұрыс өрнектеуге тиіс тілдің терминдер жүйесіне де тікелей байланысты деп түсіну керек.

Ал мәселенің бұл жағына келгенде әрбір тілдің өзіне тән міндеттері айқындалып отыр. Совет заманында өзгеше өріс алып, дамыған тілдер қатарына қосылған қазақ тілінің терминологиясы түбегейлі зерттеліп, оның барлық мәселесі жан-жақты қарастырылды, дәйекті шешім тапты деп әзір айта қою қиын. Рас, әдеби тілдің халықаралық сипатын танытатын терминдер жүйесін жасап, қалыптастыруда кезеңдік қажетті өтеген, практикалық рөл атқарған әрекеттер болды. Алайда оның ғылыми-теориялық мәселелері әлі де түбірлі де терең зерттеуді керек етеді. Бүкіл қоғамдық өмірдің барлық саласында түбірлі өзгерістер болып жатқан қазіргі кезеңде, сол өзгерістерге лайықты қызмет етуге, соны айнақатесіз, нақпа-нақ білдіруге тиісті тіл десек, оның ішінде терминологиялық лексиканың жөні мүлде бөлек. Неге десеңіз, халық шаруашылығы мен экономиканың дамуын жеделдету бағытында істеліп жатқан шаралардың бәрі де ғылым мен техника жетістіктерін нақты пайдалану нәтижесінде іске асырылмақ. Бұл ғылым мен техниканың дамуына бұрынғыдан да бетер мүмкіндік туады деген сөз, яғни бұл жөнінде де партияның саясаты айқын да анық.

КПСС Программасының жаңа редакциясында "Партияның ғылым саласындағы саясаты білімнің барлық салаларының серпінді прогресі үшін қолайлы жағдайлар жасауды, кадрларды, материал және финанс ресурстары белгіленетін экономикалық және әлеуметтік мақсаттарға қол жетуін, қоғамның рухани дамуын жеделдетуге, елдің сенімді қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге тиісті неғұрлым перспективалы бағыттарға шоғырландыруды көздейді"[3], – деген жолдар бар.

Ал енді термин қатарына қандай сөздер жатқызылатынына жұртшылықтың жалпы мағлұматы болғанмен, бұл салада да түсінісер жайт көп. Оның анықтамасына келгенде, мәнін, құрамын анықтауда, жасалу принципі туралы әр алуан түсінік бар. Енді әңгіменің осы жағына ойысалық. Ең алдымен, совет тіл білімпаздарының біразы бұл мәселе жөнінде сонау 20–30-жылдардың өзінде-ақ ой толғап[4], оның мәні, мазмұны, ғылым, білім игеруде жасайтын септігі жайында жазылған еңбектерді алдымен еске аламыз. Солар қандай ойға жетектейді, проблеманы қалай түсінеді, нендей түйінге келеді дегенге назар аудару керек сияқты.

Сонымен термин және терминология дегеніміз не? Оны сөздік құрамның өзге қабатынан қалай ажыратуға болады? Оның негізгі белгілері қайсы?

Біз бұл жұмысымызда осы ұғымға байланысты туатын сұрақтардың бәріне бірдей түбегейлі жауап береміз деп айта алмаймыз. Тек күні бүгінге дейін ғылыми әдебиетте орныға бастаған кейбір пікірлерді ғана саралап, салғастырып өтпекпіз. Терминологиялық лексиканы зерттеуде және оның қоғам үшін мәнін, маңызын

3. Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы. Жаңа редакция//Совет Одағы Коммунистік партиясы XXVII съезінің материалдары. Алматы, Қазақстан, 1986. 215-б.

4. *Чаплыгин С.А., Лотте Д.С.* Задачи и методы работы по упорядочению технической терминологии//Изв. АН СССР. ОТП. М., 1937; *Винокур Г.О.* О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии //Труды Московского Института истории, философии и литературы, 1939. Т. 5.

анықтауда жоғарыда аты аталған ғалымдармен бірге А.А.Реформатскийдің, В.В.Виноградовтың, Н.А.Баскаковтың, Г.В.Степановтың, С.Г.Бархударовтың, О.С.Ахмановаңың, И.Ф.Протченконың, В.И.Сифоровтың, Ю.Д.Дешериевтің, К.М.Мусаевтың, Р.А.Будаговтың, Л.И.Скворцовтың, В.П. Даниленконың, Т.С.Коготковаңың, Т.Л.Канделакидің, А.В.Суперанскаяның, Б.З.Букчианың, В.Ф.Журавлевтің, И.Н.Волковтың, Б.О.Орузбаеваңың, М.Ш.Гасымовтың, Т.Бертагаевтың, т. б. зерттеуші ғалымдардың рөлі ерекше болды.

Бұл жайында орыс тіл білімі зерттеушілері мен түркологтар[5] біраз пікір өрбіткен.

Термин жайында бүкіл түркология, оның ішінде қазақ тіл білімінде, сондай-ақ орыс лингвистикасының өзінде де осыған тоқтайық дейтін бәтуәлі пікір, ақиқат тұжырым тізгінін ұстау қиын. Оның не екенін, лексиканың қай тобына жататынын елдің бәрі білгенмен, негізгі басты белгілерін ажыратып тануда әрқилы түсінік бар. Оған берілетін анықтаманың өзі де ала-құла. Ғылыми әдебиетте қалыптаса бастаған пікірлердің кайсыбіріне тоқталып көрелік.

Ал "термин" деген ұғымның өз басына келер болсақ, әлі күнге бұл жайында бірегей пікір қалыптаса алмай келеді. "Бұл еңбекте қабылданған көзқарас бойынша термин – бұл арнаулы қолданыс сферасындағы ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дефинициясы (тиісті ұғымның анықтамасы) бар сөз немесе сөздер тіркесі"[6]. Ұсынылып жүрген анықтамалар бірыңғай емес. Негізінде (принципінде) кез келген сөз термин бола алады, бірақ ол оның ерекше қызметіне (функциясына) байланысты. Өндіріс жағдайында терминдер белгілі бір адамдар (мамандар) тобының өзара қарым-қатынас құралы есебінде пайдаланылады. Яғни олар маман ортада, арнаулы әдебиетте қолданылады.

Кәсіби терминология әдетте белгілі практикалық мұқтаждыққа, күнделікті қажеттілікке орай пайда болады. Әдеби тіл мен оның функционалдық стильдері пайда болмастан бұрын кәсіби лексика өзінше табиғи түрде жасалып отырады, кейде тіпті оның әрқилы жергілікті (территориялық) қосарлары (вариантгары) да қабаттаса жүреді. Арнаулы әдебиеттердің пайда болуы сөздік құрамның бұл саласының дамуына жаңа бір леп қосады, яғни дамудың басқаша арнасына түседі. Ол белгілі бір мақсатқа орай саналы түрде жасалған терминдермен толыға бастайды. Бұлардың негізгі көпшілігі нақты, тұрақты мағыналығымен, стандартталуымен ерекшеленеді. Адамдардың саналы араласуы термин жасау творчествосын бақылап қадағалап, жүйелеп отыруға мүмкіндік береді, термин сөздер жасау барысында мамандандырылған әдістерді еркін қолданылып отыруға жағдай жасайды.

Термин жөнінде ғылыми және анықтағыш еңбектерде түрлі мәлімет беріледі. Тиянақты түйін мен дәл анықтамалар беруге тырысатын энциклопедиялық сөздіктерге үңілгенде мынаны байқадық.

"Термин рим мифологиясында шекара құдайы. Т. – терминалдар құрметіне

5. *Реформатский А. А.* Что такое термин и терминология //Вопросы терминологии: (Материалы Всесоюзного терминологического совещания). М., 1961; *Суперанская А. В.* Терминология и номенклатура //Проблематика определений терминов в словарях разных типов. Л., 1976; *Даниленко В.П., Скворцов Л.П.* Терминологическая норма // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. М., 1983; *Орузбаева В. О.* Кыргыз терминологиясы. Фрунзе. 1983; *Жубанов Х. К.* Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966; *Сауранбаев Н.Т.* Проблемы казахского языкознания //Избр. тр. Алма-Ата, 1982; *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии й историй казахского языка. Алма-Ата, 1959; *Балақаев М.* Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1971, т.б.

6. См.: *Прохорова В. Н.* Актуальные проблемы современной русской лексикологии. М.: Изд-во МГУ, 1973. С. 40.

арналған мейрам" дегенді мегзейді екен. Сонымен бірге термин *шекара, шек* деген ұғымды білдіретін латын сөзі. Бұл 1980 жылы Москвада жарық көрген бір томдық "Советский энциклопедический словарь" деген еңбекте берілген анықтама.

Терминология мәселесімен айналысқан ғалымдардың қай-қайсысы да, ең алдымен мұның өзінің мазмұны мен мәнін ашып, анықтамасын айқындап беруге тырысып отырған. Әсіресе, бұл проблеманы лингвистер тереңірек қарастырып келді. Мысалы, бұл жайында О.С.Ахманова еңбегінен[7] мынадай жолдарды оқуға болады: "Термин (ағыл.) дегеніміз арнайы ұғымдар мен арнайы заттарды дәл белгілеу үшін жасалған (қабылданған, енген және т. б.), тілдегі арнайы (ғылыми, техникалық т. т.) сөздер мен сөз тіркесі".

Сонда бұл келтіріліп отырған екі анықтаманың өзара аздаған ғана айырмасы болғанмен, негізінен біртектес екенін көреміз. Термин болатын сөздің шегі, шеті, шекарасын анықтау керек дегенді мегзейді. Яғни оның өзге сөздерден айырмасы оның мағынасының шектеулі болатындығында дегенді білдіретін тәрізді.

Бұл екі сөздікте "терминология" ұғымына да анықтама[8] берілген.

Энциклопедияда берілген анықтама терминологияны белгілі бір ғылым, техника салалары мен өнер түрлері терминдерінің жиынтығы екеніне мән береді. Ал О.С.Ахмановаңың сөздігінде осы айтылғандарға қоса мұның реттеуге, жөндеуге мейлінше көнбіс лексиканың ерекше қабаты екені баса айтылады. Шынында, лексиканың өзге үйірлеріне қарағанда, мұның саналы әрекет арқылы реттелуге мүмкіндігі мол екенін дәлелдейтін деректерді ғылымның кез келген саласынан ойып алып, ойға тірек етуге болды.

Ал Д.Э.Розенталь мен М.А.Теленкова терминнің жоғарыда айтылған белгілеріне қоса, бір мағыналылығына мән береді. Яғни тілдегі сөздердің біразы көпмағыналы болып келсе, термин болатын сөздердің олардан негізгі айырмашылығы – жалқы мағыналылығында деп түйеді. Әрине бұл да термин сөздің табиғатын нақтылай, анықтай түсетін басты белгілердің бірі екені даусыз.

Тіл білімінің белгілі мамандарының бірі А.Реформатский де термин мен терминология ұғымының теориялық мәнін ашып беруге тырысады. Ол термин, ұғым, сөз түсініктерінің өзара байланысы жөніндегі түрлі пікірлерді сүзіп шығып, екі түрлі бағытқа ден қояды: бірі – терминді белгілі бір затпен байланысты қарайтындар да, екіншісі – ұғыммен байланысты қарайтындар. А.Реформатский терминді ұғыммен байланыстыра қарайтын бағыттың белең алып келе жатқанына назар аударады. Ол мұның, яғни термин мен ұғымның өзара қатыстылығы әсіресе ғылымда айқынырақ көрінетінін байқайды. Сөйтіп осы уақытқа дейін термин мен терминологияға беріліп келген анықтамалардың көп кемшілігі барын сынайды.

Ол терминнің басты белгілерін анықтап беруге тырысады. Оның дәлелдеуінше терминнің жоғарыда сөз болған ерекшеліктеріне қоса мынадай белгілері бар: термин емес сөздердің мағынасы көбінесе контекс арқылы ашылып отырса, термин сөздер контекске тәуелді емес. Сондай-ақ термин сөздерге көпмағыналық, экспрессия жат екенін баса айтады.

Термин мәселесімен тікелей айналысқан қазақ ғалымы, белгілі лингвист Қ. Жұбанов бұған мынадай орысша-қазақша анықтама береді:

---

7. *Ахманова О. С.* Словарь лингвистических терминов. М., 1966.

8. Советский энциклопедический словарь. М., 1980; *Ахманова О.С.* Словарь лингвистических терминов. М., 1966; *Розенталь Д.Э., Теленкова М. А.* Словарь-справочник лингвистических терминов. М.,1985; *Реформатский А.А.* Что такое термин и терминология//Вопросы терминологии. М., 1961. С. 46.

"Термином называется специфический вид определенных словесных обозначений, передающих определенные понятия, установленные на данном этапе развития науки и революционной практики, при чем передаваемое термином терминологическое понятие может не совпадать со словарным значением, которое присуще данной словесной величине в обыденной жизни"[9]. Бюллетеннің келесі санында (№3) дәл осы ойын ол былай деп қазақша түсіндіреді:

"Белгілі бір ұғымдарды білдіретін қарақшылық (qaraqcblb)сөздер болады, о сөздерді әлгіндей ұғымдарға ғылым мен революция жағы қандай сатыда тұрса, міне осы екеуі теліп отырады; сонымен қатар термин сөзінің терминдік ұғымы мен күнделік тіршілікте колданылатын жай сөздік мағынасы басқа болуы да мүмкін".

Проф. Қ. Жұбанов терминнің өзіндік өзгешелік сипатын дұрыс түсінбеушіліктен кеткен қателерге назар аударады. Мысалы, ол аударуға болмайтын терминдердің (психология, коммунист, геометрия) аударылуын *(жан жүйесі, ортақшыл, пішіндеме)* қате санайды. Мұның негізгі себебі терминдердің терминдік мағынасы емес, лексикалық мағынасына мән беруден дейді. Яғни әңгіме бұл жерде бір тілден екінші тілге аударуда немесе қабылдауда, ең алдымен көңіл қойылуға тиісті шарт, оның терминдік мәні болу керек.

Академик І. Кеңесбаев пен проф. Т. Жанұзақов та терминнің о баста латын тілінің "шек", "шекара" деген сөздерінен пайда болғанын айта келіп: "Ғылым мен техниканың, көркемөнер мен қоғам өмірінің алуан түрлі саласына байланысты қолданылатын, тиянақты, тұжырымды ұғымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері, атау сөз"[10], – деп түйін жасайды. Қазақ Совет энциклопедиясында да негізінен осы типтес анықтама берілген: "**Термин**, *атау* – ғылым, техника, сол сияқты тұрмыстың белгілі саласындағы ұғымдарды дәл атау үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестері"[11].

Ғылыми әдебиеттерде кездесетін пікірлердің бәрі де, сайып келгенде, негізінен осы тұжырымдарға тоқтайды. Сонда термин дегеніміз, ең алдымен, белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика болып шығады. Оның басты белгілері: дәлдік, қысқалық, жүйелілік.

Дәлдік туралы. Термин арқылы ғылыми ұғым білдіріледі. Ондай жағдайда термин ғылыми зерттеу жұмыстарының, ізденістердің негізгі құралына айналады. Ғылыми ой-пікір қашанда өзінің анықтығымен, дәлдігімен, нақтылығымен ерекшеленуге тиіс. Термин дәл болсын (дәлдік) дейтін талап осы негізде пайда болған. Сонда осы дәлдікті кейбір зерттеушілердің айтуына қарағанда (Гасымов М.Ш.) қамтамасыз ететін үш түрлі фактор бар сияқты: 1) термин білдіруге тиісті ұғым белгілерін дәл іріктеп алу; 2) термин жасау кезінде пайдаланылатын оның компоненттері мен элементтерін дұрыс саралау; 3) термин жасау барысында осы аталған бөліктердің (элементтердің) органикалық бірлігі қамтамасыз етілуге тиіс.

Қысқалық туралы. Термин қысқа болсын дейтін талап әшейін айтыла салған сөз емес. Оның негізінде назар аударылуға болмайтын себеп бар. Әсіресе, ғылым мен техниканың ерекше қарқынды даму жолына түскен қазіргі кезеңде информациялық ақпар жиілігі барған сайын үстемелене түсуде. Оның игерілуі едәуір қиындыққа айналып отырған осындай жағдайда айтылатын ұғымның,

---

9. *Жубанов К.* О специфике слов-терминов //Бюллетень государственной терминологической комиссии. №2. Алма-Ата, 1935; *Его же.* Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966. С. 273.

10. *Кеңесбаев І., Жанұзақов Т.* Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1966.

11. Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы, 1977. 2-т.

мәліметке тірек болатын термин сөздердің барынша қысқа, тұжырымды келуінің практикалық мәні айрықша болып отыр. Ал автоматтандырылған информациялық-іздеу жүйесінің (автоматич. информ-но-поисковая система) қолданысқа ендірілген кезеңінде осыған лайықталған текстердің қысқалығы қажет-ақ. Мұның үстіне көңілге жатталып, есте сақталуы үшін де, сондай-ақ есептеу машинасына берілетін текст бастыруға кететін уақытты үнемдеу үшін де маңызы зор.

Қысқа әрі ыңғайлы термин жасау үшін түркологияда мынадай әдістер қолданылып жүргенін байқаймыз: термин құрауға қатыстырылатын кейбір элементтерін қысқартуға болады; термин құрамының қайсыбірін басқа элементтермен алмастыруға болады; термин құрамындағы жеке сөздерді қосымшалармен алмастыруға болады; бір синтаксистік конструкцияны екіншімен ауыстыруға болады.

Кейбір бөліктері мен элементтерін қысқартуға болады; аббревиатура көмегін пайдалануға болады[12].

Жүйелілік туралы. Қейінгі кезде, әсіресе лингвистикалық әдебиеттерде терминдердің жүйелі болу жағы жиірек сөз болып жүр. Ал енді бұл жүйелілік дегенді елдің бәрі бірдей дұрыс түсіне бермейтін сияқты. Әрқилы пікір бар. Мұның әркім әртүрлі жағын алып өзінше түсіндіргісі келеді. Мәселен, белгілі терминолог-тілшілердің бірі В.П.Даниленко[13] мұның классификациялық мәніне баса назар аударып, сол тұрғысынан алып түсіндірмек болады. Ал әйгілі тілші А.А.Реформатский[14] терминнің сөзжасамдық жүйесіне көбірек көңіл бөледі. Ал үшінші бір пікір осы айтылғандарды дамыта келіп, терминдер жүйесін екі түрлі ыңғайда қарастырады. Яғни оны бір жағынан терминологиялық жүйенің элементі ретінде, екінші жағынан жалпы тіл жүйесінің элементі есебінде бағалайды[15].

Түркология ілімінде де бұл жайында белгілі бір түсінік орныға бастаған тәрізді. Олардың қайсыбірі мына тектес. Жүйелілік талабы термин құрайтын элементтер мен белгілерді іріктей білу жүйесіне тікелей байланысты болса керек деп қарайды. Іріктеу сәтінде ол белгілердің біртектестігіне қатты көңіл бөлумен қатар, терминдер жүйесінің дұрыстығы белгілі жүйе бойынша белгілерді іріктеуге ғана емес, сонымен бірге сол белгілердің қай түрде болатынына да байланысты екенін ескеру қажет[16]. Оның айтуынша, терминология жүйелілігі термин элементтерінің тіркесімділігіне, басқаша айтқанда, олардың орналасу тәртібіне де қатысты болады.

Жүйелілік тәртібі сақталатын жерде синонимдік қатарға, көпмағыналылыққа орын жоқ. Әсіресе, әрқилы қызмет атқаратын жалғау, жұрнақтарды белгілі бір мағынада қайталап қолдануға әуес болмаған жөн. Жалпы, қалайда терминдер жүйелілігі лексика тұрғысынан да, морфология тұрғысынан да талап етілген дұрыс. Жай сөздер табиғатына тән кейбір грамматикалық ауытқулар терминдерде болмауға тиіс.

12. *Гасымов М.Ш.* Основы терминологии азербайджанского языка: Автореф. дис...д-ра филол. наук. Баку, 1972; *Орузбаева Б.О.* Современная киргизская терминология// Советская тюркология. Баку, 1972. №4; *Чернов М. Ф.* К вопросу о структурно-семантической классификации и образовании составных термино современного чувашского языка. Чебоксары, 1979.

13. *Даниленко В. П.* Как создаются термины//Русская речь. 1967. № 2. С. 58.

14. *Реформатский А. А.* Что такое термин и терминология?//Вопросы терминологии. М., 1961. С. 54.

15. *Будагов Р. А.* Введение в науку о языке. М., 1965. С. 33, 36.

16. *Гасымов М. Ш.* Основы терминологии азербайджанского языка: Автореф. дис... д-ра филол. наук. Баку, 1972. С. 19.

"Терминология" терминінің өзін жете түсінбей, оның нендей мағынаны қамтитынын дәл танымай бұл туралы ғылымда жүйелі ой-пікір өрбіту қиын. Бұл ұғым жалпы ғылымда екі түрлі ыңғайда түсіндіріледі. Қалыптасқан пікір бойынша жоғарыда әңгіме болғанындай "терминология" ең алдымен, тілдің арнайы лексикасының даму заңдылықтарын тексеретін ғылым, сонымен бірге ол ғылым мен техниканың жеке салалары терминдерінің жиынтығы.

Көптеген пікірлер ағынына қарағанда, терминология ғылымы шеңберінде мынадай мәселелер қарастырылып, шешім табуға тиісті:

1) ғылыми-техникалық ұғымдардың классификациясы, ұғымдар мен ұғымдар жүйесінің арасындағы байланысты анықтау; 2) ұғымдар анықтамасын құру; 3) терминдерді талдап, іріктеп түзу; 4) терминдер жүйесін жасау;

Терминология немесе терминологиялық жұмыстардың методикасы мен теориясы лингвистика (лексикология) мен логика базасы негізінде дамиды (М.Ш. Гасымов).

Терминологияның теориялық міндеті не болмақ. Оның міндеті біздің түсінігімізше және көптеген зерттеулер барысы байқатқанындай терминдердің, ұғымдардың, анықтамалардың жасалуы мен олардың белгілі бір аспектіде (жүйеде, салада) қолданылу заңдылығын ашу болса керек.

Теориялық терминология мақсаты ұғымдар жүйесін табу принциптері мен олардың классификациялар мен анықтамаларда берілу ережесін анықтау, сондай-ақ сол ұғымдарды әрқилы терминдік құрылымдармен (структура) көрсету.

Терминдер жиынтығы ретінде сөз болғанда "Терминологияны" "номенклатура" ұғымымен салыстыра тексеріп, олардың ұқсас белгілері мен алшақ айырмасын анықтап алу қажет. Өйткені бұл екі ұғымды әлі күнге дұрыс түсінбей, кейде бірімен-бірін шатастырып қолдану байқалады. Сондықтан бұлардың негізгі белгілері мен түрлерін анықтап алған жөн.

Термин, ең алдымен, белгілі ғылым саласының ұғымдар жүйесінен туындайды. Ол осы құбылысты таңбалау үшін құрастырылған немесе сол жағдай үшін арнайы ойлап табылған шартты белгілер емес. Олар тілде бұрыннан бар белгілі бір мағынаға ие сөздер мен түбірлер негізінде пайда болады. Ал "номенклатураға" келетін болсақ, ол үшін дыбыстар немесе мағыналық шектеуден тыс сөздер алынады, яғни номенклатуралық белгі ретінде алынатын сөздердің мағыналық өрісін қумалап, оны сақтап жатудың қажеті шамалы. Номенклатуралық белгілер ғылыми ұғымдармен сәйкес келе бермейді, содан туындап жатпайды.

Терминология логикалық ұғынудың жоғары сатысы – адамдардың танымдық қызметін, соның нәтижесін тұрақтандыру, таңбалау құралы есебінде қолданылады. Ал номенклатурада абстракция шамалы. Номенклатура арнаулы объектілердің тізбесін ғана береді. Олардың өзара мағыналық байланыстарын іздеп жатпайды. Ал терминология керісінше, мұндай байланыстарға мән беріп отырады. Сөйтіп, бір сөзбен айтқанда, терминология мағыналы сөздер негізінде жасалатын арнайы лексика жиынтығы және соны зерттейтін ғылым саласы болса, номенклатура дыбыстар мен мағынасыз сөздер арқылы таңбаланған белгілер дегенге саяды. Алайда бұдан бұлардың арасында болып жататын реальды байланысты жоққа шығаруға болмас еді. Өйткені, түптеп келгенде, номенклатура дегеніңіз ұғым атаулыдан мүлде алшақ жатқан нәрсе емес.

Егер сөз, термин және номенклатураны қатар қойып салыстыра қарайтын болсақ, бұлардың өзді-өзіне тән ерекшелігі, тілдегі қызметі және жасалу жолдары мен мағыналық өрісі айқын аңғарылады. Әсіресе, бұларды қашықтық туралы хабар беретін есту және көру сигналдарымен салыстырсаңыз, бір жағында сигналдар

тұрса, екінші жағында сөздер тұрады. Жол тәртібін сақтау үшін жасалған сигналдар қатынас құралының қарапайым ғана түрі. Мұндай сигналдар белгілі бір ойды, оның мағыналық өрісін, неше алуан құбылыс-құйылысын бере алмайды, олар өзімен-өзі шектеулі шартты белгілер болып табылады. Ал сөздер грамматикалық құрылысы жағынан ғана емес, мағыналық өрісі жағынан да өзара тіркесіп, байланысып, біріне-бірі әсер ете дамып жатады. Міне, сол себепті де ол ойдың бүкіл динамикалық қуатын бере алады. Егер осылардың бәрін бір қатарға жайғастырсақ мұның екі шетінде сигналдар мен сөздер тұрады. Мысалы, сигналдар, номенклатуралық белгілер, терминдер, сөздер. Осы қарапайым салғастырудан байқалатынындай, бұлардың ішінде іргелес тұрған номенклатуралық белгі мен термин сигналдар мен сөздерден әлдеқайда өзара жақын. Ал екінші жағынан, сигналдарға ең таяу тұрған номенклатуралық белгілер де, сөздерге таяу тұрған терминдер. Осының өзінен-ақ біраз жайды аңғаруға болады.

Сөз қолданыс тәжірибесінде номенклатуралық белгілердің терминге ауысып жататын кезі де болған. Мысалы, ғылыми әдебиеттерден мынадай деректерді көреміз. Бір кезде "каучук" саласы бойынша терминдерді реттеуде 1909 жылы пайда болған "Бутодиеновые каучуки" деген сөз тіркесі номенклатуралық атау қатарына жатқызылған. Мұның 1932 жылы "бутодиеновые каучуки стеорорегулярные" дейтін варианттары пайда болғаны (Канделаки) туралы[17] фактілер бар. Нәтижеде каучуктың белгілі сортын білдіретін бұл номенклатуралық атау сол каучуктық бір топ түрін танытатын терминге айналды.

Номенклатуралық белгілер жүре келе қалыптаса бастайды, өйткені ғылым мен техниканың дамуына орай олар білдіретін заттар тіл қолданушылар дағдысына еніп, күнделікті тұрмыс қажетін өтеуге араласады. Мәселен, витамин "А", витамин "В", витамин "С" тәрізді неше алуан медициналық препарат пен дәрі-дәрмектер атаулары күнделікті тұрмысқа еніп отыр. Сол сияқты мысалдарды басқа да ғылым салаларының кез келгенінен келтіруге болады.

Осыған қарағанда, номенклатуралық атаулар, терминдер және сөздер қоғам дамуы, соған орай тіл дамуына байланысты бірінен-біріне көшіп, ауысып отырмақ. Олардың арасын әлдебір тас қорғанмен шектеуге болмайды. Ғылым салаларын саралап қарасақ, бұлардың қайсыбірінде терминдер басым да, екінші бірінде номенклатуралық атаулар көп. Мәселен, гуманитарлық ғылым салаларында номенклатуралық атаулар азырақ та, негізгі теориялық терминдер басымырақ, ал ботаника, зоология, география, медицина, т.б. салалардың терминологиялық жүйесінің көбі дерлік номенклатуралық терминдерден тұрады. Мұның мәнісі мынада. Гуманитарлық ғылымдар көбінесе абстракты ұғымдарды жиынтық қорытынды жасайтын категорияларды пайдаланады да, екінші топтағылар неше алуан заттық объектілерге сүйенеді.

Ғылыми терминдерді тексергенде олардың қай сөз таптарынан жасалатынын қатты қадағалау қажет. Термин жасауға тек зат есімді қатыстыру қажет пе, жоқ әлде өзге де сөз таптарынан термин жасауға бола ма деген мәселеге назар аударған жөн. Бұл жайында неше алуан пікірлер бар. Мыс.: Г.О.Винокур[18] терминдер тек зат есім болуға тиіс деп түйеді. Яғни термин болу үшін сол сөз заттануы тиіс.

---

17. *Канделаки Т.Л.* Работа по упорядочению научно-технической терминологии и некоторые лингвистические проблемы, возникающие при этом //Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. М., 1970.

18. *Винокур Г.О.* О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии //Труды ИФЛИ. 1939. Т. 5. С. 13.

Ол әсіресе қимыл атауларына назар аударады. Сөйтіп ол техникалық терминдердің көбі осы қимыл мен процесс атаулары болып келеді деген қорытынды жасайды.

Осы тектес пікірді біз Н.А.Щегловаңың еңбектерінен[19] де кездестіреміз. Ол терминологиялық жүйедегі қимыл процесі етістік түрінде емес, дерексіз зат есім арқылы білдіріледі дегенді айтады.

Ал А.А.Оруджев (әзірбайжан тілшісі) дербес мағынасы бар кез келген сөз, мейлі ол зат есім болсын, мейлі ол сын есім болсын, тіпті етістік пен үстеу де термин бола алады[20], – дейді.

Жалпы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша шыққан сөздіктерді сүзіп шыққанда зат есім терминдермен қатар сын есімді де, етістікті де, үстеу терминдерді де кездестірдік. Бұл жөнінде Тіл білімі институты терминология мен аударма теориясы бөлімінің электронды есептеу машинасының сарабынан (К.Бектаев) өткен қоғамдық ғылымдар терминдерінің төрт томдық жиынтық сөздігін[21] қарап шығуға болады.

Терминдердің қай сөз табынан жасалатынын анықтауда жекелеген фактілерге ғана сүйеніп, қорытынды жасау дұрыс емес. Мұны теориялық тұрғыдан қарастырған лазым.

Терминді екі түрлі структуралық типтерге, яғни олардың құрылымдық болмысын екі ыңғайда бөліп қарауға болады: т і л д і к және т і л д і к емес деп. Бұлар белгілі бір терминологиялық жүйенің құрамына ене отырып, бір-бірінен ерекшеленетін де жері бар (әсіресе сапалық ерекшелігі жағынан).

Тілдік терминдер былайша жіктеледі:

1. Термин сөздер (терминдік мәндегі сөздер).

Бұлардың өзін бірнеше топқа бөліп қарау керек.

а) түбір тұлғалы терминдер: *бал, бас, газ, йод, бор, лак, өт, алтын,* т. б.;

ә) туынды түбір терминдер: *жазушы, бастауыш, баяндауыш, тракторшы, көрермен, қондырғы, есірткі, көрме* т. т.;

б) күрделі термин (сложные термины): *үшбұрыш, екітілділік, темір бетон, радиоактивтілік* т. б.;

в) қысқарған күрделі терминдер, мұның өзін бірнеше топқа бөлуге болады:

1) буын қысқарту арқылы біріктіріп жасалған терминдер. Мұнда көбінесе екі сөздің басқы буындары біріктіріледі: *колхоз, совхоз, обком* т. т.;

2) аралас типті күрделі терминдер. Бұлар, әдетте, бір сөздің басқа буынын не сол сөзді тұтас басқа бір сөздердің басқы дыбыстарымен біріктіру арқылы жасалады: *райпо – районное потребительское общество, сельпо – сельское потребительское общество, райфо – районный финансовый отдел* т. б.;

3) қысқарған сөздерден жасалған аббревиатуралар: *ГЭС — кгм ВЦСПС, СССР, КПСС, ВЛКСМ, МТС* т. т.;

2. Сөз тіркесі түріндегі терминдер.

а) еркін тіркесті терминдер. Мұның құрамындағы әрбір компонент жеке тұрып термин бола алады. Ол басқа терминологиялық сөз тіркесінің қатарына енуі де

---

19. *Щеглова Н.А.* К вопросу о грамматических средствах терминологизации русских глаголов и профессиональной речи 17- 18 вв.//Уч. зап. МОПИ, 1963. Т. 38. Вып. 8. С. 89.

20. *Оруджев А.Г.* О создании научной терминологии и об упорядочении существующих терминов на азербайджанском языке //Изв. АН АзССР. 1951,.№ 12. С. 12.

21. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласының қазақша-орысша терминологиялық сөздігін (4 томдық) қараңыз. 1985.

ықтимал. Мысалы, *күкіртті азот, азотты алюминий, Совет Одағы, Коммунистік партия, еңбекші бұқара, Жазушылар одағы* т. б.;

ә) еркін емес тіркесті терминдер, яғни бұлайша тіркескен терминдер құрамындағы сөздердің бәрі бірдей жеке тұрып термин бола бермейді. Олар дәл осы тіркесім түрінде ғана терминдік қызмет атқарады. Мысалы, *қызыл бұрыш, ақ отау, қара топырақ, қызыл әскер, азат ел, сұрапыл соғыс* т. б.;

б) фразеологиялық терминдер: *ежелгі заман, көне тіл, абсолют шама, абсолюттік ақиқат, үлкен жол, сырт пішін, азамат соғысы, қызу жұмыс, азаматтық право, балалар бақшасы, рухани тәрбие, замана тынысы, ерте дүние тарихы, рухани мәдениет, хайуанаттар дүниесі, табиғат заңы, даңғыл жол, алтын ғасыр, алтын қор, тарихи кезең, тарихи уақиға, құрмет тақтасы, ақыр заман, ірі басылым, қайта құру, қоғамдық құрылыс, қоғамдық даму, ортақ іс, ашық хат, бірінші орын, саяси күрес, саяси қайраткер, соңғы хабар, жұмыс күші, жұмыс столы, бақыт құсы, сот ісі, салтанатты мәжіліс, оқу жылы, ғалым хатшы, арнайы тапсырма, жомарт табиғат, айқын мысал.*

Тілдік емес терминдерге неше түрлі таңба белгілер, графикалық символдар, математикалық, физикалық, химиялық формулалар мен цифрлар жатады.

Әдетте адамзат ойы табиғи тілдерсіз көрініс беруі мүмкін емес. Барлық саяси, идеологиялық, экономикалық, эстетикалық, мәдени және ғылыми мұқтаждықтың бәрін өтейтін осы табиғи тіл. Бұл дамудың өзгеше сипатымен өлшенетін құбылыс. Тіл де дамуға тәуелді. Тіл дамуы лексика саласында айқынырақ аңғарылады. Ол тілдерде мәдени және ғылыми байлықтар жасалып, қорлана түскен сайын, тілдердің лексика-фразеологиялық құрамының ішінде терминологиялық қоры молая, байи түспек.

Соңғы жылдардағы ғылыми-техникалық революцияның жедел қарқынмен дамуы, ғылым мен техниканың, шаруашылық, өндірістің барлық саласындағы қыруар информациялық мағлұматтың келіп құйылуы терминология құрамының қорлана түсуіне сеп болып отыр, сондай-ақ белгілі бір ғана тіл шеңберінде шектеліп қалмайтын номенклатураның әр алуан түрі көбейді. Бұлар ұлттық шектелу шекарасын бұзып, ұлтаралық, тіпті халықаралық сипат ала бастады. Дамыған тілдің қай-қайсысында да бұлар лексиканың басқа салаларынан әлдеқайда көп, сондықтан олардың бәрін ешқандай сөздік қамти алмақ емес. Химия терминдерінің өзі шамамен қазір 2 миллионнан асады екен. Басқа қай ғылым саласын алып қарасақ та осыған ұқсас жайды көреміз. Өмір ілгері жылжыған сайын терминологиялық лексиканың ауқымы кеңейе бермек.

Сондықтан жалпы әдеби тіл жүйесіндегі терминологияның орны қандай болмақ деген сұрақ тууы заңды. Мұны тек белгілі бір салада қызмет ететін мамандар ғана қолданатын болса, онда арнаулы терминология әдеби тіл лексикасының құрамына ене ала ма? Бұл сұрақтарға қазіргі лингвистика біржақты жауап бере алмайды.

60-жылдарға дейін терминологияның әдеби тілге жататындығы жөнінде дау болмайтын. 1959 жылы Москвада Бүкілодақтық терминологиялық мәжілісте және 1967 жылы Ленинградта өткізілген ғылыми-техникалық терминологияның лингвистикалық проблемалары жөніндегі кеңесте терминологияны әдеби тіл лексикасының дербес қабаты (саласы) деген пікір басым болды. Осы тезисті тәптіштей келе 1967 жылғы кеңесте С.Г.Бархударов: "Жалпы арнаулы лексиканың қайсыбір бөлігі әрдайым тек мамандар тілінде өмір кешетіні анық; сонымен бірге оның сан жағынан аздау болса да мәні, сыбағалық салмағы жағынан маңызы зор бұл бөлігінің бүкіл қоғам мүлкіне айналатыны, сөйтіп жалпы ұлттық тілдің

бөлінбес бір бөлшегіне айналатыны да даусыз. Осыдан келіп жалпыхалықтық тіл мен арнаулы лексиканың өзара байланысы деген күрделі проблема туындайды"[22] (аударма біздікі – Ө. А.). Ал Ф.П.Филин бұл мәселені мүлде басқаша қарайды. Ол тіпті мұны жалпы әдеби тіл құрамынан шығарып тастағысы да келген. Ол былай дейді: "Мамандар арасында ғана қолданылатын бұл қисапсыз мол арнаулы лексика өз алдына бөлек тұрады. Бұл норманы қалыпқа түскен лексиканың барлығы туралы мәселе қозғауда мүмкіндік береді"[23].

Біздің ойымызша, бұл "нормаланған тілді" әдеби тілден тыс қараудың жөні жоқ. Мамандар өз саласы бойынша өзара қарым-қатынас жасағанда да пайдаланатыны жалпыға ортақ әдеби тіл, әрине бұл тұста өздеріне ғана тән, тіпті жалпы әдеби тіл түгілі жалпы ұлттық тіл шеңберінен шығып кететін термин сөздер, формулалар, символдар белең алып жатады. В.П.Даниленко: "Жалпыхалықтық тілдің бір тармағына жататын ғылым тілі, біздіңше, сөйлеу тілі, көркем әдебиет тілі дейтін ұғымдармен қатар тұруға тиіс. Жалпы әдеби тілдің әрбір тармағына өзіне ғана тән құрылымдық өзгешелік пен әдейі жүктелген қызмет аясы болады. Ал бұлардың әрқайсысы кейде жалпы әдеби тіл шеңберінен шығып кетіп, семантикалық және құрылымдық шеп құрайды"[24].

Ғылым тілі болмысты танудың (гносеологиялық қызметін), оны зерттеу мен практикалық жұмыстардың нәтижесі туралы мағлұмат беріп, сақтаудың, жинақтаудың, хабар берудің (информационно-коммуникативті) құралы. Бұдан біз оның әдеби тілдің функционалдық жүйесін құрайтынын көреміз. Бұл жайында В.П.Даниленко: "Ғылым тілі бір жағынан жалпыхалықтық тілге қарағанда, шеңбері шектеулі ұғым, өйткені оған жалпыхалықтық тілге қатысты нәрсенің бәрі бірдей ене бермейді. Ғылым тіліне жалпыхалықтық тіл қасиетінің бәрі бірдей тән бола алмайтындықтан, ол бір жағынан, сол жалпыхалықтық тілге қарағанда, анағұрлым тар ұғымда беріледі. Екінші жағынан, әдеттегі кәсіби қатынастан тыс ғылыми ұғымдарды білдіретін арнайы терминологиясы бар ғылым тілі жалпы әдеби тілге қарағанда анағұрлым кең ұғымды білдіреді"[25].

Терминология әдеби тілдің бір тармағы (жүйесі) ретінде сол әдеби тіл нормасы мен ережесіне бағына отырып, сөзжасам (термин жасау) және сол норманы кодификациялау жағынан өзіне ғана тән өзіндік ерекшеліктерін де құрайды. Кейде өзінен-өзі жасалып жататын кәдімгі тілдік құбылыстардан ерекше саналы әрекет негізінде, яғни коллектив еркімен болатын да құбылыс. Ол сөзжасам процесінің қай-қайсынан болса да осынысымен ерекшеленеді.

Орыстың терминологиялық сөзжасам тарихы тіл жүйесінде бұрын мүлде болмаған, мүлде жат сөзжасам модельдері мен түрлері пайда болғаны туралы мол мағлұмат береді. Мысалы: орыс тілі дәстүрінде бұрын *-ость* жұрнағы арқылы жасалған зат есімнен үстеме сын есім жасалмайтын. Қазір мұндай модель орыс тілінде өнімді сөзжасам түрінің біріне айналды. *Яркий – яркость – яркостный, жидкий – жидкость -жидкостный, разный – разность – разностный, стойкий – стойкость, плоский – плоскость, емкий – емкость* т. б. Сондай-ақ *-ота* суффиксі арқылы сын есімнен зат есім, содан қайтадан сын есім жасау да орыс тілінде өнімді тәсілдердің біріне айнала бастағаны туралы да мәлімет бар. Мысалы: *мерзлый –*

22. Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. М., 1970. С. 8-9.
23. Русский язык в современном мире. М., 1971. С. 108.
24. *Даниленко В. П.* Русская терминология. Опыт лингвистичекого описания. М., 1977. С. 10
25. Сонда. 10-11-б.

мерзлота – мерзлотный, высокий – высота – высотный, долгий – долгота – долготный, широкий – широта – широтный, частый – частота – частотный[26].

Терминологиялық сөзжасамның осы тектес амалдары жалпы сөз жасау модельдерін жіктей түсуге, оны белгілі ғылым салалары бойынша тұрақтандыруға көп көмек етеді. Мәселен, орыс тілінде *снеговой* және *снежный* деген сын есім сөздер баяғыдан бар. Даль сөздігінде бұлардың аражігі ажыратылмаған. 30-жылдары ауа райын болжайтын Институттың терминологиялық комиссиясы *снежный* терминін қардың өзінен туындайтын ұғымды білдіргенде ғана *(снежный покров, снежная лавина* т. б.) қолдануды, ал *снеговой* терминін әңгіме болып отырған объектінің (қардан емес) қарға қатысы болған жағдайда ғана *(снеговая линия, снеговое питание* т. б.) қолдануды ұсынған екен.

Қазақ және басқа түркі тілдерде туынды сөздер грамматикалық тұлғасы тұрақты толық мағыналы сөздерге қосымшалар жалғау арқылы жасалады. Советтік дәуірде орыс тілінен енген кірме сөздердің жұрнақтары (суффикстері) қазақ тілі қосымшаларымен (аффикс) берілетін болды. Басқаша айтқанда, сөзжасау қосымшалары морфологиялық (жағынан) кейпі жасақталып бітпеген сөздерге жалғанады. Осы тәсілмен жасалған неше алуан жаңа сөздер (неологизмдер) көбейді. **Абстракты** – *абстрактный* – абстрактылық, **дерексіздік** – абстрактность, **агрессивті** – агрессивный, **агрессивтілік** – *агрессивность,* **объективті** – *объективный, дұрыстық, әділдік* – объективность т. б.

Соңғы жылдардағы өрістеген халықаралық байланыс, екітілділік, көптілділік ұлт тілдерінде ғылыми-техникалық терминологияны молайтып келеді. Қазақ тілі терминологиясы 20–30-жылдары негізінен ана тілдің лексика-грамматикалық құралдары арқылы жасалса, қазір бұл арнаулы лексика қоры негізінен орыс және халықаралық терминологиямен толығып отыр.

Кірме сөздер күнделікті әдеби-тілдік қолданысқа актив түрде еніп отыр. Сөйтіп көптеген пікірлер желісі мынадай түйін жасауға итермелейді.

Термин сөздер тілдің ғылыми-техникалық прогреске иек артып, қол созған тұсына тән лексиканың арнайы саласы, яғни бұл, бір жағынан, тілдің әдебилігін тәптіштей түсетін бір белгі. Басқаша айтқанда, терминологиялық лексика әдеби тілмен тікелей байланысты дамып, оның әдебилігінің негізгі көрсеткіштерінің біріне айналады. Ол, ең алдымен, ғылыми ой-пікірді, техникалық ұғымды білдіру үшін пайда болады да, солардың дамуымен бірге қанаттанады. Термин сөз нақты, қысқа, тұжырымды, дәлме-дәл және бір мағыналы болуы керек. Алайда бұл шарттардың бәрін бірдей үнемі түгел сақтап отыру қиынға соғады. Кейде кейбір техникалық ұғымдарды білдіру үшін бірнеше сөздер тізбегін пайдалануға немесе тіркес жасауға тура келеді. Сөйтсе де термин жасау процесінде оның негізгі талаптарын сақтау талап етіледі.

---

26. См.: Русский язык и советское общество: Лексика современного русского литературного языка. М., 1968. С. 157.

БІРІНШІ ТАРАУ

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАСАЛУ КӨЗДЕРІ

Термин жасауға негіз болған лексикалық қабаттар

Өзге түркі тілдерімен қазақ тілінің негізгі лексикалық қорын салыстыра қарағанда түбір ортақтықты байқамау мүмкін емес. Тіпті алтай тілдерінің де көптеген элементтері зерттеушілердің біразын осындай ойға жетектеп тұр. Бұл жайында белгілі түрколог Ә.Т.Қайдаровтың еңбегінен ("Структура односложных корней и основ в казахском языке", 1986) толық мағлұмат алуға болады. Осы еңбек мазмұнымен және басқа да зерттеушілердің еңбектерін қарастыра келе түркі тілдерінің негізі бір екеніне, оны дәлелдейтін фактілер қай тілде де жетерлік екеніне көзіңіз жетеді. Сөйтіп түркі тілдерінің бәрінің түбірі ортақ тіл[1], дегенге құлақ асуға әбден болады. Айырмасы дыбысталуы жағында, яғни олар әрбір тіл ерекшелігіне байланысты фонетикалық пішінге ие болған. Бұл ортақ сөздер (түбірлер) кейін терминологиялық лексиканың дамуына да негіз болды деп айта аламыз. Мұндай қорытындыға қазірдің өзінде ортақ түбір негізінде жасалған термин сөздер итермелеп отыр. Мұндай түбір ортақтығы болмаса, бірегей терминологиялық лексика жөнінде әңгіме қозғамас та едік. Осының негізінде түбі терминологиялық ортақ қор жөнінде мәселе көтеруге болатын сияқты. Ал қайсыбір сөздер бұл тілдерде сол ортақ қалпында терминдік қызмет атқарып келеді. Мысалы: қада (qada) – *вбывать,* моңғолша осылай (xada); аң (an) – *зверь;* бұқа (buya) моңғ. виха – *бык;* жүрек (jйчек zичек) тәрізді сөздер түркі-моңғол тілдерінің көбіне ортақ. Ендеше мұндай ортақ түбірлер ортақ терминологиялық қор жасауға септігін тигізеді деп түйін жасауға болады. Көптеген тілдердің терминологиялық лексикасын қарастырғанда біз осындай мүмкіндіктің бар екенін және олардың күнделікті өмірде осылайша пайдаланылып келе жатқанын да байқауға болады.

Түркі тілдерінің сөздік құрамында көне дәуірде енген кірме сөздер бар екенін ғалымдар (Н.Баскаков) әңгімелеп келеді. Мұны қазақ тілінің фактілері де растайды (Н.Сауранбаев, С.Аманжолов). Санскрит, көне иран және қытай тілдерінің байырғы замандарда тілімізге еніп, сіңіп кеткен сөздерін қазір айырып алу, әрине, оңай емес. Өйткені олар барлық жағынан өзгеріп, өзгеше өріс тапқан сөздер.

Санскрит элементтерін қазақ тілінен табу өте қиын. Бұлар түркі тілдеріне, негізінен көне ұйғыр тілі арқылы ерте заманда енгенін байқаймыз. Тек сегі// cern//segi *(воин, войско)* тәрізді сөздерді ғана атауға болады.

Ал көне иран кірме сөздерінің қатарына арна (arna) жер суландыру үшін жасалған үлкен канал, кент (kent) – қала, бөз *(böz)* мақтадан жасалған материал тәрізді т. б. бірнеше сөз жатқызылып жүр.

Сондай-ақ қазіргі қазақ тілінің құрамындағы *заң, шай, шанақ* сөздерінің бір кезде қытай тілінен ауысқанын бұл күнде ескере де бермейміз.

Бұлар, яғни санскрит, ескі иран және қытай тілінің элементтері өте көне дәуірлер жемісі болып есептеледі, бір сөзбен айтқанда, бұлар көне дәуірде пайда болған кірме сөздер.

Сөз алмасу процесі мұнымен шектелмеген. XI—XV ғасырлар арасында түркі тілдері төртінші бір арна – араб, парсы тілдерінің ықпалына душар болады. Араб,

1. Языки народов СССР. Т. 2; Тюркские языки. М.: Наука, 1966. С. 34.

парсы сөздері ислам дінінің таралуымен бірге алдымен өзбек, татар тілдеріне тарайды да, содан кейін сол тілдер арқылы сатылап қазақ тіліне жетеді. Олардың басым көпшілігі діни, ғылыми, қоғамдық-саяси және түрлі шаруашылыққа, ұсақ өндіріске, қолөнеріне қатысты термин сөздер болып келеді. Сонымен қатар дерексіз ұғымдарды білдіретін сөздер де баршылық.

Араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер

Қазақ тіліндегі араб-парсы элементтері дегенде алдымен мынадай жағдайды ескеру керек. Кейбір зерттеушілер[2] пікіріне қарап және қазақ тілінің сөздік құрамындағы қайсыбір сөздер төркіні араб-парсы элементтері деген ұғымды айырып түсінуді қалайды. Осының жөні бар деп ойлаймыз. Өйткені араб тілінен гөрі парсы тілі элементтерінің тілімізге бұрынырақ енгенін дәлелдейтін тарихи, экономикалық, мәдени деректер айқын аңғартады. Осындай деректерді, ғылыми топшылауларды сарапқа сала отырып, араб тілі зерттеушісі Л.Рүстемов мынадай қорытынды жасаған: "Түп төркіні иран тілдес болып келетін сөздердің түркі халықтарының тіліне ауысуы, парсы және түркі тілдерінің өзара инфильтрация жасау процесі ертеректе, арабтар мұнда келмей тұрған кезде, араб мәдениетінің гүлденуінен әлдеқайда бұрын басталған"[3].

Дәл осы пікірді біз С.Исаев еңбегінен[4] де кездестіреміз. Ол осы туралы өз ойын түйіндей келіп "...араб, иран тілдерінің әсері дегенде иран тілдерінің әсері араб тілдерінен гөрі ертерек басталатынын да жоққа шығармаймыз", – деп жазады. Араб, иран тілінен енген кірме сөздердің қазақ тіліне ену мерзімін Л.Рүстемов аталған еңбегінде екі кезеңге бөліп қарайды: бірінші кезең – XV ғасырға дейінгі шақ, екінші кезең – XV ғасырдан Ұлы Октябрьге дейінгі уақытты қамтиды. Жалпы бұрынғы-соңғы ғылыми әдебиеттер мен қазақ тілі сөздік құрамындағы араб, парсы сөздері 17 процент (Л. Рүстемов) шамасы болады екен. Өзге түркі тілдерімен, оның ішінде өзбек, татар тілдеріне қарағанда, қазақ тілі құрамында араб, парсы сөздері аз дегеннің өзінде осы шама. Мұның өзін де жүйелеп қараған дұрыс. Қайсыбір зерттеушілер айтқандай бұлардың біразы ертеректе қазақ халқын құраған тайпалар тіліне еніп, түбірлі өзгеріске душар болған *адам, ажал, әдет, дәулет, құдірет, мезгіл, сабын, уақыт, халық* тәрізді сөздер. Аталған сөздердің дыбыстық тұлғасы қазақ тілінің заңдылығына бағынып, тілімізге төл сөздер қатарына баяғыда қосылып, әбден кірігіп кеткен. Ал енді, *ғибрат, ғайбат, мехнат, махрұм, ежди*һ*ат* тәрізді сөздер бір кезде діни ұғымдар арқылы немесе кітаби лексикада қолданылған. Бір қарағанда, бұлар да фонетикалық өзгеріске ұшыраған сияқты. Содан да болар, кейде осы тектес сөздердің негізінен алыс кете алмай, қазақ тілі лексикасының заңды түрде қатарына жете алмай, екі арада жүрген әрісәрі сөздерді қайсыбіреулер қолдануға әуес. Бірақ ескілікті көксегіш адамдардың аузында әлі күнге жүргенмен, бұлар тілімізге сіңе алмай, сөздік құрамға ене алмай келеді.

Зерттеушілердің қай-қайсысы да араб, парсы элементтерінің қазақ тіліне тікелей қоян-қолтық араласу нәтижесінде емес, көршілес туыс халықтар арқылы сатылап жеткенін баса айтады. Сонда байқалатын бір жәйт, араб халифатының діни

2. *Рустемов Л.З.* Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы, 1982. 44-45-бб.

3. Сонда. 45-б.

4. *Исаев С.* Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. Алматы, 1983. 112-б.

шабуылы қазақ еліне екі жақтан, яғни бірі оңтүстіктен, екіншісі батыс жақтан болғанға ұқсайды. Оңтүстікте өзбектер арқылы, батыста татарлар арқылы сөздер ауысып отырған.

Кірме сөздер құрамы жағынан әр алуан. Біразы үй тұрмысына, басқа да шаруашылыққа байланысты болса *(айна, атырап, бадам, базар, байрақ, батпан, орамал, перне, таба, таға, торап)*, енді бір алуаны мәдени және ғылыми ұғымдарды білдіреді *(дәуіт, дәптер, дәреже, дүние, қалам, қағаз, мектеп, медресе, мағлұмат, мереке, емтихан, ғалым, ғылым, пән, кітап, тарих* т. т.). Діни ұғымды білдіретін *аруақ, аят, бейіт, дәрет, намаз, ораза, құдай, құдірет, күнә, мәйіт* тәрізді сөздер де бар.

Моңғол тілдерінен енген кірме сөздер

Қазақ тілі лексикасының құрамынан моңғол тілі элементтерін де табамыз. Бұлардың араб, парсы тілдерінен енген сөздерден едәуір өзгешелігі бар. Ол ерекшелік сөздердің келу, ену жолына байланысты. Қазақ рулары ежелден моңғол тайпаларымен қоян-қолтық аралас-құралас өмір кешкен, іргелес отырған. Осыған қарағанда, моңғол сөздері қазақ тіліне тек Шыңғысхан шапқыншылығымен ғана байланысты емес, одан әлдеқайда бұрынырақ енгенге ұқсайды. Мына сөздерді салыстырып қарасақ, біраз мәселенің беті ашылатын сияқты. Әшекейі бар сандықты қазақтар да, моңғолдар да *абдыра* дейді. Сол сияқты мына төмендегі бірнеше сөзді салғастырып отырсақ, кейбір дыбыстық өзгешелігі болмаса білдіретін мағынасы бірдей болып шығып отыр: *алтын – алтан, байсал – байқал, баян – баян, аймақ – аймаг, адақ – адаг, аңсағай – аңқығай, дулыға – дуулга* (шлап), *баран — бараан* (Ақан серінің "Құлагеріндегі" "қылаң болмай *баран* болды" дейтін жолдарды еске алыңыз), *жол – зол, дөнежін – дөнжин, жасақ – жасаг* тәрізді мысалдар баршылық. Бұлардың көбі архаизм қатарына көшкен сөздер. Келтірілген мысалдардан байқалатынындай, ежелгі заманда қолданысқа актив қатысқан бұл сөздер күнделікті тұрмысқа, үй тіршілігіне қатысты болып келеді. Мәселен, көшпелі ел тіршілігінде өте маңызды рөл атқарып келген күш көлігінің бірде болса бірегейі түйе малы болса, соның ішінде *атан түйеге* айрықша қызмет жүктеледі. Ал осы түйеге қомсыз жүк артылмайды. Ендеше ғалымдардың, бүгінгі таңда архаизмдер қатарына ығысып бара жатқан *атан, қом, дулыға, жасақ* сөздерінің пайда болуын көне замандарға апаруы тегін емес. Сонда моңғол тілінен сөз енуді XI–XIV ғасырлар[5] деп шамалау (Ғ.Мұсабаев) ретті сияқты.

Жалпы терминологиялық лексиканың реттелуін көздеп отырған қазіргі ғылыми-техникалық прогресс заманында сөздердің шығу төркінін біліп отырудың айрықша маңызы бар. Сөздердің шығу тегін, жасалу жолын білу арқылы оның мағыналық өрісін, потенциалдық мүмкіндігін шамалауға болады. Осыған қарағанда, тілдер сол рулық, тайпалық қауымдастықтың өзінде-ақ бір-біріне әсер етіп, бірінен-бірі нәр алып отырғанға ұқсайды.

Орыс тілінен енген кірме сөздер

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында ең бір бай әрі күрделі қабатты орыс тілінен енген кірме сөздер және сол арқылы келген халықаралық терминдер алып жатады. Бұлардың тілімізге ену, келу жолдары да ерекше. Ғасырлар бойы іргелес отырып, ауыс-түйіс жасап келген орыс халқы мен қазақ халқы мәдени қарым-

5. *Мусабаев Г.Г.* Современный казахский язык: Лексика. Алма-Ата, 1959.

қатынастың осы түрін, яғни тіларалық қатынасты тіпті ертеден-ақ бастаған тәрізді. С.Исаевтың дәлелдеуінше, тіпті XIV ғасыр ескерткіші болып саналатын "Кодекс Куманикусте" де "изба", "печь" тәрізді орыс сөздері[6] қолданылған екен. Осыған қарағанда, қазақтар орыс сөздерін ежелден-ақ пайдаланып, әжетіне жарата бастаған деп түйін жасауға әбден болатын тәрізді. Ендеше мұның өзі арнайы ізденісті керек ететін құбылыс деп шамалаймыз. Ал революциядан бұрынғы бұл процесс XIX ғасырдың екінші жартысында тіпті үдей түскен. Қазіргі лексикадағы ең өнімді де өрісті сала орыс тілінен енген кірме сөздерін негізінен екі кезеңге, яғни революциядан бұрынғы және революциядан кейінгі кезеңге бөліп қарауға көпшілік келісетін сияқты. Ал бұл екі кезең өз алдына тармақталып қарастырылуға тиіс. Әрине, орыс тілінен енген сөздерді нақты мына уақытта мұншасы, ана уақытта аншасы келді деп ашып айту қиын. Сондықтан зерттеушілердің көбі мұны жоба, жорамалмен шамалайды.

Ғ.Мұсабаев өзінің 1959 жылы шыққан "Современный казахский язык"[7] деп аталатын еңбегінде де революцияға дейінгі орыс тілінен енген сөздерді үш кезеңге бөліп қараған.

Бірінші кезең – XVII ғасырға дейінгі дәуірді қамтиды. Бұл орыстар мен қазақтардың әлі қоян-қолтық араласа қоймаған, шаруашылық-экономикалық байланыстың дамымаған кезі. Міне сондықтан бұл кезде әлі орыс сөздері тілімізге ене қойған жоқ болатын. Тек орыстармен іргелес отырған маңдарда ғана аздаған ауыс-түйіс болып жататын. Бұлар елеулі сипат ала алған жоқ.

Екінші кезең – XVII ғасыр мен XIX ғасырдың екінші жартысындағы аралықты қамтиды. Бұл тұста тіларалық қатынас қоныс аударушылармен арадағы қатынасқа орай дамыған тәрізді. Оның үстіне Қазақстанның өз еркімен Россияға қосылуы қазақ өміріне түбірлі өзгерістер әкелгені мәлім. Орыстар мен қазақтар енді бұрынғыдай емес, шаруашылық-экономикалық жағынан да, тіпті саяси байланыстылық жағынан да араласа бастайды.

Бұл аралықта қазақ тіліне, әсіресе, ауылшаруашылық құрал-саймандарына, үй-іші жабдықтарына, әскери әкімшілікке байланысты көптеген сөздер еніп үлгерді: *соқа, хутор, поднос, генерал, пристав, майор, адвокат, шәйнек,* т. б. сөздер сол кездерде-ақ тілімізге енген.

Үшінші кезең – XIX ғасырдың екінші жартысынан басталып, Ұлы Октябрь революциясына дейін созылады. Бұл тұста қазақ елі түгелімен Россияға қосылып біткен болатын. Капитализмнің дамуы, орыстар мен қазақтардың арасындағы ақша айналымы, мәдени байланыс, сауда-саттық жұмысы екі ел арасындағы қарым-қатынасты күшейтті. Соның нәтижесінде бұл кезеңде қазақ ұғымына тосын жаңа сөздердің біразы ене бастады. Осы тұста игерілген орыс сөздерінің біразын ұлы Абай туындыларынан да кездестіруге болады. Мысалы, *аршин, интернат, единица, ноль, такт, картечь, визит, счет, штык, пара, элемент, шар, болыс, ояз, старшина, кандидат, съезд, бүбірнай (выборный), пәштебай, майор* т.б. сөздер ақынның сөз қолданысында өз жарасымын тапқан. Осы және осы тектес термин сөздер революцияға дейінгі қазақ әдебиеті мен қазақ баспасөзінің[8] бетінде де жиі кездесіп

---

6. *Исаев С.* О роли русского языка в формировании казахской терминологии. Прогрессивное влияние русского языка на казахский. Алма-Ата, 1965. С. 96.

7. *Мусабаев Г.* Современный казахский язык: Лексика. Алма-Ата, 1959.Ч. 1.

8. *Жанпейісов Е.* Қазақ прозасының тілі. Алматы, 1968; *Әбілқасымов Б.* Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1973; *Осы автор.* XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы, 1982; *Исаев С.* Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. Алматы, 1983; *Суханбердина У.* Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Алматы, 1963; Әдеби мұра. Революциядан бұрынғы мерзімді баспасөз бетінде жарияланған көркем шығармалар. Алматы, 1970; *Сарыбаев Ш.* Развитие лексики казахского языка в советскую эпоху//М.О. Ауэзову (к его 60-летию). Алма-Ата, 1960.

отырады.Тіпті Жамбылдың революция алдындағы шығармаларында да *жандарал* (генерал), *болыс* (волостной управитель), *остепке* (выставка), *губернатор, солдат, атаман* деген, сондай-ақ тұңғыш казақ романы Спандияр Көбеевтің "Қалың малында" да орыс сөздері қолданылатынын Ш.Сарыбаев[9] көрсетеді.

Бір қызығы, бұл кезде орыс сөздері дін басылары мен қазақтың кертартпа шыңжырбалақ шұбартөстерінің, ескілік шырмауындағы оқығандардың қарсылығына қарамастан қолданысқа еніп кеткен.

Әдеттегі түсінік бойынша, термин сөздердің пайда болуын ғылым мен техникаға байланыстырамыз. Қазақ топырағында ғылыми ой-пікірдің өрбуін зерттеушілер XIX ғасырдың екінші жартысынан бастайды. Біздіңше, мұның жөні бар сияқты. Ғылым туралы тұңғыш деректер мен ғылыми мақалалар алғашқы қазақ газеттері – "Түркістан уәлаятының газеті" (1870–1882) мен "Дала уәлаятының газеті" (1888–1902) беттерінде[10] жарияланған. Осындай пікірді басқа да ғалымдар қолдайды. Ғ.Мұсабаевтың мына бір пікіріне назар аудару кажет: "Ғылыми терминологияның элементтері Октябрь революциясына дейін болғаны да сөзсіз... Орыс мәдениетінің белгілі ұғымдарын қазақ тіліне қазақтың XIX ғасырдағы белгілі ағартушылары біраз енгізген болатын"[11].

Шынында, зерттеуші Б.Әбілқасымов атап көрсеткендей, бұл газеттердегі ғылыми мақалалардың көбі сол кездегі ғылыми экспедиция материалдары, солардың жұмысы туралы есеп, не солар жайында хабар болып келеді. Сонымен бірге тіл, әдебиет, тарих, этнографияға қатысты мақалалар да жарияланып отырған. Бұларда кездесетін ғылыми ұғымдарды газет "... казақ ұғымында бұрыннан бар сөздер арқылы түсіндірме жолымен аударып беруге тырысқан, кей кездерде сол терминдік мағынадағы орыс сөздерінің өзін қалдырып та отырған"[12]. Сонда кездесетін ғылымға, оқу-ағарту ісіне байланысты терминдердің қайсыбірі мына тектес: *ғылым* (наука), *ағач су ғылымы* (ботаника), *тау-тас ғылымы* (горное дело), *жан-жануарлар ғылымы* (зоология), *көктен түскен тас* (метеорит), *ұлама* (профессор), *мадрис* (преподаватель), *ұстаз* (учитель), *шәкірт* (ученик), *медіресе*. Осы соңғы медіресе сөзін жоғары оқу орындарының бәріне қатысты ұғымды білдіруге пайдаланған тәрізді. Мысалы "университет деген медіресе", "ұстаз даярлайтын медіресе", "институт деген медіресе" сияқты тіркестер осы айтқанымызға дәлел бола алады.

Тіл біліміне қатысты терминдердің берілуі де назар аудартады: *лұғат* (тіл), *әуез* (дыбыс), *хәріф* (әріп), *әліфби* (алфавит), *қатты әуез* (дауыссыз дыбыс), *қағда* (ереже, заңдылық), *мұрыннан оқылатын* (сонор). Тіліміздің терминологиялық жүйесін жасауда өзіндік рөл атқарған бұл лексикалық қабаттар әдеби тілдің даму барысын байқатады. Бұлардың көбі қоғам дамуының ерекшеліктеріне орай өзгеше өріс алып, кейін басқаша аталатын болды. Біразы мүлде өзгеріске душар болса, енді біразы дыбысталуы тұрғысынан қазіргі әдеби тіл нормасына сәйкестендірілді.

Юриспруденцияға байланысты сол кезде пайда болған термин сөздердің көбі қалыптасып, сіңісіп кетті. Күнделікті тірлікте жиірек араласуға тура келгендіктен бе, әлде ел ішінде арыздану, шағым айту, істі болу салдарынан бұл саладағы термин сөздердің орысшасы болсын, қазақшасы болсын қолданысқа еніп, тұрақтанып кеткен. *Суд, жаза* (наказание), *абақты* (тюрьма), *залок, кефіл*

9. *Сарыбаев Ш.* Развитие лексики казахского языка в советскую эпоху//М. О. Ауэзову (к его 60-летию). Алма-Ата, 1960.
10. *Әбілқасымов Б.* Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971.
11. *Қеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.* Қазіргі қазақ тілі: Лексика, фонетика. Алматы, 1962. 37-б.
38. *Әбілқасымов Б.* Аталған еңбек. 93-б.

(поручательство), *жазакер, жауапкер* (обвиняемый), *жұмыс, іс* (дела), *адуакат, куә* (свидетель), *жан алу* (присяга), *ықтияр* (право) деген сөздер қатарынан *жаза, кепіл, жауапкер, іс, куә* тәрізділердің терминдік мазмұны нақтыланып, заң терминдері есебінде тұрақтанды.

Белгілі түрколог Н.А.Баскаков өзінің "Түркі тілдері"[13] деп аталатын көлемді ғылыми-зерттеу мақаласында жалпы түркі тілдері жайында өте маңызды мәлімет пен типологиялық сипаттама бере келе, барлық түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліне де тікелей қатысы бар классификациялық талдама жасайды (Бұл жайында жоғарыда айтылды – *Ө. А.).*

АЛҒАШҚЫ ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАРДЫҢ ТЕРМИН ЖАСАУДАҒЫ РӨЛІ

XX ғасырдың бас кезінде болған алуан түрлі әлеуметтік, саяси өзгерістер қоғамдық өмірге де көптеген жаңалық әкелді. Халықтың сана-сезімі оянып, арта түсумен байланысты баспа ісі де ілгері дамыды. Ол процесті қазақтың баспасөз тарихынан анық көруге болады. XX ғасырдың басынан елімізде Совет өкіметі орнағанға дейін аз уақыттың ішінде көптеген газет-журналдар жарық көрді. XIX ғасырда 30 жылдай мерзім ішінде шығып келген газеттермен салыстырғанда, бұл мерзім ішінде жарық көрген газет-журналдар саны жағынан болсын, сапасы жағынан болсын, өз беттерінде көтерген мәселелерінің шеңбері мен тереңдігі жағынан болсын көш ілгері еді.

Аз ғана уақыт өмір сүруіне қарамастан, бұл баспасөз органдары әсіресе "Айқап" журналы қазақтың жазба әдеби тілін, оның жақсы дәстүрлерін әрі қарай дамытуда, жалпыхалықтық тілдің кейбір стильдік тармақтарын қалыптастыруда, оның терминологиялық лексикасын жасауда орасан зор қызмет атқарды. Бұл газет-журнал беттерінде жаңа журналистік жарналар үлгісі, әдебиеттің әр түрлі жанрлары қалыптаса бастады. Публицистика тіліне тән көптеген термин сөздер мен терминдердің, грамматикалық единицалардың тұрақталуында осы кезеңдегі баспасөз тілінің маңызы зор болды. Кейінгі кездегі баспасөз тілінен мықтап орын алған жаңа термин сөздер мен сөз орамдарының көбі-ақ алғаш осы газет-журнал беттерінде қолданылып отырды. Елімізде болып жатқан саяси әлеуметтік, қоғамдық, экономикалық, мәдени өзгерістерге байланысты кірген жаңа ұғымдарды дәл атап, баламалауда болсын, қазақ тілінің сөздік құрамын атау сөздермен, терминдермен одан әрі байыта түсуде болсын, сөз тудыру, терминжасам амалдарын жетілдіруде болсын, бұл мерзімді баспасөздің рөлі ерекше болды. Бұл ерекшеліктер баспасөз тілінің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылысы төңірегінде сөз етілмекші.

Баспасөз тілінің лексикалық құрамы мен терминдік жүйесі туралы

Әдетте сөздік құрам деген атауға тілдегі сөздің жалпы көлемі сияқты ұғым жатқызылады. Бұл жерде ол басқашарақ мәнде, яғни газет-журнал тілінде сөз саптаудың, сөз тудырудың, қолданылған лексемалардың жанрлық-стильдік ерекшеліктері сияқты ұғымдарда қолданылып отыр.

Жанрлық, стильдік жағынан қарағанда, бұл кезеңдегі баспасөз, әсіресе "Айқап" журналының тілі бірыңғай деп айтуға болмайды. Онда күнделікті өмірде қолданыла бермейтін, кітаби тілге тән шет ел тілдері мен түркі тілінің сөздері де, ауызекі

13. Языки народов СССР. Тюркские языки. М., 1966. Т. 2. С. 34

сөйлеу тіліне тән сөздер мен диалектизмдер де, терминдік лексиканың түрі бұрын кездесе бермейтін жалпы жаңа сөздер де көптеп ұшырасады. Әрине бұл кезеңдегі газет-журнал тілі лексикасының басым көпшілігі қазақ тілінің қай жанры, қай стилінде болсын қолданылатын ортақ сөздер болып келеді. Дегенмен, "Айқап" журналының сөз саптауында, жаңа сөз тудыруында өзіндік ерекшеліктер де байқалады.

XX ғасырдың бас кезіндегі баспасөз тілінде бір ұғымды білдіретін сөзді түрлендіріп, әр түрлі формада қолданады. Мысалы, қазіргі әдеби тілімізде *білім, білік* деген сөздермен қоса, онда *білікті, білгі, білмір* сияқты сөздер де жарыса қолданылып отырады. Әр нәрсеге *білік* керек, *білік* болмай тірлік болмайды (Қазақстан. 1912. 21 февраль. 3-б.). Бұл турада *білгілернің* қараб тұрмай, журнал сахифаларында қаламлары жылдамырақ үлгеруі керек еді (Айқап, 1911. №7. 5-б.), "Айқап" журналы арқылы бағзы бір адамлар хозларының көңілдегі толқуб журган хиялдарына жауаб іздеб *білмірлардан* сауал сұраб еді (Сонда. 1912. №3. 49-б.). Мұндай мәселелерді ашу ушун елдің *білмір* бас адамларының бір жерге жиылуб кеңес етуі тиіс (Сонда. 1913. №4. 75-б.). *Семинаріне һәм учительски* школ секілді орындарға кіруге қанша *білік* керек? (Сонда. 1912. №7. 167-б.). *Білім* мен *білік* сөздерін саралап қолдану қазіргі баспасөз тілінде де кездесіп отырады. Біз сонда ғана балаларымызға заман талабына сай *білім* мен *білік* таныта аламыз (Қазақстан мұғалімі. 1963. 29 июнь. 3-б.). Осы сияқты "Айқап" журналы *түзу* сөзімен *түзік* деген көне тұлғасын көбірек қолданады. Бұл емленің *түзік болуы* үшін ең керегді қағидалар (Айқап. 1913. №10. 217-б.).

Сол сияқты журнал беттерінде *отырықшы, отырақшы, отырақ, отырықты, отырық* және *жабайы, жай* сөздерінің бірінің орнына екіншісінің қолданылуында ешбір мағыналық айырмашылық жоқ. Бұл сияқты сөздер тіпті бір мақаланың ішінде де жарысып қолданылып отырады.

Бір ұғымды білдіруде бірнеше сөздің жарысып қолданылуындағы параллельдің бірі – қазақтың төл сөзі я жаңа сөз болса, екіншісі – басқа тілден енген сөз болады. Сол ілтифатқа алмаған уақытында бізге *жиылыс* керек (Айқап. 1913. №10. 221-б.). Қышлақ жағында өзара бір *жамиғат* жасалып мені де шақырды (Сонда. №3. 53-б.). Сол сияқты *проект – жоба,* жер *өлшеушілер – землемерлер, дохтор – табиб,* т.б. сөздерді кездестіреміз.

"Айқап" журналдарының беттерінде жаңа сөз жасаудың көптеген тәсілі пайдаланылып отырады. Соның бірі – ежелден қолданылып келе жатқан сөздерді жаңа мағынада, иә үстеме мағына, мағыналық реңк қосып жұмсау. Бұлардың қолдарын қойдырған соң, өзлары *жазу білген* (грамотный) үш адам қол қойуы тиіс. Бұл үш адамды *гуалар* (свидетели) деб атайды (Сонда. №6. 120-б). Бұлар (молдалар – *Ө. А.)* бала оқутыб *ағартады* деуге де болмайды не ушун десеңіз балаға тағлим берерлік моллаекеңнің өзінің *ғылыми нысабқа* толмаған (Сонда. 1914. №5. 85-б.).

Әдебиет кеші, серік (товарищество), *кеңес* (совещания), *астаһа* (публика), т.б. сияқты жаңа сөздер немесе жаңа мағынада қолданылған сөздер көптеп кездеседі. Сырт қарағанда, *куә* сөзінің "Айқап" қосқан жаңа мағынасы жоқ сияқты. Өйткені қазақ тілінде бұдан бұрынғы дәуірлерде де *куә* сөзі бір нәрсеге айғақ болушы, растаушы деген мағынада қолданылып келген. Бірақ бұл жерде *куә* жалпы айғақ болушы ғана емес, ресми айғақ болушы мағынасында, яғни терминдік мәнде қолданылып отыр. Ол адамдар куә болғандығы үшін қол қоюы керек. *Ағарту* етістігі бұрын өзінің тура, ақ түске айналдыру мағынасында қолданылып келсе,

бұл жерде *үйрету, сауаттандыру, оқыту* мағынасында жұмсалған. *Ағарту* етістігінің дәл осы мағынада әдеби тілімізде тұрақтануында "Айқап" журналының қызметі ерекше. Жалғыз бұл емес, оқу-ағарту саласында журнал сан алуан жаңа сөз енгізді. Оның көбі-ақ ана тіліміздің ішкі мүмкіндіктерінің негізінде жасалып отырды. Ол, бір жағынан, "Айқап" журналының халқымызды оқу-ағарту ісіне шақырып, сол жолда елге қызмет етудегі мақсат бағытынан да айқын көрінеді. Халық арасында оқу, білім алу ісін өркендету, әсіресе ескі мұсылманша оқудан гөрі жаңаша, европа халықтарынан үлгі-өнеге алу, сол жолда оқу сияқты мәселелер "Айқап" журналының көтерген өзекті проблемаларының бірі болып саналады. Тіпті "Айқап" журналының оқу-ағарту ісін, халықтың білім алу қажеттігін сөз етпеген бірде-бір номері жоқ деуге болады.

Журнал қазіргі заманда ел болудың кілті білімде, өнерде, оқуда деп уағыздады. Сондықтан да оқу-ағарту саласына байланысты сөздерді мейлі ол кірме сөз болсын, мейлі жасанды лексема болсын, "Айқап" журналының көптеп қолдануы заңды да. Өзге мысалдарды да осылайша талдауға болады.

Нисап сөзінің қазіргі қанағат, тойымдық мағынасынан гөрі шегіне жету, білімі толысу, білім дәрежесі мағынасында қолданылған тәрізді. Берілген мысалда *ғылыми нысапқа толмаған* деген тіркес қажетті білімі жоқ, білім дәрежесі төмен мағынасын білдірген. *Кеш* сөзі де бұл жерде жаңа мағынада, яғни сауық жиыны, бас қосу жиыны мағынасында қолданылып отыр. Бұл сөздің осы мағынасы ана тіліміздің материалы негізінде туып тұрса да, оған орыс тіліндегі "вечер" сөзінің де әсері жоқ емес. Қазіргі әдеби тілімізде бұл сөз дәл осы мағынасында берік еніп, мықты орын тепті.

Кеш сөзінің дәл осы мағынасында тек бұл кезеңдерде әдеби тілге ене бастауын көрсете алатын мынадай фактілер бар. XIX ғасырдың соңғы бөлігінде шығып тұрған "Дала уәлаятының газетінде" *кеш* сөзі қолданылмай, оның орнына *тамаша* не *ойын* сияқты сөздер қолданылған. Бұған мынадай мысал дәлел бола алады. Мужской гимназияда, яғни еркек балалар оқитұғын жерде 3-ғинуардың түнінде 1888 жылы бек *тамаша ойын* қылғанлар (ДУГ, 1888. 1 июль). Орысша аудармасында бұл тіркес "Литературный вечер" деп берілген. Ал XX ғасырдың бас кезіндегі баспасөз тілінің өзінде *кеш* сөзі кейде араб, иран тілдерінен енген *ахшам* сөзімен ауыстырылады. Мысалы: Әдебият *ахшамы* (Қазақстан. 1912. 21 февраль). Осының өзі *кеш* сөзінің тілімізге орнығып қалыптасуында қызық кезеңдер болғанын, тарихы бар екенін байқатады.

Қазіргі уақытта бұл сөздің сөзжасамдық, тіркесімділік қабілеті кеңейді. Ол *әдеби кеш* дегеннен басқа *сауық кеші, музыкалық кеш* немесе белгілі бір мүшел тойға, датаға, тойға байланысты тіркестер құрамында жиірек қолданылатын болды.

Осындай жаңа мағынаға ие болған сөздер *серік* және *кеңес,* т.б. Осы тәріздес әр мағынада қолданылған сөзге *майданды* да жатқызуға болады. Мыс.: "Айқапқа" айтар өкпеміз болса, халық *майданына* қоймай-ақ өз аралықтарымызда да бітірсеңіздер де болатұғын еді ғой (Айқап. 1914. №7. 118-б.). Енді бұрынғы замандағы һәм осы күнгі ақылды, ойлы кісілер дүние жайынан өздері сынау-тәжірибе ету мекен табқан халыққа файдалы болған ойларын, фікірлерін уәм кім білуб файдалансун, күн елту жолын түзесек деб кітап қилуб жазуб *майданға* шығарған (Сонда. 1913, №8. 171-б.). "Айқап" журналында халыққа ықыласы бар қалам ұстаған жаңа фікірлеріміз халқымыздың файдасына осыны істелік деб көб сөзлер жазып *майданға* салды (Сонда. 1912. №2. 1-б.). *Майдан* сөзі парсы тілінен қазақ тіліне бірнеше мағынасымен енген. Қазіргі әдеби тілде солардың ішінен

соғыс даласы, ұрыс болған жер деген мағынасы көбірек қолданылады. "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі" негізінен бұл сөздің осы мағынасын ғана береді. Сонымен бірге әдеби шығармаларда *майдан* сөзі тойтарыс беру, бетін қайтару, жеңу мағынасында да кездеседі. Оған М. Әуезовтің "Еңлік – Кебегіндегі" мына жолдар дәлел. Матай қолын бастап келе жатқан өңшең ығай мен сығай көкжал бөрі дәл жортуыл басы он бес батырға жалғыз өзі *майдан* берген. Сол сияқты бұл сөздің алаң, жалтыр мағынасы да жоқ емес. Ауыз әдебиетіне жататын "Жар-жар" өлеңінде кездесетін: Есік алды қарасу. *Майдан* болсын жар-жар, дегендегі *майдан* осыны көрсетеді. *Майдан* сөзінің бұл мағынасы Абай шығармасында да кездеседі. Астында дария – көк *майдан?* Үстінде сәуле – алтын күн.

Демек, "Айқап" тілінде *майдан* сөзінің талқы, талас, көптің пікірі, жариялау, пікір таласы сияқты мағыналарда қолданылуына таңдануға болмайды. Бірақ бұлай қолданудың өзі тұрақты бола бермейді. Жоғарыдағы үш сөйлемдегі *майданның* бір-бірінен ептеген болса да мағыналық өзгешеліктері бар. "Айқапта" кейде бұның орнына басқа сөз де қолданылып отырады. Мысалы, бұл істердің барлығының да хата екендігі айтылыб, ...ел болыб мынадай *пригавор* бойынша іс жүргізуге қаулы қылысды (Айқап. 1915. № 5. 76-б.). Бұл жерде әшкерелеу, жұртқа жариялау, жұрт талқысына салу мағынасында *халық (жұрт) майданына қою* тіркесімен синонимдес қолданылған.

"Айқап" журналының сөз қолданысындағы тағы бір ерекшелік, әдетте көп қолданыла бермейтін, бірақ әдеби тілде бар сөздердің, сондай-ақ көне түркі тілінде, жазба мұраларда молынан қолданылған, көне формалы сөздерді жандандыра түсу тенденциясының байқалуы. Мысалы, *кісі құны жүз түйе деб, жүз түйеге баһалаб екі жүз байтал кескі қылды* (Айқап. 1913, №2. 41-б.). *Қазақдан миллионер бай жоқ; шебер муһандес* (ар. құрылысшы. архитектор, геометр – *Ө. А.) жоқ, маһир доктор жоқ, адал адвокат жоқ бу неден* (Сонда. 1912. №8. 203-б.)? *Мубада* (п. әлдеқалай, кейде бір – *А.Ө.) оқуб, жеңсігі басылған біреуде бар болса, хабарын білсем, пұлын төлеб алар едім* (Сонда. 1913. №8. 185-б.).

Кескі, майыр, жеңсік сөздері қазіргі жазба әдебиетте қолданылмай ұмыт қалып келе жатқан сөздер деуге болады. *Кескі* сөзі қазіргі қолданылып жүрген *үкім* дегенмен синонимдес, бірақ екеуінің айырмашылығы да жоқ емес. Бұл екі сөз екі дәуір құрылысына байланысты. *Кескі* – көне заман төрелігіне байланысты болса, *үкім* – жаңа заманның заң, право органдарының ісімен байланысты. Бірақ осыған қарап, *кескі* сөзін әдеби тілде қолданудың ешбір қажеті жоқ деген пікір болмаса керек. Өйткені бұл екі сөздің мағыналық жағынан өзгешеліктері жоқ емес. *Үкім* сөзі айыптап та, арашалап та қабылданған шешім болса, *кескі* – айыптап қабылданған шешім. Бұл – қазақтың төл сөзінен жасалған етене лексема. *Кес* деген етістік түбірге зат есім тудыратын *-ік* жұрнағы жалғанып, оның үстіне қатыстық сын тудыратын *-і* жұрнағы үстеліп барып жасалған. Кейде ол соңғы -і жұрнағынсыз да қолданыла береді. *Мұндай сұмдыққа қазақ айтқан жол жоқ. Кесігін де айтпапты, – деді... Жаңағыдан әрі жазылған жоқ. "Пәлен етем" деп кесікті байлауын да айтпады* (М. Әуезов. Абай жолы. I т., 25-26-бб.).

Көркем сөз шебері, тіл білімпазы, нәзік талғамды М. Әуезов *кескі (кесік)* сөзін көдеге жаратып, құбылтып қолданған. Бұл сөзді тек атау күйінде терминдік мәнде ғана емес, одан сын есім де туғызып, жаңа тіркес құрамында да жұмсаған.

Майыр сөзі о баста араб тілінен енгенімен де кейін әдеби тілден орын алған, ұста, шебер, өнерлі мағыналарында қолданылып жүреді. Бір өкініштісі, осылардың бірде-бірі "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне" енбей қалған.

Жеңсік сөзі де сирек қолданылатын сөздің бірі. Құмарлық, сүйген іс мағынасында қазіргі жазба әдебиетте де кездесіп қалып отырады. Бір қызығы, бұл сөз жазба әдебиет, баспасөз тілінде қолданылуының арқасында жаңа тіркестер құрамында қолданылып, тіркесімділігі арта түсті.

Сол сияқты көне тіл элементтерін қайта жаңғырту тенденциясы да байқалады. Қазіргі жазба әдеби тілде кездеспейтін немесе басқа формада жұмсалатын сөздердің "Айқап" тілінде қолданылуы да жиі ұшырасып отырады. Оның белгілі бір негізі де жоқ емес. Жалпы "Айқап" журналы тіл туралы жарияланған кейбір мақалаларында болсын, практикалық ісінде болсын түркі тілдерінің бір-біріне сөздік құрамы, грамматикалық құрылысы жағынан да алшақтап кетпей, қайта жақындата түсу бағытында болды. Бұл позиция журналдың орфограммасынан да анық байқалады. Көптеген қосымшаның қажет деген жерде – қатаң, кейде ұяң варианттары жазылмай, тек сонор (ұяң) дыбыстан басталатын түрлерінің қолданылуы осыны көрсетеді: *қарттар* емес – *қартлар* я *қартдар, халыққа* емес – *халыққе; бастырушы* емес – *басдырушы, облста* емес – *облусда, білікті* емес – *біліклі* т. б. Басқаша сөзбен айтқанда, "Айқап" журналы сөздің жазылуында ортағасырлық түркі әдеби тілі дәстүрлерін сақтауға тырысқан. Бұл жеке лексемалардың қолдануынан да байқалады. Бірнеше мысалдар: Мен бұл сөзлерді дұспандық менен жазыб отырғаным жоқ, замандасдарымның *ансыздығына* көңілім ренжігеннен жазыб отырмын (Айқап. 1914. №22. 205-б.). һәр *кешінде* татар *қарындастарымыздың* көздері ашылуб, файда-зарардың арасын айырарлық адамдарды жетісуб дін, дүния оқуының керегін түсінген кісілері көбейе бастады (Сонда. 1913. №9. 194-б.). Сондай закон біздің Руссияда да тузулуб жатыр (Сонда. 1912. №2. 198-б.). *Үшбу* Қаражан ақсақал өзі қарт, балалары жас еді (Сонда. 1912. №11. 255-б.). Біздің қазақ Руссияға *табиғ* болғаннан бері, бұрыннан да Оралдың тауынан күншығысқа қарай Қытай *границиясыне* шейін жайылған, мал асырауменен күн көрб көшуб жүрген халық еді (Сонда. 1912. №2. 42-б.).

Аң сөзі осы түбір тұлғасында көне түркі жазба нұсқаларының көбінде-ақ *ой-өріс, білім, сана, ақыл* мағыналарында жұмсалған. Мысалы, Махмуд Қашқари сөздігінде ол сөз түсіну, білу, Орта Азиялық тефсір, Сейф Саран шығармасында, "Қосырау мен Шырын" тілінде, Абу-Хаяннның грамматикасында, "Құдатғу білік" дастанында, Әбілғазы мен Қадырғали Жалайыри еңбектерінде т. б. бірде *ақыл-ой,* бірде *білім, ес,* бірде *еске түсіру, ойлану, ақыл қорыту, пайымдау* мағынасында қолданылған. Атау тұлғасында және *-сыз (аңсыз)* қосымшасын жамылып *аң* сөзі қазақ баспасөзінде 1920 жылдарға дейін қолданылып келді. һәм миллиондаған халықты әсіресе шет ұлтдарды қалайша қараңғылықпен *аңсыз надандық* да өз файдаларын білмесдей меңіреу, керектерін сұрай алмастай мылқау етіб ұстау қамында болыб сонымен ғана шұғылданды ("Мұғалім". 1919. №2. 25-б.). Кейінгі кезеңдерде сөздің мұндай түбір тұлғалары (ақыл, ой-өріс, білім мағыналарында) қолданылудан біртіндеп шығып қалды. Қазіргі әдеби тілімізде бұл сөздің *аңдау, аңғару* сияқты тұлғалары *байқау, пайымдау, абайлау, сезу, түсіну* мағынасында қолданылады. Қазіргі қырғыз тілінде ғана *ан* сөзі ақыл-ой, сана мағынасында түбір күйінде сақталған.

Қарындас сөзінің "Айқап" қолданған мағынасы да өзгеше. Көне жазба ескерткіштерде бұл сөз қазіргі қазақ тіліндегідей өзінен жас жағынан кіші әйел туыс қана емес, жалпы туыс оған аға да, іні де, ана да, қарындас та, сіңлі де кіреді. "Айқап" бұл сөзді кеңірек мағынада қолданған. Бұлай қолдану жалғыз "Айқап" тілінде ғана емес, бұл кезеңдерде шыққан басқа да жазба әдебиет тілінде ұшырасады.

Түзу етістігінің қолданылу аясы *аң* сөзіне ұқсас. Бұл етістік те құрастыру, жинау, жазу (составитель, *сочинять)* мағынасында қазақ баспасөз тілінде 1920 жылдарға дейін қолданылып келді. *Ол бір үлкен аэропланын түзген көрінеді* ("Еңбекші қазақ". 1923. 30 июль. 1-б.). Қазіргі әдеби тілде *түзу* сөзі осы мағынасында қолданылмағанымен, көптеген түркі тілдерінде (өзбек, ұйғыр, башқұрт, қырғыз, татар, т.б.) жұмсалады.

Табиғ, тапух сөзінің мағынасы А.А.Семеновтың көрсетуінше, тек қызмет ету (служить, услуга) ғана емес, оның терминдік те мәні болған. Юсуб Баласағунның "Құтадғу білігінен" бастап, кейінгі дәуірлерге жататын жазбалардың көбінен бұл сөз кездесіп отырады. Соның қай-қайсысында да бұл сөз қызмет ету, қызмет көрсету дегеннен гөрі жалбарыншы болу, табыну, бас иіп тағзым ету сияқты мағыналарда қолданылады. *Табиғат (тапуғ)* сөзінің тұрақтанған белгілі терминдік мәні жайында А.А.Семенов мынадай мәлімет келтіреді. Парсы тарихшылары Мирхонд мен оның немересі Хондемирдің еңбектерінде Тимурид Султан Хусейн мырза Дешті қыпшақтың ханы Абулхайыр ханға барғанда *табиғ (тапуғ)* жасағаны көрсетіледі. Улуғ хан алдында бас киімін алып, қолымен құлағын ұстап, еңкейіп келіп тағзым етеді. Бұл сөз осы дәуірде белгілі бір тұрмыстық ұғымды білдіретін дараланған термин болған. Сондықтан оның беретін мағынасы қызмет ету, қызмет көрсету емес, толық бағынышты, қарауында болу, бағынышты қызмет, қоластында болу сияқты[14].

Бұл сөздің осы мағынасына қазақ тіліндегі онымен түбірлес *табыну* сөзі жақын. Бұнда да қызмет ету емес, соған берілу, сол жолда құлдық ету, құлшылық ету, жанын пида қылу дегенді меңзейді.

Б. Майлиннің "Шұғаның белгісіндегі" Шұғаның мына бір сөзі де осымен мағыналық шығуы жағынан төркіндес екенін көрсетеді. Басқан ізінді *тауаб* етеді дегейсің, Әбіштің етегінен ұстағанмын. Ал "Айқап" тілінде *табиғ* сөзі бұл мағыналарында емес, жаңа мағынасында жеке адамның емес, бүкіл бір елдің екінші мемлекет қоластында бағынышты ел мағынасында қолданылғанын көреміз.

"Айқап" журналы жаңа сөз жасаудың морфологиялық жолына үлкен мән бергендігі байқалады. Бұрыннан сөз жасау практикасында қолданылып келген төл және кірме жұрнақтардың жаңа сөз тудырып, сөзге жалғану өрісі кеңейе түскенін көреміз. Яғни "Айқап" журналы беттерінде жұрнақ арқылы жасалып, алғаш қолданылған жаңа сөздердің көбі-ақ әдеби тіліміздің берік орын алды. Ал кейбіреулері сол кезең шеңберінен шықпай қалды. "Айқап" тілінде жаңа сөз тудыруда *-шы, -ші* жұрнағының қызметі арта түсті. Бұрын жазба тілде қолданылмаған *-шы, -ші* арқылы жасалған туынды сөздерді "Айқап" бетінен көптеп кездестіруге болады. Мысалы: бұл *үш тобшыны* тобшылап қарағанда бастабғы екі *тобшы* (фікірі) бірыңғай *болса да,* Әлжанов тобшысы қарағанда басқарақ көрінеді ("Айқап". 1911. №7. 4-б.). Оқушылар мұның турасында һеш бір дыбыс шығармай, жәй *тыншы* болыб не дұрыс, не бұрыс демей жүріб жатыр. (Сонда. 5-б.). Бұл мысалдағы *топшы, тыңшы* сөздері жазба әдеби тілге орныгып қала алмады. *Топшы* сөзі пікір, жоба мағынасында қолданылған, қазақ тілінде осы сөзден туған *топшылау* етістігі жұмсалады, бірақ қалыптасып қалған әрі терминдік мәні бар араб тілінен келген *пікір (фікір)* сөзінің орнын толық баса алмады. *Тыңшы* сөзінің осы мысалда берілгендей тыңдаушы мағынасында тұрақтай алмауының басты себебі оның екінші жағымсыз мағынада (жасырын бақылаушы,

14. *Семенов А.А.* Уйгурское "табук" (тапук) и его историко-бытовая параллель в языке узбеков XV в.; *Белек С. Е.* Малову// Сб. статей. Фрунзе, 1946. С. 55-56.

аңдушы) әдеби тілде қолданылуы деп білеміз. Ерте кезден бастап күні бүгінге дейін қолданылып жүрген *тыңдаушы* сөзін тар мағынада яғни белгілі бір шығарманы тыңдаушы мағынасында, *тыңшы* сөзі арқылы беру тенденциясы XX ғасырдың басындағы жазба әдебиет тілінен байқалады. Мысалы С.Торайғыровтың "Кім жазықты" романы мына жолдармен ашылады: Бір сөзім бар шалдуар, Болмаса да *тыңшысы,* Бұ күнде жоқ соң туар, Роман мен сыншысы. Бұл жердегі *тыңшы* сөзі кейбір зерттеушілердің көрсетулеріндей *сыншы* сөзіне тек ұйқастыру үшін алынып отыр деп қарауға болмайды. Ұйқас қажеттігі де бар шығар, дегенмен бұл сөздің колданылуы мен "Айқап" бетіндегі қарасөзде кездесетін *тыңшыны* салыстыра қарау қажет.

"Айқап" бетінде *-шы, -ші* жұрнағы арқылы байырғы сөздерден жаңа сөз иә жаңа мағына жасалып отырады. Мыс.: Бұл – төренің *арызшы* халықдан жылдамырақ құтылуға істеген ісі екенін қайдан білсун (Айқап. 1913, №8. 175-б.). Ел арасындағы *егушілерге* ектірмеу жарамайды (Сонда. №3. 60-б.). Ерлерден музыка *ойнаушы* көб еді (Сонда. 1915. №3. 40-б.).

Арызшы сөзі бұл жерде бұрыннан қолданылып келген арыз, арызқой сөзінің мағынасынан мүлде бөлек. Ол тек арыз беруші, арыз иесі дегенді білдіреді. Яғни тіркес арқылы беріліп жүрген ұғымның орнына *-шы* жұрнағы жалғанған бір-ақ сөз қолданылған. *Егуші* сөзі де бұл кезең үшін жаңа сөз, ол медициналық термин мәнінде жұмсалған. *Музыка ойнаушылар* тіркесі орыс тіліндегі *музыкант* сөзінің орнына қолданған. Бірақ бұл тұлғада жұмсалуының өзі де тұрақты емес. Бірақ *музыкаға құмар ойнаушы* болып жалпы мағынасы сақталып, бірде *музыкашы* болып орыс тілі арқылы енген сөзге *-шы* жұрнағы жалғанып қолданылады. *Музыкашылар* һәр уақыт жиналыб, өздері мәжіліс жамиғад жасаб сөйлесіб, кем-кетігі болса толтырыб, үйренісіб тұрушы еді... *Музыкаға құмар ойнаушылар* да көбейіп өрши берді (Айқап, 1915. №3. 40-б.).

"Айқап" журналының тілінде *-шы, -ші* жұрнағы байырғы сөздерге жалғанып қана қолданбайды. Сонымен бірге басқа тілден ауысқан кірме сөздерге, әсіресе сол кезеңде орыс тілі арқылы келген сөздерге де жамалып жұмсалады. Мысалы: *Эспирантошылардың* қазір Русияда да жиылысдары, курслары бар (Айқап. 1913. №9. 200-б.). Русларда *газеташылардың* мынадайлары бар (Сонда. 1912. №9. 200-б.). Қант, нефт, керосин, темір, қаңылтыр саудагерлері хатты олар ғана емес, *монуфактуршылар* (аршын бұйымшылары) дын өзара бірігулері һәр кімге белгілі (Сонда. 1912. №13. 289-б.). Бұл жол себеблі *фабрикшілеріміз* шетден арзан нәрсе келер деб қорқынышы болмаған соң нашар нәрселерін қымбат баһаға сатады (Сонда. 1912. №33. 289-б.).

Бұл мысалдардан *-шы, -ші* жұрнағы "Айқап" беттерінде орыс тіліндегі кейбір қосымшалардың *(нт, ист, чик, щик* т. б.) баламасы ретінде жұмсала бастағанын көреміз. Кейде осының өзі әрдайым тұрақты бола бермейді. Бірде ол тұрпайы қазақшаланып (қараңыз: *аршын. бұйымшалар),* бірде орыс тіліндегі күйінде беріледі. Бірақ түбінде Мәскеу *фабрикантлары* алар шығар, неге десеңіз олардың сөзі тыңдамдырақ болса керек (Айқап. 1912. №10. 229-б.). Бұның өзі "Айқап" журналының сөз жұмсаудағы алуан түрлі ізденісін, соның ішінде тиімді жолын қарастырғанын көрсетеді. Әдеби тілдің дамуындағы бұл принцип кейінгі жылдардағы баспасөз тілінде де дами түсті. *-Шы, -ші* қосымшасының мұндай қызметі қазақтың алғашқы баспасөз тілінде де кездеседі. Мысалы, "Дала уәлаятының газеті" беттеріндегі редакциядан деген мағынада *газет шығаратындардан* дегенмен бірге *газетшілерден соң* қолданылып отырады. "Айқап" журналында бұл мағына *басқармадан* деген сөзімен беріледі.

"Айқап" бетінде *-шы, -ші* жұрнағынан басқа да қосымшалардың жаңа сөз жасауда жиі пайдаланылып отырғанын көреміз. Олар, негізінен мыналар: *-ша (-ше), -лық (-лік), -шылық (-шілік).* Оған мына төмендегі бірнеше мысалды келтірсек те жеткілікті. *Жер жанартау* үшін жазылған кітаб уа ғайри онға жақын өкей *диқаншылық* хақында шығарылған майда-майда *кітабшаларды барлығын* біріктіріп үлкен һәм тәртібді қылыуб жазыб, кем жерлері болса, басқа жақдан толықтыруб басылса, қазақ үшін көб қолай болар еді (Айқап. 1912, №10. 236-б.). Сол сияқты *еркіншілік, көшпелілік, мәденилік, бәдуилік, солдатлық, мұғалімдік* дегендердегі анық көрінетіндей, бұл қосымшалар алуан түрлі мағыналық реңк пен қызметте жұмсалған. *-Ша* жұрнағы кішірейткіш мағына беріп тұр, оны аңғарта түсу мақсатымен "Айқап" ол жұрнақ жалғанған сөздің алдына *майда-майда* деген анықтауышты қолданған. *-Шылық, -шілік* қосымшасы әдеттегі кәсіпті мамандықты білдірумен қатар (диқаншылық, көпшілік) дерексіз абстракты, жинақтық ұғымды да көрсетуге бейімденгені байқалады. Сол сияқты *-лық, -лік* қосымшасы қатыстық мағынамен қатар жинақтық, абстракты ұғымды қоса көрсетуге бейімделген.

"Айқап" тілінде кездесетін өнімді жұрнақтардың бірі – есім сөздерден етістік тудыратын *-ла/-ле, -да/-де, -та/-те* қосымшасы. *Ол* жұрт оқиды, *өнерленеді,* тірі болады (Айқап. 1912, №5. 113-б.). Бұл сауалға кесуб жауаб беру қиын болса, *жосбарлаб* бірнеше сөз айтуға болады (Сонда. 1911. №10. 7-б.). Сатура жұмсарлық жерлер Торгай, Ақмола облусларында һәм Тобыл гүбернасында бес жүз мың *десетинелеб* есебтеледі (Сонда. 1913. №4-5. 73-б.).

Жалпы осы жұрнақтар арқылы жаңа сөз жасау процесі – өте көне құбылыс. Көне жазба мұраларымызда қазіргі әдеби тілде қолданылмайтын туынды сөздер көптеп ұшырасады: *атлат — атқа отырғыз (Тоньюкук), елге (елде) — ел құру, одақ құру* (Күлтегін), *сүле — әскермен* жорыққа аттанып соғысу, *қағанла* — хан болу (Күлтегін), (Тоньюкук) т. б.

Өнер сөзінен туған етістік кейінгі кездегі баспасөз тіліне қабылданбай қалды. Сол тәрізді *десятина* сөзінің тілге енбей қалуымен байланысты *десятинелеп* етістігі де тұрақты орын ала алмады. *Жоспарлап* етістігі "Айқап" тілінде болжау, топшылау мағынасында қолданылса, кейінгі кезде ол сөз істелетін істі алдын ала жүйелі түрде жобалау мағынасында қалыптасты.

"Айқап" тілінде сөз жасау процесінде осындай байырғы қосымшалармен бірге араб, иран тілдерінен ауысқан формаларды қолдану да жиі кездесіп отырады. Мысалы, Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деб көрсетбей, есті деб қадірлі етуб көрсетуге тырысыңдар (Айқап. 1913, №13. 294-б). Қуанушы едік: бізден де Писарев, Белинский, Добролюбовтар шығуб, жолдан тайған *жазымпаздардың* қаламын тузеб тұрады ғой деб (Сонда. 1914, №2. 24-б.). Осы аталған бес түрлі кеңес хақында жазылған *қарарнаме* уездный начальникнің қолына табсырылды (Сонда. 1912. №2. 41-б.). Жақын жерде натариус тұрса оған баруб наториальный *өсиетнама* жаздырған артық (Сонда. 1913. №6. 212-б.). Осы күнге сахара *низамнәмесі* өзгерілуге лайық ба? (Сонда. 1913, №10. 222-223-бб.). Қазақ мектеблерінде шәкірд балаларға марқұмның *ғұмырнәмәсі* оқылыб, халыққа қадірі, қымбаты қандай екендігі түсіндірілді (Сонда. 1915. №2. 17-б.). Қираатхананың жоқдығын жазыбды (Сонда. 1914. №24. 140-б.).

Осы мысалдардың өзінен-ақ "Айқап" тілінде *-паз, -наме, -хана* тұлғаларының сөз тудырғыштық қызметі біршама кең болғандығын байқаймыз. *Әнпаз, жазымпаз* сөздері қазіргі *әнші, ақын-жазушы, көркем сөз шебері* дегендердің орнына қолданылған. Әрине, кейінгі жылдары бұл сөздер осы мағынасында жазба әдеби

тілде қалыптасып, тұрақты орын ала алмады. *Жазымпаз* деген сөз қазіргі жазба тілде жазушы емес, көп жазушы, жылдам жазатын деген ұғымды білдіреді. Бірақ *-паз* қосымшасы қазіргі баспасөз тілінде жаңа сөз жасауға мүлдем қатыспайды деуге болмайды. Газет-журнал беттерінде осы жұрнақ арқылы туған жаңа терминдер де қолданылып отырады. Футболдан "А" класының екінші тобындағы *жеңімпаздардың* ақтық ойындары әр түр сайын шиеленісе түсуде (СҚ. 1967. 29 октябрь.). Бұл жерде *жеңімпаз* сөзі тек победитель мағынасында емес, сонымен бірге оның терминдік мәнін де сақтап тұр. *Қарарнәме, өсиетнәме, низамнәме, ғұмырнәме* сөздеріндегі *-нәме* тұлғасы түп-төркініндегідей жазылған, жазба түрдегі деген мағынаны "Айқап" тіліндегі қолданысты да сақтап тұр. Яғни бұл сөздер жазылған қарар, жазылған өсиет, жазылған заңдар (уложение), жазылған өмірбаян деген мағынада колданылған. Осы мәнде бұл қосымшаларды қолдану тәжірибесі қазақтың алғашқы мерзімді баспасөз тілінде де болған. Жетісу облысының почта бастығы мәлім қылады. *Мәлімнәме* (ТУГ. 1876. 27 март.). Жария *бұйрық нәме,* яғни циркуляр дала уалаятын билеп тұрушы (ТУГ. 1888. 1 январь). Түркістан генерал-губернаторының *бұйрықнәмесі* (ТУГ. 1870. 30 ноябрь). Бірақ бұлай қолдану әрқашан жүйелі түрде сақтала бермейді. Циркуляр яғни жария бұйрыққа (ТУГ. 1888. 19 февраль).

"Айқап" тіліндегі *-хане* арқылы сөз тудыру процесі одан әріректегі жазба тілде, баспасөз беттерінде кездесіп отырады. Мысалы, "Дала уәлаятының газетінде" *баспахана* деген сөз *редакция* мағынасында қолданылған. *Баспаханадағы хат* (Дала уәлаятының газеті. 1889. 21 июль). Ақмола облысы газетінің *баспаханасына* (Сонда. 1890. 5 январь). "Дала уәлаятының газетінде" кейде *редакция* сөзі де кездеседі. Құрметлу Дала уалаятының *редакция* газетінің мекемесіне мағлұм етіб, көп пайдасына жазамын (Сонда. 1900. 20 февраль).

"Айқапта" қолданылған *кираатхана* – оқу үйі, оқу залы мағынасын білдіреді. Өйткені *қираат* – араб тілінде оқу, XX ғасырдың бас кезіндегі жазба әдебиеттер тілінде бұл сөз осы мағынасында қолданылды: мектептерге арналған оқу кітаптары мен хрестоматиялар *қираат кітабы* деп аталды. Ал *оқухане,* "Айқаптың" өзі түсіндіруі бойынша түркі әдебиеттерін *оқудың үйірмесі* (кружок по изучению тюркско-татарской литературы). Жазба әдеби тілге "Айқап" қолданған *науқасхана* (больница) енбей, осы үлгімен жасалған *аурухана* сөзі қалыптасты.

"Айқап" тілінде жаңа сөз жасаудың басқа түрлерін де байқай аламыз. Ол сөзді қосарлап, біріктіріп қолдану немесе бір мағынаны білдіру үшін атаулық тіркестер құрау. Қай милләтді қарасақ да һәр бір іске ынтымақ қылуб, *ғазате-журналларнын* көбдігін көреміз (Айқап. 1913. №6. 127-б.). *Енді* бұрынғы замандағы һәм осы күнгі ақылды, ойлы кісілер дүния жайынан өздері *сынау-тәжірибе* ету менен табқан халықға файдалы болған ойларын, фікірлерін һәр кім білуб файдалансун күн елту жолын түсесін деб кітаб жазуб *майданға* шығарған (Сонда. 1913. №8. 171-б.). Үшінші тілегім журналға русша жазуды қоя туруб, русша білімі бар жігіттеріміз хүкіметдің *жер алу, мектеб, медресе, оқу, оқыту* секілді уа ғайри біздің тіршілігімізге керегді *низам – бұйрықдарын* қазақша аударыб, "Айқапқа" жазуб тұрсалар екен (Айқап. 1913. № 6. 125-б.). *Заң – закон* күннен-күнге жанарыб басқаланыб барады (Сонда. 1913. №10. 225-б.). Болмаса тағы қандай *жол-жоспар* бар, тасламай ортаға салу керек (Сонда.1911, №7. 5-б.). Дүнияда тұруға бірінші тірек болған *промышленность,* яғни *һөнер кәсібі* бізде жоқ (Сонда. 1932. №13. 289-б.). Қысқасы, қай жұртдың *баспасөзі* болса да, оның *шығарушысы* сол жұртдың ортасында бірдей барлығында бір көз менен қараб, жақсылықты бәріне бірдей

іздемекші һәрелдің заң шаруасына қарай (Сонда. 1914. №1. 8-б.). Бұл туралы біздің *үкіметіміз* қытай *хақімлеріне* өлтірген адамдардың зарарларын толықтыруды сұраб *қатты* қағаз (протест) жіберді (Сонда. 1912. №7. 165-б.). Мал өсіретін адамдарды қызықдыру үшун жер *министрі* ол жерлерді аренаға бергенди тұрақға салмай береді, әрине, байлар кедейлерге қарағанда алдарақ жүрсе керек (Сонда. 1913. №4, 73-74-бб.). Бұл неше түрлі *от кеме, от арба* жақсыдан да, жақсыны іздегеннен де табылған (Сонда. 1912. №11. 254-б.). Европаның зор қалаларының көшелерінде осы *электрик арбалар* адамдарды алып жүрді. Мұны *трамвай* деп атайды (Сонда. 1912. №6. 135-б.).

Мысалдағы *газет-журнал, сынау-тәжірибе, мектеп-медресе, низам-бұйрық, заң-закон, жол-жоспар* сияқты қос сөздер бұдан бұрынғы жазбаларда кездеспейді. Мүмкін, бұлардың кейбіреуі сөйлеу тілде жүйесіз қолданылған да шығар. Бірақ "Айқап" оларды саналы түрде өз беттерінде қолданды. Бұлардың біразы газет-журнал, кейінгі баспасөз тілінде орнығып қалса, кейбіреуі жазба әдеби тілден шығып қалды. *Медресе, низам, закон* сөздерінің әдеби тілден орын ала алмай, бір кездегі *архаизмдер* болып қалуына байланысты *бұйрық, жоспар* сөздерінің кейінгі кездерде мағынасы өзгеріп, сараланып тұрақталуы нәтижесінде *мектеп-медресе, низам-бұйрық, заң-закон, жол-жоспар* қос сөздері осы күйінде жазба тілге сіңісіп кетті дей қоюға болмайды. Дегенмен "Айқаптың" бұл тенденциясы, яғни көптеген ұғымдарын атаулық тіркестер арқылы беру, терминдік мағынадағы тіркестер жасау, кейінгі кездердегі мерзімді баспасөз тілінде ілгері қарай дами түсті. Тіркес құрамындағы кейбір сөздердің арасы жақындасып, бірігіп кетті. Сөйтіп, олардың біразы жаңа сөз жасаудың тағы бір түріне, сөздерді біріктіріп қолдануға мүмкіндік туғызды. Мысалдағы *баспа сөзі, өнер кәсібі* дегендер, міне, сондай эволюцияны басынан кешірді. "Айқап" тілінде бұлар біріккен сөз емес, изафет үлгісімен құралған атаулық (яғни бір ғана заттық мағынаны білдіретін) тұрақты тіркестер. Кейінгі кездердегі мерзімді баспасөз тілінде бұл текстер *баспасөз, өнеркәсіп* тұлғасына өзгеріп, біріккен сөз болып кетті.

Протест сөзінің мағыналық ерекшеліктерін толық қамту мақсатында *қатты қағаз* деген тіркес алынған. Бірақ бұл тіркестің терминдік мәні солғын болғандықтан, тіркеске түскен екі сөздің мағыналық үйлесімділігі мен олардың беретін мағыналары толық ескертілмегендіктен, тіркес бұл тұлғасымен жазба әдеби тілге сіңбей қалды. *Қатты қағаз* деген тіркес өзінің тура мағынасында (қағаздың өз сапасы) қолданылатындықтан, *протесті* толық бейнелеп бере алмады.

Ал *жер министрі* үлгідегі тіркес кейінгі кезеңдерде кең өріс алды. Жаңа атаулардың келуімен байланысты осы үлгіде терминдік мағынада көптеген жаңа тіркес туды: *қара металлургия министрлігі, оқу-ағарту министрлігі* т. б.

От арба, от кеме, электр арба тіркестері орыс тіліндегі *поезд, пароход, трамвай* терминдерін беру үшін қолданылған. Бұлардың кейбіреуі бұдан бұрынғы жазбаларда да ұшырасады. Бірақ оларда да бірыңғай емес, әр тұлғада кездеседі. Орыс газеттерінде Ташкентке *темір арба* жүруге қайсыбір жол жақсы болар (ТУГ. 1876. 17 июнь). Орыс газеттерінде айтылыпты. Орынбордан Түркістан жағына жүретұғын *от арбасын* шақырыпты (ТУГ. 1880. 17 апрель).

Ең алдымен қазақ тілінде *поезд* дегенді беру үшін *от арба* сөзі қолданылады. Кейін осының үлгісімен *от кеме,* ал "Айқап" бетінде *электрик арба* сөздері туды. Бұлардың кейбіреулері 1920 жылдағы мерзімді баспасөз тілінде де жиі қолданылып отырды, бірақ бұлар соңғы кездегі мерзімді баспасөз тілінде, сондай-ақ жалпы жазба әдеби тіліне енбей қалды.

Кейін орыс және орыс тіліне енген сөздердің өзін алу үлгісі де болды *(поезд, пароход, трамвай)*. "Айқап" тілінде туған я бұрын да епте қолданылып келген бұл сияқты атаулық тіркестер орыс тілінде бір ұғымды заттың атын білдіретін жеке сөздің я біріккен сөздің орнына алынды. Бұндай принцип кейінгі кезеңдердегі мерзімді баспасөздерде кеңінен пайдаланыла бастады. Соның нәтижесінде қазіргі жазба әдеби тіліміздің қажетін өтеп, көдеге асқан көптеген жаңа атаулық терминологиялық тіркес пен біріккен сөздер пайда болды.

XX ғасырдың бас кезіндегі мерзімді баспасөз беттерінде ауызекі сөйлеу тілінің, сондай-ақ әберлікті сөйлеу тілінің (диалектизмдер) элементтері де кездесіп отырады. Сөйлеу тілі элементтерінің сипаты күрделі болып келеді. Бірде жазба тілде қолдануға болатын сөз қайталаулар немесе тек ауызекі сөйлескенде кездесетін қыстырма сөздер болса, бірде сөйлем құрамы өзгеріп кетеді. XX ғасырдың бас кезіндегі мерзімді баспасөз тек қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдаланумен ғана шектеліп қойған жоқ, сонымен бірге жаңа ұғымдағы бейнелеуде бөтен тілден сөз алу процесін де мықтап дамытты. Бұдан әрине, сол кездегі газет-журналдар қабылдаған шетел сөздерінің бәрі сол күйінде толық қабылданып, жазба әдеби тілге бүтіндей сіңісіп кетті деген қорытынды тумайды. Әңгіме жалпы бағыт – баспасөздің ұстаған тенденциясы жайында болып отыр. Және бұл процесс ертеден бері болып келе жатқан тілдік құбылыс екенін де ұмытуға болмайды.

Әдетте қазақ тіліне ауысқан сөздерді үш топқа бөледі. Олар моңғол тілдерінен ауысқан сөздер, араб-иран тілдерінен ауысқан сөздер және орыс тілінен не орыс тілі арқылы келген сөздер. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің бұл үш тобының әркайсысына тән өзіндік ерекшеліктері, сипаты бар.

* * *

Моңғол тілдерінен енген тілдік элементтер, негізінен тікелей қарым-қатынастың нәтижесінде сөйлеу тілі арқылы ауысқан немесе түркі, моңғол тілдеріне ортақ, немесе моңғол тілінен ауысқан сөздер XX ғасырға дейін тілімізге біржола сіңісіп, төл сөзіміз болып кетті, болмаса жазба тілімізге енбей, сөйлеу тілден ұшты-күйлі шығып қалды. Ал XIX, XX ғасырларда моңғол тілі қазақ тіліне әсер ете қоймады. Сондықтан бұл кезеңде қазақ тіліне моңғол тілінен енген сөз жоқ деуге болады. Оның әртүрлі өзіндік себептері бар.

Моңғол, қалмақ халықтарымен қазақ халқының әртүрлі қарым-қатынасы бұрынғыдай болмады. Қазақстанның Россияға қосылуымен байланысты екі арадағы жаугершілік, шапқыншылық тоқтады. Моңғол, қалмақ тілдері қазақ тіліне қарағанда, саяси-әлеуметтік ғылым мен мәдениет, экономикалық ұғымдарды білдіру жағынан ілгері дамып, ықпал етерліктей дәрежеде емес еді. Сондықтан бұрынғы дәуірлерде еніп, қазақ тілінің байырғы сөзі болып кеткендерді есептемегенде XIX және XX ғасырлардағы қазақтың мерзімді баспасөз тілінде моңғол тілінен енген сөздер жоқ деуге болады.

* * *

Ал араб, иран тілдерінің ықпалы бұдан мүлде өзгеше. Бұл халықтар мен қазақ халқының арасында тікелей қарым-қатынас болған жоқ. Әрине, қазақ халқының құрамындағы кейбір рулардың ерте замандарда бұл халықтармен байланысы болғанмен, кейінгі кезеңде, тіпті ортағасырлық дәуірде, қазақтың халық болып қалыптасқан кезеңінен бері қарай тікелей қарым-қатынастың болмағаны айқын. Араб, иран тілдерінің қазақ тіліне тигізген әсері тікелей сөз алу емес, ол екі түрлі:

бірі – қазақ халқы жеке жұрт болып бөлінбей тұрған кездегі тигізген әсер-ықпалдың қалдығы немесе орта ғасырдағы түркі әдеби тілінің әсерлері, екіншісі – кейінгі кезеңдерде көбіне дін, діни оқумен байланысты көрші отырған түркі халықтарының (мысалы өзбек, татар т. б.) тілдері арқылы енген сөздер, араб, иран тілінің көптеген сөзі қазақ тіліне сіңісіп байырғы сөздер қатарына қосылды. Енді бір сыдырғысы тек ескіше оқығандардың сөйлеуінде, жазба тілде ғана қолданылып отырды. Бұл екі жағдайда да кірме сөздер бірде өздерінің о бастағы мағынасында ғана жұмсалса, енді бірде жаңа мағына я мағыналық леп үстеліп отырды. Мысалы, кітап о баста тек діни кітаптар болса, кейін мазмұнына байланысты болмай, жалпы кітап атаулының жинақтық атауы болды. Ол бірден қалыптасып кеткен жоқ.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы жазба материалдарға назар аударсақ, діни емес немесе орыс тілінде жазылған кітаптар, кейде оқулықтар біраз уақыт *книге* деп аталып келгенін байқаймыз. Сол сияқты *дәулет* сөзі мен қазақ тілінде *мемлекет, мемлекеттік* деген түркі мағынасының бірі қалыптаспай қалып қойды. Міне, XX ғасырдың бас кезіндегі мерзімді баспасөз тіліндегі араб, иран тілдерінен енген сөздер дегенде, дәл осы кезде бұл халықтардың тілінен тікелей ауысқан лексемалар айтылмайды. Сол сияқты тілімізге енген жалпы араб, парсы сөздері де әңгіме етілмейді. Өйткені олардың көбі-ақ бұл кезеңде сіңісіп, белгілі функционалды қызмет атқарып, жаттығын жойып кеткен.

Демек, XX ғасырдың бас кезіндегі мерзімдік баспасөз тіліндегі араб, иран тілдерінен енген сөздер дегенде, бұдан бұрын кейбір жазба деректерде қолданылмаған, әдеби тілге сіңбей қалып қойған, бірақ осы кезеңдегі газет-журналдар ол сияқты тілдік элементтерді керегіне жаратып, әдеби тілге енгізуге тырысқанын айтамыз. Сондай кірме сөздер мен тұлғалардың көбі осы кезеңдегі мерзімді баспасөз тілі шеңберінде қалып қойса, кейбірі әдеби тілге еніп, кейінгі жылдардағы баспасөз тілінде де қолданыс тапты.

"Айқап" бетінде араб, иран тілдерінен ауысқан ондай кірме сөздер тақырыбы жағынан әр алуан болып келеді. Саяси-әлеуметтік өмірге байланысты *мизам, жамиғат, куә, мүдде, мұрат, мақсұт, арыз, қарар* сияқты сөздер, оқу-ағарту, медицина саласында күнделікті өмірге байланысты *мәслихат, табиб, қираат, нисап, майдан, маһир, тәржіме* тәрізді сөздер қолданылған. Жоғарыдағы мысалдардан анық көрінетініндей бұл сияқты сөздер "Айқап" бетінде алғаш жұмсалып отырған жоқ, тек "Айқап" журналы оларды жаңа мағынада, мағыналық реңкте қолданған.

Әрине, "Айқап" бетінде ұшырасатын араб, иран тілдерінен ауысқан сөздердің саны, қолданылу шеңбері берілген мысалдармен ғана шектелмейді. Біз соның ішінде басты-бастылары-ау дегендерін алдық. Осы мысалдың өзінен кірме сөздердің қолданылу қажеттілігі мен аясы бірдей емес екендігін көре аламыз.

"Айқап" тілінде *милләт* пен *ұлт* сөздері жанаса қолданылған. ...Осындай *ұлт* ғамы үшін ашылған оқу ханаға ақша күші менен һәм тіл күшінен жәрдем беруін халықпен жүз салыб өтінеді (Айқап. 1914. №5. 1-б.). Бұл екі сөздің жарыса қолданылуы 1920 жылдардағы мерзімді баспасөз тілінде де ұшырасып отырады. Бірақ кейінгі жылдарда жазба әдеби тілінде осының *ұлт* сыңары толық орнықты. Ондай параллель сөздердің саны "Айқап" тілінде әлдеқайда көп: *Сауал – сұрау, тамам болмаса – бітпесе* т. т.

Рәсім тілімізге екі мағынасында енген болу керек: *сурет – сызылған жоспар, жоба* және *ғреже, дәстүр, салт.* "Айқап" журналы бұл сөзді алғашқы мағынасында қолданған. Бірақ қазақ тілінде соңғы мағынасы біршама тұрақталған, сондықтан мысалдағыдай *рәсім* сөзінің "Айқап" қолданған сурет мағынасы кейін қолданыс

таба алмады. *Жанаблары, мұхтарам, мархаба* сөздерінің қолданылуында кейбір ерекшелік те жоқ емес. *Жанаба* – *ұлы, құдіретті, ұлы мәртебелі тақсыр, мұхтарам* – *қадірлі, құрметті, мархаба* – *хош келдіңіз* жақсы ниет білдіру сияқты мағыналарда қолданылатын араб тілдерінің сөзі. "Айқап" тілінде *жанабалары* сөзі бұл кездегі және бұдан бұрынғы уақыттағы ресми қағаздар, хаттар, документтер тілінде кездесетін *хазіретлері* сөзінің баламасы ретінде қолданылған. Бұлай қолдануда бір жағынан араб, иран тілдерінің ықпалы болса, екінші жағынан орыс тілінің де әсері жоқ емес. Өйткені бұл сөздер ұлы мәртебелі деген мағынада орыс тілінде жиі қолданылып келген *его превосходительство, его величество* сияқтылардың баламасы ретінде жұмсалып тұр. *Тазбер* сөзінің негізгі мағыналары – басқарма, кеңес; бұйрық, құрылыс, жоспар, шара. Бұл сөз 1920 жылдардағы мерзімді баспасөз тілінде де жұмсалған. *Мағлым* сөзі *өкіл, махым* сөздері сияқты осы тұлғасында да, мәлім тұлғасында да әрдайым тілден мықтап орын алды.

Дәулет сөзінің қазақ тілінде дүние, мүлік, байлық мағынасы ғана бар да, "Айқап" қолданған *мемлекет, мемлекеттік, дәулет думасы* мағынасы енбей қалады. Қазіргі көптеген түркі тілінде соңғы мағынасы да бар ("Айқаптың" *дәулет* сөзін мемлекет мағынасында қолдануы басқа түркі тілдерінің әсері болуы керек). Бірақ бұл қолдану "Айқап" тілінде жүйелі емес, өйткені кейде оның орнына орысша нұсқасы да жұмсалады.

Министерство юстиции (қазылық уәзірі) Министрлер кеңесіне *Государственный думаның* қарауына кіргізу үшін *Ташкендски судебный округде* һәм Ақмола, Семипалат *облусларында мировой судьелар* һәм сол жерлердегі *окружной* содларда *товарищ прокурорларны,* көбейту хақында *проект* кіргізібді (Айқап. 1913. №2. 40-б.). Бұл сөйлемде тек орыс тілінен енген сөздер ғана емес (мысалы, *Государственный),* сонымен бірге сол сөздердің қазақ тіліне жанаса бермейтін орыс тіліндегі түр-тұлғалары, тіпті тіркестік үлгілері қолданылған: *-ной, -ный, -ств* тұлғалы есімдер *(Министерство юстиции).* Тіркес орыс тіліндегі күйінде алына салынған, болмаса қазақ тілінде анықтауыш *(юстиции)* анықталатын сөзінен *(министерство)* кейін еш уақытта тұрмайды. Әрине бұлардың ішінде сөйлеу тілде *мировой судья* сияқты қалыптасып кеткендері де бар.

Жоғарыдағы мысалда *хұқы – право, ерік, матбуғат – жария органдары; баспасөз* (негізгі мағынасы басылып шыққан); *ғали-тахсил – ұлы жиын, көп білім, рухани азық, сахифе – кітаптың беті, парағы* мағыналарында жұмсалған. Бұлардың кейбіреулері (мысалы *хұқық)* кейінгі жылдардағы баспасөз тілдерінде де қолданылып отырды.

"Айқап" журналында бұл сөздердің қолдануындағы тағы бір ерекшелік – олардың стильдік қызмет атқаруымен байланысты деп қараған жөн. Жоғарыда ол сөздердің біз көрсеткен баламалары мен мағыналары "Айқап" қолданған сөйлемдерде толық эквивалент бола бермейді, кейде эквивалент болған күннің өзінде де "Айқап" қолданған кірме сөздердің біразы, белгілі мағыналық реңк, стильдік бояу беріп тұрады. Соның кейбір салдарынан болса керек, араб, иран тілдерінен енген сөздер әсіресе тілімізге толық сіңісіп кеткен сөздер, "Айқап" беттерінде (жоғарыдағы мысалда *мағлұм, мәлім емес, халал, адал* емес) түпкі түр-тұлғасын сақтай қолданған. Шөңке біреуден біреу *тағлым* алуб балаларын оқыта басдар (Айқап. 1912. №14. 306-307-бб.). Ғарзамызға муафиқ май айында *жер өлшеушілер* шығуб, жерімізді өлшеб *планын* алды (Сонда. 1912. №12. 274-б.). Қай халық түсінуб ғамал етеді, қай халық түсінбей зарар етеді (Сонда. 1913. №11. 247-б.). Мысалдағы *тағлым, ғарза, ғамал* сөздері сөйлеу тілде осы мағыналарында *тәлім, арыз, амал* тұлғаларында қолданылады.

"Айқап" тілінде жұмсалған осындай кірме сөздер қолданылу шеңбері жағынан да біркелкі емес. Кейбірі бұрынғы жазба мұраларда, тіпті әдеби тілде қолданылып

келген болса, енді бірсыдырғысы алғаш "Айқап" бетінде қолданылған деуге болады. *Мағлым, махрым* т.б. және *хаслап, жанаблары, мұхтарам* т.б. Сол сияқты бұл кірме сөздердің тек "Айқап" шеңберінен аса алмай, осы аяда ғана қалып қойғандары бар *(жанаблары, мұхтарам, хаслаб, дәулет, тахсил* т.б.), кейінгі жылдардағы мерзімді баспасөз тілінде де қолданыс тапқандары бар *(миллет, тазбер, хұқы* т.б.), бірақ бұлар да жазба әдеби тілге сіңбей қалды. Енді бірсыдырғы сөздер жазба әдеби тілден түпкілікті орын теуіп жаттығын жойып, байырғы сөздеріміздің қатарын толтырды. *Рәсім – ресми, сауал, мағұлым, өкіл, халал, адал, мақұрым* сияқтылар дәл сондай сөздер.

* * *

XX ғасырдың бас кезіндегі мерзімді баспасөз тілінде күнделікті қолданылып отырған кірме сөздердің ең үлкен бір тобы – орыс тілінен тікелей енген я орыс тілі арқылы кірген шет тілдер сөздері. Орыс пен қазақ (түркі) халықтарының арасындағы байланыс, қарым-қатынас, сондай-ақ сөз ауысу процесі сонау ерте замандардан басталатыны анық. Ол мәселе көптеген жазба деректер негізінде дәлелденіп те отыр. Ал XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың публицистика тілінде күнделікті қолданылып отырған орыс тілінен кірген сөздердің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшелік, ең алдымен, сөз ауысу процесінің өзгешелігінде орыс тілінен қазақ тіліне сөз ауысу процесінен, моңғол тілдерінің, сондай-ақ араб, иран тілдерінің әсер-ықпалынан мүлде басқаша. Орыс тілінің көптеген сөзі, бір жағынан, тікелей қарым-қатынастардың нәтижесінде ауызекі сөйлеу тілі арқылы үнемі тынымсыз еніп жатса, екінші жағынан, жазба тілде де көптеп қолданылып отырды. Өйткені қазақ жұртшылығына сол кезде еніп отырған саяси-әлеуметтік, мәдени, ғылым мен техника салаларындағы жаңалықтардың көбі-ақ орыс қауымының тікелей тигізіп отырған әсерінің нәтижесі еді. Тіпті кітап бастырып шығару ісі, мерзімді баспасөздің жарыққа келіп, одан әрі дами түсуі, халық ағарту ісінің жаңа формалары, орыс қауымының ықпалынан келіп туған жаңалықтар еді. Сонымен бірге бұл тілдік процеске мықтап әсер еткен жағдайдың бірі – қазақ елінің Россия қоластында болуында, өйткені қашан да көрші отырған екі елдің мәдениеті, ғылымы, қоғамдық прогресі алда, көш ілгері, жоғары дәрежеде болған халықтың тілі екіншісіне көбірек әсер ететіні айқын. Осындай көптеген сыртқы жағдайлардың нәтижесінде моңғол және араб, иран тілдерінің ықпалы уақыт өткен сайын әлсіреп, білінбей бара жатса, яғни өткен кезеңдегі тілдік құбылыс болып қалса, орыс тілінің тигізген әсері күннен-күнге өрістеп, дамып отырған тілдік құбылыс екенін айқын көруге болады. Тілдегі о бастағы стихиялы түрдегі бұл процесті қазақ халқынан шыққан оқыған азаматтардың көбі-ақ айқын сезінгені байқалады. Соның нәтижесінде "Айқапта" жарияланған мақала авторлары орыс сөздерін именбей батыл қолданып отырған.

"Айқап" тілінде қолданылған орыс тілінен енген я орыс тілі арқылы келген интернационалдық лексиканың мағыналық шеңбері, тематикасы араб, иран тілдерінен енген сөздерден әлдеқайда көп. Ол сөздердің көбі саяси-әлеуметтік өмірге, мәдениетке, оқу-ағарту ісіне, экономика салаларына, ғылым мен техникаға, т.б. байланысты атаулар болып келеді. Оны мына төмендегі азғана мысалдар да көрсете алады: 1914 жылы қазақ халқы қала салыб *крестьян* қалыбына кірген соң, бұрын *салдат* қызметін атқарудан бостан жүрген бұл халық *салдат* хызметіне шақырылса керек еді, лəкин бас хакімлер арасында бір *проект* түзелуб тұр (Айқап. 1912. №7. 164-б.) Баршаңызға мағлым 3 июнь *каноны* бойынша жеті *облыс* қазақ

жұрты дәулет думасына өкіл сайлау хұхындан мақұрымы қалғаны (Сонда. 1912. №12. 260-б.). Бұған шет патшалықтардың істеген мата *тауарларына* мұқтаж екен, хазір Петербор, Мәскеу зор шаһарлар түрлі-түрлі *завод фабрикалардың* ұясы болды (Сонда. 1913. №9. 191-б.). Халқын байыту, *қазыналық доходды* артдыру, құрал ақша көбейту, халқын оқулы қылу жолында ...һеш нәрседен қорықбады, шаршамады (Сонда. 1913. №9. 190-б.). Ол *приговорды* хакімлер нығайтуб ақша да жинала бастаған еді (Сонда. 1932. №10. 193-б.). Оның қолыменен жабсырылған бұл қағаз қобдилар төрелер арасында барлық *наградтардан* артық көруші еді (Сонда. 1912. №8. 188-б.). Жиылған жұрт ортасынан біреуді *председатель* сайлаб мәжілісдегі сөйлеушілер сол *председателдің* һәрбір бұйрығына бой сұну тиіс (Сонда. 1913. №6. 118-б.). 1913 жылы 11 ғинуарда (далу) Әулие ата уезіндегі Асанский *туземный школ* туралы шақырған кеңес мәжілісіне член болуб сайлануб баруб едім (Сонда. 1913. №6. 132-б.). Бұл туралы *лесничийға* ғарза беру керек, жоғарыда көрсетілген *ыстатиені* айтуб бір *ауылнай* елі болуб сұрағанда оған бір я екі адам *даверенной* сайлаб, істі солар арқылы жүргізу артық болар (Сонда, 1912. №7.167-б.). *Студентлеріміздің* қалыбы мұнан да нашар (Сонда. 1912. №11. 241-б.). Не үшін десеңіз науқасының көбін *"микроб"* дейтұғын жанлар һәр түрлі құртлар файда қылатұғын осы күнде тәжірибе менен анық білінген нәрсе (Сонда. №8. 177-б.). Ішкі іс *министрі* Н.А.Маклаков хузырына *титулярный советник* Тураев кіріб Ақмола *облусының* Петропавл *уезной начальнигі* Оссовский үстінен парахор алым алады деб ғарза берді (Сонда. 1913. №6. 135-б.).

Осы азғана мысалдың өзінен экономикалық, шаруашылық жағдайларына байланысты *крестьян, базар, тауар, завод, фабрика, доход, лесничий, мануфактура, план, землемер* сияқты сөздер, саяси-әлеуметтік өмірге байланысты *салдат, съезд, проект, приговор, ыстатье* т.б., әкімшілік, ел басқару ісіне байланысты *облыс, наград, председатель, член, доверенный, уездный, комиссие, министр, советник, начальник* т.б., оқу-ағарту құралдары, ғылым мен техника, мәдениет істеріне байланысты *студент, школ, микроб, микраскоп, доктор, музыка, газет, журнал, электр* сияқты алуан түрлі сөздердің "Айқап" беттерінде қолданыс тапқанын көре аламыз. Бұдан, әрине, осы сияқты сөздердің барлығы да алғаш рет "Айқап" тілінде қолданылған екен деген ұғым тумасқа керек. *Съезд, ояз, оязный, облыс, базар, начальник, статья* сияқты сөздер бұрынғы дәуірлерде де я жазба тілде, көркем әдебиет тілінде я сөйлеу тілінде қолданылып келді."Айқап" журналы ондай сөздерді өз беттерінде қолдана отырып, сонымен қатар олардың қатарын жаңа сөздермен толтыра түсті, кейде қолданылып жүрген орыс тілінің сөздеріне жаңа мағына я мағыналық реңк үстеп отырды. Мысалы, *съезд, резолюция* сөздері "Айқап" тілінде *үлкен жиналыс, қаулы* мағынасында ғана қолданбаған, сонымен бірге оның ресми іс екенін де аңғартады. Осы берілген сөйлемдегі бұл сөздер білдіретін атаулардың орындалу формасы да, яғни алдын-ала келісім бойынша мерзімді уақытында белгілі күн тәртібі бар жиналыс және соның жүйелі түрдегі жазылып алынған қаулысы.

Дәл сол сияқты *наград* та көрінген сыйлық емес. Мемлекет тарапынан берілген сыйлықтың түрі, яғни мұның да ресми мәні бар екені айқын көрініп тұр. *Приговор* сөзі өзінің негізгі мағынасы *үкім* дегеннен гөрі *келісім шарт, жасалған қаулы* мағынасын білдіріп тұр. Сол сияқты *статья, председатель, комиссия, доход* сөздерінің де сөйлеу тіліндегі қолданылысынан гөрі тұрақтылық, ресми мәні сезіледі. *Председатель* жиынды басқарушы, ол сөз кейде *төр ағасы* сөзімен де беріліп жүрді. *Доход* жалпы түсім, пайда емес, мемлекеттің тұрақты қоры мағынасында жұмсалып тұр.

Мұндай сөздің құбылып қолданылуы "Айқап" тілінде жиі кездеседі. Айқындық болу үшін мына бір мысалды талдап көрейік: Және ел билеген билеріміз, болыстарымыз, ақсақалдарымыз енді бұрынғы ғадеттерімізді қойыб, бірлік, ынтымақды кетіретін *партия* жолдарынан сақтану керек (Айқап. 1913. №11. 242-б.). Кіл қырғыз, қазақ баласын шын ықыласы менен өз *партиясына* шақыруб отыр. Бұл партияның бүкін өзіне шақырыб қолын бұлғаб жатқан жазушылары көзге көрінерлік онша көб болмағанмен шындаб қарағанда мұны қырғыз, қазақ даласының бірінші һәм көбірек жағының фікірі деуге болады (Сонда. 1913. 196-б.). Бұл екі мысалдардағы орыс тілінен енген *партия* сөзі екі түрлі мағынада қолданылған. Екі мысалдың алдыңғысында *партия* сөзі *жік, айтыс, жаулас топ* мағынасында жұмсалған.

Кірме сөздің бұл мағынасы бұрын да белгілі. XIX ғасырдың өзінде *партия* сөзі Абай шығармаларында айтыс-тартыс, *жік,* байлардың бір-бірімен күресу үшін елді жікке бөлуі мағыналарында қолданылатынын мына мысалдар да айқын көрсете алады: Болды да *партия,* Ел іші жарылды. Әуремін мен тия, Дауың мен шарынды. Немесе: Жалын мен оттан жаралған сөзді ұғатын қайсың бар? *Партия* жиып пара алған Бейілі кедей байсыңдар. Абай шығармаларында бұл сөзге қазақ тілінің қосымшалары жалғанып, туынды жаңа тұлғада да қолданылған: Қара халық менің сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылынды соғайын, дауынды айтайын деп, қай көп бергенге *партиялас* боламын деп құдайға жазып, жатбай-тұрмай салып жүріп, басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр. Әрберден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, *партияластық.*

Абай шығармаларынан алынған бұл сөйлемдердегі *партия* сөзінің басқа сөздермен мағыналық байланысы мен туынды тұлғада жұмсалуының қайсысында болсын, оның негізгі бір-ақ мағынада қолданылғаны ап-айқын көрініп тұр. Демек, XX ғасырға дейін қазақ тілінде, ең болмағанда, жазба тілде *партия* сөзі бір-ақ мағынада – жік, жікшілдік, байлар арасындағы тартыс мағынасында қолданылған деп тұжыруға әбден болады. Ал берілген екінші сөйлемдегідей *партия* сөзінің екінші мағынасы *ұйымдасқан топ.* Халық мүддесін мақсат еткен адамдардың тобы. Белгілі көзқарастағы адамдар мағынасы, жаңа әдеби тілге "Айқап" енгізе бастаған мағынасы деуге болады. Егер *партия* сөзінің алғашқы мағынасы өте жағымсыз мәнде ("Айқаптан" алынған бірінші мысал мен Абай шығармаларындағы мағыналары) жұмсалса, екінші мағынасы қайта жағымды мәнде, халық мүддесін көздеуді аңғартып тұр. Әрине мұндай мысалдар бірен-саран ғана емес.

Сонымен бірге орыс тілінің әсері сөз алмасу процесімен ғана шектелмейді. Бұрын және "Айқап" тілінде, одан кейінгі жазба әдеби тілімізде жиі қолданылып келген *өкіл, сайлау, жоба, қаулы, қарар, оқулық, оқушы, үйірме, қоғам* сияқты сөздер орыс тілінің тікелей әсерінен туған жаңа терминдер я жаңа мағыналар. Сонымен қатар жеке сөздер тіркесімділігінің арта түсуі де бұл процеспен байланысты. Мысалы, *сайлау* сөзі XX ғасырдан бұрын да бар: *болыс сайлау,* осының үстіне *председатель сайлау, член болып сайлану, поверенный сайлау, депутаттыққа сайлау* сияқты толып жатқан жаңа сөз тіркестерінің арқасында бір жағынан бұрынғы бар синтаксистік үлгі (модель нығайып қалыптаса түссе), екінші жағынан жаңа үлгілер де туа бастады. Сөйтіп, бұл сөздің мағынасы, мағыналық реңкі солардың нәтижесінде кеңейе түсті. Бұл – грамматикаға байланысты жеке қаралатын мәселелер.

Орыс тілінен енген сөздердің фонетика-грамматикалық тұлғасы біркелкі болып келе бермейді. Кейбір орыс сөздері қазақтың сөйлеу тіліндегі түр-тұлғасында, яғни түпнұсқа қалпынан біршама фонетикалық өзгешелікте қолданылған. *Салдат,*

тауар, камесие, ыстатие, доктор сияқты сөздердің түр-тұлғасынан айырмашылығы – қазақыланғандығы айқын көрініп тұр. Орыс тілінде екпін түспейтін *о* дыбысы айтылуында *а* болып, не түсіп қалып *(доктор), у, и, я* дыбыстары *е* болып, жуан дауыстылардың жанындағы *к* жуан варианты *қ* дыбысына өзгеріп кеткен. Сол сияқты сөз басындағы дыбыс тіркесінің алдына естілуіндей *ы* қысаңы қосылған. Енді бірде *эспирантошылар, монуфактуршылар, фабрикшілер, завод, даход, крестьян, проект, студент, председатель, землемер* т.б. тәрізді түбір тұлғалары сақталып, қазақ тілінің қосымшалары жалғанып та отырады.

Қосымша арқылы сөз тудыру процесінде ондай мысалдар көрсетілді. Кейде орыс тіліндегі түбір тұлғасы ғана емес, туынды түрі қосымшалы формасы да сол күйінде алынғанын көреміз. Оған жоғарыдағы *туземный школ, лесничий, доверенной, уездный, шаһар, временный, комесие, титулярный советник, уездный начальник* сияқты сөздер мен сөз тіркестері дәлел бола алады.

"Айқап" тілінде *-ский* сияқты кірме қосымша тіпті қазақ сөздеріне, әсіресе, фамилияны (аты-жөнін) білдіру үшін қолданылған сөздерге де жалғанады: *Байбақтинский, Найманский* т. б. Бұл тәрізді қосымшаны *(-ский, -ный/-ной, -ый,/-ий* т.б.) сөздер "Дала уәлаяты" мен "Түркістан уәлаяты" газеттерінің тілінде де жиі кездеседі. "Айқап" тілінде бұл қосымшалы сөздер қазақ сөздерімен де, орыс сөздерімен де тіркесе береді. Сонда бірде орыс тіліндегі синтаксистік үлгі сол күйінде бұлжытпай алынса, бірде сыңары аударылып беріледі. Бұл жолы айтайын деген сөзім, "заманың түлкі болса, сен тазы бол" дегендей, заманымызда болған *судебный* істерден көргендерім еді ("Айқап". 1913. №6. 118-б.). *Главный управляющий земледелия* һәм *землеустройства* Министерлер Советінде Омскде, *сельскохозяйственный институт* хақында кеңес киргізібді (Сонда. 1913. №8. 186-б.).

Кейде қазақ тіліне сіңісіп кіріп кеткен сөздер (мысалы *ояз, болыс)* түпнұсқасына жақындатылып, сөйлем тілдегі түр-тұлғасы өзгертіліп те қолданылған: *Ояз – уезд, болыс – волыс, волост, волосной,* т.б. Бұл бұл ма, тіпті қазақ тілі синтаксистік құрылысына жат тіркестер де бар. Мысалы, былтырғы жыл бұлардың ауылының үстіне *производитель работ* көб уақыт жатуб жер алуға *проект* жасаб, артынан жиырма алты үйлердің жерлерін тегіс алмақшы болуб, ауыл иесі ақсақалдарға қағазға қол қойыңыздар деб еді (Айқап. 1913. №8. 167-б.). Мысалдағы *производитель работ* және жоғарыда кездескендей *министерства юстиции* тәрізді конструкциялардың құрылымы, ондағы сөздердің орын тәртібі (анықтауыш – анықталушы) қазақ тілі үшін жат үлгі. Бірақ мұндайлар "Айқап" тілінде көп те емес.

Осыларды жинақтай келгенде, мынадай қорытынды шығаруға болады. Жаңа ұғым жаңа атауды бейнелеуде орыс тілінің сөздерін "Айқап" батыл қолданып отырды. Сондай-ақ оларды түбір қалпында ғана қолданбай, төл қосымшалар үстеу арқылы жаңа мағына, жаңа сөз жасаудың бір көзі ретінде пайдалана білді. Бұрыннан енген сөйлеу тілде бар кірме сөздерді сол ауызекі тілдегі тұлғасында жазуға бейімделсе, жаңа кіріп жатқан орыс сөздерін жазуда белгілі бір принцип ұстады деп айта қою қиын. Оны жоғарыда көрсеткен сөздердің түр-тұлғалары байқата алады. Дегенмен, көптеген жағдайда орыс тіліндегі түбір тұлғасы алынып отырды.

Кірме сөздерді бірыңғай жазу принципі кейінгі жылдарда да бірден-бір ізге, жүйеге түсе қойған жоқ. Сөйтсе де оларды жүйелеуде, қалыптастырып, тұрақтандыруда "Айқаптың" қызметі зор болды.

ЖАЗУ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ

Араб алфавитіне негізделген жазу және термин жасау мәселесі

Терминдік жүйе жазуы жолға қойылған, орфографиялық нормалары қалыптасқан тілдердің өскелең дәуіріне тән құбылыс. Шынында, жазуы жасалмаған тілдің терминологиялық жүйесі жетілмейді. Қай тілдің тарихын ақтарсаңыз да осыны дәлелдейді. Өзіндік қалыптасу, даму кезеңдерімен ерекшеленетін қазақ тілінің тарихынан да біз осындай процесті аңғарамыз. Ендеше терминология мәселесін түбегейлі қарастырмас бұрын, әуелі қазақ жазуының қалыптасу тарихын тексеріп алған жөн.

Сөйтіп, қоғам өмірінде жазудың алатын орны ерекше. Әлеумет тіршілігіндегі барлық өрлеу, өсу, ілгерілеу, сайып келгенде, жазу өнерімен ұштасып жатады. Ал жазуы жоқ ел, жарық жоқ үй тәрізді. Қараңғылықтың қасіретін сан ғасыр тартқан талай ұлт, талай ел жайы тарихтан мәлім. Қазақ халқында бұрын қара таныған адамды хан көтеріп, кие тұтып, қастерлеген. Осының өзінен халықтың сауаттылықты ауадай аңсап күткенін көреміз. Ал сауаттылық өлшемі – жазу. Жазу тіл дамуының, сол тәрізді тілді пайдаланушы адамдар қауымының саналы әрекет нәтижесі. Тілдің заңдылықтары мен ерекшеліктері жазу арқылы таңбаланады. Ендеше тіл болмаған жерде жазу болмайды. Тілдің жүйелі көрінісі болып есептелетін жазуы кенет көктен түскен олжа емес, ол қоғам өмірінің даму ерекшелігі алып келген еңбек нәтижесі. Өздерінің іс-әрекеттерін сан ғасыр бойы жадында сақтап келген адамдар қауымы еңбек нәтижесінде қатынасудың, өзара пікірлесу, аралас-құраластың жаңа бір жетілген түрін ойлап таба бастайды. Алғашқыда олар көрген, білгенін әр қилы таңба, белгі, сурет түрінде тасқа, ағашқа, теріге түсіреді. Сөйтіп табиғат құбылыстарының әр алуан кескіні түрінде таңбаланған белгілер біртіндеп мазмұн білдірерлік мәнге ие болады. Олай болса, тіл, жазу, еңбек бірінен-бірі туындап, бірімен-бірі байланысты дамып отырады.

Ф.Энгельс тілдің пайда болуы жөнінде тұңғыш рет дәйекті пікір қозғаған. Ол тілді адамның өзі тәрізді коллективтік еңбек нәтижесі деп қарайды. Мұның өзі өзара қарым-қатынастың дамуын және өте ұзақ мерзімді қажет ететін құбылыс екенін баса айтады. Адамның маймыл үйірінен біржола қол үзіп шығуы үшін сан мыңдаған жылдар керек болғанын[1] ескертеді.

Ал еңбек дегеніңіз, ең алдымен, құрал-сайманды керек етеді. Себебі адамды хайуандар үйірінен ажыратып алатын нәрсе осы. Бұл да ұзақ мерзімді қажет ететін құбылыс. Міне, сондықтан да Ф.Энгельс аталған еңбектің тағы да бір жерінде: "адам қолымен жасалған алғашқы тас пышаққа дейін қаншама дәуір өту керек болғанын" ойша болжайды. Бұған дейін оның ойынша бізге мәлім тарихи кезеңдерден әлдеқайда көп мерзім өткен сияқты[2].

Ағаш, тас, таңба түсірудің негізгі объектісі болған тәрізді. Осылайша біртіндеп адамзат қағазды ойлап табуға дейін жеткен. Қағазға жеткен кезең адамзат тарихындағы үлкен жеңістің бірі ретінде бағаланады. Өйткені қағаз – жазу өнерінің дамуындағы қажетті әрі жоғарғы сатының бірі болып табылады.

Қағаздың арқасында жазу-сызу процесі дами бастағаны мәлім. Сол бір кезеңнен бергі жердегі жалпы жазу тарихын сүзіп шығатын болсақ, жазудың ғылым тілімен айтқанда, үш түрі бар екенін білеміз.

1. *Маркс К., Энгельс Ф.* Соч. Т. 20. С. 490-491.
2. Сонда, 487-б.

1) Пиктографиялық жазу, латынша пиктус – салынған сурет деген мағынаны білдіреді. Яғни: "Заттар, іс-әрекетті я пікірді шартты таңбалар арқылы білдіруге бейімделген ертедегі сурет жазу"[3]. Бұл жазу ойды сөзбен емес, тек бейнелеу арқылы білдіреді.

2) Идеологиялық жазу, ерекше идея-ой деген ұғымды білдіреді.

3) Әріптік жазу – яғни алфавиттік жазу. Бұл тілдегі дыбыстарды әріппен таңбалауға бейімделген жазу немесе "жүйелі орын тәртібімен тізілген, белгілі бір жазба тілдегі әріптердің жиынтығы"[4].

Әріптік жазу қоғам өмірінде күрт мәдени өзгерістер әкелді. Тіпті мәдени өрлеулерге себепші десек артық бола қоймас. Алфавит көпшіліктің тезірек хат танып, жылдамырақ сауаттануына жол ашты. Жұртшылықтың сауаттану арқылы алға қойған мақсаттарына жеделірек жетуіне, қоғамның ілгері дамуына сеп болды.

Жазудың шығу, пайда болу тарихынан берілген бұл аз ғана дерекпен әзірге шектеле тұрып, енді қазақ халқының мәдени өрлеуіне сеп болған жазу үлгілеріне ден қоймақпыз.

Жасыратыны жоқ, күні кешеге дейін осыншама кең өлкені ен жайлаған елімізде революцияға дейін жазу үлгісі болған жоқ, сондықтан да дүниежүзілік мәдениеттен кенже қалған елміз деп келдік. Бұл өзі қазақ деген ұғымның шығу тарихымен салғастырылғанда ақиқатқа жақын пікір. Жалпы бар, жоқ деп бір-ақ кесіп тастау оңай да, ал егер бар болса, ол қалай, қайдан басталады дегенді, жоқ болса себеп-салдарын қайтіп түсіндіреміз дегенді шындыққа сай дәлелдеп беру аса қиын шаруа. Осы төңіректегі азды-көпті айтылған пікірлердің, біздіңше, ескерілуге тиісті объективті және субъективті сыры бар сияқты. Объективті жағы бұрын жазу үлгісінің болмағаны. Яғни қолмен ұстап, көзбен көріп, міне осы жазу біздің жазу дейтіндей дау туғызбайтын және ескерткіштерге бай еместігіміз. Субъективті сыр дейтініміз де осыдан туындайды. Документ, дерек, фактілердің тапшылығынан және соларды жүйелеп жазып кейінгі ұрпаққа тарту еткен оқымысты, ғұламалардың аздығынан, мына кейінгі біздер бәрін сауатсыздыққа сайып, мәселенің жеңіл шешім табуына барғыштай береміз.

Шынтуайтқа келсек, о шеті мен бұ шетіне бұрын айлап жүріп әрең жететін қазақ жерінде қалалар, мәдени орындар, тарихи ескерткіштер болмаған деп айта аламыз ба? Жоқ, айта алмаймыз. Әр алуан хандықтар өзара қарым-қатынастарында нендей нәрсені дәнекер етті, неге сүйенді? Солардан қалған жарлықтар, шежірелер, өзара алысқан хат-хабарлар бізге нені айтады? Осыларды ойлағанда Қазақстан жерінен табылған орхон-енисей, талас, үйғыр жазуының үлгілерін ескермей кете алмайсыз. Әрине бұл жазу үлгілерінің қай-қайсы да жалпы халық пайдаланған жазу емес екені, тек хандар арасында ғана пайдаланған үлгілер екені мәлім. Бұларда бұхара қауымға қатысты дерек жоқ. Оның үстіне осы әліппе үлгісінде жазылған бір де бір фольклорлық нұсқа, бір де бір көркем дүние жоқ.

Егер тарихқа жүгінер болсақ, VI–VII ғасырлар арасында билік құрған Түрік қағанатының құрамындағы түркі тілдес тайпалардың өз жазуы болған. Олар алғашқыда соғды алфавитін пайдаланған. Бұл алфавит түркі тайпаларының өз жазу нұсқасы пайда болған бертініректегі кезеңдерде де (VII ғасырдың шамасы) қолданылған. Бұған Жамбыл қаласындағы музейде сақтаулы тұрған экспонат дәлел

---

3. *Кенесбаев С., Жанузаков Т.* Русско-казахский словарь лингвистических терминов. Алма-Ата, 1966. С. 123.

4. *Кенесбаев С., Жанузаков Т.* Русско-казахский словарь лингвистических терминов. Алма-Ата, 1966. С. 14.

бола алады. Ондағы керамикаға жазылған жазу IX–X ғасырдағы соғды жазуының үлгісі болып табылады.

Ал VII ғасырда шамамен, алғашқы жартысында, осы соғды жазуы негізінде түркі тайпаларының арасында жаңа жазу пайда болады. Бар болғаны 38 белгіден тұратын бұл жазу түркі тілдерінің фонетикалық ерекшелігін дәл мүсіндеді. Және оның барынша қарапайым пайдалануға ыңғайлы екенін көптеген зерттеушілер (В.Томсен, В.Б.Радлов, С.Е.Малов, т.б.) атап өткен болатын. Ең алғаш XVIII ғасырдың жиырмасыншы жылдарында Енисей бойынан осы жазу таңбаланған жазу үлгісін Д.Мессершмидт пен И.Страленберг тапқан. Ал 1889 жылы Н.М.Ядринцев Орхон өзенінің жағасынан тағы бір жазу үлгісін тапты. Бұл алфавиттің кілтін ашқан дат ғалымы В. Томсен мен орыс түркологі В.В.Радлов. Кейін бұл жазу табылған жердің есіміне орай "орхон-енисей жазуы" деп аталып, тарихқа енді. Бұдан кейін де табылған бірнеше ескерткіш үлгілердің тілі сол кездегі барлық түркі тайпаларына ортақ әдеби тіл дегенді орыс, қазақ ғалымдарының біразы айтып жүр. Алайда мұндай түбегейлі тұжырым жасау, дәйекті пікір айту үшін, бұл ескерткіштер тілін әлі де зерттей түсу қажет. Жүргізілген зерттеу жұмыстары әлі бұл мәселені шешіп берді деп айта алмаймыз.

IX ғасырдан бастап Шығыс Түркістан қалаларында көне ойғыр жазуы қолданыла бастайды. Бұл руникалық ескерткіштердің тікелей жалғасы болып табылады. Тек кейбір грамматикалық ерекшеліктері болмаса екеуінен айырмасы шамалы.

Сөйтіп, XI–XII ғасырларда орхон-енисей жазуын пайдаланған фактіні білмейміз. Оны алғаш көне ойғыр жазуы ығыстырса, кейін мұсылман дінін қабылдаған түркі тайпаларының арасында араб жазуы үстем бола бастайды[5].

Әрине бұл жазу үлгілерінің қай-қайсысы да қалың көпшіліктің қажетін өтей алмаған, ат төбеліндей аз ғана билеуші топтың игілігіне ғана жарағаны мәлім.

Қазақ жерінде ойғыр-найман әліппесі болған дегенді айтушылар[6] да бар (VI–VII ғғ.). Бұл жайында әрқилы пікір болған. Біреулер мұны орхонның өзгертілген түрі деп, енді бірі араб әліппесінен жасалған дейді. Үшінші бір пікір желісі орхон дегеніміз де, ойғыр дегеніміз де түбінде арамей жазуына барып тіреледі дегенге саяды.

С. Аманжолов ойғыр әліппесін қазақтарға бір табан жақындатқысы келеді. Ондағы айтатын негізгі дәлелі бұл жазуды пайдаланғандардың бірі – наймандар, кейінгі дәуірде қазақтардың құрамына енді дейді. Оның үстіне ойғыр әліппесін қазақ қазақ болғаннан бері Абылайға дейінгі хандардың бәрі қолданып келген деген дәлел келтіреді. Ғалымның пікіріне жүгіне түссек, ойғыр әліппесі моңғолдар заманындағы түркі тайпаларында да қызмет еткен (XII–XV ғ.).

Бұл пікірдің ұшқарырақ екенін айта отырып, оның салмақты ойға жетектейтін тұстарын да мойындамасқа ылажымыз жоқ. Ескерте кететін тағы бір жайт, осы тақылеттес пікірдің кейін де көптеген ғалымдар аузында жүруі. Соның бәрін жинақтай келе Қазақстан жерінде жазудың бірнеше үлгілері болғандығын дәлелдейтін бірлі-жарым болса да деректердің барлығы. Олардың ең бастылары – орхон-енисей мен ойғыр-найман жазуы. Көзіміз жеткен бір ақиқат – бұл аталған жазу үлгілерінің түрік тайпаларына тікелей қатысының барлығы. Соны пайдаланған тайпалардың көбін қазақ халқының құрамынан көреміз. Ендеше, бұл жазба үлгілер өзге туыс түрік халықтары сияқты қазақ халқының да мәдени ескерткіштерінің бірі болып саналуы заңды.

5. Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1980. 1-т. 454-б.

6. *Аманжолов С.* Орыс алфавитіне негізделген қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясы (проект). Алматы, 1940. 3-б.

Алайда жадымыздан шықпайтын бір нәрсе мынау. Бұл ескерткіштерді зерттегенде біз нендей мақсатты көздейміз. Оны біз зерттей келе белгілі бір халыққа меншіктеп, соған телуіміз керек пе?! Ғылыми зерттеудің мәні осында ғана ма? Мұндай тарихи ескерткіштерді қарастырғанда зерттеуші оған ең алдымен өткен дәуірлердің кейінгі ұрпаққа қалдырған аманаты деп түсінуі керек.

Зерттей келе белгілі бір дәуірдің, белгілі бір тайпалар мен қауымның тарихын, мәдениетін, наным-сенімін, пайым-түсінігін аңғаруға тиіспіз. Яғни осы жазу үлгілері арқылы көне тарихпен тілдесуге міндеттіміз. Адамзат қауымының не қилы ғаламат құбылыстардың куәгері бола жүріп, соларды тексеріп, танып, біліп, өз заманының өзгешеліктерін мүмкіндігінше қағазға түсіріп, тасқа салуы, сол үшін жазуды ойлап табуы нағыз керемет емес пе? Заманнан заманға жалғасып, біртіндеп жетіліп, жүйеленген жазу үлгілерінің сырын ашып, жұртқа түсіндіріп беру – қиын жұмыстардың бірінен саналады. Ендеше, көне жазу сырлары әлі талай зерттеушісін күтетіні ақиқат.

Қазақстан жерін ертеден жайлаған неше алуан ру-тайпалардың пайдаланған жазуын қадағалап қарасақ, тарихи деректер негізінде, сонау VII–VIII ғасырларға иек артамыз. Ол кезде қазақ халқына тікелей қатысы бар түркі тайпалардың көбі ептеп соғды, сирия жазуларын да пайдаланған. Ал VIII ғасырдан бері қарай Орта Азия мен Қазақстан халықтары араб жазуын пайдаланған. Соның ішінде қазақ халқының құрамына еніп отырған тайпалардың көбі тыс қала алмайды. Аталған аймақтың өзге өкілдері сияқты қазақтар да күні кешеге дейін, яғни Ұлы Октябрь революциясына дейін осы араб алфавитіне негізделген кітаби жазуды мұра тұтып келген. Шағатай әдебиеті, шағатай тілі, шағатай жазуы деп шеттетіп жүрген үлгінің жаманды-жақсылы кем-кетіктерімен қоса, біздің жазу тарихымызға сөл де болса қатысы бар екенін жасыра алмаймыз.

Ал оның қазақ халқының сауаттануына, білімін көтеруіне қаншалықты көмегі болды дегенге келсек, ауыз тұшытып айтарлықтай елеулі фактілерді келтіре алмаймыз. Сөйтсе де, тексеру мағынасы тұрғысынан объекті болар лық әлі көп нәрсенің басы ашылмай жатқанын ескерте кеткеніміз жөн.

Революция алдындағы бес-он жылдың деңгейінде қазақ зиялылары ағартушылық көзқарастағы бірен-саран өкілдері осы араб алфавитінің әртүрлі үлгісін жасауға тырысып бақты. Мұның аздап пайдасы да болғанын білеміз. Өйткені осы уақытта бірді-екілі қазақша газет, журналдар[7] шығып үлгерді. Бұлар (небәрі 14-15 қана) қазақтың тарихы, мәдени өмірі жайлы біраз мағлұмат береді.

Осы газет, журналдар пайдаланған араб графикасына негізделген алфавиттің араб әліппесіндегі әріп таңбалары түгел енгізілді. Оның үстіне парсы тілі арқылы енген әріптер[8] тағы бар. Мұрыннан айтылатын *ң* дыбысының таңбасы ретінде *н* мен *к* дыбыстарының қосындысы алынған.

Алайда бұл алфавит қазақ тіліне қанша икемделгенмен кемшіліктен арыла алмады. Ана тіліміздегі дауысты дыбысты таңбалауда араб алфавитінің олақтығынан қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық беру мүмкін емес еді.

Дауысты дыбыстардың сөз мағынасын құбылтуда маңызы айрықша екенін айтпаса да болар. Ал енді араб әліппесіндегі небәрі үш-ақ дауысты дыбыс қазақ тілінің дауыстылары беретін мағынаны бере алмай көптеген қиыншылықтар туғызды.

---

7. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар.
8. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971. 43-б.

Бір ғана, *** деген сөзді "ұл" деп те, "ол" деп те, "өл" деп те оқуға болады, үнемі контекске қарап, байқап отырмасаң жаңылысуың ғажап емес.

Осындай кемшіліктер сол тұстағы газет беттерінде де сөз болған. Мәселен, "Дала уалаяты газетінің" бетінде араб әліппесінен басқа бір алфавит ойлап табу мәселесін көтерген мақалалар кездеседі[9].

Араб әліппесін бір ғана қазақ елі емес, бүкіл түркі халықтары пайдаланды. Сондықтан бұл кемшіліктер осы халықтардың көбіне ортақ болды. Өйткені бұл жазу бір ғана орфографиялық заңдылыққа негізделді де тілдердің ешқайсысының фонетикалық ерекшеліктері ескерілмеді. Мұнда олардың сүйенген басты принципі морфологиялық принцип еді. Яғни ешқандай қосымшаның түрленуіне қарамай, біркелкі жазып, әр ұлт өкілдері өзінше оқу принципі болатын. Мысалы, *кітаплар, сіз-лер, қыз-лар, жігіт-лер,* т.б. сөздердің жазылуына зер салыңыз. Мұнда осы сөздерге жалғануға лайықты фонетикалық варианттар *(-дар/-дер, -тар/-тер)* т.б. бола тұра, бәрін бірдей *-лар/-лер* қосымшасымен жазып отыр. Бұдан байқайтынымыз сөйлемде тіліміздің басқа тілдерден ерекшеліктері еленбейтіні. Осы сияқты толып жатқан мысалдарды келтіруге болады. Осыған байланысты И.А. Батмановтың мына бір сөзін еске салғанымыз лайықты сияқты: "Россияға дейін Орта Азия халықтары арасында таралып келген жазудың морфологиялық және этимологиялық принципі бір қарағанда, тілдердің (өзбек, қазақ, қырғыз, түркмен, қарақалпақ) бәріне ортақ бір текстті бірегей жазып, кейбір ана тіл ыңғайына қарай әрқилы оқыла беретін әмбебаптық қасиетке ие болатын. Екінші жағынан орфографияның бұл принциптерінің кертартпа қасиеті де бар еді: олар Орта Азия халықтары тілінің фонетикалық ерекшеліктерін бере алмайтындықтан, ұлт тілдерінің қалыптасуы мен дамуына кесірін тигізді"[10].

Әсіресе санды жазу, оны оқуда қызық жайттарды байқаймыз. Араб алфавиті әдетте оңнан солға қарай жазылып, сол ретпен оқылады ғой, ал сан керісінше солдан оңға қарай жазылады. Ұзақ санды жазып, оны оқу мүлде қиын. Алдымен санап алмасақ, қанша орын алатынын мөлшерлеу де мүмкін емес.

Алгебра, геометрия, химия, физика пәндеріндегі белгілері латын алфавиті де, оның текстін жазғанда араб әріптері араласып әбден бытысып кетті. Ал интернационалдық терминдерін жазуда, тасымал жасауда да талай машақатқа баттық.

Араб алфавиті дін мұсылман иелерін әбден қанағаттандыратын. Өйткені оларға керегі көпшілікті сауаттандырып, көзін ашу емес, қайта жұртты түсініксіз құран сөзімен матап, үрейлендіріп ұстау тиімді еді. Алайда араб алфавиті революцияға дейін өзіне жүктелген біраз міндетті өтеді. Бірден бірге көшіріліп, Шығыстық поэзия үлгілері, қиссалар, шежірелер жазылды. Юсуф Баласағунның "Құдатқу білігі", "М. Қашқаридің сөздігі" және орта ғасыр ескерткіштерінің бәрі де осы араб алфавитінің үлгісінде жазылған, т.б.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде араб жазуымен қабат ептеп орыс графикасын пайдалану ісі де жүре бастайды. Орыс мектептерінде бірен-саран қазақ балалары оқыды. Жер-жерде орысша-қазақша кластар ашылып, олардың оқу жүйесінде де аздаған жаңалықтар бой көрсетті. Оқыту методикасы, үлгісі

9. *Дүйсенбаев Р.* Қазақ алфавиті туралы мәселе // "Дала уалаятының газеті". 1897; *Әлжанов О.* "Букварь для киргизов" деген кітапқа рецензия//"Дала уалаятының газеті". 1894. №39.

10. *Батманов И. А.* Фонетическая система современного киргизского языка. Фрунзе, 1946. С. 267.

орыс жазуы бойынша жүргізілді. Дін исламды уағыздаушы моллалармен қатар қазақ даласында жаңа бір ілімнің жолын нұсқаушы жандар пайда болды. Тұңғыш мектеп ашып, дала қоңырауын соққан Ы.Алтынсарин ғасырлар бойы білімге сусап, ындыны кепкен қазақ жұртшылығын сауаттандыруға бастады. Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, В.В.Радлов сынды орыс оқымыстылары қазақ тілі мен мәдениетіне көңіл бөліп, оны ғылыми-зерттеу объектісіне айналдыра бастайды.

Қазақ тілі көптеген басқа түркі тілдері сияқты XVIII ғасырдың екінші жартысында ғана зерттеу объектісіне айнала бастаған. Н.А.Кононовтың[11] көрсетуі бойынша, бұл тіл жайындағы алғашқы деректер "Сравнительные словари всех языков и наречий" мен Федор Павлович (Фридрих) Аделунгтың архивында кездеседі.

Қазақ тілі жайындағы мәліметтер Г.Ю.Клапрот, М.Бекчурин (Бещерин) еңбектерінде де бар. Г.Клапрот тіпті қазақтар жайында аздаған түсінік бере келе французша-қазақша сөздікше де береді. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы азды-көпті еңбектің бар болғаны осы.

XIX ғасырдың орта шенінде қазақ тілін зерттеу жайы біршама ілгерілеген тәрізді. Мұнда негізінен практикалық мақсат көзделген. Қазақ тіліне байланысты әр қилы практикалық құралдар шыға бастады. Аз да болса ғылыми мазмұндылығымен көзге түсетін сол кездегі айтулы еңбектің бірі ретінде Н.И.Ильминскийдің "Материалы к изучению киргизского (казахского) наречия"[12] деп аталатын еңбегін атауға болады. М.А.Терентьев өзінің грамматикасын осы еңбектің материалы негізінде жазған. Мұнда қазақ тіліне қатысты бөлім бар.

Ана тіліміздің революциядан бұрынғы зерттелу тарихында үлкен бір белес болып табылатын – П.М.Мелиоранскийдің "Краткая грамматика казах-киргизского языка" атты еңбегі. Бұл еңбектің құндылығы – өзінен кейінгі жұмыстарға үлгі болғандығында. Сондай-ақ, В.В.Катаринскийдің "Грамматика киргизского языка. фонетика, этимология и синтаксис" (Оренбург, 1897), И. Лаптевтің "Киргизско-русский словарының" 107-148 беттерін еске саламыз.

А.Н. Кононов, В.Г. Катаринскийдің жасаған "Практические уроки русского языка для киргизов" (Оренбург, 1895. 2-е изд. Казань, 1909) және "Первоначальный учебник русского языка для киргизов" (Казань, 1909) еңбектерінің қазақтардың орыс тілін оқып үйренуіне әжептәуір септігі тигенін кейбір деректер ақиқаттайды. Қазақтарға арналған алғашқы "Букварь" 1892 жылы Қазан қаласында басылып шықты.

Бұл қатарда біз Ы.Алтынсариннің "Киргизская хрестоматиясын" (Оренбург, 1879, 2-е изд. 1906), А.А.Алекторовтың "Киргизская хрестоматиясын" (Оренбург, 1898), Н.Н.Пантусовтың "Материалы к изучению казак-киргизского наречиясын" (Казань, Вып. 7, 1809–1904), М.П. Бектемировтың "Руководство к изучению киргизского языкасын" (Ташкент, 1909) ерекше атамауға болмайды.

Қазақ тілі мен фольклорына қатысты мол деректі В.В.Радлов еңбектерінен де табамыз (Образцы народной литературы тюркских племен. Т. 2. СПб., 1870).

XVIII–XIX ғғ. аралығындағы орыс оқымыстыларының еңбектерін және діни наным-сенімнен арыла алмаған араб алфавиті негізінде халыққа жеткен қисса,

---

11. *Кононов А.Н.* История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. Л., 1972. С. 215-217.

12. *Ильминский Н. И.* Материалы к изучению киргизского наречия. УЗКУ. 1860. Кн. 3, 4; 1861. Кн. 1 и 3; *Мелиоранский П. М.* Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч.1. Фонетика и этимология. СПб., 1894. Ч, 2; СПб., 1897.

шежірелерді ой елегінен өткізсек, бір қызық жайтты аңғарамыз. Бұл тұста ашық түрде болмағанмен араб алфавиті мен орыс жазу үлгісінің арасында астыртын айқас күшейе түскен тәрізді. Моллалар құранның түсініксіз сүрелерімен халықтың творчестволық ойын матап, бұлыңғыр, бұлдыр дүниені уағыздаса, орыс оқуын көксейтіндер жаңа бір әлемге, жаңа бір өнерге жол бастап, елді білім-сана жағынан есейе түсуге жетектейді. Осы бір жай көзге елеусіз, бірақ халықтың ішкі дүниесіндегі бұлқыныстың кезінде Шоқан Уәлиханов дәл байқаған екен: "Қазіргі кезеңде ескі мен жаңаның: мұсылмандық шығыс пен орыс арасында жай көзге байқалмас күшті күрес жүріп жатыр"[13], – дейді.

Халқымыздың мәдениетін өркендетіп, сауатын арттыра түсуде араб жазуының пайдасынан зияны молдау болғанын қазақтың сауатты ер-азаматтары көптен-ақ байқаған. Әсіресе, шала сауатты молла-дамыллалардың балаларды оқыту ісіндегі өнімсіз тірлігі көптеген көзі ашық адамдардың жігерін құм ететін. Сондықтан да олар елдің басындағы бұл надандық күйді күңірене жазып, содан құтылудың амалын қарастыратын. Олар, әсіресе, қазақ тілін білмейтін дүмшелердің сабақ үйретуде тіл бұзарлық қылмысына қынжылмай тұра алмайды. Осы өрескелдікпен бітіспейтін күреске түскен адамның бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол бірде өзінің досы, орыс ориенталисі Н.И.Ильминскийге[14] жазған хатында "Молдалар адам миын су қылудың үстіне табиғи тілді де бұзып бітті" деп, ащы шындықты айтып күйзеледі. Қазақ оқымыстыларының сол кездің өзінде-ақ тіл тазалығын әңгіме етуі таңғаларлық жайт емес пе? Ол мұнымен қоса қазақ тілінде кітаптың болмағанына қынжылады. Қарап отырсақ, араб әліппесімен немесе сол араб тілінің өзінде қазақ халқының қамын ойлап жазылған еңбекті табу қиын екен. Міне, сондықтан да ұлы педагогтың тағы бір тұста моллалар оқытып жүрген татар, араб, парсы тіліндегі кітаптар адамды айқын ойлылықтан алшақтатады, сондықтан басқа халықтар сияқты, қазақтарға да өз тілінде жазылған, ақылға, ілімге жетектейтін кітаптар керек деуі әбден дұрыс.

Революция алдындағы аумалы-төкпелі кезеңдерде пайда болған жазу мәдениетімізге аз да болса қатысы бар еңбектерді саралай келе мынадай түйін жасауға болатын тәрізді.

Қазақстан территориясында бірнеше жазу үлгілері болған. Олар – Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, көне ойғыр немесе кейбір оқымыстылардың айтқанындай, ойғыр-найман жазуы және соғды жазуы. Бұларды өз кезеңінде біздің республиканы мекендеген түркі тайпаларының өкілдері пайдаланған. Ендеше, бұл жазу үлгілерінің негізінен сол тайпалардан құралып отырған қазақ, қырғыз, өзбек, әзірбайжан, татар, башқұрт, чуваш, якут, т.б. халықтардың қай-қайсысына да тікелей қатысы бар.

Екіншіден, VIII-IX ғасырдан бері қарай халқымыздың тарихында бірнеше ғасыр бойы ілесіп келген араб жазуы мен XIX ғасырдың екінші жартысында бой көрсете бастаған орыс жазу үлгілерінің де сараланууға тиісті келеңді-келеңсіз жағы бар. Оны біз жоғарыда талдап беруге тырыстық. Соны нақтылап түсіндіру үшін алдымен мынадай сұраққа жауап беру керек сияқты. Революциядан бұрынғы араб жазуы, арабша оқу мен орыс графикасы, орыс оқуы бізге, біздің халқымызға не берді? Біз бұл сұрақты қазақ халқының мәдени тарихына орай қойып отырмыз...

Алдымен есте тұтатын бір жай мынадай. Бұл жазу халықтың өз қалауымен қабылданған жазу емес. Араб басқыншыларының о баста елді билеудің бір тәсілі есебінде тұтынған құралы болатын. Олар халықтың көзін ашып, әлем сырын, табиғат құпиясын білдіретін ғылым тілін үйретуді мақсат етпеген. Онысыз да

---

13. *Валиханов Ч.* Соч. "Записки русского геогр. об-ва по отделу географии". 1909. Т. 29. С. 192.

14. *Ильминский Н.* Воспоминания об И. Алтынсарине. Казань, 1895. С. 215.

қараңғы қазақтың қамсыз, қаракетсіз тірлігі мен ауыр тұрмысының себебін іздеп, түсіндіруге мұршасын келтірмеген, көбінесе "бұл дүниеде азапты көп шеккен адам о дүниеде рахатқа кезігеді" деген құлшылық, көнімпаздық ұғымды миға құюмен болған. Мұның өзі қажы, қарылар мен ел билеушілер мүддесін көздейтін пәлсафа еді. Байқап қарасаңыз, халқымыздың басынан өткен сан жылдар, әлденеше ғасырлар үрейлі бір наным, сенімге жалбарынуымен өткен, өкініші мен өксігі көп кезеңдер екен. Міне, соның кесірінен де тарих керуенінің көп жолдары бізге, мына кейінгі дәуір ұрпақтарына көмескі боп көріне береді. Сол бір дәуірлер сырын айқын, анық етіп жазған, не айтып кеткен білікті азамат, не білім-мағлұмат берер беделді кітапқа бай емеспіз. Өзге жұртқа қарағанда, өткен тарихымызды жұпынылау сөз етіп, жадағайланып шыға беретіндігіміздің мәнісі осында. Ғасырлар бойы ортамызда болған оқу үлгісінің "орындаған бір ісі" – діни мектеп-медреселерге сол дінді, шариғатты уағыздап, құран сүрелерін жаттатқызатын молда-мүриттердің көбі елдің санасын оятумен емес, шатастырумен болды. Міне, араб оқуы мен жазуының бізге бергені осы. Әрине мәселенің екінші жағын да ескеруіміз керек. Аузымызды қаншама қу шөппен сүрткенмен, көптің қолындағы жалғыз қару осы болған соң, там-тұмдап дәуір, кезең келбетін елестетер ескерткіштердің де қалғанын жасыруға болмайды. Шығыс әдебиеті мен мәдениетінің небір асқан үлгілерін қазақ жұртшылығы, ең алдымен, осы жазу арқылы таныды. Өзінің ауыз әдебиетінің тамаша туындыларын бірден-бірге жыршы, жыраулар арқылы жеткізумен бірге, араб әліппесін пайдаланып та елге таратып отырғанын білеміз. Келе-келе халқымыз өз мүддесін, өз мәдениеті мен өзіндік тірлік, тынысын ортаға салып жұртшылықпен ойласар тұста өз газеттерін, өз журналын шығарып жатты. Бұл газет-журналдарды шығаруда да қазақ зиялылары осы араб жазу үлгісін, соның алфавитін пайдаланды.

Ал енді осы газет, журналдар қандай орфографиялық ережелерге сүйенді, қандай норманы ұстанды десек, бұл жазу үлгілері ешқандай сын көтермейді. Көптеген материалдармен танысып шыққанда жалпы түркі тілдес халықтардың ортақтығын дәлелдейтін "морфологиялық принципті" біздің қазақ газеттері көбінесе ұстана бермеген. П.М.Мелиоранскийдің байқауынша, араб, парсы сөздерін ескіше сауатты адамдар сол тілдегі нұсқасын сақтап жазған да, шала сауаттылар қалай естілсе, солай жазуды дағдыға айналдырған. Мысалы, *уәде* деген сөздің жазылуын Р.Ғ. Сыздықова[15] осы пікірге дәлел ретінде алады. Мұны олар *** *уағда* деп бұрын жазудың орнына ***-*уәде* деп жаза берген. Ғалым бұл жағдайды сәл басқашалау түсіндіреді. Ол: мәселе жазушының "сауаттылығында" ғана емес, нені жазуына қарау керектігінде. Абайдың қара сөздерін тексеру үстінде ғалым бір қызық фактіні байқайды. Егер әлгіндей сөздер діни адамдарға арналса, араб, парсы тіліндегі түрі қатты сақталады екен де, жай азаматтық әуенде қарапайым нәрселер жазылатын болса, қазақ тіліндегі естілу вариантын сақтайды. Осындай жайтты өзге де зерттеушілер байқайды. Ертеректе С.Аманжолов, Қ.Жұбанов, Х.Басымов т. т., кейінірек Б.Әбілқасымов, С.Исаев[16] еңбектерінен араб, парсы сөздерінің жазылуы жайында мағлұматтар кездестіруге болады.

---

15. *Сыздықова Р. Ғ.* Вопросы развития казахского правописания //Қазақ филологиясының мәселелері. Алматы, 1964. 89-б.

16. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966; *Аманжолов С.* Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Алматы, 1957; *Х.Басымовтың* "Еңбекші қазақ" газетіне жарияланған мақалаларын қараңыз.

Жоғарыда аталған мақаласында Р.Ғ.Сыздықова революцияға дейінгі жазу жүйеміздің біраз кемшіліктерін атап көрсеткен. Араб алфавиті дауысты дыбыстарға бай емес. Қазақ аффикстерінің жуан, жіңішкелік белгілерін бере алмады; көптеген дыбыстар косарланып таңбаланды; дауыстыдан басталатын сөз алдында сүйеніш таяқ-алиф босқа тұратын (***- еді), дауыссыз дыбыстардың жазылуында да жүйе болған жоқ. *Ы-і* дыбыстарын таңбалайтын *** бола тұра ол жазуда көрсетілмейтін (*** – бір); септік жалғауы өзіне тиісті сөзден бөлек жазылатын. Ал шылаулар сөздермен бірге жазылады.

Қысқасын айтқанда, қазақ орфографиясы XX ғасырдың басына дейін жүйесіз, қалай болса солай жазылып келді деген пікірге әбден қосылуға болады. Өйткені оңай нәрселердің өзін жүйелеп беруге араб жазуының мұршасы болмағанын байқаймыз. Сондықтан да араб жазуына байланысты қазақ орфографиясының сол кездегі сыңайын П.М. Мелиоранский өте дәл байқаған. Ол былай дейді: "Қырғыздар (қазақтар- *Ө. А.)* орфографиялық ережені жеке адамдардың көрсетуі бойынша ұстанып отырған, ал олардың негізгі көпшілігінің сауаты шамалы болғандықтан жазуларында түсінікті қиындататын әр алуан қателер көп болатын"[17].

Араб жазуының осындай кемшіліктеріне байланысты 1914 жылы арабшылдар Орынборда қазақ-қырғыз оқығандарының съезін шақырып, алфавитке біраз жаңалықтар енгізеді. Мұнда біраз әріпті қысқартып, жазу ережелерін қабылдағанмен, оның практикалық мәні шамалы болып шықты. Дегенмен бұл жазу халқымыздың өміріндегі тарихи факт есебінде танылады.

XIX ғасырда қазақ арасына орыс оқымыстылары мен ойшылдарының келе бастауының нәтижесінде, халқымыздың мәдени өмірінде елеулі өзгерістер бола бастайды. Негізінен патша үкіметінің тапсырмасын орындай келген бұлар қазақтың тілін, тарихын, ауыз әдебиетін зерттейді. Жер-жерде орысша мектептер ашылып, онда қазақ балалары да оқиды. Енді қазақтар арабша оқумен қатар орысша да оқи бастайды. Қазақтардың өз ішінен Ы. Алтынсарин, Ш.Уәлиханов тәрізді орысша білім алған, озық ойлы азаматтары жетіле бастайды. Жоғарыда есімдері аталған орыстың ориенталист-оқымыстылары қазақ тілінің фактілерін орыс графикасына түсіріп, орыс тілін үйретететін қазақтар үшін және керісінше қазақ тілін оқитын орыс және басқа ұлт өкілдері үшін оқу құралдарын жазу жұмысымен айналысады. Сөйтіп, бұл кезең орыс оқуы мен араб жазуының астыртын айқасқа түскен тұсы болатын. Мұны Шоқанның қалай байқағанын жоғарыда айтып өттік.

Алайда орыс оқымыстыларының қазақтарға орысша үйретіп, олармен араласа бастағанына қарап, патша өкіметі саясатының астарын көрмей кетуге болмайды. Патшамен орыс буржуазиясының мұндағы көксегені – бұратана елді билеуге тікелей жәрдемдесетін қолшоқпар дайындау болатын. Расында да Ыбырай мен Шоқан сияқты жарқырап шыққан жұлдыздар болмаса, ол кездегі орыс мектебі ең алдымен, өз елін тізе бүктіретін толып жатқан қазақ чиновниксымақтарды берді. Олардың өз жұртына деген бар жақсылығы бірінің үстінен бірі ұйымдастырған арыз-шағымдарды орысшалап, ұлық пен екі арадағы итіс-тартыста өз басына пайдалы, шашылған мүлікті қағып түсіп қылғыта беруден әрі асқан жоқ.

Революцияға дейінгі халқымыздың тарихында болған екі түрлі үлгінің пайдасы мен зияны қысқаша айтқанда осындай.

Жазу – адамзат қауымы тапқан мәдени мүліктің ең асылдарының бірі. Жазу әліппеге (алфавитке) тәуелді. Мәдени өрлеуге себепші болған жазудың негізі

17. *Мелиоранский П. М.* Краткая грамматика казак-киргизского языка. СПб., 1894. Ч. 1. С. 13.

алфавит деп танитын болсақ, әліппені асқан даналықтық туындысы деп қарауымыз керек. Қоғам өмірінде мұның мағынасы аса зор екенін әсіресе, 70 жылдық Совет шындығы тамаша дәлелдеп отыр.

Барлық басқа туысқан республикаларындағыдай біздің республикамызда да алғаш қолға алынған мәселенің бірі – осы жазу мәселесі болатын. Партиямыз бен үкіметіміздің халық шаруашылығы мен экономикасын өркендетумен қатар күн тәртібіне осы мәселені қоюы тегіннен-тегін емес. Революцияны жасау бар да, оның жемісін көріп, баяндатып ұстай білу тағы бар. Сол ұлы төңкерістің шын мағынасындағы ұлы болмысын дұрыс түсініп, соның идеяларын іске асыру екінші бір революциялық қимылды қажет етеді. Ол – мәдени революция. Совет өкіметінің табан тіреп, қаз тұруында осы мәдени революцияның орны бөлек. Мәдени революцияның басқы проблемасы халықтың жаппай сауатын ашып қана қоймай, соны көтеру болып табылады.

Революцияның алғашқы күндерінен бастап-ақ, Коммунистік партия мен Совет үкіметі әрбір ұлттың өз ана тілінде жазуы болуына қамқорлық жасай бастады.

Себебі мәдени прогрестің айқын бір белгісі ең алдымен ғылым-білімнің өркендеуінен көрінеді. Білімнің, ғылымның дамуы қай елді болса да мәдени өрлеуге жетелейді. Егер Совет өкіметі мәдени революцияның маңызды бір тармағы – тіл қозғалысын, сауаттылық мәселесін қолға алмаған болса, дәл бүгінгідей дәрежеге ешқашан да жете алмаған болар еді. Біздің еліміз ешқандай саяси-әлеуметтік өзгерістер мен экономикалық жетістіктерді көре алмаған болар еді.

Марксизм-ленинизм ілімінің ұлт тілдерін дамытудағы өлшеусіз ролін тереңірек түсіну үшін: патшалы Россия кезіндегі империализм идеологтарының мына бір сорақы пікірін еске түсіру қажет: "Олар тілдердің грамматикалық ережесін жазып, оған аздаған әдеби өң беріп, жазумен жабдықтап мектепке енгізуді, сөйтіп соған лайықты халықтар тобын жасауды[18] мақсат еткенін жасырмай айтады".

Ол кездегі "қамқорлықтың" сиқы осындай екенін кезінде ұққан В.И. Ленин бастаған большевиктер партиясы жаңа және көне әдеби тілдердің қай-қайсысын да қалыпқа түсіріп, дамытуды тарихи қысқа мерзімде іске асыруға кірісті.

Сауатсыздықты жою үшін сауаттылардың сапасын анықтап, саналы әрекетке көшу керек болды. Партиямыздың осы мәнді мәселеде арқа сүйегені ғалымдар мен алдыңғы қатарлы интеллигенттер болғаны мәлім. Солардың ішінде озық ойлылары мен жоғары білімділерін жетекке алып, жаңа дүние жаңалықтарының жаршысына айналдыра білді.

Бұл аса жауапты жұмыста партиямыздың сүйеніші В.И.Ленин қағидалары болды. Ұлт және тіл мәселесі төңірегіндегі ойларын ұлы көсем революциядан әлде қайда бұрын әрі айқын, әрі түсінікті тілмен айтқан болатын. Владимир Ильич қағидаларын басшылыққа ала отырып, Коммунистік партиямыз өзінің 1921 жылы өткен X съезінде осы мәселе жайында нақты тұжырымға келді.

...Оның жалпы мазмұны өз сөзімізбен айтқанда, былай болып шықты. Алға кеткен орталық Россияны қуып жету үшін орыстан өзге халықтардың еңбекші бұқарасына жәрдем ету керектігі атап көрсетіледі. Мәселен сол халықтардың ұлттық болмысына сәйкес келетін советтік мемлекеттіліктің түрін ана тілінде жұмыс істеп жатқан жергілікті тұрғындар тұрмысы мен мінез-құлқын жақсы білетін адамдардан қамтылған сот, әкімшілік, шаруашылық, өкімет органдарын дамытып тұрақтандыру қажеттігі айтылады. Сондай-ақ, ана тілінде баспасөзді, мектепті, театрды, клуб

18. Журнал Министерства народного просвещения. 1887. Февраль. С. 37.

пен мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жандандыру, басқару жүйесімен, әсіресе, оқу білім саласы бойынша жергілікті жерде партия, совет қызметкерлерін, білікті маман жұмысшыларды жеделірек дайындау үшін жалпы және кәсіптік-техникалық білім беретін мектептер мен курстар тармақтарын (әсіресе, қырғыз (қазақ), башқұрт, түрікпен, өзбек, тәжік, әзірбайжан, татар, дағыстандықтар үшін) ашып, дамыту[19] жөнінде нақты шаралар жүргізіледі.

Күн тәртібіне қойылған бұл мәселенің бәрін орындап шығу оңайға түспегені белгілі. Пролетариат революциясының басты принциптерінің бірі мәдениетті демократияландыру деп түсінсек, бұл үшін, ең алдымен, артта қалған аймақтарда, қысқа мерзім ішінде ұлттық мамандарды даярлап шығу керек болды. Сол мамандарды әзірлеп, цивилизациядан кенжелеп қалған шет аудандар жұртшылығын социалистік экономикамен мәдени қосу үшін әрбір ұлттың өз ана тілінде көпке ортақ жазу жүйесі жасалуы тиіс.

Бұл игі іспен айналыспаған адам кем де кем: басшы қызметте отырған жолдастар, алдыңғы қатардағы интеллигенция өкілдері т.т. Әсіресе тіл білімпаздарының жұмысына түбірлі өзгерістер енуі қажет еді. Енді олар революция алдындағы жылдардағыдай тиіп-қашып факті жинаумен ғана шектелмей, еліміздегі барлық тілдердің бүгінгі жайы мен даму, жетілу мүмкіндігін жоспарлы түрде жүйелей зерттеумен шұғылданады.

Жаңа жазба жүйесін жасап, бұрынғыларды жақсарту жолында, ғалымдар көптеген теориялық мәселелерге тап болды. Осы күнге дейін істелген жұмыстар негізінде қалың жұртшылық түгелдей әжетке жаратарлық, ғылыми дәлелденген алфавитті құрастыру мемлекеттік мәні бар іс еді. Үлкен шаруаның негізін қалау кезінде ғалымдар арасында айтыс-тартыс та болды.

Ұлт республикаларындағы советтік мекемелердің бәріне жергілікті тұрғындар тартылды. Мектептерде сабақ және іс қағаздары жергілікті халық тілінде жүргізілді. Барлық жерде бастауыш, орта мектептер ашылып, біртіндеп жоғары оқу орындарына көше бастадық. Алыс түкпірлерге, сауатсыз аймақтарға барып, жергілікті мемлекеттік мекемелерде қызмет істейтін мамандар даярланды. Инженер-техник қызметкерлер, ғылым мен өнер қайраткерлері, мұғалімдер мен түрлі мамандық иелері әзірленді.

Мемлекетіміз жергілікті ана тілінде оқу құралдарын және аударма кітаптарды көптеп шығара бастады. Ал газеттер мен журналдардың халық игілігіне қызмет етуі мәдени жетістігіміздің бір парасы болып табылады. Алғашқы бесжылдықтар тұсында партиямыздың басшылығымен оқу-ағарту ісінде қыруар жұмыстар істелді. Совет Одағы жаппай сауатты мемлекетке айналды. Халқымыздың творчестволық еңбегінің нәтижесінде бұл жылдары шынында да капиталистік мемлекеттердің ешқайсысының өңі түгілі түсіне де кірмейтін ғажайып мәдени революция жасалды. Осы мақсатты орындауға бірден-бір себепкер болған іс — Совет Одағында тіл проблемаларының дұрыс шешілуі деп білеміз. Халықтардың тең правалылығы мен достық қарым-қатынаста болуын негіз етіп алған Коммунистік партиямыздың лениндік ұлт саясаты бұл мәселені күні бүгінге дейін күн тәртібінен түсірген жоқ.

Ұлы Октябрь революциясынан бергі жердегі жазу мәдениетіміздің тарихын үш кезеңге бөліп қарастырған жөн. Негізінен араб жазу үлгісін пайдаланған 20-жылдарды алғашқы кезең деп қарасақ, латыншаны әжетке жаратқан 30-жылдарды екінші кезең деп білеміз. Ал 40-жылдардың басынан біз жаппай орыс жазу үлгісін пайдалана бастадық. Содан бері қарайғы уақытты үшінші кезең есебінде

19. КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов. М., 1953. Ч. 1. Изд. 7. С. 559.

қарастыруды дұрыс деп есептейміз. Аталған үш кезеңде халқымыз үш түрлі жазу үлгісін пайдаланған екен. Үш топқа бөліп қарауымыздың мәнісі де осыған байланысты.

В.И.Ленин 1919 жылы 26 декабрьде РСФСР тұрғындары ортасында сауатсыздықты жою жөніндегі декретке қол қойды. Онда айтылған мына сөздерді еске түсірмей, осы бір тарихи процестің мәнін жете түсінбес едік. "Республиканың 8-ден 50 жасқа дейінгі оқып, жаза білмейтін тұрғындары ана тілінде немесе орыс тілінде ерікті түрде оқып сауат ашуы керек"[20]. Әліпті таяқ деп білмейтіндерге әріп үйретіп, сауатын ашу бір жағынан қандай абыройлы іс болса, екінші жағынан тауқыметі мен азабы аралас бейнет еді. Өйтпесе қысқа мерзімде қолжеткен табысқа таңданбасқа болмайды. Мүмкін ең басты себебі халықтың білімге деген ынтасы мен партиямыздың көрегендік саясатында болса керек. Ресейдің барлық аймақтарындағы сияқты қазақ жерінде де бұл сауат ашу шаруасының мейлінше қарқынмен жүргізілгені мәлім.

Қазақстанның партия ұйымы, үкіметі және жалпы жұртшылық елді жайлаған аштық пен жалаңаш-жалпылыққа қарамастан бұл жылдары көптің сауатын ашуда орасан зор жұмыстар жүргізді. Ол 1921 жылдың 26 июлінде сауатсыздықты жою туралы арнайы қаулы қабылдап, нақты шаралар белгіледі. Мемлекеттік мәні ерекше мәселені жүзеге асыра алар лық қабілеті бар 16 мен 50-дің арасындағы сауатсыз азаматтардың бәрі еңбекке тартылды. Еңбекші бұқараның ынтасы мен партиямыздың тыңғылықты жүргізген жұмыстарының нәтижесінде 1920—21 жылдары Қазақстанда 2412 сауатсыздықты жою пункттері ашылған екен. Онда 72232 адам[21] оқыпты. Жаппай сауаттану кезінде кездескен қиындықтардың ең бастысы — ана тілінде оқытатын оқу құралдарының жетіспеуі және сапасының төмендігі еді.

Алайда жыл өткен сайын жұмыс жандана түсті. Егер 1923 жылы 3000 адам сауаттанып, 90270 адам оқытатын 1003 пункт ашу көзделсе, 1924—25 оқу жылында мұндай пункттердің саны 6677 болған екен.

1921—22 жылы тұңғыш рет қазақша оқу құралы баспаға басылып шықты. Оның біразы Қазан қаласында басылған.

Ал 1925—26 оқу жылында республика бойынша 3344 мектеп жұмыс істей бастаған. Оның 111-і ғана жеті жылдық және екінші басқыш (вторая ступень) мектеп болған. Бұларда сабақ алған 17720 баланың 3048-і қазақ екен. 215142 бала оқитын 3233 бастауыш мектепте 67769 қазақ баласы[22] білім алған.

Сөйтіп, 1920 жылы республика бойынша сауаттылар санын процентке шаққанда 14,4 болса, оның ішінде қазақтар қалада — 13,9 процент те, ауылды жерлерде 2,9 процент болған. Ал 1926 жылғы санаққа жүгінсек, сауаттылығымыздың едәуір арта түскенін байқаймыз. Мәселен, 17 мен 35 жастағылардың сауаттылығын әртүрлі ұлт өкілдері бойынша салыстырып қарасақ: республика бойынша сауатты қазақтар саны 10 процентке, орыстар 57 процентке, украиндар 50,9, татарлар 67,5 процентке[23] жеткен. Сонда 1920—1926 жылдар арасында республикамызда шыққан сауаттылардың саны 244 мың адамнан асқан.

---

20. Директивы ВКП(б) и постановления советского правительства о народном образованин за 1918-1947 гг. М.-Л., 1947. С. 118.
21. Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1981, 4-т. 495-б.
22. Сонда, 485-б.
23. ҚазССР Орт. мемл. архиві. 81-к. 1-т. 1513-іс.

Баспа орындары ашылып, онда қазақша кітаптар шығару ісі жолға қойылды. Жаңадан пайда болған газет, журналдар мәдени шаруашылығымыздың жандана түсуіне сеп болды. Бұлардың біразы қазақ тілінде шықты. Мысалы, 1925 жылы республика бойынша 31 газет, соның 13-і қазақша екен. Ел сауаттана бастаған соң жергілікті тілшілер саны да көбейе бастады.

Міне, осы аталып өткен шаралардың бәрі – баспа жұмысы, іс қағаздары, газет, журналдар, қаулы-қарарлар т.т. қай-қайсысы да хатқа араб алфавитінің негізінде түсіпті. Түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтын араб жазу үлгілерінің кемшіліктерін көре отырып, неге тағы да он шақты жыл бас қатырдық, бірден неге латын немесе орыс графикасына көшіп алмадық деген сұрақ тууы мүмкін. Мұның бірнеше тарихи себептері бар.

Лениндік ұлт саясатын бұлжытпай іске асырып келе жатқан партиямыздың көрегендігін дәл осы тұста да анық байқауға болады. Қазақ халқының негізгі көпшілігі сауатсыз болғаны рас. Алайда олар пайдаланып келген арабша жазу үлгісінің болғанын есепке алсақ, жұртшылықтың біразының азды-көпті сауат ашқанын мойындау керек. Бұл факт. Тарихи, діни қиссаларды заулатып оқып, сәл де болса көптің көкейіне шырағдан жаққан молла-дамыллаларды былай қойғанда, өзара хат жазысып, хабар алысарлық халде болған жұртты тарихтан білеміз. Ескерілген бір жайт осы. Екіншіден, елдің көпшілігі там-тұмдап қара танығанмен, әлі санасы жетіле қоймаған кезі. Сондықтан да, жаңа өмірдің жаңалықтары мен ескі өмірдің етек басар ескі әдет-ғұрып, наным-сенімдері арасындағы күрестің жеңісе алмай тұрған шағында халықтың аз да болса көзі үйренген жазуды тастап, бірден басқа алфавитті қабылдай қоюы оңай болған жоқ. Үшіншіден, осындай шақта еңбекші бұқараға жаңа дәуірдің жарқын істерін байқататын, партияның қаулы-қарарларын, директива мен шешімдерін, әзірше өзіне түсінікті жазу үлгісін пайдалана отырып жеткізу жағы жетіспей жатты. Міне, осындай бірнеше объективті себептерді ескеріп, партиямыз бен үкіметіміз бірден-бір дұрыс шешім тапты деп білеміз.

Уақытша болса да көптің қажетін өтеп отырған бұл жазудың енді қазақ тілінің заңдылықтарына орай жақсарта, жандандыра түсудің амалы қарастырылған. Бұл істе, әсіресе, қазақтың оқыған зиялы азаматтары атсалысты. Олар орыс оқымыстыларының, мамандарының теориялық еңбектерін зерттей отырып, қазақ жазуын ғылыми жүйеге түсіруге әрекеттенеді. Сол кездегі газет, журналдарды қадағалап қарағанда, осы мәселеге арналған бірен-саран материалдарды кездестіруге болады. Алайда араб жазуын жақсартуға арналған ауыз толтырып айтарлық мақаланы айта қою қиын. Араб алфавитіне дәйекше енгізіліп, қайсыбір әріптердің қызметі сараланады: 1924 жылы оған реформа жасалып, оны қазақ тілінің ережелеріне үйлестіру бағытында біраз жұмыстар жасалды. Қайсыбір басы артық әріптерді алып тастап, ана тілімізге бейімдеу жағы қарастырылды. Сөйтіп, бұл алғашқы реформаның нәтижесінде ұлттық жазуымыз бен алфавитімізді біршама жөнге келтірдік. Осындай алғашқы әрекеттер ұлттық мәдениетімізді өркендету саласына септігі тиген алғашқы кезең ретінде бағаланады.

Араб алфавиті советтік өміріміздің алғашқы кезеңінде сауат ашуға көмектескенмен, келе-келе келелі тіршіліктерге кедергі бола бастады.

Революцияға дейінгі қазақ жазуы

Араб жазуының күрделілігі мен кемшілігі жайында кезінде көптеген оқымыстылар қынжылып айтқан болатын. Мәселен, К.Маркске жазған бір хатында Ф.Энгельс осы жазу жайында былай депті: "...парсы тілі нағыз құбылмалы ойнақы тіл. Егер алты әрпі бір-біріне ұқсап тұратын және дауыстылары жоқ қарғыс атқыр араб алфавиті болмаса мен бүкіл грамматиканы 48 сағаттың ішінде үйреніп алуға тырысар едім"[24].

Шығыс халықтарының ағартушылары араб алфавитінің ақауларын бұрыннан-ақ сезіп, оны жақсарту не өзгерту үшін күрес жүргізіп келген. Бұл жайында әзірбайжан халқының әйгілі жазушысы, әрі ойшылы Мирза Фатали Ахуновтың (1812–1878) мына бір айтқан сөзін еске түсірудің өзі-ақ жеткілікті: "Мұсылман халықтары басшыларының ашық күн тәрізді айқын да маңызды мәселені түсінбеуі өкінішті. Олар басқа кез келген реформаны жасауға бар, тіпті теміржол, телеграф линияларын салуға, пароход жасап, түрлі құрылыспен айналысуға келісім бергенмен, осы реформалардың барлығының негізі – алфавитті реформа жасауға қарсы"[25], – деп жазды ол. Мұндай пікірлерді көптеген шетелдік Шығыстың мәдениет қайраткерлері де айтқан. Өз елінің мәдениетке ертерек жетуі үшін өмір бақи айқасып өткен Иран ағартушысы Мирза Малькомхан: "Мұсылман елдерінде жүріп мен бұл мәселемен 20 жыл бойы айналысып, 20 жыл бойы прогреске жетудің жолын іздедім, қадам басқан сайын, мұсылман халқы прогреске өз алфавитін қазіргі Европа техникасына жақындатып өзгерту арқылы ғана жете алатыны жөнінде жаңа дәлелдемелер тауып отырдым"[26].

Ал Иран оқымыстысы Саид Нафиси латын графикасына көшелік деп ашық жазды. Алайда бұл ұсыныстардың прогрестік мәні зор болған сайын, кедергілер де көбейді. Ұлы Октябрь революциясына дейін шет ел болсын, патшалы Россия болсын, бір де бір елде бұл идея іске аспады.

Латын әрпіне негізделген жазу және термин жасау мәселесі

Біздің елімізде бұрын араб жазуын пайдаланып келген халықтар 20-жылдары біртіндеп латын әрпіне көшуді қолға алды. Бұл қозғалысты ең әуелі әзірбайжан ғалымдары бастаған болатын. Мұнда арнаулы комитет ұйымдастырылды да, оны Н.Нариманов басқарды. В.И. Ленин 1922 жылы әзірбайжан өкілінің жаңа алфавит жайлы хабарын тыңдай отырып, мұны "бұл шығыстағы революция"[27], – деп бағалағаны жайлы И. Хансуваров жазды.

1926 жылы февральда Бакуде түркі тілдес халықтар жазуын латындастыруға бағытталған Бүкілодақтық түркологиялық I съезд болып өтті. Съезде жаңа алфавитті енгізу жұмыстары жөніндегі Орталық Комитет құрылды... Оның бастығы болып сол кездегі Әзірбайжан Орталық Атқару Комитетінің Председателі С. Агамалы-оғлы сайланды.

---

24. *Маркс К., Энгельс Ф.* Соч. Т. 28. С. 222-223.
25. Культура и письменность Востока. М., 1931. №7, 8.
26. Сонда.
27. *Хансуваров И.* Латинизация – орудие ленинской национальной политики. М., 1932. С. 21.

Баку қаласында латын алфавитінің алты жылдығына байланысты өткізілген мәдени мейрамға қатысқан М.Горькийдің мына бір естелігі қызық: "Араб алфавитін латынша алмастырудың инициаторы түркі республикаларының президенті, ғажайып қарт Самед-аға Агамалы-оғлы бала сияқты жалынды сөз сөйледі. Ол В.И. Ленинның: "Латын алфавиті – түркілер ортасындағы мәдени революцияның алғашқы бастамасы"[28], – деген сөзін келтірді.

Сөйтіп, біртіндеп барлық түркі тілдес республикалар латын әрпіне негізделген жаңа жазуға көшті. Бірақ бүкілхалықтық істің жүзеге асу жолында да талай қиыншылықтардың болғаны мәлім. Тап қайшылығы шиеленісіп, идеологиялық күрес жүріп жатқан тұста социалистік мәдениетіміздің даму барысын көре алмайтын буржуазиялық интеллигенция әр алуан қайшы әрекетін істеп бақты. Олар қалың бұқараны сауаттандыруға күмән келтіріп, тіпті бұған мүлде қарсы болды. Еңбекші елдің сауатсыз болғаны мұндай ескіні көксеушілер үшін тиімдірек еді. Тіпті кейбір ауылдық жерлерде латын әрпінде сабақ өткізуші мұғалімді сабауға дейін барған фактілердің біразын білеміз. Шет жағасын өзіміз көрдік те. Көршілес Қырғызстан, Өзбекстан республикаларында мұғалімдерді діннен безген көпірлер деп айып тағып, елден аластамақ болған дін басыларын, құдай жолын ұстаушыларды білеміз. Мұхаммед пайғамбардың дінін уағыздаушылардың бұлай жанұшырып қимылдауында үлкен себеп бар. Өйткені латын жазуы қара халықтың көзін аша бастады. Бұрын түсініксіз, бұлдыр боп көрінген көп жайттардың сыры айқындала түсті, ұзақ жылдар бойы езілген еңбекшіні құранның түсініксіз сүрелерімен улап, рухани жүдетіп келген дін мұсылман басшылары үшін латындастыру ісі үлкен соққы боп тиді. Міне, сондықтан да социалистік идеологияның жаулары – ұлтшылдар, діншілдер халықты кері жолға жетектейтін араб жазуынан айрылғысы келмейтін.

Қысқасы, СССР халықтарының жазу жүйесін қалыптастыруда ерекше кезең болып есептелетін латын әрпіне көшу ісінің мәдени әрі әлеуметтік өмірімізде әжептәуір рөл атқарғанын атап айту керек. Бұл, ең алдымен, мұсылман дінін уағыздауға бейім араб жазуынан халықты арашалап алып қалды, сөйтіп, әлеуметтік прогресті жетілдіре түсудің бір мықты құралына айналды. Жаңа алфавит жасауда латын графикасының басқаларға қарағанда ыңғайлы екені белгілі болды. Мұның тағы бір үлкен пайдасы, енді өзара туыс тілдерде жарияланған көптеген материалдар мен көркем әдебиетті оқуға мүмкіндік туды. Оның үстіне сәл де болса орыс алфавитіне жақындай түстік. Сонымен, 1930 жылы барлық түркі халықтары латын әрпін қабылдап бітті. Бұл процестің советтік Шығыстағы мәні зор мәдени революция есебінде бағалануы тегін емес. Латын әрпіне көшу нәтижесінде бұл жылдары 40 тілде жүзден аса газет-журналдар мен түрлі әдебиеттер шыға бастады.

Алайда алфавиттерді латындандыру кезеңінде кемшіліктердің, асыра сілтеулердің де болғанын жасыра алмаймыз. Қайсыбір қызу қанды жолдастар латын алфавитін "дүниежүзілік коммунистік қоғам алфавиті" деп қорытынды жасаудан тайынбады. Бұл алфавиттің белгілі дәрежеде пайдасы болғанмен, бұрыннан орыс графикасын қолданып үйреніп қалған кейбір халықтар үшін зияны тиген еді. Мәселен, удмурт, мордва, чуваш, коми, осетин, ойраттардың мәдени тарихынан біз осыны аңғарамыз. Латын алфавиті бұл халықтардың табиғи мұқтаждығына қайшы жасалғанын көп зерттеушілер айтып жүр[29]. Ал өзін тіпті интернационалистпін деп санаған И.Хансуваров түбінде дүниежүзілік революция жеңген кезде барлық халықтар

28. Сонда. 21-22-бб.

29. *Базиев А. Т., Исаев М. И.* Язык и нация. М.: Наука, 1973. С. 119.

үшін негізгі рөл атқаруға тиісті алфавит осы латын алфавиті[30] деп асыра мақтады. Орыс алфавитін негізге алғысы келген әрекеттер контрреволюциялық қылық есебінде қаралып, одан елді безіндіруге дейін барды. Міне, осындай әрекеттерге де қарсы күрес жүргізуге тура келді.

Латын алфавиті Совет Одағындағы барлық тілге қызмет ете алмайтын еді. О баста бұл алфавит роман, герман тілдеріне әрі шіркеу тілі, әрі ғылым мен әдебиет тілі есебінде енген болатын. Латын алфавиті латын тіліне жақсы қызмет еткенмен, өзге тілдердің бар ерекшелігін өрнектей алмады. Шынтуайтқа келгенде, әлемде барлық тілге бірдей әмбебаб алфавиттің болуы мүмкін емес. Қолданыста өзгелерден анағұрлым ыңғайлы пішін танытатын алфавиттің болуы әбден мүмкін. Бір кезде "еліміздегі біраз ұлт тілдерінің жазуына едәуір қызмет еткен латын алфавиті де келе-келе ұлы орыс халқының мәдениеті мен екі араға салынған кедергіге айнала бастады. Орыс тілін, әдебиетін оқып-үйренуде көптеген қолапайсыздықтар туып жатты. Әрбір ұлт, бір жағынан, латын әрпіне құрылған өз жазуымен әуреленсе, екінші жағынан, графикасы басқаша орыс алфавитін тағы оқып, екі жақты әуреге түсті. Осының бәрі жинақталып келді де негізгі бұқара халықтың, алдыңғы қатарлы интеллигенцияның қалауымен, бірыңғай орыс алфавитіне көшудің кезеңі туды.

20–30-жылдары тілші ғалымдардың арасында латын алфавитін біржола тұрақтандыру бағытын ұстағандар болды. Олар орыс алфавитіне көшу мәселесін шовинистік әрекет есебінде түсіндіруге тырысып бақты. Алайда социалистік құрылысымыздың даму барысы қолдан жасалған жасанды латын алфавитінің СССР халықтарын орыс тілінен алшақтата түсетінін көрсетті. Қайсыбір республикалардағы әлі аласталып бітпеген буржуазиялық ұлтшыл элементтер үшін керегінің өзі осы болатын.

Орыс алфавиті біздің еліміздегі мәдени революцияның нәтижесінде туған саяси мәні зор мәселе. Бұл салада да лингвистердің рөлі орасан.

В.И.Ленин өзінің "Кооперация туралы" деген еңбегінде, "Толық және социалистік ел болып шығуымыз үшін бізге енді осы мәдени революция жеткілікті; бірақ біз үшін бұл мәдени революцияның орасан көп қиыншылықтары бар, таза мәдени жағынан да қиыншылығы бар (өйткені біз сауатсызбыз), материалдық жағынан да қиыншылығы бар, өйткені мәдениетті болу үшін материалдық өндіріс құрал-жабдықтарының белгілі дәрежеде дамуы керек, белгілі дәрежеде материалдық база керек"[31], – деп жазды. Мәдени шаруашылығымызды жоспарлы түрде жүргізу нәтижесінде партия мен үкіметіміз тамаша табыстарға жетті. Әсіресе, бұл мәселеде капитализмнен социализмге өту процесін аяқтағаннан кейін екінші бесжылдықтың мәні айрықша болды. Жазу жүйесінің жақсаруы нәтижесінде еңбекші бұқараның сауаттылығы арта түсті. Ал сауаттылық артқан сайын экономика мен мәдениетіміз жанданды. Тіпті халықтар арасындағы өзара достық, ынтымақ деген мәселеге жаңа бір леп қосылды, олардың бір-бірімен байланысы күшейді.

Болашақтағы мақсаты зор біздің ел үшін сауаттылық бірінші кезектегі мәселе болатын. Мәдени жорықта ілгері өрлей беру екінші міндет еді. Осы тұста Владимир Ильичтің мына бір пікірін еске алған жөн сияқты. Ол: "Сауатсыздықты жою жеткіліксіз, сонымен бірге совет шаруашылығын да құру керек, ал бұл жөнінде бір ғана сауаттылықпен алысқа ұзай алмайсыз. Біз мәдениетті мықтап көтеруіміз керек"[32], – деген болатын. Саяси мәні айрықша осы мақсатты орындау үшін жұмсалған қаржы-қаражатты

30. *Хансуваров И.* Латинизация – орудие ленинской национальной политики. М., 1932. С. 22.

31. *Ленин В. И.* Шығ. тол. жин. Алматы, 1982. 45-т. 416-б.

32. *Ленин В. И.* Шығ. тол. жин. Алматы, 1981. 44-т.



Ана тілдің қамы. 1989 ж.

үшін негізгі рөл атқаруға тиісті алфавит осы латын алфавиті[30] деп асыра мақтады. Орыс алфавитін негізге алғысы келген әрекеттер контрреволюциялық қылық есебінде қаралып, одан елді безіндіруге дейін барды. Міне, осындай әрекеттерге де қарсы күрес жүргізуге тура келді.

Латын алфавиті Совет Одағындағы барлық тілге қызмет ете алмайтын еді. О баста бұл алфавит роман, герман тілдеріне әрі шіркеу тілі, әрі ғылым мен әдебиет тілі есебінде енген болатын. Латын алфавиті латын тіліне жақсы қызмет еткенмен, өзге тілдердің бар ерекшелігін өрнектей алмады. Шынтуайтқа келгенде, әлемде барлық тілге бірдей әмбебаб алфавиттің болуы мүмкін емес. Қолданыста өзгелерден анағұрлым ыңғайлы пішін танытатын алфавиттің болуы әбден мүмкін. Бір кезде "еліміздегі біраз ұлт тілдерінің жазуына едәуір қызмет еткен латын алфавиті де келе-келе ұлы орыс халқының мәдениеті мен екі араға салынған кедергіге айнала бастады. Орыс тілін, әдебиетін оқып-үйренуде көптеген қолапайсыздықтар туып жатты. Әрбір ұлт, бір жағынан, латын әрпіне құрылған өз жазуымен әуреленсе, екінші жағынан, графикасы басқаша орыс алфавитін тағы оқып, екі жақты әуреге түсті. Осының бәрі жинақталып келді де негізгі бұқара халықтың, алдыңғы қатарлы интеллигенцияның қалауымен, бірыңғай орыс алфавитіне көшудің кезеңі туды.

20–30-жылдары тілші ғалымдардың арасында латын алфавитін біржола тұрақтандыру бағытын ұстағандар болды. Олар орыс алфавитіне көшу мәселесін шовинистік әрекет есебінде түсіндіруге тырысып бақты. Алайда социалистік құрылысымыздың даму барысы қолдан жасалған жасанды латын алфавитінің СССР халықтарын орыс тілінен алшақтата түсетінін көрсетті. Қайсыбір республикалардағы әлі аласталып бітпеген буржуазиялық ұлтшыл элементтер үшін керегінің өзі осы болатын.

Орыс алфавиті біздің еліміздегі мәдени революцияның нәтижесінде туған саяси мәні зор мәселе. Бұл салада да лингвистердің рөлі орасан.

В.И.Ленин өзінің "Кооперация туралы" деген еңбегінде, "Толық және социалистік ел болып шығуымыз үшін бізге енді осы мәдени революция жеткілікті; бірақ біз үшін бұл мәдени революцияның орасан көп қиыншылықтары бар, таза мәдени жағынан да қиыншылығы бар (өйткені біз сауатсызбыз), материалдық жағынан да қиыншылығы бар, өйткені мәдениетті болу үшін материалдық өндіріс құрал-жабдықтарының белгілі дәрежеде дамуы керек, белгілі дәрежеде материалдық база керек"[31], – деп жазды. Мәдени шаруашылығымызды жоспарлы түрде жүргізу нәтижесінде партия мен үкіметіміз тамаша табыстарға жетті. Әсіресе, бұл мәселеде капитализмнен социализмге өту процесін аяқтағаннан кейін екінші бесжылдықтың мәні айрықша болды. Жазу жүйесінің жақсаруы нәтижесінде еңбекші бұқараның сауаттылығы арта түсті. Ал сауаттылық артқан сайын экономика мен мәдениетіміз жанданды. Тіпті халықтар арасындағы өзара достық, ынтымақ деген мәселеге жаңа бір леп қосылды, олардың бір-бірімен байланысы күшейді.

Болашақтағы мақсаты зор біздің ел үшін сауаттылық бірінші кезектегі мәселе болатын. Мәдени жорықта ілгері өрлей беру екінші міндет еді. Осы тұста Владимир Ильичтің мына бір пікірін еске алған жөн сияқты. Ол: "Сауатсыздықты жою жеткіліксіз, сонымен бірге совет шаруашылығын да құру керек, ал бұл жөнінде бір ғана сауаттылықпен алысқа ұзай алмайсыз. Біз мәдениетті мықтап көтеруіміз керек"[32], – деген болатын. Саяси мәні айрықша осы мақсатты орындау үшін жұмсалған қаржы-қаражатты

---

30. *Хансуваров И.* Латинизация – орудие ленинской национальной политики. М., 1932. С. 22.

31. *Ленин В. И.* Шығ. тол. жин. Алматы, 1982. 45-т. 416-б.

32. *Ленин В. И.* Шығ. тол. жин. Алматы, 1981. 44-т.




Ана тілдің қамы. 1989 ж.



9 класс оқушылары.
Шәуілдір, 1952 ж.

Менің мектептес достарым.
Қабыл Аблязов,
Мәулен Жаппарқұлов,
Өмірзақ Айтбаев





Өмірзақ Айтбаев немере ағасы
Төлеев Сланбекпен бірге.
Мырғалымсай қ., 1954 ж.

Студенттік жылдар. Құдайберген Жидебаевпен бірге





Дос ағалар ортасында: Әмір, Қапиза, Махмут және Өмірзақ. 1955 ж.



Ленинградта. 1969 ж.

Кабинетте.
1994 ж.





Көңілдің
кейбір кездері.
1969 ж.

Тіл білімі институтының
"Көңіл ашар" ансамблі.
Алматы, 1972 ж.





Арыстанбаб.
1998 ж.

Әулиелер аясында



Ө. Айтбаев,
Е. Қажыбек.
Түркістан, 1998 ж.



Академик Әбдуәли Қайдар мен Өмірзақ Айтбаев "Қазақ тілі" қоғамының 2-ші құрылтайында



Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының заңды құжаты. 1993 ж.

Үш дос: Медеуде. Сейіт, Төлен және Өмірзақ





СССР Жорналистер одағының мүшесі. 1961 ж.



Достармен Медеуде. Алматы, 1979 ж.



І. Кеңесбаев шәкірт інілер ортасында: Сейіт Қасқабасов пен Өмірзақ Айтбаев



Үміт пен Өмірзақ ұлы Ерлан, қызы Ләзизамен бірге. 1988 ж.



Су бұрқақ саясында. Ә. Қайдар, С. Исаев, Ө. Айтбаев жұбайларымен. 1984 ж.



Тұңғыш ұл Біржан мектеп табалдырығын аттаганда. 1966 ж.



Ө. Айтбаев 60 жаста. Ұлы Ерлан, қызы Ләзиза. 1996 ж.



Көктөбеден сейілдеп қайтқанда. Керімбек, Күләш, Айсара, Балапин және Үміт пен Өмірзақ



Өткен күндер-ай!
Үміт пен Өмірзақ
Оқжетпесте.
1984 ж.



Бажамен сұхбат.
1966 ж.



Ұлдың (Ерланның)
үйлену тойын әнмен ашу.
Құдалар Тұрсынхан мен
Әсемкүл және Үміт,
Әбдірайым.
1985 ж.



Немерем Индира 1 сыныпқа барганда. 1990 ж.



"Бірлік" санаторийі де саялы жер.



Естен кетпес Оқжетпес. 1994 ж.




Термин және аударма бөлімінің қызметкерлері. Ортада Мәулен Балақаев. 1980 ж.



Қордай асуында: академик К. Мұсаев, профессор Т. Қоңыров, академик Ө. Айтбаев. 1991 ж.



Ұлым Ерланның үйлену тойында құдалармен. 1985 ж.



Ұстаз бен шәкірт.
1987 ж.



Сүйменқұл Чокморов, Өмірзақ Айтбаев және жас қырғыз композиторы Рысқұлбек. Мәскеу,
1970 ж.



Мыңбай достың үйінде: Әлімхан Жүнісбек, Мыңбай Ілесов, Өмірзақ Айтбаев.
1 мамыр 1986 ж.



Мемлекеттік тіл жөніндегі сөз. 1989 ж.





Екі дос екі он жылдықта: Илия Жақанов және Өмірзақ Айтбаев. 1993 ж.



Үш профессор:
Ш. Сарыбаев,
Ө. Айтбаев,
Т. Сайранбаев.
2006 ж.



"Қайнар"
университеті
филология факультеті.
Өмекең кабинетінде.
2006 ж.



Ө. Айтбаев "Қайнар"
университеті ұжымы
ортасында.
2006 ж.



Мемлекеттік тілге
арналған халық-
аралық ғылыми-
практикалық
конференцияға
қатысушылар.
Өскемен, 2003 ж.

еске алып қарасаңыз, туған партия мен үкіметіміздің ұлт мәдениетін дамытудағы қалтқысыз қамқорлығына тәнті боласыз.

Орыс графикасына негізделген қазіргі жазу және термин реттеу мәселесі

1936 жылдан бастап Совет Одағының халықтары орыс алфавитіне көше бастады. Бұл істе орыс халқы мен өзге ұлттар арасында саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынас және олардың өзара көмегі, әсіресе, ұлы орыс халқының ағалық қамқорлығы ерекше болды. Сөйтіп, осы заманғы бүкіл саяси және ғылыми ақыл-ойдың жаршысына айналып, классикалық әдебиеттің тамаша туындыларын жариялап, орыс тілі тарих сахнасына шығып, өзінің ұлтаралық тіл ретіндегі тарихи қызметін көрсетті.

Орыс алфавиті халықты алдыңғы қатарлы революциялық теория – марксизм-ленинизм теориясымен таныстырды. Бұл алфавит еңбекші бұқараның өз талап-тілегіне орай қабылданды. Жаңа алфавитке көшу кезеңі әртүрлі ұлт республикаларында тіл және мәдениет институттарының ашылуымен түспа-түс келіп жатты. Осыдан былай қарай тіл құралы бүкілхалықтық іске айналып, бұған еңбекшілер қызу араласа бастады.

Қандай бір салада болсын орыс алфавитін қабылдаудың мәні ерекше болды. Жазу жүйесін жетілдіруде, ұлттық әдеби тілдерді дамытуда және Совет Одағындағы ұлттардың мәдени дәрежесін көтеруде орыс алфавитінің атқарған қызметі мол. Осы алфавит арқылы біз орыстың озық мәдениетін игеріп, дүниежүзілік мәдениеттің алтын қорынан нәр ала бастадық. Сондай-ақ, мектептерде сабақ беру жүйесі жеңілдене бастады. Қазақ халқының орыс тілін үйренуіне мүмкіндік туды. Орфографиялық нормаларды қалыпқа келтіруде, қоғамдық-саяси лексика мен ғылыми-техникалық терминдерді жасауда орыс жазуының көмегі орасан зор екенін біз күні бүгінге дейін көріп-біліп келеміз.

Жалпы орыс алфавитінің артықшылығын, тек біз ғана емес, советтік және шетелдік ғалымдардың да біразы таңдай қаға жазған болатын. Мәселен француз тілшісі Ж. Вандриес кириллицаға негізделген орыс алфавиті жөнінде былай деген: "Славяндардың Кирилл және Мефодий алфавиті – нағыз кереметтің өзі. Ағылшын, сақтар мен ирландықтар алфавиті бұдан әлде қайда алыс жатыр. Бұлар латын алфавитін өз тілдеріне жақындатпақ болып әлденеше ғасыр әуреленді, бірақ онысынан онша нәтиже шықпады"[33].

Алфавит атаулыға баға беру үшін оның адамзат қоғамында атқаратын қызметіне қарай және бүкілодақтық прогреске қаншалықты пайдасы бар деген тұрғыдан қарау керек. Осыған қоса мәдениеті ертеден дамыған елдің жағдайымен санасу қажет. Орыс алфавиті мұндай шарттардың бәріне жауап беріп отыр. Қазақ халқының қалауымен қабылданған бұл алфавит қазір отыз жылдан аса уақыт бойы ұлттық мәдениетімізді дамытуға қызмет етіп келеді. Орыс тілі негізінде жасалған орфографиямызды қалыптастыруда қазақ лингвистерінің еңбегі зор.

Сөйтіп жазуымыздың бірнеше сатылы кезеңдерін саралай келе айтпағымыз, қай тұрғыдан алып қарасақ та, орыс графикасына негізделген алфавиттің артықшылығы туралы. Шынында, тіліміздің қазіргі даму деңгейін дөп таңбалап отырған қазіргі жазуымыз осылайша өрістемесе, біз сөздік құрамымыздағы мыңдаған сөздерді әлі күнге дейін былықтырып жазып келген болар едік. Әсіресе түбегейлі байлығымызға айналған қатары сан мыңдап саналатын халықаралық

33. *Вандриес Ж.* Язык. М., 1937. С. 296.



Үш профессор:
Ш. Сарыбаев,
Ө. Айтбаев,
Т. Сайранбаев.
2006 ж.



"Қайнар"
университеті
филология факультеті.
Өмекең кабинетінде.
2006 ж.



Ө. Айтбаев "Қайнар"
университеті ұжымы
ортасында.
2006 ж.



Мемлекеттік тілге
арналған халық-
аралық ғылыми-
практикалық
конференцияға
қатысушылар.
Өскемен, 2003 ж.

еске алып қарасаңыз, туған партия мен үкіметіміздің ұлт мәдениетін дамытудағы қалтқысыз қамқорлығына тәнті боласыз.

Орыс графикасына негізделген қазіргі жазу және термин реттеу мәселесі

1936 жылдан бастап Совет Одағының халықтары орыс алфавитіне көше бастады. Бұл істе орыс халқы мен өзге ұлттар арасында саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынас және олардың өзара көмегі, әсіресе, ұлы орыс халқының ағалық қамқорлығы ерекше болды. Сөйтіп, осы заманғы бүкіл саяси және ғылыми ақыл-ойдың жаршысына айналып, классикалық әдебиеттің тамаша туындыларын жариялап, орыс тілі тарих сахнасына шығып, өзінің ұлтаралық тіл ретіндегі тарихи қызметін көрсетті.

Орыс алфавиті халықты алдыңғы қатарлы революциялық теория – марксизм-ленинизм теориясымен таныстырды. Бұл алфавит еңбекші бұқараның өз талап-тілегіне орай қабылданды. Жаңа алфавитке көшу кезеңі әртүрлі ұлт республикаларында тіл және мәдениет институттарының ашылуымен түспа-тұс келіп жатты. Осыдан былай қарай тіл құралы бүкілхалықтық іске айналып, бұған еңбекшілер қызу араласа бастады.

Қандай бір салада болсын орыс алфавитін қабылдаудың мәні ерекше болды. Жазу жүйесін жетілдіруде, ұлттық әдеби тілдерді дамытуда және Совет Одағындағы ұлттардың мәдени дәрежесін көтеруде орыс алфавитінің атқарған қызметі мол. Осы алфавит арқылы біз орыстың озық мәдениетін игеріп, дүниежүзілік мәдениеттің алтын қорынан нәр ала бастадық. Сондай-ақ, мектептерде сабақ беру жүйесі жеңілдене бастады. Қазақ халқының орыс тілін үйренуіне мүмкіндік туды. Орфографиялық норманы қалыпқа келтіруде, қоғамдық-саяси лексика мен ғылыми-техникалық терминдерді жасауда орыс жазуының көмегі орасан зор екенін біз күні бүгінге дейін көріп-біліп келеміз.

Жалпы орыс алфавитінің артықшылығын, тек біз ғана емес, советтік және шетелдік ғалымдардың да біразы таңдай қаға жазған болатын. Мәселен француз тілшісі Ж. Вандриес кириллицаға негізделген орыс алфавиті жөнінде былай деген: "Славяндардың Кирилл және Мефодий алфавиті – нағыз кереметтің өзі. Ағылшын, сақтар мен ирландықтар алфавиті бұдан әлде қайда алыс жатыр. Бұлар латын алфавитін өз тілдеріне жақындатпақ болып әлденеше ғасыр әуреленді, бірақ онысынан онша нәтиже шықпады"[33].

Алфавит атаулыға баға беру үшін оның адамзат қоғамында атқаратын қызметіне қарай және бүкілодақтық прогреске қаншалықты пайдасы бар деген тұрғыдан қарау керек. Осыған қоса мәдениеті ертеден дамыған елдің жағдайымен санасу қажет. Орыс алфавиті мұндай шарттардың бәріне жауап беріп отыр. Қазақ халқының қалауымен қабылданған бұл алфавит қазір отыз жылдан аса уақыт бойы ұлттық мәдениетімізді дамытуға қызмет етіп келеді. Орыс тілі негізінде жасалған орфографиямызды қалыптастыруда қазақ лингвистерінің еңбегі зор.

Сөйтіп жазуымыздың бірнеше сатылы кезеңдерін саралай келе айтпағымыз, қай тұрғыдан алып қарасақ та, орыс графикасына негізделген алфавиттің артықшылығы туралы. Шынында, тіліміздің қазіргі даму деңгейін дөп таңбалап отырған қазіргі жазуымыз осылайша өрістемесе, біз сөздік құрамымыздағы мыңдаған сөздерді әлі күнге дейін былықтырып жазып келген болар едік. Әсіресе түбегейлі байлығымызға айналған қатары сан мыңдап саналатын халықаралық

33. *Вандриес Ж.* Язык. М., 1937. С. 296.

терминдер мен орыс тілі арқылы келген кірме сөздерді таңбалауда есепсіз былыққа батқан болар едік. Әрбір сөздің, әрбір терминнің графикалық пішінін дәл түсіруде орыс алфавитінен асқан үлгіні табу қиын. Халықаралық терминдер түгілі, байырғы қазақ сөздерінің өзінің мағыналық әрі құрылымдық ерекшелігін, тұлғалық өрнегін беруде араб жазуының да, латын әліппесінің де қауқарсыздығын өмір көрсетті. Аталған екі жазу үлгісі бойынша бейнеленген қаншама термин сөздер жазу жүйесін қиыншылыққа душар етіп келгені мәлім.

Қазір жер жүзі тілдерінің көбіне ортақ халықаралық терминдерді таңбалауда қазақ жазуы ешбір елден қалыспайды. Біз қазір мұндай сөздерді, терминдерді сол түпнұсқа күйінде айны-қатесіз таңбалап, оқып, пайдалана аламыз. Яғни сауатты жетілдіруде ерекше роль атқаратын қазіргі жазуымыздың өрелілігін термин таңбалаудан да тануға болады. Ендігі әңгіме қазақ терминологиясының жасалу, қалыптасу, даму тарихы жөнінде болмақ.

МЕМТЕРМИНКОМ ЖӘНЕ ТЕРМИН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

КПСС XXVII съезінде атап көрсетілгендей, өнеркәсіп, ауылшаруашылық және мәдениеттің барлық саласында атқарылуға тиісті мақсаттарымызды орындау үшін ғылым мен техника жетістіктерін барынша молынан пайдалану көзделіп отыр. Советтік өмір шындығы – сол ғылым мен техника жетістіктерінің жемісі. Мұның тілге де тиген әсері мол. Совет халықтары тілдерінің қазіргі ғылыми сипатынан осыны айқын аңғарамыз. Ғылым мен техниканың сала-саласына орай өрбіген, әрқилы мән жетелеген ұғымдарды пішіндеу әдеби тілдің арнайы саласы – терминологиялық лексикамыздың жасалып, қалыптасуына әкеп соқтырды. Бірақ бұл бірден және оңай ие болатын олжа емес еді. Қаншама теориялық түйіндеулер мен қыруар практикалық шараларды іске асыру нәтижесінде ғана бірсыпыра мәселелер реттелді.

Жалпы әдеби тіл дегеніміздің ауқымы кең, шеңбері үлкен ғой. Оны ғылыми әдебиетте тілдің дамыған кезінің белгісі деп таниды. Ал дамыған кезеңге тән әдеби тілдің қасиетін танытатын басты арналарының бірі – терминологиялық лексика екенінде дау жоқ. Яғни терминдік жүйесі айқындалған және ғылыми ой-пікірлер мен техникалық тағлымды танытарлық сөз байлығы мол тіл, ол болашағы мол, нағыз дамыған әдеби тілдер қатарына жатса керек.

Осыған қарағанда, әдеби тіл дамуының нәтижесі, яғни ол қоғам өміріндегі өзгерістерге орай өріс алып, дамып, соның мәдени санадағы айнасына айналып отыратынға ұқсайды. Ал қоғам өміріндегі мұндай өзгерістер әрдайым бір қалыпты бола алмайды. Белгілі бір дәуірде эволюциялық дамудан революциялық сапаға ауысып, ал кейбір кезеңде керісінше қалыпты күйге көшіп отырады. Тілде пәлендей революциялық түбірлі өзгерістер бола қоймағанмен, ол қоғамдық құбылыстардың бәрін қамтып, соған лайықты ұғым, түсініктерді сөз түрінде таңбалап береді. Барлық өзгеріс, өрістер тілде көрініс бермей тұрмайды.

Ал тілде болып жататын әлгіндей құбылыстар бір қарағанда, еріктен тыс өз бетінше өрбіп жататын сияқты. Шындығында, тілде ішкі табиғи жүйеден тыс ешнәрсе жасалмайды. Бәрі тіл дамуының ғасырлар бойы қалыптасқан заңдылығына орай болады. Осы процеске бірауық зер сала қарасақ, тілдің лексикалық қабаты алуан-алуан кезеңді бастан өткізген екен. Әр кез өзінің талап-тілегіне орай байырғы сөздерін қайта екшеп, қайсыбіріне қосымша мағыналық жүк артып, сөз жасаудың

түрлі амалдарын қарастырып, көрші елден сөз алып, т.т. әрекет еткен. Сонда тілдің лексикалық қабатының бір алуаны жанданып, екіншілері көмескіленіп, неше алуан құбылып, сұрыпталып, уақыт тезінен өтіп отырғанын байқаймыз. Солардың ішінен терминологиялық лексиканы ерекше атауға болады. Терминдік даралық сипат алған сөздер мен сөз тіркестері, бейнелеп айтқанда, тарихи кезеңдер мөріндей боп таңбаланған тілдік фактілер. Бұл да қоғам дамуының заңдылығына сәйкес туған лексика. Осылардың даму тарихына, қалыптасу кезеңдеріне тереңірек бойласаңыз, оның мейлінше қаулап, қанат жаюы Ұлы Октябрь революциясынан бергі жердің үлесіне тиеді екен. Тілдің бұл қабатының дамуында өзіндік ерекшелік те бар. Осыған жататын сөздік құрамға енген қолданыста активтілік танытып жүрген термин сөздердің бәрі дерлік саналы әрекет нәтижесі деп айтуға болады. Сол дауылды дәуірдің алғашқы сәтінен бастап-ақ, барлық аймақта (әсіресе Қазақстан сияқты елде) сауаттылық ұраны көтеріліп, оқу-өнер, ғылым-білімге талап күшейді. Осының салдарынан қазақтың көптеген байырғы сөздерінің мағынасы кеңейіп, жаңаша өріс алды. Тіпті, керек десеңіз, өнімділік нышанын таныта бермейтін кейбір жалғау, жұрнақтардың өзі жанданып, жаңаша қызметке көшіп, сөз жасаудың актив түріне айналып кеткені бар (Бұл жөнінде еңбектің кейінгі бөлімінде толығырақ әңгіме болады).

Байырғы лексикамыздың жаңа өмірге лайықты жаңаша сипат алуына қоса, тіліміздің кірме сөздер қорының жасалғанын да байқаймыз. Яғни бұрын тіршілік ету дағдымызда болмаған ғылым мен техникаға байланысты ұғымдарды білдіруде жалпыға ортақ халықаралық терминдер мен атаулық мәндегі орыс сөздерін пайдалану – қазақ әдеби тілінің арналы бұлақтарының бірі болып табылады. Ал тіл қоғамға, қоғам мүшелерінің бәріне бірдей қызмет ететін болғандықтан, сол қоғам мүшелерінің өзі бұл процесті үнемі қадағалап, тілді бөгде сөздерден қызғана қорғаштап, жаңаларын сұрыптап, қолданыс мұқтаждығына орай икемдеп отыратыны да бар. Сөз болып отырған лексикалық қабаттың уақытында әдеби нормаға сай қалыптаса қоюы оңай болған жоқ. Неше алуан талас-тартыс объектісіне айналып, сан алуан сарапқа түскені мәлім. Мұның бәрі тіл дамуының белгілі кезеңдеріне тән заңды құбылыстар.

Сол бір тарихи кезеңдер шеңберінде тіл дамуына әсер еткен мәселелерді саралап, ғылыми тұрғыдан талдап алмай тұрып, терминология жайлы жүйелі сөз қозғау қиын. Сондықтан термин жасау мен қалыптастыру ісінде айтарлықтай із қалдырған сәттерді, кейбір деректерді сөз ете кетуге тура келеді.

Бұл ретте, қазақ терминологиясы түгілі, бүкіл ұлттық мәдениетіміздің қаулап қанат жаюына ықпал жасаған шаралардың 20–30-жылдарда тіпті белең алғанын айту лазым. Неге десеңіз, сауат ашудың жарқын бір беттері осы кезеңге тап келеді. Жер-жерде сауат ашу мектептері, театр, газет, журналдар ашылып, баспаханалар жұмыс істей бастаған. Соның нәтижесінде бұрын қағазға түскен өз сөзін сирек көретін қазақ қауымы – еңбекші бұқара енді жазу-сызуға өзі тікелей араласып, белсенді іске көше бастады. Байырғы қазақ сөзінің енді қоғамдағы қызметі кеңейіп, ол баспасөздің, радионың, көркем әдебиет пен түрлі шаруашылық, саяси кітаптар тіліне айналды. Оның осылайша қызмет аясы кеңеюмен бірге лексикалық байлығымыздың қолданыстағы пішіні өзгере бастады. Қайсыбір сөздер арнайы қолданыстағы болмысына орай нақтыланып, терминдік сапаға көшті. Сөйтіп тіліміздің әдебилену дәрежесі айқындалды. Бірақ мұның бәрі өзінен-өзі іске асып, жасалып жатқан нәрсе емес. Жоғарыда сөз болғанындай адамдардың саналы әрекетінің нәтижесі. Сонымен, отандық ғылымның содан бергі өткен жолын бір

сәтке көзге елестетсек, терминологияға байланысты қыруар жұмыс істелген екен. Екі тілді қаншама сөздіктер жарық көріп, қалың жұртшылықтың игілігіне айналды. Қаншама сөздер терминдік мәнде қайта жаңғырып, әдеби тіл қорына келіп қосылды.

Бұл тұста, ең алдымен, есте тұтатын жайт мынау: Әдеби тіл дегенімізді тек көркем әдебиетке теліп, соған ғана қатысты деп қарауға болмайды. Қоғам өмірінде атқарып отырған қызметіне қарап, біз оны өте кең мағынада түсінеміз. Оның жалпы сипатын айқындайтын бірнеше белгілері бар. Біздің түсінігімізше, әдеби тіл, ең алдымен, қоғамға, қоғам мүшелеріне қызмет ететін қарым-қатынас құралы, жалпы жұртшылыққа өмірдің алуан-алуан сырларынан, оқиғаларынан, құбылыстарынан кең мағлұмат беретін хабар тілі, халқымыздың ғасырдан ғасырға ұласып сақталып келе жатқан сөз байлығын сақтаушы, мәдени мұрамызды жинақтаушы қазына, тындаушы мен оқушысын өлшеусіз әсерлендіріп, нәр беретін сан-салалы қызметі бар, стильдік тармақтары қанат жайған тендесі жоқ әлеуметтік құрал.

Стиль дегенде, солардың ішінде, бүгінгі дәуірде ерекше бой түзеп, қатпарлана дамып келе жатқан саласының бірі — ғылыми стиль, яғни ғылым тілін айрықша қарау керек. Ғылыми-техникалық прогреске орай туып, өміріміздің алға бастар өзекті проблемасына айналған ғылымның бұл саласында анықталғанынан гөрі анықталуға, зерттелгенінен гөрі зерттелуге тиісті жайлары көбірек. Өйткені қазіргі қазақ тілінің бай лексикалық қорының, шамалап айтқанда, $^3/_2$-сін жекелеген ғылым салаларын алсақ, бұдан да көп термин сөздер жүйесін құрайды екен. Бұл не деген сөз? Бұл ана тіліміздің даму тарихында бүгінгі заман болмысына лайықты, соның небір ірілі-уақты белгі-нышандарын білдіре алар лық сөзжасампаздық құбылыс жүріп жатыр деген сөз. Ендеше үздіксіз жүріп жатқан бұл процестің ғылым үшін маңызын ашып, зерттеудің қажет екені даусыз. Ал әрбір ұлт тіліне еніп, ғылыми стиль тармақтарының өрістеуіне, қоғамдық-саяси лексикасының қалыптасуына тікелей жол ашқан халықаралық лексиканың интернационалдық сөздердің есебіне жету, қазір тіпті де оңай шаруа емес.

Ұлы Октябрь революциясы жеңгеннен кейінгі алғашқы жылдардың өзінде-ақ қолға алынған бұл жұмыстармен қатар барлық ұлт тілдерінде терминдер жүйесінің қалыптасуына үкімет тарапынан үлкен қамқорлық жасалғаны мәлім. Әрбір сөз, әрбір терминнің қызметі айқындалып, олардың советтік өмірдегі өрісі анықталды. Ғылым мен техниканың, оқу-ағарту ісі мен шаруашылықтың, көркем әдебиет пен жалпы мәдениет салаларының сараланып шығуына лайықты қарапайым халық тілі мен халықаралық лексиканың тығыны ағытылып, түйдек-түйдек, лек-легімен қолданысқа түскен сөздер шеруі басталды. Бір қарағанда, айтуға ғана жеңіл осы процеске көз жүгіртсек, мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениетті өркендету тіпті де жеңіл болмағанын байқаймыз.

Социалистік мәдениет сауатсыздықты жойып, елді жаппай сауаттандырудан басталады. Мәселен, бір кезде қараңғылықтың түндігін қалыңырақ жамылған Қазақстан тәрізді елде, әңгімені әліппеден бастауға тура келгені мәлім. Алғашқы, тұңғыш, бірінші деген сөздердің жиірек айтылуы міне осыған байланысты. Шынында, көп іс жаңадан, әліппеден басталды. Сол қолға алынған шаруаның бәрінде терминді аттап өтіп, терминсіз іс тындыру мүмкін емес еді. Сонау 20—30-жылдардың өзінде-ақ алфавит, орфография, терминология мәселелерінің бірінші кезекте әңгіме етілуі тегіннен-тегін емес.

Қоғамдық жаңа формацияның жаңалықтары мен жаңа дәуірдің жасампаз бейнесін, жаңа серпін-лебін ең алдымен сезінетін, сөйтіп оған сергек жауап беретін ана тіл екені баршаға аян. Бәлкім содан да болар, қазақ тілінде ғылыми-техникалық

терминдер жасау ісі советтік дәуірдің алғашқы жылдарынан-ақ қауырт қолға алынып, оған тіл мамандары мен қазақтың оқыған зиялыларының түгел ат салысуы. Мұның үстіне үкімет пен партия тарапынан ұдайы жасалып отырған қалтқысыз қамқорлықтың нәтижесінде бұл саладағы шаруашылығымыз едәуір жанданды.

Замана талабына сай, тіл дамуының тарихында бұрын-соңды болмаған терминология жүйесін жасау зәрулігі туды. Қазақ даласында мәдени революция жетістіктерін баянды ету, марксизм-ленинизм классиктерінің туындыларын қазақшалау, партия мен үкімет қаулы-қарарларын насихаттау, мектеп ашып, түрлі оқулықтар жазу, радио, баспасөз істерін дамыту, ана тілінде іс қағаздарын жүргізу тәрізді сан түрлі шаруаны жүзеге асыру сауаттылық сапасын көтеруге итермелейтін әрекеттер еді.

20-жылдардан басталған бұл бүкілхалықтық іс күні бүгінге дейін толастаған жоқ. Жылдар өткен сайын жазуымыз сараланып, әдеби тіліміз әрленіп, терминологиялық лексикамыз толыса, тұрақтана түсуде. Әр кезеңнің өз мәрі, өз міндеті бар. Сол жылдарда Қазақстан ғалымдарының, оның ішінде, терминологтардың айналысқан мәселелері қандай еді? Біріншіден, жаппай ана тіліміздің бай сөздік қорын пайдаланып термин жасау болса, екіншіден, қоғамдық-саяси терминдер жүйесін қазақ тіліне аударумен айналысты. Бір ұғымды танытатын бірнеше термин сөздер қатарласа қолданылып, тіліміздің дәлдігі мен икемділігіне сәл де болса кедергі келтірген кезі де болды. Тіпті орыс тілі арқылы тілге еніп, сіңісіп жатқан халықаралық терминдердің өзін қалайда қазақша аударуға әрекеттенген солақай сақшылдықтың да (пуризм) болғаны белгілі. Мұның үстіне, байырғы қазақ сөздерін терминдік мәнде қолдануда да неше алуан қызық жайлар орын алып жатты. Мысалы, *кіндік, орталық,* немесе *топ* тәрізді толып жатқан сөздер осыған дәлел.

Жаппай сауаттылық ұраны көтеріліп, ел түгел білімге бет алып жатқан тұстары жазу мен сөйлеуімізде алуан түрлі ала-құлалықтардың болғанын білдіретін мынадай мысалдар да бар. Тілді "таза ұстау" дегенді сылтау етіп, халықаралық терминдер мен советизмдерді жобасы келсін, келмесін бәрібір қазақ тіліне қисынсыз аударып, тіл шұбарлаумен айналысқан адамдар да болды. Әсіресе, олар қазақ ауылын советтендіру кезінде пайда болған *кооперация, председатель, заседатель, поезд, паровоз, идеалист, коммунизм, институт* тәрізді көптеген терминдерді қалай болса солай қарабайыр қазақшалауға тырысты. *Төңкеріс, кеңес, ортақшылдық, ортақшыл, затшыл, орда, төр аға, қосшы би, отарба, қара айғыр, мұратшыл,* т.б. сөздер осындай терминдердің баламасы ретінде әдеби тілімізге тықпаланды.

20–30-жылдары мұндай жағдай тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге басқа ұлт республикаларында да, оның ішінде түркі тілдес елдер тарихында да орын алған жай еді. Сондықтан тіл шаруашылығындағы бұл процеске саналы түрде араласып, оның күнделікті, нақты және түбегейлі мәселелерін күн тәртібінде қою кезеңі келді. Тіпті кейбір ғалымдар келтірген деректерге қарағанда, қазақ әдеби тілі, оның ішінде ғылым тілі Қазақ АССР-і құрылған, сол 1920 жылдан бастап-ақ қолға алынған. Бұл іске алғашында Қазақ АССР Оқу халық комиссариаты жанындағы Академиялық Орталық (АК центр) басшылық жасайды. Академиялық Орталық өз ішінен ғылыми-әдеби совет құрып, терминология жұмысын соған жүктейді. Қазақ АССР Оқу халық комиссариатының 1921–23 жылдардағы қызметі туралы есебінде мынадай жолдар бар:

"Қазақ ғылыми-әдеби советі өткен жылдарда қазақ тілінің *дәл ғылыми терминологиясын* (курсив автордікі – *Ө.А.)* жасаумен айналысты, оны жергілікті

қазақ баспасөз орындарында жариялап отыру арқылы жалпы жұрттың міндетті түрде қолдануын қадағалап тұрды"[1].

Осы шағын документтің мәнін С.Бәйішев "...біздің совет жұртшылығымыздың қазақ даласында совет өкіметі орнасымен-ақ қазақ әдеби-ғылыми тілін жасау ісімен айналысқанын айқын көрсетеді"[2], – деп атап айтады.

Қазақ терминологиясының мәселесі ең алғаш рет 1924 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбор қаласында өткен ғылыми қызметкерлердің республикалық I съезінде кеңінен сөз болған екен. Мұнда болған салихалы әңгімелер термин жасау ісіндегі кейбір принципті мәселелерді күн тәртібіне шығарып, пікір түйіндеуге мүмкіндік берген сияқты. Сөйтіп қазақ қауымы алдағы конференцияларға біршама дайындалғанға ұқсайды. 1926 жылы Баку қаласында болған түркологтардың Бүкілодақтық I съезі тікелей осы мәселелерді қарастырды. Мұнда арнайы жасалған бес баяндаманың бесеуінде де алфавит, орфография және терминология мәселелері арнайы сөз болды. 1930 жылы Москва қаласында халық ағарту ісін арнайы қараған партияның бүкілодақтық мәжілісінде де СССР халықтары тілінде термин жасаудың ғылыми принциптері қарастырылды.

Қазақ терминологиясына қатысты деректерді қарап отырсақ, Қазақстанда терминология мәселесіне 1925 жыл мен 1935 жыл аралығында Қазақ ССР Оқу халық комиссариаты жанындағы Методикалық бюро және осы кезде құрылған Терминология комиссиясы жетекшілік жасап келіпті. 1931 жылы басылып шыққан "Атаулар сөздігі" – сол жылдар жемісі.

Осы тұста ғылыми-техникалық прогрестің түбегейлі дамуына тікелей қатысы бар және қазақ терминологиясының да дамуына әсері мол болған академик Е.А.Чаплыгин (1879–1942) мен Д.С.Лоттенің еңбегін ерекше атауға міндеттіміз. 1933 жылы осы ғалымдар ұсынысы бойынша СССР Ғылым академиясында қазіргі ғылыми-техникалық терминология Комитеті (КНТТ) ұйымдасқан болатын. Бұл комитет терминология мәселесімен шұғылданушы барлық мекемеге жәрдем етуге тиіс еді. Сол міндетін күні бүгінге дейін атқарып келеді. Бұл сүйсінерлік жайт, отанымыздың астанасы Москвада болып өткен бұл шаралардың бір де бірінен Қазақстан ғалымдарының қалыс қалмағандығы. Олардың да қарап жатпағандығын дәлелдейтін жоғарыдағы деректерге қоса мынаны айта аламыз. Дәл осы 1933 жылы Қазақ Автономиялы Республикасы Халық Қомиссарлар Советінің 508 санды Қаулысымен Мемлекеттік терминология комиссиясы (Мемтерминком) құрылған. Оның тұңғыш председателі Қ.Жұбанов, мүшелері Б.К.Асфандияров, Г.К.Бірімжанов, т.б. болған.

Алғаш ұйымдасқан күннен бастап бұл комиссия өте пайдалы жұмыстармен айналысты. 1935 жылы мәдени құрылыс қайраткерлерінің бүкілқазақстандық I съезі ашылар қарсаңында Мемлекеттік терминология комиссиясы Бюллетенінің төрт саны жарық көрді. Бюллетеньнің бұл сандарына алдағы зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар сілтейтін материалдар жарияланды. Әсіресе, қазақ тілі терминдері мен орфографиясы жөніндегі жоба Қ.Жұбановтың мақалаларында термин сөздің ерекшелігі және жасалу принциптері жайында келелі әңгіме қозғалды. Қазақ тіліндегі терминдердің дұрыс дыбысталуы мен қалыптасуына үлкен септігі тиген шараның бірі ретінде Қ.Жұбановтың қазақ алфавитінің құрамына "ф", "х" әріптерін енгізу туралы ұсынысын айтуға болады. Шынында, *физика, философия,*

1. Қазақ ССР. Орт. мемл. архиві. 81-қ. 1-т. №56-іс.
2. *Бәйішев С.* Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері //Терминология сөздігі. Алматы, 1949. I кітап.

флора, химия тәрізді терминдердің бұдан бұрынғы жазылу, айтылу кейпі *пизика, пиласопия, плора, қимия* түрінде еді. Әлгі әріптердің біздің алфавитіміздің құрамына кешеуілдеп болса да енгені өте орынды болғанын (1938 жылдан былай қарай ғана енді) дәлелдеп жату артық деп санаймыз. "Бюллетеньнің" 1935 жылы небәрі төрт-ақ саны шығып үлгерсе де, терминология мәселесін үлкен әлеуметтік сатыға көтеріп тастаған шара болды. Бұл төрт бюллетеньді сүзіп шықсаңыз жалпы ұлттық мәдениетіміздің даму сатысындағы, оның ішінде сауаттылық шаруасында өзгеше ролі бар орфография мен терминологияны жүйелеп, қалыптастыруда қажетті басқыш жасалғанын көресіз.

Бюллетеньнің 1-санында терминология мен орфографияға қатысты бірнеше материал басылған. Олардың қайсыбірінің қазақша-орысша варианты қатар беріледі де, кейбіреуі тек ана тілінде ғана жарияланып отырады. Біздіңше, мұның мынадай себептері болған тәрізді. Біріншіден, саяси мәні ерекше сауаттылық әлемінде жасалып жатқан мұндай шаралардың деңгейін бүкілодақтық дәрежеге көтеру болса, екіншіден, айтулы ғұламалардың, партия-совет қызметкерлерінің және оқу-ағарту ісіндегі мамандардың, бұл істегі мағлұматының кеңеюіне жол ашу. Қалайда, сол кезеңнің өресінен қарағанда, материалдардың осындай тәртіппен берілуі өзін-өзі ақтады деп білеміз. Мәселен, осы алғашқы санының өзінде "Қазақ әдебиет тілінің терминдері туралы" ("Термины казахского литературного языка") деген атпен мақала екі тілде берілсе, "К пересмотру казахской орфографии" мақаласы орысша жарияланған. Бұл аталған дүниелердің авторы – Қ. Жұбанов. Ал "Теріс жазуға емле себепші болмасын" (К. Бегалинұлы), "Қосар ма, дара ма?" (Жұбанұлы Құдайберген) және "Қазақ тілінің емлесі мен әліппесіне кіргізілетін өзгерістердің жобасы" дейтін материалдар қазақша басылыпты.

2-санында "Терминдердің спецификасы жөнінде" ("О специфике слов-терминов") қазақ тілі орфографиясы мен алфавитіндегі өзгерістер жөнінде жоба (Проект изменений – орфографии и алфавита казахского языка) сияқты орыс тіліндегі мақалалар, сондай-ақ қазақ тілінде жазылған "Математика терминдері жөнінде", "Физика терминдері жайынан" тәрізді мақалалар басылған.

3-санында өткен 2-санда жарияланған "О специфике слов-терминов" деген мақаланың қазақшасын беріпті. Соған қоса Дөнген орфографиясы жөнінде Цунвазаның жобасы басылған.

Бюллетеньнің соңғы 4-санындағы материалдар тек қана қазақша. Олар мыналар: "Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайы" (Қ. Жұбанов), "Емле, әліппені өзгерту дұрыстау жөніндегі Жоба" (Аманжолұлы Сәрсен), "Әріп, емле, термин мәселелеріндегі негізгі таяныш-тілегіміз не болуы жөн?" (Басымұлы Қажым), "Терминдер туралы".

Сонда бюллетеньнің төрт санында небәрі 17 ғылыми мақала жарияланған екен. Термин мәселесін тікелей сөз ететін мақала соның жеті-сегізі. Басқалары терминді, орфография мен алфавитке байланысты өңгіме етеді. Алайда сөзіміздің басында ескерткеніміздей, осы мақалалардың өзінде-ақ көптеген мәселелердің басы ашылып, жазуымызда жүйе бола бастады. Көптеген термин сөздерді ретке келтіріп оны қолдану, қабылдау, тіпті жасау принциптері айқындала түскені мәлім.

Мемлекеттік терминология комиссиясының бұл басылымындағы тағы бір көңіл қоюға тұрарлық мәселе мынау:

Оның әрбір санында комиссияда қаралған, талқыланған термин сөздер тізімі жарияланып отырған. Бұл мәселенің дер кезінде шешім тауып қабылдануына септігін тигізген шара деп білеміз. Шынында да, күнделікті қолданыста қиындық

келтіріп, дау туғызып жүрген терминдерді осылайша талқыға салып, оның нәтижесін ресми документ есебінде әуелі өз органы арқылы жұртқа жария етіп отыру – бұл іске заңды салмақ берген тәрізді.

Бюллетеньнің алғашқы санының өзінде, алдымен, қазақ әдеби тілінің терминологиясын жан-жақты әңгімелеп, оның жасалу, даму, қалыптасу және қолданылу өрісі жайында нақты мағлұмат нұсқау беріп алған соң, "Социал-экономик пәндердің терминдері" мен "Математика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі" берілгені осыны ұйымдастырушы адамдардың білігін танытқандай.

Ал екінші санда "Физика терминдері" мен "Ботаника терминдері", үшіншісінде "Математика терминдерінің жалғасын", төртіншісінде "Физика терминдерінің жалғасын" жариялап үлгеріпті. Сонда, байқап қарасақ, сол кездің өзінде-ақ біздің ғылыми мекемелер мен маман адамдар кезеңнің тілек-талабына сай мұқтажын өтейтін мәселелерді әлеумет талқысына дер кезінде салып, көпшілік назарын уақтылы аудара білген екен.

Ендігі мақсат, осы Бюллетеньде жарияланған мақалалардың ғылыми мәнін саралап, ондағы көтерілген мәселелердің салмағын таразыға салу болса керек. Әңгіме аталған проблема қай деңгейде қарастырылып, қандай шешім тапқаны жайында. Мұнысыз, біздің жалпы әдеби тіліміздің, оның ішінде өте бай терминологиялық лексикамыздың жасалу, даму, қалыптасу жолын анықтай алмаймыз. Ендеше сауаттылық шаруашылығымызды жүргізу кезеңінде аса бір айқын ізі қалған мұндай тұстарды назардан тыс қалдыруға болмайды.

Қ.Жұбанов "Қазақ әдебиет тілінің терминдері жайында" деп атаған мақаласында сол кезеңнің саяси-әлеуметтік болмысына бойлап, тіл шаруашылығындағы неше алуан құбылыстарға тоқтайды. Ұлы Октябрь революциясының алғашқы жылдарында ұлттық мәдениетіміздің айқын бір көрінісі – сауат ашу саласында әр қилы талас-тартыс, айтыстардың болғаны мәлім. Жасыратыны жоқ, ескілікті көксеп, соны уағыздаушы элементтер жаңа өмірдің жарқын істерін мойындағысы келмей, тіпті қарсы әрекеттер жасаған адамдар да болды. Әсіресе, олар атап көрсеткен тап күресінің өткір құралы тіл екенін біле отыра, осы салада біраз әрекет жасап бақты. Оның көпшілікке түсініксіз бұлдыр болуын қалады. Әдеби тіліміздің елді озық мәдениетке жетектемей, қайта, керісінше, одан бойын аулақ ұстауын көкседі.

Осындай мақсатқа орай, олар қазақ тілінен интернационалдық (халықаралық) терминдердің қандайын болса да аластауға тырысып отырды. Ал кездейсоқ себептермен ене қалғандарының мән-мағынасын мүлде қиындата түсуді ойлады. Ондай сөздердің дыбыстау жүйесі мен графикалық түрінен не қазақтық екенін, не интернационалдық термин екенін байқау қиын. Аударылған сөздерде қазақ тілі нормасы сақтала бермейді. Бір қызығы, алашорда өкілдерінің көбі революциядан бұрын халықаралық терминдер мен орыс сөздерін сол қалпында алып отырған. Бұған "Қазақ" газетінен алынған мынандай сөздер дәлел бола алады: *"проект", "закон", "статья", "дума",* тіпті *"государственная дума", "святейший Синод"* тәрізді т.б. толып жатқан сөздер мен сөз тіркестері сол орысша қалпында қолданылған. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Ал революция жеңгеннен кейін, олар бәрін қазақша алу керек деген қыңыр да сыңаржақ пиғыл тізгінін ұстап, мүлде басқаша сөйлеп шыға келді.

Бұл тілдің даму жүйесіне, сауат ашу ісіне жасалған қиянат еді. Міне, сондықтан да, саяси мәні айрықша бұл мәселеге партия мен үкімет басшылары айтулы мамандарды тарта отырып тікелей араласты. Мемлекеттік терминология комиссиясы өзі құрылған алғашқы күннен бастап осы тектес ең күрделі мәселелермен айналысып, әдеби тілдің нәрлене, қалыптаса түсуіне көп септігін тигізіп келеді.

Қазақ тілі терминологиясының ғылыми принциптері айқындалып алған соң, бұл жөніндегі барлық практикалық жұмыс, яғни қазақ тіліндегі әрқилы ғылым салалары бойынша термин жасап, қалыптастыру ісі белгілі бір жүйеге түсіріліп, бір орталыққа бағындырыла жүргізілетін болды. Мінеки, сол алғашқы күндердің өзінен-ақ Терминология комиссиясының маңызды мәселелерге бағыт-бағдар сілтеп отыратын өте пайдалы органға айналғанын көреміз.

Жазуымыздың даму тарихын барласақ, кезінде сауат ашуға біраз қызмет еткен латын әліппесінен орыс графикасына ауысуда осы Терминком мүшелерінің едәуір ролі болғанын байқаймыз. Орыс тілі арқылы басқа тілдерден еніп жатқан сан алуан халықаралық терминдерді мәселен *л, э, ц, ч* әріптерінің көмегінсіз өрнектей алмас едік. Осы әріптерді орыс графикасына негізделген қазақ әліппесінің құрамына енгізу арқылы қаншама терминдердің айтылуы мен жазылуы бір ізге түсті. Бір кезде неше алуан қиындықтар туғызған мұндай терминдердің қалыптасып, тіпті сіңісіп кеткені соншалық, қазір олар жайында ойланып, бас қатырып та жатпаймыз.

Жалпы Қазақстан мәдениет қызметкерлерінің съезінде Қазақ әдеби тілі терминологиясының прииципгері жайында келісімге келіп алған соң, жазу мен сөйлеуімізде сауаттылық белең ала бастады. Әлгі принцип бойынша – *революция, пролетариат, теория, совет, социализм* тәрізді көптеген халықаралық терминдер орыс тіліндегі түрін жоғалтпай, сол қалпында алынатын болды. Ал *-ский, -ный*-ға біткен сөздер ешқандай қосымшасыз *(абсолют шама, буржуаз идеология* деген сияқты – *Ө. А.)* қысқарған түрде енді. Бесжылдық жоспар қабылдау мен коллективтендіруге орай және орыс тілінің игі әсерінің арқасында *конфискелеу, колхоздастыру, комбайншы, трактортшы, екпінді, ауатком, жоспар, жоспарлау, социалды жарыс, жеке меншік, есепші, бесжылдық* тәрізді сан алуан терминдер жасалып, қолданысқа енді. Ал партияның саяси ұйымдастырушылық қызметіне, мәдени революция мен марксизм-ленинизм іліміне байланысты жасалған қоғамдық-саяси терминология жүйесі тіпті мол.

Автодорога, авиасани тәрізді күрделі терминдердің алғашқы бөлігі сол күйінде қалып, екінші сыңары аударылып берілді *(автожол, авиашана).* Бұл принциптердің өте дұрыс жасалғанын әдеби тіліміздің кейінгі кезеңдегі даму тарихы дәлелдеп шықты. Ендеше, Мемтерминкомның ең алғашқы құрамының да ұлттық мәдениетіміздің, оның ішінде жазу мәдениетіміздің даму, қалыптасу барысына өз үлестерін қосқанын атап айту лазым.

Алғашқы құрамнан бері қарай, кейбір кездейсоқ үзілістер болмаса Мемтерминком негізінен үздіксіз жұмыс істеп келеді деп айтуға болады. 1934 жылы қайта құрылып, соғыс жылдарына тап келген мұның жаңа құрамы жартымды ештеңе тындыра алмады. Өміріміздің бар саласындағы тірліктің бәрі Ұлы Отан соғысына байланысты жүргізіліп жатты.

Мемтерминкомның жаңа құрамы да (1939 жылы июньнің 23-і Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советінің кезекті Қаулысы) бекітілген болатын. Өз жұмысын негізінен тоқтатпағанмен, бұрынғыдай қарқын ала алмағаны белгілі. Әйтсе де әскери әрекет пен соғыс қимылдарын дәлме-дәл сипаттап бере алатын термин сөздер жүйесі назарда болған. Өйткені майдандағы жауынгерлер әрекетін олар қолданатын қару-жарақ, соғыс техникасын күнделікті баспасөзде, көркем әдебиетте нақты баяндау үшін сөздердің терминдік дәлдігі талап етіледі. Міне, сондықтан 1942 жылы С.Аманжолов редакциясымен шыққан "Орысша-қазақша әскери сөздікті" (құрастырғандар: Ғ.Мұсабаев, Ю.Цунвазо, К.Адайханов) ғана өз кезеңінің мұқтажын өтеген мүлік болды деп айта аламыз.

1945 жылдың 8 февралында Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советінің №54 Қаулысына сәйкес Мемтерминком құрамы қайта қаралып, бекітілді. Бұл жылғы шешім бойынша комиссия үкімет үйінің жанына көшті де, әуелі председателі І.О.Омаров, кейіннен Т.Т.Тәжібаев болды. Ғалым хатшысы М.Б.Балақаев еді. Құрамы 23 адамды қамтитын.

Бұл жаңа құрам өз жұмысын "Соғыс зардабынан әлсіреген еліміздің экономикасы мен шаруашылығын қалыптастыру" кезіндегі бүкілхалықтық іспен қабат жүргізуіне тура келді.

Мәдени шаруашылығымыздағы аса маңызды шараның бірі – В.И.Ленин шығармаларын ұлт тілдеріне аудару мәселесі болып саналады. 1946 жылы Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті көсем еңбектерін ана тілімізге аудару туралы арнайы қарап, қаулы алды. Республикамыздың саяси өміріндегі бұл үлкен шараны КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм және ленинизм институтының қазақ филиалы Марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институты іске асыруға міндетті болды. Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советінің жанындағы Мемтерминком бұл істен тыс қалған жоқ. Ленин шығармаларын қазақ тіліне аударуға байланысты қоғамдық-саяси терминологиясын көпшіліктің талқысына салып, Мемтерминком мәжілісінде заңдастыру барысында қыруар жұмыс істелді.

Мемтерминкомның бұл кездегі жұмысы мен алғашқы құрам жұмысы арасында елеулі ерекшеліктер бар екені байқалады. Мәселен 40-жылдардың екінші жартысында бекітілген терминдер мен 1935 жылы қабылданған терминдерді салыстырып көрелік. Бұл жылдары қабылданған терминдердің көбі фонетикалық өзгерістерге ұшырамай, сол қалпында алынғаны байқалады. Ал 20-жылдарда басқа тілден ауысқан терминдер мен сөздер *социалис қоғам, буржуаз идеология, абсолют шама* тәрізді жасалып, қысқартылып, қосымшасыз ұсынылып жататын. 30-жылдардағы терминдер жүйесінде *-ды, -ді, -лы, -лі, -ты, -ті* қосымшаларының активтенуі байқалады. Мысалы: *Социалды Қазақстан, индустриялды ел.* 40-жылдар тәжірибесінде изофеттік конструкциялар белең ала бастайды *(автосуат блогы, товар айналымы* т. т.).

Ал 50-жылдардан былай қарай *-лық* қосымшасы активтене бастайды. Неге десеңіз көптеген термин сөздер осы *-лық* жалғауы жалғану арқылы жасалып қалыптасты. Тіпті ана тіліміздегі төл сөздерді былай қойғанда, бұл жалғау кірме сөздердің өзіне де жалғанып, тілдің жанды элементіне айналып кетті десе де болғандай.

Мемлекеттік терминоло́гия комиссиясының Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы құрамы күнделікті өміріміздегі қолданыс қажетін өтейтін терминдермен тікелей айналысты. Оның ішінде әлеуметтік-экономика, лингвистика, тарих, заң ғылымы, медицина, зоология, тау-кен істері, металлургия ғылымдарының әрқилы қолданылып, практикада қиындық туғызып жүрген бірқыдыру терминдерін қарап, жүйеге түсіріп, бекітіп берді. Осы үлкен тірліктің бас-аяғы жинақталып, 1948, 1950 жылдары екі томдық орысша-қазақша терминология сөздігі жарық көрді. Бұл біздің жазуымыздың жөнделе түсуіне себі тиген сауатымызды бір саты ілгерілеткен үлкен жұмыстың бірі болды. Сөздіктің ғылыми тұрғыдан алғанда да сауатты шығуы, бір жағынан, сөздік шығару ісінен хабары мол Н.Т.Сауранбаев, С.Б.Бәйішев тәрізді мамандардың араласуына тікелей байланысты деп білеміз.

40-жылдары саябыр тартқан терминология жұмысы 50-жылдар ішінде едәуір жанданды. Әрбір ғылым саласы бойынша термин қалыптастыру туралы мамандар пікір таратып, баспасөз тікелей араласты. Екі тілді терминологиялық сөздіктердің

түр-түрі шыға бастады. Осы шаруаның бәріне мұрындық болған ең алдымен, Мемтерминком болса, сонымен бірге, 1956 жылы Тіл білімі және әдебиет институтының құрамында терминология бөлімінің ашылуы да мәселенің жүйелі түрде жүргізілуіне септігін тигізді. Білікті мамандар газет, журнал беттерінде мәселе көтеріп, терминологияның өзекті проблемаларын қозғады. Осының бәрі айналып келгенде тіл саясатындағы терминдік лексиканың мәнін айқындап, оған жұртшылық назарын аударды.

Өкінішке қарай, терминология бөлімінің өмірі онша ұзақ болмады да, оның салдары бірден көзге де түсе бастады. Алайда мұның есесіне Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы (Мемтерминком) Мемлекеттік терминология комиссиясы термин жасау, реттеу, қалыптастыру ісін бұрынғыдан анағұрлым қарқынды жүргізіп отырды.

Бұл кездегі Мемтерминкомның белсенді мүшелері ретінде С.Бәйішев, К.Шәріпов, І.Кеңесбаев, Қ.Сағындықов, М.Балақаев, Ә.Қарағұлов, М.Қаратаев, Т.Мұсақұлов, О.Жәутіков, С.Аманжолов, Б.Бірімжанов, Ә.Сатыбалдиев, О.Құдышев, І.Жарылғапов, Ж.Смағұлов, Б.Қыдырбекұлы, Ә.Әбдірахманов, А.Бейсембаев, С.Байжанов, Х.Хасенов, Х.Тілемісов тәрізді қаламгерлер мен ғалымдар есімін атау лазым. Осындай актив мүшелерінің және білікті мамандардың араласуы арқасында Мемтерминком елуінші жылдары ала-құла жазылып келген термин сөздердің біразын талқылап бекітіп, көпшілік назарына ұсынды. Мемтерминком, Тіл білімі институты және маман авторлардың бас біріктіре қимылдауының нәтижесінде 1956 жыл мен 1962 жыл аралығында бірнеше терминологиялық сөздік жарық көрген. Мұның он екісі комиссия мәжілісінде қаралып, бекітілді. Бұл сөздіктер қазір таптырмайтын, өте сирек кездесетін кітаптар қатарына қосылды. Күні бүгінге дейін мұны мамандар жолбасшылыққа алып отыр. Алғашқыда қарадүрсіндеу көрінген, бірақ келе-келе тілімізге кірігіп кеткен *өндірісті мамандандыру* (специализация производства), *жалпы табыс* (валовой доход), *жалпы заң* (всеобщий закон), *нақты еңбек* тәрізді экономика ғылымының, *қопарылыс* (взрыв), *терістеуді терістемек заңы* (закон отрицания), *біздік зат* (вещь для нас), *өзіндік тап* (класс в "себе"), *өз үшін тап* (класс для "нас"), *сын және өзара сын* (критика и самокритика), *материяның алғашқылығы, сананың соңғылығы* (первичность материи, вторичность сознания), *байымдау* (суждение) сияқты философия ғылымының терминдері сапалы әрекет нәтижесінде пайда болған лексикалық қазына. Бұлардың қайсыбірі қолданыста әуелі тайғақтық танытқанмен, негізгі көпшілігі келе-келе тұрақтанып, тілімізге сіңіп кетті.

Термин мәселесінің ғылыми заңдылықтарын ашып, оның лингвистикалық тұрғыдан алғанда, дұрыстығын дәлелдеуде тілші ғалымдардың ролі ерекшелеу. Сол себепті де терминком құрамы әрдайым жаңарылып, лингвист мамандарымен үнемі толықтырылып отырды. Мәселен, 30-жылдары Мемтерминком құрамында небәрі екі-ақ тілші болса, 60-жылдары мұның құрамына алты тілші енді.

Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмыс ауқымы жалаң терминдерді бекітумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге оның мүшелері жазуда қиындық туғызып жүрген, халық, ел атауларын, жер-су атауларын, тіпті көше аттарына дейін назар аударып отырды. Мысалы, ол 1962 жылы 170-ке таяу халық пен ұлт есімдерін қарап, талқылап іріктеп алып, оның қазақ тіліндегі заңды жазылу нұсқасын бекіткен. Сондай-ақ, Тіл білімі институтының ономастика бөлімінің картотекалық қорының мәліметі бойынша, Қазақстанда 84 мың өзен, бұлақ, бастау, 42 мың көл, 25 мың елді мекен бар екен. Соның бәрінің ежелден халық аузында

қалыптасқан атауы болғанмен, қайсыбірі күні бүгінге дейін ала-құла жазылып, ала-құла айтылып жүр. Жазуымызда әр алуан құбылып қолданылып жүрген мұндай фактілер жалпы сауаттылыққа кесірін тигізер кедергілер деп танылғандықтан, Мемлекеттік терминология комиссиясы бұл мәселені де назарынан тыс қалдырмай келеді. Алдағы уақытта да бұл мәселелер шешім табады деп ойлаймыз. Алайда бұл салада қайта соғар, талқыға түсер жайттар әлі де баршылық.

Басқасын былай қойғанда, астанамыз Алматының өзінде маңдайша мен көше аттарын жазудағы былықтардан күні кешеге дейін арыла алмай келдік. Мәдениет көшеден басталады деген сөз бар екен. Мұның жазу, сызуға, әсіресе көше аттарын реттеуге тікелей қатысы бар.

1969 жылы 3 августа Мемтерминком мәжілісі Алматы қаласындағы көше аттарын дұрыс жазу мәселесін хатқа тізіп, қарап шықты. Содан бері көше аттарын жазу мәселесі біршама реттелген тәрізді. Алайда маңдайшадағы машахаттан біз түгел арылып біттік дей алмаймыз. Осыған орай мынадай ойымызды ортаға салғымыз келеді. Қалада түрлі түспен өрнектеп хабар жазатын мекеме, ұйым, көше аттарын қоятын жарнама бюросы мен арнайы орындар бар. Халықтың мағлұматы мен сауатын жетілдіруде бұлар атқарып отырған істің мәнін талдап жатудың қажеті бола қоймас. Алайда осылардың қазақша жазу нұсқасында көптеген орашолақтықтардың кетіп жататынын айтпасқа болмайды. Бұл жөнінде баспасөз бетінде әрдайым мақалалар жарияланып, түрлі-түрлі дабыл да қағылып жатады. Бұл шикіліктен арылу үшін көше аттары мен маңдайшадағы жазуды, түрлі жарнама, хабарламаларды қайта бір сүзіп шығып Мемтерминком мәжілісіне салу керек. Және мұндай мәжіліске қала басшысын қатыстырып отырған дұрыс. Сонымен бірге, ең бастысы, әлгіндей мекемелерде, әсіресе, қалалық атқару комитетінде екі тілді меңгерген бірер сауатты маман отырса деп ойлаймыз. Өзге республикалардың орталық қалаларында мәселенің бұл жағы баяғыда шешім тапқан.

Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысын қызу қарқынға көшірген шаралардың бірі ретінде қазақ халқының мәдени тарихында ерекше маңызы болған Қазақ Совет Энциклопедиясының жарыққа шығуын айту керек. Міне, осы бүкілхалықтық істің дайындығы үстінде ғылым мен техниканың барлық саласында күнделікті қажетімізді өтеуге жұмсалатын термин сөздерді саралап, сұрыптап шығуға тура келді. Мерзімді баспасөз, радио, телевидение, түрлі оқу құралдары мен оқулықтар, тіпті шаруашылық, өндіріс, ғылыми тақырыптарға арналған көркем туындылар тіліндегі терминдер жайы түгел сарапқа түсіп, талғам таразысына тартылды. Бұл істің бәрінің басы-қасында терминком мүшелері, тілшілер, мамандар болды.

60-жылдарда басталып, 70—80-жылдарда қауырт дамыған бұл жұмыс қазақ тілі терминологиялық лексикасының дамып, қалыптасуының сан алуан ұғымдардың заңды түрде терминдік сипатқа көшуіне, сөйтіп тіліміздің ғылыми-техникалық қолданыс өресін биіктете түсуіне көмектесті. Ғылым салаларына сәйкес сөз тізбелері жасалып, көпшілік талқысына ұсынылды. Сөйтіп әрбір термин талқы тезінен өтті.

Өйткені энциклопедияда берілетін әрбір ғылым салаларына тән ұғым, түсініктердің атаулық терминдік тінін анықтау, оның қауызы мен қабыршағынан айырып терминдік мәнін беру оңай іс емес. Олардың жасалу жолынан кеткен ақауларды байқап, термин жасауға септігін тигізген амал, тәсілдердің қайсысы тілдің заңды жүйесіне лайықты жасалған, қайсысы ішкі заңдылыққа қайшы дегендерді анықтауда мұндай талқы мен таразының пайдасы зор екенін осы энциклопедия материалдарының өзі-ақ дәлелдеп отыр. Осындай саралау нәтижесінде сөз бен сөзді біріктіріп, не сөзге түрлі қосымша жалғап немесе өзге

тілдерден сөз алып (мұның да неше түрлі жолы бар), аударып, калькалап талай термин жасалып тілге сіңді.

Жалпы сөз біткеннің, оның ішінде термин атаулының өріс алар, қанат жаяр жері ең алдымен, мерзімді баспасөз, яғни өмірдің сан түрлі саласынан сан алуан мәлімет жинап, материал беретін журналистердей термин құмар маман жоқ. Олардың қаламына іліккен екі сөздің бірі термин болуға ынғайланып тұрады. Осының өзінде қоғам дамуының ынғайына қарай пайда болған заңдылық бар сияқты. Нақты іс пен тура сөз талап етіліп отырған бүгінгі заманда, сол деңгейден табылар кез келген ұғымды, терең түсінікті, табиғат, қоғам құбылыстарын дәл білдіре алатын тек терминдік мәнге көшкен сөздер деп білеміз. Міне, сондықтан көп мағыналы байырғы сөздердің қайсыбір мағынасы дараланып, ғылыми терминдік сипатқа көшуі заңды. Осыған қарағанда, кез келген тілдің сөздік құрамындағы байырғы сөздер үйірі термин жасаудың негізгі көздерінің бірі болып саналады. Сөйтіп *-лық* жалғауын керек етіп тұрған жердің қайсыбірінде изафеттік тұлғаны ұсыну орынды болды деп ойлаймыз, бұрынғы *азаматтық соғыс, отандық соғыс* деген тіркестерден гөрі, *азамат соғысы, Отан соғысы* дегеннің терминдік пішіні әлдеқайда жүйелі. Немесе жазуымызда жиі кездесетін *эпоха, этап, период, век, момент* тәрізді сөздер мен *периодический закон, периодическая печать* сияқты терминдік тіркестерге назар аударалық. Бұлар сияқтылар күні кешеге дейін әркімнің өз қалауынша әрқилы қолданылып, жазылып келді. Осындай сөздердің терминдік тақылетін айқындауда кейде терминком мүшелерінің нақты ұсыныстарының да пайдасы мол екенін байқаймыз. Мысалы, *заман* (эпоха), *ғасыр* (век), *кезең* (этап), *дәуір* (период), *мезет* (момент), *мезгілдік заң* (периодический закон), *мезгілдік баспасөз* (периодическая печать) сөздері мен тіркестерінің дәл осылайша терминдік мәнге көшіп тұрақтануына себепкер адамның бірі – қарт журналист Құрманбек Сағындықов.

Термин жасаудың осындай қалыптасқан, өнімді де ұғымды тәсілдерімен қабат, жағымсыз сөзжасамның жағымсыз амалына айналып бара жатқан жайлар да кездеседі. Терминком мәжілістерінде мәселенің осындай жақтарына да қатты назар аударылып келеді. Мысалы, қазақ тілінің сөзжасам тарихында *-лық* жұрнағының алатын орны ерекше. Бұл жұрнақ арқылы жасалып, заттың атаулық мәнге ие болған сөздердің саны мол. Тілде қалыптасқан осы амал, сөз жоқ, терминжасам ісінде пайдасын тигізді. Алайда өкінішке қарай, *-лық* жұрнағы арқылы жасалған сөздерге баспасөз беті лық толды. Жұрт бұдан мезі бола бастады. Тіпті реті келсін, келмесін тықпалана берген соң, жұрнақ жұғымы кете бастады. Сол себепті Мемтерминком мүшелері мен мамандардың осы жұрнақ арқылы сөз жасау мәселесін тағы қарап, ретке келтіргені өте дұрыс болды.

Елу жылдан астам уақыт ішінде Мемлекеттік терминология комиссиясының құрамы әлденеше рет жаңартылып қайта құрылып отырды. Терминком мәжілістерінің протоколдарын қарап отырсақ, барлық уақытта да қазақ тілі терминдерін жасау, қалыптастыру ісіне Қ.Сағындықов, І.Қеңесбаев, М.Балақаев, С.Бәйішев, Б.Бірімжанов, Қ.Шәріпов, Ә.Қарақұлов, Р.Бөкейханов, Ә.Сатыбалдиев, І.Жарылғапов, Ә.Қайдаров, Ж.Смағұлов, Ә.Әбдірахманов, т.б. жолдастардың белсене араласқандары байқалады.

Мемтерминком бекітілген терминдерді екі кітапша етіп жұртшылыққа ұсынды. Ол тез тарап, өте сирек дүниеге айналып кетті. Мұның үшінші жинағы тағы баспаға ұсынылып отыр. Осы дәстүр жалғастырыла бермекші.

Мемтерминкомның 1976 жылы бекітілген жаңа құрамы 70-жылдардың екінші жартысында ерекше ынта-ықыласпен жұмыс істей бастағанын айту керек. Бұл

құрамды Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі 1976 жылы бекіткен еді. Мемтерминкомның алғашқы мәжілістерінен бастап, тіліміздің жалпы мәдени өрісінен ілгері дамуына орай, кейбір кемшілігі көріне бастаған қазақ орфографиясының мәселесі көлденең тартыла берді. Орфография мәселесінің неліктен күн тәртібінен түспей, әңгімеге объект бола бергенін түсінуге болады. Біріншіден, алғашқы "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі" 1963 жылы жарық көрген еді. Содан бері 25 жыл өтті. Ал заманымыздың қарқынды даму қалпында 25 жыл аз уақыт емес. Бұл уақыт ішінде жазу мәдениетіміз жетіле түсіп, барлық баспасөз бен баспа орындарында, мектептер мен жоғары оқу орындарында, әрқилы ғылыми мекемелерде тіл байлығын қажетке жаратудың күнделікті практикалық мүмкіндіктер көзі ашылды. Осыған байланысты жазуымыздағы кейбір кемшіліктер көріне бастады. Әсіресе, ежелден қалыптасып келе жатқан сөз жасау принциптерінде, біріккен сөздердің жазылуы жайында, төл сөз бен өзге тілден енген сөздерге жалғануға тиісті жалғаулар табиғатында дау туғызатын әңгіме көбейіп кетті. Сондықтан әркім өз қалауынша жазып, өз білгенін тоса берген соң, жазудағы жүйе, принцип мәселелері Мемтерминком мәжілісінде қайта-қайта сөз болды, талқыға түсті. Нәтижеде орфографияның көптеген тұстары түгел сараланып, кемшіліктер жөнделді. Оның жаңа, жақсартылған вариантын Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы бекітіп берді.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының Ережесі 1972 жылы 25 апрельде бекітілген болатын. Бұл Ереже Мемтерминкомның міндеттері мен праволарын белгілеп берді. Осы Ережеге сәйкес Мемтерминком терминологияның ғылыми-практикалық ісіне жетекшілік жасап, бекітілген терминдердің орфографиялық нормасының сақталуын қадағалауға септігін тигізді. Термин жасаудың негізгі принциптері айқындалып, бұл істе жүйелілік тұрақтана бастады. Ұстанған принцип бойынша, ең алдымен ана тіліміздің ішкі қоры, өз сөз байлығы қолданылуы тиіс те, екіншіден, орыс тілі мен совет халықтары тілі арқылы еніп жатқан халықаралық терминдер (интернационализмдер) мен советизмдерді игеру қажеттігі басшылыққа алынды.

Сөйтіп, Мемлекеттік терминология комиссиясы құрылғалы бері қыруар шаруа істелді. Қазақ тілінің қаншама жаңа терминдері жасалып, қалыпқа түсті. Жұртшылықтың қажетін өтеп келе жатқан бұл терминологиялық лексика о баста қолданысқа осы терминком арқылы енгізілгенін есепке алсақ істелген шаруаның ауқымын айқынырақ сеземіз. Мысал үшін 1972 жыл мен 1981 жылдар арасында істелген жұмыстарды алайық. Бұл аралықта комиссия мен секретариаттың 84 мәжілісі өткізіліп, 2 мыңнан аса терминдер мен терминдік мәндегі тіркестер бекітілген екен.

Қазақ тілінде термин жасап, оларды күнделікті қолданысқа енгізу ісімен қазір көбіне-көп баспасөз қызметкерлері шұғылданып жүр. Сондай-ақ термин сөздердің мейлінше молынан қамтылатын жері — мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, түрлі терминологиялық сөздіктер және де ғылымның әрқилы саласына байланысты шығып жатқан арнаулы әдебиеттер, радио, телевидение хабарлары.

Термин жасау ісінде — аударма мәселесінің айрықша ролі болғанын айтуға міндеттіміз. Әсіресе марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аудару арқылы біз тіліміздің терминологиялық лексикасын байыта түстік. Соның нәтижесінде ана тіліміздің қоғам өміріндегі ролі көтеріліп, мүмкіндігі молая түсті. Осы сала бойынша жасалған кейбір зерттеулер[3] деректеріне қарағанда, В.И.Ленин шығармалары казақ тіліне 20-жылдардың басында-ақ аударыла бастапты. Мәселен,

3. *Сағындықов Қ.* Көсемнің асыл мұрасы. Алматы, 1970.

көсемнің сөйлеген сөзі мен қайсыбір саяси материалдар 1919 жылдың январында, сол кезде шығып тұрған "Қазақ дұрыстығы" ("Казахская правда") газеті мен "Мұғалім" ("Учитель") журналы беттерінде жарияланған. Жоғарыда аталған кітапты қарап отырсақ, 1921–1924 жылдар ішінде ұлы көсемнің бес түрлі еңбегі аударылыпты.

1924 жылы май айында өткен партияның XIII съезінің шешімдеріне сәйкес, Қазақстан партия ұйымы да көсем еңбектерін аудару мәселесінде нақты шешім қабылдаған болатын. Осыдан былай қарай көсем еңбектері мен саяси әдебиетті қазақ тіліне аудару ісіне жиірек көңіл бөліне бастаған. Аударылған еңбектердің қай-қайсысында да қоғамдық-саяси лексика мейлінше бай екені белгілі. Міне, солардың ана тіліміздегі баламасын барынша дәл, түсінікті, анық етіп жасау оңай шаруа емес еді. Өйткені қазақ тілінің бұрынғы-соңғы тарихында қоғамдық ой-пікірді өрнектейтін термин сөздер мұншалықты дамып, қанат жайған емес. Мәселенің қиындығы да, қызықтығы да осыған байланысты. Сол тұстағы саяси әдебиеттер аудармасын қарап отырсаңыз, термин жасаудың әр алуан амалдары мен сан түрлі ізденістерді байқаймыз. Әдеби тіліміздің даму, қалыптасу тарихында мұндай іздердің орны бөлек. Ол – ұлы орыс тілінің ана тіліміздегі терминологиялық лексиканың жасалып, қалыптасуына тигізген әсері. Түрлі-түрлі көптеген тілдерде терминдік мәнде қалыптасқан көптеген сөздерді сол қалпында қабылдау бар да, оларды не жартылай, не тұтас аударып алу тағы бар. Сондай-ақ түбір сөз сол күйінде сақталып, оған жалғанатын қосымшаларды ғана қазақшалайтынымыз және бар. Міне, осындай қилы-қилы құбылыс қазақ аударма тарихының тәжірибесінде де болды. Көптеген интернационалдық және орыс сөздері өзгеріссіз сол қалпында қабылдануда орыс тілінің ерекше әсері болды. Ал калька жолымен жасалған терминдер мен терминдік мәндегі сөздеріміз өз алдына бір сала әңгіме.

Орыс тілінің ықпалын біз өзге тілден енген сөздерден ғана емес, терминдік ұғымға айнала бастаған байырғы қазақ сөздерінің табиғатынан да танимыз. Өйткені бұлардың көбі орыс тіліндегі терминдер моделін ескере отырып жасалғандар. Ендеше ұлы орыс тілінің басқа ұлт тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне жасап жатқан әсерінде шек жоқ. Бұл зерттелу ауқымы кең, талай ізденістерді керек ететін ғылыми проблема. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы мәселенің бұл жағына да назар аударып, бағыт-бағдар сілтеп отырғанын айту лазым.

Жалпы Мемтерминкомның осы тектес сан салалы жұмысының жануына Москва, Ленинград, т.т. қалаларда өткен Бүкілодақтық конференция, кеңестердің септігі де мол болғаны сөзсіз. Мәселен, 1959 жылғы Москвада, 1967 жылы Ленинградта өткен мәжілістерде терминология мәселесі арнайы сөз болды. Ал 1981 жылы март айында Москвада өткен семинар-мәжілістің де мәні ерекше деп біледі. Бұл семинар одақтас республикалар Ғылым академияларында термин жасау мен оны бір ізге түсіру жайы нақты талқыланды. Мұны ғылыми-техникалық терминология комитеті өткізді.

Мемтерминкомның соңғы құрамының жұмысында ауыз толтыра айтарлық жоғарыдағыдай табыстардың болғаны анық. Көптеген актив мүшелердің бұл іске білгірлікпен, жанашырлықпен қарауының нәтижесінде сан алуан ғылыми терминдер сарапқа салынып, бекітіліп жүртшылыққа ұсынылды. Соның бәрі дерлік қолдау тауып, дұрыс қабылданып, қазір жазу жүйемізде қалыптасып, дәстүрге айналып кетті. Әсіресе күнделікті баспасөз беттері мен радио, телевидение

материалдарында осы игі істің ізі айқынырақ аңғарылады. Ендеше Мемтерминком атқарып отырған шаруаның маңызын ешқандай есепшотқа салып, процентпен шақтай алмасақ та, келелі тірліктің тұшымды нәтижесін көріп отырмыз деп батыл айта аламыз.

Рас, 70-жылдардың соңғы жағында Мемтерминком мәжілісінде нақты мәселені ғылыми дәйекті іскерлікпен талдап, тиянақты батуаға келудің орнына "біздің ауылша былай" дейтін өресіз таласқа түскен де факті болды. Әсіресе, комиссия мәжілісінде қаралуға тиісті материалдардың шалағай дайындалып әкелінетіні қатты сынға ұшырады. Кейде, тіпті бұрын бекітілген терминдердің қайта қаралған сәттері де болды. Бәлкім осының салдарынан да болар Мемтерминком жұмысы соңғы екі-үш жылда мүлде (1981–83) тоқтап қалды. Сондықтан Мемтерминком жұмысын жаңа бағытта жандандырудың мезгілі жеткенін мезгеді. Жұртшылық пікірін ескеру нәтижесінде құрам қайта сараланып, қайта іріктелді, жаңартылды, бұрынғыдан әлдекайда қысқартылды. Мұндағы принцип: мәселенің маңызы мен мәнін айрықша түсініп, біліктілік танытатын іскер мамандарды іріктеп, іске барынша ұқыпты жандарға жауапкершілік жүктеу. Яғни ана тіліміздің ішкі мүмкіндігі мен термин жасаудағы қабілетіне қанық, соның бүге-шігесін, сан қилы заңды құбылысын дәл басып, бір арнаға түсіріп отыруға шебер, зерек мамандарды пайдалану, бұл қоғамдық іске ерінбей жанын салып істейтін адамдарды қамту, қатыстыру қажет болды.

Термин жасаудың, қабылданған терминдерді қолданысқа ендірудің таразыға салынар, талқыға түсер жайлары әлі көп. Ғылыми-техникалық прогрестің қарышты даму қарқынына сай туып жатқан тіл шаруашылығындағы құбылыстар сыры қаламгерлерден, әсіресе тіл мамандары тарапынан жаңаша іс-әрекетті, жаңа көзқарасты талап етеді. Тіпті терминология мәселесін ғылыми дәрежеде ұйымдастыруда да жаңа серпін қажеттігі көрінді. Бұл саладағы кейбір сылбырлықтан арылып, өмір талабына бұрынғыдан да гөрі шапшаңырақ әрі дер кезінде жауап беріп отыру үшін терминком құрамы мен ол туралы Ереженің өзін тағы да қарап, жұмыс бағытын өзгерту керек болды. Ереженің кейбір пункттерін қазіргі талапқа сай жуықтатып, жұмыс программасын түзу күн тәртібінде тұрды.

Сөйтіп мамандардың өтініші бойынша, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының құрамы тағы да іріктеліп қайта құрылды. 1981 мен 1983 жылдар аралығындағы үзіліс терминком жұмысына аздап болса да салқынын тигізді. Тіпті осының салдарынан жалпы бұл комиссияның кейбір одақтас республикалардағыдай Ғылым академиясының жанында болса қайтеді деген де пікірлер туған болатын. Алайда республика партия ұйымы мен үкіметі Мемтерминкомның 50 жылдан аса жұмыс тәжірибесін сарапқа сала отырып, әдеби тіл терминологиясын қалыптастыруда үлкен іс тындырып, нәтиже көрсетіп келе жатқан комиссияның Қазақ ССР Министрлер Советі жанында болғанын дұрыс деп тапты. Бұл үкімет пен партия тарапынан жасалып отырған үлкен қамқорлықтың тағы бір белгісі.

Сөйтіп Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетімен Қазақ ССР Министрлер Советі 1984 жылғы 7 февральда Мемтерминкомның жаңа құрамын бекітті (Қаулы №66). Ал осы жылдың 9 февралында Қазақ ССР Министрлер Советі бұл комиссия туралы Ережені (№72) бекітті. Жаңа құрам соңғы кезде жиірек айтылып жүрген тілек-талаптарға орай іріктелді. Ең алдымен, бұл құрамға тәжірибесі мол, іскер білікті мамандар және қабылданған терминдерді қолданысқа ендіре алатын лауазымды адамдар, жазушылар, журналистер, ғалымдар, баспа, радио, телевизия қызметкерлері, тіл білімпаздары енді. Бұрынғы құрам мен Ережеге қарағанда

мұның едәуір өзгешелігі тағы мынадай белгілерімен сипатталады. Мемтерминком "...экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы жөніндегі ғылыми қызметке жалпы басшылықты және бекітілген терминдер мен номенклатуралардың практикада қолданылуын бақылауды жүзеге асырушы орган болып табылады". Ол өз қызметінде, ең алдымен, қазақ тілінің лексикалық ресурстарын терминдік мағынада пайдалануды, сонымен бірге орыс және халықаралық терминдерді кіріктіру принципін басшылыққа алады.

Терминкомның ондаған жылдар бойғы жұмыс тәжірибесін ғылым мен техниканың сала-саласы бойынша терминологиялық секциялар құрып, бұл істі әуелі таза мамандық иелерінің талқысына салу қажет екенін көрсеткен болатын. Бұрын бұл міндетті Мемтерминкомның жанындағы секретариат атқарып келген еді. Бірақ секретариат та барлық мамандардың орнын толтыра алған жоқ. Сондықтан Мемтерминком жанынан құрылып отырған 6 терминологиялық секция біздің ойымызша бүгінгі ғылым мен техниканың барлық саласын түгел қамтып отыр. Яғни осындай секцияларды құру арқылы терминологиялық жұмыстардың жүйелі жүргізілуін қамтамасыз етуге болады. Өйткені терминді жасайтын – оны қажет етіп, күнделікті тірлігінде үздіксіз қолданатын мамандар. Олардың жарамды-жарамсызын, ретті-ретсізін, ғылыми дәйектілігін түрлі сөздіктер, оқулықтар мен оқу құралдарын, монографиялық зерттеулер, ғылыми көпшілік қолды кітап, брошюралар жазып оқытып, үйретіп, қолданып жүрген ғалымдар, мектеп пен жоғары оқу орындарының оқытушылары, газет, журнал, радио, телевидение қызметкерлері тез аңғарады. Міне, сол себептен де терминологиялық секцияларға үлкен жүк артылып, сенім көрсетіліп отыр. Терминология процесіндегі барлық негізгі жұмыс осы секцияларда пісірілуі тиіс. Тиісті мамандар талқысынан өткен терминдер, терминологиялық сөздіктер, оқулықтар, т.т. содан кейін Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының Ғылыми советінің талқысына салынады. Ондағы мақсат әлгі сөздіктер мен оқулықтардағы терминдер қазақ тілінің өзіне тән заңдылығына орай жасалды ма, қазақша жатық па, терминологиялық мәні дәл ме деген сауалдардың басын ашып алу. Міне, осындай бірнеше рет қажетті ғылыми сүзгіден, електен өткізілген терминдер тағдырын шешу Мемтерминкомға әлдеқайда жеңілірек, әлдеқайда жүйелірек бола ма деп ойлаймыз. Алғашқы талқылаулар бұл принциптің дұрыстығын дәлелдей түскен тәрізді.

Мемтерминком Ережесіндегі үлкен жаңалықтың бір түрі осы болса, екінші түрі – жетінші секция ретінде қызмет ете бастаған Бақылау тобы болып саналады. Бұл да өмір тәжірибесінің өзі тудырған жұмыстың бір түрі. Бұрын Мемтерминком мәжілістерінде бекітілген терминдер жүртқа газет арқылы жеткізілетін де, іс сонымен тынатын. Оның аржағындағы жағдай, яғни терминдер тіршілігі не болып жатыр, жұрт оларды дұрыс қабылдады ма, жоқ әлде өз үлгілерінен айрыла алмай өзіндік сөздерін қолданып жүр ме, ол жағында ешкімнің аса жұмысы бола бермейтін. Мына құрылған топ өзіне осындай міндет жүктеп отыр. Ол бекітілген терминдер мен номенклатураның күнделікті практикадағы қолданысын бақыламақ. Сөйтіп жиналған материалды Мемтерминком мәжілісіне салып отырмақ.

Ал міндеттер жайына келсек, істелетін шаруаның ауқымы осы әңгіме болып отырған жайлардың өзінен-ақ аңғарылады. Алдағы уақытта, терминком талқысына ең алдымен салынатын терминдер мен терминологиялық сөздіктерді бір жүйелеп алу қажет болып отыр. Термин жасау мен оны қалыптастырудың ғылыми принциптерін тіл заңдылығына сәйкес нақтылы қарастырып, қадағалап теориялық

қорытынды берудің үстіне қыруар практикалық шаруа тындыру қажеттігі туындайды. Әрқилы баспадан, әркімнің өз түсінік пайымына шақ деңгейде алақұла жарық көрген алуан түрлі сөздікті қайта қарап, мамандар мен терминком талқысынан соң, белгілі бір жүйемен, біркелкі форматпен және сөздіктерге лайықты талап-тұрғысынан серия-сериясымен баспадан қайта шығарумен айналысу қажет. Бұл оңай шаруа емес. Дегенмен осыған негіз болар кейбір шаралар қазірдің өзінде Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының терминология және аударма теориясы бөлімінде жасала бастады. Біз қазір бөлімнің картотекалық қорын жасау дәуіріндеміз. Ертелі-кеш баспа жүзін көрген сөздіктердегі және терминком мәжілісінде қаралған, қаралмаған терминдерді біртіндеп картотекаға түсіріп түзіп отырмыз. Түбінде термин атаулының бәрі осылайша түгел түсіріледі. Мұның үстіне біз электронды есеп машинасының да көмегіне жүгініп отырмыз. Мәселен, бір термин әрқилы сөздікте әр кезде, әрқилы пішінде берілген. Есеп машинасы бізге осыны бір жерге жинақтап беріп, жұмысымызды жандандыруға септігін тигізбекші.

Түптеп келгенде осы істеліп отырған шаруаның бәрі терминком жұмысының жануына және сол арқылы терминологиялық лексикамыздың қалыптаса түсуіне себеп бола ма деген үмітіміз бар.

Қысқасы, жаңа құрылған барлық секциялардың жұмысын атқарылар міндеттеріне сәйкес дәрежеге жеткізіп, жолға қою; ғылым мен техника салалары бойынша таяу жылдарда терминологиялық сөздіктер жасап, оларды Мемтерминком мәжілістерінде жүйелі түрде талқылап бекітіп, мақұлдату; екінші кезекте терминологиялық сөздіктердің қазақша-орысша және түсіндірме түрлерін баспаға әзірлеп, шығару; терминология мәселелерін ғылыми тұрғыда зерттеу және Мемтерминкомның елу жылдан астам жұмыс тәжірибесін барлап қорытынды жасау; номенклатуралық атауларға (техника, мекеме аттары, маңдайшадағы жазулар, жарнамалар, т.б.) ерекше мән беріп, оларды реттеу, т.б. тәрізді сан-салалы міндеттер бар. Осыларды дәйекті түрде жүргізіп отыру ең алдымен Мемтерминкомға, содан кейін Мемтерминкомның соңғы ережесі атап көрсеткендей, оның негізгі базасы болып саналатын Тіл білімі институты, соның ішінде терминология мен аударма теориясы бөлімінің қызметкерлеріне жүктеледі.

Терминологиялық сөздіктер. Лексикографиялық жұмыстар

Термин жасап, оны қолданысқа ендірудің бірден-бір дұрыс жолы сөздіктер түзу болмақ. Түзілген сөздік бір жағынан сол өзі қамтып отырған объектінің дамуын, яғни ғылым саласының дамығанын қаншалықты көрсетсе, екінші жағынан терминологиялық лексиканың нормалана түсуіне, әдеби тіл деңгейінің де қалыптаса бастауына септігін тигізеді. Ендеше әдеби тіл дамуында мұның маңызы ерекше.

Тіл материалы сөздік ретінде жинақталарлық дәрежеге жеткенге дейін біраз іріктелу, сұрыпталу, даму елегінен өтеді. Яғни қоғамдағы ірі-ірі өзгерістерге лайықты тілдің де әлгіндей сапада өріс алуына мүмкіндік туады. Білім, ғылым дамиды, баспасөз жанданады, әдебиет пен өнерге деген құштарлық артады, мәдениет пен экономика өрге басады. Міне, осындай объективті факторлар жиынтала келе тіл құрылысында бұрын-соңды болмаған даму пайда болады.

Мұны біз тілдің әр алуан саласынан байқаймыз. Ғасырлар бойы халық қажетін өтеп, нәқилы ғаламат ұғым, түсінікті бойында сақтап келе жатқан ана тіл қазынасы

қоғамдық құбылыстардың өрбуіне септігін тигізе отырып, өзі де үнемі қашалып, сұрыпталып, жүйеленіп келген. Соның ішінде сөздердің терминге айналуы, тілдің терминологиялық жүйесінің пайда болуы белгілі бір объективті себептермен түсіндірілуге тиіс. Лексиканың осы қатпарына көңіл бөліп, оны жинақтау, насихаттау әрекеті XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың басынан бастап болған. Сол кездегі там-тұмдап қазақ тілінде шыға бастаған газет, журналдар материалын қарасақ, термин деп айдар тағып, арнайы аталмағанмен, терминдік қызметі айқындала бастаған сөздер тізімдерін беру тәжірибесін кездестіреміз. Бұл дәстүр 20-жылдарға дейін жалғасқан. Оған "Түркістан уалаятының газеті", "Дала уалаятының газеті", "Айқап" журналында беріліп отырған материалдар дәлел бола алады. Бұл кезең зерттеушілер назарынан таса қалмайды.

Сөздік түзу әрекеті, атау сөздердің қолданыстағы табиғаты туралы және оларды жинақтап саралау тәжірибесі 20-жылдар мен 30-жылдар басында едәуір дами түскен. Мысалы, 1931 жылы Қызылордадан шыққан "Атаулар сөздігін" алайық. Халық ағарту жұмысына, сауат ашу ісіне едәуір септігі тиген бұл сөздіктің негізгі мазмұнына сол кездегі идеологиялық күрестің, кейбір кертартпа пікірлердің салқыны тимей өтпеген тәрізді. Неге десеңіз ұлттық оқшаулану бағытын ұстанған кейбір оқығандардың әсерінен болу керек, мұнда көптеген халықаралық терминдерді қалайда қазақшалау әрекеті байқалады. Бұл бір жағынан тілдің, оның құралының идеологиялық күрес құралына ә дегеннен-ақ айнала бастағанын танытатын болса, екінші жағынан, қоғам өмірінің белгілі бір даму сатысына тән шындық деп түсінеміз.

20-жылдардағы әлеумет өміріне, соған орай ғылым мен мәдениет тарихына зер салсақ, неше алуан ұғымдар мен көзқарастардың қым-қиғаш талас-тартысын байқар едік. Тап жаулары өзінің түпкі мақсатына тілді де пайдаланғысы келіп, әрқилы әрекеттер жасап баққаны мәлім. Олар біресе дін исламның жасыл туы астына жиналуды арман етіп, орыс мәдениетінен ат-тонын ала қашып, араб әрпіне негізделген жазуға жармасса, енді бірде тілді орыс сөздерінен тазаламақ болып әлектенді, әлем халқының бәріне ортақ халықаралық сөздер бар екенін құлағына ілгісі келмеді.

Мұның есесіне білімге сусаған ел жаңа өмірдің жарқын істеріне араласып, өз алфавитін түзіп, өз жазуын жолға қоюға кірісті. Сөйтіп қазақ халқының тарихында бұрын-соңды болып көрмеген жаңалықтар мен соны білдіретін жаңа ұғым, түсінік, құбылыстардың бәрін тіл фактілерімен деректеп отырарлық термин қалыптастыруға кірісті. Оқу, білім, өнер, ғылым, мәдениет, экономиканың қай-қайсысында да халық ұғымына тосын сөздер пайда бола бастады. Оның әрқайсысының терминологиялық жүйесін жасау үшін сауатты, білікті мамандар дайындау проблемасы тұрды күн тәртібінде. Мамандар жетіспейтін. Осындай қат-қабат шаруаның қатар жүргізілуі, сөз жоқ мәселенің жылдам қарқынмен алға басуына әкеп соқса, екінші жағынан өзіндік қиындықтарын да көлденең тартты.

Алға жетектеген шаралар ретінде мыналарды айтуға болады: кеңселерде іс қағаздары қазақ тілінде жүргізіле бастады, газет-журналдар қазақ тілінде шығарыла бастады, қазақ мектептері ашылып, онда оқылатын пәндердің бәрі ана тілінде жүргізіледі. Сонымен бірге қазақ тілі мейлінше кең қанат жайған көркем әдебиет тіліне, әлеуметтік өмірге тікелей араласу барысында қоғамдық-саяси әдебиет тіліне, түрлі шаруашылық пен экономика, өнер, жалпы мәдениет тіліне айналды. Сөйтіп қазақ тілі күнделікті өмірдің қай саласына да белсене араласып, қоғамдық қызмет аясы кеңейе түсті.

Осыған орай аталған салалардың қай-қайсының да терминологиялық жүйесін жасау, оны қалыптастыру қажет болды. Газет, журналдар Мемтерминком ұсынып

отырған терминдерді өз беттерінде жариялап отырды, кейбір жеке шыққан көркем шығармалар соңына да атау сөздері тіркеліп берілді. Алайда осы тектес әр алуан әрекеттер қазақ тілінің ғылыми терминологиясын тез арада қалыптастыра қойған жоқ. Олай болуы мүмкін де емес еді. Өйткені тілдің өзін ғасырлар жемісі деп бағалайтын болсақ, сол тілдің қоғам дамуы нәтижесінде ең негізгі күрделі қабатына айнала бастаған терминологиялық лексиканы аз ғана мерзім ішінде жүйеге түсіру оңай іс емес. Практикалық және зерттеу жұмыстарын ұштастыра жүргізіп, соның негізінде ғылыми дәйектеме, дәлелдемелерін ұсынатын мамандар қажеттігі күн өткен сайын біліне берді.

Термин мұқтаждығын қалың жұртшылық сезіне бастады. Оны қолданбайтын, оны керек етпейтін өмірдің бірде-бір саласы жоқ. Ол жазушыға да, ол мұғалімге де, ол партия, совет, комсомол қызметкерлеріне де, өнер адамдарына да, ауылшаруашылық, өнеркәсіп мамандарына, бәрі-бәріне керек. Күн өткен сайын, өмір алға озған сайын мына сөзді қалай жазамыз, ана сөзді қалай қабылдаймыз деген тәрізді сұрақтар көбейіп, терминге деген ділгерлік артып, мұқтаждық молаюда.

1931 жылы басылған "Атаулар сөздігі" осындай мұқтаждықты сәл де болса өтеу жолындағы алғашқы әрекет болатын. Бұл Қазақстан Оқу комиссариаты Білім кеңесінің жетекшілігімен жасалған іс еді. Білім кеңесі сол кездегі бірінші кезекте тұрған мәселе ретінде осы пән атауларын жинап, тез арада жұртшылыққа ұсынды. Алғашқының аты алғашқы. Мұның, негізінен кейінгі жұмыстарға аздап септігі тигенмен, жоғарыда ескерткеніміздей, көптеген кемшіліктері де болды. Өйткені бұл әлі ғылым салаларынан маман адамдар әзірленбей тұрған шағында, сол игі іске себі тие ме деген мақсатпен жасалған сөздік еді.

Көпшілік сөздікте берілген 8 мыңдай Европа (құрастырушылар терминімен айтқанда) терминінің қазақшалануынан ғана емес, сөздік пен термин жасау принципін қате түсінуден де байқалады. Мысалы, осы сөздіктің "Бір-екі сөз" деп басталатын кіріспесінен мына үзіндіні қараңыз:

"Мұның үлкен кемшілігі, кейбір Европа атауларына (терминдеріне – *Ө. А.*) қазақша мағына берілмегендік (мәселен, "Kijmije", "Pagapin" сияқты) европадан алынған бар сөзге мағына берудің қиын болғаны, бірінші – уақыттың аз болғаны, екінші – сөздіктің мақсаты тек кітап жазушыларға арналған соң, көп түсіндіріп пән пайдаланушыны мезі қылмайық дегендік"[4].

Осы келтірген үзіндінің өзінен байқалатындай, кемшілік бір ғана әлгі айтылған халықаралық терминдерді қазақшалау керек деген пиғылда ғана емес, сонымен бірге көптеген терминдерге түсініктеме берумен әуестенуде және олардың синонимдік қатарының көбейіп кетуінде де. Мысалы, *айал, мерзім, мұрсатана* сөздері *срок* деген бір сөзді білдіру үшін, ал *тәртіп* деген бір ғана қазақ сөзі *режимге* де, *дисциплинаға* да, *порядокқа* да теліне берген.

1935 жылы өткен мәдениет қайраткерлерінің Бүкілқазақстандық съезінің күн тәртібінде қаралған негізгі мәселелердің бірі – орфография мен терминология мәселесі болды. Осы съезд қарсаңында Мемлекеттік терминология комиссиясы өзінің кеңейтілген мәжілісін өткізіп, онда ғылымның әр түрлі саласына байланысты жасалып жатқан терминдер жүйесі туралы сөз қозғады. Съезде алдын ала дайындықтың бірі ретінде, бұл күнде мүлде қолға түспейтін "Мемтерминкомның бюллетенінің" 1935 жылдың басында жұртшылық талқысына ұсынылған төрт санын айтар едік. Мұнда сол кезде ғылымның әр алуан саласында қызмет етіп жүрген

4. Атаулар сөздігі. Қызылорда, 1931. 3-б.

Ә.Ермеков, Р.Бөкейханов, Қ.Басымов, Қ.Жұбанов, Ғ.Бегалиев, С.Аманжолов тәрізді мамандар термин туралы өз пікірлерін ортаға салып, оның негізгі белгілерін, жасалу принциптерін анықтап беруге тырысты.

Қазақ тілінің ғылыми терминологиясын жасап, оларды ретке келтіруде, сондай-ақ алдағы жұмыстар бағытын айқындай түсуде бұл съездің атқарған ролі зор болды. Съезде жалпы терминология ғылыми проблема есебінде қарастырылып, оның негізгі мәселелері, белгілері, ерекшеліктері анықталды. Лексиканың өзге қабаттарына қарағанда терминнің өзіне тән өзгеше қызметі, жасалу жолдары, қалыптасу сырлары бар екені дәлелденіп, ғылыми принциптері түзілді. Осының негізінде бұдан былай қарай термин жасау ісі белгілі бір ғылыми жүйеге – тіл заңдылығына сәйкес қабылданған принциптер негізінде жүргізілетін болды. Яғни термин жасаудың ортақ принципі түзіліп, оның басқа маңызды мәселелері шешім тапты.

Съезд қарсаңында жасалып, жұртшылық талқысынан өткен, сөйтіп съезд мақұлдамасын алған қазақ терминдері Қазақстан Халық комиссариаты Советінің 1935 жылғы 23 июньдегі №812 қаулысымен бекітілді. Ол қаулыда былай деп атап көрсетілді[5]:

"1. Термин комиссиясы мен Қазақстанның Оқу ісін басқаратын комиссариат дайындаған және қарар еткен, Мәдениет қайраткерлерінің съезі ұнатқан қазақ тілінің жаңа терминдері негізінде бекітілсін. Барлық ұйымдарға, мекемелерге, оқу орындарына, газет-журналдарға бұл терминдерді қолдан деп Қазақстанның Оқу ісін басқаратын комиссариат жарияласын.

Осы қарар баспасөз бетінде жариялансын".

Съездің алды-артында қауырт жүргізілген осы тектес жұмыстар нәтижесі ілешала 1936 жылы терминологиялық сөздік "Қазақ тілі термиидері" деген атпен жұрт қолына тиді. Қ. Жұбановтың жалпы редакциясымен "Қазақстан" баспасынан жарық көрген бұл сөздіктегі терминдер негізінен үш саланы (әлеуметтік-экономика, физика мен математика) қамтыған. Жинақталған терминдер саны онша көп бола қоймағанмен, бұл қазақ терминологиясын тиісті ғылыми арнаға түсіріп, оның әлеуметтік мәні бар мәселе екенін танытқан игі іс ретінде тарихта қалды.

Сөздікте үкімет қаулысымен бірге Мемлекеттік терминология комиссиясы басшылыққа алып отырған қазақ әдеби тілі терминологиясының он пункттен тұратын принциптері берілді. Негізін Қ. Жұбанов жасаған, съезд бекіткен бұл документтің тарихи мәні зор деп білеміз. 20-жылдарда пайда болып, қолданыста қилы-қилы өріс тауып, ала-құлалықты өрбіткен термин жасау процесіндегі шалағайлықтар, көбінесе мұның принциптерін жөнді түсінбегендіктен, термин жасау мен қабылдаудың қағидалары мен заңдылықтарын жете білмегендіктен кетіп жататын. Жолбасшылыққа алатын бірде-бір нұсқау, қағида болмайтын. Бұл түзілген принциптер осы олқылықтың орнын толтырды.Кезінде терминжасам ісіне мол пайдасы тиген бұл тарихи документ терминологтар алдына негізінде мынадай талаптар қойды:

Бірінші шарт бойынша, әдеби тілдердің көбіне ортақ *революция, совет, теория, практика, тенденция, медицина, хирургия, климат, абсолютный, конкретный* т.с.с. халықаралық сипаты бар терминдерді сол түпнұсқадағы қалпынша қазақ тіліне аудармай алу; екінші шарт бойынша, әдеби тілдер тәжірибесінде аударылып алынып жүрген *производство, труд, деньги, корень, стебель, мышцы, деление, умножение*

5. Қазақстан Халық комиссариаты советінің №812 Қаулысы: Қазақ тілінің терминдері. Алматы, 1936. 1-кітап.

тәрізді халықаралық терминдерді аудару керек. Ал *сословие, гостав, клетка, слет* сияқты қазақ тілінде баламасы жоқ немесе терминнің қазақша нұсқасы бастапқы мағынадан ауытқитын болса, онда оны аудармай алған жөн.

Үшіншіден, әр түрлі ғылым салаларына ортақ терминдер болуы мүмкін. Мысалы, *материя* термині философия мен физикада, *түбір* термині математика, ботаника және лингвистикада, *реакция* термині химия, биология және саяси ұғым есебінде, *экскурсия* сөзі оқу ағарту ісі мен физиология ғылымында кездеседі. Бұларды сол бірыңғай түрде қалыптастыру керек.

Төртіншіден, әрқилы жағдайда әр алуан мағынаны білдіретін *мануфактура* (тарихи-экономикалық және товартану мағынасында), *продукт* (өндіріс өнімі және азық-түлік мағынасында) сияқтылар бір пәнде термин ретінде алынсын да, екіншіде жай сөз ретінде аударылсын.

Бесіншіден, халықаралық терминдер орысшада қалай алынса, қазақшада да солай алынады. Егер ол сөздерді таңбалайтын кейбір әріптер жетіспесе қазақ алфавитінің бар мүмкіндігі пайдаланылатын болсын. Мысалы: porma (форма), qijmija (химия), rebolutsija (революция) т.б.

Алтыншы пункт бойынша, аударуға келетін терминдерді аударғанда оның ғылыми мәні дәл берілуін қадағалау қажет. Аудару кезінде қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері қатаң сақталуы тиіс. Berilis – *передача,* kөpkil – *многоуголник,* toqьma – *текстиль,* tacirbe – *практика* тәрізді терминдерді түсініксіз ететін жасанды сөзжасамға үйір болмаған жөн.

Жетінші пунктте былай деп көрсетіледі. Есім және есімденген етістік формаларындағы халықаралық (интернационал) терминдер сол түрінде алынсын. Ал *-изация, -ификация, -ация* жұрнақтарымен келетін *машинизация, электрификация, объективация* сөздеріне қазақ жұрнақтары жалғанып алынсын *(машиналандыру, электрлендіру, объективтену).*

Ал *-ский, -ный* жалғаулары арқылы жасалған анықтауыш сын есімдер қазақшасында қысқартылып *популар кітап* (популярная книга), *абсолют шама* (абсолютная величина), *буржуаз идеология* (буржуазная идеология), *экстенсив шаруашылық* (экстенсивное хозяйство), *дифференциал теңгерме* (дифференциальное уравнение) түрінде алынуға тиіс. Сондай-ақ, түбір сөздің *к* дыбысы *ч*-ға айналып *-ский* жұрнағымен келетін сын есімдер жалғауы қазақшасында қысқартылып *электр шам* (электрическая лампа), *физика география* (физическая география) т. б. түрінде берілсін.

"Изолировать", "машинизировать" тәрізді есімнен болған етістік формалар қазақ тілінің жұрнақтары арқылы *изоляциялау, машиналандыру* деп алынсын.

Сегізінші пунктте халықаралық терминология тәжірибесінде қолданылып жүрген кейбір *-ист, -изм* тәрізді суффикстер мен *ре-, син-, де-, ант-, контр-* тәрізді сөз алды префикстерінің қазақ тілінде баламасы жоқ болғандықтан термин сөздермен бірге бұлар да қабылдансын, басқа қосымшалардың бәрін де қазақша түрінде алу керек дегенді атап көрсетеді.

Тоғызыншы пунктте қысқарған сөздер жайы әңгіме болады, *авто, аэро, авио* т.б. қазақ сөздерімен біріктіріп *автожол, автоқатынас, авиошана* т. б. деп алынсын депті.

Осы күнге дейін қазақша аудармасы беріліп келген *диктатура, революция, совет, теория, практика, контрреволюция, милитаризм* тәрізді т. б. терминдер бұдан былай қарай аударылмай сол халықаралық қолданыстағы қалпынша алынуы тиіс.

Оныншы пунктте де өте маңызды мәселеге мән беріледі. Атап айтқанда, Ұлы Октябрьден бері әсіресе орыс тілінің сөзжасау тәжірибесінде қолданылып келе жатқан біріккен күрделі сөздер мәселесі әңгіме болады. *Саяси экономия* (политэкономия), *ауатком* (райисполком) т.б. тәрізді жаңа тіркесім терминдер қазақ тілі заңдылығына орай жасалып, Мемтерминком бекіткеннен соң ғана қолданысқа ендірілсін.

Міне, ең алғаш түзіліп, басшылыққа ұсынылған терминжасам принциптерінің өзіндік осындай жетістіктерімен қатар, кейбір кемшіліктері де болады.

Мәселен, кейбір халықаралық терминдер мен советизмдерді сөз еткенде қайсыбір жүйесіздіктер көзге түседі. Оның бер жағында терминжасам процесіндегі қазақ тілінің өз мүмкіндігі жан-жақты ашылып айтылмайды. Сондай-ақ аударылсын деген сөздердің біразын аударудың керегі жоқтығы, ал түпнұсқадағы күйінде берілсін дейтін сөздердің қайсыбірінің тамаша баламасы бар екені көрінеді. Аталған тектес кейбір олқылықтарына қарамастан, осындағы көрсетілген принцип алдағы терминжасам процесіне негіз болған өте пайдалы документ еді. Кейінгі түзілген принциптердің бәрі де ең алдымен осыған сүйеніп, осының қағидаларын негізге алды.

ЕКІНШІ ТАРАУ

АУДАРМА ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ

АЛҒАШҚЫ АУДАРМА ҮЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТЕРМИНГЕ ҚАТЫСЫ

XX ғасырдың бас кезінде қазақтың мәдени өміріне алуан түрлі өзгерістер келді. Ол өзгерістер әуелде Қазақстанның Россияға қосылуы нәтижесінде орыс халқы мен қазақ халқының алдыңғы қатарлы көзі ашық оқыған азаматтары арасында болып келген жан-жақты қарым-қатынастар мен байланыстардан басталған болатын. Ал соңғы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында орыс қоғамында болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық жаңалықтар мұны өркендете түсті. Әсіресе елдің ауыр жағдайы, қазақ оқығандарының орыс қауымымен қоян-қолтық араласа түсуі, батыс мәдениеті мен ғылымның таралуы қалың ұйқыда жатқан қазақ қауымының оянуына қамшы болғандай еді.

Россияда капитализмнің жан-жақты өріс алып, дами түсуі, товар өндірісінің күшейе беруі, оның шикізат ордалары болып келген сырт аймақтарына әсерін тигізбей қоймады. Россияда прогресшіл, әсіресе революцияшыл идеяның дамуы, революциялық қозғалыстардың толқыны шет аймақтарға да жетіп жатты. Орыс-жапон соғысы, әсіресе 1905–1907 жылдардағы бірінші буржуазиялық революция қазақ халқының да саяси, мәдени, әлеуметтік өміріне біраз жаңалықтар енгізді. Қазақ халқының сауатсыздығын түсінген алдыңғы қатарлы азаматтар жастарды өнер-білімге, оқуға шақырып жар салды, өз ойларын калың жұртшылыққа жеткізу мақсатында баспа ісімен айналысты. Көптеген зерттеушілердің айтуына қарағанда, XX ғасырдың басында (1917 жылға дейінгі мерзім ішінде) қазақ тілінде 200-ден аса әртүрлі кітап шығарылды делінетін.

Соңғы жылдары, атап айтқанда 1985 жылы жұртшылыққа жария болған қайсыбір деректерге[1] қарағанда революцияға дейін қазақ тілінде 509 кітап басылғаны мәлім болып отыр. Қазақ халқына, оның тіліне тікелей қатысы бар бұл қазынаны алғаш тиянақтап зерттеушінің бірі – татардың ғалым-жазушысы Абрар Қаримуллин. Оның дәлелдеуінше, 509 кітаптың 432-сі Қазанда басылған екен. Сөйтіп революцияға дейінгі мерзімде кітап бастыру жөнінен қазақтар түркі халықтары арасынан татарлардан кейін әзірбайжандармен қатар екінші орында тұратыны анықталды. Осы басылған кітаптардың жалпы тиражы – 2 миллион 201 мың 105 дана. Ол кітаптар тақырыбы жағынан да, ішкі мазмұны жағынан да, алға қойған мәселелері жағынан да сан алуан. Бұл кезеңде жарық көрген қазақ тіліндегі кітаптардың басым көпшілігі қисса-дастандар, поэмалар, әртүрлі мазмұндағы өлең жинақтары болып келді. Көбіне араб, парсы хикаяларын, ертегі-аңыздарды, бұрынғы шығыс әдебиетіндегі кейбір сюжеттерді пайдаланып жазған қисса, дастандардың тілінде араб, парсы сөздері, сол тілдердің кейбір тілдік үлгілері, конструкциялары, діни ұғымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері көптеп қолданылып отырды. Әсіресе Жүсіпбек Шайхудисламов атымен баспадан шыққан қиссалар көп.

Бұларда кейде араб, парсы тілдерінің элементтері араласып келгенмен, уақиға сюжеттері қиял, ертегі іспеттес болғанымен, көркемдік сапасы төмен болуына

---

1. *Мұртазаев Ш.* Кітап теңізіндегі жиһанкез//Қазақ әдебиеті. 1985. 7 июнь.

қарамастан осы сияқты баспа бетін көрген қисса, дастандар қазақтың жазба әдеби тілі тарихынан белгілі орын алады. Сондықтан да қазақтың жалпы тіл тарихы болсын, жазба әдеби тілі тарихы болсын, оның терминдік жүйесі болсын сөз етілгенде, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде жарық көрген осы қисса, дастандарды атамай өтуге тіпті де болмайды. Бұл шығармалардың көбі кейбір зерттеушілер тарапынан ауыз әдебиеті, фольклор үлгілері қатарына жатқызылып жүргенімен, оларды жазба әдебиет тарихынан мүлде шығарып тастауға болмайды. Әрине, бұл шығармалардың ауыз әдебиеті үлгілерімен белгілі дәрежеде үндес, ұқсас келетінін мойындай отырып, жазба әдебиетіміздің де санатынан қалмайтынын ескерген жөн. Қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастырып, әрі қарай дамыта түсуде бұл тәрізді шығармалардың белгілі дәрежеде мәні, маңызы болғандығын атап өту керек. Сонымен бірге бұларда белгілі дәрежеде терминдік сөз қолданыстың да қалыптаса бастағанын, терминдік мән жүктелген сөздердің алғашқы түрлерін кездестіруге болатынын да ескеруге тиіспіз.

Белгілі бір тілдің терминологиялық жүйесін жасауда, оны қалыптастыруда аударманың алатын орны өте зор. Жалпы адамзат мәдениеті – рухани байлықтар алмасуының нәтижесі екені тарихтан мәлім. Әрбір ел, әрбір ұлт бірімен-бірі қарым-қатынас жасай келе мәдени, рухани, ауыс-түйістің неше түрін дамытқан. Соның нәтижесінде өзінде жоқты өзгеден алып, өз халқының рухани байлығын молайтып отырды. Осы процестің бәрінде де аударма ісінің атқарған қызметін айрықша сезінеміз. Керек десеңіз қоғам өмірінің қай саласында да аударманың ізін көреміз.

Қазақ халқының да мәдени өресінің бүгінгідей дәрежеге көтерілуінде аударманың қызметі мол. Ана тіліміздің әдебиленуі, оның нормалы күйге түсуі, терминологиялық лексикасының жасалып, қалыптасуы аударма жұмысының жандануына тікелей байланысты. Сондықтан термин мәселесін қарастырғанда біз оны аударма процесімен тығыз байланысты қарамай өте алмаймыз. Ал аударма жұмысының тарихы тереңге кетеді. Неге десеңіз халық кейін аңыз етіп кеткен неше алуан батырлық жырлар, лиро-эпостық дастандар, ертегілер, көбі оу баста шығыс әдебиеті үлгілерін аудара жырлау арқылы жасалған. Аударма тарихы әріден басталатыны рас болса, кейін терминдік сипат алып кеткен сөздер тарихын да сол кезеңдерден бері қарай сүзген жөн. Бұл жайындағы зерттеу жұмыстары өте мардымсыз. Әдеби тіл мен ұлттық тіліміздің қалыптасуына тікелей әсері болған бұл кезеңнің жай-жапсары өз зерттеушісін күтуде. Яғни филология саласында, оның ішінде тіл саласында еңбектеніп жүрген зерттеушілер үшін тың саланың бірі осы.

Міне осындай жайларды ескере отырып, қазақ тілінде термин жасаудың алғашқы үлгілерін танытатын аударма тарихын таратыңқырап талдауды қажет санап отырмыз. Орта ғасырдағы шығыс классиктерінің шығармалары қазақ халқына көбіне-көп аударма арқылы жетіп отырды. Сол дәстүр жалғаса келе Абай, Ыбырай заманына ұласты. Өйткені Абай, Ыбырай заманында да шығыс және орыс әдебиеті қазақ тіліне аударылды. Сол сияқты "Түркістан уалаятының газеті" мен "Дала уалаятының газеті" беттерінен де аударма мәселесінің дами түскенін көреміз. Керек десеңіз Ыбырай Алтынсариннің "Шариғат ул-ислам" ("Ислам шариғаттары") деген кітабы да аударма.

XIX ғасырдың соңғы жылдарында "Библияның" әр жері қазақ тілінде жеке кітап болып Православияның миссионерлік қоғамы тарапынан бастырылып шығарылды. Бұдан кейін "Інжіл" ("Евангелие") де қазақ тілінде аударылып, кітап болып шықты. Бұл аударма туралы С. Талжанов: "1900 жылы "Інжіл"

аударылыпты"[2] десе, Ә. Сатыбалдиев: "Православие шіркеуінің, қазақ жерін жайлаған миссионерлік қоғамы 1900 жылы емес, 1899 жылы "Евангелиені" қазақ тіліне аудартып шығарған"[3], – дейді. Әбен Сатыбалдиев аударма орыс әрпімен басылғандығын "оның өзінде дыбыс ерекшеліктерін таңбалауға мүқият көңіл аударылғандығын" айта келіп, "бұл аударманы көлемі жағынан сол тұстағы қазақ тілінде басылған кітаптардың ең ірісі деп айтуға болады"[4], – деп көрсетеді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында аударма ісі, әсіресе орыс жазушыларының шығармаларын қазақ оқырмандарына қазақ тілінде жеткізу ісі кең өріс ала бастайды. 1903 жылы Қазанда Молданияз Бекимов аударған А.С.Пушкиннің "Капитан қызы" қазақ тілінде басылып шықты. "Капитан қызының" тұңғыш аудармасы барынша еркін жасалған. Мұны аударма деуден гөрі шығарманың желісін қуалай отырып, жалпы мазмұнын баяндап шығу десе де болар еді. Аудармашы түпнұсқаның мазмұны мен суреттемелерін толық келтірмей, тек жалпы оқиғасының желісін ғана қуып, жалпы мазмұнын ғана беріп отырған. Мұнда, әсіресе, кейіпкерлердің мінез-құлқын, психологиялық сипаттарын, өздеріне тән даралықтарын бейнелейтін сөз бояулары қалып кетіп жатқан"[5]. Бұл аударманың тілінде орыс тілінің әсері айқын сезіліп тұрады. Орынсыз көп қолданылған *учитель, крепость, простой, господин* сияқты орыс сөздерін былай қойғанда, аудармадағы сөйлем құрылысында да орыс тілінің ықпалы көптеп кездеседі. Ол ықпал, әсіресе сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінен байқалады, яғни түпнұсқада сөйлемдегі сөздер қалай орналасса, аударғанда да ол сөздердің орналасу тәртібін сақтап отырған. Соның салдарынан қажетсіз инверсиялар, қазақ тілі синтаксисіне тән емес сөйлемдер пайда болған. Оны мына мысалдан да айқын көруге болады: *Тұрыб бір азырақ есімді жинай алмай не болғанымды білмедім. Жатыр екенмін краватдың үстінде... Савельич алдымда тұр екен сұрай бастады менің есімімді* (44-бет). Бұл мысалдағы *кроваттың үстінде* және *менің есімімді* деген пысықтауыш пен толықтауыш өздері бағынып, меңгеріліп тұрған *жатыр екенмін, сұрай бастады* деген баяндауыштан кейін орналасқан. Сөйлемнің соңында, өзі меңгеріп тұрған сөздерден кейін келетін баяндауыштың әдеттегі орналасу тәртібінің прозалық текстерде қажетсіз бұзылуы сөйлемнің стильдік бояуына да, айтылмақшы ой жүйесіне де үлкен нұқсан келтіреді. Бұл аудармада "қызының қолын сұрадым" (17-бет), "халық тұз бен нан алып шықты" (27-бет) тәрізді орыс тіліндегі тұрақты тіркестерді сол күйінше тура аудара салушылық та кездесіп отырады. "Қызының қолын сұрадым" дегеннен сол кездегі қазақ оқырманы оның ауыспалы мағынасын, яғни қызды өзінің болашақ жары болуды айтқанын түсінбей, бұл тіркестің тура мағынасын ұғып қалмас па екен. "Халық тұз бен нан алып шықты" дегеннің табиғаты өзгешелеу. Бұл сөйлемді беру қажет, өйткені дәл осылай қарсы алған суретті көрсету керек, бірақ бұл – ерекше қадірлеудің, қадірмен қонаққа көрсетілетін белгі екенін оқырман қауым біліп отыруы да керек қой. Аудармашы бұл жағына онша мән бермеген.

Әсіресе бұл кезде шығып тұрған газет-журналдар да көркем аудармаға үлкен мән беріліп отырғанын байқаймыз. "Айқап" журналы мен "Қазақстан" газеті беттерінде орыс әдебиетінің көрнекті қайраткерлері И.А.Крыловтың, Л.Н.Толстойдың, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, А.П.Чеховтың,

2. *Талжанов С.* Көркем аударма туралы. Алматы, 1962.
3. *Сатыбалдиев Ә.* Рухани қазына. Алматы, 1965. 36-37-б.
3. Сонда.
5. Сонда. 41-42-бб.

А.Сорокиннің, И.С.Никитиннің, А.Кольцовтың т.б. белгілі ақын-жазушылардың жеке шығармалары қазақ тіліне аударылып басылып отырды. Олардың кейбірінің тілі туралы сол кезде мақала, рецензиялар да басылып жүрді. Бұл аудармаларда қажетсіз инверсиялардың, қазақ тілі синтаксисіне тән емес сөйлем құрылыстарының өте аз екенін, тіпті кейбір аудармаларда мүлдем кездеспейтінін байқаймыз.

Орыс ақын-жазушыларының көлемі шағын жеке шығармалары бұл кезде шыққан хрестоматия, қираат кітаптарына да еніп отырған. Спандияр Көбеевтің "Үлгілі тәржіма", Бекет Өтетілеуовтің "Дүние ісі ақыретке кетпес" сияқты кітаптары осындай жинақтар.

XIX ғасырдың соңғы жылдарында, әсіресе, XX ғасырдың бас кезінде ғылымның медицина, биология салаларынан қазақ тілінде жеке кітапшалар жарық көре бастайды. Ол, бір жағынан, заңды да. Өйткені бұл ғылымдар осы кезеңдерде дами түсті, сөйтіп адам, мал ауруларының түр-түрлері белгілі бола бастады. Көптеген ауруларды емдеу қазақ ішіндегі бақсы-балгерлердің, емші-тәуіптердің қолдарынан келе бермеді. Міне, осыны жіті байқаған көзі ашық оқыған азаматтар ауруларды медицина жолымен емдеу қажет деп түсінді.

Қазақ ішінде медицина, биологиядан арнаулы мамандар жоқтың қасы болғандықтан, халық қамын ойлаған оқығандар орыс тіліндегі арнаулы әдебиеттерді қазақ тіліне аударып, бастырып отырды. Сондай әдебиеттердің бірқатары мыналар: "Афат яки холера әңгімесі, перевод орысшадан қазақшаға етуші студент Казанский ветеринарный институтның Файзолла Иманбаев", Қазан, 1905; "Қышыманың турасында (о чесотке), русшадан тәржіме. Жаманмұрынов", Орынбор, 1906; "Шешектің һәм шешек егудің жайларынан орысшадан тәржіме. Уалишев", Орынбор, 1906; "Адамның чумасы турасында". Қазақ тілінде. Орысшадан перевод етуші Садық Бисалиев, Орынбор, 1911; "Обадан қалай сақтану?"

Орысшадан перевод етуші Садық Бисалиев, Орынбор, 1911; "Малда болатын жұқпалы аурулардың һәм оларға қарсы қалай ғамал қолдану хақында". Орысшадан тәржіме қылған Сейдғали Меңдеш оғлы, Уральск, 1911; "Арақ у яки арақның зарары", Қазан, 1907; Самрұғ. "Оба жайында қазақча әңгіме", Қазан, 1905; Шаһмардан ұлы Кашафуддин. "Мақулат" (оба ауруы), Қазан, 1897; "Біздің үйлеріміздің хақында" орысшадан қазақ тіліне аударған Балтабаев һәм Муминов, Орынбор, 1906; "Чума сырқауынан өзін әм ғайриларны аман сақламақ хақында насихат наме". Орынбор, 1908; "Чечек екіндегі бірнече ақыл", Орынбор, 1914; "Холер сырқауынан өзін әм ғайриларын аман сақламақ хақында насихат наме", Орынбор, 1908; "Құрт, мерез ауруы турасында". Орысшадан қазақ тіліне аударған Қосуақов пен Бөкенов, Орынбор, 1906; "Іштен қан өткізетін ауру". Орысшадан қазақ тіліне аударған Қосуақов пен Бөкенов; "Мерез ауруы жайынан" (сифлис). Орынбор, 1903; "Жамандату қайдұрғу турасында" (Сибирская язва), Орынбор, 1902. Бұл еңбектердің көбі Орынбор қырғыз (қазақ) мектебінің оқытушылары П.А.Катанов пен П.Н.Крыловтың редакциялық басқаруымен орыс тілінен қазақ тіліне аударылып отырды.

Әрине, бұл – XX ғасырдың бас шағында ветеринария мен медицина салаларынан қазақ тілінде шыққан кітаптардың толық тізімі емес. Дегенмен, бұл сол кезеңде шаруашылықтың әр саласында түрлі кітаптардың жарық көре бастағанын, сонымен бірге қазақ жерінде де кітап бастыру ісі жөнге қойыла бастағанын, сол салалар бойынша терминологиялық лексиканың іріктеле бастағанын тәптіштеп, айқын да анық көрсете алады.

Осылардың ішінде назар аударарлық бір кітапша – 1898 жылы Қазанда басылған "Главная болезнь трахома, ее заразительность, причины распространения

среди сельского населения и способы предохранения. На киргизском языке". Кітапша дәл осылай орысша аталғанмен, тексті қазақ тілінде, оның тақырыбы "Трахома деген жаман көз ауру" деп берілген. Орысшадан аударған адамның аты-жөні белгісіз, кітапшада жазылмаған. Текст орыс графикасының негізінде берілген. Осыған қарағанда, бұл кітапшаны орыс тілінен қазақшаға аударған Қазан императорлық университеті мұғалімдерінің бірі, я Ыбырай Алтынсарин болу керек деген болжам туады, сонымен қатар ол Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, А.Е.Алекторов сияқты ғалымдармен пікірлес адам болу керек. Кітапшаның графикасында орыс тілінде жоқ қазақтың *ә, ң, ү, ө* әріптерін жеке таңбалармен белгілеген: * * * * ал *ғ-г, қ-к, ұ-ү* дыбыстары тек *г, к, у* таңбаларымен берілген, *і* дыбысы бірде *и,* бірде *і* әрпімен жазылған, кейбір жерлерде мүлдем жазылмай түсіріліп қалған. Түсініктірек болу үшін үзінді келтірейік"[6]:

Қалада, ауылдарда турған ксилердин арасында, әсіресе чуваштардың, черемистардың, вотякдардың, истектердің арасында көз аурулар сондай көп. Олардың ишинде көзге өз алдына зіан келтретугуны "трахома" ауру. "Енди трахомның жукпалы екенін, бир ксиден бир ксиге оңай жугатугынын билетурганда, ол аурудан ксилердиң көб ауратугуна бизге тамаша емес.

(Ескерту: Текстегі *а, н, у, о* әріптері баспа ісін қиындататындықтан, қазақ тіліндегі *ә, ң, ұ, ө,* әріптерімен алмастырылды, қалған жерде текстің транслитерациясы толық сақталады).

Қалада осундай көз аурудан бир кси ғана аурса болады, өңге ксилердиң барлығынада одан жугады. Олай болғанда *трахома* жукпасын десен бөтен ксилерден бек сактан. Булай қылган барлығынан артық" (9-11-бб.).

Көлемі 12 беттен тұратын бұл шағын кітапшаның тілдік ерекшеліктері мен мазмұн-мәнін әр жерінен алынған осы үзінділер біршама аңғарта алады. Сөйлемдегі жеңіл, қарапайым, тіпті құрмалас сөйлемдер де (құрмаластың сабақтас та, салалас та түрлері қолданылған) түсінуге онша қиындық келтірмейді, тілді қиындататын әртүрлі обороттар жоқ деуге болады. Медицина ғылымына байланысты терминдер мен терминдік тіркестер кездеседі. Бұл жағынан аталмыш еңбектің тілі сол кездегі қазақтың сөйлеу тіліне жақын деген пікір айтуға болады. Оны осы уақытқа дейін сөйлеу тілінде бар соңғы буындардағы ерін үндестігінің сақталуы да байқатады. Мысалы, мынандай ерін үндестіктері біршама тұрақты қолданылған: "*көзум ауради, ауруларды қарайтун үйгө барып емдету керек, көзүнүң қарамығы, онан сіз көрдүңүзгей, көзум түйлөду, үзүлмөй бир неше жылга барады, өмүр бойынша сөйтүп сорлу болады, көзүн сүрткөн, көзүнө колун тигізсе"* т.б. Тек бірен-саран жерлерде ғана сөйлеу тілінде көп қолданылатын ерін үндестігі бұзылған: "*соқур ксилер онан жаман көбейер, кәрі-жасы аралас көрерсиз, көзүн сүрткөн, шөберек*".

Өз кезінде жарық көрген еңбектермен салыстырғанда бұл кітапша тілінің бір үлкен ерекшелігі байқалады. Ол – сол кездегі жазба әдебиетте үстем болып-келген "ортаазиялық кітаби тіл" дәстүрі бұл кітапшаның тілінде өріс ала алмаған. Кітапты аударушы өзі аударып отырған еңбегін жазба кітаби тілінен гөрі халықтың сөйлеу тіліне көбірек жақындатқан. Бұл кездейсоқ құбылыс емес тәрізді, саналы түрдегі әрекет болуы керек. Кітапша орыс алфавитімен бастырылып, көптеген орыс сөздері дұрыс аударылып таңбаланған.

Жазба әдебиетте көп қолданылып келген көпшілік халық түсіне бермейтін, араб, парсы сөздері мұнда жоқ. Сол сияқты өзі орыс тілінен аударма бола тұра,

6. Текстегі *а, н, у, о* әріптері баспа ісін қиындататындықтан, қазақ тіліндегі *ә, ң, ү, ө* әріптерімен алмастырылды, қалған жерде текстің транслитерациясы толық сақталады.

орыс сөздері де қолданылмаған. Ал "трахома" термині аурудың аты ретінде қолданылған.

Ал орыс тілінің әсер-ықпалы кітапша тілінің синтаксистік құрылысында, сөз тіркестері мен сөйлем жүйесінде көрінеді. Әсіресе құрмалас сөйлем компоненттері кейде орыс тіліндегі үлгісі негізінде құралады немесе сөйлемдегі сөздердің орны ауысып кетіп отырады. Мысалы, "Жаңа тағы сиздерден отүнүп сураймын әр кайсыңызға да сақтану керек көзү, аурган ксилерден, әсіресе *трахома* жайылган каланың адамдарынан..." (12-б.). "Акылсыздық истейди, кимде-ким ауру ксилерди қарайтун үйгө бармай, бақсыга немесе бақсы қатынга барса" (10-11-бб.). "Онан сиз көрдүңүзгөй сап-сау ксиниң әуели кабактары қызарып иседи, сонсоң көзү жасаурап аурады, әсіресе күндүз, күн жаркрап шыккан уақытта" (5-б.) т.б. Мұндай мысалдар бұл еңбекте көптеп кездеседі. Келтірілген мысалдар қазақтың әдеби тіл нормасынан біршама өзгергенін байқау қиын емес. Және тағы сіздерден өтініп сураймын әркайсыңызға да көзі ауырған кісілерден, әсіресе *трахома* жайылған қаланың адамдарынан сақтану керек. Кімде-кім ауру кісілерді қарайтын үйге бармай, бақсыға немесе бақсы қатынға барса, ақылсыздық істеген. Сіз осыдан сап-сау кісінің әуелі қабактары қызарып ісетінін, сонсоң көзі жасаурап, әсіресе күндіз, күн жарқырап шыққан уақытта ауыратынын көрдіңіз (көріп отырсыз). Біз бұл жерде сөйлемдегі сөздердің қажет мағынаны қаншалықты дәл беріп тұрғанын қозғағанымыз жоқ. Сөйлемдерді сол көлемде, сол құрылымда қалдырып, сыртқы формасының кемшіліктерін орын тәртібі тұрғысынан, сөздердің байланысу формасы негізінен көрсеттік.

Сөйлемдердің осылайша орыс тіл құрылымы негізінде құралуы тек осы кітапша тіліне ғана тән емес, араб алфавитімен жазылған кітаптарда да көптеп кездеседі. Мысалы, *Оба* деген (холера) аурудың белгісі мынау: әуел ауырған адамның іші өтеді, мұнан соң құсады."Бұл *оба* дегеніміз біздің ауру емес; Европа жерунде сирек болады: басталады һәм өседі ыстық жерлерде, әсіресе Индияда" (Сонда, 3-б.). "Осындай *шешектің* адамдарды аздырып-тоздырып кетатүнүн білгенасоң, зор ақыл иесі кісілер ойлай бастаған: қайтуб адамдарға шешекті шықтырмасқа һәм жұқтырмасқа ("Шешектің һәм шешек егудің жайларынан", Орынбор, 1906, 7-б.). "Көбіне көб Русияға *чума* келеді; Азияда Индия дейтін жерден, Персия (Қызылбас) *падшасы* арқылы сауда қатынасы жиі болған себеблі... Әсіресе жылдам ауырады, лас һәм тар үйлерде тұратын, дұрыс уақытбен тамақ ішбейтүн, өзін-өзі жақсы ұстамайтын, арақ ішетін адамдар ("Адамның чумасы турасында", Орынбор, 1911, 4-б.). "Сол себебті үйді салуға керек ол үйдің адамының санына қарай" ("Біздің үйлеріміздің хақында", 6-б.). Осы берілген мысалдардағы сөздер мен сөз орамдары қазақ тілі синтаксисінің нормасы тұрғысынан өз орындарында тұрған жоқ. Бұл сөйлемдердегі инверсия белгілі қажеттіліктен, стильдік мақсаттан туып тұрған жоқ, орыс тіліндегі үлгінің негізінде құралған. Сондықтан да олар тілге сіңісіп кете алмады, өйткені бұндай сөйлем құрылысы қазақтың әдеби тілінің ғасырлар бойы қалыптасқан синтаксистік нормасына қайшы келіп отырды. Бұл мысалдағы назарда болатын нәрсе оба, чума деген термин сөздердің қолданылуы. Сөйлем құру, сөз қолданыста бөлек орны бар бұл ерекшеліктер қазақ тілінің ғылыми стилін қалыптастыруда үлкен рөл атқарғандығын айтпай кетуге болмайды. Әрине, бұл кезеңдерде қазақ тілінің ғылыми стилі, әсіресе ғылымның осы сөз болып отырған салаларына байланысты стилі қалыптаса қалды дей алмаймыз. Дегенмен, бұл саладағы көптеген терминдер, кейінгі шақтардағы әдебиеттер тілінен мықтап орын алған терминдік тіркестер, сөз орамдары осы шығармаларда алғаш

рет қолданыла бастайды. Сонымен бірге ғылым мен техникалық, әдебиеттер тілінің стилі тек аударма әдебиеттер негізінде әдеби тілдің жеке стилі болып толық қалыптасып кете алмайтынын, оны жеке стильдік тармақ деп тану үшін қолтума әдебиеттердің де маңызы бар екенін ескерген жөн. Сондықтан да біз бұл еңбектерге қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттер стилінің толық қалыптасуындағы алғашқы нышандары деген баға берер едік. Әйтсе де бұл үлгілерді тереңірек зерттеу қажет.

Расында да ғылымның жеке салаларындағы көптеген ұғымдар қазақ халқының әдеби тіліне осы әдебиеттер арқылы келіп сіңді. Ұғым атауларының кейде дәл болмай, кейінгі кездерде өзгергендері де бар, Мысалы: Ел ішінде бала күніңде бір *егілсе* де, сонан соң *ектірмейді* бір *еккен* болады деб ("Шешектің һәм шешек егудің жайларынан", 10-б.). "Әгерде *доктор чума* екен деб айтса, кешікпестен науқасты *балнитсаға* (ауру бағатын үй) апаруға тиіс" ("Адамның чумасы турасында", 8-9-бб.). "*Чума* – ғайри жұқбалы ауруларша "бактерия" дейтін бек ұсақ, әншейін көзге көрінбейтін үлкейтіб көрсететін *шөлмек* болмаса, құртдар пайда болады" (Сонда, 7-б.). "Ол құртдар соншама көб: мысалы бір тамшы суда бірнеше *миллион* болады, һәм соншама ұсақ: әншейін көзбен көре алмаймыз, *үлкейтіб көрсететін шөлмек* (шыны) болмаса" ("Обадан қалай сақтану", 4-б.).

Бұл келтірілген мысалдардағы *егу, доктор, чума* тәрізді сөздер термин есебінде әдеби тіліміздің берік орын алды. Сол сияқты көптеген ру аттары да дұрыс қабылданған болатын. Әрине, көпшілік атаулары халық тілінде бұрын қалыптасып қолданылып келді. Солармен бірге кейбір ауру атаулары, әсіресе бұрын қазақ ұғымында болмаған ауру мен атауы болмаса медицинаға байланысты терминдер орыс тілінен бұл кезеңдерде сол күйінде де қабылданып отырды, кейде сипаттама түрде аударылып та берілген. Оған *үлкейтіп көрсететін шыны* (шөлмек), *құрт* деген тәрізді сөздер жатады, ол *микроскоп* және *микроб* немесе *бактерия* деген атаулардың мағынасында қолданылған. *Микроб* не *бактерия* кей-кейде сипаттама тұлғада да кездесіп отырады. Мысалы, "Былғанған киімдерін қазанға су құйуб бір сағат шамасындай қайнаған суға салу, сонда *зиянды нәрселері* өледі ыстықдан" ("Афат яки холера әңгімесі", 7-8-бб.) дегендегі зиянды нәрселер де сол терминнің баламасы ретінде жұмсалған (Курсивпен берген – *Ө. А.*). Бірақ мұндай сипаттама атау да, орыс тіліндегі тұлғасын сақтап алу да бұл кітапшаларда сирек ұшырасады. Көбіне-көп *құрт* сөзі осы мағынада терминдік мәнде біршама тұрақты қолданылып отырған. Соның негізінде *құрт* сөзі бұрын қазақ тілінде болмаған я жиі кездеспейтін жаңа тіркестер құрауға да ұйтқы болады.

Медицина, биология саласындағы бұл тәрізді алғашқы кітаптардың тілінде *құрт* сөзі көбіне ауру атауларымен немесе сол жанрға тән кейбір сөздермен тіркес құрайды. Оған мына мысалдарды бере кетсек те жеткілікті. "*Оба құртдары* сумен, тамақбен адамның ішегіне түссе, әсіресе іші бұзылып жүрген, бек көбейіб адамды ауыртады" ("Обадан қалай сақтану", 7-б.). "Бір кісінің терісінің астына көзге көрінбейтін *қышыманың құрты* деген бір құрт кірсе, ол кісіге *қышыма* шығады ("Қышыманың турасында", 4-б.). "Бұл ауру бек жұқбалы дүр, аурудың *жұқбалы құрты* ауырған малдың тұла бойында болады" ("Малда болатын жұқбалы аурулардың һәм оларға қарсы ғамал қолдану хақында". 3-б.). Әрине, *оба құрттары, қышыманың құрты, чуманың құрты, жұқпалы құрт* сияқты терминдік мәні бар тіркестердің жасалуында орыс тілінің әсері бар екені айқын. Медицина, биология әдебиеттерінде орыс тілінің әсерінен туған басқа да көптеген терминдік сөз тіркестері қолданылған. Мысалы, *жұқпалы ауру, терінің жұқпалы ауруы, табиб ғылымы,* т.б. сөз орамдары орыс тіліндегі *заразная болезнь, кожная заразная болезнь,*

медицинская наука дегендердің тікелей ықпалымен туған. "*Табиб ғылымында* айтылған сөз бар: оба менен ауырған адамларның өзлері хауіпсіз деб" ("Афат яки холера әңгімесі", 4-б.). "*Қышыма* терінің *жұқпалы ауруы* ("Қышыманың турасында". 3-б.). "Сол жылдан бері тек *обадан* ең кемі 2-3 миллион адамдар өлді" ("Обадан қалай сақтану", 3-б.). "*Оба құртдары*, қатты ыссыдан һәм құрғақтықтан өледі, бірақ қандай *мықты суықтан* да өлмейді" (Сонда, 4-б.). Соңғы екі мысалдағы сын есімнен кейін тұрған анықталушы сөздің көптік жалғауын жамылып тұруы мен *мықты суық* тіркесі қазақ тілі мәдениеті тұрғысынан онша ұтымды жасалған тілдік единица емес. Алдыңғысы қазақ тілі нормасына мүлдем қайшы, соңғы тіркес мағынасы әдетте ("от сильных морозов") *қатты суық*, *я аяз* сөздерінің тіркесуі арқылы беріледі. Әсіресе бір мағынада, бірақ әр тұлғадағы параллель сөз тіркестерінің қолданылуы да бұл кітапшалар тілінен белгілі дәрежеде ұшырасып отырады. Сондайдың бірі – *ауыру* етістігінің әр септік жалғауларын, бірде көмектес, бірде шығыс тұлғаларын меңгеруі болып келеді. Ондайлар тіпті бір шығарманың өз ішінде де кездесіп отырады. Мысалы: "өзін-өзі жақсы ұстамайтын, өлшеусіз ішін бұзғандай қылыб тамақ һәм арақ ішетін адамдар *обадан* жылдам ауырады... Сол себебі ол адам *обамен* ауырғанын білмей, сау кісілермен бірге асаб, ішіб һәм жатыб тұруымен оларға жаяды" ("Обадан қалай сақтану", 5-6-бб.). "Ол аурудан ксилердің көб ауратұғыны бизге тамаша емес" ("Глазная болезнь трахома", 9-б.). "Мұндай ауру менен ауырғанның жартысы өлуде" ("Афат яки холера әңгімесі", 2- 3-бб.). "Егерде адам осындай ғаламатбен аура қалса, жылдам *доқторға* хабар беру керек... *Чумадан* ауырады – бала да, үлкен де, еркек те, һәм әйел де" ("Адамның чумасы турасында". 4-8-бб.). "Қышымадан ауырғандар қышыған жерлерін қаси-қаси қанатады" ("Қышыманың турасында". 3-бет). *Маңқадан* ауырған жылқыларның екі танауынан ірің ағады" ("Малда болатын жұқпалы аурудың һәм оларға қарсы қалай ғамал қолдану хақында", 6-7-бб.).

Бұндағы *аурумен* (обамен, қышымамен т.б.) *ауыру* деген тіркес үлгісі, сөз жоқ, орыс тілінің тікелей әсер-ықпалынан туған, орыс тіліндегі "болеть (заболеть) чем" конструкциясынан калька арқылы аударылып алынған. Бұл тіркес үлгісі қазіргі жазба тілімізде де, 20–30-жылдардағы баспасөз, әдебиеттер тілінде де көп қолданылып жүр: *гриппен ауыру, зобпен ауыру, ракпен ауыру, ревматизммен ауыру,* т.б. Бірақ осы үлгідегі меңгеріле байланысқан тіркестер жарты ғасырдан артық уақыт жазба тілімізде қолданылып келсе де, оны қазіргі әдеби тілімізде толық орнықты деуге болмайды. Өйткені оның жасандылығы бірден байқалады және бұлар бұрын тілімізде қолданылмаған үлгінің негізінде жасалған. Қазақ тілінде *ауыру* етістігі тірек болатын конструкция көбіне-көп меңгеру болып келмей, кейбір көмекші етістіктер арқылы қабыса байланысып тұратын. Қазіргі сөйлеу тілінде де *шаншу тиіп ауыру, тымау тиіп ауыру, суық тиіп ауыру, қыл тамақ болып ауыру, жөтел тиіп ауыру,* т.б. тәрізді үлгіде жиі айтылады. Бірақ қазіргі белгілі болған көптеген ауру атаулары мен ауыру сөзі сөйлеу тіліндегі бұл үлгі негізінде сол көлемде, сол шеңберде ғана тіркесе бермейді, яғни бұндай конструктивті үлгі мүмкін болатын тіркестерді толық қамти алмайды. Сондықтан да медициналық әдебиет тілінде жоғарыдағы көрсетілгендей калька тіркестер пайда болып отырады.

Ал *аурудан* (обадан, чумадан, қышымадан, маңқадан, т.б.) *ауыру* тіркесінің тұлғасы да қазақтың әдеби тілінде әдеттегі үлгі деп айтуға келмейді. Бұл жерде ол тіркес үлгісінің табиғатын дәл басу қиын, мысалы, орыс тілінен дәлме-дәл калька арқылы аударылып алынған емес. Дегенмен бұл тіркестің тууына орыс тіліндегі "болеть (заболеть) чем" конструкциясының кейбір әсер-ықпалы бар болу керек.

Ол ықпал ең алдымен айтылмыш кітапшалардың орыс тілінен аударма екендігінде болса, екіншіден, *ауыру* сөзінің орыс тіліндегі "болеть, заболеть" сияқты әрқашан белгілі бір сөзді, көбіне ауру аттарын меңгеріп тұруға ыңғайлануы болса керек. Осының үстіне бұл тіркес үлгісінің осындай тұлғада пайда болуының тағы бір көзі, яғни *ауыру* етістігінің шығыс септікті меңгеруі қазақ тіліндегі колданылып жүрген *аурудан, кеселден өлу* тәрізді байырғы тіркес үлгісінің де әсер еткенінен болу керек. *Ауыру* және *өлу* етістіктерінің синтаксистік қызметі жағынан бір ұқсас жері *өлу* де *ауыру* етістігі сияқты кейде көсемшелі сөзбен қабыса байланысады: *ауырып өлу, ауырмай өлу*. Демек, *аурудан ауыру* тіркес үлгісі *тұмау... болып (тиіп) ауыру* немесе орыс тілі әсерінен туған *аурумен ауыру* және *аурудан* (кеселден) *өлу* тәрізді екі конструкциядан контаминация арқылы жасалған деп жобалауға болады.

Бұл кезеңдерде техниканың, экономиканың кейбір саласына байланысты да бірсыдырғы еңбектер жарық көрді. Олардың кейбіреулерін көрсете кетейік: "Торгайский сельскохозяйственный обществоның уставы", Орынбор, 1903; "Инородистер школдары үчін шыққан жаңа правило", Орынбор, 1906; "Қолменен май алатын машинаны пайдаға енгізу жөні", Троицк, 1914; "Қазақ-қырғыз съезі (кн. Мусульманского бюро)", Орынбор, 1917; "Нұсқа кітаб. Зеңгір компаниясының іс тігетін мәшинелеріне", Орынбор, 1914. т.б.

Бұл шығармалардың тілінде де медицина, биологияға байланысты орыс тілінің әсер-ықпалы бір қыдыру бар екенін байқаймыз. Осы әдебиеттер негізінен, орыс тілінен аударма болғандықтан, сөйлем құрылысында стильдік кемшіліктер, әсіресе сөздердің орнын орыс тілі ыңғайында ауыстырып қолдану жиі кездесіп отырады. Бір-ақ мысал келтірейік: "Анықтай есебтейік *шотқа* салыб, *сүт машинасы* бар үйдің файдасы: бір үйдің 10 сиыры бар, һәр сиыры береді күніне 15 *қадақ* сүт" ("Қолменен май алатын машинаны файдаға енгізудің жөні, 1-б.).

Сонымен бірге машиналардың кейбір тетіктеріне байланысты, оқу-өнер істеріне, жалпы халық, шаруашылығы, экономика салаларына қатысты жаңа сөздер, терминдер қолданылып отырған. Олардың көбі-ақ орыс тілінен сол күйінде қабылданған лексемалар. Мысалы, "Публичнай, яғни һәр кімдерге болуға жарайтұғын жилысдар *советдің постановлениесі* бойынша құрылады, сол жилысдарға іске кірісмесден тек кіруб отыруға рұқсат беру *председательдің* қарамағында болады" ("Торгайский сельскохозяйственный обществоның уставы", 23-б.). "*Члендікке* язылған *кандидатдар* хақында сайлаудан бұрун болған жилысқа айту тиіс, яғни бір жилысда айтыб, екінші жилысқа сайлау тиіс" (Сонда, 11-б.). "*Школдарда дін сабақтарын* оқытуға һәм халықдың өздерінің молдаларын жәдін сабағын білетін *учительдерін* қосуға тиіс" ("Инородистер школдары үшін шыққан жаңа правилелер", 10-б.). "Ең әуелі айналушы дөңгелекті бөлу керек *машина* үстінен өзіне қараб тарту бірлан болатұғын *финті* аяқ қойуб *машинеңің* табаның ортасына" ("Нұсқа кітаб. Зеңгір компаниесінің іс тігетұғын машинелеріне", 7-б.). Мысалдарда көрсетілген орыс тілінен енген сөздердің кейбіреулері (*школ, учитель* т.б.) бұрын да жазылған текстерде кездесуі мүмкін. Бірақ ол сөздердің жүйелі қолданылуы, немесе көптеген мағыналық өзгерістерге ұшырауы осы XX ғасырдың бас кезінде жарық көрген әдебиеттер тілінен анық байқалады. Мысалы, *кандидат* сол ертеректе көбіне-көп болыс, ауылнай, старшын, т.б. сайлау істерімен ғана байланысты қолданылса, бұл жерде шаруашылық қоғамның советін сайлау, жалпы ауылшаруашылық қоғамға мүше сайлау ісінен, яғни жалпы сайлау жұмыстарымен байланысты жағдайда қолданыс тапқан. Демек, *кандидат* сөзі бұл әдебиеттер тілінде мағына кеңейтуіне ұшыраған, кең көлемде қолданылған, сонымен бірге оның басқа сөздермен тіркестілігі

артып отырады. Сол сияқты іс тігетін, май алатын машина туралы нұсқа кітаптарда сол машиналардың тетіктері толық берілген. Әсіресе машиналардың суреті салынып, олардың жеке-жеке тетіктері көбіне қазақша аталған.

Осымен қабат бірден көзге түсетін ерекшелік биология, медицинаға байланысты шығармалар тілімен салыстырғанда соңғы айтылған еңбектерде орыс тілінен енген сөздер де, тіпті орыс тіліндегі конструкциялар да аударылмай, сол күйінде қолданылған. Оған *публичный, совет, постановление, председатель, сельскохозяйственный общество, устав* чендік, *кандидат, школ, учитель, инородистер, правило, машина, винт* сияқты орыс тілі арқылы енген термин сөздер дәлел бола алады.

Кейбір сөз тіркестері де орыс тілінен сол күйінде аударылмай алынған: "*Русски кластарда первоначальни школдағы* секілді сабақтар оқылады ("Инородистер школдары үшүн шыққан жаңа правилелер", 10-б.). "*Совет обществаның* істерін басқарғанда һәм сомаларын жұмсағанда жилыс түзген тәртіб бойынша іс қылады" ("Торгайский сельскохозяйственный обществоның уставы", 16-б.). Берілген мысалдағы *русски клас, первоначальни школ* тәрізді сөз орамдарын қазақша әбден беруге болатын еді. Тіпті орыс тіліндегі *-ский, ный, -ний* қосымшалары да сол күйінде сақталған.

Ал "Айқап" журналы, "Қазақстан" газеті және одан кейінгі жылдардағы мерзімді баспасөз беттерінде "начальный", "первоначальный" дегендер *бас, бастауыш, бірінші басқыш* немесе *ыбтидаһи* сияқты сөздермен берілген. Екінші сөйлемдегі "совет общество" конструкциясы тіркес құрамындағы сөздердің орын тәртібі жағынан да қазақ тілі табиғатына мүлдем қайшы, ол "общество советі" (дұрысы *қоғам советі*, не *кеңесі*) болу керек еді.

Ғылым (мысалы, биология, медицина), техника, өнер-білім, экономиканың әр салаларына байланысты әдебиеттер тілінде жоғарыда көрсетіліп өткендей жаңа, әсіресе орыс тілі әсерінен пайда болған тілдік құбылыстармен бірге көне дәстүр сүреңдері, ортағасырлық жазба әдеби тіл дәстүрінің элементтері де көптеп кездесіп отырады. Бұлардың ісінен жоғарыда көрсетіп өткеніміздей "түрки" дәстүрі тұрғысынан "Глазная болезнь трахома... Трахома деген жаман көз ауру" атты кітапшаның тілі бөлек тұрады. Онда тек бірлі-жарым қажет жерде қосымшалардың қатаң дыбыстан басталатын варианттарының қолданбағанын есептемегенде, қазіргі қазақ тіліндегідей дыбыс үндесуі толық сақталған, көне тілдік тұлғалар кездеспейді. Ал біз талдап өткен басқа шығармалар тілінде ондай тілдік құбылыс жиі ұшырайды. Бір қызығы, олардың бәрі де араб алфавитімен жазылғандар. Демек, алфавит таңдау мен еңбектің тілдік ерекшеліктері арасында да сырттан көзге түсе бермейтін бір байланыс жатқан сияқты. Бірнеше мысал келтіре кетейік.

"Шамасы келгенше тырысуға керек үйде, *сыртқы, ішкі киімдер* де, *төсекді* һәм өте-мөте *төндерін* таза ұстарға" ("Обадан калай сақтану", 8-б.). "*Оба* һаya арқылы кісіге жұқбайды, соның үшүн обасы бар үйде болу онша хауіф емес" (Сонда, 9-б.). "Мансоң (мұнан соң – *А.Ө.*) аурудың һәм қандай жерлерде болатұғынын уа һәм қалай *бөтен тарафға* тарайтұғынын баяндайын" ("Афат яки холера әңгімесі", 3-б.). "*Шешек* шыға қалса, оны жазатын ем жоқ, өзі айығуб кетбесе оның келтіретүн зияны бұ дүр" ("Шешектің һәм шешек егудің жайларынан", 3-б.). "Бұ һәр кімге де белгілі *хұзыр*, адамнан адамға жұғуб елге жайлуб кетеді. Мұның үшүн *мұны жұқбалы* ауру деб айтады" (Сонда, 2-б.).

Бұл тәріздес мысалдар көптеп кездеседі. Осы берілген бірнеше сөйлемдердің өзінен қосымшалардың жалғану ретінде қазіргі әдеби тіліміздегідей дыбыс үндестігі

(ассимиляция) заңдылығына қайшы келетін, сол сияқты *уа, һәм, хұзыр* тәрізді араб, иран тілінен енген лексемалардың, *-арға керек, -уға керек* немесе *соның үшін, мұның үшін* үлгілерінің, *түзу* (жасау, құрау мағынасында), *дүр, -мыш* сияқты көне тіл қалдықтарының қолданылуы біршама тұрақты екенін көрсетеді.

Демек, бұл мысалдардан сол кезеңдерде қазақ тілінде жарық көрген осы іспеттес әдебиеттердің тілі бір ізді, қалыптасқан жүйелі нормада болмағандығын көреміз. Соған қарамастан қазақтың әдеби тілі стильдерінің жеке-жеке өріс алып, жанрлық-тілдік жағынан қалыптаса бастауында бұл еңбектердің орны ерекше. Осы әдебиеттер негізінде бұрын болмаған жаңа стильдердің нышаны пайда бола бастады. Қазіргі әдеби тілдегі дербес стильдік тармақтарды белгілей алатын жекелеген сөздер, терминдер, соған тән көптеген сөз тіркестері мен конструкциялардың, көбі алғаш осы әдебиеттер тілінде пайда болып, жасалып, жазба әдеби тілге сол іспеттес еңбектер арқылы еніп отырды. Бұл ретте көбіне-көп қазақ тілінде бар ежелгі ұғымның тілдік материалдары іске асып отырғандығы байқалады. Сондай-ақ қажет деген жерлерде орыс тілінен де сөз алушылық тіпті кейде термин сөз орамдарын, жеке конструкцияларды да сол күйінде тілге енгізушілік әрекеті көрініп қалады. Ол – жаңа стильдік тармақтың туа бастағанын, соған орай терминдік қордың жасала бастағанын көрсетеді.

Саяси және көркем әдебиет т.б. аудармаларының сөздерді терминдеуге қатысы

Қазақ әдеби тілінің, қоғамдық-саяси терминологиясын қалыптастыруда аударманың, оның ішінде, әсіресе саяси әдебиет немесе саяси-әлеуметтік өмірді жан-жақты суреттеуге арналған көркем әдебиет аудармаларының алатын орны айрықша зор. Мұны біз сонау жиырмасыншы, отызыншы жылдардан басталған аударма өнері, қоғамдық ғылым терминдері тарихын тексеру арқылы және ол жайында ертелі-кеш өрбітілген ғылыми ой-пікірлер[7] арқылы айқын аңғарамыз. Қоғамдық ой-сананың өрбуіне шексіз мол ықпал жасайтын мұндай әдебиеттерді қазақ тіліне аудару, шынында, сол 20-жылдарда басталған. Содан бергі жерде біздің әдеби тіл қолданыстағы қызметі ерекше неше алуан термин сөздер мен терминдік мәндегі тіркестерге толыққан екен. Сөйтіп біздің тіл ауызекі сөйлеудің, ауыз әдебиетінің, шешендік сөз сайыстырудың ғана тілі болмай, ол енді небір ғылыми тұжырымдар мен ақиқатты техникалық дәлдік пен саламандықты, мәдени мәртебе мен экономикалық сарабдалдықты тамаша насихаттай алатын барынша бай да қуатты тілге айналды. Ол бүгінде сахнада сайраған театр тілі, радио мен телевизия қажетін өтеп отырған эфир тілі, мың сан тиражбен жұртшылыққа тарап жатқан баспасөз тілі, миллиондаған оқушының жан-дүниесін сұлуландыра түскен рухани қорек болып отырған көркем әдебиет тілі. Санай берсек, ана тіліміздің, қазіргі атқарып отырған қызметінде, қуатында шек жоқ. Тіліміздің осындай дәрежеге жетіп аукымының кеңеюінде, аударма әдебиеттің алатын орны тіпті бөлек екені сөзсіз. Алайда тіл қазіргі сапаға көшкенге дейін неше қилы ізденіс жолдарынан өтіп, көп талқыға, таразыға түскені мәлім.

Сол талқы мен таразы табын марксизм-ленинизм классиктерінің туындылары аудармаларынан айқынырақ көреміз. Алдымен есте тұтарлық бір жайт мынау.

---

7. Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана (15–18 января 1958 г.) – Алма-Ата, 1960; *Сатыбалдиев Ә.* Рухани қазына. Алматы, 1965; *Сағындықов Қ.* Көсемнің асыл мұрасы В.И. Ленин еңбектерін қазақ тіліне аудару мәселелері жайында (1946–1969 жылдар). Алматы, 1970.

Шығармашылық өнердің басқа түрінен гөрі философиялық туындылар тілінің терминологиялық салмағы анағұрлым басым жатады. Өйткені мұнда ақыл-ойдың асқан үлгісі мейлінше дәл де нақты сөздермен, өзгеше мағыналық реңк жүктелген термин сөздермен сипатталып отырады. Міне, оларды сол қалпында екінші тілге жеткізіп беру оңай емес. Сөздердің терминдік сипат алуы, яғни терминденуі осы классикалық туындыларды аудару барысында байқалады.

В.И. Ленин шығармалары толық жинағының 55 томын жариялап, жұртшылыққа ұсынуға мүмкіндік жасап отырған ана тіліміздің қазіргі терминологиялық қуаты бұрын-соңды болмаған деңгейге көтеріліп отыр. Соның ішінде, әсіресе ұлы көсем туындыларының қазақ тіліне түгелімен аударылуы советтік шындықтың салтанатын танытатын аса ірі оқиға болды. Осы аудармалар арқылы қазақтың қаншама сөзі ғылыми ой-пікірді, философиялық түйін-толғамдарды, логикалық, публицистикалық өткір айтыстарды берерлік қуатқа ие болды. Мұның бәрі, әрине әлденеше арнайы зерттеуді керек ететін өте күрделі құбылыс.

Аудармалардың алғашқы үлгілерінен бастап, бүгінгі дәрежесіне дейінгі аралықта тілді терминдік мәнде пайдалана білудің сан алуан жолдары мен тәсілдері болған дедік. Оның бәрі Маркс, Энгельс, Ленин туындыларының әрбір аударма тұсында байқалып отырады. Бұлардың ішінен алдымен қазақ тіліне В.И.Ленин шығармалары аударыла бастаған екен. Сол кезде шығып тұрған газет, журналдар беттерінде көсем туындылары жайында, қайсыбірінің мазмұн-мағынасы жайында бұдан бұрын да сөз болып келген. Атап айтқанда, В.И.Ленин шығармалары қазақ тіліне 1921 жылдан бері қарай аударылған. Сол жылы, әуелі "Жастар одақтарының міндеттері" атты кітапшасы, кейін "Азық-түлік салығы туралы" (жаңа саясаттың маңызы және шарттары) деп аталатын еңбектері қазақ тілінде басылып шығады. Егер кезеңіндегі баспа мүмкіндігінің қаншалықты күйде болғанын көзге елестетіп көрсек, мұны ерлікке саятын іс деп бағалауға болар еді. Міне, содан бері қарай Ленин ілімін насихаттайтын көптеген еңбектері жарық көрді. Аудару ауқымы барған сайын кеңейе түсті.

В.И. Лениннің "Не істеу керек?", "Халық достары деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?", "Бір адым ілгері, екі адым кейін", "Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы", "Материализм және эмпириокритицизм", "Ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы", "Совет өкіметінің кезектегі міндеттері" тәрізді еңбектері соғысқа дейінгі бесжылдықтар кезінде аударылып басылған. Ал Ұлы Отан соғысынан бергі жерде, яғни 1946 жыл мен 1970 жылдар аралығында В.И.Ленин шығармаларының орыс тіліндегі төртінші басылымы аударылған болатын. Бүгінге дейін қазақ тіліне аударылған лениндік жинақ, кітап және кітапшалардың жалпы саны 408 де, жалпы тиражы 5 миллион 679 мың дана[8] болып шыққан екен.

Саяси маңызы мен рухани мәні аса зор бұл елу бес томдық еңбек қазақ халқының ұлттық мәдениет қорына қосылған үлкен байлық болып отыр. Оған тоғыз мыңға жуық іргелі теориялық еңбектер, мақалалар, баяндамалар, сөздер, хаттар, телеграммалар т.б. түрлі документтер енгізілген. Бұлардың бұрынғы басылымдарға енбеген 1000-ға тарта еңбек қазақ тіліне тұңғыш рет аударылып берілген. Сондай-ақ В.И.Лениннің 200-ден астам документі, анықтама материалдары бірінші рет енгізіліпті. Осынша зор байлықтың көзін ашып отырған қазіргі әдеби тіліміздің аударма арқылы бұрынғыдан әлдеқайда кең халықаралық сипат ала бастағанын мақтанышпен айтуға болады.

8. Лениннің идеялық мұрасы – дүниені революциялық жолмен жаңартудың сарқылмас қайнары//Социалистік Қазақстан, 1983. 20 ноябрь.

Ал Карл Маркс пен Фридрих Энгельс шығармаларынан қазақ тіліне тұңғыш аударылғаны – "Коммунистік партия манифесі". Ол алғаш 1926 жылы аударылып басылған. Содан бері бұл екі дананың да көптеген туындыларын республика жұртшылығы қазақша оқуға мүмкіндік ала бастады. Атап айтқанда, 1955–1956 жылдары К.Маркс пен Ф.Энгельстің 2 томдық таңдамалы шығармалары, ал 1963 және 1973 жылдар аралығында "Капиталдың" 3 томы қазақшаға аударылып басылды.

Марксизм-ленинизм классиктері туындыларын қазақ тіліне аударып, бастыруды ұйымдастыруда Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының коллективі зор жұмыс атқарып келеді.

Міне, осындай іргелі туындылармен қатар республика жұртшылығы "Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің" 10 томдығына, "Қазақ Совет энциклопедиясының" 12 томдығына, "Қазақ ССР тарихының" бес томдығына, сондай-ақ көптеген фольклорлық туындылар мен сан алуан салалы лексикографиялық жұмыстарға, т. т. ие болып отыр.

Халқымыздың мәдени өмірінің тарихында бұрын-соңды болмаған мұндай жетістік советтік өмір шындығының, социалистік құрылыстың артықшылығын дәлелдейтін таңғажайып табыс. Мәдени, рухани өремізді өсіре, байыта түсіп отырған жұмыстардың бәрінде де біз аударманың әсерін аңғарамыз, әсіресе, орыс тілінен аударудың ықпалын, пайдасын қатты сезінеміз. Мәдениет пен білімнің, ғылым мен техниканың өсімтал ұрығын сеуіп келе жатқан орыс тілінің ана тілдерге жасап отырған ықпалында шек жоқ. Бұл әсер, әсіресе марксизм-ленинизм классиктері туындыларын және басқа да қоғамдық-саяси мәні бар еңбектерді аударған сәтте айқынырақ сезіледі.

Революциядан бергі жерде қазақ тіліне аударылған қазынаның аумағын анықтап алудың өзіне қазір біраз еңбек сіңіруге тура келер еді. Бұл орасан зор саланы түбегейлі зерттеп, ғылыми бағасын беру болашақтың еншісіндегі дүние. Аударманың мұндай үлгілерін теориялық тұрғыдан талдап беретін әлі талай еңбек туады деп ойлаймыз. Бірақ тілдік табиғаты жан-жақты қарастырылмай, ғылыми бағасы берілмей жатқан бұл тың саланың әзірге шет жағасы ғана әңгімеленіп жүргені өкініш. Бұдан он-онбес жыл бұрын бой көрсеткен, жоғарыда сілтеме жасалған бірен-саран еңбектер[9] болмаса, қазір назар аударып, көңіл тоқтатар тұшымды дүниені таба қою қиын. Сондықтан осы объектіге қатысты кейбір мысалдарды талдамастан бұрын саяси және көркем әдебиет аудармаларын зерттейтін маман кадрлар дайындау мұқтаждығын алдымен еске сала кеткен жөн.

Жалпы қоғамдық-саяси ұғымдарды білдіретін терминдер жүйесін жасау процесінің тіпті де оңай болмағанын мынадай мысалдар дәлелдей түссе керек. Маркс пен Энгельстің жоғарыда сөз болған дана туындысы – "Коммунистік партия манифесінің" соңғы жолдары "Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!" – деген ұран сөздермен тұжырымдалатыны мәлім. Ал енді осы жолдардың дәл осылайша қалыптасып, халық түсінігіне осылайша орнығуы үшін қаншама әрекет, қаншама сұрыптау жұмысы жүргізілген десеңізші. Соның неше алуан үлгісін аударма ғылымының зерттеушілері[10] көрсеткен. Мысалы, 1919 жылы Орынбор қаласында шыққан "Ұшқын", Орда қаласында шыққан "Дұрыстық жолы" газеттерінде "Бүтін дүние бейнеткорлары, бірігіңдер", – деп алынса, сол жылдары Ташкент қаласында басылған "Низам нама" кітабында "Бірігіңіз, бүтін дүние

9. *Сатыбалдиев Ә.* Рухани қазына. Алматы, 1965. 67-б.
10. Сонда.

бейнетқорлары" делінген. Ал 1921 жылы Орынборда жарық көрген "Жастарға жаңа жол" деп аталатын кітапта: "Жер жүзінің еңбекшілері әм қорлықта болған халықтары, қосылыңдар" деген шұбалаңқы сөйлем бар. Бұл жолдардың жазылуындағы ала-құлалықтың бұдан да басқа неше түрін жинап көрсетуге болады.

Осы сөйлемде төрт сөздің төртеуі де неше алуан сүзгіден өткендігі байқалады. "Пролетарлар" терминіне жеткенге дейін бұл сөз *бейнеткешгер, бейнетқорлар, еңбекшілер, еңбекшілдер, жалшылар, пролетариаттар* болып неше құбылған. Сондай-ақ *бүтін дүние, бүкіл дүние, бүтін дүние жүзі, бүкіл дүние жүзі, жер жүзі, бүкіл жер жүзі, дүние жүзі* тіркестері сұрыптала келе "барлық елдердің түрінде тұрақталғаны белгілі. *Қосыңдар, бірігіңдер, тұтасыңдар* варианттарын айтпағанның өзінде, осы үлгілердің өзі-ақ термин сөздерді аударудың қаншалықты күрделі іс екенін танытса керек.

Марксизм-ленинизм классиктерінің, орыстың әйгілі жазушыларының шығармаларын және түрлі ғылыми әдебиеттерді, оқу құралдары мен оқулықтарды т.б. мұраларды аудару барысында қазақ тілінің сөз байлығы мен грамматикалық жүйесін сарқа пайдалану мұрат. Мұның небір үлгісін мысалға келтіруге болады. Аудару кезінде қолданылған тәсілдердің біразы мына тектес.

Термин сөз қашанда дәлме-дәлдікті қалайды. Бүгінгі тіл қолданыста кеңінен өріс алған *бәсеке, шарт, шебер, қаулы, қарар, шешім, жарыс, еңбек, Отан, табыс, мүше, бесжылдық, жалақы, көзқарас, үгіт, нұсқаушы, қызметкер, бастама, қондырма, қор, құрал, еңбеккүн, бастауыш мектеп, бастауыш партия ұйымы, денсаулық сақтау министрлігі* тәрізді жүздеген сөздер мен сөз тіркестері дәл осындай мағыналық реңкке, терминдік мәнге аударма арқылы ие болды. Бұлар тілімізде бұрыннан бар болғанмен терминденуі тым баяу жүріп жататын. Бұл сөздердің терминдік сипатқа көшуі *конкуренция, договор, мастер, постановление, резолюция, решение, соревнование, труд, Родина, Отчизна, член, достижение, пятилетка, зарплата, мировоззрение, взгляд, агитация, инструктор, работник, служащий, инициатива, надстройка, фонд, состав, трудодень, начальная школа, первичная партийная организация* тәрізді сөздер мен сөз тіркестерінің аударылуына тікелей байланысты.

Осы аздаған мысалдың өзінен-ақ бұл сөздердің терминдік мәнін беру үшін қазақ тілінің мүмкіндігі, оның заңдылығы, сөзжасам тәсілдері қаншалықты дәрежеде қолданылғаны байқалады. Мәселен мұнда байырғы қарапайым сөздер (*бәсеке, шарт, шебер, жарыс, еңбек, мүше*) орыс тілінде терминдік ұғымда қолданылған сөздердің баламасы ретінде алынған. Ал *бесжылдық, жалақы, еңбекақы, көзқарас* сөздеріне қарап, сөз біріктіру тәсілінің де аударма ісіне мол септік жасай алатынын көреміз. Сондай-ақ қосымшалар арқылы да, сөз тіркестіру арқылы да сөздер мен сөз тіркестерін терминдендіруге болатынын байқаймыз. *Нұсқаушы, бастама, қондырма, бастауыш, Денсаулық сақтау министрлігі, бастауыш мектеп* деген сөздер мен сөз тіркестері осыған дәлел. Бұлардың бәрі де аударма ісінің жануы арқылы пайда болған лексикалық байлығымыз.

Байырғы лексиканы терминдік ыңғайда қолдануға аударманың мол септігі болатынын мына сөздердің қолданыс өрісінен де байқай аламыз: *ғылым, білім, ілім, оқулық, оқу құралы, өкімет, үкімет, мемлекет, Отан, ата мекен* т.т. дегендеріңіз *наука, знание, учение, учебник, учебное пособие, власть, правительство, государство, Родина, отчизна* тәрізді орыс сөздеріне балама іздеу, солардың мағынасын дәл беру әрекетінен пайда болған терминдік қызметі айқындалып қалыптасқан лексика. Әуелде толық қанды балама ретінде қызметі сараланған бұл

сөздер қазір дәл осы қалыптасқан мағынасында қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылып дағдыланды. Яғни бұларды қазір көркем әдебиет тілінде де, саяси көпшілік әдебиетте де, баспасөз, радио, телевизия және өнер, білімнің неше алуан салаларында да кездестіре береміз. Әрине бұл сөздердің қайсыбірінің арғы түбінде кірмелік болғанмен, бергі өрісінде біздікілік пішін қалыптасқан болатын. Бірақ бұл жолы ерекше мән беріп отырған себебіміз – олардың қолданыстағы жаңа бір сатысы – терминдік өресінің ашылуына байланысты болып отыр. Міне осы тектес мысалдарды аталған салалардың кез келгенінен ойып алып ойға тірек етуге болады.

Сонда орыс тілінен саяси және көркем әдебиеттерді аудару арқылы қаншама сөздер терминденуге мүмкіндік алған және қазақ тілінің барлық сөзжасам амалдары активтендірілген деп түйін жасауға болады. Бұл процесс белгілі бір жұмыстың шағын тарауында емес, өз алдына арнайы зерттеуді керек ететіндіктен біз осы жайындағы пікірімізді өзірше осылайша шектей тұрмақпыз.

ҮШІНШІ ТАРАУ

ТЕРМИН ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

Қандай бір тілде болсын жаңа термин жасау, оның терминологиялық қорын байытып, терминологиялық жүйесін реттеудің негізгі көзі, ең алдымен сол тілдің өз сөздік құрамы, жалпы әдеби тілі, ұлттық тіл лексикасы болып саналады. Яғни терминдер де байырғы сөздер секілді тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлер негізінде жасалады. Олай болса бұлардың қатарында ұлт тіліне тән неше алуан құрылымдық типтері (түбір, туынды түбір, күрделі сөз, сөз тіркесі) молынан кездеседі.

Терминжасам процесінде ұлт тілі өз сөзжасам амалдарының дайын үлгілерін (модельдерін) алға тартса, басқа тілдерден кірме сөздерді қабылдау сәтінде де осы тәсілдерге сүйене отырып, ол өзіндік модельдерін құрайды. Мұның әрқайсысының өзіндік сипаты бар. Тілдегі болып жататын мұндай өзгеріс, өрістерді дер кезінде есепке алып, ескеріп отыру қажет.

Өзге тілде қолданылып жүрген терминдердің бәрін бірдей талғамсыз қабылдай беру қандай ретсіз болса, әмбеге ортақ лексикаға айналған халықаралық терминдерді қалайда аударып алуға тырысу тіпті қисынсыз. Осыған қарағанда, бұл өте бір терең талғамды талап ететін саналы іс-әрекет нәтижесі болуға тиіс. Термин жасау творчестволық іс. Ол үлкен жауапкершілікті қалайды.

Тіліміздің терминологиялық сапасын саралап отырғанда, біз оның сол қоғам дамуына сәйкес әр кезеңде әр алуан күйде болғанын байқадық. Жылдар бойы қалыптасып келе жатқан сөзжасам амалдары терминжасамға тікелей қатысып, олардың қайсыбірі белгілі бір кезеңде активтеніп, қайсыбірі солғын тартып, үнемі үздіксіз өзгеріске түсіп отырғаны көрінеді. Революциядан бұрынғы феодализм дәуіріне тән терминжасам үлгілері мен модельдерін таба қою әрине қиын. Тек XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген баспасөз материалдары ғана бұл жайында аздаған мәлімет беретінін бұдан бұрын айтқан болатынбыз.

Ал революциядан бергі жердегі ұлттық тіліміздің терминологиялық жүйесінің жасалуы мен қалыптасуында мән бермеуге болмайтын кезеңдік белгілер бар. Мәселен, *конфискелеу, колхоздастыру, коллективтендіру, индустрияландыру, механикаландыру, интенсивтендіру, ғарышқа қанат қағу, тың игеру, қайта құру, жеделдету,* т.т. қоғамдық іс-әрекет кезеңдерін еске түсіріп көрелікші. Бұлардың әрқайсысының тұсында терминологиялық лексикамыз өзгеше екпінмен дамып, терминдік жүйе қатары мейлінше толығып отырған. Яғни әрбір кезең өзіне тән терминдік жүйе арқылы тілде өз мөрін қалдырып отырған. Пуристік ағым жағаласып тұрған 20—30-жылдардағы *интернационализм, коммунист, паровоз, велосипед* тәрізді халықаралық терминдердің өзін *ортақшыл, қара айғыр, отарба, шайтан арба, бейбауырмалдық* сияқты аударып алу, сондай-ақ *-лы* мен *-лық* қосымшасына ретсіз, жүйесіз құмарлық (50 жылдар), араб, парсы сөздеріне емексу (20 не 60—70-жылдар) т. т. осы ойымызға дәлел бола алады. Мұның әралуан мысалы алдыңғы тарауларда әңгіме болды. Біздің ендігі сөз етпегіміз, қазақ тілі терминологиясының құрылымдық сипаты мен олардың жасалу жолдары, амалдары жайлы болмақ.

Қазақ тілінде термин жасау күрделі де қызық проблеманың қатарына жатады. Ол негізінен тіліміздегі сөзжасам процесінің аумағына енетін мәселе. Осы сөзжасам процесінде, оның ішінде терминжасам ісінде мамандардың тірек ететін негізгі

материалы ең алдымен ана тілдің өз сөз байлығы, оның негізгі сөздік құрамы дедік. Қазақ тілінің сөздік құрамы термин жасауға көптеген дайын материал беріп келеді. Бұл сарқылмайтын байлық кезі. Оның термин жасау мүмкіншілігін біз әлі түгел пайдаланып біте алғанымыз жоқ. Қазақ тілінің осындай өз ішкі мүмкіндігі терминжасам процесіне пайдасы тиер бір арнаның көзін ашып, көмектесер болса, кірме сөздерді игеру мен қабылдауда назар аудармауға болмайтын біраз қиындықтар кезігеді. Ол қиындықтар, әсіресе кірме сөздерді термин есебінде жабдықтап қабылдау кезеңінде, олардың мағыналық өрісін ашу барысында жиірек байқалады.

Баз біреулер терминжасамды бір тілдің термин сөздерін екінші тілге аудару, немесе тілдегі кез келген сөзді пайдалану деп, оп-оңай түсіндіргісі келуі де мүмкін. Бұл жаңсақ пікір. Шындығында бұл творчестволық ізденісті талап ететін мейлінше күрделі мәселе. Терминжасам сәтінде түпнұсқа терминдердің мағыналық мазмұнын терең түсініп, оған қазақ тілінен әр алуан вариантгар іздеп, соның ең дөп түсетін терминдік өзегін аршып танып, таңдап, талғап пайдалануға тура келеді. Жаңа ұғым, жаңа түсінік арқалаған терминнің дәлдік, нақтылық, біртектілік, қысқалық сипатын түгелдеп беру, соны басқа сөзбен ауыстыруға келмейтіндей күйде қолданысқа ендіру нағыз маман ретіндегі біліктілікті қажет ететін қасиет. Мұндай қабілет екінің бірінде кездесе бермейді. Сондықтан да халқымыздың қасиетті мұрасы – ана тілдің ғылыми-техникалық қабілет қарымын кеңейтіп, халықаралық сипат алуына қызмет еткен қаламгерлер, бір қарағанда жер қыртысын ақтарып асыл тас іздеген геологтар іспетті.Тіліміздің терминологиялық мүмкіндігін аша білген, сөйтіп сөз жарасымын келтірген, оның ғылыми ой-пікір өрбітерлік қабілет-қасиетін дәл тауып тиянақтаған жандар біздің мәдени тарихымызда бар екенін алдыңғы тараулардан аңғаруға болады.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында терминдік мәнге көшкен байырғы сөздердің алуан-алуан түрі молынан кездеседі. Мысалы, *тап, күрес, еңбек, жарыс, жалау, бопса, екпін (ударение), сұраным (спрос), ұсыным (предложение), сөре (старт), мәре (финиш), ізашар (предшественник), ізбасар (последователь), аударма (перевод), демалыс (отпуска), Отан (отечество), шеберлік (мастерство), сайлау, шарт (договор), тәртіп (дисциплина), бөген (водохранилище), болмыс (бытие), әкім, әкімшілік* т.б. Советтік дәуірде ғана терминдік мәнде жұмсалып қалыптасқан ғылыми ойды білдірер байырғы сөздер. Міне, бұл сияқтылар тілдің өз даму ырғағымен немесе сырт күштің әсер-ықпалынсыз өз бетімен пайда болған сөздер емес. Бұлардың жаңа мағыналары, қолданыстағы жаңа қызметі қоғам дамуының нәтижесінде, адамдардың саналы әрекетінің барысында туындаған, келе-келе дағдылы қалыпқа түскен лексикалық қабаттар.

Осыдан байқалатынындай, тіл дегеніңіз өзгеріс-өріссіз қатып, семіп қалған нәрсе емес. Ол үнемі жаңарып, толығып отырмақ. Оның құрамында жаңа сөздер, терминдер пайда болады. Бұрынғы сөздер жаңаша қызметке көшеді. Соның нәтижесінде тілдің икемділігі, байлығы, нақтылығы артады. Жаңадан жасалатын сөздер ойдан табылған жаңалық арқылы емес, тілде бұрыннан бар сөз тудыру амалдары арқылы, бастапқы үлгілер негізінде соған ұқсатып жасау арқылы пайда болады.

"Жалпы сөз жасаудың ғасырлар бойы тұрақтанған, дәуірлер сынынан өткен әлденеше жолы бар. Осы процеске тұрақты түрде қатысып отыратын негізгі элементтер – сөз, түбір (негіз) және қосымшалар. Бұлардың қатысуынсыз тілде бірде-бір сөзжасам реакциясы жүрмейді, бірде-бір жаңа сөз жасалмайды. Сонда

алдымен байқалатын нәрсе тілдің осы негізгі элементтері барлық уақытта сөзжасам процесіне актив қатыса бермейтіні, яғни бұлар дәуіріне, кезеңіне орай құбылып отыратын қоғам өміріндегі өзгерістерге сәйкестене дамиды. Тілдегі осындай құбылыстарды зерттеу арқылы біз әрбір кезеңнің өзіне тән ерекшелігін танимыз, тіл, сөз арқылы таңбаланған өзгеріс, өрістерін білеміз. Және сөзжасамның алуан-алуан түрін көреміз. Сөзжасам тұрғысынан келгенде, біз жұмыстың негізгі объектісі ретінде советтік дәуірге ерекше назар аударды қ. Өйткені қазақ халқының басынан өткен тарихи кезеңдердің, бірде-бірі тіл дамуы тұрғысынан қарағанда, социалистік құрылыспен теңдесе алмайды. Жалпы жорамал жасап қараганның өзінде (әрине көне тарихтан бері тартылатын кейбір зерттеу материалдарын есепке алғанда) жаңа сөз жасау, сөз түрлендіру, байырғы сөздерді жаңа мағынада қолдану, сөздерді біріктіру, тіркестіру, қысқарту амалдарын пайдалану жағынан да бұл кезеңнің жөні мүлде бөлек. Әсіресе терминжасамның неше түрін советтік өмір шындығы беріп отыр.

Жаңа термин жасаудың тілдерде, оның ішінде, әсіресе түркі тілдерінде қалыптасқан мынадай бірнеше жолын алдымен атап көрсетуге болады: семантикалық тәсіл, морфологиялық тәсіл, синтаксистік тәсіл және калькалау тәсілі. Аталып отырған тәсілдің бәрі де, негізінен, екі түрлі арнадан туындайды. Ол қандай арна? Біз жинап, сұрыптаған терминологиялық материал табиғаты қазақ тілі терминологиясының ең негізгі екі жолға сүйене отырып жасалғанын көрсетеді. Оның бірі – тілімізде бұрыннан бар сөздерді терминдік мәнде қолдану болса, екіншісі – жаңа терминдерді қазақ тілінің сөзжасам мүмкіндіктерін пайдалана отырып жасау. Тіл табиғатында қалыптаса бастаған терминжасамның аталмыш тәсілдерінің бәрі де осы негізгі екі бағыт шеңберінде туындаған.

Терминжасам тәсілдеріне жеке-жеке тоқталмас бұрын, ғылым тілі мен жалпы халықтық тілдің, сөзжасам процесіндегі өзара ортақ қасиеттері мен ерекшеленетін белгілерін анықтап алу қажет.

Кейбір ғалымдардың[1] атап көрсеткеніндей, жалпы халықтық тіл қорын байытып отырған тәсілдің қай-қайсысы да терминжасам процесінде өнімді қызмет атқара алады. Әңгіме тілдердің даму тарихында қанат жайған семантикалық, синтаксистік, морфологиялық амалдар туралы болып отыр. Бұл – қазақ әдеби тілінде қалыптасқан сөзжасам принциптері терминдердің жасалуында да сақталады деген сөз. Ғылым тілі негізінен осы принциптерге сүйене отырып, сонымен бірге дәлдік пен дәйектілікке негізделген жаңа сөз жасаудың өзіндік жүйесін түзеді. Мұның бәрі терминологиялық лексика талабына сай заңдылыққа лайықты жасалады.

Ғылым тілінің сөзжасам ерекшеліктерін зерттеудің маңызының өзі осы мәселелерге тікелей байланысты. Неге десеңіз терминжасам заңдылықтарын дұрыс бағалап, дұрыс түсіну арқылы біз термин қалыптастыру саласындағы күнделікті практикалық жұмыстарымызды творчестволық іс дәрежесіне көтере аламыз, термин жасау ісін белгілі бір жүйе арқылы нақты жүргізе аламыз.

Соңғы он бес-жиырма жыл барысында пайда болған жаңа терминдер және арнайы лексиканың осы саласы жайындағы пікірлер ыңғайына қарағанда, бұлар, біріншіден, жалпы әдеби тілдің ерекше қызметі бар бір тармағы (яғни ғылым тілі) болып табылатын тіл единицасы, екіншіден, ол белгілі бір объекті мен ұғымдар атауы, үшіншіден, терминде анықтағыштық (дефиниция) белгі басым болуы керек, өйткені белгілі бір ұғымның мазмұны осы анықтағыштық қасиеті арқылы

10. *Даниленко В.П.* Русская терминология. Опыт лингвистического анализа. М., 1977. С. 90.

айқындалады. Ал бұл бір ұғымды келесі бір ұғымнан айырып тану үшін және сол ұғымды арнайы бір классификациялық қатарда қарастыруға мүмкіндік жасау үшін қажет.

Сонда терминжасамның өзіне тән мынадай өзгеше белгілерін атап көрсетуге болатын тәрізді.

Жалпыға бірдей қарапайым сөздер қоғамдағы өзара қарым-қатынас қажетіне байланысты туындап және оны сол тілде сөйлейтін кез келген адам жасай алатын болса, терминдер белгілі бір кәсіп пен мамандыққа тән ұғымды білдіру үшін жасалады да, сол саланың мамандары арасында ғана қолданылады. Тіпті мұны Г.О. Винокур[2] айтқандай, күнделікті практикалық мұқтаждық тудырады, оны белгілі саладағы мамандар жасайды. Осыдан байқалатынындай, термин дегеніңізді саналы түрде қадағалап, қолдан жасап, сұрыптап отырмаса ғалымдар бірін-бірі түсінуден[3] қалуы да ықтимал. Өйткені ғылымның мазмұны оның формасымен яғни керісінше айтсақ, ғылым түрі оның мазмұнымен тікелей байланысты болмақ. Бұл ғылым мазмұны оның формасын тудырады да, соған тәуелді болады деген сөз. Алайда терминдер сол өзі пайда болған салада тұрақтанып, өзгерместей қатып қалатын категория емес. Тіл дамуына байланысты қасиет оған да тән. Бір ғылым саласының әжетіне жараған термин екінші бір ғылым саласының да мұқтажын өтеуі мүмкін. Тіпті керек десеңіз, бір кезде шектеулі шеңберде ғана болған терминдердің жалпы әдеби тіл сөздігінің құрамынан орын алып жататын да кезі жоқ емес. Бірақ ол қай ғылымның саласында да тек терминдік сапада жұмсалуға тиіс. Ең негізгі шарт осы.

Сөйтіп, терминжасам дегеніңіз қоғам мүшелерінің саналы әрекеті нәтижесінде жасалатын құбылыс. Осы тұрғыдан алып қарағанда, ол қайсыбір ғалымдардың[4] меңзейтініндей қоғам мұқтаждығына орай саналы түрде қолдан жасалатын творчестволық іс. Жалпы халықтық тілдегі көптеген сөздердің қашан, қалай пайда болғанын біле бермейміз. Ал терминдердің тіпті бүкіл бір терминдік жүйенің неге байланысты, қалай, қай мезгілде жасалғанын дәл айтып беруге болады. Бұл жағынан терминдердің ономастикалық лексикамен (кісі аттарымен) ұқсасатын жері бары да рас. *Революция, социализм, колхоз, совхоз, қызыл отау, бесжылдық, өнеркәсіп, тың жер, тыңгер, тиімділік, сапалық белгі, ғарышкер, жеделдету, бетбұрыс, қайта құру* тәрізді т.б. толып жатқан сөздер мен тіркесімдердің қашан, қандай жағдайда жасалып, терминдік мәнде жұмсала бастағанын дәл айтып бере аламыз. Термин сөздердің бұл екінші бір ерекшелігі.

Саналы әрекет арқылы жасалған терминдер қадағалап отыруға көнбіс, яғни оларды үнемі назарда ұстап бақылап отыру қажет те. Бұл әсіресе қоғамдық ой-пікірдің дұрыс сипатталуына сеп. Мұның өзі тілдің, оның ішінде терминологиялық лексиканың мемлекеттік мәні бар мәселе екенін білдірсе керек.

Қазіргі кезеңнің терминологиялық келбетін бір сәт ойша саралап өткеннің өзінде, тілді дамытудың бұл сала айрықша мол арналы кезіне айналғанын байқаймыз. Ғылым мен техниканың ел өміріне етене енуіне орай туындаған сансыз арнайы сөз легі – бұларды реттеп, сұрыптап, қалыптастырып отыру проблемасын күн тәртібіне шығарды. Екітілділік проблемасының мәні артып отырған бүгінгі Қазақстан

2. *Винокур Г.О.* О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии//Труды МИФЛИ. 1939. Т. 5. С. 24.

3. *Будагов Р.А.* Терминология и семиотика //Вестник МГУ. 1972. № 5. С. 43.

4. *Винокур Г.О.* О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии//Труды МИФЛИ. 1939. Т. 5.

жағдайында термин сөздерге деген ынта, ықылас пен мұқтаждық шеңбері бұрынғыдан әлдеқайда кемімесе, тарылған жоқ.

Термин қалыптастырудың бұрынғы кезеңдерінде бұл процесс көбіне-көп стихиялы түрде жүргізілгенін білеміз. Ол кезде атаулардың әртүрлі вариантгары, жарыспалы сөздер, көп мағыналы сөздер саны молырақ болатын. Бұлар түрлі терминологиялық сөздіктер шығару барысында сараланып келеді. Бірақ бұл салада істелетін шаруа әлі жетерлік.

Жалпыға ортақ сөздер мен терминжасам процесін салыстырып қарасақ, өзара едәуір айырмашылық бар екенін байқамау мүмкін емес. Алдыңғылар үшін сөз өндірудің бір ғана тәсілі жеткілікті болып жатса, кейінгілер үшін бұл аз, яғни терминдердің негізгі жасалу жолынан басқа атаулық мазмұны анықталуы тиіс. Мұнысыз термин толық термин бола алмайды.

Термин сөздің ішкі құрылысы ешқандай қосымша, қоспасыз, таза атаулық жүк арқалауға тиіс. Термин болуға икемделіп тұрған сөздің ішкі формасы мөлдір де таза күйге көшпесе оның терминдік мәнінің әлі қалыптасып бітпегендігі. Ал ішкі икемділік дегеніңіз кәсіби алқаға тікелей байланысты, яғни бұл мамандық иелерінің кәсіптік мұқтаждығынан (ынтызарлығынан) туындайтын терминнің ішкі мүмкіндігі. Терминнің ішкі түрін айқындауда әрине стандартты сөз біріктіру, қосымшалар тәрізді сөзжасам құралдары едәуір рөл атқаратыны даусыз. Тіпті, кейбір ғалымдар пікіріне қарағанда, сөзжасам морфемаларының қызметі жалпы әдеби тілге қарағанда терминология саласында басымырақ көрінеді.

Сөзжасамның терминологиялық акті ұғымдар классификациясына (жіктелуіне) тікелей қатысты. Өйткені термин сөз белгілі бір ұғымның атауын ғана айқындап қоймай, сонымен бірге сол ұғымның мазмұнын да білдіреді. Мысалы, *-лық, -ғы, -ым* жұрнақтарының терминжасам процесіндегі қызметін алалық. Осы қосымшалар арқылы жасалған *социалистік, кәмелеттік, қондырғы, жанарғы, басылым, қойылым* тәрізді терминдер қоғамдық ғылымдар жүйесінде бір тектес классификациялық топқа жата тұрып, әрі атаулық қызмет атқарып, әрі сол терминдердің ішкі мазмұнын да білдіріп отыр. Осы модель негізінде біз терминдердің әлденеше жүйесін жасап үлгердік. Міне, осы ұғымдар мазмұнын білдірерлік қасиет көбіне көп күрделі терминдерге, құрамдас терминдерге тән. Неге десеңіз тіркесім терминдер ұғымдық белгіні анағұрлым анығырақ, толығырақ әйгілейді. Ал жалқы сөзден тұратын терминдерде бұл қызметті сөзтудырғыш морфемалар атқарады. Міне, сондықтан термин жасайтын морфемаларды барынша ыждағаттылықпен, дәл пайдаланып отыру керек. Бұларды топ-топқа бөліп, оларды өзара іштей бірнеше үйірге жатқызып жіктеп қарастыру қажет.

Әдетте күрделі терминдер сын есім, зат есім, есімшелердің қатысуы арқылы жасалады. Бұларды таңдау оңай шаруа емес. Мұның қайсысы күрделі терминнің қандай түрін жасауға ыңғайлы дегенді барынша сұрыптап, сауаттылықпен пайдаланып отыруға тура келеді. Мұндай саралап, сұрыптау, әсіресе терминге лайықты жарыспа сөздер көп болған тұста тіпті қажет. Әсіресе бірыңғай есім сөздер үйіріндегі вариантгарды талғау, таңдай білу қажет-ақ. Бұл дамушы тілдің бәрінің басында ылғи болатын құбылыс. Ғылым мен техника тілін жасау, қалыптастыру кезеңінде мұндай жарыспалы сөздер қатары тіпті молынан кездеседі.

Сонда бұл жарыспалы сөздердің қайсысын терминденуге лайықты деп тауып, тани білуде әмбебап ереже ұсыну мүлде қиын. Әрбір ғылым саласының термин жасау практикасы нақты жағдайға орай өзіндік жолды нұсқап отыруға тиіс. Таңдауға түскелі тұрған вариантгың бәрі бірдей семантикалық келбеті жағынан тепе-тең

түсе бермейтіні ақиқат. Және олардың дәл осы жағдайға бірі ғана дөп келуі ықтимал. Міне, осы тұста әлгі вариенттардың, қайсысының семантикалық өрісі қазіргі терминденуі процесіне дәл келе алады дегенді айыруға әбден болады. Ол үшін өте бір ерекше пайым, айрықша тілтанымдық, лингвистикалық түйсік керек. Мәселен, бір кезде *қырқушы, қырқымшы, қырықтықшы; ақша қалта, күмәжнек, әмиен; жәрдем, көмек, үме, болысу, асар; әкпіш, күйенте, иінағаш; көйлек, жейде; шалбар, сым; букет, гүлгүл, гүлдесте; дача, жайлаужай, саяжай; столовой, асхана; парикмахер, шаштараз; дәріс, сабақ; әмір, бұйрық; ауа райы, климат; себет, көрзеңке, кәрзеңке; каша, ботқа, быламық, бөкпен; вокализм, дауысты дыбыстар; консонантизм, дауыссыз дыбыстар; лингвистика, тіл білімі; аффикс, жалғау, жұрнақ; парадигма, жіктеу, интонация, дауыс ырғағы; пунктуация, тыныс белгісі, орфография, емле ережесі; үтір, кіші тыныстық, кіші тыныс; нүкте, ұлы тыныс, ноқат; қос нүкте, екі нүкте, қос ноқат, екі ноқат; тұйық рай, түйық етістік, инфинитив, тұйықша; кент, қала, шәрі, шаһар; ел, халық, жұрт, жәмиғат, әлеумет, қалайық, әумет, бұхара* т.т. ғылым мен техника саласында әр кезеңде әрқилы алынып, қабаттаса қолданылып, ақырында мұның бірінің ғана терминдік сипатқа көшкен мысалдарын көптеп келтіруге болады.

Жарыспалы терминдер бұл процестің даму заңдылықтарын, қалыптасу қисынын танытады. Осының өзінен-ақ, ұғымдардың атаулық сипатын дәлірек беретін, қолданысқа ыңғайлырақ варианттар таңдалғанын байқаймыз. Орайымен алынып, орнын тапқандары термин ретінде тілімізге сіңіп, арнайы лексика қатарынан орын тепті. Ал бұл сүзгіден өтпей қалғандары басқа бір өң, реңк арқалап, келесі бір сөз саптауға дайын материал есепті өз кезегін күтіп тұр.

Терминжасам тәсілдерін талдамас бұрын, осы процеске материал беретін мынадай негізгі үш тірекке назар аудару қажет. Мұны қарапайым тілмен айтқанда, термин сөздердің жасалу көздері болып табылады: 1. Өз сөздік құрамының ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалана алатын ұлттық тіл; 2. Дайын терминдер беретін немесе калькалау тәсілін ұсынатын орыс тілі; 3. Дайын күйінде термин беретін немесе калькалау тәсіліне ерік беретін халықаралық терминдер. Халықаралық деп аталып жүрген терминдердің көпшілігі әдетте орыс тілі арқылы енген кірме сөздер. Шет тілдерінен тікелей енген терминдер мүлде аз. Тек бірен-саран ғана мысал келтіруге болады. Онда да араб, иран сөздерін ғана тілге тиек ете аламыз.

Бір кезде қазақ тілінің даму тарихында араб, парсы элементтері белең алған болса, қазіргі кезеңде тіліміздің құрамына орыс тілі арқылы индоевропа элементтері басым енуде.

Әйтседе термин жасаудың ең негізгі басты көзі ұлттық тіліміз болып отыр деп толық айта аламыз. Бұл тұста әдеби тіліміздің барлық қабаты (көркем әдебиет тілі, ауыз әдебиет тілі, фольклор тілі, тіпті диалектілер мен тілде орын тепкен түрлі ерекшеліктер) түгел іске жаратылады. Ә дегеннен-ақ қазақ зиялылары термин жасау процесіне тікелей атсалысып, ол үшін қазақ тілінің лексикалық байлығы мен грамматикалық амалдарын түгел іске жаратуға бетбұрыс жасаған болатын. Соның нәтижесінде халық тілінің сарқылмас қазынасы сарапқа түсіп, қарапайым сөздер терминдік мәнге көшті. Ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан сөзжасам тәсілдері терминжасамның негізгі тірегіне айналды. Және атап айтуға тұратын бір нәрсе, терминжасам тек ұлттық тіліміздің өз материалымен ғана шектелмей, кірме сөздер қатарын да сарқа пайдаланды.

Сонда қазақ, орыс, шет тілдерінің сөз материалдары арқылы жасалған терминдер біздің халқымыздың ұлттық байлығына қосылған мол үлес болып табылады. Әрине

бұл аталған үш арна тарихи кезеңдер болмысына орай кезектесе активтеніп отырды. Республика өмірінде өркендеп, өріс тапқан ғылым салалары мен техника тарамдарына орай бұл үш арна терминжасам процесіне әрқилы ыңғайда қатыстырылады. Бір салада ұлттық тіл материалы негізге алынса, келесі бір ғылым тармағында кірме сөздер мен калька тәсіліне көбірек иек артылады.

Түркі халықтары тіліндегі термнжасам процесіне зер салғанда, терминология жұмысында мынадай үш принцип басшылыққа алынатын тәрізді. Біріншіден, СССР халықтары тілдерінің бәріне ортақ принцип; екіншіден, қоғам мен тілдің даму ерекшеліктеріне сәйкес туындайтын әрбір тілдің өзіндік термин жасау ұлттық принципі және терминологияның жеке салаларына байланысты басшылыққа алынатын салалық принцип.

Алайда ұлттық терминологияны едәуір байыта түскен термин жасаудың бірнеше тәсілдері белгілі бола бастағанмен, бұл жөнінде мамандарымыз әлі күнге бір пікірге келе алмай жүрген сияқты. Әсіресе терминжасам амалдарын айқындауда қатып ұстайтындай қағидаға айналған келісім жоқ. Бұл термин жасау принциптерін дұрыс түсінбеуден туатын жағдай. Көбіне-көп термин қалыптастыру кездері мен термин жасау амалдарының шегін айыра алмай қателесетін тұстар да бар. Тіпті термин жасау "жолдары" мен "амалдарын" қатар қойып қарастыратын кезіміз де жоқ емес. Сондай-ақ терминжасам амалдарының мөлшері, аумағы және олардың өнімді, өнімсіз түрлерін саралауда да бірізділік, бірегейлік шамалы.

Қайсыбіреулер мұның 1) әдеби тіл сөздері мен диалектілерін терминдендіру, 2) ұлттық тіл амалдары негізінде термин жасау, 3) өзге тіл сөздерін термин ретінде қабылдау деген сияқты үш түрін бөліп қараса, екінші біреулер терминжасам амалдарының төрт түрін көрсетеді. Атап айтқанда: 1) терминдендіру, 2) қайта терминдеу (ретерминологизациялау), яғни басқа бір саланың терминдерін пайдалану, 3) термин жасау, 4) кірме сөздерге халықаралық (интернационализация) сипат беру.

Үшінші бір пікір бойынша мұның қосымшалау мен сөз біріктіру тәрізді екі-ақ амалы бар сияқты. Төртінші біреулер ұлттық тіл негізіндегі сөзжасам амалдарын ұстанады: Олар мыналар: 1) семантикалық тәсіл, 2) морфологиялық тәсіл, 3) синтаксистік тәсіл, 4) калькалау тәсілі, 5) сөз қысқарту (аббревиациялау) тәсілі.

Осы тектес жіктеулерді қарастыра келгенде, шынында да бұлардың аражігі әлі де айқындала қоймағанын байқаймыз. Басқасын былай қоя тұрып, кірме сөздер мен ұлттық тіл элементтері негізінде жасалған терминдерді құрылысы, мазмұны, жасалу жолы жағынан тепе-тең түсетін тәсілдер ретінде қарастыру көкейге қона қоймайды. Өйткені ұлттық тіл элементтері арқылы жаңа термин жасалса, кірме сөздер негізінде дайын терминдер қабылданады емес пе? Сол себепті де әр нәрсе өзінің атымен аталып, соған орай бағалануға тиіс.

Қазақ тілінің, тіпті басқа да түркі тілдерінің сөзжасам амалдары ұлттық тілде терминдендірілуге лайықты сөз болмай қалған күнде ғана немесе бар сөздердің бұл жүйеге жөні келмей тұрған жағдайда, сондай-ақ әртүрлі себептерге байланысты кірме сөздер терминдік талаптан шыға алмаған сәтте ғана жаңа термин жасауға тартылады.

Жаңа термин жасау дегеніңіз кез келген адамның еркіндегі еске түскенде айналысар ермегі емес. Ол белгілі бір мұқтаждыққа орай, белгілі бір ұғымды дәл, анық, нақты әйгілеу үшін жасалатын, әсіресе мамандар мен тілдік түйсігі ерекше жетілген зерделі жандар айналысатын творчестволық іс деп білеміз. Мұндай творчестволық жұмыспен кез келген адам айналысуға праволы, бірақ тілдің сөзжасам

амалдарын жете игермеген, оның даму көздерін дәл айырып тани алмайтын, заңдылықтарын есептемейтін "әуесқой" сөз жасағыштарға жол жоқ.

Ойымызды жинақтап келгенде айтарымыз, жалпы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде жаңа термин жасаудың белгілі бір модельдері тұрақтанған тәрізді. Сөйтіп жаңа термин нендей материалдан, қалай, қашан жасалса да ең алдымен мынадай негізге сүйенеді: қосымшалау, сөз біріктіру және сөз қысқарту (аббревиациялау). Қайсыбір тілдерде сөз жасаудың тағы бір жолы көрсетіледі. Ол сөз алдынан қосылатын жұрнақтар (*-ре, -анти, -контр* т.т.) арқылы жасалатын терминдер. Алайда сөз жасаудың бұл амалы бірен-саран кездеспесе жалғамалы тілдерге, әсіресе түркі тілдеріне тән емес. Ал көрсетілген модельдердің бұдан басқа түрлерінің бәрі бірдей бір мезгілде пайда болмағаны түсінікті. Мәселен, аббревиациялау (әріп қысқарту, буын қысқарту) қазақ тілінде тек революциядан кейін пайда болды. Алғашында номенклатуралық атауларды белгілеуге қатыстырылған бұл модель, кейін терминжасамның негізгі бір бөлшегіне айналды.

Сонымен, жоғарыда аталып өткеніндей, қазақ тілінің даму жолы терминжасамның мынадай төрт тәсілі қалыптаса бастағанын көрсетеді.

Біріншіден, ұлттық тіліміздегі қайсыбір сөздердің терминдік мәнге көшуі (бұдан былай – терминденуі), яғни мұны семантикалық тәсіл дейміз. Мұны үш түрлі ыңғайда түсіну қажет: 1) әдеби не жалпы әдеби тіл байырғы сөздерінің терминденуі, 2) диалектілердің терминденуі, 3) бір сала терминдерінің екінші салаға көшуі.

Екіншіден, сөзжасам амалдары. Мұның өзі іштей бірнеше жікке бөліп қарауды тілейді. Атап айтқанда: а) морфологиялық демесе синтетикалық (қосымшалар арқылы) тәсіл; б) синтаксистік немесе аналитикалық (сөздерді біріктіру, қосу) тәсіл; в) аббревиациялау (қысқарту) тәсілі. *Ескерту: аналитикалық тәсіл мен аббревиациялау тәсілі арқылы ұлттық тіл элементтеріне қоса, кейде кірме сөздердің қатыстырылуымен де термин жасалады.*

Үшіншіден, калькалау тәсілі. Бұл тәсіл бір қарағанда алдыңғы екі тәсілдің екі арасында аралық қызмет атқаратын тәрізді. Яғни кірме сөздер мен алдыңғы екі тәсіл мүмкіндіктері пайдаланылады. Басқаша айтар болсақ, ұғым, идея негізге алынады да, олардың жарақталуы ұлттық тіл құралдары арқылы іске асып жатады. Қысқасы, алдыңғы екі тәсіл мүмкіндігі сарқа пайдаланыла отырып, кірме терминдер дайын күйінде қабылданады. Сонда бұл жерде өзге тілден келген нәрсе терминнің мазмұндық сапасы ғана болып шығады.

Төртіншіден, өзге тілдерден дайын терминдер алу тәсілі. Кірме терминдер делініп жүрген бұл сөздер жүйесі көбіне-көп орыс тілі арқылы келген орыс және халықаралық лексика қатарына жатады.

Дайын термин ретінде, ең алдымен диалектілік ерекшеліктер мен қолданыстағы сөздердің басқа бір түрінен ұлттық тіл қатарына көшкен лексика іске жаратылуы мүмкін. Сондай-ақ, екіншіден, өзге тілдерден енген кірме сөздер болуы ықтимал. Басқаның бәрі тілде ежелден қалыптасқан дериваттар болып табылады.

Қазақ терминологиясын жасап, қалыптастыруда тікелей ролі болған осы жолдар мен амалдарды саралап келгенде көзіміз жеткен бір ақиқат мынау: Термин жасау амалдары мейлі үшеу, мейлі бесеу болсын бәрібір мұның бәрі де ең алдымен аударма арқылы, аударма жұмысының өркендеуіне орай пайда болған. Тіпті керек десеңіз, аудармаға ешбір қатысы жоқ боп көрінетін семантикалық тәсілдің алғашқы пункті арқылы жасалатын, яғни байырғы сөздер мен диалектілердің терминденуінің өзі де аударманың әсері арқылы, орыс тіліндегі үлгінің нәтижесінде туған деп

түйін жасауымызға әбден болады. Олай болса, бұл қазақ тілінде термин жасаудың ең басты жолы болуға тиіс. Өйткені тіпті аударылмай, сол күйінде алынған терминдердің өзі де керек десеңіз тәржіма талқысынан өтіп барып, аудармашылар сарабына түсіп келіп қана кірме сөзге айналады. Сөйтіп қазақ тілінде термин жасаудың барлық тәсілдері негізінен аудармаға, әсіресе орыс тілінен аударуға байланысты туған.

Осыған орай есте тұтар бір жайт мынау: Арнайы лексиканы зерттеушілердің көпшілігі термин мәселесін қарастырғанда оның түрлі жасалу жолдары мен тәсілдерін дұрыс көрсете отырып, соны қалыптастырудағы аударманың роліне тереңдей бермейтіні өкінішті. Біздіңше мұның өзіне тән сыры, қыры әлі арнайы зерттелген жоқ. Сондықтан термин туралы сөз қозғағанда оны ең алдымен аудармамен байланыстыра әңгімелеу керек. Біздің зерттеуіміздің бір мақсаты осы. Біз әлгі тәсілдердің бәрін аудармамен байланыстыра қарастырамыз.

Енді бұларды жинап, сұрыптаған тілдік материалдарды сөйлету арқылы баяндап, өз алдына жеке-жеке қарастырып көрелік.

1. **Семантикалық тәсіл**. Бұл қазақ тілінің байырғы сөздері мен ертеде енген араб, парсы сөздерінің арнайы жаңа терминологиялық мәнде жұмсалуы болып табылады. Әлгі жаңа қызмет сол байырғы сөздер мағыналарының бірінің негізінде өріс алады.

Семантикалық тәсіл дегенде, біз жоғарыда көрсетілгеніндей, ең алдымен ұлттық тіліміздің өз мүмкіндігін толығырақ пайдалануды түсінеміз. Сонда термин жасауға қатыстырылатын ішкі мүмкіндіктер дегеніміз не? Ол жалпыхалықтық немесе жалпы әдеби тіл құрамында ежелден қолданылып, мұқтажын өтеп келе жатқан байырғы сөздердің арнайы қызметіне көшуі. Немесе олардың бір мағынасының терминдік қызметке бейімделуі. Сөйтіп мұндай сөздердің әлгіндей нақты атаулық сипаты күшейе келе белгілі бір ғылым саласының өркендеп, дамуына қызмет етеді де, сол саланың арнайы лексикалық қабатын құрайды. Бұл кейде сөз мағынасының тарылу немесе кеңеюі арқылы да бола беруі ықтимал. Және бұл процесс қоғам дамуының кез келген кезеңінде емес, қарқынды даму кезеңінде ғана болатынын ескеру керек.

Ұлы Октябрь революциясынан бергі жердегі қазақ әдеби тілінің даму жолын сүзіп өткенде осындай бір тілдік өсу, өрлеудің өзгеше сапасын байқаймыз. Жалпы тіл, тілдің қай-қайсысында да мүлде жаңадан жасалған сөздер көп бола бермейді. Жаңа сөз дегенде әдетте белгілі бір сөздердің белгілі бір мағынасының актуалдығы күшеюін немесе қайсыбір мағынасының жаңаруын, сөйтіп қолданыста арнайы жаңа қызметке көшуін түсініп жүрміз. Осыған қарағанда, жаңа сөз деген түсінікті абайлап қолдану керек сияқты. Жаңа сөз дегеннен гөрі, сөздердің қызмет аясының кеңеюі, мағына жылжымалылығы, жаңаша мән жүктелуі деу дұрысырақ па деп ойлаймыз. Міне осы мағыналық өзгеріс, жаңа қолданыс дегеніміздің бәрі де өздігінен болып жататын құбылыс емес.

Бұл тәсілдің өзінің әр алуан атауы, неше қилы түрі бар. Мәселен, оны халықтық лексиканы терминдендіру деп те, лексика-семантикалық тәсіл деп те, жалпыға ортақ сөздердің терминдік мәнге көшуі деп те, ұлттық тілдің байырғы сөздерін жаңа сапада қолдану деп те, сөз мағынасын өзгерту деп те атауға болады. Семантикалық тәсіл шеңберіне кіретін ерекшелік әрине бұл айтылғандармен ғана шектелмейді. Оның бұдан да басқа зерттеушілер байқай алмай жүрген тағы басқа түрлерінің болуына шәк күмән келтірмейміз. Біз айтып отырған бұл түрлері қазақ тілі фактілері бойынша ғана анықталғандары.

Қазақ тілінің сөздік құрамында *қоғам, Отан, ошақ, орта, күрес, кеш, еңбек, жарыс, мүше, ер, батыр, шешен, жоспар, тәртіп, жоба, кеңес, мазмұн, түр, атақ, дәреже, даңқ, бұйрық, сын, тап, мәжіліс, мәслихат, оқу, өнер, білім, ғылым, мектеп* тәрізді толып жатқан сөздердің терминдік сапаға көшуін біз осы семантикалық тәсілге жатқызамыз. Келтірілген мысалдың көбі тіліміздің байырғы лексикасына жатады да, біразы әбден сіңіп, төл сөздер қатарынан орын тепкен араб, парсы кірмелері. Бұлардың терминденуі, арнайы мағыналық жүк арқалап, ғылыми ұғым құралына айналуы әр алуан ойларға жетектейді.

"Қоғам" сөзі о баста белгілі бір адамдар тіршілігінің уақытша бірлестігі, қауымдасуы мағынасында туған болса, бұл сөздің осы замандағы мағыналық шеңберінде күрделі өзгерістер болғаны мәлім. Ең алдымен қоғам сөзі терминдік нақты мәнге ие болды, атаулық мағынасы бұрынғыдан әлдеқайда кеңейді.

Өзгеше терминдік сапаға көшіп, әдеби тіліміздің нормаланған, тұрақтанған элементтерінің біріне айналған бұл сөзге "Қазақ тілі түсіндірме сөздігі" мен "Қазақ Совет энциклопедиясында" мынадай анықтама беріледі:

"1.Тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі адамдардың материалдық игіліктерді өндіру тәсілі мен өндірістік қатынастарына негізделген қарым-қатынасының жалпы жиыны. 2. Өндірістік қатынастар негізінде қауымдасқан адамдардың бірлігі, жиынтығы. 3. Ынтымақтас, ниеттес адамдардың ортақтасқан қауымы. 4. Әлеуметтік топ, орта, бір ағымдағы жұртшылық. 5. Творчестволық одақ, ерікті бірлестік, ұйым" (ҚТТС. Алматы, 1982. 6-т.). "Адамдардың материалдық және рухани өмірін диалектикалық бірлікте, өзара байланыста көрсететін философиялық ғылыми категория" (ҚСЭ. Алматы, 1975).

Семантикалық тәсіл арқылы терминдік сапаға көшкен бұл саяси терминнің қолданыстағы өзгеше өрісін жете түсіну үшін, осы сөз арқылы туындаған көптеген ғылыми терминдерді саралап шығу керек.

Осы сөздің қатысуымен жасалған терминологиялық ұғымдардың әлі де толық емес түрлері мыналар: *қоғамдық айыптаушы, қоғамдық ғылымдар академиясы, қоғамдық еңбек, қоғамдық еңбекті ұйымдастырушы, қоғамдық жиынтық өнім, қоғамдық заңдылық, қоғамдық инспектор, қоғамдық интернат, қоғамдық капитал, қоғамдық қатынастар, қоғамдық қауіпсіздік комитеті, қоғамдық қорғаушы, қоғамдық күн, қоғамдық құрылыстар, қоғамдық құтқару комитеті, қоғамдық меншік, қоғамдық өндіріс, қоғамдық өнім, қоғамдық пікір, қоғамдық сана, қоғамдық тамақтандыру, қоғамдық тұтыну қорлары, қоғамдық тұтыну құны, қоғамдық ұйымдар, қоғамдық шарт, қоғамдық экономикалық талдау бюросы, қоғамдық экономикалық формация, қоғамдық материалдық-техникалық база, қоғамдық саяси ұйым, қоғамның таза табысы, антогонистік қоғам, буржуазиялық қоғам, коммунистік қоғам, капиталистік қоғам, социалистік қоғам, феодалдық қоғам* т.б.

Сонда "қоғам" атты бір ғана сөздің терминденуі арқылы әлденеше терминдік тіркес қатары пайда болғанын көреміз. Бұдан шығатын түйін: қайсыбір сөздерді семантикалық тәсіл арқылы терминге айналдыру өзге де терминдік ұғымдар қатарының жасалып, молая түсуіне мүмкіндік ашады деген сөз.

Немесе *"Отан", "орта", "отар", "ошақ"* сөздерінің семантикалық қозғалысын алалық.

"Отанның" о бастағы мағынасы біреудің туған үйі, шаңырағы немесе ары барғанда туған ауылы дегенді ғана білдіретін. Мысалы: "Күнзия бір үйдің кенжесі еді, бір *отанның* еркесі еді" (З. Шүкіров). Бұл жолдасы адам болып, бір *отанға*

иелік етіп отыр (О. Сәрсенбаев) дегендердегі *отанның* сол әу бастағы от басы, ошақ қасындық ұғымын білдіреді.

Ал егер "Отанымыздың астанасы Москвада болған қазақ көркемөнер мен әдебиетінің екінші онкүндігі жоғары дәрежеде өтті" (Ғ. Мүсірепов) десек, біз туған ел, өскен жер, атамекен тәрізді ұлы ұғымдарды қамтимыз. Осы соңғы мағыналық қызмет осылайша терминдендіре қолданудың нәтижесінде пайда болды. Бұл сөздің мағынасының ұлғайып, қоғамдық-саяси термин сөз ретінде қолданылуына әсер еткен нәрсе "Родина" деген орыс сөзіне балама іздеуден, соны аударудың әрекетіне байланысты деп білеміз. Сөздердің семантикалық өрісін дұрыс бағдарлап, олардың потенциалдық мүмкіндігін дәл сезініп отырған маман тіл байытудың осы тектес жолдарын ашып отырады. Қазір семантикалық тәсіл арқылы пайда болған бұл сөз халқымыздың ең қасиетті ұғымын арқалап тұрған терминге айналды.

Отан сөзінің қатысуымен бұдан басқа да бір топ термин сөздер жүйесі жасалды (*отандас, отандық, ғылым, отаншылдық сезім* т. т.). "Орта", "ошақ" сөздерінің де терминге айналуынан сөзге саналы түрде ықпал жасап, оны белгілі бір мақсатқа орай бағыттаудың әсерін көреміз. Мәселен, *орта* дегенде қазақ бір нәрсенің ортасы, екі-үш адам ортасы немесе белгілі бір мөлшерге жетпеген, толмаған деген ұғымдарды түсініп келген болатын. Қоғам дамуының ерекшелігіне орай "среда" деген орыс сөзіне толық балама бола алатын атау іздеу керек болды. Осының нәтижесінде "орта" сөзі адамның туып, өскен, жұмыс істеген жері, қоршаған қауымы деген нақты да үлкен ұғымды білдіретін терминдік мәнге көшті.

Ал үстіне қазан асылу үшін шеңберленген үш аяқты темір немесе жерден қазылған шұңқыр деген нақты мағынасы бар, үй іші, семья дейтін ауыспалы мағынасы бар "ошақ" сөзі әу баста кейбір түркологтардың[5] жорамалы бойынша *от жақ* деген екі сөзден туындап, тіпті орыс тіліне де осы "очаг" түрінде еніп кеткен екен. Бұл сөздің терминденуіне де орыс тіліне енген "очаг" сөзінің кері әсері тиген бе деп ойлаймыз. Өйткені *очаг культуры, очаг болезни, очаговое явление* т.т. терминдік ұғымдар – бұл сөздің қоғамдық қызметін кеңейте түсті. Сөйтіп біз бұны да арнайы мағына арқалаған терминдік атауға айналдырып алдық.

Сондай-ақ "еңбек" сөзінің бір кездегі мағынасы бүгінгіден мүлде бөлек болатын. Қазақ көбіне-көп зейнетінен бейнеті, рақатынан азабы көп жан қинаумен күн кешуді түсінетін. Бұл сөздің әлгіндей ауыр мәнінен арылуы оған терминдік мағына телінуден. Ол социалистік еңбек мағынасында рахат табатын, атақ, даңққа жеткізетін ең абыройлы кәсіп деген жаңаша қызметке ие болды.

"Жарыс" сөзінің жағдайы да осыған ұқсас. Мұның халық түсінігіндегі байырғы мағынасы ат жарыс, жаяу жүгіріс дегенді меңзейтін болса, кейін осыған қоса барлық еңбек адамдарының атқа мінбей-ақ, жаяу жүгірмей-ақ іс, тірлік, жұмысты жандандыру арқылы өзара жолдастық бәсекеге түсу тәрізді мағыналық сапаға көшті. Міне, содан барып күнделікті тіршілікте социалистік еңбек, социалистік жарыс деген сөздер терминдік тіркес ретінде әдеби қалыптасып, сіңіп кетті.

"Күрес" сөзінің терминге айналу тарихынан да біз осы жоғарыдағы сөздер басындағыдай мағыналық өрісті байқаймыз. Екі адамның, екі балуанның белдесуін, күш сынасуын ғана білдіретін бұл ұғымның саяси терминге айналуы жұмысшы табының іс-әрекетімен тікелей байланысты. Сөйтіп ауызекі сөйлеуде екі адамның белдесуін ғана сипаттайтын бұл сөз революциялық қозғалыс құралына айналды, саяси күрес дейтін термин дәрежесіне көтерілді деп айта аламыз.

5. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966. 155-б.

"Кеш" сөзі тәуліктік бір мезгілі екені түсінікті. Мағына жаңарту, арнайы қызмет жүктеу, яғни семантикалық тәсіл арқылы терминдендіру арқылы осы сөздің басында да сапалық өзгеріс болды. Бұл енді әшейін күннің батуы немесе кешкілікті уақыт қана емес, сонымен бірге қоғамдық іс-әрекеттің бір түрін әйгілейтін (*әдеби кеш, өнер кеші* т.т.) қуатты терминге айналды. Біз енді қауымдық, тәрбиелік мәні бар тақырыптық жиындардың біразын жоғарыдағыдай "кеш" деп атайтын болдық.

Сондай-ақ *жоба, жоспар* сөздерінің табиғатынан да біз осындай жаңа мағыналық өзгерістің болғанын байқаймыз. Бұлардың о бастағы мәнін әрине бұрынғысынан әлдеқайда кеңейіп, күнделікті сөз жасату ісімізде жиі қолданылатын қоғамдық ғылымдар терминіне айналды. Бұрын, мәселен *жоба* сөзі бір нәрсенің түрі, түсі, пішіні, кескіні дегенді мегзейтін болса, қазір проект деген орыс терминінің мағынасын толық беретін күйге көшті. Мысалы мына сөйлемге назар аударалық: Еревандағы Таманяннның *жобасы* бойынша жасалған Ленин алаңына Үкімет үйі, опера және балет театры т.с.с. бірнеше сәнді үйлер орналасқан (І. Омаров, Серпін).

Ал әуелде жеке адамның іс-әрекетінде өте сирек кездесетін *жоспар* сөзі план терминінің баламасы ретінде пайда болып, тілімізде әбден орнығып алды. Қазір қоғам өмірінің қай саласында да бұл сөздің қатынаспайтын жері жоқ. Жоспар өміріміздің жарқын бір белгісін білдіретін қуатты сөздің біріне айналды. Социалистік өміріміздің бүкіл мәні жоспарлы жұмысқа байланысты өрбіп отырған бүгінгі заманымызда бұл терминнің семантикасындағы мағыналық өзгерісі мен өрісі дөп аршылып, пайдаланылған деп білеміз.

Терминологиялық сапаға көшкен көптеген сөздерді саралай отырып, олардың қатарында ауыз әдебиеті үлгілерінен де алынған материал аз емес екенін байқаймыз. Әсіресе халық тұрмысына, айналысқан кәсібіне, қоршаған ортасына байланысты сөздер, неше алуан өсімдік атаулары термин жасаудың бай көзі болып саналады. Термин жасау тіпті де оңай шаруа емес. Неше алуан жарыспалы сөздер арасынан оның біріне ғана тоқтау, немесе терминденуге кандидат ретінде алынған сөздің бастапқы мағынасын өзгертіп, кеңейтіп не тарылтып алу үшін талғам керек.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ тіліндегі "көсем" (вождь) сөзінің терминдену тарихы тіпті қызық. Бір қарағанда, бұл сөздің қазіргідей ұлы сапаға көшуге ыңғайы болмаған да сияқты. Қазақ "сөйлей-сөйлей шешен боласың, көре-көре көсем боласың" деп отырып, *көсем ешкі, көсем ат,* тіпті *көсем ағаш* деген ұғымдарды да кеңінен қолданған ғой. Ал "вождь" терминінің мәнін берерлік талай сөз сарапқа түскені мәлім. *Басшы, жетекші* т.т. дегендерден гөрі "көсем" сөзінің дөп түскені соншама, қазір мұның тағы басқа варианты бар ма екен деп бас қатырып жатпаймыз. Осыған қарағанда халықтың ауыз әдебиеті мен фольклорында терминдік өріс тілеп тұрған қаншама сөздер барын әсте естен шығармауға тиіспіз.

Мұның бәрі тіліміздің сөзжасам заңдылықтарын дұрыс қолданудың нәтижесінде пайда болып отыр. Әсіресе байырғы сөздеріміздің, диалектілерді терминдендіру нәтижесінде тіліміздің қоғамдық қызметі күшейе түскен тәрізді. Ендеше терминжасам ісінде семантикалық тәсілдің мүмкіндігі мол екенін, оның термин қалыптастырудағы активтілігін баса айтқанымыз жөн.

Бұл тәсіл әсіресе ғылым тілі үшін өте пайдалы, мұны пайдалану арқылы осы тәсілмен термин жасаудың бар мүмкіндігі, ең басты талабы қанағаттандырылады. Бір қызығы, осы тәсіл арқылы терминденген сөздер өзінің бастапқы мағынасынан ада-күде күдер үзіп кетпейді. Олардың терминдік сапада жұмсалмайтын мағынасы

да тілдің басқа бір қабатында, арналарында қолданыла береді. Яғни бұлар көп мағыналы болса, сол көп мағыналылығынан, тар не кең мағыналы қалыпта болса, сол кең не тар мағынасынан мүлде қол үзіп кетпейді. Тілдің қолданыс мүмкіндігі қай сөздің болсын бар ішкі мән-мазмұнын сарқа пайдалануға мүмкіндік жасап отырады. Мысалы *өркен* сөзін алайық. Бұл қауын пәлегінің *өркен жаюы* деген ұғымды білдіретін сөз. Сонымен бірге бұл кейінгі *өркен, жас қауым, болашақ ұрпақ* деген мағына арқалаған термин. Сондай-ақ *күрес, жарыс, отан,* т.б. сөздер жайында да осыны айтуға болады.

Негізінен семантикалық тәсіл терминологиялық жүйені жасаудың алғашқы кезеңіне тән. Неге десеңіз ғылым мен техниканың қанат жайған қазіргі жағдайға терминжасамның басқа сөз тіркесін, сөз біріктіру, қосымшалы түрлері белең ала бастағанын дәлелдейтін дерек көп. Соған қарамастан семантикалық тәсіл өзінің термин жасаудағы өнімділік қасиетінен тежелген жоқ.

Есте тұтарлық тағы бір мынадай жайт бар. Терминжасамның алғашқы кезеңінде жалпы әдеби тіл құрамындағы сөздер мен терминдердің аражігі айқын аңғарыла бермейтін. Бұл терминдердің кәдімгі сөздерден онша алшақ кете алмай жатқандығын танытатын құбылыс еді. Ал қазіргі кезеңге жақындаған сайын терминдердің терминдік қасиеті барынша айқындалып, олардың қатары молайып, құрамы мен құрылысы жетілдіріле түскенін байқаймыз. Мұны біз әсіресе қоғамдық ғылымдар, жалпы ғылым мен техника терминологиясының қалыптасу барысынан аңғарамыз.

Терминжасамның семантикалық тәсілі жалпы әдеби тілдің семантикалық сөзжасам тәсілінен едәуір ерекшеленетінін есте тұтқан жөн. Ол қандай ерекшелік? Жалпы әдеби тілдегі бұл процесс ұзақ мерзімнің, яғни эволюциялық дамудың салдарын танытады, ал терминжасамдағы семантикалық тәсіл керісінше тіл дамуындағы өзгеше бір даму екпінінің нәтижесі ретінде туған. Терминологиялық сөзжасам тілдің даму заңдылығына тән ұзақ мерзімді күтіп жатпай-ақ байырғы сөздерді жедел қарқынмен арнайы мақсатқа бейімдеп, терминдендіруге шұғыл түрде мүмкіндік жасады. Соның нәтижесінде терминге айналған әлгі сөздердің семантикалық жағынан ғана өзгеріске түсіп қоймай, грамматикалық және лексикалық пішінін де құбылтып алады.

Сонымен, семантикалық тәсіл терминжасамның негізгі тәсілдерінің бірі ретінде терминологиялық лексика қабатының толыға, байи түсуіне үлкен септік жасайтын негізгі амалдың бірі болып табылады. Мұның тағы бір атап айтылуға тиісті ерекшелігі сол арқылы жасалған терминдер терминжасамның өзге амалдарына қарағанда әрі қысқа, әрі нұсқа болып шығатыны. Сондықтан да терминжасам процесінде бұл тәсілді үнемі сарқа пайдаланып отыру қажет.

2. Терминжасамның ең басты екінші тәсілінің өзі жоғарыда ескерткеніміздей бірнеше топқа бөлінеді. Мұның өзін іштей ең басты үш бөлікке бөліп, әрқайсысын жеке-жеке тәсіл есебінде әңгімелеуге де болады. Солай етіп жүргендер де бар. Ол біріншіден, морфологиялық немесе синтетикалық (қосымша жалғау) тәсіл; екіншіден, синтаксистік немесе аналитикалық (сөз біріктіру, қосу) тәсіл; үшіншіден аббревиациялау (сөз, буын, дыбыс қысқарту) тәсілі. Мұны қарапайым тілмен айтсақ, қосымшалау тәсілі, біріктіру тәсілі, қысқарту тәсілі деп алар едік. Ендігі әңгіме осы жүйемен жалғастырылады.

а) Морфологиялық немесе синтетикалық тәсіл дегенде қазақ тілінің сөз жасауға, сөз түрлендіруге қатыстырылатын қосымшаларының термин жасаудағы ролі жайында болмақ.

Сөзжасамның бұл тәсілі барлық тілдерде бірдей болып көрінгенмен, қазақ тілінің сөз тудыру моделінде өзіне тән сыр, сипат бар. Мұны біз терминжасамға қатысы жағынан саралап қараймыз.

Жалпы қазақ тілінің сөзжасамға қатыстырылатын қосымшалары туралы әңгіме қозғалғанда, мамандар[6] *-шы/-ші, -лық/-лік, -шылық/-шілік, -ма/-ме, -ыс/-іс/-с, -ым/-ім/-м, -ыл/-іл/-л, -қы/-кі/-к, -у* қосымшаларын өнімділер қатарына қосып жүргенін ескеру керек.

Алайда бұл қосымшалардың терминжасамдағы өнімділігі үнемі бір деңгейде емес екені де түсінікті болар. Терминдік материалды сұрыптағанда, әсіресе қоғамдық ғылымдар терминологиясын сарапқа салғанда бұлардың терминжасам процесіндегі қызметі әрбір кезеңге орай және ғылым мен техниканың даму деңгейіне байланысты құбылып отыратынын көреміз. Өнімсіздеу немесе өнімділігі орташалау деп танылып келген кейбір жалғаулардың *(-ым/-ім/-м, -ыс/-іс/-с, -қы/-кі/-к, -қыш/-кіш, -уыш/уіш, -кер/-гер)* қоғам дамуының сипатына сәйкес ерекше активтілік танытатынын көптеген мысалдар дәлелденді.

Тілде бұрыннан қалыптасқан сөз жасау модельдерінің, ізімен жасалатын бұл тәсілі де терминжасамның ең өнімді амалдарының қатарына жатады. Бұл да тіл байытудың бір көзіне айналды. Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған лексиканы былай қойып, терминдердің өзін есептер болсақ, оның санын анықтау қазір қиынға түсер еді. Термин жасауға қатыстырылатын қосымшалар тек ұлттық тіл лексикасына ғана жалғанумен шектелмейді, олар халықаралық сөздерге де, советизмдерге де, орыс тілінен енген кірме сөздерге де жалғана береді (*автомат+тандыру, индустрия+ландыру, электр+лендіру, коллектив+тендіру, министр+лік, колхоз+шы, стаханов+шы* т.б.). Зат не мамандық атаулары, бір нәрсенің ерекше белгілерін атау мақсатында қазақ тілінің кейбір жалғаулары термин жасаудың тұрақты элементіне айналды десек те болады.

Терминнің дәл болуы негіз бен қосымшаның үйлесуіне тікелей байланысты. Осы екеуі жымдаса келе терминдік мәнге көшеді. Сондай атауларды жасауда қазақ тілінің *-шы, -ші* қосымшалары арқылы мынадай терминжасам моделі қалыптаса бастағанын көреміз. Мұның өзін бірнеше үйірге бөліп қарауға болар еді.

Біріншіден, *-шы, -ші* жұрнағының негізгі түбірге қосылуы арқылы жасалған терминдер *тіл+ші, үгіт+ші, шол+у+шы, хабар+шы, тәрбие+ші, күзет+ші, жазу+шы, ән+ші, берсиев+ші, жасақ+шы, мысал+шы, дүкен+ші, әмір+ші, кеңес+ші, есеп+ші, сақ+шы, еңбек+ші* тәрізді қазақтың төл сөздеріне жалғанып жасалғандар бір төбе де, *трактор+шы, бетон+шы, спорт+ шы, коньки+ші, футбол+шы, архив+шы* сияқты кірме сөздерге жалғану арқылы жасалған сөздер бір төбе.

-Шы/-ші қосымшасы туынды түбірлерге де, біріккен сөздерге де, тіпті тіркесім сөздерге де жалғана береді. Осы жолмен жасалған терминдер тіпті көп. Өнеркәсіп-*ші*, құс өсіру-*ші*, үздік оқу-*шы*, заң шығару-*шы*, жер өлшеу-*ші*, жылнама-*шы*, атқос-*шы*, негізін салу-*шы*, қолбас-*шы*, қолқабыс-*шы*, өндіру-*ші*, қол өнер-*ші*, фото тіл-*ші* тәрізді терминдер қазір әдеби тіліміздің сөздік қорынан тұрақты орын тепті.

Сонда байқап отырсақ, бұл қосымша жалғанған сөзіне екі түрлі мағына телиді екен. Бірі – белгілі бір мамандық немесе кәсіп иесі (*тілші, жазушы, тәрбиеші*) дегенді, екіншісі – қоғамдағы белгілі бір ағымды қолдаушы, оны жақтаушы (*стахановшы, динамошы, мичуринші*) дегенді мегзейді.

О бастан өнімді жұрнақтың бірінен саналатын бұл қосымша тек байырғы қазақ түбірлеріне ғана жалғанып қоймай, көптеген кірме сөздерге де *(скрипкашы, арматуршы, тракторшы*) жалғанып, термин тудырудың аса бір өнімді көзіне айналды.

---

6. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология, Алматы, 1964.

Революциядан бұрын *жолаушы, қайыршы, теміршi, өтірікші, үйші, емші, сатушы* сияқты бірен-саран сөздер құрамында ғана кездесетін бұл қосымшаның сөзжасамдық қызметі, әсіресе Ұлы Октябрь революциясынан былайғы жерде тіпті күшейе бастайды. Мысалы, 20-жылдардағы баспасөз материалдары[7] мұны айқын аңғарта алады. *Кітапханашы, тілші, нұсқаушы, бақылаушы, еңбекші, кәсіпші* деген сөздер осыған дәлел.

30-жылдары *-шы/-ші* қосымшасы кірме сөздерге жалғанып, терминологиялық лексиканың қарасын көбейте түсті, дегенмен *капиталшы* (капиталист), *оппортуншы* (оппортунист), *пайдашы* (отходник) сияқты мысалдар терминжасам принциптерінің әлі де принципті негізде жолға қойыла алмағанын байқатады.

Ал, 40–50-жылдары осы жұрнақ арқылы жасалған *монтажшы, сәулетші, сайлаушы, заводшы, басқыншы, егінші, нұсқаушы, зерттеуші, басшы, балташы* (плотник), *қырғыншы* (погромник), *тұтынушы* тәрізді терминдік жүйе қатарын молайтты. 70–80-жылдары бұл қосымшаның өнімділігі тіпті күшейе түсті (*жүргізуші* – ведущий; *хабаршы* – вестник; вкладшы, *өктемші* – властелин; *газетші, іс жүргізуші* – делопроизводитель; *жаншы, шапқыншы* – завоеватель, *басқыншы* – захватчик; *сайлаушы* – избиратель; *хабаршы* – информатор; *орманшы* – лесник т. т.).

-шы/-ші жұрнағы көбіне-көп орыстың *-ист, -ец, -ун, -тель, -щик, -ник, -ик, -чик, -атор* қосымшаларының жалғануымен жасалған сөздерді аударуға келгенде тіпті өнімділік танытып жүр. Сонда бұл жалғаудың әлгіндей қосымшалармен келетін сөздерден термин жасауға мамандана бастағанын байқаймыз. Аудармашылар мұның осындай жүйелі қызметін аңғарып отырса құба-құп.

Кейбір ғалымдар[8] *-шы/-ші* қосымшасының мағынасы көмескілене бастаған сөздерге де қосылып жаңа сөз жасайтынын көрсетеді. Мыс: ұрға+*шы*, "самка" дегендегі "Ұрғаның" түпкі мағынасын проф. Қ.Жұбанов "ұрық" сөзінен шығарады. Сонда жоғарыдағы модельдерден байқайтынымыздай, бұл жұрнақ арқылы етістерден жасалатын терминнің бәрі бірдей мамандық пен кәсіпті көрсетіп қоймайды екен, сонымен бірге түбір сөздің бастапқы мағынасын да мегзейді. Мысалы, *оқу-шы* (ученик) сөзі мектеп оқушысы ғана емес, ол нақты кітап не газет оқып отырған адам деген ұғымды да мегзейді. Ал бізге керегі мұның алдыңғы терминдік мағынасы *тоқушы* (ткач), *алушы* (покупатель), *жазушы* да дәл осындай.

Бұл қосымшаның сөзжасамдық аясы тек ұлттық тіліміздің байырғы сөздерімен ғана шектеліп қоймайды. Ол кірме сөздердің де көбіне жалғанып, терминдік модель жасайды. Терминнен термин тудырады. Мәселен, *комбайн, трактор, колхоз, совхоз, шахмат, скрипка, пианино* сияқты мамандықты, ұйым атын білдіретін көптеген кірме сөздерге жалғана отырып, сол мамандық иелері деген мағыналық мәні басқаша терминдер жасайды.

Термин жасауда *-лық/-лік* жалғауының қызметі де ерекше. Ол да терминдік мәнге икемделіп тұрған таза қазақы сөздерге қоса, кірме сөздерге де еркін жалғанып, термин жасаудың өнімді бір түріне айналды. Алайда бұл жұрнақтың термин жасауға қатысы үнемі біркелкі болған жоқ.

30-жылдары бұл жұрнақтың жалғануы арқылы жасалған сөздердің біразы қазір уақыт сынына жауап бере алмай, термин ретіндегі мәнінен айрылып, қолданыстан шығып қалды. *Затшылдық* (материализм), *төтелік* (последовательность), *тегістік, жеңістік* (победа), *құралық* (календарь), *кеңесшілдік* (бюрократизм), *екпінділік* (ударничество) т.т. сөздер сол алғашқы әрекеттер белгісі болып қалды.

7. *Исаев С.* Язык периодической печати 1920-х годов. Автореф. дис... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1966.

8. *Жубанов Х.* Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966. С. 64.

Терминжасам процесінің үнемі сұрыпталып, жетілдіріліп отыруының нәтижесінде бұл сияқты термин сөздер не сол халықаралық мәнін сақтап, сол қалпы, не дәл терминдік мәнін айқындайтын қазақ сөздерімен алмастырылып (материализм, коллективизм, бюрократизм, календарь, жеңіс, бірізділік, кеңістік т.т.) беріліп отырды.

Ол жылдары осы жұрнақ арқылы қатыстық сын есімнен де термин көп жасалған, *әскерлік қызмет* (воинская служба), *техникалық оқымысты* (технический кадр), *саясаттық сектор* (политический сектор), *социалдық қоғам* (социалистическое общество). Осыдан кейін бұл қосымшаға құмарлық сәл саябырлай бастайды да 50–70-жылдары бұған шамадан тыс әуестік қайта қозғаны көрінеді. *Дәндік жүгері* – "кукурузное зерно", *ақындық есім* – "имя поэта", *шопандық тіршілік* – "жизнь чабана", *паспорттық бланкі* – "паспортный бланк" т.т. мысалдар осындай құмарлық сарынның салқыны. Алайда бұл жалғаудың сөзжасамдық сипатын, оның ішінде әсіресе терминжасам процесінде (әрине ретімен пайдалана білсе) сөз түрлендіргіш өнімді көмекші бола алатынын көптеген мысалдар нақты дәлелдейді. Мысалы, *заңдылық* (законность), *заңсыздық* (беззаконие), *оқулық* (учебник), *мамандық* (специальность), *бесжылдық* (пятилетка), *сенбілік* (субботник), *орталық* (центр), *республикалық* (республиканский), *философиялық* (философический), *адамгершілік* (гуманизм) т.т. қазіргі қазақ әдеби тілінің сөздік құрамынан мықтап орын тепкен, бұларсыз ғылыми ой-пікірді өрбітуге болмайтын терминдер жүйесін атап айтуға болады. Сөйтіп бұл жұрнақтың да сөзжасамдық, оның ішінде әсіресе терминжасамдық мүмкіншілігі сарқылып біткен жоқ, қайта, қаншама ұғым, түсініктің айқындала нақтылана түсуіне сеп болды, оның нәтижесінде тамаша терминдер келді өмірге. Тек әңгіме мұны көзін тауып, сауаттылықпен қолдана білуде.

Қазақ тілінің сөз тудырғыш қосымшаларын зерттеушілердің, біразы[9] ең өнімді қосымша деп осы сөз болған *-шы/-ші, -лық/-лік* жалғауларын айтып жүр.

Біз өнімділігі жоғары қосымшалар қатарына кейінгі кезеңдерде терминжасам процесінде актив мінез танытып жүрген *-ма/-ме, -ым/-ім/-м, -ыс/-іс/-с, -қы/-кі/-к* жалғауларын да қосар едік. Соңғы екі онжылдық деңгейінде Мемтерминком тарапынан жолдама алып қолданысқа енген термин сөздерді еске алсақ және мерзімді баспасөз материалдарын қарап отырсақ, осы аталып отырған қосымшалардың, әсіресе терминжасамдық қабілеті ашыла, айқындала түскен тәрізді. Мысалы, *бастырма, қондырма, үйірме, құрама, мінбе, мінездеме, балама, жазба, баспа, қолтаңба; қырқым, ашылым* (открытие), *басылым* (издание), *жазылым* (подписка), *қойылым* (постановка), *сұраныс, көрініс, ұғыныс, тексеріс, отырыс, ұсыныс, табыс; басытқы* (закуска), *құрылғы* (устройство), *жылытқы* (грелка), *қондырғы* (установка) т.т. тіліміздің терминдену мүмкіншілігінің шексіз екенін байқатады.

Мұның түбір не туынды, немесе біріккен сөз түріндегі модельдерін көрсетуге болады, яғни бұл қосымша төл сөзіміздің түр-түріне жалғана беретіні сияқты кірме сөздерді де таңдап, талғап жатпайды. Таңдау тек терминденуге бейім сөздер жайында, яки заттануға ыңғай білдіретін сөздер жайында болуы мүмкін.

-шыл/-шіл. Бұл жұрнақ арқылы әу баста адамдадың ерекше әрекеті мен ерсі қылықтарын, бір нәрсеге тым әуестілігін, бейімдігін білдіретін *өзім-шіл, ұйқы-*

9. *Ысқақов А.* Қазақ тілінде кейбір жұрнақтардың қолданылу аясы мен қызметінің кеңеюі жайында //Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы, 1972; *Бейсембаева З.* Нормализация словообразующих аффиксов имен существительных в современном казахском литературном языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1982.

шыл, сәлем-шіл, уайым-шыл тәрізді сөздер жасалатын. Ал *ленин-шіл, қоғам-шыл, көп-шіл, өлең-шіл* дегендер аталмыш жұрнақтың сөз тудырғыш қызметіндегі аздаған мағыналық өзгерісті байқатады. Бұл терминдер мұраттылдық мән арқалап, қоғамдық сипат алды.

Бір қарағанда, мұның *-шы/-ші* жұрнағымен мәндес болып көрінуі де ықтимал. Алайда бұлардың сөзжасам қабілеті мен қызмет аясы бірдей емес. *-Шыл/-шіл* көбіне-көп есім сөздерге жалғанып, есім (сын есім) жасайды. Ал терминжасам процесіне *-шы/-ші* тәрізді актив қатыса бермейді. Термин жасауға қатысының шектеулілігімен *-шыл/-шіл* жұрнағы кейде екінші қатарда тұрды. Ал *-шы/-ші* жұрнағы жоғарыда ескерткеніміздей, есім түбірлер мен етістіктің туынды түбірлеріне жалғанып, адамның кәсібін, мамандығын, әлеуметтік жай-күйін білдіретін зат есім жасайды[10]. Терминжасамда да мұның осы қасиеті басты роль атқарады.

Абстракциялы, дерексіз ұғымды білдіруге бейім *-шылық/-шілік*, жұрнағының да термин жасауда едәуір қызметі бар. Оның құрамы күрделі екі бөліктен тұрады. (*-шы-лық, -ші-лік*). *Адамгершілік, айырмашылық, кеңшілік, көзбояушылық, әкімшілік, жауапкершілік, тоқшылық, жұртшылық* тәрізділер болмаса, бұлар термин жасау мүмкіншілігі жағынан өнімділігі орташа қосымшалар қатарында аталып жүр.

Терминжасам қабілеті жағынан дәл осы қатарға, басқаша айтқанда өнімділігі орташа қосымшалар тобына *-қыш/-кіш, -кер/-гер, -ма/-ме, -ыс/-іс, -ым/-ім/-м* жұрнақтары жатқызылады. Бірақ бұлардың өзін де бір қатарға қойып, тепе-теңдік дәрежесінде сөз етуге болмайды. Бұлар да ғылым мен техникалық даму деңгейіне сәйкес туған талапқа орай құбылып отырады. Мыс: *-қыш/-кіш* арқылы *адымдағыш машина* (шагающая машина), *айықтырғыш* (вытрезвитель), *бүріккіш* (опрыскиватель), *дән тазалағыш* (зерноочиститель), *кеспекескіш* (лапшарез), *қаржыртқыш* (снегопах), *мұздатқыш* (морозильник), *өнертапқыш* (изобретатель) т.б.; *-кер/ -гер* арқылы *азаткер* (освободитель), *айтыскер* (мастер айтыса), *ардагер* (ветеран), *атомгер (*атомщик), *баспагер* (издатель), *ғарышкер* (космонавт), *жалаугер* (флагман), *жауынгер* (боец), *жеңіскер* (чемпион), *иегер* (кавалер ордена), *майдангер* (фронтовик), *мақсаткер* (целеустремленность), *мердігерлік* (подряд), *сәулеткер* (зодчии), *тәлімгер* (наставник), *үміткер* (претендент), т. б.; *-ма/-ме* арқылы *ақжайма* (простыня), *анықтамалық* (справочник), *аралатпа сауда* (передвижная торговля), *бастырма* (аппликация), *жазба* (письменный памятник), *сөзтізбе* (словник), *суреттеме* (зарисовка), *топтама* (серия, цикл), *түсініктеме* (комментарий), *тікпе* (подшивка), *ықтырма* (кулисы) т.б. -ыс/-іс арқылы *жазылыс* (подписка), *өнертабыс* (изобретение), *сұраныс* (спрос), *жүріс* (движение) т.б.; *-ым/-ім/-м* арқылы *ашылым* (открытие), *басылым* (издание), *қайтарым* (отдача), *қойылым* (постановка), *рәсім* (церемония), *тыйым* (запрет, табу), *шығарылым* (выпуск) т.б. толып жатқан терминдік қолданыстар соңғы 15-20 жылдың барысында пайда болды. Әрине, бұлардың бәрі бірдей дау туғызбайтын термин ретінде қолданысқа еніп, тілімізге сіңіп бітті деп айта алмаймыз. Бұл жерде біз қазақ тілінің сөзжасам амалдарының, әсіресе қосымшаларды әр алуан тілдік қозғалысқа салатын морфологиялық тәсілдің термин жасауға актив қатыстырылып отырғанына назар аударғымыз келді. Бұдан байқалатын тағы бір жайт қосымшалардың, тіпті белгілі бір кезеңдердегі сөз жасаудағы, сөз түрлендірудегі өнімділік сапасы төмен деп бағаланып жүрген жұрнақтардың өзінің терминжасамдық мүмкіншілігі мол екені.

---

10. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. Алматы, 1967. 1-кітап. 46-б.

Бір кезде сөзжасамдық қабілеті шектеулі қосымшалар қатарына ығыстырылған *-дама/-деме, -нама/-наме, -лас/-лес, -дас/-дес, -ман/-мен* тәрізді морфемалардың қосылуы арқылы жасалған *аялдама* (остановка), *бейімдеме* (приспособление), *ғарышнама* (космология), *дәйектеме* (обоснование), *дәуірнама* (эпопея), *есімнама* (персоналий), *жариялама* (объявление), *жолдама* (путевка), *жоспарлама* (планерка), *жүктеме* (нагрузка), *жылнама* (летопись), *кепілдеме* (рекомендация), *кескіндеме* (живопись), *лездеме* (летучка), *мағлұматнама* (справочник), *мадақнама* (грамота), *өмірнама* (биография), *сапарнама* (путевые записки), *топтама* (серия, цикл), *түсініктеме* (комментарий), *оқырман* (читатель), *көрермен* (зритель) сияқты сөздер бұлардың да көзін тауып, қаузап қолдана білсе, терминжасам мүмкіншілігі мол екені байқалады.

Бірақ өнімділігі орташа делінетін алдыңғылардың да, өнімділігі тіпті төмен аталатын бұлардың да мүмкіндігін пайдаланып жүрген терминологтар кейде қалыптасқан термин жасау принципін ескере бермейтін сияқты. Ол принцип бойынша барлық халықтарда ортақ халықаралық терминдерді негізінен сол күйінде қабылдау дәстүрі біршама қалыптасып қалғаны мәлім. Осының нәтижесінде ана тіліміздің халықаралық сипаты мен қоғамдық саяси, ғылыми-техникалық көркемдік сапасы күрделі де жоғары түсінік, пайымның қандайын болса да білдіре аларлық дәрежеге көтеріліп, қолданыс аясы мүлде кеңейе түсті емес пе! Бұл әрине, терминжасам процесіндегі творчестволық ізденіске жол жоқ деген ұғым туғызбаса керек. Дегенмен қолданысқа сол күйінде сіңіп кеткен *эпопея, летучка, серия, космос, космонавт, ванна, космология, аудитория, фляга, фонотека, флагман, реставрация, чемпион, тротуар, рюкзак, планерка, грелка, рекомендация, овощ, пластинка, кузов, юбилей, партнер, сквер, аллея, зарисовка, фасон, реликт, контакт, репетитор, модель, концепция, юмор* тәрізді сансыз көп термин сөздерді қазақшаға аудару әрекетінің кейінгі кезде белең ала бастағаны ойландырады. Ол аудармалар арасында өзінің терминдік мағынасының орындылығымен көкейге қонатындары (*жолдорба, жылытқы, көкөніс, кепілдеме, саябақ, саяжол, суреттеме* т.б.) да, көңілге жатпайтындары (*ғарыш, дәуірнама, былау, жалаугер, жүктеме, мадақнама* т.б.) да бар. Бұлардың қай-қайсысына да ә дегеннен тыйым салу әрине әбестік болар еді. Өйткені сол ерсі көрінген жаңалықтың өзі публицистикалық немесе көркем әдебиет туындыларында стильдік не басқадай мақсатта тілдің даму процесін ілгерілетіп, сөзжасамдық мүмкіншілігін аша түссе керек.

Ал сөзжасамның **синтаксистік**, яғни **аналитикалық тәсіліне** келсек, бұлардың да терминжасамға тигізер септігі мол. Бұл – екі немесе одан да көп сөздердің біріктірілуі арқылы жасалатын тәсіл. Термин жасаудың бұл тәсілі термин біріктірумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге ол сөздердің немесе терминдердің тіркесімі арқылы да жасала береді. Қазіргі қазақ тілінің терминжасам процесі көрсеткеніндей, мұның екі түрі де морфологиялық тәсілден кейінгі орында тұратын тәрізді. Бұл арқылы кілең күрделі тіркестер жасалады. Мынадай басты-басты модельдерді іштей жіктеп көрсетуге болады. Біріншіден, термин құрайтын екі компонеттің екеуі де бір-біріне тәуелсіз тең мағыналы төл түбірлер болып келуі мүмкін: *көз-қарас* (мировоззрение), *үш-бұрыш* (треугольник), *өнер-кәсіп* (промышленность), *еңбек-ақы* (трудодень), *қол-таңба* (автограф), *өмір-баян* (автобиография), *қол-өнер* (ремесло) немесе біріктірілетін сөздің бірі туынды түбір болып, яғни әлгі лексикалық единицалардың жасалуына морфологиялық амалдар қатысуы арқылы да жасалуы ықтимал. Мысалы: *сенім хат, көзқарас, өнертапқыш, қос өкіметтілік, онкүндік, бесжылдық, атқосшы, тарихтану,* т.б. бұны бір жағынан

морфоло-синтаксистік біртұтас тәсіл ретінде қарауға итермелейді. Төл түбір мен кірме сөздердің бірігуінен жасалған модель де осы қатарда қарастырылуға тиіс (*киножарнама, кинотаным*, т.т.). Бұл ретте кейін күрделі термин жасауға септігі тиген байырғы қос сөздер қатары есте болуға тиіс. Мәселен, *орақ-балға, тәлім-тәрбие, үгіт-насихат, қоғамдық-саяси, оқу-ағарту* тәрізділер осы ретпен келіп қосылған терминдер. Яғни тілдің термин жасаудағы бұл мүмкіншілігін де сарқа пайдалануға болады деген сөз. Тіпті керек десеңіз қосарлы қалпында тұтас қабылданған марксизм-ленинизм, философиялық-методологиялық, саяси-экономика тәрізді күрделі сөздер де термин жасамның бір түрі есебінде әңгімеленуге хақы бар. Осы типтес күрделі сөздер қатары қазіргі тіл қолданысымызда жиірек кездеседі.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің құрамында сөз тіркесімі арқылы жасалған терминдер (бұдан былай қарай – тіркесім терминдер) де баршылық. Терминдер қатарының молыға түсуіне сеп болып отырған құрылымдық ерекшелігінде назар аударуға керек жайлар бар. Бұлар ең алдымен ұлттық тіл элементтерінің байырғы сөздер тіркесімінен тұрады. Мұндай тіркестер лексикализацияланып барып терминденеді. Құрылымдық тұрғыда бұлардың да мынадай үш түрлі моделін көрсетуге болады. Біріншіден, *ұлт мәселесі, лауазымды адам, "өзіндік қажеттілік", жұмысшы табы, күн тәртібі, еңбек тәртібі, өкілетті өкіл, заттық ақиқат, үздіктілік пен үздіксіздік, дамушы елдер, еркіндік және қажеттілік, үстеме жұмыс, сұраным және ұсыным, ұлтаралық қатынас, қоғами адамгершілік, өтпелі дәуір, сананың соңғылығы, алғы шарт* сияқты ұлттық тіліміздің өз сөз материалынан және соның сөзжасам құралдарының қатысуы арқылы жасалатын терминдер, екіншіден, қазақ және кірме сөздер тіркесімі арқылы жасалатын *Совет Одағы, социалистік жарыс, коммунистік еңбек, партия мектебі, орталық комитет, әскери коммунизм, сенім грамоталары, құрмет грамотасы, басқару аппараты, мемлекеттік герб, мемлекеттік гимн, объективтік ақиқат, материяның алғашқылығы, перспективалық жоспар, қолданбалы психология, сөйлеу интонациясы, астам держава, үлгі норма, интернационалдық тәрбие* тәрізді тіркесім терминдер, үшіншіден, орыс тілі арқылы келген халықаралық сөздер мен советизмдер тіркесімінен тұратын мына тектес кірме терминдер де тіліміздің даму көзі мен қоғамдық беделін күшейте түскен лексикалық байлығымызға жатады: *коммунистік партия, абсолюттік монархия, Министрлер советі, мемлекеттік социализм, дипломатиялық курьер, дубляж фильм, материалдық субстанция, объективтік идеализм, абстракция принципі, субъективтік интуиция, эмприокритицизмдік философия* т.б.

Таза қазақ тілінің немесе таза орыс және сол арқылы шет ел тілдерінің элементтері тіркестірілсін, болмаса таза кірме сөздерден құралсын, терминжасамның бұл құрылымдық модельдерінде сөзжасам құралдары еркін пайдаланылатыны байқалады. Мұнда, әсіресе грамматикалық амалдар молынан кірістіріледі.

Аббревиация немесе **қысқарту** (сөз, буын не әріп қысқарту) амалдары да терминжасам дағдымызда кеңінен қолданылады. Бұл қазақ тілінде ғана емес, өзге туыс тілдерінде де тіл дамуының негізінде орыс тілі арқылы пайда болған терминжасамдағы жаңалықтың бірінен саналады. Әсіресе ғылыми-техникалық ұғымдарды таңбалауға, білдіруге келгенде мұның мүмкіншілігі шексіз деген кейбір пікірлерге[11] қосылуға әбден болады. Мұның бұлай болатын себебі белгілі бір нәрсе туралы ұғымды барынша қысқа әрі үнемді білдіруге бейім тұратындығынан.

11. *Даниленко В. П.* Русская терминология. Опыт лингвистического описания. М., 1977. С. 128-131.

Қазіргі орыстың ғылыми әдебиетін қарап отырсаңыз, сөзді үнемдеп пайдаланудың осы тектес әр алуан тәсілдеріне орынды әуестікті байқаймыз. Қазақ тілінің терминжасам амалдарының қатарына қосылуына себеп болған да мұның осындай сөз үнемдеуіш қасиеті деп білеміз. Бұлардың да әртүрлі модельдері бар.

1. Толық мағыналы екі не үш сөздің басқы буындарын қысқарта біріктіру арқылы жасалған, сондай-ақ, бірінші компоненттерінің бірінші буыны мен соңғы компоненттің толық түрінен құралған терминдер: *колхоз, совхоз,* т.б. Қысқартудың бұл тәсілі онша өнімді сапаға көше алған жоқ.

2. Бірінші сөздің алғашқы буыны мен келесі сөздердің басқы әріптерінен қысқарған терминдер: ҚазТАГ, ҚазПИ, КазГУ т.б.

3. Орыс тілінде қалыптаскан компоненттердің басқы әріптерінен қысқартылып алынған терминдерді сол қалпы қабылдау. КПСС, СССР, ТАСС, АПН, МХАТ, ГАИ, ЗАГС, ДОСААФ, ГЭС т. б.

4. Әр алуан техника атаулары фото-, теле, -радио аспаптары, медицина және басқа ғылым салаларында қолданылатын құрал-саймандар маркалары мен модельдері: АН-24, ГАЗ-24, А-АТ, ТУ-104, ИЛ-62 т.б.

Қазақ тілі лексикасының құрамындағы сөздердің тиісті буындары мен қайсыбір компоненттердің басқы әріптерін қысқарту арқылы термин жасау тәсілі ғылым мен техниканың өрлеу заманында, әсіресе, активтене түсіп, терминжасамның негізгі көзінің біріне айналып барады. Алайда бұл арқылы жасалған термин сөздердің бәрі бірдей қазақ тілінің нормасына лайықты туып, қолданысқа бірден сіңіп кетті десек шындыққа жанаспас еді.

Өйткені қазақ тілінің нормалану процесінде өзінің заңды орнын таппай, алакұла жазылып, түрлі варианттары қосарлана жүрген сөздер әлі көп. Міне осыларды тіл заңдылығы тұрғысынан бір жүйеге келтіріп реттеп, нормалы қалыпқа түсіріп отыру терминологтардың міндетіне жатады.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамын сүзіп шыққанда көзіміз жеткен тағы бір ақиқат – қазақ тілінің бүгінгі болмысына зер салсақ әдеби тілімізді байытып, сөздік құрамға қосылған саяси-әлеуметтік өмірге қатысты қаншама терминдерді сарапқа салуға болады. Сонау 30-жылдардан бері қарай жасалып, баспа жүзін көріп келе жатқан орысша-қазақша терминологиялық сөздіктердің жалпы саны бүгінгі таңда 80-нен асып отырса (әрине бұлардың бәрі бірдей қоғамдық терминдер сөздігі емес екені түсінікті болар), соның ішінде мыңдаған қоғамдық саяси терминдерді мысалға алуға болады. Оның бәрі дерлік совет дәуірінде пайда болған, тіліміздің даму заңдылығына сәйкес жасалған қазынамыз. Бұл терминдердің көбі әдеби тіл қауызына өзінің халықаралық нұсқасын сақтап кірсе, кейбіреулері қазақ тіліне әр түрлі жолдармен аударылып еніп барып қалыптасты. Мысалы, өзінің бастапқы қалпы сақталып, сол күйінде қабылданған мына төмендегідей терминдер, қазір қазақтық төл сөзіндей болып сіңіп кеткен кірмелер *коммунизм, социализм, революция, комитет, конференция, философия, идеология, абонемент, авангард, аванс, автор, автономия, аксиома, архитектор, ассистент, баланс, банк, бомба, браконьер, бюджет, бюллетень, бюро, валюта, вахта, ведомство, гвардия, генетика, гимн, дедукция, декларация, декрет, делегат, демонстрация, депутат, диаграмма, диалектика, диверсант, диверсия, дипломат, диспут, диссертант, дубликат, жюри, интервью, инфляция, канал, капитал, карантин, картотека, касса, кафедра, кворум, киностудия, конкурс, конституция, консультация, контингент, контракт, концепция, космос, космонавт, курс, лагерь, лекторий, лотерея, магазин, максимум, мандат, манифест, марксист, масштаб, материал, медаль, метеорология,*

методология, метро, механика, миллионер, минимум, номенклатура, номинализм, норма, облигация, объект, оппонент, пакет, палата, парламент, пароль, партия, патент, пенсионер, платформа, практика, практицизм, принцип, проблема, прогресс, процесс, пункт, разряд, революция, резерв, рейд, рекорд, репортаж, ресурс, реформа, реферат, рецензент, ринг, романтизм, секретарь, синтез, смена, социология, спутник (серік), старт, статистика, стипендия, суверенитет, табель, таможня, тариф, телевизия, территория, тираж, транспорт, указ, универсиада, устав, факт, фантазия, финал, финанс, финиш, фирма, формация, формула, хронология, хронометраж, цензор, цикл, шовинизм, штурм, эвакуация, эволюция, эгоизм, экономика, экскурсия, экспорт, электр, элемент, эмиграция, эмоция, энергия, этногенез т.б. с. с. Мұндай терминдердің санын жалғастыра беруге болады.

Ал халықаралық терминдер мен советизмдердің енді бір алуаны әртүрлі жолдармен қазақша аударылып жасалды. Біразының баламасы табылса, екіншілері сөзбе-сөз аударылып, үшіншілері калькаланып жатты. Мысал үшін, мынадай термин сөздерді алуға болады.

Қолтаңба (автограф), *бедел* (авторитет), *үгітші* (агитатор), *тамұқ* (ад), *әкімшілік* (администрация), *әкімгерлік*, (администрирование), *талдау* (анализ), *бекіту, мақұлдау* (апробация), *дәлел* (аргумент), *дәлелдеме* (аргументация), *қамау* (арест), *тұтқын* (арестант), *дауысқа салу, түсу* (баллотировка), *қойын дәптер* (блокнот), *тәж* (венец), *көзқарас* (взгляд), *жарна* (взнос), *сапар* (визит), *уақыт пен кеңістік* (время и пространство), *төлем* (выплата), *езгі* (гнет), *ұран* (девиз), *онкүндік* (декада), *атқосшы* (денщик), *қайраткер* (деятель), *жылнама* (ежегодник), *тұрғын үй* (жилище), *шапқыншы* (завоеватель), *қарыз* (заем), *қор* (запас), *ақы* (заработок), *мәжіліс* (заседание), *тоқырау* (застой), *бастама* (зачин), *мұрат* (идеал), *баспа* (издательство), *өнертапқыш* (изобретатель), *мүгедек* (инвалид), *нұсқау* (инструкция), *мүдде, қызығу* (интерес), *жанжал, қақтығыс* (инцидент), *мысқыл* (ирония), *өнер* (искусство), *ақиқат* (истина), *тарихтану* (историковедение), *тарихнама* (историография), *деректану* (источниковедение), *кеңсе* (канцелярия), *жаза* (кара), *апат* (катастрофа), *мамандық* (квалификация), *таптастыру* (классификация), *әріптес* (коллега), *алқа* (коллегия), *еңбек ақы* (оплата труда), *түсінік* (комментарий), *мазмұндама* (коммюнике), *бақылау* (контроль), *үйлестіру* (координация), *кемеңгер* (корифей), *тілші* (корреспондент), *дағдарыс* (кризис), *ой өрісі* (кругозор), *жылнама* (летопись), *басшы* (лидер), *ұран* (лозунг); *сауыншы* (массовик), *шеберхана* (мастерская), *әдіс* (метод), *ойшыл* (мыслитель), *дабыл* (набат), *жаз, жазу, жазба* (надпись), *есірткі* (наркотик), *халық ағарту* (народное образование), *мұрагер* (наследник), *мұра* (наследство), *ғылым* (наука), *ұлтшылдық* (национализм), *жаңашыл* (новатор), *жаңа заман* (новейшее время), *жер үйек* (обоснованная земля), *шолу* (обзор), *келбет, бейне* (облик), *қорғаныс* (оборона), *айналым* (оборот), *айлық* (оклад), *шешен* (оратор), *түпнұсқа* (оригинал), *ресми* (официальный), *түйсік* (ощущение), *озат* (передовик), *санақ* (перепись), *жоспар* (план), *жоспарлау* (планирование), *бөгет* (плотина), *шекарашы* (пограничник), *саясат* (политика), *елші* (посланник), *ізбасар* (последователь), *елші* (посол), *тұғыр* (постамент), *қаулы* (постановление), *ұсыныс* (предложение), *ізашар* (предшественник), *сабақтастық, мирасқорлық* (преемственность), сыйлық (премия), *жарыссөз* (прения), *үкім* (приговор), *ескертпе* (примечание), *ант* (присяга), *жоба* (проект), *жобалау* (проектирование), *ағарту* (просвещение), *кәсіподақ* (профсоюз), *жариялау* (публикация), *қызметкер* (работник), *дамушы елдер* (развивающиеся страны), *кемелденген, дамыған* (развитой), *жарнама* (реклама), *жазалау* (репрессия),

жаңғырту, қайта орнату (реставрация), *шежіре* (родословная), *қолжазба* (рукопись), *өзара сын* (самокритика), *куәлік* (свидетельство), *мәлімет* (сводка), *жүйе* (система), *ар, ұждан* (совесть), *кеңес* (совещание), *келісім* (соглашение), *мазмұн мен түр* (содержание и форма), *құрылыс* (сооружение), *әдіс* (способ), *қарыз* (ссуда), *ақы* (ставка), *дәреже* (степень), *серік* (спутник), *сенбілік* (субботник), *мердігерлік* (субподрядный), *негіз* (субстрат), *құрылтай съезі* (съезд учредительный), *төтенше съезд* (съезд чрезвычайный), *бірдейлік* (тождественность), *дәстүр* (традиция), *мінбе, жаршы* (трибуна), *тақ* (трон), *куәлік* (удостоверение), *көрсеткіш* (указатель), *ретке салу* (упорядочение), *оқулық* (учебник), *оқу құралы* (учебное пособие), *ілім* (учение), *есепші* (учетчик), *мекеме* (учреждение), *саты, кезең* (фаза), *оқырман* (читатель), *айып* (штраф), *сарап* (экспертиза), *сарапшы* (эксперт). Сөзбе-сөз аударма не табылған балама болсын, калька болсын, бұлардың көпшілігі әдеби тіліміздің ажарын кіргізіп, қазынасын молайтып, ішкі мүмкіндікті ашып отырған лексика. Бұлар қазақ тілінің негізгі сөздік құрамында бұрыннан болмағанымен олардың көбіне дәл осындай жаңа қызмет жүктелмеген болатын. Орыс тілімен қоян-қолтық араласып, қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде бұл сөздердің потенциалдық мүмкіндігі ашылып, қызмет аясы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда кеңейе түсті.

Аударма терминдердің сырына бойлай отырып, біз мынадай ойға келдік. Термин сөздер жоғарыда аталып өткеніндей түрлі-түрлі тәсілдер арқылы қалыптасқан екен. Ал шынына келсек, осы терминжасам процесіндегі барлық әрекеттің бәрі ұлы орыс тілінің әсерінде, сол тілде қалыптасқан неше алуан ұғым, түсінікті қазақша дәл де нақты жеткізуге байланысты туған. Осыған орай көкейге түйілетін бір жайт мынау: әңгіме терминжасам мәселесіндегі аударманың рөлі туралы. Біздің ойымызша терминжасамның ең басты амалы мен көзі ретінде аударманы алу керек сияқты. Өйткені жоғарыда атап-атап көрсетілген терминжасам тәсілдерінің ұғым мен сөздер мазмұнын қазақ тіліне барынша жатық мағыналы, дәл беру әрекетіне орай өрбіген. Ендеше аударуды терминжасамның ең басты тәсілдерінің бірі ретінде қарастырып, оның өзін іштей әлденеше тарам-тарауға бөліп зерттеген жөн сияқты. Мұның өзін екінші бір күрделі зерттеуге объект боларлық мәселе деп танығандықтан, бұл ретте аударма жайлы ойымызды келесі кезекке қалдырған жөн деп білеміз.

4. **Калькалау тәсілі.** Бұл да аударма процесінің жануына байланысты совет дәуірінде пайда болған өнімді амалдардың біріне айналды. Мұның, әсіресе терминжасам мәселесіндегі рөлі айрықша. Сонда калька дегеніміз не, бұл сөздің түптөркіні қайдан шыққан?

Бұл сөздің түпкі мағынасын тіл білімпаздары ағылшынның calque деген сөзінен тартады. Мәселен, О.С. Ахмановаың "Лингвистикалық терминдер сөздігінде"[12] бұл лексикалық кірме есебінде қаралады. Яғни сөзбе-сөз аудару есебінде пайда болған сөз не сөз орамы деп түсінік береді де оның лексикалық калька, фразеологиялық калька, синтаксистік калька дейтін бірнеше түрі болатыны айтылады.

Осыған ұқсас пікірді І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов[13] сөздігінен де оқимыз. "Бір тілдегі сөз бен сөз тіркестерін я сөз мағынасын ауыстыру, көшіру, мыс: есімдік орыс тілінің *местоимение* сөзінің калькасы".

12. *Ахманова О. С.* Словарь лингвистических терминов. М., 1966.

13. *Кеңесбаев І., Жанұзақов Т.* Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1966.

Қазақ Совет энциклопедиясы[14] калькаға толығырақ анықтама береді: "Калька (тіл білімінде: франц. calque – жұқа мата не түссіз қағаз арқылы алынған көшірме) – бір тілден екінші тілге дәлме-дәл аудару арқылы жасалған тілдік единица (жеке сөз, сөз тіркесі, фразеология)".

Үлкен Совет энциклопедиясында да берілген анықтамада негізінен осыған ұқсас мәлімет береді. Сонда кальканың, яғни калька атануға правосы бар сөздердің басты белгісі басқа тілдегі үлгілерді айнытпай ана тіліне көшіру не сөзбе-сөз аудару болып табылады. Аударылған кальканың бастапқы тілдегі мағыналық бөлшектері, оның компоненттерінің орын тәртібі екінші тілде түгел сақталуға тиісті. Мұның тағы бір басты ерекшелігі жазба ісінің жанданған тұсында туатындығы. Кальканың үлкен бір қызметі – ұлттық тіл терминологиясын жасауда айқынырақ байқалады.

Алайда тілдегі сөздер мен сөз тіркестерінің бәрі бірдей калька жасауға көне бермейтінін де ескеруге тиіспіз. Өйткені калькаланатын сөздің мағыналық құрылымы жоғарыдағы еңбектерде аталып өткеніндей айқын да анық болуы керек. Яғни оның: "ішкі формасы", мотивировкасы, дәйектемесі болуы қажет. Сонымен бірге мұның екі түрлі жағдайда пайда болатыны байқалады. Мәселен, бірде басқа тіл сөзінің "сыртқы тұлғасы, морфемалық құрамы тұтас сақталып көшірілсе", енді бірде байырғы сөздерге үстеме мағына жүктеу арқылы жасалады екен. Осыған орай "алғашқысын лексикалық не тұлғалық (*алғы шарт* – предпосылка, *аялдама* – остановка, *басылым* – издание, *қондырғы* – установка, *жарты арал* – полуостров, дұрысы – түбек) калька, соңғысын семантикалық не мағыналық (*жарыс* – соревнование, саяси ұғымдарды білдіретін *ақ* – белый, *қызыл* – красный, *үндеу* – призыв) калька дейді.

Сондай-ақ, аударылған сөздің бәрі бірдей калька бола бермейді. "Мыс.: *бастауыш* – подлежащее, *өнеркәсіп* – промышленность, *балмұздақ* – мороженое" дегендер шартты түрде алынып, қалыптасқан аудармалар деп білеміз. Ал *рухани байлық* – духовное богатство, *қанатты сөздер* – крылатые слова, *әдеби бейне* – литературный образ, *орталық шабуылшы* – центральный нападающий т.б. калька тіркестер мен фразалық тіркестер қатарына жатады.

Тілдің басқа да лексикалық қабаттары тәрізді термин жасау процесінде кальканың едәуір рөлі бар екенін байқаймыз. Біз мұның әралуан мысалын, әсіресе көркем әдебиет, қоғамдық саяси әдебиет және оқу құралдары мен оқулықтар материалдарынан көреміз. Осы әдебиеттерді қазақ тіліне аудару арқылы енген терминдер, сөздер саны қазір көптеп саналады. Сонда қазақ тіліндегі кірме терминдердің көбі калькалау тәсілімен жасалғанына көзіңіз жетеді. Калькаланатын сөздер негізінен заттық мағынадағы есімдер.

Калькалану тәсілі арқылы жасалып, тілімізге енген терминдерді екі ыңғайда қарастырып, танып білу керек сияқты. Бірі – мағыналық калька, яғни сөзбе-сөз аударма емес, түбір сөздің негізгі мағынасын беру, екіншісі – мағыналық құрылымын (структурно-смысловые слова) беру. Бұл тәсіл бойынша термин сөзбе-сөз аударылады. Онда сөздің негізгі мағынасын берумен қатар, оның бөлінбес бөлшектері мен синтаксистік құрылымын да сақтау көзделеді.

Мағыналық (фонетикалық) калька қатарына *бесжылдық* (пятилетка), *шаңсорғыш* (пылесос), *қызыл жалау* (красное знамя), т. б. жатқызуға болады.

Ал екінші топқа *еңбек күн* (трудодень), *тарихи материализм* (исторический материализм), *тап күресі* (классовая борьба), *қызыл бұрыш* (красный уголок), *сын және өзара сын* (критика и самокритика) т.т. терминдік тіркестер мысал бола алады.

14. Қазақ Совет энциклопедиясы. 5-т. Алматы, 1974.

Калька терминдерді құрылым жағынан да жіктеп қараған жөн. Оның ғылыми әдебиеттерде мынадай бірнеше түрі аталып жүр: толық калька, жартылай калька, мағыналық калька, құрылымдық калька, морфемдік калька. Тіл практикасында морфемдік кальканың сирек кездесетінін байқаймыз. Бұлар құрамы жағынан бір немесе бірнеше сөзден тұруы да ықтимал. Жай калька терминдер көбінесе бір сөзден тұрады. Мысалы, *екпінді* (ударник), *оқушы* (ученик), *оқытушы* (учитель), *тоңазытқыш* (холодильник), *бөген* (водохранилище), *өктемші* (властелин), *шарт* (договор), *ежелгі* (древний), *басқыншы* (захватчик), *шапқыншы* (завоеватель), *бұратана* (инородцы), *таптастыру* (классификация), *бәсеке* (конкуренция), *жарыс* (соревнование), *аяқтама* (концовка), *кемеңгер* (корифей), *жарыс* (соревнование), *ұран* (лозунг), *ерлік* (мужество), *батырлық* (героизм), *жүректілік* (храбрость), *батылдық* (смелость), *дағды* (навык), *есірткі* (наркотик), *шабуыл* (наступление), *зорлық* (насилие), *салт* (обряд), *Отан* (Отечество), *ата-мекен* (отчизна), *қайта құру* (переустройство, съезден бері – перестройка), *өкілеттік* (полномочие), *ізашар* (предшественник), *ізбасар* (последовательность), *қызметкер* (сотрудник), *қызметші* (служащий), *келісім* (соглашение), *жалдап* (спекулянт), *сұраным және ұсыным* (спрос и предложение), *сөре* (старт), *мәре* (финиш), *мән* (сущность), *мазмұн* (содержание), *еңбеккер* (труженик), *құрылғы* (устройство), *бопса* (шантаж).

Ал күрделі калька терминдерге *қолтаңба* (автограф), *тастама баға* (бросовая цена), *гүлшанақ* (бутон), *төбе топ* (верхушка), *өзіндік зат* (вещь в себе), *біздік зат* (вещь для нас), *бейнежазба* (видеозапись), *қайта өркендеу* (возрождение), *үстеме жоспар* (встречный план), *азамат соғысы* (гражданская война), *Екі мәрте Совет Одағының Батыры* (Дважды Герой Советского Союза), *Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері* (Дважды Герой Социалистического Труда), *лауазымды адам* (должностное лицо), *ежелгі заман* (древность), *біржолғы жәрдем* (единовременное пособие), *біркелкі нарық* (единая расценка), *бір мәнділік заңы* (закон однозначности), *терістеуді терістеу заңы* (закон отрицания), *себептілік заңы* (закон причинности), *сапа белгісі* (знак качества), *білікті маман* (квалифицированный специалист), *жансыз еңбек* (мертвый труд), *аңғал материализм* (наивный материализм), *адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы* (новая историческая общность людей), *қоғами адамгершілік* (общественная нравственность), *төлтума әдебиет* (оригинальная литература), *еңбек құралы* (орудие труда), *аударма әдебиет* (переводная литература), *өкілетті өкіл* (полномочный предетавитель), *соқыр нанымдар* (предрассудки), *кемелденген социалистік қоғам* (развитое социалистическое общество), *астам держава* (сверхдержава), *жиынтық жоспар* (сводный план), *үлгі норма* (типовая норма), *үшінші дүние* (третий мир), *ой тұжырымы* (умозаключение), *ой болжамы* (умозрение) т.т. жатады.

Келтірілген мысалдарға зер сала отырып күрделі терминдер құрамындағы сөздердің кейде түгел калькаланатыны, кейде оның кейбір компоненттері ғана сол қалпында, яғни түпнұсқадағы кейпі сақталып алынатынын (*аңғал-материализм, социалистік жарыс, коммунистік еңбек, партия ұйымы, әлеуметтік статус, астам держава, радиоқабылдағыш, автотіркеме, қоғамдық формация*) көруге болады.

Қазақ тілінде кейінгі кезде сөз тіркесі түріндегі терминдер де молынан қолданылатын болды. Олар орыс және халықаралық терминдер негізінде жасалып жүр: *халықаралық жағдай* (международное положение), *ғылыми-зерттеу жұмысы* (научно-исследовательская работа), *халықтық бақылау тобы* (группа народного контроля), *бастауыш ұйым* (первичная организация) т.б.

Сонымен біз бұл тәсіл арқылы терминжасамның жаңа бір моделінің пайда

болғанын көреміз. Калькалау тәсілі ғылым мен техниканың барлық саласында бірдей өнімді бола алмайды. Қазақ тілінің жағдайында да мұны жоғарыда байқалғанындай саралап тану керек. Бұл ретте қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар терминологиясын қалыптастыруда бұл тәсіл едәуір қолқабыс ете алатынын айта аламыз. Мұның ең басты көзі – орыс тілі. Олай болса ұлы орыс тілі қазақ әдеби тілінің кемелдене түсуіне бұл жағынан да игі әсерін тигізіп отырғанын көреміз.

Бұл процесті қарастыра келгенде жасалатын қорытынды: қазіргі қазақ тілінің сөзжасам процесі толассыз жүріп жатыр. Мұны сөзжасам құбылысынан айқынырақ аңғарамыз. Соның ішінде калькалау тәсілінің орны ерекше. Өйткені қазақ тілінің қаншама терминдері осы тәсілдің қызметін пайдаланды. Бірақ терминжасам процесіндегі кальканың рөлін түбегейлі зерттеп, түйінді пікір айтқан бірде-бір зерттеу жұмысының әлі күнге жазылмауы өкінішті. Мына үзік пікір осы реттегі алғашқы жоралғы деп бағалануы тиіс. Тыңғылықты зерттеу болашақтың еншісінде.

Қазақ терминологиясын қалыптастыру барысында термин аудару арқылы әдеби тілдің тек лексикалық құрамы ғана толығып қойған жоқ, сонымен бірге ана тіліміз кейбір орыс тілі қосымшаларын да өгейсінбей қабылдады. Мысалы, *коммунист, марксист, юрист, криминалист* дегендердегі *-ист* жұрнағы, *коммунизм, социализм, ленинизм, марксизм* деген термин сөздердегі *-изм* қосымшалары қазір қазақ тілінің актив жалғауларының қатарына жатады. Шынында бір кезде осы жұрнақтарды қабылдамаған болсақ, марксизм-ленинизм ілімінің көптеген қағидаларын түсіндіруде және коммунистік идеология мәселелерін оқып үйренуде неше алуан түсініксіз жайларға тап болар едік. Сол себепті де осы тұста Энгельстің аударуға көнбейтін терминдерді сол күйінде алу қағидасын[15] тағы да еске сала кеткіміз келеді.

Дәл осы сөз болып отырған жағдай қазақ тілінің даму, қалыптасу тарихында да болды. Қисыны келсін, келмесін халықаралық терминдерді қалайда қазақшалауға ("ортақшыл", "жан жүйесі", "пішіндеме", "ортақшылдық", "бейбауырмашыл", "кеңес", "төңкеріс", "низам", "алпауыт", "дүл-дүл қара", "қара айғыр" т.т. тырысқан факт бар. Сонымен бірге дүниежүзінің көптеген тілдеріне тараған халықаралық терминдерді сол қалпын сақтап қабылдау дұрыс екенін сол кездің өзінде ұққан жандар да болды. Мысалы, С. Сейфуллиннің мына бір сөзін еске аламыз.

"Қазақ тілі, қазақтың әдебиет тілі әлі қанша дегенмен кедей. Біз білетін, қолданып жүрген сөздің аздығынан кейде біз ойымыздағыны толық айта алмаймыз, кейбір нәрсені ойдағыдай, қиялдағыдай толық суреттей алмаймыз... Міне сондықтан біз тіліміздің байытуымыз керек. Байыту үшін сөзді көрші елдерден де алудан қорықпауымыз керек. Онан соң өз еліміздің ішінде әрбір аймақта айтылып жүрген сөздерді қопарып алып, әдебиет жүзіне шығаруымыз керек. Сонан соң солай барысымызды әдебиетімізге, елге сіңген сөз үйреншікті болып алынып кетеді, керексіз сөз жалпы тіл шеңберінен шығып қалып отырады"[16].

Тіліміздің даму барысын тексеріп қарасақ, шынында да осыны дәлелдейді. Өмір заңдылығы термин жасаудың, екі ыңғайдағы принципін алға тартады. Және бұл бірден-бір дұрыс бағыт болып шықты. Бұл принципті ұстағандар қоғамның даму заңдылығын дұрыс түсінген, сондықтан да ілгері қарайтын марксистер еді. Өмірде, тұрмыста күнделікті туындап, қажеттілікті өтеуге қызмет ете бастаған нәрсені тоқтату, тежеу тіпті де мүмкін емес қой.

15. *Энгельс Ф.* Развитие социализма от утопии к науке. М., 1974. С. 4.
16. *Сейфуллин С.* Шығ. 5-т. 447-448-бб.

Ілгеріректе сөз болған, ескіліктің етегінен ұстап пантюркистік, панисламизмдік пиғылды уағыздауға тырысқан кертартпа ағымның қаншалықты негізсіз, дәйексіз екенін өмірдің өзі көрсетті. Бұл бағытты ұстаушылар арасында тіл дамуындағы, тіпті қоғам өміріндегі заңды өзгерістерді түсінбей шынымен адасқандар да, соны біле тұра, түсіне тұрып "ортақ өгізден оңаша бұзауым артық" дейтін өзімшіл де өріссіз ойсымақты қатып ұстап, оңашалануды қалаған идеялық қарсыластар да болды. Екіншілерінің зардабы біраз уақытқа дейін тиіп келгенмен, Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатын кемеңгерлікпен, көрегендікпен жүргізуінің арқасында ұлт мәдениетінің негізгі тармақтарының бірі – ана тілді, оның жазуын, сызуын, терминологиялық жүйесін дұрыс жолға қоя білді.

Көрші туыс республикалар мәдениет тарихынан да біз осы тектес жайларды байқаймыз.

Жасыратыны жоқ, қазақ тілінің негізгі сөздік қоры түгілі, сөздік құрам қатарынан біз бүгінгі таңда сан саласы боп қанаттана дамып, тамыр жайып кеткен ғылым тармақтарына байланысты жасалған, енген, қалыптасқан термин сөздерді бұрын кездестіре бермейтінбіз. Тек бірен-саран сөздерді ғана революцияға дейінгі мерзімді баспасөз беттерінен, азын-аулақ басылымдардан кездестіріп қалатынбыз"[17].

Ғылыми атаулардың бәрі қазақ тілінің советтік дәуірдегі табысы. Мұның сала-саласына қатысты қазір тілімізге әбден сіңісіп, қалыптасып кеткен терминдерді де, өзге халық ұғымының ауанымен қазақ тіліне аударылып, калькаланып, баламаланып жасалған сөздерді де қаптап келтіруге болады. Мысалы, бір ғана филология ғылымының өзін алайық. Біз бұл күндері осы және басқа ғылым саласына байланысты ойларыңызды, зерттеулерімізді, лекцияларымызды *академик, доцент, профессор, университет, лаборатория, ассистент, институт, экспедиция, лаборант, эксперимент* тәрізді толып жатқан термин сөздерінсіз толық түсінікті етіп жазып, айта алар ма едік?! Бұлардың көбі дерлік халықаралық қалпын, яғни орыс тіліндегі кейпін сақтап тілімізге енді. Көпке түсінікті, көңілге қонымды барлық совет халқына ортақ осы тектес нақты ұғымдар тұрғанда оны аударып қиналудың тіпті де жөні жоқ. Бұрын тілімізде болмаған мұндай ғылыми ұғымдарды осылайша қабылдағанның өзі әлдеқайда ұтымды да орынды болып шықты. Қазір бұлар әдеби тіліміздің, әсіресе ғылыми шығармаларда түрлі оқымыстылардың жазуында, тіпті ғылыми қызметкерлердің сөйлеу тілінде кеңінен қолданылып, ұлттық тілімізге мол қазына ретінде еніп, өріс тауып отыр. Яғни, қысқаша айтқанда, қазақ әдеби тілі сөздік құрамындағы ғылымға байланысты ұғымдарды білдіретін бұл сөздер мен атауларды, сөз тіркестерін қазақ әдеби тілінің қарымын күшейтіп отырған ғылыми терминдер дейміз.

Ана тіліміздің осыншама дәрежеге көтерілуі қазақ совет әдебиетінің классигі, тамаша сөз зергері М.Әуезовтің мынадай ой өрбітуінен байқалады: "Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамы мейлінше толықты, біздің ұрпақ бұл жағынан әлдеқайда бай"[18].

Бұл ойды Мұхтар Омарханұлы сонау 50-жылдардың басында айтқан болатын. Содан бергі өткен 30 жыл уақыт ішінде тіліміздің болмысында неше алуан құбылыстар болып өтті. Қаншама сөздер жасалды, қаншама термин қабылданды?! Бұларды жай тізіп шығудың өзі мүмкін емес. Мұның бәрі ғылымның, техниканың,

17. *Әбілқасымов Б., Қарашева Н., Субханбердина У., Бекхожин Х.* т.б. еңбектерін қараңыз.

18. *Ауэзов М.О.* Некоторые вопросы развития казахского литературного языка // Литер. газета. 1951. 4 октября.

өнердің, халық шаруашылығының бұрын болмаған дәрежеде дамып, мүлде басқаша сапаға көтерілуіне байланысты болып отыр. Қарап отырсақ, техника саласында көптеген терминдерді орысша жазылуы бойынша қабылдаумен бірге, байырғы қазақ сөздерінің де толып жатқан мүмкіндік көзі ашылған. Яғни ол сөздердің көбі техниканың дамуына сәйкес жаңа мағыналық жүк арқалап, жаңаша қызмет атқара бастаған.

Сөйтіп, қазақ тілі сөздік құрамындағы өнеркәсіп, техникаға байланысты ұғымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін техникалық термин деп атаймыз. Бұлардың ғылыми терминдерге қарағанда өрісі кеңдеу болып келеді. Осы салада қызмет ететін мамандар, инженерлер және қалың жұмысшы қауымның күнделікті сөйлеу тілінде бұлар ылғи қолданылып отырады.

Қазақ халқының өмір сүру ерекшелігіне тән ерекше құбылыстың бірі – олардың ежелден жермен байланысты кәсіп еткені. Яғни олар түрлі шаруашылықпен (мал өсіру, егін салу, аң аулау, балық аулау, т.б.) айналысып келген. Соның ішінде мал шаруашылығы ерекше орында тұрады. Міне сондықтан да қазақ тілінің сөздік құрамында ауылшаруашылығына байланысты сөздер бұрыннан да көптеп кездесетін. Ал кейіннен қосылған сөздер осы шаруашылықты үнемі жетілдіріп отырумен байланысты, механизация, мелиорация т.б. шараларға орай жасалып, пайда болған. Бұлардың арасында да жалпы әлемге ортақ халықаралық терминдер, солардың үлгісімен жасалған сөздер бар. *Шөп машинасы, трактор, агрегат, молотилка, ауыспалы егіс* тәрізді толып жатқан сөздерді қараңыз.

Шаруашылық саласына байланысты терминдердің құрамы әр алуан. Республикамыздың жер-жеріндегі жергілікті кәсіптің түріне байланысты кәсіби терминдер түгелге дерлік әдеби тілімізге енді. Жер суару, бақша ісіне және түрлі техникалық дақылдарға байланысты, балық өндіру кәсібіне, аңшылыққа қатысты сөздер байқалады.

Ғылымның, техниканың, экономиканың, жалпы мәдениеттің және әлеуметтік өмірдің әр алуан салаларының мейлінше дамып, жандана түсуі адамның рухани жан дүниесіне де үлкен қозғау салып отырды. Советтік өмір болмысынан мұны айқынырақ аңғарамыз. Мысалы, өнердің *театр, опера, балет, живопись, скульптура, хореография, кино, телевидение, драма, проза, поэма* тәрізді сан түрлі саласы бұл күндері кең қанат жайып, өзімен бірге неше алуан ұғымдар және соларды күнделікті тірлігінде үздіксіз қолданып отыратын мамандар, мамандық атауларын ала келді. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән лексикасы және бәріне ортақ терминологиялық жүйесі бар. Яғни өнердің барлық салаларына бірдей ортақ сөздермен қатар, бұлардың әрқайсысы өзіндік терминдік жүйесін жасап дамытып отыр.

Қазіргі қазақ тілінің бүкіл терминологиялық байлығы мұнымен шектелмейді. Оның сан-саласы жетіліп қалыптасып, даму процесін бастан кешіруде. Барған сайын жалпыхалықтық тіліміздің қазынасы кайта жанданып, аталып өткен салалардың қайсысына болсын небір күрделі ойлар мен пайымдауларды білдіре аларлық әлуетті де қуатты құрал есебінде халқымызға қызмет етіп келеді.

Терминологиялық жүйенің осыдан байқалып отырғанындай, өзіндік жасалу өрісі, қалыптасу, даму тарихы бар. Оның басталуы мен бүгінгі болмысының аралығында зерттелуге тиісті қаншама сатылар, неше алуан кезеңдер болды. Олар түбегейлі зерттеліп, ғылыми тұрғыда теориялық таразыға әлі де түсе бермек.

ТЕРМИНОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАНДАНУЫ
(Съезд, конференция, симпозиум, кеңестер т.т.)

1959 жылы СССР Ғылым академиясының ұйымдастыруымен Бүкілодақтық терминологиялық кеңес өткізілген болатын. Бұл одақтық мәжіліс СССР халықтарының әдеби тілінде терминологиялық жұмыс жүргізудің мән-жайын қарастырып, осы сала бойынша істелетін шаралардың негізгі бағыттарын белгілеп берген еді.

Кеңес өткізілер алдында кең түрде көпшілік талқысына түскен терминология мәселесінің әрі практикалық, әрі теориялық мәні өте зор екені тағы да тәптіштеліп айтылды. Бұл мәселеге барлық ұлт республикаларының, ғылыми-зерттеу институттарының, жоғары оқу орындарының өкілдері, баспа қызметкерлері белсенді түрде қатысып, келелі пікір қозғады. Бұл мәжілістің іске пайдасын тигізген тағы бір жаңалығы сол, жасалатын баяндамалар алдын ала басылып, онымен жұртшылықтың танысып араласуына мүмкіндік туғызуы деп білеміз. Соның нәтижесінде жарыссөзге шығып сөйлеуші жолдастар баяндамада айтылған принципті мәселелерді, негізгі ойларды толықтыра, дамыта түсті.

Онда барлық республикалардағы жоғары оқу орындары мен мектептерде ана тілінде сабақ жүргізілуі, ғылым мен техника, әдебиет пен өнердің өркендеуі, саяси сауат пен ғылыми біліктің ана тілінде әңгімеленуі терминологиялық жұмыстың жануына сеп болғаны атап айтылды. Шынында да, бұл жылдары елімізде 70-тен аса жазба тіл терминологиясын жасау жолында қыруар жұмыс істелді. Мұндай бай тәжірибе Совет Одағынан басқа бірде-бір елде болған емес. Мынадай жайды еске алмай болмайды. 20—30-жылдардың өзінде-ақ одақтық және автономиялық республикалардың бәрінде де терминологиялық комиссиялар құрылды. Бұл комиссиялар әрбір ұлт тілдерінің терминологиялық жүйесін қалыптастыруда зор рөл атқарды.

Кеңесте Армения, Грузия, Әзірбайжан, Украина, Қазақстан, Башқұртстан, Татарстан және Балтық республикаларында жүргізілген нәтижелі жұмыстар атап көрсетіле келе, кең ауқымда қолға алынып отырған коммунистік құрылыс кезеңінде, ғылым мен техника, әдебиет, өнер, халық шаруашылығының сан саласы қарқынды даму жолында түскен қазіргі заманда жасалған жұмыстарға тоқмейілсуге болмайтыны атап көрсетілді.

Терминологиялық жұмыс барлық жерде қанат жайғанмен, олардың арасында өзара байланыс, координация жағы жетіспейтін. Халықаралық терминдерді реттеу турасындағы шетелдер тәжірибесі ескеріле бермейтін. СССР халықтары тілдерінде термин жасау принциптері әлі түбегейлі қарастырылмай, көбінесе тиіп-қашты әңгіме деңгейінде болатын. Әсіресе мәселенің теориялық жағы және терминологиялық жұмыстарды жинақтап, тәжірибелерден түйін жасау, қорытынды шығару жағы мардымсыздау еді.

60-қа жуық тілдерді зерттеушілер шешер ойларын ортаға салып, мына мәжілістің дер кезінде өткенін қуана қолдады.

Совет дәуірінде барлық тілдердің ерекше даму жолына түскенін, сол арқылы олардың мәдениеті өскенін, елдің білім-ғылымды игергені мәлім. Конференцияға қатысушылар бұл процесс марксизм-ленинизм тұрғысынан түбегейлі қарастырылып, теориялық түйін жасалуы керек дегенге бірауыздан келісті.

Бұл тұстағы ең басты мәселе жазуға тіреледі. Жазуы жасалмаған, қалыптаспаған тілдің терминологиялық жүйесі туралы әңгіме козғау әбес. Міне, сондықтан да

біз қазақ халқының мәдени тарихынан орын алған үш алуан жазу (араб, латын, орыс) жайында арнайы тоқталып өткен болатынбыз.

Совет өкіметі орнаған алғашқы күндерден бастап-ақ В.И.Ленин мәдени құрылыс пен тіл проблемасын біздің түпкілікті мақсатымыз коммунистік қоғам орнату ісімен тікелей байланыста жүргізілу керек екенін ашық айтқан болатын. Коммунистік құрылыстың жандана түсуіне тіл қызметінің жөні бөлек дейтін болсақ, соның ішінде заман тілі, қоғам өміріндегі жаңалық атаулының жаршысы дерлік терминологияның жөні тіпті бөлек. Ол ерекше даму жолына түскен ғылым мен техника тілі болып қала бермек.

Кеңесте терминологияны реттеудің, белгілі бір жүйеге келтірудің жолдары көрсетілді. Ол ең алдымен нақты ғылым салаларының мүддесіне байланысты қарастырылуы керек делінді. Екіншіден, терминдер нақты бір тілдердің сөздік құрамына тиесілі лексикалық единица екені ескеріліп, сол тілдердің заңдылықтарына орай жасалуы керек. Яғни термин жасау мәселесіне келгенде, тілшілер мен әр алуан ғылым мен техника салаларының өкілдері бірлесе отырып жұмыс істегені мақұл.

Сонымен бірге әрбір ұлт тілдерінің өзіндік және халықаралық терминдері мен орыс тілінен енген кірме сөздерді өзара есепке ала, үйлестіре қолданудың дұрыстығы айтылды. Егер қажетті ұғымды өте үйлесімді, әдемі, нақты берерлік халықтық тіл элементтері бар болса, өзге тілден сөз алып өбектеудің қажеті жоқ. Керісінше сәтсіз жасалған терминдерді тықпыштаудың да әбес екені атап көрсетілді. Мұндай жағдайда халықаралық терминдер мен орыс тілі арқылы келіп жатқан советизмдерді ретімен қолданып, оны қабылдаған жөн. Бұл қай халықтың тарихында да дәстүрге айналған жақсы жаңалық. Міне сондықтан да Ф.Энгельстің: "...Егер аударуға көніп жатса халықаралық терминдердің қажеттігі шамалы болар еді. Ендеше бұларды аудару сөзге анықтық берудің орнына, шатастыра түседі"[1], – деген сөзін үнемі есте ұстағанымыз жөн.

Осы жағдайлардың бәрі, сайып келгенде, кірме сөздерді қабылдаудың принциптерін айқындап алу керек екенін байқатты. Ол үшін оларды қабылдайтын тілдің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық жүйесін есепке ала отырып қарастырған жөн деп саналды. Бұл ретте ұлы орыс тілінің ролі айрықша екені даусыз. Сонда халықаралық терминдер мен орыстың кірме лексикасын тілге ендіргенде немесе қайта жасағанда бұларды барынша біркелкі ету принципі сақталуы керек. Яғни СССР халықтары тілдерінің бәрінде де қабылданған халықаралық терминдер біркелкі болу жағы ескерілуі тиіс. Осы принципті ұстанатын болсақ (ұстану керек те), жаңа термин жасау барысында ең алдымен әрбір тілдің өз сөздік қоры, сөзжасам мүмкіндігі сарқа пайдаланылуы керек, содан кейін ретретімен, жүйелі түрде кірме сөздер қабылдануы қажет дейтін түйін жасалды. Тілдердегі терминдер алшақтығы қашанда пуризмге апарып соғады. Әңгіме бұл жерде де халықаралық (интернационалдық) терминдер туралы болып отыр. Осыларды қабылдауда, соларды СССР халықтарының тілдеріне ендіруде біркелкілік болу керек деген қорытындыға қосылуға әбден болады. Осылайша қабылдау тіл дамуының бір өнімді де өрісті жолына айналып кеткенін мойындау керек.

Бұл алғашқы терминологиялық мәжілістің Қазақстан ғылымының тарихы үшін де маңызы ерекше болды деп есептейміз. Өйткені мұнда қазақ терминологиясының мәселелері тұңғыш рет бүкілодақтық деңгейде сөз етілді. Қазақстандық ғалымдар

1. *Энгельс Ф.* Развитие социализма от утопии к науке. М.: Госполитиздат. 1947. С. 4.

М.Балақаев, Ә.Қайдаров, Т.Мұсақұлов, Қ.Рахимов, Қ.Әбішев, А.Әбдірахмановтардың бұл мәслихатқа жай қатысып кана қоймай, белсене араласуының өзі терминология саласындағы ғылыми-практикалық жұмыстардың қаншалықты дәрежеде жүргізіліп отырғанын танытты. Әсіресе 50-жылдары мықтап қолға алына бастаған қазақ лексикографиясының, оның ішінде терминологиялық сөздіктер түзу принциптеріне арналған А. Әбдірахмановтың арнайы баяндамасын, сондай-ақ белгілі тілші ғалымдар М.Балақаев пен Ә.Қайдаровтың, биолог Т.Мұсақұловтың, аудармашы Х.Рахимовтың жарыс сөздерін қазақ терминологиясының даму белестерін танытатын документ деп бағалаймыз. Сөйтіп біздің ғалымдар, мамандар қазақ терминологиясының мәселелерін одақтық мәжілістер талқысына сала алардық дәрежеге көтерілді деп айта аламыз. Бірақ өкінішке қарай, термин мәселесіне деген ықылас үнемі осы деңгейде бола алған жоқ. Аталған мәжілістен кейін де терминологияға байланысты одақтық, аймақтық кеңес, конференциялар болып өтті. Оларға қазақстандықтар дәл алғашқы кеңеске қатысқандай белсенділік көрсете алмады. Соған қарағанда, қазақ терминологиясының ғылыми мәселелері 60—70-жылдары азырақ солғындап қалған тәрізді. Яғни практикалық мәні бар жұмыстар (сөздік түзу, мақала жазу, т.б.) тоқтап қалмағанмен, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүйелі жүргізіле қоймағанын айтып отырмыз.

Осы алғашқы кеңестен бері ширек ғасырдан аса уақыт өтіпті. Сонда қабылданған шешім бұдан былайғы терминологиялық жұмыстарға жолбасшы қызмет атқарғаны мәлім. Бүкілодақтық бұл мәжіліс материалдары 1960 жылы "Вопросы терминологии" деген атпен СССР Ғылым академиясының баспасынан басылып шықты[2].

Совет терминологтары 1967 жылы (30 май — 2 июнь) СССР Ғылым академиясы Президиумының ұйғаруы бойынша Ленинград қаласында өткен мәжілісте ғылыми-техникалық терминологияның лингвистикалық проблемаларын сөз еткен болатын. Бұл екінші кеңес терминологияны жасау мен оны ретке келтіру, терминология мәселесіндегі халықаралық координация жайы және осы арнайы лексиканың зерттелуіне орай қойылып отырған өскелең талаптарға сай өткен өте маңызды мәслихат болды. Бұған 200-ден аса адам жиналды. Бұл мәжілістің басты ерекшелігі, мұнда терминологияның тек лингвистикалық аспектілері ғана қаралды. Кеңеске қатысқан СССР Ғылым академиясының республикалық Ғылым академиялары мен салалық ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері, университеттер мен басқа да жоғары оқу орындарының оқытушылары, көптеген мекеме өкілдері, әр алуан ғылым мен техника салаларының мамандары қатысып, пікір айтты.

ГДР, Вьетнам, Румыния, Чехословакия тәрізді социалистік елдерден де ғалымдар келді. Терминологияның лингвистикалық проблемалары тұңғыш рет мамандар талқысына салынды. Көрші республикалардың көбі өздерінің өкілдерін жіберіп, өзекті мәселелер қозғаған. Ал ғылым үшін, оның дамып, қанаттана түсуі үшін айрықша зор рөл атқаратын терминологиялық лексиканың қыр-сырын күн тәртібіне көтерген бұл кеңестен терминологтарымыздың қатыса алмай тыс қалғаны, бұл саладағы жұмыстардың солғындағанын танытатын факт болса керек.

Кеңес материалы 1970 жылы "Наука" баспасынан "Лингвистические проблемы научно-технической терминологии" деген атпен басылып шыққан болатын. Қазір қолға түспейтін құнды еңбектің біріне айналып кетті.

---

2. Вопросы терминологии. М.: Изд-во. АН СССР. 1960.

Мәжілісте жасалған баяндамалар да, жарыссөзге шығып сөйлеушілердің сөзінде де терминология жұмысындағы табыстар мен кемшіліктер нақты көрсетіліп, алда тұрған міндеттер жайы өңгімеленді. Әсіресе, координация мәселесі көбірек сөз болды. Координациялық байланыстардың қай негізде, қай бағытта, қалай, кімдер ұйымдастырып отыруы жөнінде де нақты ұсыныстар айтылды. Бұған жауапты болуға тиісті ғылыми т.б. мекемелер белгіленді. СССР Министрлер Советі жанындағы Ғылым мен техника жөніндегі Мемлекеттік комитет пен СССР Ғылым академиясы (лексикология мен лексикография советі, Ғылыми-техникалық терминология комитеті, Орыс тілі институты, Тіл білімі институты) және одақтас республикалардың Ғылым академиялары, СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі т.б. ділгер мекемелер болуға тиіс деп атап көрсетілді.

Мамандардың бұл жолы терминологияның лингвистикалық мәселелеріне назар аудару себебі ғылым мен техниканың тоқтаусыз және жедел қарқынмен дамуын тіл материалымен жабдықтап отыру, оған төтеп беру қиындығында. Кейде термин жасау барысында оның тілдік жағына мән берілмей, асығыс жасалғандарының шалағайлығы көрініп тұрады. Соған қарамастан мұндай терминдердің біразы қолданыс дағдымызға еніп, жағымсыз дәстүрге айналдыратындары да бар. Терминология мәселесінде кездесетін мұндай қайшылықтар тиянақты қарастыруды талап ететіндіктен де тілшілер жаңадан термин жасау ісінен сырт қала алмайды.

Сондай-ақ кірме сөздер проблемасының айналасында да тек тілшілердің араласуын тілейтін мәселелер жетерлік. Сөздерді қысқарту арқылы (аббревиатура) жасалып, тілге еніп жатқан терминдер қаншама. Қысқасы, терминологияның лингвистикалық проблемалары өте көп. Көңіл аударылмай, зерттеу жұмыстарына объекті бола алмай жатқан мәселелер қаншама. Бұл кеңес, міне осы тектес мәселелерді күн тәртібіне алып шығып, істелуге тиісті шаруаның ауқымын өйгілеп берді.

Терминологтардың келесі мәжілісі 1974 жылы (26—29 мартта) тағы да Ленинград қаласында өтті. Бұл жолы түрлі ғылыми мекемелерге қоса, ұйымдастырушылар қатарында "Совет энциклопедиясы" баспасы да болды. Сондай-ақ, "Наука", "Русский язык", "Воениздат", "Машиностроение" баспаларының қызметкерлері т.б. мекемелер өкілдері — жалпы саны 63 ұйым мен мекеме қатысты. Қатысушылар саны 232 адам. Себебі аталған мерзім ішінде терминологиялық жұмыстар жөнінде біраз тәжірибе жинақталып, олардың ғылыми тұрғыдан бағасы беріле бастаған кезі еді бұл. Ол пікірлер бірнеше кітап, жинақ[3] түрінде жарық көрді. Сондай-ақ, Москва университеті ұйымдастырған қазіргі ғылым жүйесіндегі терминологияның алатын орны (1969), ғылым, терминология және информатика тілінің семиотикалық проблемалары (1971) деген мәселелерді сөз еткен симпозиумдарды да атауға болады. Сөз болып отырған еңбектерді және мәжіліс, симпозиум материалдарын қарағанда мәселенің өте кең ауқымда, бүкілодақтық дәрежеде қойылып, оның нағыз теориялық проблемалары қарастырыла бастағанын байқаймыз.

Терминология мәселесі қазір анда-санда бір соғып кетіп отыратын шаруа емес, жоспарлы түрде жүйелі қарастырылатын мемлекеттік іске айналғанын осы кеңес материалынан да көруге болады.

Мәжіліс күн тәртібі терминологияның күрделі мәселелерінің бірі — лексикография мәселесін қарады. Бұл мәселеге бізде де, шетелде де аса зор көңіл бөлінеді. 1976

3. Современные проблемы терминологии в науке и технике. М., 1969; Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. М., 1970; Проблемы языка науки и техники. М., 1970; Терминология и норма. М., 1972.

жылы "Проблематика определений терминов в словарях разных типов" деген атпен жарық көрген кеңес материалдарына қарағанда байқалатын бір жай, мұнда сөздіктер типологиясы, олардың лексикалық тұрғыдан жүйеленуі, сондай-ақ қазіргі лексикология мен лексикографияның қайсыбір теориялық мәселелеріне басты назар аударылған екен.

Дәстүрлі сөздік жасау жұмысында болатын терминдер анықтамасын беруден басқа лингвистиканы математизациялауға байланысты да мәселелер сөз болады. Қайсібір мақалалар туысқан республикалардағы терминологиялық жұмыстар жайында мағлұмат берді.

Ал 1981 жылы (23–25 мартта) Москвада өткен терминологтардың төртінші мәжілісінің тақырыбы "Одақтас республикалар Ғылым академияларында терминологияны реттеу проблемасы" ("Проблемы упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик") деп аталды.

Мұның алдында сөз болған үш кеңестің әрқайсысы өзі қойған күн тәртібіне лайықты мәселелердің басын ашып берді десек те, проблеманың қазіргі жай-күйін тексеріп жинақтайтын жаңа еңбек қажеттігі сезіле бастаған еді. Әсіресе, терминологиялық органдар жұмысын жинақтайтын кез келген болатын. Сондықтан да кеңес бұл мәселені дер кезінде көтеріп, көптің көкейінен шықты. Қалыптасқан дәстүр бойынша кеңес материалдары жинақ[4] боп басылды.

Бұл кеңесте нендей мәселеге назар аударылды? Біріншіден, СССР халықтарының бірлігіне, ұлтаралық қатынасқа қалтқысыз қызмет етіп отырған орыс терминологиясы туралы; екіншіден, нақты ұлт тіліндегі екітілділік пен болмашы ғана алшақтық принципінің бірлесуі, қабысуы жағдайында ұлттық терминологияны қарастыру мәселесі, реттелген, қалыптанған, жүйеленген терминологияны жасау принципі, әдеби терминологиялық норма, термин жасау проблемасына, кірме терминдерге, т.б. байланысты мәселелер; үшіншіден, терминологиялық екітілділікті өркендетудің жолдары мен әдістері; төртіншіден, одақтас республикалардың терминологиялық органдары айналысатын сөздіктердің негізгі түрлері және сол сөздіктерді құрастырудың методикалық принциптері кең түрде өңгіме болды.

Мұның сыртында, одақтас республикаларда жұмыс істеп жатқан терминологтар үшін, әсіресе қажет біраз теориялық мәселелер (лингвистикалық, логикалық, ғылымтану, информатикалық тұрғыда) туралы шолу материалдар бар.

Жинақта берілген қайсыбір мақалалар терминология мәселесінде СССР мен шетелдерде жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырады, барлық одақтас республикалардағы терминологиялық органдардың жұмыс тәжірибесін баяндайды.

Кеңесте тыңдаған баяндамаларды үш топқа бөлуге болады: 1. СССР және халықаралық ұйымдардағы терминологияның даму жайы мен перспективалары. 2. Терминологиялық жұмыстардың кейбір проблемалары. 3.Одақтас республикалардағы терминологиялық органдардың жұмыс тәжірибесінен семинар үш күндік мәжілістің қорытындысын жасай отырып, 15 пункттен тұратын ұсыныс берді.

4. Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. М.: Наука, 1983.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ терминологиясын тарихи тұрғыда зерттеу барысы мынадай ой түйіндеуге жетелейді.

1. Лексиканың бұл қабаты қоғам өміріндегі өзгерістерге тікелей тәуелді. Бір есептен бұларды өмірдегі болып өткен, болып жатқан және болатын тіл арқылы бейнеленген жаңалықтардың, жаңа ұғым, жаңа түсінік, жаңа пайымдаулардың өлшемі, айнасы десе де болғандай. Қоғам дамуындағы революциялық жасаңғыраудың бәрі сол қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас құралы – тілге әсер етпей қоймайды. Бұл марксизм-ленинизм классиктері еңбектерінде дәлелденген ақиқат. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақ халқының мәдени өмірінде де тіл дамытуға, оның ішінде терминологиялық лексиканың қалыптасуына әкеп соқтырған айтулы оқиғалар болды. Соларға байланысты пайда болған терминдік ұғымдар мен жаңа қолданыстарды саралап келгенде, бұл саланы кезеңдік жағынан ең алдымен екіге бөліп қарау керек сияқты. Оның бірі – XIX ғасырдың екінші жартысы мен Ұлы Октябрь революциясының аралығын алып жатқан алғашқы кезең де, екіншісі – тіліміздің әдебилену мен терминдену сапасын мейлінше үдете түскен бүгінгі дәуір.

Терминдік сөз қолданыс жағынан бұл екі кезеңнің арасына теңдік белгісін қойып қарауға болмайды. Әйтсе де бұлардың әркайсысының термин қалыптастыруға қосқан өзіндік үлесі бар. Соған лайықты бағаланады да.

Қазақ халқының мәдени өмірінде XIX ғасырдың екінші жартысы прогрестік мәні ерекше оқиғалармен айқындалады. Бұл кезде қазақ тілінің тұңғыш баспасы пайда болды. Баспасөздің пайда болуы тілдің қызметін күшейте түсті. Ал тілдің қоғамдық қызметінің артуы оның терминологиялық лексикасының жасалуына тікелей қатысты. Міне осы процесті біз, әсіресе "Дала уалаятының газеті","Түркістан уалаятының газеті" және "Айқап" журналының беттерінде жарияланған түрлі материалдардың сөз саптаулары арқылы толық аңғарамыз. Оларда жарияланған материалдардың көбі аударма материалдар болған. Соған қарағанда, алғашқы термин қолданыс, яғни сөздерді арнайы терминдік мәнде пайдалану үлгісі, біріншіден, тұңғыш баспасөздің тууымен байланысты болса, екіншіден аудармаға қатысты деп білеміз. Өйткені қазақша терминдердің бәрі де орыс тіліндегі түпнұсқа сөздерге балама іздеуден, соны қазақшаға дәл, нақты беру әрекетінен туған. Ендеше термин жасауда баспасөз бен аударманың атқаратын ролі айрықша. Мұның осылай екенін советтік өмір шындығы толық дәлелдеп шықты. Сөйтіп, осы пікірді негізге ала отырып (солай ету керек те) біз қазақ терминологиясының жасалу тарихы бір ғасырға таяу мерзімді қамтитынын анықтадық. Бірақ бұл тұста мынаны ескеру қажет. Революциядан бұрынғы баспасөз материалдарындағы термин қолданыста саналы әрекетке негізделген жүйе де болған жоқ, терминжасам заңдылықтарына сүйенген принцип те болған жоқ. Термин жасау ісі стихиялы түрде жүріп жатты. Алайда әрбір автор мен газетшілердің өз кезеңіне лайықты сөз қолдану машығын танытатын бұл деректер термин жасаудың алғашқы үлгілері ретінде ғылыми ізденіске объект бола алады. Сондықтан алғашқы баспасөз материалдары терминжасамның алғашқы көзі ретінде терминологтардың назарында үнемі болуға тиіс.

2. Қазақ терминологиясы дейтін ұғымның мағынасы мейлінше кең. Ол барлық ғылым салалары мен техника тарамдарын, мерзімді баспасөз бен радио, телевидение тілін, оқу-ағарту ісін, түрлі саяси, көркем, арнайы әдебиеттер тілін қамтитын

түсініктер, атаулар жиынтығы. Міне, осының бәрінің даму қарқыны үдей түскен бүгінгі заманда тілдегі жаңалықтар заңдылығын теориялық тұрғыдан талдап, ғылыми бағасын бермек түгілі, солардың санын, шегін, шеңберін анықтап алудың өзі оңайға түспейді. Сондықтан біз бұл зерттеуімізде, қоғамдық-саяси және гуманитарлық ғылымдар терминологиясын ғана негізгі тірек еттік. Мұның бірінші себебі, әлгіндей болса, екінші себебі бұл салалар қазақ тіліндегі терминдік жүйенің жасалу, қалыптасу жағынан ғылыми ой толғауға өте мол да қызықты материал бере алатыны. Бұған қоса қазақ тілінде қалыптасқан терминдер жүйесінен бірінші кезекте тұратыны осылар.

Осы сала бойынша сонау 20-жылдардан бастап күні бүгінге дейін отыздан астам (32) екі тілді терминологиялық сөздік жарық көрген екен. Оларды электронды есептеу машинасының сарабына салып, реестр сөздерді есептеткенімізде (көптеген қайталаулар осының ішінде) қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар терминдерінің саны алпыс жеті мыңнан (67000) асып кетті. Сонда өзін әлденеше салаға бөліп, жеке-жеке зерттеу қажеттігі көрінеді. Біз бұл жолы ойымызға тірек боларлық мысалдарды ғана кесіп алып отырғанымыз болмаса, тереңдеп талдап үлгергеніміз жоқ. Және бұл бір ғана зерттеумен шектелмейтін, әлі талай ізденістерге мол материал беретін халықтық қазына.

Мұның үстіне 1982 жылдан бері қарай жинақталып келе жатқан терминология мен аударма теориясы білімінің саны қазір 400 мыңдай болатын картотекалық қоры материалдарын да пайдаландық. Бұл да талай ғылыми саламандықты күтіп, талдануға дайын тұрған байлығымыз.

3. Терминнің жасалуын өткен ғасырдан тартып, қаулап дамуын революция дәуірімен байланыстыра келе мұның ғылыми негізде қарастырылуын 30-жылдардан бастаған жөн. Қазақ терминологиясының барлық мәселелеріне ол кезде Қазақ АССР Оқу Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталық (Акцентр), сосын осы комиссариат жанындағы методикалық бюро басшылық еткен. Осы шаралардың бәрінің басы-қасында белгілі тілші проф. Қ. Жұбанов болған. Ал содан бергі жерде, яғни 1936 жылдан бастап қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасау ісіне Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (қазір Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының комиссиясы) басшылық жасап келді. Сондай-ақ терминжасам ісінің практикасымен мерзімді баспасөз айналысса, оның ғылыми дәйектілігімен қалқадарынша Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты, БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин институтының қазақ филиалы шұғылданды.

4. Қазақ терминологиясының түзілуі мен қалыптасуына себеп болған басты факторлардың бірі – жазу мәселесі. Егер жазу болмаса термин туралы әңгіме қозғаудың мәні бола қоймас еді. Міне, сондықтан сауаттылық кепілі – жазу мәселесі қазақ зиялыларын ә дегеннен-ақ толқытқан болатын. Қазақ мәдениеті тарихи қысқа мерзім ішінде үш жазуды бастан кешірді: араб, латын, орыс графикаларына негізделген бұлардың ұлттық тіліміздің қалыптастырудағы қызметі бірдей бола алмағанмен, әрқайсысының халық мәдениеті тарихынан алатын өз орны бар. Ал терминологиялық лексиканы қалыптастыру ыңғайы жағынан бұл үш жазудың үшеуі үш түрлі үлгіні салыстыра зерттеуге қызғылықты материал береді деп қараймыз.

5. Термин сөздердің жасалуы мен қалыптасуында аударманың ролі орасан зор екеніне, әсіресе лингвистикалық ілім тұрғысынан жеткілікті мән берілмей келгеніне

ерекше назар аударамыз. Зерттеу нәтижесі мұның өз алдына бір үлкен проблема екенін көрсетті. Алдағы уақытта мұны түпкілікті зерттеу объектісіне айналдыру мүмкіндігін қарастыру қажет деп санаймыз. Әсіресе мұның саяси әдебиет, көркем әдебиет, ғылыми әдебиет және түрлі оқулықтар мен оқу құралдарын аударуға байланысты туындайтын терминологиялық проблемалары тиянақты ізденісті талап етеді.

6. Қоғамдық және гуманитар ғылымдары бұл күнде тармақтана сараланып, сала-салаға бөлініп, әрқайсысы өз алдына бір-бір отау тігіп даму жолына түсті. Соған орай олардың әрқайсысының өзіндік терминологиялық жүйесі қалыптасты.

Терминологиялық жүйенің қалыптасу деңгейі сол ғылым саласының қаншалықты дәрежеде дамып отырғанының көрсеткіші болуға жарайды. Ал керісінше дамыған ғылымның терминологиялық жүйесі жетілген болып шығады. Мәселен, қазіргі қазақ тіл білімінің, әдебиеттану ғылымының, философия, заң ғылымдарының ой-пікір өрбітуге пайдаланып отырған тілдік құралының дені терминдер мен терминдік мәндегі сөздер, не сөз тіркестері болып келеді. Онсыз бұл ғылым салалары бойынша зерделі еңбектер тумағын болар еді. Осыған қарап, бұл ғылым салаларының терминологиялық жүйесі қайта соқпайтындай, талас пікір тудырмайтындай дәрежеде толық жасалып, қалыптасып бітті деуге болмас еді. Неге десеңіз бұл ғылыми проблема есебінде қазақ тіл білімінде тек кейінгі кезеңдерде ғана қолға алына бастады. Оған дәлел болатын жұмыста атап көрсетілген диссертациялық зерттеулер. Сондықтан әрбір терминологиялық жүйе ғылыми тұрғыдан жеткілікті зерттеліп, өзінің бағасын алған жоқ деп есептейміз.

7. Қазақ терминологиясының қалыптасуында әрбір кезеңнің өз мөрін көреміз. Мысалы, бұқара халықты жаппай сауаттандыру, конфискелеу, коллективтендіру, колхоздастыру, жаңа экономикалық саясат, индустрияландыру, Отан қорғау, бесжылдық жоспар, стахановшылық, тың игеру, ғарышқа ұшу, космосқа құлаш ұру, интенсивтендіру, бетбұрыс, жеделдету, қайта құру кезеңдерін терминологиялық тұрғыдан қарасақ, ұлттық лексикамыздың құрамына осы оқиғаларға орай неше алуан жаңа колданыстардың қосылғанын байқаймыз. Сонда бұл тіліміздің жаңа сипатта дамуының бір маңызды көрінісі болып табылады. Осыған қарап, қазақтың ұлттық әдеби тілі бұрын-соңды болмаған дәрежеде дамып, толысып, қоғамдық, халықаралық сипаты арта түскен әлуетті де беделді қатынас құралының біріне айналды деп түйе аламыз. Оның осындай сипатқа көшуі терминологиялық жүйенің дамуына тікелей байланысты.

8. Қазақ терминологиясының жасалуына ең басты екі арна, екі көз себеп болды: оның бірі – ұлттық тіліміздің өз сөз байлығы (ішкі мүмкіншілігі) да, екіншісі – әрқилы тілдік амалдар қолдану нәтижесінде қабылданған кірме сөздер. Бұларды іштей жіліктеп, бірнеше топқа бөліп қарауға да болады.

Құрылымдық жағынан терминдердің мынадай түрлері бар: түбір термин, туынды термин, күрделі термин, тіркесу арқылы жасалған термин т.т. термин, фразалық термин және номенклатуралық атаулар.

9. Қазақ тілінің сөзжасам амалдары терминжасам процесінде де актив қызмет атқарады. Терминжасамның уақыт сынынан өткен бірнеше тәсілдері бар. Олар мыналар: 1). Семантикалық немесе лексика-семантикалық тәсіл. Яғни жалпы әдеби тіл құрамындағы байырғы сөздерді, диалектизмдерді терминдік мәнде қолдану немесе бір саладан екінші салаға термин көшіру, нақты айтсақ, терминдендіру. Бұлар кейде сөздердің мағынасын кеңейту арқылы да, тарылту арқылы да жасала береді. 2). Морфологиялық немесе синтаксистік тәсіл. Мұның екеуін екі бөлек тәсіл есебінде қарастырса да болады. Өйткені бұл екеуінің де терминжасам құралдары осылайша бөліп қарауға татиды. Мысалы, морфологиялық тәсілдің терминжасамға

қатыстырылатын басты құралы – қосымшалар. Яғни қазақ тілінің түрлі сөзтүстегіш, сөз түрлендіргіш, мағына үстегіш жалғау, жұрнақтарының жалғануы нәтижесінде пайда болған терминдерді морфологиялық тәсіл арқылы жасалған термин дейміз. Сонда бір байқалған нәрсе бұрын сөзжасамдық қабілеті төмен делініп жүрген қосымшалардың терминжасам процесінде активтене бастауы. Мысалы, сөз жасауда өте жиі қолданылатын актив жалғау ретінде *-шы/-ші, -лық/-лік* ғана аталып жүрсе, біз қоғамдық ғылымдар терминологиясын, оның әсіресе соңғы он бес-жиырма жыл ішіндегі терминжасам процесін тексере келе *-ма/-ме, -кер/-гер, -ым/-ім, -ыс/-іс, -қы/-гі* жұрнақтарының да өнімді қызметін анықтадық. Және бұл морфологиялық тәсіл аумағына төл сөздер мен төл қосымшалар ғана емес, кірме сөздер мен кірме терминдер *(-ист, -изм)* де енеді.

Синтаксистік тәсіл де терминжасамның ең өнімді амалдарының біріне айналды. Сөздерді біріктіру, тіркестіру амалдары арқылы жасалатын бұл тәсіл қазақтың байырғы сөздеріне ғана емес, кірме сөздерге де тән заңдылық танытады. Бұл да тіл байытудың, оның ішінде ғылыми ұғымдарды терминдендірудің өте өнімді жолы болып есептеледі. 3). Қазіргі қазақ тілінің халықаралық сипаты бұрынғыдан әлдеқайда арта түскенін біз үнемі аңғара бермейміз. Шындығында тіл қуаты осы бір лексикалық қатардың төл туындыдай қабылдануына тікелей байланысты. Яғни қазіргі қазақ әдеби тілінің сөздік құрамын қайсыбір салалары бойынша саралап қарағанда, оның 70, 80 процентке жуығын осы кірме сөздер құрайтыны анықталып отыр. Оның ішінде ертеректе еніп, өзінің түпкі нұсқасын жоғалтқан араб, парсы сөздері де, бірен-саран орыс сөздері де бар. Ал орыс тілінен, сол арқылы европа тілдерінен енген халықаралық терминдер терминжасамның аса бір өнімді тәсілі мен көзі болып отыр. Осы тәсіл арқылы терминдердің неше алуан құрылымдық модельдері жасалды. Терминжасамның бұл тәсілі де зерттеу үшін қыруар қызықты материал бере алады. 4). Зерттеушілердің назарына түссе де, қолы бармай жүрген бір сала – терминдерді калькалау жолымен жасау, яғни калькалау тәсілі деп ойлаймыз. Терминжасам процесінде айрықша ролі бар бұл тәсіл арқылы тілімізде неше алуан жаңа қолданыс, мағыналық топтар, сөз жарату дағдысы пайда болды. Қазақ тілінде мұның да әлі аумағы мен шеңбері түгел анықталып, ғылым талқысына түскен емес. Бұл тәсіл бойынша өзге тілдегі ұғым мен түсініктің идеясы, мазмұны алынады да, ұлттық тіл құралдары тәсілдері арқылы жабдықталады. Соған байланысты алғашында калькалау арқылы пайда болған терминдік қолданыстар қазақ ұғымына тосындау көрінуі де ықтимал. Ал бірақ қолданыла келе сіңіп кеткен калька терминдердің есебі тіпті мол екені – бұл тәсілдің де қазақша терминжасамның сыннан өткен амалына айналғанына дәлел.

10. Сонымен қазіргі қазақ терминологиясы қазақ әдеби тілінің ең күрделі де қызықты, дербес тармағын құрайды. Оның өзіндік даму, қалыптасу жолдары, құрылымдық модельдері, тәсілдері, заңдылықтары бар. Тіл мәдениеті тұрғысынан бұлардың барлығы ескеріліп, сақталып отыруға тиіс. Бұл лексиканың тағы бір өзіндік ерекшелігі мынау: оны қоғам мүшелері саналы түрде саралап, реттеп, жүйелеп, қолданысқа келісе отырып енгізуіне болады. Мемтерминком тарапынан жарты ғасыр шеңберінде жүргізілген шаралар осының дұрыстығын дәлелдейді.

11. Арнайы лексиканың бұл саласы әлі түгел жинақталып, сараланып біткен жоқ. Бұған деген құштарлық күн санап артып отырған бүгінгі таңда және екітілділік проблемасы көтеріліп отырған жағдайда сала-сала бойынша терминологиялық сөздіктерді қайта түзіп, сериялы түрде баспадан шығаруды қолға алатын мезгіл жетті деп ойлаймыз. Сонымен бірге түркі халықтары тілдері терминдерінің салыстырмалы сөздігінің қажеттігін де байқадық. Осыған орай, туыс тілдердің терминологиялық жүйелерін өзара байланыстыра зерттеу мол нәтиже берер еді деген ойымызды да ортаға салғымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959. Ч. 1.

Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971.

Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі (Баспа нұсқалар тілі негізінде). Алматы, 1982.

Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1971. 2-басылымы.

Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Алматы, 1984.

Барлыбаев Р. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика (Мұғалімдер мен студенттерге арналған көмекші құрал). Алматы, 1978.

Бюллетень Госуд. термин. комиссии при КазНКП 5 мая, 1935 г., №1; 15 мая 1935 г. №2; 20 мая 1935 г. №3; 25 мая 1935 г. №4.

Вопросы развития литературных языков народов СССР //Материалы Всесоюзной конференции. Алма-Ата, 20-24 ноября, 1986 г.; Алма-Ата: Изд-во Акад. наук КазССР, 1964.

Вопросы терминологии//Материалы Всесоюзного терминологического совещания. М.: Изд-во АН СССР, 1961.

Дешериев Ю. Д., Протченко М. Ф. Развитие языков народов СССР в советскую эпоху. М.: Просвещение, 1968.

Жубанов К. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата: Наука, 1966.

Исаев С. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу, даму кезеңдері (Методологиялық талдау). Алматы, 1976.

Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы//Мерзімді баспасөз материалдары бойынша. Алматы, 1973.

Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. Алматы, 1983.

Қазақ тіл білімі мәселелері. Алматы, 1959.

Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963. 5-шығуы.

Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана (15—18 января 1958 года). Алма-Ата: Казгосизд., 1960.

Могучий фактор национального языкового развития. Фрунзе: Киргизстан, 1981.

Мусаев К. М. Лексикология тюркских языков. М.: Наука, 1984.

Орузбаева Б. О. Қыргиз терминологиясы. Фрунзе: Мектеп, 1983.

Өрелі өнер //Тіл мәдениеті туралы. Алматы, 1976.

Петров Н.П. (Николай Петрович) Чувашская терминология: Учебное пособие. Чебоксары, 1979.

Проблемы современной тюркологии//Материалы 11 Всесоюзной тюркологической конференции, 27—29 сентября, 1976 года. Алма-Ата: Наука, 1980.

Прогрессивное влияние русского языка на казахский язык. Алма-Ата: Мектеп, 1965.

Протченко И.Ф. Лексика и словообразование русского языка советской эпохи. Социолингвистический аспект. 2-е изд. допол.; Отв. ред. акад. Г.В. Степанов. М.:Наука, 1985.

Развитие казахского советского языкознания. Алма-Ата: Наука, 1980.

Развитие лексики современного русского языка. М.: Наука, 1965.

Развитие стилистических систем литературных языков народов СССР. Ашхабад: Ылым, 1968.

Развитие терминологии башкирского литературного языка: [Исследования и материалы]. Уфа, 1981.

Сауранбаев Н.Т. Проблемы казахского языкознания: [Избранные труды], Алма-Ата: Наука, 1982.

Сөз өнері: [Тіл мәдениеті туралы]. Алматы, 1978.

Тіл мәдениеті және баспасөз //Баспасөз тілінің мәдениеті жөніндегі ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 1972.

Урекенова Р.А. Образование терминов в казахском языке: (На материале относительных прилагательных). Алма-Ата: Наука, 1980.

Языкознание: Тезисы докладов и сообщений. Ташкент, 10-12 сентября 1980 г. Ташкент: Фан. УзбССР, 1980.

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

(Қоғамдық ғылымдар бойынша)

Абетов Г. Краткий русско-казахский словарь литературоведческих терминов. (Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі), Алма-Ата, 1962.

Абдиров М., Кулкашев Т., Толыбеков С. Русско-казахский словарь терминов экономики (экономика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі) //Русско-казахский терминологический словарь. Т. 7. Алма-Ата, 1962.

Агибаев. Русско-казахский терминологический словарь в помощь делопроизводству (іс жүргізушілерге арқалған орысша-қазақша терминологиялық сөздік). Алма-Ата, 1935.

Аманжолов К. Русско-казахский толковый словарь военных терминов (әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі). Алма-Ата, 1982.

Асаинов М., Жампеисов Е., Таникеев М. Русско-казахский терминологический словарь. Физкультура и спорт (орысша-қазақша терминология сөздігі). Физкультура және спорт //Русско-казахский терминологический словарь. Т. 8. Алма-Ата, 1962.

Аубакиров Ж., Казакбаев 0., Конкашбаев Г., Утемагамбетов М. Краткий русско-казахский словарь терминов физической географии (физикалық география терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі) //Русско-казахский терминологический словарь. Алма-Ата, 1959. Т. 1.

Аубакиров Г., Абдрахманов С., Базарбаев К. Русско-казахский толковый географический словарь (орысша-қазақша географиялық түсіндірме сөздігі). Алма-Ата, 1966.

Балкашев У. Русско-казахский словарь терминов философии (философия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі) //Русско-казахский терминологический словарь. Т. 7. Алма-Ата, 1962.

Географические термины (география терминдері) //Терминологический словарь. Алма-Ата, 1948.

Жарикбаев К.Б., Абдрахманов А. Русско-казахский словарь психологических терминов (психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі). Алма-Ата, 1976.

Жумабаев Ш. Термины истории (тарих терминдері) //Терминологический словарь. Алма-Ата, 1950.

Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов (тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі). Алма-Ата, 1966.

Кенесбаев С., Жанузаков Т. Краткий русско-казахский словарь лингвистических терминов (лингвистикалық терминдердің қысқаша орысша-қазақша сөздігі); Алма-Ата, 1956.

Койбагаров К., Ракимбеков Г. Русско-казахский терминологический словарь терминов педагогики и психологии (педагогика-психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі) //Русско-казахский терминологический словарь. Т. 4. Алма-Ата, 1960.

Култелеев Т.М. Термины юридических наук (юристік ғылым терминдері) // Терминологический словарь. Кн. 2. Алма-Ата, 1950.

Мусабаев Г., Сулейменова Б. Термины делопроизводства (іс жүргізу терминдері) // Русско-казахский терминологический словарь. Т. 6. Алма-Ата, 1961.

Мусабаев Г., Цунвазо Ю., Адайханов К. Русско-казахский военный словарь (орысша-қазақша әскери сөздік). Алма-Ата, 1942.

Насырова М. Краткий казахско-русский толковый словарь социально-экономических терминов (әлеуметтік-экономикалық терминдердің қысқаша орысша-қазақша түсіндірме сөздігі). Алма-Ата, 1968.

Насырова М. Русско-казахский краткий словарь социально-экономических терминов (әлеуметтік-экономикалық терминдердің орысша-қазақша қысқаша сөздігі). Алма-Ата, 1979.

Русско-казахский общественно-политический терминологический словарь (орысша-қазақша қоғамдық-саяси терминологиялық сөздік). Алма-Ата, 1974.

Русско-казахский словарь военных терминов (соғыс терминдерінің орысша-қазақша сөздігі). Алма-Ата, 1941.

Русско-казахский словарь терминов юриспруденции (заң терминдерінің орысша-қазақша сөздігі) //Русско-казахский терминологический словарь. Т. 4. Алма-Ата, 1960.

Русско-казахский толковый словарь юридических терминов. Алма-Ата, 1986.

Сайко А.Ф. Краткий русско-казахский толковый словарь эстетических терминов (орысша-қазақша эстетикалық терминдердің қысқаша түсіндірме сөздігі). Алма-Ата, 1972.

Словарь библиотечных терминов (кітапхана терминдерінің сөздігі). Алма-Ата, 1981.

Словарь наименований (атаулар сөздігі). Кзыл-Орда, 1931.

Термины общественно-экономических дисциплин (қоғамдық экономика пәнінің терминдері) //Терминологический словарь, Кн. I. Алма-Ата, 1948.

Термины социально-экономических дисциплин (әлеуметтік-экономика пәнінің терминдері). Алма-Ата, 1936.

Термины социально-экономических дисциплин (әлсуметтік-экономика пәнінің терминдері) //Терминологический словарь. Кн. 2. Алма-Ата, 1950.


Термины языкознания (тіл білімі ғылымының терминдері)//Терминологический словарь. Кн. 1. Алма-Ата, 1948.

Утвержденные термины и наименования (бекітілген терминдер мен атаулар). Алма-Ата, 1976.

Утвержденные термины и наименования (бекітілген терминдер мен атаулар). Алма-Ата, 1979.

III

ОСНОВЫ КАЗАХСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ



Книга посвящена исследованию проблем казахского терминологического словотворчества и этапов становления казахской терминологии. Рассматриваются способы, методы, практика современного терминотворчества. Систематизированы научные взгляды и подходы к проблемам казахской терминологии.

ГЛАВА I

ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ЯЗЫКА: СОСТОЯНИЕ ВОПРОСА

Общество, высоко оценивая язык как важнейшее средство общения в социальной жизни, пристально следит за его изменением и развитием.

Являясь одним из общественных явлений, он как в зеркале отражает социальные явления. Все, что происходило и происходит в обществе, находит свое место в языке, поэтому через лексику можно представить жизнь народа, а в развитии общества увидеть развитие языка.

Через развитие общества происходит и развитие языка. Однако уровень развития отдельных слов языка не одинаков. Некоторые из них не подвергаются большим изменениям (например, грамматические категории языка, звуковая система).

Рассматривая язык с этой точки зрения, приходишь к убеждению, что одним из показателей развитости языка является расширение и развитие социальной функции языка. Значительные изменения в развитие языка, в том числе и в его терминологический пласт вносят коренные преобразования в жизни народа, например, борьба против неграмотности, открытие новых учреждений, начальных школ, издание газет и журналов, красные уголки, красные юрты и т.д. дали толчок развитии новой лексики в казахском языке.

В этот период наблюдается не только усиление и развитие собственно казахской лексики, но и расширение международной лексики в казахском языке.

В словарный состав казахского языка вошли многочисленные заимствования, отразившие социальные реалии: *революция, коммунизм, социализм, интернационал, совет, министр, комитет, парламент, партбилет, радио, комсомол, коммунист* и т.д. Вместе с тем, в связи с развитием терминологии, расширились служебные функции, устоялись и конкретизировались, получили новое употребление и развитие многие казахские слова: *еңбекші, екпінді, күрес, жарыс, іс, тап, жиналыс, жоспар, белсенді* и др.

Сегодня процесс терминологизации продолжается, соответственно усиливается и общественная функция. Этот лексический пласт языка, обогащающий язык, расширяющий его функции, называется терминами.

Большую сложность в рассматриваемой теме представляет научное определение понятия термин. Хотя в решении данной проблемы имеется определенный успех.

В бывшем СССР проблемы терминологии рассматривались в системе международных и национальных терминов [1].

В условиях научно-технического прогресса рассматривать эту проблему иначе было невозможно. Терминологическая лексика общественных, естественных и технических наук идет по своему пути развития, и в связи с этим порождает ряд специфических проблем. Терминология, появившаяся для обозначения системы понятий с помощью языкового материала, является основой логического содержания науки, следовательно, терминология — это язык науки.

При исследовании данной проблемы в каждом языке выявляются соответствующие ему задачи. Нельзя сказать, что развившаяся в советское время терминология казахского языка полностью и всесторонне изучена.

При создании и упорядочении терминологической системы были попытки, отразившие международные свойства литературного языка и сыгравшие

практическую роль в удовлетворении временной необходимости. Однако ряд научных и теоретических проблем требуют более глубокого исследования. Это связано прежде всего с тем, что, во всех областях общественной жизни происходят коренные изменения, возрастает роль языка, особенно терминологической лексики, призванной правильно и точно отображать эти изменения и позволяющих им соответственно функционировать.

В литературе существуют общие представления о том, какие слова относятся к терминам, но в определении значения, состава, принципов образования терминов выявляются различные взгляды. В работах советских языковедов 1920–1930 гг. высказывалось мнение о терминах как о лексике способствующей развитию науки [2].

Что такое термин и терминология? Как отличить их от других слов лексического состава? Каковы его основные признаки?

Дать ответы на все вопросы, связанные с этим понятием, в одной работе невозможно. Попытаемся поэтому проанализировать существующую по данной проблеме литературу. Особая роль в разработке темы принадлежит А.А.Реформатскому, В.В.Виноградову, Н.А.Баскакову, Т.В.Степанову, С.Г.Бархударову, О.С.Ахмановой, П.Ф.Протченко [3].

Различные определения термина даются в научной и справочной литературе. Обратим внимание на определения в энциклопедических словарях с их точными и лаконичными дефинициями.

Советский энциклопедический словарь, изданный в 1980 году в Москве, дает следующие определения: "Термин, в римской мифологии божество границ. Праздник в честь Т — терминали"; "Термин (от латинского *terminus* — граница, предел), слово или сочетание слов употребляемое с оттенком специального научного значения".

3) заимствование терминов, образованных в русском языке путем сокращения букв компонентов КПСС, СССР, ТАСС, АПН, МХАТ, ГАИ, ЗАГС, ДОСААФ, ГЭС и т.д.; наименования деталей различной техники фото-, теле-, радио, инструментов, марки и модели медицинских и других отраслевых средств АН-24, ГАЗ-24, А-АТ, ТУ-104, ИЛ-62 и т.д.

Образование слов в составе лексики казахского языка из слогов и начальных букв некоторых компонентов особенно активизируется как способ образования терминов в период становления роста науки и техники. Однако нельзя сказать, что все термины-слова, образованные этим способом, соответствуют нормам казахского языка и стали употребительными. Потому что существуют множество слов, не нашедшего своего определенного места в процессе нормализации казахского языка и употребляющиеся в различных вариантах написания. Их систематизация на основе закономерностей языка, упорядочение и нормализация является одной из задач лингвистов. Анализ лексического состава современного казахского языка, показывает, что можно начать отбор терминов, относящихся к области общественно-политической жизни. Число русско-казахских терминологических словарей, выпускавшихся, начиная с 30-х гг., не охватывают всего объема общественно-политических терминов. Большинство из них появилось в советское время. Одни из них вошли в литературный язык, сохраняя свое международное содержание, другие сформировались в казахском языке различными путями в процессе перевода. Например, перечисленные ниже термины, сохранив свое первоначальное состояние, перешли в готовом виде и рассматриваются как казахские слова: *абонемент, автор, аксиома, аванс, авангард, автономия, баланс, банк, бюджет, бюллетень, бюро, валюта, ведомство, гимн, гвардия, декрет, делегат, депутат, дипломат, диалектика, диссертант, жюри, интервью, инфляция, канал, касса, кворум, конкурс.*

Перечень таких примеров можно продолжить. Международные термины и советизмы переводятся на казахский язык различными путями. Некоторые из них находят в казахском языке, другие соответствия, переводятся, или калькируются.

В большинстве своем они определяют современный казахский литературный язык, повышают его внутренние возможности. В результате тесного взаимодействия с русским языком раскрылись потенциальные возможности этих слов, намного расширивших служебную область языка.

Одним из продуктивных способов, появившихся в советское время, и связанных с оживлением процесса перевода, является калькирование. Особенно велика его роль в терминообразовании. В "Словаре лингвистических терминов" О.С.Ахмановой [9] калька определяется как лексическое заимствование. Существует несколько видов: лексическая, фразеологическая, синтаксическая. Подобное определение дано в словаре С.Кенесбаева и Т.Жанузакова. Они рассматривают его как перемещение из другого языка слов, словосочетаний или значения слова, например: *есімдік* — калька слова местоимения из русского языка. В 5 томе Казахской Советской энциклопедии дается более точное определение: *калька* (в языкознании: франц.) перевод через тонкую ткань или прозрачную бумагу; языковая единица, созданная в результате перевода из одного языка в другой — отдельное слово, словосочетание, фразеологизм, определение. Как видно, основным признаком кальки или слова, имеющего право называться калькой является перенесение значения из одного языка в другой или дословный перевод, Причем во втором языке у переведенной кальки должна сохраняться семантическая часть, порядок расположения компонентов, существовавших в первом языке. Кальки возникают в период расцвета письменности, а главная функция кальки выявляется при образовании терминологии национального языка.

Однако нужно помнить, что не все слова и словосочетания могут образовывать кальки, так, как у слов, подвергающихся калькированию, семантическое строение должно быть ясное и четкое, т.е. должна быть мотивировка, внутренняя форма, обоснование. Возможность калькирования появляется в двух различных случаях. Например, в одном случае с сохранением внешней формы морфемного строения слова из другого языка, во втором — путем погружения новым значением исконных слов. В связи с этим первую называют лексической, или формальной, калькой *(алғы шарт* — предпосылка, *аялдама* — остановка, *басылым* — издание, *қондырғы* — установка, *жарты арал* — полуостров), вторую — семантической, или смысловой *(жарыс* — соревнование, передающие политические понятия, *ақ* — белый, *қызыл* — красный, *үндеу* — призыв). Вместе с тем не все переведенные слова являются калькой. Например, *бастауыш* — подлежащее, *өнеркәсіп* — промышленность, *балмұздақ* — мороженое, это переводы, взятые условно. А сочетания *рухани байлық* — духовное богатство, *қанатты сөздер* — крылатые слова, *әдеби бейне* — литературный образ, *орталық шабуылшы* — центральный нападающий — относятся к калькированным сочетаниям и фразеологическим сочетаниям.

Калька играет значительную роль в терминообразовании. Свидетельство тому многочисленные примеры из художественной, общественно-политической литературы, учебников и учебных пособий. В настоящее время имеется большое количество терминов-слов, созданных в результате перевода этой литературы на казахский язык, в большинстве своем калькированные слова являются именами с предметным значением.

Термины, вошедшие в казахский язык путем калькирования, следует рассматривать в двух аспектах: как семантические кальки, т.е. не дословные переводы, а лишь передача основного значения корневого слова, и как структурно-

смысловые слова, т.е. дословный перевод. При этом вместе с передачей основного значения слова, сохраняются его неделимые части и синтаксическое строение.

К семантической (фонетической) кальке можно отнести такие слова, как *бесжылдық* (пятилетка), *шаңсорғыш* (пылесос), *қызыл жалау* — (красное знамя), и структурно-смысловые — терминологические сочетания — *еңбек күн* (трудодень) *тарихи материализм* (исторический материализм), *тап күресі* (классовая борьба), *қызыл бұрыш* (красный уголок), *сын және өзара сын* (критика и самокритика).

В структурном отношении в научной литературе выделяются: полная калька, полукалька, семантическая калька, структурная, морфемная. Последняя в практике встречается редко. По строению они могут состоять из одного или нескольких слов. Простые кальки-термины состоят из одного слова. Например, *екпінді* — ударник, *оқушы* — ученик, *оқытушы* — учитель, *тоңазытқыш* — холодильник, *бөген* — водохранилище, *өктеміші* — властелин, *шарт* — договор, *ежелгі* — древний, *басқыншы* — захватчик, *шапқыншы* — завоеватель, *бұратана* — инородцы, *жарыс* — соревнование, *аяқтама* — концовка, *кемеңгер* — корифей, *ұран* — лозунг, *ерлік* — мужество, *батырлық* — героизм, *батылдық* — смелость, *дағды* — навык, *есірткі* — наркотик, *шабуыл* — наступление, *зорлық* — насилие, *салт* — обряд, *отан* — отечество, *атамекен* — отчизна, *қайта құру* — переустройство (после съезда — перестройка), *өкілеттік* — полномочие, *ізашар* — предшественник, *ізбасар* — последовательность, *қызметкер* — сотрудник, *қызметші* — служащий, *келісім* — соглашение, *жалдап* — спекулянт, *сұраным және ұсыным* — спрос и предложение, *сөре* — старт, *мәзге* — финиш, *мән* — сущность, *мазмұн* — содержание, *еңбеккер* — труженик, *құрылғы* — устройство, *бопса* — шантаж, *дәуір* — заман, *ғасыр* — век, *кезең, кез, мезгіл, дәуір* — период и т.д.

К сложному термину — кальке относятся *қолтаңба* (автограф), *тастама баға* (бросовая цена), *гүлшанақ* (бутон), *төбе топ* (верхушка), *өзіндік зат* (вещь в себе), *біздің зат* (вещь для нас), *бейне жазба* (видеозапись), *қайта өркендеу* (возрождение), *үстеме жоспар* (встречный план), *азамат соғысы* (гражданская война), *Екі мәрте Совет Одағының батыры* (дважды герой Советского Союза), *Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері* (дважды герой Социалистического труда), *лауазымды* (должностное лицо), *ежелгі заман* (древность), *біржолғы жәрдем* (единовременное пособие), *біркелкі нарық* (единая расценка), *бір мәнділік заңы* (закон однозначности), *терістеуді терістеу* (закон отрицания), *себептік заңы* (закон прочности), *сапа белгісі* (знак качества), *білікті маман* (квалифицированный специалист), *жансыз еңбек* (мертвый труд), *аңғал материализм* (наивный материализм), *адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы* (новая историческая общность людей), *қоғамдық адамгершілік* (общественная нравственность), *төлтума әдебиет* (оригинальная литература), *еңбек туралы* (орудие труда), *аударма әдебиет* (переводная литература), *өкілетті әкіл* (полномочный представитель), *соқыр нанымдар* (предрассудки), *кемелдеген социалистік қоғам* (развитое социалистическое общество), *астам держава* (сверхдержава), *жиынтық жоспар* (сводный план), *үлгі норма* (типовая норма), *үшінші дүние* (третий мир), *ой тұжырымы* (умозаключение), *ой болжамы* (умозрение) и т.д.

Как видно из приведенных примеров, калькируются все слова сложных терминов, иногда сохраняются лишь некоторые компоненты, т.е. заимствуются в первоначальном виде *(аңғал материализм, социалистік жарыс, коммунистік енбек, партия ұйымы, әлеуметтік статус, астам держава, қоғамдық формация).*

В последние годы увеличилось употребление терминов в виде словосочетаний, созданных на основе русских и международных терминов: *халықаралық жағдай* (международное положение), *ғылыми зерттеу жұмысы* (научно-исследовательская работа), *халықты бақылау тобы* (группа народного контроля), *бастауыш ұйым* (первичная организация) и т.д.

В процессе словообразования вообще, терминообразования, особенно, способ калькирования является одним из наиболее продуктивных и тем не менее роль калькирования в процессе терминообразования до сих пор мало исследована.

В ходе формирования казахской терминологии с помощью перевода терминов заимствуются и аффиксы из русского языка. Например, суффикс *-ист* в словах "коммунист", "марксист", "юрист", "криминалист", суффикс *-изм* в словах "коммунизм", "социализм", "ленинизм", "марксизм" относились к активным аффиксам современного казахского языка. Без их заимствования было бы трудно объяснить многие положения марксизма-ленинизма и коммунистической идеологии. По этой причине многие термины не поддающиеся переводу, были перенесены в казахский язык без перевода.

Эту идею, т.е. идею использования терминов без особых изменений свое время поддерживал и классик новой казахской литературы С.Сейфуллин [10]. Это доказывается ходом развития языка. Закономерности жизни выдвинули два принципа образования терминов. Кроме того, это оказалось единственным правильным направлением. Принявшие этот принцип правильно поняли закономерности развития языка и поэтому были впереди с марксистами. Их невозможно было остановить.

Как было сказано выше, первые термины в казахском языке появились в конце XIX — начале XX в.

В основе же своей научная и общественно-политическая терминология сформировалась в советский период, отразив изменения в социальной, общественной и культурной жизни казахского народа.

Сегодня трудно представить казахский язык без слов, как *академик, доцент, экспедиция, профессор, университет, лаборатория, ассистент, институт, экспедиция, лаборант, эксперимент.* Они прочно вошли в казахский язык, сохранив при этом свойства международных терминов. Такое заимствование научных понятий было уместно и благоприятно. Влившись в наш язык они получили развитие и широкое употребление в литературном языке, особенно в научных произведениях, в речи научных работников.

В области техники развитие терминологии шло не только по пути заимствования из русского и через русский язык, но открыло большие возможности казахской лексики.

Слова и словосочетания в словарном составе казахского языка, обозначающие понятия из области промышленности, техники называются техническими терминами. По сравнению с научными они используются более широко: в повседневной речи специалистов, инженеров и рабочих отраслей.

Большое число терминов, образованных на основе исконно казахской лексики принадлежит сельскохозяйственным отраслям. Это связано с образом жизни и хозяйственной деятельностью казахов, издревле занимавшихся животноводством, земледелием, охотой, рыболовством. Особенно много таких терминов в отраслях животноводства. Но в связи с механизацией, мелиорацией и т.д. и в эти отрасли

пришла международная терминология — *машина, трактор, агрегат, молотилка, ауыспалы егіс* и т.д.

Развитие науки, техники, экономики, культуры, образования общественной жизни республики внесли новые понятия и новые их обозначения в языке.

Однако терминологическая часть современного казахского языка не остается неизменной. Сегодня процесс ее совершенствования, формирования, продолжается вместе с изменением общественно-политических и социальных реалий.

Следовательно, терминологическая система имеет собственную историю роста, формирования и развития, а значит и историю ее изучения.

---

1. *Даниленко В.П.* Русская терминология. Опыт лингвистического анализа. М., 1977. С. 90.

2. *Винокур Г.О.* О некоторых явлениях словообразования в русской терминологии // Тр. МИФЛИ, №1939. С. 24.

3. *Будагов В.А.* Терминология и семантика // Вестник МГУ, 1972. №5. С.43.

4. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. А., 1966. С. 155.

5. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. А., 1964.

6. *Ысқақов А.* Қазақ тілінде кейбір жұрнақтардың қолданылу аясы мен қызметінің кеңеюі жайында // Тіл мәдениеті және баспасөз. А., 1972.

7. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. А., 1967. Кн. 1. С. 46.

8. Там же.

9. *Ахманова О.С.* Словарь лингвистических терминов. М., 1966.

10. *Сейфуллин С.* Шығармалары. 5 т. С. 447-448. 113.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

В данной работе терминология рассматривается не только как часть литературного языка, а как самостоятельный, ключевой раздел в лексикологии. Если в основе государственного языка лежит письменный литературный язык, то его сердцевиной является терминология и научный язык. Эти два понятия мы будем рассматривать в совокупности, поскольку терминология способствует развитию и становлению научного языка. Терминологическая система в свою очередь пополняется новыми лексическими единицами из научного языка. Изменения в терминологической системе отражаются в основном на страницах печати, научных журналах и статьях, учебниках, учебных пособиях.

Известно, что именно научный язык является той средой, где формируется терминологическая система. Она не замыкается в самой себе, подпитываясь лексикой литературного языка. Об этом свидетельствует состояние терминологии, начиная с 20-30-х годов до нашего времени.

Целью нашей работы является рассмотрение казахской терминологии в историческом аспекте, пути его формирования, периоды становления и развития; его современное состояние и направление, а также выявление его роли в обогащении научного языка.

Остановимся на нескольких основных моментах:

1. Под термином мы подразумеваем различные понятия, обозначаемые словами. Какое бы понятие не обозначал термин, какой бы смысл он не нес, он должен обозначать один единственный смысл.

2. Семантической особенностью термина является то, что он сохраняет значимую цельность.

3. Составляющими термина являются корень, аффиксы, слово целиком. Его особый знак — символ.

4. В терминологии лексико-семантические изменения часто связаны не с чисто лингвистическими процессами, а с экстралингвистическими. Терминология тесно связана с развитием науки и жизни и с появлением новых понятий. Таким образом, терминология формируется соответственно законам общественного развития и является его отражением.

5. В настоящий период богатство любого языка, в том числе казахского, не возможно познать без его терминологической системы.

6. Этот пласт лексики связан с понятиями прошлого, настоящего и будущего, являющимися в языке отражением новых понятий и явлений.

7. Терминологическая система постоянно пополняется за счет лексики литературного языка.

8. Становление казахской терминологии связано с развитием социальной, политической и культурной жизни нашего общества.

9. Развитие терминологии можно разделить на два периода. Первый период — вторая половина XIX века до Октябрьской революции, а второй период — с Октябрьской революции до наших дней.

10. В культурной жизни казахского народа вторая половина XIX века оказала благотворное влияние на прогрессивное развитие языка. В этот период впервые появляются печатные издания. Статьи газет и журналов того времени "Дала уалаятының газеті", "Түркістан уалаятының газеті", газета "Казах", журнал "Айкап" отражают состояние терминологической лексики.

11. Материалы, напечатанные в этих изданиях, в основном были переводные, поэтому появление терминов в казахском языке часто было связано с их переводами с русского языка.

12. В этот период создание терминов происходило стихийно. Каждый автор статей газет и журналов употреблял свои собственные термины.

13.В создании казахской терминологии большая роль отводится А.Байтурсынову, которого можно считать "отцом" казахской терминологии.

14. В понятие "казахская терминология" заложен очень емкий смысл. Он охватывает лексику, отражающую различные явления разных областей знаний науки и техники, средств массовой информации, радио, телевидение, политической, художественной и специальной литературы и т.д. Поэтому в данной работе рассматриваются только общественно-политические и гуманитарные термины.

15. По общественно-политическим и гуманитарным наукам, начиная с 20-х годов до наших дней, были изданы около 40 двуязычных терминологических словарей. Около 30 из них были перенесены в ЭВМ и реестр общественных и гуманитарных терминов, который составил более 67 000 слов.

Кроме того, начиная с 1982 года, Отделом терминологии и теории перевода были созданы около 500 тысяч карточных фондов, которые ждут своего анализа.

16. Научное исследование терминов начинается с 30-годов, когда при Народном Комиссариате был создан Академический центр, а при нем методическое бюро, где вопросами терминологии занимался известный языковед К.Жубанов. С 1935 г. при Совете Министров КазССР была создана Государственная Терминологическая комиссия, которая в настоящее время находится при Кабинете Министров Республики Казахстан.

17. Формированию и становлению казахской терминологии способствовал письменный язык. Если бы не было письма, вопрос о терминах вообще не поднимался бы. В истории казахской культуры в течение короткого периода сменилось три вида письма, основанного на арабской графике, латинице, кириллице, что представляет богатый материал в исследование терминологической лексики казахского языка.

18. В формировании и становлении терминов велика роль перевода, особенно с политической, художественной и научной литературы, а также с различных учебных пособий.


Долгое время перевод тесно связывали с литературоведением. А в языкознании эту проблему впервые подняли известные лингвисты К.Жубанов, С.Аманжолов, на теории которых мы опираемся в своей работе.

19.Общественные и гуманитарные науки в наше время разделились и развиваются своими собственными путями, каждая из них имеет свою терминологическую систему. Но терминологические системы этих наук еще недостаточно изучены. Поэтому в этой области необходимо научные исследования, по различным общественным и гуманитарным наукам (языкознание, литературоведение, философия, юридические науки и т.д.).

20. В становлении казахской терминологии каждый исторический период оставил свой след, как например, поголовное преодоление безграмотности населения, конфискация, коллективизация, создание колхозов, новая экономическая политика, индустриализация, защита Отечества, пятилетние планы, стахановщина, поднятие целины, полеты в космос, интенсификация, перестройка, независимость, самостоятельность государства и т.д.

IV

АУДАРМАДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС



Еңбек
көркем аударма
проблемасының нақты
бір мәселесі – фразеологизмдерді, оның ішінде
М.Горький шығармаларындағы тұрақты тіркестерді
ана тілінде берудің жолдарын зерттеуге арналған.
Бұлардың күнделікті аудармашылық істе бірізге түсіп,
қалыптаса бастаған бірнеше жолдары көрсетілген.
М.Горький фразеологизмдерін аудару арқылы ана
тіліміздің стильдік мүмкіндіктерінің ашыла,
молая түсуі нақты мысалдармен
дәйектелген.

КІРІСПЕ

Жер бетінде ежелден өмір сүріп келе жатқан халықтардың көбі осыдан жарты ғасыр бұрын бір-бірінің дүниеде бар екені жайлы да бейхабар болатын. Бірақ дүниені дүрліктірген ұлы оқиғалар бүйығып жатқан елдердің өміріне орасан өзгерістер әкелді. Ғылымның, техниканың дамуына байланысты халықтар арасындағы кеңістіктер жақындасып, қашықтықтар қысқарды. Енді адамдар өз үйінен алысқа ұзамай-ақ бір-бірін біле бастады. Осының нәтижесінде ортақ мүдде, бірегей мақсат, бірегей сөздер пайда болды. Бірақ адамдар тілінің әр түрлілігі бұрынғы қалпынша қала берді де, халықтар достығының дәнекері ретінде аударма өнері жандана бастады.

Аударма араласпайтын, аударма қатыспайтын мәдени өмірдің бірде-бір саласы жоқ.

Аударма деген сөздің ауқымы (аумағы) кең. Бір тілден екінші тілге өлең, көркем проза, ғылыми және ғылыми-көпшілікке арналған әрқилы еңбектер, дипломатиялық документтер, іс қағаздары, саяси қайраткерлердің мақалалары мен шешендердің сөздері, газет материалдары т. т. толып жатқан дүниелер аударылуы мүмкін. Мұның бәрінде де аудармашыға қойылатын талап аударма теоретиктерінің[1] айтуынша екі ыңғайда көрінуге тиіс.

1) Аударманың мақсаты — түпнұсқа тексін тіл білмейтіндерге таныстыру;

2) Ал аудару дегеніміз — өзге тілдің құралдарымен баяндалған текстi екінші тілдің құралдарымен барынша толық, әрі дәл жеткізу деген сөз.

Шынында, аударма өнерінің мәселелерін жан-жақты талдап беру қиын. Өйткені "нельзя объять необъятное" деп Козьма Прутков айтпақшы аударманың сала-саласын бір шағын жұмыстың көлемінде түгел тексеру мүмкін болмас еді.

Аударма осы заманның өз мұқтаждығына сай туған өнер. Оның мәселелерін қарастыру деген сөз — дүниежүзі халықтарының ынтымақ, бірлігінің жаршысы болу деген сөз. Өйткені халықтардың өзара қарым-қатысының күшеюі, бір-бірімен жақындасуы заманымыздың жарқын белгілерінің бірінен саналмақ.

Халықтардың өзара ынтымағы мен достығынан туындап жатқан жарқын ойлар мен жалынды істер лаулағанда "ошақ басында отырып қалу" жөн емес. Ендеше ұлттық мәдениетіміздің даму, өркендеу жайы оның интернационалдық сипатына тікелей қатысты екеніне дау жоқ.

Дарқан мәдениетіміздің бір ұшы аудармаға ойысып жатады. Мәдени өміріміздің қандай бір саласын алсаңыз да, аударма араласпаған, аударма қатыспаған түрін табу қиын. Осыдан келіп біз барша адамзат мәдениетін біріне-бірі жалғаса, ұласа жарасып жатқан байтақ жазира деп ұғар болсақ, соған дәнекер, оны селбестірер әр жұрттың қолындағы пәрменді құралдың бірі — аударма екенін айқын аңғарамыз.

СССР-да жүзден аса ұлт өмір сүреді. Ұлы Отанымыздың осы көп ұлттық құрамы аударма мәселелерінің мән-маңызының қаншалықты екенін танытса керек. Совет Одағын мекендеген өзге туыс халықтар сияқты қазақ халқы үшін де аударма атқарып отырған қызмет ерекше бағаланары сөзсіз.

Біз бүгінгі таңда марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, дүниежүзі мәдениетінің асқан үлгілерін өз ана тілімізде оқи алатын дәрежедеміз. Прогрестік мәні өзгеше бұл процесс негізінен ұлы орыс тілі арқылы іске асып жатқаны кімге болса да анық. Қай тілдің, қай халықтың болмасын көптің рухани жан дүниесін

[1] А.В. Федоров. Основы общей теории перевода. М., 1968, стр. 15.

байытар қазынасын біз ұлы орыс тілі арқылы меңгерудеміз. Қазір орыс тілінен аударылған сансыз дүниелерді қарап шықсақ, біз ғылым саласында да, көркем әдебиет саласында да әлемнің төрт бұрышында болған, болып отырған небір оқиғалардан оймен, көкірек көзбен көңілге түйер дәрежеге жеткен екенбіз.

Бүгінгі тірлігімізге, тынысымызға ауадай қажет не түрлі рухани азықты орыс тілі арқылы алып отырмыз. Аударма бізді орыс халқының шалқыған мәдениетінің түпсіз мұхитына еркін жүздіріп, телегей сезімге бөледі.

Осыған қарағанда, аударманың біздің мәдени өмірімізден алатын орны орасан зор екені өзінен-өзі байқалады.

Белгілі бір ұлт әдебиетінің даму дәрежесін, заңдылықтарын білу үшін де оны көрші әдебиеттермен байланыстыра зерттеуге тура келеді. Мәселен, қазақ әдебиеті мен әдеби тілінің бүгінгі деңгейге дейінгі даму өрісін орыс әдебиеті мен тіліне байланыстыра қарамасақ, көп мәселеде олқы түсер едік. Ал сол өзара байланыс, қарым-қатынас дегеніңіз аударма арқылы жүзеге асатыны анық. Мұндай қарым-қатынастың әдебиет пен тілге тікелей әсері болары тағы да анық.

Аударма, сонымен бірге, туған әдебиетіміздің эстетикалық мүмкіндіктерінің молаюына, әдеби тіліміздің байи түсуіне айрықша әсер етеді. "Переводы необходимы и для образования нашего еще не установившегося языка; только посредством их можно организовать из него такой орган, на коем можно будет разыгрывать все неисчислимые и разнообразные варианты человечеокой мысли"[2], — дейді В.Г.Белинский. Көптеген тіл білімпаздарының, әдебиетші ғұламалардың зерттеулеріне қарағанда, Белинскийдің осы пікірді айтқан уақытынан бері орыс тілі ең бай тілдердің біріне айналып отыр. Мұнда аударма әдебиеттің алатын үлесі мол.

Марксистік гнесеологиялық көзқарас бойынша әр тілде сөйлейтін халықтар мекен еткен әлемді және сол халықтардың мәдени мұрасын танып білу тек аударма арқылы мүмкін. Әрине бұдан кез келген аударма түпнұсқаны толығымен танытар дәрежеде деген қорытынды жасалмауы тиіс. Сонда да кез келген аударма, оның ішінде, әсіресе, көркем аударма басқа тілдің амалдарымен жасалған шығарманы екінші тілдің құралдарымен қайта жасау болып табылады. Бұл процесс әр алуан халықтардың өзара қарым-қатынасы негізінде тарихи дәлелденген және жасалған тәжірибелер мұның әбден мүмкін екенін көрсетіп отыр. Ал енді бұл аудармалардың сапасы, салмағы т. б. түрлі қасиеттері деген мәселенің бәрін көркем аударманың теориясы тексеруге тиіс. Аударма теориясы осындай қажеттіліктен келіп туған.

Біздің негізінен көңіл қойып отырғанымыз — көркем аударма. Яғни көркем әдебиеттің екінші елге сапары жайлы деп те айтса болар еді мұны.

Аударманың тарихына үңіліп қарасақ, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ұғысу, жақындасу ниеті ертеден-ақ пайда болған сияқты. Оған дәлел — әр жұрттың өмірінде замандар бойы жалғасып келе жатқан аударма өнерінің үлгілері. Әсіресе, аударманың өзге үлгілерінен гөрі көркем туындылары бір халықтан екінші халыққа, бір тілден екінші тілге жеделірек жетіп отырған. Халықтың рухани тілек-талабынан келіп туған өзге елдің көркем шығармаларын аудару процесі келе-келе өзіндік принциптері мен қағидаларын алға тартады. Аударудың әрқилы тәсілдері мен заңдылықтары бой көрсетеді.

Сөйтіп бір халықтың әдеби мұрасын екінші елдің рухани қазынасы етуді мұрат тұтқан адам аудару үстінде екі тілдің өзді-өзіне ғана тән неше алуан ішкі

---

[2] В. Г. Белинский. Полное собрание сочинений, т. I. М., 1953, стр. 130.

заңдылықтарының сырына үңіліп, аударудың өзіндік заң-жобаларын түзе (сыза) бастайды. Әрбір тіл арасында аударма арқылы болып жататын неқилы салыстыру, салғастыру дегендердің бір жүйеге түсіріліп, сарапануы қажет екенін ертеден ұққан азаматтар осы жөнінде өз пікірлерін айтып, жазып отырған. Мәселен, дүниежүзілік мәдениеттің алтын қорын аралап кетер болсақ, сонау ертедегі Рим дәуірінің алыптары — Ливий Андроник, Цицерон, Гораций, Квинтилиан т. б. бастап, жиырмасыншы ғасырға дейінгі аударма проблемаларына арналған сан алуан теориялық пікірлердің болғанын тарихтан білеміз.

Сол дәуірлер сырын танытатын бұл қағида, көзқарастардан аңғарылған бір нәрсе: аударманың қай дәуірде болмасын қоғамда үлкен рөл атқаратыны. Яғни қоғам дамуындағы әрқилы өзгерістердің жүзеге асуына аударманың да елеулі қызметі болғанын Ф. Энгельстің мына бір сөзінен аңғаруға болар еді: "Своим переводом библии Янтер дал в руки плебейскому движению ощное орудие... Крестьяне всесторонне использовали это орудие против князей, дворянства и попов"[3].

Әрбір дәуірдің дамуына қарай аударманың әрқилы принциптері бой көрсеткен. Сонау ерте дәуірдің өзінде-ақ еркін аударма мен сөзбе-сөз аударма пайда болған. Әріпқойлық діни әдебиеттерге деген "киелі" көзқарастар негізінде қалыптасса, еркіндік римляндықтардың гректің бай әдебиетінен үйрену талабынан туса керек. Шындығында, тарихқа жүгінсек, сол кезеңде грек әдебиетінің римляндықтар әдебиеті мен тіліне тигізген әсері ұшан-теңіз. Бұдан ұғатынымыз: аударманың тіл мен әдебиетке тигізер әсерінің қай кезде де мол екендігі. Тағы бір ескеретін нәрсе, сонау ерте кезде-ақ бой көрсеткен аударманың бұл екі тәсілі күні бүгінге дейін ұласып келе жатқаны. Көп дау, талас-тартыс осы екі принцип маңында өрбиді.

Қайта туу (эпоха Возрождения) дәуірі творчестволық істің жаңа мұраттары мен түрлерін тарата отырып, аударманың рөлін көтеріп тастады. Бұл кезде Германияда аударманың әрқилы принциптері көріне бастайды. Тіпті бөтен тілдің синтаксисіне дейін жеткізуді талап еткендер (Никлос фон Виле) де, қайта өңдеуге дейін баратын еркіндікті талап етушілер (Генрих Штеинхавель, Альбрехт фон Эйб) де болған. Англияда поэтикалық түрлердің қандайын болмасын ұлттық өңге айналдыру арқылы әдебиетін дамыту ағымы болған екен.

Францияда аударма патша сарайындағы аристократтар талғамына лайықты жасалып отырған. Яғни еркін аударма етек алған.

Әрқилы елде әр алуан принциптері қалыптаса бастаған аударма тәжірибесін түбегейлі тексеріп, оны ғылым ретінде теориялық жүйеге салып қарастыру қажеттігі осылай келіп туды.

* * *

Аударма мәселесіне арналған алғашқы теориялық еңбектер XVIII ғасырда шыға бастаған. Мәселен, Германияда—Хоттингердің "Нечто новейшей фабрикации переводов из греков и римлян" деген, Англияда — Тайтлердің "Эссей о принципах перевода" деген еңбектері жарық көрген. Мұның соңғысын, жақсы аударманың негізгі принциптерін анықтап берген (түпнұсқаның идеясын, стилін және жазу мәнерін беру. — Ө.А.) еңбек ретінде аудармашылар мен теоретиктер күні бүгінге дейін пайдаланып жүр. Осы еңбектер шыққан кезеңде аударма және аудармашылар

[3] Г. Гачечиладзе. Проблемы реалистического перевода. Автореф. докт. дисс. Тбилиси, 1961.

жөнінде екі түрлі пікір болған сияқты. Оның бірі — түпнұсқа авторын аудармашы еліне алып келіп, өз жерлесі ету де, екіншісі, керісінше, аудармашының автор еліне көшуі. Автордың жағдайымен түбегейлі танысу үшін оның еліне бар дейтін принципті немістің ұлы ақыны Гете ұстанған.

Батыс Европа мәдениетінің тарихынан аударма теориясына қатысты әрқилы пікір айтып, еңбек жазған талай ғұламаларды (мәселен, аударманы "шешуі жоқ жұмбақ" деп ұғатын Гумбольдт, "перевод — смерть понимания" дейтін Мориц Гаупт, "автордың жанын беруге тырыс" дейтін Шлейермахер т.б.) келтіруге болады.

Аударма теориясын сөз еткенде, оның қалыптасуына тікелей қатысы бар ұлы орыс мәдениеті өкілдерінің пікірлеріне тоқтамай өте алмаймыз. Россияда алғаш еркін аударма принциптерін қолдап, сол жайында пікір айтқан Ломоносов, Сумароков, Тредиаковский, Державиндер, т. т.

"Переводчик прозы — раб, переводчик поэзии — соперник" деген әйгілі қағидасымен орыс аударма өнерінде өзінің айтулы ізін қалдырған В.А.Жуковскийдің жөні бір бөлек.

А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов айтқандарынан аударма теориясына негіз боларлық және соның дамуына едәуір септігін тигізген жайды аңғарамыз. Сондай-ақ, Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Писарев сынды сыншылардың аударма жөніндегі қағидалары өз алдына бір бөлек зерттеу объектісіне лайықты дүние. Бұлардың соңынан акад. Веселовскийдің үлгісі шықты. Осы мектептің өнегесін үлгі тұтқан аудармашылар саны молайды. Алайда, қайсыбір зерттеулерге жүгінсек, бұлар жасаған аудармалардың біразынан түпнұсқаны орыстандыру, творчестволық ерекшеліктер жағынан кедейлену айқын байқалар еді.

XIX ғасырдың соңғы кезеңінде тіл білімінде үстем бола бастаған декаденттік ағым мен психологизм аудару өнеріне деген пессимистік көзқарасты таратып жіберді (Потебня). Ал түрге әуестенушіліктің қашан да әркімнің өз басының талғамына лайықты аударма жасауға итермелейтінін аударма тарихынан білеміз. Жалпы Ұлы Октябрь революциясына дейінгі аударма теориясына қатысты пікірлердің қысқаша шолу жасағандағы сипаты осындай. Осы қысқаша шолудың өзінен-ақ аударма өнері ғылым ретінде қалыптасып, оның принциптері, өзіндік заңдылықтары теориялық тұрғыдан тексеріліп, жүйелі жолға салынбағанын анық аңғаруға болады.

Аударманың бүкіл халықтық сипатқа ие болуы А.М.Горький есіміне тікелей байланысты. Советтік Россияны мекен еткен халықтар әдебиетінің тамаша үлгілерін баршаға ортақ қазына ету талабы аударма процесін бұрынғыдан әлдеқайда жандандырып жіберді. Алексей Максимович ұлттар әдебиетінің орыс тіліне аударылуын ғана емес, олардың бірінен-біріне аударылуын да арман етеді. Аударма ісінің бүкілхалықтық мәні бар мәселе екеніне қатты көңіл бөле отырып, ол аудармашыларға қатаң талап қояды. Аудармамен айналыса бастаған творчество өкілдеріне, бұл мәселенің принциптері мен қағидаларын қарастырып, теориялық еңбек жазуын тапсырады. Өйткені бұған дейінгі аудармаларда әркімнің қалауынша әрқилы жасалған жарамсыз үлгілер көп болатын. Олардың көбін қайта олға алып, ғылыми негізде қайта жасау қажеттігі туды.

Мұндай аса жауапты мәселенің дұрыс жолға қойылуы үшін аудармашыларды аударманың ең қарапайым да түсінікті қағидаларымен қаруландыратын теория керек еді. Сөйтіп, 1919 жылы аударма теориясының әліпбиі жасалды. Мұны

алғаш қолға алған аударманың аса көрнекті теоретиктерінің бірі, ол кездегі жас әдебиетші К. Чуковский[4] болатын. Кейін бұл еңбек әлденеше толықтырылып, жаңартылып басылып отырды[5].

Аударма теориясына қатысты алғашқы еңбекті жазар алдындағы қиындықты К. Чуковский былай есіне алады:

"Однажды Алексей Максимович, во время заседания нашей коллегии обратился ко мне с вопросом, с каким обращался к другим:

— Что вы считаете хорошим переводом?

Я стал в тупик и ответил невнятно:

— Тот... который... наиболее художественный...

— А какой вы считаете наиболее художественным?

— Тот... который... верно передает поэтическое своеобразие подлинника.

— А что такое верно передать? И что такое поэтическое своеобразие подлинника?

Здесь я окончательно смутился"[6].

Міне, сол алғашқы кітапша шыққан жылдан бері аударманың мәселелерін әрқилы көзқарастар тұрғысынан қарастырған әр алуан еңбектер пайда болды[7]. Аударма өнерінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын таратып, талдай алатын тамаша теоретиктер өсіп жетілді. Олар — М.П.Алексеев, А.В.Федоров, Г.Гачечиладзе, И.А.Кашкин, О.Кундзич, А.В.Кунин, Ю.Д.Левин, П.М.Топер, Я.И.Рецкер, В.М.Россельс, В.Е.Шор, т. б.

Советтік Қазақстанда да аударма мәселесіне байланысты біраз еңбектер жарияланды[8]. Республикамызда шығатын барлық газет-журналдарда аударманың түбегейлі мәселелері туралы үзбей ғылыми ой-пікірлерін жазып келген М.Әуезовтің, М.Қаратаевтың, С.Талжановтың, Ә.Сатыбалдиевтың, Т.Әлімқұловтың, Ә.Ипмағамбетовтың, Е.Букетовтың, Қ.Қанафиеваның, А.Жовтистің, Е.Ғабдіровтың, Ш.Сарыбаевтың, Ә.Нұрпейісовтың, М.Әлімбаевтың, С.Нұрышевтың т.б. ұсынып отырған қағидалары бұл проблеманың ғылым ретінде қалыптасуына едәуір септігін тигізгені мәлім.

Бұларға қоса аударма проблемаларына арналған Бүкілодақтық, республикааралық, республикалық кеңес-мәжілістер көптеген күмәнді, түсініксіз жайларды теориялық тұрғыдан ғылыми талқыға салып, саралап шықты. Әрине бұл мәжілістер аударма теориясының әр алуан мәселелерін түбегейлі шешіп берді деп айту ертерек. Алайда ден қоюға тұрарлық бір ақиқат, аударма өнерінің бүгінгі таңда филология ғылымының ерекше бір саласы ретінде танылып, оның даулы-даусыз мәселелерінің нақты ғылыми жолмен тексеріле бастауы. Дәлелдеме, дәйектемелерге негізделген мұндай ғылыми бағыт аударма проблемасының көптеген мәселелерін нақтылы

---

[4] К. И. Чуковский, А. Федоров. Искусство перевода. Л., 1930.

[5] К. И. Чуковский. Искусство перевода. М.— Л., 1936; Высокое искусство. М., 1941; Высокое искусство. О принципах художественного перевода. М., 1964; Высокое искусство. М., 1968.

[6] К. И. Чуковский. Высокое искусство. М., 1968, с. 7.

[7] М. П. Алексеев. Проблемы художественного перевода. М., 1961; А. В. Федоров. О художественном переводе. Л., 1941; Введение в теорию перевода. М., 1953, 1958; Основы общей теории перевода. М., 1968; Н. Б. Аристов. Основы перевода. М., 1959; "Мастерство перевода", 1959, 1962, 1963, 1963—1964, 1964—1965, 1966, 1967—1968, 1969, 1970, 1973.

[8] Бұл жөнінде С. Талжановтың "Көркем аударма туралы" (1962) кітабы мен Ә.Сатыбалдиевтың "Рухани қазынасын" (1965); М. Әлімбаевтың "Өрнекті сөз — ортақ қазынасын" (1967); Қ. Сағындықовтың "Көсемнің асыл мұрасын" (1970); "Материалы регионального совещания по переводу..." (1960) жинағын қарауға болады.

шешуге, сөйтіп аудармашыларға қиындық туғызып келген кейбір жайттар жөнінде қажетті принциптерді ұсынуға едәуір септігін тигізгені хақ.

Бұл үлкен проблеманың қағидаларын талдап беруде әрқилы көзқарастар күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Аударма өнерінің мәселелерін тексеруде әрқилы ғылым саласы келіп түйісіп жатады. Әдебиет, тіл, психология, тарих, этнография, математика, т. т. Мұның ішінде аударманың өзіндік объекті (егер осылай айтуға болса — *Ө. А.)* тіл мен әдебиет болуға тиіс. Өйткені көркем аударманың тексеретін мәселесі белгілі бір тілде жазылған көркем туындының екінші бір тілдегі көрінісі. Осыдан келіп аударманы зерттеу саласында тілшілер мен әдебиетшілер арасында әр алуан көзқарастардың болатыны ақиқат.

Жалпы, теориямен айналыспаған аудармашының аударманың қазіргі талабына лайықты іс бітіруі неғайбіл. Советтік аударма теориясының бүгінгі талабы дегенде біз көркемдігі жағынан дәл, толыққанды аударманы айтамыз. Қанша дегенмен, өз бетінше, өз қалауынша аудармамен айналысушы адам білгенін өзімен ала кетеді де, оның қолы жеткен ақиқат жұмбақ күйінде қалады. Ал теория сондай көптеген тәжірибелерді қорыта келіп, қол жеткен табыстарды көпке ортақ дүниеге айналдырады.

Аударманың ғылыми қағидаларын ортақ мүддеге айналдырушы теоретиктердің бұл жөніндегі ұстанған принциптерін үш түрге бөліп, топтап әңгімелеуге болар еді.

Олардың бірі — аударманы әдебиеттану ғылымының еншісіне беріп, оны таза творчестволық құбылыс ретінде қарастыратындар. Мәселен, И.А.Кашкин, А.А.Смирнов, И.Брагинский, В.Россельс, В.Шор, т.б. пікірлері негізінен осы ыңғайда түйісіп жатады.

Ал проф. А.В.Федоров бастаған тілшілер қауымының көбі аударманы тіл білімінің объектісі ретінде зерттейді. Бұлардың қатарына Л.С.Бархударов, Б.А.Ларин, Я.И.Рецкер, т. б. қосуға болар еді.

Бұл екі көзқарасты жалғастырып, аралық позицияда тұрған үшінші бір топ аударманы өз алдына бөлек сала ретінде тексереді. Яғни аударма негіздері тіл мен әдебиет қағидаларына сүйенсін дейді. Өзінің дәлелді теориялық тұжырымдарымен аударма ғылымының дамуына бөлекше үлес қосқан Г.Гачечиладзе мұны былай түсіндіреді: "Аударма теориясы лингвистика мен әдебиеттану ғылымының аралығында тұрған, өзіндік орны бар өзгеше ғылым". А.Лейтестің де: "Она могла бы стать наукой об осмыслении и воссоздании художественных произведений средствами другого языка, показывая на материале многих литератур, как читательское сотворчество перерастает в сотворчество писательское",— деген пікірінен Г.Гачечиладзе ұсынып отырған принциптерді қолдайтынын аңғарамыз. Үш топтың өкілдері аударма проблемаларын осылай әрқилы тараптан тексеруді талап ете отырып, іс жүзінде бірінің мәселесін бірі қамтып кете береді.

Мәселен, аударманың көркемдік қасиетіне, эмоциялық, эстетикалық әсеріне айрықша мән беріп, алдымен тек соның жеткізілуін қадағалайтын зерттеушілер, кейде еріксіз, сол көркемдік ерекшеліктерді жасауға тікелей қатысты тілдік құралдарды талдап кетеді. Ал, керісінше, тіл мамандары әлгі тілдік факторларды талдай келе, бұлардың көркем құрал есебінде атқаратын қызметін саралайды. Осылай болуы заңды. Өйткені, біздің ойымызша, көркем аударма әдебиет пен тілге тікелей қатысты. Егер мұны құсқа теңеп бейнелеп айтсақ, құстың қос қанатсыз ұша алмайтыны сияқты, көркем аударма да әдебиет пен тіл қағидаларынсыз дами, өркендей алмақ емес. Міне, сондықтан да, біз көркем аударманың өз заңдылықтарына орай жасаған соңғы тұжырымды қуаттаймыз.

Аударманы творчестволық процесс деп оның эстетикалық мәніне, әсеріне баса назар аударатындар мен лингвистикалық мәселе ретінде тексеретін тілшілердің екеуі де бұл проблеманы бір жақты ететін тәрізді. Өйткені аударма мәселесінде бұл екеуін бөліп, олардың екінші тілдегі көрінісін жеке-жеке іздестіру жарамайды. Бұлай аударма проблемаларын түбегейлі тексеру мүмкін емес. Шындығында аударманың творчестволық процесс екеніне ешкім дау айта алмаса керек. Ал сол творчестволық процесс екінші тілде қалай, немен жеткізілуге тиіс? Егіздің сыңарындай, тіпті бірінен-бірі туып, біріне-бірі жалғасып жатқан құбылыстың жігін ажыратып байланыссыз қарастырудың қажеті қанша. Ал аударманың творчестволық процесс екеніне дауымыз болмаса, мұның тек тіл құралдары арқылы іске асырылатыны тағы анық. Сонда, теориялық топшылау жасағанымызда мұның "эмоциялық мәселелері" немесе "лингвистикалық мәселелері" деп бөлек-бөлек қарастыруға негіз бар ма?

Бізге айқын нәрсе, аудару процесінде де, теориялық анализ жасау барысында да лингвистикалық құбылысты эстетикалық-эмоциялық әсерден бөлуге тіпті болмайтындығы. Өйткені әдемілік дегеніңіз лингвистиканың функциясына жатады. Көркем контексте лингвистикалық құбылыстың осындай қызметі байқалмайтыны белгілі. Лингвистикалық элементтегі эстетикалық қызмет (функция) дегеніміз көркем туындыда бір сөзді жазған замат немесе оны аударған бойда көрінеді. Осы айтып отырған эстетикалық әсер дегеніңізді алсақ, ол тіл құралдары арқылы жасалады. Сөйтіп, аудармада бұл екі процестің екеуі де қатынасады. Онсыз аударманың жасалуы мүмкін емес.

Тілдің әрбір элементі көркем контекстке ене отырып, сапалық өзгеріске ұшырайды. Яғни лингвистикалық құралдардың қабілеттілігі көркемдік мәнмағынаға айналып жатады. Сондықтан да: "В диалектическом единстве лингвистического и художественного, в способности отмеченного качественного превращения и состоит возможность преодоления основного противоречия, выраженного в формуле — перевод прекрасного с одной лингвистической системы на другую"[9], — деген теоретик О. Кундзичтің пікіріне қосылуға тура келеді.

Осы тұрғыдан алғанда "... область художественного перевода начинается там, где кончается область языковых сопоставлений"[10] — деген Г.Гачечиладзенің; "пусть он (тілді айтып отыр. — *Ө.А.)* будет подчинен определенному художественному или идейному замыслу, но сам по себе представляет материал чрезвычайно богатый"[11], — деп түсінетін А. Федоровтың пікірлері де дау туғызады.

Көркем шығарманы жеке алып қарағанда ол көркем туынды есебінде эстетикалық әсер ететін категория. Біз оны оқығанда ондағы сөйлем мүшелерін талдап жатпайақ таңдай қағамыз. Ал енді сол шығарманы аудару қажет болса, не сол аударманы талдау керек болса, оны бірнеше бөлікке, материалға бөлуге тура келеді. Сөйтіп лингвистикалық анализдің қажеттігі туады. Әдеби-лингвистикалық байланысты осындай бірлікте қарау қажет.

Қазақ аударма өнерінің тарихына үңілсек, дәл осы тектес аражігі айқын, анық пікірлер бар деп айту қиын. Мұнда біз мынау тілшілер ұсынған, мынау әдебиетшілер ұсынған пікір деп бөліп-жарып жатпаймыз. Тек бір ескерте кететін жай мынау: аударманы өнер деп ұғатын жазушы, журналистер қауымы мұны тек

[9] О. Кундзич. Переводческий блокнот, стр. 222 (Сб.: "Мастерство перевода", 1968).
[10] Г. Гачечиладзе. Проблемы реалистического перевода. Автореф. докт. дисс., Тбилиси, 1961.
[11] А. В. Федоров. Введение в теорию перевода. М., 1958, стр. 4.

әдебиеттің тексеретін саласы деп танитыны[12]. Тілші ғалымдар тарапынан бұл жайында айтылған үзілді-кесілді пікірді кездестіре алмаймыз. Мұның мәнісі арнайы зерттелмегендіктен бе деп ойлаймыз. Ал кейінгі тұжырымның, яғни аударманы әдебиет пен тіл арасындағы құбылыс деп қарайтын көзқарасты қолдайтын зерттеушілер де бар. Мәселен, аудармашы ғалым Ә.Сатыбалдиевтың бұл турасындағы қайсыбір ойлары реалистік аударма ғылыми теоретиктерінің бірі Г.Гачечиладзенің кейбір пікірлерімен үндесіп жатады.

Көркем аударма теориясының аудармашылар ұстанған тәсілдері қайсы, бүгінгі таңда ұстанатын тәсілдері қайсы? Біз кіріспенің басында халықтар арасында достық қатынастың дәнекері ретінде пайда болған аударма өнерінің о бастан-ақ екі түрлі тәсілі бой көрсеткенін айтқан едік. Олар – сөзбе-сөз аударма мен еркін аударма. Бұлар аударманың күнделікті тірлігінде талай әжетке жаратылып келген тәсілдер. Тіпті күні бүгінге дейін қайсыбір аудармалардан көрініп қалады. Аударманың әрқилы үлгісін жасап, әр алуан қағидаларға жүгінген өнерпаздар іс барысында сан түрлі ағым жетегінде болғанмен, олардың бәрі де осы екі үлгінің, екі тәсілдің маңайына келіп үйіріле береді. Екі тәсілдің әрқайсысын дәуіріне, кезеңіне қарай жеке-дара алып қарастырсақ, оларды түсінуде, қолдануда қилы-қилы ұғымның да болғаны мәлім.

Бұл екі тәсілдің тарихи мәнін бір жақты түсініп, теріс ағым ұстанып жүрген зерттеушілердің де бар екенін ескере отырып, алдымен аударманың біз сөз етіп отырған осы принциптеріне тоқтала кетуді жөн көрдік. Теориялық тұрғыдан қарастырғанда бұл принциптердің мән беруді тілейтін өзіндік ерекшеліктері мол. Және аударма процесіне қырсығын тигізген кездері де жиі кездеседі. Осындай пайдалы-пайдасыз жақтарын марксистік диалектикаға жүгіне отырып қарағанда ғана ғылыми ақиқат тұжырым жасай аламыз.

Шынында аударманың қай түрі болмасын ол белгілі бір кезеңнің жемісі. Ғылымның, практикалық істің өзі әкелген алғашқы адымдары болады. Сондай қажеттіліктен келіп туған еркін аударма тәсілі кезінде прогрессивтік рөл атқарғаны мәлім. Өйткені ғылым, өнер, экономиканың алғашқы тәй-тәй басқан шағында бірден реалиетік аударманы талап ету мүмкін емес еді. Ол кезде халықтың білім дәрежесінің өзі көптеген мәселені түсіндіріп алуды тілейтін. Аудармашылардың өзі тілесін, тілемесін алып отырған объектісін түсіндіруге ыңғайлай беретіні біріншіден осыдан, екіншіден, сол аудармашылар сүйенерлік бірде-бір жол-жобаның, аударманың семантикалық жүйесінің әлі қалыптаспауынан деп білеміз. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл принциптің өз кезінде рөлі ерекше болғанын ұғу қажет. Мұның кесірлі тәсілге айнала бастаған кезін анықтау ғылыми байыптылыққа саятын нәрсе. Аударма тәжірибесі молайып, оның әрқилы жаңа, жарқын принциптері туа бастағанда, қайсыбіреулердің еркіндіктен арыла алмай жүруі, әрине орынсыз-ақ. Оның себебін ашып, бүге-шігесін талдау ғылымның міндеті.

Ал сөзбе-сөз аударманы кейбір практиктер мен зерттеушілер жарамсыз тәсіл деп түсіндіреді. Шынында бұл тәсілдің де себепсіз тумағанын ескеру керек сияқты. Кейінгі кезде жариялана бастаған ғылыми-теориялық еңбектерге және аударма тәжірибесіне жүгінсек, бұл принциптің көңіл аударуды тілейтін тұстары көп-ақ. Ғылыми тұжырымның мәні я олай, я былай деп тоқ етерін айта салумен анықталмаса керек, қайта нақты мәселенің себеп-салдарына жүгінген жүйелі

[12] Ә. Сатыбалдиев. Рухани қазына. Алматы, 1965; С. Талжанов. Көркем аударманың мәселелері. Алматы, 1962; М. Әлімбаев. Өрнекті сөз — ортақ қазына. Алматы, 1967.

дәлелдемелерге орай байқалса керек. Әрине сөзбе-сөз, әріпқой аударма дегендердің ғылыми қағидаларға салғанда бадырайып көрінетін баянсыз түрлерін көрсету лазым. Аударманы ғылым деп танитындығымыздан оның әдіс-тәсілдерін ғылыми жүйеге салып, себеп-салдарын дәлелдемелермен аша, ажырата баяндауға міндеттіміз.

Жалпы, ғылымның принциптері, әдіс-тәсілдері себепсіз ойдан жасалмайды. Қандай тәсіл болмасын ол белгілі бір шындықтың айнасы. Ендеше сөзбе-сөз аударма практикасындағы белгілі бір мұқтаждықтан, қажеттіліктен келіп туған. Ал ол тәсілдің жарамды-жарамсыз болмысын анықтау екінші мәселе. Ғылыми талдауды тілейтін тұс осы. Ендеше біз аударма тәжірибесі алып келген әрқилы әдістерді түсіндіруде біржақты ұғымнан қашыңқырап, соның себеп-салдарына үңілуге тиіспіз. Оның жарамды қасиеті қайсы, жарамсыз қасиеті қайсы — міне, осы мәселелер көбінесе көмескі күйде қала беретін. Тағы бір ескеретін жай мынау: әдетте сөзбе-сөз аударманы жарамсыз деп табатын жолдастар, шынында да мұны сөзбе-сөз ұғатын тәрізді. Яғни белгілі бір сөйлем компоненттерін сол тұрған қалпында, сондай тәртіппен көшіру деп түсінеді. Егер мұндай тәртіппен аударсаң, әрине сөзбе-сөз тәсілдің түкке жарағысыз боларына күмән жоқ. Ал сөзбе-сөз аударманы дұрыс ұғатындар ұстанған принцип сәл басқашалау. Олар әлгі сөйлемді мағыналық топқа айналдырып тұрған компоненттердің түпнұсқадағы күйін сақтап жатпайды. Бірақ сондағы айтылмыш ойды білдіруге қатысып тұрған сөздердің бәрінің лексикалық мағынасын жеткізуге тырысады. Жеткізгенде, әрине әр сөзді жеке-жеке қуалап, жеке-жеке аударатын болсаңыз баяғы Гумбольдт айтқан[13] жалған тұжырымға баратыныңыз ақиқат. Гумбольдт не дейді. Оның айтуынша, аударма дегеніміз шешілмейтін жұмбақты шешуге әурелену болып шығады. Мұның мәнісі: аудармашы жүзіп келе жатқан су астында шөккен екі тас бар. Бір халықтың көркем мүлкін жеткізуді мұрат тұтқан адам қалайда осы екі тастың біріне ұрынады. Оның бірі – түпнұсқаға өте адал болу үшін, ана тілінің заңдылықтарын аяққа басу болса, екіншісі ана тілінің заңдылықтарына түпнұсқаның бар қасиетін түгел бағындырып басқа қиянға шығып кету. Осыдан келіп әрбір халықтың зат, материя, болмыс жайындағы түсінігі әрқилы, соған орай тіл байлығы да ала-құла. Ендеше бай тілден кедей тілге аудару мүмкін емес деген идеалистік қорытынды жасайды.

Міне, осы жалған ұғымның жетегінде кетпес үшін сөзбе-сөз аударманың ішкі-тысқы характерін талдап, таратып түсіну қажет. Яғни сөзбе-сөз дегенді сол сірескен қалпында қабылдамай, аудару кезінде сөйлем компоненттері аударылатын тілдің заңдылықтарына қарай ыңғайлана, орындары ауысып түсіп жататынын және сөйте тұра түпнұсқа мазмұны мен формасы түгел жеткізілетінін қамтамасыз ететін тәсіл деп те қарағанымыз жөн.

Бүгінгі советтік көркем аударманың аса үлкен табысы деп адекватты немесе реалистік аударманы айтуға тиіспіз. Бұған дейін адекватты және толыққанды аударма деген терминдер пайда болған. Бұлар жөнінде жоғарыда сілтеме жасалған еңбектерді қарауға болады.

* * *

Бұрын аударма қатынасы болмаған елдердің көркем туындысын екінші тілге жеткізуде толып жатқан қиындықтар болатыны белгілі. Ол қиындықтардың басы ең әуелі тілдердің әрқилы топқа жататындығынан басталады. Яғни тілдер құрылысы (типология) жағынан басқа-басқа болып келсе, бұл тілдерде жазылған көркем шығармаларды бірінен екіншісіне аудару оңайға түспейді. Аударма процесіне едәуір ықпалын тигізетін екінші бір жағдай — тілдердің негізі туыс еместігі. Басқаша айтқанда, индоевропа тілдерінен түрік тілдеріне немесе керісінше, түрік тілдерінен

[13] Г. Р. Гачечиладзе. Проблемы реалистического перевода. Автореф. докт. дисс. Тбилиси, 1961.

индоевропа тілдеріне аударудың сан алуан қиындықтарын байқаймыз. Ал туыс тілдерді бірінен екіншісіне аудару әлдеқайда жеңіл. Мысалы, өзбек тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен қырғыз тіліне т. т. көркем шығармаларды аударуда көптеген жеңілдіктер болатынын да аударма тәжірибесі көрсетіп жүр. Әрине, бұл жерде лингвистикалық факторлардан тыс нәрселер де бар. Бұлар да аударма ісінде айрықша рөл ойнайтын факторлар. Мәселен, халықтардың мәдени өміріндегі тарихи орталықтар және ұзақ мерзімдік өзара тілдік қарым-қатыстың барысында пайда болған ұғымдар мен көзқарастардың ұқсастығының әсері мол. Бұл тұста аудармашының қызметі көп мәселені шешіп тастауы мүмкін. Сөз алмасу (заимствования деген мағынада алып отырмыз. — *Ө. А.),* калька жасау және қайта жасалған сөздер аударма арқылы келеді. Бұлар тіліміздегі көптеген сөздерімізге салалық өзгерістер енгізеді. Яғни тілімізде осы аудармаға дейін байқалмаған жаңа мағыналық сипаты бар сөз қатары көріне бастайды. Бұл процестің келесі аудармаларға жеңілдік жасайтынына дау жоқ.

Тілдердің индоевропа тармағына жататын орыс тілінен түрік тобына жататын қазақ тіліне аударуда осындай құбылыстардың болып келгенін көреміз, әлі бола беретінін де сеземіз. Аударма процесінде болып жататын әр алуан толқындардың біраз себебі тілдердің осы тек өзгелігі мен құрылыс өзгелігін дұрыс ұқпаудан туса керек. Алайда орыс тілінен аударудың тарихын М. Горький творчествосы негізінде қарап өткенімізде әлгіндей ізденістердің, толқындардың қилы-қилы түріне тап болдық. Сонымен бірге Горькийді аударудың алғашқы кезеңінен бергі елу жылғы мерзімді салмақтап қарағанымызда аударма тілі көптеген сөздердің қосалқы мағыналы қосымша қорына ие болған екен. Бұлар адекватты аударма есебінде дайын күйге ие болады. Тіпті түпнұсқадағы қайсыбір конструкциялардың эквиваленті есебінде алуға болатын дайын грамматикалық конструкциялар да қалыптаса бастады. Сөйтіп тілде аударғыш құрал түрінде пайдаланылатын семантикалық қосалқы жүйе жасалады. Аударма процесін жеделдетуде мұның рөлі ерекше. Әрине бұларды, көбінесе, байқау қиын да. Аудармамен түбегейлі айналысып жүрген маманның сөздік қорында осындай жүйе өзінен-өзі қалыптаса бастайтыны хақ.

Бұл семантикалық жүйенің молаюы немесе таралуы аударма қатынасының характеріне байланысты. Көркем шығармалар жиі-жиі аударылып отырса жаңа мағыналық топтар молая, түрлене түспек те, керісінше аудару процесі тежелсе бұлардың да өрісінің тарылуы табиғи нәрсе. Бір кездері орыс тілінен қазақ тіліне аударудың қиындықтары болғаны мәлім. Олар, ілгеріде ескерткеніміздей, орыс тілі мен қазақ тілі құрылысының ерекшелігінен, тілдік дәстүрлі эквиваленттердің аздығынан және осы тілдерде сөйлейтін халықтар ұғымында қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-санаға байланысты сөздердің өзгешелігінен туып жатқан қиындықтар еді.

Соған қарамастан қазір орыс тілінен қазақ тіліне аударудың алуан түрлі арналы жолдары жасалды. Жаңа ұғымды берерлік тіліміздің дәстүрлі эквивалентін құрайтын жаңа терминдер, жаңа тіркестер пайда болды. Мұның көптеген мысалын Горький шығармаларының аудармаларынан көреміз. Күні бүгінге дейін әрқилы типтегі тілдер арасында болып келе жатқан аударуға мүмкін емес тілдік қайшылық орыс тілі мен қазақ тілінің арасында қазір жоқ десе де болады.

Алайда қайсыбір тілдік материалдың мағыналық салмағы сайма-сай келмей шаршататын тұс кездесуі әбден мүмкін. Мұның себебін проф. А.А.Реформатский былай түсіндіреді: "Частные случаи непереводимости основываются на чисто языковом факте — отсутствии в одном языке материальности, имеющейся в другом"[14].

[14] А. А. Реформатский. Лингвистические вопросы перевода// "Иностранные языки в школе", 1952, № 6, стр. 22.

Ал туыс тілдерден аудару бір есептен оңай болғанмен, оның да өзіндік қайшылықтары жетерлік. Мұнда екі тілдік омонимия мен полисемия[15] неше түрлі қиындықтар туғызуы ықтимал. Сөздердің сыртқы түріндегі жалған ұқсастықтың аудармашыларды әрдайым адастыратынын қырғыз, өзбек тілдерінен аударылған көркем туындылар материалы негізінде байқауға болады. Сыртқы түріне қарай тон пішіп, соған орай эквивалент ретінде берілген сөздер көбінесе мүлде басқа мағынаны ұқтырып, түпнұсқаға тән кейбір өзгеше құбылыстарды солғындатады.

Түпнұсқадағы полисемантикалық сөздің әрқилы мағынасына, аударма тілде өзара мағыналық жігі айқын көрініп тұрған әр түрлі сөздер тура келуі мүмкін. Алайда туыс тілдердің бірінен екіншісіне аударудың жеңілдіктері мол. Лексика және грамматика саласында, сондай-ақ стилистикалық жүйесінде эквиваленттер табу оңай екені анық. Әрине, кейбір зерттеушілердің айтқанындай, көптеген реалийлерді аударудың[16] оңай емес екені де белгілі.

Жалпы, біз аударылғыштық және аударылуға келмейтін жайларды сөз еткенде, әңгіме көбінесе, лексика туралы болмақ. Өйткені бұл мәселелердің бәрі де, түптеп келгенде, жеке сөздердің мағыналық белгілерін талдау арқылы шешіледі. Ал аударма мәселесінің грамматикалық проблемасы болған емес. Қай тілде де грамматикалық формаларды, конструкцияларды беретін эквивалент конструкциялар жетерлік. Егер грамматикалық сәйкестіктер болмай қалатындай жағдайда, адекватты аударманы лексикалық құралдармен жасау мүмкіндігі бар.

Лексикада, ең алдымен, негізгі сөздік қордағы сөздерді іріктеп қараған жөн. Бұл сөздер әлі экспрессивтік өңге көшпеген, сондықтан олардың көбі нейтральды болады. Аудармадағы сәйкессіздіктер көбінесе осындай сөздерді экспрессивті ажары айқын перифериялық тұлғалармен беруден туып жатады. Немесе керісінше, экспрессивті ажары айқын сөздерді мұндай белгілерден жұрдай сөздермен беруден кетіп жатады. Бұл тұста мынаны да ескеру қажет: тілдердегі негізгі сөздік қордың мөлшері, аумағы бірдей бола бермейді. Бірінде енген сөз екіншісінде қалыс қалады. Жалпы негізгі сөздік қордағы сөздердің бәрі де, егер идиом немесе идиома құрамына жатпаса, аударылғыштық қасиеті жағынан термин сөздерден кейінгі екінші орынды алатын тәрізді.

Лексиканың перифериялық қабаттарына жататын — диалектизмдер, кәсіби сөздер, дөрекі ұят мәнді (вульгарная) сөздер, қарапайым сөздер (просторечья) элементі, арготизмдер де аударма элементтері болып саналады. Бұлардың қатарын архаизмдермен, вульгаризмдермен толықтыра түсуге болар еді. Стилистикалық құбылысы жағынан ерекше топқа жататын терминдер мен идиом сөздер де осы қатардан табылуға тиіс. Бұл екі түрлі лексикалық топ бар қасиеті жағынан біріне-бірі қарама-қайшы. Термин сөздердің бір-ақ түрлі мағынасы болатындықтан және онда экспрессияның аздығына, халықаралық мәніне байланысты аудару әлдеқайда жеңіл. Ал керісінше идиом сөздерді аударуға кедергі жасайтын басты өзгешеліктері — олардың образдылығы, экспрессиясы, көп мағыналылығы.

Кісі аттары мен каламбурлар және географиялық атауларды аударудың да өзіндік ерекшелігі мол қиын сала. Каламбурдың қиындығы олардағы идиоматикалық мәнге байланысты. Алайда Н. М. Любимов сияқты аудармашы ғұламалар "Ілуде бір кездеспесе, сөздің аударуға көнбейтін ойнақылығы деген болмайды, тіпті болуға тиісті емес"[17], — деп тұжырады.

[15] 1962 жылы Ленинградта басылған "Теория и практика перевода" жинағында А.М.Финкельдің "Об автопереводе" деген мақаласын қараңыз.

[16] В. Д. А н д р е е в. Некоторые вопросы перевода на русский язык болгарской художественной литературы. В сб.: " Теория и критика перевода". Л., 1962.

[17] Н.М. Л ю б и м о в. Заметки о художественном переводе//В сб.: "Тетради переводчика", 1960, №3.

Аударма теориясының негізгі мәселелерінің бірі — аударманың адекватты және аударылғыштық принциптері болса керек. Мұның әрқайсысына жеке-жеке тоқталу қажет. Бұл біріне-бірі көмектесетін, біріне-бірі байланысты ұғымдар. Аударылғыштық деп мазмұн мен форманың бар қасиетінің барынша түгел жеткізілуін ұғатынымызды жоғарыдағы баяндаулардан байқауға болады.

Ал адекватты деген ұғым жөнінде әрқилы пікір таралып жүр. Бұл пікірлер табиғаты кімдердің айтуына орай танылмақ, яки көркем аударманың маманы ма, әлде машинамен және математикалық тәсілмен айналысып жүрген лингвист пе деген нәрсені анықтап алғанымыз жөн. Өйткені бұл екеуі мәселені екі тұрғыдан қарайды. Алайда қай пікірді қадағалап көрсек те, адекватты аударма жөнінде мардымды еш нәрсе біле алмаймыз. Аударма теориясындағы бірегей тиянақты қалыпқа түспеген шашыранды ұғынылып жүрген тәсілдің бірі осы. Мұны көбінесе "толыққанды" деп те, "реалистік" деп те әйгілеп қояды. Бұл атаулар бір-біріне синоним бола ала ма, оның да басы ашылмаған мәселе. Айтылып жүрген пікірлерге жүгінсек осы ала-құлалық айқын көрінеді.

Адекват жөнінде жөнді пікір айтқан А.А.Смирнов: "Адекватным мы должны признать такой перевод, в котором переданы все намерения автора (как продуманные им, так и бессознательные) в смысле определенного идейно-эмоционального, художественного воздействия на читателя, с соблюдением по мере возможности — путем точных эквивалентов или удовлетворительных субститутов (подстановок) — всех применяемых автором ресурсов образности, колорита, ритма и т. п. последние должны рассматриваться, однако, не как самоцель, а только как средство для достижения общего эффекта. Несомненно, что при этом приходится кое чем жертвовать"[18].

А.В.Федоров негізінде аударылғыштық принципті түбегейлі қолдай отырып, бұл жөнінде өз пайымдауын ұсынады. Әлгі Смирнов айтып отырған кейбір "құрбандыққа баруға тура келеді" дегеннің "толыққанды" ("полноценный") аудармаға еш қайшылығы жоқ деп түсінеді. Смирновтың тұжырымындағы "тұтас нәрсе мен жеке элементтер арасындағы тепе-теңдік" тезисіне қосымша Федоров: "полноценность может и не требовать одинаковой степени словесной близости к оригиналу"[19], — деп тұжырады. Бұл екі пікірді салыстырып қарасақ "адекват" пен "толыққанды" ("полноценный") дегенді тепе-тең ұғым ретінде есептейтіні байқалады.

Осы тектес түсінікті Ф.Д.Батюшков зерттеулерінен[20] де көруге болады. Аударманың бұл принциптері жөнінде бұрын-соңды айтылып жүрген пікірлерді жинақтай келсек, адекватты аударма көптеген қосымша факторларға байланысты жасалатынын аңғарамыз. Мәселен, шығарманың адекватты аудармасы сол аударылатын көркем туындының түріне, жанрына және аударманың мақсатына орай жасалады екен.

* * *

Біз зерттеу жұмысымыздың объектісі етіп ұлы орыс жазушысы А.М.Горький шығармаларының қазақ тіліндегі аудармаларын алып отырмыз. Жазушының қазақ тіліне аударылған туындылары көп. Олардың бәрін жан-жақты талдап шығу

[18] А. А. С м и р н о в. Перевод. "Литературная энциклопедия", т. VIII. М., 1934, стр. 527.

[19] А. В. Ф е д о р о в. Введение в теорию перевода. М., 1953, стр. 113.

[20] Ф. Д. Б а т ю ш к о в. Задачи художественных переводов//В кн.: "Принципы художественного перевода". Петроград, 1920, стр. 11.

мүмкін емес. Сондықтан біз зерттеуді нақты мәселелер төңірегінде жүргізіп, топшылауларымызды соған орай түйдік. Нақты мәселе дегенде, көңілімізге алдымен ұялаған және зерттеу үшін ғылыми мәні айырықша тілдік құбылыс — көркем құрал — фразеологизмдер екені белгілі.

М.Горький творчествосына баруымыздың мынадай себептері бар. Қай халықтың болмасын әдеби мұрасын сөз еткенде, біз советтік дәуірде қол жеткен табыстарымызда орыс халқының мәдениетіне байланыстыра бағаламай кете алмаймыз. Оның ішінде көп ұлтты совет әдебиетінің қалыптасып, өркен жаюына Алексей Максимовичтің қосқан үлесі ерекше болғанын тарихтан білеміз. Әдебиеттегі жаңа дәстүр — социалистік реализм әдісі Горькийдің тапқан, қалыптастырған, негізін қалаған "бәсіресі". Ұлт республикалар әдебиеті осы негізде, осы ыңғайда дамығаны мәлім. Сол социалистік реализм әдісінің ұлт әдебиеттеріндегі көріністері әр алуан. Одан тағылым алып, әдебиетіміздің жаңа бағытын бағдарлауда М.Горькийден үйренудің арналы жолдары жасалды.

Қазақ совет әдебиетіндегі М.Горькийдің әсері ұшан-теңіз. Ол өткен дәуірдің игі дәстүрлерін бір басына жинаған, жаңа дәуірдің жарқын болашағын бұлжытпай танып, жаңа жол бастаған ірі тұлға. Мәдениеті, әдебиеті жаңа-жаңа тәй-тәй басып келе жатқан қазақ сияқты елдің жазушылары Горькийді үлгі тұтпағанда кімді үлгі тұтар еді, содан үйренбегенде кімнен үйренер еді. Көркем шығарманың өзіне ғана тән көптеген шарттарын меңгеруде, жаңа заманның жаңа талабына сай қалам ұштауда М. Горькийдің үлгі-өнегелік рөлі айрықша болды.

Мұның үстіне ұлы жазушы "көркем әдебиеттің бірінші элементі — тілге" өзгеше мағына-мән беріп, соның білгірлікпен ұстартылуын қатаң талап еткен. Оның кейбір жас жазушы шығармаларының тіліне берген талдама-бағалары күні бүгінге дейін қаламгерлердің назарынан түспей жүрген шарттар.

М.Горький — халықтар достығының жаршысы. Ол — замандар бойы бірінің тірлігі жөнінде бірі бейхабар өмір сүріп келген халықтарды бір-біріне жақындастырудың алуан түрлі жолын қарастырған гуманист. Сол елдерді бірін-бірін тереңірек таныстырудың ең асыл жолы, олардың әдеби мұраларын бірінен-біріне аудару деп түсінеді. Мінеки, сондықтан ұлы жазушы совет үкіметі орнаған алғашқы жылдардан-ақ күн тәртібіне аударма мәселесін қояды.

Сөйтіп ол аударма мәселесінің мәні мен маңызын ерекше бағалап, оның ғылыми қағидалары мен шарттарын қалыптастыруды да қолға алады. Бұл саладан да ұлы жазушының өнегелік рөлін көреміз. Осыншама игі әсері болған адамгершіл идеяны жалау еткен қаламгердің қазақ әдебиетіндегі көріністерін, іздерін оның аудармалары арқылы жүйелі әңгімелеудің ғылымдық мәні бар деп білгендіктен де біз М.Горький шығармаларын негізгі объектімізге айналдырып отырмыз.

Игі әсер дегенде біздің аса көңіл қоятын тұсымыз оның шығармаларында қолданылатын көркем құралдарының, яғни тілдік элементтердің қазақ тіліне жасаған ықпалы, соларды ана тілімізде берудегі өз мүмкіндіктеріміз болмақ. Егер осы айтылғандарды бір мәселенің төңірегіне топтап, нақтылай түспесек пікір шашырандылығына ұрыну қиын емес. Сондықтан М. Горький аудармалары дегенде жалпы қарастырып қана қоймай, соның ішінде жазушы туындыларының негізгі стильдік ерекшеліктерін танытатын құбылыс — фразеологизмдердің, идиомдардың берілу тәсілдері тексеріледі. Мәселе осыған ойысқан соң, біз әрине, бұл бейнелі құралдар көбірек орын тепкен шығармаларды алдымен ескергеніміз түсінікті болар. Оның үстіне фразеологизмдердің аударылу жайын сөз еткенде, бұл факторлардың өзі жайында, оның негізгі белгілері жайында айтпай кету мүмкін болмас еді.

Бұл мәселелерді тексерудегі негізгі мақсат мынау: қазақ әдебиетіне М. Горький мен оның шығармаларының әсері ерекше деп тапсақ, мұның қазақ тіліне, әсіресе әдеби тілімізге әсері мүлде бөлекше. Мәселенің бұл екінші жағын М. Горький шығармаларының аудармалары арқылы ғана анықтауға болады. Осыдан келіп аударманың өз жүйесі, өз принцнптері, өз негіздері қандай, оның қазақ аудармашылары ұстанып жүрген қағидалары қандай деген мәселелер туындайды. Аударма ғылымының теориялық мәселелері қазақ филологиясында қай деңгейде тексерілген және оның бүгінгі қалпы қай шамада дегендер де аздап қадағаланады.

Жалпы әдеби тілдің қалыпты күйге түсуіне, тіл мәдениетінің артуына аударманың да едәуір әсері бар. Жаңа заманның жаңа іс-әрекеттеріне лайықты қалыптасқан сан түрлі ұғымдарды жасауда, оларды нормалы күйге түсіруде орыс тілінен аударудың рөлі айрықша болғанын, бүгінде тілімізге әбден сіңісіп кеткен көптеген термин сөздерден айқын аңғарамыз. Ендеше тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін ашып, оны жетілдіре түсуде аударманың атқарған қызметі ерекше бағалануға тиіс. Аудармалар арқылы қазақ тілінде дайын мағыналық топтар қалыптасатынын жоғарыда ескерткен болатынбыз. Тіліміздің ішкі мүмкіндіктері дегенде, оның эстетикалық-эмоциялық әсерінің жаңа өрнектері де әңгіме етіледі.

Осы сөз болған мәселенің бәрін де А. М. Горький шығармаларының аудармалары арқылы байқауға болады. Жазушы туындыларының осы тектес мәселелерін талдау — қазақ аударма теориясын жасаудағы кілттің бірінен саналмақ.

Біз Горькийді аудару арқылы Горькийден көп нәрсе үйренуге болатынын айттық. Тек бұл ғана емес, оны аудару арқылы, бізде жалпы аударма проблемасының біраз мәселелері шешілгенін байқаймыз. Горькийді тексере отырып, біз аударма мәселесінде тіл құралдарын пайдаланудың әр алуан жолдарын танимыз. Тіліміздің эстетикалық мүмкіндіктерінің аршылуына себепші болған өрнектердің қайсыбірін табамыз. Сонымен бірге аударамадағы аса бір қиын құбылыс ретінде арнайы қарастыруды тілейтін фразеологизмдердің берілу жолдарын саралаймыз.

Тақырып етіп М.Горький творчествосын, оның ішінде жазушы қолданған фразеологизмдердің қазақ тіліне берілу жолдарын қарастыратын болғандықтан, жалпы тіліміздегі фразеологизмдер деген не, олардың зерттелуі, көркем шығармалардағы орны және бұларды бір тілден екінші тілге аударудың жолдары жайында тоқталмай кете алмадық. Фразеологизмдердің түрлері, олардың классификациясы жөнінде күні бүгінге дейін әркилы пікірлер таралып жүр. Оларды аудару жөнінде ғалымдар, жазушылар, аудармашылар арасында ала-құла пікірлер бар. Мұның бәрін саралап, жүйеге келтірмей зерттеуіміз мақсатына жете алмайтындай көрінді. Фразеологизмдерді аудару үшін олардың өзіндік ерекшеліктерін, көркем шығармада атқаратын стилистикалық қызметін айқындап алу қажет.

Еңбектің I—II тараулары ("Фразеологизмдерді зерттеу жайы мен оларды аудармада беру тәсілдері") осы мәселелерге арналған.

III тарауда М. Горькийдің фразеологизмдерді қолдану тәсілдері, біртұтас туындыдағы фразеологизмдер жүйесінің қазақ тіліндегі көрінісі, фразеологизмдердің жеке образ жасаудағы қызметі мен соның аудармадағы күйі, түпнұсқа және аудармашылар қолданған принциптер сөз болады. Осылар арқылы тіліміздің жоғарыда сөз болған ішкі мүмкіндіктерінің қалай аршыла түскенін, кейбір сөздердің жаңаша тіркесіп, жаңа бір мағыналық реңкке көшкенін, эстетикалық әсеріне ықпал жасағанын және мұның бәрі әр аудармашыда әркилы ынғайда көрінетінін талдауға тырысамыз.

БІРІНШІ ТАРАУ

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Сөйлеуіміз сөйлемнен тұрады да, сөйлем әлденеше сөзден тұрады. Жеке сөздің сөйлемге айналуы сирек. Синтаксистік тұрғыдан алып қарасақ, сөз бен сөйлем аралығында тағы бір топ бар, ол — сөз тіркестері. Сөз тіркесі дегеніміз — екі не бірнеше сөздерден құралған грамматикалық бірлігі бекем топ. Сөз тіркестері еркін және тұрақты боп екіге бөлінеді. Еркін тіркестер жұмыс барысында, қажеттілікке орай қайта жасала беруі әбден мүмкін. Мұндағы сөздер қайтып ажырамастай қалыпта емес, керегі болса алмастырылып, орын ауыстырыла береді. Мысалы, **Ажар жұмысқа кешігіп келді** дегендегі *Ажар келді, жұмысқа келді, кешігіп келділер* еркін тіркестер. Ал еркіндігі жоғалған, ажырамастай қалыпта кірігіп кеткен тіркестерді тұрақты тіркестер дейді. Бұларды біз фразеологизмдер деп атаймыз. Сөз, сөз тіркесі, сөйлем дегендеріңіз синтаксис тексеретін сала бола тұра әлгі тұрақты тіркес неге лексикологияның мәселесі ретінде қарастырылады. Себебі фразеологиялық тіркес туралы мәселе синтаксис тексеретін шеңберден шығып кетеді. Тіпті мұның лексикология, фонетика, грамматика сияқты өз алдына жеке сала болып зерттелуіне де қатысы бар.

Фразеологизмдердің тек өзіне ғана тән өзгеше белгілері бар. Осы белгілер тілдің бұл категориясын өз алдына жеке сала ретінде қарастыруға итермелейді. Әрі тілдің басқа единицалардан айырмасын айқындайтын негізгі ерекшелік болып табылады. Бұл белгілердің түрі мына төмендегідей:

а) лексикалық мәні,

ә) компоненттік құрамы,

б) грамматикалық категориялардың түрі.

Бұл белгілердің тек фразеологизмдерге қатысты екенін дәлелдеу үшін сол фразеологизмдерді тілдік единица — сөзбен және сөз тіркесімен салыстыру қажет. Екеуінің де фразеологизмдермен ортақтасып кететін белгілері бар. Сөз тіркесі дегеніңіз фразеологизмдер жасалатын ұяның бірі.

Лексикалық мәні және грамматикалық жасалуы жағынан сөз бен фразеологизмдердің ұқсасатын тұстары көп. Фразеологизм мен сөздің лексикалық мәнін ашқанда, олар біріне-бірі синоним болып келетінін байқау қиын емес. Мысалы: қас пен көздің арасы — *лезде* ; жермен-жексен қылу — *бірдей, тегіс;* төбе шашы тік тұру — *үрейлену;* жерден жеті қоян табу — *қуану;* итжеккен — *алыс;* үріп ауызға салғандай — *сұлу* т.т.

Фразеологиялық тіркестердің жеке сөздер тектес стилистикалық өңі ажарлы келеді. Сөйлемдегі орнына, қолданылу жүйесіне қарай фразеологиялық тіркестер кейде еркін тіркесіп, кейде тұрақтанып қалатын тұстары бола береді. Мысалы, *ат үсті* деген фразаны алайық. "*Бұрын көлік мініп көрмеген қызға ат үсті жайсыз көрінді".* Мұнда фразалық мән жоқ. Ал *"олар мәселені ат үсті қарады"* десек фразеологиялық мәні бар тіркес.

Фразеологизмдер тіл-тілдің бәрінде бар құбылыс. Және бұларды тілдік бөлекше бір сыпаттағы, шырыны мен сөлі таусылмайтын дәмді элементтері деп айтуға болар еді. Тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілдің өткірлігі дегеніңіздің айрықша көрінер жері осы фразеологизмдер маңы. Ойды әсемдеп айтуды үйренудің мектебі осылар. Сөзіңіз нақты, дәлелді болсын десеңіз, өңменнен өтіп, қолқаны қозғайтын дәрежеде болсын десеңіз, халықтың хас туындысы — айшықты сөздер тобының

тамырын басыңыз. Сонда ғана сіз тілдің қасиеті деген не, байлығы деген не сияқты сауалдарға нақты жауап бере аласыз.

Қай елдің, қай жазушысының қай шығармасын алсаңыз да тілдің осы халықтық элементтерінің сан түрін табуға болады. Яғни қаламгерлердің қай-қайсысы да сөйлеудің халықтық формасын пайдалануға бейім. Осының өзінен-ақ ғылымдағы фразеологизм проблемасының мейлінше қызықты, мейлінше қиын проблема екенін байқау қиын емес. Осыларды ғылыми проблема ретінде қарастыратын әр алуан еңбектердің сөлін сүзсек, мұның неқилы мәселелері айқындала түседі екен.

Фразеологизм мәселесі көптен сөз болып келеді. Оның бүкіл ішкі-тысқы қасиеттерін ашып, оларды қолданудың пайдасы мен заңдылықтарын аршып берген еңбектердің санының өзі мыңға тартады.

Лингвистиканың жеке тарауы ретінде қалыптасып келе жатқан фразеология жайында жазылған зерттеулер өте көп. Мәселен, 1964 жылы шыққан "Проблемы фразеологии" деп аталатын жинақта 500-ден астам зерттеу жұмыстары көрсетілген болатын. Содан бергі аралықта мұндай еңбектердің саны едәуір молайғаны мәлім. Бұл орыс ғалымдарының зерттеулері ғана. Ал туысқан ұлт республикаларының ғылыми жұмыстарымен танысар болсаңыз фразеология мәселесіне арналған сан түрлі зерттеу еңбектерін табасыз. Осының бәрі фразеология проблемасының өте қызықты әрі қиын проблема екенін байқатады.

Проф. Б.А. Ларин 1956 жылы "фразеология лингвистикалық пән (дисциллина) ретінде "жасырын даму" ("скрытого развития") дәуірін бастан кешіруде" деп жазған еді. Жоғарыдағы еңбектерді талдап таныссаңыз "жасырынбақтың" күні өтіп, енді ғылыми айтыс, талас дәуірі басталған тәрізді. Қазір фразеологияның мәнін, міндетін, аумағын түсінуде әртүрлі бағытты ұстанатын бірнеше ағым пайда болғанын байқау қиын емес. Қаншама еңбектер жазылғанмен, фразеологияның небір қызықты проблемалары біртіндеп ашылып, дәлелденіп келе жатқанмен, әлі де даулы мәселелері жетерлік.

Әдетте, біздің сөйлеуіміз *шай ішу, ағаш үй, бір үзім нан, ұзақ жол, жақсы адам, үлкен қала* т. б. тіркесуден тұрады емес пе? Бұлардың әрқайсысының құрамындағы сөздерді ауыстырып, басқа сөздермен байланыстырып айта беруге болады. Мұндағы айтылып отырған нәрсе күнделікті тұрмыста үнемі кездесетін үйреншікті құбылыстар. *Көп қабатты үй, лимонды шай, жол жүру* деп неше құбылтып айта бересіз. Бірақ тіліміз құрамындағы сөздер өзара тығыз байланысқа түсіп, жігін ажыратпай, тас түйін боп тұрған тіркестерге де бай. Бұл тіркестердің құрамындағы сөздердің қай-қайсысын болсын орнын ауыстыруға, не басқа сөзбен алмастыруға бола бермейді. Ондай бола қалған күнде, басқа бір конструкцияға айналып, басқа бір мағынаға ие боп кетеді: әлгі тіркес мағынасы жойылады. Мұндай тіркестерді біз фразеологизмдер деп атап жүрміз. Фразеологизмдер қатарына кіретін тұрақты тіркестердің бәрі бірдей емес. Қайсыбірінің құрамындағы сөздер бастапқы лексикалық мағынасын сақтап тұрса, енді біразының компоненттері жиылып, мүлде басқа бір ұғымды білдіріп жатады. Қандай түрі болмасын мұндай тіркестердің бәрі де фразеология қатарында қарастырылуы тиіс. Бұдан былайғы жерде біз осы тақылетті тіркестерді фразеологизмдер деген терминге жинақтап сөз етпекпіз. Пікірдің нақты, жинақы болуына септігі тие ме дейміз.

Лингвистиканың өзге салалары сияқты, фразеология да жеке және жалпы сипатты болады.

Фразеологияға жататын барлық тіркестердің жалпы атауы ретінде фразеологиялық единица деген термин жиі қолданылады. Бұл терминді әуелде

акад. В.В.Виноградов[21] атаған еді. Көптеген ғалымдар бұл терминнің жалпы атау ретінде сәтті табылғанын қолдағанмен, кейінгі кезде оның мазмұнын әлі айқындай түсу қажеттігін айтып жүр. В.В.Виноградовтың классификациясы бір кезде айрықша рөл атқарды. Сонымен қоса, оның көптеген мәселелері жете қарастырылмай, дамытылмай, көмескі күйде қалғаны мәлім. Жоғарыда ескерткеніміздей, совет тіл білімінде фразеологияны зерттеген жүздеген еңбектер пайда болды. Фразеологияны өзінік ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі объектісіне айналдырған көптеген айтулы ғалымдар бар. Олар өз зерттеулерінде В.В.Виноградовтың классификациясына дау айтады, дәлелді пікір қозғайды. Шынында, бұл пікірлердің жаны бар. Әлі піспеген күмәнді, күдікті жерлері тағы бар. Акад. В.В.Виноградовта фразеологиялық тізбектер (фразеологические едивства) кейде метафоралық тұрақты орамдар (метафорические устойчивые обороты) деп те аталады. Тағы бір жерде бұлар идиомдар болып, оның құрамына мақал-мәтелдер, тұрмыстық қосарлы аттар (составные бытовые названия), қанатты сөздер, үзінді цитаттар, кішіпейілдік формулалар (формула вежливости) т.б. еніп кеткен. Сөз тіркесі түріндегі фразеологияның объектісін таныту үшін, кейбір зерттеушілер "фразема" деген термин қолданып жүр. Бұл термин "лексема", "морфема", "семема" деген атаулармен сәйкес, әрі ұйқас. Ал түрі жағынан сөйлемге бара-бар фразеологизмдерді "тұрақты фраза" ("устойчивая фраза") деп атайды. Бұл терминді қолдануға пейіл білдіріп жүрген зерттеушілердің бірі В.Н.Телия.

Жалпы фразеологиялық тіркестерді зерттеуші ғалымдар тұрақты сөз тіркестерінің спецификалық мәнін әрқилы ұғынады. В.В.Виноградов, О.С.Ахманова, С.И.Абакумов, А.И.Смирницкий, Б.А.Ларин еңбектерін[22] қараңыз.

В.Н.Телия өзінің "Фразеология дегеніміз не"[23] деген зерттеуінде құрылысы жағынан сөз тіркесі не сөйлем боп келе беретін фразеология объектісінің барлық түрін жинақтап атау үшін "фразеологиялық орам" ("фразеологический оборот не жай ғана "орам"), "фразеологизм" деген терминдерді қолданады. Бұлай атауда ол отандық ғылымның игі дәстүріне сүйенген.

Қазақ ғалымдарының арасында да тұрақты тіркестердің жалпы атауы ретінде осыған ұқсас ғылыми терминді ұстанатындары бар. Мысалы, авторлар коллективі — проф. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев[24] жолдастар мынадай пікір айтады: "Мағынасы жалпыға белгілі, грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін единица болып, қолданылуы дәстүрге айналған тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде фразеологиялық орам немесе фразеологизмдер деп атайды". Авторлардың "фразеологиялық орам немесе фразеологизм" деп отырғандарына енетін тұрақты тіркестер — идиома, фраза, мақал-мәтелдер. Бұған қалыптасқан тиянақты фразеологиялық сөздердің бір саласы ретінде қос сөздерді де қосады.

Мұнда фразеологиялық единица және оның В.В.Виноградов жіктеген үш түрі жоқ. Акад. І.К.Кеңесбаев та қазақ тіліндегі фразеологимдерді әлгіндей жік-жікке бөліп жатпайды. Ол "лексикалық формасы, стилистикалық қызметі жағынан тілімізде айырықша орын алатын"[25] мұндай нақыл сөздерді екі топқа бөліп қарастырады. Ол лингвистика тілімен айтқанда идиомдар, фразалық топтар.

---

[21] В. В. Виноградов. Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины// "Труды юбилейной научной сессии ЛГУ", секция филол. наук, 1946.

[22] В. Л. Архангельский. Устойчивые фразы в современном русском языке. Ростов, 1964; Н. Н. Амосова. Основы английской фразеологии. 1964; В. А. Ларин. Очерки по фразеологии// "Уч. зап. ЛГУ", №198, вып. 24. 1956; С. И. Абакумов. Устойчивые сочетания слов//"Русский язык в школе", 1936, №1.

[23] В. Н. Телия. Что такое фразеология? М., 1966.

[24] М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1966.

[25] "Халық мұғалімі", 1946, №1—2.

Осыған қарағанда көптеген түрік тілдерінде В. В. Виноградов классификациясын сол күйінде қабылдаудың ретті бола бермейтінін әңгіме етіп жүрген пікірлердің жаны бар тәрізді, осындай пікірлерді әзірбайжан, өзбек, татар т. б. ғалымдары да ұстанып жүр. Және дәлелдері көкейге қонымды — сол тілдің өз заңдылықтарына орай қорытылған пайымдаулар. Мысалы, 1961 жылы Самарқанда басылып шыққан "Фразеология мәселелері" ("Вопросы фразеологии") деген жинақтағы А.А.Коклянованың мына пікіріне көңіл аудармауға болмайды, мақала "О границах фразеологии тюркских языков" деп аталады.

"Түркі фразеологизмдерін зерттеушілердің негізгі міндеті — фразеологиялық материалдарды өзге тілдерде қалыптасқан жүйеге салып жіктеу емес, қайта бірқатар теориялық мәселелердің басын ашу болса керек", — дейді ол.

Фразеология терминінің өзі түптеп келгенде — орам, сөйлемше (оборот, выражение) деген ұғымды білдіреді. Бұл phrasis — орам, сөйлемше (оборот, выражение); logos — ұғым, ілім (понятие, учение) деген грек сөзі. Фразеологияның көп мағыналылығы мазмұны күні бүгінге дейін сақталып келеді.

Орыстың атақты ғұламалары: М.В.Ломоносов, академиктер: Ф.Буслаев[26], И.И.Срезневский[27] Ф.Ф.Фортунатов[28], А.А.Шахматов[29], проф. А.А.Потебня[30] т.б. айтқан пікірлері фразеологияны зерттеу жұмыстарын ғылыми арнаға салып, дұрыс бағыт берді. Бұл ғалымдардың пайымдаулары фразеологияны зерттеудің белгілі-белгілі кезеңдерін, даму сатыларын танытады. Бірақ бұлардың ешқайсысы да фразеологияны лексикологияның жеке бір бөлімі ретінде бөліп қарастырған жоқ. Өз дәуірінің ғылыми ой-өрісінің деңгейімен қарағанда ұтымды, дәлелді пікір өрбіткенмен, түбегейлі зерттеу біздің ғасырымыздың 30—40-жылдарының үлесіне қалған болатын.

Фразеологияны лексилогияның жеке бір тарауы ретінде бөліп шығарған Ш.Балли[31] болатын. Ол фразеологияның белгілі бір қалыптағы күйін (синхроническая фразеология) қарастырудың негізін жасады. Ш.Балли: "Языки постоянно изменяются, функционировать они могут только не изменяясь", — дей отырып, тілдің дәл қазіргі, осы күнгі жағдайына ерекше мән береді. Міне, сондықтан Ш.Балли концепциясының қазіргі кезеңде де едәуір маңызы бар. Дегенмен Ш.Балли де фразеологияның түрлерін, мазмұнын таратып, талдап айтып бере алмады.

30—40-жылдары совет тіл білімінде фразеологияға арналған жеке еңбектер шыға бастады. Проф. Е.С.Истрина [32] фразеологияны лексикологияның жеке тарауы етіп бөлген. И.Вульфиус "К вопросу о классификации идиомов"[33] деген мақаласында Ш. Баллидің теориялық көзқарастары тұрғысынан біраз пікір қозғаған.

---

[26] Ф. Буслаев. Исторические очерки народной словесности и искусства, т. I—II. стр. 131.

[27] И. И. Срезневский. Замечания об образовании слов из выражений// "Изв. ОРЯС", 1873, т. X, стр. 68.

[28] Ф. Ф. Фортунатов. Сравнительное языкознание. Избранные труды. т. I. М., 1956, стр. 173—174.

[29] А. А. Шахматов. Синтаксис русского языка. Л., 1941.

[30] А. А. Потебня. Из лекции по теории словесности. Басня. Пословица. Поговорка. Харьков, 1894, стр. 103.

[31] Ш. Балли. Общая лингвистика и вопросы французского языка. М., 1955, стр. 29.

[32] "Современный русский литературный язык" (Программы задания для заочных пединститутов), вып. 24, 1933, стр. 12—16).

[33] "Русский язык в советской школе", 1929, № 6.

Л.А.Булаховский фразеологияны тіліміздегі бейнелеуіш мәнерлі сөздер жайындағы ғылым деп есептейді. Фразеологияны "обычно разложимые смысловом отношении словосочетания, но закрепившиеся в языке как материал ходовой цитации (пословицы, поговорки, удачные выражения писателей, ставшие "крылатыми" словами, и т. п.) и потому получившие известную цельность"[34], — деп түсінеді.

"Тұрақты тіркестердің" этимологиялық жүйелі классификациясын жасауға тырысқан проф. С.И.Абакумовтың[35] әрекеттері де көңіл аударарлық. Ол идиоматика мен фразеологияның жігін ажыратады.

Ол идиомалық орамдардың ерекше белгілері ретінде мыналарды көрсетеді: семантикалық бір тұтастығы, аударуға келмейтіні, синтаксистік және лексикалық тұлғаларға бөлінбейтіні, грамматикалық формаларының өзгермейтіні, сөздер орнының тұрақтылығы, сөз жасау мүмкіндігінің кемдігі. Фразеологияға жататын орамдардың беретін мағынасы оның компоненттерінің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтамайтынын анықтайды.

Сонымен, Абакумовтың пікірі бойынша, фразеология дегеніміз ойды білдірудің дайын сөйлемшелері жөніндегі ғылым.

Фразеология мен идиоматиканың анықтамасын беруде Е.Д.Поливанов: "Фразеология (или идиоматика) является "особой дисциплиной (наряду с фонетикой, морфологией, синтаксисом и словарем, или лексикой), занимающей по отношению к лексике то же положение, которое синтаксис занимает по отношению к морфологии", так как эта дисциплина оперирует так же, как и лексикология, "выражением индивидуальных понятий (лексических значений)" в отличие от синтаксиса и морфологии, которые "имеют своим объектом изучение символики общих (абстрактных) идей"[36], — деп жазады. Поливановтың анықтамасы И.А.Бодуэн де Куртенэ қолданған сөздердің көп қызметтілігі (полифункциональность) жайындағы жалпы методологиялық концепциясынан шығып жатқан ұғым. Мұны кейін Л.В.Щерба мен Б.Д.Поливановтың қабылдағаны мәлім. Фразеология мәселесімен арнайы шұғылданбаса да Поливанов еңбектерінде, кейде, осындай аса қажет ғылыми пайымдауларын айтқан. Кейінгі зерттеушілер үшін бұл сияқты пікірлердің орны бөлек.

Фразеология синтаксистен, лексикологиядан, семасиологиядан бөлек жеке-дара дами алмайды.

Сөйлеуіміздегі сөздерден гөрі семантикалық біртұтас тізбектерді, яғни сөздерден гөрі күрделірек сөздер тобының (фраза, идиома, фразеологиялық тығыз топ, тұрақты бөлінбейтін тіркестер, фразеологиялық единицалар) жігін ажырату ниеті В.В.Виноградовтың жазуы бойынша К.Бругман, Г.Пауль, Ш.Балли, А.Сеше, О.Есперсен, И.А.Бодуэн де Куртенэ, А.А.Шахматовтардың еңбектерінде байқалған. Бұл — бір жол. Яғни бұл семантикалық сипаттама. Мұндай семантикалық топтарды басқа бір жолмен қарастыруға болатынын талдаған ғалымдар да бар. Фраза құрудың механизмін басқарып отырған тіл категорияларын зерттеу айырықша нәтиже береді. Сондай категориялардың бірі тіл жүйесінің фактісі ретіндегі сөз мағынасының құрылысы болса керек. Фраза құрудың әрқилы процесінің негізін жасайтын сөз мағынасының құрылысын зерттеу жолын ең алғаш В.В.Виноградов[37] көрсеткен

[34] Л. А. Булаховский. Введение в языкознание, ч. II. М., 1954.

[35] С. И. Абакумов. Устойчивые сочетания слов// "Русский язык в школе", 1936, №1.

[36] Е. Д. Поливанов. О фонетических признаках социально-групповых диалектов и, в частности, русского стандартного языка// В кн.: "За марксистское языкознание". М., 1931, стр. 119.

[37] В. В. Виноградов. Основные понятия русской фразеологии... "Труды ЛГУ", 1946.

болатын. Ол "Современный русский язык" (Вып. I. М., 1938, 122 б.) деген еңбегінде былай деп жазған: "Тесная связь идиоматики и фразеологии с лексикологией обусловлена не только структурной близостью понятий слова и идиомы, но и постоянным движением внутри языка от слов к идиомам и фразам — и обратно — от фраз и идиом к словам". Ал "Основные типы лексических значений слова" деген "ВЯ" журналының 1953 жылы 5-санында жарияланған мақаласында В.В.Виноградов фразеология төңірегіндегі ойларын кеңейтіп, біраз жаңа ұғымдарды өрбітті.

В.В.Виноградов фразеологиялық топқа семантикалық анализ жасап, оның мағыналық жіктерін дәл ажыратып классификациялаған. Ең алдымен, ол бұл топтан фразеологиялық тіркестерді (фраз. сочетания) бөліп шығарды да, Ш.Баллидің "единства" деп жүргендерін екіге ажыратты; фразеологиялық түйдектер (тұтастықтар) және фразеологиялық тізбектер (единства) деп. Осының әрқайсысын жеке-жеке талдап көрейік.

1) Фразеологиялық тұтастықтардың (сращения) негізгі белгілерін тізіп айтсақ мынадай түйін жасауға болады. Біріншіден, бұлар ішкі формасынан айрылған, дәлелдемесі жоқ жеке сөздер сияқты лексика-семантикалық единицалар. Екіншіден, тұтастықтар компонентінің бірде-бірі жеке өзіндік мағынаға ие бола алмайды. Яғни олар негізгі лексикалық мағыналарынан мүлде айрылған. Бір бүтіннің беретін мағынасы мен жеке компоненттердің әрқайсысының лексикалық мағынасы арасында ешқандай байланыс жоқ. Үшіншіден, мұның құрамындағы сыңарлардың сырттай қарағанда жеке-жеке тұруы тек тілдің өзінік ежелден қалыптасқан дәстүріне, дағдысына байланысты нәрсе. Егер В.Виноградовтың өз сөзімен тұжырсақ, фразеологиялық тұтастықтар — "ертіндіге айналған лексикалық бөлшектердің химиялық қосындысы". Бұл сияқты тұтастықтарды идиома деп те атайды. Идиомаландырылған сөз тіркестерінің грамматикалық мағынасы да өзгеріп кетеді. Оның себебі фразеологиялық тұтастықтардың семантикалық жағынан бөліп жаруға келмейтіндігіне байланысты. Яғни семантикалық біртұтастық оны грамматикалық жақтан мүшелендірмейді.

Мұндай тұтастықтар кез келген тілде бар. Мысалы, қазақ тілінде: *қой аузынан шөп алмас* (момын), *ала жібін аттамау* (ұрлық жасамау), *мұртын балта шаппау* (мығым, дәулетті), *үріп ауызға салғандай* (әдемі, сүйкімді), *жүрек жұтқан* (ештемеден қорықпау), *ит өлген жерде* (алыста) т.б.

Орыс тілінде: *собаку съел, бить баклуши, выносить сор из избы, пуганая ворона, держать камень за пазухой, сматывать удочки* т.б.

Ұйғыр тілінде *чишкэ тэгмэк* (тіске тию), *чойлида турмайдиган* (ожауда тұрмайтын) т.б.

1966 жылы шыққан С.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақовтың "Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі" кітабында фразеологияның бұл терминдерінің бәріне қысқаша анықтама берілген. Мәселен, фразеологиялық түйдектерді (тұтастықтарды) былай түсіндірген: "Түйдекті тіркес ішіндегі сөздердің бір-бірімен лексикалық, грамматикалық берік байланыста болып, бөлініп-жарылмайтын фразалық мағынаның ол сөздердің лексикалық мағыналарымен ешбір жуыспайтын томағатұйық тіркестер, мысалы; *аузы-мұрны қисаймай* (ұялмай), *аузын буған өгіздей* (момын, жуас) т.б.

2) Фразеологиялық тізбектердің В.В.Виноградов негізгі төрт қасиетін көрсеткен. Фразеологиялық тізбек болу үшін бұл белгілердің бәрі түгел болуының қажеті жоқ. Осының бірі де жеткілікті. Енді сол белгілерді жеке-жеке қарайық.

а) Біртұтас фразалық тіркестің бейнелі, ауыспалы мағынада болуы шарт. Бұл мағына бірден ұғынылмай, кей жағдайда ғана сезілуі тиіс; ә) Экспрессивтік тығыздық (насыщенность); б) фразалық тізбектің лексикалық элементтерінің ешқайсысын басқа бір синоним сөздермен ауыстыруға болмайды; в) Егер ауыстырар болсақ, онда фразалық тізбекті түгелімен ауыстыру мүмкін екендігі. Бірақ айтылған белгілердің бәрі де ешбір дау туғыза алмайтын ақиқат емес. Сондықтан мұның өзінде де біраз солқылдақтық бар (В.Н.Телия).

Жоғарыда көрсетілген тіл білімі терминдерінің сөздігінде фразеологиялық тізбектерді "Тұтас тізбек (бірліктер) күйінде бүтін бір мағынаны білдіретін, бірлік жігі ажырамайтын, компоненттері басқа сөзбен алмаспай тұратын тұрақты сөз тіркестерінің бір түрі" деген. Мысал ретінде, *қой аузынан шөп алмас; тайға таңба басқандай; түйе үстінен сирақ үйтіп, жерден жеті қоян тапқандай* т. б. тіркестерді берген.

В.В.Виноградов бұл топқа: *держать камень за пазухой, выносить сор из избы, язык(ом) чесать, вывести на чистую воду* т. б. тіркестерді жатқызады. К.Ахановта тізбектер қатарында (ол көбінесе бірліктер деп алған.— *Ө. А.)* мынадай мысалдар жүр: *ауырдың үсті, жеңілдің астымен; көзді ашып-жұмғанша; ауыз жаласқан; аузына құм құйылу; аузынан түскендей; тайға таңба басқандай; соқырға таяқ ұстатқандай; екі езуі екі құлағына жету; қысқа жібі күрмеуге келмеу; жаны мұрнының ұшында; жанын қоярға жер таппау; ер тоқымын бауырына алу; тамырына балта шабу* т. б.

Сөйтіп фразеологиялық тізбектердің негізгі қасиеттері оның ең алдымен, бірден аңғарыла қоймайтын астарлы мағыналылығында болса, екіншіден, мұндай тіркестер өте әсерлі, әрі мәнерлі болады; үшіншіден, бұлардың компоненттерінің ешқайсының орнын ауыстырып, не орнына басқа бір сөз қоюға келмейді; төртіншіден, фразеологиялық тізбекті мәндес бір сөзбен немесе синонимдес тіркеспен алмастыруға болады.

3) Фразеологиялық тіркестер фразеологиялық единицалардың ең молырағы. В.В.Виноградов мұны тізбек пен тұтастыққа қарама-қарсы қойып қарайды. Бұл тіркестер семантикалық жағынан жіктеуге келеді. Мұндағы тіркескен сөздердің мағыналық салмағы бірдей. Фразеологиялық тіркестердің құрамындағы сөздер өзінің негізгі лексикалық мағынасында тұрады. Жалпы мағына осы сыңарлар мағынасымен тікелей байланысты. Мысалы: *сүттен ақ, судан таза; қуанышқа бөлену; шаттыққа бөлену; құрдай жорғалау; бас қатыру; жаны ашу; бетке айту; көзге айту; абыройы айрандай төгілді; ит тұмсығы өтпейтін тоғай; ашуы жауған қардай, шөккен нардай; кеудесін көтеру,* т. б.

Келтірілген мысалдардағы сыңарлардың көбінің мағыналары — тек осы өзі қатысқан тіркес аясында ғана жұмсалады да, басқа тіркестерде дәл сондай мағына бере алмайды. Яғни қай тілде болмасын кейбір сөздер белгілі бір сөздермен ғана тіркесетін тар өрісті болады. "Мұндай шектелу,— дейді акад. В.В.Виноградов, — белгілі бір тілге тән сөз мағыналарының байланысу заңдылықтары арқылы болады".

Енді осы классификацияға қазақ ғалымдары қалай қарайды екен және жалпы фразеологиялық тіркестер жайындағы пайымдауларын талдап көрелік.

1962 жылы шыққан, І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың "Қазіргі қазақ тілі" деп аталатын кітабында осындай тарау бар. Мұнда автор тіркес атауының бәрін фразалық тіркес деп алады да, алдымен оны идиомдар және басқа фразалық топтар деп екіге бөледі. Идиомдарды ерекше категория ретінде өз алдына бөлек

қарайды да, тіліміздегі басқа тұрақты сөз тіркестерінің бәрін (мақал, мәтел, қанатты сөз т.б.) фразаның қатарында әңгімелейді. Идиома мен фразаның негізгі айырмашылықтарын былай түсіндіреді: "Идиом тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айырылып қалады да, өзара жымдасып, бір ғана негізгі лексикалық ұғым береді. Басқаша айтқанда, идиом ішіндегі компоненттер өзінің лексикалық формасы мен мағынасын жоғалтады да, грамматикалық формасын сақтайды; бұлар (компоненттер) — негізгі бір кесек күрделі лексикалық единицаның грамматикалық элементтері (мүшелері) болып есептеледі"[38]. Идиоманың негізгі белгілері: біріншіден, "тұтас бір ұғым жеке сөздерінің ұғымынан алшақ кетеді де, жеке сөздер (компоненттер) өзінің дербес ұғымынан не жартылай, не мүлдем айрылып қалады", екіншіден, "бұл тізбектердің көпшілігі екінші тілге сөзбе-сөз аударуға келмейді" (205-б.). Ал фраза "жеке элементтердің негізгі мағынасынан барып жасалған тізбек" (207-б.).

Идиом мен фразаның ортақ қасиеттері де бар, ол — тиянақтылық. Сөйтіп, біз идиом мен фразаның айырмасы олардың құрамындағы сөздердің жеке күйіндегі (о бастағы) мағынасынан айрылу, айрылмауына байланысты ажыратылатынын байқап отырмыз. Авторлар мақал-мәтелдердің де негізгі қасиеттерін ашып, идиомдармен салыстыра зерттейді. Олардың ортақ белгілерінің бастысы орнықтылық, яғни бұл тіркестерді құрауға қатысып тұрған сөздердің арасына сөз қосып немесе олардың орнына басқа бір сөзді пайдалануға болмайтындығы деп көрсетілген. Бұлардың бәрін топтап келіп, жасалған мына бір тұжырымға назар салыңыз:

"Мақал, фраза, идиомдарды басқа системалық күйге аударарда бұлардағы өзара негізгі айырмашылықтардың бірі айқын көзге түседі — идиом сөздердің дені сөзбе-сөз (мақал, фразадағы сөздердей) аударуға келмейді. Бұл — жоғарыда біз атап кеткен лексикалық өзгешеліктен туған қасиет"(206-б.).

Жалпы, авторлар идиома мен фразаны егжей-тегжейлі талдағанмен, мақал-мәтелді тұрақты сөз тіркесінің қай түріне жатқызуға болатынын ашып айтпайды.

Идиомдардың тағы бір ерекше белгілерінің бірі — олардың көнелігі. Сөздер тізбегі идиом болу үшін көп замандар керек. Оның құрамындағы сөздер мүлде дерексізденіп, өзінің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтауы осындай ой туғызады. Мақалдарды қолданғанда, оны өзгертпей сол қалпында алып, басқа сөздермен араға *де* ("деп", "деген", "дегендей") етістігін дәнекер етеміз. Ал идиомдарды морфологиялық өзгерістерге салуға болады да, олардың синтаксистік тиянақтылығын ешбір өзгерте алмайсыз. Морфологиялық, әрі синтаксистік беріктігі бірдей идиомдар да бар, бірақ олар көп емес. Идиомдар түгесінді бір ғана ойды білдіруіне орай, олар көбінесе бір сөздің орнына жүреді.

Идиом, фразалардың тағы бір ерекшелігі — біразының дыбыс үйлесімі. Бұл тізбектерде біркелкі не дауысты, не дауыссыз дыбыспен (аллитерация) келетін немесе не біркелкі жуан, не жіңішке сөздерден келетін идиомдар бар.

Идиом, фразалардың лексикалық мағыналарын бөлек әңгімелеу қажет.

1964 жылы шыққан "Қазақ тілі" практикалық курсында (авторлары: Н.Оралбаева, Г.Мадина, А.Әбілқаев, жалпы редакциясын басқарған проф. М.Балақаев) "Лексика" тарауының бір бөлімі "Тұрақты сөз тіркестері" деп аталған. Мұнда авторлар тұрақты сөз тіркестерін идиома, фраза, мақал-мәтелдер деп жеке-жеке бөліп талдайды. Қысқа болса да әрқайсысына анықтама беріп, нақты тұжырым айтуға тырысқан. Әрқайсысына берілген анықтамаларға жеке-жеке қарап шығайық.

[38] І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). Алматы, 1962.

а) Идиома деп іштей бөліп, жаруға келмейтін және оның тұтас мағынасы құрамындағы сөздердің әрқайсысының лексикалық мағынасына байланысты тумаған сөздер тобын тұрақты тіркес дейміз. Мысалы: *бүйректен сирақ шығару* (орынсыз, жөнсіз іс), *мұртын балта кеспейді* (ешбір кемшілік, мұқтаж көрмеу), *аузына құм құйылды* (жеңілу, үндемей қалу), *жер-жебіріне жету* (ұрсу, соғу). Бұдан әрі бірнеше жаттығулар берілген.

ә) Тұрақты тіркестердің енді бір түрін фраза деп атайды да, оған да нақты анықтама бермегенмен, мұның өзіндік айырмасын түсіндіреді. Авторлардың түсініктемесін берейік: "Тұрақты тіркестің бір түрі — фраза. Ол да идиома сияқты түйдекті тіркес қалпында айтылады. Алайда мұның идиомадан айырмашылығы құрамындағы сөздердің бәрі не біреуі өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айрылып қалмайды". Мысал ретінде *тайға таңба басқандай; тепсе, темір үзеді; еңбегі жанды; су жұқпайтын жорға; сегіз қырлы, бір сырлы; бұраң бел, алма мойын; асқар тау* дегендерді келтіреді.

Шынында бұл келтірілген мысалдар құрамындағы сөздер өзінің негізгі лексикалық мағынасынан онша алшақтамайды. Ал *бұраң бел, алма мойын, асқар тау* дегенде тіркестің екінші сыңарлары өздерінің негізгі мағыналарын бүтіндей сақтап тұр. Ендеше идиомалар сияқты, фразалық тіркестер де сөзімізді өткір, көрікті, образды ету үшін жұмсалады деген тұжырымды әбден қолдаймыз.

б) "Мақал-мәтелдер халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тануынан қорытылып, ереже түрінде тұжырымдалған аталық сөзі, ой түйіні". Біз авторлар анықтамасын бұлжытпай беріп отырмыз. Олар мақал-мәтелдің идиома, фразаларға ұқсас жағы мен өзгешелігін ажыратқан. Ұқсас жағы — мұның бәрінде "сыртқы құрылымы, сөздердің орын тәртібі тұрақты" болуында да айырмасы — біріншіден, "мақал-мәтелдің құрамындағы сөздер өздерінің лексикалық мағынасын толық сақтап, сөйлем мүшесіне талдауға келеді"; екіншіден, "егер идиома мен фраза сөйлем ішінде басқа сөздермен байланысу үшін тұлғалық өзгеріске ұшыраса, мақал-мәтелдер ешбір өзгеріске түспей, басқа сөзбен не сөйлеммен де етістігі арқылы байланысады". Мысалы:

И д и о м а немесе ф р а з а:	М а қ а л-м ә т е л:
Бірнеше адам оларды қоршап алған: мәз, қолтықтарына дым бүркіп, дем береді (З.Ш.). Қолтығына дым бүрке берме. Қолтығына дым бүрке берсең, желіге береді.	"Аяғын көріп, асын іш, анасын көріп қызын ал" деген бар ғой, бәйбіше, "егдеге ізет, жасқа жол" дегендей, Әділ екеуіміз жер ортасы жасқа келдік, ізет көрдік, енді жастарға жол ашу лазым емес пе (Ж. Т.).

Авторлар мақал мен мәтелдің өзара айырмасын да ажыратқан: "мақалда өмір тәжірибесінен екшеліп алынған ақыл, өнеге, оқушыны жақсыға баулып, жаманнан аулақ болуға үйрететін кеңес берілсе, мәтел белгілі бір ойға, ұғымға ишара жасайды, онда астарлап, жұмбақтап айту мәні басым" болады. Мысалы, салыстырғанда :

М а қ а л	М ә т е л
Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. Көп қорқытады, терең батырады. Еңбек етсең, емерсің. Күлме доскa — келер басқа. Білек сүріндіре алмағанды, білім сүріндіреді.	Сиыр судан жериді, су сиырдан жериді. Той дегенде қу бас та домалайды. Әшейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас. Соқыр тауыққа бәрі бидай.

Мұның қай-қайсысы болмасын, айтайын деген ойды нақты, анық етіп және тыңдаушыға бірден аңғартуға немесе сөйлеген сөзімізден қысқа, тұжырымды қорытынды шығаруға үлкен жеңілдік жасайды. Бұларды талғамсыз қолдана беруге болмайды. Екінші жағынан мақал-мәтел әдебиеттің бір жанры есепті таптық сипатта боп келеді. Міне, сондықтан сақ болған жөн.

Фразеология жөнінде Қазақ ССР Ғылым академиясының корр.-мүшесі, филология ғылымының докторы К. Аханов жолдастың пікірлері көңіл аударарлық. К.Аханов өзінің кітабында[39] фразеологияны біраз талдайды. Ол осы еңбегінде бұларды екі топқа бөліп: оның бірін — еркін тіркес, екіншісін — тұрақты фразеологиялық тіркес деп алады. Мұның алдыңғысын синтаксистің сыбағасына беріп, кейінгісін лексиканың құрамында қарастырады.

Фразеология деген терминге келсек, мұның екі түрлі мәні бар тәрізді: біріншіден, "белгілі бір тілдегі тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерінің жиынтығы" дегенді білдірсе, екіншіден, сол тіркестер жиынтығын ғылыми түрде зерттеп талдайтын ілім мағынасында түсініледі. Автор тұрақты сөз тіркестерін жақшаның ішінде фразеологиялық единицалар деп алады. Бұл орыс және қазақ терминологиялық сөздіктерінде орныққан термин. Мұнда да алдымен тұрақты тіркес пен еркін тіркестердің айырмасы нақты талданады. Автор мынадай басты-басты ерекшеліктерін көрсетеді:

Біріншіден, "тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің орны, еркін тіркестің құрамындағы сөздердің орнына қарағанда әлдеқайда тұрақты, бекем болады.

Екіншіден, "тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерінен туатын бір бүтін мағына оны құрастырушы сыңарлардың мағынасынан басым" (241-б.) болады.

Үшіншіден, "тұрақты фразеологиялық сөз тіркестері бір тілден екінші тілге аударуға икемсіз келеді, әсіресе оларды тікелей сөзбе-сөз аударуға болмайды" (242-б.). Алғашқыда келтірілген мысалдар: "сақалын сипап қалу" мұны мұртын сипап қалды десек, мүлде басқа мағынаға ауысады. Немесе "мұртын балта шаппайды" дегендегі "мұрттың" орнына сақалын десек, болмаса балта орнына пышақты пайдаланып көрсек, тіркесіміздің тілім-тілімі шығар еді. Бұдан шығатын қорытынды тұрақты сөз тіркестері жаңадан тіркесуді қажет етпейтін, әркімнің өз қалауынша өзгертуін қаламайтын, бұрыннан даяр "өзінен өзі тіркесіп" әзір тұрған материал. "Ас иесімен тәтті", "ас — адамның арқауы" осыдан автор тұрақты сөз тіркестерінің анықтамасын шығарған. "Тұрақты сөз тіркестері деп әбден қалыптасып, нық орныққан, өзгертуге келмейтін сөз тіркестерін айтамыз" (241-б.).

Екінші өзгешелікті танытатын мысалдар мыналар: қырғи қабақ болу —"кейісу, араздасу"; қаны қайнау —"ашулану, ызалану, ыза кернеу"; санын соғып қалу — "өкіну"; су жүрек — "қорқақ"; мұрнын көкке көтеру —"менменсу, паңсыну"; қас пен көздің арасында, көзді ашып жұмғанша, не қас қаққанша —"лезде, өте жылдам"; қой аузынан шөп алмас —"момын"; тайға таңба басқандай, не соқырға таяқ ұстатқандай — "ашық-айқын" т. б. Бұлардың бәріне тән ортақ белгі — тұтастық пен мағына бірлігі.

Үшінші аудару мәселесіне келсек, автордың бұл жөніндегі пікірін бекіткен мысалдар мыналар: *На седьмом небе* ("шексіз бақытты, өте бақытты" деген мағынада), *медвежья услуга* ("пайда келтірем деп, зиян келтіру, орынсыз жәрдем" деген мағынада) дегендерді сөзбе-сөз қазақшаға аударуға, немесе керісінше, қазақ

[39] К. А х а н о в. Тіл біліміне кіріспе. Алматы, 1965.

тіліндегі — *қырғи қабақ болу; ит арқасы қиянда; үріп ауызға салғандай; оның сөзінің басы тау болып, аяғы сиыр құйымшақтап келіп қылдай болды; мұртын балта шаппайды; көлеңкеге қарап тон пішу; қой аузынан шөп алмас; ат үсті қарау* тәрізді тұрақты сөз тіркестерін сөзбе-сөз орыс тіліне аударуға келмейді. Автор осылай деп отырса да, бұларды екінші тілде мүлде беруге болмайды деп шорт кесіп тұжырым жасамайды. Бір халықтың санасы мен ойлау жүйесінің басқа кез келген халықтың ой-өрісінен ешбір кем еместігін біледі. Сондықтан ол: "Бұларды мағынасына қарай, балама боларлық тұрақты сөз тіркестерімен, егер ондай тіркестер болмаса, мағынасын бере аларлық жеке сөздермен немесе еркін сөз тіркестерімен аударуға болады",— деп түйеді жоғарыдағы еңбекте.

Қай тілде болмасын фразеологиялық единицалар бірыңғай емес. Оның аумағы әлі күнге сұрыпталып болған жоқ. Құрамы да сан түрлі. Күні бүгінге дейін фразеологияға қатысты терминдердің неше қилысы қатар қолданылып келеді. Осындай әр тараптық, әртүрлі атаулар нақты ғылыми пайымдаулар жасауда едәуір нұқсан келтіріп жүр. Ғылыми атаулары, терминдері революциядан соң ғана қалыпты даму жолына түскен қазақ тілінде фразеология маңында да бір пәтуаға келінбеген, әркім қалауынша атап, айдар тағып жүрген терминдер бар, бірізділік болмаған соң, ғылыми зерттеу жұмыстарының жібі босайтыны белгілі. Қазақ тілінде фразеологиялық единицалар (фразеологические единицы), фразеологиялық тіркестер (фразеологические сочетания), ажыратылмайтын сөз тіркестері (неразложимые словосочетания), тұрақты сөз тіркестері (устойчивые словосочетания), идиоматикалық сөйлемше (идиоматические выражения), лексикаландырылған тіркестер (лексикализованные сочетания); идиомдар, фразалар деген тәрізді әртүрлі терминдер қолданылады. Осының өзі фразеологияның мазмұны мен шеңберінің әлі толық анықталмағанын дәлелдейді. Фразеологиялық сөз тіркестері зерттеле бастағанда біз алдымен акад. В.В.Виноградовты[40] еске аламыз. Тіл білімінде фразеология мәселесі осы кісінің есімімен тікелей байланысты. Ол фразеологиялық сөз тіркестерін мынадай үш топқа бөледі:

Фразеологиялық тұтастықтар (фразеологические сращения), фразеологиялық бірлестіктер (фразеологические единства), фразеологиялық тізбектер (фразеологические сочетания).

Үш топтың әрқайсысын жеке-жеке талдап көрейік. Мұның талдау стилі әркімде әртүрлі болғанмен, негізгі ерекшеліктерін, мазмұнын көп ғалымдар дұрыс ұғатын сияқты.

Алдымен фразеологиялық тұтастықтар қалай түсіндіріледі, соны байқайық. К.Аханов: "Фразеологиялық тұтастықтар деп бөлініп, ажыратылмайтын, беретін мағынасы жағынан құрамындағы сыңарлардың мағынасымен мүлдем байланыспайтын, әбден бітісіп, тұтасып кеткен томаға-тұйық тіркестерді айтамыз",— дейді. Мысалы, *ит өлген жерде* (алыста), *жүрек жұтқан* (ештемеден қорықпайтын, сескенбейтін), *үріп ауызға салғандай* (әдемі, сүйкімді), *мұртын балта шаппайды* (мығым, дәулетті), *қой аузынан шөп алмас* (момын), *аузы-мұрны қисаймастан* (ұялмау, шіміркенбеу), *ала жібін аттамау* (ұрлық-қарлық жасамау) т. б. мұның қай-қайсысы болмасын беріп тұрған мағынасы құрамындағы сөздердің мағынасымен байланыспаған. Мәселен, *мұртын балта шаппайды* дегеннің мағынасы *мұрт, балта,*

[40] В. В. Виноградов. Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины. "Труды юбилейной научной сессии ЛГУ", 1946; Об основных типах фразеологических единиц в русском языке// В сб.: "Академик А.А.Шахматов". М.— Л., 1946; Основные типы фразеологических единиц в русском языке// "Русский язык", № 4, М., 1947.

шап сөздерінің лексикалық мағынасына байланысты емес. Бәрі жиылып, мүлде басқа бір ұғымды білдіріп тұр.

Фразеологиялық тұтастықтар кез келген тілде бола береді: өзбек, ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ т. б.

Ұйғырларда: чойлида турмайдиган (сөзбе-сөз аударғанда "ойда тұрмайтын") — "ойға сыймайтын ақылсыз, ақымақ"; чишкэ тэгмэк (сөзбе-сөз — "тіске тимек") — "ашуландыру, ызасын келтіру" ; тува тілінде: башка хан кудар (сөзбе-сөз аударғанда "басқа қан құю") — біреуді жермен-жексен ету, қиын жағдайға ұшырату.

Бұл тәрізді фразеологиялық тұтастықтарды кейде идиомалар деп те атайды. Идиоманданырылған (идиоматизация) сөз тіркестерінің грамматикалық мағынасы да өзгеріп кетеді. Осындағы сөздер мағынасы жайшылықтағы сөздердің мағынасынан мүлдем өзгеше. Мысалы, *жұмысқа ат үсті қарауға болмайды* дегендегі тұрақты тіркес беретін мағына *ат үсті* деген еркін тіркес мағынасына мүлде сай келмейді. "Қас пен көздің арасында" — *лезде* деген үстеу сөздің синонимі, "қой аузынан шөп алмас" деген тұрақты тіркес — *момын* деген сын есімнің синонимі, "үріп ауызға салғандай, тонның ішкі бауындай" деген сөз тіркестері де жеке сөздердің синонимі ретінде қолданылып, сын есім сөздің қызметін атқарады.

"Фразеологиялық тұтастықтардың семантикалық жақтан бөлініп, ажыратылмауы сөз тіркесінің грамматикалық жақтан мүшеленбеуінің басты себебі болып табылады. Фразеологиялық тұтастықтың семантикалық бірлігі оның грамматикалық табиғатын да өзгертеді. Мысалы, орыс тіліндегі *спустя рукава* (қазақша — *қол қусырып)* сөздердің көсемшелі орамынан (деепричастный оборот) үстеу сөзге айналған. Мұның орысша, қазақшасы грамматикалық жақтан мүшеленбей, бір ғана үстеу сөз ретінде қолданылса, *мойны жар бермеу, кежегесі кейін тарту* деген тұрақты сөз тіркестерінің әрқайсысы *еріну* деген мағынада бір бүтін лексикалық единица — етістік ретінде қолданылады.

"Белгілі бір тұрақты фразеологиялық тіркестің фразеологиялық тұтастық деп танылуы үшін оның құрамындағы жеке сыңарлар лексикалық мағыналарынан, өздерінің дербестігінен айрылуы шарт". В.Виноградов: "Ертіндіге айналған лексикалық бөлшектердің химиялық қосындысы", — дейді.

Фразеологиялық бірліктерге К.Аханов мынадай анықтама береді. "Мағынасы жағынан ажыратылмай, тұтасынан бір бүтін мағынаны білдіретін, бірақ сөз тіркесінің бір бүтін мағынасы лексикалық сыңарлардың мағыналарының бірігіп тұтасуынан туатын тұрақты фразеологиялық сөз тіркестері, фразеологиялық бірлестіктер (фразеологические единства) деп аталады". Бұлар лексикалық мағынасы толық сақталған сөздерден бірігіп, тіркестің бүтін мағынасы сөз тізбегінің мағынасымен астарлас, образды, бейнелі, астарлы болады. "Түймедейді түйедей ету" деген тұрақты тіркестен туатын мағына осыларды құрап тұрған сөздердің астарлы, образды мағынасымен тығыз байланысты.

Ауырдың үсті, жеңілдің астымен, көзді ашып-жұмғанша, ауыз жаласқан, аузына құм құйылу, аузынан түскендей, тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай, екі езуі екі құлағына жету, қысқа жібі күрмеуге келмеу, жаны мұрнының ұшында, жанын қоярға жер таппау, ер тоқымын бауырына алу, тамырына балта шабу т. б.

К.Аханов бұлардың басты белгілерін көрсеткен.

а) әрдайым бірден аңғарыла бермейтін астарлы, образды мағынасы болады;

ә) өте-мөте мәнерлі, әсерлі болу қасиетімен ерекшеленеді;

б) сыңарларының орнын өзгертуге немесе басқа сөздермен алмастыруға болмайды;

в) тіркесті синонимдес келетін бүтіндей фразеологиялық сөз тіркесімен немесе мағына жағынан дәлме-дәл келетін жеке сөзбен алмастыруға болады.

Ал енді фразеологиялық тізбектер дегеніміз не? Мағынасы жағынан құрамындағы сөздердің мағынасымен байланысып жататын, тіркесу тұрғысынан орныққан тұйықталған сөз тіркестері фразеологиялық тізбектер деп аталады.

Тілде сөздердің өзара тіркесу қабілеті бірдей емес. Қайсыбірі кез келген сөзбен тіркесіп, белгілі бір ұғымды білдіруге бейім болса, енді бірі азғана сөздермен одақтасып, сонымен ғана тіркеседі. Тіркесу қабілеті әртүрлі. Сөздердің тұрақты тіркесте қолданылуға сеп болатын нәрсе, ол сөздердің лексикалық мағынасының образды, астарлы мағынаны қолдану қабілеті. Тұрақты сөз тіркестерін белгілі сөздер тобы ғана жасайды. Кез келген сөз тұрақты сөз тіркесін жасай алмайды. Кейбір белгілі бір тұрақты сөз тіркесінің құрамында ғана қолданылып, басқа тіркестерде мүлде кездеспейді. Мысалы, *асқар тау, шалқар көл, жосадай қан, мидай дала, қыпша бел* дегендегі *асқар, шалқар, жосадай, мидай, қыпша* сөздері тек осы тіркестерде ғана қолданылады.

Бүкіл тұтас тіркес мағынасын барласақ, оның беретін мағынасы тұрақты тіркес компоненттерінің тікелей мағынасынан туады. Фразеологиялық тізбектердің фразеологиялық тұтастықтар мен фразеологиялық бірліктерден негізгі айырмасының бірі осы. Мысал келтірейік: *қуанышқа бөлену; шаттыққа бөлену; құрдай жорғалау; бас қатыру; жаны ашу; бетке айту; көзге айту; абыройы айрандай төгілді; ит тұмсығы өтпейтін тоғай; ашуы жауған қардай, шөккен нардай; сүттен ақ, судан таза; кеудесін көтеру* т. б.

Фразеологиялық тізбектердің құрамындағы сөздердің өзі қатысқан тіркестегі мағынасында қолданылу шеңбері тар болады. Мысалы, *қуанышқа бөлену, шаттыққа бөленудегі* бөлену сөзі осы аталған тіркестерде ғана кездеседі. Бұлай болатын себебін В. В. Виноградов былай дәлелдейді: "Мұндай шектелу белгілі бір тілге тән сөз мағыналарының байланысу заңдылықтары арқылы болады"[41].

Бұл аталған фразеологиялық тіркестердің барлық түрі қай тілде де бар болғанмен, мұндай классификация барлық тілге бірдей дәл келе бермейді. Мұны кейінгі жылдарда фразеология саласында біраз зерттеу жүргізген орыс совет ғалымдары да, басқа ұлт ғалымдары да айтып жүр. Әсіресе, орыс тіліне қарағанда, көптеген спецификалық өзгешеліктері бар қазақ тілі сияқты түрік тілдерінің көбінде әлгі атауларды бұлжытпай қабылдау ғылыми-зерттеу жұмыстарына біраз ауытқулар әкелер еді. Мұны әр тілдің өзі фразеологиялық тіркестерін түгел тізіп, сол тіл заңдылықтарына орай талдап шығу арқылы ғана ғылыми дәйекті жүйеге салуға болар еді. Тіпті осында фразеологиялық единицаның үш түріне келтірілген мысалдардың және оларға берілген түсініктемелердің өзін алып қарасаңыз да әлі орыс ғалымдарының арасында да, қазақ ғалымдарының арасында да пәтуалы пікір тұжырылмаған. Фразеологиялық тізбектер мен фразеологиялық тұтастықтардың жігі айқын емес. Бұл екеуіне дәлелдеме ретінде берілген мысалдарды талдап қарасаңыз, олардың көбінің бір-бірінен айырмасы жоқ. Тізбектер деп отырғанымыз да, тұтастықтар деп отырғанымыз да көбіне-көп бірақ нәрсе боп шығады. Қай тілде болмасын, бұрыннан келе жатқан идиома дегендеріміз тағы бар. Идиомалардан әлгілердің жігін айырып берген еңбектер де

---

[41] В. В. Виноградов. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке//В сб.: "Академик А. А. Шахматов". М.—Л., 1947, стр. 361.

шамалы. Мақал-мәтелдерді қай фразеологиялық единицаға жатқызамыз, жоқ өлде бұларды өз алдына бөлек қарастыру жөн бе?

Қай тілде болмасын фразеологизм, фразеологиялық единица дегеніміз не және тілдегі мұндай тіркестердің көлемі қай шамада дегенге келгенде тұрақты пікір жоқ. Бұлардың құрамына кейбір орыс ғалымдары тіркес атаулының бәрін кіргізсе, енді біреулері тек тұрақты тіркестерді ғана жатқызады. Кейбір ғалымдар еңбегінде мақалдар да, мәтелдер де, қанатты сөздер де, ғақлия, нақыл сөздер де, афоризмдер де фразеологизмнің құрамына енсе, өзгелерінде қалып қойған. Тіпті кейбір ғұламалар жеке сөздерді де фразеологизм қатарында қарастырады.

Сонымен фразеологиялық единицалардың, яғни тұрақты сөз тіркестерінің үш түрі болатынын анықтадық. Орыс, қазақ ғалымдарының пікірлерін алға ұстап, келісетін, келіспейтін тұстарымызды дәлелдеуге тырыстық. Негізінен ендігі жердегі пайымдауларымызда бұл аталған терминдерді осылай атап пайдаланып отырамыз. Пікіріміздің шашырап кетпей, нақтылау, түсініктілеу болуы үшін осы үлгіні алуды жөн көрдік.

Ал енді мақал-мәтелдерді қайда жібереміз. Оларды фразеологиялық единицалар ретінде зерттеу керек пе, жоқ өлде өзіне бөлек, өзгеше тұрақты тіркестер тобына жатқызып қараймыз ба? Бұл жайында ғалымдар пікірі қалай?

Ең алдымен мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің фразеологиялық тұрақты тіркеске жататынын көптеген ғалымдардың дәлелдеп, пәтуаға келіскенін ескертеміз. Мәселе бұлардың фразеологиялық единицалардың әлі жоғарыда аталған үш тобының қайсысына жатқызу керек екенінде. Бұл өте күрделі мәселе. Совет тіл білімінің тарихына үңілсек, көптеген әйгілі ғалымдардың бұл мәселеге талай қалам тартқанын көреміз. Фразеологизмдерді зерттеу ісінің көш басшысы болған акад. В. В. Виноградов мақал-мәтелдерді фразеологиялық единицаның ешқайсысына жатқызған емес. Ал проф. А. И. Ефимов оларды фразеологиялық единицалардың айрықша бір түрі ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан қарастырғанда мақал-мәтелдер компоненттерінің орнықтылығы алдымен ескерілсе керек.

Қазақ ғалымдарының көпшілігі мақал-мәтелдерді осы фразеологиялық единицалардың қатарында қарастыратынын көрдік. Акад. І. К. Кеңесбаев, проф. Ғ. Мұсабаев, проф. М. Балақаев, т. б. ғалымдардың жоғарыда аталған еңбектерін қараңыз. Біздің де бұл жайында ұстанатын пікіріміз осы ыңғайда болмақ.

Біз бұл тарауда фразеология мәселесінің зерттелуі жайында біраз пікір тараттық. Орыс, қазақ ғалымдарының жалпы фразеологияны қалай түсінетінін, оның түрлерін қалай талдайтынын, оған қандай тұрақты тіркестерді жатқызатынын баяндадық. Енді фразеологизмдердің тілімізде атқаратын қызметі жайында бірер сөз.

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕДИНИЦАЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛЬДЫҚ-ЭКСПРЕССИВТІК БОЯУЫ

Тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің қызметі жоғарыда баяндалған негізгі белгілеріне орай айқындалады. Кіріспенің басында ескерткеніміздей, біздің сөйлеуіміз негізінен жеке сөздердің жай тіркестерге бірігуінен тұрады. Мұнда жеке сөздер емін-еркін бірімен-бірі байланысып, тіркесіп, әртүрлі қатынасқа түседі де, ойды білдіруге қызмет етеді. Жай тіркестердегі кез келген сөздердің кез келгенін алып тастап, орнына басқа сөз қоюға, не басқа бір сөзге телуге әбден болады. Ондайға көнбіс.

Ал енді бір алуан сөздер "мінезі" өзгешелеу.

Олар тек белгілі сөздер үйіріне қосылып, тұрақты мекенге ие болған. Бұлардың тобындағы сөздер бір-бірімен мүлде кірігіп, бір-ақ мағынаны мегзейді. Нақты семантикалық мағынаға, грамматикалық тұлғада тұрақтаған мұндай топты бөліп-жаруға, яғни осы тектес тұрақты тіркес компоненттерінің орнын алмастыруға, не басқа сөз қосуға әрекеттену әурешілік. Мұның мәнісі — фразеологиялық единицалардың тіліміздегі айрықша лексикалық топ болуында. Тұрақты тіркес тобындағы сөздердің орны тұрақты, бәрінің жиылғанда берер мағынасы біреу. Екі не бірнеше сөз жиылып бір-ақ мағына білдіру — бұл тіркестердің негізгі қасиетінің бірі. Фразеологиялық единицалардың бәрі дерлік ауыспалы мағынаға ие. Бір нәрсе мегзеу, ишара түрінде, ар жағын өзің біл дегендей болжалмен айтылады. Бұлардың осындай қасиеттері тілімізді көркем, бейнелі шешен етіп, оған айрықша ажар кіргізеді. Ендеше фразеологиялық единицаларды сөйлеу және жазу, тілімізде орнын тауып орайымен қолданудың ерекше мәні бар. Ауыс мағыналы метафоралы сөз тіркестері мен басқа да бейнелі сөз орамдарына көпшіліктің, әсіресе қолына қалам ұстаған творчество адамының құмар болуында сыр көп. Өйткені тұрақты сөз тіркестеріне тән қасиеттің бірі — образдылық. Ал көркем шығармаларда суреттелетін оқиғалар, кейіпкерлер образдылығымен ғана құнды. Тілді әрі көркем, әрі шұрайлы етуге жетелейтін осындай формаларға жазушылар неше алуан стильдік қызмет жүктейді. Ондайда тұрақты тіркестер сарқылмайтын қазына. Мәселен, "осы дәл қазір" дегенді білдіру үшін — *Қас пен көздің арасында* десек, "алыс" дегенді *ит арқасы қиянда, ит өлген жерде* десек, "момын" дегенді *қой аузынан шөп алмас* десек, "сұлу" дегенді *үріп ауызға салғандай* десек т. т. тіліміздің ерекше өткірлігін, сұлулығын көрер ек. Келтірілген мысалдағы компоненттердің бәрі де ауыспалы мағынада. Ендеше айтылатын ойды барынша әсерлі, айқын жеткізу үшін мұндай фразеологиялық тіркестер таптырмайтын тілдік құрал.

Фразеологизмдердің бәрі бірдей метафоралы болып келмейді. Олардың ішінде зат, табиғат, неше түрлі ұғым, құбылыс жайында шертілген кішігірім әңгіме тәрізді. Нақты ақыл-кеңесті түйіп тастап отыратын бұл тектес тіркестер құрамындағы сөздер өзінің негізгі лексикалық мағынасында тұрып-ақ ойды соншама әсерлеп, мәнерлі жеткізеді. Мынандай тұрақты тіркестерге зер салыңыз: *сұлу сұлу емес, сүйген сұлу; мыңның түсін таныған ша, бірдің атын біл; игіліктің ерте-кеші жоқ; қыс азығын жаз жина; аңдысқан ауыл болмас; сақтансаң сақтаймын.*

Мақал-мәтелдер де дәл осындай қасиетке ие. Өмір өзі түйген ащы тәжірибенің шындық тұжырымы іспетті, олай емес, былай дегендей жол-жөн нұсқайды. Өмірдегі іс-қимылдың дұрысы қайсы, бұрысы қайсы, т. б. адам баласының сан алуан әрекетінде таймас, табанды бағыты қайсы соны дөп көрсетеді. Бұның бәрі бос әңгіме болмай, өмір тәжірибесінен қорытылып шыққан әділ шындық. Ал образдылық ауыс мағыналы метафоралы сөз тіркестерінің бәрінде бірдей бола бермейді. Осыған қарағанда, кейбір ғалымдардың фразеологизмдерді құрылысы және образдылығы жағынан екі бөліп қараймыз деуі ақылға сияды.

Қандай тілде болмасын фразеологиялық единицалар астарлы, образды мағынада қолданылады. Олардың қай-қайсысында да мәнерлеп, бейнелеп айту қызметі күшті. Кейбір жеке сөздердегі тәрізді, тұрақты сөз тіркестерінде де эмоциональдық-экспрессивті бояу мол. Көбінде осы өзгешелік басым. Яғни фразеологизмдердің көпшілігі айрықша образды, экспрессивті қызмет атқарады. Экспрессивтік-эмоциональдық бояуы бұрыннан бойында бар фразеологиялық единицалар көркем қолданылып, сөйлеушінің адамзат не құбылыс турасындағы өз көзқарасын мәлім

етеді. Экспрессивті тұрақты тіркестер сезімге айрықша әсер етеді. Мысалы, "алыс" дегенді күшейтіп "алыстың алысы" деп айту үшін қазақ тілінде *ит арқасы қиянда, ит өлген жерде* деген бейнелі фразеологиялық орамды қолданар едік десек, "жұмыртқадан жүн қырыққан" дегенде "*бірді бірге соғып, сауданың көзін тапқан пайдакүнем, тақыс адамдар*" еске түсер еді. Ал бұған қарама-қарсы *сұлу, көркем, батыр* дегендей жағымды адамдарды бейнелер болсақ *үріп ауызға салғандай, жүрек жұтқан* деген тұрақты тіркестер ауызға оралады. *Тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай* деген тұрақты тіркестер *ашық, айқын* деген ұғымға экспрессивті өң беріп, оны құлпыртып, күшейтіп тұр. Бұдан "ашықтың ашығы, айқынның айқыны" дегендей үстеме, күшейтпелі мағынаны түсінеміз.

Өткір мысқыл, ащы әжуа, тапқыр қалжыңды өн бойына жинаған тұрақты тіркестер де мол. *Айдағаның екі ешкі, ысқырығың жер жарады* фразеологиялық тұрақты тіркесі кісіге еріксіз езу тартқызады. *Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен; берсе — қолынан, бермесе — жолынан; көңіл қалмас, көңіл жыртпас; асын ішіп, текеметін тіліп; түйе үстінен сирақ үйту; тырнақ астынан кір іздейді; бүйректен сирақ шығару; тіл мен жағына сүйену; аузы-басы қисаймау* т. б. тұрақты тіркестер әрі ащы күлкі шақырса, әрі жиреніш сезімді қозғайды.

Елден ала бөтен ашқарақтық жасап, масқара саранДыққа берілген адамдарды әжуалағанда халқымыз *құ бастан қуырдақ ет алған* деп салады. Қырым ет жоқ құ бастан қуырдақтық ет алса, ондай сараңдықты мұнан артық қандай сөзбен бейнелеуге болар еді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бір-ақ айтатын мақал-мәтелдер де аз сөзден жасалғанмен, көп мағынаны білдіретін фразеологиялық топтың бірі. Келелі ойды, кең мазмұнды данышпандық ақыл-өсиет түрінде салмақты айтатын, айтқанда соншама дәл, әрі әділ, ащы мысқыл, әдемі әжуасы аралас келіп нұсқағанды тапжылтпай мақұлдатып тастайтын мақал-мәтелдерді пайдаланудың да мәні өзгеше. Бұларды әсіресе көркем әдебиетте, көпшілікке арналған әңгіме-лекцияда, публицистикалық жанрда мол пайдалануға болады.

Жүздің көркі — сақал, сөздің көркі — мақал, тұз — астың дәмін келтірсе, мақал — сөздің сәнін келтіреді, мақал — сөздің атасы деп сөздің қадірін білген қазақ *өнер алды — қызыл тілге* ерекше мән берген. Сөз құдіретін тек қазақ халқы емес, барлық халық біледі. Әр халықта да мұндай сөздердің қасиетін аша түсетін әлуетті мақалдар баршылық. Мысалы, орыстарда —"без пословицы не проживешь" ("мақалсыз тірлік жоқ"), "старая пословица век не сломится" ("ескі болса да, мақал ескірмейді"), пословица недаром молвится" ("мақал бекер айтылмас"), "пословица не на ветер молвится" ("мақал желге айтылмайды"), "пословица всем делом помощница" ("мақал бар істе жәрдемші") т.б. деп мақалдың мәнін түсіндірсе, бұдан мәтелдің де осал емес екенін және оның мақалдан өзгешелігін ұғамыз. Халық өзі айтып отырады. Мысалы орыстың мына мәтелдеріне назар аударыңыз: "красна речь поговоркой" ("сөз мәтелмен мәнді"), "из поговорки слова не выкинешь" ("мәтелден сөзді шығарып тастай алмайсың"), "поговорка — цветочек, "пословица — ягодка" ("мәтел — гүл, мақал — жеміс") т. б. Халық осы тектес даналық сөздің мәнін ұққандықтан да "слова хороши, если они коротки" ("сөздің қысқасы жақсы") дей отырып, сөздің сүйектен өтетінін "не ножа бойся, а языка" ("пышақтан емес, тілден қорық") деп ескертеді. Бірақ аты мақал деп, қалай болса, солай қолдана беруге де болмайды, өйткені қазақ — *"айтқан сөз — атылған оқ"*, ал орыс —"написано пером, не вырубишь топором" деп сөздің өте жауапты нәрсе екенін, оған өте сақ болуды ескертеді. Әрбір мақал-мәтел әр елдің

психологиясын, тіршілігін, болмысын танытады. Осы соңғы екеуін-ақ алып қарасақ, екі елдің өзіне ғана тән ерекшелігін байқар ек. Жазуы, баспасы болмаған ел, ауызекі сөйлеудің шеберлігін, соның дәмін таттырса, өнер-ғылымы өркендеп, сан кітап шығарған ел жазудың жақсылығын паш етеді. Жазылған нәрсені балталасаң да құрта алмайсың дейді. Орыс халқында "от слова спасение и от слова погибель" деген мақал бар. Мұның мәнін қазақша сөзбе-сөз берер болсақ — *сөзбен құтыласың, сөзден тұтыласың* дегендей ишара білдіріп тұр.

Сөзге байланысты орыстың тағы бірнеше мақал-мәтелдерінен мысал келтірейік:

"Слово не стрела, а к сердцу льнет" ("сөз оқ емес, бірақ жанына тиеді"), "доброе слово в жемчугах ходит" ("жақсы сөз гауһар тәрізді"), "слово за слово цепляется" ("сөз сөзден туады"), "человеку дано слово, животным — немота" ("адамға сөз, хайуанға — меңіреу"), "лучше споткнуться ногою, нежели словами" ("сөзден сүрінгенше, аяғың сүріңсін"), "не каждое слово — зеркало" ("сөздің бәрі айна емес"), "слово толковое стоит целкового" ("ақылды сөз, ақшадан жақсы"), "на чужой роток не накинешь платок" ("біреудің аузына қақпақ бола алмайсың"), "у насмешливого зубы белы" ("күлкішілдің тісі аппақ"), "слово горы ворочает" ("тіл тау қопарар, тіл тас кесер, тас кеспесе, бас кесер"), "пулей иопадешь в одного, а метким словом — в тысячу" ("оқпен бірді, өткір сөзбен мыңды құлатасың"), "сила слова — в правде" ("сөздің күші — шындығында"), "конь вырвется — догонишь, а сказанного слово не воротишь" ("қашқан атты ұстау оңай, айтылған сөзді қайтару қиын") т. б.

Туысқан ө з б е к тілінде мынадай нақыл сөздер кездеседі: "яхши нақл — томири ақл" ("жақсы нақылдың тамыры — ақыл"), "оталар сузи — ақлнинг кузи" ("аталар сөзі — ақылдың көзі")[42].

Татарларда —"картлар сүзен капка жый" ("қарттар сөзін қапқа жи"), "мәкаль сакалдан алырак" ("мақал сақалдан ұзынырақ")[43]; қырғыздарда —"мақал атасы — сөз, мата атасы — бөз"; әзірбайжандарда —"мақалмен дауласа алмайсың", ("с пословицей не поспоришь"); "сөз — гүл болса, мақал — гүл шоғы" ("слово — цветок, пословица —букет"), "даналық — мәтелде" ("в поговорке — мудрость")[44] т. б. бар. Мақал сөзі араб тілінен келген делінеді.

1889 ж. Н. Исәнбет жинап бастырған "Татар халық мәкаләләрәнің" 1-томында берілген мысалдарға қарағанда, арабтарда "ликелли мәканын мәкал" — "әр орынға лайық сөз бар" деген мақал да бар көрінеді. Сонда мақал деп жүргеніміздің о бастағы мағынасын тексерсек "орынды сөз", яки "тиісті жеріне дәл айтылған сөз" болып шығады. Көптеген тілдерде нақыл сөздің бұл түрлері әрқилы аталғанмен, олардың семантикалық мағынасы бір. Мәселен, өзбектер—"макал", әзірбайжандар — "аталар сөзі", чуваштар —"қариялардан қалған сөз" ("ваттисам калани") десе, көптеген түрік тілдерінде мақал мен мәтел қосарлана жүреді. Қырғыздар —"мақал мен лақаптар", түрікмендер — "нақылдар ве аталар сөзи", ұйғырлар —"мақал вә тәмсил", татарлар —"мәкаль һәм әйтем" деген терминдер қалыптасқан. Бұдан шығатын нәрсе қай халық болмасын мақал мен мәтелді қатты қадірлейтінін, әрі олардың өзара айырмасын да біліп іске жарататынын байқаймыз.

---

[42] "Узбек халық мақаллари". Ташкент, 1958, 7-б.
[43] "Татар халық мәкаләләрә". I том. Қазан, 1959, 9-б.
[44] "Азербайджанские пословицы и поговорки". Баку, 1950, стр. 5.

Негізінде, мақал мен мәтелдің ортақ, әрі өзгеше қасиеттерін жоғарыда әр тілден келтірілген мысалдардың өзі-ақ айқын танытса керек. Мысалы, орыс халқының "поговорка — цветочек, пословица — ягодка" деуін алыңыз.

Сонымен фразеологиялық тіркестердің негізгі қасиеті оның айрықша семантикалық топ болуы және оның стилистикалық ажарында (окрашенность). Бұлар жеке сөздердің, сөз тіркестерінің, тіпті сөйлемдердің бейнелі синонимдері ретінде көркем әдебиетте айырықша рөл атқарады. Яғни фразеологиялық единицалардағы ең басты нәрселер — мағыналылық, стилистикалық өң қолданудағы ерекше қызметі. Осыған қарағанда фразеология негізінде стилистиканың зерттейтін объектісі.

ЕКІНШІ ТАРАУ

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Фразеологизмдер, жалпы тілдердегі тұрақты тіркес атаулының бәрі аударма практикасы үшін де, теориясы үшін де ең қиын, күрделі проблеманың бірі. Аударма тәжірибесінде фразеологизмдерді екінші тілге берудің неше түрлі қиындықтары кездесіп, теориялық тұжырым жасауға итермелейді. Өйткені әр тілдегі фразеологизмдердің мағыналық және стилистикалық қызметі алуан-алуан болады. Оның құрамына кірген сөздердің байланысы да әр тілде әрқилы. Міне, осыларды аудару кезінде әр тілдің өзіне ғана тән сөздердің тіркесу ерекшелігі көрінеді.

Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесу қабілетін, фразеологизмдердің мазмұнын, мағынасын, сырын талдап жазған еңбектердің біразын жоғарыда атап өткенбіз. Ал фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аудару мәселесі аса қажет, әрі барынша қиын проблема екенін сол еңбектерден және көркем әдебиетте қолданылып жүрген фразалық тіркестер табиғатынан-ақ тануға болады. Ғылымда фразеология мәселесі сөз бола бастаған уақыттан-ақ оны екінші тілге аудару жайы қарастырылып келеді. Аударма ел мен елдің арасына дәнекер болатын аса зор мағыналы құрал. Аудармамен шұғылданған бірде-бір зерттеуші фразеология мәселесін аттап өте алған емес. Тіркестердің аудармасын тікелей тексермегенмен, аудармашы-зерттеуші өзінің саласына қатысты тұстарда фразеология аудармасына байланысты пікірін айтып отырған. Бұл тұста ескеретін бір жайт, сол айтылған пікірлердің бәрі біркелкі емес екенін және ондай пікір қозғаушылар әрқилы ғылым өкілдері екенін есепке алған жөн. Жалпы аударма проблемасы жөнінде айтылып жүрген тұжырымдарды екі топқа бөлуге болар еді. Бірі әдебиетшілер тарапынан айтылған, екіншісі тілші ғалымдар ұстанған пайымдаулар. О баста бұл екі ағым өкілдері қызу қарқында қарсы дау айтысқанмен, қазір қайсысы болса да сабаға түсіп, аударма теориясының өзіне ғана тән, өзіндік сырларына тереңірек үңіліп, көп жағдайда келісімге келе бастағандай. Мұның өзі белгілі дәрежеде аударманың ғылым ретінде қалыптасып, әрқилы проблемаларын алға тартқанын танытады. Сонда да болса, біз аударма мәселелерін әдебиетшілер мен тілшілер бір пәтуаға келіп, қауымдаса тексеріп жатыр деп айта алмаймыз. Ғылым болған соң оның даулы, даусыз мәселелері толып жатады.

Фразеологизмдерді аудару мәселесі аударма теориясының бір саласы болғандықтан, бұл жайында тілші, әдебиетші ғалымдар әрқилы пікір өрбіткен. Біздің жұмысымызға тікелей қатысты болғандықтан, енді фразеологизмдерді аудару ісіне қатысты пікірлерді талдап көрелік.

Бұл мәселені орыс ғалымдары да, қазақ ғалымдары да сөз етіп жүр. Басқа ұлт республикаларында да аударма ғылым объектісіне айнала бастады[45].

[45] Н. В. Владимирова. Некоторые вопросы художественного перевода с русского на узбекский язык. Ташкент, 1957; Н. П. Габраев. Русские фразеологические единицы и их соответствия в осетинском языке. Автореф. канд. дисс. Тбилиси, 1956; М. И. Пашаева. Принципы отбора и перевода русских фразеологических единиц в русско-азербайджанских словарях. Автореф. канд. дисс. Баку, 1964; Б. Г. Тайрбеков. О принципах перевода пословиц и поговорок//"Ученые записки азерб. гос. ун-та им. С. М. Кирова". Язык и лит. Баку, 1964, №3; Кудрат Мусаев. Стилистические вопросы художественного перевода с английского на узбекский язык (традицион. числительные и фразеологизмы). Ташкент, 1967; Н. Н. Кузнецова. К вопросу о передаче национально-специфических элементов языка подлинника// "Уч. записки" (1-го Ленинград. пед. ин-т. иностр. языков). Новая серия, вып. I, 1954; З. Б. Мухамедова. Рассказы А. П. Чехова в переводе на туркменский язык// "Изв. АН Туркм. ССР", 1951, №3; Г. Салямов. Лексико-фразеологические вопросы художественного перевода. Автореф, канд. дисс. Ташкент, 1964; Л. Абдуллаева. Некоторые стилистические вопросы перевода с русского на узбекский язык (На материале трилогии А. Толстого "Хождение по мукам"). Автореф. канд. дисс. Самарканд, 1964; Д. А. Азимов. Основные принципы перевода с русского на азербайджанский язык. Баку, 1954; А. Джаксыбаев. Некоторые вопросы языка и стиля в художественном переводе с русского на каракалпакский язык. Автореф. канд. дисс. Ташкент, 1963.

Тұрақты тіркестердің екінші бір тілдегі табиғатын тексергенде, біздің алдымен жүгінетініміз орыс ғалымы, тіл білімпазы А.В.Федоровтың еңбектері[46]. А.Б.Федоровтың аударма теориясын жасаудағы рөлі айрықша. Оның соңғы шыққан "Основы общей теории перевода" кітабында біраз жаңалықтар енгізілген. Фразеологизмдердің аудармасына байланысты да көптеген ғалымдардың кейінгі шыққан еңбектерін мұқият қарап, қорытынды пікір айтуға тырысқандық байқалады. Бұл мәселеге кейінірек арнайы тоқтайтын болғандықтан, қазір қазақ оқымыстыларының арасында өрбіген ой-пікірлердің тамырын басып байқайық.

Фразеологизмдердің аудармасы жөнінде әдебиетші ғалымдарымыз да, тіл білімпаздары да, жазушы-журналистеріміз де бірде арнайы тоқтап, енді бірде белгілі бір проблемаларға байланысты жол-жөнекей сөз арасында болса да әңгіме етіп жүр. Қай-қайсысы да белгілі бір көркем шығарманың аудармасын қараған кезде мақал, мәтелдер мен идиомалық тіркестердің аудармадағы көрінісін байқамай өте алмайды. Аударма теориясы үшін, оның ішінде фразеологизмдерді екінші тілде беру мәселесіне келгенде, әр кезде әртүрлі елдің әрқилы көркем туындыларының аудармасы жайында айтылған мұндай пікірлерді жинақтап, електен өткізудің мәні зор.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академиктері І.К.Кеңесбаев, М.Қ.Қаратаевтардың, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері М.Б.Балақаев, Ғ.Ғ.Мұсабаевтардың зерттеулерінде[47] осы мәселе тұрғысында біраз пайымдаулар жасалған. Қазақстанда аударма теориясын жасауға мейлінше зор еңбек сіңірген аудармашы ғалымдарымыз болды. Олар — филология ғылымдарының кандидаттары С.О.Талжанов пен Ә.Сатыбалдиевтер[48] еді. Аударма ғылымының теориясын жасауда бұлардан да басқа ғалымдардың үлесі мол. Мәселен, марксизм-ленинизм классиктері шығармаларының аудармаларын мұқият зерттеп, келелі ой-пікірлерін дамытып, үлгі-өнеге көрсеткен білгір мамандардың еңбектерінсіз бұл салада зерттеуіміз олқы соғар еді. М.Жанғалин, Қ.Сағындықов, Қ.Шәріпов, І. Жарылғапов[49] т.б. жолдастардың ғылыми ой-пікірлері қазақ аударма ғылымының қалыптасып, дамуына едәуір ықпалын тигізді. И.Ландау, С.Қоспанов, Бектемісов, З.Тұрарбеков жолдастардың диссертациялық еңбектерінде де фразеологизмдерді аудару жайында аракідік айтылған пікірлер кездесіп қалады. Мұның үстіне кейінгі жылдары жеке жазушылардың тілі және стилі, олардың көркем шығармаларда қолданған бейнелеуіш құралдарына арналған диссертациялық жұмыстар және зерттеулер көбеюде. Жазушы бейнелеуіш құрал есебінде қолданған фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді тексерген арнайы еңбектер де бар. Мұндай

[46] А. В. Федоров. Введение теорию перевода. М., 1953;1958; Основы общей теории перевода. М., 1968.

[47] С. К. Кеңесбаев. Қазақтың қалыптанған тиянақты сөз топтары. Алматы, 1944; Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары туралы//"Халық мұғалімі", 1946, №1, 2, 3, 4; М. Қ. Қаратаев. "Тынық Донның" қазақшаға аударылуы және көркем аударманың кейбір мәселелері. Алматы, 1960; М. Б. Балақаев. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы, 1965; М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1966.

[48] С. Талжанов. Көркем аударма туралы. Алматы, 1962; Ә. Сатыбалдиев. Рухани қазына. Алматы, 1965.

[49] М. О. Джангалин. Об основных принципах перевода с русского на казахский язык ("Доклады от Казахстана" кітабында). Алма-Ата, 1958; К. Сагындыков. К вопросу перевода на казахский язык идиом, крылатых слов, пословиц и поговорок, встречающихся в произведениях В. И. Ленина ("Доклады от Казахстана"); А. Сытдыков. О путях обеспечения доступности перевода учебной литературы. Там же.

жұмыстарда аударма мәселесі арнайы сөз болмағанмен, көңіл тоқтатуды тілейтін, біздің тақырыбымызға аз да болса қатысы бар ғылыми тұжырымдар кездеседі.

Тілші ғалымдардан бұл салада ой толғағандардың бірі — І. Кеңесбаевтың мына бір тұжырымын алдымен еске алған жөн. "Аудару техникасы, аударма тілі өз алдына айрықша сөз болуға, айрықша тексерілуге тиіс деп ойлаймыз".

Академик ғалым "Қазақ тілінің идиомдары туралы" деген зерттеуінде аудару техникасына да байланысты өз топшылауларын айтқан. Ол идиома, мақал, фразалардың өзара айырмашылықтарын талдайды да, оларды басқа тілдерге аударудың жолдарын қарастырады. Бұларды аударуға бола ма, болмай ма деген сұрақтарға жауапты ғалым мақал, фраза, идиомдардың өз қасиеттерінен түзейді. Әрбір жеке тілдің өзіне ғана тән және анағұрлым көнеленген идиомдар сияқты категорияларды "калька" ретімен алмасқа лаж жоқ дейді. Мақал, фраза, идиомдардың лексикалық өзгешеліктерін егжей-тегжейлі талдайды да, олардың сөзбе-сөз аударуға келмейтіндігін түйеді. Бірақ І.Кеңесбаев бұларды бір тілден екінші тілге мүлде беруге болмайды деп үзілді-кесілді пікір айтпайды. Оларды аударудың әртүрлі жолдарын "ізденіп мағына жағынан сәйкес келетін тізбектерді тауып, аударма тілін жұртқа түсінікті етуді қарастыруымыз керек", — деп түсінеді.

М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев жолдастар 1966 ж. басылып шыққан "Қазақ тілінің стилистикасында" фразеологияның аудармасына арнайы тоқтаған. Мұнда авторлар мәселенің қиындығын айтып қарап отырмай, фразеологизмдерді орыс тілінен қазақ тіліне аударудың әртүрлі жолдарын қарастырады. Үш түрлі тәсіл болуы ықтимал екенін дәлелдейді. Ол қандай тәсілдер:

Біріншіден, "фразеологизмдерді аударуда оның жалпы мағынасы беріледі". Мысалы:

"Вариться в собственном соку" — өзімен-өзі болу.

"Козел отпущения" — кінәлі ету. "Подложить свинью" — қастық істеу. "Яблоко раздора" — егестің басы. "Бросать слова на ветер" — пәтуасыз сөз айту т. б.

Екіншіден, "фразеологизмдерді аударуда олардың өзара мәндес келетіндігі ескерілетінін" айтады. Мысалы: "беречь как зеницу ока" — көздің қарашығындай сақтау; "в пух и в прах" — күлін көкке ұшыру; "зубы точить" — тісін қайрау; "волосы встали дыбом" —төбе шашы тік тұру; "за тридевять земель"—жердің жеті түбі; "до седьмого неба" — төбесі көкке жету; "выйти в люди" — адам санатына қосылу; "утопающий за соломинку хватается" — суға кеткен тал қармайды т. б. Тіл-тілдегі фразеологизмдердің өзара сәйкес, мәндес келуі, шынында да аударманың жатық, түсінікті болуына септігін тигізеді. Мұның аударма жұмысын едәуір жеңілдететіні сөзсіз.

Үшіншіден, "көптеген тұрақты сөз тіркестері бір тілден екінші бір тілге сөзбе-сөз аударылады". Бұл тұста авторлар тұрақты сөз тіркестерінің басқа түрінен идиомдарды бөліп алады. Мақал-мәтел, қанатты сөздердің сөзбе-сөз аударуға тезірек көнетінін мысалдармен көрсетеді. Мысалы: "ни рыба, ни мясо" — балық та емес, ет те емес; "как две капли воды" — екі тамшы судай; "лучше поздно, чем никогда"— ештен кеш жақсы; "береги честь смолоду" — арыңды жастан сақта; "черепаший шаг" — тасбақа аяң т. б.

Мұндағы аудармалар — әр тілдің фразеологиялық қорын байытатын көз. Осымен бірге сөзбе-сөз аударманың өрескел қатеге апарып соқтыратын сәтсіз мысалдарын да әртүрлі саяси көркем әдебиеттен алып көрсетеді.

Аудармашылар үшін тағы бір аса қажетті пікір мынау ма деп ойлаймыз. Аталған кітаптың авторлары фразеологизмдерді аударудың әлгіндей бірнеше тәсілдерін

талдай отырып, аудару процесінде кетіп жататын қателердің сырына үңіледі. Мұндай жағдайда, әсіресе әр халықтың тілді қолдану дәстүрін мұқият ескере отыруы, әрбір тұрақты тіркестің шығу, жасалу төркінін зерттеп білу қажет екенін басты шарттың бірі есебінде ұсынады. Яғни, авторларша айтқанда, "фразеологизмдерді аударуда олардың мағынасын, қалыптасу жолын жақсы білу" қажет. Сөйтіп фразеологизмдерді аударудағы ең өнімді тәсіл сөзбе-сөз аударудың тиімді, тиімсіз жағы бар екен. Қазақ тілшілерінің фразеологизмдерді аудару жөніндегі пікірлері осыған саяды[50].

Фразеологизмдердің аудармасы жайындағы пікірлерге үңілгенде, көбінесе марксизм-ленинизм классиктері шығармаларындағы тұрақты тіркестерді қазақ тіліне беру жолдарын қарастырушы жолдастардың еңбегін талдамай кетуге болмайды. 1958 жылы Алматы қаласы аударма проблемаларын қарастырған үлкен жиын ордасына айналды. Онда орыс тілінен Орта Азия, Қазақстан және әзірбайжан халықтарының тіліне әдебиеттерді аударудың көп жылғы тәжірибесі сарапқа салынып, әрқилы әдістер ұсынылған болатын. Қазақстаннан төрт баяндама әзірленді. Соның ішінде біздің жұмысымызға тікелей қатысы бары екеу. Оның бірі — "Орыс тілінен қазақ тіліне аударудың негізгі принциптері" деген тақырып бойынша жасалған М.Жанғалиннің баяндамасы[51]. Мұнда аударма принциптері марксизм-ленинизм классиктері дамытқан қағидалар негізінде қарастырылған. Маркс, Энгельс, Ленин еңбектеріндегі аударма жайындағы пікірлер талданған. Бұлардың, әсіресе В.И.Лениннің аударудағы тәжірибесіне сүйене отырып, автор текстің мазмұны мен формасын, оның дәл, адекватты аудармасын беру жолдарын көрсетеді. Шындығында, аударманың қандай проблемасын талқылағанда болмасын, біз ең алдымен марксизм-ленинизм классиктерінің тәжірибелеріне сүйеніп, олар қолданған принциптерге жүгінуге тиіспіз. Сол себептен М. Жанғалин жолдастың бұл ғылыми пайымдаулары аударма теориясының белгілі бір кезеңін танытатын құбылыс. Ол, әсіресе Владимир Ильичтің аударушы ретіндегі қызметіне толығырақ тоқтаған.

Қай кезде болмасын марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерінде кездесетін бейнелі сөздерді, тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді беру аударма практикасында ең қиын мәселенің бірі. Мұндай мәселеге барғанда, тіпті көркем шығармалардағы фразеологизмдерді аударғанда да, алдымен Ленин қолданған тәсілдерді үйреніп, тәжірибесін талдау қажет. Классиктер бейнелеуіш сөздерді шығармаларының эмоциялы-экспрессивті өңін ажарландыру үшін қолданады. Сондықтан бұларды творчестволық талғаммен беруге тырыспаса, сәтті аударма жөнінде әңгіме қозғаудың мәні жоқ. Осы тұрғыдан қарағанда М.Жанғалин жорамалдарының рөлі едәуір.

Бейнелеуіш құрал дегенде М.Жанғалиннің толығырақ тоқтағандары — мақал мен мәтелдер. В.И.Ленин шығармаларында неміс, француз, ағылшын, итальян, грек сияқты көптеген халықтардың мақалдары кездеседі. Оларды Ленин бірде аудармасымен қатарластырып берсе, бірде жақша ішінде түсіндіріп отырады. Қалай болғанда да әлгі мақал-мәтел оқушыға түсініксіз күйде қалмайды. Толық, дәл, адекватты аудармасы беріледі. Егер мақал дәл аударуға келмесе, Ленин еркіндіктен де қашпайды. Морфологиялық ауытқуға барғанмен, мағыналық дәлдікті толық сақтайды. Мұндай жағдайда Ленин өзінің еркіндеу кеткенін ескертіп отырады.

---

[50] М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1966.

[51] Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана. Алма-Ата, 1960, стр. 9-50.

Жақша ішінде әлгі мақалдың түпнұсқа тіліндегі кейпін береді. Оқушы аударманың дұрыс-бұрыстығын көруге мүмкіндік алады.

В.И.Ленин өз шығармаларында не қазақ, не өзбек, не әзірбайжан мақал-мәтелін қолданған емес, сондықтан оларды қалай да аудару қажет екені түсінікті. Мұндай жағдайда, Лениннің өз айтқандары көмекке келетінін дәл таниды М.Жанғалин. Егер аударуға еш мүмкін болмаса, соның ана тіліндегі баламасын іздеу керек. Онда да ол мақалдың бүкіл контексте қалай оқылатынын, түсінілетінін қадағалау қажет екені молдаван жолдастардың тәжірибесі мысалға алынып, аударудың жақсы үлгілері мегзеледі.

Ленин тәжірибелерін талдай отырып, оның аудару тәсілдерін М.Жанғалин бейнелі құралдарды аударудың негізгі принциптері есебінде ұсынады. Сөйтіп, мақал-мәтелдерді аударудың мынадай бірнеше жолдары көрсетіледі.

М.Жанғалин дәлелдеуінше, біріншіден, мақал-мәтелдерді марксизм-ленинизм классиктері еңбектерінің идеялық мазмұнын мейлінше ашық, айқын ашу үшін қолданылған құралдар деп түсінеді. Сол себепті бұлардың аудармасы да өте дәл, анық, түсінікті, көркем болуға тиіс; екіншіден, қазақ тілінде баламасы жоқ мақал-мәтелдің бәрі аударылуы тиіс. *"Балық жоқта, бақа да балық. Қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін ұрады"* дегендер тәрізді. Осы келтірілген мысалдар, шынында қазір төл дүниелермен бірдей қорымызға еніп, өзге жұрттан келгені ұмыт боп барады; үшіншіден, егер кейбір мақал-мәтелдердің қазақ тілінде толық баламасы табылып тұрса одан қашудың қажеті жоқ. *Қап түбінде біз жатпас* осыған дәлел; төртіншіден, Ленин еркін аударған шет тіл мақал-мәтелдері де логикалық мәні жағынан болсын және мүмкіндігінше, тілдік, грамматикалық қасиеттеріне дейін дәл аударып жеткізуге тырысу керек. Мысалы, Ленин аударған *"Не так норовим, чтобы в рот, как чтобы в карман"* деген неміс мақалы қазақшада *"Ауызға салғаннан гөрі, қалтаға салғымыз келеді"* болар еді. Мінеки М.Жанғалин жолдастың пікірі осы тектес. Мұнда фразеологизмнің бір түрі ғана мақал-мәтел сөз болады. Ол тұрақты тіркестердің бар түрін талдап жатпайды. Идиомдар да, фразалар да т. б. түрлері түгелімен мақал-мәтел тасасында қалған. Ал марксизм-ленинизм классиктері шығармаларында тек мақал-мәтелді ғана емес, бейнелі сөз тіркестерінің әлденеше түрін идиомдарды да, фразалық түйдектерді де, фразалық тұтастықтарды да мейлінше мол қолданып, өздерінің негізгі мақсатын шешен де шебер жеткізуге тырысқаны мәлім. Сондықтан М. Жанғалиннің пікірлері тек мақал-мәтел төңірегіне қатысты. Оның өзінде де негізгі пікірлерін дамытып, жүйелеп өрбіте алмаған. Әрине неге өйтпедің деп ешкім де кінә таға алмайды. Өйткені бұл тұстағы М.Жанғалиннің негізгі мақсаты мақал-мәтел, фразеологизмдердің аудармасын арнайы тексеру емес, жалпы аударма мәселесінің кейбір негізгі принциптерін қарастыру. Осы көлемде қарасақ, жоғарыда ескерткеніміздей, М.Жанғалин жолдастың ғылыми тұжырымдары ой толғататын салмақты, әрі саликалы.

Марксизм-ленинизм классиктері шығармаларында кездесетін идиома, қанатты сөз, мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аударудың мәселелерін арнайы тексерген зерттеушінің бірі — Қ.Сағындықов[52]. Ол өзінің ғылыми тұжырымдарын негізінен В.И.Ленин шығармаларының қазақ тіліне аударылуына байланысты дамытқан.

---

[52] К. С а г ы н д ы к о в. Перевод на казахский язык идиом, крылатых слов, пословиц и поговорок, встречающихся в произведениях В.И.Ленина//В сб.: "Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского языка на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана". Алма-Ата, 1960, стр. 161—178.

Жалпы, түрлі тұрақты тіркестерді, оның ішінде мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аудару мәселесін зерттеп, алдымен әңгіме еткен Қ. Сағындықов десек қателеспес едік. Қазақ тіл білімінде, тіпті бүкіл филология ішінде мақал-мәтел аудармасын арнайы зерттеген бірде-бір еңбекті (тек Мұзафар Әлімбаев болмаса)[53], бірде-бір кісіні күні бүгінге дейін білмейміз. Сондықтан Қ.Сағындықов жолдастың тұжырымдарына кеңірек тоқтауды қажет деп санаймыз.

Әдетте, орыс және басқа халықтардың ғалымдары мақал-мәтелді аударудың қиындығын поэтикалық аудармамен салыстырып танытпақ болатын. Шынында, қиындық жағына келгенде бұлардың өзара ұқсастығы бар. Ал түбегейлі тексере келгенімізде бұлардың жеке-жеке өздеріне ғана сыйымды сыры байқалады. Әрқайсысының табиғатына лайықты күрделі проблемалары көрінеді. Міне, осыған байланысты, яғни мақал, мәтелдердің табиғаты, қасиеті және оларды пайдаланудың реті жайында Маркс, Энгельс және Лениннің айтқандары аударма мәселесімен шұғылданушылар үшін айырықша рөл атқарады. Олар мақал-мәтелдерді, тіпті күллі бейнелі сөздерді қоғамдық өмір құбылысының сәулесі ретінде, яғни жаңа мен ескінің күресінің сәулесі ретінде қарастырады. Олай болса, мақал-мәтелдерді қоғамдық өмірдің нақты тарихи жағдайларына орай және сол кезеңдегі әдеби тіл дамуының тұрғысынан тексерген жөн. Сағындықов мақал-мәтелдерді әдебиеттерде қолданғанда оларды бір тілден екінші тілге аударғанда ұстанатын негізгі принцип және міндеттер осыған орай туады деп түсінеді. Сөйтіп бұл мәселеге диалектикалық жолмен келеді.

Аударуды әңгіме етпей тұра тұрғанның өзінде, оларды ретін тауып, мағынасын, мәнін дәл ұғып қолданудың өзі шеберлік. Қолданудың тамаша үлгілерін біз марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерінен байқаймыз. Олар мақал-мәтелдерді көркемдік құрал ретінде (пікірлерінің бейнелі, дәл ұғымды, әсерлі болуы) қолданумен қатар, кейде қоғамдық өмірдің нақты құбылыстарының мәнін айқын танытатын тарихи дерек ретінде пайдаланған. Сағындықов Маркстің "Навоз и у бога крадет" және "Вези навоз, не ленись, хоть богу не молись" деген орыс мақалдарын талдағанда шаруа адамның агрономиялық мәдениетті дін тұманынан артық санағанын айтады.

В. И Лениннің мына сөзі де зерттеушінің ілгері пікір қозғауына демеу болған. "Бывают такие крылатые слова, который удивительной меткостью выражают сущность довольно сложных явлений"[54].

Сағындықов бұдан кейін орыстың көркем сөз шеберлерінің пікірлерін саралап шығады, түйінді қорытынды жасайды. Бейнелі сөздер тобының табиғатын түбегейлі тексеріп және олардың ана тілімізде толыққанды аудармасын беру жолдарын қарастыру қажет деп түйеді. Осы мәселенің біразын В.И.Ленин шығармаларының қазақ тіліне аударылу сапасын тексеру арқылы айқындаған.

Ол алдымен В.И.Ленин шығармаларындағы бейнелі сөздерді мынадай үш топқа бөледі: а) көркем бейнелер, афоризмдер, нақыл сөздер (изречения) және қанатты сөздер; ә) идиомдар және фразеологиялық тіркестер; б) мақал мен мәтелдер.

Көріп отырсыздар, Сағындықов тұрақты тіркестердің табиғатын, түрін тереңірек білетінін байқатады. Ол кейбір жолдастар тәрізді тұрақты тіркестердің бәрін мақал-мәтел айналасына үйірмей, ажыратып алады. Мақал-мәтел, идиом, фразеологиялық тіркестер, афоризмдер, қанатты сөздердің табиғатын, өздеріне тән ерекшеліктерін тереңірек тексермегенмен, олардың бөлек-бөлек тілдік құралдар екенін, бұларды

[53] М. Ә л і м б а е в. Өрнекті сөз — ортақ қазына. Алматы, 1967.
[54] В.И. Л е н и н. Полн. собр. соч., т. 25. 138

зерттегенде сондай айрықша белгілеріне көңіл бөлу қажет екенін ескертеді. Біз мұны зерттеушінің табысының, санаулы пайымдауларының бірі деп білеміз.

В.И.Ленин шығармаларында ұлы орыс жазушылары А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, И.С.Тургенев, Салтыков-Щедрин, И.А.Крылов, Н.Грибоедов, А.П.Чехов, А.М.Горький жасаған көркем бейнелер, афоризмдер, нақыл сөздер, қанатты сөздер молынан кездеседі. Көсем бұларды тіліне тиек ете отырып, революция мен жұмысшы табының жауларын аямай соғып отырған. Мәселин, Щедрин жасаған жексұрын бейненің бірі — Иудушканың сатқын Троцкийді әшкерелеуге, "данасынған шабақтардың" (премудрые пескари) халықшылдар, эсерлер, меньшевиктерді масқаралауға септігін тигізгенін білеміз. Ленин шығармаларынан Гогольдің талай "держимордалары" мен "маниловшыл" қиялкештерін табамыз. Көсем көрегендігінен А.П.Чеховтың "Құндақты адамдарын" да танимыз. И.А.Крылов мысалдары мен Грибоедовтың "Ақылдың азабы" комедиясынан алынған "Ал төрешілер кімдер?" ("А судьи кто?"), "Кещенің төрелігін тыңдар болсаң" ("Услышишь суд глупца"), "Көрмес, пілді де көрмес" ("Не приметить слона"), "Мысықтан күшті аң жоқ" ("Сильнее кошки зверя нет"), "Көкек қоразды мақтайды" ("Кукушка хвалит петуха") т.б. тәрізді нақыл сөздер В.И.Лениннің қолдануында мүлде жанданып, қазір мақал, мәтел сияқты ел арасына кеңінен таралып кетті.

Ленин еңбектерінде донкихоттық, геростраттық әуре-сарсаң, кирр жеңісі, прокруст аясы, Ахилесс өкшесі, Хеопс пирамидасы т.б. тарихи адамдар мен мифтік геройлар есіміне байланысты туған тіркестер де шебер рөл ойнайды. Сағындықов осы аталған афоризмдер, нақыл сөздер, көркем бейнелер мен қанатты сөздерді логикалық мәнін, формасын сақтап, дәл аудару керек деп кесіп айтады. Кезінде бұлардың мағыналық мәнін беруге тырысушылық та болды. Соның нәтижесінде қазақ оқырмандарының талай "тұмсықбұзарлармен" ("держиморда"), талай "қиялшылдармен" ("маниловщина"), талай "қожанасырлық" ("донкихотство")" істеушілермен таныс болғаны мәлім. Аударма ісіндегі осындай олақтықтардың себебін айқындай отырып, Сағындықов түрлі афоризмдердің, қанатты сөздердің, әдеби бейнелердің, нақыл сөздердің қазақ тіліне берілу тарихын шолады. Сөйтіп мұндай категорияларды аударудың тарихи және мифтік есімдерді сақтаудың ерекше мәні бар екенін тәжірибе жүзінде дәлелдейді. Аударманы бұлай қарастыру ғылыми дәлдікке апарады, әрі ана тіліміздің сөздік қорын жаңа фразеологиялық тіркестермен байытады деп түсіндіреді.

В.И.Ленин еңбектерінде идиомдар да көп кездеседі. Сағындықов жолдас идиомдарды бөліп алып, бөлек категория есебінде қарастырған. Ең алдымен, терминнің өзі жайында бірер сөз. Зерттеуші идиомдарды лингвистикалық терминологияда қалыптасқан ұғым тұрғысынан ұққан. Оларды не идиом деп, немесе тілші ғалымдар қолданып жүрген термин бойынша фразеологиялық түйдектер (тұтастықтар фразеологические сращения) ретінде қарастырады. Фразеологиялық түйдектердің өзіне ғана тән ерекшеліктерін дәл танып, екінші тілге аударғанда осы қасиеттерге ерекше көңіл бөлудің қажет екенін айтады. Идиомдарды аудару мәселесіне келгенде, Сағындықов өзінен бұрын пікір айтқан ғалымдардан, өз тұстастарынан әрі кете алмаған. Ол да идиомдардың әлгі негізгі қасиеттерін аударуға тосқауыл болатын кедергілер ретінде таниды. Сондықтан "точный перевод их на казахский язык с сохранением значений лексических составных частей невозможен", — деп үзілді-кесілді тұжырым жасайды. Өйткені бұларды бір кездегідей сөзбе-сөз аударатын болсақ, "держать нос по ветру" дегеніңіз

"мұрнын желге тосу" боп, "насолить" дегеніңіз "тұз себу" (он мне насолил — "ол маған тұз септі") боп шыға келер еді. Зерттеушінің пікірінше, бұл шынында да, бір жағынан түпнұсқаны бұзу болса, екінші жағынан ана тілінің грамматикалық нормаларын, ежелден қалыптасқан ережелерін тәлкек ету деген сөз. Бірақ ол идиомдарды мүлде беруге болмайды деп түңілмейді. Мұндай ауыспалы мағынадағы тіркестерді, яғни идиомдарды қазақ тіліне аударуға әбден болады деп есептейді. Оның ойынша, қай халықтың болмасын, белгілі бір зат, не құбылыс жайындағы түсінігі бірдей, тек тілі басқа. Ендеше мұндай жағдайда белгілі бір ұғымды беруге септік жасап тұрған жеке сөздерді аударуға тырыспай, сол компоненттер жеткізіп тұрған ойды жеткізу қажет. Сағындықов жоғарыдағыдай идиомдардың қазақ тілінде сәйкес келетін баламаларын іздейді, Мәселен, ол "брать быка за рога" дегенді *тоқ етерін айту* немесе *түйінді жерін табу* деп, "вывести на чистую воду" дегенді *бет пердесін ашу* немесе *әшкерелеу* деп, "вариться в собственном соку" дегенді *өзімен-өзі болу* деп, "дело в шляпе" дегенді *іс бітті* не *іс оңға басты* деп, "ставить палку в колесо" дегенді *тосқауыл жасау* немесе *кесе-көлденең келу* деп алғанды дұрыс деп есептейді. Ал жоғарыда келтірілген "держать нос по ветру" — *аңысын аңду* болуға тиіс.

Ленин шығармаларындағы идиомдардың берілу сапасын саралай отырып, аудармашылардың әрқилы тәсілдерге барғанын аңғартады, жіберілген қателер мен жөн-жосықтарды жіктейді. Ретті-ретсізін көрсетіп, идиомдарды қазақ тіліне берудің барынша ғылыми дәл жолдарын көрсетуге тырысады. Сонда Сағындықов пайымдауларынан, негізінен мынадай екі түрлі жағдайды байқаймыз. Идиомдардың, біріншіден, қазақ тіліндегі баламасын табуға болады екен. Жоғарыдағы мысалдардан көргеніміздей бұлардың бәрі де түпнұсқадағы идиомдардың мағынасын дәл беріп тұр. Екіншіден, орыс тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестердің (автордың қолдануы бойынша — *А. Ө.)* біразын қазақ тіліне аударғанда барлық жағынан дәлме-дәл, эквивалентті болып келеді. Бұларды кейде я аударма деп, я төл тіркес деп ашып айту қиынға соғады. Сағындықов берген мысалды түгел келтіреміз: Беречь как зеницу ока — "көздің қарашығындай сақтау"; в мутной воде рыбу ловить — "лай судан балық аулау"; в прятки играть — "жасырынбақ ойнау"; волк в овечьей шкуре — "қой терісін жамылған қасқыр"; волосы встают дымом — "төбе шашы тік тұрады"; как небо от земли —"аспан мен жердей" немесе "көк пен жердей"; черепаший шаг — "тасбақа аяң" т. б.

Кейбір лингвист-ғалымдар идиомдарды бір тілден екінші тілге аударуға мүлде болмайды деп кесіп айтады. Осы мәселені Сағындықов "вот где зарыта собака" деген идиомның төңірегінде туған тартысқа байланысты біраз өрбіте түскен. Бұл идиома қазақ тілінде екі түрлі вариантта берілген. Бірі, мағыналық аударма — "Істің мәні, міне, осында"; екіншісі сөзбе-сөз аударма — "Иттің көмілген жері осы". К. Шәріпов т. б. кейбір жолдастар мұның алғашқысын қолдайды. Олардың сүйенетіні идиомдарды басқа тілге аударуға мүлде болмайды дейтін тілшілер қағидасы. Ал дәл аударманы жақтайтындар мынадай деректерге сүйенеді: Неміс тілінен бұл идиоманың лексикалық құрамы түгел аударылып алынған, сондықтан оны дәл осылай қазақ тіліне аударуға болады дейді. Осындай екіұдай талас пікірді қатар алып келгенмен, Сағындықов бұл жайында өзінің нақты пікірін шешіп айтпайды. Көпшіліктің үлесіне қалдырады. Осының өзі-ақ аудармадағы идиома проблемасының қаншалықты қиындығы барын аңғартса керек. Ал біз бұл мәселе тұрғысындағы ойларымызды әзір айтуға асықпаймыз. Өйткені алда әлі талай ғылымдар пікірі тоқайласатын болғандықтан, солардың тұжырымдарын түгел

сарапқа салып, талдаған соң ғана біраз мәселе айқындалмақ. Сондықтан әзірге бұл мәселені сол ғалымдар талқысына сала тұрамыз.

Сағындықовтың ендігі бір толығырақ тоқталған мәселесі мақал-мәтел проблемасы. Бұларды аударуда қатаң талап қойылады. Бір қарағанда мақал-мәтел аударуға көнбіс. Сол көнбістік бұлжытпай орындалуға тиіс көптеген талап-тілектерді алға тартқан. Бірқатар талаптар мыналар — мағыналық дәлдік, образдылық, ауыспалы мағыналы, әсерлі, әрі ұйқасты болу т.б. Тәжірибесіздіктен кеткен олқылықтардың екі түрі мынадай: орыс мақал-мәтелдері ретті-ретсіз жерінде де қазақ мақалдарымен алмастырылған немесе сөзбе-сөз аударма тәсілі қолданылған. Мұның қай-қайсысы болса да жоғарыдағы талаптар талғамына жарамайтыны белгілі. Дегенмен, көптеген жылдар жемісі Ленин қолданған мақал-мәтелдерді аударудың нәтижелі жолдарын жинақтаған. Қазақ аудармашыларына тамаша үлгі болған Лениннің өз аудармалары, яғни шет тіл мақал-мәтелдерін орыс тіліне аударудағы көсем қолданған принциптер. Сол принциптерді егжей-тегжейімен қарастыра отырып, Қ. Сағындықов екі түрлі жайды ерекше атайды. Оның бірі мақал-мәтелдерді құрамындағы барлық сөздерімен түгел, дәл аудару. Мысалы, **Хорошо смеется тот, кто смеется последним. Кто желает знать врага, тот должен побывать во вражеской стране. Обещания, что корка от пирога: их на то и пекут, чтобы ломать потом** дегендер француз, неміс, ағылшын мақалдарынан аударылған. Мұнда түпнұсқаның бар компоненттері сақталып отыр.

Екіншіден, В. И. Ленин мағыналық аудармаға да барған. Мақалдың мағыналық дәлдігін беруге мүмкін болса, онда түпнұсқаның формасы мен образдылығын сақтап жатпай-ақ, соған сай келетін орыс мақалын алып отырған. Мысалы, **"Свой своему поневоле брат"** деген осыны аңғартады.

Өздерінің аудару принциптерін осы бағытта ұйымдастырған ЦК КПСС жанындағы Марксизм-ленинизм институты қазақ филиалының мақал-мәтелдерді қазақ тілінде беруде қолданған тәсілдерін Сағындықов мынадай үш топқа бөліп қарайды. Орыс тіліндегі қалпынша береміз.

1. Точный перевод пословицы с сохранением вещественно-образного значения слов и соблюдением ее характера и афористичности. Былайша айтқанда, бұл тәсіл бойынша аударылған мақал-мәтел мазмұны жағынан да, түрі жағынан да түпнұсқаға дөп келетін, сонымен бірге ана тілінің өзіне тән қағидаларына сыйымды, лайықты болуы тиіс. Осындай тәсілмен аударылып, тілімізде орныға бастаған, тіпті төл мақал-мәтелдерден айырғысыз көптеген мысалдар келтіріледі. Мысалы: *қасқырдан қорыққан тоғай араламас; достық өз жөнімен, қызмет өз жөнімен; от болмаса түтін болмас; қасқыр да тоқ, қой да аман; еңбек етпеген ішіп, жемейді; тәтті өтіріктен, ащы шындық жақсы; аз болса да, жақсы болсын; қойға шапқан батырың, батырды көрсе қой болар; бетің қисық болса, айнаға өкпелеме; аңшы алдынан аң жортар* (на ловца и зверь бежит); *жылтыраған бәрі алтын емес; ұнтақталса, ұн болар; балықшы балықшыны алыстан көреді; аштық жайын тоқ білмес; соң күлген жақсы күлер; жақсы даудан, жаман бітім артық* (худой мир лучше доброй ссоры); *әркім ауырған жерін сөз қылар* т. б.

Шынында, бұл аударылған мақал-мәтелдердің ешбір бөтендігі жоқ. Жұрттың бәріне түсінікті байырғы нақылдар сияқты. Ана тіліміздің заңдылығы да мүлтіксіз сақталған. Ал түпнұсқамен салыстырып қарасаңыз, оның да бар қасиеті түгелімен қамтылған. Тіліміздің бейнелеуіш құралдар құрамын байытқан мұндай мақал-мәтелдер жүздеп саналады.

2. Передача русских пословиц и поговорок с известным видоизменением отдельных составных частей словесной формулы подлинника. Бұл формулировканы біздіңше былай түсіну қажет. Тіл-тілдегі мақал-мәтелдердің бәрі бірдей аудару кезінде әлгіндей тәсілге көне бермейтіні белгілі. Сондықтан аудармашыларға әрқилы тәсілдерге баруға тура келеді. Кейде кейбір сөздерді амалсыз өзгертіп, түпнұсқадан сәл де болса алшақ кететін жайды көресіз. Яғни түпнұсқадағы мақал-мәтел жасап тұрған компоненттердің бәрін бірдей грамматикалық формаларымен қазақ тіліне беру мүмкін емес. Осындай объективті себептерді байқағандықтан да Сағындықов екінші тәсілді мақұлдайды. Егер бұл тәсілді қандай жағдайда қолдану керек дегенді зерттеушінің өз сөзімен айтар болсақ, былай болып шығар еді. Түпнұсқаның морфологиялық қасиетін түгел бере алмайтын жағдайда және дәл аударғанда әсерлі, ауыспалы, астарлы мағынасы сақталмайтын жағдайда осы тәсілге баруды жөн деп есептейді. Мұның салдарынан қазақтың төл мақал-мәтелінен өзгешелеу, бірақ табиғаты және айтылуы, естілуі тұрғысынан соларға жақын аудармаға ие боламыз. Берілген мына мысалдарға назар аударыңыз: *ауыр жүкке жегілме, жегілсең — егілме* (взялся за гуж — не говори, что не дюж) немесе *жүк көтерсең — ауыр деме; өткелін білмей су кешпе* (вне спросясь броду, не суйся в воду); *біреу орман паналайды, біреу отын арқалайды* (кто в лес, кто по дрова); *талабы зордың тағдыры — дозақ* (охота смертная, да участь горькая) немесе *талабы зор, ақыры сор; шындық әрқашан да жеңеді* (правда всегда берет вверх); *ауру бастың сақинасын сау басқа телу* (с больной головы на здоровую); *әлдеқайдан жаңғырық, білмей қалды аңырып* (слышал звон, да не знает, где он); *қорқынышты түс болса да, рақымшы құдай бар* (страшен сон, да милостив бог); *орманға кірген сайын, отынға молығасың* (чем дальше в лес, тем больше дров) т. б. Мысалдарға қарап отырсаңыз аздаған өзгерістің өзі байқалмайды. Әдетте оқушы өзіне түсініксіз нәрсені іздестіреді емес пе? Мына мақалдар оқушы көңіліне күдік те туғызбайды. Тек түпнұсқа мен аударманы қадағалап қараған адам ғана аздап таңданар еді. Онда да аудармадағы ауытқушылыққа емес, аудармашының шеберлігіне. Мақал-мәтел компоненттерінің кейбірі қазақ тіліне түпнұсқадағыдай түрде жеткізілмегенмен, олардың берер мағынасы және сол мағына арқылы алынатын әсер ешбір кемімеген. Қайта қазақ тілінің ерекшеліктеріне тән заңдылықтарға сай құлпырып тұр. Түпнұсқа мен аударманы салыстыра отырып, зерттеушінің тұжырымдарына қосыласыз. Яғни қазақ тілінің заңдылықтарына сай осындай "орынды өзгертулердің" нәтижесінде түпнұсқа мазмұны толық танылумен қабат, оның оқырмандарға түсініктілігі қамтамасыз етіледі.

Осы тұста мына бір жайды ескерте кеткіміз келеді. Сағындықов мақал-мәтелдердің аудармасын соншама зеректікпен талдайды. Екі тілдің де сырын, табиғи заңдылықтары мен мүмкіндіктерін өте жақсы меңгере білген зерттеуші зерделі ойлар толғайды. Міне, сондықтан да қазақ филология ғылымында тұрақты тіркестер түрінің аудармасын тұңғыш талдап, түбегейлі тексеру жүргізген автордың еңбегі ерекше. Оның зерттеу тәсілінің өзі кісі қызығарлық. Мәселен, мына бір мысалды талдауын барлайық. Үлкен істің үлкенді-кішілі жетістігі, үлкенді-кішілі кемшілігі де жетерлік болады ғой. Сағындықов Ленин еңбектерін аударуда жіберілген кемшіліктердің сырына үңіледі. Оларға уақытына сай объективті баға береді. Жоғарыдағыдай нәтижелі тәсілдер табылғанға дейінгі сүрлеу жолдардың соқпақты, тас-тақтысын таратып, солардың табиғатын танытарлық дәйекті пікір қозғайды. "Взялся за гуж — не говори, что не дюж" деген мақалды *жүк көтерген екенсің, шамасызбын деме* деп аударуға болар еді. Мұндай жағдайда түпнұсқа

компоненттері түгел беріледі. Бірақ мақал өзінің негізгі қасиеттерінен: әсерлі, ұйқасты, ырғақты түрінен жұрдай. "Жүк көтерген екенсің шамасызбын деме" деген мақал емес, кәдімгі бұйрықты сөйлем. Ал *"Ауыр жүкке жегілме, жегілсең — егілме"* дегенде мақалдың ұйқастық әуеніне дейін сақталады. Орысшасында: "за гуж" — "не дюж" деп келсе, қазақшасында "жегілме" — "егілме" болып ұйқасады.

Осы мақал бір кезде *"Қолыңмен істегеніңді, мойныңмен көтер"* деп те аударылған ("то, что сделал руками, подними плечами", буквально: "подними шеей"). Бұл вариант орыс мақалының мәнін бере алмайды. Өйткені мақал "егер сен бір нәрсеге ұрынсаң, жауап беруден қашпа, тиісті жазаңды алуың керек" деген мағынаны білдіретін қазақтың өз мақалы. Ал түпнұсқадағы мақал мүлде басқа мағынаны меңзейді. Сағындықовтың дәлелдемелерін өз сөзімізбен баяндап отырмыз. Осы сияқты көптеген мысалдарды алып, кеткен кемістіктің себебін дәл табады. Аударманың әртүрлі вариантарын қарастырып, дұрыс-бұрыстығын ғылыми дәйектілікпен көрсетуге тырысады. Кейбір талдауларына дау да айтқымыз келеді. Мәселен, "на воре шапка горит" дегеннің *"ұрының бөркі жанды"* және *"сезікті секірер"* дейтін екі вариантын алады да біріншісін мүлде жоққа шығарады. Мұнда ешқандай ауыспалы мағына жоқ деуіне әбден қосыламыз. "Сезікті секірер" дейтін қазақ мәтелі түпнұсқаның мағынасын дәл береді деп соны мақұлдайды. Әрине басқа ешбір амал қалмаса осылай берген дұрыс болар еді. Біздің одан да басқа мүмкіндігіміз бар емес пе? Мысалы, *"Ұрының бөркі қызыл"* десек ауыспалы мағына да сезіліп, *шапка гориттің* ажарын аңғартып тұрған жоқ па?

3. **Использование в переводе равнозначных казахских пословиц и поговорок.** Жалпы бұл тәсіл де қай халықта болмасын қолданылып жүр. Тіпті кейде осы әдіспен берілген мақал-мәтелдерді бірінші тәсіл арқылы аударылған мақал-мәтелдерден ажыратып алу қиынға соғады. Сағындықов бұл үшінші тәсілді түпнұсқаның әсерлілігі, әсем ұйқасы, ауыспалы мағынасы мен сөйлеу тіліне тән өте түсініктілігі сақталмаған жағдайда қолдануды жөн дейді. Осы айтылғанның бәрі қазақ тіліндегі мақалдармен жеткізіліп тұрса, оларды аударудың қажеті қанша. Аудару деген осы емес пе? Аударғанда қойылатын талаптың да түрі әлгі айтылып отырған нәрселер болғандықтан мұны ерекше категория етудің қажеті бола қояр ма екен. Зерттеушінің бұл тұста қоятын талабының бірі алмастырылған мақалдың ұлттық иісінің болмауы. Яғни ол мақал-мәтел қазақ халқының ғана тарихы мен тұрмыс күйіне тән пайда болған нақыл болып жүрмесін дейді. Әбден дұрыс. Бірақ мәселенің бір жағын қозғаған соң, екінші жағын неге ұмытамыз. Дәл осындай мақал-мәтелдер орыс халқында да толып жатыр. Орыс халқының өз табиғатын, ерекшелігін танытатын талай мақал-мәтелдер бар, оларды қайтеміз. Аударамыз ба, жоқ әлде түсініктеме беріп тынамыз ба? Мәселенің қиын тұстарына келгенде тереңдемей тайсала беретін жері де жеткілікті. Мұнда келтірілген мысалдардың бәрі де дау туғызбайды. Солай екені солай. Түпнұсқаны дәл беретін төл мақал-мәтелдеріміз толып жатыр. Осының сыры неде? Автор бұған да бойламайды. Оның мәнісін біз бұл еңбектің баяндама есебінде әзірленген шағын зерттеу болғандығынан деп білеміз. Сағындықов бұл мәселемен анда-санда ғана емес, тиянақты шұғылданып жүргендіктен шешуін, себебін тілейтін осындай кейбір мәселелердің сырына үңілуі керек деп те ойлаймыз.

Ал үшінші тәсіл бойынша берілуге тиісті мақал-мәтелдер екі топқа бөлінген. Бірі — мағынасы мен түрі бара-бар келетін: **друзья познаются в беде** — *достың достығы басыңа іс түскенде танылар;* **дурной пример заразителен** — *жаман әдет жұққыш келеді;* **утопающий хватается за соломинку** — *суға кеткен тал қармайды;*

что посеешь, то и пожнешь — *неексең, соны орасың;* **поспешишь — людей насмешишь** — *асыққан қалар ұятқа* деген сияқты мақал-мәтелдер. Екіншісі — түрі тура келмегенмен, мағынасы дөп шығып жататын мақал-мәтелдер. Мысалы: **кошку бьют, невестке наветки дают** — *қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда;* **куда ни кинь — все клин** — *жапалақты таспен ұрсаң да, тасты жапалақпен ұрсаң да жапалақ өледі;* **провалиться в тартарары** — *жер жұту* т. б.

Сағындықовтың пайымдаулары, ғылыми дәлелдері осы тәрізді. Аудармашылар және аударма теориясымен шұғылданушылар мұнда айтылған пікірлермен жете таныс болуы тиіс. Өйткені аударманың қиын проблемаларының бірі тұрақты тіркестердің тілден-тілге берілудегі табиғатын зерттеп, тұңғыш ой толғағандар көп емес. Бұл тәрізді күрделі мәселенің шешімі қалай табылатыны осы еңбекте аз да болса баян етіледі.

Біз осы тараудың басында мақал-мәтелдер аудармасын тексерген біраз зерттеушіні атап өткен едік. Солардың бірі — белгілі ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі М. Қ. Қаратаев болатын. Жалпы Қазақстан бойынша аударма мәселелері жөнінде келелі ой толғап, кесек пікір айтқан кісі көп емес. Осы деңгейден қарасақ, М. Қаратаевтың көркем аударма проблемаларына байланысты жазған сын-зерттеу мақалалары алдымен көзге түседі. Республикамызда көркем аударманың маңызын, мәнін, оның ерекшеліктерін жете түсініп, сауатты, салиқалы пікір айтушының бірі де М. Қаратаев. Аударманың әртүрлі мәселелеріне арналып жазылған еңбектерді түгел талдап жатпай-ақ, біз бұл жолы ғалымның тұрақты тіркестер төңірегінде айтқан ойларын қарастырамыз.

Проф. Қаратаев "Тынық Донның" қазақшаға аударылуы және көркем аударманың кейбір мәселелері"[55] деген мақаласында тіл проблемасының, соның ішінде "орыс тілінде де бар, бейтарап идиома деп аталатындардың қалай шешілгенін сөз етеді. Автор тұрақты тіркестер түрін талдап жатпайды. Термин қолдану жағынан ауытқитын жерлері де бар. Жалпы идиом атаулының екі түрін бөліп алып, солардың аударылғыштық қасиетін тексереді. Бейтарап идиомдар және "ұлттық өз бояуы, ерекшелігі бар идиомдар". Зерттеушінің пікірі бойынша, бұлардың алғашқыларын "дәлме-дәл, тіпті сөзбе-сөз дерліктей етіп аударуға мүмкіндік бар", Мысалы: И волки сыты, и овцы целы — *қасқыр да тоқ, қой да аман.* Чем богаты, тем и рады — *барымен базар* деген сияқтылар. Ал ұлттық ерекшелігі бар идиомдарды дәл бұлай аударуға болмайды. Сөзбе-сөз аударғанда түпнұсқа мағынасын беру мүмкін емес. Өз пікірлерін өзге ел ғалымдарының пікірлерімен тиянақтайды. Мәселен, әзірбайжан ғалымы Д. Азимовтың да осыны қолдайтынын айтады. Мұндай идиомдарды аударуға болмайтындықтан, олардың тек қана баламасын іздестіру қажет деп біледі. Ондай баламалардың түрлері мынадай: мать ее курица — *ой енесі байтал,* чума его знает — *қырғын тигірді кім білсін,* туда и дорога — *барсын барар жеріне,* земля пухом — *топырағы торқа болсын,* царство ему небесное — *жаны жәннәтте болғыр,* аж чорт их хмылем візьме — *қағар олардың сайтанын,* туды же его в перемет — *қара басқыр антұрған;* наведут ухлат — *сазайларын тарттырар,* а какой мерой меряете, тою и воздается — *кісіге не істесең, алдыңа сол келер* т. б.

---

[55] М. Қаратаев. Туған әдебиет туралы ойлар. Алматы, 1958, 327—357-бб.; Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского языка на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана. Алма-Ата, 1960; "Перевод "Тихого Дона" на казахский язык и некоторые вопросы художественного перевода". Алма-Ата, 1960, стр. 100—127.

Аударма кезінде ауыз әдебиетінің сөз орамдары да творчестволықпен пайдалануға болатыны әңгімеленеді. Мәселен, *алабұға, ақ қайран, қармағыма қап қайран* — ловись, ловись рыбка, большая и малая — дегеннің мағынасын шынында да тамаша береді. Мынау аталған балықтарды түпнұсқадан іздеп әлек болғандарды сынайды.

Ал орыс тіліндегі идиомдарға сай балама қазақ тілінен табылмайтын жағдайда "Тыныс Донды" аударушылар жаңа идиомдар мен мақалдар құрастыруға тырысқан. М. Қаратаев идиомдар проблемасын арнайы зерттемеген. Оны тек аударма проблемаларының бірі ретінде жол-жөнекей сөз етеді. Бұл түсінікті де. Аудармада жазушының көркем бейнелеуіш құралдары қозғалмай тұрмайды. Сол себептен идиома аударма талдамасының логикалық жалғасы ретінде азғана тексерілсе де, ойға азық тастайды. Жоғарыда Сағындықов халықтар мақал-мәтелдерінің кейбірі неге біріне-бірі сай келеді деген мәселеге тереңдемейді деген болатынбыз. Осы мәселенің сырына аз да болса М. Қаратаев үңіліп, толғамды пайымдаулардың басын бастаған тәрізді. Ол: "Барлық халықтардың, соның ішінде орыс халқы мен қазақ халқының да ауыз әдебиетінде пікірлеу образдарына, суреттеудің поэтикалық құралдарына, халықтардың сан ғасырлар бойғы тәжірибесін, даналығын бейнелейтін мақалдар мен мәтелдерде бәріне ортақ, ұқсас, туыс жәйттер көп",— дейді. Бұдан біздің байқайтынымыз М. Қаратаев идиомдарды мүлде аударылмайтын категорияға жатқызбайды. Оларды бір тілден екінші тілге аударуға әбден болатынын "Тыныс Донның" қазақша аудармасын тексеру арқылы дәлелдейді. Және аударманың әрқилы тәсілдерін көрсетеді. Халықтардың тарихына тереңірек үңілсек, көптеген көрші елдің тіршілігі, болмысы, кәсібі ұқсас болғанын байқаймыз. Ұқсас тірлік, ортақ кәсіп әр тілде түрлі асыл ұғымдарды, нақыл сөздерді дүниеге келтірген. Бұдан халықтар ой-пікірінің тең, деңгейлес екенін, қай-қайсысының болса да тілге шешен, ойға жүйрік екенін білеміз. Олай болса, қай халық жасаған ұғым болмасын, оларды бірінен-біріне аударуға әбден болады.

Көрші туысқан халықтарға қарағанда, бізде аударма мәселесінің зерттелу жайы онша мақтарлық емес. Ал оның жекелеген проблемаларына келгенде жағдай мүлде төмен болатын. Мәселен, осы біз объект етіп отырған көркем әдебиеттегі тұрақты тіркестердің екінші тілде берілу жайы арнайы тексерілмеген сала. Көрші отырған туыс халықтарда аударма проблемаларын сала-салаға бөліп, жан-жақты терең талдауға кіріскенін жоғарыда жасалған сілтемелерден байқайсыздар. Әрине біз бұл салада арнайы еңбек жазып, өзінің күллі өмірін аударма теориясын жасауға бағыштаған жолдастардың ісін жоққа шығара алмаймыз. Алайда бірді-екілі еңбекпен ғылым жасалмайтыны да белгілі. Жоспарлы түрде жұмыла кірісіп, аударманың бар тармағын тарамдап талдағанда ғана ғылыми ой-пікірлер дамып, ғылыми айтыс туғанда ғана ғылым болмақ.

Кейінгі жылдары біздің республикамызда да аударманың жеке салаларына арналған еңбектер, бірен-саран болса да бой көрсете бастады. Солардың ішінен біздің тақырыбымызға тікелей қатыстысы жазушы Мұзафар Әлімбаевтың 1967 жылы басылып шыққан "Өрнекті сөз — ортақ қазына" деп аталатын кітабы. Бұл кітап ақынның көптен ізденіп, жинақтап жүрген еңбегінің нәтижесі. Кітап мақал-мәтелдердің көркем құрал ретіндегі рөлі және оларды аударудың жолдарын қарастырады. Автор көптен практикалық жұмыстармен де шұғылданып жүр. Ол көптеген халықтың мақал-мәтелдерін аударып баспадан шығарған. Сөйтіп өзге ұлттың талай айшықты сөзін халқымыздың ортақ қазынасына айналдырған. Еңбекті түгел талдап жатудың бізге қажеті жоқ. Сондықтан "Аударма ағайындастырады"

деген бесінші тарауға ғана кеңірек тоқталамыз. Алдымен автордың аударма жөніндегі түсінігіне зер салайық. Өйткені негізгі пікірлерге жол ашу үшін бұл өте қажет. Автор аударманың негізгі міндеті түпнұсқаның эмоциялық және эстетикалық ерекшеліктерін екінші тілде түгел мүсіндеу деп ұғады. Өз сөзімен айтсақ: "Өзге тіл табиғатында қызара бөртіп, қызу қанын сыртқа тепкен өмір тіршілігін өшіріп алмай, тынысын тарылтпай, тамыр соғысын бәсеңдетпей, өз ана тілінің табиғатына аялап әкелу — көркем аударма дегеніміз міне осы".

Яғни оның өзге жұрттан келгендігін оқушы аңдамасын... Біз автордың "түпнұсқаның ыстығын суытып алмай, суығын қыздырып жібермей, өз температурасын сақтап аудару — басты талаптың бірі" дегеніне әбден қосыламыз. Бірақ оны оқушыға байқатқысы келмей мүлде қазақыландырып жіберу ниетін жақтайтын тұстарын дұрыс дей алмаймыз. Өйткені аударма екені сезілмесе оның несі аударма. Ол ана тіліміздің топырағында туған төл туынды болады да шығады. Аударманың күллі қасиетінің өзі оның аударма екені білініп тұруында, яғни оқып отырған нәрсеңізге сүйсінер болсаңыз оның аударма екеніне, тамаша аударма екеніне сүйсінуіңіз хақ. Аударманың қасиеті сонда байқалмақ.

Автор мақал-мәтелдердің аудармасы жайында өте қызғылықты пайымдаулар түзген. Мұнда ең алдымен ажыратып алатын нәрсе, Әлімбаев белгілі бір көркем шығармаларда қолданылған нақыл сөздерді емес, әр халықта жеке-дара күйінде әжетке жарап жүрген мақал-мәтелдерді аудару мәселесін әңгімелейді. Мұның шынында өзгешелігі бар. Көркем шығармалардағы нақыл сөздерді аудару үшін сонда баяндалатын оқиғаларды ескеру қажет. Ал әлі қолданысқа түспей, жеке күйде тұрған мақал-мәтелдің сыры басқашарақ. Мұндағы сан түрлі астарлы ойды мақал-мәтелдің өз бойынан табуға, танып ашуға тура келеді. Әлімбаевтың аудармашы және зерттеуші ретіндегі басқалардан өзгешелігі осынысында. Бұл процесс кезіндегі еңбектің ауыр-жеңілдігін ол былай түсіндіреді: "жеңілдігі — қол байлайтын контекске жалтақтағаным жоқ, ауырлығы — әр мақалдың дербес универсалдығын сақтау керек болды"[56].

Нақыл сөздерді аударуда ескеретін басты нәрсе ондағы ұлттық сипат жайы, әр халықтың өз мәнері болса керек. М. Әлімбаев та бұл мәселені ескермей кете алмаған. Міне, осы ерекшеліктерді сақтауды ол жөн деп есептейді. Суармалы егісті, бау-бақшалы елдерде туған және таулы-тасты, теңіз аймақтарында, орман-тоғайлы өлкелерде өрбіген көптеген мақал-мәтелдерді аударғанда ұлттық өрнектерді әсте ұмытпау дұрыс. Сонда тіліміз бен әдебиетіміз жаңа мақалдармен байып қана қоймай, оның көркемдік өрнектері сұлулана түспек деп ақиқат тұжырым жасалады.

Автордың байқауынша мақал-мәтелдерде ұлттық оқшау бояулардан гөрі, барша халықтарға ортақ интернационалдық сипаттағы нақылдар басым көрінеді. Шынында да солай. Бұл да жоғарыда ескерткеніміздей халықтар тұрмысының, болмысының өте ұқсас екенін, соған орай олардың ақыл, ойлау, сезім дүниелерінің де бара-бар келетінін танытатын фактор.

Бұл жерде автормен аздап түсінісіп алатын да мәселе бар. Ол мақал-мәтелдердегі ұлттық өрнектерді әңгімелейді дедік. Жалпы аударма мәселесінде, қала берді мақал-мәтелдерді аудару кезіндегі ең қиын да күрделі процестің бірі осы ұлттық ерекшеліктерді қалай беруге байланысты болса керек. Мұның қиын мәселе екенін автордың қашқақтауынан да аңғарамыз. Ол сол ұлттық өрнек дегендерді аударудың жолдарын мүлде сөз етпейді. Оны сыйпай өтіп, "мұндай асыл сөздерді аударғанда сыртқы бояу — ұлттық нышан іздеп, түртініп, қарайламай, ойдың терендігіне,

[56] М. Ә л і м б а е в. Өрнекті сөз — ортақ қазына. Алматы, 1967.

өрнекті сөз бедеріне баса көңіл бөл", — дейді. Біріншіден, ұлттық нышан дегенді "сыртқы бояу" деп қарау қате тұжырымға апаратын сияқты. Ұлттық өрнек деген халықтың қанына, сүйегіне сіңген асыл қасиеттерден туатын, болмыспен, тірлік дүниесімен біте қайнасқан біртұтас нәрсе. Мақал-мәтелдердегі өзге халықтар мәдениетіне өң беріп, түрлендіруге септігін тигізер ұлттық нышандарды интернационалдық сипаттағы нақыл сөздерге қарсы қоюдың қажеті шамалы. Екіншіден, әрине кез келген мақал-мәтелден ұлттық нышан іздеп "түртінудің" орны жоқ, ал бар нәрсені көрмеу тағы бекер. Үшіншіден, "ойдың терендігіне, өрнекті сөз бедеріне баса көңіл бөлу" әбден керек нәрсе. Ондай қасиет ұлттық сипаттағы мақал-мәтелдерде де өте басым болатынын ескерген жөн.

Автор сәтті-сәтсіз аударылған көптеген мақал-мәтелдерді қарастырып, біраз түйінді ойларға барған. Сол түйіндердің қайсыбірін тереңірек талдауға тура келеді. Бізде көп ретте негізгі мәселеге тікелей кіріспей орағытып жүріп алатын әдет бар. Сондай әдеттен кейде Әлімбаев та құтыла алмаған. Мәселен, аударған адамның әдебиетші емес екенін алдын ала айтып, оқушыны сендіруге тырысудың қаншалықты жөні бар. Сондықтан, ең алдымен, ол шығарманы кім аударса сол аударсын соны ғылыми байыптылықпен тексеріп, негізгі қағидаларға сай дәлелді пікір таратқан абзал. Аударма мәселесіндегі парасатты, мәдениетті сын дегенімізге сонда ғана жақындай түсеміз.

"Аударма — мамандық емес, өнер" деген тұжырымда автордың не айтқалы отырғанын әбден түсінеміз. Сонда да болса бұл "қағидаға" кеңірек түсінік берген дұрыс. Бұл мәселе төңірегінде көптеген білімпаздар әрқилы пікір айтқан. Оның көпшілігі қызу айтысқа да ұласқан. Олардың бәрін тізіп жатпай-ақ (әрине сол пікірлерді еске ала отырып), өз ойымызды білдірейік. Аударманың өнер екеніне дау жоқ. Сонымен бірге оның өнерге толы айрықша мамандық екенін де мойындау қажет. Оны сол өнерге дағдыланған, соны меңгерген білгір, маман адамдар ғана игере алмақ. Оған маманданбай аударма өнеріне ешкімнің тісі батпаса керек. Осыған қарағанда өнер мен мамандық деген ұғымдарды жарыстырмай-ақ, оларды бірімен-бірін байланыстыра зерттеп, аударманың негізгі қасиеттері ретінде әңгімеленгені жөн.

Зерттеуші осындай бірнеше түйінді ойларын өрбіте келіп: "Әр халықтың айшықты сөздерінің кілтін тапса, қазақшаға аударылмайтыны кемде-кем", — деп қорытынды жасаған. Сол кілт қалай табылмақ десек, "гәп аудармашының білігі мен шеберлігінде" екен.

Ал мақал-мәтелдерді қалай аудару керек, оларды аударудың жолдары қайсы дегенге келсек, автордың ұстаған принциптерін былайша баяндауға болады. Ең әуелі ол мақал-мәтелдерді поэтикалық тұрғыдан алып қарастырған. Осыған сай оларды аударудың үш түрлі жолын саралап көрсетеді. Яғни мақал-мәтел негізгі үйқастармен, ішкі үйқастармен, ішкі үндестіктермен аударылуы тиіс. Осының үшеуінде де автор өз тәжірибесін және негізінен көркемдік кестені қалай сақтағанын баяндайды. Аударма мәселесімен автордың арнайы шұғылдануы ғылыми-зерттеу ісіне едәуір пайдасын тигізген. Шынында да мақал-мәтелдердің аудармасын қарастырушы адамға автор көрсетіп отырған өзгеше белгілерге мән бермей өтуге болмайды. Бұлар мақал-мәтелдің негізгі қасиеттері. Ендеше аударғанда сол негізгі қасиеттердің табиғатына үңілу әбден қажет. Зерттеуші бұл тұста мақал-мәтел жасайтын әсерлі ықпалды да талдауға тырысады. Мәселен, аударма творчестволық өнер болғандықтан, аудармашының тебіреніссіз, сезімсіз, толғанусыз еш нәрсе бітіре алмайтынын айтқанда еріксіз бас шұлғисыз. Шынында түйсіксіз еш тірлік

бітпек емес. Ал мақал-мәтелді аударғанда аудармашы өзгеше толғаныста болуы шарт. Ондай толғануды мақал-мәтелдің өзі-ақ тудырады. Сол себепті автордың: "Ақын өзінің төл туындысын жазарда қалай толғанса, аудармашы да халық даналығын — мақал-мәтелді, нақыл сөздерді өзге тілден ана тіліне аударарда солай шиыршық атып, шын тебіренуі парыз",—дегеніне қосылуға болады. Өз тәжірибесінен туған мысалдармен әлгі пікірлерін дәлелдеп отырады. Көптеген мақал-мәтелдердің ауармасы өте ұтымды шыққан. Бұған себеп автордың ақындық алғырлығына байланысты ма дейміз. Ол ең алдымен қазақ мақал-мәтелдерінің қазақ совет поэзиясының ең ақырында мейлінше бай ауыз әдебиет үлгілерінен алуан түрлі жол тауып, талғаммен пайдаланып отырған. "Күйе киімді жесе, күйік миынды жейді" ("моль одежду ест, печаль человека"), "солдат бізбен қырынады, түтінге де жылынады" ("солдаты шилом бреются, солдаты дымом греются") деген мысалдар, әсіресе орыстың "Курица не птица, лодырь не человек, болтун не работник" деген мақалын аударудың техникасын баяндау өте нанымды. Дәл солай ұғынып, дәл солай аудару қажет сияқты: "Тауық — құс емес, жалқау — кісі емес, бос сөз — іс емес".

Міне, осылай ұйқастарын аударғанда зерттеуші қазақ өлеңінің өзіне тән өлшеміне, табиғатына мейлінше көңіл бөлген. Өзге халықтың көптеген мақал-мәтелдерін осылай өлеңдік ұйқаспен әдемі аударуға болатынын автор тікелей өз тәжірибесімен дәлелдеген.

М. Әлімбаевтың екінші бір көңіл қойған мәселесі мақал-мәтелдердегі ішкі ұйқастың мәні. Бұл да нақыл сөздердегі қажетті белгілерден саналады. Мақал-мәтелдің мәнін, әсерлілігін айқындауда айрықша рөл атқаратын да осы. Ішкі ұйқас поэтикалық аудармаға ғана емес, көркем шығарманың барлық түріне тән, әрі аса қажетті элемент.

Мұндай мақал-мәтелдер формасына қарай екі түрлі ыңғайда болады. Соңғы сөздері ұйқаспен келген мақалдарда және ұйқаспай жай сөйлем ретінде келген мақалдарда да ішкі ұйқас берік сақталады. Аудармашылардың мақал-мәтелдерді осындай формасын сақтап беруге мүмкіндігі мол. Осы типтес аудармалардың біразын қарап отырсақ, М. Әлімбаев аудармашылар назар аударатын біраз мәселені шешкен. Мәселен, бірнеше мысалды қарастырайық: "долг — это проклятие" ("қарыз дегенше, қарғыс де"), "ум не от возраста, а от головы" ("ақыл жас талғамайды, бас талғайды") дегендер немесе әзірбайжан мақалын былай алуы: "сұрай-сұрай халықтан тау асарсың, сұрамасаң жарықта адасарсың", "күйеусіз сайқал — жүгенсіз байтал" т. б. қонымды. Бұларда мақалдың әрі аударма екенін, әрі өзіміздің төл дүниеміздей шыққанын байқаймыз.

Аударылған дүниенің аударма екені мүлде білінбеуі керек деген тұжырымына автор осындай мысалдармен өзі қарсы жауап береді.

Зерттеушінің бөліп айтқан үшінші мәселесіне біраз анықтамалар берген абзал сияқты. Мұнда ұйқас, ішкі ұйқас дегендерге үндестік деген сөзді термин ретінде жегіп, белгілі бір бөлек ұғым есебінде қарсы қояды да жеке-дара қарастырады. Жалпы бұлардың бәрі де біріне-бірі байланыспайтын жеке ұғымдар тобына жатпаса керек. Өйткені сол саздылық, үндестік дегендеріңіз әлгі айтқан ішкі ұйқас, ұйқастардың табиғатынан шығатын нәрсе. Тіпті мысал үшін басқа кітапты ақтарсақ автордың дәл осы пікірін дәлелдеу ретінде берілген мына бір мысалды қарайықшы:

Құлақтыға сөз айтсаң,
Құлағының астында.

Құлақсызға сөз айтсаң,
Құла қырдың астында.

Бұл қазақ фольклорынан алынған мысал. Мұнда ұйқас немесе ішкі ұйқас жоқ деп кім айта алады. Шалыс ұйқас дегеніңіз осы емес пе?

Басқа тілдердегі мақал-мәтелдердің көпшілігінен ассонанс пен аллитерация тәсілін қолдану арқылы беруге болатынын дәлелдеген автор мысалдарының сәттілері де көп. Осы тәсілмен аудару процесінің талдамасы талай аударушыға талшық боларлық, ой саларлық нәрселер. Мәселен, Мұзафар "у хорошей головы — сто рук" деген малаял мақалын ассонанс тәртібімен үйлестіріп, "ақылды бастың алпыс қолы бар" деп береді. Бұл жерде түпнұсқаға "адалсынған" кейбір аудармашысымақтар "жүз" бен "жақсыны" іздеп әуре болар еді. Мәселе қолдың санында емес, соның мәнінде екеніне мән бермес еді. "Умелому — везде место" деген әзірбайжан мақалының кейбір сөздерін алмастырған. Өйткені зерттеушінің дәлелдеуінше "везде место" дегенді қазақшалау үшін шынында да "қай жерде де орын көп" деп шұбатып алар едік. Сондықтан бұл жерде де ассонанс көмекке келген. "Өнерлінің — өрісі кең" деп біршама дұрыс шешім тапқан. Ал біздіңше, ақыры бұлай алған соң "өнерліге өріс көп" десе тіпті жақындай түсер ме едік деп ойлаймыз. Осы іспетті көптеген талдамалар автордың мақал-мәтелдерді аудару техникасын едәуір меңгергенін және ғылыми топшылау жасауда зерделі зерттеушіге айнала бастағанын танытады. Ал енді ешбір ұйқасқа, үндестікке көнбейтін мақал-мәтелдерді ол амалсыз калька жолымен аударуды дұрыс көреді. Ондағы аудармашының ұстанатыны — мақалдың образдылығы мен мағынасы. Орыстың "единственный сын — отцу владыка" деген мақалын калькасыз беру қиын. Бұл ешқандай ассонанс, ешқандай аллитерацияға да сыймайды. Сондықтан "жалғыз ұл — әкесінің әміршісі" деу дұрыс та.

М. Әлімбаев кітабында "Балама табу — бағалы әдіс" деген тақырып төңірегінде де бірсыпыра қызықты пікір қозғайды. Мұнда ол қайсыбір халықтың тірлігіне, болмысына сай туып, қалыптасқан мақал-мәтелдердегі жеке сөздердің орнын ауыстыруға болады дегенді айтады. Мәселен, "либо корм жалеть, либо лошадь", "из родных мест и ворона приятна", "у хорошей головы сто рук", "шутка, зашедшая далеко, ведет к ссоре", "нет ума — не помогут и глаза", "лучше вражда с мудрецом, чем дружба с безумцем" және "когда император совершает ошибку, страдает народ" деген мақалдарды автор бір тезге салып, даулы-даусыз біраз түйін жасаған. "Балама табу — бағалы әдіс" екенінде дау жоқ. Ал табылған баламаның табиғатын тексеру де теріс емес. Осы берілген мысалдарды талдап қарасақ, автордың талғамында талас тудыратын жайлар да жиі кездесетінін байқаймыз. Мысалы, жоғарыдағы мақалдардан —"не жемді ая, не жиренді ая", "туған жердің торғайы да сүйкімді", "ақылды бастың алпыс қолы бар", "есермен достасқанша, естімен қастас" деген аудармаларды сәтті деп айтуға болар еді. Бұлар автордың өз пікірін дәлелдеп тұрған куәгер мақалдар: Қарғаның торғайға, жылқының — жиренге, жүздің — алпысқа айналуына ешқандай дау айта алмаймыз. Өйткені мұндай өзгерістен мақалдың мазмұнына, құрылысына, ауыспалы-әсерлі мағынасына келер нұқсан шамалы. Тіпті жоқ деп айтуға да болады. Ал енді "шутканың..." — "ұшқары әзіл ұрыншақ" болып кетуіне, "императордың..." — "хан қателессе — халықтың соры" болып кетуіне байланысты мынадай пікірді айтуға тиістіміз. Алдымен ескертіп алатын нәрсе, авторды арашалайтын бір жайдың бар екені. Ол — мақалдың ешбір автордың, ешбір шығармадағы кейіпкердің қолданысына түспей дербес тұрғандағы кейпінің сөз болуы. Сонда да болса мұндай

мақалдардың аудармасы талданғанда зерттеушінің зердесінен тыс қалмауға тиісті мәселелердің бар екенін амалсыз ескертуге тура келеді. Біз о баста да ескерткен болатынбыз және кез келген көзі ашық оқырманның көкейіндегі нәрсе деп ойлаймыз. Мақал-мәтелдердің едәуір бөлегі белгілі бір халықтың саяси-әлеуметтік өміріне, тек сол халыққа ғана тән болмыс-тірлігіне байланысты белгілі бір географиялық шеңберде туып қалыптасқаны мәлім. Олай болса ондағы әлгіндей айырықша белгілерге өте бір ыждағатты ықтият сезіммен қараған абзал. Егер осы талапты дұрыс деп есептесек, онда "императордың" — "хан" болып қазақшалануын құптай алмаймыз. Біріншіден, "хан қателессе — халықтың соры" дейтін қазақтың өз мақалы бар. Сондықтан мұны аударма деп берудің реті жоқ. Екіншіден, *император* мен *хан* сөзінің мағыналық шеңбері тең емес. Бұл екі сөздің екеуінде екі халықтың тарихи шындығына байланысты сіңген айырым мағыналары кімге болса да айқын көрінеді. Оны елемеу, оны ескермеу — аудармашының біліміне дақ түсіретін қылық. Әңгімеге арқау боп отырған мақал белгілі бір тарихи оқиғаға негізделген көркем шығармада қолданылған болса, онда мұны аудару күрделі проблемалардың бірі ретінде көлденең тартылар еді. Ендеше М.Әлімбаевтың аудармашы ғалымдарды толғандыратын күрделі мәселелерді талдауға келгенде, жалтара жол тауып, жанамалап кететінін байқаймыз. Осы тәрізді "Ұшқары әзіл ұрыншақ" дегенді біз автордың өзі айтқандай "зергердің қашауы мен қырнауынан" өткен мақал деп тани алмаймыз. Қайта мұны өзімізде бұрыннан бар "әзіл түбі — зіл" деген баламамен берсе қайтер еді.

"Көңіл соқыр болса, көзге не амал" дегенді автор "нет ума — не помогут и глаза" деген мақалдың баламасы ретінде берген. Мұны аударғанда да ол дұрыс бағытты байқайды да, барар жерін бағдарлай алмай қалған. Егер "көкірегің көр болса, құр көзіңнен пайда жоқ" десе де, біршамаға келер ме еді деп ойлаймыз.

Біздің топшылауымызша, автор келтірген мына бір қағиданың қажеті жоқ еді. Сөзбе-сөз келтірейік: "Аударылатын шығарманың рухына жақындай түсуі үшін, түпнұсқадан алыстай түсу керек" дейтін қағиданың дұрыстығына мақал-мәтелдерді аударғанда да көзіміз жетті". Оның бұлай дейтін себебі — "өзге тіл тұтқынында" қалмай, "туған тіл теңізі айдынында еркін жүзу". Ал сол туған тіл теңізін шарлататын не және не үшін шарлайсыз? Өзге тіл құдіретін білдірерлік элементтерді өз тіліңнен табу үшін шарлайсыз. Сонда негізгі мақсат тұтқында болу емес, бұлай тілді безеудің қисыны жоқ, мақалдың мәнін-мағынасын, ондағы сиқырлы бейнелеу тәсілдерін ана тіліне барынша дәл, барынша адал жеткізу мақсат. Мұнда кісі аттары кездесетін мақал-мәтелдерді аудару мәселесі де сөз болады. Автор кісі аттарын түпнұсқадағы күйінше алмай қазақыландырып, яғни ана тілде бар есімдермен ауыстырып алған жөн деп кесіп айтқан. Әркім өз пікірін өрбітуге хақы бар. Бірақ зерттеуші болған соң өзге пікірлердің де төркінін баққан жөн. Кісі аттарын аудару-аудармау жөнінде С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев сияқты ғалымдардың дәйекті пікірлері бар. Олар кісі аттарын өзгертпеу керек дегенді айтады. Аударма тарихы беттерін ақтарыңқырап қарасақ, бір кездерде ондай есімдердің неше түрлі Аллаберді, Қарынбай, Қайырғали боп берілгенін білеміз. Собакевичтердің — Итбаевтар болып, Ноздревтардың — Тұмсықовтар боп берілгенін қазір күле қарап оқимыз. Бұлар әрбір кезеңнің өз белгілері. Енді оған қайта оралу аударма мәдениетін кері кетіру боп саналмақ. Платон мен Лұқпан хакімді қалайша айыра алмаймыз. Сол Платонды бұрынғыша Аплатон дейтін болсақ, ұшы-қиырына жетпейтін былыққа еніп кетер едік.

Әйтсе де, бұл жерде де сол есімдердің табиғатын ажырату қажет. Яғни туыс тілдер мен туыс емес тілдер кісі аттарының аударылғыштығы екі түрлі. Туыс емес

тілдердегі кісі аттарын аударуға болмайды, оларды сол күйінде алу қажет. Әйтпесе ұлттық ерекшелік дегеніміздің ең басты белгілерін жойып аламыз. Ал тұрмысы, тірлігі бір, тілі туыс түркі сияқты халықтардың туындыларын бірінен-біріне аударғанда кейбір фонетикалық өзгешеліктерді ескермеуге де болатын тәрізді. Біз кісі аттарына байланысты айтып отырмыз. Оның себебі көптеген кісі аттары белгілі бір мағынаға ие. Әр тілдегі ондай кісі аттары сол тілдің фонетикалық тонын киеді. Сол есімдерді сол күйінде алатын болсақ, еріксіз езу тартқызатын күйге ұшыраймыз. Оқушы бәріне түсініп отырса да, тілі тұтқырланып, шығарманың оқылуы қиындамақ. Сондықтан ондай есімдердің әлгіндей дыбыстық жабдықталуын аударылатын тілдің табиғатына сай берген абзал ма дейміз. Мысалы, қырғыздарда Құлкиши деген есім бар. Мұндай есімдерді сол күйінде алсақ түпнұсқаға да, аудармаға да нұсқан келтірер едік. Түпнұсқаға дейтін себебіміз қазақ оқырманы Құлкишині өмірі бұлай оқымайды. Ол Құлкісі деп оқиды. Сондықтан мұндай мағыналық өңі екі тілге де бірдей кісі аттарын аударылатын тілдің заңдылықтарына орай берген жөн сияқты.

Зерттеушінің тағы бір көңіл қойған мәселесі — аударма кезінде сөз үнемдеудің түрлері. Қай тілден қандай тілге аударсаңыз да сөйлемнің көлемі кейде ұлғайып, кейде тарылып отыратынын байқаймыз. Тілдердің өзіндік заңдылықтарына тереңірек бойлай білмеген кейбіреулер, әлгіндей құбылысқа қарап, тілдерді бай, не кедей деп бөлуге тырысады. Мәселенің байыбына бармай, беделді байлам жасау зерттеушілік қасиет емес. Белгілі бір ұғымды берудегі тілдік құралдың я көп, я аздығына қарап әрбір тілдің ең алдымен өзіне ғана тән өзгешеліктерін, заңдылықтарын танимыз. Сол тілдегі сөздердің өзара байланысу, тіркесу қабілетін барлаймыз. Осыларды түбегейлі танып, білгеннен кейін ғана аудармаға баға беруге тырысамыз. Жоғарыдағы тасулық пен тарылу төңірегінде неше түрлі талас пікірлер болған, болып келеді және әлі бола бермек деп ойлаймыз. Өйткені тілдің табиғаты өте қызық құбылмалы, дамымалы болып келеді. Аударма процесі тұсындағы тілдің сан түрлі сарапқа салынуы, сан алуан құбылысқа түсуі зерттеушілерді қилы-қилы ойға жетектемек. Аудармадағы әлгіндей құбылыс М.Әлімбаев жолдасты да біраз ойларға жетектеген. Ол алдымен, "Бір тілден екінші тілге аударылғанда шығарма көлемі өсіп кететіні заңдылық деушілер де табылады" деп алады да, сол пікірге мүлде қарама-қарсы дау айтады. Түпнұсқаны қайта "шөп-шалам бостекі сөзден арылту" қажет дейді. Біз бұл пікірдің екеуін де ғылыми дәлелді пікір дей алмаймыз. Біріншіден, аударылған шығарма көлемінің өсіп кетуін заңдылыққа айналдыру мүлде қате. Шығарманың мазмұны мен табиғатына орай оның көлемі қилы-қилы болуы мүмкін. Сол мазмұнды берер тіл құралдарының әртүрлі қызметі де мұндай үзілді-кесілді байлам жасауды қаламайды. Бұл пікір Мұзафар Әлімбаевтың ашып отырған жаңалығы емес. Егер Батыс Европа әдебиетінің тарихына үңілсек, бір кездерде өзге халық туындысын аударылатын тілде сөйлейтін елдің талап-талғамына бейімдеп, өңдеп аудару етек алған кезі де болған. Шекспир геройлары французға айналып жататын. Мынау пікір соның бір көрінісі. Екіншіден, М.Әлімбаевтың түпнұсқаны өңдемек болуы көптен қалыптасып келе жатқан аударма теориясының қағидаларына қайшы. Аудармашының міндеті түпнұсқаны өңдеу емес, ондағы бар нәрсені мейлі қандай кемшілігі, тіл мүкісі болса, тіпті соларды да түгел жеткізуге тырысу емес пе? Осы күнгі адекватты аударма деп жүргеніміздің бізге қояр талабы осы. Бұл жерде аударма творчестволық өнер болғандықтан, әлгіндей қысымға көнбейді деушілер де табылар. Әрине творчестволық өнер екені даусыз. Осыған қарап аудармашының түпнұсқадан тыс

кетіп, өзінше көсілуіне болады деу қате. Аудармашының творчестволық еркіндігі түпнұсқаның аясында ғана болмақ. Оның еш нәрсені қосып, еш нәрсені алып тастауға хақысы жоқ. Түпнұсқада нешеқилы тіл тебіреністерімен баяндалған мазмұнды аударылған тілдің бай құралдарымен оқырманға шебер жеткізу тұсында ғана аудармашы творчестволық өнерін сарқа пайдалануы тиіс. Аударманың қиындығының өзі осынысында. Яғни өз жанынан еш нәрсе қоспай, еш нәрсе қысқартпай бар нәрсені бабымен беру оңай іс емес. Қазіргі кезде аудармашы ұстанатын темір қазық осы. Ал енді түпнұсқадағы кейбір сөйлемдердің сөз тіркестерінің және жекелеген сөздердің атқарып тұрған қызметіне орай, екінші тілде бірде артып, бірде кеміп кететіні рас. Бұған қарап жоғарыдағыдай екі түрлі теріс пікірді мақұлдайтын болсақ, аударма ғылымында арылмайтын былыққа батамыз да кетеміз. Бұл әңгіме болып отырған кейбір мәселелер біздің көзқарасымызға оғаштау көрінгенмен, қалың оқырман үшін кітаптың бағасы айрықша. Мақалада қозғалған даулы нәрселер әсте еңбектің құнын түсіру мақсатында емес, ғылыми талас ретінде ғана ұсынылып отыр. Ендеше автордың мақал-мәтел аудармасын зерттеу арқылы қазақ филология ғылымына сүбелі үлес қосқанын ашып айтқан жөн. Фразеологизмдердің аудармасын арнайы зерттеген еңбектер өзге тілдерге қарағанда, орыс тілінде аздап болса да барырақ[57]. Диссертациялық еңбектер де, жеке монографиялық еңбектер де[58] бар. Бірақ бұлар тек фразеологизмдердің аудармасын ғана тексеріп қоймайды. Белгілі бір тілдің фразеологиялық байлығын жинақтап, олардың классификациясы, табиғаты, жұмсалу қызметі жайында ғылыми дәйектемелер жасалады. Бұлардың ішінен баса назар аударуды тілейтін пікірлердің бірі Москва ғалымы А.Я.Рожанскийдікі.

А.Я.Рожанский 1948 жылы "Иностранные языки в школе" журналының 3-санында жарияланған "Идиомдар және олардың аудармасы" деген мақаласында көптеген ғалымдардың тұжырымдарына мүлде қарсы пікір айтқан. Және оның пікірлері бос даурықпа сөз емес, ғылыми деректерге негізделген салмақты пайымдаулар. Ол не дейді? Ең алдымен Рожанский идиомдардың аудармасы жайында топшылау жасаған өзіне дейінгі ғалымдардың пікірлерін ғылыми тұрғыдан алып қарастырады да, дәлелдерінің негізсіз екенін көрсетеді. Ол қандай пікірлер еді? Идиомдарды бір тілден екінші тілге аудару мүмкін емес, өйткені олардың құрамындағы сөздер өзінің бастапқы мағынасынан айырылып, дерексізденіп кеткен дейтін пікір. Мұндай пікір күні бүгін де кейбір оқымыстылардың ғылыми тезистеріне тірек болып келеді. Автор осы тәрізді пікірлердің түптөркіні шет тілі мұғалімдерінен тарағанын біледі. Рожанский идиомдарды аударуға әбден болатынын, олардың ішкі, сыртқы табиғатын, яғни семантикалық құрылысын, экспрессивті ажарын айқындау арқылы дәлелдеген. Зерттеуші орыс тіліне идиомдарды аударудың нақты жолдарын ұсынады. Бірінші жолы — эквивалентті аударма. Екінші жолы — сөзбе сөз (калька) аудару тәсілі. Үшіншісі идиомдардың мағыналық мәнін ғана беру жолы.

---

[57] А. Я. Рожанский. Идиомы и их перевод// "Иностранные языки в школе", 1948, № 3; Н. Н. Кузнецова. К вопросу о передаче национально-специфических элементов языка подлинника// "Уч. записки" (1-й Ленинградский педаг. инст-т мностр. языков). Новая серия, вып. I, 1954; А. В. Федоров. Основы общей теории перевода. М., 1968.

[58] Н. Н. Амосова. Основы английской фразеологии. Л., 1962; А. В. Кунин. Английские идиомы. М., 1937; А. Райхштейн. О переводе устойчивых фраз// В сб.: "Тетради переводчика". М., 1968; "Теория и практика перевода с английского на русский". М., 1969.

Аударма ғылымы теоретиктерінің бірі А.В.Федоров өзінің "Основы общей теории перевода" деген кітабында бүкіл аударма проблемасының бар мәселесін лингвистикалық тұрғыдан талдаумен қатар, оның жалпы лексикологиялық мәселелеріне де біраз тоқтайды. Бұл тараудың "Фразеологиялық құбылыс" ("Фразеологические явления") деген бөлімінде идиомдарды, метафоралық тұрақты тіркестерді аударудың жолы қарастырылады. Автордың пайымдауларына қарағанда, идиоманы аудару керек, бірақ оның жолы көп емес. Және қай тілде болмасын идиомдар да көп емес. Олай болса бұларды аударғанда мағынасын сақтау қажет дейді. Идиомдардың негізгі қасиетінің бірі ретінде айтылатын "аударылмайтындықты" ("непереводимость") негізгі нысанадан тайдыратын пиғыл деп жоққа шығарады. Идиомалардағы сөздердің жоғалған бастапқы лексикалық мағынасы тек тіл білмейтіндерді ғана тосылтады деп түсінеді ғалым. Қателіктің көбі идиомдардың компонентінен бастапқы мағыналарды іздеп әуреленуден туып жатады. Әріпқойлық дегеніміз осыдан шығады дейді. Яғни бұл ғалым да идиомдарды аударуға болады деп түйеді. Осы заманғы француз әдебиетінің орыс тіліне аударылуынан мысал келтіре отырып, идиомдардың көпшілігінің метафоралы тұрақты тіркестермен берілу себебін осыдан деп түсінеді. Сонымен А.В.Федоров идиоматиканы аударманың жалпы тілдік мәселелердің ішіндегі аса күрделісі деп қарайды.

Ал тұрақты метафоралық тіркестер дегенге автор тиянақты ойды білдіретін жеке бір сөйлем тәрізді нақыл сөздерді — мақал-мәтелдерді жатқызады. Бұларды бір тілден екінші тілге аудару мәселесін өзіндік ерекшелігі бар жеке сөздер — реалийлердің аударылуымен салыстырады. Советтік аударманың кейінгі он жылдық тәжірибесін талдай отырып, мақал-мәтелдер құрамындағы сөздердің заттық бейнелі мағынасын беруге болатын мысалдарды дәлел ретінде ұсынады. Мұндай жағдайда мақал-мәтелдегі әрбір сөздің лексикалық мағынасы жеткізіліп, оның үстіне ауыспалы мағынасы мен синтаксистік құрылысына дейін беруге болады екен.

А.В.Федоровтың ұсынатын екінші тәсілі — мақал-мәтелдер құрамындағы кейбір сөздер бөлігінің заттық мағынасын өзгертіңкіреп беру.

Үшінші тәсіл — аударылатын тілде бұрыннан бар мақал-мәтелдерді, жалпы фразеологиялық тіркестерді балама ретінде пайдалану. Мұндай тәсілмен ешқандай ұлттық өзгешелік, реалий жоқ мақал-мәтелдерді ғана беруге болады.

Осыған ұқсас пікірді біз 1969 жылы Москвада басылып шыққан Т.Р.Левицкая мен А.М.Фитерманның кітабынан[59] да табамыз. Бұл кітап аударманың теориялық және практикалық мәселелерін сөз етеді. Еңбектің теориялық бөлігі үш түрлі мәселені үш тарауға бөліп қарастырған. I тарауда аударманың жалпы проблемалары: дәлме-дәлдік, әріпқойлық және адекватты аударма деген терминдердің мағынасы баяндалады. Соларға ғылыми тұрғыдан анықтама беріледі. II тарауда ағылшын және орыс тілі құрылысының ерекшелігіне байланысты байқалатын аударманың негізгі грамматикалық және лексикограмматикалық проблемалары талданады. Ал III тарауда аударманың лексикалық және лексика-стилистикалық мәселелеріне анализ жасалады. Біздің көбірек көңіл бөлген бөліміміз осы үшінші тарау.

Мұнда авторлар фразеологиялық единицалардың барлық түрлерін, атап айтқанда, фразеологиялық тізбектерді (единства), оның ішінде, әсіресе, мақал-мәтелдерді және фразеологиялық тіркестерді (құрамындағы кейбір сөздерді алмастыруға көнбіс) түгел қарастырады. Бұлардың бәрі де аударма үшін аса күрделі мәні бар мәселелер.

---

[59] Теория и практика перевода с английского языка на русский. М., 1969.

Осы сөз болып отырған фразеологиялық единицалардың түрлерін аударудың жолы автордың көрсетуінше мына төмендегідей:

Фразеологиялық түйдектер (тұтастықтар), басқаша айтқанда, компоненттердің о бастағы негізгі лексикалық мағынасынан туындамайтын, жеке бір ғана сөзге тең мағынаны білдіретін идиомаларды дұрыс түсініп, олардың мағынасын беру қажет. Бұлардың көбінесе ұлттық өңі болатындықтан, басқа тілдерде дәлме-дәл баламасы кез келе бермейді. Идиомаларды сөзбе-сөз аударуға болмайды. Қателік осыдан туады. Идиоманы аудару жайында авторлардың пікірлері осы тектес.

Фразеологиялық тізбектер, оның ішінде, мақал-мәтелдерді аударудың мынадай үш жолы көрсетілген: Бірінші жол — мағынасы да, түрі де, яғни бейнесі саймасай келетін мақал-мәтелдер. Екінші жол бойынша тек мағынасы сақталып, соның негізінде жататын бейнесі, түрі жеткізілмей қалады. Үшінші жол бойынша мақал-мәтелдердің екінші тілде баламасы болмаған күнде сипаттамалы аударма жасалады, немесе аудармашы өз тарапынан мәтел жасау арқылы жеткізеді. Авторлар ұлттық қасиеті айқын көрініп тұрған мақал-мәтелдерді түпнұсқадағы мақал-мәтелдерге мағынасы жағынан қаншама дәл келсе де пайдаланудан бас тартады. Бұл түсінікті нәрсе.

Мұнда фразеологиялық тізбектердің ішінен зерттеушілер салыстырмалы қалыпта түзілген бейнелі фразеологиялық тізбектерді бөлек алып қарастырады да, оны да аударудың үш түрлі жолын ұсынады. Бірінші топқа жататындар — екі тілде де толық бейнелі сәйкестік болған жағдайда, екінші топқа — дәл сол мағынаны басқаша бейнелеуіш құралмен беру, ал үшінші топқа — орыс тілінде жоқ теңеулермен беру жатады.

Ал фразеологиялық тіркестерді (сочетания) аудару онша қиынға соқпайды, авторлардың дәлелдеуінше шынында да солай. Бұлардың құрамындағы кейбір сөздерді алмастыруға болатын еркіндікті байқаймыз. Авторлар бұл топқа — қанатты сөздерді, сілтемелерді де жатқызады. Мұнда байқалатын бір нәрсе авторлар ғылыми терминологияға жетік. Алып отырған объектіні сол терминдерге салып, соның аясында нақты әңгімелейді. Өзге ғалымдардай жалпы мәселемен шектелмейді. Сондықтан да пікірлері ғылыми дәйекті, дәлелді.

Фразеологиялық единицаларды аудару проблемасы қаншалықты күрделі мәселе екені жоғарыда келтірілген пікірлерден айқын аңғарылса керек. Егер бұларды аудару жайында XIX—XX ғасырлардағы орыс жазушылары мен кейбір ғалымдардың ойларын жалғастыра түссек, мыналарды анықтауға болады. Белгілі дәуірлердің, кезеңдердің талап-талғамына орай бұларды аударудың жолдарын әркилы түсінгенмен, фразеологизм проблемасын көркем аударманың қажетті саласы екенін мойындайды. Ол пікірлердің біразы мына типтес: "Каждый язык имеет свои обороты, свои условленные риторические фигуры, свои усвоенные выражения, которые не могут быть переведены на другой язык соответствующими словами"[60]; "...каждый язык имеет свои одному ему принадлежащие средства, особенности и свойства, до такой степени, что для того, чтобы передать верно иной образ или фразу, в переводе иногда их должно совершенно изменить"[61]. Бұл айтылған сөздерден де фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аудару қаншалықты қиын екені көрінеді. Әрине ол тұста фразеологизмдерді аударудың қиындығын жазушы, оқымыстылардың бәрі де білгенмен, оларды аударудың жолдары арнайы қарастырылмаған еді.

---

[60] А. С. Пушкин. Полное собрание сочинений,·т. XII, М., 1949, стр. 43—144.
[61] В. Г. Белинский. Полное собрание сочинений, т.II. М., 1953, стр. 429.

Ал бертінірек келген сайын бұл мәселе төңірегіндегі ойлардың даму өрісін байқаймыз. Енді ғалымдар фразеологизмдерді аударудың мүмкін еместігін айтып қарап отырмай, зерттеумен шұғылдана бастайды. "...Аудармашылар үшін ең қиыны — мағыналары құрамындағы компоненттерден шықпайтын идиомалық тіркестерді дұрыс беру"[62]. Келесі бір автордың зерттеуінен мынадай пікірді оқимыз... "Қиындықтың бір парасы тілдің идиомалық табиғатында"[63]. Осы автор басқа бір мақаласында бұл пікірін дамыта түседі. Онда ол "аударылмастықтың" сырын "идиомалылықтан" көріп қарап тұрмай, оны екінші тілге берудің амалын іздестіреді. Нақты ұсыныс жасайды. "Автордың стилін дұрыс жеткізу үшін лексика-фразеологиялық құралдарды іріктеп алған жөн"[64].

Белгілі бір шығарма авторының өзіне тән стилін және сол шығармада пайдаланған стильдік тәсілдердің адекват аудармасын беру үшін лексика-фразеологиялық құралдарды іріктеудің мәні айырықша, Рецкер осыны айқын түсініп отыр.

Бұларды дұрыс аударудың жазушының жеке өзіне ғана тән стилін және ұлттық өзгешелігін беруге айырықша қатысы барын В.Д.Андреев те айтады: "Лексика мен фразеологияны аудару мәселесі — автордың өзіне тән стилін және оның ұлттық ерекшелігін беру жолдарының қаншалықты күрделі екенін дәлелдей түседі"[65].

Белгілі тіл білімпазы Л.С.Бархударов та фразеологияны, идиоматиканы аударма теориясының проблемалық мәселелері ретінде бағалайды. Ол өзінің аударма теориясының жалпы лингвистикалық мәселелерін талдаған зерттеуінде мынадай пікір айтады: "В лексикологии данные теории перевода могут дать ценный материал при исследовании таких проблем, как общая и частная семасиология... проблемы фразеологии, идиоматики, синонимики и пр."[66].

Демек, бұл салада жүргізілген зерттеулердің қайсысына зер салсақ та, автор стилін беруде фразеология мен идиоматиканың рөлі ерекше екенін көреміз.

Фразеологизмдерді аудару проблемасын көршілес отырған туыс республикалар ғұламалары да зерттеуде. Жоғарыда ескерткеніміздей бұл жөнінде әзірбайжан, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз ғалымдары зерттеулерінің еңбектерімен танысуға болады. Бұл еңбектерге сілтеме жасалған.

Сонымен фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аудару мәселесін ғалымдардың әрқилы түсінетіні байқалып отыр. Жалпы бұлардың аударылу қажеттігі жөніне келгенде пікірлері бір жерден шығып жатқанмен, оның түрлерін ажыратып, қайсысын қалай аудару керек деген мәселеде бірінен-бірі алшақтау пікір ұстанатын ғалымдарды көрдік. "Аударылғыштық" немесе "аударылмайтындық" мәселесіне келгенде зерттеушілер фразеологизмдерді екіге бөліп қарайды. Бірінші — идиомалар, яғни лингвистикалық терминологияда фразеологиялық түйдектер (тұтастықтар) деп аталып жүргендер. Екінші — фразеологиялық единицаның басқа барлық түрі, яғни мақал-мәтелдер мен

---

[62] Л. Бинович. О многозначности идиом// "Иностранный язык в школе", 1952, №5, стр. 29.

[63] Я. И. Рецкер. О градации трудностей в курсе перевода на родной язык// "Уч. записки военного института иностранных языков", 1948, № 6, стр. 38.

[64] "Задача сопоставительного анализа переводов" (ТКП, 45).

[65] В. Д. Андреев. Некоторые вопросы перевода на русский язык болгарской художественной литературы (ТКП, 143).

[66] Л. С. Бархударов. Общелингвистическое значение теории перевода (ТКП, 13).

фразеологиялық тіркестер т. б. Фразеологиялық единицалардың бұл екі тобының аудармасын қарастыратын пікірлерді жеке-жеке талдап көрелік.

Бірінші сала — идиомалар жөнінде қарама-қайшы екі пікір бар. Ғалымдардың бірсыпырасы бұларды аудару мүмкін емес деп есептейді. Өйткені бұлардың көбі ұлттық ерекшелікке тән қасиетке ие, аударар болсақ колориті жоғалады дейді. Аударуға кедергі болатын ең басты нәрсе идиома құрамындағы сөздер мағынасының дерексізденіп, жоғалып кетуі. Ал зерттеушілердің енді бір тобы идиомаларды аудару өте қажет және оларды аударуға әбден болады деп есептейді. Әрине аудару тәсілдеріне келгенде бұл ғалымдардың бір-бірінен басқашалау пікір ұстанатындары да бар. Дегенмен, негізгі мәселені дұрыс шешуге тырысады. Бұлар аудару қажет дегенде құрғақ сөзбен тынбай, аударма тәжірибесінен нақты мысалдар келтіріп дәлелдейді. Сонда олардың ұстанып отырған басты дәлелі идиомалардың берер негізгі мағынасы. Яғни идиомаларды жасап отырған компоненттердің жеке сөзге синоним болып келетін мағынасы. Соны беруге әбден болады дейді. Ал қайсыбір ғалымдар сол мағынаны идиома құрамындағы барлық сөздерді аудару арқылы да жеткізуге болатынын айтады. Ендеше кейде идиомалардың мазмұнын да, формасын да тіпті грамматикалық құрылысын да беруге болатын сәттер кездеседі екен.

Бұл жөнінде біз соңғы топтағы ғалымдар пікірін қолдаймыз. Өйткені жылдар бойы жинақталып келе жатқан аударма тәжірибесін сарапқа салып қарасақ, белгілі бір халықтың тілінде өрнектелген қандай ойды болса да екінші тілге аударуға болады деп есептейміз. Маркстік ілімнің тұрғысынан қарағанда да бұл диалектикалық заңдылыққа саятын логикалық шешім.

Шындығында идиомаларды сөзбе-сөз аударуға болмайды, өйткені оның құрамындағы сөздердің бәрі де бастапқы мағынасынан айрылған, сол себепті аударсаңыз мағынасыз бірдеңе болып шығады дейтіндерге зер салыңызшы. Бәрі дұрыс. Сонда қалай, біздің мақсатымыз идиомалардың құрамындағы әрбір жеке сөздің жоғалған мағынасын іздеу ме, жоқ әлде құрамындағы сөздердің біріне-бірі кірігіп, бір-ақ нәрсені меңзеп тұрғанын беру ме? Екінші тілге аударылмай, сол түпнұсқа тілдегі қалпының өзін қадағалап көрелікші. Біз олардың құрамындағы сөздердің бастапқы мағынасын іздеп әуре болмаймыз. Бізге керегі сол идиома сөздерінің бәрі бірігіп берер бейнелі, астарлы мағынасы. Жалпы мынаны дұрыс түсінген жөн: идиомалар түріне, құрылысына қарағанда тіркес те, берер мағынасына қарағанда олар жеке сөзге тең, синоним типтес. Аудармашы осыны естен шығармауы тиіс. Ендеше ең алдымен бұлардың екінші тілдегі эквивалентін іздеу — өнімді тәсіл болмақ. Сонымен бірге калька жолымен келіп, қазір қалыптасып кеткен талай мысалды жоғарыда келтірдік. Тағы бір ескеретін нәрсе идиомдар компоненттерінің бастапқы мағынасы мүлде жоғалған деп кесіп айту ретсіз сияқты. Идиомалар өзінің құрамындағы сөздердің о бастағы лексикалық мағынасынан жасалмағанда қайдан шықпақ. Мағынасыз нәрседен мағыналы нәрсе қалай тумақ. Идиома дегеніңіздің қазіргі мағынасы оның құрамындағы сөздердің о бастағы мағынасынан туындап жатады. Ол сөздер заманнан заман өтіп, ғасырларды аттаған соң біртіндеп астарлы, бейнелі күйге түсе бастайды. Халық даналығы, ойлау қабілеті тіліміздегі сан алуан сөздерге бейнелі пішін беріп, белгілі бір ұғымды көркем көрсету үшін мағыналық топтар құрады. Жалғыз сөздің білдірер мағынасын бірнеше сөзбен астарлап, көркем етіп көрсету, тілімізді көрікті, көсем, әрі шешен қалыпқа түсіреді. Сондықтан бұлардың аудармасын зерттегенде ең алдымен, оның құрамындағы сөздердің табиғатына зер салып, содан соң оның астарлы мағынасын беруге тырысу қажет. Бұларды екінші тілге аударуға әбден болады және аудару

аса қажет. Әйтпесе белгілі бір халықтың рухани қазынасынан құр алақан қаламыз. Бұларды аудару арқылы өз халқының тілдік қазынасын ақтарып, қабілетін танытуға да мүмкіндік туады. Көптеген аудармашылардың аудару тәжірибесі мен зерттеуші ғалымдардың пайымдаулары осындай ой түюге итермелейді.

Ал фразеологиялық единицаның түріне жататын мақал-мәтелдер жөнінде және компоненттер негізгі лексикалық мағыналарын жоғалтпаған фразеологиялық тіркестер туралы мәселе идиомдардан басқашарақ. Бұлардың аудармасын әңгімелеуде көптеген ғалымдар пікірі бір жерден шығып жатады. Орыс, украин, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, қарақалпақ, татар, башқұрт, осетин тілдеріндегі зерттеулерді саралап шыққанда, мақал-мәтелдерді екінші тілге аударудың мынадай үш түрлі тәсілі қалыптаса бастағаны байқалады.

Мұнда алдымен ескеретін нәрсе мынау. Осы мақал-мәтелді пайдаланып отырған халықтың өзіне ғана тән ерекшеліктері болады. Күнделікті тұрмыстың әрқилы іс-әрекеттері, әдет-ғұрып, салт-санасы айрықша сөз орамдарымен өрнектелген ұлттық мақал-мәтелдер бар. Бұларды аударудың табиғаты идиомдарды берудің жолдарымен "ұқсас". Ол қандай жолдар екені жоғарыда көрсетілген. Бәрін жинақтап, нақты объектіге орай байланыстыра айтар болсақ, орыс тіліндегі мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аударудың мынадай жолдары көріне бастағанын байқаймыз. Бұл жолдарды аудармашылардың біз айтқан күйде сақтауы да, сақтамауы да мүмкін. Нақты мәселеге келгенде түпнұсқа мүмкіндіктеріне орай олай да, бұлай да ауытқулар бола береді. Алайда ол ауытқулардың бәрі де біз көрсеткелі отырған тәсілдер шеңберінде болатын құбылыс. Сонымен мақал-мәтелдерді қазақ тілінде берудің тәсілдерін мынадай үш топқа бөліп қарауға болатын сияқты.

Бірінші тәсіл. Бұл тәсіл бойынша мақал-мәтелдер құрамындағы сөздердің заттық және бейнелі мағынасына қоса олардың құрылыс пішінін, астарлы мәнін де толық сақтап аудару мүмкін екенін көреміз. Егер мұны кеңейтіңкіреп айтсақ былай болып шығар еді. Мақалдың мазмұны мен формасын түгел сақтауға әбден болады. Аударма мақалдарды және өзіміз тәжірибе ретінде аударып байқаған мысалдарды қадағалап қарағанымызда бірсыпыра жайлар анықталады. Бұл тәсілмен көптеген мақал-мәтелдер аударылған екен. Зерттеп байқағанда әлі жүздеген мақал-мәтелдерді осы тәсілге салып аударуға болатыны белгілі болды. Бұдан екі тіл заңдылықтарының ешбіріне зиян келмейтіні де дәлелденді. Қайсыбіреулері алғашқыда тосындау көрінгенмен, бара-бара қазақ тілінің қалыпты күйіне түсті. Мына мысалдар осы айтылған пікірімізді дәлелдей алады деп ойлаймыз: жақсы даудан, жаман бітім артық *(худой мир лучше доброй ссоры);* балықшы балықшыны алыстан көреді *(рыбак рыбака видит издалека);* аңшы алдынан аң жортар *(на ловца и зверь бежит);* тәтті өтіріктен, ащы шындық жақсы *(лучше горькая правда, чем сладкая ложь);* қасқыр да тоқ, қой да аман *(и волки сыты, и овцы целы);* қасқырдан қорыққан тоғай араламас *(волков бояться — в лес не ходить)* т. б.

Екінші тәсіл. Мұнда мақал-мәтелдің мағынасы сай келгенмен, бейнелеу тәсілі сай келмейді. Яғни мақалда айтылатын ой, мазмұн бір бейнелі сөздермен беріледі. Былайша айтқанда, бұл жағдайда мақал-мәтелдердің мазмұны сақталады да, формасына өзгеріс енгізіледі. Өйткені олардың құрамындағы кейбір компоненттердің заттық мағынасын аздап өзгертуге тура келеді. Сол себепті бұлар — аударма тілде бұрын бар, ежелден қалыптасқан мақал-мәтелдерден басқашалау болып шығуы ықтимал. Бірақ ұқсастығы болады. Мысалы, "әлдекайдан жаңғырық, білмей қалды аңырып" *(слышал звон, да не знает, где он);* "қорқынышты түс болса да, рақымшыл құдай бар" *(страшен сон, да милостив бог);* "орманға кірген сайын, отынға



Елбасы Н. Ә. Назарбаев лингвистикалық комиссия мүшелерінің ортасында. 2005 ж.

аса қажет. Әйтпесе белгілі бір халықтың рухани қазынасынан құр алақан қаламыз. Бұларды аудару арқылы өз халқының тілдік қазынасын ақтарып, қабілетін танытуға да мүмкіндік туады. Көптеген аудармашылардың аудару тәжірибесі мен зерттеуші ғалымдардың пайымдаулары осындай ой түюге итермелейді.

Ал фразеологиялық единицаның түріне жататын мақал-мәтелдер жөнінде және компоненттер негізгі лексикалық мағыналарын жоғалтпаған фразеологиялық тіркестер туралы мәселе идиомдардан басқашарақ. Бұлардың аудармасын әңгімелеуде көптеген ғалымдар пікірі бір жерден шығып жатады. Орыс, украин, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, қарақалпақ, татар, башқұрт, осетин тілдеріндегі зерттеулерді саралап шыққанда, мақал-мәтелдерді екінші тілге аударудың мынадай үш түрлі тәсілі қалыптаса бастағаны байқалады.

Мұнда алдымен ескеретін нәрсе мынау. Осы мақал-мәтелді пайдаланып отырған халықтың өзіне ғана тән ерекшеліктері болады. Күнделікті тұрмыстың әрқилы іс-әрекеттері, әдет-ғұрып, салт-санасы айрықша сөз орамдарымен өрнектелген ұлттық мақал-мәтелдер бар. Бұларды аударудың табиғаты идиомдарды берудің жолдарымен "ұқсас". Ол қандай жолдар екені жоғарыда көрсетілген. Бәрін жинақтап, нақты объектіге орай байланыстыра айтар болсақ, орыс тіліндегі мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аударудың мынадай жолдары көріне бастағанын байқаймыз. Бұл жолдарды аудармашылардың біз айтқан күйде сақтауы да, сақтамауы да мүмкін. Нақты мәселеге келгенде түпнұсқа мүмкіндіктеріне орай олай да, бұлай да ауытқулар бола береді. Алайда ол ауытқулардың бәрі де біз көрсеткелі отырған тәсілдер шеңберінде болатын құбылыс. Сонымен мақал-мәтелдерді қазақ тілінде берудің тәсілдерін мынадай үш топқа бөліп қарауға болатын сияқты.

Бірінші тәсіл. Бұл тәсіл бойынша мақал-мәтелдер құрамындағы сөздердің заттық және бейнелі мағынасына қоса олардың құрылыс пішінін, астарлы мәнін де толық сақтап аудару мүмкін екенін көреміз. Егер мұны кеңейтіңкіреп айтсақ былай болып шығар еді. Мақалдың мазмұны мен формасын түгел сақтауға әбден болады. Аударма мақалдарды және өзіміз тәжірибе ретінде аударып байқаған мысалдарды қадағалап қарағанымызда бірсыпыра жайлар анықталады. Бұл тәсілмен көптеген мақал-мәтелдер аударылған екен. Зерттеп байқағанда әлі жүздеген мақал-мәтелдерді осы тәсілге салып аударуға болатыны белгілі болды. Бұдан екі тіл заңдылықтарының ешбіріне зиян келмейтіні де дәлелденді. Қайсыбіреулері алғашқыда тосындау көрінгенмен, бара-бара қазақ тілінің қалыпты күйіне түсті. Мына мысалдар осы айтылған пікірімізді дәлелдей алады деп ойлаймыз: жақсы даудан, жаман бітім артық *(худой мир лучше доброй ссоры);* балықшы балықшыны алыстан көреді *(рыбак рыбака видит издалека);* аңшы алдынан аң жортар *(на ловца и зверь бежит);* тәтті өтіріктен, ащы шындық жақсы *(лучше горькая правда, чем сладкая ложь);* қасқыр да тоқ, қой да аман *(и волки сыты, и овцы целы);* қасқырдан қорыққан тоғай араламас *(волков бояться — в лес не ходить)* т. б.

Екінші тәсіл. Мұнда мақал-мәтелдің мағынасы сай келгенмен, бейнелеу тәсілі сай келмейді. Яғни мақалда айтылатын ой, мазмұн бір бейнелі сөздермен беріледі. Былайша айтқанда, бұл жағдайда мақал-мәтелдердің мазмұны сақталады да, формасына өзгеріс енгізіледі. Өйткені олардың құрамындағы кейбір компоненттердің заттық мағынасын аздап өзгертуге тура келеді. Сол себепті бұлар — аударма тілде бұрын бар, ежелден қалыптасқан мақал-мәтелдерден басқашалау болып шығуы ықтимал. Бірақ ұқсастығы болады. Мысалы, "әлдекайдан жаңғырық, білмей қалды аңырып" *(слышал звон, да не знает, где он);* "қорқынышты түс болса да, рақымшыл құдай бар" *(страшен сон, да милостив бог);* "орманға кірген сайын, отынға



Елбасы Н. Ә. Назарбаев лингвистикалық комиссия мүшелерінің ортасында. 2005 ж.



Ұлылар демеуінде.
2006 ж.

Н. Ә. Назарбаев лингвистикалық комиссияға келді.
Астана,
2005 ж.





Лингвистикалық комиссия мүшелері. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы О. Жұмабековпен бірге.



Конгрестен соң сенатормен кездесу. Вашингтон, 2001 ж. шілде



Еренгайып Омаров,
Өмірзақ Айтбаев.
2006 ж.



Қажылық сапар: Өмірзақ пен Серік. Мекке. 1998 ж.



Тілдің жайы толғандырады.
1997 ж.



"Қайнар" университеті профессорлары





Ата, әжемен бірге болған қандай рахат! Немересі Шыңғыс. 2004 ж.



Қызы Ләзиза, немересі Индира және Гүлзәмира. 1996 ж.



Немеренің тәттісі-ай! Немерелері Әйгерім, Жәңгірхан. 2002 ж.



Ләзизаның тойында: М. Әлиев, С. Қасқабасов, Ә. Егізов, Үміт пен Өмірзақ.

Ер қанаты – аргымақ.
Алматы, 2000 ж.





Жердің кіндігі
Жидебайда,
2002 ж.



Жұптасқан өмірдің бір сәті.
2002 ж.



Шыңғыс атасымен.
1996 ж.



Үміт,
Индира және Әйгерім
атты немерелерімен.
2005 ж.



Тұңғыш немерем
Индирамен бірге.
2004 ж.



Тіл мен мәдениеттің жүгі ауыр.

Ғылыми конференция мінберінде. 1997 ж.





Өмекең өз кітапханасында. 1996 ж.



Жаңа жыл кешінде. 2006 ж.



С. Демирелмен кездесу. Анкара, 1998 ж.

Ақтөбе облысының әкімі Е. Сағындықовқа "Ана тілі" белгісін тапсыру кезі. 2002 ж.





Жезқазған өлкесінің тіл сардарлары.



Марқасқа қазақ
Мақаметсалының
(Үміттің ағасы)
70 жылдығында.



Академик Мұхтар Әлиев ағасының
70 жылдық мерейтойында.
2003 ж.



Туыстар ортасында.
Шымкент,
2006 ж.



Ағайын арасында.
Шымкент,
2006 ж.



“Қайнар” университетіндегі кездесу:
Қ. Мырзалиев, Ш. Сарыбаев, Ө. Айтбаев.
2000 ж.



Ғылыми конференциядан соң,
“Алатау” санаториясының
алдында.
2006 ж.



Европа қазақтарының құрылтайынан кейін. Берлин, 2004 ж.



Анкарадағы Абай ескерткіші алдында: Ә. Қайдар, Б. Тұрсынбаев, Ө. Айтбаев және түркиялық қазақ Мансұр Тәйжі. 1998 ж., қыркүйек.



Европаның қақ ортасында: Ө. Айтбаев, Ғ. Әнес, Т. Мамашев. 2005 ж.

А. Байтұрсынұлы музей-үйінің алдында: Б. Әбілқасымов, Ө. Айтбаев, Ә. Қайдар. 2003 ж.






"Қазақ тілі" қоғамы ауылда



Көкпар ойынын тамашалау сәті. 2000 ж.



Ұлы дала төсіндегі серуен: Телгожа мен Өмірзақ. Семей даласы, 2003 ж.



Табиғи ескерткіш жанындағы бір сәт: Сапарғали, Өмірзақ, Телгожа.

С. Торыайғыров ескерткіші басында. 2003 ж.






О, шіркін, қазақтың ұлы даласы-ай!



Достар. Жасыбай көлінің жағасы. 2003 ж.



Жалындаган жастық шақ. 1970 ж.

молығасың" *(чем дальше в лес, тем больше дров);* "шындық әркашанда жеңеді" *(правда всегда берет вверх);* "өткелін білмей, су кешпе" *(не спросясь броду, не суйся в воду);* "ауыр жүкке жегілме, жегілсең — егілме" *(взялся за гуж — не говори, что не дюж)* т. б. толып жатқан осы тектес аудармалардан мысал тізуге болады. Қарап отырсаңыз бұл тәсілмен берілген мақал-мәтелдер де тіліміздің байлығын молайтып, икемділігін арттыратынын көреміз. Мұндағы өзгерістердің көбі аса көзге түсе қоймайды. Түпнұсқа компоненттерінің қайсібірі аударылмаған. Бірақ олардың айтпақ, білдірмек ойы басқа бейнелі сөзбен жеткізілген. Кейбір сөздер ғана қалыпты қолданыстан шығып, жаңа үйірге қосылғандықтан, кейде ретсіздеу көрінуі де мүмкін. Алайда бұл үрке қараудың әсері. Тілдің негізгі функциясы қатынас құралы екенін ұмытпасақ, ондай-ондай жаңа қолданыс, жаңа өріссіз әдеби тіліміздің аясы кеңи алмайтыны мәлім. Ендеше тіл мәдениеті, оның баюы, дамуы дегендеріңізге осы екінші тәсіл әсері ерекше. Басқаша формадағы жаңа мақал-мәтелдердің тосындау көрінуі осындай себептерден. Жаңа нәрсенің қалыпты ұғымға түсуі, сыюы қашан да қиын. Олай болса аудармашының шеберлігі деген мәселені де осы тұстан басымырақ іздестірген жөн. Өйткені орыс тілінде ерекше сөздер тобымен бейнеленген мағынаны, екінші тілдегі басқаша бейнелі ұғым арқылы беру жеңіл нәрсе емес. Бұл жерде аудармашыға қос тілдің бүге-шігесін біліп қана қою аз, сол тілдердегі сөз байлығының ішкі мүмкіндіктерін, дамымалы-үдемелі қасиетін, әр сөздің әлі аршылмаған бұқпантайлы мінезін мейлінше сезімталдықпен мүлтіксіз ұғатындай қабілет керек. Мұндай қабілетті талант немесе дарын деп те айтуға болар еді. Себебі әрбір істің, әрбір маманның өзіне лайықты, өзіне жарасымды таланты болмақ. Сөйтіп мақал-мәтелдерді аударудың бұл екінші тәсілі аударма ісінде маңызды құбылыстың бірі деп айтуға болады.

Үшінші тәсіл. Орыс мақал-мәтелдерінің көбінің қазақ тіліндегі баламасын табуға болады. Яғни тіршілік, дүние, болмыс, табиғат жайындағы ортақ түсінікке орай және күнделікті тұрмыстық әдет-ғұрып, салт-сананың ұқсастығына сай бірінен-бірін ажыратып алғысыз егіздің сыңарындай мақал-мәтелдерді қай халықтан да көптеп кездестіруге болатыны айқын. Осындай балама мақалдар бар болса, түпнұсқаны аударып жатудың қажеті жоқ. Бұл тәсілге салынатын мақал-мәтелдердің мағынасы мен құрылысында "мен мұндалап" тұрған ұлттық ерекшелік болмауға тиіс.

Бүкілхалықтық, яғни азаматтық ұғымды сыйымды, барлық елге ортақ мақал-мәтелдерде ғана осындай сәйкестіктер бар. Үшінші тәсілдің тағы бір ұтымды жағы сол, мұнда түпнұсқаның фразеологиялық ажары сақталады. Ал аударылуға душар болған фразеологизмнің қайсыбірінде, қанша дегенмен осы жағынан ақаулар байқалып қалатыны сөзсіз. Яғни көптеген мақал-мәтелдерді дәл аударғанда ауызекі сөйлеу тіліне тән тірілігінен және афористік бояуынан, астарлы мағынасынан айрылып қалатынын байқап жүрміз. Тағы да қайталап айтамыз эквивалент болып келген мақал-мәтелдерде осы көрсетілген қасиеттің бәрі дерлік жеткізіледі.

Жалпы көрші туыс халықтардың тәжірибесінде де бұл ең сенімді тәсіл ретінде бой көрсетеді. Бұл сәйкестіктің мынадай екі түрі байқалады. Бірі: "достың достығы басыңа іс түскенде танылар" — *друзья познаются в беде;* "не ексең — соны орарсың" — *что посеешь, то и пожнешь;* "жаман әдет жұққыш келеді" — *дурной пример заразителен;* "суға кеткен тал қармайды" — *утопающий хватается за соломинку;* "асыққан қалар ұятқа" — *поспешишь людей насмешишь* т. б. мысалдарға қарасаңыз, бұл мақалдар мағынасы жағынан да, түрі жағынан да біріне-бірі саймасай келіп тұр. Ал мына мысалдардан жартылай сәйкестерді байқаймыз: "қызым, саған айтам, келінім сен тында" — *кошку бьют, невестке наветки дают;* "жапалақты



Жалындаган жастық шақ. 1970 ж.

молығасың" *(чем дальше в лес, тем больше дров);* "шындық әрқашанда жеңеді" *(правда всегда берет вверх);* "өткелін білмей, су кешпе" *(не спросясь броду, не суйся в воду);* "ауыр жүкке жегілме, жегілсең — егілме" *(взялся за гуж — не говори, что не дюж)* т. б. толып жатқан осы тектес аудармалардан мысал тізуге болады. Қарап отырсаңыз бұл тәсілмен берілген мақал-мәтелдер де тіліміздің байлығын молайтып, икемділігін арттыратынын көреміз. Мұндағы өзгерістердің көбі аса көзге түсе қоймайды. Түпнұсқа компоненттерінің қайсібірі аударылмаған. Бірақ олардың айтпақ, білдірмек ойы басқа бейнелі сөзбен жеткізілген. Кейбір сөздер ғана қалыпты қолданыстан шығып, жаңа үйірге қосылғандықтан, кейде ретсіздеу көрінуі де мүмкін. Алайда бұл үрке қараудың әсері. Тілдің негізгі функциясы қатынас құралы екенін ұмытпасақ, ондай-ондай жаңа қолданыс, жаңа өріссіз әдеби тіліміздің аясы кеңи алмайтыны мәлім. Ендеше тіл мәдениеті, оның баюы, дамуы дегендеріңізге осы екінші тәсіл әсері ерекше. Басқаша формадағы жаңа мақал-мәтелдердің тосындау көрінуі осындай себептерден. Жаңа нәрсенің қалыпты ұғымға түсуі, сыюы қашан да қиын. Олай болса аудармашының шеберлігі деген мәселені де осы тұстан басымырақ іздестірген жөн. Өйткені орыс тілінде ерекше сөздер тобымен бейнеленген мағынаны, екінші тілдегі басқаша бейнелі ұғым арқылы беру жеңіл нәрсе емес. Бұл жерде аудармашыға қос тілдің бүгешігесін біліп қана қою аз, сол тілдердегі сөз байлығының ішкі мүмкіндіктерін, дамымалы-үдемелі қасиетін, әр сөздің әлі аршылмаған бұқпантайлы мінезін мейлінше сезімталдықпен мүлтіксіз ұғатындай қабілет керек. Мұндай қабілетті талант немесе дарын деп те айтуға болар еді. Себебі әрбір істің, әрбір маманның өзіне лайықты, өзіне жарасымды таланты болмақ. Сөйтіп мақал-мәтелдерді аударудың бұл екінші тәсілі аударма ісінде маңызды құбылыстың бірі деп айтуға болады.

Үшінші тәсіл. Орыс мақал-мәтелдерінің көбінің қазақ тіліндегі баламасын табуға болады. Яғни тіршілік, дүние, болмыс, табиғат жайындағы ортақ түсінікке орай және күнделікті тұрмыстық әдет-ғұрып, салт-сананың ұқсастығына сай бірінен-бірін ажыратып алғысыз егіздің сыңарындай мақал-мәтелдерді қай халықтан да көптеп кездестіруге болатыны айқын. Осындай балама мақалдар бар болса, түпнұсқаны аударып жатудың қажеті жоқ. Бұл тәсілге салынатын мақал-мәтелдердің мағынасы мен құрылысында "мен мұндалап" тұрған ұлттық ерекшелік болмауға тиіс.

Бүкілхалықтық, яғни азаматтық ұғымды сыйымды, барлық елге ортақ мақал-мәтелдерде ғана осындай сәйкестіктер бар. Үшінші тәсілдің тағы бір ұтымды жағы сол, мұнда түпнұсқаның фразеологиялық ажары сақталады. Ал аударылуға душар болған фразеологизмнің қайсыбірінде, қанша дегенмен осы жағынан ақаулар байқалып қалатыны сөзсіз. Яғни көптеген мақал-мәтелдерді дәл аударғанда ауызекі сөйлеу тіліне тән тірілігінен және афористік бояуынан, астарлы мағынасынан айрылып қалатынын байқап жүрміз. Тағы да қайталап айтамыз эквивалент болып келген мақал-мәтелдерде осы көрсетілген қасиеттің бәрі дерлік жеткізіледі.

Жалпы көрші туыс халықтардың тәжірибесінде де бұл ең сенімді тәсіл ретінде бой көрсетеді. Бұл сәйкестіктің мынадай екі түрі байқалады. Бірі: "достың достығы басыңа іс түскенде танылар" — *друзья познаются в беде;* "не ексең — соны орарсың" — *что посеешь, то и пожнешь;* "жаман әдет жұққыш келеді" — *дурной пример заразителен;* "суға кеткен тал қармайды" — *утопающий хватается за соломинку;* "асыққан қалар ұятқа" — *поспешишь людей насмешишь* т. б. мысалдарға қарасаңыз, бұл мақалдар мағынасы жағынан да, түрі жағынан да біріне-бірі саймасай келіп тұр. Ал мына мысалдардан жартылай сәйкестерді байқаймыз: "қызым, саған айтам, келінім сен тыңда" — *кошку бьют, невестке наветки дают;* "жапалақты

таспен ұрсаң да, тасты жапалақпен ұрсаң да жапалақ өледі" — *куда ни кинь — все клин* т. б. Бұларда мақалдардың мағынасы дәл сақталады.

Бұл сөз болып отырған үш тәсілдің үшеуінің де ұлттық өзгешелігі айқын көрініп тұрған мақал-мәтелдерге қатысы жоқ. Осы үш тәсілге жатпайтын фразеологизмдер бөлек қарауды тілейді. Олар белгілі бір ұлттың тек өзіне ғана тән ерекшеліктері бар, басқа тілге аударғанда бар қасиетін жоғалтуға бейім мақал-мәтелдер. Ең қиын, әрі күрделі мәселелердің бірі осы. Мұндай мақал-мәтелдерді аудару қажет пе, жоқ қажет емес пе дегенге кімнің қалай қарайтыны жоғарыда біраз талданды. Ұлттық өзгешелік дегеніңіздің өзі де бірыңғай бола бермейді. Оның әрқилы түрі бар. Бұлардың қатарына халықаралық, мифтік діни мағынада қалыптасқан фразеологизмдерді жатқызуға болады.

Біз мұндай мақал-мәтелдерді аудару қажет деп есептейміз. Бұл ойымызды біз төмендегідей жәйттермен дәлелдеуге тырысамыз. Біріншіден, аударма мәселесімен көптен айналысып, талай теориялық еңбек беріп келе жатқан айтулы ғалымдардың нақты тәжірибеден шығарған тұжырымдарына сүйенуге болады. Мәселен, Чуковский ұлттық ерекшелігі айқын көрініп тұрған фразеологизмдерді қалайда аудару қажет деп есептейді. Себебі оқырманға керегі сол өзгешелік, соның табиғаты, болмысы, онсыз түпнұсқаның негізгі қасиетінен құралақан қалдырамыз дейді. Әбден қосылуға болады. Ұлттық өзгешелікті берген талай мысал бар. Біздің зерттеп отырған саламызда да бұлардың әрқилы жолдары кездесетінін көрсетуге тырысамыз. Көркем шығармаларда қолданылған фразеологиялық единицалардың бәрі бірдей біз көрсеткен тәсілмен бұлжымай аударылған деп айтудан аулақпыз. Аударылған шығармалардан жиналған мысалдарды осы тәсілдерге салып көрейік. Әрине, кезінде аудармашылардың ешқайсысы да дәл осы тәсілдер бойынша аударайын деп отырмағаны белгілі. Олар ең алдымен қал-қадарынша оқырманға түсінікті болу жағын көздеген. Бұл бірінші шарт. Ал түсінікті ету үшін тілді білген жөн, білген емес-ау оның барлық элементтерін жұтып жіберіп, түпнұсқа аясында қалағанынша шарықтай алуы қажет.

ҮШІНШІ ТАРАУ

БЕЙНЕЛІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУДАРУДЫҢ КЕЙБІР АМАЛДАРЫ

Жоғарыда біз тұрақты тіркестердің түрлері және олардың зерттелуі жайында біраз деректерді бердік. Ептеп олардың сөйлеуімізде атқаратын қызметінің де біразын көрсеткендей болдық. Бұлардың зерттелуі мен классификациясына едәуір тоқталуымыздың себебі мынау: фразеологизмнің түрлерін, олардың өзара өзгешеліктерін жете ұқпай тұрақты тіркестерді аудару мәселесін сөз етудің мәні жоқ. Ендеше бұлардың көркем әдебиеттегі кейпін, сан алуан қызметін айқындау аударманың негізгі проблемаларының бірі.

Фразеологиялық единицалардың көркем әдебиетте қолданылу сапасын сол тұрақты сөз тіркестерінің әр түрінің өз қасиеттерінен бөліп қарауға болмайды. Ол қандай қасиеттер? Жалпы сөз өзара қатынас құралы есебінде негізінен екі түрлі қызмет атқарады: номинативті (сөздің атаулы қасиеті) және коммуникативті функцияда жұмсалады. Яғни сөздер, сөз тіркестері атаулы күйде және қатынас құралы есебінде жұмсалады. Атау түріндегі тіркестердің бәрі де номинативті — *үлкен үй, жақсы жазады, өте қатерлі* т. б. Бұлар заттың, қимылдың, құбылыстың атауы ретінде. Кейбір фразеологиялық тіркестер де осындай номинативті қызметке ие.

Коммуникативті қызмет атқаратын көбіне-көп сөйлемдер. Бұлар ойласу, бір нәрсе туралы біреуге хабар беру түріндегі тиянақты, түбірлі ойдың түйіскен түрі. Сөздердің бұлай өзгеруінде екі грамматикалық тірек (бастауыш пен баяндауыш), екі логикалық тірек (субъект және предикат) бар. Дәл осы сияқты тұрақты сөз тіркестері де коммуникативтік қызмет атқарады. Бірақ фразеологиялық единицалардың ерекшелігі осы екі түрлі қасиетпен шектелмейді.

Көркем әдебиет үшін бұлардың ең қажетті белгілері мынадай бірнеше қосымша қызметіне байланысты. Фразеологиялық единицалар өзінің табиғатында сөйлеуімізді образды бейнелі-айшықты етуге бейім. Қысқа, нақты, тұжырымды сөйлеуге баулиды. Сөйлеуіміздің эмоциональды-экспрессивті бояуы күшті болады. Және айтылған пікір өмірдің көптеген құбылыстарынан қорытылып жинақталған сөз тәрізді даналық сыпат алады. Осыған қоса сөзіміз терминологиялық дәлдікпен түсініледі. Сондай-ақ сөзімізді мағыналы, мәнді етуде фразеологизмдер көп жеңілдік жасайды.

Сөздің образды-бейнелі болуы дегенді қалай түсінеміз. Ауыспалы астарлы, метафоралы тіркестерді орнын тауып дәл қолдана білсе, сөйлеуіміз әдемі, әсерлі, образды болудың үстіне ұйқасты-ырғақты әуенге көшеді. Фразеологиялық единицалардың бәрі бірдей тілімізді дәл осындай әсерлі, бейнелі ете бермейді. Мұндай мәндегі тіркестер көбінесе метафоралы пішіндегі фразеологизмдер. Яғни құрамындағы бір, екі не барлық сөздері астарлы мағынада болып келетін тұрақты сөз тіркестері тілімізге бөлекше өң беріп, ажарландырып тұрады. Ал фразеологизмдердің ауыспалы, астарлы мағынасы болуы деген өмірдегі неше алуан заттар мен құбылыстарды және олардың өзара қатысы мен ерекшеліктерін соншама дәл, көпке түсінікті қарапайым формада, әрі әсем, көтеріңкі, көркем тілмен жеткізу деп түсіну қажет. Мысалы, "өте асығыс" дегенді *мұрнынан шаншылу,* "шапшаң, лезде" дегенді *қас пен көздің арасында* немесе *көзді ашып жұмғанша,* "момын" дегенді *қой аузынан шөп алмас* т. б. айтар едік. Метафоралы фразеологизмдер

заттарды өзгеше құлпыртып, әсем жасандыратыны сондай, тіпті әлгі заттың өзін көрмей-ақ қолмен ұстап, көзбен көріп тұрғандай боласыз. Міне, сондықтан да мұндай фразеологизмдерге жазушылардың қай-қайсысы болмасын мейлінше әуес. Метафоралы фразеологизмдерді "сөз арқылы пластикалық бейне жасаудың аса көрнекті құралы"[67] деп М. Горькийдің өзі де бекер айтпаған.

Образды-мәнерлі тұрақты тіркестердің ішінде мақал-мәтелдердің қызметі өзгеше. Акад. Ф. И. Буславтың мақал мен мәтелді кішігірім көркем шығарма[68] есебінде қарауы заңды. Шынында халық мақал-мәтелдері өмір шындығынан сығымдалып шыққан шағын шығарма.

Жазушылардың творчестволық ісінде метафоралы фразеологияның таптырмайтын тағы бір қасиеті — эмоциональды-экспрессивтік ажары. "Тіліңкесілгір", "Тіліңе шиқан шыққыр" десек, қатты реніштіашуды білдіреміз. "Мығым" деудің орнына *мұрнын балта кеспейді* десек, әлдеқайда әсерлі. Немесе, өрескел, епетейсіз қылықты — *түйе үстінен сирақ үйту* деп берсе, сол әрекетті айнықатесіз көз алдыңызға келтіресіз. Осы сияқты мысалдарды топтап келтіруге болады.

Жіктеп, саралап, салалап айтар болсақ, фразеологиялық единицалардың көркем әдебиеттегі рөлі сан алуан. Оның қилы-қилы қызметін М.Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің аударылу жайын талдау барысында айтылатын болғандықтан әзірге осымен тежелеміз.

Фразеологиялық орамдар жалпы барлық стильде қолданылады, бірақ әркилы ыңғайда қызмет атқарады. Ғылым және ресми-іс стилінде, жалпы әдеби, стильаралық тұрақты тіркестер атау күйінде (номинативті қызметте) жұмсалса, көркем әдебиетте, публицистикада, сөйлеу тілімізде ең алдымен фразеологизмдердің экспрессивті-стилистикалық жағына аса зор мән беріледі. Әсіресе күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде, кітаби тілде мол кездесетін фразеологизмдердің мәнерлі мүмкіндіктері қатты ескеріледі. Жоғарыдағы мысалдарға қараңыз.

Көркем әдебиет пен публицистикада фразеологиялық орамдарды қолданудың бірнеше жолы бар. Жазушылар, публицистер фразеологизмдерді сол күйінде ғана алып қоймай, белгілі мақсатқа орай оларды өзгертіп, құлпыртып та жібереді. Фразеологизмдердің семантикасын, құрылысын және экспрессивті-стилистикалық қасиетін жақсартып, жаңғыртып отыратын да тұстары бар. Жаңадан мағыналық реңк алып, бірнеше көркемдік қасиетке ие болады. Сөздердің байланысу қабілеті молаяды. Өйткені кейбір ғалымдарымыздың айтуына қарағанда, жазушылардың фразеологиялық творчествосы бұрыннан бірігіп тұрақтанған сөздердің үйреншікті қалпын жасаңғыратуында[69] болса керек.

Осы жаңарту, жаңғыртуда авторлық өрістер бірдей болмайды. Әркімнің творчестволық мүмкіндігі, білімі, шеберлігі әркалай болуына орай фразеологизмдерге енгізілетін жаңа бояулар, жарқын ажарлар да алуан-алуан болып келмек.

Тұрақты сөз тіркестеріне жататын мақал-мәтелдер де, идиомдар да, қанатты сөздер де стилистикалық мақсатта қолданылады. Бұлар барлық жанрда көрінеді. Өте икемді, қысқа орамдар көркем шығармаға өзі тіленіп "жұлынып" тұрады десе де болар еді. Мақал-мәтелдердің образдылық қуатын Н.В.Гогольдің мына бір сөзі айқын танытса керек: "В пословицах наших ... видна необыкновенная полнота народного ума, умевшего сделать все своим орудием: иронию, насмешку, наглядность, меткость, живописного изображения..."

[67] М. Горький. Статьи о литературной технике. М., 1934, стр. 37.
[68] Ф. И. Буслаев. Русская народная поэзия. т. I. М.,1961, стр. 124.
[69] А. И Ефимов. О языке художественных произведений. М., 1954, стр.193.

Көркем әдебиетте мақал-мәтелдер кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесін, психологиялық мінез-құлқын, сөйлеу мәнерін суреттеу үшін қолданылады. Бұларды түрлендіріп, аса шеберлікпен пайдалануда, орыстың ұлы жазушысы Александр Максимович Горькийдің тәжірибесі таптырмайтын үлгі. Мақал-мәтелдердің, идиомдардың және фразеологиялық единицалардың басқа түрлерінің көркем әдебиеттегі бейнелеу, суреттеу құрал ретіндегі қызметінің алуан-алуан сипатын, қасиетін М.Горький шығармаларынан айқын көруге болады. Халықтық нақыл сөздердің табиғатын мейлінше терең түсінген жазушы өзінің жазуды ең алдымен мақал-мәтелдерден үйренгенін ашық айтады. "Я очень много учился на пословицах — иначе: на мышлении афоризмами", — деп жазады М.Горький. Яғни "Мен мақалдардан көп өнеге алдым, басқаша айтқанда: нақыл сөздермен ой толғап үйрендім"[70].

Халық тарихын және оның әлеуметтік-саяси ой пікірін білу үшін, ең алдымен ертегілерге, аңыз-әңгімелерге, мақал-мәтелдерге айрықша назар аудару қажеттігін айтады. "Шынында да мақал-мәтелдер халық бұқарасының ой-өрісін өте айқын көрсетеді, сондықтан да жас жазушылардың осы материалмен танысуы аса пайдалы"[71]. М.Горькийдің мақал-мәтелдерге құмар болуының басты себебін мына айтқан пікірінен анық ұқсақ керек: "Пословцы и песни всегда кратки, а ума и чувства вложено в них на целые книги".

Сөйтіп жазушы сөз бен ой толғауды ежелден машық еткен. Ол "пословица век не сломится" деген тәрізді мақалдарды еске ала отырып, тілдің табиғатында даналық өсиет айтуға бейім болғанын дәлелдейді. Өзінің жазушылық өнеріне осы халықтық нақыл сөздерді тірек етеді. Міне, сондықтан фразеологизмдер жайында, оның аударылу процесі хақында пікір болғанда М.Горькийдің пікірлерінің мәні ерекше. Нақыл сөзді барынша көп қолданатындықтан да Л.Н.Толстой М.Горькийді кінәлаған болатын. Оның ойынша М.Горький кейіпкерлері "ылғи бір көсемсіген шешендер" боп көрінетін. Бірақ жазушының мақсаты кейіпкерлерді қалайда данышпан етіп көрсету емес, олардың өмір туралы пікірін таныту үшін керемет дөп түсіп жататын мақал-мәтелдер пайдаланады. Және олар әлгіндей фразеологиялық единицалардың жеке өзін жаттап айта бермей, өзінше өңдеп, бұрып, өзгеше құбылтып сөйлеп кетеді. Көпшілігінің қарапайым сөздерінің де мақалға бергісіз болатындығының себебі осында. М.Горький әрбір сөздің, бір афоризмнің, мақал-мәтелдердің ішкі мазмұнына үңіліп, олардың ойлы, астарлы, айшықты ажарын аңдайды. Сөздердің, тұрақты тіркестердің халықтық этимологиясын көркем шығармада ойната білу шеберлігі орыс жазушыларының ішінде Лесковтан соң осы М.Горькийде айрықша байқалатынын зерттеушілер дұрыс көрсетіп жүр.

Біз жазушылардың сөз қолдану қабілетін қарағанда жеке сөздердің, сөз тіркестерінің спецификалық ерекшеліктеріне қоса, жалпы халықтық тілдегі сөздердің семантикалық даму мүмкіндіктерін де анықтаймыз. Нағыз суреткер тілдің осындай айрықша қасиеттерін дәл танып, оларды шебер пайдаланады.

М.Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің қолданылуынан мынадай жағдайлар аңғарылады. Мұнда сөздердің фразеологиялық тіркесінің кеңеюі және олардың әркилы өзгеріске түсуін көреміз. Мәселен, бұрын тіркеспеген, бір-бірімен байланысқа түспеген сөздерді жазушы алуан түрлі құбылту нәтижесінде қилы-қилы қызықты комбинация құрады. Мұндай жаңашылдықтың бәрі де әрине тілдің

---

[70] М. Горький. Әдебиет туралы. Алматы, 1954, 140-б.
[71] Сонда. 139-б.

заңдылықтарына мүлде қайшы келмей, қайта сөздердің тіркесу қабілетіне сай фразеологиялық топтар негізінде жасалады. Сонда көптеген сөздер мен жаңа жасалған тұрақты тіркестердің семантикасын анықтап, олардың көркемдік ажарын, мүмкіндігін толықтыра түседі.

Жазушының халықтан ала бөтен тілі жоқ, сонымен бірге оның шығармаларының тілі жалпы халықтық тілмен тепе-тең де бола алмайды. Фразеологизмдер жалпы халықтық тілдің шұрайлы бір элементі, тобы, яғни бұларды да сол халықтық тілмен тығыз байланыста қарау керек. Сонымен бірге олардың өзгешелігін де айыра білген дұрыс. Бұларды белгілі бір көркем туындыда қолданудың реті біркелкі емес. Ол біріншіден, автордың талғамына, екіншіден, шығарманың мазмұн-мақсатына, үшіншіден, жанрына байланысты. Жазушы сол шығармасында айтпақ ойын, оқырманға білдірмек мақсатын жалпы халықтық тіл мен әдеби тілдің бай материалын барынша мол пайдалана отырып баяндайды және ол ойды қалай болса, солай емес, мейлінше түсінікті, шебер жеткізуге тырысады. Ал жазушы тілін түсінікті, әсерлі, дәмді ететін бейнелеу құралдарының бірі — фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, идиомдар. Бұларды қолдануда жазушылардың әрқайсысы әрқилы тәсілдерге барады. М.Горькийдің шығармаларында айрықша рөл атқаратын мұндай афоризмдердің сыр-сыпатын жете білмейінше аудармашы жұмысының нәтижесі шамалы.

М.Горький тілінің басты ерекшелігі жалпы халықтық тілмен тығыз байланыстылығында. Жазушы тілі халықтық дегенде біз осыны ескертеміз. Өйткені ол жалпы халықтық фразеологияны пайдаланған.

Заманның даму ерекшелігіне орай әлемдік әдебиет майданына келген М.Горький шығармаларының идеясы, мазмұны, тілі дәуірдің салмақты жүгін арқалағаны мәлім. Біз жазушы тілінің басты ерекшелігі дегенде жалпы халық тілімен жазушының өз творчествосының қабысуын айттық. Бұл да сол дәуірдің шындығына орай тіл дамуының негізінде туған талап болатын. Оның үстіне "чем богаче язык выражениями и оборотами, тем лучше для искусного писателя"[72] екенін, әсіресе, М.Горький жақсы білетін.

Жазушы фразеологизмдердің барлық түрін пайдаланған. Олардың бәрі де сол шығарманың бүкіл болмысына өң беріп, белгілі бір шындықты жеткізуге сеп болады. Қоғамның әрқилы топтарының сөйлеу формасы ретінде және жазушының соларға деген көзқарасын танытатын рөлде жұмсалады.

М.Горькийдің тағы бір ерекшелігі мақал-мәтелдерді қолданғанда, әйтеуір тіл көркем болсын деп қана емес, орыс әдеби тілінің бүгінгісі мен ертеңін ойлап, соны дамытуға, байытуға көмегін тигізсін деген мақсатпен саналы түрде іске жаратады. Жазушының творчествосын зерттеуші орыс ғалымдары оның шығармаларындағы фразеологизмдерді мынадай бірнеше топқа бөліп көрсеткен: кітаби үлгілер, қоғамдық-саяси және техникалық мамандыққа қатысты фразеологизмдер[73].

Қаламгердің халықтық фразеологизмдерге соншама құмар болуының сырын өз сөзімен де аңғартуға болады. "Вот как хорошо сочиняют. Все просто, слов мало, а чувства много. Настоящая мудрость немногословна..."[74].

---

[72] А. С. Пушкин. Сочинения, т. V. 1956.

[73] В. Ф. Рудов. Фразеология произведений М.Горького//"Уч. зап. Таганрог. гос.пед. инс-та", 1957.

[74] М. Горький. "Лев Толстой". Соч., т. XVI, стр. 27. 291.

Халықтың жан дүниесін дәл танытатын қысқа, нақты сөздер тобы жазушының творчествосына айрықша реңк береді. Шығармада суреттелетін белгілі бір бейненің дәл сол сәттегі кейпін, жан дүниесін фразеологизмдер арқылы өзгеше әсерлі беруге бейім. Мәселен , М. Горький өзінің "Фома Гордеев" романында мұжықтың әні туралы былай дейді: "И ему казалось, что поют не двое людей, все вокруг поет, рыдает и трепещет в муках скорби, все живое обнялось крепким объятием отчаяния". Бұдан Фома Гордеевтің өмірге деген өкінішті өксігін, іштей егілуін көреміз. Ал адам төзгісіз өмірдің ащы шындығын білдіретін уытты сөзді жазушы мұжықтың аузына салған: "Э, эх ваше степенство,— вздохнул мужик *горе заставит — бык соловьем запоет...*" Мұнда фразеологиялық тіркестің стилистикалық өңі арқылы, яғни халықтық афоризмнің әсері арқылы кісі төзгісіз амалсыздықты көрсетуді мақсат еткен автордың контексі дамытылған.

М. Горький шығармаларында күнделікті тұрмысқа байланысты қарапайым сөйлеу тіліне жататын (народная разговорно-бытовая и просторечная группа) фразеологизмдер де мол. Осыларды мол кірістіре отырып, жазушы орыстың әдеби тілін байытты. Тілдің тарихи жағынан дамуын жете түсіне келіп, ол әдеби тіл мен халық тілі дегеннің айырмасын ажыратты. "Уместно будет напомнить, что язык создается народом. Деление языка на литературный и народный значит только то, что мы имеем, так сказать, сырой язык и обработанный мастерами"[75]. Горький қалыпқа түспеген халық тіліне әдеби ажар беріп, өңдеп мәдениетті түрге енгізеді. Одан бұрын да жазушыға өнеге болған қалам иелері бар. Горький бұл мәселеде алдымен соларға сүйенген. Халық тілін пайдаланудың асқан үлгісін көрсеткен — Пушкин. Орыстың ұлы ақыны туралы оның: "Первым, кто прекрасно понял, это был Пушкин, он уже первый и показал, как следует пользоваться речевым материалом народа, как надо обрабатывать его"[76],— деген сөзі осыған дәлел.

М. Горький қарапайым фразеологизмдердің ішінен өміршең формаларын тауып алады, соның қолдануын әдеби нормамен жеткізуге күш салады. Мұның ерекше көзге түсетін себебі оған дейінгі дәуірде көркем шығармада халықтық фразеологизмдердің қолданылу аясы онша кең болмайтын. Оларды әдеби қалпына түсіру жағы өте баяу жүріп жататын. Оның себебін орыстың атақты оқымысты тілшісі Даль дәл көрсетеді. Ол мақал-мәтел жинаймын деген адам халықтың арасына барсын, білімді оқымысты ортада нақыл сөздер жоқ, өйткені олар мақалдап сөйлеуді "мәдениетсіздік"[77] деп біледі дейді.

М. Горький қолданған фразеологизмдердің көбі кейін әдеби тілге айналып, белгілі бір нормаға ие болды. Мысалы: *поехала кума, неведомо куда* ("Фома Гордеев").

Орыс тілінің тамаша білгірі М. Горький о бастағы мағынасын сақтаған, яғни номинативтік мағынасын жоғалтпаған мақал-мәтелдерді пайдаланады. Әрине бұлар көбіне ауыспалы мағынада болып келеді.

Жазушы творчествосында ауыз әдебиетінде мол кездесетін эпикалық әуендерге толы үлгілер де бар. Халық өлеңдері, жұмбақтар, тақпақтар белгілі мақсатқа орай шығарманың өңін кіргізетін мысалдар. "Начало искусства слова — в фольклоре", — деп М. Горький мейлінше дәл айтқан. Көркем туындының қандай бір түрін алсақ, не қай жазушының тілін тексерсек те алдымен берілетін баға — тілінің көркемдігі. Ал тіл көркемдігі қашан да халық творчествосындағы шексіз байлықтың мекені. Соны жайлаған жазушы ғана шеберлік шыңына шеру тартпақ. Сонда ғана

[75] М. Горький. О литературе. М., 1937, стр. 220.
[76] Бұл да сонда.
[77] В. Даль. Пословицы русского народа. М., 1862.

халық тілінің қазынасы игеріледі. Сонда ғана тіл байлығы дегенді анық түсінуге болады. Ескі өлеңдер, ертегілер қай тілдің де бар қасиетін тамаша танытатын үлгілер. Мұны жете түсінген, түсініп қана қоймай белгілі бір кезеңде әдеби тілдің дамуына дерек ретінде жаратқан жазушы — М.Горький. Бұлар түгілі оның шығармаларында жаргондық ("при плохих картах всегда с козыря ходи" — "Фома Гордеев") үлгілер де жетерлік.

Фразеологизмдердің грамматикалық, стилистикалық және функционалдық өзгешелігі бар.

Ендеше М.Горький пайдаланған фразеологиялық топтардың өзіндік ерекшеліктерін байқау қажет. Фразеологизмдер көркем әдебиетте қашан да белгілі бір сөйлем ішінде беріледі. Олай болса бұларды сөйлеммен байланысты тексерген дұрыс. Кейде бұлар өзара синоним болып та жұмсалады. Бірақ мұның сыры әдеттегі синонимдерден басқаша. Фразеологияның грамматикалық ерекшелігі дегенде осы қасиетін, яғни сөйлемде белгілі бір грамматикалық формада, белгілі бір сөз табын тілейтінін айтамыз. Сөйтіп ол грамматикамен әсіресе морфологиямен байланысты екен. Ал лексикологиямен байланысты болатын себебі, онда лексикалық сөздердің болатындығынан. Фразеологизмдер белгілі бір сөйлем мүшелері ретінде көрінетіндіктен синтаксиспен де тығыз байланыста.

Сөйлемнің бастауышы болса тәуелсіз, баяндауыш не басқа тұрлаусыз мүшенің бірінде тұрса тәуелді қалыпта жұмсалады. Фразеологиялық тіркестердің грамматикалық заңдылықтары олардың стилистикалық қызметін де танытады. Яғни бұл синтаксистік стилистика элементі. Бұдан біз фразеологизмдердің белгілі бір грамматикалық формаға түсіп, қажетті стилистикалық қызмет атқаратынын көреміз. Сөйлем біздің қатынас құралымыз — тілдің ерекше единицасы. Егер сол сөйлемдегі кейбір сөздің, не жай тіркестің бірінің орнына фразеологиялық тіркесті қолдансақ, сөзіміз басқаша стилистикалық өң-ажарға ие болатынын байқаймыз. Әлгі сөйлеміміз бұрынғыдан гөрі экспрессивті-эмоциональды кейіпке түседі, басқаша айтқанда, әсерлі әсем болмақ. Бұлар сөйлемнің басқа мүшелерімен байланысқа түскенде әрқилы мінез танытады. Егер бастауыш рөлінде тұрса, сол бастапқы дербес күйі сақталады, ал сөйлемнің басқа мүшелерінің бірінде тұрса әбден кірігіп кетеді. Сөйтіп олардың грамматикалық байланыстары әртүрлі.

М. Горький шығармаларынан байқалатын бір жайт, ондағы фразеологизмдердің бәрі дерлік жоғарыда айтылған әрқилы қызметте жұмсалатыны. Яғни олар барлық грамматикалық, синтаксистік стилистикалық қызметте жұмсала береді. Тек бастауыш болып келетін фразеологизмдер өте сирек. Мысалы: *"Вот и Валаамова ослица заговорила"* ("Фома Гордеев") деген сияқтылар.

Өмір шындығын, қоғамдық құбылысты, болмыстың неше алуан фактілерін көркем суреттеу үшін предикативті фразеологизмдерді жиі қолданған. Контекске синоним боп келетін фразеологиялық тіркестердің номинативті мағынасы баяндауыш қызметінде белгілі бір қозғалыс процесін, соның қалай өтіп жатқанын, қандай белгілері барын көрсетеді. Мысалы: "А ты прежде время не горуй,— сказала она" ("Фома Гордеев"). Осы фразаны "подожди" деген бір сөзбен алмастыруға да болар еді. Бірақ ондай жағдайда жазушы ойлаған көркемдік қасиет көмескі күйде қалады. Сөйлемнің көркемдігіне нұқсан келеді.

М. Горький фразеологизмдерді творчестволықпен қолданады дедік. Мұның мәнісі қалай. Ол баяндалатын құбылыстың ыңғайына орай фразеологизмдерді әрқилы қызметке жегеді. Құрылысы, формасы өзгеруі де, өзгермеуі де мүмкін. Ол автордың творчестволық мақсатына байланысты. Мысалы: *"загребать жар*

чужими руками" деген фразеологиялық тіркесті талдағанда, мынадай жағдайды анықтаймыз. Мұнда "чужими руками" деген еркін тіркес семантикалық жағынан әлсіз байланысқан "загребать жар" дегенге омоним мәндес. Ал ауыспалы мағынасы жағынан бұлар фразеологиялық тіркес. "Загребать жар руками" дегенде әлі фразеологиялық бола алмайды. Ол үшін "чужими" деген сын есімді қосып "руками" зат есімімен байланыстырғанда ғана фразеологиялық мағынаға көшеді.

Осы фразеологиялық тіркес сөйлемде басқа мүшелермен байланыстырушы баяндауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: "А что ее Сонькой зовут это всем известно... И что она любит *чужими руками жар загребать* тоже все знают" ("Фома Гордеев").

Бірақ М. Горький бұл фразеологиялық тіркестің осы күйінде берер жалпы мағынасын қанағат етпейді. Оны белгілі бір құбылыстарды көрсету мақсатына жақындатып нақтылай түседі. Мұны ол "чужими" деген сын есімді басқа сөзбен алмастыру арқылы іске асырады. Дерексіз мағынадағы "чужой, чужими" сөзінің орнына "рабочих" деген нақтылықты танытатын сын есімді қолданады. Мысалы: "не удастся вам *загрести руками рабочих жар в свои пазухи...*" ("Жизнь Клима Самгина").

М.Горький сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі қызметінде жұмсалатын фразеологизмдерді де едәуір қолданады. Бұлар атрибут мәніндегі фразеологизмдер. Сөйлегенде көбінесе анықтауыш рөлінде жұмсалады. Мұндай қызметте жұмсалатын көбінесе идиомдар, қарапайым фразеологиялық тіркестер, синтаксистік құрылысы әбден қалыптасқан фразеологиялық штамптар т. б. Бұлардың стилистикалық қызметі тілдің көркем құралдары қызметімен тығыз байланыста болмақ. Мына мысалға көңіл бөліңіз: "Который человек сам за себя отвечать не может, значит — боится он себя, значит *грош ему цена"* ("Фома Гордеев"). Осындағы курсивпен берілген фразеологиялық тіркес "человек" деген сөзге предикативті анықтауыш ретінде жанасып тұр.

Жазушы шығармаларында өз алдына жеке сөйлем ретінде қолданылатын фразеологизмдер де бар. Олар жай сөйлем болып та, күрделі сөйлемдерде не басыңқы, не бағыныңқы болып та келе береді. Сауаты бар Маякиннің қызына үйлен дегенде Фома былай дейді: "Но это — пустое дело. Всякая *ржавчина очищается, ежели руки приложить...".* Бұл — қоғамдық құбылыстарды, халық тұрмысын бұлжытпай танытатын фразеологизм.

Өз алдына жеке сөйлем немесе күрделі сөйлемнің бір бөлегі болып көбінесе мақалдар, мәтелдер, афоризмдер, цитаттар және қарапайым сөйлеу тілі формасындағы фразеологизмдер қолданылады. Жеке сөйлем болу үшін оның бастауышы мен баяндауышы болуы қажет екені белгілі. Бұлардың кәдімгі сөйлемдерден айырмасы оның грамматикалық құрылысында емес, фразеологиялық тұтастығында, яғни компоненттер жиылып беретін ауыспалы, астарлы мағынасында. Ал сол фразеологиялық мән, мағыналық әр дегендеріңіз стилистикалық қызметті айқындайды. Олай болса грамматика жағынан қарағанда фразеологиялық тіркестер мен сөйлемдер арасынан алшақтық іздеудің қажеті жоқ.

М.Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің көпшілігі құрылысы жағынан бастауыш, баяндауыш және сын есімнен болған анықтауышты болып келеді. Кейде "есть", "является" деген сияқты етістіктер түсіп қалып отырады. Мысалы, *"Бывший друг — злейший враг", "Мать — враг смерти"* ("Фома Гордеев"). Белгілі бір тұлғаның мінездемесін беріп тұрған бұл мысалдар жазушының әрқилы стилистикалық өң беруіне септігін тигізген. Алғашқының баяндауышы мінездемелік сипатқа ие. Қазіргі қалпында әшкерелеудің түрін стилистикалық өңмен беріп тұр. Мұндай қолданыстар өнімді келеді. М.Горький кейбір фразеологизмдерді

стилистикалық мақсатта неше түрлі өң беріп, дамытып, түрлендіріп қолданып отырады. Сөйтіп фразеологиялық тіркестердің жаңа түрлерін жасайды. *"Счастье — возможно полное удовлетворение потребностей"* тәрізділер осыған дәлел.

Жазушы қолданған фразеологизмдердің біразы құрылысы жағынан бір құрамды сөйлемдер сияқты. Бұлардың негізгі ұйтқысы әртүрлі формадағы етістіктер.

"Золото огнем пробуют" дегенде ең басты объект — зат есім. Ол бірінші орында тұр. Көптеген фразеологизмдер құрмалас сөйлемге бара-бар. Біріне-бірі басыңқы-бағыныңқы болып келетін екі сөйлемнен тұрады. Мысалы: *"Волка не осудит господь, если волк овцу пожрет.., но если крыса мерзкая повинна в овце — крысу осудит он"*.

Бұл келтірілген мысалдардан ұлы жазушының халықтық фразеологизмдерді мейлінше сұрыптап мол қолданғанын көреміз. Олардың әрқилы мақсатта, әртүрлі формада ғана жаратылып, жазушы тіліне стилистикалық ажар бергенін байқадық. Бұдан М.Горький өз шығармаларында тек дайын фразеологизмдерді, мақал-мәтел, идиомдарды ғана пайдаланумен шектелген екен деп қорытынды жасауға болмайды. Осыларды творчестволықпен еркін пайдалана отырып, өз тарапынан да мүлде жаңа фразеологиялық тұрақты тіркестер жасап отырған.

М. Горькийдің фразеологизмдерді қолдану ерекшеліктері

Жазушы халықтық және әдеби фразеологизмдерді қолдануда әртүрлі тәсілдерге барған. Соларды және өзі жасаған фразеологизмдердің сипатын, құрылысын, мәнін анықтау аударма теориясының кейбір мәселелерін шешуді жеңілдетеді. Бұларды айқындап алмай олардың аудармасын сөз ету мүмкін емес. Өйткені автордың өзіне ғана тән стилін осы тектес құбылыстар танытады. Біз мұны анықтау арқылы жазушы стилінің жалпы халықтық сипатын және әдеби тілге қатысының қаншалықты екенін қадағалаймыз. Бұл аударма үшін, аудармашы зерттеуші үшін қажет. М.Горький өз шығармаларында жалпы халықтық фразеологияны сол күйінде ғана алып, қолданбай, оларды сол белгілі шығармаларындағы творчестволық мақсатына орай неше саққа салып өзгертіп құбылта дамытып қолданады. Сондықтан мұндай өзгертулер бір заңдылыққа сай келіп, ерекше стильдік қызмет атқарады. Халықтың нақыл сөздерін түгелдей өзгеріске түсірмей, оның кейбір сөздерін ғана алмастырады немесе тіркес жігін ажыратып басқаша реңк береді. Кейде фразеологизмнің бір бөлігін тастап қолданады, кейде жаңа бір бөлік қосады. Мұндай өзгертулердің бәрі белгілі бір қажеттілікке орай жасалады. Жаңадан жасалған бөліктердің пішіні әрқилы бола береді. Бірі сол фразеологиялық единицамен бірігіп, біртұтас тұлғаға айналса, екіншісі әрі дербестігін сақтай, әрі бұрынғы фразеологизмге ыңғайланып тұрады, ал үшіншілері бастапқы даралығын сақтап, жанаспай жарыса қолданылады. Осының барлығы да фразеологиялық тіркестерге қажетті стилистикалық өң. Мысалы: "к *чему это собаке волчьи повадки"* деген халықтық фразеологизмді М.Горький былай құбылтады: *"такая собака дому не сторож"* ("Хозяин").

Көптеген мақал-мәтелдерде көнерген сөздер кездеседі. Солардың мағынасын жаңартып, өзгерте қолданып отыратын мысалдар да бар. Мысалы, *"антимонию разводить"* дегенді *"анекдоты разводит"* деп алады. Бұдан мынандай қорытынды жасауға болар еді. Фразеологизмдердің құрамындағы компоненттер қатып қалған категория емес. Оларды кейде өзгертіп, құбылтып қолдануға да болады. Әсіресе көркем әдебиетте мұның сан алуан мысалын айқын көреміз. Бұл ретте академик

В.В.Виноградовтың мына бір пікірін ескеру керек: *"Можно утверждать, что идиома — это не только продукт окаменения и изоляции слов, но и способ, и источник рождения новых слов"* [78].

Ендеше жазушының тіпті идиомдардың өзін құбылту белгілі бір заңдылыққа орай келеді. *"Тяп да ляп — не сляпаешь избы"* деген сөйлеу тілінде қалыптасқан қарапайым фразеологизмді жазушы неше саққа салады. Алдымен *"тяп да ляп — не построишь корабль"* деп өзгертіп алады да, мұны әдеби істің болмысын танытарлық ыңғайда мүлде құбылтып әкетеді, *"литературный труд — не легкий труд"* ("Жизнь Клима Самгина") деп дамытып жіберген.

М.Горький өзгеріске түсіруге ешбір икемі жоқ фразеологизмдердің өзін түрлендіріп бергіш. Халық арасында мысқылды білдіретін *"пошла писать губерния"* деген идиома сөз бар. Соны жазушы кейіпкердің сөйлеуінде былай береді: "губернияны" "словесность" сөзімен, "писать" сөзін "пылатыпен" ауыстырады да сөзуарлықты мысқыл етеді: "Ругается. Бутылочку выпили и *пошла пылать словесность"* ("Жизнь Клима Самгина"). Бұл — Фроленковтың сөзі. Мұның мәнін дәл осы шығармадағы мына сөзден айқын көруге болады: "Иной раз соберутся, они, молодежь да и начнут козырять, сидишь, слушаешь и — верно. Все слова — русские, а смысл — не поймать". Сол кездегі қайсыбір жастардың, интеллигенцияның тұманды ойы осылай көріне бастаған еді. Бұл фразеологизм сол дәуірдің мөрі тәрізді. М. Горький кейде бұл идиоманы өзгертпей, сол қалпында да қолданады: "Дельно. Глупому человеку надо сразу действовать... Навалился, опрокинут...— *пошла писать губерния"* ("Фома Гордеев").

Кейбір толықтырулар фразеологиялық единицаларды бұрынғыдан да әрлендіріп, құлпырта түседі. Мысалы: *"Что у меня на душе, то и на языке"* ("Фома Гордеев"), деген фразеологизм басқа формаға еніп құлпырып кеткен. Мұны бұрынғы күйінше қолданатын тұстары да бар. "Клим Самгиннің өмірі" романында өзгертпейді: *"что у трезвого на уме, у пьяного на языке"* бұған жасалған өзгеріс фразеологизмнің өңін айландырып жіберген. "Ум" сөзі "душа" сөзімен алмастырылған. Мас адам мен сау адам арасындағы контраст мүлде ұмыт болып, нақыл басқаша мағыналық реңкке көшкен. Адам бойындағы өзгеше кейіпті білдіреді.

М. Горькийдің өзі жасаған афоризмдер жетерлік. Олардың бәрі дерлік халықтық нақыл сөзге айналып кеткен. Асыл сөздерді соншама мол жинап зер сала жүрген жазушының өзі де нақылмен сөйлеуге, афоризм жасауға шебер. Ол: "Наша речь преимущественно афористична, отличается своей сжатостью, крепостью",— дейді өзінің "Әдебиет туралы" (1937, 290-б.) деген еңбегінде. Горький жасаған афоризмдер халықтық нақылдарға егіздің сыңарындай болып келеді. Солардың үлгісінде жасалады. Ерекшелік жазушының негізгі мақсатына орай айқындалмақ. Ол жаңа афоризмдерді жасағанда халық тілі мен әдеби тілді жақындастыру мақсатын көздейді. Халықтың ауызекі сөйлеу үлгісінде қалыптасқан афоризмдер әдеби тілдің шапанын киіп, нормалана бастайтынын көреміз. Мысалы: "... зачем *нам на чужое рубище заплаты нашивать,* если не мы его изодрали" ("Фома Гордеев") М.Горькийдің өзіндік фразеологизмдері дегенде мүлде жаңа нәрсені ғана айтпаймыз. Сонымен бірге бұрын бар нақылды творчестволықпен қолдануды да жаңалық деп қарауға болады. *"Счастье — возможно полное удовлетворение потребностей"* деген афоризмнің стилистикалық қызметі мұның идеялық мәнін

---

[78] В. В. Виноградов. Современный русский язык. М., 1938.

бекіте түседі. Бұл афоризмнің мәні еңбек сүйгіштік пен мәдениеттің жоғарылығына тығыз байланысты. Осы афоризмді туғызып тұрған контекстегі жағдай.

Алексей Максимовичтің былай жазғаны бар: "Пословицы и поговорки выражают мышление народной массы в полноте особенно поучительной. Вообще пословицы и поговорки образцово формирует весь жизненный опыт, социально-исторический опыт трудового народа, и писателю совершенно необходимо знакомиться с материалом, который научи его сжимать слова, как пальцы в кулак развертывать слова, крепко сжатые другими, развертывать их так *чтобы* было обнажено спрятанное в них, враждебное задачам эпохи, мертвое"[79].

Халықтық нақыл сөздерге жазушының соншама құмарлығын, оның шығармалары тілінің айрықша көркем болуының себептерін осы келтірілген сілтеме тереңірек түсіндірсе керек. Мақал-мәтелдер көркем әдебиет тілінің аса ірі көркем құралы. Горький ауыз әдебиетіндегі мұндай үлгілерді біліп қана қоймай, олардың өзіндік стилін, өзіндік өзгешелігін т. б. айрықша белгілерін сала-саласымен ажырата таныған жазушы. "Я очень много учился на пословицах иначе — на мышлении афоризмами. Помню такой случай: мой приятель, балагур Яков Солдатов, дворник метет улицу. Метла новенькая и не омызгана. Посмотрел Яков на меня, подмигнул веселым взглядом и сказал: "Хороша метла, а сорье не вымести дотла, я его подмету, а соседи поднесут". Мне стало ясно... Расширить на всю свою улицу, на весь город, на всю землю. Так можно развернуть поговорку"[80].

Міне, ол осылай әрбір мәтел, әрбір мақалда мегзелетін мағынаны үлкен нәрсеге, елдік, әлемдік мәселеге де таралатын етіп дамыта танып отырған.

Шығармаларында өмірдің әрқилы құбылыстарынан өзінше түйін жасап, қорытынды пікір айту үшін мақал-мәтелдердің рөлі ерекше. Горькийдің халықтық нақыл сөздерді жинау, олардан творчестволықпен үйрену тәсілдерінің өзі өнеге. Көптеген мақал-мәтелдерді жинап үйрене жүріп, жазушы өзі де сондай нақыл сөздер жасауға кіріседі. Бұл жөнінде ол былай деп жазған: "Сначала записывал пословицы, поговорки, прибаутки, которые формировали мои личные впечатления... Затем начал сам сочинять поговорки: "Сел *дед, поел дед, вспотел дед, спросил дед: скоро ли обед?"* [81].

Жалпы халықтық фразеологизмдер негізінде М. Горький мысқыл, ажуа, қалжыңды білдіретін көптеген қанатты сөздер, прибаутка, каламбурлар жасаған. *"Кабы комар столько время жил, с курицу бы вырос..."* ("Фома Гордеев").

М. Горький сөздердің бұрынғы мағынасын ала отырып, олардың семантикалық байланысын кеңейте түседі. Және олардың жаңа мағынаға ие болып, жаңа өріс алуына жағдай жасайды.

Жаңадан жасалған фразеологизмдер бар дедік. Бұл процестің табиғаты қандай болмақ. Фразеологизмдер тарихына мұның айрықша қатысы бар. Мысалы: біз мынандай белгілі бір контекстің негізін құрап тұрған сөздерді, сөз тіркестерін кездестіреміз: "Да, так и надо. Только — это не все. В Петре задору нет, в горе" ("Дело Артомоновых"). Мұндағы Петрде "задордың" жоқ болуы келесі бір жерде фразеологизм жасауға ұйытқы болады. Тек "нет" есімдігінің орнына "без" қосымшасын қолдану арқылы жақсы фразеологиялық единица пайда болған. *"Без задора — ни родить, ни убить"* (бұл да жоғарыдағы мысалдың жалғасы.— *Ө. А.).*

---

[79] М. Горький. Литературно-критические статьи. М., 1937, стр. 346.
[80] М. Горький. О литературе. М., 1953, стр. 329.

Фразеологизмдердің жігін ажыратып, құрылысын өзгертіп беру де Горькийге тән қасиет. Мысалы: "да разве в ней *весь свет уж так и сошелся клином"* ("Фома Гордеев").

Белгілі бір жазушының көркем тілін және оның екінші бір тілдегі көрінісін тексергенде жалпы әдеби тілдегі фразеологизмдердің жағдайын, оларды қолданудағы көпке белгілі дәстүрлі тәсілдердің мән-жайын білу қажет. Бұрыннан бар және жаңадан жасалған немесе жаңа бір мағыналық фразеологизмдердің арақатысын, бұлардың әдеби тіл шекарасын кеңейтіп, жаңа нақыл сөздермен байытқанын танып білу қажет. М.Горький фразеологияны қолдануда осы мәселелерді анықтап алуды керек деп есептеген. Ол — бұрыннан жалғасып келе жатқан дәстүрді танып біліп қана қоймай, соны ілгері дамытқан, тіл қазынасын жаңа нақылдармен байытқан ұлы қаламгер. М.Горький тілді пайдаланушы әрбір топ, әрбір тап өкілдерінің сөйлеу мәнерін, сөздік қорын, қолданатын мақал-мәтелдерін де жете білген. Тіпті тіл табиғатын тарата талдай отырып, ол тіл дамуы сол қоғам дамуына тығыз байланысты екенін айқын сезінеді. Қоғамдық ойдың, қоғам дамуының тілге тигізер әсері айрықша. "Ұлы жазушының пікір түюінде бұл былай болып шығады: "История культуры учит нас, что язык особенно быстро обогащается в эпохи наиболее энергичной общественной деятельности людей вместе с разнообразием новых приемов труда и обострением классовых противоречий. Это подтверждается и фольклором: пословицами, поговорками, песнями, и это естественный путь развития речевого языка"[82]. М.Горький жазу шеберлігі, тіл мәдениеті және сол халық тілін көркем әдебиетте қолдану мәселесі дегендерге келгенде қаламгерлердің бәріне де ұстаз. Оның фразеологизмдерді қолдану тәсілі күллі творчестволық болмысымен тығыз байланысты. Социалистік реализмнен туындап жататын нәрсе. Өйткені ол қолданған, жаңадан жасалған фразеологизмдер терең мағыналығымен, кең тыныстылығымен шындық өмірді көркем суреттеуге көмектеседі. Әдеби тілдің шеңберін кеңейтіп, сымбаттандыра түскен. Бұл кеңейтулер, көркемдеулер орыс тілінің ішкі заңдылықтарына мүлде қайшы емес. Қайта сол заңдылықтар негізінде туып жатады. Осыған орай М.Горький қолданған фразеологизмдерді орыс ғалымдары мынандай топтарға бөледі:

а) әдебиге тән (литературно-книжный) кітаби фразеологизмдер;

ә) әдебиге тән сөйлеу түріндегі;

б) жаргон сөздер;

в) автордың өзіне тән нақыл сөздері.

Бұлардың барлық түрі жоғарыда әңгіме болды. Ендігі міндет М. Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің қазақ тіліне аударылуы жайында болмақ.

Біртұтас туындыдағы фразеологизмдер жүйесі және олардың аударылу принципі
("Фома Гордеев" аудармасы бойынша)

Әдеби бейне жасауда нағыз қарапайым халық тілінің негізінде құрылған, бөлінбейтін біртұтас фразеологизмдердің, мақал-мәтел, идиомдардың, тұрақты тіркестердің мәні ерекше. Бұлар кейіпкерлердің сөйлеуіне ене отырып образ жасаудың негізгі көркем деталі боп саналады.

Міне, сол себепті көркем әдебиетте жалпы халықтық тілдің элементтерін зерттеп, оның өзге тілдегі көрінісін айқындаудың айрықша мәні бар.

---

[82] М. Горький. О литературе. М., 1953, стр. 497.

Совет текстологтарының айтуына қарағанда, Горький шығармаларының, кейіпкерлерінің тілін дараландыру (индивидуализация) үшін қыруар еңбек еткен. Мәселен, "Фома Гордеев" повесі 1889 жылы "Жизнь" журналында алғаш басылған соң артынша үш мыңдай өзгеріс енгізген. Оның көпшілігі кейіпкерлердің диалогіне жасалған. Әрбір образдың өзін, мейлінше қадағалап, әркімнің өзіндік тіл өрнегін жасаған. Шығарманың идеялық мазмұны мен тілдік, стильдік айшықтарын айқындайтын элементтер ретінде фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін Горькийдің мол қолданған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді аудару, аударма теориясының ең қиын күрделі мәселелерінің бірінен саналады.

Күрделі тіркестер — идиомдарды, фразеологиялық топтарды былай қойғанда, жеке сөздердің өзін де екінші тілде беру процесі оңайға түспейді.

Өйткені қайсыбір тілді алсаңыз да, оның әрқайсысының өзге тілге сай келе бермейтін толып жатқан ерекшеліктері бар екенін кіріспеде де ескертіп өткенбіз. Туыстығы басқа тілдердің бірінен-біріне аудару процесі оңайға соқпайды. Орыс тілінде жыныстық айырманы білдіретін грамматикалық категориялар қазақ тілінде жоқ. Мәселен, бізде женский род, мужской род деп бөліп жатпайды. Әлгі қиындықтар осы тектес ерекшеліктерге де байланысты. Қазіргі реалистік аударма теориясы түпнұсқаның осы типтес өзгешеліктерін толық жеткізуді талап етеді. Шығарманың тек мазмұнын қанағат тұтып отыратын кез де болған. Енді мазмұн мен идеяға қоса шығарманың сан қилы тілдік құбылыстарын, автордың стилін жеткізу — өмірдің өзі туғызған заңды талап. Яғни белгілі бір шығарма түпнұсқада қандай болса, аударма тілде де үлкенді-кішілі бар қасиетімен түгел жеткізілуі тиіс. Ғалымдардың, тәжірибелі аудармашылардың пікірінше, идиомдар мен фразалық топтар аударманың ең қиын саласы екені анық. Бұл фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің өзіндік қасиеттерінен туатын қиындықтар. Және фразалық топтардың әр тілде өзінше тұрақтанған, сол тіл аясына ғана сыйымды тұтас мағынасы болатынын жоғарыда жеке-дара тексеріп қараған болатынбыз.

Әдетте идиомдар барынша қысқа боп келеді де барлық компоненттері жиылып бір-ақ мағына білдіреді. Ал компоненттерін жеке-жеке алып қарасаңыз, өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айырылып, дерексізденіп кеткенін байқамыз. Бұл көптеген жыл жемісі болса керек.

Фразалық топтар да идиомдар тәрізді қысқа, нақты, тұжырымды боп келеді. Компоненттерінің негізгі орны тұрақты. Бірақ мұның компоненттері бастапқы, негізгі мағынасынан айырылмай-ақ бір тиянақты ойды бейнелеп, тұспалдап жеткізіп тұрады. Идиомдардан айырмашылығы осы қасиетінде. Бұларды аудару кезінде туатын қиындықтар осындай қасиеттеріне байланысты. Бәлкім, осы қасиеттерінің кесірінен болар идиомаларды тек сол халықтың мүлкі деп қарап, оны өзге тілге аударуға мүлде болмайды деген ұғымның соңғы уақытқа дейін белең алып келуі. Ондағы айтылатыны идиом құрамындағы сөздерді жеке-жеке аударғанда мағынасыз бір бәлдір-батпақ боп шыға келеді деу. Осылай қараған да дұрыс. Бірақ, олар әлгі идиом компоненттерін сол тілдің өзінде жеке-жеке алып қарағанда да ешбір мағына бермейтінін ескермейтін. Сондықтан бұл жерде идиомдардың компоненттерін жеке-дара бөліп қарамай, солардың бәрі жиылып беретін мағынасын ғана екінші тілден іздестіруіміз қажет. Сонда біз әлгідей ел мен елдің, халық пен халықтың арасына қорған орнатып, шек қоймайтын боламыз. Сайып келгенде, бір халықтың тілінде жазылған, айтылған ой мен мазмұнды және оның қалай айтылуын екінші тілде әбден беруге болады. Өйткені ұлт пен ұлттың зат, әлем тұрғысындағы түсінігінде жоғары, төмендік жоқ, бәрінің ойлау жүйесі бірдей. Марксизм-ленинизм қағидасы

осыны айтады. Міне, сондықтан совет аудармашы-ғалымдары, жазушылары автордың қандай бір ерекшелігі болмасын, стилін сақтап, аудару керек деп тұжырады. Идиома, фразаларды аудару дегенімізді автордың стилін беруге жол деп қарауымыздың себебі осыдан.

Идиомдарды аудару жайында түрлі-түрлі пікір тараған. Бірі аударуға болады десе, екіншісі, керісінше, аударуға болмайды дейді. Мұндай кереғар пікірлердің туу себебі мынада. Біріншіден, идиомдардың жоғарыда ескертілген ерекшеліктеріне байланысты. Екіншіден, идиом сөздердің аударылу тәжірибесін қорытып зерттеген нақты енбектің күні бүгінге дейін болмауында. Үшіншіден, бұл мәселе жайында пәлендей бір ереже жасау қиын-ақ. Сондықтан әрбір нақты іс, тәжірибе үстінде аудармашы өзінің білімі, таланты, шеберлігінің шама-шарқына орай бұл мәселені өзінше шешуі тиіс. Оның негізгі сүйенетін тірегі автордың стилі болу керек.

Идиом мен фразалық топтарды, мақал-мәтелдерді аударудың біздіңше, бірнеше жолы бар сияқты. Бұларды кейде сөзбе-сөз калька түрінде аударуға болады, мысалы; *балық та емес, ет те емес* — "ни рыба, ни мясоның", *қойға шапқан батырың, батыр көрсе қой болар* — "молодец против овец, а против молодца и сам овцаның" аудармасы ретінде тілімізге сіңісе бастады. "Если враг не сдается, его уничтожают" — *егер жау берілмесе, оны құртар болар,* "дураку закон не писан" — *ақымаққа заң жоқ* немесе "сухая ложка рот дерет" — *құрғақ қасық ауыз жыртар,* ал "шила в мешке не утаишь" дегенді *қап түбінде біз жатпас* деп аламыз.

Екіншіден, аударылатын тілден сол мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің эквивалентін іздеу қажет. Ондай эквиваленттер көптеп табылады.

Халықтардың тіршілік ету формасы, тұрмыс жайы ұқсас келе береді. Соған орай әрбір ұлттың өмір тәжірибесін тұжырып, нақтылап, ұйқастыра айту қабілеті байқалады. Әлгі айтылған сөздің объектісі бір болуына байланысты ұқсас фразеологиялық орам жасалады.

"Махать кулаками после боя" — *жау кеткен соң, қылышыңды тасқа шап;* "не в свои сани не садись" — *көрпеңе қарай көсіл;* "что посеешь, то и пожнешь" дегенді қазақша *не ексең, соны орасың,* ал "лучше поздно, чем никогда" мәтелін *ештен кеш жақсы* деп беру осыған дәлел.

Сонымен бірге мағынасы тепе-тең мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Мысалы, орыстар "у семи нянек дитя без глаз" десе, қазақтар мұны *қойшы көп болса, қой арам өлер* не *қатын көп болса шөмішті ит жалайды* дер еді немесе орыстың "кошку бьют, а невестке наветки дают" дегенін *қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңда* деп беруге болар еді.

Мақал-мәтелдерді аудару керек пе немесе эквивалентін табу керек пе деген мәселе айналасында да талай пікір тараған. Жоғарыда ескерткеніміздей, кейбір әдебиетші ғалымдар егер фразеологизмдерді аударсақ түпнұсқадағы мағына мүлде жоғалады, бастапқы әсерден жұрдай болады дегенді айтады. Ал басқа зерттеушілер, әсіресе К.Чуковский барлық жерде бірдей мақал-мәтелдердің ана тіліндегі баламасын іздей бермей, қайта мүмкіндігінше аударуға тырысу керек дейді... "ибо народные пословицы тем-то дороги, что в них самобытная живопись. Национальные приемы мышления"[83].

Бірақ қайсыбір тілді алсаңыз да, өзінше бейнелеу әдісі, сол образды тек өзіне ғана тән белгісімен әсемдеп, әсерлеп беру жүйесі болады. Мұндай ерекше белгілер фразеологизмдер мен мақал-мәтелден айқын көрінеді. Сондықтан ондай құбылыстарды қарадүрсін аудара салу білімсіздік болар еді.

[83] К. Чуковский. Искусство перевода. М., 1936, стр. 173-174.

Сонымен фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді аударудың тәсілдерін мынадай үш топқа жинақтап айтуға болады. Біріншіден, мақал-мәтел құрамындағы сөздердің заттық мағынасын түгел беріп, дәл аударуға болады. Екіншіден, кейбір сөздердің заттық мағынасын өзгертіңкіреп аудару керек. Үшіншіден, аударылатын тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдерді пайдалану қажет. Мақал-мәтелдерді аударудың осы типтес қағидасы орыс тілінде қалыптаса бастаған. Біз ұлттық ажары айқын аңғарылып тұратын фразеологизмдерді мұндай формулаларға салмаймыз. Бұлардың жөні бөлектеу.

Енді осы әңгіме болған мәселелер тұрғысынан "Фома Гордеев" повесінің қазақша аудармасын талдап көрейік. Кейіпкерлердің сөйлеу мәнерін жеке дараландыру жағынан бұл шығарма теңдесі жоқ туындылардың қатарынан орын алады. Кейіпкер тілін шыңдай түсу нәтижесінде Горький типтендіру дәрежесіне жетеді. Олардың ішкі дүниесін әртүрлі көркем әдістерді қолдану арқылы ғана емес, жалпы халықтық тілдің, әсерлі, өткір элементтерін ұтымды, ойлы пайдалану негізінде де аша біледі. Я.Маякин, И.Гордеев, А.Щуров, Ф.Гордеев, Ефим, Пелагея, Саша сияқты кейіпкерлер арқылы Горький мещандық көпестердің және сол кездегі еңбекші бұқараның күнделікті сөйлеу ерекшеліктерін айны-қатесіз суреттейді. Горький осы процесс кезінде *зенки, прок, тятя, обладать, пособить, давеча, заткнуть глотку, утереть нос, гнуть спину, зарубить на носу, хлопать глазами* деген сияқты ауызекі сөйлеу тілінің элементтерін, диалектикалық қарапайым сөздерді, фразеологиялық оборотгарды, *агромадный, аржаной, яфимка, опосля, насекомая, купецкий, промашка, делов, ихний* типтес фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерді және саудамен айналысатын көпестерге тән *барыш, обернуть вокруг пальца, с руками, оторвать, первый сорт, сбыть с рук* тәрізді тіркестерді тартынбай мейлінше мол әрі дәл қолданады. Ондағы мақсат әлгі ортаның күллі қасиетін оқырманға дәл жеткізіп, шын мәнінде көркем шығарма жасау. Горький мұнымен бірге әрбір кейіпкердің өзіне ғана тән сөйлеу ерекшелігі болатынын әсте есінен шығармайды. Жоғарыда есімі аталған бас кейіпкерлердің жалпы ортақ қасиеттері болумен қабат, оның әрқайсысының тек өзіне ғана тән, жеке-дара мінез-құлқы, іс-әрекеті, ұғымына орай сөйлеу мәнері бар.

Әрбір топ, әрбір тап өзін-өзі қорғаштау, мадақтау мақсатымен өзіне пайдалы афоризмдерді қолдануға тырысады. Мақал-мәтелдер — сол топтың, белгілі бір таптың өмірге деген көзқарасын, идеалын, табиғатын танытатын тілдік фактор. Горькийдің мақал-мәтелге, әр алуан фразеологизмдерге өте-мөте құмар болуының мәнісі осында.

Көркем әдебиетте жалпы халықтық тіл барлық грамматикалық айшықтарымен, сөздік құрамының күллі байлығымен жазушының шеберханасына түседі де, шындықты суреттеудің құралы есебінде пайдаланылады. Жазушы дәл осы жалпы халықтық тіл арқылы әдеби кейіпкерлер мен мінез-құлықтарды сомдап соғады. Кейіпкер бейнесін дараландырып, типтендіріп, диалог жасаудың түрлі әдіс-тәсілдерін құрады. Шығарманың тақырыбы мен идеясын айқындайды, жазушы стилін тұрақтандырады. "Фома Гордеев" аудармасы дегенде ең алдымен айтарымыз бұл повесть тәжірибелі аудармашының қолына тиген. Қайсыбір аудармашыларды қарағаныңызда, аудармашының кейбірінің түпнұсқа тілін немесе аударма тілін жете білмейтіндігі көрініп тұрады. Жүсіп Алтайбаев өзінің аудармасында небір қиналады-ау деген кезеңдерден мүдірмей өтіп, ана тілінің заңдылықтарына орай қиыстырып әкетіп отырады. Тілді ойната білу үлкен шеберлік. Ал енді сол тілді түпнұсқаның ыңғайына қарай бейімдеп, өзге тілде өрнектелген сом бейнелердің

сан алуан сөз түйдектерін жасауын, сөйлеу мәнерін, түпнұсқаның шеңберінен шығып кетпей, екінші тілде беру және сол аударылғалы отырған тілдің ішкі заңдылықтарын бұзбай беру бұдан да асқан шеберлікті тілейді. Аудармашы аударма өнерінің осындай қиын да қызықты принциптеріне ыждағатпен қараған.

Бұл шығармада фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді қолданатын кейіпкердің бірі Я.Маякин. Ол өзі өмір сүрген ортаның бар тірлігіне белсене араласып, өз пікірін қаймықпай айтатын, айтқанда да мәнерлі, әсем поэзия тілімен мәтелдеп айтатын адам. Оның сөздері бейнелі, бедерлі. Кез келген жағдайға оның мақал-мәтелі әзір.

Маякин белгілі іскер, шаруа адам ретінде, өз табының ішінен белсенді "еті тірі" өкілдерін жақсы көреді. *"Слаба, брат, душа у ерша, коли у него щетинка дыбом не стоит..."* дейді ол.

Бұл кейіпкердің афоризмінде ешбір дау айтуға болмайтын сол бір кезең көпестерінің айны-қатесіз социалды кейпі көрінеді. Ол үшін "*шли всех грызи, иль лежи в грязи", "обернуть вокруг пальца", "девка не лошадь, без сбруи с рук не сбудешь..."* т. б. нақыл сөздерін еске түсірудің өзі Маякиннің кім екенін аңғартады. Міне, енді Маякин сияқты буржуазия идеологының бейнесін беруде пайдаланған тілдік факторлардың жайы қалай және олар қазақ тілінің қандай ресурстары арқылы берілген деген мәселені тексерейік. Өйткені М.Горькийдің өзіне ғана тән тіл ерекшелігін белгілі бір кейіпкерлерді соншама ірі, кесек тұлға етіп дараландыра көрсетудегі сөз қолданыстарын тексермей аударманың мәнін айқындай алмаймыз. Олай болса, өзінің сөйлеуін негізінен афоризмдерге, мақал-мәтелдерге, фразеологизмдерге құратын Я.Маякин сияқты кесек бейненің сөз саптауының ана тіліміздегі ажарын байқау қажет-ақ.

Аудармашы Я. Маякиннің сөйлеу тәсілін мейлінше дәл, дәмді етіп беруге тырысқан. Оның Маякин сөйлеуіндегі мақал-мәтел төркінін іздестіріп, фольклорлық жинақтарды шарлағаны байқалады. Олай болмаған күнде, фразеологизмдерді Горькийдің қайдан алып, не үшін пайдаланып отырғанын анықтай алмас еді. Осыдан келіп, аудармашы дегеннің өзі үлкен білімдар адам болу керек деген түйін шығады. Әрбір мақал-мәтел, фразеологизмдердің о бастағы шығу төркінін ажырата білу — аударудың бір кілті есепті. Бұлардың көпшілігі ежелден бері халық ұғымында қалыптасып, қалмай келе жатқан ұтымды, ойлы, сырлы, айшықты сөз түйдектері болғандықтан құрамындағы кейбір сөздер сонау ертеде өткен кезеңдер жайлы қызықты деректерді мегзейді. Осының бәрін білу фразеологизмдердің айшықты әсерін айнытпай берудің тәсілдерін танытса керек.

Ж.Алтайбаев Я.Маякиннің сөйлеу ерекшеліктерін беруде әртүрлі тәсілдерге барған. Ол негізінен көптеген мақал-мәтелдерді аударып, олардың түпнұсқадағы әрін толық жеткізуге әрекеттенген.

Төмендегі мысалдарға назар аударыңыз: "Замечай, как они к тебе ластятся *...чуют коты сало..".* (стр. 88).

Маякин адамға, әсіресе көпестерге сенуге болмайтынын ескертеді. Кейбір көпестердің Фомаға көңіл айтуын, бай баласына жағыну деп дөп басады. Сондықтан да оларды мысыққа теңеп отыр. Бұл қазақша былай аударылған.

"Көріп тұрмысың, бәрінің де саған жалбақтауын... *майдың иісін алған мысықтай"* (92-б.).

Бұл фразеологиялық топ қазақша жатық шыққан. Әрине "алған" дегеннің орнына "сезген" деп алуға болар ма еді деген де ой туады. Бірақ онда фразалық топқа тән қасиет түгел көріне алмас еді. Ал енді бұл сөйлемді бөлшектемей түгел

тексерсек басқаша құруға болады. "Майдың иісін алған мысықтай, бәрінің де саған жалбақтауын қарашы..." Дәл осылай құрылса, сөйлем қазақ тілінің стилін жоғалтпас еді. Аудармашы түпнұсқаның ағынымен кетіп, әрсөзді, әрбір тіркесті рет-ретімен аудара бергендіктен осылай боп отыр. Дегенмен, біздің бұл жерде көрсетпегіміз, фразалық тіркестің аударылуы.

"Не робей..., хотя у них на брюхе-то шелк *да в брюхе щелк"*. Бұл — Я.Маякиннің Фомаға қала дворяндарын таныстыру сәті. Мұнда М.Горький халық мақалын орнымен әдейі қолданып отыр. Жазушы өзінің мақсатына орай мақалды сәл өзгертіңкіреп маякиншілеп берген. Ал негізінде, орыс тілінде бұрынды-соңды шығып жатқан мақал-мәтелдер жинағына үңілсек, бұл мақалдың сәл басқашалау екенін білеміз. Халықтың қолдануында *"на брюхе шелк а в брюхе щелк"* деген түрі кездеседі. Аудармашы бұл жерде автордың стильдік тәсілдерін ескермей тұра алмайды. Әлгі мақалды М.Горький Маякиннің сөйлеу ерекшелігін дәл беру үшін құбылтып жіберген. Яғни көбінесе бұзуға, құрамындағы сөздерді бөліп-жарып арасына сөз қоюға келмейді дейтін мақалдардың өзін жазушы әр мақамға салады. Бұл мақал Я.Маякиннің қолдануында бұрынғы мағынасының үстіне қосымша үстеме-кекесінді үн қосқан. *То* мен *да* қосымшалар жалпы айтылатын ұғымды нақтылап нысанаға дәп тигізіп тұр. Маякиннің дворяндарды бұлай мысқылдауында мән бар. Ол көпестерді мемлекеттің бірден-бір тірегі деп ұғады. Сондықтан дворяндардың негізсіз күпінуін осылай мазақ етеді.

Аудармада мақалдың негізгі мағынасы дәл берілген. Біріншіден, аудармашы мақал компоненттерін түгел аударса, екіншіден, оның экспрессивтік әсерін, кекесінді ырғағын тәуір жеткізген, "Жасқанба... бұлардың бәрі *сырты жылмаң, іші сырдаң* адамдар" (98-б.). Бұл фразеологиялық тіркес Абайдың әйгілі өлеңі "бойы былғаң, сөзі жылмаңды..." еске түсіреді. Қазақ тілінің нормасына сыйысып, әрі түпнұсқаның стильдік айшықтарын беріп тұр. Осы сияқты бірнеше мысалды қатарынан берейік:

*"*Стоит *перед ним пень дерева, а он видит морда зверева..."* (стр. 114).

"Қарсы алдында *ағаштың түбірі тұрса, ол оны аюдың тұмсығы* деп түсінеді!.." (123-б.).

Немесе:

"Дуб — дерево хорошее, да плоды его только свиньям годны..." (стр. 136). Қазақшасы:

"Емен жақсы ағаш болғанымен, оның ұрығын шошқадан басқа жемейді..." (145-б.). Сол сияқты:

"Вот-вот... *При плохих картах всегда с козыря ходи!"* (стр. 185) деген мақал былай аударылған:

"Я, я... *Қолдағы қартаң жаман болса, әрқашан көзірден жүр!"* деген.

"Пора им *глотку заткнуть* — давно пора!" (стр. 230).

"Олардың *үнін өшіретін* уақыт жетті, әлдеқашан жетті!" (248-б.).

Бұлардың бәрі де балама емес, аударылған мақал-мәтелдер. Әрине, кейбірінде мақал-мәтелге тән қасиеттер жетіспей де жатқандай. Мысалы, алғаш сөйлемдегі "пень дерева" мен "морда зверева" жасап тұрған ұйқастық, ырғақтық әуен аудармасында байқалмайды. Соған қарамастан, бұл мақал тілімізге жат емес, өте жатық. Өзіміздің төл мақал-мәтелдеріміздей қабылдаймыз. Мұның аудармасы да "қолмен ұстап, кезбен көруге" болатын нәрсені жуығырақта түсіне қоймай, надандығына басып, басқа нәрсеге жоритын адамдарды көз алдымызға дәл келтіреді. Я.Маякин бұл жерде Фома Гордеевтің аңғал, аңқау, "көр көздігін" дәл тауып, бетіне басып кекеп отыр.

Байқасақ, М. Горький өз кейіпкерінің бейнесін оның сөйлеу тәсілдері арқылы жан-жақты ашады. Халықтың мақал-мәтелдерін, идиомдық тіркестерін бірде сол күйінде бұзбай, жігін ажыратпай қолданса, енді бірде кейіпкердің сөзіне кіріктіріп, одан бөліп, аршып ала-алмайтындай жағдай жасайды. Я.Маякиннің сөйлеуіндегі фразеологизмдер дәл осындай. Ол ақылгөйлене, күйіне, сүйсіне сөйлеп кеткенде, оның өз сөзі қайсы, мақал-мәтелі қайсы деп жіктеп жатпайсың. Маякиннің қолдануындағы мақал-мәтелдер оның түпкі мақсатын айқындай түседі, басқа сөздерімен жымдасып, туыстасып, туындап кетеді. Аудармашы "Фома Гордеевтегі" кейіпкерлердің кейпін жасауға негізгі себеп болып отырған, осындай тілдік құбылыстарды қатты қадағалағанын неше түрлі мысалдармен дәлелдеуге болады. Фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді аударғанда, Ж.Алтайбаевтың негізгі тірек еткені, кейіпкерлердің сөйлеуіндегі әлгіндей стильдік ерекшеліктерін беру болса керек. Яғни сөйлемнің мазмұнын ғана беріп қоймай, сол сөйлемнің оқушыға етер әсерін әйгілеп тұрған жеке сөздер мен сөз тіркестерін, фразеологизмдерді, әрі түпнұсқадағыдай қалпында, әрі ана тіліміздің заңдылықтарына сай аударады.

Әрбір сөйлем, әрбір абзацтың көзге ерекше түсіп, сезімге төтенше әсер ететін бөліктері болады. Фразеологизмдер, мақал-мәтелдер — кейіпкерлер сөзін ерекше әрлендіріп, уыт беріп тұратын сондай тілдік факторлар. Ж. Алтайбаевтың аудармашы ретіндегі сауаттылығы осындай ерекшеліктерді беру кезеңінде айырықша көрінеді.

Я.Маякин өз ортасының идеологы, ақылгөйі. Ол өмірдің қилы-қилы қатпарларын білетін күрделі адам. Бірақ оның ақылы түпкі мақсатына орай айлакерлікпен астасып жатады. М.Горькийдің оған былай баға беруі өте дәл екенін повестің өн бойындағы іс-әрекетінен көзіңіз жетеді.

"Яков Маякин — низенький, худой, юркий, с огненно-рыжей клинообразной бородкой — так смотрел зеленоватыми глазами, точно говорил всем и каждому:

"Ничего сударь мой, не беспокойтесь! Я вас понимаю, но ежели вы меня не тронете — не выдам..."

Оның алғашқыда *"қой аузынан шөп алмайтын"* момақан кейпінен айлакерлікті байқау қиын. Автор оның өн бойындағы қилы-қилы қылығын аузына әртүрлі ұтымды сөздер салу арқылы біртіндеп ашады. Я. Маякин Игнат Гордеевтің досы, ақылшысы. Игнаттың семья тіршілігіне араласып, кейбір мәселелер жайында ақыл-кеңес береді. Маякин досының ер жетіп келе жатқан жалғыз баласы Фоманың қамын жеп: "..,ты *сунь его с головой* в какое-нибудь горячее дело! *Золото огнем пробуют..."* дейді, оның бұлай өзеуреуінде мақсат бар. Фоманы күйеу бала етіп, сол арқылы Игнаттың байлығын иеленбек. Досын иландыру үшін осылай ұтымды сөйлеп отыр. Осындай фразеологизм Я. Маякиннің өмір көрген, ысылған "ысқаяқ" адам екенін дәлелдейді. Сол себепті мұндай сәттерге аудармашының да қатты көңіл бөліп, оны: *"Алтынды от балқытады..."* деп алуы орынды дейміз.

Ал енді осы фразеолгизмдердің орыс тілінде өзге варианттары бар ма екен, соны байқайық. *"Золото испытывается в огне", "Золото огнем, а человека делом", "Золото искушается огнем, а человек напастьми"* деген бірнеше түрі кездеседі. Горький мұның бәрінен де хабардар. Бірақ Маякиннің дәл осы сәттегі әрекетін таныту үшін бұлар жеткіліксіз. Сондықтан бұлардың бәрін ойдан өткізіп, солардың негізінде халықтық фразеологизм жасаған. Сол себепті *"алтынды от балқытады"* деген қазақша варианты да дәл, нақты берілген деп түйдік, *"Алтынды отпен балқытады"* деу келісімсіз болар еді.

Игнат өлген соң, Маякин Фоманы өз балаларындай баули бастайды. Бірақ Фома икемге келмейді. Сонда Маякин ашуға мініп, оны аяусыз міней бастайды *"...Телятам*

же по медвежьи не реветь!" (стр. 187),— дейді ол. Қазақшасы *"...Бұзау аю болып ақыра алар ма?"* немесе *"накопил злобы на клопа, а пошел на медведя?"* (стр. 276) *"Қандаламен ұстасып, оның өшін аюдан алмақ екенсің ғой?"* Орыс халқында соңғы мақалдың мынадай түрі де кездеседі. *"Пошел с шилом на медведя"*. Мұның мәні — болмашы әрекеттермен үлкен іске кірісетін адамдарды ажуа ету. Ал М.Горький бұл мақалды мүлде өзгертіп Маякиннің аузына салады да, өткір сықаққа айналдырады. Мұнда автор қандала мен аюды қарсы қойып, Маякиннің табиғатын дәл танытатын мақал жасап отыр. Бұл жәйттердің бәрі аудармашыға үлкен септігін тигізген. Өздеріңіз байқап отырғандай бұл мысалдар да аудармашының сәтті қалам сілтесін танытатын тұстар. Оның орысшасы қандай әсер етсе, қазақшасы да дәл сондай әсер етеді. Мақалдардың беретін негізгі ұғымдары мен сол ұғымды ойнатып, неғұрлым әсерлі жеткізіп тұрған компоненттер әдемі аударылған.

Фомадан әбден күдер үзген Я. Маякин енді басқаша тәсілдер қолданып, мүлде өзгеше сөйлейді. Ол Фоманы жұрт көзінше мұқатып масқара етеді. "... Али — свинья ищет, где лужа, а Фома где хуже?" (стр. 234). Бұл мысалдың қазақша аудармасын берместен бұрын мақалдың өзін талдап алайық. Мақал — Горькийдің өз туындысы. Бірақ оны жадынан шығармаған, халықтық мақал-мәтелдер негізінде пародия түрінде жасаған. Мұндай мақалдарды повестен көптеп кездестіруге болады. Орыста *"рыба ищет где глубже, а человек — где лучше"* деген мақал бар. Горький осының қарсы вариантын жасаған. Бұл не үшін қажет болды? Маякин Фоманы аямай айыптап тұр. Оның бұл кездегі сөзі мірдің оғындай өткір де шешен. Міне, Маякиннің осы сәттегі "ділмәрлығын" дәл көрсету үшін қажет болды. Жазушының тілдік материалдарды өте шебер пайдалана білетінін көреміз. Халықтық тіркестің өзін сан саққа салып, ойнатып, құбылтып, әртүрлі мақамда қолданатынын білеміз. Аудармашы үшін мұның бірде-бірі ескерусіз калмауы тиіс. Ж.Алтайбаев бұл жағын да ескерген. Ол бұл мақалдың да тәп-тәуір баламасын жасайады. "...Әлде — *шошқа батпаққа дегендейін, Фома азапқа* қашатын болған ба?" (253-б.). Қай жағынан алып қарасаң да, өте сәтті аударылған. Ұйқас десеңіз ұйқас бар, мысқыл десеңіз мысқыл бар. Әйтеуір түпнұсқаға тең түсіп тұрған нақыл.

Осы келтірілген мысалдардан Яков Маякиннің нағыз тұлғасын, белгілі бір ортаның белді өкілі ретіндегі келбетін, оның іс-әрекетін, қылықтарын дәл тануға болады. Өйткені Маякиннің сөйлеуіндегі әлгіндей фразеологизмдер, оның кім екенін айны-қатесіз танытса керек. Кейіпкердің бейнесін жасауға негізгі себеп болып отырған осындай тілдік факторлардың қазақ тіліне дұрыс, сәтті аударылғандарын бердік.

Повестегі басқа басты кейіпкерлер сөйлеуінде де мақал-мәтел жиі кездеседі. Бірақ жоғарыда ескерткеніміздей, олардың сөйлеуі Маякинмен бара-бар емес. Әрқайсысының өзіне тән сөйлеу әдісі, сөз құрау жүйесі бар. Өйткені бұлар бір кезеңде өмір сүрген ортаның әртүрлі мінез-құлықты өкілдері. Сол мінез-құлқы олардың сөйлеген сөзінен айқын аңғарылып тұрады. Горький, міне, осындай адамдардың жеке-дара бейнесін жасау үшін ең алдымен бұлардың сөйлеуіне көп мән береді. Солардың қазақ тіліндегі көрінісі жайлы да бірер мысал келтірейік.

Я.Маякиннен кейінгі ірі кейіпкер — Игнат Гордеев. Ол да әлуетті, өз ісіне мығым көпес, бірақ ол жұмысшының ортасынан шыққан. Өзінің іскерлігімен ірі байлықтың иесіне айналған. Ол Маякиндей аяғын андап баспайды, "дүниенің астан-кестенін" шығарып, "айқай-шулы" өмір сүруді қалайтын адам. Оның да өзіндік сөйлеу стилі бар. Маякин оқыған қауымның да, қарапайым халықтың да сөйлеу тәсілінен хабардар болса, Игнаттың сөзінде халықтық элемент басым.

М. Горький бұл кейіпкерді оқушымен былай таныстырады: "Сильный, красивый и неглупый, он был одним из тех, которым всегда и во всем *сопутствует удача* — не потому, что обладая огромным запасом энергии, они по пути к своим целям не умеют — даже не могут — задумываться над выбором средства и не знают иного закона, кроме своего желания" (стр. 1). Енді бұл авторлық таныстырудың қазақша аудармасын байқайық.

"Әрі қарулы, әрі келбетті, табан-ақылды Игнат қандай істе болсын әрқашан *жұлдызы оңынан туып тұратындардың бірі* еді, ал ондайлар талапты да, еңбек сүйгіш те емес, бәрінен де бұрын, қажымас қайрат иесі болып келеді де өз мақсатына жетудің жолын талғап жатпайды — тіпті талғай алмайды — сондай-ақ олар өз дегенінен басқаны тыңдамайды" (1-б.).

Игнат Гордеев осындай адам. Бұл жолдардың да аудармасын құптай отырып, автордың бұл кейіпкерді екі жақты суреттейтінін ескертеміз. Оның сөйлеуіндегі фразеологизмдер осыны аңғартады. Игнат Гордеев бір жағынан кәдімгі қанаушы жыртқыш таптың нағыз өзі болса, екінші жағынан ол халық арасынан шыққан кәдімгі қарапайым адам. Еділ бойының мұжықтары сияқты бейпіл өмірді, еркін қимылды жақсы көреді. Кейіпкердің мінез-құлқын, іс-әрекетін, жалпы әдеби тұлғасын айқындайтын фразеологизмдердің біразы мұнда да бар. Мәселен, ол өртенген кемесіне қарап тұрып былай дейді:

"... плачь, пожалуйста: *слезы пожара не потушат"* (стр. 6). Бүгін жоғалтсам, ертең табамын деп өзіне-өзі сенген күшті адам ғана осылай айта алмақ. Бір жағынан ешнәрсеге өкінбей қолды бір-ақ сілтеп жүре беретін орыс мұжығының мінезі көрінеді. Аудармасы былай: "...Зар илеп жылағанда, *көз жасыңмен өрт сөндіре алармысың"* (7-б.). Бұл фразеологизмнің жалпы мағынасына нұқсан келіп тұрған бөлендей нәрсе жоқ. Мағынасы айқын. Кілтипан — айтылу стилінде және күллі сөйлем құрылысындағы сөздердің аударылу тәсілінде. Стильді сақтау дегеніміз сөйлемдегі сөздердің ойнақылығын, орнын, әсерін дәл көрсету болса керек. Бұл сөйлем дәл осы моменттегі Игнаттың сезім дүниесінің тамырын дөп басып тұр. Аударма осыны жеткізуі керек. Ал стильді өңгімелейді екенбіз, мұндай сәттерге назар аудармауға мүрша жоқ". "...жыла, мейлің, бірақ *көз жасыңа өрт сөнбейді"* деген тәрізді беруге болар еді.

"...Знаешь: *не согрешишь — не покаешься, не покаешься — не спасешься...".*

"...Есіңде болсын: *күнәға батпасаң — құлшылық ете алмайсың, құлшылық етпедің — жан сақтай алмайсың"* (11-б.). Ол әйелі Натальяның көзқарасынан байқаған күнәкерлікті осылай жуып-шаймақ болады. Орысшасынан да, қазақшасынан да сондай әсер аласыз. Немесе мынаған назар аударыңыз:

"Начал ты ...не худо, все обделал, как следует, *вожжи в руках крепко держал..."* (стр. 75).

"Тырнақ алдың... жаман болған жоқ, бәрін де тындырып қайттың, *тізгінді де бекем ұстай білдің..."*

Біздің көңіл бөліп отырған фразамыз "вожжи в руках крепко держал". Игнат баласының алғашқы сапарына бата беріп, түспалдап, бейнелеп, көтермелеп сөйлеп отыр. Бұл нақылдың да компоненттері түп-түгел аударылған. Шынында да бұл "тізгінді бекем ұстап тұрған" тіркес. Қарапайым мысал болса да аудармашының еңбегін дәл танытады.

Біз Я.Маякиннің де, И.Гордеевтің де фразеологизмдерінің сәтті аударылған деген жерлерін мысалға алдық. Аудармашы көптеген мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді қалай болса, солай аудара бермейді. Кезі келгенде аударады

да, ал кейбір фразеологизмдердің қазақ тіліндегі эквивалентін іздестіреді. Солардан бірер мысал келтірейік. Әрине бұлардың ішінде сәттілері де, көкейге қона бермейтіндері де бар.

"... иной раз *смолчишь — и людям угодишь, и греха не сотворишь"* (стр. 72).

"...Кейде *үндемесең үйдей пәледен құтыласың,* жұртқа да жағасың" (78-б.).

"Вот и *валаамова ослица заговорила!"* (стр. 195).

"Міне, *есекке де тіл* бітті деген осы!" (210-б.). Немесе,

"Ведь она испортит тебя! Ах, *блудница вавилонская!.."* (стр. 116).

"Ол сені аздырады! Қап, сені ме, *жер-көкті құртқан сіптірі!".*

"А для соуса, для вкуса!.." (стр. 223).

"А — бұл *сән-салтанат үшін?.."* (241-б.).

"...псу живому лучше, чем мертвому льву... (стр. 38).

"... өлі арыстаннан, тірі тышқан артық деген" (95-б.).

"Вот — гляди! Вот Маякин! *Его кипятили в семи котлах, а он жив!"* (стр. 239).

"Көрдің бе, әне! Маякинді! Оны *отқа да, суға да салып* баққан еді, әне сонда да, міні, құраған жоқ". Бұл мысалдардың бәрі Я. Маякиннің сөзінен алынып отыр. Өздеріңіз байқап отырғандай, аудармашы бұл тұста фразеологизмдердің ана тіліміздегі эквивалентін, жұбын, баламасын беруге тырысқан. Кейбірі түпнұсқаның дәл аудармасы сияқты, бірақ ол аударма емес, қазақ тілінде бұрыннан қолданылып жүрген фразеологизмдер. Сондықтан да бұларды эквивалент ретінде беріп отырмыз. Ал "валаамова ослица заговорила", "блудница вавилонская" деген мифологиялық нақылдардың жөні басқа. Мұндай фразеологизмдердің баламасын табу қиын, аудару да мүмкін емес, түсініксіз бірдеме боп шығар еді. Сонда не істеу керек? Аудармашының "есекке де тіл бітті" деп алуын мақұлдаймыз. "Жер-көкті құртқан сіптірге" келер болсақ, әртүрлі саққа салуға болар еді. Мұны "Ахилестің өкшесі" деген сияқты "вавилон жезөкшесі" деп аударса да жарар еді. Әйтсе де аудармашының баламасын да теріс дей алмаймыз.

Енді Игнат Гордеевтің сөйлеу ерекшелігін байқататын фразеологизмдердің эквивалентін қарастырайық.

"А ежели который слабый, к делу не склонен — *плюнь на* него ...пройди мимо" (стр. 33).

"Ал егер қолынан дәнеңе келмейтін ез екен, *өлмесе өме қапсын,* жуыма" (35-бет).

*"...Чужого не желай, своего береги крепко" (*стр. 196)

"Ешкімнің ала жібін аттама, өзіңдікіне берік бол...".

"Люби жену как душу, тряси ее как грушу" (стр. 9).

"Қатынды бастан, баланы жастан" (9-б.).

Горький геройлары одағай сөздер мен есімдіктерді де мейлінше көп қолданады. Олар кей сәттерде мақал-мәтелдерді, өткір нақыл сөздерді, фразеологизмдерді ауыстырып, солардың қызметін де атқарып кетеді. Мұндай сәттерде аудармашы әлгі одағай сөздердің мағынасын қазақ тіліндегі нақыл сөздермен нақты береді. Өйткені оларды дәл сол күйінде сөзбе-сөз аударса түсініксіз бірдеңе болып шығар еді. Сөздің эмоциясын, эффектісін екінші тілде беру оңай емес. Аудармашы бұл тұста оның мағынасынан ауытқымауға тырысады. Мысалы:

"Эх ты...".

"Сенген қойым сен болсаң".

Немесе:

"А на всякий случай..." (стр. 103).

"*Жаман айтпай, жақсы жоқ"* (111-б.).

Әрине, барлық уақытта мұндай бола беру мүмкін емес. Одағай сөздерді сол қалпында, одағай сөзбен әдемі аударған сәттер де көп кездеседі.

Кейде аудармашы Я.Маякин, И.Гордеев, Щуровтардың шұбыртып ала жөнелетін нақыл сөздерінің ешбір компонентін де тастамай, ұйқас, ырғағын да дөп түсіріп, желдіртіп әкететіні бар.

Мысалы:

"...С женой, значит, хорошо жил...— сказал он.— Ну, что ж? *Мертвому — рай, живой — дальше играй!...*" (стр. 236).

Бұл Маякиннің баласы Тараспен сөйлесіп отырғанда айтқаны. Жөн-жобаны білетін, діннен де хабары бар кәрі көпестің көңіл айтуы бұл. Жаны ауырмаса да жоралғы жасағаны. "Өлгеннің артынан өлмек жоқ" деп отыр. Қазақшасына назар аударыңыз:

"Демек, тұз-дәмің жарасты ғой... — дейді ол. Несі бар, *өлгенге — иман, тіріге — жан деген!*" (256-б.).

"Дело ясное: *девки — сливки, бабы — молоко, бабы — близки, девки — далеко*" (стр. 114). Аудармасы:

"Әңгіме түсінікті емес пе: *қыздар — қаймақ болғанда, қатын айран! Қатын — арзан, таппақсың — қызды қайдан* деген" (123-б.).

Немесе:

"Всякий скот пил из кринки, остались подонки, а дурак из грязного горшка сделал божка!..." (стр. 113). Аудармасы:

"*Итаяқтың түбінде сарқын қалар, зердесіз жан содан кеп дәрет алар!*" (122-б.).

Бұл екі мысалдың екеуі де қазақтың қара өлеңінің үлгісімен аударылған.

Аудармашының табысын дұрыс танытар ма екен деген мысалдардың бірсыпырасын талдап өттік. Әлі де көп.

Енді аудармашының ағат кеткен жерлерін әңгімелейік. Бұл ретте де біз фразеологизмдердің аудармасын сөз етеміз. Және кейіпкерлерге жеке-жеке тоқталмай-ақ, кез келгенін алып талдаймыз.

Белгілі бір халықтың ғасырлар бойғы әдет-ғұрып, салт-санасы, күнделікті тұрмысына байланысты қалыптасқан ұғымдары болады. Соған орай түрлі мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, нақыл сөздер жасалады. Яғни, керісінше, әлгі мақал-мәтелдер белгілі бір халықтың, белгілі бір дәуірдегі тіршілік-тынысынан хабар беретін тарихи факторлар.

Аудармада мұндай факторларға мән бермеуге болмайды. "Фома Гордеевтегі" фразеологизмдердің біразын қазақ тұрмысына тән *тайлақ, бұзау, қой, түйе* т.б. сөздеріне байланысты туған мақал-мәтелдерімен аудару ұшырасады. Көп жағдайда бұл тәсіл оқушыны түпнұсқадан аулақтататын тәсіл. Біздің көптеген мақал-мәтелдеріміз, фразеологиялық тіркестеріміз мал шаруашылығына байланысты жасалған. Аудармашының бұларды кез келген жерге кіріктіріп жіберуіне бейім тұруы осының әсері. Мына мысалдардан осыны байқауға болады.

"Фома посмотрел на нее и подумал: *"смирная какая при отце-то"* (стр. 136).

"Фома оған көз жіберді де: әкесі отырған жерде *қойдан қоңыр момақан бола қалатыны-ай* осының ...деп ойлады" (145-б.).

Мұндағы "смирная" деген жалғыз сөзді аудармашы "қойдан қоңыр момақан бола қалатыны-ай" деп берген. Сөйлемді түгел тексерсек бұдан бетер жәйттерге тап боламыз.

"...Это она тебе всю зиму *за нос водила*? Ну но-ос! Ах она, *стервоза*!" (стр. 116).

"... Ұлан қыстай сені *мұрнын тескен тайлақтай* жетелеп келгені сол екен ғой! О, меңіреу! Қап, ана *бетпақты-ай*!"

Аудармада Маякин Фоманы тайлаққа теңейді. Әрине, Фоманың София Мединскаяға соншама еліктегенін бұл теңеуде соншама айқын беріп тұр. Бірақ оның аударма екені байқалмайды. Кәдімгі "тайлақ мінген Тәңірбергендердің" бірі ме деп қалуыңыз да ғажап емес. Аударма әрі шебер, әрі аударма екені көрініп тұруы керек. Олай болса, Фоманың бұл жерде тайлақ сияқты болуының реті жоқ. Сондай-ақ Я. Маякиннің А. Шуров туралы *"поехала кума, неведомо куда!"* деп мысқылдай сөйлеуін *"мал құлағы саңырау, есті көрме тәңір-ау!"* деп аударуы да сәтсіз деп есептейміз.

Болмаса, мына бір мысалды қараңыз: *"или всех грызи, иль лежи в грязи"* (стр. 111). Бұл Маякиннің болашақ күйеу баласын баулып отырған шағы. Қазақша былай болып шыққан: *"алпыс күн атан болғанша, алты күн бура бол"* деген (117-б.). Бұл балама мүлде келмейді. Бірақ бұл *"а слона-то не приметил"* дегенмен бара-бар емес. Мұны кейбір аудармашылар *"Көрмес, түйені де көрмес"* деп алудың орнына, пілден айрылып қаламыз деген мақсатпен күлкілі жағдайға душар боп жүрген жайы бар. Ал мынау мысалға "атан" мен "бураны" тықпалаудың жөні жоқ. Маякиннің атан мен бурада шаруасы қанша. Олай болса, мұның мәнін басқаша беру керек. Мәселен *"не бәрін құрт, не бар да батпаққа бат"* деген сияқты.

Эквивалентін іздестірмей-ақ әбден аударуға болатын фразеологизмдер де молшылық. Мысалы: "И что она любит *чужими руками жар загребать* тоже все знают" (стр. 112). Мұны былай берген: "Басқаның есебінен өз құлқынын түгендеуге үйір екені де мәлім" (112-б.). Аудармашы бұл фразаның жалпы мағынасын ғана алған. Бұл аударма емес. Түпнұсқаға ұқсас бір вариант сияқты. Онда да оңып тұрғаны шамалы. Осыны дәл, яғни компоненттерін түгел аударып, әрі ауыспалы мағынасын сол қалпында әсерлі жеткізуге болар еді. *"Басқаның қолымен от көсеуді ұнатады"* десе, әлдеқайда ұтымды. Дәл осы сияқты *"горе заставит — бык соловьем запоет"* дегенді *"басқа түссе баспақшыл"* деп бергеннен гөрі *"басқа түссе — бұқа бұлбұлша сайрайды"* деп аударғанның өзі абзал. Не болмаса *"надо клин клином вышибать"* деген фразеологизмді *"қардың басын қар алар"* деп алғаннан гөрі *"сынаны сынамен қағып түсірер болар"* сияқты етіп аударса еш нәрседен ұтылмайтын тәріздіміз. Көріп отырсыздар, басқа тілдегі фразеологизм, мақал-мәтелдерді аудару арқылы ана тіліміздің қорын байытуға, кемеліне келтіруге әбден болады екен. Жоғарыдағы нақыл сөздердің аудармасын біз көрсеткендей етіп алса, ана тіліміздің мүмкіндігі мол екенін танытар еді. Осы сияқты бірнеше фразеологизмдердің үлгісін көрсетейік. *"Заруби себе на носу"* — "есіңде болсын" дегеннен гөрі *"құлағыңа құйып ал"* деген эквивалентін берсе орынды.

"Кашу слопал — чашку о пол" — "күл болмаса, бұл болсын" емес, *"асыңды ішейін, аяғыңа..."* деген тәрізді. *"Ты в грехе, ты и в ответе..."* — "күнә кімдікі болса, жауап сонікі" емес. Бұл аударылған нақыл, бірақ түп-түгел орысша. Қазақ бұлай айтпайды. *"Өзің күнәлісің, өзің жауап бер"* десе де икемге келер ме еді бәлкім.

Аудармашы біраз фразеологизмдердің *"шляпасын шыр айналдырып"* жіберуге әуес; *"Она тебя образует"* дегенді де, *"вокруг пальца обернул"* деген фразеологизмдерді де *"шляпасын шыр айналдыру"* деп береді. Бұл "шляпаның" келмейтінін өзіңіз де байқап отырсыз. Әрқайсысын өзінің мән-мағынасына орай бөлек аударуға болады ғой. *"Старый ведь вы человекті"* *"пайғамбар жасындағы адамсыз"* деп шатастырудың қандай орны бар.

"Фома Гордеев" повесінің қазақша вариантынан байқаған жәйттердің түрі осылай. Бізде не жетістігін, не кемшілігін баса көрсетейін деген мақсат болған

жоқ. Бар болса, екеуін де қабат, қатар алып қарастыруға тырыстық. Кейіпкерлердің бейнесін жасауда айрықша рөл атқаратын, жазушы тілінің шешендігін байқататын тілдік факторлардың ана тіліне берілу сапасын бүгінгі ғылыми көзқарас негізінен талдап көрдік. Повестегі фразеологизмдерді барынша қамтып, олардың әртүрлі сапада, әртүрлі әдіспен аударылғанын айттық. Бұдан шығатын қорытынды аудармашы екі тілді бірдей жетік білумен қатар, білімпаз болуы керек. Ал повестің аударма тілі бүгінгі сөйлеу, жазу тіліміздің деңгейін танытады, әрі орыс тілінің әсерімен жасалған жаңа обороттар, тіркестер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер аудармашының тапқырлығын көрсетеді.

Сонымен, жоғарыда сөз болған мысалдардан мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді аударуға болатынын көрдік. Оның бірнеше жолы бар екен. Әрине, мұның бәрі аударма сияқты азабы мен қызығы мол істе дөп келе бермеуі мүмкін. Түпнұсқаның бәрі біз айтқан үш тәсіл төңірегіне кеп түйісе береді. Қалай дегенде де аудармада түпнұсқадағы кестелі сөздерді келісімді етіп беруге әбден болады.

Дәл осы тектес мысалдарды ертелі-кеш қазақ тіліне аударылған басқа да шығармалардан алып талдап беруге болады. Біз ондай жағдайда көбінесе қайталауға ұрынатын болғандықтан, әрбір шығармадан терілген мысалдарды жеке-жеке әңгімелеуден қашынқырап, келесі еңбекте оларды қосымша ретінде бермек боп отырмыз. Онда бар факті белгілі бір жүйеге түсіріліп, сараланады.

Ендігі жердегі көркем туындыда тарихи ұлы бейнені жасауға жаратылған фразеологизмдерді қазақ тіліне аударудың тәжірибелері талданады. Бұған дейін фразеологизмдердің біртұтас туындыдағы жайы зерттелді.

В. И. Ленин образын жасауда қолданылған бейнелеуіш құралдардың аударылуы

Аударма әдебиеттегі В.И.Ленин бейнесін сөз еткенде, біз оны ең алдымен түпнұсқа әдебиеттің өзімен тығыз байланыста қарауымыз керек. Өйткені аудармада әңгіме болатын жай — сол образды жасауда автор қандай стильдік тәсілдерге барып, тілдік материалды қандай дәрежеде іске жарата алды деген мәселелердің екінші бір тілдегі көрінісі. Бұл тұста аударылатын екінші тілдің бар қасиеті сарапқа түсіп, ішкі мүмкіндіктері аршылмақ. Сонда аудармашы ұстанатын басты мақсат — мазмұн мен форманың бірлігі, тұтастығы. Мазмұн дегеніміз белгілі бір шығарманың баян етілетін ойы, ал форма дегеніміз сол ойдың тіл құралдарымен өрнектелуі, оқушыға жеткізілуі. Ендеше бұлардың бірінсіз-бірін сөз ету мүмкін емес. Негізгі мәселеге барар жолда көңілге түйіп алатын бір жай осы.

Орыс тілінде жасалған көсем образының қазақ тіліндегі көрінісі — ауқымы кең күрделі мәселенің бірі. Оның сан түрлі тармағы сала-салаға жіктеліп талданғаны жөн. Көсем жайында жазылған шығарма орыс тілінде біраз бар. Оның қазақ тіліне аударылғаны да ғылыми тұрғыдан зерттеу үшін жетерлік. Әрине, соның бәрін талдап шығу мүмкін де емес.

Владимир Ильичтің аударма әдебиетіндегі образын сөз еткенде әңгімені ең алдымен орыс және қазақ әдебиетіндегі алғашқы тәжірибеден бастауға тура келеді. Жер жүзі еңбекшілерінің көсемі Лениннің әдебиеттегі бейнесін жасау оңай мәселе емес. Қиындығы — ұлы адамның ұлы істерінің шағын шығарма аясына сия бермейтіндігінде.

Сондықтан Владимир Ильичпен үзеңгілес тірлік еткен дарын иелерінің бұл мәселеде алдымен қалам тартуын ерлікке саюға болады. Бұл аса күрделі проблеманы шешу тәсілдері қилы-қилы. Жазушыларға жеңілдік тигізген жайлар да болған. Ол — көсемнің

аңызға айналған кәдімгі табиғи бейнесі мен нақты іс-әрекеттері еді. Көсем бейнесін жасауда айрықша үлгі болған — М.Горький, В.Маяковский, Д.Бедный т. б. Бұл жазушылардың Ленин жайындағы еңбектері 20-жылдардан аударыла бастаған. Содан бергі көркем шығармалардағы бейнелеу тәсілдерін талдап қарасақ, тіліміз бен әдебиетіміздің даму барысын танытатын талай белестерді аңғарамыз.

Өзге туыс халықтар сияқты қазақ елінің жазушылары да Ленин бейнесін жасауда ең алдымен орыс әдебиетінің тәжірибесіне иек артқаны белгілі. Ленин бейнесін жасауда қазақ әдебиетіне игі әсерін тигізген жазушы М. Горький. Оның "В.И.Ленин" деп аталатын очеркі көсемнің бейнесін берудегі алғашқы үлгілердің бірі. Горький мұнда өз көзімен көріп, куә болған жайттарды жазушылық жалынмен баяндайды. Көсемнің жанды бейнесін айны-қатесіз көз алдыңызға келтіруге тырысады. Кезінде бұл очерк көптеген жас жазушылар үшін де таптырмайтын үлгі болған. Бұл шығарма қазақ тіліне екі рет аударылды. Алғашқысы 1935 жылы жарық көрді. Кейінгісі 1968 жылы А.Байтанаевтың аударуымен оқырман қолына тиді. Біз бұл аудармалардан көсем бейнесін танумен бірге ана тіліміздің бай қазынасында ежелден бар, бірақ көп аса қызу қолданысқа түсе бермейтін сөздеріміздің әрқилы жаңа мағыналық қызметтерге ие болып, қазақ тілінің дамуына септігін тигізгенін де білеміз. Осыған қарағанда, сөздердің қосымша мағыналары, әсіресе, аудармаларда ерекше қызмет атқарады. Соның айқын бір мысалын "В.И.Лениннің" аудармасынан көреміз.

Мұнда М. Горький Лениннің кәдімгі табиғи тұлғасын әңгімелеумен бірге, оның көркем образын жасауға тырысқан. Бұл очеркте ұлы жазушы әрі тарихшы, әрі суреткер ретінде көрінеді. Алғашқыда бұл очерк "Адам" ("Человек") деп аталған болатын. Жазушы адамның ұлылығын, оның даналығын суреттеуді мақсат етіп қояды. Бұл мақсат очеркте шебер шешілген. Ол Владимир Ильичті "Есімі ұлы әріппен жазылатын адам" дейді. Горький мұндай қорытындыға 1903 жылы келеді. Нағыз адамдар дегенде ол Ленин бастаған большевиктерге тоқтайды. Сондықтан да ол партияның Лондонда өткен V съезі жайлы әсерін Венгеровқа былай деп жазған: "Русский революционер — со всеми его недостатками — феномен, равного которому по красоте духовной, по силе любви к миру — я не знаю".

Сонымен очерктің өзегі — орыс революционерлерінің жан дүниесінің сұлулығы және өмірге құштарлығы. М.Горький Ленин бейнесін жасауда орыстың бай тіл қазынасын, нақыл сөздерін, фразеологиялық тіркестерді, мақал-мәтелдерді мол пайдаланған. Ендеше М.Горький қолданған тілдік құралдардың қазақ тіліне мейлінше дәл аударылуы Ленин образын жасаудың ең басты шарты болса керек.

Екі аударманың арасы ширек ғасыр. Ал біздің советтік өміріміз үшін ширек ғасыр үлкен мерзім. Бұл мерзім ішінде еліміз әлуетті мемлекетке айналды. Талай тарихи оқиғаларды бастан кешірді. Соған қарамастан экономикасы, мәдениеті өркен жайды. Әсіресе, ғылым саласындағы табысымызды бір мақала көлемінде таратып айту мүлде қиын. Филологияның бір тармағы боп есептелетін аударма ғылымы да кейінгі отыз-қырық жыл ішінде өзінің негізгі проблемалық мәселелерін түбегейлі зерттей бастағаны мәлім. "В.И.Ленин" алғашқы аударылған 30-жылдарда әлі де болса еркін және сөзбе-сөз аударманың дәуірлеп тұрған кезі болатын. Қандай бір көркем туынды болмасын аудармалар кейде көп сөзбен түсіндіріліңкіреп, кейде түпнұсқаның кейбір тұсын тастап жүре беретін мысалдар жиі ұшырайтын. Белгілі бір кезеңнің ізі бұл. Соған қарамастан "В.И.Лениннің" 1935 жылғы аудармасынан біз мейлінше дәл аударуға тырысқандықты байқаймыз. Жеке сөздерді, сөз тіркестерін сөйлемде орналастыру жағынан 1968 жылғы аудармамен арада

аздаған алшақтықтар да кездеседі. Ол түсінікті нәрсе. Уақыт ілгері жылжыған сайын ана тіліміздің арқалар жүгі ауырлай түсуде. Соған орай белгілі бір мағынада ғана жұмсалатын сөздеріміздің қолданылу аясы кеңейіп, әрқилы қызмет атқармақ.

М.Горькийдің бұл туындысының алғашқы қазақшалануы сол кезеңнің ортақ заңдылығынан сәл де болса тыс тәсілмен аударылған деп айтуға болар еді. Өйткені түпнұсқаның бар қасиетін, яғни аударма теориясының бүгінгі терминімен айтқанда, мазмұн мен форманы тұтас қалпында жеткізуге тырысқан.

Көсемнің бейнесін жасауға М.Горький әр алуан халықтық нақылдарды, жеке сөздерді барынша еркін әрі мол пайдаланған. Ол бірде Лениннің өзін сөйлетсе, бірде өзгелерді сөйлетеді, көбінесе өзі араласып, көсем көз алдыңызда тұрғандай суреттеп, әңгіме шертіп кетеді.

М.Горький Ленин туралы әңгімесін совет еліне қарсы адамдардың көсем ұлылығын лажсыз, бірақ адал мойындау сөзімен бастайды. "Даже некоторые из стана врагов *его честно признают:* в лице Ленина мир потерял человека, который среди всех современных ему великих людей наиболее ярко *воплощал в себе гениальность".* Осы сөйлемнің қазақша екі варианты мынадай:

"Лениннің қайсыбір дұшпандары да оны *дұрыс таниды:* "Ленин өзімен тұстас ұлы адамдардың ішінде, әсіресе *кемеңгер еді,* басқалардан оның *мойны озық еді",* сол адамнан дүниежүзі қазір айырылып отыр (1935).

"Тіпті, жаулар тобындағы кейбір адамдар да: Лениннің қайтыс болуымен дүние, "өзімен замандас барлық ұлы адамдардың ішіндегі *асқан данышпан адамнан"* айырылды деп *шын мойындады".*

Осындағы курсивпен берілген тіркестерге назар аударалық. Жалпы бұл күрделі сөйлемнің бар құрамын екі аударма да түгел беруге тырысқан. Мәселе сөйлемнің үтір мен нүктесіне дейін берілуінде ғана ма? Жоқ. Белгілі бір тиянақты ойды білдіріп тұрған сөйлемнің негізгі элементтерінің қалай аударылуы алдымен еленуге тиіс. Негізгі элементтер деп отырғанымыз осы сөйлемдегі "честно признают", "в лице Ленина", "воплощал в себе гениальность" тәрізді қазақ тілінің табиғатына тосындау тіркестер. Бұлар сөйлемнің, жазушы ойының жұлыны десе де болар еді. Ленин образын жасауда айрықша рөл атқарған осы тектес мағыналық топтар. Ендеше бұлардың барынша дәл аударылуы қажеттігін айтып жатудың жөні жоқ. 1935 жылғыда "дұрыс таниды" делінсе, А.Байтанаев "шын мойындадыны" қалайды. Дәл осы мысалдан-ақ біз орыс тілі мен қазақ тілі сөздерінің тіркесу қабілеті бөлекше екенін аңғарамыз. Және бұларды аудармашылардың қабілетіне қарай әртүрлі тілдік формалармен беруге болатынын көріп отырмыз. Яғни әр тілдің стильдік өрнектері де әртүрлі.

Қандай тілде де "воплощение" сықылды мағынасы кең сөздер кездеседі. Ондай сөздердің мағынасын екінші тілде бір сөзбен жеткізу өте қиын. Мына екі аудармашының да "кемеңгер еді", "мойны озық еді", "асқан данышпан" деп құбылуы тегін емес. Әлгі "воплощениенің" қуатын, әсерін беремін деген талаптан туған әрекет. Ал сонда "воплощал в себе гениальность" дегенді қазақша қалай айтуға болады? Бұл етістік даналықтың жиынтық мәнін білдіргендей. Яғни данышпандыққа қойылар талаптың бәрі — В. И. Лениннің бір басынан табылады деген сөз бұл. Екі аударманың дұрыс-бұрыстығын айтудан гөрі советтік дәуірдің әр кезеңінде көсем бейнесін жасауға қатыстырылған сөздер мен сөз тіркестері және сөйлем құрудың табиғатын талдауды ғана мақсат етіп отырғандықтан бұл жағына тереңдемейміз. Талдама сыры осы тұрғыдан ғана түсінілуге тиіс.

Ал "честно признаюттың" табиғаты да қазақша қызықтау шыққан. Бірі "таниды"

десе, онда да дұрыс деген сөзді қосады, екіншісі "мойындатады", мойындатқанда "шын мойындатады". Екі аудармашының да жағдайын түсінеміз. Бұл жердегі "честно признают" әрі "тану", әрі "мойындау" деген ұғымды береді. Екеуі де аударма тілінің даму іздерін танытатын тіркес. Қазір "шын мойындады" тәрізді тіркестер күнделікті әдеби тілімізде кеңінен қолданылатын формаларға айналғаны мәлім.

"В лице Ленина" деген тіркесті аудару тіпті қиын. 1935 жылғы аудармада "сол адамнан", 1968 жылғыда "Лениннің қайтыс болуымен" деген тіркес арқылы берілген. Соңғысынан тіліміздің кейінгі жылдардағы даму өрісін көруге болады. Алғашқы вариантта шығыс септігі формасында байланысқа түссе, соңғысында "қайтыс болуымен" дегендегі "болу-ы-мен" сөзі тәуелдік жалғауы және көмектес септігінің көмегімен "В лице Ленина" деген тіркестің берер мәні жеткізіліп тұр. Бұдан біз орыс тілінде белгілі бір формада айтылған ойды қазақ тіліне (ішкі заңдылықтарына орай) әркилы беруге болатынын көреміз.

Лениннің көркем әдебиеттегі бейнесін жасау қиын екенін М. Горький былай түсіндіреді:

"Писать его портрет — трудно. Ленин внешне, весь в словах, *как рыба в чешуе"* дейді. Тап осы екі сөйлем көйлегі де қызық пішілген. "Оның суретін жазу қиын. Сөзіне қарағанда Ленин *судағы балық сықылды"* (1935).

"Оның бейнесін суреттеп жазу қиын: Лениннің сыртқы пішінін оның жалынды сөзінен ажыратуға болмайды" (1968).

Бұл мысалдан да, біз әрбір кезеңнің тіл дамуында қалдырған белгісін байқаймыз. Алдыңғысында аудармашы "писать", "портрет" деген сөздердің байланысқа түспей, жеке-дара тұрғанда беретін мағынасын алған (жазу, сурет). Яғни ол кезде кейбір сөздеріміздің қосымша қызметі айқындалмаған кезі болатын. Көркем әдебиетте қолданылып жүрген осы сықылды сөздер келе-келе "суреттеу", "бейнелеу" болып құбыла бастады. 1968 жылғы аудармадағы "оның бейнесін суреттеп жазу қиын" осының мысалы. Келесі сөйлемнің қазақша құбылуы да қызық. "Сөзіне қарағанда, Ленин судағы балық сияқты". Мұндағы аудармашыны қинайтын тіркес "как рыба в чешуе".

Аудармашы "адалдығынан" балықтан шыға алмай отыр. Бұл сөйлем арқылы да тіліміздің бір кездегі тіркесу қабілетін көреміз. Сөйлемнің құрылысы қазақша да, мағынасы орысша. Ал кейінгі аудармадағы түрі бүгінгі стильді танытады. Мұнда Лениннің портретін бейнелі жеткізуде үлкен рөл атқарып тұрған "как рыба в чешуе" выражениесін балықсыз беруге тырысқан.

Жалпы 1935 жылғы аудармадан біз барлық қиын фразалық тіркестердің, мақал-мәтелдердің дәл аудармасын беруге тырысушылықты байқаймыз. Ал 1968 жылғыда олардың қазақша варианты не эквиваленті беріліп отырады. Мәселен, "Это — ее вина будет, если мы *разобьем слишком много горшков"* дегенді 1935 жылғы аударма: "Біз *құмырашаны тым көбірек қиратып* жіберсек, бұл да сол зиялылардың кінәсы болады", — деп алса, А. Байтанаев: "Егер көбірек *бас жарылып, көз шыққа* біздің кінәмыз емес, олардың кінәсы", — дейді.

Көсемнің шешендігін дәлелдейтін мына мысалдарға зер салыңыз: "Но вот поспешно взошел на кафедру Владимир Ильич, картаво произнес "товарищи". Мне показалось, что он плохо говорит, но уже через минуту я, как и все, был *"поглощен его речью"*, Мұның қазақша екі варианты мынау: "Бір кезде асығыңқырап басып сөз сөйлейтін кафедраға Владимир Ильич шықты да тілі күрмеліңкіреп "жолдастар" деді. Мен оны жаман сөйлейді екен деп қалдым, бірақ жалғыз минуттан кейін оның сөзі *ұйытып алып кетті"* — "Мінекей, асыға басып

мінбеге Владимир Ильич шықты, тілін тістей сөйлеп "жолдастар" деуі маған тіпті сөйлей алмайтын адам сияқты көрініп еді, бірақ бір минуттен кейін-ақ отырған жұрттың бәрімен бірге мені де *әбден үйіріп әкетті".*

Тағы бірнеше мысал: "Проницателен и мудр был этот человек", *"в многой мудрости много печали"* — "**Ол батымды, данышпан адам еді, ал данышпандық көп жерде, қайғы да көп" — "данышпан адам еді ол", ал "асқан данышпандықта қайғы-қасірет те көп болады ғой";** *"картавит* и руки сунул куда-то под мышки, *стоит фертом"* — **"сөйлеуінде тіл ілгегі бар**, қолын қолтығына тығып алған, тұрысы да бір түрлі жобалғы, **өте жабайы көрінді" — "тілін тістеп сөйлейді**, екі қолын қолтығының астына сұғып жібереді, **өзі бір жағына ауықтау тұр**"; *"комическая поза";* — **"кісі күлетін келбет" — "қызық қылық"**; *"победоносно-петушиное"* — **"жеңу сипаты" — "қоразданып қыр көрсеткен"**; *"великое дитя окаянного мира сего"* —**"бұл дүниенің кемеңгер ұлы"—"антұрған дүниенің ұлы сәбиі**; *"принести себя в жертву"* — **"өзін-өзі азапқа салу" — "өзін құрбан етуге жеңген";** *"откуда он знает наши премудрости"* — **"ол біздің жұмыстарымызды біледі" — "ол біздің ісіміздің тетігін қайдан біліп жүр".**

Жоғарыдағы "проницателен", "стоит фертом", "победоносно-петушиное", "великое дитя", "окаянный мир", "поглощен", "комическая поза" тәрізді сөздер мен сөз тіркестері Лениннің қилы-қилы қылығын, қимыл-әрекетін танытатын Горький стиліне тән формалар. Бұларды беруде де екі тілдің мүмкіндігі мен аудармашылардың тіл меңгерудегі мүмкіндігін байқауға болады. Өйткені бұлар да орыс тілінің өзіне ғана тән тіркестер. Содан болар екі аудармашы да қазақ тілінің қорынан әрқилы сөздерді сұрыптаған. Бірі "батымды", "тұрысы жабайы — жобалғы", "жеңу сыпаты", "кемеңгер ұлы", "бұл дүниенің", "үйытып алып кетті", "кісі күлетін келбет" (мұның бәрін жоғарыдағы ретпен беріп отырмыз. — *Ө. А.)* десе, екіншісі "алғыр, өткір ойлы", "бір жағына ауықтау тұрады", "қоразданып қыр көрсету", "ұлы сәби", "антұрған дүние", "үйіріп әкетті", "қызық қылық" дейді.

Сонымен, бір ғана көркем туындының аудармасын сөз ету арқылы, біз ең алдымен Ленин образын жасауда М. Горький қолданған тілдік-стильдік тәсілдерді көрдік. Екіншіден, көсем бейнесін жасауға қазақ тілінің мүмкіндіктері де жетерлік екенін байқадық. Үшіншіден, сол мүмкіндік дегеннің өзі белгілі бір кезеңге және аудармашылардың шама-шарқына орай әрқилы болып келеді екен. Төртіншіден, аударма арқылы орыс тілінің қазақ тіліне тигізіп жатқан игі әсерін аңғаруға болады. Келтірілген мысалдардағы сөздердің тіркесуі сөйлем құрылысы, жаңадан жасалған баламалар — осы игі әсердің негізінде туып, қалыптасып келе жатқан дүниелер.

Аударма әдебиеттегі Владимир Ильич Лениннің образын жасаудың кейбір нұсқалары осындай. Бұдан Ленин бейнесі суреттелген көркем туындыларды аудару арқылы да, ана тіліміздің қауқарын байқап, стильдік мүмкіндіктерімізді байытуға болатынын көреміз. Ендеше ана тіліміздің асыл қазынасы аударма арқылы да молыға түсуде.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңда мәдени өміріміздің қай саласын алсаңыз да, оның аударма араласпаған, аударма қатыспаған түрін табу қиын. Ендеше дарқан мәдениетіміздің бір ұшы аудармаға ойысып жататыны ақиқат. Совет Одағында жүзден астам ұлт өмір сүреді. Ұлы Отанымыздың осы көп ұлттың құрамының өзі-ақ аударма атқарар тірліктің мән-маңызы қаншалықты екенін дәлелдесе керек.

Біз қазір марксизм-ленинизм классиктерінің теориялық еңбектерін, дүниежүзі мәдениетінің асқан үлгілерін өз ана тілімізде оқи алатын болсақ, мұны тек аудармаға байланысты, аударма ісінің дамуына байланысты қол жеткен табысымыз деп білеміз. Прогрестік мәні айырықша бұл процесс ең алдымен, негізінен, ұлы орыс тілі арқылы іске асып келеді. Қазір орыс тілінен аударылған сансыз дүниелерді қарап шықсақ, біз ғылым саласында да, көркем әдебиет саласында да жер шарында болған, болып отырған небір оқиғаларды оймен, көңіл көзінен көкейге түйе алар, сарапқа сала алар дәрежеде екенбіз.

Осыған қарағанда аударманың мәдени өмірден алатын орны айрықша. Біздің аударма мәселесін зерттеу объектімізге айналдыруымыздың бірінші себебі, міне, осы айтылған ақиқаттарға тікелей байланысты.

Белгілі бір ұлт әдебиеті мен тілінің даму дәрежесін, қалыптасқан қағидалары мен заңдылықтарын көрші елдің әдебиеті мен тіліне байланыстыра зерттеудің нәтижесі мол. Мәселен, қазақ әдебиеті мен әдеби тілінің бүгінгі деңгейге дейінгі өсу өрісін орыс тілі мен әдебиетіне байланыстыра зерттеудің ғылымдық маңызы бар.

Аударма, сонымен бірге, туған әдебиетіміздің эстетикалық мүмкіндіктерінің молаюына, әдеби тіліміздің әрлене, әшекейлене, әсемдене түсуіне әсер етеді. Көптеген тіл білімпаздарының, әдебиетші ғұламалардың зерттеулеріне қарағанда Белинскийдің осы пікірді айтқан уақытынан бері орыс тілі ең бай тілдердің біріне айналып отыр. Мұнда аударма әдебиеттің алатын үлесі ерекше.

1. Осы тұрғыдан қазақ әдебиетінің, ана тіліміздің өсу, өркендеу сипатына үңілер болсақ та, сан алуан аудармалар арқылы "адам ойларының қилы-қилы қатпарларын" қиыстырып беруде тіліміздің оралымдылығы, икемділігі күшейе түскенін байқау қиын емес. Сөйтіп біздің қазақ әдеби тілінің қалыпқа түсуі, дамуы, жетілуі аударма процесінің жолға қойылуына да тікелей байланысты деп айтуға әбден хақымыз бар.

Ал енді М.Горький творчествосына баруымыздың мынадай себептері бар. Халқымыздың әдеби, мәдени мұрасын сөз еткенде, біз советтік дәуірде жеткен нәтижелерді орыс халқының мәдени мұрасына байланыстыра бағалаймыз. Бүкіл көп ұлтты совет әдебиетінің қалыптасып, өркен жаюына Алексей Максимович қосқан үлес айрықша. Ол — социалистік реализм әдісін жасаушы. Социалистік заманада одан тағылым алып, үйренудің әрқилы арналы жолдары жасалды.

Мұның үстіне ұлы жазушы "көркем әдебиеттің бірінші элементі — тілге" өзгеше мән беріп, соның білгірлікпен ұстартылуын қатаң қадағалаған. Қайсыбір жас жазушы шығармаларының тіліне берген талдама-бағалары күні бүгінге дейін қаламгерлердің назарынан түспеуге тиісті шарттар.

М.Горький — халықтар достығының жаршысы. Ол неқилы заманаларды басынан кешірген, бірақ бірінің тірлігі жөнінде бірі бейхабар өмір сүріп келген халықтарды бір-біріне жақындастырудың алуан түрлі жолын іздеген гуманист. Сол елдерді біріне-бірін тереңірек таныстырудың ең асыл жолы — аударма деп түсінеді.

М.Горький — халықтар достығының дәнекері аударма мәселесіне айрықша мән берген жазушы. Ол совет үкіметінің алғашқы жылдарынан-ақ әр елдің рухани дүниесін бүкілхалықтық қазына ету мақсатымен аударманы жолға қояды. Бұл аса күрделі істің бүкілхалықтық сипатын, маңызын мейлінше жоғары бағалай отырып, М.Горький аударудың ғылымдық мәселелеріне бет бұрады. Аударма өнерінің негізгі принциптерінің жасалуын қадағалап, қағида-ережелерін қалыптастыруды қолға алады. Көркем шығарманың, әсіресе көркем аударманың тіліне айрықша мән беріп, үнемі бағыт-бағдар сілтеп отырғанын білеміз. Міне, сондықтан жалпы аударма мәселесінде, оның ішінде М.Горький творчествосының қазақ тіліндегі жағдайын объектіге айналдырып отырған біздер үшін жазушының мұндай ескертпелерінің маңызы бөлекше. Яғни аударма мәселесіндегі М.Горький көрсеткен жөн-жобаның бүгінгі аудармашы-зерттеушілердің практикалық және теориялық істерінде тигізер пайдасы мол деп білеміз.

2. М.Горький шығармаларының аудармасын тексергенде, бізге айқын болған бір нәрсе — жазушының қазақ елімен байланысы әріден басталатыны. Ол қазақ халқының рухани өмірін танытатын мұралармен революциядан бұрын-ақ таныс болған. Қазақтың бай фольклорын, тарихын, музыкасын жинаған орыс оқымыстыларының еңбегін жоғары бағалағаны байқалады. Тіпті Абай мен Ыбырай жөнінде де мағлұматы болғанын көреміз. Қазір осыны дәлелдейтін деректі материалдардың біразы бізге мәлім болып отыр. М.Горький аудармаларының тарихи мәнін, оның творчествосының басқа халықтармен рухани жарастығын анықтауда бұл фактілердің де қолқабысы мол болуға тиіс.

3. Қазақ совет әдебиетінің бүкіл болмысынан М.Горький дәстүрінің игі әсерін байқау қиын емес. Ол әсер әрбір жазушы талғамының табиғатына орай әрқилы ыңғайда көрінеді. Мұны қазақ совет жазушыларының көрнекті өкілдері — С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, С.Ерубаев т. б. өз айтқандарынан да айқын аңғарамыз.

Ендеше, біз бұдан, қазақ жазушыларының М.Горькийге, оның творчествосына деген ықыласының заңды құбылыс екенін байқаймыз. Социалистік заманның жаңа іс-әрекеттеріне лайықты қалам тартудың асқан үлгісін дүниежүзі классиктері, оның ішінде М.Горький арқылы бойына сіңірген суретшілер қазақ тілінің бай сөздік қорын жер қыртысын зерттеушілердей шарлайды. Сөз қадірін жоғары бағалап, тамаша туындылар берген жазушыларымыздың творчествосынан да М.Горький жасаған игі әсердің ізін анық көреміз. Сөйтіп М. Горькиймен рухани байланыс өмірдің өзі туғызған қажеттіліктен өрбіп, игі ісіміздің біріне айналған.

4. М.Горький шығармалары қазақ тіліне 20-жылдардың алғашқы жартысынан аударыла бастайды. Содан бергі аудармаларды сүзіп қарағанда, қазақ аударма өнерінің қалыптасу сыпатын танытатын әртүрлі ізденістерді, әртүрлі тәсілдерді байқадық. М.Горький творчествосын қазақша аударуға қатысқан аударма өнерінің қайраткерлерін танимыз. Олардың ішінде І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, т. б. сынды айтулы сөз шеберлерін, М.Қаратаев, С.Талжанов, Ы.Дүйсенбаев, т. б. сынды ғұламаларды, Қ.Сағындықов, К.Шәріпов, Ж.Алтайбаев, т. б. сияқты практик-журналистерді, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, Қ.Шаңғытбаев, С.Бақбергенов, А.Байтанаев, т. б. жазушыларды, М.Дәулетбаев, Н.Құлжанова, Р.Уәлиахметов, Ж.Қасыбаев, И.Бегалиев, Ф.Дінисламов, Ғ.Османов, т. б. сияқты аудармашыларды да көреміз. М.Горькийді аударуға қатысқан адамдардың жалпы саны қырыққа таяу. Бұлардың қай-қайсысының да қазақ әдебиеті мен тілінің алтын қорын байытуда, әсіресе аударма өнерінің ғылымдық негізде зерттеліп, өзіндік қағида

ережелер түзуде тигізген пайдасы аса зор. Тіпті атақты жазушыларымыздың қайсыбірі жазушылық өнерге М.Горький творчествосын ана тілімізге аудару арқылы машықтанған. Мәселен,Ғ.Мүсіреповтің жазушылық аренаға шығуының сыры бізге осыны аңғартады.

5. Аударма қиын өнер. М.Горькийдің аудармаларынан, аударудың әрқилы принциптері бой көрсетеді. Аударма өнерінің тарихында ертеден келе жатқан тәсіл — еркін аударма мен сөзбе-сөз аударманың да іздері бар... Бұл тәсілдің әрқайсысының өзіне ғана тән жемісі мен олқылықтары бар. Сонымен бірге аударма теориясының бүгінгі талабына сай жасалған реалистік туындылар да жоқ емес.

Бұл аудармалардан біз Горькийше, Горький кейіпкерлерінше сөйлеудің алуан түрлі сипатын байқаймыз. Азды-көпті кемшілігін ескермей есепке алғанда, М.Горький стилін, жазу мәнерін қазақ тіліне тәуір жеткізген аудармашылар деп Ғ.Мүсіреповті, С.Талжановты, М.Қаратаевты, Қ.Бекхожинді, Қ.Сағындықовты, Қ.Шаңғытбаевты, Ж.Алтайбаевты, Ә.Нұрпейісовті, Ф. Дінисламовты, т. б. көптеген қалам иелерін атап айтуға болады.

6. М.Горький шығармаларының қазақ тіліне аударылу жайы бір қарағанда жаман жүргізілмеген сияқты. Оны аудару тоқталған жоқ, тоқталмайды да. Ал сол аудармалардың сапасын салмақтайтын сын-зерттеу жұмыстарына келсек бұл жөніндегі деректердің мүлде мардымсыз екенін мойындаудан басқа амал жоқ. Осы олқылықтың орнын толтыруға біздің жұмысымыздың сәл де болса септігі бола ма деп отырмыз.

7. М.Горький аудармалары жөнінде жазылған мақалалар тіпті жоқ деп айту дұрыс бола қоймас еді. Сонау 30-жылдардың өзінде-ақ аударманың бүге-шігесін талдауға талаптанған әдебиет зерттеушілерін білеміз (Ә.Қоңыратбаев, Қ.Бекхожин). Бертіректе бой көрсеткен бірен-саран мақала (Ж.Бейсенбин, Е.Ғабдіров) болсын, әлгі әдебиетшілердің талдамасы болсын М.Горький шығармаларын аударудың өзіндік ерекшеліктерін, оның творчестволық тәсілдерін, кейіпкерлерін дараландырудағы сөз қолдану машығына тереңдей бермейді. Бұл мақалалардың көбі аудармада ескерілуге тиісті маңызды мәселелердің бірінің төңірегінде ғана әңгіме қозғайды. Ол — түпнұсқаның идеялық мазмұнының екінші тілдегі көрінісі. Бұл мақалаларды біз М.Горький шығармаларының аудармаларын саралаудағы кезеңнің талап-талғамына орай жазылған және уақытына қарай бағалануға тиісті мәліметтер ретінде ескеруге міндеттіміз.

8. Ал мәселенің екінші жағы — түпнұсқа тілі мен аударма тілінің жай-жапсары қазақ аударма ғылымында түбегейлі тексерілді деп айту ертерек. Мұны М.Горький шығармаларының аудармаларына байланысты тіпті айқын көреміз. Ендеше аудармада ең алдымен тілдік элементтерді салыстырмай, толыққанды творчестволық дүниенің құнын айыру қиын.

Осыған орай жалпы аударма теориясындағы мынадай үш түрлі бағытты байқауға болар еді. Біз мұны шартты түрде көрсетіп отырмыз. Біріншіден, аударманы әдебиеттану ғылымының зерттейтін объекті ретінде қарастыру (Кашкин, Брагинский, Росельс, т. б.); екіншіден, тіл білімінің объекті ретінде қарастыру (Федоров, Бархударов, т. т.); үшіншіден, жалпы филологияның объекті ретінде қарастыру (Гачечиладзе, Эткинд, т. т.).

9. Қазақ аударма ғылымында аражігі айқынырақ көрініп тұрған мұндай көзқарастарды ашып айтуға қиын. Тек мынаны ғана ескертеміз. Бізде аударманы күні бүгінге дейін көбіне жазушы, әдебиетші ғұламалар зерттеп келгендіктен бұл жөніндегі көзқарастар әдебиеттану ғылымының ыңғайына қарай бейімделе беретіні байқалады. Бұл саладан аударманың біраз мәселесі шешілді дегенмен де, оның

ғылыми проблемалары енді-енді жан-жақты зерттеу объектісіне айналып келеді. Ғылыми проблемалар дегенде, біз бұл жерде әдеби-лингвистикалық тұрғыдан тексерілуге тиісті мәселелерді мегзеп отырамыз.

10. Қазақ аударма ғылымының барысын қадағалағанымызда оны бірыңғай лингвистикалық тұрғыдан зерттеген еңбектер жоқ екен. Көркем аударманы (басқа түрі емес) тексергенде, не бірегей лингвистикалық зерттеумен кетуге, не бірыңғай әдебиеттану ғылымының тәсілдеріне салуға болмайтыны анық. Мұны әдеби лингвистикалық проблема есебінде қарастырған жөн. Міне, сондықтан да біз монографиялық зерттеуіміздің барысы көрсеткендей, соңғы комплексті зерттеу әдісін жақтайтын ғұламалардың пікірін аударма ғылымының бүгінгі талап-тілегіне сай туған дұрыс бағыт деп қараймыз.

11. Көркем аудармада фразеология мәселесі өте қиын да күрделі мәселенің бірінен саналады. Бұл проблеманы дұрыс шешудің бір жолы фразеологизмдердің табиғатын терең түсінуде жатыр. Оның түрлерін, соған орай көркем туындыда атқаратын қызметін жете ұғып алмай тұрып, екінші тілге аудару жөнінде сөз болуы мүмкін емес. Қазақ тілінде болсын, орыс тілінде болсын фразеологизмдердің зерттелу жайы бізді қанағаттандырады. Сол зерттеулердің нәтижесінде аудармашыларға, аударманы қарастырушыларға аса қажет мәселелердің беті ашылған. Көркем шығарманың өн бойында әрқилы қызметте жұмсалатын фразеологизмдерді дұрыс аудару үшін, аудармашының стильдік өңі айқын, мұндай тілдік категорияларды жете зерттеген еңбектердің болғаны абзал.

Қазақ тілі мамандары фразеологизмдерді аударудың жай-жапсарына бірсыпыра уақыттардан бері-ақ көңіл бөліп келеді. Біз бұл істе сонау 30-жылдардың бастапқы кезеңінде айтылған проф. Қ.Жұбанов пікірлерінің айрықша ғылыми мәні бар деп білеміз. Мәселен, марксизм классиктері аудармасының тілі жайындағы С.Аманжоловтың зерттеулеріне жасаған редактордың ескертпелерінде ол фразеологизмдерді аударудағы кейбір олқылықтарды былайша атап көрсетеді. "...образные выражения незнакомые читателям перевода, можно и должно заменить соответствующими образными же выражениями, выработанными на казахской почве". Мы считаем совершенно непростительным для Самойловича А. М. такие переводы на русский язык как "заставить жаворонка нести яйца на овце" или как "ясно как то, что на жеребенка положили тавро". Дело в том, что тут мы имеем дело с идиоматической фразеологией и так называемыми "крылатыми словами", значения которых непередаваемы переводом отдельных слов, из которых они состоят. Следовало бы объяснить значение фразеологии в целом".

12. Ең алдымен фразеологизмдерді екі топқа бөліп қарап, олардың аудармасын соған орай тексеру қажет. Біріншіден, мағынасы жағынан жеке сөздер мен сөз тіркесіне бара-бар фразеологизмдер. Бұларға жататындар — идиомдар. Екіншіден, синтаксистік құрамы біртұтас, тиянақты аяқталған ойды білдіретін фразеологизмдер. Яғни мақалдар мен мәтелдер және басқа түрлері. Бұлай бөліп қарауда мән бар. Зерттеу нәтижесі байқатқандай, фразеологизмдердің бұл екі түрінің аударылғыштық сипаты осылай бөлек қарауды талап етеді.

Сайып келгенде, біз идиомдар жөнінде күні бүгінге дейін жалғасып жатқан пікірлерден сәл басқаша қорытындыға келдік. Идиомдарды аударуға болады және аудару қажет деп санаймыз. Әрбір жазушының әрбір шығармасындағы идиомдардың қолданылу өрісінің өзі аударудың тәсілін көрсетеді. Мұны калька жолымен, эквивалент-балама арқылы беру қажет.

13. Ал мақал-мәтелдердің жайы басқашарақ. Бұларды аударуда тәжірибеде сыналған үш түрлі жолы барын байқаймыз. М.Горький шығармаларының аудармаларынан да біз осы үш түрлі жолдың әрқилы көрінісін анықтадық.

Бірінші жол. Фразеологизмдердің мазмұны мен формасы, тіпті экспрессивті-эмоциялық әсері де түгел жеткізіледі. Басқаша айтқанда, фразеологизмдердің заттық бейнелі мағынасы толық сақталады.

Екінші жол. Фразеологизмдердің мазмұны толық жеткізілгенмен, лексика-грамматикалық құрылысында аздаған өзгерістер жасалады. Яғни мұның заттық-бейнелі мағынасы жартылай сақталады.

Үшінші жол. Халықтар өміріндегі ұқсас тіршілік пен құбылыстар нәтижесінде жасалған мақал-мәтелдерді бір-біріне дайын балама ретінде пайдалануға болады. Мұндай лексика-семантикалық топтар қай халықта да жетерлік. Тек соны таба білу керек.

14. Бұл тәсілдердің ешқайсына да салуға көне бермейтін біраз мақал-мәтелдер бар. Олар — ұлттық бояуы айқын фразеологизмдер. Бұлар аударылса ұлттық ажарынан айырылады, аудармауға тағы болмайды. Осындай өзгешелігі жағынан бұлар идиомдарға келетін тәрізді. М.Горький аудармашылары мұның да әрқилы амалын қарастырған. Негізінен орыс тілінің небір қиын обороттарын да аударуға болатынын олар қазақ тілінің материалы арқылы дәлелдеуге тырысады.

15. М.Горький фразеологизмдерін аудару үшін алдымен, олардың шығармаларындағы қолданылу өрісін, көлемін, түрін, мақсатын анықтап алу қажет. Өйткені фразеологизмдер жазушының негізгі мақсатына орай стильдік қызмет атқарды. Ендеше жазушының стилистикалық мақсатына орай олардың аудармасын қарастырған жөн.

16. М.Горький фразеологизмдерді кейіпкерлер образын дараландыру үшін қолданады. Бұл қолданыстың мынадай түрлерін атап көрсетеміз. Ол халықтың қарапайым нақыл сөздерін кейде өзгертпей сол күйінде алса, кейде кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқына байланысты неше саққа салып өзгертіп, құлпырта қолданады. Олардың лексика-грамматикалық құрылысына өзгерістер енгізеді. Ал енді бір сәтте Горький геройлары халықтық фразеологизмдерге бергісіз мүлде жаңа афоризмдермен сөйлеп кетеді. Мұның бәрінің сыр-сыпатын айырып, эмоциялық-эстетикалық әсерін білу оңай емес. Аудармалардан байқауымызша, мұндай тұстарды жеткізуге қазақ тілінің мүмкіндігі мол екен. Соларды аудару арқылы тіліміздің экспрессивті-эмоциялық мүмкіндігі аршыла түсті. Көптеген сөздеріміз жаңа мағыналық реңкке көшіп, стилистикалық өрісі кеңейді.

17. М.Горький қолданған әр алуан фразеологизмдерді аудару арқылы, оларға балама іздеу арқылы ана тіліміз даналық сөздер қорының қатарын молайтты. Қаламгерлеріміз осылар арқылы да бейнелеу құралын күшейтті. М.Горький шығармаларындағы нақыл сөздерді аударудың осылай бірте-бірте семантикалық жүйесі жасалады.

18. М.Горький творчествосына тән ерекшеліктерді саралағанымызда жазушының өзіндік өзгешелігін айрықша танытатын тілдік құбылыстары мол екенін, оларды қазақ тіліне аударуда ана тіліміздің де мүмкіндігі жетерлік екенін байқадық. Бұл жерде тек фразеологизмдердің әрбір шығармадағы стилистикалық қызметін айқындап алған жөн. Бұл аудармалар қазақ тілінің мәдениетін арттыруда үлкен рөл атқарды.

19. Алайда аудармалардың бәрі бірдей үлгі тұтарлық дәрежеде емес. Біз тексеріп отырған нақты мәселенің өзін жеткізуде де толып жатқан олқылықтар кеткен. Сондықтан аудармалардың біразын қайта қолға алып, бүгінгі талғам таразысына лайықты қайта жасау қажет.

20. Әрбір аударма — өз кезеңінің жемісі. Оның әрқайсысында автор стиліне қоса аударылған кезеңнің, аудармашылардың тіл ерекшеліктері мен стилі көрінеді. Олай болса, М. Горькийдің тіл, стиль ерекшеліктерін аударушылар әрқилы түсініп, әрқилы жеткізуге тырысады.

21. М. Горький фразеологизмдерін тексеру арқылы бұларды аудару мәселесінде екі тілді фразеологиялық сөздіктің аса қажет екені байқалады.

V

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

НАУЧНЫЕ СТАТЬИ



Бұл бөлімге ғалымның қазақ терминологиясы, фразеологиясы, аударма мен ғылым тілі өр жылдары жазылған мақалалары топтастырылып отыр.

В этот раздел собраны статьи ученого, написанные в разные годы, по казахской терминологии, фразеологии, переводам и проблемам научного языка.

ТЕРМИНЖАСАМ МЕН ОНЫ РЕТТЕУДІҢ МӘДЕНИЕТІ ХАҚЫНДА

Қазақ әдеби тілі әр алуан лексикалық арналардан құралатынын лингвист-ғалымдарымыздың көбі мойындайды [1]. Бірақ оны қазбалап зерттеп, қадағалап қарастырып, әрқайсысына тән өзгеше сипатын тануда істелетін жұмыс әлі де көп. Сол тарамдана толысып, сөз байлығын молайтып жатқан салалардың мүмкіншілігі мен ауқымын анықтап алмай тұрып әдеби тіл жайында әңгіме қозғау қиын. Неге десеңіз, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер әсерінен, тілде де әрқилы құбылыстар болып жататынын біздің бүгінгі өмір дәлелдеп отыр. Әсіресе ғылымның, техника, өнердің т.т. тарихта бұрын-соңды болмаған сапада жандануына байланысты ана тіліміздің қолданыс өрісі кеңейіп, әлеуметтік мәні арта түскені мәлім. Осы тұрғыдан алып қарағанда, әдеби тіл ауқымын аумақтандырып, оның ғылыми өрісін нақтыландырып отырған терминологиялық лексиканың жөні мүлде бөлек.

Тіліміз дамыды, жетілді, қызметі артты дегенде, ойға алдымен оралар арналардың бірі – осы термин сөздер жүйесі. Қазақ тілі терминологиясының мәселелері түбегейлі зерттеліп, салалары сараланып бітті деп әзір айта алмаймыз. Тіпті, керек десеңіз, термин деген сөздің өзінің мән-мағынасын түсіндіруде әлі күнге ала-құлалық кездеседі. Мұның бер жағында әрбір ғылым саласының өзіне тән терминдер жүйесін тұрақтандырып, сұрыптауға байланысты қарастырар қаншама әңгіме бар.

Ғылыми түсініктеме беретін көптеген сөздіктер мен сұраулық, сондай-ақ осы саланы қазбалап қарастырып жүрген мамандар пікіріне жүгінсек, бұл сөздің түп-төркіні латын тіліне барып тіреледі екен. Әдепкіде "шек", "шекара" деген мағынаны білдіріпті. Олай болса, терминдер басқа сөздердің барлығынан өзіне ғана тән шектеулі мағыналық сипатымен ерекшеленеді. Талап бойынша ол контексте осы қасиетін бұзбай сақтауға тиіс. Қай ғылымның саласында қандай мағынасы тұрақталса, сол бір ғана мағына қатып ұсталуы керек. Қолданыстың ыңғайына қарай сан құбылып, әр алуан өріс ашатын өзге сөздер бойындағы құбылмалылық бұларға жат. Яғни сөз мағынасының дәлдігі, жалқылығы, нақтылығы және тұрақтылығы терминдердің басты белгілері, міне, осы тектес.

Олар құрамы, құрылысы жағынан түрлі болып келе береді: жеке сөз, сөз тіркесі немесе біріккен сөз т.с.с. Термин сөздердің өзіне тән тағы бір қасиеті сол, олардың көбі қолдан жасалады, не өзге тілдерден аударылады, не сол бөгде тұлғадағы күйі өзгеріссіз сақталып қабылданады, не өзі келер тіл заңына бағына бейімделеді. Тілдегі байырғы сөздерге терминдік мағына телініп, жаңа қызметте жүмсалып жатқан сөздер қаншама (А.Байтұрсынұлы). Терминдік мағына теліну деп отырғанымыз мағынасы көмескілеу кейбір сөздерге қосымша қызмет жүктеп, оларды бұрынғы қолданыс дағдымызда онша белсенділік таныта қоймаған, жекедара мағынада қолдану деген сөз. Екі сөзді біріктіру арқылы жасалған терминдер де тілімізде жетерлік. Бұлар осылайша тәртіп сақтап жүйелі сөзжасамға айналады. Яғни терминжасам жүйесіне айналады.

Термин жасауда жалғау, жұрнақтардың рөлі зор (анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, етістік, есімдік т.т.). Сондай-ақ, сөздерді тіркестіріп барып, оларға терминдік сипат беру (зат есім, сын есім, сан есім, сөз тіркесі, жақты сөйлем, жақсыз сөйлем т.т.) болып табылады. Мұның бәрі негізінен ұлттық тіліміздің өз сөз байлығын сарапқа салу нәтижесінде өріс алған тілдік құбылыс. Яғни бұл А.Байтұрсынұлы көрсеткен сөздік қорды сарқа пайдаланудың бір нәтижесі.

Термин жасаудағы екінші бір өнімді тәсіл өзге тілдің лексикалық байлығын қабылдауға байланысты. Бұл қабылдау күні кешеге дейін екі түрлі принципті

негізде, екі ыңғайда жүріп жатты: бірі калька жолымен, яғни тіке не тура, басқаша айтсақ, дәлме-дәл аудару арқылы, екіншісі – дүниежүзі халықтары тілінің көбіне ортақ халықаралық терминдерді және бұрынғы кеңестік елдер тілінің сөздік құрамына енген советизмдерді сол қалпында қабылдау принципті. Термин жасау жолдарының әрқайсысын жеке-жеке қарастырып, талдағанда біраз мәселенің беті ашылды.

Терминдердің жасалу жолдары алуан-алуан. Осы процестің бәрінде ана тілінің ежелден қалыптасқан, сыннан өткен заңдылықтары сақталып отыруға тиіс. Тіл заңдылығын сақтай білу де тіл мәдениетін көтеру деген сөз. Ол сақталмаған жерде термин тілге сіңбейді. Тіл қолданыс мәдениетіне үлкен нұқсан келеді. Ондай термин уақыт сынынан өте алмай керексіз элемент есебінде қолданыстан шығып та қалады.

Сонымен арнаулы ұғымдар мен арнаулы заттар және нәрселер атауын білдіретін дара мағыналы сөздер тобын терминдер деп тану керек.

Әдеби тіліміздің даму, қалыптасу жолын бағдарласақ, Кеңес өкіметі тұсында терминологиялық лексика үнемі бір қалыпта, бір бағытта дамып, қалыптасып отырмаған, яғни сөздердің терминдену, терминжасау сипаты әр алуан. Оның да бастау көзі, шарықтау шағы болған.

Қазақ тілі терминдері Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы кезеңде, яғни 20-жылдарда елді жаппай сауаттандыру шараларымен қанаттаса жасала бастайды. Ал сауаттану үшін жазудың тиянақталғаны керек. Міне, сондықтан да ә дегеннен-ақ алфавит пен орфография мәселесі күн тәртібіне қойылып, бұлармен қатар термин жасау принциптерінің сөз болуы тегін емес. Бұлар бейнелеп айтқанда, бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын, бірін-бірі қатты керек ететін және тіл мәдениетін жетілдіре түсуге септігі тиетін тармақтар.

Қазақ халқының сауат ашу тарихында үш түрлі жазу болғаны мәлім (араб, латын, орыс графикасында негізделген кириллица). Мұның әрқайсысының өзінше пайдалы жақтары мен кемшіліктері болды. Қай-қайсысы да кезінде сауат ашуға қызмет етті. Алайда жаңа өмірдің даму қарқыны араб пен латын жазуының кемшіліктерін көрсетпей тұра алмады. Осы кездегі жағдайды жетік білетін және өз халқының мәдени болашағын алдын ала болжай алатын зиялылар үкімет пен партия ықпалынан шыға алмай (басқаша болу мүмкін де емес еді), біртіндеп орыс графикасына негізделген кириллица жазуды қолайлырақ деп танып, осыған ойысты. Сөйтіп 42 әріптен тұратын қазақ алфавиті тіл мәдениетін тежей түсетін кемшілігі бола тұра ұлттық жазуымызды жөнге келтіріп, халқымызды прогреске жетелегені даусыз.

Әрине араб жазуының да, латын жазуының да қазақтардың табиғатына жақындайтын тұстары болды. Әсіресе А.Байтұрсынұлының араб алфавиті негізінде жасаған қазақ жазуының жөні бөлек. Төте жазу деп аталып кеткен бұл жазу тіл мәдениетін жетілдіруге біраз септік жасаған болатын. Осы әліпби арқылы елдің қазақша жазу сауаты біршама жетіліңкіреді.

1926 ж. Бакуде өткен түркологтар жиынында бұл жазудың қазақ үшін өте тиімді екенін қаншама рет шығып сөйлеп, дәлелдеуге тырысқанмен, түптің түбінде кириллицаға қарай бет түзеген кеңестік-шовинистік бағыт зиялыларды өз дегеніне көндірді. Сөйтіп коммунистік қоғам орнатуға жәрдемші болар бірден-бір жол латыншаға көшу деп мадақталған жазудың да өмірі ұзаққа бармай, кириллицаға көшіп тындық. Түпкі мақсат белгілі болды.

Түркі тілдерінің тұтастығы үшін алдыңғы екі жазудың бірі қалса да тиімсіз емес еді. Ондай жағдайда жазу мәселесін қазіргідей қайта көтеріп жатпас едік.

Мұны айтып отырғанымыздың себебі жазуы қалыптасқан тілде терминжасам мәселесі реттеле түсетінін ескерту және жазу мәдениеті жүйелене түсер еді. Жазу мен терминжасам тарихында орын алған мұндай шежірені еске ала отырып, жіберілген қателіктерден сабақ алу. Сөйтіп саясат салқыны мұны басқаша арнаға тартып кеткен. Дегенмен бұл жазудың кемшілігін атап көрсеткендер де болды. Соның қайсыбірін еске алалық. Мәселен, араб алфавитінің құрамындағы небәрі үш дауысты дыбыс, негізінен өуезді, үнді, ашық дауыстылардан тұратын қазақ сөздерін жазуға келгенде жетімсіздігі, кемшілігі байқала берді. Өйткені онда қазақ тілінің 9 дауыстысына сайма-сай келетін дыбыстар жоқ болатын. Бұл жөніндегі Ахаң ойлары есепке алынбады. Ал латын жазуына келсек, оның көптеген сөздерді, әсіресе халықаралық терминдерді дұрыс таңбалауда мұның да олпы-солпы тұстары жетерлік болатын. Мәселен, **физика, химия, хлор, фабрика, цемент** тәрізді терминдерді **пизика, қыймия, қылор, пабіріике, семент** деп жазатын болдық. Ал енді бұларды қазіргі кейпінде жазып қалыптастыруға дейін қаншама талас-тартыс, дау-дамай болды. Әсіресе, ана тілін өзге тілдер "шабуылынан" таза ұстауды көздеген патриотизм бой көрсеткені рас. Мұны пуристік ағым деп таныдық. Осындай пуристік ағымды қатты ұстанған топ, ол кезде халықаралық және кеңестік ұғым терминдерін қалайда қазақшалауды мақсат еткені рас. Кезінде, **қара айғырдың** паравоз, **отарбаның** – поезд, **бибауырмашылық** – интернационалист, **орданың** – институт, **отаршылдың** коммунист баламасы ретінде алынуы осыған дәлел. Тілдің даму тарихында мұндай әрекеттердің болуы заңды құбылыс. Әйтсе де қазақ тілінде термин қалыптастыру ісінде интерминдерді бұлжытпай, өзгертпей қабылдау принципі негізгі ұстанымға айналған заманда мұндай ізденістің де орын алғаны рас.

Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуында 1933 жылы құрылған Мемлекеттік терминология комиссиясының рөлі ерекше болды. Оның алғашқы председателі проф. Құдайберген Жұбанов басшылығымен комиссия мүшелері азғана жылдың ішінде қыруар жұмыс тындырды. Басқасын былай қойғанда, 1935 жылы мәдениет қызметкерлерінің бүкілқазақстандық I съезі өткізілер қарсаңында жұртшылыққа ұсынылған Мемтерминком Бюллетенінің төрт санының өзі-ақ, осы кезде істелген шаруалар жайында біраз мағлұмат береді. Термин жасау, қабылдау принциптері ғылыми заңдылықтарға негізделіп, талас туғызып жүрген біраз мәселенің беті ашылды. Бірыңғай ғылыми жүйеге көшті.

Съезде проф. Қ.Жұбанов ұсынған жоба талқыланды. Ол жобада қазақ терминологиясын жасаудың, халықаралық терминдерді қабылдау, оларды қолдану, тұрақтандырудың ғылыми принциптері жан-жақты қамтылған болатын. Міне, содан бері Мемлекеттік терминология комиссиясы аракідік үзіліспен болса да қазақ тілі терминологиясын бір ізге түсіруде үлкен жұмыс атқарып келеді. Ғылым мен техниканың сала-саласы бойынша сан түрлі терминдер сарапқа түсіп, мамандардың талқысынан өтіп, күнделікті қолданысқа жолдама алып жатады. Олардың көбі ана тіліміздің сөздік құрамына еніп, әсіресе ғылыми ой-пікірді өрнектеуге жұмсалатын лексикалық байлық есебінде арнайы қызмет атқарып келеді. Терминология шаруашылығында күнделікті жүргізілген осындай шаралардың нәтижесінде қазір қазақ тілінің терминдік жүйесі біршама қалыптасып қалды деп айта аламыз. Қай ғылым саласын қарасаңыз да өзіндік терминдер жүйесі бар. Бұлар – әдеби тіліміздің шеңберін ұлғайтып, икемділігін арттырып, ғылыми өрісін кеңейтіп, термин қолдану мәдениетін жетілдіре түскен лексикалық байлығымыз.

Термин жасау мен қалыптастыруда күнделікті баспасөз бен баспа орындарының, радио мен телевидениенің қызметі айрықша. Қазір әдеби тілімізге сіңісіп, байырғы сөздер қатарына қосыла бастаған қаншама термин о баста көпшілікке қызмет ететін осы органдар арқылы да іске жаратылып, жүйеленген болатын. Осының нәтижесінде, біз термин сөздерді сөйлеуде қолдану мәдениетін де қалыптастырдық.

Қазақ тілі терминологиясының даму көздерінің бірі ретінде **аударма ісінің жандануы** да зор қызмет атқарады. Әсіресе, марксизм-ленинизм классиктері шығармаларын қазақ тіліне аударуға байланысты қаншама сөздер қайта електен өтіп, бұрын бұйығы жатқан мағыналық белгілер қайта жаңғырып, терминдік мәнге ие болды. Сөйтіп, қоғамдық саяси терминологияны жинақтап, жүйелеп алдық. Бұл процесте қазақ тілінің төл сөздері, тіпті байырғы көне лексикалық және арабизмдер мен парсизмдерге дейін сарапқа түсті. Қарап отырсақ, осылай саналы түрде реттеу, жүйелеу барысында тіліміздің бүгінгі болмысында зор мүмкіншіліктер көзі ашылған екен. Сонымен бірге саяси және қоғамдық ғылымдар саласының терминдік жүйесін қалыптастырып қана қоймай, оларды жазуымыз бен сөйлеуімізде пайдалану мәдениетін орнықтырдық.

Кейде терминдер тасқынынан тіксініп, тіліміз бейнелі қасиетінен, өз табиғатынан айрылып бара жатқан жоқ па деп қауіп ойлайтындар да бар. Егер әдеби тілдің қоғам өміріндегі даму заңдылықтарына саналы көзбен қарасақ, "бұзып-жарып" бұра тартатын пәлендей өрескелдік жоқ тәрізді. Жоғарыда ескерткеніміздей, тілдің даму өзгешелігіне орай түзілген принциптер негізінде терминологиялық лексика әдеби тіліміздің бір үлкен тармағы, арнасы есебінде бой көрсетіп отыр.

Принциптер дегенде, оның ең бастысы екі түріне назар аудару қажет. Бірі – термин жасауда төл сөздерді кеңірек тарту, яғни өз байлығымызды А.Байтұрсынұлынша айтқанда, сарқа пайдалану принципі. Екіншісі – орыс және интерминдерді қабылдау болса, мұның өзі екі ыңғайда бой көрсетті. Аударуға келетіндерін аударып, калька жасау жолымен тілімізге сіңген көптеген терминдер бар. Мәселен, кезінде осындай жолдармен жасалған **өнеркәсіп, жемшөп, бесжылдық, міндеттеме, қызыл бұрыш, үндеу, шешім, бұйрық, шығарма** т.б. толып жатқан терминдер тіл байлығына қосылды. Егер ана тілінде толық мағынасын беруге болмайтын жағдайда, терминдерді сол түпнұсқадағы қалпын сақтап алу бірден-бір дұрыс тәсіл деп танылды. Мәселен, **коммунизм, ленинизм, марксизм, совет, космос, революция, станция, фабрика, рентген, орбита, композиция, ракета, спутник, механика, алгебра** т.т. қазақ тілінің байлығына қосылып отырған қазына ретінде насихатталды.

Іргелес отырған елдер тілі біріне-бірі әсер етпей тұрмайтынын талай тарихи деректер растайды. Мәселен, түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің көптеген сөздері қазір орыс тілінің игілігіне айналған. Бұл жайында ертелі-кеш шығып жатқан екі тілді, түсіндірме және сөздер төркінін баяндайтын сөздіктер материалдарымен танысуға болады. Әсіресе "Орыс тілі құрамындағы түркизмдер"[2] деп аталатын Е.Н.Шипованың еңбегінде бұған мысал жетерлік. Мысалы, орыс баспасөзі мен орыс жазушылары шығармаларының кез келгенінен мынадай сөздерді кездестіреміз. **Адам, айтыс, ақын, аймақ, арғымақ, арқан, ауыл, базар, бәйге бауырсақ, бешпет, болат, жайлау, жігіт, жайран, домбыра, дастарқан, доға, қазы, қазына, қаймақ, қаракөл, қарға, қатық, кетпен, қанжар, кірпіш, қобыз, көш, көк сағыз, құймақ, құрт, маржан, марал, мата, нар, наурыз, орда, отар, сазан, сайғақ, сақпан, сабан, сандық, сарай, сүйрік (севрюга), сел, сырға (серьги), тостаған (стакан), табын, тобылғы, тақыр, таңба, текемет, той, тілмаш, тұлпар, тұмақ, түрме, ұлыс,**

өрік, хан, шайхана, шапан, шекпен, шопан, сорпа, жарлық, жақұт т.б. сөздер осыған дәлел. Бұларды орыс, қазақ тілдерінің сөз қолдану мәдениетіне қосылған үлес деп қарауға болады.

Алайда кеңестік дәуірдің білім-ғылым саласында атап өтуге тұрарлық жақсы нышандармен қатар ұлт мәдениетінің дамуына кесірін тигізген тұстар да болғаны тарихтан мәлім. Мұндай жағдай қазақ тілінде термин реттеу барысында да орын алып жатты. Мәселен, 30-жылдардың аяғынан белең ала бастаған интертерминдерді орыс тіліндегі қалпынша жазып, қабылдау керек деген принцип 80-жылдардың ортасына дейін қатаң ұсталынып келді. Осының салдарынан тіл табиғатынан туындаған төл байлықты сарқа пайдалану арқылы тіліміздің мәдениетіне қосылар сан алуан терминдік үлгілер, атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы принципі көмескіленіп келді. Терминжасамдағы бұл теріс көзқарастың қырсығынан әлі күнге арыла алмай келеміз. Тек 90-жылдардың басынан бастап қана қазақ терминологиясы өз негізіне лайықты жүйелене түсті. Терминжасау көздері мен арналарына ұлттық мүдде тұрғысынан қарай бастадық.

Осыдан шығатын қорытынды – тілдердің өзара байланысы, сөз алмасу, яғни ауыс-түйіс жасауы табиғи құбылыс. Тіл қашанда өзінің құрамына керектіні алып, керексізді қабылдамайды. Әрине, бұл процеске, өмірдің даму заңдылығына, қоғамның талап тілегіне орай саналы түрде араласып, оны белгілі бір жүйеге түсіріп, қалыптастырып отыратын кез болады. Қазақ терминологиясының даму, қалыптасу тарихынан біз осыны көреміз.

Ендеше әдеби тіліміздің бүгінгі болмысында табиғи өріс және жақсы жарасымдылық бар. Қазір ана тіліміздің мүмкіншілігінің бұрынғыдан да молайғаны соншалық, әлемде болып жатқан оқиғалардың қандайын болсын, кемеңгер мұраттар мен ғылыми ой-пікірлердің қандайын болсын қалағаныңызша баяндап бере алатын, тіпті суреттеп бере алатын қуаты мол дамыған тілдер қатарында 14 миллионнан асқан қазақ халқының қажетіне жаратып отырған бұл тілдің бүгінгі болмысындағы бір жетістігіміз осы.

Сөйлеу мәдениеті мен жазу мәдениетін жетілдіре түсуде қазақ терминологиясының атқарар қызметі ұшан-теңіз. Мақсат соларды ғылыми жүйе негізінде саналы түрде саралап қолдана білуде.

Ұсыныстар, ойласу ретінде

А.С.Пушкин иек артқан, Декарт айтқан "Сөз мағынасын ашып берсеңіз, жарты әлемді адасудан құтқарасыз" деген сөзінің мәні әлі күнге актуалды.

Терминология тарихы, В.В.Виноградов айтпақшы, шынында қоғам мен табиғаттың даму заңдылығы жөніндегі повесть, осыны ұмытпайық.

Бізде термин жасау туралы жинақталған мол тәжірибе бар. Бірақ соны саралап, түйін жасау жоқ. Бұл теориялық мәселе.

Ұлттық терминдер жүйесін реттеудің принциптерін қалыптастыруда Терминкомның рөлі зор. Осы міндет үнемі ескеріліп отыруы керек.

Ізденістеріміз күнделікті өмірде қаптап жасалып жатқан жаңа сөздер мен жаңа қолданыстар қарқынына ілесе алмай келеді.

Біздегі тағы бір кемшілік республика кеңістігінде өзара байланыс (координация) жоқ. Кез келген маман терминшіл, сөзжасам әуресіне түсіп жатады. Оның тарихы, тәртібі, жүйесі, теориясымен шаруасы жоқ.

Мамандар мен лингвистер арасындағы байланыс та мәз емес.

Алдағы уақытта ғылымның әр алуан жүйелері бойынша тақырыптық негізде

конференция, семинар, дөңгелек үстел өткізуді жүйелі түрде жалғастыра берген жөн. Мәселен, мынадай тақырыптарды жоспарлауға болады.

Қоғамдық ғылымдар және мемлекеттік тіл, жаратылыстану ғылымындағы мемлекеттік тіл, техника ғылымдар терминологиясы және мемелекеттік тіл т.т. Сондай-ақ, "Мемлекеттік тілдің терминологиялық қорды қалыптастырудағы рөлі", "Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық жүйе" тәрізді тақырыптарды ұсынамын.

— Термин қалыптастыруда **шетел тәжірибесі** қарастырылуы тиіс. Әсіресе теориялық ізденістерде қорытынды түйіндеу жетпей жатады.

— Бұл тұста терминологияның үш тармағын үйлестіре қарастыру керек: **тілдің өз сөз байлығы, интертерминдер және орыс тілінен енген кірме сөздер.** Мұның үшеуін қисындастырғанда ана тілінің өз сөз байлығы негізгі тірек екені естен шықпауы тиіс.

Мемтерминком жұмысын жандандыра түсуге септігі тиер деген мынадай мәселелер есепке алынса деймін.

1) Алматыдан Мемтерминкомның **филиалын ашып, секциялар** жұмысын қайта жаңғырту керек. Әрине мұны іске асыру қаржыландыруға келіп тіреледі. Егер мәселенің бұл жағы ескерілер болса ғылыми терминологиялық орталық қызметкерлерін жұмысқа жегуге болар еді;

2) Барлық ғылым салалары бойынша терминологиялық сөзтізбе жасау керек. Терминологиялық сөздіктер осының негізінде жасалуға тиіс. Шығып жатқан сөздіктердің көбінде осы жүйе сақтала бермейді;

3) Бүгінгідей бас қосудың үлкен мәні бар. Кеңесіп кескен тон келте болмайтыны рас. Алайда алдын ала хабарланып отырмаған соң, кеңесуге көбіне дайындықсыз келетіндер бар. Сондықтан мұндай жиын тақырыбын алдын ала баспасөз бетінде жариялап, әлгіндей салалар бойынша пікірталас ұйымдастырылып отырса артық болмас еді.

Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері атты республикалық ғылыми-теориялық конференция. Алматы, Достық үйі. 2004. 21 мамыр

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНЖАСАМ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазақ терминологиясы, оның ішінде лингвистика терминдері мәселесін сөз еткенде, біз аса көрнекті тілші Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерін айналып өте алмайтынымыз ақиқат. Сол себепті қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ретіндегі, әсіресе терминология саласындағы оның ұшан-теңіз істерін таратып талдау және игеру қажет. Өйткені қазақ тіл білімінің мазмұны мен міндеттері тұңғыш рет Ахаң еңбектерінде аса бір білгірлікпен баяндалған. Сол еңбектерге үңілген сайын лингвистика терминдерін жасаудағы оның көрегендігі мен тапқырлығына, білгірлігі мен біліміне тәнті болып отырасыз. Оның өз басы "халық жауы" ретінде айдалып кеткенмен, ол жасаған терминдердің бәрі дерлік кейінгі оқулықтар мен оқу құралдарына негіз болып орнығып қалуы тегін емес, әрине. Өмірден өзі аласталғанмен, адам жадынан баян тапқан атау сөздердің санаға сіңгені соншама, олардың бірде-бірі қолданыстан шығып қалған емес. Әлгі оқулықтар бойынша миллиондаған қазақ балалары сауатын ашып, білімін көтерді.

А.Байтұрсынұлының еңбектері, әсіресе, оның "Тіл — құралы" мамандардың назарын әлі күнге аударып келеді. Неге десеңіз, мұнда ол қазақ сөзін алғаш рет жүйелі түрде терминдік мәнде қолданады. Міне, сондықтан мұны қарастырудың жалпы лингвистикалық тұрғыдан да, қазіргі қазақ тіл білімі тұрғысынан да қажеттігі

анық. Бұл арқылы біз қазақ тіл білімі ғана емес, бүкіл түркология ілімінде орын алып келген олқылықтың орнын толтырамыз. Сонымен бірге терминжасам ісінде ондаған жылдар бойы ескерілмей келген алғашқы қалыптасу дәуірін саралай түсуге мүмкіндік аламыз.

Шынында, А.Байтұрсынұлының қазақ тілі пәнінің терминдерін жасауы теңдесі жоқ ерлік десе болады. Бұл қазақ терминологиясын қалыптастыру барысында аса маңызды кезең ретінде өз бағасын енді-енді ала бастады.

Жалпы бүкіл қазақ мәдениеті, қала берді тілі мен әдебиет саласында А.Байтұрсынұлын тарихи құбылыс ретінде тану керек. Оның еңбектері, әсіресе терминжасам тәсілдері әлі күнге ғылыми зерттеу объектісіне айнала алмай келеді. Ал мұның тарихи тағылымдық тұрғысынан да, бүгінгі күн зәрулігі тұрғысынан да маңызы зор.

Бұлай болатыны ол тіліміздің бар байлығын игеріп, тереңіне бара отырып, тіл қолданыста өзін өте еркін сезінген. Тілдің өзіне тән заңдылықтары мен сөз тудыру жүйесіндегі нәзік құбылыстарды айрықша сезімталдықпен танып отырған.

Қазақ халқының әлеуметтік және мәдени өмірінде төңкеріске дейін де, төңкерістен кейін де түбірлі өзгерістер болғаны мәлім. Қараңғылықта күн кешкен халқымыздың сауатын ашу ол кездегі зиялылардың ең игі мұраты болатын. Осыған орай ірілі-кішілі түзіліп жатқан оқу құралдарына енгізілетін көптеген сөздеріміз атаулық қызмет атқара бастады. Дәл осы кезде сөзжасамның, яғни терминжасамның үлгісін көрсеткен А.Байтұрсынұлы тәжірибесінің теңдесі жоқ мол материал беретіні анық. Ендеше бұл теңдесі жоқ құбылыстың рөлі мен мәнін анықтаудың ғылым үшін зәрулігі айрықша.

Сондықтан да біз А.Байтұрсынұлы жасаған лингвистикалық терминдердің негізгі белгілері мен автордың өз қолданысындағы ерекшеліктерін қарастыруды мақсат етіп отырмыз. Лингвистика терминдерін жасау үшін ол жалпыхалықтың тіл лексикасын еркін де шебер пайдаланады, оларға нақты қызмет жүктейді. Бұлардың бәрі де лингвистика шеңберінде шектеулі қолданыста күй кешкендей көрінгенмен, шебер қолданыс арқасында орын-орнына тұра қалған терминдерге дау айта алмайсыз. Бұлар мамандарға ғана емес, тіл қолданушылардың бәріне бірдей түсінікті. Міне, осы себептен де Байтұрсынұлының жасаған терминдері қазақ лексикасының бір тармағы ретінде тұра қалды. Сөйтіп 10—20 жылдар ауқымында пайда болған терминдік атаулар сол кездегі әдеби тіліміздің бір бөлігі боп енді де, сол күйінде күні бүгінгі дейін тұрақты түрде қолданылып келеді. Және бір ғажабы, А.Байтұрсынұлы алып келген бұл терминдердің көбі қайта жасалатындай көңілге күдік келтірген емес. Егер қадағалап қарасақ, тіл білімінің терминдерінің көбі әу баста нақты заттың, нәрсенің атауы болған ғой. Сондықтан бұл ұғымдар талай талқыға түскен болар деп ойлауыңыз әбден мүмкін. Алайда бұл атаулар терминдік мәнде мызғымай тұр. Бұл жалпы қолданыстағы сөздер мен олардың терминологиялық тініндегі өзара үйлесіп жатқан сәйкестік пен байланысты дәл байқаудан болса керек. Міне, осындай сөздерді ол барынша көрегендікпен іріктей білген. Жоғарыда ескерткеніміздей, әлгі сәйкестік пен байланыстың мықты болғандығы соншама, қазақ лингвистикасының бүкіл терминологиялық жүйесі сол бастапқы күйінде әлі күнге қолданыста. Байтұрсынұлы заманынан бері әлеуметтік және қоғамдық өмірде сан алуан өзгерістер болып жатса да, ол жасаған терминдердің бұлайша тұрақтылық танытуы таңғалдырмай қоймайды. Мұның басты себебі жасалған аталымдардың жалпы терминология теориясы талаптарына сай дәлдігі мен табиғилығында. Сонымен бірге бұлардың қазақ тілінің сөзжасам заңдылықтарына тән тәсілдерімен жасалуында.

Қазіргі зерттеушілерді сүйсіндіретіні — әрбір терминнің негізінде байырғы сөздердің тұратыны, соған қарамастан, сол байырғы сөздердің екінші терминологиялық мәнінің екіұдайлық танытып, мағынаны алып қашпай, құрылымдық жағынан табиғиланып, орфографиялық жазылымы тұрғысынан да бірыңғайлық пішінде тұрақтануы.

Өзінің қолданыс қызметі жағынан дамудың өзгеше сапалы да жаңа жолына түскен қазіргі қазақ тілінің А. Байтұрсынұлының терминжасам тәсілдері мен сол терминдердің өзі тәуелсіз мемлекеттер қауымдастығы және бүкіл түрік жұртшылығы үшін таптырмайтын үлгі болары сөзсіз. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымы терминологиясын жасауда А.Байтұрсынұлы қолданған тәсілдерінің ауқымдылығы, әмбебаптығы оның жақсы ізденгіштігін байқатады. Ұлттың тегін айқын танытып тұрған бұл сан алуан терминдер әр алуан тәсілдерді кеңінен пайдалану нәтижесінде пайда болған А.Байтұрсынұлының тамаша мұрасы болып табылады. Әсіресе, өте бай деректі материалдарды іске жарату арқылы жасалған бұл сөздер терминжасам процесіндегі таптырмайтын үлгі. Біздің байқауымызша, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде терминжасамның лексика-морфологиялық және морфологиялық-синтаксистік тәсілдері басымдау тәрізді. Жаңа терминдердің бүкіл болмыс-бітімі түгел көрінетіндей мысал іріктеледі де, ол контекстуалдық жағдайда, яғни мәтін (текст) ішінде беріледі. Сөйтіп оның бар мәністік табиғаты өте айқын, анық көрініп отырады.

Терминжасамның лексика-морфологиялық тәсілі жеке сөздерді мәністік-морфемдік жағынан түрлендіруді қамтыса, ал морфологиялық-синтаксистік тәсіл сөздерді біріктіру жағына бейім. А. Байтұрсынұлы бұл екі тәсілді де қазақ тілінің ерекшелігіне лайықты шебер қолданады. Әсіресе, оның сөзжасам элементтері — қосымшаларды іске қосуы айрықша. Шынында, терминжасамда А.Байтұрсынұлы пайдаланған тәсілдердің ішінен қазақ тілінің жалғамалы құрылымы негізгілердің бірінен саналса керек. Мұны ол арнайы кесте түрінде анық көрсетіп отырады.

Термин жасаудағы өнімді тәсілдің бірі сөз тіркестіру болып саналады. Ол мұны да өте тиімді пайдаланған. Әсіресе, құрамы бір компонентті терминдер ойдан шықпай жатқан тұста, екі не үш компоненттен тұратын сөз тіркесіне көз тігеді. Осы тәсілмен жасалған терминдер саны едәуір. Міне, сондықтан А.Байтұрсынұлы еңбектерінде кездесетін осындай көп компонентті терминдер табиғатын тексере отырып, біраз жайтты анықтауға болады. Әсіресе, бұлардың лексика-семантикалық (мәністік) құрылымын жан-жақты қарастыру қажет-ақ. Ғалымның ғылыми мұраларын алдын ала қарастыру барысында дәл осы тектес терминдердің лингвистика саласында молырақ кездесетінін байқадық.

Егер қазіргі тіл білімі саласындағы терминжасам тәсілдерінде көбінесе калькалау мен интернационалдық терминдер қабатын құрайтын кірмелер көбейіңкіреп тұрғандығын ескерсек, жалпы халықтық тіл лексикасын терминдендіру үлгісін емін-еркін қолданған А.Байтұрсынұлы тәжірибесін зерттеудің маңызы зор екені көрінеді. Мәселен, *түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосымша, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау, одағай* дегендердің терминдендірілуі бұл саладағы тамаша үлгі болып саналады.

Сөйтіп А.Байтұрсынұлының терминжасамдағы өзіндік ерекшелігін танып-білу үшін, сондай-ақ ғасыр басындағы терминжасам процесін нақты көзге елестету үшін мынадай бірнеше міндетті орындауға тура келеді: біріншіден, терминжасамның лексикалық, морфологиялық, синтаксистік және комплекстік тәсілдерін көрсету; екіншіден, қазақ терминдерінің ерекшеліктерін (сегменттерін) білдіретін кестесін

жасау; А.Байтұрсынұлы еңбектерінде кездесетін терминдердің пәндер бойынша тізімін жасап, терминжасамға қатыстырылған, яғни сөз тудырушы морфемаларды топтастыру, сөйтіп олардың қолданыстағы алғашқы мағынасы мен екінші терминологиялық мәнін анықтау; қазақ тіл білімі терминдерінің даму қарқынын зерттеу; А.Байтұрсынұлы терминдерінің қазіргі тілші ғалымдар еңбектеріндегі қолданылу барысын салыстыра қарастыру, оның ішінде әсіресе лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдағы қолданысы мен семантикалық түрленуін байқау қажет.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер жүйесі, бір қарағанда, оп-оңай болып көрінгенмен, ол — өте күрделі де терең ізденістер нәтижесінде пайда болған ғылыми туынды. Өйткені бұл іс оның күнделікті нақты педагогикалық-ұйымдастырушылық, оқытушылық жұмыс және ғылыми қызметімен тығыз байланысты жүргізіліп отыруына байланысты. Оның алдында аталған салалардың ешқайсысында да өзі сүйенерлік ешқандай үлгі, өнеге болған емес. Ол қазақ тілін өзгеше сүйіспеншілікпен қажетіне жарататын ғұлама ретінде тек өз тәжірибесі мен өзінің Құдай берген керемет түйсік-түсінігіне, білік-парасатына сүйенеді. А.Байтұрсынұлы үшін ең маңыздысы — жасалған терминдердің құрылымы мен семантикасы жағынан қазақ тілінің қарапайым лексикасына жақын болуы. Міне, сондықтан да бұларды игеру тіл қолданушылар үшін онша қиындық тудырмайды.

Қазақ тілінің дыбыстық құрылымын сипаттауда А.Байтұрсынұлының фонологияға дейінгі түсінікті ұстануы бүкіл терминология жүйесін жасауға сеп болған сияқты. Ол тірек етерлік не дайын теория, не нақты лингвистикалық тәжірибе болған емес. Оның исламдық шығыстың кітаби дәстүріне сүйене отырып жасаған кейбір терминологиялық әрекеттері болғаны рас. Ондай үлгіде жасалған әрбір лингвистикалық терминдер тірек сөздердің әу бастағы лексикалық мағынасынан алшақтамайды. Нәтижеде лингвистиканың жаңа терминдері және оның мағынасы көңілге тез жатталып, көкейге қонып жатады. Әлгі тірек сөздің тұрмыстық мағынасы мен терминологиялық мәні тіл иелеріне өте жақын әрі түсінікті болып отырады. Мұндай лингво-психологиялық параллельдер оған қазақ оқырманының сөйлеу дағдысына ешқандай қиналыссыз енгізуі үшін қажет болған. Мұның үстіне, бұған қазақ оқырманының оқу дәстүрінің әлі жоқтығы және соған лайықты арнайы лексика жүйесінің қалыптаспай жатқаны да себеп болған сияқты. Жасалған әрбір термин өзінің бастапқы лексикалық мағынасына жақын болған сайын, ол солғұрлым жеңіл игеріліп, тез қабылданып жатты. Сөйтіп, осындай сауатты әрекет нәтижесінде оқушылар сөздің әдепкі мәні мен оның ғылыми мағынасы арасында болатын психологиялық кедергіні жеңе бастады. Сол себепті де А.Байтұрсынұлы терминдерін жеке-жеке тиянақты түрде талдау қажет болады. Бұл қазақ тіліндегі әрбір лигвистикалық терминдердің құрылымдық, мағыналық ерекшеліктерінің дәйектілігін, олардың жасалу көздерін анықтау үшін керек. Енді нақты мысалдарды тілге тиек етіп көрелік.

Жалпы лингвистикалық терминология. А.Байтұрсынұлы "Тіл мүшелері" дегенді сөз, сөйлеу құрамы есебінде пайдаланады, яғни бұл бір-біріне өзара байланысты нақты элементтер жиынтығы. Бұған қазақ тұрмысындағы "мал (дене) мүшелері" деген ұғымға сәйкес келеді. "Мал мүшелері" деген алғашқы үлгі компоненттерінің құрылымдық бірлігі толығымен екінші туынды жүйеге ауысады, осының нәтижесінде жаңа пайда болған лингвистикалық терминнің ешқандай өзгелігі, ерсілігі сезілмей қалады.

"Мәтін" ұғымының "лингвистикалық единица (жазылған бөлік емес) екенін А.Байтұрсынұлы сол жиырмасыншы жылдардың басында-ақ байқаған. Ал бұл қазіргі тіл білімінде "лингвистикалық единица" ретінде бертінде ғана қолданыла бастағанын ескерсек, А.Байтұрсынұлының зерттеушілік зердесі мен түйсігіне таң қалмау мүмкін емес. Ол қазіргі "лингвистикалық единица" ретінде алынып жүрген "мәтінге" тепе-тең "сөйлеу" ұғымын енгізеді. Ахаң қазақ тілі жөніндегі талдамаларын, әуелі "сөйлеуден" тартып, содан кейін біртіндеп, оның, яғни сөйлеудің кіші бөлшектеріне кіріседі. Сонда *сөйлеу – сөйлем – сөз – буын – дыбыс* деген жүйе сақталып отырады. Сөйтіп, лингвистикалық талдаулар ірі тұлғадан кішкене бөлшектерге бөліп қарайтын нақты бағыт-бағдарлама бойынша жүріп отырады. Сондай-ақ тіл үйрету, оқыту процесі де осы принцип бойынша жүргізіледі. Бұл принцип оған тіл элементтерінің (бөлшектерінің) сөйлеу "мәтіннен" дыбыс, "әріптерге" дейінгі бөлшектерін тауып, сипаттап беруге көмектескен.

Ал қазақ тілінің құрылымдық жүйесі әлі күнге кіші бөлшектен, яғни дыбыстан басталып, одан ары ірілеу лингвистикалық единицаларға ұластырылып сипатталып жүр. Әйтсе де көптеген зерттеушілер назарының қазіргі кезде мәтінге көбірек аударылуы тегін болмаса керек. Өйткені мәтін ең ірі лингвистикалық единица болып саналады да, өзгелері осының компоненттері есебінде қаралады. Бұлардың фонетика-грамматикалық белгілерінің бәрі осы мәтін арқылы соның ішінде анықталады. А.Байтұрсынұлы өзінің барлық оқу құралдарында өзі тауып, өзі енгізген тек осы принципті ұстанып отырған. Сонда, қарап отырсаңыз, А.Байтұрсынұлының өз кезеңіндегі лингвистикалық ой-пікірді ғана емес, көп мәселеде қазіргі қазақ тіл білімі өкілдерінің көбінен илгері оза ойлай отырған.

А.Байтұрсынұлының қай еңбегін қарасаңыз да, сол кезде бел алып, үстемдік көрсетіп тұрған фонологиялық теорияға бірде-бір сілтеме жасамағаны байқалады. Соған қарамастан, оның фонетикалық ұғымдар жүйесін соншама бір зеректікпен түсініп жасауы қайран қалдырады. Қазіргі теория тұрғысынан қарасаңыз, мүлтіксіз жасалған бұл жүйені көре отырып, бұл кісі кезінде фонетика саласындағы лингвистикалық теория жетістіктерімен таныс болмады ма екен деген ойға қаласыз. Ғасыр басында фонология саласында әйгілі екі бағыт (москвалық және Санкт-Петербург мектебі) болғаны мәлім.

Біз А. Байтұрсынұлының фонетикалық мұрасына ғылыми талдау жасағанда, әрине, қазіргі лингвистика талаптары тұрғысынан қараймыз. Осы тұрғыдан қарағанда, ол жасаған теорияның тұғыры мықты екенін көреміз. Мәселен, мынаған қараңыз:

Буын (бір сөздің ішінде бірнеше буын болады).

Дыбыс (бір буынның ішінде бірнеше дыбыс болады).

(Мәселен, *не, же, ма, ат, аш* деген сөздердің ішінде бір буыннан бар, мұндағы әр буында екі-екіден дыбыс бар).

Таңба, қарып (дыбыс таңбасын қарып деп атаймыз, сондықтан жазған сөз ішінде пәлен қарып бар дейміз, айтқан сөз ішінде пәлен дыбыс бар дейміз).

Әрине, буын анықтамасын қазіргі түсінігімізге дәп бере қоймағанмен, оның дыбыстық құрамы мен буынға бөлу жөнінде көптеген мысалдар келтіре отырып түсіндіруі қызықтырады. Дыбысқа берілетін анықтамасы да дәл.

Дыбыс пен қарып терминдерінің аражігін әдемі ажыратады. Қараңыз: "Дыбыс пен қарып екеуі екі басқа нәрсе, біріне-бірін қатыстырып, шатыстырмасқа тиіс. Дыбыс естілетін, көзге көрінбейтін нәрсе, қарып көрінетін, естілмейтін нәрсе" деуінен біз бұл екеуінің табиғатын айны-қатесіз танимыз. Басқа да түсініктемелерге назар аударалық.

"Дәйекші" дегенге берілетін анықтама (бұлардан басқа бір көмекші белгі "дәйекші" бар) да бұл атаудың жөнін білдіріп тұр.

Дауысты, дауыссыздар (дыбыстар дауысты, дауыссыз болады). *Дауысты таңбалар, дауыссыз таңбалар* (төмендегі сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауысты таңбалардың астын сызып көрсетіңдер).

Алғашқысында анықтама "диакритикалық көмекші белгілер" деп үстемелетіп берілген. Жалпы, бұл екеуі, яғни диакритика және көмекші белгілер дегендер бір-біріне синоним болып келеді. Осыны біле тұра А.Байтұрсынұлы бұған нағыз қазақша анықтама бере отырып, арабша белгіні – *дәйекшіні* енгізеді. Сол арқылы терминнің кітаби қолданысы сақталған. Бәлкім, мұның қолданыста ыңғайлылығы да әсер еткен болар оған. Шұбатылған емес, бір-ақ сөзбен өрнектелген ұғым, әрине, әлдеқайда қолайлырақ.

Осы ретте А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер жүйесінің кестесіне назар аударалық.

№1 кесте



А.Байтұрсынұлы пайдаланған бірегей терминдер

№ 2 кесте

Дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі. Бастауыш мектепте балаларға тіл таныту үш тарау болып бөлінеді: 1. дыбыс жүйесі мен түрлері. 2. сөз жүйесі мен түрлері. 3. Сөйлем жүйесі мен түрлері.

Түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл. ...дүниедегі жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1. түбіршік тіл. 2. жалғамалы тіл. 3. қопармалы тіл.

Сөйлем. Жоғарыдағы жазылған екі сөйлеуден көрінеді — бір сөйлеудің ішінде бірнеше сөйлем болатындығы.

Буын. Бір сөздің ішінде бірнеше буын болады.

Жарты дауысты дыбыс. Дағдыландыру: төмендегі сөздердің ішіндегі жарты дауысты дыбыстардың таңбаларын айыру.

Сөйлеу. Дағдыландыру: төменде жазылған сөйлеулердің әрқайсының ішінде неше сөйлемнен барын айыртып, балаларды дағдыландыру.

Ымыралы дыбыс. Дағдыландыру: төмендегі сөздердің ішіндегі ымыралы дыбыстардың таңбаларын айыру.

Қосалқы сөз. Қосалқы сөз дегеніміз өз алдына мағынасы кем, басқа сөздің маңайында тұрғанда ғана мағына шығатын сөз.

Демеу. Сөз артынан жалғанатын демеулер алдындағы сөзден сызықшасыз бөлек жазылады.

Түбіршік тіл. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері.

Жалғамалы тіл. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, түрік-фин (пиын) тілдері.

Қопармалы тіл. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгерілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі.

Сызықша. Төмендегі сөздерді буынға бөліңдер, буындар арасына сызықша қойыңдар.

Қарып. Төмендегі сөздердің буындарында неше қарыптан бар екенін айыру.

Дауысты. Төмендегі сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауысты таңбалардың астын сызып көрсетіңдер.

Дауыссыз. Төмендегі сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауыссыз таңбалардың астын сызып көрсетіңдер.

Жарты дауысты дыбыс. Төмендегі сөздердің ішіндегі жарты дауысты дыбыстардың таңбаларын айырту.

Қатаң дыбыс. Төмендегі сөздердің ішіндегі қатаң дыбыстардың таңбаларын айырту.

Ұяң. Төмендегі сөздердің ішіндегі ұяң дыбыстардың таңбаларының астын сызып көрсетіңдер.

Ымыралы дыбыс. Төмендегі сөздердің ішіндегі ымыралы дыбыстардың таңбаларын айырту.

Ымырасыз дыбыс. Төмендегі сөздердің ішіндегі ымырасыз дыбыстардың таңбаларын айырту.

Қосымша. Қосымшалар дегеніміз — сөз емес, сөзге жалғанатын буындар.

Демеу. Сөз артынан жалғанатын демеулер алдындағы сөзден сызықшасыз бөлек жазылады, ондай демеулер түбір сөз бен жалғаудың арасында айтылатын болғанда, түбір сөзге сызықшамен жалғанып, жалғаумен бірге жазылады.

Үндестік заңы. Үндестік заңына келмейтін "гер", "дікі", "паз" сықылды жұрнақтар түбір сөзге қосылып жазылады.

Түбір сөз. Төмендегі түбір сөздерге "м" жұрнағын жалғатып, туынды сөз еткізу.

Туынды сөз. Төмендегі сөздерге "ынды" жұрнағын жалғатып, туынды сөз істету.

Зат есім. Осындай нәрсенің өзін атайтын сөздерді зат есім дейміз.

Сын есім. Осындай нәрселердің сынын көрсететін сөздер сын есім деп аталады.

Сан есім. Міне осы сияқты неше? қанша? деген сұрауға жауап болатын және нәрсенің санын көрсететін сөздерді сан есім дейміз.

Есімдік. Төмендегі сөздердің ішіндегі есімдік сөздерді ажырату.

Етістік. Төмендегі сөздерді көшіріп, етістік сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Үстеу. Осындай сөз үстіне қосылып, сөздің мағынасын толықтыратын сөздерді үстеу дейміз,

Демеу сөз. Төмендегі сөйлемдерді көшіріп, ішіндегі демеу сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Біз бұл мысалдарды белгілі бір мақсат көздеп беріп отырмыз. Сондағы көздегеніміз А.Байтұрсынұлының терминжасам ісіндегі өзіндік қолжазбасын сол қалпында оқырманға ұсынып ой тастау. Қазақтың қарапайым сөздерін терминдендіруде бұдан асқан үлгі табу қиын. Әрбір сөзге нақты арнайы қызмет

жүктей отырып ол тіліміздің сөзжасам қабілетінің көзін аша түскен. Қысқасы, ұлттық ғылым, білім тілінің қамын жеген маман Байтұрсынұлы тәжірибесіне тереңірек үңілгені мақұл. Әсіресе, бүгінгідей термин сөзге мұқтаждықтың үдеп тұрған сәтінде Байтұрсынұлы үлгісі сөзжасам мүкитында адастырмас темірқазық іспетті болса керек.

ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары. Филология сериясы. - 1997. - № 3. - 3-10-бб.

ПРОФЕССОР Қ.Қ.ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қарт тарихтың қай бетін ашсаң да ұрпақ санасына салмақ түсірер саралы жолдар мен сұңғыла соқпақтар кездеседі. Сонда елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қана қоймай, сол үшін күресіп, соны жетілдіре, жеткізе тірлік кешкен жандарды өздектете әңгімелеп үлгі тұтпай өте алмайсыз. Әр кез өзінің осы тектес ұлдары мен ұлыларының ерен еңбектерімен әйгілі.

Рухани әлемімізді асқақтатып кеткен ұлы Абайдан соң да тағдыр қазаққа таланттар беруден тарынбаған. Қараңыз, XX ғасырдың алғашқы ширегінің өзінде Ахмет, Әлихан, Шәкәрім, Мұстафа, Халел, Жаһанша, Міржақып, Сәкен, Тұрар, Сұлтанбек, Ілияс, Мағжан, Жүсіпбек, Мұқтар, Бейімбет, Қаныш, Марғұлан сынды алыптар шоғырын түйдек-түйдегімен берген екен. Бұдан да басқа ғылым мен өнерге, мәдениет пен білімнің өркендеп өсуіне өлшеусіз зор үлес қосқан тұлғалардың өздері мен еңбегін санамалап тауыса алмайсыз. Бір ғажабы, бұлардың қай-қайсысы да халқына қалтқысыз қызмет ете жүріп ұлт рухын асқақтатқан рухы биік жандар. Сондағы олардың сүйенгені мен сиынғаны – қазақ тілі мен тарихы, мәдениеті мен өнері болған.

Құдайберген Жұбанов — осы қатардағы ерен тұлғалардың бірі. Ол бізге несімен қымбат, кандай еңбегімен ерекше? Мен бұл жолы профессордың бір қырын ғана баяндауды мақсат етіп отырмын. Әңгіме ғалымның ғылым тілін қалыптастыруға қосқан үлесі жайында болмақ.

XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ халқының рухани-мәдени өміріндегі аса зор саяси-әлеуметтік, халықтық мәні бар мәселенің бірі — жазу, емле термин туралы мәселе болғаны мәлім. Міне, осы мәселенің басы қасында Қ.Жұбанов жүрді.

Он-он бес жыл аралығында халықтың үш бірдей (араб, латын, кириллица) жазуды игеріп, оның бірінен-біріне аттап өтуі ерлікке саятын іс емес пе? Бұл сауаттануға деген ынта-ықыластан туындайтын мінез. Екінші жағынан, жазуды саясаттың құралына айналдырып алудың салдары бұл.. Әрине әр жазудың халқымызға еткен қызметі әр алуан. Оның әрқайсысына тоқталып, саралай бастасақ, негізгі тақырыптан ойысыңқырап кетуіміз кәдік. Сондықтан бұған бұл жолы тереңдей алмаймыз.

Өз өмірін тұтастай қазақтың тілі мен мәдениетінің өрлей түсуіне бағыштап, небәрі 40-қа енді шыққан шағында "халық жауы" атанып мерт болған тілшінің өзге еңбектерін өзге жұрт айта жатар. Менің бұл жолғы мақсатым — Қ.Жұбановтың қазақ жазуының емлесі мен терминологиясына қатысты еңбектеріне назар аудару, әсіресе терминологияға байланысты ойлары мен пікірлеріне бойлау.

Бір қарағанда, оның термин туралы жазған еңбегі шамалы ғана. Атап айтқанда, "О спецефике слов-терминов"(1935 ж.), "О терминологии казахского литературного

языка"(1935 ж.), "Принципы терминологии казахского литературного языка, принимаемые государственной терминологической комиссией", "К пересмотру казахской орфографии"(1935 ж.) деп аталатын еңбектерін атауға болады.

Оның 1929 жылы Қызылорда қаласында өткен ғылыми-терминологиялық конференцияда сөйлеген сөзінде де терминология мәселесі қозғалады. Сондай-ақ "Қосар ма, дара ма?", "К проекту реформы Казахского алфавита", "Проект казахского алфавита" деген мақалаларында да терминология мәселесіне едәуір назар аударылған. Бұдан біздің аңғаратынымыз, тіл-тілдің қандайы да өзінің мәдени даму жолында жазу мен терминология мәселесіне айрықша мән беріліп отыратыны. Сонда емле деңгейіне қарап, көпшіліктің сауаттылық дәрежесін анықтауға болады. Сондай-ақ термин мәселесі де осы орфография ережелерінің қалай қалыптасуына орай ыңғайласады. Кезінде қазақ сөздерін жазудың 12 және термин сөздердің жазылуына қатысты 18 пунктен тұратын ереже бола тұра Қ.Жұбанов сауаттылықтың әлі күнге неге жетілмей келе жатқанын сынға алған. Сөйтіп, ешкім өзіндік жазуын дұрыс деп дәлелдей алмайтыны "дұрыстықтың" шарты айқындалмағанынан" деген ой айтады Қ.Жұбанов.

Сонымен емле ережелерінің дұрыс түзілмеуінің салдарынан бірнеше жыл бойы қаншама терминнің сан түрлі үлгіде жазылып жүргеніне күйінеді. Сауатты жазудың тірегіне айналудың орнына, анархияны үдетіп отырған бұл жағдайдың әлгіндей себеп, салдарын зерттеп, одан шығудың жолдарын қарастырады.

Күні бүгінге дейін мәнін жоймаған термин туралы пікірлерінің негізгілерін біз термин-сөздер ерекшеліктерін қозғайтын мақаласынан табамыз. Онда ол ғылыми термин сөздерге қойылар талаптың басты-басты шарттарын анықтап береді. Шынында, Қ.Жұбанов айтқандай, ең басты қателік термин сөздер мен жай сөздердің аражігін айырып түсіне алмаудан неше алуан қателіктер күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Ол осындай кемшіліктерден арылу үшін, ең алдымен, термин дегеннің не екенін, оның нендей ұғымды білдіретінін және қай сөздерге термин боларлық стандарттық (қалыптық) нышан ыңғайласып тұрғанын білу қажеттігін баса айтады. Сөйтіп термин сөздің тұңғыш рет ғылыми анықтамасын жасап, олардың лексиканың өзге қатпарларынан өзіндік ерекшелігін қолға таяқ ұстатқандай етіп көрсетіп береді. Профессордың тұжырымын дәл беру мақсатында анықтаманы сол түпнұсқадағыдай түрінде беруді жөн көрдік:

"Термином называется специфический вид определенных словесных обозначений, передающих определенные понятия, установленные на данном этапе развития науки и революционной практики, причем передаваемые термином терминологическое понятие может не совпадать со словарным значением, которое присуще данной словесной величине в обыденной жизни" (Қ.Жұбанов. Исследования по казахскому языку. Алматы: "Ғылым", 1966, 273 б).

Осыдан аңғаратынымыздай, термин дегеніміз белгілі бір кезеңнің сөз әлеміндегі ғылыми атаулық кейпі. Бұл ғылыми ұғым осы сөздің лексикалық мәнімен сәйкес келмеуі де мүмкін. "Атом", "психология", "яровизация" тәрізді терминдерді мысалға ала отырып, Қ.Жұбанов бөлінбес ұғым деп жүрген бұл сөздер де қоғам дамуының кейінгі кезең сатыларында әрі қарай бөлшектеніп, жаңа бір мән туындатып әңгімелейді. Мәселен "атом" сөзі әлденеше бөлшекке бөлініп тынды. "Психология" дегеніміз әу бастағыдай жан туралы ғана емес, керісінше оны жоққа шығаратын да ілім болып шықты. Қазір бұл кейбір мамандардың дәлелдеуінше "жантану" (Қ.Жарықбаев) ілімі ретінде қалыптаса бастағандай.

Қ.Жұбанов термин сөздердің эволюциялық даму ерекшелігін, өзіндік даму заңдылықтарды дұрыс болжап кеткен. Мұндай процесті көптеген терминдердің де жасалу, қалыптасу тарихынан аңғарамыз. Терминжасамдары қателіктің ең бастысы, Жұбановша айтқанда, аударылмайтын сөздерді аударуға тырысудан, ал аудара қалғандай жағдайда терминнің өзін емес, оның лексикалық мағынасын аударудан туындайтыны рас. Орыс тіліндегі "лощадь", "корова", "толстый", "мелкий" сөздерін қазақ тіліндегі *ат, сиыр, жуан, жіңішке* сөздерімен салғастыра сөз етіп, ескермеуге болмайтын қызықты тұстарға мән береді. Мәселен, бұл сөздер бір қарағанда бір-біріне тепе-тең балама іспеттес боп көрінгенмен, белгілі бір кезеңнің сұранысына орай олар ғылыми ұғымға ие бола алмаса, терминге қойылар талап шартына жауап бере қоймағаны. Қараңыз, шынында "лощадь" дегенді қазақтар "ат" деп те, кейде "жылқы" деп те айта береді. Ал қазақтың *атын* орыстар кей жағдайда "мерин" деп, екінші бір тұста "конь" деуі мүмкін. Сонда аударып термин жасауға мәжбүр болып отырған маман сөздердің осы тектес құбылысын дәл басып саралай қолданбаса шатасуы әбден мүмкін. Сол сияқты "толстыйдың" қазақта "жуан" (жуан сабақ), "қалың" (қалың қағаз) боп, "мелкийдің", "ұсақ" (ұсақ тастар), тайыз (тайыз су — мелкая вода) болып құбылатыны жөнінде жасалған талдамалар терминтану іліміне қосылған үлкен үлес. Мұны ол қалыптасқан табиғи заңдылық қатарында сөз етеді. Оның ойынша, сөз дегеніңіз тек зат, нәрсе атауы ғана емес, сонымен бірге санаға сіңген, қалыптанған заттардың да атауы. Қоғам дамуының ерекшелігіне сәйкес бұл танымдық құбылыс әр халық ұғымында әр алуан қалыптасуы ықтимал.

Белгілі бір ортада өмір сүріп жатқан, тілдік ұғым заттардың өзіне танымал, күнделікті кезігетін жағын ғана көріп, біліп таңбалап отыратынын дәл байқайды. Осы ойын ол тап бастырмайтын мысалдар арқылы дәлелдейді. Орыстардағы "восход солнца" деген ұғым әр халықта әртүрлі кейіпте "восхождение на ввысь", "выход из помещения", "рождения" болып түрленетіні тілге тиек етіледі. Сондай-ақ мынадай салыстырулар назар аударарлық. Орыстар судың аздығын "менынпей глубины вода" десе, қазақтар мұны қабыршақтанып қата бастаған судың түйетайлылығына сайып "тайыз су" деп (тай түбірінен — скользкий) жатады. Осыдан келеді де профессор әр халықтың сөздері бір-біріне ешқашан тепе-тең түбегейлі сәйкес келмейтінін, тек өзді-өзіне ғана тән түсініктті тұстары ғана сәйкесіп келетінін баяндайды.

Ал ғылыми ұғымдардың жөні сәл басқашалау екеніне ол баса назар аударады. Ғалым сөздер терминденген кезде олар әлгіндей таза ұлттық ерекшеліктерінен арылып, ортақтық сипат ала бастайтынын дәлелдеуге тырысқан. Қазақтың қарапайым *тау сағыз, жабағы* сөздері ботаника, биохимия, тауартану ғылымдарының терминдеріне айналу процесін баяндауы қызық. Сөйтіп ол таза ұлттық терминология дегеннің қисынсыздығы туралы пікірді ұстанады. Әрине бұл профессордың осы тектес тұжырымдарына дау айтуға болмайды деген сөз емес. Ең бастысы, оның сол кезеңнің жағдайында термин қалыптастыру мәселесін ғылыми тұрғыда қоя білуі деп білу керек және оның қазақ терминологиясы екі негізден қалыптасқан: халықаралық сөздер мен ұлт тілі сөздерінен құралуы тиіс деген қорытындысы дұрыс.

Қ.Жұбанов 1930—35 жылдары терминология мәселесіне жиірек көңіл бөлген. Бұған негізгі себептің бірі жоғарыда айтылғандар болса, екіншіден, оның 1933 ж. мемлекеттік терминология комиссиясына төраға болуымен байланысты. Ол жазу мен терминология мәселесін нақты қадағалап, бір орталықтан басқарып,

ұйымдастырып отырмайынша нәтиже болмайтынын ерте түсінген. Сөйтіп жедел түрде мемлекеттік терминология комиссиясын ұйымдастырып қана қоймай, онда қаралған мәселелерді дер кезінде жүртшылыққа жеткізудің жолдарын қарастырып, Бюллетень шығара бастайды. Мұның өкінішке қарай төрт-ақ саны шығып, ары қарай жалғасын таппай тоқтап қалды. Әйтсе де осы 4 санының өзінде қазақ терми-нологиясының басты мәселелерін қозғап үлгерді. Сонымен бірге ғылымның әр саласында бой көрсетіп әрі-сәрі қолданылып жүрген терминдердің дені (10 мыңдайын) Мемтерминком мәжілісінде талқыланып, бекітіліп, бюллетеньде жарияланды. Бұл терминдер кейін қазақ ғылымының қалыптасуына негіз болды деп айта аламыз.

Қазақ терминологиясының өзекті мәселесінің бірі — оның принциптерін қалыптастыру. Қ.Жұбанов өзі қарап бекіткен 10 мыңнан аса терминдерді қандай принциптерге сүйеніп жасады дегенде айтарымыз мынау. Ол бұл мәселеге алдын ала үлкен әзірлікпен келген. Бұл жөніндегі өзінің ойларын ол әуелі 1935 ж. 20 мамырда Алматыда өткен мәдениет қайраткерлерінің бірінші Құрылтайында баяндап береді. Ол съезде 11 принцип ұсынады. Өз сөзімізбен қысқартыңқырап айтқанда олардың жалпы мазмұны мынадай:

1. Көптеген әдеби тілдерде аударылмай қалыптасқан халықаралық терминдерді, қазақ тіліне аудармай сол қалпында алу (революция, совет, теория, практика, тенденция, хирургия, климат, абсолютный, конкретный т.т);

2. Көптеген әдеби тілдер тәжірибесінде аударылып алынған халықаралық терминдер (производство, труд, деньги, корень, стебель, мышцы, деление, умножение т.т) қазақ тіліне де аударылады, егер аударма термин мағынасын дәл бере алмай, бұзатын болса, онда оларды (сословие, состав, клетка, слет т.т) орыс тіліндегі қалпынша алу;

3. Әрқилы пәнде бір мағынада қолданылатын терминдерді бірегейлетіп алу; мысалы, *форма — форма* (философия, физика), *материя — материя* (физика, философия) *корень — түбір* (математика, ботаника, лингвистика), *реакция — реакция (* химия, биология, политика)т.т .

4. Білімнің әр саласында әрқилы мағына білдіретін терминдер (мануфактура, продукт, легенда) бір салада термин ретінде, басқасында жай сөз ретінде қолданылады. Мысалы: *мануфактура* экономикалық даму кезінде термин болады, бірақ тауар түріне жата алмайды.

5. Халықаралық сөздер түрінде қалыптасқан терминдер орыс тіліндегі үлгімен қабылданады (пролетариат, физика, биология);

6. Терминдерді түсініксіз етіп жіберетін жасанды сөзжасамға бармай-ақ, қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін де, атаудың ғылыми мәнін де толық қамтый алатын терминдердің (Мысалы: беріліс — передача, көпкіл — многоугольник, тоқыма — текстиль , тәжірибе — практика т.б.) баламасын табу:

7. *-изация, -ификация, -ация* тәрізді формалды элементтермен *(машинизация, электрофикация, объективация)* келетін сөздерді қазақ тіліндегі *материяландандыру, электрлендіру, объективтенулер* түрінде қалыптастыру келеді. Сол сияқты *популярная книга* — популяр кітап, *абсолютная величина* — абсалют шама, *буржуазия идеология* — буржуаз идеология, *дифференциальное уравнение* — дифферциал теңгерме түрінде қысқартып алу;

8. Қазақ тіліне халықаралық терминдермен ілесіп - *ист,- изм* қосымшалары және *ре, сиын, де, суп, анти, контр* тәрізді префикстер енгізіледі.

9. - *авто, аэро, авиа* сияқты қысқартылған формаларға қазақ сөздері бірігіп (автожол, аэрошана, авиашана, автоқатынас) жазылады.

10. Қаркөмір (Қарағанда уголь), Халкомжер (Наркомзем) т.т. сияқтыларды қысқартып қолдану.

11. Бұрын терминологиялық қолданыстан шығып қалған *диктатура, революция, совет, теория, практика, контрреволюция, милитаризм* сияқты терминдері қазақ тіліне қайта енгізу.

Профессор Қ.Жұбанов ұсынған бұл принциптер съезде 10 пункке шақталып, негізінен қабылданды. Бұл принциптердің біразы қазақ терминологиясының қазіргі дамуы мен сұранысы тұрғысынан қарағанда сын көтере қоймайтын тұстары да бар. Әрине, негізінен ғылыми тұрғыда дәйектелген бұл қисындар термин жасам процесінде зор рөл атқарғанын айту лазым. Біз профессордың осы жүйелеуінің арқасында ғылым тілін бірізге салуға жол ашқандай болдық.

Алайда кезінде қазақ терминологиясын жасау ісінде орыс үлгісінің ықпалы, яғни "орыстандыру" саясатының әсері айрықша болғанын аса сауатты лингвист - Қ.Жұбанов еңбектерінің өзінен байқамай өте алмайсыз. Соның салқыны мына принциптерден де аңғарылады. Қазақ тілінің даму, қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктерін мейлінше терең білетін тіл білімпазының өзі ұлттық терминологияны ұлттық негізде жасауға кесірін тигізетін ұстанымдарды басшылыққа алуға мәжбүр болған сыңайлы. Әйтпесе, интернационалдық терминдер мен орыс тілінде қалыптасқан үлгілерді олардың қазақ тілінде баламасының бар-жоқтығына қарамастан бұлжытпай қапысыз қабылдай берейік деудің кисынға келе бермейтінін өмірдің өзі дәлелдеді.

Тілдің ең жүрдек дамитын қатпары осы терминологиялық жүйе деп айтуға болады. Ол қоғам дамуындағы елп еткен жаңалыққа елгезек, соны іліп алып, дер кезінде оған атаулық сипат беріп, терминдендіріп отырады. Тілдің сондай даму заңдылығын тұмшалап ұстап отырмай, мүмкіндігін, өрісін қадағалау қажет. Тілге жасалған осы бір құрсау кешегі 85-тің сәуіріне дейін қысып келгені аян. Мұны айтып отырғанымыз өмірдің өзге салаларымен бірге термин жасам процесінде де сол 1985 жылдан бергі он-он бес жыл ауқымында көрініс берген өзгеріс, өрістерді жоққа шығара алмаймыз. Әсіресе, жаңалық атаулылыға жаны құмар қаламгер атаулының қай-қайсысы да қазақ тілінің ақпараттық ұғымдарды жедел жеткізудегі мүмкіндігін аша түсті.

Тәуелсіздік таңы өмірдің басқа салаларымен бірге терминология шаруашылығына да едәуір өзгерістер, қозғалыстар енгізгені мәлім. 90 - жылдан бері біраз еңбектер жазылды, ізденістер толастамай отыр. Бұрын бар мәселеде Мәскеуге қарай жалтақтай жұмыс істелетін. Ал еркіндік тиді деп қазір қолына қалам ұстағанның бәрі терминшіл, сөз жасағыш болып барады. Азғана уақыт ішінде 45-50 сөздік түзіліпті, әр алуан сала бойынша. Бұл әрине жақсылық. Бірақ сол сөздіктің бәрі бірдей талапқа сай ма? Оны кім саралап, жүйелеп отыр. Қай нәрсені де өз білгеніне жіберсең, жөнді нәтижесі бола бермейтіні аян. Өзім білемдік ғылымға, оның ішінде терминжасам ісіне мүлде келіспейді. Жасалған еңбектерге жол болсын айта отырып, мемлекеттік тіліміздің ғылым қызметшісіне айналдырудың жолдарын саралап, бай қазынамыздың бабын тауып жұмсай білудің жөні бар екенін де ұмытпауымыз керек.

Сөйтіп, 90 жылдардан бері терминдерді ұлттық негізге қарай икемдеу, ыңғайлау бағыты басымдық ала бастады. Бұл ретте қазақ баспасөзінің, журналист қаламгерлердің еңбегі зор. Күні бүгінге дейін ғылым тілінің 70-80 пайызын құрап келген интернационалдық терминдердің жап-жақсы қазақы нұсқасы жасалып отыр. Мұны кезінде кеңестік тәрбие өтіңкіреп кеткен кейбір әріптестер әлемдік

өркениеттен алшақтау, ұлттық сыңаржақтық деп түсіндіргісі келеді. Қалай дегенде де терминдерді "қазақыландыру" үрдісі жұртшылық сұранысы тұрғысынан кең қолдау тауып отырғанын жасыра алмаймыз. Шынында бұл кісі шошырлық үрдіс емес. Қайта ес жиып, есейген ұлттың әлемдік өркениетке нендей өзіндігімізбен барамыз, соған еркін жетелеп жеткізуге өз тіліміздің қауқары жете ме деген саналы толғанысынан туындайтын заңды әрекет бұл. Мұндай әрекет қашанда қоғам мен тіл арасындағы өзара байланыстан, өзгеріс-өрістер барысынан пайда болады.

Қараңыз, бір кезде программа (бағдарлама), устав (жарғы), совет (кеңес), презентация (тұсаукесер), коррупция (сыбайлас жемқорлық), гонарар (қаламақы), бартер, юбилей (мерейтой), заказ (тапсырыс), самолет (ұшақ), вертолет (тікұшақ), церемония (рәсім), атмосфера (ахуал), договоренность (уағдаластық), оптимальный (оңтайлы) т.т. қазақша баламасын ойластыру түгілі "пәледен машайық қашыпты" деген сақтық жетегінде жүрдік емес пе? Бақсақ, қазақ терминологиясын А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов сынды зиялылар әу бастан-ақ ұлттық тіл негізінде қалыптастыруға әрекеттенген екен. Ол әрекеттер нәтижесіз болған жоқ.

30-жылдардан бері қоғам өмірінде талай бесжылдықтар мен жоғарыдан түсірілген талай жоспарлар орындалды.Тіл ғылымында ондай атап айтарлық бесжылдықтар болмағанымен, сталиндік бір тіл маңайына топтасу, Хрущевтың орыс тілімен ғана коммунизмге бару т.т. рухани өмірімізге әсер етпей қойған жоқ. Содан ылғи да бұқпантайлап, жан-жаққа қарап, ойын жалтақтай баяндайтын қауым пайда болды. Қисыны келсін-келмесін ғылыми ізденістердің өзін марксизм-ленинизм идеяларымен тұздықтап өзгеге икемделумен жүрдік. 60-70 жыл бойы санаға сіңіп, тамырланған тәрбиеден жуық арада арыла қою әрине, қиын. Тілдегі, оның терминологиясындағы әрбір ізденіс, жаңалықтарға үрке, шоши қарайтын ағайынның жағдайын түсінуге болады. Белгілі бір қалыпта білім алған жанның сол үйреншікті калыптан ұзағысы келмейтіні ақиқат. Алайда қоғамдағы қызметіне орай тіл өзінің орбитасында өз заңдылығы бойынша дами бермек.

Құдекеңнен кейін де қазақ терминологиясының принциптері қарастырылған. 50-жылдың басында бұл мәселені Н.Сауранбаев, С.Бәйішев, М.Балақаевтар қозғаған. Олардың ұстанған бағыты да негізінен, жоғарыдағыдай болды. Бүкіл кеңес үкіметі тұсында орныққан, қалыптасқан қасаң қағидадан олар да алшақ кете алмады.

Бұл мәселе ұзақ жылдар бойы көптің көңілін күпті етіп келді де тәуелсіздік таңы атысымен өзінің бар аумағымен күн тәртібіне қайта көтерілді. Терминология мәселесі тұңғыш рет докторлық диссертация тақырыбына айналып, оның көптеген көмескі мәселелері ғылыми сарапқа түсті. Содан бері қазір бұл сала 4-5 докторлық диссертация ауқымында қаралды. Ондаған кандидаттық жұмыстар терминологияның сан-саласын зерттеу объектісіне айналдыруда. Сөйтіп, ғылымның қазақ терминологиясы дейтін жаңа саласы калыптаса бастады. Қазақ терминологиясының жаңа үрдісі өмірге жолдама алды.

Жаңа үрдістің жайын қозғап, терминжасам принциптерін жаңаша қарастыруды қолға алған адамның бірі — академик Ә.Т.Қайдар. Бірер ой осы жайында. Ол кісі қазақ терминологиясын әдеби тілдің күретамыры ретінде саралап, оның қазіргі кезендегі жағдайына барлау жасай келе термин жасаудың принциптерін қайта қарастыру қажеттігіне баса назар аударды. Сөйтіп өз тарапынан ұсынылған принциптерін он пунктке топтап берді. Еске сала отырайық. Бұл мәселені біз де өз еңбегімізде (1988, 1997 ж.ж.) сөз еткен болатынбыз. Онымен қайсыбір зерттеушілер таныс та болар деп ойлаймыз. Біздің де пікіріміз (кейбір пунктері

болмаса) Ә.Қайдар пікірімен орайлас. Бұл академик ғалымның абырой-беделіне жығылудан емес, зерттеу барысында келген өз пікіріміз. Әңгімені ұзартып алмас үшін бұл пунктердің бәрін тәптіштемей-ақ, қазіргі терминжасам процесінде айнықатесіз ұстануға қажет дейтін басты-бастыларын ғана атап өтпекпіз.

Біріншіден, сонау А.Байтұрсынұлы заманынан бастау алған, кейін жалғасын таппай, орта жолда үзілген өз байлығын сарқа пайдалану принципі. Бұл — терминжасам ісінде бірінші кезекте ескеріліп отыруға тиісті басты шарт.

Екіншіден, интернационалық терминдерге балама іздеп немесе калька және басқа тәсілдермен аударып алу, аударуға көнбейтіндерін қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес икемдеп игеру принципі;

Үшіншіден, ең басты осы екі принциптің мүмкіншілігі сарқыла бастағандай болса, түбі бір туыс түркі тілдерінің лексикалық қорын пайдалану. Бұл күні бүгінге дейін жеткілікті мән берілмей келе жатқан принцип;

Төртіншіден, салалық және күрделі терминдерді қысқартып пайдалану;

Бесіншіден, тәжірибе арқылы қалыптасқан дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.

Терминдік қолданыстың айнасы — баспасөз. Ал жаңа үрдістің неше алуан үлгісі бүгінгі баспасөз материалдарында молынан кездеседі. Сонда байқалатыны біз санамалап отырған мына принциптің бәрі де ескерілетіні. Бұл әрине жақсы нышан, сонымен бірге әлі күнге ала-құлалықтан аяқ аттап баса алмай келеміз. Мәселен, "спонсор" сөзін ә дегеннен "демеуші" деп алсақ та, оған *мияткер, қолдаушы* дегендерді қатарластырып коямыз. "Приоритет" бірде *артықшылық,* бірде *басымдылық,* енді бірде *басым бағыт* болып түрленеді. "Вкладчик" дегеннің де баламасын тұрақтандыра алмай жүрміз (салымшы, аманатшы, аманат ақша иесі). "Консенсусты" *бәтуа, мәселе, келісім, жалпы пікір* деп төрт жаққа тартқылап келеміз. Сонда байқалатыны жарыспалы терминдердің қарасының көбейе түсуі. Тіпті терминком бекіткен терминдердің өзі қолданыста түрлене береді. Мұны да зерттеп, қазіргі қалыптасқан ғылым талабы тұрғысынан қадағалап отырғандар да шамалы.

Ал өркениетті елдерде бұл шаруа жіті қадағаланып, жұртшылық назарында ұсталады. Тіпті кешегі Кеңестің мұрагері бүгінгі Ресей жағдайына зер салсаңыз, ғылым саласында жеткен биігін төмендетпей, қайта тіл тазалығы мен мәдениеті деген мәселелерге аса зор мән беріп отыр. Алыс шетелдегі жағдай бұдан да бөлек. Ал мына көрші республикалардың өзінде де біз үлгі аларлық мысалдар толып жатыр.

Жалпы әлемде ғылыми терминологиясы қалыптасқан 70-тей астам тіл бар екен. Бұл қатарға қосылу үшін қазақ ғалымдарына қыруар іс тындыруға келеді. Біз терминжасам мен қолданыста ала-құлалықтан арыла алмай келеміз. Бұдан әзір шығар түріміз де байқалмайды. Сонау 30-жылдардан бері жұмыс істеп келе жатқан Мемтерминком ісінде береке болмай барады. Береке болмайтыны ондағы термин талқылау тәсілі ғылымы жүйеге негізделмеген. Әркім өз білгенін ортаға салып, "менікі дұрыс" деп ойқастап отырғаны. Мәселе қашанғы әдет бойынша, көпшілік дауыспен қол көтеру арқылы шешіліп жатады. Қараңғы бөлмеден тышқан аулағандай жылт еткен сәулеге мәз болып, болмашы ұсыныстың мақұлдап мәресәре жамырасып жататын кез көп. Сөйтсе де шүкір, біраз жұмыс жасалғаны да рас. Бірақ бұл тым аз.

Тілші ғалымдардың жоба есебі бойынша (Ә.Қайдар) қазақ тілінде 70 мыңнан аса терминологиялық единица бар. Соның 70-80 пайызы әлі күнге терминдік

сұрыпталудан өткен емес. Яғни бұлардың бәрі терминделу процесін бастан кешіруі тиіс, мемлекеттік тіл мәртебесі үшін, әсіресе оның негізгі тармақтарының бірі — ғылым тілінің қанат жаюы үшін аса қажет шара. Бұл көл-көсір жұмыс. Қазіргі қарастырылып жүрген терминдер теңіз астында жатқан алып мұздың аздаған үстіңгі жағы ғана. Оның өзі де көңілден шығып жатқан жоқ. Бұлай болуының себебі неде? Не істеу керек сонда? Мұның бірнеше себебі мен мұндалап тұр. Біріншіден, терминология мәселесіне мемлекеттік көзқарастың орнықпауынан, қажетті қамқорлықтың жоқтығынан. Екіншіден, әлгіндей немқұрайдылық салдарынан арнайы дайындықтан өткен мамандардың жоқтығы. Үшіншіден, әлі күнге қажетті мамандарды дайындамай отыруымыз.

Егер бұдан ары да маман даярлау ісі дәл осылай сөзбұйдаға салына беретіні болса, қазақ тілінің терминологиясын жуық арада жөнге саламыз деу асылық. Өзін ел етіп ұстап отырған мемлекеттің қай-қайсысында да осы іспен шұғылданатын арнайы мемлекеттік мекемелері бар. Мәселен, Ресейде ғылыми-техникалық терминология комитетінің жұмыс істеп келе жатқанына жарты ғасырдан асты. Мына тұрған іргелес көршілер Қытай, Моңғолия, Украина, Балтық бойындағы тәуелсіз мемлекеттер т.т. бұл шаруаны үнемі назарында ұстайды.

Әрине тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару кез келгеннің қолынан келе бермесі мәлім. Ол үшін терминологиялық лексика мен ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін дөп басып тани білетін қабілетті маман керек, бар маманға жағдай керек. Осыдан барып мынадай проблема туындайды. Соның бірі осы күнге дейін халықаралық терминдер жүйесін ұлт тілдеріне аударудың тұжырымдамасының жасалмай келуі, оларды жазу, қабылдау тәртібінің белгіленбеуі. Көп кесірін тигізіп жүрген мәселе осы. Сонымен бірге термин шаруашылығын ғылыми тұрғыда жүйелеп, оның мәселелерін түбегейлі қарастыру қажет екенін мақұлдайтын болсақ, бұл жұмысты бір Орталыққа шоғырландыру қажет. Және бұған мемлекеттік тұрғыдан қамқорлық жасалып отырмаса болмайды. Бұл шаруа тек науқандық шараға ғана айналып кетсе, ең қиыны сол. Қанша сөздіктер шығып, олар жұртшылық қолына тиіп жатыр. Ал оларды ғылым сарабынан өткізіп, қазақтың ғылым тілін қалыптастыруға септігі қай дәрежеде дегенді анықтайтын, саралайтын кім? Әлгі біз ұсынып отырған Орталық осындай шаруамен айналысуы тиіс. Бірақ мұндай жұмыс ешбір көмек, қолдаусыз жүріп кете қоймайды. Тағы да қайталап айтамыз, оған маман керек, маманға жұмыс істеткізу үшін жағдайын жасау қажет. Мына нарық қысып, барлық салада жаппай қысқартулар жүріп жатқанда бүгінгідей жиын өткізіп, ғылым мен мемлекеттік тілдің күрделі де қиын мәселелеріне қозғау салудың өзі ерлікке саяр тірлік қой. Әрбір бас қосудың нәтижесі болып жатқаны қандай жақсы. Мына бүгінгі жиынның да нәтижесі былай деп тілей отырып, жоғарыдағы айтылған ойларымды ұсынысқа ұластырмақпын.

Қазақ тілінің ғылымдағы орны, ғылым тілін қалыптастырудың кезек күттірмейтін мәселелері туралы ой қозғап жүргенімізге бірнеше жыл болды. Мұның бәрі мемлекеттік тіліміздің мәртебесін орнықтыру амалдары ғой. Осы игі мақсатымызға жақында жеткендей болдық. Ұлттық Ғылым академиясы мен Ғылым және жоғары білім министрлігі дейтін мекеме бар екенін білесіздер. Ғылым тілі осында қанат жаймағанда, қайда барып баян таппақ.

Мемлекеттік тілдің де өріс алар жерінің бірде болса бірегейі осы. Аталмыш министрліктің басшысы В.С.Школьник біздің көтерген мәселеміздің қаншалықты маңызы барлығын түсініп, қолдау көрсетті. Соның нәтижесінен кеше ғана А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жанынан бұрынғы бөлім негізінде Ғылыми терминологиялық Орталық құрылды. Әу баста біз

дәріптейтіндей болмағанмен жылдар бойы қатып, қалыңдаған тоңның қабаты жібігендей болып отыр.

Ендігі әңгіме осы орталықтың жұмысын жолға қою жөнінде. Ол әлденеше мәселеге тәуелді. Ең алдымен айтарым: негізгі міндет, лажы болса қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуына септігі тиер жұмыстарды ғылыми тұрғыда зерделеп, оның әрі теориялық, әрі практикалық мәселелерін қарастыру; бұрынғы және қазір жасалған терминдерді реттеп, жүйеге түсіріп, қалыптандыру; барлық ғылым салалары бойынша ертелі-кеш жарық көрген терминологиялық сөздіктерді қамти, саралай отырып, ғылыми жұртшылықтың сұранысына жарарлық терминологиялық сөздік сериялары баспаға дайындау; Қазақстан Республикасындағы терминологиялық жұмыстарды үйлестіріп отыру және аспирантура, кандидаттық ізденістер шеңберін ұлғайту арқылы ұлттық терминология мәселесімен шұғылдана алатын сауатты мамандар әзірлеу.

Бұл тіпті де оңай шаруа емес. Ол үшін аталмыш Орталықтың барлық мұқтаждығы қамтамасыз етілуі керек. Ең алдымен қаржы жайы алаңдата береді. Біздің министрлік қалқадарынша жәрдем қолын созғанмен, мәселеге түбегейлі қамқорлық жасар халде емес.

Термин мәселесін қажетсінбейтін мекеме жоқ. Бүгінгі мәслихатты өткізуге мұрындық болып отырған ҚР Ақпараттық келісім және мәдениет министрлігінің де бұл мәселеге тікелей қатысы бар. Егер өзара үйлестіре жұмыс істейтін болсақ, екі министрліктің де терминологияға байланысты мұқтаждығы өтеліп қана қоймай, ғылым тілін өрістете түсуге мүмкіндік ашылар еді. Осындай мақсатпен біз Тілдерді дамыту Департаментіне өтініш қағаз түсіргенімізге біраз болды. Департамент бастығы Ербол Шәймерденовініміз мұқтаждарымызды түсініп, елгезектік танытқанмен нәтиже болмай отыр. Күдер үздірмей отырған уәдесі бар.

Біз, қазір жоғарыда еске салғанымыздай, бірнеше сөздік дайындаудамыз. Бітуге таяуы, жалғасып жатқаны бар. Тіпті, егер Тіл Департаментімен осындай жұмыстар жөнінде шартқа тұруға да бармыз. Ал тапсырыс беретіндей жағдай болса оған да барғалы отырмыз. Әйтеуір, ортақ істі оңашаға тарта бермей, осылайша қауымдасып, қолға алатын жерде нәтиже басқаша болар еді деген ой келеді.

Биыл халық бірлігі мен ұрпақ сабақтастығы жылы. Біз елі үшін еселеп еңбек еткен кешегі зиялыларымыз — А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, Қ.Жұбановтардың ғылымдағы жолын жалғастырушылармыз. Ұрпақ сабақтастығының бір түрі осы болса керек. Сонау бодандылық кездің өзінде ана тілін аялай тұтынып, атамекенін асқақтата білген ұстаздардың бүгінгі ұрпақтары тәуелсіздігіміздің бір тірегі — мемлекеттік тіліміздің мәртебесін биіктете түспесе, төмендетпес деген сеніммен сөз түйіндемекпін!

Мемлекеттік тіл: Терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. - Астана, 1999. - 60-69-бб.

АУДАРМА ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНДА

Әлемде әр алуан тіл, әр алуан ел өмір сүріп отырған жағдайда аударма мәселесінің күнделікті қажетті іске айналуы заңды. Қай халықтың тарихын тексеріп қарасаңыз ол өзінің мәдени, рухани байлығын, ғылыми-экономикалық өресін ең басты екі негізден алып дамытып отырғанын байқаймыз. Бірі — өзінің ішкі мүмкіндіктері болса, екіншісі — өзге жұрттың мәдени байлығына иек арту. Өзге елдің, бөгде жұрттың рухани дүниесінен сусындай отырып, өз мәдениетін өркендеткен мысалды кез келген халық тарихынан келтіруге болады.

Өз мәдениетін дамыта түскен халық қашанда басқа елдің ғылым-білімін үйреніп, соны игеруге ұмтылады. Өзінің рухани қазынасын дамытқан үстіне дамыта түседі. Осындай игі істердің жандануына аударманың айрықша қызмет атқарып келгені аян. Аударма ісінде "тісін сындырып", тер төккен айтулы ғұламалардың мұны "халықтар достығының дәнекері" деп аялауында көп сыр бар. Шындығында, ел мен елді табыстырып, халық пен халықты жақындастыруда аударма өнерінің рөлі айрықша екені даусыз.

Егер біз бүгін дүниежүзі халықтарының бәріне ортақ неше алуан мәдени, әдеби, тарихи мұраларды көзінен тізіп санап шыға алатын халде болсақ — ол тек аударманың арқасы. О баста белгілі бір халықтың ғана мұрасы болған айтулы "Мың бір түн", "Шаһнама", "Игорь полкы туралы жыр", "Қалила мен Димна" т.т. толып жатқан дана туындылар бүгінде көптің мүлкіне айналса, ол да осы аударманың арқасы.

Бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп, идеологиялық күресте үстем шығып отырған Маркс, Энгельс, Ленин ілімі барлық еңбекші бұқараның әлуетті құралына айналып отырса, аударма ісінің бұған да тікелей қатысы бар.

Ендеше, аударма қай заманда, қай кезеңде болмасын қоғам өмірінің ілгері жылжи, дами түсуіне қалтқысыз қызмет етіп келді. Адамзат қауымы аман тұрғанда солай бола да бермек. Аударма ісімен ертеден айналысқан халық оның өзекті мәселелерін де үнемі сөз етіп отырған. Яғни көркем аударма мәселесі адам баласын көптен толғандырып келеді. Әсіресе, бұл көп ұлтты Совет елінде айрықша мәні бар мәселеге айналып отыр. Біздің елімізде тіл айырмашылығы ешқандай кедергі туғызбайды. Қайта аударма ісінің жануы арқылы терезесі тең ұлттар бірін-бірі толықтыра, сол арқылы рухани, мәдени өресін биіктете түсуде. Ал орыс тіліне аудару арқылы көп ұлтты совет әдебиеті әлемдік әдебиет мәдениетінен сусындайтын болды.

Сөйтіп көркем аударма мәдени және тарихи жағынан да, саяси идеялық жағынан да жалпы мемлекеттік маңызы бар іске айналып отыр.

Осы сөз болып отырған мәселелерді Қазақстан жағдайындағы фактілер тәптіштей түседі. Рухани, мәдени өрлеудің асқан бір дәуірін кешіріп отырған қазақ халқының өмірінде соңғы алпыс жылдан аса уақытта аңызға ұласқан өзгеріс-өрістердің болғаны мәлім. Мәдениет, экономика, ғылым, техника т.б. тәрізді халқымыздың қарқынды қадамын танытарлық қандай бір саланы қарастырсақ та таңдай қағарлық тамаша табыстарды айта аламыз. Сол өзгеріс, өрлеулердің бір парасында аударма ісінің де ізі сарнап жатады.

Орыс тілінен саяси-көркем әдебиеттің сан түрін аудару арқылы қазақ халқының мәдени өресі биіктеп, саяси пайым -түсінігі, талғам-танымы күшейе түсті. Әсіресе, жаңа өмірдің жан-жақты жаңалығынан туындап, кесе-көлденең тартылған неше алуан ұғым, түсінік, пайымдарды таңбалап дағдыланбаған қазақ тілі сияқты тілде термин жасау, жазу-сызуды жолға қою, әдеби тілді қалыптастыру деген мәселелерді шешуде аударманың атқарған қызметі мол. Біз көптеген ұғымдарды орыс тіліндегі пішініне қарап, өз тіліміздің мүмкіндігіне орай жаңадан жасап алдық. Тілімізде жаңа сөз, жаңа термин, жаңа тіркес, тіпті жаңаша сөйлем құру дағдысы пайда болды. Бұл процесті ғылыми әдебиеттен де байқау қиын емес.

Қазіргі кезеңде аударманың көбейгені соншалықты, тек орыс тілінен қазақ тіліне аударылған шығармалар тізімін атап шығудың өзі оңайға түспес еді. Бұл мәселе жеке бір библиографиялық көрсеткішке татитын тірлікке айналды. Терминология мен аударма теориясы бөлімінің қызметкерлері түбі осындай көрсеткіш жасау қамында.

Аударма пайда болғалы ол жайында ғылыми ой-пікірдің де қанаттаса өрби түскені мәлім. Қай халықтың тарихын қарасаңыз да аударма жайында жинақталған тәжірибе, тұрақтанған пайым-түсінік бар. Аударма практикасымен шұғылданған жұрт, оның ішкі сырына үңіліп, өзіне лайықты заңдылықтарын да ашып беруге тырысқан. Сондай жоба-жүйе бірден-бірге ауысып, аударма проблемасының ережеақиқатына айналды. Солай болып келді, осылай бола беруі де ықтимал. Ол осылай ғылыми пәнге айналды.

Қазақ тіліндегі аудармалар сырына үңілгенде де осыны байқаймыз. Әрине, жалпы мәдениет, әдебиет, тіл дегендеріңіз баспа жүйесінің дамуына тікелей қатысты нәрсе ғой. Бұл жағынан қазақ халқы революциядан бұрынғы жағдайына мақтана алмайды. Дегенмен, "Түркістан уалаятының газеті" мен "Дала уалаятының газеті", "Айқап" журналы тілге тиек.

Аударма мәселесі жөніндегі ой-пікірлер там-тұмдап осы аталған газет-журналдарда алғаш бой көрсеткен. Содан бері бұл мәселе күн тәртібінен түскен жоқ. Бұған әрдайым әр кезде әдебиет, мәдениет қайраткерлері араласып, пікір айтып келді. Алайда бұл өнер жайындағы пайымдаулар жан-жақты өрби алған жоқ.

Қазан төңкерісінен кейін кеңес халқының өзара қарым- қатынасы, байланысы күшейді. Мәдениеттің барлық саласында ілгері өрлеу кезеңі басталды. Міне, осындай қат-қабат тірлік қатарында аударма жұмысы қатар жүргізіліп және ол жайындағы ой-пікірлер, ізденістер өріс алды.

Ғылыми әдебиетте аударма жайында алғаш пікір айтқан кісі — С. Сейфуллин деген ұғым қалыптаса бастады. Шындығында осының жөні бар. Өйткені бұдан бұрын аударма жайын сөз ететін бір де бір пікірді кездестіре алмадық. 1914 жылы "Айқап" журналында Алматы шаһарында уездный начальник болып жұмыс істеген И. Лиханов дегеннің қазақ өңірінен алып жазған "Манап" драмасы жарияланды. Іле-шала осы жайында С.Сейфуллиннің де пікірі берілген. Сонда Сәкен драма жайында айта келіп, "оны қазақшаға аударғанда сөзбе-сөз аударған. Соның үшін сөздері нағыз қазақша болып шықпаған" деген қорытынды жасайды. Аударма жайындағы пікірдің бастамасы деп отырғанымыз осы себептен.

Осыдан бергі жерде Е. Алдоңғаровтың (1926 ж. 3 декабрь), Б. Кенжебаевтың (1925 ж. 28-29 августағы) мақалаларын атауға болады. Б. Кенжебаев Абайдың аудармашылығы жөнінде әңгімелесе, Е.Алдоңғаров Пушкиннің "Сараң сері" ("Скупой рыцарь"), "Тас мейман" ("Каменный гость") поэмаларының қазақшасы жайында сөз қозғайды.

Алайда отызыншы жылдардың орта шеніне дейін көркем аударма туралы айтылған пікірлер белгілі бір шеңбердің шегінен шыға алмады, көбі жай тілек тұрғысынан аспады.

Аударманың тікелей өз мәселелері, тек отызыншы жылдардың екінші жартысынан қарастырыла бастайды. Бұған себеп болған нәрсе А.С.Пушкиннің қайтыс болғанына жүз жыл толғанына байланысты қолға алынған шаралар еді. 1937 жылы бұл датаны бүкіл еліміз кеңінен атап өтті. Қазақстан жұртшылығы да ұлы ақынды еске алу ісінде едәуір еңбек етті. Басы І. Жансүгіров болып көрнекті қазақ ақындарының бәрі де Пушкинді аударуға кірісті. Аударма саласында ежелден қалыптасқан дәстүр-тәжірибесі жоқ еліміз үшін бұл іс оңайға соқпағаны мәлім. Өзгесін былай қойғанда Абай тәжірибесін жөндеп түсініп, сіңіре қоймаған әдебиетіміздің балаң кезінде аудармашылық өнердің сыр-сипатына үңіліп, оның бүге-шігесін талдап беретін кісі шыға қоймаған кез.

Дәл осы тұста М. Әуезовтің "Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы" деген мақаласы жарияланды. ("Социалистік Қазақстан" 1936 ж. 18 санында). Қазақтың көркем аударма мәдениеті үшін үлкен бір белес болғалы тұрған кезеңді дәл түсініп, осы құрметті істі қолға алушыларға сәл де болса жәрдемі тисін деген мақсатпен арнайы жазылған мақала еді, бұл.

Автор бұл мақаласында Пушкин поэзиясының қазақ еліне жасаған сапарын әріден жалғап, әрбір кезең үлгісіне тиісті бағасын береді. Әсіресе, Абай жасаған айтулы үлгілерді алдымен ауызға алады. Бұдан бергі жердегі үлгілер де сырт қалмаған. Мәселен "өз бетімен кеткен" Шәкәрім, Бөкейханов аудармаларының құнсыз екені сынға алынады.

І. Жансүгіров, Т.Жароков, Ғ.Орманов аудармаларын талдайды. Бұл аудармалардағы жаңа үн, жаңа беталысты автор дәл байқайды. М.Әуезов осыдан кейін іле-шала бірнеше мақала жазып тастайды. "Ревизордың аудармасы туралы" ("Қаз. әдебиеті". 1936 ж. №37) "Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді?" ("Қаз. әдеб". 1937, №7) "Евгений Онегиннің" қазақшасы туралы" ("Соц. Қаз". 1937, №6), "Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар" ("Соц. Қаз", №49) деген еңбектерімен суреткер аударма проблемасының көптеген мәселелерін күн тәртібіне алып шықты. Бұл мақалаларында жазушы ең алдымен аудармада түпнұсқаның сөз байлығын, ой терендігін, стиль ерекшеліктерін дәл беруді міндет санайды. М.Әуезов аударма теоретигі есебінде осы принципті өмір бойы қолдап өткен.

1937 жылы 5 январьда "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Евгений Онегин" на казахском языке" деп аталатын мақаласында да аударма теориясының біраз өзекті мәселелерін аралаған. Шындығында М.Әуезовтің осы алғашқы мақалаларынан былай қарай аударма ісінде өзгеше бетбұрыс бола бастаған тәрізді. Мұны өзінше проблемалары бар өзгеше өнер ретінде қабылдап, соның ішкі заңдылықтарына бойлап енгісі келген мақалалар осыдан былай қарай шым-шымдап шыға бастайды.

М. Әуезовтен кейін аударманы іле-шала әңгіме еткен адам, белгілі сыншы М.Қаратаев. Оның 1937 жылы жарияланған "Жүз жылдан кейінгі Пушкин ", "Пушкин мен Абай" деген екі мақаласында орыс халқының ұлы ақынының бүкіл адамзатқа, Абайға, қазақ ақындарына тигізген игі әсерлерін әңгімелей келіп, соны аударудағы қиыншылықтар мен принциптерді тарамдап кетеді. Пушкинді аударудағы Абай үлгісі мен І. Жансүгіров, Т. Жароков, Ә. Тәжібаев, М. Дәулетбаев, С. Талжанов, Қ. Аманжолов аудармаларын салғастыра отырып, практикалық істе септігі тиер біраз ақиқатты алға тартады. Кемшіліктерді атайды. Сонымен ол аударма еңбек туған әдебиетіміздің үлкен бір саласы екенін дәлелдеуге тырысты. Отызыншы жылдарда аударма мәселесіне мән беріп, кесек пікірлер айтқан еңбектердің елеулілері осылар.

Қырқыншы жылдарда елдің рухын көтерер, патриоттық сезімін шыңдатар туындылар аударылғанымен, аударма проблемасына бағышталған жұмыстар онша көп бола қойған жоқ. Соғыстың әлегі бұл салада да ізін қалдырды. Яғни көп көңілдің аудармадан гөрі басқа мәселеге алаң болғаны мәлім. Бұл тұста біз бір ғана еңбекті еске аламыз. Ол М.И. Ритман - Фетисов пен Б. Кенжебаевтың бірлесіп жазған "Советтік Қазақстандағы аударма жұмысы"(1) деген мақаласы. Мұнда авторлар аударманың мәні, тарихы, аударылған дүниелер жайын әңгімелейді.

Аударма мәселесінің шындап қолға алына бастағаны — елуінші жылдар. Көп ұлтты совет елінің жағдайында аударма мәселесінің қаншалықты рөл атқарып отырғанын анық аңғарған партиямыз бен үкіметіміз бұл жылдары мұны

бүкілхалықтық проблема есебінде бағалап, бұрынғыдан да бетер мән бере қарады. Өйткені аударманың теориялық мәселелерін жан-жақты зерттеп, оның даму кездері мен тарихын тексерудің мезгілі жеткен болатын. Әр кезде әр алуан қаламгерлердің қаламынан шыққан әрқилы пікір-пайымдаулардың заңдылыққа саятын ортақ қасиеттерін анықтап, аудару тәжірибесіне пайдасы тиер заң-жобаларды түзу қажеттілігі келелі бір кеңестің керек екенін де күн тәртібіне пісіріп әкелген еді. Осындай пісуі жеткен мәселені СССР Жазушылар одағы 1951 жылы көпшіліктің талқысына салды. СССР Жазушылар одағының Басқармасы өткізген бұл Бүкілодақтық бірінші кеңес көркем аударма туралы мәселе қарады. Бұған дейін барлық орталық, республикалық баспасөзде көркем аударманың көптеген мәселелері жайында кең түрде пікір алысылды. Осы пікір алысулар мен Бүкілодақтық кеңес аударма ісіне жалпы жұртшылық назарын қатты аударып кетті.

Кеңес қарсаңында өзге республикалардағыдай Қазақстанда да біраз шаруалар істелінгені мәлім. Дәл осы кезеңде, яғни 1951 жылы С. Нұрышевтің "Творческое наследие И.А. Крылова в Казахской литературе XIX века", ал 1954 жылы "Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен " деп аталатын еңбектері жарық көрді. Бұл екі еңбек те аударма мәселесіне арналған. Алайда мұнда айтылатын пікірлердің бірсыпырасы даулы да дәйексіздеу болатын. Дәл осы кезеңде марксизм-ленинизм классиктерін аудару ісі де едәуір жолға қойылып, біраз тәжірибе жинақталып қалған еді. Біртіндеп бұл мәселе төңірегінде де еңбектер шыға бастады. Мәселен, Қ. Шәріповтың "Марксизм-ленинизм классиктері шығармаларын аударудың кейбір мәселелері" ("Некоторые вопросы перевода произведений классиков марксизма-ленинизма") деген еңбегі 1954 жылы, ал "Орыс тілінен қазақ тіліне аударудың кейбір мәселелері туралы" ("О некоторых вопросах перевода русского на казахский язык") деп аталатын М. Жанғалиннің еңбегі 1958 жылы жарық көрді. Мұның екеуі де орыс тілінде жазылған.

Сондай-ақ, осы жылдары жұртшылық қолына тиген З. Ахметовтың "Лермонтов и Абай", С.Қирабаевтың С.Көбеев жөнінде, Ә.Дербісалиннің Ы.Алтынсарин жөніндегі еңбектерінде де аударма жайы сөз болады. Ал 1957 жылғы Қ.Қанафиеваның "Развитие переводческого искусства в Казахстане" деген тезисі республикамызда аударма өнерінің қалай дамып, қалыптаса бастағанын әңгіме етеді.

Жалпы, осындай еңбектерге шолу жасай отырып, елуінші жылдары негізінен көркем аударманың ғылыми-теориялық мәселелеріне көңіл аударыла бастады деп айтамыз. Бұл жылдары аударма мәселесіне әр алуан мамандық иелері араласып, барлық газет-журналдар арқылы келелі ой-пікірлер өрбіді. Қазақстан топырағында тұңғыш диссертация қорғалды [3].

Аударма мәселелерін ғылыми тұрғыда қарастырып, қалыпқа түсіруде З. Ахметов, Қ. Шәріпов, Қ. Қанафиева тәрізді зерттеушілердің осы елуінші жылдары жазылған еңбектерінің де ролі болғанын айта аламыз [4].

1958 жылы аудармашылардың Алматыда болып өткен кеңесі тек республика жұртшылығы үшін ғана емес, бүкіл түркі тілдес туыс халықтардың мәдени өмірінде елеулі оқиға саналады. Мұнда Орта Азия, Қазақстан және Әзірбайжан ғалымдары бас қосып, орыс тілінен осы аталған елдер тіліне аударудың сан түрлі проблемаларын сарапқа салды. Мәжілісте жасалған баяндамалардың мазмұнына қарасаңыз аударма әдебиет баспа орындарының ең мәнді, күрделі саласының біріне айналған екен. Осы мәнді де маңызды шаруашылығымызда көбімізге ортақ елеулі кемшіліктердің басы ашылып, оларды түзеп жолға қоюдың амалдары қарастырылды. Міне,

сондықтан да туысқан халықтар тіліне аударудың ортақ мүдделерін таразыға салған бұл тұңғыш мәжілістің мәні айрықша болды деп бағалаймыз.

Жасалған жиырма баяндама аударма саласындағы бүгінгі көкейкесті проблемалардың барлығын терең талдап, жоғары ғылыми-теориялық деңгейде әңгімелейді. Бұл республикааралық кеңестің материалдары кейін жеке жинақ есебінде жарық көрді [5].

Мұның ішінде, орыс тілінен қазақ тіліне аударудың әртүрлі проблемаларын сөз ететін төрт баяндаманың жеке басылуы [6], әсіресе біздің республика аударма ғылымының тарихындағы елеулі құбылыс ретінде бағалануы тиіс. Атап айтқанда, М. Жанғалиннің "Орыс тілінен қазақ тіліне аударудың негізгі принциптері туралы", М. Қаратаевтың "Тынық Донның" қазақшаға аударылуы және көркем аударманың кейбір мәселелері", Қ. Сағындықовтың "Ленин шығармаларында кездесетін кейбір мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, идиомдарды қазақ тіліне аудару жайында" және А. Сыдықовтың "Оқу құралдарын түсінікті аударудың кейбір жолдары" деген баяндамаларының қазақ аударма ғылымының қанат жаюына қосқан үлесі мол.

Елуінші жылдардың екпіні алпысыншы жылдары үдей түспесе бәсеңдеген жоқ. Бұл жылдары аударманың практикалық мәселелерінде аздап саябырсу байқалғанымен, аударылған дүниелердің сапасына тереңдеп, жаңа қалыптасып келе жатқан аударма ғылымының ғылыми болмысына байыппен, зерттеуші көзімен қарау жағы таразының екінші жағын баса бастаған тәрізді. Аударылған дүние көп. Аударуға шеберленіп алған мамандар да жетерлік. Сол көл-көсір дүниенің халқымыздың рухани байлығын толықтыра түсетін қасиеті неден көрінеді, тіліміздің бар мүмкіндігін пайдаланудағы табысымыз қандай, орыс тілінің, орыс жазушыларының, олардың керемет туындыларының сан-салалы қасиет, қатпар, қыртыстарын жеткізуде нендей амал, тәсілдерге барып жүрміз және соларды меңгеруде көзбен көріп, қолмен ұстайтындай заңдылықтар қайсы деген мәселелерге бет бұрылды.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтында тіл мәдениеті мен аударма мәселелерін ғылыми тұрғыда тексеріп, талдаудың жоспары түзіліп, арнаулы бөлім мен топ құрылды. Аударманы ғылыми-зерттеу жұмыстарының объектісіне түбегейлі айналдыруда С. Талжанов пен Ә. Сатыбалдиевты алдымен ауызға алуға міндеттіміз. Бұл екі азаматтың бірі – Н.В.Гоголь творчествосының, екіншісі Л.Н. Толстой творчествосының қазақша аудармасын тексере келе [7], қазақ аударма теориясының негізін жасауға өз үлестерін қосты. Мұндай зерттеу жұмыстарының арқасында, біз аударма мәселесінің көптеген ғылыми проблемаларының бар екенін, бұл ғылымның қиын да қызықты саласы екенін танып, оның жеке-жеке салалары диссертациялық тақырыптарға объект бола алатынына көзіміз жете түсті. Әрине, бұл зерттеулерде нақты ғылыми талдау жағынан әбден жетілген, піскен жұмыстар еді деп айту қиын. Әрқайсысы өзіндік жетістігіне қоса, кемшіліктерден де құр алақан емес-тін. Мәселен, С.О.Талжанов өз зерттеуінде көбіне-көп аударманың әдеби проблемаларын жалпы түрде әңгімелеуге әуес. Н.В.Гогольдің өз ерекшеліктерін талдап, оның мазмұн – мағынасын берудегі аудармашылардың ана тәсілі дұрыс, мынасы бұрыс деумен шектеушілік басым. Яғни ол аударманың ғылыми нақты мәселелерін талдаудан гөрі Анна Каренинадай әйелді ол кезде біздің оқырмандар түсінбес еді, сондықтан бұларды дәл сол қалпында аудару дұрыс бола қояр ма екен деген тәрізді жалпылама сыпаттамаларға барғыштай береді. Соған қарамастан, біз бұл еңбектен Гоголь сияқты сөз шеберінің творчестволық ерекшеліктері қайсы және оларды қазақ тіліне қалай аударған деген мәселелердің біразынан мағлұмат аламыз.

Әбен Сатыбалдиевтің аталған диссертациялық жұмысында және кейін жеке кітап болып шыққан монографиялық зерттеуінде [8] біраз ғылыми проблемалар шешімін тапты. Онда ол аудармашыға үш түрлі шарт қояды және реталистік аударма дегенге анықтама бере отырып, бұл проблеманы біршама тілдік тұрғыдан зерттегісі келеді. Оның, әсіресе, түпнұсқадағы күрделі, құрмалас сөйлемдердің табиғатына барып Толстойдың стильдік өрнектерінің берілуін әңгімелеуі құнды. Сондай-ақ, Қазақстанда аударма жайындағы ғылыми ой-пікірлердің өрбуін бір жүйеге келтіріп, оның эволюциялық даму барысын бағдарлауы бір адым ілгері басқандық болып табылады

Бұл әңгіме болып отырған соңғы мәселе жоғарыда аталған филология ғылымының докторы Қ. Қанафиеваның еңбегінде де біршама зерттелген.

Алпысыншы жылдары бұлардан басқа да әлденеше еңбектер [9] жарық көрді. Аударма проблемасын арнайы сөз ететін С.Талжанов, Қ.Нұрмаханов, З.Тұрарбеков, Т. Әбдірахманов тәрізді зерттеуші – жазушылардың, аудармашы қаламгерлердің бұл мәселе турасындағы пайымдауларының да орны бөлек. Бұлар өздері тікелей араласып, өз тәжірибесіне орай түйген барлауларынан түйін жасайды. Сондықтан да мұндай пікірлердің практикалық, әрі теориялық мәні болатыны сөзсіз.

Аударма ғылымының зерттеу тарихында алпысыншы жылдарға дейін біз көбіне-көп мәселенің бір жағын ғана (тек орыс тілінен қазақ тіліне, онда да көркем туындылардың ғана аудармасын) сөз етіп келсек, енді мұның екінші бір мәнді саласын, яғни керісінше, қазақ тілінен орыс тіліне аударудың жайы қалай дегенге баса назар аударыла бастады. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің қазір дүниежүзінің көп елдеріне мәшһүр екеніне масаттанатын болсақ, ол тек осы екінші саланың дер кезінде қолға алынып, қалыпқа түсірілуінің нәтижесі деп білеміз. Яғни біз өз жазушыларымыздың айтулы дүниелерін әуелі орысшаға аудару арқылы әлемдік мәдениет қорына өз үлесімізді қоса бастадық. Бұл істе, әсіресе, орыс жазушылары мәдени қайраткерлерінің рөлі айрықша болғанын мақтанышпен, ұлы орыс халқына деген ризалық сезіммен атап айтамыз. Әрине өз аудармашы мамандарымыздың да бұл кезде жетіліп қалғаны факт.

Міне, осы процестің де сыр-сипатын анықтап, оның проблемаларын, заңдылықтарын ашудың ғылым үшін пайдасы зор.

Ғылыми ақыл-кеңес, консультациялардың бұрынғы кезеңдерге қарағанда едәуір сауатты жүргізілуінің арқасында орыс қауымына ұсынылған көркем шығармалардың болмысындағы кейбір нақты проблемаларға көңіл бөлініп, дәйекті зерттеле бастады. Бірнеше зерттеу жұмыстары пайда болды [10]. Бұлардың бәрі болмағанымен, біразы Тіл білімі институтында шығарылып жатқан шаралардың, аударма ғылымының С. Талжанов, Ә. Сатыбалдиев, М. Балақаев тәрізді маман зерттеушілерінің ықпалымен біткені мәлім. Қазақ зерттеушілері енді аударманың жанрлық сипатына мән беріп, соған лайықты ерекшеліктерін таба бастайды. Прозалық туындыларға қоса ұлттық колориті өзгеше қазақ өлеңдерінің орыс тіліндегі кейпі көп талас-тартыс тудырып жүрген проблема. Елуінші жылдардың тұсында бұл мәселеге бір ғана диссертациялық жұмыс арналған еді [11]. Алғашқы тәжірибенің бірі болғандықтан ба, бұл жұмыстың елеулі кемшіліктері атап көрсетілді. Ал С. Құспанов пен З. Жантекееваның зерттеулері ғылыми талдау әдістерінің дәйектілігімен, дәлелдерінің нақтылығымен, ұтымдылығымен ерекшеленеді. Және бұлар екі тілдің ерекшеліктерін салыстыра отырып, өлең өрнектеріндегі тіл ойнату құбылыстарының өзгеше болмысын ұқпау салдарынан кеткен кемшіліктерді атап-атап көрсетеді. Бүгінгі практикалық істе мұндай нақты пікірлердің септігі тиері даусыз. Алпысыншы жылдардың табысы

ретінде тағы бір екі еңбекті [12] айрықша атауға тиіспіз. Ол екі еңбек журналист Қ. Сағындықов пен ақын М.Әлімбаевтың қаламынан туған. М.Әлімбаев көп жылдан бері творчестволық қызметін ғылыми зерттеу ісімен әдемі ұштастырып келе жатқан зерделі қаламгер. Ол — халқымыздың ең асыл мұлкінің бірі — мақал-мәтелдерін ерінбей жинап, бірнеше топтама берді. Ол әрі жазушы, әрі әйгілі фольклорист-словарист В.И Дальдің М. Булатов, А.Соболев, Г.Пермяков тәрізді бүгінгі шәкірттерінің бірі.

М. Әлімбаев мақал-мәтелдерді туған топырақтан ғана іздеп-термей, өзге жұрттың асыл мұрасын да халқымызға ертерек жеткізуді мұрат тұтқан адам. Көптеген елдің жүздеген мақалдарын аудара жүре, ол соларды аудару барысында өзі байқаған қызық жайттарды бүгінгі тіл білімі ғылымының жетістіктері тұрғысынан, соған сүйене отырып баяндауға тырысады. Біз бұл еңбек жайында пікірімізді диссертациялық жұмысымызда [13] және "Жұлдыз" журналында басылған мақаламызда [14] толық баяндаған болатынбыз. Еске салатын тағы бір жайт, ақынның зерттеу, жинау, аудару жұмысын үздіксіз жүргізіп келе жатқанының дәлелі ретінде жақында ғана жарық көрген тағы бір мақал-мәтелдер жинағы [15].

Аударма ғылымның, әсіресе марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударудың мәселелерін қарастырып еңбектеніп, ғылыми пайымдаулар жасап жүрген зерттеушілер бізде көп емес. С. Бәпішов, М. Жанғалин, Қ. Шәріпов, Х. Хасенов т. б тәрізді бірен-саран адамдардың ғана есімдерін атай аламыз. Солардың бел ортасында, тіпті, ең алдымен әңгіме болуға тиісті зерттеушінің бірі — Қ.Сағындықов. Ол осы мәселемен шұғылдана келе үлкен-үлкен жиындарда бірнеше баяндамалар жасап, әлденеше мақалалар жазды. Аударма практикасымен де тікелей шұғылданған, яғни бұл мәселеде біраздан тісін сындырып, терін төгіп келе жатқан маманның бірі Қ. Сағындықов бұл саладағы ғылыми барлауларына объект етіп негізінен мақал-мәтелдер мен идиомдарды алған болатын. Саяси-әлеуметтік проблемаларды қорғайтын еңбектер мен көркем шығармалардағы бейнелі сөздердің жалпы мағыналық салмағы бірдей болғанымен, олардың стильдік өңі, қолдану аясы т.б. қасиеттеріне лайықты аудару сыпатында да епті ерекшеліктер болатынын біз Қ. Сағындықов жүргізген көп жылғы зерттеу нәтижесінен де байқаймыз. Ол мұның бәрін кандидаттық диссертациясында және жоғарыда атап көрсетілген монографиялық зерттеуінде жан-жақты талдап береді. Саяси әдебиеттің аудармасын қарастырғанда және фразеологиялық құбылыстарды, бейнелі сөздерді аударудың проблемаларын тексергенде біз бұл жұмыстарға соқпай өте алмаймыз.

Тіл білімі институты тіл мәдениеті бөлімінде аударма мәселесіне байланысты жүргізілген жұмыстардың нәтижесін ойлағанда, біз жоғарыда сілтеме жасалған Б.Репин мен Ю.Сушковтың мақалалары мен диссертациялық жұмыстарын да назарда ұстауға тиістіміз. Бұл өзі Қазақстан топырағында сатылы аударма табиғатын тексеруді мақсат еткен тың жұмыстар қатарына жатады. Мұның мәнісі мынада. Біз туған әдебиетіміздің өзге тіл аясындағы пішінін бұған дейін бір ғана сала (яғни орыс тіліндегі аудармасы) арқылы тексеріп білсек, енді "Абай жолы" сияқты туындылардың, ағылшын, француз және неміс тіліне қалай аударылғанын да зерттей алатын дәрежедеміз. Б.Репин қазақ ұғымынан туған небір элементтерді, тілдік образдарды, ұлттық колоритті неміс тіліне аударудың тәсілдерін ашып берсе, Ю. Сушков француз қауымын жаңа бір бейнелі сөздерімен, өзгеше ой өрнектерімен байыта түскен Әуезов қаламының сырына үңілді.

Бұл жұмыстар аударма ғылымының тарихында өзіне лайықты орын алатынын айрықша атай отырып, екеуіне де тән басты бір кемшілігін еске салмаса болмайды.

"Аудару үшін ең алдымен екі тілді бірдей меңгеру керек" дейтін аударма теориясының алға шартын алға ұстасақ, зерттеушілерге мұндай талаптың артық бола алмайтыны белгілі. Яғни бұларға да осындай талап қою шарт. Өйткені аударма ісіне баға беру үшін, байқаған нәрсеңнен ғылыми түйін жасау үшін түпнұсқа тілін білу қажет. Ғылыми дайындығының молдығына, аппаратының жеткіліктілігіне қарамастан, көптеген тұжырым-түйіндерінен екеуінің түпнұсқа тіліне шорқақтығы байқалып тұрады. Ендеше бұдан шығатын қортынды — өзін аударма проблемасына бағыштаған зерттеуші ең алдымен объектісінің тілдерін мүлтіксіз меңгеруге міндетті. Сонда ғана аударма теориясының көптеген проблемаларын дұрыс шешуге мүмкіндік аламыз.

Келесі он жылдықтың, яғни 1970 жылдардың да аударма ғылымын өркендете түсуге қосып отырған үлесі аз емес. Бұл жылдардың жемісі, оның негізі өткен он жылдықтың өн бойында қаланғаны үш-төрт кандидаттық, бір докторлық диссертация қорғалды [16]. Бірнеше монографиялық зерттеулер мен кітапшалар [17] және толып жатқан ғылыми мақалаларды аударма мәселесінің ғылыми объектісіне түбегейлі айналғанын бұлжытпай дәлелдейтін фактілер ретінде бағаласақ, қателеспейміз.

Кейінгі он-он бес жылдың жемісін тұтас алып қарасақ, аударма мәдениетінің көтеріле түскенін және сан-салалы зерттеудің сын-сипатында айтарлықтай ғылыми өре, салиқалылық барын көрмеу мүмкін емес. Зерттеу ісімен қазақ тілі және орыс тілін ғана білетін жандар емес, оған қоса шет тілдерін де жете меңгерген маман жастардың айналыса бастауы аударма ғылымының жандана түсуіне жаңа леп әкелгендей. Тек аудармамен шұғылдануды уақытша ермек етпесе болғаны. Осы заманғы ғылыми жетістіктермен қаруланған жас буынның алдында әлі талай міндеттер тұр. Зерттелмеген сан түрлі проблема бар, жазылуға тиісті теориялық еңбектер бар.

Сөз болған еңбектерге қоса, аударманың әр алуан ғылыми мәселелерімен түбегейлі айналысып, теориялық жаңа тұжырымдар жасауға талпынып жүрген жаңа есімдерді де атауға міндеттіміз. Қазір қазақ тілінен орыс тіліне аударудың проблемасымен шұғылданып жүрген Х. Садықов, З. Жантекеева, А. Сарсембаев, Ф.Фаткуллин т. б тәрізді, шет тілдерінен қазақ тіліне, қазақ тілінен шет тілдеріне аударудың мәселесімен айналысатын М. Құрманов, А.Ермағанбетова, К.Дүйсетаева, Р.Икрамова, Б.Репин, Ю.Сушков сияқты т.б. мамандардың есімдерін атай аламыз. Бұдан біздің көретініміз, қазір аударма ғылымының тарау- тарамдарын жан-жақты зерттей алатын мамандарымыздың өсіп жетілгені. Қазір бізде аударма тарихын жасап, аударма теориясының негіздерін түзуге әбден мүмкіндік бар. Ғылым болған соң оның теориялық ережелері түзілуге тиіс. Ол үшін зерттелген салалардың бәрін сығымдап, солардан келген ақиқат тұжырымдарының негізінде қазақ аударма теориясының курсын жазу керек.

Қазақ аударма ғылымының даму, қалыптасу барысын барлай отырып мынандай түйін жасауға болатын тәрізді. Қазақстанда аударма мәселесі жан-жақты зерттеліп келеді. Әлі зерттеле бермек. Бірақ бір орталыққа бас біріктіріп, жұмысты перспективалық жоспарға бағындыра жүргізбеген соң көбінесе зерттеулерде жүйе бола бермейді. Осының салдарын әрдайым байқап қаламыз. Мұны ойланатын кез келді. Соған қарамастан бұл ғылымның дербес саласы ретінде қалыптасты. Алайда оның мәселелері көп, әсіресе, лингвистикалық тұрғыдан жасалатын жұмыстар өзінің зерттеушілерін күтіп тұр.

Әдебиеттер:

1. Кітап: "Конспект истории казахской советской литературы". Алма-Ата, 1947.

2. Көркем аударманың кейбір мәселелері. Жинақ. Алматы, 1957. Қаратаев М. " Тыныҡ Донның" қазақшаға аударылуы және көркем аударманың кейбір мәселелері". "Туған әдебиет туралы ойлар" жинағын қараңыз. Алматы, 1958. *Жанғалин М.* О некоторых вопросах перевода на казахский язык (из опыта перевода произведении марксизма-ленинизма). Алма-Ата: КазГосиздат, 1958.

3. *Ландау Е.* Русские переводы песен Джамбула. Автореф.: КФН. Алма-Ата, 1953.

4. *Ахметов З.* Лермонтов и Абай. Алма-Ата, 1954. Шарипов К. Некоторые вопросы перевода произведении классиков марксизма-ленинизма. Алма-Ата, 1954. *Канафиева К.* Развитие переводческого искусства в Казахстане. Тезисы докл. на научной конференции филол. факультета КазГУ, посвящ. 40-летию Октября. Алма-Ата, 1957.

5. Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского языка народов Средней Азии, Казахстана и Азербайжана (15-18 январь) 1958 года. Алма-Ата, 1960.

6. Доклады от Казахстана. Алма-Ата, 1958.

7. *Талжанов С.О.* О некоторых основных проблемах худ-го перевода (на материалы переводы "Ревизора" и "Мертвые душы" Н.В Гоголя на казахский язык). Автореф. КФН, Алма-Ата, 1961. *Сатыбалдиев А.С.* Развитие культуры худ-го перевода в казахской литературе (на материале перевода произведений Л.Н. Толстого на казахский язык). Автореф. КФН. А-Ата, 1964.

8. *Сатыбалдиев Ә.* Рухани қазына. Алматы, 1965.

9. *Талжанов С.* Көркем аударма туралы. Алматы, 1962. *Нұрмаханов Қ.* Дәстүрлі достық (мақалалар жинағы). Алматы, 1962. *Тұрарбеков З.* Аударма туралы. Алматы, 1962. *Талжанов С.* О. Источники духовного богатства. Алматы, 1967. *Әбдірахманов Т.* Жаңа ғасыр кезінде. Зерттеулер. Мақалалар ("Аға әдебиеттер, үйрену және аудару дәстүрі" деген арнаулы тарауды көріңіз — Ө. А). Алматы,1969.

10. *Куспанов С.* Переводы поэзий Абая на русский язык. См. автореф. КФН, Алма-Ата, 1966. *Садыков Х.* Обоснованных принципах перевода казахской прозы на русский язык. См.автореф. КФН, А-Ата, 1968. *Репин Б.* Вопросы перевода казахской национально спецефической лексики (по материалам перевода романа-эпопей "Путь Абая" М. Ауэзова на немецкий язык). Автореф. КФН. Алма-Ата, 1970. *Сутков Ю.* Перевод прозы М.О. Ауэзова на французский язык. Автореф. КФН. Алма-Ата, 1970. *Жантекеева З.* Проб. перевода казахской поэзий на русс. язык. (на матер. поэзии С. Сейфуллина и И. Джансугурова).

11. *Ландау Е. И.* Русские переводы песен Джамбула. Автореф. КФН. Алма-Ата, 1953.

12. *Сағындықов Қ.* Көсемнің асыл мұрасы. Алматы, 1970. *Әлімбаев М.* Өрнекті сөз — ортақ қазына. Алматы, 1967.

13. *Айтбаев У.* Способы передачи фразеолгизмов переводах произведений А.М.Горького на казахский язык. Автореф. КФН. Алма-Ата, 1971.

14. *Айтбаев Ө.* Кестелі сөз келісімі. "Жұлдыз" журналы.

15. "Маржан сөз" СССР халықтарының, социалистік елдердің және басқа да жұрттардың мақал-мәтелдері. Аударған М. Әлімбаев. Алматы,1978.

16. *Айтбаев У.* Способы передачи фразеологизмов в переводах произведений

А.М.Горького на казахский язык. Автореф. КФН. А-Ата, 1971. *Ермаганбетова А.С.* Сущность значение национальных слов-реалий в языке художественного произведения и способы их перевода (на материале перевода "Путь Абая" на англ. язык). Автореф. КФН. Алма-Ата. 1972. *Курманов М.Ш.* Некоторые вопросы перевода немецкой поэзий на казахский язык (на материале переводов произведений Гете, Шиллера и Гейне). Автореф. КФН. Алма-Ата, 1972. *Дюйсетаева К.И.* О способах передачи казахских фразеолгизмов на английский язык через посредство русского языка. *Талжанов С.* Исторические периоды развитие казахской литературы и роль перевода в этом процессе. Автореф. ДФН. Алма-Ата, 1972.

17. *Хайруллин Р.* Аударма сыпаты. Алматы, 1976. *Айтбаев Ө.* Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. Алматы, 1975. *Талжанов С.* Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. Алматы, 1975. *Тұрарбеков З.* Әдебиеттер достығының дәнекері. Алматы, 1977.

Түркітану мәселелері: бүгіні мен болашағы. Алматы, 2001

ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ – МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ХАҚЫНДА

Тарихтың тарғыл беттерін тарамдап ашып, талдай қарасаңыз қазақ даласын өркениеттің өресін кеңейтер шешендік өнердің өзгеше бір өлкесі деп тануға болар еді...

Өткен дәуірлердің қай-қайсында да сөз өнердің айрықша түріне айналып, қастерленіп, қашалып келгенін біз, әрі қысқа, әрі нұсқа айтылған осы тектес сөздер мен нақылдардан аңғарамыз. Ал сөзді өзінің күнделікті тіршілік тынысына балаған, содан ләззат алып, соған табынған қазақ сияқты ел бұл өнермен ешқашан енші бөліскен емес. Жер мен жесір дауына, мал мен жанның арашасына керегінде білекті кезеп, қажетінде тілді безеп дегендей, сөзді негізгі құрал есебінде пайдаланып келген. Сонда жұрт көбіне білектің күшіне емес, жүректің сезіне тоқтап отырған. Сөздің сылдырына емес, шындығына бойлаған. Сөздің көптігіне емес, дөптігіне құлаған. Мұны біз емес, бізден әлдеқайда бұрын көптеген шетелдік және отандық ғұламалар таңдай қаға айтқан. Олар, әсіресе, бұл тілдің тазалығы, әуезділігі, байлығы жайында байыппен жазды. Бұл әрине, алдымен халықтың қарапайым өкілдеріне қоса, ел ішінен шыққан әйгілі шешендерден туған мәселе болса керек. Шығыстың әйгілі зерттеушісі академик Радлов былай деген: "Қазақтың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен, әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таңғалдырады". Ал профессор П.М.Мелиоранский "... зерттеушілердің барлығы да бір ауыздан бұл тілді (қазақ тілін – Ө.А) ең бай, ең таза түркі тілінің бірі деп таниды" деп жазыпты. Поляк журналисі А.Янушкевичтің де назарына, алдымен тілді, сөзді әлеуетті қаруға айналдыра білген адамдар ілінуі тегін емес. Шаршы топта суырылып шығып, сөз сайысына түскен небір дүлдүлдерді ол таңдана тыңдап, даланың Демосфендеріне теңеген.

Бұл кезеңдердің арғы-бергі жағында өмір кешкен небір жезтаңдай әнші-жыршылар мен ақын-жыраулар артқа тастаған мұралар ше?!

Осы деректерді тізгенде, біз өз тілімізді өзіміз өзгеше бір биікке көтеріп, басқалардан алабөтен ардақтап уағыздаудан аулақпыз. Әрбір тілдің қалыптасып, даму тарихында көзге айрықша түсетін бір кезеңі болады. Мұны осы тұрғыдан түсінген жөн.

Халқымыздың сөзді өмірдің ұлы қаруы, ұлттың ұлы мұрасы ретінде қастерлеп тұтынғанын, біз басқа көптеген мәліметтермен қатар мақал-мәтелдерінен де байқаймыз. Ақылдың көзіне айналып кеткен бұл аталар сөзінде көкейге түйетін көп үлгі бар.

Сөз қасиетін терең түсінген ел оның бар қасиетін тұжырымдап, түйін айтып кеткен. Адам баласына тән өнердің бәрін тізіп келіп қазақ тіл өнерін алдына шығарады да "Өнер алды – қызыл тіл" дейді. Өйткені "Тіл – көңілдің айнасы", "Қызыл тіл – жанның мияты" деп ұғады. Өнер-білімді адамның өресін танытатын аса бір керекті компонент деп танитын болсақ, халықтың бұлардың кілтін өнерден іздеуі тегін емес. Шынында да "Білім кілті – тіл".

"Жақсылардың көңілі алтын сандық,
Кілт болмаса сандықты кім ашады" –

деген өлең жолдары еске түскенде, осы бір іңкәр сезімнің заттық формасын тауып, шебер өрнектей білген тілдің тақылетіне тәнті болмайсыз ба...

Тіл туралы мақал-мәтелдерді сараласаңыз бұл халықтық мұраға берген анықтамасының дәлдігіне, әдемілігіне, мәнділігіне сүйсінесіз. Оның барлық қасиетін жан-жақты ашып, өрнекті тілмен өмірлік өнеге беріп отырады. Мәселен, "Көңіл – сандық, тіл – кілт", "Ой – бай, тіл – сараң", "Тіл – буынсыз, ой – түпсіз", "Тіл – қылыштан да өткір" т.б. төрізді тағы басқа мақалдарға зер салыңыз. Көңілдің сандығын ашатын кілт сияқты бола тұра, тіл ойға қарағанда мүлде сараң, әрі буынсыз. Кілт болмаса сандықтағы қазынаны игеру мүлдем қиын. Ақтардыңыз екен, тіл буынсыз деп оңды-солды сілтей беру тағы жөнсіз. Өйткені бай ойды бабын тауып баяндау қажет. Тілдің сараңдығы деген сөз – оның сарамандығы деген сөз. Тілдің мәдениетіне де қойылатын шарттардың бірі осыған саяды.

Ал тілдің таянышы деген не? Әрі не? Нәрі не? Мұның халық нақылы "Жүздің көркі – сөз, тілдің көркі – сөз" деп әдемі жеткізген. Сонымен бірге сөздің де пірі бар. "Сөздің атасы – ақыл, анасы – тіл". Ендеше сөз ақылдан өл, тілден нәр алады. Сөйтіп барып тіл сүйексіз болса да, сүйекті тебірентер қасиетке ие болады.

Тіл жеке адамның игілігінде болумен қатар, халық қазынасы "Халық тілі – қайнар бұлақ" деудің мәнісі осында. Көпшіліктің кәдесіне жараған тіл өз иесінің заманына лайықты талап-тілегіне орай қашалып, сұрыпталып, жетіліп отырады. Тарих іздері де осыны байқатады. Әр халық үшін, әрине, өз тіліне жететін де, содан асқан да бай тіл жоқ. Шынында ананың ақ сүтімен бойға сіңіп, біртіндеп ойынды өсіретін, тәліміңді жетілдіретін тілден қасиетті не бар? Міне, сол себепті де халық "Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді деп келіп, "Ана тілі – дана тіл" деп түйін жасайды. Сонымен бірге ана тілі өзге тілді үйренуге де үлкен сеп. Оның ұлы қызметінің бірі осы. Ана тіліміздің алуан түрлі айшықты құралдары мүмкіндігі болмаса бізге өзге тілдердің байлығын танып білу, ұлт әжетіне жарату қиынға соғар еді.

Ана тілін барынша игеріп, баппен ұстап, байыппен әжетке жарату, әсіресе, жас ұрпақтың түбегейлі міндеті болып саналады. Сөйлеу, жазу мәдениетіміздегі олқылықтарды ойға алғанда өз тілімізде өрнектелген тіл байлығын неге ескермейміз. Неге халықтық мақал-мәтелдерден үлгі алмаймыз деген сауалдарға еріксіз барасыз. Сөйлеу мәдениетін көтерудің алғы шарттары халық нақылдарында айқын айтылған. Қалай сөйлеп, қалай жазудың үлгісі осыларда жасалған.

Адамның әдептілігі алдымен тілінен байқалады, содан соң тіл арқылы көрінетін білімінен байқалады. Біз әлде бір кісілерге парасатты, пайымды, сыпайы, ізетті, инабатты, есті адам деп баға беріп жатамыз. Осының бәрі адамгершілігі мол адамның бойына жарасқылықты қасиет. Бұлар мәдени өресі мейлінше биік, ерекше жандар. Адамдардың бір-бірінен негізгі айырмашылығы рухани байлық пен мәдени өреден байқалады. Жастар осы рухта тәрбиеленіп отырса құба-құп. Алайда сөз

байлығын игеріп, мәдениетті азамат болу оңай емес. Ол үшін не істеу керек? Қазақ мақал-мәтелдері мәселенің бұл жағын да ескерген. "Оқып ойынды түзет, үйреніп сөзіңді түзет" дейді.

"Сөз де ара сияқты, оның балы да бар, уы да бар", тілдің байлығын игерудің бейнеті көп. "Адамға келетін он пайданың тоғызы тілден" дей отырып, соған жетудің әлденеше амалдарын алға тұтатын мақалдар бар. Барлап қарасаңыз тіл асау арғымақ тәрізді, айлаң асып, күшің жетіп, оны ауыздықтай алсаң арғымақ дегеніңе көнеді, шаманаң келмесе өзіңді тебеді.

"Ат жүйрігі асқа, тіл жүйрігі басқа", "Артық тұз асқа залал, артық сөз басқа залал", "Жауынның көптігі жерді құртады, сөздің көптігі ерді құртады", "Адам тілінен жазады, мал мүйізінен жазады", "Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі", "Қотыр қолдан жұғады, пәле тілден жұғады", "Өз тілің өзіңе жау", "Тіл ерді қабырға салады, нарды қазанға салады" дей келіп, халық тілдің өткірлігін қылышқа теңейді. Соны ұстай біл, керегіңе пайдалана біл дейді. "Тіл – қылыш, тиімсіз жерде тый, тиімді жерде қи" деуде үлкен астар бар.

Халық мақалы "аузынан сөзі, қойнынан бөзі" түсіп ылбырап тұрғандарды немесе өзі мен сөзіне ие бола алмай ордаңдап шыға келетін ожар да олақ жандарды өлтіре сынайды. "Сөзіне әлі жетпегеннің аузында маскарасы бар", "Орынсыз сөз орға жығады", "Өзі ынжықтың сөзі де ынжық". "Жаман қауып айтады, жаман тауып айтады". "Біреудің ат көтермес сөзі бар, біреудің ат көтермес бөзі бар", "Жүре білмеген жол бұзады, сөйлей білмеген ел бұзады", "Аузында әзілі жоқтың, қолында шоқпар", "Кесірлі ауыздан кесапатты сөз", "Тентекке сөз жаңғырық, шапқан атқа жел жаңғырық" деген тәрізді нақыл сөздерге қарап отырсаңыз, а деп аузын ашқаннан адамның кім екенін байқауға болатынын көресіз. Халқымыздың сөз өнеріне аса зор мән бергенін дәлелдейтін мақалдардың бұл да бір парасы.

Сөйлеу өнеріне дағдылану оңай емес. Ең алдымен тыңдай білер құлақ керек, содан кейін ұға білер зерде болсын. Себебі, "Тыңдаушысы болмаса сөз жетім", "Суды сіңетін жерге құйып, сөзді ұғатын айтқан адамға абзал". "Ақпа құлаққа айтсаң ағып кетеді", сондықтын құйып алатын құйма құлаққа айт дейді халық нақылы. Өнегелік үлгіні нұсқап отырып өзінше бір түйін жасайды. "Айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады", ал мұның бәрі қолынан келмесе "Айта білмес ауыздан, тыңдай білген құлақ артық". Сөз білмесең үндемегеннің өзі абзал. Өйткені "Үндемеген үйдей пәледен құтылады", "Үндемегеннің ойы жүйрік".

Мақалдың енді бір тобы – сөйлер сөзге мейлінше ұқыпты, сақ болуды талап етеді. Өйткені "Айтылған сөз атылған оқпен тең". "Ауыздан шыққан сөзді атпен де қуып ұстай алмайсың", "Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды", "Сөйлегенше сөзіңе өзің қожа, сөйлеген соң өзіңе сөзің қожа". Міне, сондықтан да сөйлемес бұрын, ойланып алған артық болмайды дегенді негіздейді.

Сөзге қойылатын талаптың бірі барынша қысқалық, нақтылық, дәлдік. Қашанда "Ақылдының сөзі қысқа, айта қалса – нұсқа", "Адамның даналығы – сөзінің қысқалығы" болмақ. Айтар ойынды қысқа сөзбен жеткізе алмасаң басыңа бәле болып жабысады. Халықтың "Етегің ұзын болса, аяғынды орайды, тілің ұзын болса, басыңды орайды", "Артық тұз асқа залал, артық сөз басқа залал", "Жауынның көптігі жерді құртады, сөздің көптігі ерді құртады" деуінде үлкен мән бар. "Пышақ жетесіне, сөз келтесінен" болып жатса құба-құп. Мылжыңдықтан жаман азап жоқ. Өйткені "Дау шешеннен қорқады, шешен мылжыңнан қорқады", "Тұзды сабын жеңеді, шешенді мылжың жеңеді" деген сөз бар. Сөздің қысқалығына құмарлық "Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын" болатындығын сезгендіктен

туады. Керек десеңіз халық ұғымында "көп сөз – есекке де жүк". Осындай ащы ажуаны да арластырып "арқанның ұзыны, сөздің қысқасы жақсы" екенін ескертіп отырады. Ал қысқа сөзде мән болмаса оның да құны бір тиын. Қысқа сөз көп мағына көтеріп тұрса ғана құнды. Мән – қашанда сөздің ақиқаттығынан туындайды. Айтылған әңгімең шындыққа негізделмесе, сөзімді тыңдамады деп жұртқа өкпелеме. "Әуелгі сөзің рас болса, соңғы сөзіңнің өтіміне жақсы", сондықтан "Айтылған сөздің құдіреті – ақиқатта". Ақиқаттың салмағын мына төрізді сөздерден анық аңғаруға болады: "Суды шым тоқтатар, сөзді шын тоқтатар", "Тіл жүйрік емес, шын жүйрік", "Түйін-түйін сырынды түбінде келіп шын ашар" т.т.

Әрине шындықтың тізгінін ұстап, діттегенін орындау оңай емес. Өйткені "Ақ сөз ащы болғандықтан" "Тура айтып туғаныңа жақпайсың". Ал туралықтың жолына түсіп, қара қылды қақ жаратын қасиетке ұмтылған адамда қашанда "Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ" деген қағида болу керек.

Халық сөзді үлкен өнер есебінде тұтынған адамдарға, оның жоғарыда әңгіме болған неше түрлі шарттарын ұсынады да, мұны игерген кісілерді шешендіктің өлкесінен іздейді. Қазақ халқының тарихында бұл өнердің айрықша мәні болған. Ел басындағы неше түрлі әлеуметтік мәселелердің, дау-дамай, талас-тартыстардың көбін шешеннің дөп басып айтқан бір сөзі шешіп кетіп отырған. Шешен адамды қадірлеуде осындай сыр бар. Зер салыңызшы, халық шешендік өнер жайлы, шешен адамдар жайлы аса зор ілтипатпен әңгімелейді. "Ай ортақ, күн ортақ, шешеннің тілі ортақ", "Батыр жауда озады, шешен дауда озады", "Ине көзінен сынады, шешен сөзінен сынады", "Шебердің көзі мерген, шешеннің сөзі мерген", "Шешеннің пайдасы тиер, сотқардың найзасы тиер", "Шебер көптің апасы, шешен көптің опасы" дейді. Ал сөз білгеннің бәрі бірдей шешен бола бермейді. Сарнап, мақал-мәтелді жатқа соққан адам да ретті – ретсіз жерін байқамаса, қасиеті шамалы. "Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың", "Көпті көрген көсем, дөп сөйлеген шешен", яғни шешен адамға қойылар талап үлкен. Сөздің қадірін, қасиетін, салмағын, сәнін, әрін, нәрін, дәмін, сөлін үнемі қадағалап, сауатты пайдаланған адам ғана шеберліктің шыңына бет түзейді. "Дауды шешен бітірмейді, шебер бітіреді" дегенде де істің шебер шешім табуына сеп болатын ақиқатқа негізделеген сөйлеу қисынын ұғамыз.

Сондықтан сөз өнерінің қайнар бұлағы халық ортасында. "Кен асылы жерде, сөз асылы елде", "Бабадан сөз қалады, әкеден көз қалады", "Көрі, көрінің сөзі дәрі", "Аталар сөзі – ақылдың көзі" болғандықтан да халықтың нақыл сөздеріне көпшілік құмар. Сол себепті де, сөз атасы – мақал жайында кейбір пікірімізді бүгінгі оқырманмен ойласқымыз келеді. "Бөз атасы – мата болса, сөз атасы – мақал екенін әңгімелеп халықтың өз мүлкін өзіне ұсынғымыз келеді. Әсіресе өсіп келе жатқан жастар қауымының асыл қазынамыз – ана тіліміздің байлығына мән беруге бейім еместігін көргенде қынжылмасқа лаж жоқ. Ертеңгі күні "айтар нақылы жоқтың – табар ақылы жоқ" болып жүрмесін деп күйзелесің. Әсіресе мектеп оқушылары, студенттер, ауыл-қала интеллигенттері ана тіліміздің айшықты элементтері болып табылатын мақал-мәтелдің сөз өнерін шындай түсетін мектеп екенін ұға түссе деп айтып отырмыз. "Кемеңгерге де кеңес керек" деген ғой. Қайран қазақ, мемлекеттік тілді білгеніне ғана мәз болып қалмай, соның кереметінде терең түсініп, өзінің сөйлеу, жазу мәдениетін шындай түссе екен деген ой-дағы бұл!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ, ҒЫЛЫМДАҒЫ КҮЙІҢ ҚАЛАЙ?

Мемлекеттік тіліміздің өрісін танытатын бір сала сөз жоқ – ғылым тіліне барып тіреледі. Ал ғылым тілінің дамуы мен қалыптасуын терминдік жүйесіз сөз ету мүмкін емес. Қазіргі кезеңдегі ғылым тілінің сан түрлі саласы ізденістерге сұранып тұр. Өйткені бұлардың сараланбаған, қарастырылмаған мәселелері жетерлік.

Бұл жерде назар аударғымыз келіп отырғаны – мемлекеттік тіліміз толық мәнінде ғылым тіліне айнала алды ма? Немесе қазақ ғылымы қазақ тілін қажет етіп отыр ма? Басқаша айтсақ, мемлекеттік тіл ғылымның барлық саласына бірдей қызмет ете алып отыр ма деген мәселелер күн тәртібінен түспей келеді. Міне, сондықтан қолына қалам ұстаған кез келген адам кейінгі кезде терминді өңгіме етеді. Мұны бір жағынан дұрыс десек те, кәсіптік мамандығы қанағаттандырғанмен, лингвистикалық түйсігі жетіспей жататындықтан өрбітілетін пікірлердің қисынды бола бермейтіні рас.

Бұл мәселе турасында талас пікірлердің әлі біразға созылуы мүмкін. Өйткені мемлекеттік тілдің ғылыми ізденістердегі рөлін тереңірек зерделейтін тұста Ұлттық Ғылым академиясының өзінің тағдыры қандай күйге түскені жұртшылыққа мәлім. Бірді айтып екіншіге кеткендей болсақ та, мұны аттап өте алмаймыз. Ғылымға деген ықыласты солғындатқан бұл соққыдан соң, әсіресе жастарымыздың ғылымға зауқы болыңқырамай қалғанын несін жасырамыз. Көбі күнкөріс қамын жасап, базар аралап саудаға кетті. Қалғандары өздері қалаған өмірлік кәсібін қиналса да қия алмай ерлікке саяр тірлікпен күн кешуде. Әрбір сала бойынша ғылым кадрлары жүйелі түрде тәрбиелене бастаған кешегі кез келмеске кетіп барады.

Мүйіз сұрап жүріп, құлағынан айрыла жаздаған тоқал ешкінің күйін кешкен мемлекеттік тілдің қазіргі сиқы сын көтере бермейді. Неге десеңіз мұнымен түбегейлі шұғылданып отырған жан шамалы. Үкімет тарапынан мемлекеттік тілдің мүддесін ойлап, оның қазақ ғылымындағы өрісін кеңейтерлік күш берер жоспар-жоба түзілмей отыр.

Міне, осындай жағдайда ғылым тілі, мемлекеттік тіл атты салалардың қазіргі жағдайы туралы пәлендей бір салиқалы пікір айта қою қиын. Дегенмен, біздің А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мемлекеттік тілдің өрісін ғылыми тұрғыда негіздеп, байыпты зерттеулер жасап отырған бірден-бір ғылым ордасы екенін ашық айту керек. Жылдар бойғы ізденістер жайын барлай қарасақ, қазақ тілінің ғылым тіліне айналуына жолбасшылық жасап отырған, тіліміздің мемлекеттік мәртебесін толық сезіндіретін де осы ғылым ордасы. Мемлекеттік тіліміз ғылым тіліне айналуы дегенді қысылмай айтатын жеріміз сосын М.О.Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институты.

Ал басқа ғылым салаларындағы мемлекеттік тілдің жағдайы күннен-күнге күрделеніп барады. Білім ордаларындағы жағдай бұдан да бетер. Жаппай ағылшын тілі насихаттала бастаған тұста мемлекеттік тіліміздің алдағы уақытта нендей күй кешерін бір Құдайдан басқаға әзір беймілім.

Мемлекеттік тіл мен ғылым тілінің қалыптаса түсуіне тікелей қатысты қазақ терминологиясының мына бір тұстарын қозғай кеткенді мақұл көріп отырмын. Бұл өзі ғылымның сан саласымен өзектесіп, байланысып жататын өте күрделі тарау. Терминге мұқтаж емес бірде-бірі жоқ. Бәлкім осыдан да болар, кез келген зерттеушінің термин туралы пікір қозғап, таласа кететіні. Мұнысы бір есептен дұрыс та. Өйткені термин табиғатын, олардың мән-мағынасы мен жасалу жолдарын мамандардан артық ешкім біле бермейді. Сондықтан көбінесе олардың пікірімен

санасып отыруға тура келеді. Дегенмен терминжасам мәселесіне келгенде өзімдікі дұрыс деп омырау жетегіне еріп кете беретіндер жоқ емес. Жылдар бойғы тәжірибеде қалыптасқан тәсілдерді шығармашылық ыңғайда қолдана алмайтын мұндай көзқарастардың өмірі ұзаққа бармайтыны анық. Яғни бұл тұста термин жасаудың жолдары мен принциптері ескеріле бермейтіндіктен көптеген қисынсыз сөздер зорлықпен терминдендіріліп жатады.

Ескермеуге болмайтын екінші бір жағдайға да назар аударған жөн деп білемін. Ол – терминолог мамандар мен тілші терминологтар арасында өзара байланыстың аздығы. Мұндай байланыс әлі күнге өріс ала алмай келеді. Қазақ тілінде барлық сала бойынша жасалып жатқан терминдерді жүйелеп, тіліміздің заңдылығына орай қалыптастырамыз десек, тіл маманы мен басқа ғылым мамандарының арасындағы байланысты күшейту керек. Көптеген кемшілік осындай тығыз творчестволық байланыстың жоқтығынан. Әрбір ғылым саласы бойынша жасалған термин сөздер тіліміздің табиғи заңдылығына сай келмесе сәтті бола бермейді. Ендеше әрбір термин тілші мамандар сарабынан өтіп отыруы керек.

Осыған орай тағы бір мәселе туындайды. Термин қалыптастыруда мемлекеттік терминология комитетінің рөлі айрықша екені мәлім. Осы жұмыстың құрылымдық жүйесіне аздап өзгерістер енгізу қажет-ау деймін. Қазіргі кезде ғылым салалары саланалып тарам-тарауларға ұласып, кең қанат жайып барады. Олардың терминологиялық жүйесін жинастырып реттеп отыру мүлде қиынға соға бастады. Мұның үстіне Астанаға қоныс аударған Мемтерминком бұл салаға септігі тиер тиісті мамандарды қамти алмай отыр. Олардың көбі, яғни Ғылыми мекемелер мен мамандардың 70-80 пайызы Алматыда. Ендеше Алматы қаласында Мемтерминкомның заңдастырылған бөлімін (филиалын) ашқан дұрыс бола ма деймін. Ол ғылым салаларындағы қажетті мамандарды секция-секцияға бөліп, онда терминдер мен терминологиялық сөздіктерді талқылап, саралап, сұрыптап барып Мемтеринкомға ұсынып отырса белгілі бір жүйе қалыптасқан болар еді. Бұрын мұндай тәжірибе болған. Әрине бұл оңай жұмыс емес. Уақыт көп кетеді. Егер қаржыландыру жағы қарастырылар болса, жұмыстың жүретіні даусыз. Ұйымдастыру жағын А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Ғылыми терминологиялық орталық өз міндетіне алар еді.

Ғылым тілі мен мемлекеттік тіліміздің еркін тыныстап, қалыптаса қанаттана түсуі үшін бұл мәселенің септігі тиер деген ойдамыз. Өйткені бұлардың тіні – терминология мәселесіне барып тіреледі.

ТЕРМИН ТҮЗУДЕГІ ЖҮЙЕЛІЛІК ПРИНЦИПІ

Кез келген тілдің жай-күйі оның қолданылу дәрежесіне өте-мөте тәуелді екені белгілі. Бүгінде нақты өмірден едәуір оқшауланып келген тілімізге мемлекеттік тіл міндетінің жүктелу жайы, оның икемдік, әсемдік сипаттарын, жалпы мәдениетін жан-жақты жетілдіруді талап етеді. Өйткені тілдің шын мәніндегі мемлекеттілігі, қоғам, мемлекет тарапынан оны олай етуге деген риясыз мүдделілік болуына ғана емес, тілдің, әдеби, ресми, ғылыми жазу, сөйлеу қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандырарлық, ішкі, әлеуеттік (потенциальный) мүмкіндіктерінің айқындығымен анықталады. Ондай мүмкіндіктерге тілдің жалпы және әрбір сала бойынша сөздік қоры мен түсініктері сараланып, грамматикалық жүйелері жетіліп, қолданыстық, оралымдық қалыптары (нормы) орнығуын жатқызар едік. Ойлау, сақтау және қатынас қажеттіліктерін ерекше күш жұмсамай-ақ, еркін түрде

қанағаттандыра алырлық тіл ғана жалпыхалықтық тіл болуға табиғи құқық алмақ.

Бұл ретте, тіліміздің мемлекеттілігін жүзеге асырып, ресми жазу тілін орнықтыруда, қолданыстық аясының кеңдігі және барлық тілдік стильдермен тікелей байланыстылығы себепті, іс-қағаз тілі мен аталымдар жүйесі басты, кіндіктік рөл атқарары белгілі. Бұған дейін қазақ тілінің іс-қағаздарында қолданылуы, іс жүзінде, жоққа тән болып келгендіктен, оның қолданыстық, жазу-сызулық қалыптарының өмір өзгерістеріне ілесе, үйлесе даму мүмкіндігі, әрине болмады. Осы себепті, іс-қағаз аталымдары қатарын қазақ тілінде түзерде, әдеттегі, орыстық үлгіден көшіріліп алынатын, таптаурын тәсілден "айнып", тілдік және тірліктік жағдайымызды ескергеніміз абзал. Оның үстіне, іс-қағаз аталымдары жүйесінің басқа ғылым салаларындағыдан бірқатар өзіндік ерекшіліктері де жоқ емес.

Атап айтсақ, іс-қағаз аталымдары мен түсініктерінің негізгі құраушы көздері — ғылым, өндіріс, тұрмыс, әлеуметтік сала аталымдарының өзі елеулі өгеріске ұшырап отыр және іс-қағаз аталымдарының, негізінен, әртүрлі сала аталымдарынан құралу жайы да, оның негізгі терминдері құрамын дұрыс анықтап, көлемін шектей білуді жүктейді. Өйткені кез келген арнайы сөздікте сол салаға қатысты деген терминдер мейлінше толық іріктеліп қана қоймай, "аз керектіні көп керексіздер арасынан іздеп", әуре болып, уақыт жоғалтпас үшін онда басы артық бірде-бір термин болмауы шарт.

Екіншіден, о баста орыстық үлгіден көшіріліп алынған іс-қағаз аталымдарының өзін жіктеп, жүйелемегелі де біраз уақыт болды. Ал өмір өзгерістеріне аса сезімтал келетін, іс-қағаз тілі үшін бұл өте маңызды болып табылады. Сондай-ақ, қоғамдық қатынастардың күрт өзгеруі, іс-қағаз түсініктері мен аталымдарының бір тобы — советизмдердің тілдік қолданыстан шығып, олардың орнын нарықтық қатынас түсініктері басуын туғызды және бірқатар аталымдар табиғи тұрғыда ескіріп, қолданылмайтын болып жүр. Бұл жайттар да, терминдік қатар құрамын қайта қарауды қажет етеді.

Үшіншіден, тілдік ахуалымыздағы жаңа жағдайға байланысты термин жасауға деген көзқарас, әдепкі даму қажеттілігінен туындайтын, қатардағы ғана емес, түбегейлі өзгеріске ұшырап отыр. Бұрын термин жасау ісі қалай болса солай және орыстық нұсқасынан тікелей көшіріле жүзеге асырылып, оның ғылыми негізді, тіл ерекшіліктері ескерілген және тірліктік дәйектелген тәсілдері жасалмай келсе, енді ол — тілдік және тірліктік мүдделер үйлесімділігі жан-жақты ойластырылған, өзіндік шешімді талап ететін, дербес мәселеге айналды.

Әдетте, түстеп тізе берсе, әр саланың өзіне ғана қатысты терминдер мен түсініктерінің өзі шексіз көп болады. Мәселен, немісше-орысша [1] және ағылышынша-орысша [2] металлургиялық сөздіктерде 40 000 және 66 000 сөздер мен сөзтіркестері тіркелген екен. Әрине, кез келген тілдің де, саланың да сөздік қоры түгелдей белсенді тілдік айналыста болмайтыны сияқты, бұл сөздіктерде келтірілген терминдердің бәрі де металлургияға тікелей қатысты болғанымен, олардың қолданылу жиілігі және сала ғылым-білімін дамыту, таратудағы рөлі бірдей емес екені анық. Аталмыш сөздіктер металлургия саласына қатысты деген түсініктер мен атаулардың жалпы жиынының "қоймасы" болып табылады, бірақ қолдануға тиімсіздігі және сұраныссыздығы себепті, әрбір, арнайы мақсатты сөздіктерде олардың бәрін бірдей келтіре беру міндетті де, мүмкін де емес. Айталық, осы, металлургияның негізгі терминдері сөздігінде [3] 7 000-ға жуық қана терминдердің түсіндірмесі берілген.

Ендеше, әр сала негізгі терминдері қатарына сол саланың өзіне ғана тән, төл түсініктері мен аталымдарының маңыздыларын, саланың түрлі, ғылым-білімдік, ресми хаттарын жазуда өте-мөте жиі қолданылатын салааралық және жалпықолданыстық (жалпығылымдық) аталымдар жатқызылады. Термин түзу, сөздік жасау тірліктерінде, ең әуелі, саланың негізгі терминдері құрамын дәл анықтау қажет және оларды салаға қатысы жоқ деп айтуға болмайтын, мыңдаған терминдер дүрмегінен ажырата білу — аса ыждахаттылықты талап етеді.

Ресми іс-қағаз тілін арнайы зерттеген Н.Ерғазиева оның құраушы көздері ретінде кеңсе және ресми хаттар, әкімшілік-құқықтық, халықаралық қатынас, тауар өндірісі, есеп-қисап, әскер түсініктерін, тұлғалар мен лауазымдар және мекеме, ұйым аттарын [4] көрсетеді. Біздің ойымызша, бұл қатарды *әлеуметтік өмір, тарихи-саяси* және *басқару тіршілігі* түсініктерімен толықтыруға болады. Мұндағы, сала терминдерін іріктеу қиындығы, оны құраушы көздерінің көптігінде және олардың әрбірі өз алдына дербес сала екендігінде ғана емес, аталмыш сала терминдерінің іс-қағаздарында қолданылмайтыны жоқтығында болып отыр.

Іс-қағаз тіліне қатысты соңғы жылдары шыққан сөздіктер [5] құрамында мұндай, басы артық терминдер жетіп-артылады. Мәселен, оларда *авиабаза, авиалиния, автобаза, автобус, автомашина, автомобиль, автострада, автотранспорт, автотрасса, агротехника, вагон, гараж* секілді, техникалық, *акушер, акушерство, ампутация, анестезия, антисептик, артимия, артерия* секілді, медицина, *анафора, антоним, апостроф, апофегма, арго, артикль, ассонанс, баллада, бард, басня* секілді тіл және әдебиет, *атлас, бордюр, вельвет, велюр* секілді матаға қатысты, *водовод, водоем, водозабор, водонапорный, водоотвод, водоочистное сооружение, водопользование, водопровод, водосбор, водоснабжение, водохранилище* секілді су техникасы, *алебастр, антрацит, асбест, атом, ванадий, висмут, водород, вольфрам, вольт, комбикорм, концентрат, конгломерат, лакмус, магний, метан, прокат* секілді химия, металлургия терминдері өлшеусіз көп-ақ. Ал таза химиялық термин *метил* сөзі беріліп қана қоймай, *химиялық элемент* деп, қате көрсетілген. Сондай-ақ, *авуар, ажур, ажюстирование, анфас, арьергард, бард, батискаф, блокгауз, бутафория, бювар* секілді жалпы тілдік қолданысымыздың өзінде кездесе қоймайтын, көпшілікке бейтаныс шетелдік сөздер де аз емес.

Мұнан басқа, негізгі терминдер қатары, *артель, бригада, государственное право, государственный план, животновод, заготскот, плановый дом, внеплановый дом, звеновой, саботаж* сияқты, уақыты озып, табиғи ескірген, *горком, обком, партактив, партбюро, партвзыскание, партдисциплина, партколлегия, партсобрание* сияқты заманы өткен, *аз(ы), ас, выдвиженец, делячество, земляк, чаевые* тәрізді жаргондық сөздерден де тазартылып, өмірдің өзі тудырған жаңа түсініктермен толықтырылуы тиіс деп ойлаймыз.

Қандай да сөздіктің пайдалылығы, құндылығы, тиесілі сөздері құрамының артық-кемсіз, дұрыс іріктелуіне қоса, ол сөздердің, қабылданған жүйе бойынша, керек сөзді тез табу, сөздікті қолдану қолайлығымен де анықталады. Терминдік сөздіктерде сөзтіркесінен тұратын терминдер әріптік қатарда зат есімдік бөлігі бойынша реттелері және сол арқылы басты (родовой) терминдер мен олардың түрлік қатарлары (видовые ряды) бір жерде беріліп, өзара ұялас ғылым түсініктерін үзіп-жырмай, толық құрамында, жүйелі қабылдау, тану мүмкіндігі қамтамасыз етілері белгілі.

Осы қарапайым ғана ереженің өзі сақталмай, екі, үш сөзден тұратын терминдердің зат есімдік немесе сын есімдік сөздерден басталып, бірыңғай берілмеуі сөздікті

қолдану қолайсыздығын ғана туғызып қоймай, терминдік құрамның толық қамтылуына да нұқсан келтіреді. Дәл осы себепті, аталмыш сөздіктерде, *"служебное письмо", "сопроводительное письмо"* сөздері *"письмо"*сөзінен кейін берілген, "хаттың" басқа 8 түрінен, *"служебное положение", "розничная цена"* тіркестері "положение" мен "цена"-ның қалған түрлерінен, *"кооперативная собственность"* пен *"частная собственность"* және *"входящий документ"* пен *"сопроводительный документ"*-тер өзара бөлектеніп, бір қатарда тұруы тиіс, ұялас түсініктер сөздіктің бүкіл бойына бытырап кеткен. Сондай-ақ, *"встречный план", "единовременное пособие", "заработная плата", "реальная плата", "населенный пункт"* секілді тіркестердің екі реттен беріліп, *"законодательная власть", исполнительная власть", "судебная власть", "государственный акт", "законодательный акт", "нормативный акт", "нотариальный акт", "исходящий документ", "нормативный документ", "первичный документ", "подложный документ", "фальшивый документ"* сияқты, саланың көптеген негізгі терминдерінің ұмытылып, сөздікке кіргізілмей қалуы да осы себептен дер едік.

Бұл айтылғандардан басқа, терминдік қатарда болмай қоймайтын, көпмағыналы терминдердің мағыналары жіктеліп, ажыратылу, ал мағыналас немесе бір-бірінің айналық көшірмесі болып табылатын, толыққанды дублет терминдердің өзара сілтемелену тірліктері — терминдерді алдына ала жүйелеп алып, сала түсініктерін қазақ тілінде сауатты түзуге негіз болар еді.

Әдебиеттер:

1. Немецко-русский металлургический словарь. М.: Сов.энциклопедия, 1967.

2. Англо-русский металлургический словарь. М.: Русский язык, 1985. 841 с.

3. Толковый металлургический словарь. Основные термины. М.: Русский язык, 1989.

4. *Ергазиева Н.* Формирование и развитие официально-деловой речи в казахском языке /Дисс. на соискание канд. филолог. наук. А., 1972. С. 71

5. Орысша-қазақша терминология сөздігі. Іс жүргізу терминдері, 6-т., А., 1961; Қоғамдық-саяси терминдер мен атаулардың қазақ тілінде іс жүргізу және құжаттарды дұрыс толтыру анықтама сөздігі. А., 1992. 284 б.; *Ергазиева Н., Сүлейменова Б.* Іс-қағаздарының орысша-қазақша сөздігі. А., 1992, 48 б.; Екі тілде іс жүргізу сөздік-анықтамалығы. А., 1994. 224 б.

ТІЛ ЖӘНЕ АУДАРМА

Қазақ аударма өнерінің тарихына көз жіберсек, жалпы өнер мен мәдениеттің басқа салалары сияқты, оның да еліміздің тағдырындағы бұралаң жолдарды таңбалап отырғанын байқаймыз. Халқымыздың басынан өткен әр алуан кезеңдер, қоғамды ілгерілеткен әрқилы әрекеттер сыры бізге нені аңғартады? Елді жаппай сауаттандыру мақсатын көздеген мәдени революция, колхоздастыру, коллективтендіру, алғашқы бесжылдықтар, индустрияландыру, Ұлы Отан соғысы, тың игеру, тиімділік пен сапа заманы, 1985 жылғы апрельден басталған мүлде жаңа кезең — қайта құру дәуірі, міне, осының бәрі қоғам тарихындағы сан түрлі даму кезеңдерін әйгілейтін ірі-ірі құбылыстар. Бұл кезеңдердің мәдени өмірімізде ізі қалып отырғаны сөзсіз. Шын өмірде кезегімен келіп, алмасып, ауысып жататын мұндай құбылыстар аударма ісіне де әсерін тигізбей қойған жоқ. Қарап отырсақ, сол өзгеріс-өрістердің болуына алдымен қолқабыс тигізетін аударма екен, сөйтіп

әрбір кезеңнің талап-талғамына орай аударылатын дүниелер іріктеліп, аударудың тәсілдері қалыптасып отырған. Мәселен, сонау сауат ашу дәуірінде аударылған шығармалар мен 60-жылдардан бергі жерде аударылған дүниелердің тақырыптарың аумағын мүлде салыстыруға келмейді. Ал олардың аудару тәсілдеріндегі айырмашылық жер мен көктей. Мәселен, 20—30-жылдарда сауатын енді-енді ашып, көзі қарақтана бастаған қазақ оқырманына көбіне-көп тез түсінілетін, тілі жеңіл ұсақ жанр үлгілері ұсынылып келген. Оқырманға оңай ұқтыруды көздеген түсініктеме аударманың белең алуы кезеңіне лайықты мақсаттың табиғатынан туындап жатты.

Осы тұрғыдан келгенде, тереңдете зерттейтін үлкен бір ғылыми проблема шығады. Яғни аударманы кезеңдеп зерттеу проблемасы. Басқаша айтқанда, әрбір кезеңде бой көрсеткен аудармалардың түрі мен сапасы, аудармашылар қолданған тәсілдер мен жаңалықтар т. т. саралап талдап, зерттеп берген әлі ешкім жоқ. Еркін аударма, сөзбе-сөз аударма, дәлме-дәл аударма, адекват аударма, баламалы аударма дегендер сол әрбір кезеңнің нәтижесі. Айта берсек, аударманың терминдік ұғымдарының өзін қарастырып, реттеп алатын да кез болды. Неге десеңіз бірен-саран жазылған зерттеулердің өзінде термин қолданыста бір жүйелілік байқала бермейді. Мұндай нәрсе аударма ғылымының өзі әлі қалыптасу дәуірінде екенін мегзейді. Ендеше бұл да — өз алдына қарастыруды қалайтын сала.

Аударманы рухани баюдың, тіл мен әдебиетті, мәдениетті байытудың бір жолы деп қараған жөн. Қазіргі қазақ тілінде ойлау жүйесінің өзінде соның сөз материалы арқылы іске асырылатын құрылымдық сипатында, стилі мен мақамында орыс тілінің ықпалын байқамау мүмкін емес. Әсіресе, қазақтың тіл қорына үңілсеңіз игі әсердің жемісті үлгілерін молынан кездестіресіз. Осыдан көркем аударманың ұлттық әдебиет пен ұлт тілінің байи түсуіне мол септік жасайтынын байқау қиын емес.

Советтік дәуірімізде *актив, автор, анкета, аптека, газета, журнал, база, гимнастика, спорт, делегат, декрет, дедукция, индукция, гимн, генетика, грамота, талант, герб, сеанс, вальс, ведомость, бланк, большевик, бригада, бухгалтер, базис, баланс, банк, смена, талон, аттестация, операция, индекс, устав, программа, партия, курс, тактика, стратегия, семинар, норма, инспекция, социализм, совет, стаж, товар, абонемент, диссертация, автореферат, диплом, документ, адрес, пакет, субъект, акцент, плакат, диктант, диктор, диктатура, диск, диспансер, зал, корпус, оппонент, директива, диагноз* т. т. толып жатқан сөздермен қазақ тілі толыға түсті. Өзіндік мағынасымен сөздік құрамынан өз орнын тапқан, сөйтіп тіліміздің колданыс ерісін кеңейткен осы іспетті сөздерді қалайда аударудың жолын қарастырып, қисынсыз баламалап әлектеніп жүрген ағайын да бар.

Бұл жақсы ниет, алайда ол үшін тілдегі сөзжасам мен ауыс-түйіс принциптерін жете игермей тұрып шалағайлық жасауға болмайды. Тіліміздің халықаралық сипатын, әлемдік ауқымын кеңейтіп отырған мұндай сөздерді қазақ тілінің аударуға шамасы келмесе, оның несі бай тіл деп кемсітіп, келеке етудің қаншалықты орны бар? Жобасы келсін, келмесін мұндай әлемге ортақ сөздердің бәрін қалайда қазақшалау ағымы жетегіне ергендер бұрын да болған (20—30-жылдарда). Содан бергі тәжірибенің жемісті нәтижесін білдіретін мұндай сөздерден үркудің қажеті жоқ.

Әлемдік қарым-қатынас әжетін өтеп отырған неміс, француз, орыс тілдерінің қалыптасу тарихына үңіліп байқалықшы, олардың қазіргі деңгейге көтерілуінде өзге тілден сөз ала білу принципінің де үлкен орын алатынын көреміз. Яғни ол тілдер де кірме сөздерді — дамудың бір көзі деп танып, қабылдады. Рас, кезінде сөздің берер негізгі мағынасын терендеп ашпай, атүсті асығыс қабылданған сөздердің

жөні басқа. Ондайлардың біразы қайта қаралып, дәл баламасы боларлық сөздердің қолданысқа енгізілгені мәлім. Мұндай орынды түзетулерге ешкімнің таласы жоқ. Дегенмен осының өзінен-ақ аударманың тіл байытудағы рөлін анық аңғаруға болады. Яғни тіл байытудың бір көзі — аударма екені анық. Аударманы және аударма тілін құбылмалы құбылыс, өзгермелі өмірмен байланыстыра баяндау үшін, ең алдымен біз жұрттың бәріне бірдей түсінікті болып есептелінетін осы "аударма" деген ұғымның өзі жайында пікір өрбітіп алуымыз керек сияқты. Ол нені қамтиды, нендей ұғымды білдіреді. Сонымен бірге аударманың қандай ғылым тармағына жататыны, оның түрлері, амалдары, принциптері т. т. мәселелеріне назар аударуға тура келеді. Әрине бұл санамалап отырған мәселелердің әрқайсысын өз алдына бөлек саралай әңгімелеуге татиды. Солай ету де керек. Алайда біз бұл жолғы міндетіміздің шекарасын шектеңкіреп алмасақ, ұшы-қиырына көз жетпейтін мәселеге еніп кетуіміз ғажап емес. Сондықтан бұлар туралы жол-жөнекей азын-аулақ мағлұмат бере кетуді жөн көрдік.

Жалпы аударма өзінің мағыналық ауқымы жағынан мейлінше кең. Бір тілден екінші тілге аударылмайтын нәрсе жоқ: көркем шығарма, публицистика, өлең, ғылымның сан саласынан ғылыми-көпшілікке арналған кітаптар, іс-қағаздары, дипломатиялық документтер, мемлекет қайраткерлерінің сөйлеген сөздері мен мақалалары, газет материалдары, шешендік сөздер, тіл білмейтін жандардың өзара әңгіме-сұхбаты т. б. толып жатқан дүниелер аударылып жатады. Аударманың қоғамдық мәнін, өмірлік қажеттілігін соншама терең білдік дегенмен, адам әрекетінің ерекше бір түрі ретінде мұның әлгіндей айрықша белгілерін әңгімелей отырып, терминологиялық дәйектілік тұрғысынан нақтылай, дәлелдей түсетін тұстары бар деп білеміз. Бұл, біріншіден, психологиялық акт есебіндегі процесс және бір тілде жасалған шығарманың екінші бір тілде көрініс беруі, қайта жасалуы; екіншіден, осы процестің сол екінші тілде берілген жаңа түрі, нәтижесі. Әңгіме болып отырған бұл процестер бір-біріне тікелей байланысты, бірінен екіншісіне ұласып жататын құбылыс.

Әйтсе де, бұл шаруаның қай түрі болсын, кім аударсын барлық түріне қойылар ортақ мынадай екі шарт бар тәрізді.

Түпнұсқа тілін білмейтін оқырманға қолындағы шығарманы барынша жақындата жеткізу, жете таныстыру — аударманың бірінші кезектегі міндеті. Ал аудару дегеніңіз, бір тілдің тілдік құралдары арқылы жасалған дүниені екінші тіл амалдары арқылы барынша дәл және толық жеткізу деген сөз. Яғни, ешқандай өзіндік түсіндірме, қосымша-қоспасыз, қысқарту-толықтырусыз түпнұсқа мазмұнын дәл де дұрыс беру.

Егер жалпы аударма тарихына көз жіберсек, сонау көне дәуірлерге сапар шегуге тура келеді. Әрбір халықтың рухани өмір жолында, мәдени болмысында аударманың алатын орны айрықша. Осыдан жүз жылдан аса уақыт бұрын басталған қазақ аударма ісінің жандануының өзі кезең-кезеңмен әйгіленеді, 20—30-шы жылдардағы аударма ісін алғашқы кезең деп танысақ, оның барынша қаулап, қарыштап дамуы Ұлы Отан соғысынан бергі жердегі кезең болып саналады.

Аударма бір тілден екінші тілге, туыс емес тілдерден, туыс тілдерден, жүйесі бөлек тілдерден жасала береді. Екіншіден, әдеби тілдерден диалектілерге не керісінше диалектілерден әдеби тілдерге аударылуы мүмкін, тіпті прозаның поэзияға, поэзияның прозаға айналу фактісі де бар. Үшіншіден, сонау көне замандарда жасалған дүниені осы заман тіліне көшіруге болады.

Мәселенің бұл жағына келгенде, аударма өнерінің тарихын тереңнен тартуға болатын тәрізді. Мысалы, "Мың бір түн", "Камила мен Димна" оқиғаларын,

шығыс халықтарының көбіне ортақ аңыздар мен ертегілерді дастан етіп жырлау дәстүрі бізде ежелден-ақ орын алған. Мұндай үлгілерді аударманың бір көрінісі деп қарауға болса, аударма тарихы ғасырларға ұласатыны рас. Алайда мұны тереңдеп зерттемей жатып, тиянақты бір пікірге келе қою қиын. Өкінішке қарай, бұл мәселе күні бүгінге дейін өзінің зерттеушісін таппай келеді. Арнайы білімі бар мамандардың жетіспеушілігінен ұлт мәдениетіне қосар үлесі мол маңызды саланы мандыта алмай отырмыз.

Аударманың қандай түрі болсын тіл атқарар міндет сол қалпы — "адамдар арасындағы аса маңызды қатынас құралындық қызмет" (Ленин) Горькийше айтар болсақ, "әдебиеттің бірінші элементі — тілсіз" ешқандай аударма болмақ емес.

Аударма ісінде түпнұсқаға тән ой мен түрдің бірлігін, яғни мазмұн мен сапаны білдіру үшін қамтылған тілдік ресурстарды екінші тілге барынша толық, дәл жеткізу міндеті тұрады. Осыдан келіп, аударманың, аударылып отырған тіл нормасын сақтау қажеттігі тағы шығады. Аударманың түсініктілігі, оның оқырман ойынан шығуы деген шарттардың бірсыпырасы осы тектес.

Жалпы аударма процесі, тәжірибелі мамандар мен аудармашы зерттеушілердің айтуына қарағанда, шынында да екі бөліктен тұратын тәрізді. Яғни аудару үшін аудармашы әуелі түпнұсқамеп түбегейлі танысып, аударуға келеді деген негізгі әрі маңызды тілдік элементтерін ойша іріктеп, қиындық туғызар тұстарын белгілеп, түстеп, түсініп алуға тиіс, екіншіден, аудару үшін аударма тілінің әлгіндей тілдік, стильдік ерекшеліктерін әйгілеп тұрған қатпарларына сәйкес келер сөздерді, сөз тіркестерін және грамматикалық амалдарды аударылар тілден іздестіріп табуы шарт.

Көркем әдебиеттің өзі сияқты, көркем аударманың да сапасы оның тіліне байланысты айқындалып отырады. Ендеше аударманы тексергенде, ең алдымен, екі тіл сәйкестігіне, олардың стильдік құралдарының қалай берілуі жайына басымырақ назар аударылатыны сондықтан. Мұның мәнісі мынада: түпнұсқаның мазмұны тілден тыс өмір сүре алмайды, мазмұнының сапасы, мағыналық, стильдік, шеберлік салмағы тек тілдік құралдар арқылы іске асырылады. Яғни мазмұн тілмен біртұтас өмір кешеді. Бұдан, екінші жағынан, ой мен тіл бірлігі жайын қозғайтын философиялық проблема туындайды. Ол өзінше бір бөлек әңгіме тақырыбы.

Сөйтіп, аударманы зерттеуші адам автордың өзіндік стилін, әр алуан шеберлік белгілерін қозғамай тұра алмайды. Ал мұның бәрі негізінде аударманың тілін зерттеу арқылы іске асатын жайт. Қайсыбір пікір бойынша, екі тілді жетік білген және тілге деген түйсігі бөлек жандардың кез келгенінің қолынан аудару келе береді делінеді. Ал шындығында, мұның өзі қажетті шарттардың бірі болғанмен, аударма процесі үшін жеткілікті бола бермейді. Аударманың барлық түріне бірдей сәйкес келе беретін әмбебап ережені, қапысыз қағиданы ешкім де ұсына алмайды. Аудару ісінің барысында аудармашы жоғарыда сөз болған негізгі принциптерді ұстана отырып, өзінің білік-біліміне, шығарманың өн бойындағы әр алуан ерекшеліктеріне және творчестволық талғам-танымына сәйкес жаңаша жол тауып, өзгеше шешім қабылдап бұл жерде өзіндік үлесін қосып жатады. Мұның бәрі тағы да тіл қолданыс табиғатынан, сөз жарату шеберлігінен танылады.

Тілдердің бәрінің бірдей сөздік қоры мен сөздік құрамы, оның сөзжасам тәсілдері т. т. толып жатқан мүмкіндіктері бір-біріне сәйкес келе бермейтіні заңды. Аудармашылардың қиналатын жері де осы тұстан туындап жатады. Өйткені тілдердің құрылымдық, стильдік, грамматикалық жүйелері, лексикалық байлығы әралуан тарихи негізде туып, жасалып қалыптасқан. Міне, осындай әркилылық

аударма ісіне әсер етпей тұрмайды. Алайда бұдан қайсыбір тілдерді аударуға болатын, ал екінші біреулерін аударуға болмайтын тіл деп саралауға болмайды. Негізінде өз ұлтына қалтқысыз қызмет етіп отырған тілдердің қай-қайсысында да аударма ісі жандана алады. Ендеше тілдер табиғатындағы әлгіндей өзгешеліктерден шошынудың жөні жоқ. Қайта ондай ерекшеліктердің әсерімен өз тіліңнің жаңа бір мүмкіндігі іске қосылып, жаңаша қыры аршылып жатады. Тілдердің бір-біріне игі әсері, өзара ықпалы дегенде оның осындай прогрестік мәнін ерекше ескеріп отырған лазым.

Белгілі бір сөздердің мағыналық салмағын, реңкін беру мәселесіне келгенде, оның контекстегі күйін еш уақытта естен шырармау керек. Неге десеңіз, сөз мәні контексте ашылады, контексте құбылады. Ол тіпті кейде автор алғырлығының нәтижесінде, өзінің әуелгі лексикалық мағынасынан алшақтаңқырап, жаңаша мәнде жұмсалуы мүмкін. Контексте құбыла түскен мұндай сөздердің дәл осы сәттегі мағыналық қызмет астарын аңдамай, кайсыбір аудармашылардың әлгі сөздің әуелгі мағынасын іздеп, соған иек артып жататыны бар.

Осыдан байқалатынындай, екі тіл сөздерінің бәрінің бірдей мағынасы бір-біріне толық сәйкес келе бермеуі ықтимал. Яғни ана тілде де, мына тілде де бір ғана мағынамен шектелген сөздер сәйкестігі — арнаулы лексика болып саналатын терминдер басында ғана болады деген сөз, бұл. Сондай-ақ, күн, ай, жыл атаулары, туыстықты білдіретін сөздер, хайуанаттар мен жіктеу есімдіктерін білдіретін сөздер ғана әлгіндей жалқы мағыналы болып келеді.

Ал басқа лексикалық қабаттардың мағыналық өрісі, қолданыс қуаты, түрленгіштік қабілеті шексіз. Тек, олардың контексте жүктелер қызметіне орай әрқайсысының өз қауызын ашып, жарып сұрыптай, саралай білу қажет.

Жорарыда ескерткеніміздей, сөз мағынасы түпнұсқада да, аудармаларда да контекске тәуелді. Бір сөз мағынасы аудармада бірнеше сөзбен немесе бірнеше сөздің мағынасы бір сөзбен берілетінін аударма тәжірибесінен байқап жүрміз. Кейде тіпті жеке сөз аудармада сөз тіркесіне айналып, ал сөз тіркестердің қайсыбірі жеке сөзбен беріліп жатады. Сондай-ақ сөз бен сөз тіркесінің өзара байланысынан тұратын сөйлем аударманың негізгі мағыналық бөлшектерінің бірі. Сөз бен сөз тіркесінің мағынасы, ең алдымен осы сөйлемдерде ашылады. Содан абзацқа ұласады. Сөйлем мағынасы да өз алдына бөлек дербес күйде өмір сүре алмайды. Өйткені ол да алды-артындағы сөйлемдер, абзацтар мазмұнына тәуелді. Қысқасы, сөзден сөйлемге, сөйлемнен абзацқа, абзацтан шығарманың тұтас бір бөлік, бөлімдеріне ұласып, тізбектеліп жатқан осындай заңды жалғастықтарды өзара байланыста қарап аудару қажет.

Жылдар бойы аудару тәжірибесі арқылы жинақталған және осы саладағы ғылыми топшылаулар мен ізденістер негізінде біршама айқындалған прнниптер мен қағидалар туралы, сондай-ақ солардьң негізінде аудармашыларға қойылар талап қандай болмақ дегенді жалпы түрде еске салып өткеніміз мақұл. Мұны біз көркем текстің құрылымына байланысты сөз етпекпіз. Кейінгі кезде жасалып жатқан сансыз көп аудармалардың бәрінде бірдей осы принциптер сақтала бермейтіні байқалады. Сондықтан бұл мәселеге мән беру керек-ақ.

Жалпы аударма зерттеушілері, теоретиктері көркем текст құрылымына мән беріп келеді. Әйтсе де бұл істе бірізділік үнемі байқалмайды, тек жол-жөнекей мән беріліп жатады. Мұның үстіне тіл туралы ғылым мен әдебиет туралы ғылымның дамуына байланысты көркем текст құрылымы туралы түсініктің өзі де үнемі құбылып, өзгеріп отырды.

Көркем аударманы кездейсоқ жасалған шектеулі бір дүние деп қарамай, оның өзіне тән ерекшелігі мен заңдылығы бар тұтас бір жүйе деп қараған жөн. Көркем текстің барлық қасиетін түгел көрсету мүмкіндігі сөз болғандықтан, біз бұл жолы оның көркем шығармаға тән ең басты екі жағын (қасиетін) ғана әңгіме етеміз. Бұл, әсіресе көркем аударма мәселесін қарастырғанда пайдасы тиер ең негізгі белгілер деп ойлаймыз.

Ол қарастырылатын белгілі тізбекте әлденеше мағыналық реңк болатыны, яғни оның бір не бірнеше мағыналы болатынын айтып отырмыз. Бұл мағыналар өзінің мазмұны, түрі жағынан әр алуан. Мысалы, "Столда бірнеше кітап жатты" деген сөйлемді алайық. Осындағы грамматикалық мағыналарға зер салыңыз. Әңгіме "кітап" туралы. Мұнда әуелі заттың көптік мағына және бүкіл сөйлем болмысына тән синтаксистік мағына бар. Бар мағына "кітап" сөзіне байланысты туындап отыр.

Сөйлемнің хабарлы мәні, яғни қарабайырлық сипаты және оның не салалас, не сабақтас сөйлем құрамында емес, өз алдына тұрғаны т. т. бәрі грамматикалық мағынаға тән белгілер. Міне, осыған үстемеленіп сөздің лексикалық мағынасы жасалады. Егер сөз не бейнелі, не метафоралы болып келсе, онда бұдан лексикалық мағынаның бірсыпыра жүйесін табамыз.

Сөйтіп тіл дегеніңіздің табиғаты бір сызықтың бойына жинақталған қатып қалған нәрсе емес. Сөйлеуде әлденеше мағыналық сипат тізбектеліп жатады. Яғни біз бұл жерде грамматикалық, лексикалық, синтаксистік, стилистикалық мағыналар тізбегін айтып отырмыз. Сөйлеудің, сөздің тілдік мағынасын айқындайтын осылар. Ал көркем текстe сөздің лексикалық мағынасы күрделене бастайды. Өйткені оның мұнда көптеген қосымша, қосалқы мағыналарының қызметі үстемеленеді. Ол басқа сөздермен жанаса, тіркесе байланысу арқылы жаңа мағына пайда болады. Міне, сөздің осылайша аршылған жаңа мағыналары шығарманың стильдік сипатын қалыптастыруда мүмкіндік жасайды.

Прозада сөйлем мен сөйлем ғана емес, абзац пен абзац, тарау мен тараулар арасында мұндай байланыс болмаса, тұтас туынды шықпайды. Мұның бәрі шығарманың композициялық мәнін де айқындайды.

Көркем шығарманың жазылу барысында сол шығармадағы бейнелер мен оқиға, құбылыстарды жасауға пайдаланылған көптеген сөздер мен сөз тіркестері оқиға өрбіген сайын өзінің мағыналық өрісін нақтылай, аша түседі.

Аудармашы шығарманың осындай құрылымдық белгілері мен әлгіндей өзара байланыс сырын, мағыналық қатпарын беруге тырысу керек. Бұның өзі стильдік ерекшелікті құрайтын белгілер. Соны жеткізу қажет. Стильдік дәлдік, қайталаулар мен түрлі тілдік құралдарды түгел беру шарт.

Тілдер грамматикалық құрылымы, лексикалық қоры, фразеологиялық байлығы, эмоционалды, экспрессивті мүмкіндігі, әлеуметтік және стильдік қабаттары, тарихи-әдеби дәстүр-дағдысы, сондай-ақ кітаби және тұрмыстық сөз құрамы жағынан үнемі бір-біріне сәйкес, тепе-тең болып келе бермейді. Міне, осындай сәйкессіздіктер аударма процесінде әжептеуір қол байлайды.

Жалпы аударма ғылымының қайсыбір өкілдері осы тұрғыдан аударманы екі топқа бөліп қарайтыны бар: 1) түпнұсқаны филологиялық дәлдікпен, әрбір фразасына дейін жеткізетін аударма; 2) адекватты аударма. Бұл бойынша түпнұсқаны толық жеткізерліктей ана тілдің бар мүмкіндігін сарқа пайдалану, сөйтіп түпнұсқадағыдай әсер ететін туынды беру мақсат. Және мұндай аудармалардан өз кезеңінің рухы біздің заманымыздың адамдары түсінігі тұрғысынан түсінілуі де тиіс.

Тіл де бір қарағанда адамның өзі іспеттес. Олар жай көзге байқала қоймайтын өзіндік заңдылықтар арқылы дамып жатады. Бұлардың осындай өзіндік болмысын кезінде Ломоносов пен Гумбольд та байқаған. Тілді бұлар әлеуметтік айшық, бедерлері толып жатқан, қылық-мінезі, қарқын-қарымы бар адами құбылыс деп табады. Тіпті адам мен стильді теңестіріп, салыстыра қарайтындар да кездеседі. Олай болса, тілді стиль ретінде қарастырудың әбден жөні келеді. Бұл жерде әңгіме жанды сөздерден тыс грамматикалық белгілер немесе лексикалық құрам туралы болып отырған жоқ, экспрессия мен импрессия жөнінде, осы тілдің лексика-грамматикалық құралдарымен эмоционалды-эстетикалық әсер жасау жайында болып отыр.

Әрбір тілдің стильдік экспрессиясы әртүрлі. Міне, осы әртүрлі болып келетін стильдік ерекшеліктерді көбіне-көп ескермей жатамыз. Аударма процесінде мұны қатаң кадағалау қажет. Аудармашы өзі аударып отырған шығармасының, жазушының стилін біліп қоюы аз, ол түпнұсқа тілінің жалпыхалықтық тіліне тән стильдік ерекшеліктерді игеруге тиіс. Ал мұндай мақсатты біздің қазақ аудармашыларынан алдына қойғандар мүлде аз. Аудармай тұрып аударатын дүниесін өмірге алып келген нендей тарихи, әлеуметтік қажеттілік және ол тілдің жалпы сан қасиетін танытатын айырым-белгілерін, тілдік табиғи заңдылықтарын зерттеп білу жағынан олқы соғып жататын тұстарымыз бар. Орыс тілі - қосымша, жалғауларының әр түрлілігі және молдығы жағынан ең алдыңғы орындардың бірін алады. Тіл экспрессияландырып тұратын грамматикалық құралдарға мейлінше бай. Орыс тілінің осы эмоционалды-экспрессивті байлығы аудару ісіне едәуір қиындықтар әкеледі. Әсіресе, реалистік көркем проза кейіпкерлерінің өзара әңгімесі, диалогы соншама солғын, қансыз, сөлсіз, солбыраңқы немесе тіпті шектен тыс әсіреленіп, жалған шығып жатады. Мұны біз Толстойдың аудармаларын зерттеген Ә.Сатыбалдиевтің, Гоголь аудармаларын зерттеген С.Талжановтың еңбектерінен және Горький шығармаларының аудармаларын қарастырған өз тәжірибемізден байқадық. Сонда қайсыбір аудармаларда Толстой, Гоголь, Горький кейіпкерлері өздерінің жаңа отанында өзгеше оғаш көрініп, тиянақты орын таппай жатады. Мұның бәрі әлгіндей стильдік ерекшеліктердің ескерілмеуінен. Аудармада тілдік нұқсан мен стильдік өрескелдіктердің орын алып жататыны — орыс тілінің бай функционалдық стилін, әр алуан әлеуметтік қатпар-қыртыстарды білмеуден немесе орыстандырып аламын ба деген қауіптен ғана емес, стильдік, экспрессиялық құралдарға сәйкес құрал таба білмеуде. Өз елінде классиктер қатарында саналатын жазушының аударма елінде қатардағылардың біріне айналып шыға келетіні осыдан. Мысалы, ұлы Абайдың немесе Ғ. Мүсіреповтің т. т. орыс оқырмандарына орта қолды қаламгер қатарында жеткізілуінің себебі де қазақ әдебиетінің өзіне тән әлгіндей экспрессивті-эмоционалдық мүмкіндігін айқын танытатын грамматикалық құралдарды терең зерттеп біліп, творчестволық ізденбеуден. Немесе қазақ тіліне Толстойды, Гогольді, Достоевскийді, Салтыков-Щедринді, Пушкинді, Некрасовты, Чеховты, Островскийді т. б. асқан сөз зергерлерін өзді-өзіне ғана тән қасиет-қатпарымен түгел жеткіздік деп айта аламыз ба? Жоқ, айта алмаймыз. Оларды қаншама талантты тәржімашы, тамаша жазушыларымыз аударғанмен халқымыздың рухани қазынасына айнала алармықтай, үлкен бір кезеңдік құбылыс деп танырлықтай дүниені әзір жасай алғанымыз жоқ. Өйткені ғылым мен творчествоны қанаттастыра қатар өрбітіп, ізденетін аудармашы аз. Көнігіліктен гөрі, кәсіпқұмарлық басым түсіп жатады.

Орыстың сөйлеу тілінде адам пайымына, парасатына қатты әсер ететін экспрессия мейлінше мол. Мұны орыс жазушылары шығармаларынан да байқауға болады. Осыған лайықты эквивалентті аударма тілінен де іздеу қажет. Қуану, ренжу, қамығу, қайғыру, шаттану, шалықтау, мақтау, мадақтау, кемсіту, келеке ету, мұңаю, мүләйімсу, қулану, қуару, күлу, күңірену, алдау, арбау, айналу, аймалау, қарғау, қалжыңдау, қағыту, ұрсу, ұру, жылау, жырлау, жалбарыну, жарамсақтану т. б. толып жатқан шегі, шеті жоқ халық тілінің адамның психологиялық көңіл-күйін білдірер стильдік, экспрессиялық мүмкіндіктерін жете меңгермей тұрып, түпнұсқаға лайықты балама табу оңайға соқпайды. Тілдегі осындай эмоционалдық экспрессивті белгіні жасайтын грамматикалық құралдарды тілшілер көптен салыстыра зерттеп келеді. Ал аудармашылар жағы бұған әзір көңіл аудармауда.

Ағылшындар мен скандинавтықтар ұрыс-керіс сөздеріне шорқақ. Бұл жағынан итальяндықтар мен орыстар көсіліңкірейді. Біздің қазақ та шабыттанып алса біраз жерге барады. Мәселен, орыстарда "дурак" деген бір ғана сөзді, қалайша түрлендіріп қолдануға болатынын қараңыз. Мамандар "Вы (ты) дура (дурак)" дегенге қоса, мұның "Дура ты такая!", "Эх, дура ты, дура", "Дуреха ты, право, дуреха", "И дурища же ты!" "Балда ты, балда" т. б. тәрізді түрлерін көрсетеді. Осының әрқайсысының стильдік-эмоционалды астары әр алуан. Біздің қазақ тілі қанша бай дегенмен осындағы стильдік-экспрессивтік айшықтарды беруге келгенде аудармашылар балама таппай қиналып жатады. Кедергілердің бірі осы деп отырғанымыз сондықтан. Бір ғана "ақымақ" деген сөзді орысша осыншама түрлендіріп беруге болады екен. Аудармашыға осыншама мол мүмкіндікті түпнұсқаға дөп келетіндей етіп, бірін ғана таңдап алу оңайға түспейді. Сондықтан кейде амалсыз плеоназмдерге (басы артық сөздерге) баруға тура келеді. Оқырманға керегі тек жекелеген тіл нюанстары емес, көркем шығарманың тұтастығы екенін түсінеміз. Сөйтсе де сол тұтастықтың көркемдік мазмұнын қамтамасыз ететін осындай тілдік элементтер екенін ұмытпаған жөн.

Орыс тілінде ой мен сөзді үстемелеп күшейте түсетін және сөйленіс арасындағы үзілісті жалғастырып тұратын "Он-то знает", "Да уж, не говорите!", "знаете", "понимаете", "так сказать" дегендер жалпы жол-жөнекей қыстырмаланған, әдеби тілге жатпайтын, керексіз басы артық сөздер болып есептелінеді. Әйтсе де бұлар кейіпкер бейнесін жасауда табиғилықты танытатын қажетті бөліктер. Мұндайлар көркем шығармада қаптап қатар түзейді. Жазушының шығарманың стильдік ерекшелігін білдіруде бұлардың да мәні айрықша. Өйткені бұлар қарапайым халық тілінен жалғасқан табиғи қазына.

Аудармашы жазушының жанашыры болғандықтан ең алдымен орыс тілінің осындай фактілерін жіті қадағалап ескеріп отыруға тиіс. Мұндайлардың ана тілде баламасы жоқ деп аттап өтуге болмайды. Ондай фактілер болған. Күні бүгінге дейін кездесіп те қалады. Бұған қиянат жасағаның түпнұсқаға, авторға, оқырманға және өзіңе-өзің қиянат жасағаның.

Аударма ғылымының теориялық мәселелерімен шұғылданған зерттеуші, ендеше, ең алдымен мұны лингвистикалық тұрғыда (әрине, ғылымның өзге: әдебиет, тарих, психология т. т. салаларымен байланыстыра отырып) қарастырып, аударма тәжірибесінде жинақталған деректерді саралап, талдайды, түсіндіреді, түйіндейді, қорытынды жасайды. Осының бәрі аударма практикасы үшін ғылыми негіз болуы мүмкін. Шешуші рөл атқаратын қашанда контекст. Әрбір жеке жағдайды творчестволық санамен саралай білу қажет. Әсіресе, көркем аудармада теориялық ізденіс пен практикалық істің аражігін айырып тану өте керек-ақ.

Ал қазақ аударма ғылымы мен практикасы ғылыми тұрғыда түгел жинақталып, түбегейлі сараланып бітті ме деген сауалға оң жауап бере кою қиын. Бірен-саран әрекеттер болғанмен, осынау көл-көсір дүниенің ауқымын анықтап, онда бой көрсеткен тамаша тәжірибелер мен ұтымды да ұрымтал әдіс-тәсілдердің ғылыми бағасы әлі күнге берілмей отыр.

Мұның негізгі себебі неде? Бар мәселе маман жетіспеушілігіне барып тіреледі. Әлеуметтік өміріміздің салтанат құруына мейлінше мол үлес қосып келе жатқан бұл игілікті іспен жоспарлы түрде айналысатын маман кадрлар ешқашанда арнайы дайындалған емес. Аудармамен айналысатындардың да көбі өз бетінше іздене жүріп тәжірибе жинақтаған энтузиастар. Оның ғылыми проблемасымен айналысатындардың да көпшілігі осы проблеманы өмірлік қалауы етіп, өзінше әрекеттеніп жүрген бірен-саран әуесқойлар. Мұндай маңызды мәселені жалпыхалықтық деңгейге көтеріп, мемлекеттік тұрғыда шешпесе болмайды. Міне, сондықтан жуырда үкіметіміз бен партиямыз қамқорлығының арқасында аударма процесіне иелік жасайтын аудармашылар орталығының ашылуы көңіл қуантады.

Терминдер және олардың аудармалары. - Алматы: Ғылым, 1990. - 129-141-бб.

ҒЫЛЫМ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕР МЕ?

Еңсе көтерген әрбір елдің күш-қуаты, байлық-бақыты экономикалық даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өрісімен де айқындалады. Ал мәдени өре, рухани талғам дегендеріңіз сол елдің негізгі қолданыс құралы — тілге тікелей тәуелді. Мұның жоғарғы сатысы – әдеби тіл деп білеміз. Ал академик Ә.Т.Қайдаров айтпақшы, қазақ әдеби тілінің жон арқасы — ғылым тілі десе, ғылым тілінің жон арқасы – терминология екені даусыз. Ендеше ғылым тілі әдеби тіліміздің бір негізгі көрсеткіші болып есептеледі. Міне, ендігі әңгіме тіліміздің осы ғылым тілінің бүгінгі жайы және сол ғылымның негізгі тірегі – қазақ терминологиясының қазіргі жай-күйі жөнінде.

Жалпы қазақ терминологиясының қалыптасу тарихын парақтасақ, құбылмалы қоғам дамуының өріміне орай әрқилы сәттерді бастан кешіріп отырғанын байқаймыз. Сол әрбір сәттің ту ұстаушысы, қозғаушысы бар. Ғылым, мәдениет тарихының өшпес, өлмес ізін қалдырған тұлғалар бар.

Ғасырымыздың басында әлденеше оқулықтар мен "Тіл құралдарын" жазу арқылы қазақ тілінің терминдену сипатын қалыптастырған Ахмет Байтұрсынұлы сондай ерен тұлғаның бірі. Ол оныншы, жиырмасыншы жылдары әуелі қазақ тілі мен әдебиетінің, сосын жалпы мәдениетіміздің қолданыс қажетіне жараған қыруар терминдерді жасап, қалыптастырды. Ол жасаған терминдердің тілімізге сіңіп, кірігіп кеткендігі соншама, бұл күндері олардың қолдан жасалған арнайы лексика екенінде де шүбә келтіре алмайсыз. Осы үлгі белгілі себептермен кейін өзінің жалғасын таппай, үзіліп қалды. Алпыс-жетпіс жылды артқа тастап барып қайта табысқан осы мұраның өзін әжетімізге жаратуда әлі де салақтығымыз байқалады. Термин жасамның тарихи жолдары мен негізін көрсеткен Байтұрсынұлы үлгісі әлі де ескерілмей отырғаны өкініште. Терминологтар үшін осы Байтұрсынұлы үлгісін оқып-үйренудің артықтығы жоқ сияқты. Тіпті семинар сабақ өткізіп отырса да болар еді.

Қазақ тілінің тұңғыш профессоры ретінде кейінгілер тұтынатын тамаша ғылыми туындылар жазып қалдырған Қ.Жұбанұлының да қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орны бөлек. Ол – терминжасамның тұңғыш ғылыми

принциптерін түзеген жан. Сонымен бірге терминжасамның арнайы мәселелерін әңгіме еткен Н.Сауранбаевтың, С.Бәйішевтің, М.Жанғалиннің, М.Балақаевтың, Қ.Сағындықовтың, Қ.Шәріповтың, І.Жарылғаповтың, Ә.Сатыбалдиевтің, А.Абдрахмановтың, Ә.Қайдаровтың да еңбектері бар. Мақсат – қозғалып отырған мәселе турасындағы еңбектерді талдау емес, әрине. Бұларды еске алудағы ойымыз, қанша дегенмен қазақ терминологиясының өзіндік тарихы барын, онда терминжасамның мол тәжірибесі жинақталғанын еске сала отырып, бұл тәжірибелерді күнделікті практикалық істе өте салғырт пайдаланатындығымызға назар аудару.

Алайда тілдің даму тарихы мен қалыптасуы жайына үңіліңкіресек, тіл заңын үнемі бұзумен келгеніміз мәлім. Бұзу емей немене, орыс тілі арқылы сатылап бізге жеткен бөгде сөздерді, яғни интертерминдерді, кеңестік ұғымдар арқалаған русизмдерді Құран сөзіндей кие тұтып, сол күйінде бұлжытпай алу ауруына шалдықтық. Бұған етіміздің үйренгендігі соншама һәм кеңестік тіл тәрбиесінің өтіп кеткендігі соншама, мұны біз әлі күнге тіл байытудың ең тиімді де өнімді тәсілі деп жүрміз.

Миды жаулап ала бастаған әлгі терминдердің дөп түсетін баламалары барын айта бастасаң болды, дәл бір шиқанына тиіп кеткендей байбалам салатындар да бар. Ондайларға "оу, ағайын, қазақтың тілін мейлінше меңгерген кешегі кемелдер — Ахмет, Халел, Міржақыптардың өзі айтып кеткен ғой!" — деп ұқтыра алмайсың. Тіл заңдылығы талабы тұрғысынан да жөні осындай деп айтқаныңа құлақ аса қоймайды.

Шынында, ойсыз-күйсіз жан ауыртпай, даярға ұмтылу салдарынан тіліміздің шырқын 70 жыл бойы бұзып келгенімізді ашып айтар кез келді. Сонау 30-жылдардың орта шенінен бас алған тіл бұзар зиянкестік әлі күнге жалғасып келеді. Міне, сондықтан біз соңғы бес-он жылдың барысында баспасөз бетінде көрініс тауып жатқан ізденістерді тілдің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалану бағытындағы әрекеттер деп бағалап, қолдаймыз да қуаттаймыз. Ал олардың дұрыс-бұрыстығы екінші мәселе.

Тарихқа жүгінсек, өзін және өз тілін құрметтейтін бірде-бір ел өзге тілдердің сөздерін сол күйінде өзгертпей қабылдағаны жоқ екен.

Зер салыңыз, А.Байтұрсынұлы: "Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра, ақырында ана тілінің қайда екенін білмей, айрылып қалуы ықтимал. **Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің** (терминдердің — **Ө.А.**) **даярлығына қызықпай, ана тіліміздің қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болады** (А.Байтұрсынов. Ақжол. Алматы, 1991. 350-351).

Ал Х.Досмұхамедұлы жат сөздерді қабылдау жөнінде былай дейді: "Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін, тілге "өзілік" болуы үшін сол тілдің заңымен сай, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келтіреді. Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады".

Ана тіліміздің ішкі заңдылығын мейлінше терең түсінетін Ахаң, Жақаңдар пікіріне құлақ асудың орнына тілімізді орыстандырудың әр алуан тиімді тәсілдеріне сөздік қорымыздың қақпасын айқара ашып тастадық. Осындай талғамсыз да

талапсыздығымыздың нәтижесінде, біз тілімізге интерминдерді көбінесе саралаусыз қаптатып қабылдадық. Бұл бір қарағанда ана тілге жасалған қиянат, тіпті шапқыншылық сияқты еді. Неге десеңіз, жат дыбыстардың жалынан ұстаған арнайы жасақ сияқты бөгде сөздер саны қазір тіл байлығымыздың 70-80% шамасын құрайды. Сөйтіп осының салдарынан барған сайын дамып, кең қанат жаюға тиісті деген төл байлығымыздың тынысы күннен-күнге тарыла түсіпті. Қазақ тілінің қадірінің кете бастауының бір себебі осыдан да болар ма екен деген ойға қаласың.

Дайын терминдерді сол күйінде қабылдау, біріншіден, елді ізденгіш, еңбекшіл қабілетінен айырады, екіншіден, ана тілінен безінуге бастайтын қияс жол — осы. Тіл байлығының көбі жат сөздер болып отырса, онда өзге түгілі жаппай орысша сауаттанған қазаққа қазақ тілінің қажеті қанша?

Баз біреулер ғылым тілі дамымай отыр десе, енді біреулер әлгі қаптаған интерминдерді меңзеп "ойбай, несін айтасың, ғылым тілі бізде әлдеқашан қалыптасқан" деп өрекпиді.

Біріншілері, ғылыми ұғымдарға негіз болар байлықты өз тіліміздің тауып, соны қолданысқа қоса алмай отырғанын айтқысы келсе, екіншілері әлгі 70-80%-ті мақтан етеді. Ол 80 проценттің өзі де әлі ғылыми оралымға енбей, не жаратылмай отырғанымен жұмысы жоқ. Ал қазақша жазыла қалған жаратыластану ғылым саласындағы еңбектің кейбірін оқып көріңіз. Одан қазақ тілінің таза байлығын емес, оның әбден шұбарланған сиқын байқап қынжыласыз. Міне, ғылым тілінің бүгінгі жайы осы.

Әрине, бұл айтылғандардан қазақ терминологиясын қалыптастыруда жаратымды ештеңе жасалмаған екен деген қорытынды тумаса керек. Отызыншы, кейін 50-60-70-жылдары әлденеше сөздіктер түзіліп, жүздеген терминдер Мемтерминком арқылы қолданысқа енді. Терминжасам ісімен арнайы айналысқан авторлар болды. Осы шаруаның басы-қасында болған І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, І.Жарылғапов, Қ.Сағындықов, О.Жәутіков, Бірімжанов, Қ.Шәріпов, Ә.Сатыбалдиев, Ә.Әбдірахманов, Ә.Қайдаров, Ө.Жолдасбековтердің еңбегі зор екені даусыз.

Алайда бүгінгі күнге дейін толассыз жүргізіліп келе жатқан бұл ісіміздің негізінен қате принциптерді ұстанғанын байқаймыз. Байқаймыз да, қазақ тілінің орыстануына тікелей өзіміз себепші болғанымызға күйінуге тура келеді. Неге десеңіз, сонау 1935 жылдан бастап қазақ тілінде термин жасау қазақ тілінің емес, орыс тілінің заңдылығын сақтау принципін көздеумен келген екен. Яғни орыс тілінен және орыс тілі арқылы келген интерминдердің бәрін "мұртын бұзбай", қаз-қалпында қабылдап келіппіз. Бұған мысал келтіріп жатудың қажеті бола қоймас. Өйткені қай сөздікті қарасаңыз да интерминнен аяқ алып жүре алмайсыз. Және олар түп негізін, түрін сақтай отырып, қазақ тілі сөздік қорының заңды жүйесіне орасан зор нұқсан келтірді. Олармен бірге қазақ тіліне мүлде керексіз әріптер келіп енді. Сонымен бірге тіліміздің айтылу, жазылу нормасы бұзыла бастады. Бұған себепші болған үш түрлі құжаттан үш үзінді келтірсек жеткілікті болар.

Қараңыз: 1) "Халықаралық терминдер орысша қалай алынса, қазақша да солай алынады" (1935 ж., 73 шілде, Қазақстан Халық Комиссарлар Советінің 812 қаулысы). 2) "...қазақ тілінде баламасы жоқ шетелдік және орыс терминдерді аударылмай алынатын болсын, бұлардың жазылуы орысша болсын" (ЦК(б)П Орталық Комитетінің В.И.Ленин мен И.В.Сталин шығармаларын қазақ тіліне аударуға байланысты 1947 жылғы арнайы қаулысы). Сондай-ақ, 3) 1983 жылы біраз өзгертулер мен толықтырулар енгізілген "Қазақ тілі орфографиясы негізгі ережелері" 18 параграфында "орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғасы сақталып,

орыс орфографиясы бойынша, өзгертілмей жазылады" деп заңдастыра түскен екенбіз. Сонда біз емле ережелерін қай тілдің қамын ойлап түзіп отырмыз деген ой келмей ме?

Сөйтіп термин жасауда жіберілген кемшіліктерден күні бүгінге дейін арыла алмай отырмыз. Бұдан айығудың амалдары бар ма дегенде осыдан бірер жыл бұрын "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған академик Ә.Т.Қайдаровтың "Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас" деген мақаласына иек артамыз. Бір өкініштісі, содан бері де біраз уақыт өткенмен, бұл жөнінде селт етіп, үн қосқан пікірдің мүлде селдірлігі.

Біздің ойымызша, бұл назар аудармауға болмайтын бүгінгі күннің зәру мәселесін аумағымен алып қарастырған құнды еңбек. Автор терминжасам принциптерін түбірімен түгел қайта қараудың қажет екенін айта келе, нақты өз ұстанымын ұсынады. Пікір сайысына шақыратын да тұстары бар. Біз профессор Ә.Қайдаровтың бұл "...жаңаша көзқарасын" негізінен қуаттай отырып, қайсыбір тұстардағы өзіміздік 80 проценттің өзі де әлі ғылыми оралымға енбей, топшылауларымызды ортаға сала кеткенді жөн көріп отырмыз.

Автор терминжасам "шаруашылығына" байланысты ойларын баяндай келе, оны он бір принцип негізінде түйіндейді. Бұлардың біразы Қ.Жұбановта да, Н.Сауранбаевта да, М.Жанғалин мен Қ.Сағындықов пайымдауларында да кездесетін. Алайда автор бұлардың бәрін ой елегінен өткізе отырып, мүлде жаңа баптар енгізеді. Міне, осыларды сарапқа сала келе, біз қазақ тілінде термин жасаудың он бір емес, негізінен бес принципі бой көрсетеді деп шамаладық. Тілдік материалдар ары кеткенде алты, жеті принцип шеңберінен шығармайтын тәрізді. Шындығында, әңгіме бұл принциптердің санында емес, мәнінде ғой.

1. Қысқасы, бірінші және ең негізгі принцип ретінде біз қазақ тілі сөз байлығын барынша сарқа пайдалану деп білеміз. Бұл үнемі айтылып келгенмен, осы принципке әлі күнге жете мән берілмей келгенін несіне жасырамыз. Мұны ұстану — басты парызымыз.

2. Терминжасамда тіл байлығын сарқа пайдалану принципі сарқылған кезде екінші бір қазынаның көзі ашылады. Ол — түп негізі бір түркі тілдерінің сөз байлығы. Біз күні бүгінге дейін бұл байлығымызды да ескермей келдік. Ендеше түркі тілдері сөз байлығын сарқа пайдалану принципін естен шығаруға мүлде болмайды.

3. Қазақ тілі арнайы лексикалық құрамын байыта түсуге тиісті үшінші бір принцип, ол интернационалдық терминдерге байланысты мәселеден туындайды. Өрескел қателіктер осы интертерминдер негізінде орын алып келгені мәлім. Мұны игерудің, тілге ендірудің, қабылдаудың, біздіңше, үш түрлі жолы бар сияқты. Ол, біріншіден, интертерминдердің мағынасын дәл беретін балама табу; екіншіден, оларды сөзбе-сөз аудару, калькалау; үшіншіден, мұның ешқайсысына көнбеген интертерминдердің тұлғасын өзгертпей, тұрпатын қазақ тілінің заңдылығына бағындыра қабылдау.

4. Қысқарған термин жасау принципі. Мұнда да негізінен өз байлығымызды сарқа пайдалана отырып, өзге терминдерді өзіндік етіп алудың жолдары қатты қарастырылып отырылуы керек.

5. Академик Ә.Қайдаров арнайы атап көрсетіп отырған шарттылық принципі. Сөз жоқ, бұл – терминжасам ісінде өзіндік орны бар принцип. Термин негізінде белгілі бір қалыпқа түсіп, соны қатып ұстайтын арнайы лексикалық қабатты құрайтын болғандықтан да шарттылық болмай тұрмайды.

Ал мына төмендегі екі мәселе әлі принцип ретінде айқындала қоймағанмен, назар аударуға тура келеді.

6. Терминдер, сондай-ақ жазу принциптеріне қарай бейімделетін болғандықтан, олардың тағдыры емле ережелеріне де байланысты. Яғни бұдан терминдерді жазу принципі шығады. Бұл салада да шалағайлықтарымыз жетіп жатыр.

7. Бұл шараның бәрінде де мемлекет тарапынан үздіксіз қамқорлық қажет-ақ. Мұны, Әбдуәли Туғанбайұлы көрсеткендей, негізгі принциптер қатарына қосса да, қоспаса да болады деп есептейміз.

Міне, қазақ терминологиясын тіліміздің ішкі болмысына орай жасап қалыптастырамыз десек, осы айтылған принциптер негізінен де қыруар жұмыс істеуге тура келеді. Өйткені тіліміз әлі қалыптасу, даму кезеңін бастан өткеріп біткен жоқ. Мүмкіндігі сарқылар да түрі жоқ, сарқылмайды да.

Осылардың бәрін баяндай келгенде, терминология мәселесін жөнге келтіру үшін не істеу керек деген сұрақ туындайды. Біздің ойымызша, мынадай шараларды жедел түрде қолға алу қажет.

1. Терминология — ғылым мен техника тілін дамытатын лексиканың бірден-бір күрделі қабаты. Бұған иелік жасайтын бір мекеме болса, ол — Ұлттық Ғылым академиясы болу керек. Түзілген, түзіліп жатқан, түзілетін терминологиялық сөздіктер материалының ғылыми негіздерін қарастыратын ғалымдар болмағанда кімдер болу керек. Ендеше осы игі шаруаны қолға алып, қадағалап отыратын Ғылым министрлігі — Ғылым академиясы Төралқасының жанынан тікелей президенттің өзі басқаратын барлық терминолог ғалымдардың күшін бір жерге түйістіретін Ғылыми Орталық құрған жөн.

Бұл Орталық мемлекеттік терминология комиссиясымен тығыз байланыс жасай отырып, ең әуелі терминжасамның ғылым принциптерін айқындауы тиіс. Сол негізде бүкіл бұрынғы жарияланған сөздіктер мен оқулықтарды қайта түзіп, ғылыми сараптан өткізіп, лек-легімен баспадан шығаруды реттеу керек. Сондай-ақ дау туғызып келе жатқан терминдерді топ-тобымен іріктеп алып, оларды алдымен газет арқылы көпшілік талқысына ұсынып, сосын Мемтерминком мәжілісінде үздіксіз бекітіп отыруды дағдыға айналдыру қажет. Ал бекітілген терминдерді бұдан әрі алып қашып, әркилы қолдануға заң жүзінде тыйым салу жайын қарастырған жөн.

2. Мемтерминком жұмысына айрықша мән берілуі тиіс. Ғылыми Орталықты да, Мемтерминкомды да қаржыландыру, мамандарды ынталандыру жайын ойластырмаса, істе нәтиже шамалы болмақ.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы жақсылы-жаманды жұмыс істеп, жүздеген терминдердің қолданысқа еніп тұрақтануына себепші боп келген Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысын мүлде қайтадан қарап, түбірлі өзгерістер енгізу қажет... "Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап" деген принцип негізінде жұмыс істеп келген бұл комиссия жұмысын жандандыру жолдарын қарастыру керек. Ал ол үшін, бәлкім, арнайы конференция шақырып, өз алдына бөлек ақылға салған жөн болар және ол комиссияның мемлекет атынан сөйлейтін құқы болуы тиіс. Ең бастысы, бұл мемлекеттік мәні бар істі мемлекет қамқорлығына алмаса болмайды.

3. Қазақ тілі терминологиясы жазу емле ережелеріне тікелей тәуелді. Яғни термин сөздер үшін бөлек емле жасалмайды, ол ортақ ережеге бағынады. Ендеше емле ережемізде термин сөздерді жасау, қабылдау жөнінде жіберілген өрескел қатені түзеу қажет.

4. Әу бастан-ақ қазақ тілінде терминденудің ғылыми принциптерінің негіздері жасалған. Бірақ, әсіресе, орыс және интернационалдық терминдер жөнінде тіліміздің табиғатына мүлде жат бағыт ұстанып келгеніміз өкінішті. Бұл жөніндегі үш түрлі құжатты еске салып өттік. Оларды үлгі ретінде қолдануды тоқтату керек.

5. Терминжасамның жаңа үлгілерін баспасөзде жариялай отырып, соның негізінде жыл сайын пікірсайысын өткізіп отырайық.

6. Терминолог кадр дайындау мәселесі мүлде жолға қойылмаған. Соның түрлі жолдары қарастырылып, мамандарды шетелге тәжірибе алмасуға дейін жіберу жайы ойластырылса, құба-құп болар еді.

7. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері жөнінде ізденіп, радио-телехабарларын жүргізіп, екі жылда бір ғылыми-практикалық конференция өткізіп отыруды рәсімге айналдыру қажет.

8. Бүкіл түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау ісімен шұғылдану кезеңі келді. Ол үшін, ең алдымен, біз жазуымызды жөнге қоюымыз қажет. Яғни түркі тілдерінің көбі көше бастаған латын әліппесі жөніндегі Ә.Қайдаровтың ұсынысы бүгінгі күн сұранысынан туындап отырғанын түсінер уақыт жетті.

Болашағы зор тілдің қай-қайсысы да үнемі қалыптасу, даму үстінде болады. Бір шүкіршілігі сол, қазақ тілі де өзінің осындай өміршендігін жоғалтпай, қайта өршітіп отырған мұра. Соңғы жеті-он жылда қолданыс өрісі үнемі тұмшаланумен келеді десек те жанды организм есебінде ол тыныс-тіршілігін, іштей өсу өрісін, қозғалысын тоқтатпайды. Яғни ол әлі қалыптасу, даму үстінде. Осы процесс барысындағы жаңа құбылыстардан үркудің жөні жоқ. Өйткені "орыс тілі әлі қалыптаса қойған жоқ, Құдайдан тілейтінім — әлі де қалыптасу жолы ұзара түссе екен. Себебі орыс тілінің қалыптасу жолы неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым келісіп, кемелдене түседі", — деп В.Г.Белинский айтқандай, қазақ тілінің де бүгінгі таңда осы күйді басынан кешіріп отырғаны мәлім.

Мұны біз, әсіресе, соңғы кездегі қоғам дамуына орай туындап жатқан сансыз жаңа ұғымдар мен атаулар тасқынын беруге жаратылып жатқан терминологиялық жүйеден аңғарамыз. Мұны ғылым тілінде терминологиялық тасқын немесе жаңа қолданыстар мен жаңа ұғымдардың нақтылануы дер едік. Мына мысалдарға зер салыңыз: *бағдарлама, жарғы, құжат, айқындама, тұжырымдама, ұшақ, әуежай, жекешелендіру, қауымдастық, егемендік, бірлестік, құзыр, уағдаластық, кешен, кешенді, ғимарат, демеуші, ақпарат, елтаңба, жариялық, зейнетақы, мәртебе, өтем (компенсация), пікірсайыс (дискуссия), сыйақы (премия), тұғырнама (платформа), таралым (тираж), тапсырыс (заказ), шаруашылық есеп (хозрасчет), шығармашылық, шаруа қожалығы (крест.хозя-ва), ілеспе аударма* т.т.

Ана тіліміздің ғылыми өрісін айқындайтын айрықша белгісі оның терминологиялық жүйесінің қаншалықты өріс алып, қалыптасуына тікелей қатысты. Осы ретте белгілі суреткер Константин Паустовскийдің мына бір пікірін қайталағың келеді. Ол: "Әрбір адамның өзінің ана тіліне деген көзқарасына қарап, оның мәдени деңгейіне ғана емес, сонымен бірге азаматтық қасиеттері жөнінде де мүлтіксіз баға беруге болады. Өз Отанына деген махаббат өз ана тіліне деген шынайы махаббатсыз болуы мүмкін емес. Өз ана тіліне немқұрайдылықпен қарайтын адам хайуанмен бірдей. Оның ана тіліне деген немкеттілігі өз халқының өткеніне, қазіргісі мен келешегіне деген немкеттілікпен сабақтасып жатады, сондықтан ондайлар зиянды".

Ендеше осы немкеттіліктен арылып, ана тіліміздің абыройын биіктете түсер ғылым тіліне, яғни оның терминологиялық жүйесіне жаңаша бір көзқараспен үңіліп, байлығымызды қасиет тұтынып, ұрпағымызға саралап сап таза күйінде жеткізелік!

Ана тілі. - 1997. - 5 маусым (№ 23)

БІР ҒЫЛЫМНАН БАСҚАНЫҢ, БӘРІ КЕСЕЛ АСҚАНҒА!

Бағбан жемісті ағашын айтар,
Мұрап суының сағасын айтар.
Шопан өсірген қойын айтар,
Думаншы өткізген тойын айтар.
Ұста соққан тамын айтар,
Шаруа ертеңгі істің қамын айтар, – деген сөз бар халықта. Сонда біз, тілшілер, немізді айтамыз. Бізді толғандыратын не? Алдымызда нендей міндеттер тұр? Біздің атымыз да, сатымыз да – ғалым. Саналы өмірді сарп еткен сан жылдар сан алуан ойға жетектейді. Тындырылған қаншама жұмыс бар, ал атқарылар іс ұшан-теңіз. Оның қысқа уақытта қайсыбірін айтып тауысарсың. Өзім тілші болған соң айтатыным тілдің сыры, жырлайтыным тілдің жыры.

Ұлт мұңын өз мұңына балайтын зиялы қауым қалың бұқараға үн тастай отырып, оны Құдай қуаттап, үкіметіміз қолдап қайранға шығып қала жаздаған тілімізге мемлекеттік мәртебе беріп, әрең тірілткендей болғанымыз кеше ғана. 6 жылға таяу уақыт шамасы. Содан бастау алған тіл шеруі талайлардың ұйқыдағы санасын оятып, ұлттық намысына қозғау салғандай болған. Бұған әркім өз әлінше үн қосып жатты. Әрбір отбасы, әрбір мекеме, әрбір ұйым ана тілін өркендетудің өзіндік жоба, жоспарын түзіп, елдің рухы көтерілген еді.

Осыдан сауал туындайды. Ал қазақтың қаймағы жиналған қара шаңырақ ғылым ордасының бұл жөніндегі үлесі қаншалық? Әсіресе, халықтың рухани жан дүниесінің кілтін табуға тиісті Қоғамның ғылымдар тарапынан не істелді? Тілші ғалымдар не тындырды?

Бұл жөнінде тындырылған бір қыдыру жұмыстың басы бар екенін академик секретарымыз Аманжол Қошанұлының салиқалы да салмақты баяндамасында анық айтылды. Оған ризалық білдіре отырып, әрі қадірмен президентіміз Кенжеғали Әбенұлының отырғанын пайдаланып, кейбір жайларды ақылға сала кетсем деп едім.

Мынау киелі шаңырақ жай емес, Ұлттық Ғылым академиясы деп аталады. Осы атаудың өзінен-ақ кеуденде мақтаныш оты маздайды. Атына сай істер көп-ақ. Бәрін айтып тәптіштеп жату бүгінгі біздің міндетімізге жатпаса керек. Сол ұлттық атауды ақтай түсетін мәселенің бірде болса бірегейі – ғылым тілі туралы мәселе деп білеміз. Міне, осы ғылым тілінің жайы бізді қатты толғандырады. Егер мемлекеттік тіліміздің қанат жаяр бір мекені Ұлттық Ғылым академиясы деп танитын болсақ (солай екеніне күмән болмауға керек), ол сөз жоқ ғылым тілінің барысына байланысты. Ал ғылым тілінің дамуы мен қалыптасуы қазақ терминологиясына тікелей тәуелді.

Осыдан келіп тілдің қазіргі кезеңдегі сан түрлі мамандық саласына байланысты ең күрделі проблемасы шығады. Өздеріңізге мәлім, ғылыми зерттеу жұмысымен айналысқан маманның қай-қайсысы да терминге соқпай өте алмайды. Оның сан салалы тармақтары жүйелі жұмыс жүргізуді талап етеді. Мұның мәнін, маңызын, қажеттілігін, зәрулігін айтып уақыт алып жатудың қажеті бола қоймас. Алайда осынау күрделі шаруаның өзекті мәселелерін қараған біздің ғылыми конференцияға ғалымдардың ілтифат білдірмегені өкініш.

Сондықтан жалпы академия жүйесінде, оның ішінде қоғамдық ғылымдар саласы бойынша қазақ тілін ғылым тіліне айналдыруға септігі тие ме, ана тіліміздің академияға қызмет аясы кеңейер ме деген кейбір шараларды еске сала кетелік.

1. Әуелі қоғамдық ғылымдар бөлімшесі жанынан терминологиялық топ құрылып, ол Тіл білімі институтымен тығыз байланыста жұмыс жүргізуі тиіс. Ол тіпті қазір қоғам өмірінде болып жатқан сан қилы өзгеріс, өрістерді зерттеп, солардың қазақ тіліндегі лайықты атауын тұрақтандырып, ғылыми негізін жасап берумен шұғылдануы керек. Осындай топ әрбір бөлімше жанынан да құрылғаны мақұл болар еді. Солардың негізінде Президенттің тікелей басшылығында болатын бір терминологиялық орталықтың да құрылу қажеттігі байқалады. Сонда ғана біз бүкіл терминологиялық процесті игере алатын боламыз. Сонда ғана біз жаңалық атаулының ғылыми негізін дәлелдеп бере алатын боламыз. Сонда ғана ғылым тілінің негізі жасалады деп білеміз. Содан барып ҰҒА-ның мемлекеттік тіл мәселесіне қосар үлесі айқындала, ауқымдала түспек.

Академия ғалымдары тарапынан, терминологиялық сөздіктер түзу әрекеттері бар екені мәлім. Әркім өз білгені бойынша сөздік жасап таныстықпен әр алуан баспаханадан шығарып та жатыр. Мұның да шыққаны мақұл, бірақ мұнда да жүйесіздік, берекесіздік байқалып тұрады. Яғни жүйе болмаса, береке болмайды. Әлгі терминологиялық орталық жанынан сөздікшілер кеңесін құрып, бұл шаруаны да реттеуге болар еді.

2. Ұлттық ғылым кадрларын дайындау ісін жандандыра түскен абзал. Мұнда таңдау, талдау шарты бірінші кезекте тұру керек. Ең алдымен, мемлекеттік тілді жете меңгерген жастарды көбірек тартып, баулумен қазірден айналыспасақ, ұлттық ғылымның болашағы күңгірттене бермек. Ғылым академиясының қазіргі құрамын тіл білу жағынан жорамал ретінде саралап қарасаң, орыс тілінде зерттеу жүргізетіндер саны 70-80%-тей екен де, қазақ тілінде жүргізетіндері 25-30%-ке әрең жақындайды екен. Халқымыздың саны 50%-ке жетіп отырған бүгінгі таңда бұл ойландыратын жайт. Осыдан қорытынды шығады. Ғылымды біз қазақша емес, орысша жүргізудеміз. Сонда біз өз ұлтымыздың емес, өзге ұлт ғылымын дамытып жатқандаймыз. Сенан де Уейан деген француз оқымыстысы сонау XVIII ғасырдың өзінде-ақ "өзге тілде сөйлейтін ұлт өзінің төл болмысын жоғалтады" деген екен. Осының зардабын біз де көріп отырған жоқпыз ба? Мұны зиялы қауым ойламағанда кім ойлайды.

3. ҰҒА-нда күні бүгінге дейін "Қазақ тілі" кафедрасының болмауы да тілге деген селқостықтың бір көрінісі сияқты ыңғайсыз. Аспиранттар, ізденушілер қазақ тілінен минимум тапсырмай мемлекеттік тілді қажетсінбейді. Ерте ме, кеш пе келер ұрпақтың әйтеуір бір "оу, ағалар, сіздер не бітірдіңіздер?" деп сұрары хақ. Болашағымызды бүгін ойлалық, ертең кеш.

4. ҰҒА-нда мемлекеттік тілдің жайын қадағалап, соған жәрдем етер бір ұйым "Қазақ тілі" қоғамының Біріккен Комитеті бола ма деп едік. Бұл да әлі күнге аяқсыз қалып келеді. Неге? Бұл жерде де қарсылық болмағанмен, өрге бастырмас салғырттық жіберер емес.

5. Бізде ғылым жетістіктерінің насихаты төмен. Қазақша да, орысша да мардымсыз. Бір жақсысы, біраздан бері "Наука Казахстана" деген газет шығатын болды. Мемлекеттік тілді көркейтеміз, ғылым тілін қалыптастырамыз десек ғылым жетістіктерін қарапайым қазаққа жеткізетін жолын қарастыралық. Оның бір жолы – өз алдына қазақша газет шығару. Сондай-ақ ҰҒА-сы өзінің арнайы ғылыми Телерадио хабарлар редакциясын құру керек сияқты. Қаншама табыс, жаңалық халыққа уақтылы жетпейді. Одан бейхабар жас ғылымнан мақрұм қалып жатады. Жастарды тартып, ғылым беделін көтереміз десек, бұл шараларды неғұрлым ертерек қолға алған жөн.

6. Ұлттық негізден алшақтатқан, түркілік туыстықтан безіндірген алфавит мәселесін әңгіме ететін кез әлдеқашан келді. Өзге туыс халықтар латынға көшіп, ортақтастыққа ұмтылып жатқанда біздің тым-тырыс жатқанымыз қолайсыз-ақ. Тағы да сол өз тағдырымызға селқостық салдары сезіледі. Бүйте берсек ез болып тынатын шығармыз. Тым болмаса Қайдаров ұсынған үлгіні талқылап, пікірімізді ашып айталықта. Ғалымдар неге үнсіз! Алқаға салып, Ғылым академиясының пікірін түйіндейтін мезгіл жетті.

7. Ғылымға қатысы шамалы болса да адамгершілік, имандылық, ұлттық дәстүр дегендерді ойға салатын мына бір мәселені де айта кетсем деп едім. Айыпқа бұйырмаңыздар. Өмір бар да қаза бар дейді қазақ. Көзді ашып-жұмғанша талай арыстарымыздан айрылып жатырмыз. Кеше ғана екі алып ағамыз өтті дүниеден. Секең мен Түймекеңді еске алып тұрмын. Адамды ақтық сапарға шығарып салудың да рәсімін ойламасақ болмайтын сияқты. Бұған мән берудегі мәнісі – мынаған байланысты еді. Ана тіл сәбидің шыр етіп жерге түсуі мен дәм тұзы таусылып жер қойнына жетуі арасында өмірлік қажетіне қызмет еткен ұлы қаруы ғой. Әсіресе, бүкіл саналы өмірін ана тіліне сарп еткен Ісмет Кеңесбайұлы сынды тұлғаларды ақырғы тұрағына аттандырарда азалы жиынды сол өзі кие тұтқан туған тілінде бастап, сол тілде сөйлеп-ақ шығарып салуға болмас па еді деп ойладым. Мұны өзге тілге қарсылық деп ешбір саналы азамат алып қашып айып таға қоймас. Әрбір ұлт тұрғысынан ана тілін қадірлеп, қастерлеуден игі не бар, өмірде.

Тағы да ғафу өтінем. Ал айтылған ой түйіні мынаны меңзейді. Егер тілімізді ғылымның негізгі құралына айналдырғымыз келсе, біз зерттеулеріміздің көбін қазақша жүргізетін сапаға жетуіміз керек. Сонда ғана ел, тіл алдындағы перзенттік парызымызды ғалым ретінде өтей алсақ керек.

Ана тілі. - 1995. - 25 мамыр

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ТЕРМИН ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ тілінде термин реттеу жолдары неше алуан ізденіс соқпақтарына жетелейді. Бұл негізінен терминдердің қалыптасу, даму тарихымен байланысып жататын өте күрделі мәселе. Қазақ тілінде термин жасаудың тарихын, қолда бар деректерге сүйене отырып, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүрміз. Мұның өзіндік негізі бар. Шынында да, сол кезеңде шыққан "Дала уәлаятының газеті" мен "Түркістан уәлаятының газеті", "Қазақ" газеті және "Айқап" журналы тәрізді басылымдар тілге тиек ететін біраз деректер береді. Мұнда терминдік пішінге ие болып, тұрақты атаулық қызмет атқара бастаған жекелеген сөздерді кездестіреміз. Бұл ретте, "Қазақ" газетінің орны айрықша.

Сол дәуір мен қазіргі кезең аралығын саралап қарасақ, термин реттеудің алуан кезеңдері мен бағыттары байқалады екен. Біздіңше, соның басты-бастылары мыналар деп шамалаймыз:

Біріншіден, термин жасаудың алғашқы балаң кезеңі – XIX ғасырдың II жартысы. Бұл кезеңде орысша білім алған қазақ зиялылары термин жасаумен арнайы шұғылданбағанымен, өздерінің сөз саптауларында терминдік ұғым арқалаған сөздерді қолдана бастаған. Олардың арасынан Ыбырай, Абай, Шоқандарды айрықша атау жөн.

Екінші кезең – Ахмет Байтұрсынұлы (1910–30 ж.) есіміне тікелей байланысты. Ол жазу, әліпби, емле мәселелерімен ә дегеннен түбегейлі шұғылдана жүріп,

қазақ тілінің және қазақ әдебиетінің терминдік жүйесін жасауды қолға алады. Әсіресе, ол жасаған, құрастырған алғашқы "Тіл – құралдары" мен "Әдебиет танытқышы" терминделген сөздерге тұнып тұр. Терминжасамның күні бүгінге дейін мәнін жоймаған үлгісі осыларда. Қаншама жылдар өтсе де, Ахмет қалыптастырған бұл термин сөздер сол қалпынан айнығаң емес. Қазақ тілі пәнінің терминдері асқан шеберлік пен ерек зердені танытқандай. Бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш тәрізді сөйлем мүшелерінің, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік сынды сөз таптары атауларының қазақ тіліне кірігіп кеткендігі соншама, бір кезде бұлардың арнайы жасалған сөздер екенін ойлап та жатпайсыз. Қазақ қауымы басынан неше қилы аласапыран заманды өткізгенмен, А. Байтұрсынұлы жасаған, қолданған термин сөздердің бірде-бірін өзгерткен жоқ. Сол бастапқы қабылданған қалпында сөзжасамның тамаша үлгісі ретінде тілімізге сіңіп кетті.

Ахаң айдалып, атылып кеткеннен кейін қазақ зиялыларының алдында "ұлтшыл" жасаған терминдерді бұрынғыша қалдырамыз ба, жоқ әлде жаңаша жасаймыз ба?" деген сұрақ тұрғаны мәлім. Әралуан пікірлер мен теріс әрекеттер болғанымен, Ахаң қалыптастырған атауларды халықтық мұра есебінде қабылдамау мүмкін емес еді.

Сондағы байқалатын бір нәрсе мынау. А. Байтұрсынұлы және оның серіктестері терминжасам ісінде негізінен басты бір қағиданы қатып ұстанған. Ол – қазақ тілінің өз сөз байлығын барынша сарқа пайдаланып, іске қосу, қолданысқа шығару. Бұл мақсатты олар мүлтіксіз орындаған. Олардың бірде-бірі дайын нәрсені пайдалануға құмар болмаған, яғни өзгетілдік элементтерді қажетінде қабылдауға тырысқанмен, қазақ тілінің төл байлығын жарқырата көрсету жағына баса назар аударып отырғаны көрінеді. Ахаң бастаған алыптар тәжірибесінен біз ылғи осыны аңғарып отырамыз. Рас, ол тиімді жерінде бүкіл әлем тілдеріне тән, грамматика, морфология, синтаксис, фонетика тәрізді ортақ үлгілерден де бас тартпайды. Алайда бұлардың саны көп емес. Термин зерттеушінің міндеті осыларды саралап, кезеңіне және тіл заңдылықтарына тән тұстарын дұрыс бағалап отыру. Дегенмен, терминжасамда мұны ескермей өтуге болмайды. Өйткені тілімізге ендірілген әрбір атаудың өзіндік сыны, келу жолы бар.

Үшінші кезең – жиырмасыншы жылдардың аяғы мен 30-40-жылдарды қамтиды. Бұл кезең қазақ халқының тарихында ең бір шимай-шатағы көп тұс. Үш бірдей жазудың бірін-бірі ауыстырып, сауат ашу жағдайымызды солғындатып тұрған кез. Біз А. Байтұрсынұлын қазақ терминологиясының атасы, яғни термин жасаушы, тудырушы, қалыптастырушы, терминжасам негіздерінің алғашқы нышандарын сомдаушы, жасампаз тұлға деп бағаласақ, Қ. Жұбановты терминдердің ғылыми негізін жүйелеуші, реттеуші деп санаймыз, яғни терминология мәселесі жеке ғылыми пән есебінде өзінің бастауын осы кезеңнен алады. Бұл тұста көзге айрықша байқалатын нәрсе мынау. Терминжасау мен қабылдаудың, реттеудің, қалыптастырудың жақсылы-жаманды негізгі арналары жүйеленіп, жұртшылыққа ұсынылды. Негізін Қ. Жұбанов түзген он тармақтан тұратын бұл қағидалар жүйесі күні бүгінге дейін тұтасымен басшылыққа алынып келді. Мұндағы көзге түсетін негізгі ерекшелік интернационалдық терминдер турасында болды. Бұл кереғар екі түсініктің талас-тартысының нәтижесінде пайда болған ағым еді. Бұрын интернационалдық терминдерді не аударып, не өз тілімізге икемдеп алу бағыты басым болса, енді оларды сол қалпында, яғни орыс тіліндегі жазылуын сақтап қабылдайтын болдық. Әсіресе, латын жазуы кезеңінде белең алған бұл пікір-таластары ақыры кирилшеге көшкеннен соң да жалғасып барып, ақыры

интертерминдерді бұлжытпай сол орыс тіліндегі қалпымен дайын үлгі ретінде қабылдайтын болып тындық. Термин қалыптастыруда 1935 жылы құрылған Мемлекеттік терминология комиссиясының рөлі орасан зор болды. Оның тұңғыш төрағасы Қ. Жұбановтың басшылығымен қыруар шаруа тындырылғаны мәлім. Мемтерминком бюллетенінің 4 саны жарық көрді. Терминологиялық сөздік шықты. Ғылыми ізденістер, арнайы мақалалар жариялана бастады.

Төртінші кезең ретінде 40-80-жылдар аралығына назар аударамыз. Бұл – таза кирилшеге негізделген орыс жазуын әбден мойындап, қалыптастырған кезең. Осыған орай интертерминдер мен орыс атауларын сол қалпында қабылдауды қатты ұстандық. Соның салдарынан қазақ тілінің сөздік құрамы интертерминдерге барынша молықты. Мұны біз тіл байытудың бір көзі деп те масаттандық. Солай екені де рас, бірақ түбі мұның қазақ тілінің қауқары мен қуатын солғындата түсер "байлық" болатынын сезсек те, мән бермей жүріп алдық. Тек елуінші жылдардың басында термин жасауға байланысты кейбір дүмпулер болды. Ол дүмпулер, әсіресе, "Қазақ әдебиеті" газетінің (І. Жарылғапов, Т. Әлімқұлов, Р. Бердібаев, т.т.) бетінде айқын көрініс тапты. Көптеген сөздердің төркіні іздестіріліп, қалтарыста қалған қазақ сөздері терминдік қолданыс қатарына қосылды. Кей тұста баяғы араб-парсы сөздерімен алмастырылып жатты.

Терминология ісіндегі ең күрделі де қызық кезең 1985 жылдың көктемінен басталды.

Сол 1985-тен күні бүгінге дейінгі аралықты біз **бесінші кезең** есебінде қарастырамыз. Қазір қазақ тілі терминологиялық "Бумды", яғни жаңа сөздер мен жаңаша қолданыстар дүмпуін бастан кешіріп отыр. Барлық баспасөз беттерін сарапқа салсаңыз, 1985 жылдан, әсіресе, соңғы он-он бес жыл беделінде пайда болған жаңа қолданыстар мен терминжасампаздықта есеп жоқ. Тіпті басқасын былай қойғанда, *егемендік, тәуелсіздік, жарғы, бағдарлама, құжат, айқындама, тұғырнама, кеңес, достастық, ырықтандыру* тәрізді сөздердің өзін саралағанда да, қазақ тілінің ашылмай, іске жаратылмай жатқан көздері көптігін дәлелдей түсіп отыр. Осы арқылы неше алуан мүмкіндік көзі ашылды. Ендігі әңгіме сол жаңа қолданыстар тіліміздің зандылықтарына сәйкес жасалуда ма, негізгі тілдік талапқа сай ма деген мәселелерді Мемтерминком мәжілістерінде қарап, талқылап, дұрыс үлгілерді (бір есептен бұл кезеңнің өзін бірнеше топқа бөліп қарауға да болады) жұртшылық қолданысына ұсынуға байланысты болмақ. Зерттеушілер бұл жайтты ғылыми сараптау тезінен өткізіп, ана тіліміздің табиғи сұранысына тән заңдылықтарды анықтап беруі керек. Қоғамдағы ірі оқиғаларға орай өрбитін іргелі ойлар мен ұғымдарды, түсініктер мен мағыналарды айна-қатесіз әрі дәл, әрі түсінікті етіп берерлік сөздердің ідестірілуі табиғи қажеттілік. Осы қажеттілікті өтеу барысында сан алуан сөздер жаңаша қолданысқа түсіп, жаңаша мағыналық өріс алып жатады. Соның нәтижесінде, тосын терминдер тобы пайда болады. Әлгіндей ізденістер ана тіліміздің тұтынушыларын, сөз мамандарын лексикалық қабаттарды ақтармалап қарауға мәжбүр етеді. Олар – жазушылар, жорналшылар, баспагерлер, ғалымдар, т.б. Ұлтымыздың әрбір саналы өкілі ана тілінің тазалығына, мәдениетіне мән бермей тұра алмаса керек. Тіл жөніндегі ізденістерді осы тұрғыдан қарап, түсіну қажет және әрбір жаңалық, әрбір жаңа қолданыс тіл шырқын бұзбайтын тіл мәдениетіне қосылған үлгі есебінде болғаны мақұл.

Сондықтан, бәз біреулер сияқты, кейінгі кезде орын алып отырған терминологиялық ізденістерден үрке берудің де қажеті жок. Қазір, әсіресе, тілімізге соңғы 75 жылдың ауқымында кедергісіз, саралаусыз еніп алған интернационалдық

терминдерді ретке келтірудің түрлі жолдары қарастырылуда. Ғалымдардың есебі бойынша, бұлардың жалпы саны 70 пайызға барып қалған екен. Ал олардың қазақ тіліне енуіне кезінде ешқандай тосқауыл болмаған. Тілді байытудың төте жолы осы деп, тіпті оларды арнайы қабылдап отырдық. Кезінде емле ережелеріміздің өзін де заңдастырып, сіресгірдік те тастадық. Бақсақ, ол сөздердің көбін тіліміздің сөзжасам зандылықтарына орай қайта саралап, оларды аударудың, баламалаудың, калькалаудың түрлі тәсілдері арқылы немесе аударуға, баламалауға келмейтіндерін қолданысқа сәйкестендіріп қабылдауға әбден болады екен.

Ана тілі. - 2002. - 21 ақпан (№ 8); Астана ақшамы. - 2002. - 11 шілде

ҒЫЛЫМ ТІЛІ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК

Тіл дамуын қоғамдық құбылыстармен байланысты қарау – диалектиканың заңы. Өзге туыс тілдер сияқты қазақ тілінің өзгеше өріс тауып, даму жолына түскенін де, біз осындай қоғамдық құбылыстарға байланыстыра қараймыз. Халқымыздың басынан өткен қай кезеңді алсақ та, дәл Қазан төңкерісі әкелгендей жаңалықты қазақ тілі басынан кешірген емес. Оның әлденеше стильдік тармақтары айқындалып, қоғамдық қызметі ұлғайғаны мәлім. Мұның бәрі әрине тіл табиғатында ғасырлар бойы сақталып келген халықтық негізден қаулап өсіп, тарап жатты.

Әсіресе ғылым мен техниканың дамуына сәйкес, қазақ тілі өз қорынан лайықты сөздер үйірін іріктеп, терминологиялық мұқтаждыққа теліп жатты. Ал терминологиялық жүйесі жасалмаған елдің ғылымы дамымайды. Осыны түсінген қазақ зиялылары ә дегеннен-ақ терминологиялық сөздіктер түзе бастаған. О баста әрқилы авторлардың, әр алуан сапа мен көлемде жасап қалдырған еңбектері осыған дәлел. Жалпы термин жасауға, яғни ана тілін ғылым әжетіне жаратуға келгенде біздің ғұламалар ешкімнен қалыспаған. Мысалы, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Сералин, Ш.Құдайбердиев т.б. революциядан әлдеқайда бұрын атау сөздерін қалыптастыра бастағаны жұртшылыққа бертінде мәлім болып отыр.

Содан бері халқымыздың басында қаншама жағдайлар болды. Конфискелеу, коллективтендіру, колхоздастыру, индустрияландыру т.т. ландыру... тандырулар тілге де әсерін тигізбей қойған жоқ. Біртіндеп ғылыми-техникалық прогресс дәуіріне қол арттық, осының бәрінде де тіл үздіксіз өзінің қатысын білдіріп отырды. Терминологиялық комиссия құрылып тілдің өзгеше қабаты терминологиялық жүйесі жасала бастады. Бұл процестің бірде-бірінде қазақ терминологтары одақтық ой-пікірден қалысқан емес. Ғылымның түрлі саласы бойынша терминдер жасалып, сөздіктер түзілді. Оның принциптері қарастырылды. Бірақ, өкінішке қарай, жасалған терминдер, түзілген сөздіктер өзінің қолданыс өрісін таппай, кітап магазиндері мен жекелеген адамдар кітапханалары сөресінде шаң басқан күйінде қозғалыссыз өлі капитал есебінде сақталып келді. Олар қолданыс табатын орта болмады. Сонда да терминологиялық процесс тоқтаған жоқ.

Термин жасаудың, сөздіктер түзудің бір алуан принциптері мен әдіс, тәсілдері қалыптаса бастады.

Түрлі-түрлі ағымдар пайда болды. Алғашқыда барлық ұғым атаулыны мейлі ол барлық тілде қалыптасқан халықаралық термин болсын, мейлі ол әмбеге ортақ советизмдер болсын жаппай аударып қолдану ағымы бой көтерді. Сосын халықаралық терминдерді сол қалпында қабылдап, қалыптастыруға кірістік.

Зерделесек, бұл екі ағымның екеуінде де асыра сілтеушілік болған екен. Бірде арабизмге, бірде түркизмге ұмтылған тұстарымыз да бар. Алайда ағымдар қалай құбылғанмен, халық тілінен айрылған жоқ. Өзінің өзге бағыттарға қоса ғылыми сипатын да өрнектей алар лық лексикасын ретке келтіріп, дамудың неше алуан кезеңдерін бастан кешіріп жатты. Солардың ішінде өріс ала алмай, қанат жая алмай тоқырауға тұрып қалғаны – ғылым тілі еді. Сондықтан да болар тіліміздің ғылыми-техникалық прогресс талаптарына төтеп бере алмай, сөздіктерде бұйығып тұнып қалғаны.

Бүгінгі таңда бұлардың бәріне кең өріс ашылып, қолданыстың даңғыл жолына шығарар сәт туды. Бұрынғы тәжірибенің жарамдысын жолазық етіп, сөздік түзудің жаңа тәсілдеріне қарай бет түзейтін тұс келді. 90-ға жуық терминологиялық сөздіктен алар тағылым да бар, лексикографиялық жұмыстың қарапайым талаптарына да жауап бере алмайтын жері де жоқ емес. Әсіресе, ғылыми-техникалық терминдер сапасы көп саралауды қажет етеді. Мұның үстіне қаншама жаңа ұғымдар мен терминдік түсініктер пайда болды. Тілімізге қаптап келіп, еніп жатқан терминдерде есеп жоқ. Соның ішінде робот техникаға байланысты (басқасын былай қоя тұрып) қаншама мағыналық тіркестер, ұғымдар, сөздер туындады. Мұның бәрі тілімізде дұрыс баламасы табылып, сіңісіп жатса – байлық та, заңды өріс, орын таппай жатса – сор. Кейбір ғылыми-техникалық терминдердің қазақша баламаларын, енді біреулері сол күйінде тілімізде қолданыс тапқанын күнделікті өмірде көріп жүрміз. Мәселен, ондай терминдердің қатарына мыналарды жатқызуға болады. Мини-робот, роботтар мен минипуляторлар, жоғары класты робот механизмі, математикалық есептеу мен техника диагностикасы, автоматтандыру және роботтандырудың салааралық орталығы, робот-дәрігер және т.б. Бұл ғылыми-техникалық жетістіктерді білдіретін терминдік тіркестер болып табылады. Ал олардың жасалу жолдарында әлі ойланатын жайлар жоқ емес. Мұнымен қатар 1985 жылдың сентябрь айынан бастап жалпы білім беретін мектеп пен кәсіптік-техникалық училищелердің сабақ кестесіне жаңадан "Информатика мен есептеудің техника негіздері" деген пән енгізілген болатын. Мұның мақсаты – оқушыларға компьютерді қолдану "дағдыларын" үйрету, осы техниканы халық шаруашылығында қазіргі талаптарға сай кеңінен пайдалану туралы білім беру болып табылады.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда тілімізде компьютертануға байланысты бірнеше жаңа терминдерді жасауға тура келді. Мысалы, *"Основы информатики и вычислительной техники", "вычислительная задача", "решение задачи", "алгоритмы решения", "структура информации", "информатика", "техника вычисления"* және т.б.

Мұндай компьютерлік терминдердің қазақша ғылыми басылымдарын қалыптастыру "информатика мен компьютертану" білімін жетік меңгеруге септігін тигізері сөзсіз. Осы мәселені жүзеге асыруда атсалысып жүрген басылымның бірі "Қазақстан мұғалімі" газеті. Бұл газеттің 1985 жылғы 27 сентябрь күнгі санында компьютертану терминдерінің қазақша баламалары жөнінде игі бастаманы біраз әңгімелеген болатын. Онда "Основы информатики и вычислительной техники" деген терминнің мынандай баламалары жөнінде сөз болған еді.

1) Информатика мен есептеуіш техника негіздері

2) Информатика және есептеуіш техникасының негіздері

3) Информатика мен есептеу техникасының негіздері

Берілген терминді тіркестердің қазақша дұрыс баламасын белгілеп беру қажет. Ол үшін мұның компоненттерін жеке-жеке бөліп қарастыруға тура келеді. Бұл

жерде бізді ойландырып отырған *вычислительная техника* деген тіркес баламасы. Жоғарыдағы мысалдардан байқалатындай, мұның қазақша үш түрлі үлгісі жасалған. Олардың тұлғалық сипатында болмаса, мағыналық болмысында айырма жоқ.

1) Есептеуіш техника

2) Есептеуіш техникасы

3) Есептеуіш техника

Бұлардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін анықтау үшін Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен "Терминологиялық сөздіктерге" жүгінген жөн. Мәселен, 1968 жылы "Қайнар" баспасынан шыққан "Орысша-қазақша механизмдер мен машиналардың терминологиялық сөздігінде" (авт. Ө.Жолдасбеков, А.Абдрахманов) жоғарыдағы терминдердің баламалары былай беріліп, бекітілген: *вычислительная машина – есептеуіш машина, вычислительное устроиство – есептеуіш жабдық, вычисление – есептеу.*

Ал 1974 жылы "Ғылым" баспасынан жарық көрген "Орысша-қазақша машина құрылысы терминдерінің сөздігінде" (авт. Д.Серікбаев, Ө.Жолдасбеков, С.Тәжібаев). Бұл терминдер *вычислительная машина – есептеуіш машина, вычисление – есептеу* түрінде берілген, яғни мұнда да бекітілген сөздікті басшылыққа алынғаны байқалады. Бұдан сәл ертеректе шыққан (1959 ж.) "Математика терминдерінің сөздігінде" аздаған өзгешелік көрінеді. Мысалы:

Вычисление – есептеу, есептеп шығару (27-б.).

Вычислительная машина – есептеуіш машина (27-б.).

Вычислительное устроиство – есептеуіш жабдық (27-б.).

Әр кезеңде жарық көрген сөздіктерден алынған бұл мысалдар, біріншіден, техникалық терминдер жүйесінің эволюциялық даму жайынан хабар берсе, екіншіден, біздің ғылым тілін орнықтыруға мейлінше салғырт қарап, шабан қимылдайтынымызды көрсетеді. Сондай-ақ қабылданған терминдерді қалыптастыру мәдениеті, қолдану мәдениеті мейлінше төмен екенін де жасыра алмаймыз. Неге десеңіз, осы мысалдың өзінен-ақ, сөздік түзуші мамандардың өзінен бұрынғы лұғаттарды, тәжірибені есепке алып, ескере бермейтіні көрініп отыр. Қай ғылым саласы болсын, сәл де болса термин жасаудың белгілі бір жүйесі, жолы қалыптаса бастайтыны мәлім. Ғылымы, мәдениеті дамыған елдер тәжірибесінен осыны байқауға болады. Мұның үлгісін қазақ терминологиясының қалыптасу жолынан да байқауға болады. Мәселен, термин жасауда қосымшалардың рөлі зор. Алайда термин жасау процесінде жалғау, жұрнақты пайдаланудың өзіндік реті, тіпті заңдылығы бар екенін сөздік түзушілер үнемі ескере бермейді. Мамандық иесін білдіруге таптырмайтын ***-шы/-ші*** жалғауы "есептеуші машина" дегенге келе бермейді. Сондықтан да бұл жерде ***-уыш/-уіш*** қосымшасының қажеттігі айқынырақ болып тұр. Қалыптасқан тәжірибе де осыны байқатады.

Басқа да толып жатқан компьютертану терминдерін көптеп кездестіруге болады. Ондай терминдердің жүйелі де дұрыс аударылуы үшін осы ғылым саласымен тікелей айналысып жүрген мамандар атсалысуы қажет. Ала-құла қолданыста жүрген терминдерді бір жүйеге түсіріп қалыптастырудың басты жолы – екітілді терминологиялық сөздік жасап, оқырмандар назарына ұсыну. Осындай терминологиялық сөздіктерді жасауда электронды есептеуіш машинасын пайдалану мүмкіндігіміз бар ма? деген сауал өзінен-өзі туындайды. Мәселен, 1930 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта 90-ға жуық орысша-қазақша екітілді терминологиялық сөздіктер түрлі баспалардан жарық көрді. Бірақ бұл сөздіктердің бәрі дерлік қол еңбегімен, яғни қолдан түзіп жасалған дүниелер. Ал қазіргі ғылыми-техникалық

прогресс заманында электронды есептеу машинасын тек ауылшаруашылығы мен өндіріс саласында ғана емес, ғылым саласында да соның ішінде тіл білімінде де пайдалану керек, бұл – уақыт талабы. Әсіресе, сөздіктер жасау барысында ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану көбірек нәтижеге жеткізбек. Осындай екітілді терминологиялық сөздікті жоғарыда аталған электронды есептеуіш машинасының нәтижесінде 1986 жылы алғаш қолға ұстадық. Ол проф. Қ.Бектайұлының "Мектеп" баспасынан шығарған "Орысша-қазақша математикалық терминдер сөздігі". Республикамызда шыққан 90-ға жуық терминологиялық сөздіктердің ішіндегі ерекше тәсілмен жасалған бұл бірінші сөздік. Сондай-ақ Қазақ ССР ҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Терминология бөлімі қызметкері дайындаған "Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша" (40 б.т.) және "Қазақша-орысша (40 б.т.) сөздігі" (көлемі 80 баспа табақ) де Қ.Бектайұлы тобының қолқабысымен электронды есептеуіш машинаның сарабынан өтіп, әсіресе, ішкі алфавит тәртібін жүйелеуге зор үлесін тигізді.

Бұл біз назар аударып отырған мәселенің бір жағы ғана. Зерттеуші қауымға ой тастау үшін пікірімізді қысқаша түйіндеп, енді термин жасауда техниканың қызметін қалай пайдалануға болады дегенге ойыспақ ойдамыз.

Күні бүгін біздің елімізде 90-ға жуық терминологиялық сөздік жарық көргені жұртшылыққа белгілі. Ал сол сөздіктер қалай түзілді, оны жасаған мамандық иелері ме, маман болса сөздік құрастыру тәжірибесі қандай деген мәселелерге жауап іздеп, бұрын-соңды дәйекті пікір қозғалған емес. Қалай дегенде де бұл тұста бір нәрсені ашып айтуға болады. Ол – бізде сөздік жасаудың жақсылы-жаманды өзіндік тәжірибесі жинақталғаны.

Атап айтар болсақ, ең алдымен қоғамдық ғылымдар терминдері сөздігін жасаушылар мол тәжірибе жинақтап отыр. Сондай-ақ мал атаулары, дәрігерлік, тәуіптік терминдер, заң және әлеуметтік терминдерден мағлұмат беретін әрқилы үлгілер бар.

Осылардың бәрі – жекелеген мамандардың, ғылыми қызметкерлердің, әуесқой адамдардың ұзаққа созылған қол еңбегінің нәтижесі. Кезеңінде оқырман сұранысын аздап болса да қанағаттандырарлық дәрежеде түзілген бұл еңбектер әрине тарих алдында өзіндік бағасын алды. Әйтсе де терминологиялық сөздіктердің қоғамдық өмірде атқарар негізгі міндетін алар болсақ (солай ету керек те) ойлануға тура келеді. Мұндай сөздіктер, ең алдымен, ана тіліміздің ғылыми сипатын айқындайтын, соған қызмет ететін еңбек болу керек. Осы тұрғыдан қарағанда бұл сөздіктер, әу баста осы мақсатты көздегенмен, тіліміздің күні бүгінге дейін ғылым тіліне айналуына қызмет етті деп айта алмаймыз. Мәселенің осы жағы қынжылтады. Мұның, әрине әлденеше себептері де жоқ емес. Олардың бәрін тәптіштеп талдап жатуды бұл хабарламамызда мақсат етпегендіктен, енді біз сөздіктердің ғылым тілін дамытуға тигізер септігі жөнінде әңгіме қозғасақ деп отырмыз.

Ғылым тілін дамытуда сөздік атаулының, оның ішінде, салалық терминологиялық сөздіктердің маңызы айрықша. Ғылыми қызметі, сипаты күні бүгінге дейін айқындалмай келген қазақ тілі үшін мұның рөлінің бөлекше екені даусыз деп білеміз. Сондықтан тіліміздің мемлекеттік мәртебесі көтеріліп отырған қазіргі кезеңде сөздік түзудің бұдан бұрынғы тәжірибесін жинақтап, сан салалы терминологиялық сөздіктерді сұранысқа орай лайықты қайта жасау міндеті тұр. Жасыратыны жоқ, өз уақытына қызмет еткенмен бұл сөздіктер қазіргі заман талабы мен даму қарқынына төтеп бере алмайды.

Қайта құрудың қарқынды қадамына ілесе алмайынша сөздік түзушілерде қадір-қасиет қалмайды. Сол талапқа жауап берудің бірден-бір жолы сөздіктер түзуде, соңғы техника жаңалықтарын пайдаланып, соның көмегіне жүгіну деп білеміз. Ол электронды есептеуіш құралдың мүмкіндігіне иек арту. Бұл жерде үш түрлі саланың мамандары (тілші, математик, инженер-техник) бас біріктіріп, еңбек ететін болса ғана дәйекті нәтиже бермек. Мысал үшін алысқа бармай-ақ, біз, Қазақ ССР Ғылым академиясы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен М.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институты арасындағы келісім-шарт негізінде жасалған іс нәтижесін сөз етуге болады. Яғни Терминология бөлімінің тапсырмасымен Шымкенттегі проф. Қ.Бектайұлының тобы Қоғамдық ғылымдар саласы бойынша отыздан аса сөздікті электронды есептеуіш құралдың сарабынан өткізіп, ішкі алфавиттік ретке келтіріп, оның орысша-қазақшасын ғана емес, қазақша-орысша үлгісін де түсіріп берді. Әрине мұның бәрі маман терминологтың қатысынсыз оп-оңай жасалды десек, бекер әңгіме болар еді. Есептік жүйеден шыққан сөздік материалын үздіксіз қадағалап қарап, қайталап сараптап отыруға тура келді. Бәрін түгел сараптап өткізгеннен кейін де тілші мамандар қолымен қыруар жұмыс жасалғанын жасыра алмаймыз. Нәтижеде "Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігі" 80 б.т. көлемінде дайын болды. Бұл қоғамдық-әлеуметтік өміріміздегі айтулы шаруаның бірі болғалы отыр.

Егер қазақ тілі, ең әуелі, әлеуметтік өмірге араласты, Қоғамдық құрылысқа қызмет жасады десек, соның бірден-бір дәлелін аталмыш сөздіктен табуға болады. Сан алуан ой пікірлердің қандайын болса да қазақ тілінің өрнектей аларлық қуаты ұшан-теңіз екеніне куә осы еңбек мұндай тәжірибені алдағы уақытта да жалғастыра түскен абзал.

Техниканы қолданудың тағы бір пайдасы – шапшаңдық және жылдамдықпен байланысты. Әлгі 80 баспа табақтық жұмысты бес-алты адам кем дегенде он жылда бітірер еді. Қазіргідей ғарыштық қарқынды қажет етіп отырған заманда мұны да есепке алмаса болмайды.

Әңгіме сан мен шапшаңдықты көздей отырып, сапаны ұмытпауда. Сапа дегеніңіз, жоғарыда ескерткеніміздей, лексикографиялық жұмыстардың жылдар бойы қалыптасқан тәжірибесіне, лингвистикалық сауатқа, термин жасау мен қалыптастыру мәдениетіне тікелей байланысты. Сөздік түзудің осындай қажетті шарттарын мүлтіксіз орындаған жағдайда ғана нәтиже болмақ. Осы тұрғыдан қарағанда біздің сөздік жасаушыларға, терминологтарға ойланар жәйт жетерлік.

ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Ғылымды да қазақша сөйлетем деп...)

("ҚР Тіл туралы Заңы (1997) негізінде мемлекеттік тілдің ғылым саласындағы қызметін қалыптастыру мен дамытудың өзекті мәселелері" атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға жасалған баяндама).

Қазақтың халық болып қалыптасуынан әлдеқайда бұрын дана бабамыз әл-Фараби кейінгі ұрпақтары – мына біздерді ойлап, "Аспанды жерге, ғылымды елге (халыққа) жақындатсам деп едім" деп армандаған екен. Осы арман бағамдап

қарасақ, адамзаттың үмітін қоздатып, адам баласын алға сүйреп келе жатқандай. Қазақ қазақ болғалы да, тарих төлкегі мен талқысына түсе жүріп, арман жібін үзбей мына күнге жеткен екен. Сонда оның аракідік ғылымға да қол созған кезі көп болған. Соның нәтижесінде әлем мәдениетіне ол да өз үлесін қосқан. Орхон-енесей ескерткіштері, Күлтегін, Білге Қаған Мұхамед Хайдар Дулати, Махмұт Қашқари, Қадырғали Жалаири, Ахмет Ясауи, Бабыр, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев т.т. Ал жаңа заман заңғарлары – А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхаметұлы, Ә.Бөкейханұлы, Т.Рысқұлұлы, С.Қуанұлы, М.Омарханұлы, Қ.Имантайұлы т.т. толып жатқан зиялылардың қай-қайсысы да осы бір арман-үміт атты тұлпардың жалынан мықтап ұстаған. Бұлардың көбі ғылым тереңіне үңіле отырып, қайтсек тіліміздің соның айбынды құралына, кемел қызметшісіне айналдырамыз деп сарсылған да түрі бар. Мұны біз бұлардың қалдырған мұрасына зерттей түскен сайын байқаймыз.

Ала құйын заманалар алмаса келе тіліміздің сансаққа салып, талай "тар жол, тайғақ кешуден" өткізіпті. Сөйтіп әлем тілдерінің қай-қайсысымен де теңдесе алар мәреге жеткізіпті.

Бірақ, өкінішке қарай, осы ұлы мұраны кейінгі ұрпақ аялап тұтына алмай, қажеттілігін сезіне алмай өгейсіне түскен. Өрелі әрекеттер, өресіз ықыласқа килігеді де, қазіргі қазақ тілінің орта жолда оқтығы шығып, дөңгелегі сынып қисайып қалған көне арбадай шиқылдап тұрған жайы бар. Қисайғанды түзетейік, сынғанды салдырайық дегендей нақты әрекетке барар ағайынның саны жылдан-жылға азаймаса көбейер түрі жоқ. Тілді сүйерлер емес, тілден безерлер қатарын дамылсыз молайтып отырғанымызды көрсек те көрмегендей болу екен ең қиыны.

Міне, осындай күйде күн кешкен тіліміздің, әйтеуір әупірім деп, мемлекеттік мәртебеге жеткеніне шүкірлік етесің. Етесің де, мәртебеленіп отырған тіліміздің сол деңгейде лайықты шарттары түгел ме деген сауалға жауап іздеп сарсыласың. Мемлекеттік тілдің жалын күдірейтіп көрсетер бір тармағы – ғылым тілі дейтін болсақ, мұның да әңгімеге арқау болар ауыр жүгі жетерлік! Шешім күтер мәселесі де толып жатыр. Әрбір тілдің айшықтанар әлденеше ондаған қызметінің ішінде ең күрделі де қиын түрі осы ғылым тіліне келіп тіреледі. Ал екінші ұстаз айтқан ғылымның халыққа жақындауы, ең алдымен, осы тілге тікелей байланысты екенін ұғар ұрпақ сыңайы әлгіндей.

Баз біреулер ғылым атаулыны қазақтардың пешенесінен тыс тылсым дүние есебінде танығысы келеді. Ондайлардың түсінуінше, ғылым тек орыс немесе Еуропа тілдерінде дамыған, сондықтан сол тілдерде жасалып, қалыптасқан ұғымдар мен түсініктерді, жеке сөздер мен атауларды солардан мұртын бұзбай қабылдаған тіл ғана ғылымға қызмет ете алады деп ұғатын тәрізді. Мұның мүлде қате пиғыл екенін біздің ғылым тарихы әлденеше дәлелдеген. Арғы жерге бармай-ақ, бергі 70 жылдың шамасында көрініс берген тіл қолданыс тәжірибеміздің өзі бұл жөнінде көптеген оң мысалдар ұстатады. Бір қиыны, зерттеушілердің дені өз ана тілінде оқып, тәрбиеленбегендіктен осы жалған түсінік жетегінде кетті. Тіпті кешегі кеңестік тәрбие пешенесіне мөр болып таңбаланған қайсыбір зиялыларымыздың арасында да әлгіндей қасаң пиғылдан арыла алмай жүргендері бар. Ана тілінде де ғылыми зерттеулер жұмыстарын жүргізуге болатыны ондайларды ойландыра қоймайды. Әсіресе, қоғамдық ғылымдар, биология, математика, медицина ғылымдары саласында еңбек еткен бірен-сарандар болмаса, қазақ ғалымдары ізденістерін көбінесе орыс тілінде өрбітті, өрбітіп келеді. Міне, осының салдарынан өзге түгілі оқымыстыларымыздың өзі зерттеу жұмыстарын қазақша жүргізуді қиынсынатын

"дәрежеге" жетті. Осыдан келеді де қазақта ғылым тілі бар ма, жоқ па деген мәселе туындайды.

Баз біреулердің тілге деген "патриоттық сезімі" ерекше ойнап, "бұл қалай, қазақ жазуын сонау орхон-енесейден бастауға талаптанып жүргенде ғылым тілі неге жоқ болсын бізде" деп өрекпиді, екіншілер "бұл жерде түсінісіп алатын жайлар әлі көп" деп дәлел ұсынғысы келеді. Біз осының себеп-салдарынан ғылыми түрде дәлелдеп шығу жағындамыз.

Шынында, ғылым тілінің қазіргі жағдайы қалай осы? Және мұны дамытатын, қалыптастыратын не? Міне, осы сауалдардың жауабын іздеу арқылы біз біраз мәселенің басын ашуға мүмкіндік алсақ керек.

Сонымен қазақ тілі ғылым тіліне айналды деп тұжыру үшін, біз ғылым мен білімнің барлық саласы бойынша талапқа сай қанағаттанарлық жауап табуымыз керек. Дағды бойынша қоғамтану, жаратылыстану, техникатану деп санамалап қарап, үйірлеп топтап саралайтын болсақ, осылардың ортасынан ойып алып қоғамтану саласы бойынша ғана ғылым тілі нышанын әңгіме ете алатын жағдайда екенбіз. Оның өзінде де ауыз толтырып айтарлықтай мысалды тек тіл мен әдебиет саласынан ғана таба аласыз. Ал заңтану, пәлсапа, педагогика, психология, театр, кинотану, бейнетану т.т., тіпті тарих, этнография, археология салаларының өзінде зерттеулеріміз толық қазақ тілінде жүргізіліп жатыр, ғылым тілін, нышанын білдіретін мынадай еңбектер мол деп ауыз толтырып айта қою өзірге қиын. Ал жаратылыстану мен техника салалары әзірге тұнып тұрған тундра. Рас, ондаған терминологиялық сөздіктер, оқулықтар, оқу құралдары бұл жөнінде әрекетсіз емес екенімізді танытады. Алайда бұл ғылым тілін қалыптастырады дейтіндей пікір жүгін көтере алмайды.

Сонда қазақ тілінің ғылым тіліне айналуы үшін не қажет: нендей шарттар мен талаптар қажет.

Бұл біріне-бірі тығыз байланысты, бірінен-бірі туындап жататын бірнеше мәселеге байланысты. Олар мыналар:

1) Ғылым атаулының барлық салалары, тармақтары бойынша ғылыми зерттеулер жұмыстары қазақ тілінде жүргізілуі тиіс. Бұл жөніндегі біздің жағдайымыз қалай? Шындығына келсек, ғылымның қайсыбір салалары (тіл білімі мен әдебиеттану, кейінірек биология, математика) бойынша жүргізілген кейбір зерттеу жұмыстары болмаса, басқа ауыз толтырып айтар еңбектер көп емес. Тек 50-60-жылдардан бері қарай ғана тіліміз ғылымның көптеген салаларына қызмет ете бастайды. Алайда мұның ешқайсысының өзіне тән терминологиялық жүйесі жасалып, қалыптасты деп айта алмаймыз.

2) Білімнің барлық жүйелері бойынша мектеп, орта және жоғары оқу орындарына арналған төл (аударма емес) оқулықтар мен оқу құралдары жазылып, қалыптасуы тиіс. Мұнда да, біз, жоғарыдағыдай алақұла жайтты байқаймыз. Бірінде тәп-тәуір, екіншісінің тілі не қазақша, не орысша екені белгісіз, үшіншілерінде мұндай да еңбектер түзілмеген. Қазақша деген оқулықтар мен оқу құралдарының өзді-өзіне ғана тән ерекшеліктерін танып-білу тіпті қиын.

3) Ғылым тілі ретінде қалыптасатын тіл – ғылым мен білімнің барлық салаларының ең әуелі құрылымдық қаңқасы боларлық терминологиялық жүйесі жасалуға тиіс. Ол үшін лексикографиялық жұмыстар, яғни терминологиялық сөздіктер көптеп түзілуге керек. Ал бұл жөнінде не айта аламыз? Әрине, сөздік түзу жөнінен құр алақан емеспіз. Сонау 20-жылдан бері қарай түзіліп келе жатқан екі тілді терминологиялық сөздіктер тіліміздің ғылымға қызмет ету қабілетін

едәуір арттыра түскені мәлім. Бірақ мұнда да күні бүгінге дейін даулы мәселелер көбейе түспесе, азайған жоқ.

4) Тілдің ғылымдана түсуіне қажетті ең басты шарттың бірі – ғылыми ізденістер мен сөйленістердің бәрінің қазақ тіліне жүргізілуі дер болсақ, бұл турасындағы табысымыз да шамалы. Сол баяғы тіл білімі мен әдебиеттану салалары бойынша ғана сұранысқа жауап бере алатын үлгілер бар.

5) Бірен-саран болса да жарық көрген ғылыми еңбектерді саралап байқасақ, мынау мына ғылымның, анау ана ғылымның өзіне ғана тән қалам сілтесін, баяндау тәсілін, стильдік өрнегін танытады дейтіндей бұлтартпас айғақты мысалды табу өте қиын. Яғни ғылыми стильдің аражігі әлі айқындала қойған жоқ.

6) Сондай-ақ, ғылым тілін, ғылыми мәтін (текст) стилін тарам-тарамымен талдап беретін арнайы ғылыми барлау еңбектері тағы жоқ. Бірде-бір ғылым туралы, бірде бір ғылымның өзіндік зерттеу мақамы, қалам сілтесі жайында жазылған зерттеулер жұмысын қолға шам ұстап табу қиын.

7) Әдеби тіліміздің ғылыми қолданыс құралы ретінде барынша жандана түсетін ортасы – Ғылым ордасы. Иншалла, ҚР ҒМ – Ғылым академиямыздың құрамында отыздан астам ғылыми-зерттеу институт бар. Оның әрқайсысында кем дегенде бірнеше жүзден ғылыми қызметкерлер (сырттан ізденушілер мен аспиранттарды қоспағанда) жұмыс істейді. Жаңадан шаңырақ көтеріп, өз алдына отау тігіп жатқан салалық Академиялар мен ғылыми мекемелер қаншама. Осының бәрінде қазақ тілі ғылымының қажетіне жаратылып жатыр ма? Бұларда Ана тілге деген мұқтаждық, қажеттілік мүлде сезілмейді. Айтулы ғалымдарымыздың өзі халқымыздың абыройын асқақтатар жаңалықтар мен ой-пікірлерін қазақ тілінде емес, орыс тілінде жазғанды артық санайды. Өйткені олардың көзін ашқалы бергі көргені қазақ жазуы емес, орыс жазуы. Сондықтан оларды кінәлаудың да қисыны жоқ. Тиіп-қашып қазақша жазылған бірде-екілі ғылыми еңбектер ғылым тілі дейтін күрделі де қызық саланың жүгін көтере алмайды.

Сондай-ақ қазақ мәдениетінің тарихында шамалы мерзім ішінде, небәрі он – он бес жылдың айналасында үш жазу алмасты. Жазудың тұрақсыздығы, сауатымызға нұқсан келтіргені мәлім. Ол ғылыми тілдің де дамуына кері әсерін тигізді.

Міне, осы айтылған мәселелердің өзі-ақ біздің қазақ қауымында өзінің толық мәніндегі ғылым тілі қалыптасты деп айтуға ертерек екенін дәлелдесе керек.

Баз біреулердің қазақ энциклопедиясы, он томдық түсіндірме сөздігі, бес томдық Қазақ Республикасының тарихын, әр алуан монографиялық еңбектерді, түрлі, ғылыми басылымдарды т.т. тіліне тиек етіп, бізде ғылым тілі әлдеқашан жасалды, оның басы-қасында А.Байтұрсынұлы сынды асқан тұлғалар тұрды деп өрекпуі әбден ықтимал. Бар нәрсені бағаламай, табысымызды тәркілеуден біз де аулақпыз. Бұлар сөз жоқ, ғылым тілінің жүйелене, қалыптаса түсуіне негіз болар орны, жөні бөлек бағалы дүниелер.

Бұл жерде арнайы тоқталуды қажет ететін бір мәселе бар. Ол – Ахмет Байтұрсынұлы және оның айналасы жөнінде. Қазақ мәдениеті мен ғылымының тарихында бұлардың есімдері алтын әріппен жазылары хақ. Неге десеңіз, қазақ ғылымының еңсе көтеруіне, саралануына негіз болатын терминдік сөздер жүйесінің жасалу, қалыптасу тарихын сөз еткенде, әсіресе, Ахаңды айналып өту тіпті мүмкін емес. Ана тілінде тұңғыш сауатын ашып, қазақ тілі дейтін пәнді оқыған қазақ зиялыларының бірде-бірі тайға таңба басқандай анық та дәл, ұғынықты сипатталатын терминдік жүйені тірек еткен заңдылықтарды ұмыта адмайды. Себебі,

мұнда әр алуан мағынаны арқалап тұрған даралық сипаттау – атау сөздердің бәрі Ахаңның асқан білгірлігінің нәтижесінде пайда болған. Қаншама сүзгілесең де қайталай соқпайтындай етіп мүсінделген бұл терминдер жүйесі шынында да әлі күнге мызғымай, сауатымыздың жетіле беруіне қалтқысыз қызмет етіп келеді. Сонымен бірге елдің еңсе көтеруі жаппай сауат ашуға тікелей байланысты деп сенген Ә.Ермеков, М.Дулатұлы, Е.Омарұлы, Қ.Жәлелұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Қожанов сынды бекзаттардың қай-қайсысы А.Байтұрсынұлы үлгісін жетекшілікке алып, әр алуан оқулықтар жазып, ғылыми танымдық мәні бар мақалалар жариялап отырған. Бұдан бергі жерде де оқу-ағарту ісіне мән берілуіне орай ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне тікелей себі тиген әрекеттер болды. Оның бәрі жұртшылыққа мәлім. Дегенмен бұл жерде де саралап түсініп алатын тұстар баршылық.

Ғылыми тілдің негізгі – терминдік жүйенің жасалу барысы ешқандай талас-тартыссыз, тып-тыныш жүріп жатпағаны мәлім. Мұны да есепке алып отыру керек. Алғашқы, яғни 20-30-жылдарда қазақ тілінде термин жасау процесі А.Байтұрсынұлы үлгісінше жүріп жатты. Ол қандай үлгі еді? Ол – атау сөздерді яғни терминдерді жасап, тұрақтандыруда негізінен қазақ тілінің өз байлығын барынша іске қосу болатын. Ол кезде түзілген сөздіктерге үңілсек, біз осыны аңғарамыз. Өз байлығымыз өз қажеттігімізді өтеп жатыпты. Бұл жерде тілдің қауызын ашып, тінін түре арши білген айрықша білгірлік нышаны байқалады. Жоғарыда аталған зиялы қауым түгелімен ана тіліне осылайша адал қызмет еткен. Тіліміздің бар қадір-қасиетін зергерлерше зерделеп, небір ғажайып терминдерді қатарға қосып кеткен. Бірақ осыған қарамастан А.Байтұрсынұлының өзін де қазақтың ғылым тілін түбегейлі жасап кетті деп айта алмаймыз. Ол ғылым тілін қалыптастыруға негіз болатын үлгіні ғана жасап үлгерді. Оның өзі жоғарыда аталған екі ғана сала бойынша. Міне, осы үлгіні негізге ала отырып, қазақ қауымы, ғылыми әлеумет ғылым дейтін ауқымы мейлінше кең зәулім Орданың сала-саласы бойынша іліп әкетіп, терминологиялық жүйені жасап жатса және барлық ғылыми ізденістер мен зерттеулер жаппай қазақша жүргізіліп, стильдің өзіне ғана тән табиғаты қалыптасатындай мүмкіндік жасалып жатса ғана ғылым тілі жөнінде келелі әңгіме қозғауға болар еді. Ал патриоттық сезім нәтижесінде анда-санда жарық көріп, ел қолына бірде жетіп, бірде жетпей шөліркетіп тұрған бірен-саран монографиялық зерттеулер, оқулықтар мен оқу құралдар, мақала, баяндамалар ғылым тілі дейтін ірі де іргелі проблеманың жүгін көтере алмайды. Біз бұл пікірімізді біреудің шамына тиіп, мәселенің шын сиқын көрмей-білмей айтып отырған жоқпыз. Біраз жылдан бері осы мәселені жан-жақты қарастырып, не бар, не жоқ, не қажет деген жайларды тексере келгенде тұжырымымыз, бұл. Әрине, біз бұл пікірді талқыға салуға болмайтын ақтық ретінде ұсынудан аулақпыз. Зерттеп, шындық шегіне жетемін дейтіндерге жол ашық. Бет жыртысуға емес, пікір алысуға барамыз! Жұртқа өзімдікі жөн дегенді жеткізу үшін біреудің пікірін тәлкек етудің жөні жоқ. Ғылыми ізденістер нәтижесінде, деректерді алға сала отырып, дәлелденіп жатса ғылымның да, ғалымның да мерейі үстем!

Сонда ғылым тілі дегеніміз не өзі, ол әдеби тіліміздің қай даму сатысында көрінетін сала? Бұл, біздіңше және көптеген тілдер тарихынан байқалатындай, әдеби тілдің дамыған, кемелдене бастаған тұсына тән құбылыс! Еуропа тілдеріне ертерек, орыс тілінде XIX ғ. II жартысы т.б. жағдайлар бізді осындай ойға жетектейді. Ал қазақ тілінің даму тарихына үңілсек алуан жағдайларды байқаймыз. Ол үшін әдеби тіл категориясының өзін анықтап алуға тура келеді. Бұл жөнінде

қазақтың небір кемел сөз зергерлері мен ғалымдары кейінгі өрелі ойларға өзек болар толғақты тұжырымдарын айтып кеткен. Олардың бәрінен үзіп-жұлқып үзінді алып, әңгімені ұзата бермеудің мәні болмас. Сонда көбінің тоқтайтыны – қазақтың жазба әдеби тілі Абайдан бері қарай өріс алды деген пікір. Ал екі сөздің бірі ғылым туралы ұлы Абайды ғылым тілін жасады деп айтуға тағы да ешкімнің аузы бара қойған жоқ. Бұл кісіден бергі жердегі әдеби тіліміздің шоқтығын биіктеткен тұлға, әрине Ахмет Байтұрсынұлы. Оның өзі және төңірегі ғылым тілінің тұғырын тұрғыза бастаған тұсында мақсатты мәреге жете алмай опат болып жатты.

Әдеби тіліміздің шарықтай түсуі Ахмет дәуірінен тоқтап қалған жоқ. М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, Қ.Жұбанов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Ерубаев сынды халқымыздың ары мен абыройына айналған сөз зергерлері әдеби тілді бұрын жетпеген биікке көтерді. Сөйтіп бізде көркем әдебиет тілі өзінің шарықтау шегіне жетті. Кезінде ғылыми ой-сананы қалыптастыра түсер мақала, кітапшалар жазғанмен, бұлар да ғылым тілін жасай алған жоқ және бұл мәселе олардың тікелей міндетінде де жатпайтын. Дегенмен 20-30-жылдары басталған әр алуан әрекеттер оқулықтар, оқу құралдары, сөздіктер және сан түрлі шаруашылық пен ғылым салалары бойынша түсініктеме түрінде жазылған әрқилы сападағы қазақ тіліндегі еңбектер ғылым тілі Ордасына бет түзеген алғашқы нышандар болатын.

70-80-жылдың ауқымында қазақ тілінің терминдік жүйесі неше алуан жасалу, қалыптасу кезеңдерін бастан кешкені мәлім. Қазақ тілінің қақпасын айқара ашып тастағанымыз соншама, жат сөздер мен атаулар легі күні бүгінге дейін толастамай келеді екен. Сонда есептеп қарасақ, өз сөз байлығымыздан гөрі интертерминдердің қарасы көбейіңкіреп кетіпті. Бұл, әрине, тіл тынысын тарылта түскен, ұлт тілінің даму өрісін тежейтін құбылыс еді.Ал 80-жылдардың екінші жартысынан бергі жерде рухани тынысы кеңейе түскен жаңа көктем лебі, ғылыми ізденістерге де жаңа бір серпін әкелгендей болды. Біз өз тіліміздің байлығына тереңірек әрі жиірек үңілуге мүмкіндік алдық. Сөйтіп, қазақ тілінің қоржынында қимылсыз жатқан талай атаулар қолданыс қатарына андыздап шыға бастады. Сөйтіп, біз, ғылым тіліне қызмет етерлік, оның өрісін кеңейтерлік терминологиялық жүйе санын молайта түстік.

Бірақ сарқылмас байлығымыз бен ашылған мүмкіндіктер көзін еркін пайдаланып отырған қазақ қайсы? Әрине, әлгіндей мүмкіндік көзін ашуға септігі тиген үлкен фактордың бірі – ол тіліміздің мемлекеттік мәртебе алуы.

Міне, ендігі әңгіме, мұны қалай пайдаланып отырмыз? Біздің FM-FA жағдайы қалай? Қазақ тілі ғылымға қазір қалай қызмет етіп келеді деген сыңайда болмақ.

Осы баяндамаға дайындалу барысында Ғылым министрлігі FA шығаратын басылымдарды (журналдарды) қарап шығуға тура келді. Барлық жылдарды қамту мүмкін емес, әрине. Сондықтан мемлекеттік тіл өрісінің қаншалықты қанат жайғанын бір жылғы сандардан-ақ байқауға болады. Мысалы, бұларды қазақша мақалалар саны мүлде аз. Бірен-саран авторлар ғана өз топшылауларын баяндауға тырысып баққан. Монографиялық зерттеу жұмыстары да көп емес.

FM-FA институтының көбіндегі ғылыми кеңестер қазақша жүргізілмейді. Диссертациялық еңбектерді қазақша қорғау тіпті аз, әсіресе, жаратылыс және техника ғылымдары саласы бойынша бұл іс өріс ала алмай жатыр.

Іс қағаздары әуелгі кезде талап бойынша екі тілде жүргізіле бастаған болатын. Қазір тек бір ғана орыс тілінде жазылады. Тіпті бұрыннан хат-хабарды қазақша

жазып келген Тіл білімі институты мен Әдебиет және өнер институты да жоғарыға жолданатын хат-хабарды орысша түсіруге мәжбүр. Өйткені талап осыған ойысып барады.

Ал жиналыс, конференция, сессия дегендеріңіз қазақ тілін қажетсінуден қалды. Кеше ғана академия бөлімшелерінің есеп-беру сайлау жиналысы өтті. Одан кейін FM-FA жалпы жиналысы болды. Бұрынғы бас қосуларда қайсыбір ғалымдарымыз өздерінің ой-пікірлерін қазақ тілінде де жеткізіп жататын. Ал мына жиындарда қазақ тілінің үні мүлде шықпай қалды. Осыған кінәлі кім деп ойлайсыз? В.С.Школьник пе? Бәлкім, ол, жиналысты тек орыс тілінде жүргізу жөнінде нұсқау берген шығар. Жоқ, Құдайға шүкір, ондай жарлықтың болмағаны белгілі. Қайта, ол "Сіздер қазақша сөйлей беріңіздер, түсіну-түсінбеу менің шаруам" деген сыңай танытады.

Ал, біз болсақ, ел қамын, тіл қамын ойлайтын жастан әлдеқашан асып кеткенімізге қарамастан, бір адамға жетерлік атақ-дәрежеміздің барлығына қарамастан, сол баяғы жалтақтықтан арыла алмай "ойбай, анау түсінбей қалады" деп жалбақайланып жатамыз. Әйтпесе, көбіне қазақша-орысшаны араластырып өткізіп келе жатқан Қоғамдық және гуманитар ғылымдары бөлімшесінің бір жылдық жиналысында бір қазақтың қазақша сөйлеуге батылы бармағанын қалай түсінуге болады. Жиналғандардың 99%-і қазақтар. Тек Тіл білімі институтының директоры Көбей Хұсайынов сөзін бір-екі ауыз қазақша бастамағанда қайран тіл мұнда да тұншыға бастаған екен деген ойға қалар еді, жұрт.

Неліктен бұлай? Бізге қазақша сөйлемеңдер, қазақша жазбаңдар деген біреу бар ма, осы. Осындай пиғылды Елбасынан естіп пе едіңіздер? Қайта ол кісі кезі келгенде қазақша да, орысша да қатарынан сөйлеп, жаңа бағыт, жақсы үлгі көрсетіп жүрген жоқ па?! Осыны неге ары қарай ұластырып алып кетпейміз? Неге күргейлене, күдіктене береміз? Бұл біздің өз шаруамыз емес пе? Егер тіл маған, саған, оған керек болмаса, кімге қажет? Ал керек екенін біле тұра өз тілімізді өзімізге неге аяқасты етеміз, неге қорлаймыз? Қажеттілікті өзіміз жасамасақ, бізге кім жасап бермек?

Осы тұста біздің көбіміздің бойымызды жайлаған масылдық мінез-қылық (құлық емес, қылық деп әдейі алдым) жайлы айта кетпесе болмайды. Біз дайын асқа, міне, ауыз деген тәрбие түлектеріміз. Осындай масылдықтың тілге деген көзқарастан да байқалатыны бар.

Қадірлес, сыйлас қайсы бір ағайын маған кездескен сайын "Тілің не боп атыр, құртатын болдыңдар ғой түге бүлдіріп, шұбарлап" деп кінә таға сөйлеп жатады. Олардың ойынша кейінгі кезде қазақ сөздері интерминдерді ығыстырып бара жатқан көрінеді. Мұндай жандарға не деп жауап бересің. Олар, әрине, қазақ дейтін халыққа өзінің де тікелей қатысы бар екенін білмей отырған жоқ, біледі. Тілдің де өз мұрасы екенін, мұра болғанда, ұрпағына сап таза күйінде аялап жеткізер ұлы қазына екенін де сезеді. Алайда ол кешегі кеңестік кезеңде буын-буынды алып қойған теріс тәрбиеден шыға алмайды. Тіпті біреудің қолымен от көсеуге әбден дағдыланып қалыптасқан ол, бұл шаруаны да басқа біреу істеп берсе екен дейді. Ана тілдің негізі – отбасынан, ата-ананың өз қасынан басталып жасалатынын елемей, өз нәсібін біреу тәрбиелесе, тілді де біреу үйретсе, әйтеуір бұл қиын шаруа менен аулақ болса деген пиғыл құрсауынан шыға алмай жүргені. Бүкіл ел, ұлт болып кіріспесе, жуық арада арыла алмайтын қырсықты дерттің бірі осы.

Қиындықтың түйіні мен себебін іздеп, ұлт пен ұрпақ парызын өтеудің орнына, әлгіндей дертке шалдыққан жандар, осы дәрменсіздік шырмауынан шығар сылтау іздей бастайды. Ал, сөз жоқ, іздеген табады.

Жұрт қалауы, Үкімет қолдауы арқылы қаптап ашылған қазақ балабақшалары мен қазақ мектептерінде тәрбие жұмыстары мен білім беру сапасы мүлде төмен екен деген желеумен көп ата-ана кейінгі кезде өз балаларын табиғи ұя мен ортадан алып қашып жатыр.

Сол ата-аналар бұлай торығудың орнына бір жағынан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұрпақ тәрбиесіне өмірін бағыштаған осынау ғажайып жандар (мұғалімдерді айтып отырмын) неге мұқтаж: оқулықтар, оқу құралдары, осы заман талабына сай техникалық құрал-жабдық, мектеп құрылысы т.т. толып жатқан қажеттіліктер жайын біріге отырып ойластыра ғой. Сондай-ақ олардың жай-күйі, еңбекақысы, демалыс жағдайы да дыбыс қағып отырса. Оқу мен тәрбие жұмыстарының құлдырау себептерін айқындап, жұмыла әрекет жасалмаған жерде істің бәрі бекер. Жапондарда "Бала тәрбиесін ойламаған ата-ана қылмыскер" деген мақал бар екен. Шынында да солай емес пе?

Тіліміздің төменшіктеп жүргені мына өз басымыздың немкеттілігі мен немқұрайдылығымызға да байланысты ма деймін. Ойланалықшы, ағайын.

Әрине, осының бәрін айта келгенде, біз тілдің өрістей алмай отыруына тікелей себепші тағы бір үлкен факторды ескермей отырған жоқпыз. Ол үкімет үйі мен Президент кеңсесінде тілдік ахуал жайы. Бұған сан салада Заң жобаларын қабылдап, талқылап, бекітіп жатқан парламентті де қоса айтар едік. Қазақ сонау патша заманынан бері қарай бастық сыйлап, басшыға қарап тірлік еткен халық қой. Бір бастықтың мойны қисық болса, жапатармағай солай ыңғайланамыз. Қай саланы алсаңыз да осы мінез байқалмай тұрмайды.

Тіл туралы Заң шықты... Елбасыдан бастап мән беріліп еді, ел жапатармағай тіл-тіл деп сайрай жөнелді. Өздері ден қойды, балалары мен немерелерін қазақша тәрбиелеп оқыта бастады. Балабақша, мектеп жағдайын айтып, дабыл қақты. Мекемелерде іс қағаздары екі тілде жүргізілді. Бұдан да басқа сан түрлі оң тірліктер өріс алды. Қазақтың еңсесі көтеріліп, өз алдына ел болғанын сезініп, еркін тыныстай бастаған шақ еді, бұл.

Қалай базар нарқы қолданып, солай басшылардың назары экономикаға ойысып еді, ел де тілден гөрі нанның қамын көбірек ойлайтын болды. Сөйтіп тіл уақытша көңіл алдарқату сияқты іс болып қалды. "Жаным арымның садағасы" дейтін ұлы халық ұрпағы, мал-жанына қоса арын да саудаға сала бастады.

Ел қараған үш басты мекемеде отырған қызметкерлер де, олардың қолынан шығып, жер-жерге жіберіліп жатқан хат-хабарлар да, қазақ тілін қажетсінбейтін жағдайға көшті. Ал Қазақстан тәуелсіз ел ретінде әлемнің бар түкпірімен дипломатиялық, экономикалық, ғылыми, мәдени байланысты күшейтіп, достық қарым-қатынасты дамытып отыр. Бұл жағынан мәртебелене түскендейміз. Бірақ солардың бәрінде де қазақ тілінің үні шықпайтынына қайранбыз. Кеше ғана өзімізбен қатар тәуелсіздік жалауын көтерген іргелес мемлекеттер экономикасымен бірге тілінің де мәртебесін көтеріп отырғанын көргенде қарап отырып қорынасыз, намысың қозады.

Қазақ тілін бір кісідей білетін Елбасымыздың шет мемлекеттер басшыларымен ресми кездесулерде кейде орысша шешен сөйлеп кеткенін көргенде, бір жағынан масаттанасың, бір жағынан осы біздің қазақ тілін қатарға қосамыз деп әуре-сарсаңға түсіп жүргенімізге жол болсын деп торығасың! Көк байрағымыз төбемізде желпінгенмен, осындай біз, әлі де орыс елі мен орыс тілінің боданынан шыға алмай отырғанымыз жоқ па деп күйзелесің. Осыны байқап, көріп, біліп отырған министрлер мен әкімдер, басқа мекеме басшылары қазақ тілін қанша жерден

мемлекеттік етсеңіз де, оны есіктен сығалатар түрі жоқ. Қай жерге бас сұқсаңыздар да қайран "аға халықтың" тілі, орыс тілі жалын күдірейтіп алдыңыздан шыға келеді де, есіктен имене аттаған қазақ тілінің мысын басып тастайды. Әйтеуір, қазақ тілінің өрісін тарылта беру үшін әлгі мекемелерге тек орысша сөйлейтіндер әдейі таңдап жиналған сияқты. Министрлер кабинетінің И.Н.Тасмағамбетов басқарып отырған саласынан басқа есіктері қазақ тіліне оңайлықпен ашыла қоймайды. Оның мұң-мұқтажы құлақтарына жетпейді. Қазақ тілінің басынан кешіріп жатқан қазіргі халы, міне, осындай.

Тап осы жағдай FM-FA да басында бар екенін көбіңіз білесіз. Ғылым министрлігі келіп қосылғалы, бұрынғы бұрынғы ма, бұрынғымызға жылап көрісер жағдайға жеттік. Жоғарыда ескерткеніміздей, министрлік пен академик махаббатсыз қосылған ерлі-зайыптылардың күйін кешіп жатқан сияқты. Мұнда да барлық қағаз орысша дайындалатындықтан, қазақ тілінің еңсе көтерер түрі жоқ. Неге болса көнбіс, еті өле бастаған ағайынға ой тастар, Тіл иесі өзіміз екенін есіне алар, алар да әрекетке көшер деген оймен бас қосып отырмыз. Сонда "е, қойшы, бәрібір бұдан ештеңе шықпайды" деп тіліміздің безініп жүре береміз бе, жоқ, әлде өзімізге байланысты, мына мамандар сіздерге байланысты нақты іспен шұғылданамыз ба? Бүгінгі әңгіменің негізгі бір түйіні осы болса керек. Осы оймен бүгінгі жиынның нәтижесіне негіз боларлық мынадай ұсыныстарды алқаға салғым келеді.

1. FM-FA ендігі жерде мемлекеттік тілге деген селқостығын тоқтатпас, ғылым ешқашанда қазақша сөйлемек емес. Ал қазақша сөйлемеген ғылымның ұлт тағдырына қаншалықты қатысы болмақ. Сондықтан мемлекеттік тілді ғылымның негізгі құралы есебінде өндірудің барлық амалдары қарастырылып, ол әрі жүйелі, әрі жоспарлы түрде іске асырылуы тиіс. Яғни бұл ғылыми процеске иелік жасау аса қажет деген сөз.

2. Бұған иелік етудің бір жолы – FM-FA құрамында Ғылыми терминологиялық орталық ашу деп білеміз. Бұл орталық, негізінен (әр алуан баспалардан ала-құла күйінде шығып жатқан жалпы жоқтан бар жасап отырған іске шүкірлік айту парыз) терминологиялық сөздіктердің сапасы мен сауаттылық деңгейін қадағалап, оларды ғылыми тұрғыда негіздеу ісімен айналысады. Мұнсыз термин мәселесін реттеу қарабайыр тәсілімен жүргізіле бермек. Ал бұл дегеніміз мемлекеттік тілдің ғылым тіліндік қызметі айқындала, айқындала түсу орнына, шұбарланған үстіне шұбарлана, қойыртпақтана түседі деген сөз.

3. Осыдан әлденеше жыл бұрын қозғалған, біраз нәтижесіз келе жатқан мына шараны да іске асырар мезгіл жетті. Ол FM-FA жанынан "Қазақ тілі" кафедрасын ашу болатын. Жасыратын не бар, біздің министрлік кеңсесінде мемлекеттік тілге деген әрекетті былай қойғанда, ықылас та байқалмайды. Кеңсе қызметіндегі адамдардың қазақ тіліне деген мұндай көзқарасы қасарысып тұрғанда, сірә жуық арада оң әрекеттер бола қою да қиын шығар. Бұл нені көрсетеді? Бұл мұнда түбірлі өзгерістер мен сілкіністер керек деген сөз. Әйтпесе істің бәрі бекер.

Ғылым тілін қалыптастыруда болашақ ғалымдар – аспиранттар мен ізденушілер баулудың маңызы аса зор екені мәлім. "Қазақ тілі" кафедрасын ашу арқылы, біз бұлардан (барлық сала мамандарының) ана тіліне кандидаттық минимумдар мен қабылдау емтихандарын алу шарасын қалыптастырар едік. Сондай-ақ, FM-FA құрамындағы ғылыми зерттеу институттарының көбінде әлі күнге қазақша қорғататын кеңестер қатарының мүлде аз екенін мемлекеттік тілдің өріс ала алмауына әсерін тигізбей отырған жоқ.

Бұл кафедра кеңсе қызметкерлерін қазақша оқытатын практикалық курсты да ұйымдастыра алар еді. Бұл – ел сұранысы.

4. Біраздан бері, тек қана орыс тілінде шығып келе жатқан "Наука"... газетін екі тілде шығара алмай отырғанымыз тіпті ұят емес пе? Ұлттық ғылым тілін өрбітуге мұқтаж болып отырған қазіргі кезеңде бұл газет орасан зор қолқабыс етер еді. Яғни ғылым саласында болып жатқан терминдену процесіндегі жаңалықтарды үздіксіз жариялап, ғылыми жұртшылыққа ұсынып отыруға толық мүмкіндік туар еді.

5. Баспа өнімдерін саралап, оның мемлекеттік тілге қызмет етіп отырғаны қанша және қай мекеме ғылыми-зерттеу жұмыстарын қай тілде жүргізіп отыр дегенді сана сүзгісінен өткізер сәт әлдеқашан туған. Сол арқылы тіпті ғылыми мекемелері ізденістерді мұнша проценті қазақша, мұнша проценті орысша болғаны жөн, деп міндеттеуге дейін баруға болар еді. Қысқасы, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілін Ғылым министрлігі – Ғылым академиясына да өрістету, дамыту, әсіресе, ғалымдар үшін парыз деп есептейтін болсақ (солай есептеу керек те), ендігі жерде мұны жоспарлы түрде қарастырғанымыз мақұл. Жалпы мемлекеттік тілге оң көзқарастағы министр – президентіміз В.С.Школьник біздің бұл көтеріп отырған мәселемізді дұрыс түсініп, қолдау көрсетіп қана қоймай, нақты іс-шаралар жайын да ойластырар деген ойдамыз.

6. Біз бұған дейін де жоғарыда айтқанымыздай, қарап отырған жоқ едік. Өткен жылдың аяғында, осы жайлардың бәрін есепке алып, ұлттың ғылым тілінің дамуына тікелей септігі бар терминологиялық лексиканы қалыптастырудың жолдарын жүйелі түрде жүзеге асыру мақсатында ғылыми терминологиялық орталық құру жайын бекер қозғаған жоқ болатынбыз. Мұндағы ойымыз негізінен практикалық жұмыстармен шұғылданатын мамандарды бір орталыққа шоғырландырып, сала-сала бойынша терминологиялық сөздіктер түзіп, ұсыну болатын. Осы оймен біз бүкіл академияны қамтитын үлкен ғылыми Бағдарлама ұсындық. Бағдарлама ауқымында 8 тақырып бар. Бұл тақырыптарда ғылымның әр саласы қамтылған. Орындаушылар ауқымы да, білік-білімі де көңілге сенім ұялататын.

Енді осы Бағдарламаның былайғы тағдыры не болды деңіз?

В.С.Школьник пен оның I орынбасары Ө.М.Сұлтанғазиннің қолдау көрсетуіне қарамастан, біз ұсынған Бағдарлама фундаментальдық ізденістер қатарынан алынып тасталып, мүлде жарамсыз болып қала жаздады. Мұндай проблемаларды қарайтын үш сүзгі (комиссия) құрамы кімдер және олардың мәселенің маңыз, салмағын түсінерлік қабілет-қарымы, білік-білімі қаншалықты дегенді қаузап жатқан біз жоқ. Әйтеуір, бір кілең "мықтылар" жиналып алып, ғылымға, ғылым тіліне, яғни мемлекеттік тіліміздің қарыштап өсуіне өз үлесімізді қоссақ деген энтузиаст-патриот ғалымдар тағдырын бір сәтте шешті де тастады.

Ал кеңірек ойлап қарасақ, бұл әлгі Бағдарлама мен 40-50 ғалымға ғана жасалған қарсылық емес, мемлекеттік тілдің қанат жаюына қарсы жасалып отырған әрекет сияқты көрінеді.

Әзірге үш жылға (1997–1999) шақталып жасалған Бағдарлама осылайша кедергіге кездесті де, ақыры "мемлекеттік тіл тағдырын бір жылда шешіп берсін" деп мемлекеттік тапсырыс (гос.заказ) дегенге апарып тығып отыр. Мұның өзінде де "байдың асын байғұс қызғаныптының" кері күш алып тұр. Басқа керекті былай қоя тұрғанда, мамандарға төленетін еңбекақының өзін ит талаған тулақтай жұлма-жұлмасын шығарған түрі бар. Әу баста, жан-жақты ойластырылған бұл Бағдарламаның қазір қалт-құлт етіп күн көрерлік қана қауқары бар дүние болып шықты. Олай дейтініміз, сан-саладан мамандар тартылып, соншама бір ізгі ниетпен

шоғырланған топты, талап бойынша қысқарта-қысқарта мүлде тұқыртып тындық. Қазір бұған да шүкір дегеннен басқа амалымыз жоқ.

Ең сорақысы мынау: әлгі Бағдарламалар мен тақырыптар тағдырын шешіп отырған жандардың, мейлі, ғылым тілін дамыту мен қалыптастырудың келелі мәселелерін іргелі зерттеу проблемаларының қатарына қоспай-ақ қойсын делік (мемлекеттік тіл мәселесін осылайша түсінетіндерден не сұрауға болады), бірақ сол ғылым тіліне тікелей қатысы бар терминологиялық сөздіктер бүгінгі техникалық жабдық-жарақтарсыз қалай жасауға болатынын ұқпағанына таңбыз.

Бағдарламада мұндай мұқтаждықтардың бәрі тәптіштеліп көрсетілген болатын. Ал комиссия мүшелерінің бірде-бірі мәселенің байыбына барып "мынау компьютер қолқабысын керек ететін заманда лексикографиялық жұмыстарды мұнысыз қалай жүзеге асыруға болады" деп ойланбай сызып тастап отыр. Бұл өзің отырған мәуе ағашының тамырына балта салумен бірдей. Сондықтан мәселенің бұл жағы қайта қаралар деген ойдамыз. Әйтеуір, осы игі жұмысқа өзін бағыштағалы мамандар қандай кедергіге кезіксе де дана Абайдың "ғылым – Алланың бір сипаты" деген киелі сөзін ұмытпаса құба құп.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ АУДАРУ ТӘСІЛДЕРІ

Фразеологиялық тіркестердің аудармасын тексеру күрделі әрі қиын іс. Күнделікті практикалық істе де, теориялық мәселелер үшін де фразеологияның мәні зор. Қайсы бір тілде болмасын заттың, нәрсенің ұғымдық мәні, мағынасы бірдей болады да, ал олардың стилистикалық қызметі әр тілде әртүрлі. Сонымен бірге сөздердің тіркесу қабілеті де бірдей емес. Бұл жағдайдың аудару процесіне белгілі дәрежеде әсер ететіні даусыз.

Мұны тереңірек зерттеу үшін ең алдымен фразеологиялық единицалардың түрлеріне тоқтап өтелік. Акад. Виноградов орыс тілінің материалына сүйене отырып бұлардың үш түрін алып қарайды. Фразеологиялық түйдектер, фразеологиялық тізбектер және фразеологиялық тіркестер Виноградовтың пікірінше, фразеологиялық единицаның негізгі түрлері – осылар. Осылай бөлу ғылымда белгілі бір тәртіп енгізіп, жүйелі зерттеу ісін жүргізуге септігін тигізбей қоймайды. Ғылым дәл анықтаманы қалайды. Егер біз бастауыш, баяндауыш дегендерді басқа бір атаулармен атаған болсақ не болар еді. Ешқашан да дәйекті пікірге жете алмас едік. Фразеологиялық единицаларды осындай жүйеге келтіру өте орынды. Виноградовтың бұл классификациясын басқа тілдер үшін де пайдалануға болады. Көп ғалымдар солай жасады да.

Фразеологиялық түйдектер мен тізбектер белгілі бір тілдің өзіне ғана тән ерекше құбылыс. Оның өзіндік өңі, әрі болады. Аударма ең алдымен осы қасиеттерді беруі тиіс. Фразеологиялық түйдектер және фразеологиялық тізбектер деп отырғанымыз не? Бұл екеуінің белгісі ретінде идиомдарды, мақал-мәтелдерді қараймыз, яғни нақыл сөздерді аудармада қалай беру керек. Міне, ең алдымен осы мәселенің басын ашу қасиет. Нақыл сөздер деп отырғанымыз лингвистика тілімен айтқанда идиомдар мен фразалық топтар.

Осы екеуінің де ортақ қасиеттері болумен қатар, өзгеше белгілері де бар. Аудармасын сөз етуден бұрын, осындай өзгешеліктерін ажыратып, ортақ қасиеттерін анықтап алайық. Идиом тобындағы сөздер өздерінің негізгі мағыналарынан айрылып басқа ұғымды береді. Егер мұның компоненттері бастапқы мағынасынан алшақтамай барып бір ұғымды берсе, онда ол идиом емес, фраза болғаны. Идиом

тобындағы сөздер лексикалық формасы мен мағынасын жоғалтады да, тек грамматикалық формасын сақтайды.

Ал енді бұлардың ортақ қасиеттеріне келсек, фразаның да, идиомның да құрамындағы сөздер тұрақты келетінін байқаймыз. Оның компоненттерінің орнын ауыстыруға, басқа бір сөздермен жанастыруға болмайды. Белгілі бір орында тек өзімен үйірлес сөздермен қатар тұрады. Көбінесе бұлардың жігін ажырату қиын. Бірінің орнына бірін қолдана беруге болады. Олардың ортақ қасиеттері осылай.

Сөйтіп, компоненттерінің жеке күйіндегі негізгі мағынасынан айрылу, не айрылмауына қарай идиом мен фразаның айырмасын ажыратамыз. Бұлардың ерекшеліктері әсіресе басқа тілдерге аудару процесі кезінде ерекше көзге түседі. Бұл жөнінде акад. Кеңесбаев: "Мақал, фраза, идиомдарды басқа системалы тілге аударарда бұлардың өзара негізгі айырмашылықтарының бірі айқын көзге түседі: идиом сөздердің дені сөзбе-сөз (мақал фразадағы сөздердегідей) аударуға келмейді: бұл жоғарыда біз атап кеткен лексикалық өзгешеліктен туған қасиет", – дейді.

Міне, осындай идиом, фразалардың аудармасын берерде мұқият болу керек. Жоғарыда айтқанымыздай, идиом категориялары көп жылдар бойы халықпен біте қайнасқан, сол халықтың өзіне ғана тән ерекше құбылыс болғандықтан, бұларды амалсыздан "калька" жолымен аударуға тура келеді. Бірақ бұған үйір болудың әдеби тіл үшін ешбір пайдасы жоқ, зияны көп нәрсе. Нағыз қиындық осы кезеңде туады. Жазушының шеберлігі де осы жерде көрінеді. Шебер жазушы мұндай жағдайда мағына жағынан сәйкес келетін идиомдарды, тізбектерді қалайда табуға тырысады. Ерінбей ізденген аудармашы табады да. Осындай қиындықтарына қарамастан нақыл сөздердің аудармасы адамды қызықтыратын нәрсе. Акад. І.Кеңесбаевтың "аудару техникасы, аударма тілі өз алдына айрықша сөз болуға, айрықша тексерілуге тиіс деп ойлаймыз" деуі осының айғағы.

Біз енді пікірімізді нақты мысалдар негізінде дамытып көрелік. Мақаламызға материал ретінде М.Горький творчествосын таңдадық.

Әдебиетте белгілі бір жазушыны мадақтау үшін, ең алдымен, оның шығармаларының тілін сөз етеміз. Халықтық тіл екен дейміз. Неліктен бұлай дейміз? Көркем шығарманың әрін кіргізіп, жан бітіретін тіл екенін талай замандар бойы данышпан адамдар айтып келеді, әлі талай айтатын болады. Жазушы белгілі бір халықтың өкілі. Ол өз шығармасында сол өз халқының бейнесін бергісі келеді. Шығармасын халыққа түсінікті етіп, солардың мақсат-мүддесін тәрбиелейтіндей етіп жазады. Яғни ол халық тілін барынша пайдаланады. Халық тілі өте бай. Әсіресе, нақыл сөздердің неше алуаны халық ортасында туындап жатады. Халық мақалдап, мәтелдеп сөйлейді. Оның сөздерінде небір тамаша идиом сөздер мен фразалық топтар бар. Нағыз халықтық жазушы міне осы элементтердің бәрін екшеп пайдаланады. Ол да мақалдап сөйлеуге тырысады. Халықтың мол байлығын пайдалана отырып, жазушы белгілі бір тілді дамытуға үлес қосады. Жалпы нақыл сөздерді бір тілден екінші тілге аударуға бола ма? Ғалымдар, аудармашылар бұл мәселеге қалай қарайды? Егер біз идиомдардың, мақал-мәтелдердің қазақ тіл білімінде, әдебиет тану ғылымында көптен зерттеліп келе жатқанын ескерсек, бірнеше пікір бар екенін байқаймыз. Бұл жөнінде акад. Кеңесбаевтың қандай пікірде екенін жоғарыда айттық.

Ал белгілі сыншы, филология ғылымдарының кандидаты М.Қаратаев 1957 жылы "Тынық-Дон" қазақ тілінде және көркем аударманың кейбір мәселелері" деген мақаласында аудармадағы ең қиын нәрсе осы идиомдар мен мақал-мәтелдер деп атап көрсетеді. Соны екінші тілде берудің тәсілдерін тәжірибеден келтіріп, үш түрлі әдіс ұсынады. Филология ғылымдарының кандидаты, үлкен аудармашы

С.Талжанов та өзінің "Көркем аударманың кейбір мәселелері" деген еңбегінде осы мәселеге барып, өз пікірін ортаға салады. Бірақ осының бәрінде де нақыл сөздерді аударуды проблемалық мәселе ретінде арнайы зерттелмеген. Көбісі терең бармай, тиіп-қашып айтады. Ал нақыл сөздерді аударуға бола ма, жоқ па деген сұраққа бұл ғалымдардың бәрі де дұрыс жауап береді. Аударуға әбден болады және автордың стилін беруді қазіргі кезеңде реалистік аударманың басты принципі деп қарасақ бұларды аудару өте қасиет те. Біз мақаламызды негізінен осы мақсатқа байланысты жазып отырмыз.

Ал енді нақыл сөздердің аудармасы жөнінде мағлұматымыз кеңейе түсуі үшін және мұның өзін проблемалық мәселе ретінде тексеріп отырғанда, біз фразеологизм аудармасы туралы орыс баспасөзінде жарияланған мақалалар мен еңбектерге тоқталмай өте алмаймыз. Олар қандай мақалалар?

Жалпы фразеологизмдердің аудармасы жайында ғылыми зерттеу еңбектерінің күні бүгінге дейін аз екенін жоғарыда ескерткен болатынбыз. Соған қарамастан үлкен ғалымдардың еңбектерінде, кейбір салиқалы мәжілістерде сөйлеген сөздерінде аударма жайында, оның ішінде фразеологизмдердің аудармасы туралы тиіп-қашып айтпай тұра алмайды. Сонда бәрі фразеологизм аудармасын тексеру өте күрделі іс екенін, бұған көп еңбек ету қажет екенін жасырмай айтады. Және көпшілігі осы мәселеге қызығады.

Жолбасшы материалдың аздығынан біздің пікіріміз де бір абсолютты ақиқатты білдіреді деп таласа алмаймыз. Тек біздің мақсатымыз азды-көпті бұрын жазылған мақалаларды зерттеп қарай отырып, солардың негізінде өз топшылауымызды ұсынбақпыз.

"Иностранные языки в школе" журналының 1948 жылғы 3 нөмірінде доцент А.Я.Рожанский (Москва) "Идиомы и их перевод" дейтін мақаласын жариялады. Ол идиом туралы түсініктің әлі күнге бір жүйеге келтірілмегенін, тіпті көптеген авторлардың пікірлері түйісіп қалған жағдайдың өзінде де онша дәлелді емес екенін әңгімелейді. Мәселен, А.Кунин "Идиоматические выражения" (1934) деген, В.Потоцкая "Французские идиоматические выражения" кітабында т.б. ағылшын, француз зерттеушілері, сол сияқты орыс зерттеушілері де Даль, Ушаков сөздіктерінде де кейбір пікір алшақтықтарын ескермегенде, идиом жөнінде пікір ұқсастығын байқаймыз.

Олар идиом мәнін өз компоненттерінен шығаруға болмайды және идиомдарды басқа тілдерге аудару мүмкін емес дейді. Мұндай салтқа айналған пікірді таратушы шет тілі мұғалімдері болды. Автор аударуға болады деген идеяны қолдап, дәлел келтіреді. Ең алдымен ол идиомдарға характеристика береді, оның табиғаты, семантикасы, құрылысы, экспрессивті окраскасын айқындап алады. Рожанский идиом мағынасын өз компоненттерінен шығара алмаймыз дейтіндерге енді қандай источниктен іздейміз оның мәнін деп қарсы сұрақ қояды. Рожанскийдің дәлелдеуінше, идиомдардың мынадай белгілері бар екен. Идиом біртұтас және ауыспалы мағыналы тұрақты тіркес (устойчивое словосочетание) екен. Осыны жеке-жеке алып қарайды. Зерттеушілердің көбісін шошытып жүрген идиомның бір қасиеті – метафоралығы. Рожанский идиом компоненттерінің жеке мағынасынан барып идиомдық мағына шығатынын дәлелдейді. Әрбір идиомның келтірінді мағынасы оның компоненттерінің ең бастапқы лексикалық мәнінен туындап жатады. Ол бірте-бірте метафоралап әуенге, ауыспалы мағынаға ие болады да, біртұтас кейіпке түседі. Біз кейбір тұрақты тіркестердің бір жағдайда тура мағынасында, ал екінші бір жағдайда идиомдық мағынаға қолданыла беретінін білеміз дейді. Мысалы: *протянуть ночи, задать ток* т.б.

Тіркестердің идиомдық мәні мен тура мағынасы арасында қандай байланыс бар? Бұл ассоциацияға байланысты.

Идиомдар мағынасы жағынан лексикаланған тіркестер, яғни формасы жағынан сөз тіркесі де, мәні жағынан сөз тіркесі де, сөз болып келеді. "... в разных языках разные образы могут вызвать образование идиом одного и того же значения. Но и в одном языке создаются синонимические ряды из идиом, подсказанных разными образами".

Идиомды аударуға болмайды дейтіндер көп-ақ. Олар егер аудара қалсақ мағынасыз бірдеңе болып шығады дегенді айтады. Әрине сөзбе сөз аудару мағынасыздыққа апаратыны даусыз. Бірақ сол идиомның әрбір компонентін сөзбе-сөз қабылдап көрелікші, не болар екен?

Калька жолымен тілімізге еніп, сіңісіп кеткен талай тамаша үлгіні білеміз. Екіншіден, идиомдардың эквивалентін таба білу. Бұлар өте көп. Және аударудың ең бір жақсы да өнімді тәсілі болмақ.

Сонымен Рожанский идиомдарды аударудың негізгі жолдарын ұсынады. Алдымен идиомдардың эквивалентін табуды ең қасиетті шарт екенін айтады, екіншіден сөзбе-сөз аудару (калька) мүның мүмкін екенін дәлелдейді, бірақ бұл өте шектелген жол. Үшіншіден, идиомдардың мағыналық мәнін, маңызын жай текспен беру жолы. Осының қайсысын таңдай білу аудармашының сөз мәдениетіне, түпнұсқаны терең ұғынуына, екі тілдің күллі байлығын бойына сіңіре білгендігіне байланысты.

Ең ақырында автор фразеологиялық идиоматикалық қорымызды игеру сөз мәдениетінің, аударма мәдениетінің артқандығын көрсетеді. Ең алдымен өз ана тілінің идиомаларын жете білу қажет.

1958 жылы 15-18 январьда Алматыда орыс тілінен Орта Азия, Қазақстан және Әзірбайжан халықтарының тілдеріне әдебиетті аудару мәселесіне арналған региональды мәжіліс болды. Мұнда Қ.Сағындықов идиомдарды аудару тәжірибесіне байланысты баяндама жасады. Ол "В.И.Ленин шығармаларында кездесетін идиомдарды, қанатты сөздерді, мақалдар мен мәтелдерді қазақ тіліне аудару" деп аталады.

Бұларды аудару поэзияны аудару сияқты өте ауыр. Маркс, Энгельс, Ленин мақал-мәтелдерге, бейнелі сөздерге диалектикалық тұрғыдан қарау керек, олар әркашанда қоғамдық өмір құбылыстарының сәулесі, жаңа мен ескі күресінің сәулесі ретінде қарау керек деп үйретеді. Ленин қанатты сөздерді, мақал-мәтелді былай бағалайды: "Бывают такие крылатые слова, которые с удивительной меткостью выражают сущность, довольно сложных явлений".

Ұлы сыншыл және ойшыл Белинский мақал-мәтелдерді әркашанда әрбір халықтың дамуы кезеңіндегі нақтылы, тарихи фонды қарау керек дейді. Әрбір халық басқа ешбір елде жоқ көптеген сөздер мен терминдерге, тіркестерге ие, міне соларды көркем аударманың аркасында бүкіл адамзаттың игілігіне айналдыру қажет деген.

Пушкин: "Подстрочный перевод никогда не может быть верен. Каждый язык имеет свой оборот, свои условленные риторические фигуры, свои усвоенные выражения, которые не могут быть переведены на другой язык соответствующими словами" деп жазды.

Гоголь "бейнелі сөздерді беруде механикалық әдістің қажеті жоқ" деді. Міне, осылай негізгі пікірді келтіре отырып, Сағындықов Лениннің идиомды орасан көп қолданғанын және оны қазақ тіліне берудің тәжірибесін сөз етеді. Ленин шығармаларында кездесетін бейнелі сөздерді аударуын мынадай топқа бөледі:

а) художественные образы, афоризмы, изречения и крылатые слова;
ә) идиомы и фразеологические сочетания;
б) пословицы и поговорки.

Сағындықов Федоровтың "Введение в теорию перевода" деген еңбегінде идиомдарды, фразалық тіркестерді өзіне сай эквивалентін тауып беру керек деген пікірін жақтайды. Ғалым дейді Ленин тәжірибесіне сүйенеді. Ұлы көсемнің идиомдарды, мақал-мәтелді аударуда екі түрлі қолданғанын айтады. Біріншіден мақалдардың барлық сөздерін түгел аудару, екіншіден мағыналық аударма, яғни тек мағынасын беру. Түпнұсқаның формасы мен образын сақтамай-ақ мақалдың мағыналық дәлдігін бере білу басқа.

Осы принцип негізінде жасалған үш түрлі тәжірибені баяндайды Сағындықов.

1) "Точный перевод пословицы с сохранением вещественно-образного значения слов и соблюдением ее характера и афористичности".

Осы тәсіл негізінде қазақ тіліне көптеген жаңа мақал-мәтел енді. "Волков бояться в лес не ходить" – "Қасқырдан қорыққан тоғай араламас" деген сияқты жұмыс істелді. Мұнда форма мен мазмұн сақталады.

2) "Передача русских пословиц и поговорок с известным видоизменением отдельных составных частей словесной формулы подлинника". Бұл әдіс те біріншіге өте ұқсас. Мұнда қазақ мақалдарына ұқсамайтын жаңа мақал-мәтел жасалады, бірақ характері, айтылуы, әуені жақын. Мысалы: "Взялся за гуж – не говори, что не дюж". – "Ауыр жүкке жегілме, жегілсең – егілме".

3) "Использование в переводе равнозначных казахских пословиц и поговорок". Сөзбе-сөз аудару мүмкін болмаған жағдайда қажет. Бірақ қазақ мақалы ұлттық ерекшелігін байқалатын тек өзіне тән қазақы мақал болмауы тиіс. Онда түпнұсқа дұрыс берілмейді.

Міне, біз танысқан азды-көбі материалдардың айтатын пікірі дәл осылай.

Әдебиеттер:

1. *ЛенинВ.И.* Сборник сочинении, т.20, С.261.
2. *Горький М.* О литературе, М., 1953, С.328-329.
3. Русские писатели о языке, Л., 1954, С.101.
4. Там же, С.173.

АУДАРМА ПРОБЛЕМАСЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ТІЛІ

Қолына қалам ұстағанның бәрі бірдей жазушы бола алмайтыны сияқты, тіл білгеннің бәрі аудармашы бола бермейтіні анық.

Әйтсе де "Ақыл – ауыс, ырыс – жұғыс" деп есептейтін халқымыз өзінде барды өзгемен бөлісіп, өзінде жоқты өзгеден алуды ертеден-ақ мирас еткен. Жанына жақын, көңіліне ұнасымды дүниелерді әрбір дәуір, кезеңнің өз талабына сай тілдік амал-тәсілдермен игеріп өз халқына таныстыратын рухани дәнекерлер, ежелден-ақ ел арасында болған. Жыр, ауызекі әңгіме, ертегі, қисса, хикая дегендеріңіздің көбі осындай ауыс-түйіс, өзара қарым-қатынас нәтижесінде бір елден бір елге көшіп, сол халықтың өз мүлкі, өз мұрасына айналып жататынын талай мысалдар арқылы дәлелдеуге болады. Мұндай мысалды қазақ халқының мәдени тарихынан да молынан кездестіреміз. Әрине мұндай ауыс-түйістің жөні бөлек. Оларды өз алдына зерттеу объектісіне айналдырған жөн. Егер бұларды аударма деген терминнің қазіргі мағынасына толық сәйкес келетін мұра деп танитын

болсақ, онда бұл өнердің бастауын, әрине, сонау көне дәуірлерден тартуға тура келетіні рас. Бір есептен солай ету керек те. Алайда қазіргіміздің қадірін білмей жатып, көбіміздің сауат-көзіміз жетпейтін (арнайы мамандар даярланбай тұрып) көмескі көне дәуірге ұрандата құр шапқылай беру кей тұста қисынсыз-ақ. Көбесі сөгілмеген тұңғиықта түп тегімізді жасырып тұмшаланып жатқан дүниелерге барма деп ешкім айта алмайды. Бірақ оған арнайы дайындықпен, дәйекті зерттеу жүргізе алатындай қабілетпен барған жөн. Сонда ғана дәлелді пікір өрбиді. Міне, сондықтан басқасын былай қойып, баяғыдан белгілі ақиқатқа айналған аударма атты ұғымның өзіне нені жатқызамыз, оның шеңбері, шегі қайсы, нендей түсінікті қамтиды деген сауалдардың өзіне дұрыс жауап бере білу қажет. Өйткені пәндік атаудың өзегін аршымай тұрып, оның өрісін қалай ұғарсың. Жырланып отырған мынадай сюжет, мынадай оқиға көрші халықтарда болған деп, оларды аудармалардың қатарына қоса берсек, онда аударма деген ұғымға қосымша бір түсінік, қосалқы мән жүктеуге тура келмей ме? Мұндағы біздің назар аударғымыз әр нәрсе өз атымен аталуға тиісті деген ой.

Осы тұрғыдан келгенде тіл құралдары арқылы толық мәнінде тәржімаланып қағазға түсіп, хатталған аудармалар бар да, оқиғаның жалпы сарынын ауызша баяндау арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен, сөйтіп өз мүлкі есебінде жадталған ауыспалар бар. Осылардың табиғатын дұрыс танып, ғылыми бағасын дұрыс беріп отыру ғылым үшін керек, ғылым үшін міндет.

Көнеге көз жіберу, тереңге бойлау ниеті ғылымның және рухани ой-пікірдің өрбуіне жол ашатыны сөзсіз. Бұл тұрғыда орны толмас олқылықтар бар екені мәлім. Қай саланы алсаңыз да мен мұндалап "айқайлап" тұрған "ақтандақтарды" аңғарасыз. Аударма саласындағы "ақтандақтар" дегенде, мұны біз кешегі аласапыран кезінде жазықсыз айыпталып құрбан болған А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Н.Төреқұлов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Қ.Жұбанов, С.Талжанов сынды қоғамдық және ұлттық сананың дамуына айрықша еңбегі сіңген айтулы азаматтар өмірімен байланыстырамыз. Солардың зерттеп, солар бастап кеткен игі дәстүрдің кешеге дейін басқаша түсіндіріліп, кейінгі ұрпақтың рухани тоқырау мен тоғышарлыққа душар етілгенін өкінішпен еске аламыз. Ұлттық мәдениет тарихының дамуын ондаған жылдарға тежеген осындай жойқын жөнсіздіктер орын алмаған болса, бәлкім, біздің халқымыз бұдан да басқа өрелі биіктерге көтерілер де еді ғой.

Өнердің басқа түрімен қатар аударманың да сан-саласы қанаттанып, оның тарихы жасалған болар еді, оның мамандары жетіліп, ғылым әлдеқашан (50-жылдарда емес) қалыптасқан болар еді. Орта жолда отырғызып, ойсыратып кеткен осындай орасан олқылықтар салқынын әрдайым сезініп келеміз. Мәселенің байыбына бармай байырғы кәсіпқой тілмашкерлікті аудармашылық өнермен теңдестіріп, жыршы сарынын тәржімалы дүниелермен шатастырып сыңаржақтық жасайтынымыз да соның салдары ма деп ойлап қаласың.

Аударманың пайда болу тарихын түптеп тартуды арнайы зерттеу объектісінің еншісіне қалдыра тұрып, оны Қазақстанда ғылыми тұрғыда қарастыру жайына келсек, мынадай жайды аңғаруға болады.

Жалпы тіл білгеннің бәрі аудармашы бола алмайтыны мұның кәсіптен гөрі өнерге таяу тұратындығынан. Өнер бар жерде творчестволық ізденіс болады. Ал творчество, керек десеңіз, адамнан өзгеше қабілет пен дарын талап етеді. Оның осындай қиыншылығы кімді де болса ойландырмай қоймайды. Міне, сондықтан жанын қинап аудармашылық азабына көнемін деген адам ғана осы мамандықты

қаласа керек. Мұның бер жағында, жасыратыны жоқ, әрі түпнұсқаны көз майын тауыса игеріп, оны өз тілінің заңдылықтарынан шықпай екі жақты тең ұстап сәйкестендіре аудару екі есе көп еңбек тілейтін жұмыс. Бұдан шығатын түйін: аудару ісі қандай қиын болса, оны зерттеу одан да күрделі.

Бұл саланың осыншалық қиындығын біле тұра, достық дәнекері деп саналатын игі іспен айналысар аудармашы мен аударма зерттеушісінің еш уақытта арнайы даярланбай келгені өкініш. Соның салдарынан рухани мәдениетіміздің орны бөлек жиһазына айналар керемет көркем дүниелерді әлі де жеткілікті аудара алмай, аударылған көл-көсір мұраның сапасын әлі де ғылыми сарапқа салып анықтай алмай отырғанымыз ақиқат. Аудармамен айналысушылар да, там-тұмдап оның ғылыми проблемаларын қарастырушылар да өз бетімен әрекеттеніп, өзінше ізденушілер ғана. Ресми түрде әрі жоспарлы, әрі жүйелі жүргізілген жұмыс аз. Сапасыз аудармалар қарасының молырақ, зерттеушілер қатарының сирегірек болуы бізге осыны аңғартқандай. Мәдениетті елдер тарихын салғастыра сүзіп шықсаңыз аудармашылар түгілі, сол аудармашылардың бүге-шігесін, сапа-салмағын, принцип-қағидаларын жүлге-жүйесімен тарамдап талдап отыратын сыншылар армиясының қатар түзейтінін көріп қайран қаласыз. Ал бізде күні бүгінге дейін көркем аударма сыны да қанаттана алмай отыр. Аударма көбейді, тіліміз қорлана түсті, оның қолданыс өрісі кеңейді дегенде, ол қандай амал-әрекеттермен, нендей ізденістер нәтижесінде болып отырған құбылыс екенін түбегейлі зерттейтін аударма ғылымының да даму қарқыны шамалы. Осының бәрі жинақтала келе асығыс-үсігіс, ғылыми дәйексіз пікір туындатуға себепші болып жүр.

Әу баста *аудар, аудару* деген етістіктен барып туындаған *аударма* деген сөзге қазақ тілінің түсіндірме сөздігі "Бір тілден екінші тілге аударылған шығарма", – деп анықтама береді. Оның орысша баламасы "перевод" дегенге С.И.Ожегов сөздігі де дәл осы тектес ("Текст переведенный с одного языка на другой") түсініктеме жасаған. Сонда аударма дегеніңіз негізінен бір тілдегі нақты бір текстің не шығарманың екінші бір тілдегі көрінісі болып шығады. Яғни ол көзбен көріп, қолмен ұстап дегендей тілдік, стильдік компоненттерін салғастыра зерттеп оқуға болатын және белгілі бір дәуірдің белгісін танытатын хатқа түскен нақты туынды болып саналады. Осындай алғы шарттарға жауап беретін алғашқы аудармашылар (орыс тілінен аударуды айтып отырмыз) мен алғашқы ізденістер қазақ мәдениетінің тарихында қай кезеңнен басталады дегенде біз сөз жоқ, "Дала уәлаятының газеті" мен "Түркістан уәлаятының газеті" төрізді қазақтың тұңғыш баспасөзіне иек артамыз. Өйткені аударма деп айтуға келетін бірен-саран әлгіндей үлгілерді осы газеттерден ғана табасыз.

Ал әңгіме оның нақты зерттелу жайына ойысар болса, төңкеріс алдындағы әдебиеттерден бұл жайында жарытымды дерек таба қою қиын. Революцияның арғы-бергі кезеңінде пайда болған материалдарды түгел сүзіп шыққан кәнігі аудармашы-зерттеушілер С.Талжанов пен Ә.Сатыбалдиевтердің де, Ш.Сарыбаев еңбектерінің де, сондай-ақ біздің де аударманың ғылым объектісіне айналуын Қазан төңкерісінен бері қарай тартатынымыз сондықтан. Таныстыру бағытында жазылған бірен-саран хабарлар мен деректерді ғылыми талдама қатарына қосудың жөні бола қоймас.

Ең алдымен, аударманың әлденеше түрі бар екенін, оның әрқайсысының өзіндік қалыптасу, даму жолы, өзіне тән өзгешелігі мен аудармашысы сұрапталып шығатынын, соған орай зерттеу объектісіне айналатынын ескеру қажет деп санаймыз.

Жалпы мәжілістерде соның бір ғана саласы әңгіме болып жатады. Ол ауқымы мен аумағы мейлінше кең көркем аударма проблемасы. Қарастырылатын мәселенің көбі осы көркем аудармаға келіп тіреліп, содан туындап жатады. Бұл салада айқындап, анықтап алар, кеңесіп, келісіп алар жайт жетерлік. Аудармашылардың да саны осы салада көбірек. Зерттеу объектісіне бірінші кезекте айналған сала да осы көркем аударма. Алғашқы диссертациялық жұмыстар да, алғашқы монографиялық зерттеулер де осы көркем аударма төңірегінде жүргізілді. Оның С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, С.Нұрышев, Қ.Канафиева тәрізді маман зерттеушілері, Қ.Нұрмаханов, З.Тұрарбеков, Т.Әлімқұлов, М.Әлімбаев, Т.Әбдірахманов сияқты аударма сыншылары пайда болды. Ал тікелей аударма практикасымен шұғылданып, тәжірибелілер қатарына қосылған мамандар он-ондап саналады. Бұл – бір.

Екінші бір күрделі сала – максизм-ленинизм классиктері еңбектерінің аудармаларына байланысты. Халқымыздың рухани өмірінде үлкен маңыз алып отырған бұл сала бойынша аудармашылардың тамаша бір легі тәрбиеленіп шыққаны мәлім. Солардың ерен еңбектерінің нәтижесінде Маркс пен Энгельсті қазақша оқитын болдық, В.И.Ленин шығармаларының 55 томдық толық жинағы қолымызға тиді. Сөйтіп, қазақ оқырманы даналық дариясынан еркін сусындап, рухани мейірін қандыра бастады. Солай бола тұрғанмен жасалған қыруар еңбекті бойға сіңіріп, ой елегінен өткізу жағына келгенде, Қ.Сағындықов ізденістері мен С.Бәйішев. М.Жанғалин, Қ.Шәріпов т.б. мақалаларынан басқа ауыз тұшытарлық салиқалы зерттеулердің бұл салада болмай отырғанын айтуымыз керек. Бұл да игерусіз жатқан мол дүние. Терең пәлсафаға құрылып, дау туғызбас логикамен түйінделіп жататын кемеңгерлік толғамдардың қазіргі қазақ тілі арқылы қалай игерілгені қалың оқырманға беймағлұм. Оны зерттеу объектісіне айналдырып, тыңғылықты шұғылданар мамандар бұл салада да жоқтың қасы. Жаңа құрылған аудармашылар орталығының қатты қадағалап ескерер сан түрлі шауасының бір парасы осы төңіректен де туындайды деп білеміз.

Үшіншіден, қаншама ұрпақты тәрбиелеп, сан ғылым мен ғалымдардың қаз тұруына тікелей себепші болған түрлі оқулықтар мен оқу құралдарының аудармаларын да мәдени өміріміздегі орны бөлек мүліктің бірі ретінде әңгімелеу қажет. Алайда бұл салада жасалған аудармалардың қарасы біраз болғанмен, мүлде мардымсыз. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қазақ тілін үйренуді жетілдіре түсуге байланысты қабылдаған Қаулысына сәйкес қазақ мектептерінде, жоғары оқу орындарында басқа пәндерді де қазақша оқыту мәселесі қолға алына бастаған бүгінгі таңда – бұл саланың да маңызы арта түсіп отыр. Өйткені оқулықтарды аудару көркем дүниені аудару емес. Мұның өзіне тән ерекшелігі жетерлік. Оған мамандануға , машықтануға тура келеді.

Ал бұл жайындағы ғылыми ой-пікірдің барысы қалай дегенге келсек, жартымды ештеңені тағы да айта алмаймыз.

Төртіншіден, күнделікті тіршілікте елді түрлі ақпармен жедел жабдықтап, сауат пен санамызды жетелеп отырған мерзімді баспасөз және қазақтың телеграф агенттігі жасап отырған аудармалар өз алдына сөз етуді қалайды. Бұл сала бойынша да ресми болсын, ресми емесі болсын кез келген материалды жедел аударып, қағып тастап отыратын қаламның желі бар жүйрік аудармашы-журналистеріміздің бар екеніне сүйсінеміз. Солай бола тұрғанмен, бұл саланың да зерттелу жайы жеткіліксіз.

Бесіншіден, бір сала ретінде тіліміздің ғылыми өресі мен өрісін кеңейте түсіп, саналы әрекеттерімен 50 жылдан аса уақыт бойы сарабдалдық жасап келе жатқан Қазмемтерминком жұмысын айтар едік. Өйткені бұл комиссияның да өмір бойғы шұғылданып келе жатқаны – аударма мәселесі. Осы күні ғылым мен техниканың сан салалары бойынша қажетімізге жарап жүрген жүздеген, мыңдаған термин сөздердің басым көпшілігі кезінде аудару арқылы пайда болғандар. Ғылымның дамуы мен қалыптасуына тікелей жәрдемі тиер қазақ тілі терминологиялық лексикасының аударма арқылы пайда болған байлығы қай дәрежеде игеріліп, қалай өріс табуда деген мәселелердің маңызын айтып жатудың қажеті бола қоймас.

Жұрт назарынан әзірге тыс қалып жүрген киноаударма, телеаударма, радиоаударма тәрізділерді алтыншы топ есебінде қарастыруға болады. Неге десеңіз бұлар да өзіне тән, ерекшеліктерімен оқшау тұрған аударма салалары. Өкінішке қарай, бұлар да зерттеуші назарына ілікпей келеді.

Қоғам өмірінде өзіндік орны бар аударма салаларының бір парасы осылар. Аталған аударма салаларының бәрінде де әжетке жаратылатын негізгі құралы – тіл. Сол тіліміздің байлығы бұлардың әрқайсысында әлденеше сарапқа салынып, оның әлеумет алдындағы беделінің арта түскені мәлім. Сондай-ақ көптеген халықаралық терминдер мен атауларды қисын тауып қабылдай білу арқылы да тіліміздің әлемдік сипаты әлеуеттеніп, қолданыстағы қызмет аясы барынша кеңейе түскенін теріс дей алмаймыз. Қандай бір тіл тарихына үңілсеңіз де осындай жолдармен байи түскенін, толысып отырғанын байқамау мүмкін емес. Бұлардың әрқайсысына арнайы тоқталып, әңгіме етуге болар еді. Бірақ мұны уақыт көтермейтіндіктен, енді осы сөз болып отырған арналардан туындайтын мына мәселелерге назар аударғымыз келеді.

Аталған аударма салаларының бәрінің де ғылым тілін дамытуға тікелей қатысы бар деп білеміз. Яғни аударманың ғылым тілін жасап, қалыптастырудағы рөлі айрықша екеніне ешкім дау айта қоймас.

Қазақстан ғылымының сан-саласы дамыды, кадрлары жетілді, еліміздің экономикалық-әлеуметтік жағдаятын көтере түсуде. Оның септігі орасан зор болып отыр дейміз. Ол рас. Сонымен бірге ғылым дамыған жерде ғылымның тілі де дамуы керек қой. Өкінішке қарай, әлемдік мұралардың кез келгенін ана тілімізде сөйлетіп отырған қазақ елі өзінің ғылым тілін жасай алмай отыр. Мұны амалсыз мойындауға тура келеді. Оның бірден-бір себебі мынада тәрізді. Ғылым тілін дамытуға тиісті ең басты екі арна деп есептесек, оның бірі – ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз ана тілінде жазу да, екіншісі – орыс және басқа тілдердегі теориялық еңбектерді қазақша аудару деп білеміз. Ал енді осы екі арнаның біздегі жай-жапсары қалай?

Ғылыми ізденістердің қазақша жазылу жайын тексергенде былай болып шықты. Өзінің бағыт-бағдары қазақ оқырманына тікелей бағышталатын гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша баспадан шығып жататын еңбектердің шамамен 70-80 проценті орысша жазылады екен. Қазақ тілінде көбірек жазатындар Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институттарының қызметкерлері ғана. Тарих, археология, этнография, философия, экономика, заң, өнерге байланысты жұмыстардың басым көпшілігі орыс тілінде жазылады. Жарастылыстану ғылымдары жөнінде әңгіме қозғап әуре болудың да керегі жоқ. Өйткені бұл салалар бойынша жарық көрген еңбектердің бәрі дерлік орыс тілінде. Әрине, еңбектің орысша жазылуы ғылыми ой-пікірдің бүкілодақ көлеміне жария болуына сеп екені даусыз. Мәселенің бұл жағы да үнемі назарда

болуға тиіс. Алайда ғылым өкілдерінің өз еңбектерін (негізінен қазақ оқырмандарына арналатындықтан) ана тілінде жазып та дағдыланғаны жөн деп білеміз. Онсыз ғылым тілі қалай дамымақ? Оны ғалымдар дамытпағанда кім дамытады. Қазақ тілін керемет жақсы білетін тамаша тарихшылардың, зерек философтардың, зерделі экономистердің елге қажет еңбектерін әрдайым қолға алған сайын "шіркін-ай, енді осыны қазақша жазып шықса ғой" деп отырасың. Солардағы әр алуан мән жетелеп тұрған небір қисын мен қағиданы өз тіліңе ойша аударып, ана тіліміздің әлі игерілмей жатқан лексикалық байлығына, икемділігіне, әуезділігіне қайран қалып отырасыз.

Сондай-ақ Шығыс пен Батыстың әл-Фараби, Авицена, Бируни, Кант, Гегель, Фейербах тәрізді кеменгерлер туындыларын және сан алуан оқулықтар мен оқу құралдарын қазақшалау жағымыз да аз емес.

Осының бәрі түбегейлі қолға алынып, жұмыс жүйелі жүргізілгенде ғана қазақтың ғылым тілі жөнінде салихалы әңгіме қозғауға болар деп сенеміз. Заты даналық пен ғұламалыққа баулитын осы тектес дүниелерді аудару арқылы тіліміздің әлі де аршылмай жатқан талай мүмкіншіліктері ашыла түсер еді деп ойлаймыз.

Аудармашылар орталығының бұл жөнінде де мамандармен (тілшілер, әдебиетшілер, тарихшылар т.т.) отырып шешер мәселесі жетерлік.

Екітілділік проблемасы күн тәртібіне барынша өткір қойылып отырған бүгінгі таңда, мұның жандана түсуіне мол септігін тигізе алатын Мемтерминком жұмысы туралы арнайы әңгіме етпей болмайды. Өйткені жоғарыда назар аударылғандай, ұлтаралық қатынастардың қалыптасуына, екітілділіктің орнығуына және әсіресе, ғылым тілінің дамуына тікелей қолқабыс ететін комиссия. Елу жыл барысында Мемтерминком қарап, талқылап бекіткен терминдер жүз-жүздеп, мың-мыңдап саналады. Терминком талқысы арқылы қолданысқа тұңғыш рет ұсынылған терминдердің тілге сіңіп, қалыптасып кеткені соншалық, мыс.: *ғылым, ілім, білім, оқулық, оқу құралы, пән, көрермен, қойылым, насихатшы, ардагер, тілші, жазушы, қоғам, тап, Отан, жарыс, сұраным, шарт, ізашар, ізбасар* т.т. жүздеген сөздердің о бастағы мағынасын іздеп әуреленіп жатпайсыз. Сонда, ең алдымен әжетке жаратылған қабат тіліміздің өз мүмкіндігі болады, яғни қазақ тілінің сөздік құрамындағы бай лексиканы барынша сарқа пайдалау арқылы сан мыңдаған байырғы сөздерімізге жаңа мағыналық реңк беріп, қолданыс өрісін кеңейтіп алдық. Әсіресе ғылыми лексика қатарын түзе алатын терминдер тізімін нақтылай түстік. Және ғылыми-техникалық ұғым өрісін кеңейткен сан алуан жаңа терминдерді өзге тілдерден қабылдадық. Ғылым тілінің қалыптасуына бірден-бір себепкер бұл жұмысты алдағы уақытта да жан-жақты жандандыра түсу міндеті тұр.

Мемтерминком алдағы уақытта да қазақ тілінде термин жасау ісімен, термин аудару практикасымен түбегейлі шұғылдана бермек. Бұл жөнінде ол ғылым салалары бойынша топтастырылған алты секцияға иек артады. Яғни терминология жөнінде басқалар не дейді деп қарап отырмай, термин жасау ісімен мамандардың өздері тікелей шұғылданатын жағдай жасалып отыр. Бүгінгі таңда қоғам өміріне белсене араласа бастаған ғылымның қай саласы қандай атаулар мен терминдерге мұқтаж болып отырғанын, ең алдымен солар анықтайтын болады. Сөйтіп іріктелген терминдер терминком сарабына салынады. Сондағы ұстанатын негізгі принцип – ең алдымен тіліміздің бар байлығын, байырғы сөздерін сарқа пайдалану.

Екіншіден, өзге тілден, яғни халықаралық терминдерді қабылдау және орыс тілінен сөз алу принциптері де ғылым тілін дамыта түсетін бір арна болып табылады. Жақында баспаға ұсынылған қоғамдық ғылымдар терминдерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігін түзуде негізінен осы принциптер басшылыққа алынды.

Әу баста А.Байтұрсыновтан басталған, Қ.Жұбанов тәрізді тілшілермен қошталған терминжасамның бұл принциптері уақыт сынына шыдап, өзінің өміршеңдігін дәлелдеп шықты. Әңгіме тек осы принциптерді орын-орнымен ұстана білуде. Ретімен келіп, тілге сіңген, тарихи дәстүрге айналған кірме сөздерді құбыжық етіп көрсетуді қойған жөн. Ол тілдердегі ауыс-түйіс заңдылығын жете түсінбейтін жандардың орынсыз байбаламы.

Бұларды сөз етудегі мақсатымыз, аударманың, оның ішінде термин аударудың ғылым тілінде де, көркем аударма тілінде де көркейте түсуге қатысы бар екенін тағы бір тәптіштеп өту.

Енді көркем аударма мен жалпы аударма ісін жандандыра түсудің және оларды ғылыми тұрғыда қарастырудың жолы қандай болмақ деген мәселе турасында ойласу ретінде мынадай тілек айтқымыз келеді.

Біріншіден, кадр дайындау мәселесімен жоспарлы түрде шұғылдануды жеделдету қажет. Ол үшін дайындықты мектептен бастап жоғары оқу орындарында жалғастырған жөн. Қазақстандағы екі университет, бірнеше институттарды пайдаланып аудармашылар мен аударманы зерттеушілер дайындайтын факультеттер ашу мүмкіндігін қарастыру керек. Сондай-ақ Халыққа білім беру министрлігі арқылы шетелдерге, Москва, Ленинград қалаларына, көршілес республикаларға талапты оқушылар мен студенттерді жіберіп оқыту, мамандық жетілдіру мәселесімен ұдайы шұғылдану қажет деп білеміз. Әсіресе түркі тілдес республикалар арасында студенттер алмасып оқыту практикасын дәстүрге айналдырса құба-құп. Неге десеңіз туыс тілдерден тікелей аударудың жайын қолға алатын кез әлдеқашан жетті деп білеміз. Мұны осыдан 52 жыл бұрын Орта Азия, Әзірбайжан және Қазақстан аудармашыларының астанамыз Алматыда өткен кеңесінде аударманың асқан білгірі М.Әуезов те күйзеле айтқан болатын. Аудармашылар Орталығы осыны да ескерер деген үміттеміз.

Екіншіден, аударма процесінің сауатты жүргізілуіне себепкер қолқанат көмекшінің бірі – түрлі сөздіктер болып саналады. Екітілді сөздіктер шынында аудармашылардың бірінші көмекшілері, басқаша айтқанда делбешілері, демеушілері. Орталық бұрынғы-соңғы жарық көрген мұндай сөздіктердің түр-түрін толықтыра шығару жайын тиісті мекемелермен, баспалармен кеңесе отырып қолға алғаны мақұл.

Үшіншіден, алдағы уақытта аударманың түр-түрі бойынша толғағы жеткен мәселелерді түрлі басқосулар арқылы күн тәртібіне жиірек шығарып тұруды дәстүрге айналдырсақ. Мәселен, марксизм-ленинизм классиктері шығармаларының аудармаларын арнайы әңгіме етуге тұрады. Аударманың ғылыми проблемаларын да өз алдына жеке-дара сөз ету қажет. Сондай-ақ, үздіксіз назарда болуға тиісті мәселенің бірде болса бірегейі аударма тілі деп есептейміз. Киноаударма – өзінше бір бөлек әңгіменің арқауы.

Төртіншіден, түрлі оқулықтар мен оқу құралдары аудармаларының сапасын тексеріп, сарапқа салар мезгіл жетті. Және қай саладан қандай кітапты аудару қажеттігін анықтау лазым.

Бесіншіден, Орталық алғашқы кезеңде қолға алар бұл істердің нәтижелі болуы үшін, ол өз жұмысын үнемі баспалармен, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі және М.Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институттарымен, Қазақ совет энциклопедиясымен, Партия тарихы институтымен, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемтерминкоммен және басқа ділгер мекемелермен өзара байланыста жүргізу тиіс.

Алтыншыдан, аударманың библиографиялық көрсеткішін түзіп, тарихын жасау ісімен шұғылданатын мезгіл әлдеқашан жетті деп білеміз. Сондай-ақ, аудармаға

байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын сұрыптап, тоқтаусыз басып шығаруды ойластырған жөн.

Жетіншіден, аударма зерттеушілерін аспирантура, стажировка арқылы арнайы дайындау кезек күттірмейтін мәселе деп санаймыз. Мәселенің бұл жағы да есте болу керек.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына байланысты оның қызметі, әр түрлі ғылым салаларында қолданылуы бұрынғыдан да арта түсті. Әсіресе, терминдену, терминдендіру процесі, яғни байлығымызды сарқа пайдалану, кірме сөздерді мүмкіндігінше баламалап аударып беру және тіліміздің ішкі заңдылықтары талаптарына сәйкес игеру, қолданыстан шеттетіліп қалған көне сөздерімізді қайта жаңғырту, сөз жасау, баламалар табу т. с. с. Сөйтіп терминжасам мәселесі жан-жақты жанданды. Бұл – осы заманның қойып отырған талабы. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Тіл туралы Заңын жүзеге асыру мақсатында тікелей ғалымдар көптеген мақсат-міндеттерді белгілеп отыр. Нақты айтар болсақ, ол терминология бөлімі қызметкерлерінің (жетекшісі – ф. ғ. д., ҚР ҒА корр.-мүшесі Ө.Айтбайұлы) 1997–1998 жылдар аралығына жоспарлаған "Қазақ тілі ғылыми терминологиясының қалыптасу мен даму принциптері" атты ғылыми-зерттеу тақырыбы. Бұл тақырып бойынша екінші жыл зерттеу жүргізілуде. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ терминологиясының негізгі объектілерін айқындап, олардың қазақ тіл біліміндегі өзіндік орнын, шеңберін, шекарасын анықтау, терминдердің жасалу, қалыптасу ерекшеліктерін, өзіндік заңдылықтарын айқындап, сол арқылы термин сөздердің ғылым тілін дамытудағы рөлін көрсету, сонымен бірге көптеген терминдердің тарихи сипаттамасын беру арқылы оларды қазіргі тіл білімі тұрғысынан саралау болып табылады.

Ал мемлекеттік тапсырыс бойынша орындалып жатқан "Мемлекеттік тілде ғылыми терминологияны қалыптастырудың теориялық, ғылыми-әдістемелік және практикалық мәселелері" атты бағдарлама да 1997-1998 жылдарға жоспарланған. Бұл бағдарламаның мақсаты – әрбір ғылым саласы бойынша пәндік терминдерді сұрыптау, реттеу, жүйелеу, салалық терминдер сөздігін құрастырып жасау. Әр саланың терминжасам процесіндегі ерекшеліктеріне орай өзіндік және ортақ әдіс-тәсілдерін анықтау, ғылыми тұрғыдан сипаттау, теориялық жағынан негіздеу. Бағдарлама негізінен әр ғылым саласы бойынша 8 тақырыптық топтарды біріктіріп, біраз уақыттан бері терминологиямен айналысып жүрген тәжірибелі маман ғалымдар ф.ғ.д., ҚР ҒА-ның корр.-мүшесі Ө.Айтбайұлының жетекшілігімен зерттеу жұмыстарын жалғастыруда. Мұның да қазақ терминологиясына ғана емес, мемлекеттік тілдің кең қанат жаюына да қосар үлесі елеулі болмақ.

Соңғы жылдары мемлекеттік тілді ғылым тіліне айналдыру барысында көптеген ғылыми- теориялық конференциялар ұйымдастырылып, мақалалар, кітаптар жарық көрді. (Ш.Біләлов, Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері, Алматы, 1996; Ө.Айтбайұлы "Қазақ сөзі", Алматы, 1997)

Қазіргі кездегі жарыққа шыққан терминологиялық сөздіктерден де осы уақыт талабын діттегендіктері біршама байқалады. Әсіресе, жаратылыстану, техника т.б. салалары бойынша жарыққа шыққан сөздіктерден елеулі өзгерістер, өзіміздің төл байлығымызға ұмтылушылық көрінеді.

Неше алуан сала бойынша жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстары мен түзіліп жатқан екі тілді терминологиялық сөздіктер мемлекеттік терминком жұмысының жүйелі түрде жүргізіліп отыруын қажет етеді. Әсіресе оның терминологиялық, секцияларының талқылауына дер кезінде материал дайындауды ұйымдастырып отыру мемтерминкомның міндетіне жатады. Кеңесе келе мұның да бір жолын табуға болады деп ойлаймыз.

ТЕРМИНЖАСАМНЫҢ ҚАЙСЫБІР ҚАЛТАРЫСТАРЫ

Еңсе көтерген әрбір елдің қуат-күші, байлық бақыты экономикалық даму дейгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өрісімен де айқындалады. Ал мәдени өре, рухани талғам дегендеріміз сол елдің негізгі қолданыс құралы – тілге тікелей тәуелді. Мұның жоғарғы сатысы әдеби тіл деп білеміз. Ал академик Ә.Т.Қайдаров айтпақшы, қазақ әдеби тілінің жон арқасы – ғылым тілі десек, ғылым тілінің жон арқасы – терминология дер едік. Ендеше ғылым тілі әдеби тіліміздің бір негізгі көрсеткіші болып есептеледі. Міне, ендігі әңгіме тіліміздің осы ғылым тілінің бүгінгі жайы және сол ғылымның негізгі материалы – қазақ терминологиясының қазіргі жайы-күйі қалай?

Жалпы қазақ терминологиясының қалыптасу тарихын парақтасақ, құбылмалы қоғам дамуының өріміне орай әрқилы сәттерді бастан кешіріп отырғанын байқаймыз.

Ғасырымыздың басында әлденеше оқулықтар мен "Тіл құралдарын" жазу арқылы қазақ тілінің терминдену сипатын қалыптастырған Ахмет Байтұрсынұлының орны айрықша. Ол оныншы, жиырмасыншы жылдары әуелі қазақ тілі мен әдебиетінің, сосын жалпы мәдениетіміздің қолданыс әжетіне жараған терминдерді жасап, қалыптастырды. Ол жасаған терминдердің тілімізге сіңіп, кірігіп кететіндігі соншама, қолдан жасалған арнайы лексика екеніне шүбә келтіре алмаймыз. Осы үлгі белгілі себептермен кейін өзінің жалғасын таппай, үзіліп қалды. Алпыс-жетпіс жылды артқа тастап барып қайта табысқан осы мұраның өзін әжетімізге жаратуда әлі де салақтығымыз байқалады. Әйтпесе терминжасамның тарихи негізін көрсеткен Байтұрсынұлы үлгісі әлі де ескерілмей отырғаны қайран қалдырады. Тұңғыш профессор Қ.Жұбанұлының да қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орны бөлек. Терминжасамның әрқилы мәселелерін әңгіме еткен Н.Сауранбаевтың, С.Бәйішевтің, М.Жанғалиннің, М.Балақаевтың, Қ.Сағындықовтың, Қ.Шәріповтің, І.Жарылғаповтың, Ә.Сатыбалдиевтың, А.Әбдірахмановтың, Ә.Қайдаровтың да еңбектері есімізде. Мақсат – қозғалып отырған мәселе турасындағы еңбектерге талдау емес, әрине. Бұларды еске алудағы ойымыз, қанша дегенмен қазақ терминологиясының өзіндік тарихы барын, онда терминжасамның мол тәжірибесі жинақталғанын еске сала отырып, бұл тәжірибелердің күнделікті практикалық істе өте салғырт пайдаланатындығымызды айту.

Алайда тіл дамыту тарихына көз жіберсек, тіл заңын үнемі бұзумен келген екенбіз. Бұзу емей немене, орыс тілі арқылы сатылап бізге жеткен жат сөздерді, яғни терминдерді, русизмдерді, яғни кеңестік ұғымдарды құран сөзіндей сол күйінде бұлжытпай алу ауруына шалдықтық. Бұған етіміздің үйренгендігі соншама, кеңестік тіл тәрбиесінің өтіп кеткендігі соншама мұны біз әлі күнге тіл байытудың ең тиімді де өнімді тәсілі деп жүрміз. Миды жаулап ала бастаған әлгі терминдердің дөп түсетін баламалары барын айта бастасақ болды, дөп бір шиқанына тиіп кеткендей байбалам салатындар да шықты. Ондайларға "оу, ағайын, қазақтың тілін мейлінше меңгерген кешегі арыстар – Ахмет, Халел, Мыржақыптардың өзі

айтып кеткен ғой!" деп ұқтыра алмайсың. Тіл заңдылығы талабы тұрғысынан да жөні осылай деп айтқаныңа құлақ аспайды.

Шынында, айсыз-күнсіз жан ауыртпай даярға ұмтылу салдарынан тіліміздің шырқын 70 жыл бойы бұзып келгенімізді ашып айтар кез келді. Сонау 30-жылдардың орта шенінен басталған тіл бұзар зиянкестік әлі күнге жалғасып келеді. Міне, сондықтан біз соңғы бес-он жылдың барысында баспасөз бетінде көрініс тауып жатқан ізденістерді, тілдің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалану бағытындағы әрекеттер деп бағалап, қолдаймыз да қуаттаймыз. Ал дұрыс-бұрыстығы екінші мәселе.

Тарихқа жүгінсек, өзін және өз тілін құрметтейтін бірде бір ел өзге тілдердің сөздерін сол күйінде өзгертпей қабылдағаны жоқ екен. Зер салыңыз: А.Байтұрсынұлы: "Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің (терминдердің – Ө.А.) **даярлығына қызықпай** (астын сызған біз), ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебитеміздің тілі таза болады" (А.Байтұрсынұлы. Ақ жол. Алматы, 1991. 350-351-бб.).

Ал Х.Досмұхамедұлы жат сөздерді қабылдау жөнінде былай дейді: "Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін, тілге "өздік" болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келтіреді. Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады".

Осындай талғамсыз да талапсыздығымыздың нәтижесінде, біз тілімізге интерминдерді қаптатып алған екенбіз. Бұл бір қарағанда ана тілге жасалған шапқыншылық сияқты. Неге десеңіз жат дыбыстарға мініп келген жасақ сияқты жат сөздер саны қазір сөз байлығымыздың 70-80 % шамасын құрайды. Сонда барған сайын дамып, кең қанат жаюға тиісті деген төл байлығымыздың тынысы күннен-күнге тарыла түсіпті. Қазақ тілінің қадірінің кете бастауының бір себебі осыдан да болар ма екен дейсің.

Дайын терминдерді сол күйінде қабылдау, біріншіден, елді ізденгіш, еңбекшіл қабілетінен айырады, екіншіден, ана тілінен безінуге бастайтын төте жол. Бұл тіл байлығының 70-80 %-і жат сөздер болып отырса, онда өзге түгілі жаппай орысша сауаттанған қазаққа қазақ тілінің қажеті қанша.

Баз біреулер ғылым тілі дамымай отыр десе, енді біреулер "ойбай не сен айтасың ғылым тілі бізде әлдеқашан қалыптасқан" деп өрекпиді.

Біріншілері, ғылыми ұғымдарға негіз болар байлықты өз тілімізден тауып, соны қолданысқа қоса алмай отырғанын айтқысы келсе, екіншілері әлгі 70-80 %-ті мақтан етеді. Ол 80 проценттің өзі де әлі ғылыми оралымға енбей, іске жаратылмай отырғанымен жұмыс жоқ. Ал алда-жалда қазақта жазыла қалған жаратылыстану ғылым саласындағы еңбектің бірін оқып көріңіз. Одан қазақ тілінің байлығын емес, оның әбден шұбарланғанын көресіз. Міне, ғылым тілінің бүгінгі сиқы осы.

Әрине бұл айтылғандардан қазақ терминологиясын қалыптастыруда жартымды ештеңе жасалмаған екен ғой деген қорытынды тумасқа керек. Отызыншы, кейін 50-60-70-жылдары әлденеше сөздіктер түзіліп, жүздеген терминдер Мемтерминком

арқылы қолданысқа енді. Терминжасам ісімен тікелей айналысқан авторлар да бар. Осы шаруаның басы-қасында болған І.Кеңесбаев, М.Балақаев, І.Жарылғапов, Қ.Сағындықов, О.Жәутіков, Бірімжанов, А.Әбдірахманов, Ә.Қайдаров, Ө.Жолдасбековтердің еңбегі зор екені даусыз.

Алайда күні бүгінгі дейін толассыз жүргізіліп келе жатқан бұл ісіміздің негізінен қате принциптерді ұстанғанын байқаймыз. Байқаймыз да, қазақ тілінің "орыстануына" тікелей өзіміз себепші болғанымызға күйінуге тура келеді. Неге десеңіз сонау 1935 жылдан бастап қазақ тілінде терминжасам қазақ тілінің емес, орыс тілінің заңдылығын сақтау принципін көздеумен келген екен. Яғни "орыс тілінен және орыс тілі арқылы келген терминдердің бәрін мұртын бұзбай", қаз қалпында қабылдап келгенбіз. Бұған мысал келтіріп жатудың қажеті бола қоймас. Өйткені қай сөздікті қарасаңыз да интертерминнен аяқ алып жүре алмайсыз. Және олар түп негізін, түрін сақтай отырып қазақ тілі сөздік қорының заңды жүйесіне орасан зор нұқсан келтірді. Олармен бірге қазақ тіліне мүлде керексіз әріптер келіп енді. Сонымен бірге тіліміздің айтылу, жазу нормасы бұзыла бастады. Мұның бәріне себепші болған үш түрлі құжаттан үш үзінді келтірсек жеткілікті болар.

Қараңыз: 1. "Халықаралық терминдер орысша қалай алынса, қазақша да солай алынады" (1935 ж. 23 шілде, Қазақстан Халық Комиссарлар Советінің 812 қаулысы". 2. "... қазақ тілінде баламасы жоқ шетелдік және орыс терминдері аударылмай алынатын болсын, бұлардың жазылуы орысша болсын" (БК(б)П Орталық Комитетінің В.И.Ленин мен И.В.Сталин шығармаларын қазақ тіліне аударуға байланысты 1947 жылғы арнайы қаулысы); 3. Сондай-ақ 1983 жылы біраз өзгертулер мен толықтырулар енгізілген "Қазақ тілі орфографиясы негізгі ережелерінің" 18-параграфында "Орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғасы сақталып, орыс орфографиясы бойынша, өзгерілмей жазылады" деп заңдастыра түскен екенбіз. Сонда біз емле ережелерін қай тілдің қамын ойлап түзіп отырмыз деген ой келмей ме?

Сөйтіп термин жасауда жіберген кемшіліктерден күні бүгінге дейін арыла алмай отырмыз. Бұдан айығудың амалдары бар ма дегенде өткен жылы "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған академик Ә.Т.Қайдаровтың "Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас" деген мақаласына иек артамыз. Бір өкініштісі, содан бері де біраз уақыт өткенмен бұл жөнінде селт етіп, үн қосқан пікірдің мүлде селдірлігі.

Біздің ойымызша, бұған назар аударmауға болмайтынын бүгінгі күннің зәру мәселесін аумағымен алып қарастырған өте құнды еңбек. Автор терминжасам принциптерін түбірімен түгел қайта қараудың қажет екенін айта келе, нақты өз ұстанымын ұсынады. Пікірсайысына шақыратын да тұстары бар. Біз профессор Ә.Қайдаровтың бұл "...жаңаша көзқарасын" негізінен қуаттай отырып қайсыбір тұстардағы өзіміздік топшылауларымызды ортаға сала кеткенді жөн көріп отырмыз.

Автор терминжасам "шаруашылығына" байланысты ойларын баяндай келе, оны он бір принцип негізінде түйіндейді. Бұлардың біразы Қ.Жұбановта да, Н.Сауранбаев пен С.Бәйішовте де, М.Жанғалин мен Қ.Сағындықов пайымдауларында да кездеседі. Алайда автор бұлардың бәрін ой елегінен өткізе отырып мүлде жаңа баптар енгізеді. Міне, осыларды сарапқа сала келе, біз қазақ тілінде термин жасаудың он бір емес, негізінен бес принципті бой көрсететінін байқайтынымызды баяндамақпыз.

Тілдік материалдар ары кеткенде алты, жеті принцип шеңберінен шықпайтын тәрізді. Шынтуайтқа келгенде әңгіме бұл принциптердің санында емес, мәнінде ғой.

Қысқасы, бірінші және ең негізгі принцип ретінде біз қазақ тілі сөз байлығын барынша сарқа пайдалану деп білеміз. Басында айтылғанымен осы принципке жете мән берілмей келгенін несіне жасырамыз.

2. Терминжасамда тіл байлығын сарқа пайдалану принципі сарқылған кезде екінші бір қазынаның көзі ашылуға тиіс. Ол түпнегізі бір түркі тілдері. Біз күні бүгінге дейін бұл байлығымызды да ескермей келдік. Ендеше түркі тілдері сөз байлығын сарқа пайдалану принциптін естен шығаруға мүлде болмайды.

3. Қазақ тілі арнайы лексикасының құрамын байыта түсуге тиісті бір принцип, ол интернационалдық терминдерге байланысты мәселеден туындайды. Өрескел қателіктер осы интертерминдер негізінде орын алып келгені мәлім. Мұны қабылдаудың үш түрлі жолы бар сияқты. Ол, біріншіден, интертерминдердің мағынасын дәл беретін балама табу; екіншіден, оларды сөзбе-сөз аудару, калькалау; үшіншіден, мұның ешқайсысына көнбеген интертерминдердің тұлғасын өзгертіп, қазақ тілінің заңдылығына бағындыра қабылдау.

4. Қысқарған терминдер жасау принципі. Мұнда да негізінен өз байлығымызды сарқа пайдалана отырып, өзге терминдерді өзіндік етіп алудың жолдары қатты қарастырылып отыруы керек.

5. Академик Ә.Қайдаров көрсетіп отырған шарттылық принципі. Сөз жоқ бұл терминжасам ісінде өзіндік орны бар принцип. Термин негізінде белгілі бір қалыпқа түсіп, соны қатып ұстайтын арнайы лексикалық қабатты құрайтын болғандықтан да шарттылық болмай тұрмайды.

6. Терминдер, сондай-ақ жазу принципіне қарай бейімделетін болғандық, олардың тағдыры емле ережелеріне де байланысты. Яғни бұдан терминдерді жазу принципі шығады. Бұл салада да шалағайлықтарымыз жетіп жатыр.

7. Бұл шаруаның бәріне де мемлекет тарапынан үздіксіз қамқорлық қажет-ақ. Мұны Әбдуали Туғанбайұлы көрсеткендей негізгі принциптер қатарына қосса да, қосылса да болады деп есептейміз.

Міне, қазақ терминологиясын тіліміздің ішкі болмысына орай жасап қалыптастырамыз десек, осы айтылған принциптер негізінде қыруар жұмыс істеуге тура келеді. Өйткені тіліміз әлі қалыптасу, даму кезеңін бастан өткеріп біткен жоқ. Мүмкіндігі сарқылар да түрі жоқ.

Осылардың бәрін баяндай келгенде терминология "шаруашылығымызды" жөнге келтіру үшін не істеу керек деген сұрақ туындайды. Біздің ойымызша мынадай шараларды жедел түрде қолға алу керек.

1. Терминология – ғылым мен техника тілін дамытатын лексиканың бірден бір күрделі қабаты. Бұған иелік жасайтын бір мекеме болса, ол – Ұлттық Ғылым академиясы болу керек. Түзілген, түзіліп жатқан, енді түзілетін терминологиялық сөздіктер материалының ғылыми негіздерін қарастыратын ғалымдар болмағанда кімдер болу керек. Ендеше осы ипі шаруаны қолға алып, қадағалап отыратын Ұлттық Ғылым академиясы төралқасының жанынан, тікелей президенттің өзі басқаратын барлық терминолог-ғалымдардың күшін бір жерге түйістіретін **Ғылыми орталық** құрған жөн.

Бұл орталық Мемлекеттік терминология комиссиясымен тығыз байланыс жасай отырып, ең әуелі терминжасам принциптерін айқындауы тиіс. Сол негізде бүкіл бұрынғы жарияланған сөздіктер мен олқылықтарды қайта түзіп, лек-легімен түр-түрін баспадан шығаруды реттеуі керек. Сондай-ақ дау туғызып келе жатқан терминдерді топ-тобымен іріктеп алып оларды алдымен газет арқылы көпшілік талқысына ұсынып, сосын Мемтерминком мәжілісінде үздіксіз бекітіп отыруды дағдыға айналдыру қажет.

2. Мемтерминком жұмысына айрықша мән берілуі тиіс. Ғылыми орталықты да, мемтерминкомды да қаржыландыру, мамандарды ынталандыру жайын ойластырған жөн.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы жақсылы-жаманды жұмыс істеп, жүздеген терминдердің қолданысқа еніп, тұрақтауына себепші боп келген Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысын мүлде қайтадан қарап, түбірлі өзгерістер енгізу қажет. "Күштілері сөз айтса, бас изеймін шыбындап" деген принцип негізінде жұмыс істеп келген бұл комиссия жұмысын жандандыру жолдарын қарастыру керек-ақ. Ол үшін, бәлкім, арнайы конференция шақырып, өз алдына бөлек ақылға салған жөн болар. Және ол комиссияның мемлекет атынан сөйлейтін құқы болуы тиіс. Ең бастысы, бұл мемлекеттік мәні бір істі мемлекет қамқорлығына алмаса болмайды.

3. Қазақ тілі терминологиясы жазу сауаттылығын арттыратын емле ережелеріне тікелей тәуелді, яғни термин сөздер үшін бөлек емле жасалмайды, ол ортақ ережеге бағынады. Ендеше емле ережемізде термин сөздерді жасау, қабылдау жөнінде жіберілген өрескел қатені түзеу қажет.

4. Әу бастан-ақ қазақ тілінде термин жасаудың ғылыми принциптері жасалған. Бірақ, әсіресе орыс және интернационалдық терминдер жөнінде тіліміздің табиғатына мүлде жат бағыт ұстанып келгеніміз өкінішті-ақ. Бұл жөніндегі үш түрлі құжатты еске салып өттік. Оларды үлгі ретінде қолдануды тоқтату керек.

5. Терминжасамның жаңа үлгілерін баспасөзде жариялай отырып, оның негізінде жыл сайын пікірсайысын өткізіп отыралық.

6. Терминолог кадр дайындау мәселесі мүлде жолға қойылмаған. Соның түрлі жолдары қарастырылып, мамандарды шетелге тәжірибе алмасуға дейін жіберуді ойластыру қажет.

7. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері жөнінде үздіксіз радио-телехабарларын жүргізіп, екі жылда бір ғылыми практикалық конференция өткізіп отыруды рәсімге айналдыру қажет.

8. Бүкіл түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау ісімен шұғылдану керек. Ол үшін ең алдымен біз жазуымызды жөнге қоюымыз қажет. Яғни түркі тілдерінің көбі көше бастаған латын әліпбесі жөніндегі Ә.Қайдаровтың ұсынысын қарайтын уақыт жетті.

Болашағы зор тілдің қай-қайсысы да үнемі қалыптасу, даму үстінде болады екен. Бір шүкіршілігі сол, қазақ тілі де өзінің осындай өміршеңдігін жоғалтқан емес. Соңғы жеті-он жылда оның қолданыс өрісі үнемі тұмшаланумен келеді десек те, жанды организм есебінде ол тыныс-тіршілігін, қозғалысын тоқтатпады. Яғни ол әлі қалыптасу жолы ұзара түскен екен. Себебі, "орыс тілінің қалыптасу жолы неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым келісіп, кемелдене түседі" деп В.Т.Белинский айтқандай, қазақ тілінің де осы күнді басынан кешіріп отырғаны мәлім.

Мұны біз әсіресе соңғы кездегі қоғам дамуына орай туындап жатқан сансыз жаңа ұғымдар мен атаулар тасқынын беруге жегілген терминологиялық жүйеден айқын аңғарамыз. Мұны ғылым тілінде терминологиялық тасқын немесе жаңа қолданыстар мен жаңа ұғымдардың нақтылануы дер едік. Мына мысалдарға зер салыңыз: Бағдарлама, Жарғы, құжат, айқындама, тұжырымдама, ұшақ, әуежай, жекешелендіру, қауымдастық, егемендік, бірлестіктер, құзыр, уағдаластық, зейнеткер, кешен, кешенді ғимарат, демеуші, ақпарат, бағдаршам, елтаңба, жариялылық, зейнетақы, мәртебе, өтем (компенсация), пікір сайыс (дискуссия), сыйақы (премия), тұғырнама (платформа), таралым (тираж), тапсырыс (заказ), шаруашылық есеп (хоз. расчет), шығармашылық, шаруа қожалық (крест. хоз-во), ілеспе аударма т.т.

Ана тіліміздің ғылыми өресін айқындайтын айрықша белгісі, оның терминологиялық жүйесінің қаншалықты өріс алып, қалыптасуына тікелей қатысты. Осы ретте белгілі суреткер Константин Паустовскийдің мына бір пікірін қайталағың келеді. Ол: "Әрбір адамның, өзінің ана тіліне деген көзқарасына қарап оның мәдени деңгейіне ғана емес, сонымен бірге азаматтық қасиеттері жөнінде де мүлтіксіз баға беруге болады. Өз Отанына деген махаббат өз ана тіліне деген шынайы махаббатсыз болуы мүмкін емес. Өз ана тіліне немқұрайдылықпен қарайтын адам хайуанмен бірдей. Оның ана тіліне деген немкеттілігі өз халқының өткеніне, қазіргісі мен келешегіне деген немкеттілікпен сабақтасып жатады, сондықтан ондайлар зиянды", – деген еді.

Ендеше осы немкеттіліктен арылып, ана тіліміздің абыройын биіктете түсер ғылым тіліне, яғни оның терминологиялық жүйесіне жаңаша бір көзқараспен үңіліп, байлығымызды қасиетпен тұтынып, ұрпағымызға саралап сап таза күйінде жеткізейік!

Аудитория. - 2001. - № 2

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕР МЕН ИНТЕРТЕРМИНДЕР ЖАЙЫНДА

Қазақ тілінің сөздік құрамына әрқилы жолдармен, әрқилы кезеңдерде енген, бірақ байырғы сөздік қорына тән емес сөздер тобы әдетте кірме сөздер деп аталып жүр. Бұлардың қатарында терминдік тұрақты ұғымы тиянақталмай ауытқып жүрген тағы бірнеше атау сөздерді әңгімелеуге болады. Олар — шет тіл сөздері, интернационалдық терминдер, ғылыми терминдер, арабизмдер, русизмдер, техникалық атаулар, халықаралық терминдер т.т. Бұлардың бәрінің өзді-өзіне тән аздаған ерекшеліктерімен бірге, ортақ белгілері де жетерлік. Олардың тілімізге келу, ену жолдары талай сырдың бетін ашады. Мұрты бұзылмай әу баста түпнұсқа тілде қалай пайда болса, дәл сол қалпында қабылданған кірмелер де бар. Сонымен бірге тіл даму процесінде едәуір өзгеріске ұшырап, сыртқы түрін құбылтып алған мысалдар да баршылық.

Бұларды әрине, бір қатарға қойып талдауға болмас еді. Алып отырған объектіміз кірме сөздер мен терминдер болғанмен, бұл жерде кірме сөздер бір бөлек, кірме тіркестер бір бөлек және "өздік" терминдер мен "өзгелік" терминдер және терминдік тіркестер өз алдына жеке-жеке қарастырылуға тиіс мәселелер. Дегенмен мұның әрқайсысы өзіндік зерттеу сарабынан әлі өтіп үлгермегендіктен біз бұларды әзірге өзара тығыз байланыста қарастыруға мәжбүрміз.

Жалпы дәстүрлі әдебиетте өзге тілден сөз алмасу процесін прогрестік құбылыс деп табады. Яғни бұл тіл байытудың бір көзі саналады. Бір қарағанда солай да сияқты. Бұған мысал ретінде қазақ тілі тарихының қалыптасу жолына зер салса болады. Біз бұдан қазақ тілін қорландыра түсуге себі тиген, оның сөздік қорын байытқан әлденеше кезеңді көреміз.

Мамандардың айтуына қарағанда, мұны мынадай кезеңдерге бөліп, әрі диахрондық сипатта қарауға болатын тәрізді, оның өзін де шартты түрде ғана.

Кірме сөздердің тілімізге қатар енген ыңғайына қарай айқындалатын ең үлкен екі дәуірді байқаймыз. Ол — арабизмдер, парсизмдерді алып келген VIII—IX ғасырдан бергі жердегі он ғасырлық уақыт пен XX ғасырдың еншісіне тиетін интернационалдық терминдер мен русизмдер. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің табиғатын зерттеген Л.Рүстемов бұларды 14,5 пайыз шамасында деп көрсеткен.

Біз бұл жолы батыс Еуропа тілдері мен орыс тілінен енген сөздердің кейбір тұстарына ғана тоқтағанды жөн көріп отырмыз.

Жалпы кірме сөздер табиғаты қызық. Әдетте бір тілден екінші тілге алуан-алуан сөз элементтері өтіп жатады. Бұл морфология, синтаксис, лексика салаларына тән құбылыс. Әсіресе лексика саласындағы кірме сөздер жайы айрықша назар аудартады. Өйткені тілдік процесте сөз алмасудың жөні бөлек. Ең жиілік жағынан сөздің алдына фонема да, морфема да түсе алмайды.

Лексика — тіл білімінің басқа салаларына қарағанда сыртқы әсердің қандайына болса да елгезектік танытып тұратын қабатқа бай. Қоғамда болып жататын өзгерістердің бәрі дерлік лексикадан орын теуіп жатады. Бұл негізінен халық пен халықтың өзара қарым-қатынасына байланысты болып жататын процес болып табылады. Соның ішінде заттар мен ұғымдар атауы бір тілден екінші тілге жиірек ауысып жатады.

Белгілі бір тілде кірме сөздер қарасының көбейіп кетуін қайсыбір зерттеуші әлгілерді қабылдаушы тілдің кедейлігінен деп түсіндіруге тырысуы мүмкін. Мұндай пиғылдар болған да. Ал негізгі себеп, біздіңше, басқа. Тіл тілде, оның ішінде қазақ тілінде әсіресе, ғылыми техникалық прогрестің қанат жаюына байланысты көптеген сөздер мен ұғымдарды жаңаша саралауға тура келді. Әрбір саладағы сөз саралау барысында қайсыбір ұғымдарды нақтылай, анықтай түсу ниетімен өзге тіл элементтерін қоспалап, жарыстыра қолдану дағдысы пайда болды. Мәселен, *репортаж, репортер, информация, хобби, коммерсант, бизнес, холдинг, комфорт, сервис, лимит* дегендер, бір қарағанда мұқтажымызды өтеп тұрғандай. Екінші жағынан дәл осы сөздерді арқалаған мағыналық жүгін түгел бере қоятын лексикалық элементтердің қазақ тілінен әзір табыла қоймауынан. Кейде *авто, аудио, авиа, аэро, кино, метро* тәрізді қысқарған сөз бөліктері де бір тілден екінші тілге көшіп жүреді. Бұларды *автоқалам, аэрошана, киноқондырғы* деген мысалдардағыдай түрде туындатып, сөздердің жаңа бір үйірін жасауға болатынын байқаймыз.

Зерттеушілердің топшылауынша ғылымда терминжасамның басты-басты (ең негізгі) деген үш тәсілінің жігі айқындала түскен тәрізді.

Оның біріншісі бойынша терминжасам процесінде туынды сөздер, біріккен сөздер, қысқарған сөздер және сөзтіркестері іске тартылады. Сонымен бірге жалпы халықтық тіл элементтері де қолданылып жатуы мүмкін. Яғни тілдің өз сөз байлығын сарқа пайдалану принципіне қатысты тәсіл.

Екінші тәсілдің мәнісі мынада. Тілде бұрыннан бар термин сөздердің негізінде, немесе оның мағынасы мен тұлғасын аздап өзгертіп барып жаңа термин жасау. Мысалы: *оқу — оқулық — оқу құралы;* немесе кейбір синонимдес сөздердің мағыналық жігін таратып жаңа өріс беруге болады: *ілім, білім — ғылым* т.т.

Үшінші тәсіл бойынша өзге тілдердегі дайын терминдерді қабылдап алу. Бір кезде қазақ тілінде қаптап қатар түзеген *коммунизм, социализм, марксизм, совет, коммунист, лектор, журналист, юрист* т.т. осыған дәлел.

Осы соңғы тәсіл жайына біраз тоқтала түсу қажет.

Негізгі сөздік қорымызға жатпайтын бөгде сөздер жоғарыда сөз болғанындай қазақ тілінде әрқилы аталып жүр. Шет тіл сөздері, бөгде сөздер, интернационалдық терминдер, кірме сөздер, кірмелер т.т. Жалпы біз тілімізге ешқандай өзгеріссіз енген сөздерді де, тұлғалық өзгерістерге душар боп, төл байлығымыздың қатарынан орын алған сөздерді де кірме сөздер ретінде әңгімелеп жүрміз. Әйтсе де кірме сөздер табиғатын тарихи кезеңдерге бөліп жіктеп, жүйелеп қарау керек сияқты. Мәселен, бұлардың тіліміздегі өрісін саралай отырып біз формалды түрде мынадай

үш түрлі ыңғайды байқаймыз. Біріншінің қатарына тілімізге бағзы бір замандарда еніп қолданыла келе әбден сіңіп, бөтендігі байқалмай мүлде өздік болып үлгерген сөздерді жатқызуға болады. Мәселен: *мәдениет, қағида, ғылым, білім, ғалым, мұғалім, мектеп, медресе* тәрізді арабы сөздер мен *сот, жәшік, бәтіңке, болыс, бөкебай, бөтелке, әптек* тәрізді орыс сөздері әу бастағы өзгелік ерекшелігін сыпырып тастап, қазақ тілінің заңдылығына сәйкес икемделіп, төл байлығымызды молайтқан қазына. Екіншіге сыртқы пішінін өзгертпегенімен жиі қолданылу нәтижесінде сол қалпында-ақ негізгі сөз байлығымыздан жатырқамай орын ала бастаған *аспирант, студент, композитор, академик, пойыз, станса, журналист, корреспондент, машина, автомашина, солдат, лейтенант, офицер, касса, кассир, экономика, трамвай, троллейбус* тәрізді сөздерді жатқызуға болады. Ал үшінші лекті таза шет тіл сөздері құрайды. Бұлар көбінесе мамандар аузында, аз ғана топтың қолданысында жүрген сөздер. Бұл жерде әңгіме тілге тиек етіліп отырған терминдердің ертелі-кеш енуі ғана емес, олардың қолданыс аясы мен өрісінің де шеңбері есепте болуы тиіс.

Мұндай саралаудың бәрі әрине шартты. Дегенмен мұндай зерттеуде жүйелілік бола қоймайды.

Кез келген тілдің сөздік құрамын байыта түсетін лексикалық қабаттың қатарында кірме сөздердің алар орны ерекше. Оны жоғарыда айтылғандардан-ақ аңғаруға болады. Тарихқа жүгінсек, ешкіммен араласпай томаға-тұйық, өзімен-өзі боп отырған бірде-бір елді, бірде-бір халықты таба алмайсыз. Тіл құбылысындағы әлгіндей ауыс-түйістер өзара қарым-қатынас, тығыз байланысқа орай туындаған. Яғни өзара ауыс-түйіс, алыс-беріс экономикалық өмірде ғана емес, әлеуметтік өмірде де өріс алған. Мұндай құбылыстар қоғам дамуындағы өзгерістерге орай әр кезеңде әр алуан күй кешеді. Тілде де соған сәйкес ауыс-түйістер болып жатады.

Жалпы тілдердің өзара қарым-қатынасы, бір-біріне ықпал-әсері әр алуан деңгейде. Яғни лингвистикалық, әлеуметтік және этнотарихи факторлардың бәрі қым-қуат араласып қайнап жататыны лингвистерді селқос қалдыра алмайды. Олар бұл мәселені үнемі қадағалап отырғанын көреміз. Сондағы олардың, әсіресе, назар аударатыны тілдерді өзара әсер етуге мәжбүр ететін жағдай, себеп және олардың нәтижесі.

Қазақстан — тілдік қарым-қатынас, ауыс-түйіс жағынан өте ыңғайлы жерде орналасқан. Ол дәстүрі, тарихы, тілі қилы-қилы елдермен шектеседі. Мысалы, шығысында Қытай мен Моңғолия, солтүстігінде ұлы Ресей империясы, оңтүстік және оңтүстік Батысында Өзбекстан, Түркменстан, Әзірбайжан арқылы Ауғанстан, Иран, Түркия елдеріне қол ұзартып жатады. Қазақ халқы өзінің байтақ атамекенінде түркі тілдес халықтардың ішінде тіл тазалығын барынша сақтап келген ұлт десек те, тарихи сапырылыстар кезеңінде кірме сөздерден ол да аман қала алған жоқ. Жалпы жоғарыда ескерткеніміздей, тіл байытудың бір өнімді көзі деп танылып жүрген бұл тәсілдің қазақ тіліндегі табиғаты лингвистикалық зерттеулер үшін қызғылықты материал бере алады. Неге десеңіз аталып өткендей қазақтар тарихтың өз еншісіне бөліп бергеніндей орыстармен де, қытайлармен де, моңғолдармен де, қалмақтармен де, парсылармен де, әсіресе түркі тілдес туыстарымен тығыз қарым-қатынаста болған. Ендеше осы қарым-қатынастарды бүкіл тарихи аумағымен алып, өзара тығыз байланыстыра, жүйелі түрде зерттесе бұл тілдердің бәрінің тарихы үшін таптырмайтын деректер берері хақ.

Осы ретпен қарайтын болсақ, тілімізден иран-парсы элементтерін молынан кезіктіреміз. Мысалы, *гүл, дос, дерт, апта, қораз, таба* тәрізді зат есім сөздерін; *азат, зерек, нәзік, таза, пәк* тәрізді сын есім сөздерін табамыз.

Ал X ғасырдан бастап түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне араб сөздері қаптап ене бастады. Бұл әсіресе ислам дінінің енуіне байланысты қарқындай түскен. Белгілі зерттеуші Л.З.Рүстемовтің есептеуінше қазақ тіліндегі арабизмдердің саны шамамен 14,5% -тің айналасы. Сонда байқалатыны, кірме араб сөздерінің көбі негізінен мәдени-ағарту, саяси және сауда-саттық, яғни экономикалық салалар бойынша және араб жазуына орай сап түзейді. Қазақ тіліне енген сөздердің құрамын қарап отырсақ мынадай жайды аңғарамыз. Сөздің негізгі мағыналы бөлігі араб сөзі де, ал сөз тудыратын екінші бөлігі парсыша. Мысалы, *айла-кер, кітап-хана.*

Араб тілінен енген сөздерді жалпы екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа тіліміздегі түбегейлі игерілген, семантикалық, фонетикалық және морфологиялық пішіні мүлде өзгерген, кіріккен сөздерді жатқызамыз. Олар әдеби тілде де, ауызекі сөйлеу тілінде де қолданысқа еркін еніп, тіпті жаңа сөздер жасауға дейін негіз болып жатады. Ал екінші бір топты баспасөз бен көркем әдебиет және ғылыми әдебиеттерде кездесетін сөздер құрайды. Бұлар жалпы халықтық сипат ала алмаған, соған қарамастан арнайы салалардан аттап өте алмайтын сөздер.

Жоғарыда келтірілген сөздерді жалпы қазақ тілінің сөздік құрамындағы арабизмдерге жататын кірмелердің қай кезде еніп, қалай, қашан игерілгенін бүгіндері тап басып айтып, дәлдікпен баяндау қиынға соғады. Бұл негізінен әлгі сөздердің мүлде кірігіп, сіңіп кетуінің салдарынан.

Соған қарамастан бұлардың аумағын формалды түрде былайша жіктеп қарауға болатын сияқты.

1. Табиғат құбылыстары мен апатты жағдайлар атауы: нұр/свет, луч/апат (стихийное бедствие) т.т.

2.Адамның ішкі жан дүниесі мен сыртқы күш қуатына тән сөздер, анатомиялық атаулар: запыран(желчь), еждихат, ғашық (влюбленный);

3. Құрылыс, тұрмыстың атаулары: ғимарат (сооружение), зембіл (носилка), әбдіре (сундук), ғибадатхана (храм), дарбаза (ворота), дастархан (обед, скатерть), дорба (мешочек), жатақхана (общежитие) т.б.;

4. Тағам, сусын атаулары: алуа (халва), қамыр (тесто), шарап (вино), шербет (сладкий напиток), палау (плов), қияр (огурец).

5. Қоғамдық-саяси өмірге байланысты атаулар: мемлекет (государство), Отан (Родина), саясат (политика), өкімет (правительство), пәрмен (приказ), ресми (официально), мәжіліс (заседание, собрание), мәлімдеме (заявление).

6. Оқу, тәрбие жұмысына байланысты атаулар: тәрбие (воспитание), тәртіп (дисциплина), кітап (книга), мектеп (школа), мұғалім (учитель), ноқат (точка), тәлімгер (наставник) т.т.;

7. Ғылым мен оның салалары: әріп (буква), әдебиет (литература), тарих (история), пәлсафа (философия).

8. Діни лексика: дін (религия), құран (коран), азан (утренняя молитва), алла (бог).

Сонымен қазіргі қазақ тіліндегі арабизмдер, көбіне-көп қоғамдық-саяси өмір, мемлекет басқару, мәдени-ағарту, оқу, тәрбие, ғылым, діни ұғымдар туралы болып келеді. Бұлардың бәрі дерлік сөздерді қолдану, игеру барысында фонетикалық, морфологиялық өзгерістерге ұшыраған.

Ал орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген кірме сөздер мен интернационалдық терминдердің қазақ тіліндегі табиғатын зерттеу өте қызғылықты тақырып. Бұларды бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

1) Қазақстанның Ресейге қосылуына (1731 ж.) дейінгі кезең. Бұл кезеңде бірен-сарандаған ғана тілдік ауыс-түйістер кездеседі.

2) 1731 жылдан XIX ғ. екінші жартысына дейінгі кезең. Бұл тұста орыс миссионерлері мен оқымыстылары жер, ел жайын зерттеу, игеру мақсатымен түрлі экспедициялық сапарларға шығып, жергілікті халықпен тығыз байланыс орната бастады. Қазақ арасынан да орыс ортасына барып, олардың ілімі, біліміне ден қоя бастаған бірен-сарандар шығады. Осының нәтижесінде жат сөздер шеруі басталады.

3) XIX ғ. II жартысы мен Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. Бұл кезеңде қазақ мектептері ашылып, газет, журналдар шығара бастайды. Қазақ пен орыстың арасы бұрынғыдан да жақындай түседі. Қазақ жерін айналдыра қоршаған казак станицалары, түрлі бекіністер салынады. Орыс шаруалары келіп шұрайлы жерлерімізге егін салып игере бастайды. Осының бәрі тіл дамуына ықпалын тигізбей қойған жоқ. Жергілікті халықтың, яғни қазақтардың тілін, әдет-ғұрпын, салт-санасын игеру мақсатымен қысқаша сөздіктер түзіліп, қостілді оқу орындары ашылады. Ондағы мақсат қазақ халқын сауаттандырып, мәдени өрісін көтеру емес, оларды билеп-төстеудің жолдарын қарастырудан туған әрекеттер еді.

4) 1917 жылдан 50 жылдарға дейінгі кезең. Бұл қазақ мәдениеті мен тілін, өнері мен әдебиетін айрықша қозғалысқа салған сапалы да қасіретке толы жылдар еді. Шынында да бұл жылдарда мәдени өрлеу де болды, құлдырау мен тоқырау да болды. Өрлеу дейтініміз, халық ағарту саласында қыруар іс тындырылды. Жаппай сауатсыздықты жою шаралары қолға алынып, мектептер жұмыс істей бастады. Түрлі оқулықтар түзіліп, елдің бәрі білімге ұмтылды. Институттар, түрлі орта оқу орындары жұмыс істеді. Сан алуан газеттер мен журналдар жұрт қолына тиіп, саналылықтың жаршысына айналды. Баспалардан сан түрлі кітаптар басылып шығып, олар да мәдениет, төңкеріс идеяларына қызмет етті. Сан салада мамандар тәрбиеленді. Қазақ академиясы құрылды, театрлар есігін айқара ашып, көрермендерін күте бастады. Ал қасіретті жылдар дейтініміз: дәл осы 20-30-жылдар мен 50-жылдардың басында қазақ зиялыларының көбінің көзінің жойылуы. Көнпеске, ашаршылық, репрессия, соғыстың, тың көтеру дейтін саясаттағы сайқал әрекеттері нәтижесінде елімізде қазақтар арасын ыдыратып, орыстандыру ерекше жедел қарқынмен жүргізілді.

5) 50-інші мен 80-жылдар аралығын қамтитын кезең. Бұл жылдары қазақ тілін жандандыру жайында біраз әрекеттер болды. Әсіресе сол жылдардағы баспасөз материалдарын қарап отырсақ, қазақ тілінің сөз байлығын қолданысқа барынша молырақ қосуға тырысқан әрекеттерді байқаймыз. Сондай-ақ қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру жолдары қарастырылған мақалалар жазыла бастайды. Сөйтіп бұл әрекеттер 1985 жылдың сәуіріне ұласады да, содан былай қарай тіл тынысы кеңейе түскендей болды. Ал 1986 жылғы оқиға ана тіліміздің де бағын ашқандай еді. Міне, сондықтан да осы 86-жылдан бері қарайғы кезеңді ең нәтижелі кезең ретінде қараймыз.

6) Яғни бұл кезеңнің тіл дамытудағы Қазақстанның егемендікке жетіп, тәуелсіз ел болу үлесі ұшан-теңіз деп айтуға болады. Тіл туралы Заңның екі нұсқасы жарияланып, онда қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, мемлекеттік Бағдарламаның түзілуі, Конституциямыздың қабылдануы, барлық ресми мекемелерде іс қағаздарының екі тілде бірдей жүргізіле бастауы, балабақшалар мен мектептердің көптеп іске қосылып, оқулықтар мен тілашарлардың көбеюі т.т. толып жатқан игі істер сөз жоқ біздің тіліміз бен мәдениетімізді жаңаша бір

арнаға салып жібергені даусыз. Міне, осы баяндалған кезеңдердің әрқайсысының кірме сөздерді игеруде өз мөрі, өз жолы бар. Сол кірме сөздер мен интертерминдерді игеру жайы, ерекшелігі жағынан үлкен екі салаға бөліп қарауға болады. Оның бірі — Қазан төңкерісіне дейінгі кезең, екіншісі — Қазан төңкерісінен кейінгі кезең.

Тілімізге төңкеріске дейін кірген сөздердің көбі өзі енген тілдің, яғни қазақ тілінің заңдылықтарын қабылдап, фонетикалық, морфологиялық өзгерістерге ұшырап, өздік сипат алып, төл туындылар қатарына қосылған. Сөйтіп олар жат ортаны өгейсінбей өзіндік пішінге ие бола келе, тіпті жаңа сөз процесіне де, яғни сөзден сөз тудыру процесіне де араласа алатын халге жеткен.

Ал төңкерістен кейінгі жердегі кірме сөздер мен интертерминдер тағдыры ә дегенде қазақ зиялыларының неше алуан қақпақылына түсіп барып ақыры сол сірескен қалпында өңін де, түсін де, шырайын да бермеген күйі қатар түзеді. Мұның өзі атам заманнан қалыптасқан тіл заңдылығына қайшылықтар әкеліп, төл сөздеріміздің өзін айту мен жазуда қисынсыз, бұзып қолданатындай сиықсыздыққа ұрындырды. Міне, сондықтан да біз осы проблеманы өз тіліміздің даму мен қалыптасу тұрғысынан түбегейлі ішіне кіре зерттеп, емле ережелері мен терминжасам принциптерін түбірімен қайта қарау керек деп түйеміз. Біздің бұл пікірімізді мына төмендегі талдаулар мен топшылаулар дәлелдей түссе керек.

Терминологияның жалпы теориясы тіл мәдениеті проблемасымен қай жерде қиысып, қай жерде түйіседі, оның бір-бірімен байланысы қандай? Мұның өмір танытқан, тіл дамытқан табиғи заңдылығы бар. Терминолог белгілі бір ұғымды білдірерлік әлденеше үлгінің ішінен біреуін ғана таңдауға міндетті. Және таңдалған термин сөз тіл заңдылығына сәйкес болуға тиіс. Яғни әдеби тілдің нормасын сақтап, лексикалық байлығымыздың қатарына қосылуы керек. Әдетте отандық лингвистика деп жүрген бұрынғы Одақтық тіл білімінде, қазіргі орыс тілшілері арасында терминологияны әдеби тілден тыс жеке-дара қарауға тырысатын ағым бар. Яғни мұны олар әдеби тілдің құрамдас бір бөлігі деп емес, лексиканың өз алдына дербес жатқан саласы ретінде қарайды.

Сондай-ақ жалпы халықтық тіл мен терминдік лексиканың нормалық сипатын анықтау принципінде өзіндік айырма бар екені байқалады. Алдыңғыны түрлі эксперимент жасап, дұрыс-бұрыстығын анықтауға әбден болады. Ал термин сөздерді бұлай әуреге салып жатудың қажеті жоқ. Ол нақты терминдік мәнді арқалап, жекелік сипат алса болды.

Терминология жалпы лексикологиямен бара-бар, яғни екеуі бір-біріне параллельді. О.С.Ахманова сөздігінде т.т. сұраулықтарда мұны тілдің сөздік қор құрамын зерттейтін тіл білімінің бір саласы деп анықтама берілуі тегін емес. Француз ғалымдары, атап айтқанда, Дюбуа лексикология қалыптасу үшін оның алдында лексикографиялық жұмыстар болатынын, ал терминологияның әуелі терминографияны (яғни терминологиялық сөздіктерді) қажет етпейтінін өзара ерекшелік есебінде әңгімелейді.

Лексикологияның қарастыратын мәнді мәселесінің бірі номинация (атауыштандыру) мен сөздер мағынасын тексеру. Номинация туралы ғылым ономасиология деп аталса, сөз мағынасын тексеретін саланы – семантика дейміз.

Жалпы терминология негізінен ұғымдар атауымен шұғылданады. Сонымен бірге сөздер мағынасына да бағыштайды. Әйтсе де терминология үшін әйтеуір сөздің бәрі емес, белгілі бір ұғымның дәл атауы боларлық сөздер қажет.

Терминологияның, термин сөздердің осындай өзіндік сырын ескермей, жаппай жаңа сөз жасаумен айналысу қашанда жаңсақтыққа, жалғандыққа апарады. Әңгіме түп негізден тарайтын байырғы сөздер негізінде жасалуға тиісті арнайы лексика жөнінде болып отыр. Осыдан келіп шығатын бір түйін мынау: терминология мәселесімен шұғылданғысы келетін маман лингвистикалық дайындықпен қатар белгілі бір пәнді жете игеруге міндетті. Мұның үстіне сол тілдің және бірнеше тілдің сөзжасам мүмкіндіктерін жақсы білгені жөн. Сонымен бірге логика, информатика және лингвистикалық статистика негіздерінен толық мағлұматы болуға тиіс.

Терминжасам мәселесімен айналысып жүрген қазіргі талапкерлеріміздің іс-әрекеті осы талапқа толық жауап бере ала ма? Әрине, жоқ. Бұл процестегі көптеген шалағайлықтар осындай себептер салдарынан ба деп түйеміз. Әр алуан ізденіс, әрекеттер бар. Мұндай әрекеттерден шаршаудың да қажеті жоқ.

Ағылшындар парк ішіндегі жолдарды салмай тұрып, адамдардың жүрген жерлерін бақылап, жолдарын сөйтіп барып адам жүрген соқпақтарға тас төсеп, жол салады екен. Кейде терминжасам ісінде де осы принципті ескеріп отырған жөн сияқты. Яғни жаңа жасалған терминдерді ә дегеннен алтын тапқандай алақайлап ала жүгіретініміз бар. Сондай-ақ жаңалықты жерден алып, жерге салып сынай жөнелетін сиықсыздығымыз тағы бар. Олардың қолданыс өрісін біраз бақылап, барлай түсу керек қой. Сонда ғана жаңадан пайда болған терминдердің өміршеңдігін айқындай аламыз. Ендеше қазіргі баспасөз беттерінде беріліп жатқан жаңа үлгі-үсыныстар ат-тонды алып қашып "ойбай не дейсің, тілді бұлдіріп жатыр, баяғыдан қалыптасқан интертерминдердің бәрін аударып, оларды қолданыстан аластап жатыр" деп байбалам салудың да реті жоқ.

Бұл тіл жөнінде жылдар бойы жіберіп келген қателіктердің орнын қайтсек толтырамыз деген әрекеттер. Алдын ала аттандап елді дүрліктіргенше, жасалып жатқан әрбір жаңалықтың, жаңа қолданыстың байыбына баралық. Әрбір ғылым сұранысы мен талап-талғамы тұрғысынан мұның қандай реті бар және тіліміздің ішкі заңдылығына сәйкесе ме, жоқ па дегенді есепке ала отырып саралаған жөн.

Жалпы біздің қоғамда, оның ішінде ғылыми мекемелер мен білім беретін орындарда үйлестіру жұмысы мүлде мардымсыз. Сонымен бірге тамаша өнім беріп отырған баспалар жағдайы да солай. Соңғы кезде жасалып, жарияланып жатқан сөздіктердің, тілашарлардың түр-түрі қолға тие бастады. Бірақ осылардың бәрі бірдей мемлекеттік тіліміздің деңгейін байқата ала ма, соған қызмет ете алар сапасы қалай? Бұған нақты жауап беру қиын. Ал шығып жатқан сан алуан оқулықтар мен оқу құралдары, сұраулық, әдістемеліктер т.т. бүгінгі тірлігімізге ауадай қажет еңбектерді тіл мәдениеті тұрғысынан қадағалап, саралап отырған кім бар? Қай мекеме, қандай ұйым мұны мойнына ала алады?

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтерудің тура жолы осы екен деп, мұны оңай олжаға айналдырып бар жатқанымыз жоқ па? Әлденеше жылдар бойы көз майын тауысып барып сауаттана келе салауатты жұмыс жасалатын қазіргі бұл іс кез келгеннің қанжығасына байланған сияқты.

Әңгіме баз бір терминдерді аудару, аудармау, қабылдау, қабылдамауда ғана емес, жан-жақты өріс алып, бұтақтанып тамырланып бара жатқан алақұлалықта. Егер егеменді елдің мемлекеттік тілін, оның ішінде ғылым тілін шұбарламай әдебилендіреміз, өзінің таза да пәк табиғи қалпын сақтаймыз десек күні бүгінге дейін етек алып, осы алақұлалыққа мүмкіндік жасап келген терминжасам принциптерімізді түгелімен қайта қарап, сұрыптап, саралап тілдің өз заңдылығына

сөйкестендіруіміз керек. Осыған орай қазақ тілінің ережелерін қайта түзіп жүртшылыққа ұсынар кез келді. Сөйтіп әр кезде терминжасам, термин қабылдау, термин түзу ісімізде құбыланамалық қағидатқа айналған интерминдерді сол қалпында ендіруде өз тіліміздің заңдылығын барынша сақтай отырып қайта саралау қажет.

КӨРКЕМ ТІЛДІҢ БІР КІЛТІ – ҚАЗАҚТЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕ

Дәл солай, әдеп алды – тіл деген әдемі сөз бар. Кейін мәтелге айналып кеткен бұл нақылды бір кезде Махмұд Қашқари да айтқан екен дейді. Өткен дәуірлердің қай-қайсысында да сөз өнердің айрықша түріне айналып, қастерленіп, қашалып келгенін біз, әрі қысқа, әрі нұсқа айтылған осы тектес сөздер мен нақылдардан аңғарамыз. Ал сөзді, тілді өзінің күнделікті тіршілік тынысына балаған, содан ләззат алып, соған табынған қазақ сияқты ел бұл өнермен ешқашан енші бөліскен емес. Жер мен жесір дауына, мал мен жанның арашасына керегінде білекті кезеп, қажетінде тілді безеп дегендей, аса бір саламандықпен көркем пайдаланып келген. Сонда жұрт көбіне білектің күшіне емес, жүректің сөзіне тоқтап отырған. Сөздің сылдырына емес, шындығына бойлаған. Сөздің көптігіне емес, дөптігіне құлаған.

Тарихтың тарғыл беттерін тарамдап ашып, талдай қарасаңыз қазақ даласын шешендік өнердің өзгеше бір ғажайып өлкесі деп тануға болар еді. Мұны біз емес, бізден әлдеқайда бұрын көптеген шетелдік және отандық ғұламалар таңдай қаға айтқан. Олар, әсіресе бұл тілдің тазалығы, әуезділігі, байлығы жайында байыппен жазған. Бұл әрине, ең алдымен халықтың қарапайым өкілдеріне қоса, ел ішінен шыққан әйгілі шешендерді тыңдаудан туған әсер болса керек. Әңгіме осыған тірелген соң, түпкі мақсаты басқаны көздеген шығыстың әйгілі зерттеушісі, академик В.В.Радловтың мына сөзіне көңіл аударалық:

"Қазақтардың тілі әуенді де әсем, шебер де шешен, әсіресе сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таң қалдырады".

Ал проф. П.М.Мелиоранский "... зерттеушілердің барлығы да бір ауыздан бұл тілді (қазақ тілін. – Ө.А.) ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі деп таниды" деп осыдан бір ғасыр бұрын мойындаған.

Қазақ елін аралап, тұрмыс тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпымен танысқан поляк журналисі А.Янушкевичтің де назарына, алдымен тілді, сөзді әлуетті қаруға айналдыра білген адамдар ілінуі тегін емес. Шаршы топта суырылып шығып, сөз сайысына түскен небір дүлдүлдерді ол тандана тыңдап, оларды дала Демосфендеріне теңеген.

Бұл кезеңнің арғы-бергі жағында өмір кешкен небір жезтаңдай әнші-жыршылар мен ақын-жыраулар артқа тастаған мұралары ше?! Теңдесі жоқ ауызекі айтылған фольклорлық туындылар ше?

Осы деректерді тізгенде, біз өз тіліміздің өзгеше биікке көтеріп, басқалардан алабөтен ардақтап асыра уағыздаудан аулақпыз. Әрбір тілдің қалыптасу, даму тарихында көзге айрықша түсетін бір кезеңі болады. Мұны осы тұрғыдан түсінген жөн.

Халқымыздың сөзді өмірдің ұлы қаруы ретінде қастерлеп тұтынғанын, оның көркемдік құдіретін әйгілей түсетінін біз басқа көптеген мәліметтермен қатар мақал-мәтелдерінен де байқаймыз. Ақылдың көзіне айналып кеткен бұл аталар сөзінде көкейге түйетін көп үлгі бар.

Сөз қадірін терең түсінген ел оның бар көкейге бірден қона түсер көркемдік сипатын түйіп айтып кеткен. Сондықтан адам баласына тән өнердің бәрін тізіп келіп қазақ тіл өнерін өнер атаулының алдына шығарады да, "өнер алды – қызыл тіл" дейді. Өйткені "тіл – көңілдің айнасы", "қызыл тіл – жанның мияты" деп ұғады. Егер өнерді – білімді адамның мәдени өресін танытатын аса бір керекті компонент деп танитын болсақ, халықтың бұлардың кілтін тілден іздеуі тегін емес. Шынында "білім кілті – тіл".

"Жақсылардың көңілі алтын сандық,
Сандықты кілт болмаса кім ашады", –

деген өлең жолдары еске түскенде, осы біз іңкәр сезімнің заттық формасын тауып шебер өрнектей білген тілдің тақылетіне тәнті болмайсыз ба?..

Тіл турасындағы мақал-мәтелдерді сараласаңыз халықтың қатынас құралына берген анықтаманың дәлдігіне, әдемілігіне, мәнділігіне сүйсінесіз. Оның барлық қасиетін жан-жақты ашып, өрнекті тілмен өмірлік өнеге беріп отырады. Мәселен, "көңіл – сандық, тіл – кілт", "ой - бай, тіл – сараң", "Тіл буынсыз, ой түпсіз", "тіл қылыштан да өткір" т.б. тәрізді мақалдарға зер салыңыз.

Көңілдің сандығын ашатын кілт сияқты бола тұра, тіл ойға қарағанда мүлде сараң, әрі буынсыз. Кілт болмаса, сандықтағы қазынаны игеру қиын. Көркем сандықты ақтардыңыз екен, тіл буынсыз деп оңды-солды сілтей беру тағы жөнсіз. Өйткені бай ойды бабын тауып баяндау қажет. Тілдің сараңдығы деген сөз – оның сарамандығы деген сөз. Тілдің мәдениетіне де қойылатын шарттардың бірі осыған саяды.

Ал тілдің таянышы не? Әрі не? Нәрі не? Ең алдымен сөз. Мұны халық нақылы "жүздің көркі – көз, тілдің көркі – сөз" деп әдемі түйген. Сонымен бірге сөздің де пірі бар. "Сөздің атасы – ақыл, анасы – тіл". Ендеше, сөз ақылдан әл, тілден нәр алады. Сөйтіп барып, тіл сүйексіз болса да, сүйекті тебірентетін қасиетке ие болады.

Тіл жеке адамның игілігінде болумен қатар, халық қазынасы. "Халық тілі – қайнар бұлақ" деудің мәнісі осында. Көпшіліктің көдесіне жараған тіл өз иесінің заманына лайықты талап-тілігіне орай қашалып, сұрыпталып, жетіліп отырады. Тарих іздері осыны байқатады. Әр халықтың, әрине, өз тіліне жететін тіл жоқ, содан асқан бай тіл жоқ. Шынында ананың ақ сүтімен бойға сіңіп, біртіндеп ойынды өсіретін, тәліміңді жетілдіретін тілден қасиетті не бар? Міне, сол себепті де халық "Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді" дей келіп, "Ана тіл – дана тіл" деп түйін жасайды. Сонымен бірге ана тілі өзге тілді үйренуге де үлкен сеп. Оның ұлы қызметінің біреуі осында. Ана тіліміздің алуан түрлі айшықты құралдары, мүмкіндігі болмаса, бізге ұлы орыс тілінің байлығын танып-білу, әжетімізге жарату қиынға соққан болар еді.

Ана тілін барынша игеріп, баппен ұстап, байыппен әжетке жарату, әсіресе, жас ұрпақтың түбегейлі міндеті болып саналады. Сөйлеу, жазу мәдениетіміздегі олқылықтарды ойға алғанда өз тілімізде өрнектелген тіл байлығын неге ескермейміз. Неге халықтық мақал-мәтелдерден үлгі алмаймыз деген сауалдарға еріксіз барасыз. Сөйлеу мәдениетін көтерудің алғы шарттары халық нақылдарында айқын айтылған. Қалай сөйлеп, қалай жазудың үлгісі осыларда жасалған.

Адамның әдептілігі, ең алдымен тілінен байқалады, содан соң тіл арқылы көрінетін білімінен байқалады. Біз әлде бір кісілерге парасатты, пайымды, сыпайы, ізетті, инабатты, ақылды, есті адам деп баға беріп жатамыз. Осының бәрі адамгершілігі мол адамның бойына жарастылықты қасиеттер. Бұлар мәдени өресі

мейлінше биік жандар. Адамдардың бір-бірінен негізгі айырмашылығы рухани байлық пен мәдени өреден байқалады. Жастар осы рухта тәрбиеленіп отырса, құба-құп. Алайда сөз байлығын игеріп мәдениетті азамат болу оңай шаруа емес. Ол үшін не істеу керек? Қазақ мақал-мәтелдері мәселесінің бұл жағын да ескерген. "Оқып ойынды түзет, үйреніп сөзіңді түзет" дейді.

Сөз де ара сияқты, оның балы да бар, уы да бар. Тілдің байлығын игерудің бейнеті көп.

"Адамға келетін он пайданың тоғызы тілден" дей отырып, соған жетудің әлденеше амалдарын алға тұтатын мақалдар бар. Барлап қарасаңыз, тіл асау арғымақ тәрізді, айлаң асып, күшің жетіп оны ауыздықтай алсаң, арғымақ дегеніңе көнеді, шамаң келмесе өзіңді тебеді, аударылып қаласың.

"Ат жүйрігі — асқа, тіл жүйрігі — басқа", "Артық тұз асқа залал, артық сөз басқа залал", "Адам тілінен жазалы, мал мүйізінен жазалы", "Андамай сөйлеген ауырмай өледі", "Жауынның көптігі жерді құртады, сөздің көптігі елді құртады", "Қотыр қолдан жұғады, пәле тілден жұғады", "Өз тіліңе өзіңе жау", "Тіл ерді қабырға салады, нарды казанға салады" дей келіп, халық тілдің өткірлігін қылышқа теңейді. Соны ұстай біл, керегіңді пайдалана біл дейді. "Тіл – қылыш, тиімсіз жерде тый, тиімді жерде қи" дегенде үлкен астар жатыр.

Халық мақалы "аузынан сөзі, қойынынан бөзі" түсіп ылбырап тұрғандарды немесе өзі мен сөзіне ие бола алмай ордандап шыға келетін ожар да олақ жандарды өлтіре сынайды. "Аузына әлі жетпегеннің қолында масқарасы бар", "Орынсыз сөз орға жығады", "Өзі ынжықтың сөзі де ынжық", "Жаман қауып айтады, жақсы тауып айтады", "Біреудің ат көтермес сөзі бар, біреудің ат көтермес бөзі бар", "Жүре білмеген жол бұзады, сөйлей білмеген ел бұзады", "Аузында әзілі жоқтың, қолында шоқпар", "Кесірлі ауыздан – кесапатты сөз", "Тентекке сөз жаңғырық, шапқан атқа жол жаңғырық" деген тәрізді нақыл сөздерге қарап отырсаңыз, а деп ауыз ашқаннан адамның кім екенін байқауға болатынын көресіз. Халқымыздың сөз өнеріне аса зор мән бергенін дәлелдейтін мақалдардың бұл да бір парасы.

Сөйлеу өнеріне дағдылану оңай емес. Ең алдымен тыңдай білер құлақ керек, содан кейін ұға білер зерде болсын. Себебі "Тыңдаушысы болмаса сөз жетім", "Суды сіңетін жерге құйып, сөзді ұғатын адамға айтқан" абзал. "Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетеді, сондықтан құйып алатын құйма құлаққа айт" дейді халық нақылы. Өнегелік үлгіні нұсқап отырып, өзгеше бір түйін жасалады. "Айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады", "ал мұның бәрі қолынан келмесе "Айта білмес ауыздан, тыңдай білген құлақ артық". Сөз білмесең, үндемегеннің өзі абзал. Өйткені "Үндемеген үйдей бәледен құтылады", "Үндемегеннің ойы жүйрік".

Мақалдардың көркемдік сипат танытатын енді бір тобы – сөйлер сөзге мейлінше ұқыпты, сақ болуды талап етеді. Өйткені "Айтылған сөз – атылған оқпен тең", "Ауыздан шыққан сөзді атпен де қуып ұстай алмайсың", "Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды", "Сөйлегенше – сөзіңе өзің қожа, сөйлеген соң өзіңе сөзің қожа". Міне, сондықтан да сөйлемес бұрын, ойланып алған артық болмайды дегенді негіздейді.

Сөзге қойылатын талаптың бірі — барынша қысқалық, нақтылық, дәлдік. Қашанда "Ақылдының сөзі қысқа, айта қалса, нұсқа", "Адамның даналығы – сөзінің қысқалығы" болмақ. Айтар ойынды қысқа сөзбен жеткізе алмасаң, басыңа бәле болып жабысады. Халықтың "Етегің ұзын болса, аяғыңды орайды, тілің ұзын болса, басыңды орайды", "Жауынның көптігі жерді құртады, сөздің көптігі

ерді құртады", "Артық тұз асқа залал, артық сөз басқа залал" деуінде үлкен мән бар. "Пышақ жетесінен, сөз келтесінен" болып жатса құба-құп. Мылжыңдықтан жаман зат жоқ. Өйткені "Дау шешеннен қорқады, шешен мылжыңнан қорқады". "Тұзды сабын жеңеді, шешенді мылжың жеңеді" деген сөздің қысқалығына құмарлық "Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын" болатындығын сезгендіктен туады. Керек десеңіз, халық ұғымында "Көп сөз – есекке де жүк". Осындай ашы ажуаны араластырып "арқанның ұзыны, сөздің қысқасы жақсы" екенін ескертіп отырады.

Ал қысқа сөзде мән болмаса, оның құны бір тиын. Қысқа сөз көп мағына көтеріп тұрса ғана құнды, әрі көркем. Мән – қашанда сөздің ақиқаттығынан туындайды. Айтылған әңгімең шындыққа негізделмесе, сөзімді тыңдамады деп жұртқа өкпелеме. "Әуелгі сөзің рас болса, соңғы сөзіңнің өтіміне жақсы", сондықтан "Айтылған сөздің құдіреті ақиқатта". Ақиқаттың салмағын мына тәрізді бейнелі сөздерден анық аңғаруға болады. "Суды шу тоқтатар, сөзді шын тоқтатар", "Тіл жүйрік емес, шын жүйрік", "Түйін-түйін сырынды, түбінде келіп шын ашар" т.т.

Әрине шындықтың тізгінін ұстап, діттегеніңді орындау оңай емес. Өйткені "Ақ сөз ащы болғандықтан", "Тура айтып туғаныңа жақпайсың". Ал туралықтың жолына түсіп, қара қылды қақ жаратын қасиетке ұмтылған адамда қашанда "Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ" деген қағидат (принцип) болу керек.

Халық сөзді үлкен өнер есебінде тұтынған адамдарға, оның жоғарыда әңгіме болған неше түрлі шарттарын ұсынады да, соны игерген кісілерді шешендіктің өлкесінен іздейді. Қазақ халқының тарихында бұл өнердің айрықша мәні болған. Ел басындағы неше алуан әлеуметтік мәселелердің, дау-дамай, талас-тартыстардың көбін шешеннің дөп басып айтқан бір сөзі шешіп кетіп отырған. Шешен адамды ерекше қадірлеуде осындай сыр бар. Зер салыңызшы. Халық шешендік өнер жайлы, шешен адамдар жайлы аса зор ілтипатпен әңгімелейді. "Ай ортақ, күн ортақ, шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ", "Батыр жауда озады, шешен дауда озады", "Ине көзінен сынады, шешен сөзінен сынады", ""Шебердің көзі мерген, шешеннің сөзі мерген", "Шешеннің пайдасы тиер, сотқардың найзасы тиер", "Шебер көптің апасы, шешен көптің опасы" дейді. Сарнап, мақал-мәтелді жатқа соққан адам да, ретті-ретсіз жерін байқамаса, қасиет шамалы. "Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың", "Көпті көрген көсем, дөп сөйлеген шешен", яғни шешен адамға қойылар талап үлкен. Сөздің қадірін, қасиетін, салмағын, сәнін, әрін, нәрін, дәмін, сөлін үнемі қадағалап, сауатты пайдаланған адам ғана шеберлік шыңына бет түзейді. "Дауды шешен бітірмейді, шебер бітіреді" дегенде де істің шебер шешім табуына сеп болатын ақиқатқа негізделген сөйлеу қисынын ұғамыз.

Сондықтан сөз өнерінің қайнар бұлағы халық ортасында екеніне "Кен асылы жерде, сөз асылы елде", "Бабадан сөз қалады, әкеден көз қалады", "Көрі, көрінің сөзі дәрі", "Аталар сөзі – ақылдың көзі" болғандықтан да халықтың нақыл сөздеріне көпшілік құмар. Сол себепті де, сөз атасы – мақал жайында кейбір пікірімізді бүгінгі көркем сөзге құмар ұрпақпен ойласқымыз келеді. "Бөз атасы – мата болса, сөз атасы – мақал" екенін әңгімелеп, халықтың өз мүлкін өзіне ұсынғымыз келді. Әсіресе өсіп келе жатқан жастар қауымының асыл қазынамыз – ана тіліміздің байлығына мән беруге бейім еместігін көргенде қынжылмасқа лаж жоқ. Ертеңгі күні айтар "Нақылы жоқтың табар ақылы жоқ" болып жүрмесін деп күйзелесің. Әсіресе мектеп оқушылары, студенттер, ауыл-қала интеллигенттері ана тіліміздің айшықты элементтері болып табылатын мақал-мәтелдің сөз өнерін шыңдай түсетін мектеп екенін ұға түссе деген оймен айтып отырмыз. "Кеменгерге де кеңес керек"

деген ғой. Қайран, қазақ мемлекеттік тілді білгеніне ғана мәз болып қалмай, соның кереметін де терең түсініп, өзінің сөйлеу, жазу мәдениетін шыңдай түссе екен деген ой дағы, бұл!

Көркем әдебиет тілінің өзекті мәселелері. - Алматы, 2003. - 4-9 бб.

ТІЛ БАЙЫТУДЫҢ БІР КӨЗІ – АУДАРМА

Аударма және аударма тілін құбылмалы құбылыс, өзгермелі өмірмен байланыстыра баяндау үшін, ең алдымен біз жұрттың бәріне бірдей түснікті болып есептелінетін осы "аударма" деген ұғымның өзі жайында пікір өрбітіп алуымыз керек сияқты. Ол нені қамтиды, нендей ұғымды білдіреді. Сонымен бірге аударманың қандай ғылым тармағына жататыны, оның түрлері, амалдары, принциптері, т. б. мәселелеріне назар аударуға тура келеді. Әрине, бұл санамалап отырған мәселелердің әрқайсысын өз алдына бөлек саралай әңгімелеуге татиды. Солай ету де керек. Алайда біз бұл міндетіміздің шекарасын шектеңкіреп алмасақ, ұшы-қиырына көз жетпейтін мәселеге еніп кетуіміз ғажап емес. Сондықтан бұлар туралы жол-жөнекей азын-аулақ мағлұмат бере кетуді жөн көрдік.

Жалпы аударма өзінің мағыналық ауқымы жағынан мейлінше кең. Бір тілден екінші тілге аударылмайтын нәрсе жоқ: көркем шығарма, публицистика, өлең, ғылымның сан саласынан ғылыми-көпшілікке арналған кітаптар, іс қағаздары, дипломатиялық құжаттар, мемлекет қайраткерлерінің сөйлеген сөздері мен материалдары, шешендік сөздер мен тіл білмейтін жандардың өзара әңгіме-сұхбаты т.б. толып жатқан дүниелер аударылып жатады. Аударманың қоғамдық мәнін, өмірлік қажеттілігін соншама терең білдік дегенмен, адам әрекетінің ерекше бір түрі ретінде мұның әлгіндей айрықша белгілерін әңгімелей отырып, терминологиялық дәйектілік тұрғысынан нақтылай, дәлелдей түсетін тұстары да бар деп білеміз. Бұл, біріншіден, психологиялық акт есебіндегі процесс және бір тілде жасалған шығарманың екінші тілде көрініс беруі, қайта жасалуы; екіншіден, осы процестің сол екінші тілде берілген жаңа түрі, нәтижесі. Әңгіме болып отырған бұл процестер бір-біріне тікелей байланысты. Бірінен екіншісіне ұласып жататын құбылыс.

Әйтсе де, бұл шаруаның қай түрі болсын, кім аударсын, барлық түріне қойылар ортақ мынадай екі шарт бар тәрізді.

Түпнұсқа тілін білмейтін оқырманға қолындағы шығарманы барынша жетік жеткізу, жете таныстыру – аударманың бірінші кезектегі міндеті. Ал аудару дегеніңіз, бір тілдің тілдік құралдары арқылы жасалған дүниені екінші тіл амалдары арқылы барынша дәл және толық жеткізу деген сөз. Яғни, ешқандай түсіндірме, қосымша-қоспасыз, қысқарту-толықтырусыз түпнұсқа мазмұнын дәл де дұрыс беру.

Егер жалпы аударма тарихына көз жіберсек, сонау көне дәуірлерге сапар шегуге тура келеді. Әрбір халықтың рухани өмір жолында, мәдени болмысында аударманың орны айрықша болған. Осыдан жүз елу жылдан аса уақыт бұрын қазақ аударма ісінің жандануының өзі кезең-кезеңмен әйгіленеді. Мәселен, XIX ғасырдың II жартысы, 1920-30 жылдардағы аударма ісін шартты түрде алғашқы кезең деп танысақ, оның барынша қаулап, қарыштап дамуы Ұлы Отан соғысынан бергі жердегі кезең болып саналады. Мұның өзін сапа мен сан жағынан бірнеше сатыға бөліп қараған жөн. Мәселен 1950-70 жылдардағы аудармашылардың кәсіптік деңгейі көтеріліп, аударманың түрлері саралана бастайды және оның сапалық деңгейі де көтеріле бастағанын аңғарамыз.

Аударма бір тілден екінші тілге, туыс емес тілдерден, туыс тілдерден, жүйесі бөлек тілдерден жасала береді. Екіншіден, әдеби тілдерден диалектілерге, не керісінше диалектілерден әдеби тілдерге аударылуы мүмкін, тіпті прозаның поэзияға, поэзияның прозаға айналу фактісі де бар. Үшіншіден, сонау көне замандарда жасалған дүниені осы заман тілімен баяндау үлгісі де кездеседі.

Мәселенің бұл жағына келгенде, аударма өнерінің тарихын тереңнен тартуға болатын тәрізді. Мысалы, "Мың бір түн", "Камила мен Димна" оқиғаларын шығыс халықтарының көбіне ортақ аңыздар, ертегілерді дастан етіп жырлау дәстүрі бізде ежелден-ақ орын алған. Ал бұл тұста қазақ топырағына жеткен шығыс әдебиеті үлгілері мен діни әдебиет түрлерінің аударылуы туралы әңгіме өзі бір бөлек тың сала. Бұл жерде ескіше оқыған молдалар мен ақын-жыраларымыздың еңбектерін саралаудың қажеттілігі туады. Бұл қозғалмай жатқан мұрамыз. Мұндай үлгілерді аударманың бір көрінісі деп қарауға болатын болса, аударма тарихы ғасырларға ұласатыны рас. Алайда мұны тереңдеп зерттемей жатып, тиянақты бір пікірге келе қоюы қиын. Өкінішке қарай, бұл мәселе күні бүгінге дейін өзінің зерттеушісін таппай келеді. Арнайы білімі бар мамандардың жетіспегендігінен ұлт мәдениетіне қосар үлесі мол маңызды саланы дамыта алмай отырмыз.

Аударманың қандай түрі болсын атқарар міндеті сол қалпы – "адамдар арасындағы аса маңызды қатынас құралындық қызмет" (Ленин). Горькийше айтар болсақ, "әдебиеттің бірінші элементі – тілсіз" ешқандай аударма болмақ емес.

Аударма ісінде түпнұсқаға тән ой мен түрдің бірлігін, яғни мазмұн мен сапаны білдіру үшін қамтылған тілдік ресурстарды екінші тілге барынша толық дәл жеткізу міндеті тұрады. Осыдан келіп, аударманың аударылып отырған тіл нормасын сақтау қажеттілігі тағы шығады. Аударманың түсініктілігі, оның оқырман ойынан шығуы деген шарттардың бірсыпырасы осы тектес.

Жалпы аударма процесі, тәжірибелі аудармашы-зерттеушілердің айтуына қарағанда, шынында екі бөліктен тұратын тәрізді. Яғни аудару үшін аудармашы алдымен түпнұсқамен тікелей танысып, аударуға келеді деген негізгі әрі тілдік элементтерін ойша іріктеп, қиындық туғызар тұстарын белгілеп, түстеп, түсініп алуға тиіс; екіншіден, аудару үшін аударма тілінің әлгіндей тілдік, стильдік ерекшеліктерін әйгілеп тұрған қатпарларына сәйкес келер сөздерді, сөз тіркестерін және грамматикалық амалдарды аударылар тілден іздестіріп табуы шарт.

Көркем әдебиеттің өзі сияқты, көркем әдебиеттің сапасы оның тіліне байланысты айқындалып отырады. Ендеше аударманы тексергенде, ең алдымен екі тіл сәйкестігінен, олардың стильдік құралдарының қалай берілуі жайына басымырақ назар аударылатыны сондықтан. Мұның мәнісі мынада: түпнұсқаның мазмұны тілден тыс өмір сүре алмайды, мазмұнның сапасы, мағыналық стильдік, шеберлік салмағы тек тілдік құралдар арқылы іске асырылады. Яғни мазмұн тілмен біртұтас күй кешеді. Бұдан, екінші жағынан, ой мен тіл бірлігі жайын қозғайтын философиялық проблема туындайды. Ол өзінше бір бөлек әңгіме тақырыбы.

Ал мына бүгінгі әңгіменің сипаты бұрын-соңды аударманы саралау дәстүрімізде өте сирек сөз болатын мәселе екенін сезіп отырған шығарсыздар. Конференцияның көздегені діни әдебиеттердің қазақ тілінде берілуі жайы. Бұған мән беріп, осындай бас қосуды өткізудің өзін алғашқы талпыныс деп қабылдайық. Көркем аудармалар мен діни кітаптар аудармасының ерекшеліктері өте көп.Тіпті керек десеңіз діни кітаптардың кешегі күнге дейінгі аудармаларын аударма деп тануға бола ма? Өйткені әсіресе Құранға байланысты айтылар, ақылға салар пікір көп болуы

мүмкін. Құранды аудару дейміз бе, түсіндіру дейміз бе немесе тәпсірлеу дейміз бе деген тәрізді ойлардың туындауы өбден мүмкін. Қысқасы, бұл Алланы ауызға алып абайлап баратын сала. Білім мен білікті, сенім мен имандылықты, адалдық пен тазалықты талап ететін киелі жазу.

Көркем шығармалар мен діни әдебиеттерді қазақ тіліне аудару мәселелері атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда оқылды. Алматы, Ғалымдар үйі. - 2004. - 19 мамыр

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ И ПРОБЛЕМЫ ИХ ПЕРЕВОДА

За последние годы во всем мире возрос интерес к теории перевода, вообще и к теории художественного перевода, в частности. Это и понятно, ибо роль переводов, особенно, художественных переводов, в развитие литературных языков огромна.

Однако конкретное изучение этой роли перевода только еще начинается. Люди, в той или иной мере причастные к делу перевода, все еще спорят о том к какой области знаний или дисциплин можно было бы отнести перевод. Ученые, в одном случае, выводят перевод за рамки лингвистики, относя его к особому роду прикладного искусства. В других случаях наблюдается стремление к тому, чтобы разобраться в лингвистических основах перевода, в том числе и художественного.

Не менее горячие споры возникают в научной среде и в связи с проблемой переводимости. Возможность перевода научной литературы с языка на язык ныне не вызывает сомнения. Но в отношении художественной прозы все еще существуют мнения о, якобы, ее непереводимости. Что же касается поэзии, то тезис, гласящий "всякий подлинный поэт не переводим" не редко и сейчас находит многочисленных приверженцев.

В отечественной филологии проблема переводимости в целом решается положительно по отношению ко всем стилям и жанрам. Иное дело за рубежом: там часто берется под сомнение сама возможность перевода художественных произведений.

Труды советских ученых стали большим подспорьем в деле решения актуальных вопросов теории перевода. Так, знаток истории переводов – французский ученый Э.Кари пишет: "Книга А.В.Федорова "Введение в теорию перевода" и сборники "Вопросы художественного перевода" и "Мастерство перевода" – стали предметом дискуссий не только в СССР, но и во Франции и в других странах".

Немало делает для пропаганды культуры переводческого труда Международная федерация переводчиков (ФИТ), организованная в 1953 году. Эта же федерация проводит международные конгрессы переводчиков. Четвертый из подобных конгрессов проходил в 1963 году в городе Дубровнике (Югославия).

В любом современном переводе имеются и "Элементы науки" и "Элементы искусства". Но в зависимости от жанра и стиля произведения меняется соотношение и тех и других. Нет надобности доказывать, что в переводе художественного произведения, особенно стихотворного, удельный вес "элементов искусства" значительно повышается по сравнению с переводом, скажем, научного текста. Но в принципе при любом переводе мы вынуждены будем считаться как с лингвистическими, т.е. научными, его основами, так и мастерством переводчика в самом широком смысле.

Исходя из подобной теоретической постановки вопроса, мы в своей диссертационной работе рассматриваем "Способы передачи фразеологизмов

М.Горького на казахский язык". В отличие от перевода художественного текста, вообще, фразеологизмы характеризуются устойчивостью как и своих форм, т.е. синтаксической конструкцией, так и содержания, т.е. лексико-семантического значения образностью выражения. Следовательно, мы стремились осветить по силе возможности все сложности вопроса, связанных с переводом образных, экспрессивно-эмоциональных слов в составе отдельных произведений М.Горького.

Диссертация состоит из введения, трех глав и заключения. Имеется также приложение к диссертации (в отдельном переплете), которое содержит каталог систематизированных, фразеологических единиц исследованных нами произведений М.Горького, в сопоставлении с казахскими адекватами.

В первой главе диссертации рассматриваются принципы перевода в аспекте горьковского воззрения на проблему.

Как известно, М.Горький будучи глашатаем лозунга "О дружбе народов!", выдвигал на первый план культурную взаимосвязь членов социалистического общества путем перевода с языка на язык их национальную литературу. На этом поприще его деятельность получила бурное развитие, в особенности после Великой Октябрьской революции. Несмотря на свою чрезвычайную занятость, он находил время и на такой, казалось бы частный вопрос, как художественный перевод. Поэтому дела и думы великого пролетарского писателя и по сей день окрыляет и одухотворяет людей, занятых теорией и практикой художественного перевода.

По замыслу Горького проблемные вопросы художественного перевода характеризовались двумя наиболее важными моментами. Первый – это перевод многозначной национальной литературы народов Советского Союза на русский язык, с тем чтобы освоить и изучить культурное наследие их в интернациональном аспекте. Второй момент – это перевод богатой русской литературы на языки народов СССР и тем самым поднять общий уровень искусства художественного слова. Так в своей известной статье "Литературное творчество народов СССР" еще в 1928 году он писал: "... Искусство слова – художественная литература содействует взаимному пониманию людьми друг друга; рабочие и крестьяне Союза Социалистических Советов должны хорошо знать своих соседей иного языка, к этому их обязывает единство цели: создание новых форм государственной жизни. Чем лучше будут знать психику – "душу"– друг друга люди различных племен, тем единодушнее, быстрее, успешнее, будет их движение к намеченной цели!".

Собственно появления этой статьи и положило начало того большого дела, как художественный перевод многонациональной советской литературы.

Развивая свою мысль и творческую деятельность в области переводческого дела, М.Горький в дальнейшем выдвигал идею перевода произведения литературы в самой среде национальных языков больших и малых народов нашей страны. Так, на страницах "Правды" в 1934 году появилось его письмо редактору азербайджанской колхозной газеты, где он выразил свою сокровенную думу: "Идеально было бы, если бы каждое произведение каждой народности, входящей в Союз, переводилось на языки всех народностей Союза". Это светлая мечта великого писателя впоследствии сбылась, благодаря титаническим трудам деятелей, как Н.Тихонов, П.Антокольский, Л.Соболев, М.Ауэзов и др. Выдающиеся представители национальных литератур приложили усилия к тому, чтобы их искусство стало достоянием других братских народов через посредство русского языка, который сыграл и играет роль межнационального и словесно-художественного мерила или критерия.

М.Горький придавал художественному переводу не только литературно-эстетическое значение, к тому же он рассматривал это дело как огромной политико-воспитательной важности. Как он замечает резонно, не каждый европеец осведомлен о жизни и деятельности народов Советского Союза в такой степени, как каждый советский человек знает всю подноготную образа жизни европейца. Причины всему этому он считает уровень развития художественного перевода.

Деятельность М.Горького в смысле художественного перевода не ограничивается одним лишь обоснованием этого важного дела, а охватывает всесторонне все его важнейшие этапы и направления. Так еще на заре советской власти по инициативе М.Горького было создано издательство "Всемирная литература". Оно способствовало рождению азбуки теории перевода. Первым значительным шагом издательства был выпуск книги, тогда еще молодого, писателя К.Чуковского, посвященной принципам художественного перевода. В дальнейшем поиски издательства в области теории перевода было продолжено Горьким в стенах издательства "Академия" и ГИХЛа.

На протяжении всей своей творческой деятельности М.Горький неустанно заботился о качестве переводимых текстов, разрабатывал методику частных проблем техники перевода. И потому небезосновательно, порою, сетовал, что "...Ни один из наших критиков не указывал литераторам, что язык, которым они пишут, или трудно доступен, или совершенно невозможен для перевода на иностранные языки".

Все указания Горького в деле организации переводческой работы, его высказывания относительно качества того или иного перевода, а также ряд замечаний деятелям литературного фронта ценны прежде всего потому, что они жизненны, вытекают из самой природы языковых явлений и не теряют злободневности и в наше время.

Известно, что невозможно говорить о какой-либо горьковской традиции, не изучив благотворное влияние писателя на казахскую литературу вообще. Созвучие горьковского творчества с самой природой казахской литературы в известной степени определяет норму и стиль перевода его произведений.

На сегодняшний день связь Горького с казахской литературой была объектом лишь немногих монографических исследований и статей. По некоторым данным интерес Горького к казахскому словесному искусству было проявлено еще до революции. Так, во многих очерках и письмах того времени писатель сообщал немаловажные сведения из жизни казахских степей. Демократические взгляды его, побуждаемые угнетенной жизнью инородцев, нашли свои отражения еще в "Самарской газете", когда М.Горький сотрудничал в ней.

Официально, творчество Горького до революции не было переведено на казахский язык. Но отзвуки его выдающихся гимнов как "Песня о Буревестнике" раздавались и в среде казахских трудящихся. Текст этой песни был опубликован на странице газеты "Русский Туркестан". Вторично, с разрешения автора она была напечатана и в "Тургайской газете".

Судя по материалам и исследованиям о жизни писателя, он с большой любовью относился к произведениям на казахские темы. Еще в 1913 г. отредактированная Горьким повесть Г.Гребеньщикова "Ханство Батырбека" была помещена в журнале "Современник". В тот период прочитав очерк Новоселова "Облик моей Родины", повествующий о жизни казахов, он воскликнул: "Ура, да ведь это целая золотая россыпь".

Уже после революции представляется более широкая возможность писателю для ознакомления с всевозможными образцами казахского художественного

речетворчества. Так он был знаком с произведениями классиков казахской литературы Абая Кунанбаева, Ибрая Алтынсарина и др. Об этом свидетельствует тот факт, что в созданном 1918 году по инициативе Горького в издательстве "Всемирная литература" выпускались серии статей о художественном творчестве народов Советского Союза. Одна из таких статей под названием "Литература народов Востока", написанная известным тюркологом, академиком А.Н.Самойловичем (1919 г.) посвящается разбору творчества Абая и Ибрая. В личной библиотеке писателя хронилась известная казахская лиро-эпическая поэма о "Козы корпеш и Баян сулу", сюжет которой в свое время заинтересовал и гениального А.С.Пушкина. Находясь в Италии в 1928 году А.М.Горький запрашивает "Сказки об Италии" в переводе на казахский язык и сборник "Молодой Казахстан".

Не только литературное творчество интересовало великого пролетарского писателя в сокровище духовной культуры казахского народа. Он с одинаковым рвением отнесся и к казахскому музыкальному искусству. Об этом свидетельствует его восторженный отзыв сборника А.А.Затаевича "Вот передо мной сборник "Тысяча казахско-киргизских песен", они положены на ноты, оригинальнейшие их мелодии – богатый материал для Моцартов, Бетховенов, Шопенов, Мусоргских и Григов будущего. И, когда слушаешь пение... думаешь, конечно, не только о музыке будущего, а о будущем страны, где все равнозначные люди труда научаться уважать друг друга и воплотять в жизнь всю красоту, издревле накопленную ими. Это должно быть, и это будет...".

Горький был знаком и с историческим прошлым казахского народа через посредство научных трудов ученых, в особенности – трудов акад. А.А.Бартольда. Он собственноручно правил рукописи и оставил множество заметок на полях книг русских писателей Казахстана Н.И.Анова и И.П.Шухова, пишущих на казахскую тему. Установлено, что наиболее тесного творческого контакта между А.М.Горьким и казахскими писателями способствовал 1 Всесоюзный съезд советских писателей. На съезде он воочию увидел казахскую литературную поросль, а ныне уже классиков казахской советской литературы – С.Сейфуллина, И.Жансугурова, Б.Майлина, М.Ауэзова, С.Муканова, Г.Мусрепова и др. Каждый из этих труженников пера навека запомнил память от этой встречи с основоположником социалистического реализма в Советской литературе. И не случайно С.Сейфуллин говорил, что "Максим Горький из всех писателей страны стоит ближе к сердцу казахских трудящихся". И.Жансугуров в своих воспоминаниях о Горьком описывает эпизод, когда он продекламировал великому писателю свой перевод буревестника. "После того, как я прочитал свой перевод, Горький пожал мне руку и сказал: – Хотя я не знаю ваш язык, но чувствую, что вы меня поняли!".

Наш великий современник М.Ауэзов, говоря о влиянии творчества на свою писательскую практику, писал: "Из образно-сюжетных построений Горького я помню в своей творческой практике огромное влияние повести "Челкаш" на обрисовку характера и социального окружения моего героя Бахты-Гул из повести "Караш-Караш". Рассказывая о своих личных ранних читательских впечатлениях, М.Ауэзов вспоминает "колоссальную силу воздействия бесподобно мастерских пейзажей А.М.Горького".

Под непосредственным влиянием А.М.Горького создавались образы казахских "босяков" в этнографических рассказах непревзойденного бытописца казахской

литературы Беимбета Майлина. В духе горьковских "университетов" была создана и трилогия С.Муканова "Школа жизни". Г.Мусрепов, вслед за Майлиным, признанный как мастер коротких рассказов, считает вехой своего творческого пути тот период, когда он приступил к переводу горьковских сказаний о матери. Как дань великому писателю Г.Мусрепов завершает свой поиск создания образа матери собственными творениями на эту тему, которые как бы переносят горьковскую стихию на казахскую почву. Галерея портретов последователей горьковской традиции не будет полной, если не упомянем имя пленившего думой и помыслами писателя Саттара Ерубаева, который коротко, но весьма ярко засверкал на небосклоне казахской советской литературы. Как прежде, так и теперь мастеров художественного слова Казахстана роднит с великим гением пролетарского писателя кровная близость их творческого замысла.

Короткие рассказы А.М.Горького впервые увидели свет на казахском языке в середине 20-х годов. Так, в 1924 году в Москве вышел небольшой сборник под названием "Сұңқар жыры" ("Песня о Соколе"), куда вошли переводы "Песни о Соколе", "Старуха Изергиль", два рассказа о матери, "Хан мен ұлы", а также отрывок стихов из пьесы "На дне".

Первыми переводчиками горьковских творений были М.Даулетбаев и С.О.Талжанов. Их усилиями казахский читатель в конце 20-х годов ознакомился с "Песней о буревестнике", рассказами "Счастье", "Суық сары шымшық пен турашыл тоқылдақ" и "Герой" ("Сабаз").

В эти годы молодая казахская интеллигенция, неограничиваясь только переводом произведений писателя, стремилась вникнуть в его творческую лабораторию. Естественно, поэтому появились и статьи и заметки о жизни и творческой деятельности Горького. Писатель И.Жансугуров опубликовал в журнале "Жаңа әдебиет" ("Новая литература") свой перевод статьи Горького "Мен жазуды қалай үйрендім" ("Как я научился писать"). Отдельные авторские работы на страницах этого журнала посвящались обзору творчества Горького.

Одним из первых среди казахских тружеников пера обращается к горьковской тематике ныне известный писатель Г.Мусрепов. В 20-х годах он публикует в журнале "Жаңа әдебиет" ("Новая литература") вначале – перевод статьи Луначарского "М.Горький", а затем собственную статью о жизни и творчестве Горького. Кроме того в тот же период Г.Мусрепов переводит обращение участников 1-го Всесоюзного съезда Советских писателей "Мәдениет төңкерісі мен осы күнгі әдебиет" ("Культурная революция и современная литература"). Данный документ имел так же непосредственное отношение к деятельности великого писателя-гуманиста.

Отдельные произведения писателя переводились в ту пору и анонимно. За перевод Горького взялись не только известные писатели, но и другие лица, увлеченные переводческой деятельностью. Так, в 1928 году очерк Горького "1905 год" был опубликован в переводе Назимы Кульжановой. Это была первая женщина – казашка, пропагандирующая творения писателя в массы.

Перевод творчества Горького в 30-х годах осуществлялся более интенсивно. Наряду с короткими рассказами в это время обнародуется и роман "Мать" в переводе Э.Мустафаулы. Из числа переводчиков этого периода более часто мы встречаем С.Талжанова, Г.Мусрепова. В 1935 году на казахском языке выходит большой очерк писателя "Владимир Ильич Ленин", перевод которого был осуществлен Р.Уалдиахметовым. В том же году читатели получают законченный перевод "Моих

университетов", являющихся плодом деятельности одаренного литератора Мухамеджана Каратаева.

Наряду с писательской общественностью, куда мы относим М.Ауэзова, Г.Мусрепова, М.Каратаева и др., занимается переводом творчества Горького и журналисты как К.Шарипов, Н.Ногаев, Ибегалиев и т.д. и т.п. Благодаря им дошли до читателей переводы отрывков "9 января", "В людях" и полный текст рассказа "Дед Архип и Ленька", повести "Детство", а также библиографическая статья И.Груздева "Жизнь и приключения М.Горького" ("М.Горькийдің өмірі мен басынан кешірген уақиғалары").

В 30-х годах внимание переводчиков было обращено и к публицистическим и литературно-критическим трудам Горького, в результате появились в свет переводы статей "Гуманистам" ("Адамгершілдерге), 1931 г.", "О формализме" ("Формализм туралы", 1936 г.). С целью глубокого и всестороннего познания творческого гения писателя казахские переводчики постоянно знакомили читателей с материалами, повествующими о самом Горьком. К ним мы относим переводы воспоминаний Н.К.Крупской "Ленинге көркем әдебиеттің қандайы ұнайтын еді?, 1930 г.", Ф.Гладкова "Мені баулыған М.Горький, 1932 г.", а также статьи Д.Заславского "Буревестник пролетариата" ("Пролетариат дауылпазы", 1936).

В связи с становлением и развитием казахской советской литературы, а также литературоведческой науки в 40-х годах, переводческое дело приобретает уже наиболее планомерный и организованный в творческом отношении характер. Настает время пересмотра качества ранних переводов с профессиональной точки зрения. В силу сего роман "Мать" вначале 40-х годов переводится заново К.Сагындыковым. В связи с вероломным нападением гитлеровских полчищ переводчики, как все деятели литературного фронта, обратили свои взоры на героику. В этом большим подспорьем для них служили неувядающие воззвания Горького, воспевающие безумство храбрых. Сборник статьи Горького под названием "Если враг не сдается, то его уничтожают" ("Егер жау берілмесе-құртар болар") ими был выпущен в первый же год войны . В последующие годы появились переводы "Девушка и смерть" ("Қыз бен ажал", К.Шангытбаев), сборник избранных рассказов в переводе О.Оспанова (1945 г.).

Наступили послевоенные, тяжкие по-своему, годы четвертого десятка нашего века. Могучие движения народов советской страны по восстановлению и развитию народного хозяйства, грандиозные планы послевоенных пятилеток, начертанных партией, увлекли и людей, скромно именующихся переводчиками. В 1947 году был переиздан роман "Мать". Рассказы Горького, переведенные переводчиком-профессионалом О.Оспановым (Гозиз), увидели свет в 1948 г.

